



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ



Қазақ тіл білімі мен әдебиетінің теориялық негізін қалаған ғалым,
қазақ жазуының реформаторы, ақын, аудармашы,
педагог, мемлекет және қоғам қайраткері

Ақымет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған
«АҚЫМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ»
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 2022 жылдың 14 сәуірі

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-теоретической конференции
«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ДУХОВНЫЙ ЛИДЕР НАЦИИ»
посвященной 150-летию выдающегося ученого,
основателя казахского языкознания, переводчика, педагога,
государственного и общественного деятеля Ахмета Байтұрсынұлы

Алматы, 14 апреля 2022 года

MATERIALS

International scientific and theoretical conference
«AKHIMET BAITURSYNULY – THE SPIRITUAL LEADER OF THE PEOPLE»
dedicated to the 150th anniversary of the outstanding scientist,
one of the founders of Kazakh linguistics, translator, teacher,
journalist, public figure Akhmet Baitursynuly

Almaty, 14 april, 2022



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Филология факультеті

А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасы



Қазақ тіл білімі мен әдебиетінің теориялық негізін қалаған ғалым, қазақ жазуының реформаторы, ақын, аудармашы, педагог, мемлекет және қоғам қайраткері Ақымет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған «АҚЫМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 2022 жылдың 14 сәуірі

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-теоретической конференции
«Ахмет Байтұрсынұлы – духовный лидер нации»
посвященной 150-летию выдающегося ученого, основателя казахского языкознания, переводчика, педагога, государственного и общественного деятеля Ахмета Байтурсынулы

Алматы, 14 апреля 2022 года

MATERIALS

International scientific and theoretical conference «Akhimet Baitursynuly – the spiritual leader of the people» dedicated to the 150th anniversary of the outstanding scientist, one of the founders of Kazakh linguistics, translator, teacher, journalist, public figure Akhimet Baitursynuly

Almaty, 14 april, 2022

Алматы
«Қазақ университеті»
2022

ӘОЖ 001
КБЖ 72
Қ 17

Жалпы редакциясын басқарған:

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Түймебаев*

Ғылыми және жауапты редактор:

филология ғылымдарының докторы, профессор *А. Салқынбай*

Жауапты шығарушылар:

О. Жұбай, Ж. Абитжанова, Г. Өтемісова

Қ 17 **Қазақ тіл білімі** мен әдебиетінің теориялық негізін қалаған ғалым, қазақ жазуының реформаторы, ақын, аудармашы, педагог, мемлекет және қоғам қайраткері Ақымет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған «Ақымет Байтұрсынұлы – ұлттың рухани көсемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (2022 жылдың 14 сәуірі). – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 450 б.

ISBN 978-601-04-5981-6

Жинаққа қазақ тіл білімі мен әдебиетінің теориялық негізін қалаған ғалым, қазақ жазуының реформаторы, ақын, аудармашы, педагог, мемлекет және қоғам қайраткері Ақымет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған «Ақымет Байтұрсынұлы – ұлттың рухани көсемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары еніп отыр. Кітап тәуелсіздік және алаш идеясы, қазақ тілінің теориялық мәселелері, әдебиеттану, оқыту әдістемесі мәселелерін зерделеп жүрген мамандарға, филология, тарих, журналистика, педагогика факультеттерінің докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

**ӘОЖ 001
КБЖ 72**

Құрметті конференцияға қатысушы қонақтар! Оқытушы-профессорлар, білім алушы жастар!

Биыл Алаш ардақтысы, Түркі әлеміне ортақ тұлға, Ұлт ұстазы Ақымет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр. Бұл мерейтой бірінші рет ЮНЕСКО көлемінде әлемнің көптеген елдерінде аталып өтуде.

А. Байтұрсынұлы мерейтойын мазмұнды, мағыналы ұйымдастырып өткізу жөнінде Үкіметтің арнайы Қаулысы бар.

Білікті мамандардан Мемлекеттік комиссия құрылып, мерейтой шаралары бекітілді.

Үкіметтік жоспарда Ақымет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған кішкентай пошта маркаларын шығарудан бастап, үлкен ғылыми зерттеулер жүргізу көзделген.

Сонымен қатар Ұлт ұстазы туралы фильмдер түсіру, кітаптар шығару, жиындар өткізу сияқты нақты шаралар қарастырылған.

Мерейтой жоспары кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жаңа Жолдауында:

«Қазақ қоғамында жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруға тиіс.

Ұлт ұстазы Ақымет Байтұрсынұлы: «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» дейді.

Бұл көзқарас бүгінгі күні өте маңызды» деп атап өткен болатын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де А. Байтұрсынұлы мерейтойына жан-жақты дайындықпен келді.

Былтырғы жылы Қазақстан халқының тілдері күніне орай, «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткіздік.

Ғалымдарымыз бен жас ізденушілеріміз А. Байтұрсынұлы мұраларын жаңа қырынан зерттеуде.

Бүгінгі «Ақымет Байтұрсынұлы – ұлттың рухани көсемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция біртуар тұлға қалдырған мол мұраға тағы бір үңілуге мүмкіндік бермек.

Қанша заман өтсе де қазақ тіл білімі мен ғылымының бастауында Алаш қайраткері, ұлт ұстазы Ақымет Байтұрсынұлы тұратыны сөзсіз.

Айта кету керек, Ақымет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» атты оқулық кітабы 1925 жылға дейін жеті рет басылып, қаншама қазақ баласы хат танып, сауат ашқан.

Биылғы жаңа оқу жылында Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен мектеп оқушыларының қолына тиген «Әліппе» Ақымет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» негізінде қайта жасалғанын атап өтуіміз керек.

Сондықтан, біз тіліміздің болашағын ойласақ А. Байтұрсынұлы бағытын ұстануға тиіспіз. Өйткені, тіл тағдыры – бүкіл мемлекеттің тағдыры.

Бүгінгі конференцияның да тарихи миссиясы – Байтұрсынұлы танымы арқылы жастардың ой-өрісін кеңейту.

Бүгін ұлт ұстазының таңдамалы еңбектерін факсимилесімен бірге қосып 3 томдық етіп шығарып, студенттерге ұсынып отырмыз.

Бұл шығарылымның басты ерекшелігі – студенттер А. Байтұрсынұлы еңбегінің түпнұсқасын оқуға толық мүмкіндік алады.

Басылымның құндылығы да осында.

Бүгінгі басты жаңалығымыз – университетіміздегі Қазақ тіл білімі кафедрасына Ұлт ұстазы – Ақымет Байтұрсынұлы есімінің берілуі.

Қасиетті қара шаңырақтағы филология факультетінде кафедра атауының берілуі Ұлт ұстазына деген ерекше құрметіміз деп білеміз.

Бүгінгі күні бұл кафедрада қазақ тілі мен түркітанудың іргелі мәселелеріне зерттеулер жүргізілуде.

Ана тіліміздің сарқылмас байлығын сақтап, халқымыздың сөз мәдениетін дамытуда тіл мамандарының еңбегі зор.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге үлес қосып, жыл сайын кәсіби білікті лингвист-мамандар дайындауда кафедра ұжымы елеулі еңбек етуде.

Ендігі жолда кафедра ұжымы Ақымет Байтұрсынұлы есімімен бірге ілгері қадамдар жасай береді деп білемін.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы-Ректоры
Ж.К. Түймебаев*

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ

Салқынбай А.Б.

филология ғылымдарының докторы, профессор,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ҚҰЛАГЕР ҒАЛЫМЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТІЛ ҒЫЛЫМЫ

Қазақтың ұлы даласы тылсым сырды ішке бүгіп, ұдайы үнсіз қарсы алады мені. Мұңы да, қайғысы да, қасіреті де, қуанышы да, сыры да, сыны да – даланың ішкі өзегінде, өзінде тұнады: Қазақ арасынан шыққан ТҰЛҒА оны кейде күй етіп күмбірлете, сарната сыртқа шығарады, кейде ақын сыры болып мөлтілдейді, кейде патша сөзбен ішкі жан дүниесін сездіреді.

Жазылмаған тарихы біреуді қызықтырады, біреуді қуантады; ал өзі қуаң тартып, бозара түседі боз далам.

Ұлы даланың ұлық қасиеті де осы тылсымды үнін ішіне бүгіп, керіле түсіп үнсіз жататынында болар, бәлкім. Ұлы дала кейде күңіренеді, көк бөрідей ұзақ ұлиды, кейде бусанып жадырайды, мұндайда гүл біткеннің төресі төріне өрнек салады, сосын қайта бір самарқау қалыпқа түседі...

Ұлы дала сырын айтар тұлғалар некен-саяқ. Бірақ қадау-қадау. Даламен сырласып, оның жан жарасын сезініп, рухани тірлігінің болашағын жаңартуға жанын аямай қызмет еткен, Ұлы Дала иесі – Қазақ ұлтының кемелдікке жетуінің басты қайнары білім мен ғылым жолы екенін тап басып, талауға кеткен малы мен жанының қайтарымы тек білімді болу арқылы ғана оралатынын сезінген Даланың біртуар ұлы Ақымет Байтұрсынұлы еді. Даланың қасиет қонған Торғайында Қарақұмда желе жортып, Аққұмындағы аруды ғашық етіп, Тосынның құмы мен Құм кешуді кешіп жүріп Ақымет қазақ сөзінің мәйегін жинады, тарихи жырларын терді, сөзінің заңдылығын ашты, «сөз жұмағын» (А.Б.) асыл деп танып, сол асылдың сыры мен сымбатының келісті қалыбы мен қағидасын түзді. Жай түзбеді, саз түзді, дәл түсті, нақ айтты, тап басты. Мұның мәнісі – сөз мәйегінің бабы мен мәнін терең білгендігі, әлемдік тіл біліміндегі теориялық қағидаларды терең меңгергені, оқығаны; сол оқығаны мен тоқығанының ізімен кетіп қалмай, қазақ сөзінің ішкі болмысын өз жүйесімен, өз таным-түсінігімен, ұлттық дүниетанымға сай қағидалармен тілдік заңдылықтарға сәйкес заң-ереже жасағанында.

Бүгінде туғанына 150 жыл толып отырған Ақымет Байтұрсынұлын әлем біліп, танып, бағалап, қадір тұтып отыр. Оның қаламынан туған әр шығарма өзінің асқан ғылыми құндылығымен әлемді мойындатуда. Қазір ғана емес, кезінде де мойындаған. Ақымет шығармалары 1988 жылдың соңына дейін кеңестік құрсаудың шеңгеліне тығылған-ды. Алайда алтын кездік қап түбінде жатар ма? Қайта жарқырады, ашылды, оқылды, танылды, бағаланды. Репрессияланған жылдардың өзінде Ақымет Байтұрсынұлын Қытайда, Моңғолияда, Түркияда ХХ ғасырдың көрнекті тілші ғалымы ретінде мойындады. Бұл туралы Ақымет туралы бірнеше монографиялық зерттеу жазған ғалым Махамбет Жүсіпов «Фономография А. Байтұрсынова и фонология сингармонизма» атты монографиялық зерттеуінде атап көрсете келе, былай деп қорытады: «А. Байтұрсынов репрессированный на родине, был признан выдающимся лингвистом XX века в Китае, Монголии, Турции, в трудах отдельных ученых Германии, США, в работах Н.Ф. Яковлева, А.А. Реформатского, А.Н. Кононова и А.М. Барулина» [1, с.7].

А. Байтұрсынұлы зерттеулерінің ең басты маңызы – түркі тілдерінің әлемдік деңгейдегі басты әрі анық ерекшелігі саналатын сингармонизм теориясын нақты деректер арқылы жүйелі негіздеуі, өзі белгілеген төте жазуын сол сингармония теориясы бойынша жасауы, ғылыми негіздемесін зерделеуі болса керек. Ғалым сингармония заңдылығына сүйене

отырып, араб қаріптерінің негізінде тұңғыш қазақ әліпбиін түзді. Мұны қазақ тілінде сөйлеуші ұлттың сөйлеу үлгісі мен мәнерін, әуезі мен әуенін, дүниетанымдық болмысын сақтай отырып жазды. Содан да болар, жазу – қазақ тілінің (түркі тілдерінің) ішкі заңдылықтарын нақты анықтайтын мықты қағидалар жүйесін туғызды.

Байтұрсынұлының әлемдік деңгейде ғылыми ой қорытуының өзі – осы өзгелерге ұқсамайтын жалғамалылық қасиетімен қоса, дыбыстардың үндесуі мен ықпалы мықты сақталған тілдік заңдылықты ашып, қазақ (түркі тілдерінің) тілінің әлемдік аренадағы орнын белгілеп беруі дер едік.

А. Байтұрсынұлының Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебін 1891 жылға дейін оқып, одан соң Орынбордағы 4 жылдық мектепті бітіргені, кейін 1895–1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарғаны белгілі [<https://qazaqtimes.com/article/2766>]. Ал жазуындағы шығармашылық, ғалымдық кемел білім мен білікті ғалымның өзін-өзі дамыту жолында алғанын, өзі оқып білгенін, түсініп танығанын, дамытып тереңдеткенін айтуымыз қажет.

Ақымет зерттеулерінің ғылыми тереңдігі өз кезіндегі әлемдік ғылыми ойлардың деңгейімен мөлшерлес, шамалас келеді. Мәселен, әлемдік Женева мектебін қалыптастырушы теоретик саналатын Фердинанд де Соссюрдің еңбегін (университеттегі дәрістерін) шәкірттері ШарлБалли мен Альберт Сеше ғалым дүниеден өткеннен кейін үш жыл өткенде, 1916 жылы шығарған-ды. Ал бұл зерттеудің ең басты ғылыми тұжырымдамасы – ауызекі сөйлеу мен тілді бөліп көрсетуі. «Разделяя язык и речь, мы тем самым отделяем: 1) социальное от индивидуального; 2) существенное от побочного и более или менее случайного» - деп жазады [2, с.38.]. Ал Ақымет 1918 жылы Ташкентте жариялаған «Тіл құрал» (қазақ тілінің сарфы) Бірінші жылдық еңбегінің «Сөз басында» сөйлеу мен тілді айырып көрсетеді. Бірінші жылы оқытуды эп деп бастағанда бала сөйлеу мен тілді ажырата білуі тиіс екенін ерекше атап көрсетеді. ««Тіл құрал» үш жылға бөлінгенде, деп жазады ұлт ұстазы, - бірінші жылда оқытуға ұйғарғанымыз: сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыру» [2017. 17]. Бірінші сыныптағы балаға сөйлеу мен сөйлемнің айырмасын ұқтыру үшін бірнеше мысалдар береді: *Еділ бойы тоғай бар; тоғай толған ноғай бар, бурыл атта бұғау бар; оны да кесер егеу бар; сом темірге балға бар, сомсынғанға Алла бар.* Сөйлеуде ойды тиянақтау үшін бірнеше сөйлем бар, ал сөйлем бірнеше сөзден тұруы ықтимал. Ақымет көрсеткен мысалдардан анықталатыны біреу: сөйлеудің мәнісі – айтушының ойы тыңдаушыға түсінікті болуы. Ал сөйлемде айтылар ой толық түсінікті әрі тиянақты бола қоймайды. Жоғарыда алынған мысалдағы *Еділ бойында тоғай бар* – бір сөйлем. *Тоғай толған ноғай бар* – екінші сөйлем. Бірақ бұл сөйлемдер айтылар ойды тыңдаушыға толық жеткізе алмайды. Тек *Еділ бойы тоғай бар; тоғай толған ноғай бар, бурыл атта бұғау бар; оны да кесер егеу бар; сом темірге балға бар, сомсынғанға Алла бар* - деп сөйлеуді толық бергенде ғана мәтіндегі астарлы философиялық мән анық және түсінікті болады. Яки кісі баласы біреуді қорсынып, қорсынып, зорсынуына, сомсынуына болмайды, Алла әркімді де орнына қояды деген халықтық тұжырымды тәпсірлейтін мақалды толық беру арқылы ғана ой айқындалады, пікір түсінікті болады. Сөйлеу мен сөйлемнің мәні мен ерекшелігі осылайша нақты деректермен, қарапайым тілмен түсіндіріледі Ақыметте.

Ф. де Соссюр тілді таңбалар жүйесі деп таниды. Ал А. Байтұрсынұлы үшін тіл - «сөз жұмағы», «сөз өнеріне жұмсалған сөз жұмағы да тіл деп аталады» [575]. Яғни, ғалым жалпы тіл біліміндегі қалыптасқан теориялардың басты сарынын сақтайды. Дей тұрғанмен, Ақыметтің айтары – қазақ тілінің ішкі болмысынан, ішкі заңдарынан туындайды. Ең алдымен, қазақ баласының дүниетанымына сәйкес, сөз – өнер. «Сөз өнері деп асылында нені айтамыз» деген сұраққа мынадай жауап береді: «Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап бере білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін, тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келістіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады. Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер

ғылымды керек қылады Мұнан сөз өнерінің ғылымы туады, - деп жазады. Бұл, біздіңше, поэтика ғылымына қарай бағыттағаны болса керек.

Ф. де Соссюр «Курс общей лингвистики» атты зерттеуінде ««Разделя язык и речь, мы тем самым отделяем: 1) социальное от индивидуального; 2) существенное от побочного и более или менее случайного» дейді <https://ru.wikipedia.org/-6> [2]. Жеке адамның сөзі бар да, әлеуметтің жалпы қолданысында ұғымды таңбалайтын атаулар бар. Бірі лебіздің, екіншісі тілдің зерттеу нысаны. Бұл қағида қазіргі күнге дейін өзекті болып, лебіз бен тілдің аражігін айырудың басты тұжырымдамасы саналады. А. Байтұрсынұлы «речь» терім сөзін – лебіз деп алады да, тілді – тіл, тіл қисыны деп жазады. Қазақ тіл ғылымында күні бүгінге дейін орыс тіліндегі «речьті» аударма алмай келеді. Оны «сөз», «сөйлеу», «қолданыс» сияқты терім сөзімен атау үдерісі бар. Ақымет жасаған «лебіз» терімін профессор Р. Әмір және осы жолдардың авторы ғылыми мақалаларында қолданады. «Лебіз» терминін орнықтыру дұрыс болады деп есептейміз.

А. Байтұрсынұлы тіл қисыны мен лебіз ғылымының ерекшелігі мен айырмасын былайша атап көрсетеді: «Тіл қисыны дегеніміз асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Лебіз ғылымының мақсаты – асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатындығын көрсету» [575 б.]. Ұлт ұстазының бұл ойларының сонылығы мен ерекшелігі туралы Р. Сыздықтың мерейтойлық конференциясында филология ғылымдарының докторы, профессор А. Ісімақова терең зерделеген еді. Ғалымның пікіріне толық қосыла отырып, Ақымет айтқан анықтаманың қазіргі дискурстық теориялар үшін де маңызды екенін танымыз.

Бұл келтірілген анықтамада Байтұрсынұлы лебіз бен тілдің аражігін ашып көрсетіп, олардың басты сипаты мен ерекшелігін талдайды. Лебіздің тек ауызекі сөйлеудегі «индивидтік» (Соссюр) сипатын ғана көрсетіп қоймай, сонымен бірге автордың көркем шығармалардағы жеке қолданысын да лебізге жатқызады. Мұндай талдау лебіздің дискурстық керегесін кеңейтеді.

«Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білу тиіс». Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп – айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді жана сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әр кім өзінше қолданады, өзінше тұтынады, - деп жазады А. Байтұрсынұлы [576-577]. Мұның мәнісін де ғалым оңай түсіндіреді: «біреу амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе! Деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе» деп, біреу «күйлі, қуатты барсыз ба» деп амандасады».

Ал Соссюр теориясымен салыстырып көрелік: «Речь – «индивидуальный акт воли и понимания», содержащий, во-первых, «комбинации, при помощи которых говорящий субъект пользуется языковым кодексом», а во-вторых, – психофизический механизм, позволяющий субъекту объективировать эти комбинации; «в речи нет ничего коллективного» [2, с. 43].

А. Байтұрсынұлы «Сөйлеудің асыл мағынасы – біреуге білдірейін деген ойын айту. Айтушының мақсаты – тыңдаушыға ойын түгел түсіндіру. Ойын түсіндіру үшін соған керек сөздерді алу қажет» - деп тұжырымдайды.

Қарап отырсақ, екі ғалымның да айтқан ойлары бір-бірімен үндес, жақын. Бұл, әрине, тілдің және лебіздің табиғатының ортақтығынан шығатын қорытынды. Ғалымдар тіл мен лебіздің ішкі табиғатын терең сезіп, танып, оның қағидаларын өзінше осылай тұжырымдаған. Соссюр лебізді жеке адамның өз еркімен сөйлеуі және түсінуі десе, Ақымет те дәл осыны меңзеп, оны амандасу сипатындағы қолданыстар арқылы мысалмен көрсетеді. Айтушы өзі үшін айтпайды, өзгенің оның айтқанын түсінуі үшін айтады. Екі ғалымның да

ғылыми қисыны – лебіздің жекелігі мен түсінікті болуының маңыздылығы. Ғылыми қағиданың орнықтылығы мен өміршендігі – тілдің ішкі болмысында тереңдей жатқан заңдылықтарды дәл анықтай алуымен байланысты екенін осындай тағылымды тұжырымдардан анық аңғарамыз.

Тілді таңбалар жүйесі ретінде бағалаған Ф. де Соссюр теориясы әлемдік ғылымда өзіндік орнын тапты, танылды. Ғалым тілдік бірліктердің табиғатын ашқанда оны «Языковая единица – это отрезок звучания (психического, а не физического), означающий некоторое понятие» деп анықтап, тілдік бірліктердің танылуын ұғымдармен байланыстырады: «Единицы выявляются благодаря понятиям (отдельно взятая акустическая составляющая делению не поддается): одной единице соответствует одно понятие». Ал Ақыметтік түсінікке көңіл бөлсек: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі - аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу. Тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі - меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесінеұқсаты, бернелеу суреттеп ойлау; көңіл ісі - тую, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңғанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің туюін түйгенінше айтуға жарау» [568]. Байтұрсынұлы жазып отырған адам санасында орындалатын психологиялық жағдаяттар – ақыл, қиял, көңілдің қызметі – сөздің негізгі үш тірегі – Соссюр теориясын ары қарай дамытады, тереңдете түседі. Соссюр бір тілдік бірлікке бір ұғым сәйкес келетінін ескертсе, Ақымет көркем сөз иелерінің сөз қолданысына да ерекше маңыз береді. Бұл сөз мағынасының дамуына, түрленуіне бастайтын маңызды жол екенін анықтайды. Абайдың:

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да ішінде бар таңдамасы,
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын

Қазақтың келістірер қай баласы, - деген шумағын келтіре отырып, «сөз шығаратындар көп, бірақ келістіретіндері аз болады, - дей келіп, «Сондықтан әр қайсысының (Сөзді айтып отыр. А.С.) лұғатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады. Ол айырым белгілерін жай айтып түсіндіру қиын; Әр қайсысының шығарған сөздерін оқып, әбден танысып, үйреншікті болғанда ғана сезілетін белгі» - деп қорытады.

Ф. де Соссюр ұсынған тағы бір маңызды қағида – тілдің мағыналы бөлшектердің жүйесі ретінде танылуы. Тілдік таңбаның табиғаты жайында сөз етілгенде, сөздің дыбыстық жамылғышы мен оның мағынасының өзара қатынасының сипаты еске алынады. Сөздің екі жағы бар. Ф.де Соссюрдің терминологиясы бойынша, оның бірі – таңбалаушы, екіншісі – таңбаланушы. Таңбалаушы – сыртқы жақ, ал таңбаланушы – ішкі жақ, ол – мағына, мазмұн, ұғым. Таңбаның негізгі белгісі ретінде оның белгіленетін мазмұнмен байланысы емін-еркін, шартты болатындығы айтылады. Ал тілдік тұрғыдан келгенде, сөздің дыбыстық тіркесі мен оның лексикалық мазмұнының арасында ішкі уәжділіктің болмауы еске алынады. Таңбаның емін-еркін, шартты, уәжді болу ерекшелігі – ең басты белгі, ең маңызды ерекшелік деп есептеледі.

Ақымет зерттеулерінің өн бойында тілдік бөлшектердің мағыналылығы жан-жақты талданады. Сондай-ақ, ішкі мағына терім сөзі де белсенді жұмсалған. Мәселен, қосымшалар табиғатын талдаған тұста «Қосымшалар екі түрлі: біреулері жалғанған сөзінің тұлғасын ғана өзгертіп, мағынасын өзгертпейді; екіншілері жалғанған сөзінің тұлғасын да, ішкі мағынасын да өзгерттеді. Сондықтан бастапқы қосымшалар тысқарғы жалғаулар я тікелей жалғау деп аталады; екінші қосымшалар ішкергі жалғаулар я тікелей жұрнақ деп аталады, - деп жазады.

Тілдік бірліктердің ішкі және сыртқы сипаты туралы ғылыми ойлар В.фон Гумбольдт зерттеулерінде де белсенді қолданған-ды. Гумбольдт «ішкі» және «сыртқы» тілдік тұлғаны бөліп қарастырды. «Ішкі тілдік тұлғаның» туындауы түбегейлі қағидаттарға байланысты болғандықтан, тіл құрылымының бүкіл ерекшеліктерін айқындайды, ал сыртқы тұлға – (дыбыс, грамматика) ішкі тұлғаның көрінісі. Гумбольдтық осы ой ұшқыны Ақыметте қазақ тілі деректері арқылы нақтыланып, жаңаша өріледі. Өзі жаңадан жазып отырған «Тіл құралдың» бастапқыда қазақы танымға таң болып көрінетінін, біраз жатырқау да болатынын,

«үйткені бұл қазақта бұрын болмаған зат екенін» тап баса тани келе, ең бірінші – сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыруды аса маңызды санайды. Бұл аталған үш мәселе әлемдік тіл теориясындағы аса күрделі де оқшау ғылыми мәселелер. Бұл – тілдің ішкі бірлігі арқылы тұтаса, сабақтаса да салаласа танылатын тұтастық. Бұл – тіл танудағы үлкен ғылыми ойды шоғырландырған, күрделі ілім қалыптастыратын теориялар еді. Ғажабы сол, Ақымет Гумбольдтің «ішкі» және «сыртқы» деген қағидасын да өзіндік жүйемен қолдана білген. Мәні – ортақ, идеясы – бір, қолданысы – ерекше. Қазақ сөзіне жалғанатын қосымшалардың беретін ішкі мағынасына қарай «бірі сөздің тұлғасын өзгертсе де, ішкі мағынасын өзгертпейді, екіншісі сөздің тұлғасын да, мағынасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқысы тысқарғы, соңғысы ішкергі жалғау деп аталады. Яки, екі ғалымның да айтпағы сыртқы тұлға – дыбыс, грамматикалық мағына, ішкі тұлға – сөздің ішкі мағынасы, сөздің ішкі болмысындағы мән. «Екі түрлі жалғаудың тысқарғысы сөйлегенде, жазғанда сөздерді бір-біріне қиындастырып тізу үшін қажет, ішкергісі бір мағыналы сөзден екінші мағыналы сөз шығарып, сөзден сөз туғызып, көбейтіп, тілді байыту үшін қажет», - деп жазады Ақымет Байтұрсынұлы.

Қазақ ғалымы тілдік бірліктердің ішкі мағыналық құрылымына терең мән бергені анық. Мұндай тұжырымдар зерттеудегі әр тұлғаға қатысты талдауларында айқын аңғарылады: «Сөйлемнің жаны – сөздердің басы мағыналы болып құралуы (қысқа айтқанда, сөйлемнің мағынасы). Олай болмаса, құр сөздердің басын құрап айтқанмен, сөйлем болмайды. Сөйлем ішіндегі сөздердің басын түсінікті етіп құрастыру, сөйлемдерді түсінікті етіп жасау туралы сөз табиғатынан шыққан түрлі заңдар, тәртіптер бар – қысқасынан айтқанда, өз алдына білерлік толып жатқан білімдер бар». Осы орайда Ф. де Соссюрдің мына сөзі еске түседі: «Во всякую эпоху, как бы мы ни углублялись далеко в прошлое, язык всегда выступает как наследие предшествующей эпохи. Акт, в силу которого в определенный момент имена были присвоены вещам, в силу которого был заключен договор между понятиями и акустическими образами, — такой акт, хотя и вообразимый, никогда констатирован не был. Мысль, что так могло произойти, подсказывается нам лишь нашим очень острым чувством произвольности знака» [2, 81-82].

Адам баласы атаулардың дыбысталуы мен ұғымын таңбалап, жазуды қалыптастырды. Бұл адамзаттың ең іргелі жетістіктерінің бірі. «Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танимыз» деп жазады Ақымет [17]. Швед ғалымы Фердинанд де Соссюрдің алғаш 1916 жылы жарық көрген «Жалпы тіл білімі курсы» атты еңбегінде былай деп жазады: «Тіл мен жазу екі бөлек таңбалар жүйесі; екіншісі біріншісін көрсетудің негіздік мақсатында өмір сүреді» [17]. Осы жерде, яғни, жазудың дыбыстың таңбасы екендігін айту арқылы екі ғалымның пікірлері түйіседі. Ф. Де Соссюр тіл білімінің зерттеу нысаны сөздің жазу формасы мен ауызша сөйлеу формасы емес, тек ауызша сөйлеу формасының өзі нысанды құрайтынын айтып, жазудың рөлінің төмен екендігін көрсетеді. Ал Ақымет Байтұрсынұлы әр елдің дыбыстарының өз таңбасы болатынын және таңба, яғни, жазу арқылы дыбысты танытынымызды тілге тиек етіп, жазудың оң рөлін көрсетеді.

Ақымет Байтұрсынұлы жазу әріптердің суретін салу дей отырып, жазуға таңбадан кеңірек ұғым береді. Яғни, алдын жазу дыбыс таңбасы десе, енді дыбыс таңбасының орнына әріпті қойып, жазу сол әріптердің тізбегі деп жазу ұғымын кеңейте түседі. Дыбыстарға арналған әріптер болатынын, оларды тани білу керектігін, таныған әріпті жаза білу керектігін әрі жазған әріпті дыбысымен айта білу керектігін нақты көрсетеді. Бұл өз кезегінде жазу адамды сауатты және өркениетті етпек. Демек, Ақымет Байтұрсынұлы жазу мен дыбысқа қатысты өзінің тұшымды тұжырымдарын қалдырған. Бұл тұжырымдар, өз кезегінде, қазақ тіл ғылымының грамматология саласына негіз болады.

Тілдік бірліктер арасындағы синтагматикалық қатынастарды ерекше бөліп қарастыру Ф. де Соссюр мен Бодуэн де Куртене еңбектеріне тән. Синтагматикалық талдаудың екі түрлі тәсілі бар: валенттілік талдау (көрші тұрған тілдік бірліктердің мағыналық қатынасы) және дистрибутивті талдау (бірліктердің лексикалық және грамматикалық мағынасын ескермей,

мәтіндегі бірліктердің қоршаған ортасын зерттеу). Синтагматикалық және парадигматикалық қатынас тілдің жүйелі құрылым екенін көрсететін негізгі фактор. Синтагматикалық қатынас – сөйлеу не жазу кезіндегі тілдік бірліктердің көлденең бағыттағы бірінен кейін бірі байланысып келе алу қабілетін, байланыса алу қасиетін айқындайды. Синтагматикалық қатынас барлық тілдік қабаттарда нақты көрініс табады. Бұл заңды да. Тілдік тұлғалардың бір-бірімен қосарлануы, тіркесуі, жалғануы, бірігуі нәтижесінде жаңа атау жасауы үшін, немесе сөздердің тіркесіп сөйлем құрауы үшін, синтагматикалық қатынастың орындалуының өзіндік ерекшелігі бар.

Ақымет зерттеулерінде де синтагматикалық қатынасқа ерекше мән берілген. «Сөз ақылға қонады шындығымен, көңілге ұнайды өңі үйлестігімен, өң үйлесуін жарастық, келістік дейміз. Келістік көрік негізі екендігі өлеңді сөйлемдер туралы сөз болғанда айтылды» [643]. Ия. Ғалым өлеңді сөйлемдердің ерекшеліктерін талдау барысында әр сөздің тіркесу сипаты болатынын нақты деректер келтіру арқылы талдап түсіндіреді. Яғни, «синтагматика» терімсөзін А. Байтұрсынұлы «*келістік*» деп атаған. Бұл атау пән сөзі, терім сөз ретінде қазақ тілінде қолданысқа енгуге әбден лайық деп бағалаймыз. Шынында да, «келістік» терімсөзінің ішкі сипаты мен мағынасы сөздер арасындағы байланысудың келісілген, бір-бірімен мағыналық, ұғымдық, таңбалық тұрғыда жарасқан тұрқын нақты таңбалайды.

Ф. де Соссюр де таңбаның уәжділігі туралы теорияға қатысты терең зерттеулер жүргізген. Алайда ғалымның зерттеулерінде уәжділік туралы көзқарасы біркелкі емес. Зерттеулеріне көз салсақ, жеке адам белгілі бір тілдік ұжым қабылдаған таңбаға ешқандай өзгеріс енгіза алмайтындығын ескере отырып, таңбаланатын зат не құбылыс пен оны таңбалаушы тұлғаның арасында уәж жоқ деп есептеген. Таңбалаушы тұлғаны кездейсоқ деп танып, ғалым таңбалаушы мен таңбаланушының арасында ешқандай табиғи байланыс жоқ деген пікір келтіреді. Алайда, ғалым еліктеу сөздердің, күрделі сан есімдердің таңбаланушы заттар мен құбылыстарға уәжделетінін жоққа шығара алмай, былай деп жазады: «Таңбаланушының таңдалуы әрқашан да кездейсоқ болмайды дегеннің дәлелі ретінде дыбысқа еліктеуді келтіруге болады. Бірақ дыбысқа еліктеу тіл жүйесіндегі табиға элемент болып табылмайды. Олардың саны да айтарлықтай көп емес». Ғалым таңбалардың бір бөлігі ғана таза кездейсоқ болады; басқа таңбаларда, оларда әр түрлі дәрежеде кездейсоқ деуге негіз болатын қасиеттер анықталады, таңба салыстырмалы түрде уәжделуі мүмкін деген ой айтады.

Сөйлеу тіліндегі тұлғалары уәжделмеген тілдер болмайды, бірақ барлық нәрсесі уәжделген тілді елестету мүмкін емес деген ой тұжырымдайды Ф.де Соссюр. Яғни, ғалымның уәжділік туралы зерттеулерінде біркелкілік жетіспейді. Бұл тұрғыда Ақымет Байтұрсынұлының ғылыми ойлары – терең де тұжырымды, байламы – нық. «Ойлау екі түрлі: адам ойлағанда я нәрсеге тиісінше ойлайды, я көңілінің түйісінше ойлайды. Нәрсе түрлі ыспатты болады. Ол ыспаттардың біреулері бойына біткен ыспат болса, екіншілері адамның қосқан, таңған ыспаттары болады. Мәселен, нәрсенің бірін жылы, бірін суық, бірін тегіс, бірін бұдырмақ, бірін қатты, бірін жұмсақ дейміз. Бұл ыспаттар нәрсенің бойында бар ыспаттар. ... Сол сияқты бір нәрсе туралы сөйлегенде я тиіс жағынан, я түйіс жағынан сөйлейміз, - деуінің астары терең. Бұл пікірді қазіргі ғылыми тілмен түсіндірер болсақ, кез келген зат не құбылыстың табиғи қалпы мен белгісін анықтап, оған атау берудің табиғи негізі, уәжі болатынын зерделеп танығанын шамалаймыз. Бұл мәселе төңірегінде әлі де терең зерттеулер жасау қажеттігі анық.

Қорыта айтқанда, Ақымет Байтұрсынұлы қазақ тіл деректері арқылы тіл білімінің үлкен ғылыми мәселелеріне тереңдей барып, өзіндік ой-тұжырымдарын әлемдік деңгейде қалыптастырғаны анық. Ендігі мақсат, Ақымет зерттеулеріндегі басты ой-қорытындылары мен зерделеген ғылыми қағидаларының әлемдік маңызын анықтап, талдап, жүйелеп, ғалымның биігін таныту болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Джусипов М. «Фономография А. Байтұрсынова и фонология сингармонизма». – Ташкент, 1995.
2. Соссюр Фердинанд де. Курс общей лингвистики / Пер. с французского А. М. Сухотина, под редакцией и с примечаниями Р. И. Шор. — М.: Едиториал УРСС, 2004. - 256 с.

Әбжанов Х.
ҰҒА академигі

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫ

Қазақ елі ұлы тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жасқа толуын кеңінен атап өтуде. Бұл – төл тарихымызға әлемдік тұрғыдан көз салуға жетелейтін ұтымды сәт. Өйткені Ахаңның артында қалған мол мұрасы күні бүгінге дейін қоғамдық-гуманитарлық салалар үшін теңдесі жоқ жаңашылдығын және жасампаздығын жойған жоқ. Ол әліпби, оқулық, баспасөз ісінің реформаторы, қоғамдық-саяси ойдың алыбы, тарих, тіл, әдебиет, журналистика, педагогика салаларының танымдық-қолданбалық мәселелерін биік деңгейде шешкен білімпаз.

XX ғасыр басында қазақ қоғамының көгіне аса талантты тұлғалар көтерілді. Талант – жұмбаққа толы құбылыс. Біреуіміз оны табиғаттың сыйы деп білеміз. Екіншіміз құдайдың құдыретімен адамға біткен қасиет ретінде қарастырамыз. Басқа да себептерін – тұқым қуалау, ортаның әсері, ұстаздың шарапаты сынды бастау-бұлағын ұлықтайтындар бар. Қалай болғанда да, талантты жанға сегіз қырлылық, жаңашылдық, көрегендік тән. Бұларды сол тұста «оқығандар», «зиялылар» деп айдарлағаны белгілі.

Қай салаға қалам тартса да, зиялы қауым үздігі Ахаңның түпкі көздегені туған халқының панасы болу, бәсекелік қабілетін арттыру, ұлттық кодын сақтау және әлемдік өркениет көшінен қалмауына септесу еді. Шешімін меншік түрінен, тап күресінен, революциядан іздеген жоқ. Большевиктер әлемнің әміршісі пролетариат екенін дәлелдеумен әуре-сарсаңға түсіп жүргенде, қазақтың ғұламасы планетарлық пайымын бір ғана сөйлемге сыйғызыпты: «... Мен өзімнің негізгі арнамды – адамзаттың дамуының қозғаушы күші мен қуаты – ғылым мен техника деген пікірді жетекшілікке алдым». Түптеп келгенде, перзенттік, ағартушылық, алаштық, ұстаздық, өркениеттік дүниетанымы мен қайраткерлігінің формуласыда осы [1, 35]. А. Байтұрсынұлының бұл арманы бүгінде тәуелсіз Қазақстанның стратегиялық бағыт-бағдары мәртебесімен ресми рәсімделмесе де, «Қазақстан – 2030», «Қазақстан – 2050», Ұлт жоспары, Рухани жаңғыру соның құрамдас бөліктері. Ендеше ұлы тұлғаның мұрасы мен жаңашылдығы «Жаңа Қазақстан» сынды тағдыранықтағыш бастамамен бекемделді, ғасырлар қойнауынан келіп жеткен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеямызбен үндесіп жатыр.

А. Байтұрсынұлы шығармаларының негізгі бөлігі тарих пен тарих қозғалысынан тыс тұрған жоқ. Біріншіден, оның тарихи көзқарасын қалыптастырған арналар мейлінше құнарлы. Даланың ауызша тарихымен бала шағынан сусындап өсті. Отарлау саясаты қазақтың дәстүрлі өмір салтын, рухани әлемін түпкілікті бұза алмағандықтан шежіре тарқату, тарихи жырларды жатқа білу, ұлы даланың тұлғаларын мақтан тұту, ел мен жер туралы аңыз-әңгімелерді ұрпақтан ұрпаққа аманаттау халықтық педагогиканың мызғымас қағидаты ретінде жұмыс істеп тұрды.

Екіншіден, әлеуметтік-кәсіби даярлығы үздіксіз жетіліп отырды. XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ қоғамының өлшемімен қарасақ, Ахаң тәп-тәуір білім алып шықты. 1929 жылы өз қолымен жазған өмірдерегінде айтылғандай, 1882-1884 жылдары кейде үйдегі сауатты адамдардан, кейде кездейсоқ жақын маңайға келген ауылдық мектептен қазақша сауатын ашады. 1886-1891 жылдары Торғай екі сыныптық орыс-қырғыз (қазақ) училищесінде, 1891-1895 жылдары Орынбар қазақ мұғалімдер мектебінде білім алады. Оқу-ағарту саясаты мен оқулықтарда отарлық идеология, тәрбие және насихат үстемдік құрғанмен, берген білімінің сапасы айтарлықтай жоғары еді. Тарих пәні де оқытылатын.

Үшіншіден, интеллектуалды ізденіспен ғұмыр кешті. Ол жайлы өзі былай жазады: «1901 жылдан бастап, оқытушылықтан қол босаған уақыттарымда өз бетіммен білімімді толықтырдым, әдебиетпен шұғылдандым» [1, 37]. Алғашқыда отарлық, кейінде тоталитарлық қуғын-сүргін көсіле жазуына мүмкіндік туғыза бермеді. «Қазақ» газеті мен Алаш қозғалысының басы-қасында жүру, Кеңестік Қазақстанның саясаты мен тыныс-тіршілігіне араласу ғылымды практикамен ұштастыру қажеттілігін нақты көрсеткенімен көп уақытын алғандықтан шығармашылық әлеуетін ашуға да септесе бермеді. Соның өзінде артында мәңгілік мұра қалдыра алды.

Төртіншіден, ғасырлар тоғысындағы Ресейде тарих ғылымы алтын ғасырын ұмыта қоймаған әдебиеттен кейінгі көрнекті орында тұрды. Соловьев пен Карамзиннің дәстүрін шығыстанушылар ментүркітанушылар (Радлов, Мелиоранский, Бартольд, т.б.) лайықты жалғастыра алды. Түркі әлемінің мақтанышына айналған И. Гаспыралының, Ш. Маржанидің, Шоқанның, Халидтің еңбектерімен танысуы тарихи жадын байытты, санасы мен танымын тереңдетті. Қазақ тарихының көне дәуірден ХХ ғасырға дейінгі сұлбесі идеялық серігі Ә. Бөкейхан кітаптарында түзілгенін ескерсек, Ахаңның даярлығы осал болмағанын ұғынамыз.

А. Байтұрсынұлы – Орынбор, Қызылорда, Ташкент, Алматы қалаларындағы арнайы оқу орындарында дәріс оқыған ұстаз. 1920-1921 жылдары ҚазАКСР Халық ағарту комиссары. 1926 жылдан Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтында Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті қызметін атқарса, 1928-1929 жылдары қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Қазақ тілі кафедрасының профессоры лауазымында еңбек етті. Тарих пәнінен де сабақ берген екен. НКВД-ның тергеушісіне берген жауабында мынандай жолдар бар: «Бірде 1927 жылы Қызылорданың Қазақ ағарту институтында тарих пәнінен дәріс беріп тұрған кезімде маған: болашақта өкімет бола ма? – деген сұрақ қойылды. Бұл сұрақ мемлекет билігі туралы оқылған дәрістегі адам баласы барлық заманда да биліксіз өмір сүрмеген деген сөзден туындады. Мен ол сауалға ғылым – тәжірибеге негізделеді, ал өткен тәжірибеге жүгінсек, адамзат биліксіз өмір сүріп көрмепті - деп жауап бердім» [1, 35]. Орайы келіп тұрғанда айта кетейік, Лениннен Хрущевке дейінгі басшылар коммунизм тұсында мемлекеттік билік жойылады, қоғамның өзін өзі басқаруы орнығады деп келді. Бос сөз екен. Коммунизм елеске айналды, Ахаңның ақиқаты салтанат құрды.М

Ұлт ұстазының тарихи көзқарасы мен ғылыми танымы туған халқының, әлем халықтарының тағдырына жіті зер салғанұзақ жылғы ізденіспен қалыптасты. ХХ ғасырдың алғашқы он жылы ішіндегі еңбектерінде тарихи оқиғалар мен үрдістер, тарихи тұлғалар мен бетбұрысты өзгерістер жайлы пайым-тұжырымдар бар болғанымен ғылыми бір ізге түсірілмеген еді. Дидактикалық, ағартушылық идеяларға басымдық берілді. Олар «Қырық мысал», «Маса» кітаптарында, әңгімелерінде, өлеңдерінде, мақалаларында бедерленген. Ахаңның тарихи көзқарасы мен ғылыми зертханасы толық кемелденгені, зерттеушілік әлеуеті биік деңгейге көтерілгені 1913 жылы жарияланған «Қазақтың бас ақыны» мақаласымен бекемделді. Мақаланы оқыған ғылым адамына тарихи тұрғыдан мына құбылыстар байқалады:

1. Абайды алғаш оқығанда А.Байтұрсынұлы 30 жаста екен. Өзі жазғандай, «Сөзі аз, мағынасы көп, терең...Ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды» [2, 141]. Білімге сын бұл емтиханнан орда бұзар отыздағы Ахаң сүрінбей өтті. Абайдың жинағы 1909 жылы шыққаны белгілі. Демек, Ахаң бас ақынды тану жолында әлденеше жыл ізденген. Қамал алар 40 жасында өзі де ойшыл Абайдың деңгейіне көтерілді.

2. Ғылыми және тарихи танымның маңызды методологиялық қағидаты тарихилықты (историзм) терең меңгергені Абай құбылысын дәлме-дәл тануына қол жеткізді. «Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз», - дейді автор [2, 143].Иә, солай. Отарлық қыспаққа қарамастан аз оқыса да тума талантын үздіксіз ізденіспенбайытқан Абай білім шыңын бағындырды. Дала данасына айналды.

3. Абайды Абай еткен сөзге шеберлігі, шешендігі ғана емес, өз заманы үшін ақиқатты айта алғаны. «Хақиқатты хақиқат қалпында, тереңді терең қалыбында жазған» [2, 147]. Бұл –

ғылыми танымның мәнін дәлме-дәл анықтағаны. Нағыз ғылым жаңалық ашуымен, ақиқатты айтуымен ерекшеленеді.

4. Мақаланың практикалық ұсынысы әлі де маңыздылығын жойған жоқ. «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек» [1, 148]. Абайды «қадірлі жұртқа» танытуды міндетіне алуы ұлының ұлыға көрсеткен тағзымы еді.

«Қазақтың бас ақыны» жарық көргеннен соң келер жылы бірінші дүниежүзілік соғыс басталды. Арты 1916 жылғы көтеріліске ұласты. Патшаның құлауы, Алаш қозғалысының тағдыры – бәрі танымды тереңдете түсті. Әсіресе ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында жазылған екі еңбегінің жөні бөлек. Әңгіме «Әдебиет танытқыш» және Т. Шонановпен бірлесіп жазған «Оқу құралы» туралы болып отыр.

«Әдебиет танытқышта» тарих пәнінің мәні мен ерекшелігіне, тарих ғылымының мамандықтары мен салаларына, тарихшының міндетіне қысқа да нұсқа тоқталып өткен. Зерттеу объектісі ретінде тарих өте күрделі құбылыс екенін дәйектеу үшін «әуезе» ұғымын қолданысқа енгізеді. Әуезе оқиғаны хронологиялық тәртіппен, уақыт және кеңістік шегінде мазмұндауды, мағлұмат беруді талап етеді, сонысымен тарихи жадты, сананы, танымды қалыптастыру миссиясын атқарады. Ахаң әуезенің алты құрамдас бөлігін көрсеткен: 1. шежіре, 2. заман хат, 3. өмірбаян, 4. мінездеме, 5. тарих, 6. тарихи әңгіме. Бұл жерде автор тарихтың ақпараттық-деректік және тарихнамалық негіздерін жүйелеп тұр. «Шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме, - дейді ол, - бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер» [2, 250]. А. Байтұрсынұлының пайымдауынша тарих әуелі ұлы дерек, айғақ.

Келесі назар аударған мәселесі – тарихи зерттеудің теориялық-методологиялық қырлары. Деректің сапалы-сапасыз, толымды-толымсыз болуына зерттеуші жауап бермейді. Сол себепті деректің бәрі ғылыми айналымға кіруі міндетті емес. Ізденуші керегін «аударып, ақтарып... алады». Бұл қағидат деректанушыға қойылатын талаптың аса жоғары екенін айғақтап тұр әрі жалған дерекке алданудан сақтандырады. Басқаша айтқанда ізденушіге ақпараттың құндысын табуға жол көрсетсе, екінші жағынан деректер корпусының сапалы болуын қалайды. Ал соңғысын ақиқат биігінен сөйлете алу ғалымның әлеуметтік-кәсіби даярлығымен, талантымен анықталады. «Тарихшылардың мақсаты, - деп жазды А. Байтұрсынұлы, - уақиғаның уақытын ғана көрсету яки не түрде болған тысқы сиқын ғана көрсету емес, ол уақиғаның болуына нендей нәрселер уақиғалар себеп болғанын көрсетіп, ішкі мәнісімен де таныстыру» [2, 250]. Демек, тарихи зерттеудің және зерттеушінің теориялық-методологиялық, деректанулық мәдениеті мен өресі биік болғанда ғана ақиқат ашылады, ақтандақтар жойылады.

«Әдебиет танытқышта» тарих ғылымын мамандықтарға жіктеу талпынысы бар. Мұнда үш мамандық көрсетілген: біріншісі «бүкіл адам баласы дүниеде қандай өмір шеккенін сөйлейтін тарих «Жалпы тарих» деп аталады» [2, 250]. Бүгін де тап осылай аталып келеді.

Екіншісі «адам мәдениет жүзінде жүрген жолдарын баяндайтын тарих «Мәдениет тарихы» деп аталады» [2, 250]. Өзі де осы салаға ерекше ден қойды. Ғылыми-интеллектуалды ізденістері «Мәдениет тарихы» атты еңбек жазуға әкелді. Өкініштісі – еңбек жарияланбады, қолжазба әлі табылған жоқ. Мәдениеттану бүгінде саясаттанумен, әлеуметтанумен қатар қонған іргелі ғылым саласы.

Тарих тармақтарына жатқызғандары: «шаруа тарихы, өнер тарихы, дін тарихы, даналық тарихы, әдебиет тарихы, тағысын тағы сондай тарихтар» [2, 250]. Ахаң атаған «Тарих тармақтары» азды-көпті толықтырулармен қазір де даму үстінде.

Үшіншісі «Жалқы тарихтар - түрік-монғол тарихы, қытай тарихы, жапон тарихы және сондай бөлек-бөлек жұрттардың, ұлттардың тарихы» [2, 250]. Енді «Жалқы тарих» демейміз. Қазақстанда «Отан тарихы (Қазақстан Республикасының тарихы)» деп айдарланса, Ресейде «Отечественная история» атауымен сақталып тұр.

Дерек пен айғаққа, сындарлы теория мен методологияға негізделген тарих «сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы» деп білген Ахаң тарихи үдерістердің себебін табиғатпен байланыстырады. Әрине, мұны бекерлеуге негіз жоқ. Бірақ тым шектеулі түсінік. Тарихтағы

табиғаттың рөлін алғашқы қауымдық құрылыстың шегінде қарастырған жөн. Одан кейінгі дәуірлерде бірінші орында халықтың іс-әрекеті, тұлғаның ізашарлығы, биліктің шешімдері тұрады.

Тарих пен ақиқаттың ажырағысыз бірлікте болғанын қалады. «Тарихтың қызметі, - деп жазады А.Байтұрсынұлы, – бүтін адам баласының яки бүтін бір жұрттың, иә таптың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту» [2, 249]. Ал ақиқатты айтудың басты шарты зерттеушінің деректер кешенімен таныстығында, жұмыс істей білуінде екенін дәлелдейді: «тарихшылар халық басынан кешкен түрлі уақиғалардың мағлұматын сымға тартқандай сынға салып, мінсіз етіп, дұрыстап өткізеді» [2, 249]. Естіген-білгенін сол қалпында тізе бермей, «рас, өтірігін тексеріп, расын ғана алады» [2, 249].

Тоталитарлық өктемдік бұл талаптардың бәрін ығыстырып, тарих ақиқатын саясатқа, идеологияға, таптық мүддеге жығып берді.

А. Байтұрсынұлы тарихты дәуірлеу мәселесімен арнайы айналысқан жоқ. Бірақ одан хабарсыз да қалмады. Бұған жазу әдебиетін екі дәуірге – діндар дәуірге, сындар дәуірге бөлгені дәлел бола алады. Екінші жағынын, қазақ қоғамының хандық дәуірін, отарлық дәуірін, пролетарлық төңкерістен кейінгі дәуірін нақты ажыратқанын да рас. Ұлы даладағы соңғы екі дәуірдің тарихына өзі де пәрменді ықпал етті.

«Әдебиет танытқыш» ұлттық тарихи ақыл-ойға жаңа леп берді. Ол «Оқу құралымен» одан әрі тереңдеді. «Оқу құралының» бірінші бөлімінде тұтас тарау «Тарих» атауымен топтастырылған. Мұндағы 16 тақырыппен берілген материал көшпелі түріктер заманынан 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі оқиғаларды қамтиді. Қолданылған авторлар ішінде Шәкәрім мен Мағжан, Міржақып пен Жүсіпбек, Ленин мен Троцкий, Н.М. Покровский мен С. Мстиславский бар. Абылай мен Наурызбай, тобықты Әнет би, найман Жанкісі би, 1916 жылғы көтеріліс, II Николай патшаның тұтқынға алынуы, Қос өкімет, қазақтың жермен қоштасуы тарих тұрғысынан сөз болады. Ұлттық тарих баянын жеткізуде әсірелеуге, бұрмалауға жол бермегені авторы белгісіз «Ақтабан шұбырынды» тақырыпты материалдан анық байқалады. Онда былай делінген: «Мал жолай өліп, қырылды. Жаяу жалпы шұбырынған ел жолшыбай қырылып келеді. Көшке ере алмаған кемпір, шал, балалар далада қалып барады. Табаны тиіп жүре алмай, бір төбенің басында Тобықтының атақты Әнет биі де қалды деседі. Қыс қандай қатты болды! Арқаның бораны мен қары жоңғардан анағұрлым қатты тиді. Ердің ері, егеудің сыңары келіп Сары-Арқаға жетті. Сол лайсаңғажұрт «Ақтабан шұбырынды» деп ат қойды. Ақтабан шұбырынды 1723 жылы болған. Қазақ тариқында Ақтабан шұбырынды сықылды қысаңдық аз болған. Сол келген бетімен қазақ халқы орыс үкіметінің қол астына кірген» [3, 229].

Тәуелсіздік тұсында жарияланған бес томдық «Қазақстан тарихы» академиялық басылымның 4-ші томында 1723 жылғы апатқа біршама орын беріліпті. Ондағы пайым мен тұжырым бізге әбден таныс: «В 1723 году первыми приняли удар казахи Жетысу и Прииртышья; и удар был так силен и быстр, что люди оставляли самых немощных и самых малых на волю судьбы. Потому в памяти народа сохранились воспоминания о тех годах, как годах великого бедствия. Свидетельством тому является великая песня «Елимай». К тому же была захвачена по сути вся территория Казахстана, исключая только самые пустынные и непроходимые земли. Это бедствие коснулось не только казахов, но и всех народов Центральной Азии» [4, 129]. Үзіндіні қазақшаға аударуға болатын еді. Бірақ түпнұсқаны сақтағанды жөн санадық.

Бірінші бөлімнің «Тарих» тарауына кірмеген, алайда «Әдебиет, тұрмыс, еңбек» бөліміне орналастырған материалдардан А. Байтұрсынұлы ежелгі адамдарға тән өмір салтын, киімін, тұрғын үйін, құрал-саймандарын қәнігі тарихшыдай талдағанын мойындауымыз керек. Ол тақырыптардың атауынан да байқалады: «Адам жер жүзіне таралуы», «Алғашқы адамдардың тұрмысы», «Алғашқы адамдардың құралдары», «Адам от жағуды қалай үйренген», «Алғашқы егін көліктері». Бұларда археология және этнография ғылымдарының тас дәуірі, қола дәуірі, темір дәуірі, неке мен отбасы, тайпа, әскери демократия сынды ұғымдары қолданылмайды. Мәселе қарапайым оқырманға түсінікті тілде баяндалады. Сөйте

тұра көне тарих жайлы әлемдік ақпарат легінен тыс қалмағанын ескертеді. «Араб, қытай, жапон, басқа тілдерде жазылған ескі кітаптарда, - дейді ол,- жабайы және көшпелі халықтардың қонысынан ауғаны жайында жазылған сөздер көп» [3, 107].

Азияны адам баласының бесігі санады. Оның пікірінше, адамдар Азиядан тек шығуды ғана білмеген, Азияға қарай да ауған. Бірақ ғасырын, мыңжылдығын атамайды. «Атам заманнан бері қарай» деумен шектеледі. Ең маңыздысы – «қозғалып, ауып, шұбырып, амалсыз, жер жүзіне ерсілі-қарсылы кезіп тентіреген» тарихтың себебі неде екенін дұрыс таба алғаны әрі бірнеше рет көрсеткені. Бір жолы бұрынғы адамдар «тұруға, күн көруге, тамақ асырауға қолайлы орын қараған» десе, келесіде «бәрін жүргізетін бір тамақ» [3, 108-110] дейді. Бүгінгі жаһанданудың да басты себебі жайлы жер, тәтті тамақ емес деп ешкім айта алмас.

Әлем тарихы халықтардың қоныс аударуы барысында түзілгенін баса көрсетумен бірге қазақ тарихынан екі терең тұжырымға келеді. Бірі – Ұлы даланың әлемдік миграциялар айлағы болғанын дәлме-дәл айта алғаны. «Қазақ даласының үстімен ауып өткен ел өте көп, - делінген «Оқу құралында». -Қазақтың ескі жырларында: «Адыра қалғыр бұл қоныс – қайырсыз екен ежелден, жеті жұрт кетіп, жол қалған» дегені қазақ даласының үстін көп ел басып кеткендігін көрсетеді, бірақ ескі тарих сөздеріне қарағанда, сары далада тек қана бір жеті жұрт емес, әлденеше жеті жұрт тұрып өткен» [3, 107]. Бұл тезис бүгінгі археологиялық, антропологиялық, этнологиялық зерттеулермен дәлелденіп отыр. Әсіресе әйгілі ақын О. Сүлейменовтың, ҰҒА академигі Ж. Таймағамбетовтың қосқан үлестері зор.

Екіншісі – Ұлы даладағы қоныс аударудың өзегінде тұрған этностарды атағаны. Әрине, оқиғалардың хронологиясында, рет санында жаңсақтықтар бар. Дегенмен этникалық тарихты дұрыс түсінуге шылбыр ұстатады. «Мұнан, - дейді «Оқу құралы»,- екі жарым мың жыл бұрын ескі қазақ даласы жақтан осы күнгі орыс ішіне қарай «скиф» деген ел келген. Скифті «сармат» деген халық келіп қуған. Сарматты «авар» халқы келіп ысырған. Мұнан мың жарым жылдай бұрын «ғұн» деген тұқым ауып келіп ысырып жіберген. Бұлардың соңынан әлденеше жұрт келіп өткен. Мұнан сегіз жүз жылдай бұрынырақ татар мен қазақ келіп орнаған. Сонымен түрлі жұрттар бірін-бірі киіп кетіп, ысырып, аудырып отырған» [3, 107]. Қазақтың қонақжайлығы мен ашықтығының, бейімділігі мен еліктегіштігінің бастауы осында жатқан шығар, сірә.

А. Байтұрсынұлының тарихи санасы мен танымын кешенді ұғыну үшін қазақ ойшылдарынан кімді ұлықтағанын, қандай шығармаларына екпін бергенін, егер оларға түсініктеме жазса, қандай ойын қолдағанын білудің маңызы зор. Айталық, «Оқу құралында» Шоқанның екі еңбегі – «Ерте замандағы қазақ қару құралдары» мен «Сіргелі Елшібек батыр» берілген. Тіленші би «Қаз дауысты» Қазыбек бидің немересі, Бекболат бидің баласы екені Шоқан кітабына сілтеме жасаумен дәйектелген. Абай, Ыбырай, Сәкен, Мағжан, Мыржақып, Бейімбет өлеңдері мен әңгімелері қазақ этнографиясы мен менталитетін, ұлттық коды мен руханиятын қоғамдық санада орнықтыруға қызмет етеді. Шығармадағы «Кенесары қоныстан ауғанда Досқожа ақынның айтқаны» деген көлемді жыр бір қарағанда туған жер одасындай көрінуі мүмкін. Ал тереңірек үңілген оқырман ұлттық тарих пен жердің арасындағы мәңгі байланысты, өзара ықпалдастықты көре алады.

«Қонысым сені қия алмай//Үш жылдайын қамалдым.//Енді қайламтаусылды//Кош, аман бол, Қаралдым!//Айналайын, Ақ татыр!//Айнала құрдым ақ шатыр.//Тайпа аруақ бұл жатыр!//Қасыңнан қалқам, кеткен соң//Орыс та малын құлатар!//Көреді аттың таңдағын,//Арбалы-боздың шаңдағын,// Көрдіңіз бе, иесіз//Аруақтың қалғанын?!» - деген жолдарды оқыған соң басқа ой тууы мүмкін емес [3, 111].

А. Байтұрсынұлы большевиктік идеяның Қазақстандағы болашағына, сол идеямен өрілетін тарихтың құтты болатынына сенген жоқ. Өйткені, қазақ қоғамындағы рухани сұраныс пен ахуал, әлеуметтік және экономикалық өмір, байлық пен билік, заң мен дәстүр – бәрі большевиктер тұжырымы мен бағдарламасынан мүлде өзгеше екенін, «коммунизм идеясы жарнамадан» [1, 26] аспағанын қапысыз білгендіктен басқа түскен сынақ салмағын жеңілдетуге барын салды. Оны 1920 жылы Ленинге жазған хатында тағы дәйектеді. Бұған

қоса кешегі отар өлкедегі социалистік құрылыстың алғашқы 3-4 жылы большевиктік биліктің жасампаз қабілеті мейлінше төмен екенін көрсетті. 1921 жылы партияны тазалау жөніндегі комиссияға берген өтінішінде «РКП ұйымдарының қазақтар арасында жүргізген жұмысының қай саласын алсақ та, ешқандай алға жылжушылық» [1, 28] болмағаны әшкереленді. «Қазақтар үшін де, жалпы алғанда қараңғы халық бұқара үшін де коммунизм идеясы, Гейненің сөзімен айтқанда «шақырылмаған бөтен қонақ» [1, 29] еді.

Өз елінде, өз жерінде отырған халықты сырттан келгендер ешқашан жарылқаған емес, жарылқамайды да. Алаш һәм Алаш Орданы алғаш құрушылардың бірі бола тұра кеңес өкіметі жағына мәжбүрлеусіз-ақ өткенде басты көздегені ұлтының игілігіне қызмет ету еді. «Мен, – деп жазыпты ұлы Тұлға, – РКП программасын ұзақ уақыт бойы қазақ халқын азат етудің жолдарын іздестіруден соң барып қабылдаған едім» [1, 30]. Ең бастысы – большевиктер билеген Қазақстанда түрлі қызметтерді атқара жүріп, тіпті абақтыға қамалғанда да туған халқын тоталитарлық қыспақтан, қуғын-сүргіннен қорғап қалуға бар күші мен білім-білігін риясыз жұмсады.

А. Байтұрсынұлы тарихты ғылымға айналдырып қана қойған жоқ, ХХ ғасырдағы ұлттық тарихымыздың жарқын беттерін түзуші биігіне көтерілген ұлы тұлға. Оның идеялары Ә. Бөкейхан, М. Дулатов, М. Шоқай, К. Кемеңгеров, Х. Досмұхамедов зерттеулерімен үндесіп жатыр. Кеңестік билік сол асыл мұраны жарты ғасырдан астам уақыт бойы тас қапаста ұстады. Ұлттық тарихи ақыл-ойды мүлде басқа арнаға бұрып жіберді. Енді, міне, кешігіп жеткен рухани және ұлттық жаңғырудың тілегін тілеудеміз.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – Алматы: «Ел-шежіре». – 2013. Т. VI. 384 б.
2. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре». – 2013. Т. I. 384 б.
3. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Оқу құралы. – Алматы: «Ел-шежіре». – 2013. Т. II. 384 б.
4. История Казахстана (с древнейших вр. до наших дней). – Алматы: «Атамұра». – 2010. Т.3. 768 с.

Ісімақова А.С.

филология ғылымының докторы, профессор

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗІРГІ ТІЛТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ РЕФОРМАТОР

Ақымет Байтұрсынұлы (1872-1937) – қазақ тіліндегі тұңғыш әліппе, тіл білімі, әдебиеттану мен түркология ғылымдарының пән сөздері мен теориялық негізін қалыптастырып берген ғалым. «Ұлт ұстазы» деп замандастары атаған Ақымет Байтұрсынұлы – осыдан жүз жыл бұрын қазақ тіліндегі әліппеден бастап тілді таныту, оқыту, үйрету ғылымның негізін айқындап, тілтану мен әдебиеттануды ғылым ретінде жоқтан бар етіп қалыптастырып берген бірегей маман.

Алашорда үкіметінің негізін қалаушы саясаткер, ғалым А. Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың басында сол заманның білікті түркітанушылары мойындаған тілтанулық ғылыми еңбектердің авторы ғана емес, оларды іс жүзінде бастауыш мектеп пен әлеуметтік өмірге еңгізген саяси тұлға. А. Байтұрсынұлы «бастауыш мектеп тұлғаны қалыптастыруда басты міндет атқарады» деп санаған. Сондықтан «Мектеп керектері» деген мақаласында: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы... Ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болу. Құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші, мектепке керегі, белгіленген программа», – дейді [1]. Ғалым мектепте ана тіліндегі білім беруді ұлт

идеологиясының басы деп санап, сондықтан өзінің бар күшін мектептегі білім беру ісін ұлттық құндылықтар негізінде болуын басты ғылыми ұстаным еткен.

Қазақ халқының рухани көсемі бола білген ғалым – нақты тілтану мен әдебиеттанудың басында тұрған реформатор. Осы екі ғылым саласының «Ана тілі» деген сөзден басталатын пән сөздерін де қалыптастырып бергенін біз тек тәуелсіздік кезінде ғана білдік. Бабалар тарихынан қол үзбеу үшін Ұлы даланың сан ғасырлық араб таңбаларымен келе жатқан жазуына реформа жасап, оны қазіргі қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бағындырып, жаңа төте жазу емлесін енгізген де – А.Байтұрсынұлы. Бұл емлені шет елдегі қазақтар күні бүгін іс жүзінде қолданып келеді.

Нағыз ғылыми еңбек өз ұлтына, еліне адал қызмет ету қажеттілігінен тууы абзал екенін ғалым іргелі зерттеулерімен бізге аманат етті. Осы ретте «Тіл – құралдың» жөні ерекше. Бұл басылымда отарлаудан көзі ашылмаған жұртына сонау совет кезінде қазақ тілін үйрету мен оны оқытудың басты негіздері анықталған. Бұл туралы 1989 жылы академик Рабиға Сыздық: «А. Байтұрсынұлы қазақша Әліппе жасап араб таңбалары негізінде ұлттық әліппеге реформа жасап, филологиялық пән сөздеріні қалыптастырып, ғылымның негізгі салалары: Дыбыс жүйесі фонетика, Сөз жүйесін морфология, Сөйлем жүйесін грамматика тұңғыш рет негізін салып берді. Ғалымның бұл іргелі зерттеулері бірнеше монографияға арқау болып, заманындағы ғалымдардың лайықты бағасын ие болып, күні бүгін қазақ тіліндегі филология ғылымының басты негізгі ұстанымдары болып саналады», - деп жазған болатын [1, 18-б.].

А. Байтұрсынұлының лингвистикалық зерттеулерінде қазіргі тілтану мен әдебиет теориясының негізі қаланып, біз пайдаланып келе жатқан терминдердің авторлығы да анықталды. Ғалым тек ғылыми зерттеулермен шектелмей, олардың күнделікті сұранысты өтейтін оқулықтар арқылы нақты білім беру саласына дер кезінде енгізуі шынайы ғылыми іскерліктің үлгісі болып қала бермек. Ғылыми зерттеу тек атақ үшін емес, халыққа қызмет ету, ана тілінде білім беру үшін жасалғаны осы ретте айқындалаған.

Ғалымның «Оқу құралы» Қызыл Орда 1926 жыл «Бисмилляхи рахмани рахим» сөздерімен ашылады. А. Байтұрсынұлының қазақша әліппені құрастыруы, араб таңбалары негізінде ұлттық әліппеге реформа жасап, қазақ тіл білімінің терминдерін алғашқы болып қалыптастыруы, оның негізгі салаларын: дыбыс жүйесін – фонетика, сөз жүйесін – морфология, сөйлем жүйесін – грамматика тереңдей зерттеп, бірнеше оқулыққа арқау еткен еңбектері күні бүгін маңызын жойған емес. Орынборда 1914 жылы шыққан «Тіл – құралдың» тараулары: Сөз мүшелері; Қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың харіфтері; Жазу қағидалары; Атауыш сөздер (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, шылау сөздер, үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз). Қорытуда келесі тұжырым берілген: «Сөйтіп сөздер тұлғасына қарай беске бөлінеді: түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар. Сөздер мағынасына қарай тоғыз тапқа бөлінеді: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғаулық, одағай». Бұл пән сөздері күні бүгін қазақ тіл білімінің негізгі ұстанымдары болып келеді.

А. Байтұрсынұлының араб таңбаларын қазақ тілінің фонетикасына сай қолданған жүйелі графикасы 1924 жылы ресми қабылданған. Өзге түрік халықтары өзбек, татар, т.б. оны тұңғыш үлгі ретінде қабылдады. Осы ретте Р. Сыздық сөзіне жүгінсек: «А. Байтұрсынов ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ орыс мектептерінде де қолданыла бастаған» [1, 9-б.]. Ана тілімізге лайықталып реформаланған араб таңбаларын латынша ауыстырудің тиімділігі жоқ деген А.Байтұрсынұлы бастаған алаш ғалымдары «ұлтшыл», «пантюркист», «панисламист», «кеңеске қарсы» деген айыпқа ұшырады.

А. Байтұрсынұлының негізгі тілтанулық ұстанымы «Тіл – құрал» атты еңбегінде былай деп тұжырымдалған: «Қазақ тілі түрік тілінің бір тарауы. Дүниедағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: *түбіршік тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл. Түбіршік* тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен, қытай һәм жапон тілдері. *Жалғамалы* тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен, түрік, фин тілдері. *Қопармалы* тіл сөз

түбірімен қопарылып өзгерілетін тіл, мәселен, орыс тілі, араб тілі. Біздің қазақ тілі түркі тілдің бір тарауы болғандықтан, жалғалмалы. Қазақ сөзінің түбірі өзгерілмей аяғына жалғау қосылып өзгеріледі. Жалғау екі түрлі: бірі *сөздің тұлғасын* өзгертсе де *ішкі мағынасын* өзгертпейді; екіншісі сөздің тұлғасын да, мағынасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқысы *тысқарғы, соңғысы ішкергі жалғау* деп аталады [1, 143-б.].

Ана тілінің дыбыстық жүйесінің сипаттамасын тұңғыш рет анықтаған да А. Байтұрсынұлы: «Қазақтың нағыз өз тіліндегі дыбыс 24. Бұлар 3 түрлі болғандықтан 3-ке бөлінеді. 5 дыбыс ашық айтылатын болғандықтан, *ашық дыбыс*, яки *дауысты дыбыс* деп аталады. 17 дыбыс тұйық айтылатын болғандықтан, яғни дауыстап айтуға көнбейтін болғандықтан, *тұйық дыбыс* яки *дауыссыз дыбыс* деп аталады. 2 дыбыс дауысты дыбыстардай нағыз ашық айтылмайтын болғандықтан, *орта дыбыс* яки *жарты дауысты дыбыс* деп аталады. 24 дыбысқа араб харіфтерінен үйлескендерін өзгертпей, үйлеспегендерін өзгертіп харіфтер арналды» [1]. Бұл төте жазудың негізгі қисыны: араб таңбалары қазақ тілінің айтылу заңдылығына бағындырылған.

«Сөйлем мен сөз» тарауында: «Бір сөйлемнің ішінде бірнеше сөз болады; мәселен: «аш бала тоқ баладай ойнамайды» деген сөйлемде бес сөз бар. Алайық «тоқ бала аш болам деп ойламайды» деген сөйлемде алты сөз бар». *Сөз бен буындар; буын мен дыбыс*; қазақ тіліндегі дыбыстар; олардың таңбалары. *Жарты дауысты дыбыстар*: р, л, у, й. *Қатаң дыбыстар*: б, п, т, с, ш, қ, к. *Ұяң дыбыстар*: м, н, ң. *Ымыралы дыбыстар*: з, ж. *Ымырасыз дыбыстар*: д, ғ, г. Сөз тұлғалары: Түбір сөз; Туынды сөз, Қос сөз, Қосалқы сөз, Қосымшалар. Сөз жазуының ережелері, жұрнақтар. Атауыш сөздер: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік. Шылау сөздер: үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз, тасымал. «Тіл – құралда» (1915) осы пән сөздердің әрқайсысы нақтыланып, іс жүзінде анықталған. «Тіл – құрал» (Қызылорда, 1925): Сөйлем жүйесі, Сөйлем мүшелері: *бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, нысықтауыш, бұратана сөздер: қыстырма, қаратпа*. Кітаптың «Сөйлем түрлерін айыруға керек сөйлем мысалдары» тараушасында сөйлем түрлерін айыруға керек сөйлем мысалдарындағы өлеңмен айтылған сөйлемді өлеңсіз түрге айналдыру; сөйлем түрлерін айырту, сөйлемдердің керек болған түрлерін оқушыларға тапқызу сияқты тапсырмалар берілген. Көлемді мәтінде совет кезінде айтуға тыйым салынған үзінділер берілген [1, 312-320-б.]. «Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар, құлағын біреу салмас, біреу салар» деп басталған ұзақ мәтін келесі сөздермен тәмамдалған: «Жанға көңіл қалып тұр, Жан бұл күйге салып тұр. Тәнге көңіл қалып тұр, Тән шыдамай, арып тұр... Қараңғылық бұққанда, Қызарып күн шыққанда, Күн отынан туғанмын. Жүрегімді, жанымды, Иманымды, арымды, Жалынменен жуғанмын. Жүрегім де, жаным да от, Иманым да, арым да от. Жарқырап от боп туғаннан (берік), Белімді бекем бұғаннан (бері) Қараңғылық дұшпаным. Жауыздықты жамылған, Қарынға құл боп табынған, Қорсылдаған доңыздай, Көкті көрмей, көр болған, Сүйгені сасық жер болған соқыр. Сасық қоңыздай күн батысқа жүрейін. Дұғада бол, алтын Алтай, қарт Анам! Алып Ата қуды жолын Ер балаң. Ақ шашыңды, көкірегінді иіскеуге Тәңірі жазса, сәулетпенен тез барам. Азамат, анау қазақ қаным десең, Ұжмақтың суын апар жаным десең. Болмаса, ібіліс бол да у алып бар, Токтатам, тұншықтырып зарын десең [1, 320-б.].

«Баяншыда» (1920) қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері мен дыбыспен жаттығу реті былай келтірілген: «Оқу үйренудегі басты мақсат – керек сөзді жаза білу, жазылған сөзді оқи білу. Сөз – дыбыстың мағыналы болып тізілгені. Сөз айту – дыбысты ауызбен тізу. Сөз жазу – дыбыстардың белгісін қағаз бетіне тізу. Оқуға келген балалар сөйлей білсе де, дыбыстарды тізіп сөз шығара білмейді. Себебі олар сөздің дыбыстан тізілетінін білмейді. Оқуға балалар дыбыс үйренеміз деп келмейді, оқу, жазу үйренеміз деп келеді. Бірақ дыбысты білмей, дыбыстың қалай тізілетінін білмей, оқу, жазу үйрену қиын. Сондықтан осы күнде оқуы тәртіпті жұрттар балаларға хәріп көрсетпей тұрып, әуелі дыбыспен жаттықтырады. Дыбыспен жаттықтыруға көп уақыт кетпейді, онан келетін пайда көп: дыбыстарды тізіп үйренсе, хәріптерді тізу қиын болмайды. Сөздің ішінде қанша

һәм қандай дыбыстар бар екенін айыруды білсе, хәріптерді қою қиын болмайды» [1, 330-б.]. Бұл әдіс бүгінгі мектепте қоланыла ма?

«Тіл жұмсар» (Қызылорда, 1928) атты еңбегінің дәйектемесінде: «Бұл «Тіл жұмсар» деп ат қойып отырған кітап ана тілін жоғарыда айтылған жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылған. Мұндағы білім «Тіл – құралдағы» білім, бірақ сол білімді мұнда үйрету жолы басқа. «Тіл – құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөліктерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орныныда алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөліктерін, тетіктерін балаға шағындап бөлек бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады [1, 336-б.], - делінген. Кітаптың тараушаларында нақты кәсіби аналитикалық талдау мен мысалдар келтірілген.

«Қай әдіс жақсы?» атты мақаласында (Жаңа мектеп, 1928, № 3-4). А. Байтұрсынұлы ағылшын, француз тілдерінің жазу жүйелері біздің жазу жүйемізге ұқсамайтынын айтқан. Бұлар қытай таңбалы жүйелі жазбаға жақын деп санаған. Ғалым осы ретте: «Он сөзінен бір сөзінде де болса сәйкестік бар, бізге жақын жүйелі жазу орыстікі. Онан да гөрі бізге жақын жүйелі жазу италияндікі (оның да сөзінің жазылуы мен айтылуы арасында сәйкестік көп деп айтылады). Сүйтіп, жоғарыда айтылған сөзден мынадай нәрсе байқалады: Әуелі жазу екі негізді екендігі: 1. таңбаша жүйе; 2. әріп негізді. Екінші, әріп негізді жазулардың емле жүйелері түрлі түрлі болатындығы. Үшінші, емле жүйелеріне қарай, әріп негізді жазулардың таңба негізді жазуға жақыны да, алысы да бар екендігі. Осы күнгі қолданып отырған емлелердің бәрі төрт жүйеге бөлінеді: 1. таңбаша жүйе, 2. дағдыша (тарихша), 3. туысша жүйе, 4. дыбысша жүйе. Таңбаша емле – негізді жазумен тәртіптес, негіздес емле, мәселен қытайдыкі. Дағдыша емле – баяғыдан бері жазып келе жатқан қалыпты қолданып отырған емле, мәселен, ағылшынша. Туысша емле – сөздің тек басына қарамай, басқа түбірлес, туыстас сөздердің де айтылуына қарайтын емле, мәселен, орысша. Дыбысша емле – сөз дыбыстарының естілуінше жазу жолын қолданатын емле, мәселен, италиянша, немісше, қазақша. Бұл айтылған емле жүйелерінің бәрі де әріп негізді жазулардың емле жүйелері. Бұлардың біреулері таңба жүйелі жазуға жақын болатыны көрініп тұр. Сөздің айтылуы мен жазылуының арасындағы сәйкестік күшейген сайын емле тәртібі таңба негізінен алыстай бермекші...Қытай сияқты таңба салмағанмен, «ит «деп жазып, шошқа деп оқыған сияқты «мой» деп жазып «мува» деп оқитын емле тәртібі бар. Ағылшын, американ, француз сынды жұрттарға дыбысты әдісті қолдану қолайлы ма? Олар түгілі «борода» деп жазып «барада» деп оқитын емле тәртібі бар орыс сияқты жұрттарға да дыбысты әдісті қолдану қолайсыз болатын орындары көрініп тұр. «Сақал» деп жазып, «сақал» деп оқитын, «тырма» деп жазып, «тырма» деп оқитын дыбысша емлесі бар қазақ, қырғыз сияқты жұрттарға дыбысы әдісті қолдану тиістігіне дау болмасқа керек еді, үйткені басқа дыбысша емлесі бар жұрттар дыбысты әдісті қолданып отыр. Мәселен, италиян жұрты» [1, 361-б.]. Осыншама қисынды пән сөздерін тар жол тайғақ, қуғын-сүргін заманда жүріп тауып берген ғалымның еңбектерінің ғылыми құндылығы ерекше.

А. Байтұрсынұлы айтқандай, тіл ғылымы да – өз заңдылықтары мен пән сөздеріне негізделген ғылым саласы. Тұңғыш тілтанулық парадигмаларды өзі қалыптастырған ғалымның бұл ұстанымдары совет кезінен бері күні бүгін аты аталмай қолданыста келеді.

Ұлттың «Әліпбиі – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы» деген А. Байтұрсынұлының ұстанымы қазіргі шетелдік лингвистерді қайран қалдырған теңеу екенін де біле жүрейік.

Қазақ әліппесін Ар сөзімен ашқан А. Байтұрсынұлының осыншама ғибратты ғылыми негізді теориялық тілтанулық зерттеулері бүгінгі жалпы түркология мен қазақ тіл білімі ғылымының да басты ұстанымдары болып қала бермек.

Ғалымның «Қазақтың бас ақыны» (1913) атты зерттеуі мен қазақ тіліндегі тұңғыш әдебиет теориясы – «Әдебиет танытқыш» (1926) қазіргі әдебиеттанудың кәсіби тұғырнамасы болып табылады. Совет кезінде авторымен бірге репрессияға ұшыраған бұл іргелі зерттеулер тек 1989 ғылыми айналымға қайта оралды. Советтік кезде тек соцреалистік таптық

шеңберде дамыған қазақ әдебиеттануы А. Байтұрсынұлы қалыптастырып берген пән сөздерін қолданып келгенімен, зерттеулеріндегі әдебиет теориясын пайдалана алмады.

«Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламаларын ойлап тапқан да – Ахаң: көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу ... – осылардың бәрінің түп-тамыры Ахаңда жатыр. Мұхтар Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілі» дейтін әлдінің әдебиет аясындағы бір нақты да затты көрінісі – осы». «Әдебиет танытқыштың» ең басты бағалылығы осылайша әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы», - дейді академик З. Қабдолов [2, 72-б.].

1926 жылы жарияланған «Әдебиет танытқыш» қазақ әдебиеттануы, оның ішінде әдебиет теориясы саласында қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш ғылыми зерттеу екені даусыз. «Әдебиет танытқыш» деп атаудың өзінде үлкен мағына бар. Әдебиет – сөз өнері болса, оны жалпы халыққа түсіндіріп, кәсіби тұрғыда таныту басты мақсат екенін А. Байтұрсынұлы осылай айқындап берді.

Әдебиет теориясы бізде қашаннан бар? Осы орайда академик З. Қабдолов былай деген: *«Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дене бола ма? Қайтейік, болады деп келдік... Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында Арнау деген бір-ақ түр; шауып шықса, бұған Шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлап арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндей құлпыртып әкетеді. Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекеңе сілтеме жасауға мәжбүр болдық» [2, 72-б.].*

Қазақ өлең құрылысының теоретигі академик З. Ахметов «Әдебиет танытқыштың» құндылығын былай деп анықтады: *«Әдебиет танытқышта», негізінен поэтика, стилистика, өлең құрылысына қатысты мәселелер көбірек сөз болады. Автор үлкен тілші-ғалым болғандықтан, оның қазақ поэзиясының ерекшеліктерін осы мәселелерге байланысты тексеріп талдайтыны түсінікті. Автор поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп, теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау, қайталақтау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін, «оралым», «қайшы оралым» деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Қазақ өлеңінің ырғақтық құрылыс-жүйесін айқындай, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптас-тырды [3, 64-б.].*

Академиктер Ш. Сәтбаева мен Р. Нұрғали «Әдебиет танытқыш»– әдебиет теориясы деп айтқан еді. XX ғасырдың басындатілтану ғылымының негізі мен пән сөздерін қалыптастырып берген – А. Байтұрсынұлы екенін академик Рабиға Сыздықова сонау 1977 жылы жария етіп, ақталғаннан кейін өз зерттеулерінде ұлт ұстазы ретінде дәлелдеп берді [4].

Әдебиет танытқышты меңгерген М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайыловтар бұл іргелі зерттеудің басты теориясын совет кезіндегі зерттеулерінде ұстанды. Қазақ өлең құрылысы, қазақ әдебиеттануы мен әдебиет теориясының басты терминдерін Ақымет Байтұрсынұлы қалыптастырып бергені осылай реттелді.

«Әдебиет танытқышта» асыл сөздің тектері мен түрлері «адамның жан қоштау керегінен шыққан» нәрселерге жатқызылады. Асыл сөз адамның жан сақтау емес, жан қоштау керегіне, қажетіне бағытталған: «Нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Қазақша – асыл сөз, арабша – әдебиет, еуропаша – литература»... Әдебиеттің басқа ғылымдардан айырмашылығы туралы былай делінген: «Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын,

қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [1, 151-б.].

«Әдебиет танытқышта» белгілі әдебиет терминдерінің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі нақты дәлдікпен қолданысқа енгізілген. Бұл зерттеуде әр «пән сөзі» (А. Байтұрсынұлы) – категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде теориялық тұрғыда айқындалған. Мысалы: «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы» [5, 64-б.]. Демек әр пән сөзі мен теориялық тұжырымның ішкі заңдылықтары мен мақсаттыры анықталып, парадигма ретінде анықталған.

А. Байтұрсынұлы «Қарасөз бен дарынды сөз жүйесі» атты тарауда қарасөз бен көркемсөздің ара-жігі анықталған. Сөйлеу түрлерін әдебиетші былай деп бөлген: «Жалаң лебізбен айтылған сөзді ғана сөйлеу дейміз де, көрнекі лебізбен айтылған сөзді жырлау, толғау дейміз... Жалаң лебізді сөздерді қара сөз деп, көрнекі лебізді сөздерді дарынды сөз деп атау қолайлырақ [5, 241-б.]. Осы тұста әдебиетші бүгінгі әдебиеттанудағы «сөйлеу жанрлары» түрлерін былайша айқындап береді: «Асылына қарағанда, «қара сөз» деген мен «сөйлеу» деген екеуінің мағынасы бір болып, «дарынды сөз» деген мен «жырлау», «толғау» дегеннің мағынасы бір болып, бірінің орнына бірі айтыла береді. Қарасөзді шығармалардың да, дарынды сөзді шығармалардың да түрлерінің өлеңдісі, өлеңсізі болады» [5, 241-б.].

А. Байтұрсынұлы асыл сөз несімен өзіне назар аударады дегенге былай дейді: «Сөздің асыл болуы – ұнауымен. Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігі әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады» [5, 241-б.]. Осы екі түрлі сөз жүйесінің айырмашылығы туралы: «Сөзді жалаң түрінде айтқанда, күш көбінесі зейін жағына салынып, пайым терең, мағына күшті, пікір дәлелді болып, айтылған сөз адамның ақылына қонуы көбірек көзделеді. Сөзді көркем түрінде айтқанда, күш көбінесе қиял мен қиыс (түйіс) жағына салынып, сүгіреті толық, меңзеуі мерген, қисыны қызық болып сөз әсерінің күшімен көңілге ұнауы көбірек көзделеді». Себебі, «Сөз ақылға қонады шындығымен, көңілге ұнайды өңі үйлестігімен, өң үйлесуін жарастық, келістік дейміз. Келістік – көрік негізі» [5, 241-б.]. А. Байтұрсынұлы осы ретте ойлаудың екі түрін ажыратып берген: «адам ойлағанда нәрсеге тиісінше ойлайды, иә көңілінің түйісінше ойлайды... Бір нәрсе туралы сөйлегенде, иә тиіс жағынан, иә түйіс жағынан алып сөйлейміз. Мәселен, кісі жайынан сөйлегенде, иә тиіс жағынан алып, түсін, тұрпатын, мінезін, құлқын, туысын, тұрмысын, ісін айтамыз, иә түйіс жағынан алып, сүйетін, сүймейтінімізді, сыйлайтын, сыйламайтынымызды айтамыз. Сол секілді, әннің дауысы тиіс жағы болады. Әннің бізге әсері түйіс жағы болады. Нәрсенің тиіс жағы өзінде бар шын жағы; нәрсенің түйіс жағы өзінде жоқ, жабатын жала. Қоятын кінә, жағатын опа, адам апарып жапсаратын нәрсе» [5, 243-б.].

А. Байтұрсынұлының келесі тұжырымдары да бүгінгі әдебиеттануға қажетті болып табылады: «Жалаң сөз нәрсені тиіс жағынан алып, пайым бойынша сөйлейтін шындық сөзі, шын әңгіме болады. Көркем сөз нәрсені түйіс жағынан алып, қиял бойынша сөйлейтін, шын емес, шығарғы әңгіме болады. Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі. Жалаң сөз зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сөз қиял байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әлпіне түсіріп айтады» [5, 243-б.]. Көркем сөздің негізгі ерекшелігі осылай анықталған.

Көркемсөз несімен көркем? Оның басқадан ерекшелігі неде? Оған былай делінген: «Көркем сөз – айтқанын ақыл табуына дәлелдеп, мәністеп, қақиқат түрінде айтады. Көркем сөз – айтқанын қиял меңзеуіне бейнелеп, әліптеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады. Көркем сөз болуға ықтимал деген нәрселерді де алып сөз қылады; қатты қисынын келтіріп, болмаған нәрсені болғанға, жоқ нәрсені барға ұйғарып сөз қылады. Қисынын келтіріп, қиялдан туғызып әдемі әңгіме шығару ақындық дарыған адамның ғана қолынан келеді. Жалаң сөзді

қара сөз делініп, көркем сөздің дарынды сөз деп аталу мәнісі осыдан» [5, 244-б.]. Бұл ойды А. Байтұрсынұлы нақтылай түседі: «Қарасөз – жаратынды, тиіс ғалам турасындағы әңгімеде, дарынды сөз ұйғарынды түйіс ғалам турасындағы әңгіме».

«Тиіс ғалам турасында сөйлегенде, жай күйінде жабайы тілмен тиісін айтамыз. Түйіс ғалам турасында сөйлегенде, көңіл түйінше өң беріп, дем беріп, көрнекі тілмен айтамыз. Бірақ тиіс ғалам турасында сөйлегенде де айқындық үшін ажарлау керек болса, жалаң лебіз орнына көрнекі лебіз жұмсалады». Ең басты айырмашылық былай деп берілген: «Дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, қара сөзден адам тек ұғым алады» [5, 244-б.]. Бұл басқа әдебиеттерге де ортақ екені туралы: «Арабша қара сөзді шығарманы насыр деп, дарынды сөзді шығарманы назым деп айтады ... қазақша айтқанда, қара сөз, дарынды сөз деп жүгінеміз» [5, 244-б.].

Қарасөзден адам тек ұғым алады екен. Осы тұста бұл ұғым түрлері аталған: 1) *Ес* ұғымы яғни еске керек ұғым. 2) *Іс* ұғымы яғни іске керек ұғым» [5, 244-б.]. Осы ретте А. Байтұрсынұлы М. Бахтиннің «Эстетика словесного творчества» (1975) еңбегінің басты қағидаларын сонау XX ғасыр басында қазақша былай айқындап бергені таңғалдыра түседі. «Қарасөз нәрсені тиісті жағынан сөйлейді» дегенге келесі ой жалғасқан: «Нәрсе турасында тиісінше сөйлеу үшін тиісінше ойлау керек. Тиісінше ойлағанда ойымыз ұғым түрлеріне қарай бірнеше тарапқа бөлінеді: 1) ғалам тарапына; 2) Құдай тарапына; 3) ғылым тарапына; 4) әлеумет тарапына; 5) үгіт-тәрбие тарапына; 6) сын тарапына» [5, 245-б.]. Аталған ұғым түрлеріне келес анықтама берілген. 1. «Адам зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын бар яки бар деп ұйғарып нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір қарарға келгенде, адамға бір үлкен ұғым пайда болады. Сол ұғым жүйесі даналық деп аталады... Даналықтың ес ұғымына тиісті жағы – сап даналық болады да, іс ұғымына тиісті жағы – салт даналық деп бөлінген. Сап даналық жолының өзі екі айырық болады: бірі ғаламның адам арқылы жетерлік те, жетпестік те жағын зейінге салады. Алдыңғы табансыз даналық, соңғысы және табанды даналық», – делінген [5, 245-б.].

«Дін» туралы ұғым «ғақайд» – екіжақты делінген: 2. «бірі – діннің негізгі турасындағы ес ұғым», «біреуі – дінге керек іс ұғым» [5, 256-б.]. 3. «Ғылым» деген ұғым жүйесінің түрлері салаларына байланысты. 4. «Зейін әлеумет мәселесіне жұмсалып, әлеумет ісіне жол сілтегенде, көсемдік ұғым жүйесі пайда болады». 5. «Зейін табылған білімді басқаларға үйрету жолында жұмсағанда, үгіт-тәрбие ұғым жүйесі пайда болады». 6. «Зейін басқаның ісін таразыға тартып, ұнамды, ұнамсызын тексергенде, сын ұғымының жүйесі пайда болады». Осы тұста қара сөз түсінігі нақтыланған: «Қара сөз деп осы ұғым жүйелерінен сөйлейтін әңгімелерді айтамыз... Қара сөздің табынан түрін айыру керек. Тап жағынан бірге сөз түр жағынан бөлек кетуі ықтимал. Көптен бері көп жұртта қалыптанған түрлерін алғанда, қарасөз: 1) әуезе, 2) әліптеме, 3) байымдама болып үш салаға бөлінеді» [5, 257-б.]. М.М. Бахтин бұларды речевые жанры – сөйлеу, баяндау түрлері деп берген [6].

А. Байтұрсынұлы нақтылап берген: «Әуезе – болған уақиғадан бастан-аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағлұмат беру». «Әуезе көбінесе үш тақтаға бөлінеді: 1) мәлімдеу, 2) мазмұндау, 3) қорыту» [5, 258-б.]. Әуезе түрлері: шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме, тарих, тарихи әңгіме. Әліптеме: «Бір нәрсенің тұрпатын реттеп айтып, әлібін суреттеп шығару. Дүниедегі түрлі нәрселердің, түрлі адамдардың түрлі күйлердің бәрін де әліптеуге болады». Әліптеу түрлері: 1) пәнді әліптеу; 2) сәнді әліптеу; 3) жол әліптемесі [5, 262-264-б.]. Байымдама, зейіндеме: «Көсе сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма байымдама деп аталады» [5, 264-б.]. Байымдама түрлері: 1) пән (ғылым); 2) сын; 3) шешен сөз; 4) көсем сөз.

Қарасөз бен дарынды (көркем) сөздің айырмашылығын Ақымет Байтұрсынұлы нақтылап көрсетеді: «Қара сөз әдебиетте пікір, сүлде түрінде айтылады. Дарынды сөзде пікір сурет түрінде шығады. Яғни сүлде үстіне өң, ажар, жан, мінез, қылық беріліп,

тұрпат, тұлға, түс бітіп, тірі нәрсе болып шығады. Сондықтан да дарынды сөз көркем сөз деп аталып, қара сөздер жалаң сөздер деп айтылады» [5, 258-б.]. Ғалым мұнымен шектелмейді. Осы екі түрлі сөзді қалай тануға, олардың дұрыстығын қалай айқындауға болады? деген сауалдарға жауап береді: «Қара сөздің сынында пікір дұрыстығы, істің растық жағы тексерілсе, көркем сөздің сынында пікір дұрыстығының үстіне пікірге берілген сурет, сұлулық жағы да тексеріледі. Көркем сөзді әрі сүлде, әрі сурет – екі жағынан да тексеруге тиіс болғандықтан, оның сынында мынандай сұраулар боларға керек» [5, 269-б.].

Ақымет Байтұрсынұлы ғылыми түсініктің негізін жалғастырып, нақтылай түседі. Демек, қарасөз «шығарманың сүлде жағының сыны» болса, көркем сөзге басқа міндеттер жүктеледі: 1. «Тұрмыстың қай жағын алып сөз қылған? «Мазмұны дұрыс па? Яғни өмірде ондай қалып ұшырай ма?.. Адам баласының бәрінде боларлық қалып па, белгілі бір табында ғана боларлық қалып па? Мұрат қалып па? Кейін қалып па? Бұл – шығарманың сүлде жағының сыны. Сурет жағының сынында сұраулар мынау түрде болмақ: 2. Көркем сөз табына шын қосыларлық сөз бе? Қиял жасаған тұрпаттар, ойдан үйлестірілген оқиғалар пікір санасына тура келіп, дұрыс суреттеп, өңдендіріп көрсете ала ма? Тілі өрнекті ме? Әуезді ме? Лұғаты таза ма? Анық па? Қысқасы, ойды өрнектеп, көрнектеп, суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма? Ақылдың аңдағанын, қиялдың меңзегенін, көңілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алған ба?» [5, 269-б.]. Әдебиет теориясындағы *дискурстық стиль, әдеби тіл, талдау, көркемдік, сюжет, мазмұн мен мағына, эстетика мен этикалық контент* категорияларын Ақымет Байтұрсынұлы осылай анықтап тастаған. «Көркемдік түсінігінің, көркем шығарманың белгілері қандай?» деген сауалға Ақымет Байтұрсынұлы екі түрлі талап қою керек екенін атап айтқан.

Әдеби сынға қатысты пікірі күні бүгін нақтылығымен құнды. Сынның негізгі шарттары келесіндей айқындалған: «Көркем сөзде екі тысқы, екі ішкі сын болады. Тысқы сындар: 1) Тілдің лұғатының сыны яғни тілдің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны». Яғни шығарма тілінің *стилистикалық ерекшеліктері, бүгінгі лингвистикалық талдауға сай тысқарғы жағын бөліп айтады. Ғалым бұдан ішкі сындарды бөліп алады демек, бұл әдебиеттану, әдебиет теориясының еншісі, теориялық талдаудың объектісін нақтылайды: 2) «Суретінің сыны: яғни кестесін келтіріп, ұнасымды түрде үйлестіріп, суреттеуінің сыны. Ішкі сындар: 1) Алынған мінез, айтылған қылық, көрсетілген қалып, жан жүйесінің жәнімен қарағанда, дұрыс бүгін шығу, шықпауының сыны. 2) Өмір жүзінде айтылған нәрсенің болатындығының себебін дұрыс көрсеткен-көрсетпегенінің, адам қауымындағы қалып түзелу жағына эсер етерлік (пайда-зиян келтірерлік) қуаты бар-жоғының сыны. Көркем сөзді сынағанда, әдебиет түрінің осы төртеуі түгел жұмсалады» [5, 269-б.].* Біз қазір мәтіннің мазмұнымен ғана шектеліп келеміз.

А. Байтұрсынұлы теориялық талдаудың, әдебиеттің, көркем сөздің басты ғылыми сараптамалық мақсатын аналитикалық талдау арқылы тұжырымдайды. Қазіргі әдебиеттанудағы антропологиялық адамдық кодтың аксиологиялық ұстанымын Ақымет Байтұрсынұлы осылай басты еткен. Демек, тек маңызды, ұлағатты көркем сөз мәтіні ғана сынға түсуі абзал, тысқы және ішкі сынға түсуіне лайықты көрнекті түрі мен ұлағатты мазмұн болуы шарт. Бүгінгі әдебиет теориясындағы «мазмұнды түр» – «содержательная форма» деген категорияның мазмұнын Ақымет Байтұрсынұлы осылай қазақша түсіндірген.

Қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін, түсініктерін А. Байтұрсынұлы сонау 1920-жылдары осылай айқындаған. Бұл – өз алдына мойындалған ғылыми факт, бірақ басты ой «Әдебиет танытқышта» ұсынылған жаңа заманауи кәсіби концепцияда.

Бұл – бүгінде қажетті тұғырлы классикалық эстетикалық ұстаным. Ресей, Еуропа, Америка әдебиеттануында бар теориялық тұжырымдар мен қағидалардың сонау ХХ ғасырдың басында қазақ топырағында баяғыда қалыптасқанын біз тек 1989 жылы «Әдебиет танытқыштан» білдік.

А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыштағы» басты теориялық ұстанымдары:

1. Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөніндегі тұжырым: ұлттық әдебиет ұлт мұқтажы, ұлт тарихы мен ұлттық этикалық құндылықтарды ұстанатын контексте дамуымен құнды. Әлбетте, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде. Сондықтан «сөз өнері» деген термин халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шығарылғаны айтылады. Әдебиеттің ауызша не ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару соцреализмнің ойлап шығарғаны болып шықты: бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету қажет болды. Осы ретте «Әдебиет танытқышта» былай делінген: «Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалайда асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі» [5, 289-б.].

2. «Әдебиет танытқыш» әдебиетті өз категориялары арқылы түсіндіруге шақырады, яғни «пән сөздері» (А. Байтұрсынұлы) – басты кәсіби қажеттілік. Сонда ғана зерттеу мағыналы болып, көпсөзділіктен сақтайды.

3. Әдебиеттанушы көркемдік әлемінің құдіреті автордың ішкі рухани тәуелсіздігімен тікелей байланысты екенін айтып, осы ретте Абай, Мағжан мәтіндерінің аналитикалық талдауын үлгілі классикалық етіп келтірген.

4. «Жазу әдебиеті» тарауында А. Байтұрсынұлы біз бүгінге дейін түрлі айтып келген қағиданы дәлелдеп береді: «Қазаққа жазу дінмен бірге келген... Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен» [5, 346-б.].

Ғалым жазба әдебиетті екі дәуірге бөледі: 1) діндар дәуір; 2) ділмар дәуір. *Діндар* – «діншіл» деген мағынада, *ділмар* – «тілшең» деген мағынадағы сөздер» [5, 318-б.]. «Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып» соған еліктегеннен пайда болса, «ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соған еліктеуден пайда болып отыр» [5, 318-б.].

Бұл құбылыс тек қазақ емес, «барша жұрттың басында болған іс».

5. А. Байтұрсынұлы жазу әдебиеттің үш түрлі баяндау дискурсын анықтап берген: 1) *ертек* (әңгіме); 2) *толғау*; 3) *айтыс-тартыс*: «Жазу әдебиетінің ертектен түріне кіретін сөздері – ауыз ертектен, ертектен жыр, тарихи жыр, мысалдар сияқты сөздер. Толғау табына кіретін ауыз толғау, жоқтау сияқты көңіл күйінен шығатын сөздер. Айтыс-тартыс табына кіретін сөздер түрі ауыз әдебиетте жоқ. Ашып айтқанда, ауыз әдебиетте айтыс-тартыс түріндегі сөздердің ауыз әдебиетте айтысы бар да, тартысы жоқ.» [5, 307-б.].

6. Діндар дәуір әдебиеті несімен ерекшеленеді? Ол туралы былай делінген: «Діндар дәуір ауыз әдебиеті түріне түр қосып жарытқан жоқ. Анайы әдебиеттегі шығармалардың түрлерінен діншілдігімен ғана айырылмаса, айрықша түр-түрпатымен айырыла қоймайды. Діндар жағының басымдығымен айырылатын түрлері мынау: *қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінәжат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме*» [5, 319-б.]. Әдебиетші аталған жанрлардың сыр-сипатын анықтап берген. Әдебиет танытқыштағы біз ұмытқан діндар дәуір жанрларының атаулары: *мінәжат, намыс толғау* деген түсініктердің өзі ой салады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» (XIV-XVI ғ.) еңбегі «Хақ жолындағылар тарихы» деп аталса, оның басы мен соңы «Алла Тағалаға мінәжат айтумен» аяқталады. Совет кезінде тыйым салынған бұл мінәжат жанры туралы мәлімет тек А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» ғана кездеседі. Бұлар бізге бүгін қажетті әдеби талдаулардың үлгісі емес пе?

7. Әдебиет танытқыш әлемдік әдебиет контексінде жазылған. «Біздің қазақ Еуропа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақ айтыс өлеңдері алаңға түсе-түсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды» [5, 276-б.].

Қазіргі әдебиеттанудағы «синкретизм», «типология», «әдебиеттердің қарым-қатынасы», «ортақ сюжеттер» деген мәселелер туралы А. Байтұрсынұлы былай дейді: «Жер жүзіндегі жұрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді.

Ондай ұқсас болатын себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көргені, өнегесі, үлгісі бір болған» [5, 276-б.].

8. А. Байтұрсынұлы пайымдауынша, көркемдік заңдылығы мен оның шарттары анық және ол барлық тілдегі әдебиеттерге ортақ. Демек, «*адамның жан қоштау керегінен шыққан әдебиет – «асыл сөз»*. Сондықтан «*Сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынай біледі*» [5, 337-б.]. Өйткені «*Жүйрік аттың белгілі сипаттары сияқты асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады*» [5, 337-б.]. «*...Ақын адам сөздің асыл болатын сипаттарын білсе, сөзін таза, мінсіз шығарады. Асыл сөздің сипаттарын білу тыңдаушыға да қажет. Абайдан кейін сөзге талғау кіреді. Айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды. Олай болғаны – Абай асыл сөздің айқындап нұсқаларын көрсеткеннің үстіне, аз да болса асыл сөз сипаттарын айтыпта жұртты хабардар қылды... Жақсы сөздің сипаттарын білген адам сынай білмекші; сынай білуден сөз талғауы күшеймекші. Солай болған соң асыл сөздің басты-басты сипаттарын білу сөйлеу жүйесінің ең керек бөлімінің бірі болады*» [5, 338-б.]. Әдеби дискурс, даралық стиль, көркемдік шеберлік категорияларын ғалым осылай танытады.

9. Қазіргі постмодернистік теориялар бастау алған әлемдік деңгейде мойындалған Ресей теоретигі М.М. Бахтиннің «*роман теориясы*» бойынша дүниежүзілік әдебиетте роман – ең соңғы жанр, сондықтан ол сол тілдегі әдебиеттің жазу жүйесінің қорытылған нәтижесі ретіндегі ең соңғы әдеби жанр. Яғни роман өзіне дейінгі болған басты, керекті сөйлеу түрлерін синтездеп жаңғыртып отыру қабілетіне ие. Демек, роман осындай жан-жақты баяндау, сөйлеу, жазу тәсілдерін, жазба естелігін, жадын (память жанра) меңгеріп, өзінің оларды жаңа контексте қайта жаңғыртып оята білу мүмкіндігіне орай басқа прозалық түрлерге әсер ете алатын жазба әдебиеттің ең соңғы финалдық жанры [6].

М.М. Бахтиннің осы «романизация стилия» деген тұжырымымен біз 1980 жылдары танысып, таңғалып жүрсек, А. Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау 1920-жылдары қазақша, төтесінен айқындап беріпті. А. Байтұрсынұлы қазақ прозасының өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты бұл құбылысты сол кезде былайша пайымдайды: «*Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар: ұлы әңгіме сөзі алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұзақ әңгіме жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұсақ әңгіме мүше алып, оралып келе қоятын аттарша бастайды*». Яғни басты мәселе «*айтылу аудандарында*» ғана екен [5, 343-б.].

А. Байтұрсынұлы осы ретте романға тән нақты теориялық дискурстық айқындау береді: «*Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек. Ұлы әңгіменің өресі қысқа, өрісі тарлау түрі ұзақ әңгіме деп аталады. Онан да шағындау түрі ұсақ әңгіме деп аталады*» [5, 343-б.]. Романның көтеретін жүгін әңгімеге де артуға болады екен. М.М. Бахтиннің «*Романдық стиль повесть, әңгіме мен басқа жанрларға да үстемдік етеді*» деген әйгілі қағидасын А. Байтұрсынұлы 1926 жылы Ресей ғалымынан қырық жыл бұрын айтып, осылай дәлелдеген.

Роман стилінде қорытылып, жүйеленетін ұлттық тілде сөйлеу, баяндау жүйесінің жанрлық дискурстық түрлері теориясын – Бахтиннің («речевые жанры») қағидасын А. Байтұрсынұлы қазақ сөз өнеріне қатысты жоғарыда көрсеткеніміздей анықтап беріп, көркем прозаға қатысты былай деп тұжырымдаған: «*Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие болғандықтан, тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірілі-уақты істері болатындықтан, ол істер біріне-бірі ұласып, бір-біріне оралып, байланысып, шиеленісіп жатқандықтан, осының бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уақиғаларды жақсы қиыстырып, сыйыстырып шығару көп жазушылардың қолынан келе бермейді... Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек*».

10. Романдық дискурсты жүйелей келе А. Байтұрсынұлы оны айтылу түріне қарай: әуезе, толғау, айтыс деп жіктейді. Осыған орай бұл дискурстық ұстаным да нақтыланған: «Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады» [5, 273-б.]. «Әуезе – тысқы ғалам турасындағы сөз...». «Толғанғанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін – мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды; екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды» [5, 273-274-б.].

Көркем мәтінді аналитикалық тұрғыда осылай танып, оны осы кәсіби тұрғыда талдай алу үшін әрине кәсібилік қажет. Толғанып не әуезелеп жазудың дискурстық ерекшелігі былайша айқындалған: «толғау – ішкергі ғаламның күйі. Толғау – іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілін, күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда» [5, 274-б.]. «Әуезе – тысқарғы ғаламның жыры, толғау – ішкергі ғаламның күйі». Бірақ «Сөйлеу жүйесінің мақсаты сөйлеу жүйелерін меңгеріп, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету», – деп түйіндейді А. Байтұрсынұлы. Сондықтан «Әдебиет сөзін тәртіптеп, тапқа бөлу керек. Жұртынан шыққан ауыз сөзді де айтылу түріне қарай негізгі 3 тапқа бөлген: 1) әуезе; 2) толғау; 3) айтыс [5, 260-б.].

Көркем мәтінді талдағанда, оның ішіндегі осы көркемдікті тудыруға тікелей атсалысатын қатысушыларды да А. Байтұрсынұлы анықтап берген. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде жақсы өлеңнің сипаттары да, қазақ ақындары мен тыңдаушыларының, оқырманның «асыл сөзді танымайтын надандықтары» да айтылып, құнды мағлұмат берілген [5, 151-б.].

11. «Әдебиет танытқышта» адамдық пен әдебиетті мәңгілік контексте танытуға бейімделген жалпыадамзаттық этикалық дискурс басым. Аналитикалық талдаулар, жүйелеу тәсілдері осы кәсіби мақсатқа қызмет атқаруға бағындырылған. Ғалымның тек «пән сөзінде» сөйлеуі мен әдебиет теориясының негізін қалыптастырған терминдерінің өміршеңдігінің сыры да осы заманауи классикалық ұстаным тұғырында. Бұл ұстаным М.М. Бахтин зерттеулеріне де тән.

А. Байтұрсынұлы осыдан жүз жыл бұрын әдебиет теориясының «пән сөздері» (термин) мен талдау жүйесін қазақша сөйлетіп, ғылыми тілдің деңгейін сол кезде-ақ көтеріп тастағаны айқын.

Пән сөздері, сөз өнері, асыл сөз ұғымдарын қалыптастырып берген ғалым басты тұжырымды былайша анықтаған: «Сөз өнері адамның жан қоштау керегінен шыққан». Сондықтан: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттен ойлау; көңілісі – түйю, талғау». Асыл сөздің көркемдік, дискурстық танымы келесіндей ұйғарылған: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау» [5, 154-б.].

Қазіргі әлемдік деңгейдегі заманауи әдебиет теориясын ана тілімізде осылай танытып берген Ақымет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» ғалымның шын мағынадағы ұлт ұстазы бола білгенінің тағы бір дәлелі болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992. 438 б.
2. Қабдолов З. Аханның әдеби қисындары // Көзқарас. – Алматы: «Рауан», 1996.
3. Ахметов З. Бүкіл қазақ «Ахаң» деген // Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы, 2001.
4. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. - 480 б. - 119-125; 138-143-б.

5. Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел шежіре», 2013. - 1 том. - 384 б.

6. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М., 1986. – 357с.; Бахтин М.М. Вопросы литературы и эстетики. – М., 1975. - 369 с.

Қойшыбаев Б.

жазушы, тарих ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – АЗАТТЫҚ КҮРЕСКЕРІ

Ұлы Ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы тек ғылыми шығармашылықпен, ағартушылықпен шектелмей, отарлық қамытта тұншыққан халқының елдігін жаңғырту жолына да көп күш-жігерін жұмсады.

Ол бүгінде өзіміз Алаш деп атап жүрген қазақ ұлт-азаттық қозғалысының бағдарламасы іспетті құжатты – атақты Қоянды петициясын жазды. Қозғалыс мүддесі үшін терең де жан-жақты жұмыс жүргізген, халықтың «көзі, құлағы, тілі» бола білген «Қазақ» газетін шығарды.

Монархия құлаған жылғы алғашқы қазақ съезінің жұмысын басқарды. Екінші Жалпықазақ съезінде Алаш автономиясының құрылуына атсалысты. Оқу комиссиясының төрағалығына сайланды.

Азамат соғысының шырғалаңдары кезінде басқаруды оңтайландыру мақсатымен екі бөлім құрылғанда, Алаш-Орданың Шығыс бөліміне қарасты Торғай бөлімшесінде істеді.

Алаш-Орда атынан совет үкіметімен келіссөзге барды. Нәтижесінде ол Ресей Федерациясының Халкомкеңесі құрған Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери-революциялық комитеттің құрамына енгізілді.

Қазревком құрамында өлкенің советтік автономиясын дайындау ісіне белсене кірісті. Қазаққа азаттық әпереді дегенмен сеніммен большевиктер партиясы қатарына кірді. Бүкілресей Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне сайланды.

Бірақ жақынырақ білген сайын совет өкіметінің қазақ ішіндегі іс-әрекетіне, Қазақ өлкесін басқаруды ниет еткен революциялық комитеттің жұмысына көңілі толмайды. Жариялы ұран мен нақты практика арасында жер мен көктей айырмашылық бар екенін көреді. Содан 1920 жылғы 17 мамырда Мәскеуде пролетариат көсемі, предсовнарком Владимир Ильич Ленинге арнайы хат береді.

Бұл қазақ тіршілігіне күштеп таңылған советтік биліктің неоимпериялық сипатын әшкерелеп, оны түзетудің жолын нұсқаған, содан бері 100 жыл өтсе де қорытқан ойлары өзектілігін жоймаған, тіпті бүгінгі саяси элитаның да мұқият оқып, зерделеп, басшылыққа алуына тұратын өте кемел еңбек еді.

Мұнда Ахаң Қазревкомның он айдан бері «ештеңе тындырмағанын» айтады, нәтижесіздіктің негізгі екі себебін атайды. Бірінші себеп ретінде – Қазақ өлкесін басқаруға қойылған Орталық өкілінде де, Орталықтың өзінде де қазақ мәселесі жөнінде айқын көзқарас, өлкенің әлеуметтік жағдайының ерекшеліктерін елеп-ескеретін бағыт-бағдар жоқтығын айтады. Екіншісі себеп – Орталық өкілі мен халық арасында өзара сенімнің жоқтығы дейді.

Сосын Ресей патшалығы негізгі халқының қолымен «қазақтарды ғасырлар бойы тонап, езгіге салып келгенін» Лениннің есіне салып, енді осы негізгі халықтың пролетариаты өзін «кешегі қаналған халықтардың мойнына мініп, құлдыққа салғысы келетін жаңа мырзалар емес, қайта, оларды азат етуші екенін» іспен дәлелдеп, көрсетуге тиіс дейді. Алайда «жергілікті коммунист жолдастар қазақтарды ешнәрсе түсінбейді деп ойлайды, китұрқы, айлалы саясатқа салып, еңбекші қазақ халқына олардың тұрмысын советтік негізде құруға туысқандық көмек берудің орнына, әртүрлі қулықтар арқылы өздерінің үстемдіктерін көрсетіп отыр» деп, қолданыстағы іс-дағдыны әшкерелейді.

Осындай кейіптегі бүгінгі орыстар «өздерін интернационалист-коммунист» деп әспеттегенмен, ғасырлар бойы патша үкіметінің айлалы саясатын бастан кешіп келе жатқан өзге текті ұлттар сеніміне кіре алмайды деп мәлімдейді. Айла-шарғылы саясатпен көмкерілген алдамшы үміт ұзаққа апармайды, патша өкіметі кезіндегідей қанауға, озбырлыққа деген іштей өшпенділік пен жиіркенішке тұнған қазақтардың наразылығын арттыра түседі дейді.

Мұндайды болдырмау үшін совет өкіметіне екі жолдың бірін таңдауы керек, бірі – «барлық жерде патша губернаторлары мен генерал-губернаторларының орнына жаңа диктаторлар тағайындау», екіншісі – «қазақтың еңбекші халқының сеніміне ие болу». Бірінші жолды таңдаған жағдайда советтік құрылыстың сәтсіздікке ұшырауы мүмкін, ал екіншісін таңдаса – жаңа құрылыстың іргетасы берік негізге қаланатын болады деп, оны Ленинге былай түсіндіреді: «қазақтардың арасында халқы толық сенетін және жазатайым жаңылса да, өз халқын ешқашан да жеке басының игіліктері мен пайдасын көздеп саналы түрде сатып кетпейтін зиялылардың белгілі бір бөлігі бар. Қазақтардың сеніміне ие болғысы келетін орыс пролетариаты үшін ең төте жол осы зиялылар арқылы өтеді. Бірақ бұл үшін осы зиялыларға Совет өкіметі сенім көрсетуі керек».

Алайда Ахмет Байтұрсынұлы мұны қиын екенін айтады. Өйткені шет аймақтарда «судай таза интернационалистер» жоқтың қасында дейді. «Өздерін интернационалистерміз деп атаушылардың көбі шын мәнінде националистер, империалистер» дейді. Бұған Ахаң шүбәланбайды.

Лениннің есіне большевиктер тарапынан әбден мойындалған белгілі жәйтті салады: күні кешегі патшалықта орыстар бұратаналарға ойына келгенін істегенін, ал бұратаналарда ешқандай құқ болмағанын, қылмыс жасады деп айыпталған бұратаналарды патша әкімшілігінің дәлелсіз-ақ қатаң жазалай бергенін бүгінгі коммунистік билік даусыз факт деп мойындайды. Ендеше ғасырлар бойы орыс халқының осы рухта, яғни бұратаналарға шексіз үстемдік ету рухында тәрбиеленіп келе жатқаны да даусыз факт ретінде мойындалуы тиіс деп есептейді Ахаң, Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери ревком мүшесі, Ресей большевиктер компартиясының мүшесі коммунист Ахмет Байтұрсынұлы.

Ресейде коммунист көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, ал шет аймақтарда мүлдем жоқтың қасы деп біледі ол. Мұны да Халкомкеңес төрағасы Ленин жолдастың жадынан шығармағаны дұрыс деген ойдағы Байтұрсынұлы: сондықтан да «коммунист емес, бірақ адал ұлтшыл, зиялы қазақтарға Совет өкіметі толық сенуі тиіс, - деген пікірде, – өйткені олар халқын шын сүйеді, ұлттық мүдделеріне қол жеткізу мақсаты оларды Совет өкіметіне иек артуға мәжбүр етеді». Байтұрсынұлы екпін қоя айтады: пролетариат көсемі еш күдіктенбесін, қазіргі таңда өз халқын азат етуді шын жүректен тілейтін «қазақ зиялылары Интернационалдан өзге жол таңдай алмайды». Ал өзара сенімге қол жеткізу үшін «алғашқы қадамды Совет өкіметі жасауы керек», бұл ойының дұрыстығын Ахаң хатында дәлелдеп жазады.

Екі жақтан да сенім болмайынша, Қазақ өлкесінде жұмыстың дұрыс жолға қойылуы мүмкін емес, мұны Қазревкомның Ахмет Байтұрсынұлытікелей араласып келе жатқан 10 айдағы өмірі көрсетті. Байтұрсынұлы мынаған сенімді: «...қазақтардың нені қалайтыны белгілі, әрі онысы әбден табиғи нәрсе. Империализмнің сан ғасырлық езгісінде болып келген халық ең алдымен осы езгіден азаттық алуды ойлайды».

Ол осы пайымдарын пролетариат көсемі түсінуге және ескеруге тиіс деп санаған-тын, сол себепті ойларын хатында тарата жазған еді. Сосын тез жүзеге асырылуы қажет деп тапқан ұсыныстарын жеті тармаққа тұжырымдап тізіп берді. Өттең, оларды совет үкіметінің басшысы Ленин мен оның үзеңгілестері ескермеді.

1903 жылғы екінші партсъезде өмірге әкелгеннен бері Ленин отынын үстемелеп салып, алауын лаулатып жағып келе жатқан большевизм тап туын көтеруші ретінде Байтұрсынұлы айтқан ұлт зиялыларына түбегейлі сенім артуды, әрине, ойына да алмайтын. Әрі Байтұрсынұлы нұсқаған «ғасырлар бойы орыс халқының ...бұратаналарға шексіз үстемдік ету рухында тәрбиеленіп келе жатқаны» жаңа империя құрып жатқан большевиктер

үшін патшалықтың айыпталуға тиіс қасиетіне жатпайтын. Керісінше, тап осы «артықшылықты» жаңа идеялық қызыл бояу жағып, өзге тектілерді «аға халықтың туысқандық көмегі» арқасында жаңаша біріктіру ісіне пайдалану көзделген-тін...

Қазревком құрамындағы ұлт қайраткері Ахаң Совет үкіметін басқарып отырған нөмірі бірінші большевик Ленинге тапсырған аталмыш хаттан төрт ай өткенде, 1920 жылғы қазанда Қазақстанның Құрылтайшы Советтер съезі болды. Советтік автономия жарияланды. Қазақ Республикасы құрылып, оның Орталық Атқару Комитеті(ҚазОАК, КазЦИК, Қазатком) сайланды. Содан, қазақ өкіметінің жұмыс істей бастағанына екі айдай ғана уақыт болғанда, Қазақ облыстық партия комитетінің хатшысы Кулаков пен Қазақ Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Радус-Зенькович орталық мекемелерде істейтін жауапты қазақ қызметкерлерінің жалпы жиналысын шақырды.

Жиналыста баяндама жасаған обком хатшысы алда тұрған міндеттер тұрғысынан қазақ қызметкерлеріне сын садағын бағыттады, оларды мәселені бұрмалауға әзір тұрған ұлтшылдар деп ғайбаттады. Сонда жарыссөзге бірінен соң бірі құлшына шыққан шешендер – Қазақ Орталық Атқару Комитетінің мүшелері Смағұл Сәдуақасов пен Дінше Әділов бастаған жас қайраткерлер үкіметтің жүргізіп отырған саясатын күні кешегі отаршылдық жолдың жалғасы ретінде әшкереледі. Бұл саясат ұлттылық сипатты сақтау, ұлт мүддесін қорғау мағынасындағы ұлтшылдықты қыспаққа түсіруде, тіпті ығыстырып тастауда деп ұққандықтан, аталған басшыларға (Кулаков пен Радус-Зеньковичке) қарсы қатты сыни сөздер айтты.

Қызу жүрген жиналыс обком хатшысын орнынан алу туралы қаулы алды. Соған сәйкес 1921 жылғы 20 қаңтардағы Қазақ облпарткомының пленумы Кулаковтың Қазақ Республикасында бұдан әрі жұмыс істеуі мүмкін емес деген шешім қабылдайды. (Бұл ұлт қайраткерлерінің алғашқы, сонымен бірге соңғы да саяси жеңісі болатын. Одан кейін мұндай ірі жеңіске қол жеткізілген емес, ұлттық мүддені күйттеушілер негізінен жеңіліс тауып жүрді).

Аталған саяси жеңістен бір апта өткенде, 1921 жылғы 27 қаңтарда, Қазақ Халкомкеңесінің төрағасы Виктор Радус-Зенькович Ағарту халық комиссары Ахмет Байтұрсынұлына мінездеме жазды. Мінездемесінде оның комиссарлық қызметін теріс бағалай отырып: «Жалпы дайындығы жақсы, дәріскерлік, әдебиетшілік жұмысқа неғұрлым жарамды», - деп бір қырына тәуірірек баға береді, сосын одан әрі: «Ұлтшылдық сезімдері күшті, онысы алдағы мақсатты дұрыс түсінуге кедергі келтіреді. Терең емес, ұсақ-түйекке күш сарқады», - деп теріс сипаттай келе, оған партиялық тұрғыдан мүлдем сенім артуға болмайтынын тұжырымдайтын қорытынды жасайды.

Ресей Федерациясы Халкомкеңесінің төрағасы, большевиктер партиясының серкесі, бас коммунист Владимир Ленин бұратаналардан шыққан қатардағы коммунист Ахмет Байтұрсынұлының патшалық империядан мұра боп қалған ұлттық астамшылықты даусыз факт ретінде мойындау қажеттігі хақындағы ескертпесін, жоғарыда айтқанымыздай, елеусіз қалдырды. Содан үлкенді-кішілі чиновниктер мен қара халықтың патша заманынан бері өзге тектілерге шексіз үстемдік ету рухында тәрбиеленіп келе жатқан өмір салты совет заманында да сабақтастық тапты. Тек оған басқа реңк, жасампаз ұран телінді. Нәтижесінде «интернационалдық бағытқа» бірден көндіге қоймаған «ұлтшылдық» көріністер күйдіргі боп тез көзге түсіп жатты.

Осындай көзқарас салдарынан Совет билігі ұлт мәселесіне бұрмалаңқы тұрғыда қарады. Сөйтіп азаттық күрескері Ахмет Байтұрсынұлына және жалпы ұлтшыл делінетін зиялыларға қарсы қуғын-сүргінді 1928–1932 жылдарғы саяси репрессиялармен, сосын 1937 жылғы Үлкен террормен түйіндеді. Біз біршама тілге тиек еткен Ахаңның Ленинге ұлт мәселесін шешу жолын көрсеткен маңызды хаты совет өкіметі тарих сахнасынан кеткенге дейін архив қойнауында жасырылып жатты.

Бұл саяси мәні зор құжатты тек Ұлы Ұстаздың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында атап қана қоя салмай, бүгінгі жастар, тіпті билік буындарындағы қызметкерлер де, өздерінің азаматтық позициясын бекемдеуіне пайдаланса жақсы болар еді.

Ахметұлы Ә.

М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкері

Жұбай О.

филология ғылымының докторы,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессор м.а.

ҰЛТТЫҚ РУХТЫ КӨТЕРЕТІН МҰРА

Биыл Ахаңның жылы. Ахаңның мерейтойы ел көлемінде ғана емес, ЮНЕСКО деңгейінде де аталып өтіп жатқаны баршаға мәлім. Қазақ даласына, Алаш баласына мейірімі шексіз Алла Ахметтей айбоз ұлды сыйлағалы бір жарым ғасыр аунап түсті. Әлемдегі қайсыбір жаңалық ашқан ғылым дүлдүлдерінің қатарынан ойып орын беруге лайықжарқыраған жұлдызымыз – ұлтымыздың ұстазы, Алашымыздың Ахаңы қандай ұлы құрметке де лайық. Бүгінгі таңда елімізде Ахмет Байтұрсынұлын еске алу, еңбектерін қайта тану, жас ұрпаққа түсіндіру, т.б. игі жұмыстардың қарқынды жүріп жатқаны белгілі. Біздің көңілімізді тоғайтатыны да – Ахаң туралы іс-шара сөз жүзінен іс жүзіне қарай көше бастағаны. Биыл қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері, Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері мүмкіндігінше толықтай жаңғырып, құзыры биік ғылыми орындар жағынан қайта басылып, қаймана қазақ жұртына ұсынылады. Солардың бірі ретінде М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарғалы отырған Ахмет Байтұрсынұлының академиялық толық жинағын атауға болады. Құдай жар беріп, іс сәтіне басса, жыл соңына дейін сол қуанышты жаңалықпен де қауышамыз.

Бүгін жүміле жұртқа жеткізгіміз кеп отырған ірі жаңалығымыз – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен жарық көрген Ахмет Байтұрсынұлының таңдамалы шығармаларының үштомдығы. Қазақ елі тәуелсіздігінің қарсаңында ғана ақталған алаштың ұлт ұстазының еңбектері бұған дейін бірнеше қайтара көптомды, біртөмді болып жұртпен жүздесіп, ғылыми айналымға енгені баршаға мәлім. «Бұл ән басқа әннен өзгереді» дегендей, осы рет баспадан шығып отырған Ахаңның таңдамалы үш томының да көтерген жүгі салмақты еді. Сүйіншілі жаңалықты оқып, шүкіршілік етіп отырған ағайынға бұл үштомдықтың жаңалығы мен артықшылықтары туралы да аз-кем тоқтала кеткеніміз жөн.

Көлемді еңбекке алғысөз ретінде ахметтануда өзіндік орны бар ғалым, академик Рабиға Сыздықтың «Ұлттық білім-ғылымның көшбастары» атты мақаласы берілді. Алғы сөзден кейін Ахмет Байтұрсынұлының кесек еңбектерінің бірі – желілес «Тіл – құрал» берілді. Ғалымның көзі тірісінде 34 қайтара басылған бұл еңбектің дыбыс жүйесі, сөз жүйесі мен сөйлем жүйесін жеке-жеке түсіндірген соңғы үш басылымы берілді. Нақтырақ айтсақ, «Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлерінің» 1927 жылғы алтыншы басылымы, «Тіл – құрал. Сөз жүйесі мен түрлерінің» 1927 жылғы жетінші басылымы, «Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлерінің» 1928 жылы Ташкентте, Қызылордада басылған нұсқалары (алтыншы басылымы) таңдалып алынды. «Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері» атты еңбегі Қазақ білімпаздарының I сыйезінің қаулысы бойынша өзгертіліп, 20 000 данамен шықса, «Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты жаңа емлеге сәйкестендіріліп, түзетіліп, толықтырылған үшінші тіл танытқыш кітап Ташкент, Қызылорда қалаларында 10 000 таралыммен шыққан.

«Тіл–құралдан» кейінгі орынға Ахаңның екі «Оқу құралы» жайғасқан. Осы жерде айта кететін жағымды жаңалық: Ахаңның «Оқу құралы» атты оқулықтары бұл таңдамалы жинақта бұрын-соңды болмаған деңгейде толық беріліп отыр. Бұл сөзімізді тарқата кетелік. Бұған дейін шыққан Ахаңның көптомдықтарында ғалымның 1912-1913 жылдары басылған,

балаларға арналған «Оқу құралы (қазақша әліппе)» ғана басылып келген еді. Алаштанушы, ахметтанушы ғалымдар Ахаңның бұл оқу құралы 1912-1925 ж. ұзын ырғасы 12 рет басылғанын айтып, жазып жүргенімен, аталған оқулықтың екі бөлімнен тұратынын, бастапқы жылдары оқулықтың екі бөлімі екі кітапша болып басылғанын, 1914 жылдан бастап оқулықтың екі бөлімі бірлестіріліп, бір кітап болғанын ескермеген. Сондықтан да болар, Ахаңның балаларға арналған «Оқу құралының» бұған дейінгі томдарына отыз беттен тұратын алғашқы бөлімі ғана еніп, сол бастама бойынша отыз жыл бойы қайталап басылып келген еді. Осы рет шығып отырған ғалымның таңдамалы үш томында 1912-1925 ж. арасында шыққан 12 басылымы өзара салыстырылып, бұған дейін оқырманға жетпеген екінші бөлімі толық басылды. Сондай-ақ екі бөлімі бірге басылған 1914-1925 ж. аралығындағы тоғыз басылымның ішінен көлемі, бет саны, мазмұны жағынан ең толық, 90 беттен тұратын, 1921 жылғы Орынбор нұсқасы берілді. Яғни бұған дейін тек 30 беттен тұратын бірінші бөлім ғана оқырманмен жүздескен еді. Енді оқулық екінші бөлімімен қоса түгел басылды.

Үштомдықтың тағы бір айтулы жаңалығы: бұл рет А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» деген атпен басылған сауатсыз үлкендерге арнаған оқулығы тұңғыш рет жинаққа еніп отыр. Ғалым өзі жазған оқулықтарын сол кездегі заман талабына сай балаларға бір нұсқа, үлкендерге бір нұсқа етіп шығарып отырған. 1921 жылы Семейде басылған аталған құралдың балаларға арналған оқулығынан айтарлықтай айырмашылықтары бар. Барлық нұсқаны салыстыра келе сауатсыз үлкендерге арнаған бұл оқулық та таңдамалы томға енгізілді. Бұл жолы басылып шыққан таңдамалы томдардың тағы бір жаңалығы аталған оқулықтар түгел факсимилесімен (төте жазудағы түпнұсқаның сканер көшірмесі) бірге берілді. Ахаң еңбектері он томнан асып жығылары сөзсіз. Дегенмен таңдамалы жинаққа барынша сұрыптап іріктеген күннің өзінде, әр томы 700 бет көлемінде болып отыр. Айта кетелік, I том 693 бет, II том 674 бет, III том 765 беттен тұрады.

Ахаңның «Таңдамалы шығармаларының» екінші томында ғалымның парасат биігінде отырып жазған ең ірі теориялық еңбегі «Әдебиет танытқыш» пен «Әліпбій (жаңа құрал)» атты оқулығы басылды. «Әдебиет танытқыш» бұған дейін бірнеше рет қайталай басылса да, аталған таңдамалы жинаққа түпнұсқамен аса жіңішкелікпен салыстырылып, бұған дейінгі басылымдарында кеткен ағаттықтар барынша түзетіліп берілді. Ахаңның «Әліпбій (жаңа құралы)» 1926-1928 ж. үш рет басылған. Аталған үш басылымда көлемді айырмашылықтар болмаса да, бұл рет құралдың 1928 жылғы жазуы мен қосымша суреттері анық басылған нұсқасы берілді. Айта кетелік, Ахаңның 1912-1925 жылдар аралығында аса көп таралыммен жиі қайталап басылған «Оқу құралдары» усул сотие, жаңа жол, дыбыс жолы әдістерімен жазылса, «Әліпбій (жаңа құралы)» 1926 жылдан бастап тұтас сөз (бүгін сөз) әдісімен жазылған болатын.

Ахаңның таңдамалы шығармаларының III томында «Тіл жұмсар. I кітап», «Тіл жұмсар. II кітап», «Баяншы», «Сауат ашқыш» атты еңбектері мен ғалымның тілге қатысты баяндама-тезис, мақалалары берілді. Бұған дейін басылып келген томдарға «Тіл жұмсардың» II кітабы еңбеген еді. Бұған дейінгі томдарда «Баяншының» 1920 жылғы нұсқасы басылса, бұл рет 1921 жылы Ташкентте 10 мың данамен шыққан «Оқу құралы – қазақша әліппеге баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін» атты нұсқасы басылып отыр.

Ахмет Байтұрсынұлының 1920 жылдың 11 қазанында Қазақ АССР кеңесінің құрылтай сійезінде сөйлеген сөзі үш томдықта алғаш рет жарияланып отыр. 1920 жылдың 4-12 қазанында өткен сійездің хаттамасы кітап ретінде жинақталып, 1936 жылы Мәскеу, Алматы қалаларында жарияланған. Кітаптың алғы сөзін Е.Г. Федорова жазып, редакторлық еткен. Ахмет Байтұрсынұлының 11-қазандағы 9-мәжілісте сөйлеген сөзі кітаптың 60-61-беттерінде берілген. Ғалымның бұл сөзі бұрынғы жинақтарға еңбеген. Сондай-ақ үшінші томға Ахмет Байтұрсынұлының 1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезінде сөйлеген сөзі, 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Баку қаласында өткен Бүкілодақтық I түркологиялық сійезде сөйлеген сөзі, Бүкілодақтық түркологиялық сійезде жасаған баяндамасының тезистері, 1927 жылдың 28-29-сәуірінде Ташкенттегі Орта

Азиялық коммунистер университетінің залында қазақ оқушылары мен қызметкерлерінің жиылысында сөйлеген сөзі («Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 17, 19 маусымдағы сандарында, кейін «Әліпби айтысы» деген кітапшада жарияланған), сондай-ақ «Жазу тәртібі», «Шаһзаман мырзаға», «Қазақша сөз жазушылар диққатына», «Орысша оқушылар», «Қазақша оқу жайынан», «Бастауыш мектеп», «Мектеп керектері», «Қазақша жазу тақырыпты жана ережелер», «Баулу мектебі», «Қазағыстан мен Қазақстан туралы», «Жоқшыға дерек», «Түрікшілер құрылтайы», «Түзетілген әріп», «Дыбыстарды жіктеу туралы», «Ана тілінің әдісі», «Қай әдіс жақсы?», «Сәбитке жауап», «Емле туралы» сияқты мақалалары мен мұрағаттан табылған материалдар (Отзыв Байтурсунова о рукописи руководства к преподаванию казахского языка русским, составленного т. Косивцовым; Заключение о ходатайстве Джетысуйского ГИНа о переименовании г. Алма-Ата в «Алматы» и уезд «Алматинским») енгізілген.

Ғалымның бұл рет басылып отырған таңдамалы үш томында барынша түпнұсқаға бейімділік сақталды. Әсіресе ғалымның тілтанымдық мұрасы мен әдістемелік құралдары түпнұсқада қалай жазылса, солай беріліп отырды. Ғылыми қауымға ұсынылып отырған бұл жинақ арқылы ғалымның ХХ ғасыр басындағы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бейнелеудегі ұстанымдары айқын аңғарылады. «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деген ұлт ұстазының ертеңі болған бүгінгі Қазақ қауымына жинақтап ұсынып отырған таңдамады томдарының жаналықтары, міне, осындай.

Айта кетелік, үштомдықтың жалпы редакциясын филол. ғ.д., профессор Ж.Қ. Түймебаев пен филол. ғ.д., профессор А.Б. Салқынбай басқарды. Үш томдық еңбектің халықаралық конференция қарсаңында сапалы болып шығуында осы ғалымдардың үлесі зор. Әсіресе Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын көздің қарашығындай сақтап, зерттеуші ғалымдарға шын ықыласпен ұсынып отырған ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөліміне, Орталық ғылыми кітапхананың Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөліміне, ҚР мемлекеттік архивіне айрықша алғысымызды білдіреміз.

Ғалымның тілтанымдық мұрасының жинақталып берілуі болашақтағы іргелі зерттеулерге жол ашатынына сеніміміз мол. Әл-Фараби университетінің студенттері ғалымның мұрасымен жан-жақты танысып, түпнұсқамен салыстыра отырып оқуға мүмкіндік алды. Биыл университетте «Ахметтану дәрістері» аясында ғалымның төте жазуы үйретілді. Әлі де үйренгісі кеп, тілек білдірушілер көп болғандықтан, алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстарды жандандырмақпыз. Үш томдық жинақта барлық материал түпнұсқасымен (факсимиле) бірге берілгендіктен, университет студенттері салыстырып оқи алады. Ахмет Байтұрсынұлының үш томдық таңдамалы шығармалары бір ғана жоғары оқу орнының емес, бүкіл елдің қазынасына айналары сөзсіз. Университет басшылығы қолдау көрсете отырып, ғалымның 150 жылдық мерейтойын жалаң ұран емес, «ұлттық рухымызды көтеру үшін, мәдени қазынамызды түгендеп, одан қуат алу үшін істеліп жатқан шараға» айналдырды. Ұлт ұстазының 150 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның өткізілуі, қазақ тіл білімі кафедрасына Ақымет Байтұрсынұлының есімі берілуі, «Ахметтану дәрістерінің» жүйелі түрде өткізілуі, ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған халықаралық зияткерлік сайыстың өткізілуі – осындай игі бастаманың дәйегі. Бұл бағыттағы істер жалғасын тауып, ғалым мұрасы жан-жақты зерттелуіне, тілімізде ғалымның ұстанымдары орнығып, ұлттық болмысымызды танытатын, ұлттық сананы оятатын құралға («Тіл – құрал») айналуына тілектеспіз.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СИНТАКСИСТІК ОЗЫҚ ИДЕЯЛАР

Ұлт руханиятының көсемі Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойы қарсаңында атқарылып жатқан көп шараға әркім өз үлесін қосқаны жөн. Әр филолог қана емес, әр қазақ абайтанушы, әр қазақ ахметтанушы, әр қазақ әлихантанушы болса да жарасады. Өйткені олар – қазақ деп аталатын халықтың әрі елдік, әрі ұлттық мүддесінің мәйегіндегі, өзегіндегі феномен тұлғалар. Шіркін, әр қазақ осы тұлғалар мұрасын өз кәсібі мен машығына қатысты әлемдік деңгейдегі ғұламалар мұрасымен салыстыра, салғастыра отырып індете зерделесе, ұлттың рухани қазынасы молаяр еді, айдарлана түсер еді!

Қазақ лингвистика ғылымының көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлының артында қалдырған мол мұрасының ішінде синтаксис ғылымына қосқан үлесі қандай? Алдымен, қазіргі нормативті және академиялық грамматикаларда қоланылып жүрген синтаксис терминдерінің 90 пайызы – Ахаң енгізген төлтума атаулар (*сөйлем, сөйлем мүшелері, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, нысықтауыш, қыстырма сөздер, қаратпа сөз, жалаң сөйлем мен жайылма сөйлем, толымды, толымсыз болымды, болымсыз, сұраулы, лепті сөйлемдер, құрмалас сөйлемдер мен оралымды сөйлемдер т.т.*). Академик Р. Сыздықтың сөзімен айтсақ: “Бұлардың барлығы дерлік қазақ сөзінің не байырғы мағынасын жаңғырту (өзгерту), не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген атаулар, көбі жасанды сөздер. Сонылығына, жасандылығына қарамастан, әрқайсысы сол атап тұрған тілдік категорияны дәл білдіретін термин (“пән сөзі”) болып шыққан. Бұлардың өте сәтті жасалғандығын күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі дәлелдейді [1, 21 б.]. Екіншіден, олардың грамматикалық сыр-сипаты мен түрленіміне қатысты айтқан пікірлері де қазіргі грамматикадағы талдаулардан да алшақтап кете қойған жоқ. Үшіншіден, ғұлама дарынның айтқан пікірлері кемеліне келген қазақ тіл білімінің қазіргі шағындағы жаңа бағыттағы зерттеулер аясында негізгі қайнаркөз ретінде танылуы да кездейсоқтық емес.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тіл білімінің грамматика саласы құрылымдық аспект аясынан шығып, бастауында еуропалық ғалымдар тұратын жаңа бағыттарға – антропоцентристік парадигма аясындағы функционалды грамматика мен коммуникативті грамматикаға, онымен астарлас прагматика мен дискурстық зерттеулерге ден қоя бастады. Мұндай зерттеулердің алдыңғы легінде формалды грамматиканы функционалды-коммуникативті грамматикаға ұластыра зерттеген Прага лингвистикалық мектебінің тұрғаны жасырын емес. Бастауында француз лингвисті Анри Вейль тұрды дегенмен, сөйлемнің коммуникативтік мүшеленуінде құрамында В. Матезиус, Б. Трнка, Б. Гавранек, Й. Вахек, Я. Мукаржовский, кейінірек В. Скаличка, Й. М. Коржинек, П. Трост және Мәскеу университетінің тәлімгерлері Н. С. Трубецкой, Р. О. Якобсон, Женева мектебінің өкілдері кірген бұл мектептің лингвистика тарихында алатын орны ерекше. Аталған мектептің құнды идеяларының бірі сөйлемді функционалды-коммуникативті грамматика ұстыны негізінде талдаудан туған – сөйлемнің актуальды мүшелену теориясын енгізуі. Басты қағида сөйлемнің грамматикалық құрылымының функционалды мүмкіндігі тұрғысынан “т е м а” және “р е м а ғ а” мүшеленуі [2]. В. Матезиустың анықтамасы бойынша, тема — “это исходная точка [или основа] высказывания”, дәлірек айтсақ, сөйленістің бастапқы бөлігі. Ал рема – “то есть то, что говорящий сообщает об исходной точке высказывания” немесе бастапқы бөлімде айтылған жайт туралы сөйлеушінің хабарлауы, осы пікірді А. Байтұрсынұлы қалай жеткізеді? «Оралым екі мүшелі болады. Бір мүшесінде пікір тақырыбы болады да, екіншісінде пікір баяны болады. Сондықтан бастапқы тақырыпша мүше делініп, екіншісі баяншы мүше делініп айтылады», - дейді Ахаң [3]. Прага лингвистикалық мектебінің 1926 құрылып, 1953 жылы тарағанын ескерсек, сөйленістің коммуникативтік табиғатын кім бұрын

таныған? деген заңды сұрақтың жауабы да айқын ғой. А. Байтұрсынұлының тілдің коммуникативтік табиғатын танудағы тағы да үлкен олжасын мына бір тұжырымдары да айқындайды:

✓ Дискурс теориясының алғышарттары. А. Байтұрсынұлының 1914 жылы Орынборда басылып шыққан «Тіл – құрал» атты еңбегінің «Сөйлеу һәм сөйлем» деп аталатын бөлімінде «1) Жер жұтуға тоймайды; от отынға тоймайды; құлақ естуге тоймайды; кісі ойға тоймайды, бөрі қойға тоймайды. Бұл сөйлеуде бес сөйлем бар. 2) Еділ бойы тоғай бар, тоғай толған ноғай бар, бурыл атта бұғау бар, оны да кесер егеу бар, сом темірге балға бар, сом сынғанға алла бар. Бұл сөйлеуде алты сөйлем бар» деп көрсетеді. Қазақ тіл ғылымы өткен ғасырдың соңы мен осы ғасырдың басында, орыс тіл ғылымы өткен ғасырдың орта шенінен кейін тіл ғылымындағы жаңа бағыт ретінде енгізген мәтін лингвистикасы, дискурс теориясы деп аталатын үлкен ілімнің алғышарттары Ахаң еңбектерінен бастау алатынын осы жолдар дәйектеп тұр.

✓ сөйлемнің анықтамасы. А. Байтұрсынұлының «Біршама тиянақты ойды білдіретін сөздер тіркесі» деген анықтама жылдар бойы санамызда жатталғанымен, осы анықтамаға күмәнмен қарайтынбыз. 1925 жылы Қызылорда қаласында басылып шыққан «Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» еңбегінде берген «... айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» деген анықтамасы тілдің коммуникативтік табиғатын танытатын, коммуникативтік акт тұрғысынан адресант пен адресат факторы түгел қамтылған тұжырым.

Тіл табиғатын терең түсінген сұңғыла ғалым сөйлемнің бастауышы мен баяндауышын анықтауда оның формальді белгілерін гөрі сөйлеу ағымындағы маңызына, қазіргі лингвистикалық түсінік бойынша сөйлемнің актуалды мүшеленуіне сүйенген деп айтуға толық негіз бар. Әрине, Ахаң «Тіл - құрал» еңбегінде: «Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері екеу: 1) бас мүше, 2) баяншы мүше. Бас мүше дейміз – сөйлем ішіндегі сөздер байланатын қазық сөзін, сөйлем иесін. Жеңілдік үшін бас мүше – бастауыш деп, баяншы – баяндауыш деп аталады», – дейді. Ғұлама ғалым бастауышқа атау беруде тірек сөз ретінде неге «бас-баста» сөзін таңдады? Әлде қазақ тіл ғылымының балаң кезінде жазылғандықтан, сөйлемдегі позициялық орны туралы жаңсақ ой түйді ме екен? деген күдікті ойлар да қылаңдайтыны жасырын емес. Бірақ құрылымдық жағынан бастауыштың үнемі сөйлемнің алғашқы позициясында тұратын мүше емес екендігін Ахаң жақсы білген. Оны жоғарыда аталған еңбегінде өзі келтірген төмендегі мысалдары да дәйектейді (Мысалдар 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» кітабынан алынды): Берерменге бес те көп, аларманға алты да аз (269 б.). Ас қадірін ашыққан білер, ат қадірін асыққан білер (287 б.). Қаратаудың басынан көш келеді (290 б.) т.т. [4, 269-290 б.] Ахаң келтірген мысалдардағы *бес*, *алты*, *асыққан*, *ашыққан*, *көш* бастауыштарының бірі де сөйлемді бастап тұрған жоқ. Өзі бас мүшеге анықтама беруде қолданған, сондай-ақ өзге түркі тілдерінде бастауышқа терминдік атау ретінде телінген *ие* сөзі де алынбады. Салыстыру үшін өзге тілдердегі осы ұғымның терминдік аталымына назар аударайық:

Кесте 1. Бастауыш пен баяндауыштың өзге тілдердегі аталымы

Тілдер	Терминдік аталымы	
Қазақ	бастауыш	баяндауыш
Өзбек	<i>эга</i>	<i>кесим</i>
қырғыз	<i>ээ</i>	<i>баяндооч</i>
түрікмен	<i>еуе</i>	<i>habar</i>
Орыс	подлежащее	сказуемое
ағылшын	subject	predicate

Өзге түркі тілдеріне бастауышқа терминдік аталымға негіз ретінде *ие* лексемасының алынуы сөйлемнің логикалық табиғатын танудан туса, орыс тіліндегі *подлежащее* атауы таза құрылымдық аспектіден баяндауыштың сөйлемдегі негізгі құрылымдық орталық

екендігін, ал бастауыштың оған бағынышты мүше екендігін көрсетуден туындаған. Ал баяндауышқа атау беруде барлық тілдерде жақындық байқалады, бұл оның коммуникациядағы негізгі ақпарат беру табиғатын танудан болса керек. Олай болса, Ахаң сөйлеу ағыны арқылы берілетін сөйлемде ақпараттың екі бөлігі – бастапқы бөлікте белгілі жайт пен жаңа ақпарат – баяндауышта шоғырланатынын байқаған. Екіншіден, бастауыштың сөйлемдегі басты функциясы «...сөздер байланатын қазық сөз» екендігін тани білгендігінен. Ол өзіне дейінгі орыс тіл білімінде дайын тұрған «подлежаще», ағылшын тіліндегі «subject» моделін тікелей калькалауға да ұмтылмады, қазақ сөйлеміндегі әр мүшенің рөлін, функциясын дәл тани білді. Сондықтан да А. Байтұрсынұлы сөйлемнің бас мүшелеріне атау беруде сөйлемді актуальды мүшелеу теориясының ұстанымдарын негізге алуы ғалымның лингвистикалық түйсігінің европалық ғалымдармен деңгейлес болғандығын көрсетсе керек.

✓ Француз лингвисті Э. Бенвенист енгізген “тілдегі субъектілік” теориясының мәні “сөйлеуші “Мен” арқылы тілді өзіне түгелдей меншіктейді” деген тұжырымға саяды [4]. А. Байтұрсынұлында айтылған “басым жақ” идеясының төркіні де осы тұжырымға алып келеді. «Бізге мәлім бірінші жақ айтушы, екінші жақ тыңдаушы, үшінші жақ бөгделік болатыны. Бірінші, екінші, үшінші жақ қатар келгенде, айтушы сөзді өзіне орайлай сөйлейтіндіктен, бірінші жақ екінші, үшінші жақтан басым болады. Сондықтан айтушы мен тыңдаушы екеуінің бірдей амалын, жайын, болмысын көрсететін баяндауыш о да бірінші жақпен айтылады» [3, 274 б.]. Коммуникация теориясына апарар алтын қақпа секілді бұл тұжырымдарды Э.Бенвенист өткен ғасырдың 60 жылдарынан кейін жазғанын ескерсек, А. Байтұрсынұлы ширек ғасырдан астам уақыт идеяларының одан қаншама жылдар бұрын туындағанын атап өтпеуге болмайды.

✓ А. Байтұрсынұлы «Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» атты еңбегінде сөйлем түрлеріне қатысты түсінік береді: «Сөйлемдер арасында екі түрлі жақындық болады. Бірі – ішкі, бірі – тысқы. Ішкі жақындық – мағына жүзіндегі жақындық. Мағына жақындығынан басқа жақындық жоқ сөйлемдер іргелес деліп, мағына жақындығынан басқа қисын жақындығы бар сөйлемдер құрмалас деп аталады» [3, 280-291 бб.]. Автор іргелес сөйлемдерге: 1) *Күн ашық. Торғайлар шат. Бің-жың орман.*

2) *Күн кеш болды. Ат болдырды, ел көрінбеді. Батыр сасайын деді.* сияқты мысалдарды келтіре отырып, мұндай сөйлемдердің алғашқы тобында арасында жақсы күннің жайын сөйлеген ой іргесінің; ал екінші мысалға алынған сөйлемдер аралығында кеш уақытта болған уақиға жайын сөйлеген ой іргесінің ғана біркелкілігі бар деген түсінік береді. Байқап қарасаңыз, Ахаң сөйлем табиғатын бас әріптен нүктеден нүктеге дейінгі аралықты алып тұрған жоқ. Орыс лингвистикасына М.А. Пешковский, Ф.И. Буслаев т.т ғалымдар арқылы енген “сөйлем табиғатын тануда одан да ірі бірліктер арқылы зерттеу” идеясынан туындаған күрделі синтаксистік тұтастық пен мәтін теориясына апарар идея жоғарыдағы жолдардан айқын көрініп тұр.

Автордың құрмалас сөйлемді тану принципі мүлде басқаша. Тіл біліміндегі қалыптасқан үстем теория “құрмалас сөйлемдер – жай сөйлемдер эволюциясының нәтижесінде қалыптасқан дербес бірлік” деген қағидаға мүлдем үйлеспейді. Автордың сөйлемдер деп отырғаны дербес сөйлем емес, контекстегі, мәтіндегі сөйлемдер. Ұзақ жылдар бойы құрмалас сөйлем теориясындағы көптеген түйткілді проблеманың өзі оны мәтіннен, контекст аясынан бөліп қараудан туындағанын А. Байтұрсынұлы еңбектерін қайта парақтау арқылы түсінуге болады.

Құрмаластарды өз ішінде сыйыса құрмаласу және қиыса құрмаласу деп бөліп қарастырады. Автордың сыйыса құрмаласу деп берген сөйлемдері (*Қарабай мен Сарыбай аңға шықты. Екі дос бірін-бірі сүйді, құшты*) қазіргі замандағы тілдік таным тұрғысынан талдағанда бірыңғай мүшелі жай сөйлем деп танылғанымен, аталған сөйлемнің оны құрмалас сөйлеммен барабар ететіндей әлдебір тілдік заңдылықтың негізінде қалыптасқандығын жоққа шығара алмаймыз (салыстырыңыз: *Қарабай аңға шықты, Сарыбай аңға шықты. Екі дос бірін-бірі сүйді. Екі дос бірін-бірі құшты*). Тілдегі

қалыптасқан тұжырым бойынша, сөйлемнің бірыңғай мүшелері сөйлем іргесін кеңейтуші фактор ретінде саналып келсе, Байтұрсынұлының “сыйыса құрмаласуы” керісінше бірыңғай мүшелі жай сөйлемдердің құрмалас сөйлем компоненттерінің ықшамдалу үдерісінің нәтижесінде пайда болу мүмкіндігін айқын көрсетіп тұр.

Қиысқан құрмаластарды салалас, сабақтас деп жіктеп, салаластарды мағынасына қарай жайылыңқы (*Үлкен бастар, кіші қостар*), қайырылыңқы (*Мен бардым, сен үйде болмадың*), айырыңқылы (*Не сен тұрасың, не мен тұрамын*), сұйылыңқы (*Сабыр түбі – сары алтын: сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұятқа*) және қойылыңқы (*Не өгіз өлер, не арба сынар, екiнiң бiрi болар*) деп бөлсе, сабақтастарды *бастауыш бағыныңқылы, анықтауыш бағыныңқылы, толықтауыш бағыныңқылы, мезгіл пысықтауышының бағыныңқысы, мекен пысықтауышының бағыныңқысы, сын пысықтауышының бағыныңқысы, себеп пысықтауышының бағыныңқысы, мақсат пысықтауышының бағыныңқысы, шартты бағыныңқы, ереуіл бағыныңқы* деп бөледі. Салаластарға терминдік атау берудегі Ахаң ұстанымы өзгеше. Құрмалас деп бір бүтінге біріккен салаласа байланысқан құрылымға атау беруде мағыналық ұстанымды емес, семантика-грамматикалық және интонациялық ұстанымдарды біріктіретін композициялық ұстанымды басшылыққа алады. Ахмет Байтұрсынұлының жиылыңқы қиысуы (*Үлкен бастар, кіші қостар. Ел де жатты, ай да батты.*) - мағынасы, интонациясы үйлесімді берік композициялық ұйысым болса, сұйылыңқы салаластары (*Сабыр түбі – сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұятқа*) сөйлем соңына қарай баяулаған, сұйылыңқы болады. Ал қойылыңқы сөйлемде керісінше ойдың маңыздылығы сөйлемнің соңғы позициясына қарай қоюлана түседі (*Не өгіз өлер, не арба сынар – екеуінің бірі болар*). Ал сабақтастарды топтастыруы кейіннен қазақ лингвистика ілімінің саңлақтары Қ. Жұбанов пен Н. Сауранбаевтың ілгері дамытуы нәтижесінде сол кездегі өзге түркі тілдерінің грамматикасын түзуге де ықпал етті. Айталық Н.З. Гаджиеваның эзербайжан тіліндегі (1966), А.Н. Кононовтың түрік тіліндегі (1956), Е.И. Убрятованың якут тіліндегі (1982), Л.А. Покровскаяның гагауз тіліндегі (1964) құрмалас сөйлемдерді жіктеуіне [6] негіз болған, бірақ құрылымдық грамматика үстемдік құрған кезде шеттетілгенімен, қазіргі функционалды-коммуникативтік грамматиканың аясында қайта оралған Ахаң бастаған ғалымдар ұсынған бұл жіктелім тілдің синтаксистік-жұмсалымдық табиғатын танытатын классификация екендігін танытып келеді.

Қысқасы, А. Байтұрсынұлы мұрасы аршыған сайын олжаға кенеле беретін қазынасы мол көмбе іспетті. Ал бұл олжаның мұрагерлерінің бірі – қазақ лингвистері. Қазіргі қоғам назарын қазақ әдебиеттану ғылымының алыбы, академик З. Қабдоловтың Ахмет Байтұрсынұлының таным тереңдегіне бойлағай айтқан мына сөзіне аударғым келіп тұр: “Ахаң көзінің тірісінде өзге халықтардың бірде-бірінің тіліне таңқалған жоқ; қазақ тілінің байлығын, сұлулығын, икемі мен мүмкіндігін қазақ еместердің бірде-бірінің тілінен артық болмаса, кем көрген жоқ; өзге тілдердің қай-қайсысында қандай қиын сөз болмасын, қазақ тілінде оның баламы болмауы мүмкін емес деп білді және өзінің осы ұғымын іс жүзінде дәлелдеп кетті» [7, 67-68 бб.].

Мақаланың мақсаты - ауылдан шыққан қазақ ұлының ғылыми зердесі еуропалық озық университеттерді тамамдаған, есімдері әлем лингвистеріне кеңінен танымал шетел ғалымдарынан бір мысқал да кем болмай, тіпті кейбір пайымдаулары олардан уақыты жағынан озық екендігіне ғылыми қауымның назарын бұру. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ лингвистика ғылымының дәстүрлі салаларының негізін қалаушы ғана емес, ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басында жаңа бағыт деп танып, америкалық, еуропалық ғалымдар негізін қалады деген когнитивті лингвистика, функционалды және коммуникативті грамматика, этнолингвистика мен линвомәдениеттану, лингвоэкология мен лингводидактика т.т. салалардың да көшбасшысы. Оның әдебиеттану мен көркем әдебиетке, аударматану мен публицистикаға қосқан үлесі де бүгінгі күн мінберінен қарағанда әлемдік үрдістерден кейін қалмағандығын көрсетіп отыр. Бірақ есте ұстайтын бір мәселе: А. Байтұрсынұлының өткен ғасыр басындағы өтпелі кезең, жаңа формация кезіндегі сан салалы қызметі оның филологиялық еңбектерінің

тасасында қалмауы тиіс. Елі мен халқы үшін аянбай қызмет еткен Ахмет Байтұрсынұлы сияқты тұлғаны еске алуға қатысты шараларды филологтарға, оның ішінде лингвистерге ғана еншілей салуға болмайды. Оның ел мүддесі үшін жасаған көп тарапты қызметін, жанқиярлық еңбегінің мәні мен маңызы көпәспектiлi кешендi талдауды қажет етедi. Ахаң айтқан «олжалы жерде үлестен қағылмай, ордалы жерде орыннан қағылмай, жоралы жерде жолдан қағылмау» идеясы қазiргi кездегi тәуелсiз қазақ елiнiң басты ұстанымен үйлесiп тұрған жоқ па? «Өрге басқан өзге жұрттың қатарынан қалыспау» идеясы қазiргi «Қазақстанның әлемнiң ең дамыған 30 мемлекетiнiң қатарына кiруi жөнiндегi» мақсат-мұратпен үндесiп тұрған жоқ па? Ендеше қазақ руханиятына, ел тағдырына зор үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлын өз ортамызда танып қою жеткiлiксiз, оның есiмiн әлемге әйгiлеу – ұрпақ парызы.

Ел Тәуелсiздiгi үшiн күрескен ұлт қайраткерi, қазақ руханиятының көсемi А. Байтұрсынұлының есiмi қазақ әлiппесi мен грамматикасының, терминологиясының және әдебиет теориясының негiзiн қалаушы ғалым, ақын, жаңашыл педагог-реформатор, саясаткер, аудармашы, фольклорист, журналист публицист, сондай-ақ композитор ретiнде елiмен қайта қауышқан сәтте ұлт зиялылары «Ахмет Байтұрсынұлының ел үшiн еткен еңбегi Үндiстандағы Махатма Ганди, Қытайдағы Сун-Ятсен сынды ұлт-азаттық қозғалыс көсемдерiнiң қызметiнен бiр де кем емес», - деп баға бере бастады [7]. Бiздiңше, әдiлеттi баға. Гандидiң де, Сун-Ятсеннiң де елi үшiн еткен еңбегi мен қайраткерлiк қызметiн жарыса жазған, ұлықтаған, әлемдiк деңгейде атын асқақтатқан, алдымен, шетелдiктер емес, өз отандастары, тарихшылар мен зерттеушiлер, журналистер мен зиялы қауым. Олай болса, ел тәуелсiздiгi мен ұлт болашағы үшiн өмiрiн қиған алаш зиялыларының еңбегiн әлемдiк деңгейде насихаттау – бүгiнгi зерттеушiлер еншiсiндегi абыройлы iс болмақ. Әрине, алаш зиялыларының мұрасын зерттеуде бiраз iстер атқарылды, қыруар архивтер ақтарылып, талай шындықтың бетi ашылды, қоғамдық-саяси қызметiне баға берiлiп, кiтаптары қайтадан жарияланды, есiмдерi оқулықтарға енгiзiлiп, кездесулер мен басқосулар, түрлi конференциялар ұйымдастырылуда. Бiрақ соның бәрi тек ел iшiнде, ары кеткенде ТМД көлемiнде ғана. Тәуелсiз мемлекетiмiздiң абырой-беделi артып, әлем жұртшылығының назары Қазақстан деген асқақ абыройға ұмтылған елге ауып тұрған қазiргi кезеңде ұлт қайраткерлерiнiң еңбегiн, мұрасын зерттеу iсi жаңа биiкке көтерiлуi тиiс деп санаймыз.

Әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов (Өмiрi мен қызметi туралы) // Тiл тағылымы. - Алматы: «Ана тiлi», 1992.
2. Матезиус В. О так называемом актуальном членении предложения // Пражский лингвистический кружок: Сборник статей. — М.: «Прогресс», 1967. — С. 239-245
3. Бенвенист Э. Общая лингвистика. – М., 1974.
4. Байтұрсынов А. Тiлтағылымы. . - Алматы: «Ана тiлi», 1992.
5. Гаджиева Н.З. Типология придаточных предложений в современном азербайджанском языке // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Синтаксис: В 3-х ч. – Москва: Изд-во Ан СССР, 1953. Баскаков А.Н. Предложения в современном турецком языке. – Москва: Наука, 1984. Убрятова Е.И. Исследования по синтаксису якутского чзыка. Сложное предложение. – Новосибирск: «Наука». Сибирское отделение, 1976. Покровская Л.А. Синтаксис гагаузского языка в сравнительном освещении. – Москва: «Наука», 1978.
6. Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: «Рауан», 1996.
7. Сағадиев К. 25.11. 2010. <http://www.inform.kz/kaz/article/2325838>

Қапалбек Б.

филология ғылымдарының кандидаты,
Мемлекеттік тілді дамыту институтының директоры,
Алматы, Қазақстан

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢ БАСТАУ КӨЗІ

Осыдан жиырма бес жыл бұрын қазіргі республика сарайында Ахмет Байтұрсынұлының 125 жылдығы өтті. Онда Әбіш Кекілбаев былай деген еді: «Қазақ тілінің дамуына жер жаралып, су аққалы бергі қалған қазақтың қосқан үлесі бір пара да, Байтұрсынұлының бір өзінің сіңірген еңбегі бір пара. Сол арқылы түркітануға да келелі үлес қосты. Жаңа жазу. Жаңа әліппе. Тұңғыш емле. Тұңғыш фонетика. Тұңғыш грамматика. Тұңғыш синтаксис. Тұңғыш терминология және әдістеме. Тіл ашарлар. Тіл танытқыштар. Тіл жұмсарлар. Ұлттық тіл біліміне түпкілікті темір қазық болар мәңгілік үлестер. Кейде күллі бір ұлттың талай ұрпағының қолынан келе бермейтін келелі істерді бір-ақ адамның тындырғаны танданбасқа болмайтын жәйт. Кейде, шіркін, сол сабаз қазір тіріліп келсе ғой дейсің» [1].

Иә, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының тілі, тарихы, ғылымы мен мәдениеті үшін зор еңбектер сіңірген, жан-жақты ерен тұлға.

Көпшілік Ақаңның тек ағартушылық не аудармашылық қырын ғана біледі. Біздіңше, оның мынадай қырлары бар:

- Өнер адамы (ақын, аудармашы, әнші);
- Салауатты өмір салтын ұстанушы;
- Білім беру жүйесін құрушы;
- Білім мазмұнын қалыптастырушы;
- Қазақ ғылымының (тіл білімі, әдебиеттану) негізін салушы;
- Мемлекет қайраткері;
- Мәдениеттанушы;
- Сыншы;
- Баспа ісін ұйымдастырушы;
- Көсемсөзші (журналист);
- Халық мұрасын жинақтаушы;
- Алашорда үкіметін құрушы;
- Қазақ радиосын құрушы және т.б.

Алашорда үкіметін құрушы. Байтұрсынұлы саяси қызмет жолына 1905 жылдары бет бұрады. Ол кезде Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлын қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды.

А. Байтұрсынұлы 1917 жылы революциялық өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды. Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болған [2].

Алаш Орда құрамын бекіткен екінші жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсынұлын бекітті. Ахмет 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Ол 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанып, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Байтұрсынұлының ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. А. Байтұрсынұлы бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғаннан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды (ҚР ҰҚК архиві, 78754-іс, 6-т., 44-п). 1920 жылы В.И. Ленинге үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласып отырды. Мұнымен қоймай қазақ елінің тілін, дәстүрін, танымын сақтау, дамыту жолында үлкен істер атқарды.

Ақын, аудармашы. Ақанның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігерін, білімін жұмсады. Ол әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Байтұрсынұлының екінші кітабы - «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой-өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді.

Баспа ісін ұйымдастырушы. Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. А.Байтұрсынұлының қазақ елінің жоғын жоқтап, санасына сәуле құюға байланысты жасап жүрген еңбектері елге тарай бастады. Әсіресе сол кезде Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген қазақ жастарына Ақанның туындылары, елдік істері қатты әсер етті. Сол жастардың ұйғаруымен елден қаржы жиналып, газет шығару мәселесі қозғалады. Ол бейресми газет «Қазақ» деп аталып, редакторлыққа А.Байтұрсынұлы шақырылады. Міне, сол 1913 жылдың басынан 1918 жылға дейін бас редактордың міндетін атқарған Ақаң елге жеткізсем, ұқтырсам деп жүрген көкейіндегі көптеген мәселелерді енді хатқа түсіріп, жариялап отырды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды. Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға да отырып шыққан болатын [3].

Қазақ ғылымының негізін салушы. XX ғасырдың 10-жылдарына дейін қазақтың өз жазуы болмаған еді. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті бетінде көптен бері көтеріліп келе жатқан жазу мәселесіне Ақаң 20-жылдары жіті кіріседі. Ол әу бастан-ақ араб графикасына бейіл береді. Оның мұнысынан кезінде «панисламдық», «арабшылдық» сарын ізін іздеп сарсылғандар болды. Сондықтан да ол ең алдымен айыпталды да. Ғылыми принципті негізге ала отырып, қазақ жазуын қалыптастырудың алғышарты ретінде: 1) қазақ тілі дыбыстарына қажеті жоқ араб таңбаларын алфавиттен алып тастады; 2) сөздің жіңішкелігін білдіретін «дәйекше» деген белгіні енгізді. Қазақ ұғымына икемделген, барынша қарапайым да түсінікті А. Байтұрсынұлының бұл жазуын жұртшылық, әсіресе мұғалімдер қауымы бірден қабылдап, іс жүзінде қолдана бастады. Ол Еуропа мен Азия халықтары алфавиттерінің

жасалу, қалыптасу тарихын едәуір тексеріп шыққан өте зерек лингвист болатын. Мәселен, мына ұсыныс пікірлеріне зер салалықшы: 1) қазақ жазуы үшін қажеті жоқ араб алфавитіндегі жуан дыбыстарының таңбаларын алмау; 2) қазақ тіліндегі дыбыстарының әрқайсысына жеке таңба белгілеуді ұсыну. Міне, осының бәрі қазақ тілінің алфавиті өз табиғатына орай түзіліп, тіліміздегі сингармонизм заңына лайықталып жасалуының нәтижесінде қазақтың төл жазуы болып тез қалыптасты.

Бұл жазу 1912 жылдан 1929 жылға дейін сол кездегі қазақ-орыс мектептерінде, мұсылман медреселерінде қолданылды. Баспасөзде жарияланған қайсыбір материалдарда 1915 жылдың өзінде осы жазумен, яғни, осы емле негізінде 15-тей кітап басылған көрінеді. Ақаңның аталған терминдік қызмет атқара бастаған еңбектерінде және шыққан қазақша кітаптардан тұңғыш бастаған әріп, дәйекше, дыбыс, жуан дыбыс, жіңішке дыбыс, қағида, түбіршек тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымша тәрізді байырғы сөздерді табамыз. Біртіндеп өмірге жолдама алған қазақтың ұлттық графикасын А. Байтұрсынұлы іс барысында үнемі жетілдіріп отырады. Оның баспа, полиграфия талаптарына байланысты кейбір сәйкессіздіктерін реттей келе ұлттық жазуға айналдырды. Сөйтіп, бұл жазу 1924 жылы ресми түрде қабылданды [3].

«Оқу құралы» арқылы балаларды сауаттандырып алғаннан кейін ол енді қазақ тілін жеке пән ретінде оқытудың құралын ойластыра бастайды. Бірнеше бөлімнен тұратын бұл оқулықтың әр бөлігі жеке-жеке «Тіл – құрал» деген атпен жариялана бастайды. 1914 жылы морфологияға арналған II бөлімі, 1915 жылы фонетика арналған I бөлімі, содан кейін синтаксиске байланысты III бөлімі жұртшылыққа ұсынылады. Мұның қай-қайсысы да кемінде 6-7 рет баспа жүзін көрген.

Білім беру жүйесін құрушы. Ахмет Байтұрсынұлы: «Бастауыш мектептер жалғыз хукімет пайдасы үшін болмай, халық пайдасы үшін де боларға керек. Хукіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір суық қолдан тыныш боларға керек. Бастауыш мектептен оқығандар писарь, учитель, фельдшер, адвокат, содия, инженер, агроном болар демей, ең әуелі, қазақша толық хат білетін дәрежеде болуын көздеу керек. Екінші, бастауыш мектептен үйренген білім әрі оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек» [4] деген екен.

Бұл кезде қазақ балаларына екі түрлі бастауыш мектеп болған. Біреулері ауылдағы мектептен, екіншілері ел ішіндегі орыс школасынан білім алған. Оқу бағдарламасы мен жүйесі туралы Ақаң біріншісін «оқуға керек құрал жоқ, тәртіп жоқ, мөлшер жоқ, жоспар жоқ, «жоғынан бары артық» дегенмен істеліп отырған мектеп» деп сипаттаса, екіншісін «тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар, бірақ, сонысына қарай пайдасы аз» деген тоқтам жасаған. Сөйте келе бастауыш мектепте бала тәрбиесі мен біліміне керекті пәндерді санамалап, өзінің тізбесін ұсынған:

1. Оқу
2. Жазу
3. Дін
4. Ұлт тілі
5. Ұлт тарихы
6. Есеп
7. Жағрапия
8. Шаруа-кәсіп
9. Жаратылыс жайлы

Біздіңше, қазіргі бастауыш мектеп бағдарламасын әзірлеуде де осы принципті ұстанып, артық пәндерден арылып, қарапайым жүйеге түсірген жөн.

А.Байтұрсынұлының тағы бір аса маңыз берген мәселесі – ол қазақ тілін оқыту әдістері. Бұл жайында ол жиырма жылға таяу уақыт бойы дерлік талмай ізденіп, сол кездегі баспасөз беттерінде түбегейлі толғамдарын үздіксіз жариялап отырған. 1910 жылдан басталған

тәжірибесін жинақтап, 1920 жылы Қазанда «Баяншы» деген атпен шағын кітапша етіп шығарады. 1921 жылы осы тақырыпты сөз ететін тағы бір әдістемелік құралын Ташкентте бастырады.

Халық мұрасын жинақтаушы. Әдебиеттанушы. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің ғана емес, әдебиеттану ғылымының да негізін салушы. Оның халықтың бай ауыз әдебиетін, ертегі-аңыздарын, эпостық жырларын, шешендік сөздерін, мақал-мәтелдерін, нақылдарын да үнемі жинап-теріп, бастырып шығарғаны да белгілі. Бұған 1895 жылы «Тургайская газетінде» бастырған «Киргизская приметы и половицы» деген материалын келтіре аламыз. Және де қазақтың эпостық жыры «Ер Сайында» алғы сөз бен түсініктемелер жазып, оны 1923 ж. Москвада, ал 1926 жылы «Жиырма үш жоқтау» деген атпен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын жоқтау жырларды жинақтап жариялады.

Ақанның әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласын атай аламыз. Онда қазақ халқының рухани өмірінде маңызды орын алатын Абайдың өмірі мен шығармашылығы жете ашылып, туындыларындағы мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қыры талданған.

Әдебиетті тереңінен зерттей келе, 1926 жылы әдебиет тарихы мен теориясын қалыптастырған «Әдебиет танытқыш» еңбегі жарық көреді. Бұл кітапта әдебиеттің барлық жанрына, көркемдік құралдарына таза қазақша, соны, жаңа анықтама беріп, терминдік ұғым тудырады. Мәселен, арнау(зарлай арнау, жарлай арнау), ауыстыру, әсірелеу, бүкпелеу, бейнелеу, дамыту, көрнектеу, кекесіндеу, мегзеу, теңеу, түйдектеу, теңдестіру, үдету тәрізді жеке сөздерді, өлең айшықтары, шумақ түрлері, тармақ толғаулары, тармақ кезеңдері, заман хат, тарихи әңгіме, саясат, шешен сөз, билік шешен сөз, қошемет шешен сөз, көсем сөз, айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең тәрізді тіркесімдері тұңғыш рет терминдік мәнге ие болған.

Өнер адамы. Ахмет Байтұрсынұлының музыкалық мәдениетке деген көзқарасы жайлы нақты деректер көп емес. Және оның қазақ халқының ән өнерін зерттеуге қосқан үлесін, музыкант, этнограф, композитор Александр Затаевичке көрсеткен қолдауын біреу білсе, біреу біле бермейді.

Александр Затаевич «Қырғыз (қазақ) халқының 1000 әні» кітабының бірінші басылымының алғысөзінде бұл еңбектің жарық көруіне ықпал еткен бірнеше адамның есімін ерекше атаған. Олардың ішінде әсіресе, Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейханның түсініктемелері мен нұсқаулықтарын көп пайдаланғанын жазған: «Туған елінің әндерін шын сүйетін және білетін жан ретінде, оларды нақышына келтіріп орындаушы және тамаша домбырашы ретінде Байтұрсынұлын отандастары да өте жоғары бағалайды. Ахмет Байтұрсынұлының білімі мен біліктілігінің бұл қырын бағалауға менің де мүмкіндігім болды. Өйткені менің мына еңбегімді ол үнемі назарына алып, Торғай, Қостанай, Ақтөбе, Бөкей ордасы және Қарқаралы (Семей губерниясы) өңірлеріне тән өзі білетін, қойын кітапшасына түртіп алған әндердің жазбаларын беріп, тіпті тамаша екі күйді өзі домбырада шертіп берді. Қазақ тарихы, тұрмысы мен этнографиясының терең білгірі ретінде мен жинаған мол материалды жүйелеуге бағыт-бағдар сілтеп отырды. Оның бұл елеулі еңбегіне аса тәнтімін, айтар алғысым шексіз» [5].

Тағы бір сөзінде: «Қырғыз (қазақ) халқының 1000 әні» кітабында Байтұрсынұлы айтқан 19 әннің нотасы бар. Көпшілігіне жеке-жеке түсініктеме берілген. Мысалы, «Қара көз» әні жайында автор «әннің Байтұрсынұлы өндеген нұсқасы халық арасында кең танымал» деп жазады. Затаевич «музыкалық дарынның басты дәлелі – осындай қиын вокалдық пьесаны жаттап алып айту қабілеті» дейді [5].

Жоғарыда аталған «Әдебиет танытқыш» еңбегінде де қазақ музыкасының теориясы, күй теориясы, халық әндері, қазақ әндерінің басқа әндерден айырмашылығы туралы бөлімдер бар. Ол мұның бәрін әлем халықтарының әндерімен салыстыра отырып түсіндірген. Және де Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов сияқты қазақтың ән өнерін орындаушылары туралы да салмақты ойлар бар.

Ахмет Байтұрсынұлы үш бірдей музыкалық аспапта ойнағаны анық. Ол домбыра ғана емес, скрипка мен фортепьяно да тартқан. Оның скрипка тартқанын Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәр Дулатованың өзі көріп, естеліктерінде жазды. Деректер бойынша Ахмет Байтұрсынұлының үйінде қара пианино болған. Алайда оның музыкалық аспаптарының ешбірі өзі тұтқындалған соң сақталмаған. Байтұрсынұлының мұражай-үйінде тұрған қара пианино халықтың өткен тұрмысынан хабар беру үшін ғана қойылған. Ал шындығында оны Ахмет Байтұрсынұлы қаза тапқан соң көп жылдан кейін жиеншарына арнап сатып алған. Жиеншары оны мұражайға табыс еткен. Скрипка да, пианино да Байтұрсынұлының қазақтың халық музыкасымен ғана емес, классикалық музыкамен де әуестенгенін байқатады [5].

Қазіргі кезде Ақаңның «Аққұм», «Шилі өзен», «Екі жирен», «Қарғаш», «Қараторғай» сияқты бірнеше әннің авторы екендігі белгілі болып отыр. Демек бұл деректер негізінде Ақаңның өлең-жырларды тек жинақтап, зерттеумен ғана айналыспағандығын, өзінің де өнерге икемі бар дарын иесі болғанын сеніммен айта аламыз.

Келтірілген дәлелдерге сүйеніп Ақаңның сан қыры әлі толыққанды зерттеліп, ашылып болмағандығын, ұлт ұстазы, ұлы реформатор ғалымның халыққа сіңірген еңбегінен бөлек жеке тұлға ретіндегі сипатын да көпшілікке насихаттап, адами болмысын зерттеу жолында жұмыстар жүргізу керектігін байқаймыз.

Әдебиеттер:

1. Кекілбайұлы Ә.. Ұстаз ұлағаты. (А.Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары). - 81-103 бб.
2. Жұртбай Т. Ахмет Байтұрсынұлы және біртұтас алаш идеясы // Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, - Алматы: Елтаным, 2017. – 22-26 бб.
3. Айтбаев Ә.. Ұлт мәдениетінің Хантәңірі // Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Алматы: Елтаным, 2017. – 9-20 бб.
4. Байтұрсынұлы А. Бастауыш мектеп // «Қазақ» газеті. – 1914. - № 61.
5. https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_akhmet_baitursynuly_music/24707278.html

Шаяхмет А.

филология ғылымдарының кандидаты,
Қостанай өңірлік университетінің профессоры

АЛАШ ӘСКЕРІ

2017 жылы Алаш ұлттық автономиясының, Алаш партиясының және Алашорда үкіметінің құрылғанына 100 жыл толды. Еліміз 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің жүз жылдығын атап өтті. Кейінгі кезде көтеріліс басшылары мен Алашорда қайраткерлерін көзқарастарының қарама- қайшылығын тілге тиек қылған материалдар Ғаламтор бетінде көбейіп кетті. Бұл материалдардың басым көпшілігінің авторлары Совет Одағы кезіндегі шыққан әдебиеттерге сүйенеді. Ал советтік идеологияның негізгі мақсаты Алаш үкіметі мен оның жетекшілерін қаралау болғаны бесенеден белгілі. Оның үстіне биылғы жылы Октябрь төңкерісінің, яғни революцияның басталғанына да 100 жыл болады.

Заманға сай болу үшін қазақтың далада өскен баласы да әскер қатарына алынуы керек екендігін Әлихан Бөкейхан бас болған Алаш қайраткерлері қолдады. 1916 жылы 3 ақпанда Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Н. Бегімбетов Петроградқа барып, әскери министр генерал Поливановқа жолығып, қазақтарды әскерге алу мәселесін жеткізген. Қазақтарды тылдағы жұмысқа алу туралы патша жарлығы бойынша 19-43 жас аралығындағы қазақтар армияның қорғаныс құрылыстарын құру жұмыстарын жасауға тиіс еді.

М. Тынышбаев «Қазақ» газетінде: «қазақтарды әскери қызметтің қай түріне (атты не жаяу әскер) алынатындығы ғана ойландырады...Қазақтардың көпшілігі казак-орыспен теңесіп, жерімізді сақтау мақсатында атты әскер қатарында қызмет етудің тиімділігін

жақтадық. Қазақтардың тек азғана бөлігі жаяу әскер құрамында болуды қалайды» [1].- деп жазды.

«Қазақ» газеті халыққа жолдаған Үндеуінде: «Біздің жұртқа айтатынымыз, бұған көнбеске болмайды ...көнбейміз дегеннің сүйенгені жан тәттілік болса, салыстырып қаралық. Көнгенде: жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? Көнгенде: шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас... Көнбегенде көретін ауырлық: ...елдің берекесі кетеді, бас пен малға әлегі тиеді, елдің іргесі бұзылады» [2]. – деп түсіндірді.

«Қазақ» газетінде жарияланған «Торғай һәм Ырғыз уезінің халқына!» жазылған үндеудегі: «Бұл хатты жазушы біздер - өз балаларың, өз тумаларың. Жанымыз ашиды, қабырғамыз қайысады. Біздің ата-ана, туған-туыстарымыз іштерінде. Бізді қазақ баласы, қанына тартады, жаны ашиды десеңдер, тіл алыңдар! ...Біз газет арқылы болсын, ауызша да болсын, бұрын сан рет айтқанбыз, көнбесеңдер, елге бүліншілік болады, әскер шығады, түбінде алмай қоймайды дегенбіз. Сол айтқанымыз, міне, келді. Бұған біздің көзіміз бұрыннан жеткен. Әлі де болса, бізді осы елдің баласы екен дейтін болсандар, біздің ең соңғы, қысылғандағы ақылымызды алыңыздар! Түбінде іс өткен соң өкінгеннен пайда жоқ. Өлген тірілмейді, өшкен келмейді» деген жолдардан да олардың қазаққа қаншалықты жаны ашығанын айқын көреміз.

Қазақ зиялыларының көпшілігі сол кезде қазақтардың тылдағы жұмысқа баруына да қарсы болған жоқ. Ал он алтыншы жылы халық арасында толқу басталғанда олар елдің босқа қырылып қалу қаупін алдын ала білді. Жасанған жауға (жазалау отрядтарына) шитті мылтық және найзамен шапқан Аманкелді сарбаздары кейін большевиктер жағына шығып кетпегенде түгел қырылу қаупі шынында да зор еді.

Отыз жетінші жылы «халық жауы» деген желеумен атылып кеткен ақын Сейітжан Бекшентайұлы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде көтерілісшілер арасында болады. Олардың қолдарындағы қаруды мысқылдап, әзілдеп айтқан өлеңі ел аузында. «Сатып алдық бір-бір істік, мұныменен кімді пістік? Зеңбіректер тарс еткенде, бәріміз де артты қыстық» [3]., – депті сөзтапқыш ақын. Істігі кәдімгі штық дегені. Осы бір шумақ өлеңде сол кездегі заман шындығы дәлме-дәл бейнеленген.

Әрине, Аманкелді сарбаздарының көзсіз ерлігін ешкім де жоққа шығармайды. Алайда, әскери стратегия, тактика тұрғысынан оларға саяси баға беретін болсақ, көтерілісшілердің соғыс тәсіліндегі мергендер тобының құрылуы, олардың алдыңғы сапындағы Кейкі батырдың орны ерекше. Ал ашық майданда жолыққан сарбаздар мен жазалаушы отрядтардың қайсысының жеңіске жететінін болжамаса да болады. Зеңбірегі мен оксебері (пулеметі) бар, жақсы әскери дайындықтан өткен орыс отряды өзінен сан жағынан он есе артық болса да, сарбаздарды тас-талқан етіп жеңер еді.

Орыс отаршылдарының жалғасы іспеттес Кеңес билігі орнағаннан кейін қазақтың көрнекті ақыны Нұржан Наушабайұлы: «Алаш еді ұранымыз, дін-ислам құранымыз, дүния-ақірет жайынан қолда жоқ еш құралымыз, ата қоныс кетті қолдан, бұған бар ма қыларымыз?!» [4], - деп қамықты.

Қазақ ұлтының мүддесі үшін коммунистік партия қатарына кірген Ахмет Байтұрсынұлы 1920 жылдың 17 көкегінде В.И. Ленинге жазған хатында былай деп атап көрсетті: (орыс тіліндегі нұсқасын сол қалпында беріп отырмыз) «В виду изложенного представляется необходимость:

1) поставить во главе управления Киргизским краем настоящих идейных коммунистов и испытанных честных идейных работников из киргизских интеллигентов, которым народ вполне доверяет, но никоим образом коммунистов по названию. Настоящие идейные коммунисты и идейные работники из киргизов, хотя бы последние были не коммунистами, скорее могут найти общий язык для понимания друг друга и общие точки зрения на дела, чем поверхностные коммунисты как из киргизов, так и из других;

2) во всех органах власти, в ведении коих подлежат районы со смешанным населением, представителей угнетенной нации должно быть не менее 2/3.

3) управление хозяйственно-экономическим учреждениями Киркряя, независимо от централизации или децентрализации, должно находиться в руках киргизов без всякого раздробления и подчинения другим губерниям или областям под разными предложениями экономического тяготения;

4) вся политическая и культурная работа киргизских коммунистов и революционной интеллигенции должна основываться на началах советской социалистической хозяйственной политики;

5) создать военный округ, объединяющий Киргизию, с управлением в гор.Оренбурге;

6) гарнизоны в городах должны быть обязательно из киргизов;

7) в отношении границы Киркряя не должны допускаться никакие изменения, кроме нижеуказанных...» [5], (ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты, 811.20 бума, 568 іс).

Міне, осы құжаттан да Алашорда қайраткерлерінің Алаш әскерінің болашағына қатты алаңдағанын көруге болады.

Алаш әскері, Алашорданың атты әскер полктары туралы деректер кейінгі кезде ғана айтыла бастады. Лев Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің еуразиялық зерттеулер кафедрасының доценті Теңгеш Қаленова «ЖЕБЕ» сайтында 2013 жылы 29 тамызда жарияланған «АРҒЫ АТАМ – ЕР ТҮРІК, БІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІМІЗ!» атты мақаласында: «XX ғасыр басындағы қос төңкерісті аумалы-төкпелі заманда Қазақ елінің ұйытқысы бұзылып, әбден берекесі қашқан болатын. Әсіресе, азамат соғысының сұрапыл жылдарында қазақ жеріне кезек-кезек келген ақ гвардияшылар мен қызылдар әскерлері ауылдарды жан-жақтан тонап, әбден басынғаны белгілі. Осындай аласапыран уақытта Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлері қысқа уақыттың ішінде панасыз қазақ ұлтына қорған болатын Алаш полкын құрған. Қазақ зиялылары алдымен үш адамнан тұратын Әскери кеңес құрған. Ал 1918 жылдың 25 маусымы – ақ гвардияшылар мен ақ казактар және большевиктер әскерінен бірнеше жақтан қыспаққа түскен қарусыз қазақ халқын қорғау, елдегі тұрақсыз саяси жағдайды бақылауға алу мақсатында Алашорда үкіметі шешімімен Алаш халықтық милициясы құрылған күн. Сөйтіп Алаш зиялылары Ресей бодандығын қабылдаған кезден бастап араға жүз жылдан астам уақытты салып тұңғыш рет Қазақ ұлттық әскерін жасақтауға қол жеткізеді» - деп жазыпты.

Әлихан Бөкейхан өзі жолдаған жеделхатта: «Құрылтай уәкілдігінің комитеті Алашты автономиялы жұрт деп таныды. Бар күшті ұлт әскерін жасауға салындар. Алаш – Россиядағы одақтас мемлекеттердің бірі. Сондықтан тіреудің бір ұшы – Алаш әскері. Алаш полкіне не керегін тауып беріп, таратпаңдар. Керек нәрсені, қаншама болсын, қарыздануға қорғанбандар. Жетік, білікті қару алсын. Алаш отрядының Орал, Торғай бөлімдерінде әскер жасау жұмысы жалғассын. Оралда қазақ офицерлерін шығармаңыз. Алашорда бастығы Бөкейханов» («Абай», 1918, 25 қыркүйек, №10) [6], - деп жазды.

Сәбит Мұқанов «Өмір мектебі» романында былай дейді: «Жиналыс биіктеу дөңнің қырқа жотасында ашылды. Жотаға Алашорда адамдары және оларға тілектестердің біразы, - барлығы екі жүзге тарта адам, - салт атқа мініп, әскерше он-оннан сапқа тұрып, командирше олардың алдында Дулатов оғаш отырып, «Арғы атам ер түрік» деп аталатын, Алашорданың гимнін әндете қосылып айтып барды...» [7]. Гүлнар апай Дулатова сол тұста Қостанайда Алашорда комисары болған Елдес Омарұлының зайыбы Эльза туралы және Міржақыптың үзеңгілес серіктерінің бірі, қазіргі Қостанай облысының Қарабалық өңірінде туып-өскен Ғаббас Нұрымовтың үйінде болғанын тебірене жазады. Ғаббас тұңғыш рет Алаш маршын орындаған. Кейін Совнаркомда жауапты қызмет атқарған, білікті аудармашы болған ардагер ағалардың бірі. Г.Дулатова «Өмір өткелдері» атты кітабында: «Торғайда төңкеріс қызу жүріп жатқан. Әлі есімде, тәтемдер елге келгенде, өлең-жыр ағылатын. Сонда Ғаббас Нұрымов бастап, қалғандары шырқай қостап, мына өлеңді айтып бара жатты: Ол «Арғы атам – ер Түрік, Біз – қазақ еліміз...» - деген жолдардан басталатын. Міржақыптың құдай қосқан қосағы Ғайнижамалдың айтуынша, Ғаббас Нұрымов сәнді киінетін, домбыра мен мандолинді құйқылжыта тартып, ән салатын», сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз жігіт болған

деген дерек келтіреді. Ал Алаш маршы атанған бұл әннің сөзін жазған Жүсіпбек Аймауытов екені белгілі.

«Арғы атам - ер Түрік,

Біз қазақ еліміз.

Самал тау, шалқар көл

Сарыарқа жеріміз.

...Ат мінсек, жел болып,

Суылдап шабамыз.

Лап десек ерленіп,

Дуылдап жанамыз.

...Ер түрік ежелден

Оқ тескен етіміз.

Қаймығып еш жаудан

Қайтпаған бетіміз » - деп келетін жорық жыры азаттық аңсаған ел еңсесін көтергені де ақиқат.

Мырзағазы Есболұлы – Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, 1891 жылы Қостанай уезі Аманқарағай болысының №4 ауылында, қазіргі Лаврентьевка елдімекенінің маңында туған. Мырзағазы Есболұлы Айкап” журналына, «Қазақ газетіне» ауыл мен жер мәселесі, қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалысы туралы мақалалар жазып тұрған. Қазақ комитеттерін құруға, жалпықазақ съезін шақыруға қатынасқан.

1917 жылы Алашорда үкіметінің әскери бөлімінде қызмет атқарып, Алаш милициясын жасақтауға белсене қатысады. 1920 жылдан кейін халық ағарту саласында еңбек етіп, Ташкентте ашылған Қазақ педагогикалық институтында оқытушы болып қызмет атқарды. 1930 жылы сәуірде 10 жылға Соловецк лагеріне айдалып, 1938 жылы Ленинградта ату жазасына кесіледі

Сәбит Мұқанов «Казахстанская правда» газетінің 1937 жылғы 18 маусымда жарық көрген «Об ошибках писателя Б. Майлина» деген мақаласында: «Все эти ошибки не случайны. В №№ 20-22 алашординской газеты «Жас азамат», издаваемой в Петропавловске в 1918 г. Б.Майлин поместил два стихотворения, где он как довролец Алашского полка, сформированного Эльдесом Омаровым, призывает казахскую молодежь и всех трудящихся поддержать злейшего врага казахского народа – Алашорду» - деп жазды. Бұл деректен анық байқайтынымыз, Қостанайдағы Алаш полкінің құрамында Би-ағаң да болған.

Алашорданың Торғай бөлімшесіне 1918 жылы қыркүйекте 300 берденке, 20 мың патрон және көп мөлшерде киім-кешек бөлінді. Қостанай мен Ырғыз уездерінде екі атты полк құруға атаман Дутов көмек қолын созды. Бейімбет Майлиннің осы тақырыпқа арналған «Еліме» деген өлеңі «Сарыарқа» газетінде жарық көрді.

«Қазақстан тарихы» сайтында Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к. К. Илиясова «1918 жылдың 29 желтоқсанында Қостанайдағы 2-ші қазақ полкі Қоңырау станциясына (Орынбор губерниясы) бет алған, оның құрамында Елдес Омарұлы да болған» [8] - деген дерек келтіреді.

Қазақтың тақтақ ақыны Нұржан Наушабайұлы 1918 жылы «Қазақ» газетіне «Алашордаға» деген өлеңін бастыртады.

«Бірлік қылсаң, Алашым,

Ілгері қарай басасың.

Қол ұстасып ұмтылсаң,

Қатар жұрттанасың.

Атағың мәңгі қалдырып,

Жасасын Алаш, жасасын!» [9], - деген жолдардан оның бұдан бұрын жазылған «Ұйықтама, оян, Алашым!» жырының жалғасын тапқанын аңғарамыз. Алаш әскері құрылған тұста Міржақып Дулатовтың «Алаш гимні», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Алаш ұраны» өлеңдері де жазылған. Оларды да қазақ әскері әнге қосып айтқан. Бір өкініштісі, Қостанайда құрылған Алаш әскерінің құрамында тағы кімдер болды деген сауалға жауап табылмай

келеді. Бәлкім, мұрағаттардан келешекте табылып қалуы мүмкін. Алаш әскері сапында болған азаматтар ел қорғаны болғаны, туған жері мен елі үшін жан қиюға дайын перзенттер екені дау туғызбайды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жүгенбаева Г. Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі. - Алматы 2000.
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Нысанбаев Ә. – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.
3. Ақылбек Шаяхмет. «Тайбағар». - Астана: «Фолиант», 2011.
4. Ахмет Байтұрсынұлы. Алты томдық. - Алматы: «Ел-шежіре», 2013.
5. ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты, 811.20 бума, 568 іс.
6. «Абай», 1918, 25 қыркүйек, №10.
7. Сәбит Мұқанов. «Өмір мектебі». - Алматы, «Жазушы», 1980.
8. «Қазақстан тарихы» сайты. 2021.
9. Нұржан Наушабайұлы. «Ұйықтама, оян, Алашым!». - Астана: «Фолиант», 2014.
9. Сәбит Мұқанов «Об ошибках писателя Б. Майлина» «Казахстанская правда», 1937 ж. 18 маусым.
10. «Естеліктегі Алаш». Еуразия Ұлттық университеті. - Қарағанды, 2018
11. Гүлнар Дулатова. «Шындық шырағы:». Естелік-эссе. - Алматы: «Мектеп», 2013.

Каримов Б.Р.

д.филос.н., проф., академик Международной Академии Информатизации,
Директор Международного института языка Ортатюрк

АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ И ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ И КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

100-летие первой казахской общенациональной газеты «Казах», редактором которой был великий казахский просветитель Ахмет Байтұрсынұв, является крупным событием не только для казахского народа, но и для Тюркского мира в целом. Газета сыграла важную роль в развитии национального сознания и самосознания казахского народа, находившегося на переднем фронте сопротивления колонизаторскому наступлению Российской империи на Тюркский мир. Смелость в борьбе против гегемонистской шовинистической имперской политики Ахмет Байтұрсынұв унаследовал от своего отца Байтұрсына, который смело и решительно выступил против начальника Торгайского уезда Яковлева. Ахмет Байтұрсынұв внёс крупный вклад в казахскую и тюркскую лингвистику, литературу и литературоведение. Следует особо отметить вклад Ахмета Байтұрсынова в тюркологию, так как он многое сделал для сохранения и развития целостности Тюркского мира, даже зная, что заниматься тюркологическими исследованиями в тот период было смертельно опасно. Его проект реформирования арабского алфавита имел общетюркское значение, однако тоталитарно-шовинистическая политика Сталина была направлена на русификацию тюркских народов и поэтому в итоге алфавиты тюркских языков были принудительно переведены на кириллицу, а все те, кто был против этого, в том числе и Ахмет Байтұрсынұв, были жестоким образом репрессированы и ликвидированы. Ахмет Байтұрсынұв активно участвовал в деятельности партии «Алаш» и правительстве «Алаш орды», которые также имели общетюркское значение. Ахмет Байтұрсынұв сделал огромный вклад в просвещение народа, создав ряд учебников и учебных пособий, будучи редактором газет, ученым, поэтом, переводчиком, учителем и крупным организатором просветительской деятельности.

В современную эпоху, также как и во времена Ахмета Байтұрсынова, актуальны проблемы сохранения и развития Тюркского мира и развития казахского языка и в целом тюркских языков.

Тюркская цивилизация является одной из древнейших цивилизаций мира. Истоки её уходят к 5-6 тысячелетию до нашей эры, когда Древний Шумер как первое государство, образовавшееся на территории расселения протоалтайских и прототюркских народов (территории нынешних государств Турция, Иран, Азербайджан, Афганистан, Туркменистан,

Узбекистан, Таджикистан, Казахстан, Кыргызстан, СУАР в КНР и др.) в числе первых в мире создал великие достижения человеческой цивилизации – развитые формы государства, этнической общности, языка, письменности, мифологии, религии (Тенгрианство). После завоевания Древнего Шумера семитскими племенами и включения его территории в Древний Аккад, и затем в Древний Вавилон, новые эпицентры развития Тюркской цивилизации возникают на оставшихся её территориях. После завоевательных нашествий на эти территории скотоводческо-земледельческих полукочевых племен древних арийцев в XII-VII веках до нашей эры на значительной части этих территорий образуются государства с арийской государственной элитой, но значительную часть населения в них продолжают составлять потомки прототюрков, древние тюрки, а также смешанное арийско-древнетюркское население. Древние археологические памятники культуры на территории Турана свидетельствуют об этом. Тюркская цивилизация, находясь на пути между ведущими государствами, цивилизациями, культурами Востока и Запада, Севера и Юга, выступала как цивилизация, оказывавшая значительное влияние в системе цивилизаций мира. Особую роль она играла на Великом Шелковом пути. Тюркский язык был одним из ведущих международных, мировых языков на этом пути. Тюркская цивилизация создала целый ряд государств, имевших большое влияние на развитие мировой истории, культуры, науки и искусства. В современную эпоху нового возрождения, Ренессанса Тюркской цивилизации она имеет возможности интенсивно развить свою культуру и язык, посредством использования достижений современной мировой цивилизации.

В процессе глобализации идет формирование многополюсного мира, что связано с возникновением новых полюсов, центров геополитической силы. Этими центрами выступают чаще всего локальные цивилизации. Тюркская общность народов внесла и вносит оригинальный и значимый вклад в мировую историю и мировую цивилизацию, поэтому она способна самоорганизоваться в форме локальной цивилизации. Тюркской общности народов целесообразно сформировать у своих членов тюркское локально-цивилизационное мировоззрение. Фундаментальной идеей локального цивилизационного мировоззрения является идея цивилизационизма, идея цивилизационной солидарности, единства исторических корней и исторической судьбы народов, относящихся к данной локальной цивилизации, необходимости их сотрудничества для решения стоящих перед ними общих проблем. Для перспектив развития Тюркской цивилизации в современной мировой информационной цивилизации большое значение имеет идеология тюркизма, являющаяся идеологией имеющей целью формирование Тюркской локальной цивилизации. Кратко резюмируя ряд исследований в данном направлении можно утверждать, что следующие концепции и положения соответствуют идеологии тюркизма, интересам Тюркской цивилизации в целом и каждого из тюркских народов в отдельности:

По цивилизационным вопросам [1, 2, 3, 4]: 1) Поддержка концепции этнолингвопанизма [3], концепции тюркизма и возрождения Тюркской цивилизации, разъяснение и поддержка концепций демократического тюркизма и ортатюркизма [1, 2]; 2) Позиция против концепции массовой культуры, против ликвидации национальных культур, за равноправный диалог, полилог локальных цивилизаций в рамках мировой цивилизации; 3) Поддержка концепции формирования среднеалтайского языка, общеалтайского мировоззрения и единого общеалтайского информационного пространства [4].

По политическим проблемам [4]: 1) Создание Тюркской Конфедерации государств (ТКГ). Конфедерация должна обеспечивать сохранение суверенитета отдельных тюркских государств и их членство в ООН; 2) Соблюдение устава ООН, поддержка её международной деятельности; 3) Поддержка концепции международно-правовой защиты прав человека; 4) Поддержка геополитической концепции многополярного мира. Одним из полюсов при этом может стать Тюркская Конфедерация; 5) Расширение Шанхайской Организации Сотрудничества (ШОС), и превращение её, в Организацию по безопасности и сотрудничеству в Азии (ОБСА), в аналог Организации по безопасности и сотрудничеству в

Европе (ОБСЕ). Организация «Совещание по взаимопониманию и мерам доверия в Азии», созданная по инициативе Казахстана, может слиться с ОБСА.

По экономическим проблемам [4]: 1) Создание Тюркского экономического пространства, экономического союза в рамках ТКГ; 2) Поддержка концепции Всемирных денег в системе ООН. Национальная валюта отдельной страны и даже группы стран не способна обеспечить устойчивую реализацию функции Всемирных денег; 3) Поддержка Концепции человеческого развития и Концепции Целей развития тысячелетия.

По военным вопросам: 1) Создание в рамках Тюркской конфедерации государств военного оборонительного союза на базе имеющейся системы межгосударственных договоров с сохранением суверенитета каждого тюркского государства; 2) Поддержка договора о нераспространении ядерного оружия и договора о безъядерной зоне в Центральной Азии с адекватным совместным своевременным реагированием ТКГ на происходящие в мире изменения в сфере ядерных угроз и ядерной безопасности.

По национальному вопросу [1, 2]: 1) Поддержка ойкуменической концепции нации, этносистского гуманизма и гуманистического этноцизма и соответствующей концепции межнациональных, международных отношений. Опровержение крайних форм конструктивизма, инструментализма и примордиализма; 2) Поддержка концепции равноправия наций, борьба против гегемонизма, шовинизма одних наций против других; 3) Поддержка концепции межнациональной толерантности; 4) Поддержка концепции трехуровневого равноправия наций и их языков; 5) Поддержка принципа права наций на самоопределение, концепции адекватного понимания права наций на сепарацию, отделение и образование своего независимого государства признаваемого ООН. При этом использовать принцип компактификации и стягивания этнических территорий наций внутрь образующихся своих отдельных национальных государств [5].

По проблемам культуры [4]: 1) Поддержка Концепции культурного разнообразия; 2) Создание общетюркской культуры путем усреднения и на базе языка ортатюрк для развития культуры, как отдельной тюркской нации, так и Тюркской цивилизации в целом; 3) Поддержка деятельности ЮНЕСКО по защите языков от гибели; 4) Поддержка межкультурного диалога, полилога и толерантности [6]; 5) Поддержка концепции глобальной экокультуры, планетарной этики [7].

По проблемам религии [4]: 1) Поддержка концепции свободы совести и вероисповедания как личной свободы отдельного человека. Отказ от отождествления национальной и религиозной идентичности, признание их взаимной независимости [8]; 2) Поддержка концепции светского государства в мире и в каждом из тюркских государств; 3) Поддержка межконфессиональной толерантности; 4) Поддержка права тенгрианства как древнейшей религии протоалтайцев, прототюрков и древних тюрков на своё добровольное возрождение, без принуждения индивидов и социальных групп [9].

По проблемам истории [10]: 1) Выработка координированной концепции всемирной истории, истории Тюркской цивилизации, истории отношений между тюркскими и другими народами; 2) Выработка согласованной концепции этногенеза и культурно-исторического наследия тюркских народов; 3) Развитие исследований о роли Тюркской цивилизации в древнем глобальном взаимодействии цивилизаций через Великий шелковый путь и в процессе формирования великих евразийских империй; 4) Углубление исследований в сфере шумерологии в рамках концепции исторической взаимосвязи Тюркской цивилизации с Шумерской, тюркского языка с шумерским, тюркского тенгрианства с шумерским [9].

По проблемам науки [11]: 1) Создание Фонда научных исследований ТКГ; 2) Создание Ассоциации Академий наук тюркских государств; 2) Создание в каждом тюркском государстве Тюркской Академии (ТА). Целесообразно, чтобы эти ТА входили в систему международной организации «Международная Тюркская Академия» (МТА). Тюркская Академия, созданная в Астане, могла бы выступить началом этого объединения интеллектуальных сил Тюркской цивилизации. При ней целесообразно создать

Международный институт языка ортатюрк с международным финансированием и создать там этот язык, который поможет всестороннему развитию Тюркской цивилизации.

По лингвистическим вопросам [13, 14, 15, 16, 17]: 1) Создание среднетюркского языка ортатюрк методом усреднения норм тюркских языков, признание его в качестве языка межтюркского межнационального общения, языка информации имеющей общетюркское и мировое значение и достижение признания его в качестве одного из языков ООН. Это обеспечивает равноправие всех тюркских языков между собой, каждый из тюркских народов имеет право использовать свой тюркский язык как государственный язык в своем национальном государстве и развивать его в меру своих возможностей. Механизм усреднения при создании норм языка «ортатюрк» дает близость к языку предков современных тюркских народов и внесение в язык ортатюрк основной части своего языкового наследия каждой из тюркских наций; 2) Создание системы усредненных языков для родственных языков; 3) Создание всемирного общечеловеческого языка на основе всех языков мира посредством системы усредненных языков; 3) Поддержка концепции государственного статуса национальных языков; 4) Поддержка концепции «понятных» языков. Близкородственные языки могут официально быть признанными в качестве «понятных» языков на определенных территориях, в том числе и других государств; 5) Создание координированной и унифицированной системы алфавитов национальных тюркских языков и языка ортатюрк; 6) Создание координированной и унифицированной системы терминов тюркских языков [16]; 7) Поддержка концепции межъязыковой толерантности; 8) Поддержка концепции культурного разнообразия и защиты национальных языков.

В целом система этих концепций даёт основы тюркского мировоззрения, при сохранении постмодернистского мировоззренческого плюрализма во многих других аспектах мировоззрения (онтология, гносеология, методология, этика, эстетика и др.) [4].

Среднетюркский язык ортатюрк в лексическом аспекте будет близок к языку Абая (1845-1904), одного из последних классиков, писавших на региональных вариантах литературного тюркского языка до юридического превращения этого великого международного языка мировой цивилизации в мертвый язык в 1924 году. Эта шовинистическая, отрицающая право наций на самоопределение акция была осуществлена в ходе так называемого «национально-государственного размежевания» произведенного посредством массового кровавого террора под руководством Сталина без выявления свободного волеизъявления народа Туркестана.

Реализация изложенных в данной статье концепций выступила бы как фактор инновационного модернизационного прорывного повышения роли Тюркской цивилизации и тюркского языка в системе мировой цивилизации, а также индустриально-инновационному развитию Казахстана и прорывному инновационному повышению международного и внутригосударственного статуса казахского языка [17].

Литература:

1. Karimov B.R. The oikumenic concept of the nation and development of languages. Ойкуменическая концепция нации и развитие языков. – Qarshi, Nasaf, 2003.
2. Каримов Б.Р. Ойкуменическая концепция нации и развитие языков. – Якутск, 2004.
3. Каримов Б.Р. Этнолингвопанализм как одна из форм идеологического обоснования взаимообогащения культур // Проблемы обоснования в контексте развития культуры. – Уфа. 1991.
4. Каримов Б.Р. Национальная философия отдельного тюркского народа в контексте тюркской и мировой философии // Туркология, № 3(53), 2011.
5. Каримов Б.Р. Формирование нации и проблема соотношения этнической территории нации и территории ее национального государства // Актуальные проблемы социально-гуманитарных наук. - Ташкент, 2005.
6. Karimov B.R. Oikumenic theory of nation and problem of tolerance in the conception of ethnolinguapanism and ethnosism. // Толерантность: идея традиций. Материалы Международной научной конференции «Через толерантность к взаимопониманию и миру». – Якутск, 1995.
7. Аюпов Н.Г., Нысанбаев А.Н. О тюркской фальсафе // Тюркская философия: десять вопросов и ответов. – Алматы, 2006. – С. 112-127.

8. Каримов Б.Р. Проблемы соотношения национальной и конфессиональной самоидентификации личности и гуманизм // Логос. Культура. Цивилизация. – Якутск, 2003. – С. 74-77.
9. Каримов Б.Р. Тенгрианство и тюрки: история и современность // «Шаманизм как религия: генезис, реконструкция, традиции». – Якутск, 1992.
10. Каримов Б.Р. Пути укрепления международного сотрудничества в социогуманитарных исследованиях // Актуальные проблемы филологии и социально-гуманитарных наук. – Шымкент, 2006. –С.4-9.
11. Каримов Б.Р. Тюркская академия и Центр исследования Тюркского мира // Гуманитарная наука сегодня. В 3-х тт. Т.1. – Караганда, 2010. – С.49-51.
12. Каримов Б.Р., Муталов Ш.Ш. Ургатурк тили. – Тошкент, 1992.
13. Каримов Б.Р., Муталов Ш.Ш. Усредненные языки: попытка решения мировой языковой проблемы. – Ташкент: Фан, 2008.
14. Karimov B.R., Mutalov Sh.Sh. Averaged languages: an attempt to solve the world language problem. – Tashkent: Fan, 1993. (второе издание в 2008 г.).
15. Karimov B.R., Mutalov Sh.Sh. Ortak Turckce // Bilig. Bilim ve Kultur Dergisi. Sayi-3/Guz'96, S.190-199.
16. Каримов Б.Р. Координирующая терминологическая система для группы родственных языков // Компьютерный фонд терминов тюркских языков. – Туркистан-Шымкент, 1995.
17. Каримов Б.Р. Как превратить язык Абая в мировой язык? (Проблемы и пути развития тюркских языков и их письменности) // Наука. Философия. Религия. – Алматы: КазНПУ, 2008. – С.22-26.

Мусаев С.Ж.

филология и.д., профессор,
Бишкек шаары, Кыргызстан

А. БАЙТУРСУНОВДУН АЛФАВИТИ – КЫРГЫЗ УЛУТТУК ЖАЗУУСУНУН БАШАТЫ

Кыргыз тилинин тыбыштык системасына жакындатылган араб алфавити 1928-жылга чейин колдонулуп, ала реформаланган араб алфавити деп аталып келген... Суроо туулат: араб алфавитин ким реформалаган, качан реформалаган?

Бул маселе бизде алиге чейин такталбаган бойдон калып жатат. Ал гана турсун кыргыз тил илиминин тарыхында араб алфавитинин реформаланыш маселеси жагдайында ар тәрдь кѣзкараштар айтылып, бири-бирине карама-каршы, кайчы пикирлер жашап келе жатат. Маселен, филология илимдеринин доктору С.М. Кудайбергенов «...араб алфавити Касым Тыныстанов тарабынан 1923 жылы реформаланган. «Эркин Тоо» гезити ошол реформаланган алфавите чыккан» деген пикирди айтса, дагы бир эмгегинде «реформа 1925 жылы майда Пишпек шаарында ѳткѣн Кара Кыргыз автономиялык областынын илимий педагогикалык I съездинде ишке ашырылат», - деген пикирин айтат.

Ал эми кѣпчѣльк эмгектерде араб алфавитин ким, качан реформалагандыгы жѣнѣндѣ так пикир айтылбастан, жѣн гана араб алфавити реформаланган, кыргыз тилинин тыбыштык тѣзѣльшѣнѣ ылайыкташтырылган делип келе жатат.

Жалпыга белгилѣ, 1920 жылдары кыргыз жергесинде орто окуу жайлары, институттар жок болгондуктан, кыргыздын зирек, дилгир жаштары билимин улантуу ѳчѣн Ташкент, Алматы шаарларындагы окуу жайларынан окушкан. Кыргыздын тунгуч жазмакерлери Садык Карач уулу, Касым Тыныстанов уулу, Аалы Токомбай уулу ж.б. алгачкы чыгармаларын казак гезит-журналдарына чыгарышкан. Ал эми ошол учурда казак жазуусу «Байтурсуновдук алфавит», «Байтурсуновдук орфография» деген атменен белгилѣ болуп, араб алфавитинин Ахмед Байтурсунов тарабынан реформаланган казакча варианты кеѣири колдонулуп калган эле.

1924 жылы белгилѣ окумуштуу Е.Д. Поливановдун «Казак, кыргыз (Байтурсуновдук) орфографиясы» аттуу илимий макаласы САГУ– нун бюллетенинде жарыяланат. Ал макалада А.Байтурсунов казак тилинин тыбыштык тѣзѣльшѣнѣ ылайыктап араб алфавитин реформалагандыгы жана ал алфавит 1920 жылдары кеѣири пайдаланылгандыгы жѣнѣндѣ айтылат.

Кыргыздын алгачкы тилчиси тунгуч кызыл профессор Касым Тыныстан уулунун «Кыргызстанда жабы алфавит ычын он жылдык кырыш» аттуу илимий материалы менен таанышсак, анда Касым Ахмед Байтурсуновду да эскерип, 1925 жылы 25-27 майда Пишпекте өткөн илимий-педагогикалык I съезде алфавит маселеси боюнча Эшенаалы Арабай уулу сунуш эткен илимий пикирди жактап сөз сүйлөгөндөгү жөнүндө маалымат берет, б.а. съезддин кын тартибиндеги негизги маселе – алфавит боюнча талкууда араб алфавитин калтыруу жана анны мындан ары да реформалоо керектигин кубаттап сүйлөйт.

Демек, ушул эки маалымат жана К. Карасаевдин «Эркин-Тоонун» биринчи номурун чыгарууда негизги колдонмо казак орфографиясы, жазуусу болгон деген маалыматы араб графикасын кыргыздардын пайдаланган мезгилиндеги, өзгөчө анын реформаланыш мезгилиндеги, айрым фактыларды бири-бирине салыштырып кароо керек экендигин айгинелеп турат.

Ахмед Байтурсуновдун турмушундагы бизди кызыктырган бир учур 1917 жылдын аягынан баштап «Казак» гезитинен кетип, ошол кезде тзылгөн «Алаш Ордо» партиясынын ишине аралашкандыгы менен байланышат. 1919 жылдын тартып А. Байтурсунов «Алашордо» партиясынан кол ызып, агартуу системасында көп жыл эмгектенет. 1920 жылдардан тартып Казак АО Эл агартуу комиссары, андан кийин Эл агартуу комиссариатынын алдындагы академиялык борбордун төрагасы, кийин ал борбордун мчысь болуп кызмат аткарат.

1924 жылдын 12-18 июнунда Оренбург шаарында өткөн казак билимпоздорунун тунгуч съездине кыргыздардын өкөл болуп Эшенаалы молдоке катышат. Съезддин жыршындө ал президиумдун мчысь болуп шайланат да, 15 жана 18 июндагы жыйынга төрагалык кылат. Бул съезде А. Байтурсунов да болуп, өз реформалап 1913 жылдардан бери “Казак гезитин чыгарып” жыргөн араб алфавитин коргоп бир нече ирет сөз сүйлөйт. Ахмед Байтурсуновдун алфавитин жактап Эшенаалы Арабай уулу да сүйлөгөн.

Мындан кийин Ахмед Байтурсунов Кара Кыргыз автономиялык областынын 1925 жылы 25-27 майда Пишпекте өткөн илимий-педагогикалык I съездине атайы чакыртылып, Эшенаалы Арабай уулу сунуш кылган маселени жактап сөз сүйлөйт. Арийне, жогорку фактылардан керынгөндөй, Казак, Кыргыз элинин эки залкар илимпоз агартуучуларынын ортосундагы илимий-агартуучулук достук байланыш 1910 жылдардан башталып, өмрлөрүнүн акырына сейин улантылат. Араб алфавитин казак тилинин фонетикалык түзүлүшүнө ылайыктап реформалоону Ахмед Байтурсунов 1913 жылдардан баштайт да, 1920 жылдары казактар ушу алфавитти кеири пайдаланышат. Ошондуктан 1920 жылдардан тартып «Байтурсуновдун графикасы», «Байтурсуновдун орфографиясы» деген термин кеири колдонула баштайт. Демек, ушундан улам кыргыз тилинде араб алфавитинин реформаланыш маселеси Ахмед Байтурсуновдун жеке эмгеги менен да байланыштуу каралышы мүмкүн.

Жогоруда айтылган фактылардан кийин ой туулат: Кыргыздарараб алфавитин атайлап реформалашканбы же «Байтурсуновдук орфографияны», «Байтурсуновдук алфавитти» эле пайдаланышканбы?

Албетте, кыргыздар алфавитке реформа жыргызыгө аракеттенген. 1920 жылдардан баштап Търкстан АССР Эл агартуу комиссариатынын алдындагы Мамлекеттик окумуштуулар кеешинде кыргыз, казак билим комиссиясы биргелешип иштеп турган мезгилдеги максаттардын бири—араб алфавитин официалдуу тырдө реформалоо маселеси болгон. Бул мезгилде Эл агартуу комиссариатында А. Байтурсунов да, Эшенаалы Арабай уулу да иштегендиги белгилы. Эшенаалы молдоке «Байтурсуновдук алфавитти» негиз кылып алып, араб алфавитин кыргыз тилинин тыбыштык тзылышынө «ылайыктаган». Бирок кыргыз тилине «ылайыктоодо» «ылайыкталган» ал алфавит «Байтурсуновдук алфавиттен» эч айырмаланбагандыгын буларды салыштырганда эле ачык керөбыз.

Казак алфавити

Байтурсуновский алфавит			Примерное произношение
до 1927	после 1927	НТА	
ا	а	a	a
ب	б	b	б
پ	п	p	п
ت	т	t	т
ج	ж	ǰ	ж
چ	ш	ç	ш
د	нет замена	d	д
ر		r	р
ز		z	з
س		s	с
ش		ʃ	ш
ڭ		ŋ	глубокое (заднее) проточное г
ك		k	к
گ		g	г
ن		n	
ل		l	л, ль
م		m	м
ن		n	н
و		o	о
و		u	у
و		v	w
و		e	e
و		b	типа ы
ا		í	и
ه		e	с приб.англ
ی		-	знак смягчен. глас.
ی		-	
ی	нет замена	-	
ی		-	

Кыргыз алфавити

На арабской основе		Примерное произношение
ا	a	a
ب	b	б
پ	p	п
ت	t	т
ج	ç	англ. дж
چ	c	ч
د	d	д
ر	ɖ	г
ز	z	з
س	s	с
ش	ʃ	ш
ڭ	ŋ	глубокое проточное г)
ك	k	глубокое заднее к)
گ	g	
ن	n	
ل	l	л, ль
م	m	м
ن	n	
و	o,ё	
و	y	у
و	v	белоруск. у, англ.
و	e	е
ه	i	ы
ی		
ی		

	۶						
ق	ق	۹	глубокое заднее				

Айрым бир официалдуу маалыматтарга караганда «... кыргыздар араб алфавитине ёзьлёръ атайын реформа жьргъзбёгён. Реформаны Оренбург шаарында казактар жьргъзъшкён. Ушуга карата кыргыздар да алфавитти ёз тилине ылайыктап, басма адабияттарын чыгарышкан», - деген пикир бар Бул пикирдин биринчи бёлъгъ гана туура, б.а. «кыргыздар араб алфавитине ёздёръ атайы реформа жьргъзбёгён» дегени гана чындыкка жакын. Кийинки бёлъгъ таптакыр туура эмес. Анткени жогорто сёз болду, казактар араб алфавитин официалдуу тьрдё 1924 жылы 12-18 июнда Оренбург шаарында ёткён казак илимпоздорунун тунгуч съездинде реформалайт. Демек, казактардын съезди Эшенаалынын «Алиппеси», Касымдын «Окуу китеби» чыккандан кийин ёткён. Чындыгында биздин илимий-педагогикалык I съездибиз Эшенаалы молдокенин «Алиппеси», Касыкенин «Окуу китеби» жазылган алфавитти кандай «реформаласа», казак илимпоздорунун тунгуч съезди А. Байтурсунов тарабынан да мурдатан эле «реформаланып», 1920 жылдардан бери кеъири пайдаланып келген «Байтурсуновдук алфавитти» так ошондой эле «реформалайт», б.а. шарттуу тьрдё эле «реформаланды» деп закондоштуруп койот.

Демек, тарыхый фактыларды, архивдик материалдарды салыштыруунун негизинде тёмёкъдёй жыйынтык чыгарууга болот: 1. 1925 жылы 25-27 майда Пишпек шаарында ёткён илимий-педагогикалык I съезде мурдатан эле кыргыз тилинин тыбыштык тьзьльшьнё ылайыкташтырылып, жакындатылып даяр болуп калган араб алфавити биринчи жолу официалдуу тьрдё «реформаланды» болуп «закондоштурулат» да, кыргыз тилинде 24 тыбыш бар деп белгиленет. Кыргыз алфавитинин бул биринчи вариантына кийин дагы, латын графикасына ёткёндё да бир нече жолу кайра кайрылып, айрым тыбыштар кошулуп, айтымдары алынып салынгандыгын эске алсак, бул «реформа» биротоло жасалган реформа катары каралбаш керек, бул алфавитти толук реформалоонун биринчи гана этабы болгон; 2. Араб алфавитин кыргыз тилинин тыбыштык тьзьльшьнё ылайыкташтырып «реформалоо» «Байтурсуновдук алфавит» «Байтурсуновдук орфографияга» негизделген; 3. Эшенаалы молдоке тьзгён кыргыз алфавити А. Байтурсунов реформалаган араб алфавитинен эч айырмаланбайт. Мунун жогоруда белгиленгендей объективдъ тарыхый себеби болгон; 4. Эшенаалы Арабай уулунун «Алиппеси», Касым Тыныстан уулунун «Окуу китеби», «Эркин-Тоо» гезити да Ахмед Байтурсунов реформалаган казак алфавитине негизделген алфавитте чыгат.

Демек, араб алфавитин биз сёздън чыныгы маанисинде шарттуу тьрдё гана «реформаладык» деп айта алабыз. Араб алфавитинин реформаланган вариантын кыргыздардын колдонушу Ахмед Байтурсуновдун ишмердиги менен тьздён-тьз байланышкан. Муну 1924 жылга чейин казактарда, кыргыздар арасында кеъири колдонулуп келген «Байтурсуновдук алфавит» менен 1924-жылы Оренбургда ёткён казак илимпоздорунун тунгуч съездинде «реформаланган» алфавитти жана кыргыздардын 1925 жылы Пишпекте ёткён илимий-педагогикалык 1-съезде «реформаланган» алфавиттерди ёзара салыштырып караганда да ачык кёръгё болот.

Казак алфавитиндеги 1927 жылга чейин жана 1927 жылдан кийин деген сан басмадан кеткен ката. Муну 1924 жылга чейин жана 1924 жылдан кийин деп окушубуз керек. Анткени Оренбургда казактар араб алфавитин официалдуу тьрдё 1924 жылы реформалайт. Бул жерде ошол жёнъндё кеп болуп жатат. 1924 жылга чейинки алфавит – Ахмед Байтурсунов реформалаган казак алфавити. Ал эми 1924 жылдан кийинкиси Оренбургда официалдуу тьрдё кабыл алынган алфавит. Кыргыздардын «реформаланган» араб алфавити менен Ахмед Байтурсуновдун реформаланган алфавитинде эч бир айрыма жок. Тамгалардын саны да, жазылыш сёлёкётъ да, айтылышы да бипбирдей. Ошондуктан кыргыз улуттук жазуу

маданиятынын, ёнъгъш тарыхында казак элинин агартуучу-илимпозу, коомдук ишмери Ахмед Байтурсунов өзгөчө орунда тургандыгы талашсыз.

Булак:

Дыйканов К., Кудайбергенов С., Яншансин Ю. Кыргыз жазуусунун тарыхынан. – Фрунзе, 1958. - 31-б.

Тымболова А.О.

филология ғылымының докторы,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ДРАМАТУРГИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ДЕ МЕТАТҰҒЫРЫН ҚАЛАҒАН ҒАЛЫМ

Ұлтымыздың ұлы ұстазы, қазақ руханиятының тарихында алып тұлғаға айналған ұлт қайраткері, қазақ тіл білімінің, қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаған ғалым, педагог-реформатор, ақын, аудармашы, түркі тілдес халықтар арқа тұтқан түрколог, көсемсөзші, фольклорист, дипломат (ғалымның саяси-дипломатиялық пікірлерінің өзі бір төбе), композитор, осындай біртуар синкретті заңғар тұлғаның ғылыми мұрасын зерттеп-зерделеу бір сәтке де толастамақ емес.

А. Байтұрсынұлының үш жүзден астам тілтанымдық термин түзгені, оның қазір екі жүзге жуығы қолданыста жүргендігі, ал әдебиеттану ғылымына 2500-ден астам термин енгізгені белгілі.

Қазақ сөз өнеріндегі драма жанрының табиғаты туралы алғаш айтқан да А. Байтұрсынұлы болды. Осы орайда, біз әдебиеттің негізгі үш тегінің (поэзия, проза, драма) бірі – қазақ сөз өнеріндегі драма жанрына қатысты ұлттық терминдерді жасаудағы ғалымның орасан еңбегін ерекше көрсеткіміз келеді.

Қазақ әдебиетінің жанрлық формаларын топтастырудағы ғалымның еңбегі ұшан-теңіз. Алғаш рет жанр терминін шығарманың түрі деп атады. Ғалым айтыс-тартыс табына қарайтын сөздер деп бөлген шығармалар тобын былай жіктейді:

- 1) айтыс сөз;
- 2) тартыс сөз.

Тартыстың өзі басты-басты үш тарау болып бөлінеді:

- 1) мерт, яки әлектекті тартыс (трагедия);
- 2) сергелдең, яки азапты тартыс (драма);

3) арамтер, яки әурешілік (комедия) деп топтастыра отырып, «тартыс күйге ән-күй қосылса, тартыс зауықты деп аталады. Тартыс сөз қу тілді болса, қулықты деп аталады; қисыны қызық болса, күлдіргі тартыс болады, сиқыр мазмұнды тартыс сиқырлы деп аталады» [1, 448], - деп көрсетеді. Бұл орайда ғалымның драма, комедия жанрының өзіндік ерекшелігін сондай дәлдікпен тани білгендігін атауға болады.

Осылайша драманың түрлерін тап басып айқындаған ғалым, оның әуезе мен толғаудан айырмашылығын да атап көрсетеді: *«Әуезеде (әңгіме) бір болған уақиғаны, уақиғада болған адамдардың не істеген әңгімесін естиміз; бірақ ол адамдарды, уақиғаларды көрмейміз. Айтыс-тартыста ақынның айтқан әңгімесін естиміз, уақиғаның өзін, уақиғада болған адамдардың өздерін көреміз. Уақиға көз алдымызда болып, адамдардың тіршілік жүзінде айтысып-тартысып өмір шеккенін көреміз. Тіршілік майданында адамдардың ақылы жеткенше амалдап, қайратына қарай қару қылып алысқаны, арбағаны, қуанғаны, жылағаны, ойнағаны, күлгені, сүйінгені, күйінгені, жауласқаны, дауласқаны, бітіскені, жарасқаны өмір жүзіндегідей көрініп, көз алдыңнан өтеді»*. Бұл арқылы ғалым драманың көзбе-көз жүзеге асатын ағымдық сипатқа ие сөйлеу әрекетінен тұратын жанр екендігін бағамдатады.

Сондай-ақ жалпы драмалық шығармаларды айтыс-тартыс дей отыра, оның ішінде драмалық сипаты бар дүниені *азапты тартыс* деп атайды.

Ары қарай ғалым сахналық әрекеттерге де нақты баға береді: «Ақын адамдарын жасап, ауыздарына сөздерін салып, істейтін істерін тағдырлап, «ал істей беріңдер» деп, өзі гайып болып кеткен сияқты, айтыс-тартыста ақынның өз тарапынан еш нәрсе сезілмейді. Әуезеде уақиғаны сөйлесе, айтыс-тартыста ақын өзі сөйлемей, өзгелерді сөйлетіп, айтыстырып, тартыстырып жіберіп, өзі бейтарап болып, тек қызығына қарап отырып қалған сияқты болады». Бұл ретте де ғалым сахнадағы шындық тек автор-драматургтың пайымдаулары арқылы көрерменіне жол тартатындығын, автордың дүниетанымдық әлеуеті рөл ойнайтындығын, оның пьесаға қатыса алмайтындығын, көрерменнің алдына шығып түсіндіре алмайтындығын, сахнаның сыртынан сыбырлай да алмайтындығын деп басып айғақтайды. «Мұнда өткендік жоқ, осы уақытпен көрсетіледі». Бұл драма жанрының талабына сай өткен шақ жоқ, дәл қазір болып жатқандай бейнелеуің керек дейтін қатаң қағиданы білдіреді. Драма жанрының басты қасиетінің бірі – шынайылығы да осында.

Ал «Әуезеде (әңгіме) ақын айтқанынан өткен уақиғаның әңгімесін естиміз. Айтыс-тартыста уақиғаны біреудің айтқанынан естіп білеміз. Көзбен көріп те білеміз» дейтін пікірінен нақты сахналық шығарма туралы айтып отырғандығын көреміз. Бұл пікірін ғалым ары қарай «Сөйтіп, айтыс-тартыс пен әуезенің (әңгіме) арасындағы да, толғау мен айтыс-тартыс арасындағы да айырыс зор. Бірі уақиғаны айтып білдірсе, екіншісі уақиғаны көзге көрсетіп таныстырады. Екеуі де тысқы ғаламның хабары, бұлай дегеннен айтыс-тартыс тысқы ғаламның сөзі деп те түсіну керек емес. Асылында, айтыс-тартыс ішкі ғалам мен тысқы ғаламның түйіскенін көрсететін сөз түрі» деп қорытындылайды.

Ғалым «нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері – бұл сөз өнері болады» дей отыра оны «Асыл сөз» деп атайды. «Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Өнер түрлі болады. ...Адамның жан қоштау керегінен шыққан нәрселер – көркемшілік үшін көрнек өнері болады» дейді. Ал осы көрнек өнеріне «өнер – алды қызыл тілді» жатқызады. Сөйтіп үш жанрға да тән сөз өнерін аса жоғары бағалайды.

«Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару – сөз шығару болады» [1, 348]. Иә, әдебиет те, өнер де, драматургия да сөзсіз жүзеге аспайды. Ал әдебиет, өнер жоқ жерде сахна өнері де жоқ. Театр тіршілігіндегі негізгі тұлға – актер болса, ең басты құралы – сөз. Қарсылық пен қақтығысқа құрылған әрекет-қуаты күшті сөз ғана сахнаның шырайын кіргізеді. Ол композициялық құрылысы, жанрлық сипаты, оқиға желісі, идеялық, көркемдік қуаты барынша пісіп-жетіліп барып, күрделі толғаныстан туатын дүние. Мұнда да жанр талабына сай сөз өнері салтанат құрады.

Көркем шығарма құрылымына да ғалым жете арнайы тоқталады. Ғалым «Шығарма сөздің бәрінен бұрын байқалатын тысқы нәрселері: 1) Тақырыбы, 2) жоспары, 3) мазмұны, 4) түрі» деп көрсетеді. Алдымен тақырыпқа тоқталайық. «Әңгімедегі пікір не туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады. Әңгімедегі пікір не туралы екенін күн ілгері білдіру үшін, шығарманың тақырыбы басынан қойылады». Иә, көп ретте сахналық шығармалардағы идея кейде оның тақырыбынан-ақ көрініп тұрады. Олардың тақырыбы тек ақпарат беріп қана қоймай, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынастарындағы философиялық көзқараспен де ұштасып жатады. Яғни, кей жағдайда тақырыптың өзі-ақ бүкіл шығарманың мазмұнынан хабардар етіп өтеді. Демек, драмалық шығармалардың тақырыбы тек ақпарат көзі ғана болып қоймай, ол түрлі ойлардың нақтылануы ретінде құрылып, кейіпкерлердің өзара қарым-қатынастарында болатын философиялық кең ауқымда көрініс табады. Ал кейде тақырыптың өзі де қақтығыспен басталады. Драмадағы ең шешуші нәрсе де осы тартыс мәселесі. Драмалық тартыстың басталуы мен байланысы, шиеленісуі мен шешімі болады. Мысалы, М. Әуезовтің «Бәйбіше – Тоқал» пьесасының тақырыбының өзінен-ақ ә дегеннен қарама-қайшылықты байқаймыз. Қақтығыс екі қарама-қарсы жақтың (бәйбіше, тоқал) арасында өтеді. Мұнда автор қарама-қарсы мәнде қолданған бәйбіше, тоқал сөздерін

шендестіре салыстыру арқылы күшті стильдік реңк тудырған. Мұндай жағдайда шығарманың атауын немесе сол шығарма мазмұнына сай жиі қолданылатын, яғни тақырыпты, сюжет пен фабуланы айқындайтын *сөз аккордтарын* – кілт сөздер деп атауымызға болады. Шығарманың идеялық-эстетикалық мазмұны да осы «бәйбіше, тоқал» кілт сөздері арқылы ашылған деуге болады.

Тақырыптан кейін мазмұн мәселесін ашуға тоқталады: «Шығарманың мазмұны *сөйлестірген түрде* болады» дейді [1, 345]. Ғалым сөйлестірген түрде болады деп әуезедегі диалогты айтып тұр. Драматургиялық шығармалар тіліне образдың ішкі-сыртқы характерін айқын көрсететін диалогтар мен монологтар тән екендігі белгілі. Драманың жаны – диалог. Драмалық шығармалардағы диалогтар – бүтін шығарманың көркем болмысын жасайды, үлкен қызмет атқарады. Демек, пьесадағы әрбір кейіпкердің жауаптасуында үлкен жүк, астарлы салмақ жатады.

Көркем прозадағы диалог – мәтіннің кейбір құраушы бөліктері болса, драматургиядағы көркем диалог – көркем мәтін құрылымының негізгі, басым бөлігі болып есептеледі. Көркем диалог туралы «Драмада кейіпкерлер сөздері шешуші мәнге ие болады, олардың ерікті іс-әрекетімен белсенді өзін-өзі көрсетулері мәтіндегі сөздердің тұтас, үздіксіз желісін көрсетеді. Диалогтық және монологтық риторикалар арқылы драма тілі аппелятивтік-әсерлілік мүмкіндікке және ерекше көркем энергияға ие болады» (ЛитЭС1987, 100 б.) делінген.

Ғалымның сөйлестірген түрде болады дейтін пікіріне мысал келтірейік:

Кебек. Кімің аттың? (Еркекше киінген Еңлікті танымай.) Сенбісің, бала, атып жыққан? Неге аттың?

Еңлік. Екі ататын сен емеспін, мырза, қодыған болса, тағы көрсет! (Күледі.)

Кебек. Қап, не дедің сен бала? (Қызық көріп жақындап, ойнай сөйлейді.) Атып бер деп қашан айттым? Қуып атып келе жатқан өзім ем. Қызығын өзім көрмек ем.

Еңлік. Қызғанғаның қодыға болса, ол алысқа кеткен жоқ қой, жігітім. Жапал, алып келіп қодығасын байлап бер мына мырзаның жанына (күледі, Жапал жүгіріп кетеді).

Одан әрі ғалым «*Шығарма тілі екі түрлі болады: 1) ақын тілі, 2) әншейін тіл*» делінеді. Алдыңғысы «көрнекі лебіз» болады» деп көрсетеді. Мұнда ғалымақын тілі деп отырғаны тіл арқылы адам сезіміне эстетикалық, әдемілік жағынан әсер ету басты нысана болып табылатындығын меңзейді. Осы орайда ғалымның ақын тілі деп отырғанына ақ өлең үлгісімен жазылған шығармаларды жатқызуға болады. Ақын тілімен жазылған классикалық драмалық шығармаларға, яғни ұлттық колоритті танытатын көркем тіл үлгісі – ақ өлең үлгісімен жазылған дүниелерді келтіруге болады. Оған дәлел ретінде классик драматургтерді атауға болады. Ақ өлең табиғатына ерекше үңілген ғалым Р.Нұрғалиев былай дейді: «Бұл ретте екі ақынды Мұхтар ақынды, Ғабит ақынды бөліп, даралап, оқшау атау керек. Олардың шығармашылығынан өлеңнің сан-алуан үлгілерін табамыз» (Р.Нұрғалиев. Телағыс. – Алматы, 1986. 182 б.) Сондай-ақ, «М. Әуезов біздің заманымыздың аса ұлы ақындарының бірі» (Л. Арагон) десе, З. Қабдолов «...алдымен М. Әуезовтің өзі анық ақын, тұтанбай, ұшқындамай, лапылдамай, өртенбей жаза алмайтын нәзік діріл, сыршыл ақын» деп бағалағанын білеміз.

Ал академик Р. Сыздық Ғ. Мүсіреповтің пьесаларының тілін талдай келе: «...бас кейіпкерлер Баян мен Қозының бейнесін танытуда жазушы сөз саптаудың өзгеше түрін пайдаланады: олардың диалогтері мен монологтері ақ өлең сияқты поэтикалық стильмен ұсынылған: поэзия – жан сыры, ғашықтық сияқты жан сұлулығының талабы. Демек, драматургтің бұл стильдік амалы – суреткер шеберлігінің даусыз көрінісі», – деп ондағы ақ өлең стиліне ерекше тоқталып өтеді (Сыздық Р. Ғ. Мүсірепов және драматургия тілі // ҚазҰУ Хабаршысы. – Алматы, 2007. – №6 (105) 5 б.). Мұндағы драматургтің қолданған стильдік амалы суреткер шеберлігін айғақтайды. Сондықтан драматургия тілі күнделікті өмірдегі ауызекі сөз емес, айрықша айшықты тіл. Ғалымның жоғарыдағы ақын тілі туралы айтқан пікірін драмалық мәтіндерге қатысты осылай пайымдауға болады.

Драмалық шығармаларда адамның рухани жан дүниесі, ішкі сырлары көркем шығармадағыдай ұзақ баяндаулармен емес, кейіпкердің қат-қабат психологиялық

ерекшеліктерінің иірімдері арқылы сыртқа шығады. Бұл әрине сахнада монолог арқылы көрініс табады. Сөйтіп драматург кейіпкерінің ішкі жан толғанысы, олардың өзегін жарып шыққан монологтары арқылы психологиялық портреттер жасайды.

Мұны А. Байтұрсынұлы *«Толғау – ішкергі ғаламның күйі, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі»* дейді. Сахнадағы басты құрал – сөз болғандықтан, сөздің астарын, айтар ойын, көтеретін жүгін, артар салмағын сезінгенде ғана көрермен шығармадан эстетикалық ләззат алады. Олай дейтініміз, *«толғау ақынның ішкі ғаламының сөзі болғандықтан, мұнда да сөзімен өзін көрсетіп отырады. Толғауда ақын қабағын қарс жауып, қайғырып тұрған күйінде де, беті гүл-гүл жайнап, қуанып тұрған күйінде де, сүйінген, күйінген, тарыққан, зарыққан, жабыққан, шаттанған, марқайған, масайраған күйінде де көріп отырамыз»*. Кейбір жағдайларда түрлі көзқарастар, характерлер қақтығысы да монолог формасы арқылы беріліп отырады. Монологтың негізінде түрлі қарама-қайшылықтардың, қақтығысты жағдайлардың шешімі жатады. Демек, адамның ішкі толғанысы – монолог осыншалық жүк атқарады екен. Ал ғалымның атап көрсеткен *сап толғау, марқайыс толғау, налыс толғау, намыс толғау, сұқтаньыс толғау, ойламалдау* дейтін монолог түрлерінің барлығында да сахналық монологтардың элементі бар.

Сахна тілінің көркемдік қуаты мен саздылық сипаты театр өнері саласында айрықша орын алады. Бұл орайда ғалым *«...әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізілуінен. Бірақ тізуі жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды»* дейді. Поэтикалық тілді игерген драматург керек сөзді тандарда ойына небір әсем сөздер құйылып, сол бір керемет сәтті көз алдына елестете отырып, күнделікті қарапайым сөзден жаңа ырғақты образды суреттеулер туғызады. Оған *«Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне көрнекті, әуезді болу жағын да талғайды»*, - дейтін пікірін келтіруге болады.

«Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау». Яғни «көңіл ісі – түю, талғау» екен. Бұл ретте ғалым *«Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады»* (Абай) болмау үшін алдымен сөзді талғап қолданудың жауапкершілігін сезінуге шақырады.

Сондай-ақ қарсылық пен қақтығысқа құрылған әрекет-қуаты күшті сөз ғана сахнаның шырайын кіргізеді. Себебі драма – шындықты шиеленіскен тартыстар үстінде айрықша тәсілдермен жинақтап көрсететін күрделі жанр. Драмада ғаламат тартыстар, ойлар мен идеялар қақтығысы шынайы түрде, әрі ерекше формада көрініс табады. Ғалымның қақтығыс турасындағы пікірі де осы ойымызды нақтылай түседі. *«Талас-тартыс табиғаттың негізгі заңының бірі»* дей келе, ұстасу терминін келтіріп, оның *байланыс, шиеленіс, шешіліс* [1, 460], - дейтін үш кезеңін атап көрсетеді.

Сондай-ақ драматургия жанрының ең бір дәстүрлі түрі – комедия болып табылады. Комедия арқылы қоғамдағы және адам өміріндегі ең терең қарама-қайшылықтарды ашып көрсетуге болады. Кезінде Аристотель күлкіге «ешкімге де залал келтірмейтін келеңсіздіктер мен қателер» деп баға берген. Іс-әрекет етушілердің мінездеріне тәуелділікте, қақтығыстардың әлеуметтік және адамгершілік мазмұнына қарай комедия әртүрлі эмоционалдық бояуларды қабылдайды: ақкөңілділік, әзіл-оспақ, мысқыл, сықақ, гротеск-сарказм т.б. Комедияның көпғасырлық тарихында оған екі бағыттағы жанрлық түрленім тән: фарстан – комедияға, дөрекі әзіл-оспақтан – қалжың мен ишараға, кейде әдепсіз, кейде нәзік психологиялық әзіл-оспақтан – ойлы мысқылға; таза комедиядан әсерлі драмалылыққа ауысады. Пьесалардың ішінде ең көп орын осы комедияларға беріледі. Комедиялық шығармалардан сан қилы мінездер галереясын көруге болады.

Осы орайда А. Байтұрсынұлының өзі *әурешілік* деп атаған комедия талабына сай келетін пікірін келтірейік: *«Адамның арына тию жағынан күлкі сөз бірнеше түрге бөлінеді. Адам ауырлайтын да, ауырламайтын да күлкі бар. Ауыр күлкінің аты мазақ, мысқыл болады да, жеңіл күлкінің аты сықақ, қулық болады: а) Мазақ қылу біреудің кемшілігін, мінін айтып күлу болады. Әдебиет жүзінде мазақ қылу кемшілік пен мінді әшкерелеп, жұртқа*

жаю болады;ә) Мысқылдау – сөздің өңін теріс айналдырып айту. Бұлай айту кекесін болады. Кекесін сөз зілді болады. Мысқыл сөздің ауыр тиетін себебі осы. Әзіл де солай. Зілсіз болса, әзіл болады да, зілді болса, ажсуа, келемеж, мазақ, мысқыл сықылды күлкі түріне айналып кетеді. Біз күлгенде, әуелі тек күлкі келтіретін нәрсеге күлеміз. Неден күлкі болып тұрған мәнісін тексермейміз. Себебін тексеріп күлгенде, көңілімізді көтерген нәрсе болып шығуы да ықтимал, олай болмай, қайта қайғыға қалдыратын, ойға батыратын нәрсе болып шығуы да ықтимал [1, 457]. Ғалымның бұл айтқанынан трагикомедияның элементін тап басып танып, байқағандығын көреміз.

Сонымен ғалымның драматургияға қатысты енгізген терминдерінің барлығы да аталмыш жанрдың табиғаты мен талабына сай жасалынған деуге болады. Оларға *комедияға* – әурешілік; *трагедияға* – әлектеніс; *диалогты* – сөйлесетін түр; *монологты* – толғау; *ритмді* – ырғақ; *портрет, пейзажды* – әліптеме; *фабуланы* – мазмұндау; *эпilogты* – қорыту; *конфликт* – ұстасу; *фантазия* – қиял; *кейіпкер, кейіптеу, бернелеу (синекдоха)* деп атау беріп, т.б. ұғымдардың әрқайсының сипатын талдап, түсіндіреді. Сахна төңірегіндегі мамандар осы пән терминдерін айналысқа енгізсе дейміз.

Қорыта келгенде, қазақ терминологиясының негізін қалауға алғаш жол салған, қалыптастырған ұлт ұстазын ұлттық терминдердің, оның ішінде драмалық терминдердің де метатұғырын қалаған ғалым деуге толық негіз бар.

Ұлы суреткер М.Әуезов А. Байтұрсынұлының өнер-білім, саясат жолындағы бүкіл еңбегін атай келе, «оны біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды» деген екен. Суреткердің сол көреген сөзі бүгінде шындық. Міне туған жылынан бастап есептесек, үшінші ғасырға аяқ басса да халқының бағына туған ұлт көсемінің шамшырағы жарқырай түсуде.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. III бөлім. Әдебиет танытқыш. – Алматы, 1991. – 464 б.

Палтөре Ы.М.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ БЕТТЕРІНДЕГІ ДІНИ РУХАНИЯТ

«Қазақ» газеті ұлт көсемі А. Байтұрсынұлының редакторлығымен 1913 жылдан бастап шыға бастағаны көпшілікке белгілі. Бұл газеттің оқырмандарға ұсынған тақырыптары сан түрлі болды. Осы басылым жайлы Н.Ә. Назарбаев: «...«Қазақ» қазақ халқының ұлттық сана сезімін оятуға аз үлес қосқан жоқ, ол өз дәуірінің көкейтесті мәселелерін көтерді, ағартушылық идеяларын насихаттады» [1, 163] деген болатын. Осы көкейтесті мәселелердің бірі – діни руханият деп нық сеніммен айта аламыз. Бұл тақырып қазір де өзекті болып отыр.

Газет беттеріне үңілсек, оның алғашқы санынан бастап-ақ дін тақырыбы көтерілгендігін байқаймыз. Әрине қай қоғамда болса да, рухани, ұлттық құндылықтарды сөз еткенде дін тақырыбын айналып өте алмаймыз. Қазақ халқының ғасырлар бойы сақталған салт-санасында, мәдениетінде, тілі мен әдебиетінде ислам дінінің өзіндік алар орны бар. Бүгінде діни-ислами руханият қазақ халқының руханиятымен, тыныс тіршілігімен біте қайнасып бірігіп кеткені соншалық, бөліп жаруға, ажыратуға келмейтін ұғымға айналып отыр. Сондықтан да болар соңғы кездері исламның «дәстүрлі ислам» деген тіркесі жиі айтыла бастады. Бұл осы біздің ұлттық құндылықтарымызбен араласып бірігіп кеткен ислам деген мағынаны аңғартса керек.

Біз осы мақала арқылы «Қазақ халқының, кешегі алаш зиялыларының ұғымында діни руханият тақырыбы қай қырынан көбірек көтерілді, қандай тақырыптар өзекті болды, дін жайында келіспейтін тақырыптар болды ма» деген сияқты сұрақтарға жауап іздеуге талпынамыз.

Қазақ ұлтының зиялы саңлақ тобының діни көзқарастарын осы газет беттерінде жарияланған мақалаларға шолу жасау арқылы діннің бағыт-бағдарын, жай-күйін

пайымдасақ, «Қазақ» газетінің 1913 жылы шыққан 44 санында мынадай тақырыптар аясында діни руханият мәселесі көтеріледі.

1913 ж. №1 (2 февраль) санында «Оқшау сөз» айдарында: «Дін таласы» атты мақала бар. Мақаланың қысқаша мазмұны: Үндістанда Сурат қаласында бір кофехана бар екен. Ол жерге әр елдің ұлттары, адамдары келіп тұратын болыпты. Бірде осы жерге Құдай тағаланың құдайлығын анық танып білемін деп әуре болған, ақыр соңында ақыл-есінен адасқан Иран елінен келген бір адам өзімен бірге жүрген құлын сыртқа тастап кофеханаға кіріп, бір шыны апиын ішеді. Ол дереу миына барып, ойын қоздырады. Осылайша ол құлына айқайлап ей, оңбаған құл! Сен қалай ойлайсың, Құдай бар ма әлде жоқ па – деп сұрайды. Құлы дереу Әрине бар! деп жауап қайырады да беліне қыстырып алған ағаштан жасалған бір шағын мүсінді көрсетіп: «Міне Құдай», бұл – біздің елдегі адамдар табынатын ағаштың бұтағы дейді. Бұл әңгімені кофеханада отырған брахма дінінің өкілі есітіп, шыдай алмай өз дінінің дұрыстығын айтып: Құдай Брахма деп әңгімеге араласады. Оған қарсы пікірді сол жерде отырған бір саудагер еврей айтып, ол да өз дінін, иудаизмді дұрысқа балайды. Сонда оның сөзін бір италяндық кесіп өз діни ұстанымының дұрыстығын алға тартады. Рим католик дінінде онан басқа дінде сауап табу жоқ дейді. Бұған протестант попы сұрланып италяндыққа: Жадыңызда болсын! Сауап табатындар – Исаның дұрыс «Інжілімен» амал қылғандар! деп өз ұстанымының дұрыстығын алға тартады. Осы айтылғандарды естіп тұрған кофеханада қызмет ететін бір түрік Ислам дінінің дұрыстығын айтады. Осылайша, көпшілік шулап кетеді. Тек конфуция дінін ұстанатын бір қытай үндемей, шайын ішіп отыра береді. Бұған түріктің көзі түсіп оны әңгімеге тартады: Уа, қытай мырза! Сен айтшы, сен мені қолдайтын жөнің бар. Сенің еліңе де әр түрлі діндер жетіп, таралып жатса да исламды артық көресіңдер ғой ә, Ойыңды айтшы! Осылайша, газеттің алғашқы санындағы «Дін таласы» атты мақала аяқталады (жалғасы келесі сандарда беріледі). Бұл мақаланың мазмұны әр ұлт өкілінің құдай тағала жайында дұрыс не бұрыс өзіндік көзқарасы болатындығын, әрі әркімнің діни ұстанымдарының да түрліше болатындығын оқырмандар назарына салуды мақсат ететін тәрізді. Мұнан басқа газеттің алғашқы санында діни тақырыпта мақала кездеспейді.

1913 ж. №2 (10 февраль) санында «Медреседен оқып шыққан шәкірттер не болашақ?» деген Ахмет Жанталин (Керейбалта) мақаласы берілген. Бұл мақаланың қысқаша мазмұны: Қазір қала медреселерінде бірталай қазақ балалары оқып жатыр. Бірақ олардың не оқу керектігін, қандай пәндерді меңгеру керектігін ешкім де белгілемеген. Қазақ балалары «оқы» деп берген сабақты оқып қайтады. Негізі медреседен оқып келген соң елге пайдасы тиетін пәндерді оқығаны азбал болар еді. Мен мұны қиялыма еріп айтып отырған жоқпын – дейді автор. – Күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі тәжірибеме сүйеніп айтып отырмын. Қазір ел-жұрт «Төте оқумен оқыта білесің бе? Үш айда балаларымызға хат танытасыз ба? Орысша білесің бе? – деп сұрайды. Сондықтан біздің қазақ балалары медреселерден тағлым мен тәлім берудің негіздерін, еліміздің тарихын және қазақша өте жақсы өлең-жыр оқып әрі оны хатқа түсіре білу, сондай-ақ орысшаны да өте жақсы біліп шыққаны абзал. Ал қазіргі медреселерде оқытылып жүрген хисаб, химия, пәлсафа сияқты пәндердің де керегі бар шығар бірақ халықтың оған деген сұранысы жоқтың қасы. Қазір Уфадағы «Ғалияда», Орынбордағы «Хұсайниде», Троицкідегі «Расулие» медреселерінде оқып жатқан шәкірттерге нендей кеңес айтамыз. «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмайды» деген мақал бар емес пе Олардың өздері де қазір бізге саяси хал-ахуалды парасатпен бағамдай білетін, білікті тәрбиешіге, көсем басшыны қажет болып тұрғанын жақсы білсе керек. Әйтпесе медреселерде оқытылатын «ақида» (діни сенім нанымдарды үйретені пән), шарх мулла, психология, шамсие, жамиғ әррумуз сияқты пәндердің елге де, өздеріне де осы дүниеге де, ақыреттік өмірге де еш керегі жоқ. Осы айтылған кітаптарды оқимын деп өздеріңнің өмірлеріңді босқа өткізбей өздеріңе әрі елге пайдасы тиетін оқу-білім оқысаңыз екен», деген сарында жазылған. Әрине, бұл мақала авторының сол кездегі медреседе оқытылып жатқан пәндер күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі халық сұранысын қанағаттандырмайтындықтан медресені бітіріп қайтқан балалар ешбір қызметке жарамай ел арасында бала жиып білгенін

үйретіп күн көргеннен басқаға жарамай жүргенін ашына жазады. Осылайша, медреселерде оқытылып жатқан пәндерге өзгеріс енгізу мәселесіне көпшіліктің назарын аударады. Оқырманды ойлануға, заманға қарай білім алуға, ел-жұртқа пайдалы болуға шақырады.

1913 ж. №3 (17 февраль) санында «Оқшау сөз» айдарында берілген: «Дін таласы» атты мақаланың жалғасы беріледі. Бұл сандағы «Дін таласы» атты мақаланың қысқаша мазмұны: Қытай салмақпен сөз бастап: «Мырзалар! Менің пайымдауымша адамдарды дін жайында бір ынтымаққа келтірмейтін бір ғана нәрсе бар. Ол – жалған намыс. Мен мұны сіздерге мысалмен түсіндірейін, мен Қытайдан осы жаққа ағылшынның дүниені айналған параходына мініп жолға шықтым. Жолда су үшін Суматра аралына кідіріс жасауға тура келді. Параход тоқтаған соң жағадағы какос ағашының көлеңкесіне барып отырдық. Онда отырғандар әр жерден, әр елдің адамдары еді. Аралдағы тұрғын елдің ауылдары да бізден қашық емес еді. Біз отырған жерге бір соқыр адам келді. Сұрап білсек, күнге көп қарағандықтан соқыр болып қалыпты. Оның күнге көп қарауының да өзіндік себебі болыпты. Ол күнді зерттемек болып, «Ол не нәрсе?» деп қайта-қайта қарай беріп, ақыр соңында көзі көрмейтін соқыр халге душар болған екен. Оның білгісі келгені – күннің нұры не нәрсе? Егер ол сұйық зат болса, қотаруға көнер еді немесе ескен желден шайқалып толқыр еді. Күннің нұры – от та емес, егер от болса, суға түссе сөнер еді. Күн нұры қатты да зат емес, егер қатты зат болса, онымен өзге нәрсені қозғауға болар еді. Күннің нұры – рух та емес, егер рух болса – онда көрінбейтін еді ғой деп ойланып-ойланып ақыр соңында ол – еш нәрсе емес, егер еш нәрсе болса онда ол жоқ нәрсе деген байламға келіпті. Осындай пікірге келгенше көп ойланып, 3 ақыл-есінен адасады, күнге көп қарағандықтан көзі де көрмейтін соқыр болып күн жоқ дегенім рас деп жүрген жайы бар екен. Оның күн жоқ деген сөзіне сол жерде отырған балдақпен жүретін бір ақсақ, туғаннан соқыр жан екенсің ғой. Мен саған күннің не нәрсе екенін айтып берейін. Күн деген домалақ оттан жасалған, Ол күнде теңізден шығады да кешке біздің аралдың тауының арасына барып қонады. Біз мұны күнде көреміз – дейді. Оның бұл сөзіне осында отырған бір балықшы: Аяғың ақсақ болған соң ұзаққа шықпағансың ғой айтқан сөзіңнен байқалып тұр. Мен күні бойы теңіз бетінде жүремін күн теңізден шығып, теңізге батады. Менің бұған ешбір күмәнім жоқ. Өйткені мен мұны күніге көремін дейді. Сонда үнділік біреу есі бар адамның ессіз сөз айтқанына таң қаламын. Күн өзі от болса ол қалайша теңізге батқанда сөніп қалмай ма?! Күннің не екенін мен айтайын Ол «Дива» деген Құдай. Ол арбасына мініп, көктегі Аспаруа деген алтын тауды айналып жүреді. Рағу және Киту деген екі жылан кейде күнді жұтып жібереді. Соның аман сау болуы үшін біздің абыздарымыз дұға жасап, Күннің ол екеуінен аман құтылуын тілейді. Күн біздің аралға ғана жарық болады деп осы аралдан асып ары бармаған надан адамдар айтады» дей бергенде оның сөзін мысырлық бөліп, Күн деген Жапон елінің ар жағынан шығады, Осылайша, ағылшын аралдарының ар жағына барып батады мен мұның талай рет куәсі болғанмын; дейді. Мұның сөзін кемедегі ағылшын матросы (кеме қызметкері) Күннің қалай жүретінін біздің ағылшындардан артық ешкім білмейді. Күн еш уақытта тұрмайды да, еш жерге барып жатпайды да. Ол тоқтаусыз жерді айналып жүреді. Қай жерге барсаң да, таңертең күн көрініп, кешке қарай тасаға түседі деп оны жердегі құмға сызып түсіндірмек болды да шамасы жетпейтін болған соң: Мынау – менен гөрі білімі артық оқымысты жан. Сол айтып берсін дейді де кезекті сөзді оқымысты, көпті көрген, думаншыл ағылшын алады. Ол күннің жерді айналмайтынын, жердің күнді айналып жүретінін түсіндіріп, 24 сағат ішінде жердің Күнге қарамайтын жері болмайтындығын айтып кез келген ел, жер тәулігіне Күнге бір қарап өтеді. Күн жалпыға ортақ. Оның жарығы маған ғана, менің отаныма ғана түседі деу іштарлық болады. Егер сендер аяқтарыңның астына қарай бермей, жоғары күнге қарасаңдар, осы айтқанның бәрін де әрқайсысың оп-оңай түсірер едіңдер» деген сарында аяқталады (жалғасы келесі санда).

Міне, бұл сырт қарағанда, күн жайындағы талас болғанымен негізі Құдай тағаланы тануға қатысты түрлі дін өкілдерінің пікірталасын ойға салады. Дін жайындағы алауыздықтың дұрыс еместігін, көкке, күнге қараған әрбір жан құдіреті күшті Иенің бір екендігін, Оның барша адамзат баласына ортақ екенін оңай түсінер еді, м деген тұжырым

жасалады. Осылайша оқырманға ой салып, мейлінше таласты мәселеден бойды аулақ ұстауға шақырады.

1913 ж. №4 (1 март) санында «Оқшау сөз» айдарында: «Дін таласы» атты мақаланың соңғы бөлігі беріледі. Осы санда жарияланған мақаланың қысқаша мазмұны: Мақаланың алғашқы жолдарында-ақ Күн жайындағы таным қаншалықты бұрыс әрі алдану, адасу болса, Құдай тағала жайында да дәл осындай адасу, алдану бар деп салыстырмалы түрде түсіндіріп, Мұның себебі – намыстан, мешелдіктен – деп түйіндейді. Әркім Құдайды өзіне, өз отанына, халықына тән етіп, Күллі әлемге симайтын Құдайды әр халық өзінің ғибадатханасына қамағысы келеді. Құдайдың өзі жасаған ғибадатхана мына көзбен көріп отырған әлем емес пе. Ол үшін адам баласы салған ғибадатхана үлгісін осы Құдай жасаған дүниеден, табиғат әлемінен алмай, қайдан ала алады? Егер ғибадатханаларға қарасақ, онда күмбездер, жарқыраған шамдары, су сауыттары, суреттер, жазылған мадақтар, шарифат кітаптары, оған арнап шалатын құрбандары, құрбан шалатын орындары бар. Бірақ көктей салынған көмбесі, Күн, ай, жұлдыз тәрізді шамдары, теңіз тәрізді су сауыты, адамзат баласының жүрегіне жазып қойған Құдайдың өз кітабынан асқан шарифат кітабы бар ма? Жақын үшін жанын пида ететін, ерлікке жететін құрбандық бар ма? Құрбандық қабыл болуына ізгі адамның шын ықылас, көңілінен артық не бар? Міне, адам баласы неғұрлым Құдайды жоғары, биік, һәм ұлық деп ұқса, Оны соғұрлым жақсырақ танымақ. Жақсырақ таныған сайын, Оған жақын бола бермек. Жақын болудың басты белгісі – Құдайдың адамзат баласына деген мейірімін, рахметін көріп, мейірімді, рақымды бола түсу.

Кейде адамзат баласының көзі соқыр не көңілі соқыр болады. Көзі соқыр жарықты көрмейді. Күнді көзімен көре алмағандықтан қолына ұстаған шамын күн деп таниды. Ал көңілі соқыр жаратқан Құдайын танымайды, тіпті оны жоқ дейді. Ақиқатты айырып ала алмайды. Сондықтан ағашты Құдай деп таниды. Бұл екеуі де – кемшілік. Бірақ бір кісі соқыр болса оның бейнетін, машақатын өзі көреді. Оны мұқатып: Сен соқырсың деу дұрыс па? Көңілің соқыр деп қорлау жөн ба? деп Конфуция дінін ұстанатын қытай кофеханада дін жайында таласқа түскен жұртқа осылайша тоқтау айтты. Бұл сөздер бүкіл адамзат баласын бауырластыққа шақырған орыстың ұлы ойшылы Толстой сөзінен алынды. Ал ол Бернард Десан Пиер дегеннің сөзінен алған екен. Басқалар да Толстой көзімен қараса, осы күнгі діни араздықтан Балқанда судай ағып жатқан адам қанына орын болмас еді деп мақала өкінішпен аяқталады.

Бұл мақаланың бүгінгі оқырмандар үшін де тағылымы мол деуге болады. Өйткені әлемде діни ұстанымдарға байланысты туындаған қатқылғыстар, келіспеушіліктер, ұрыс-керіс, қан төгіс әлі де толастамай отыр.

Діни фанаттық, өзге дін өкілін төмен санау сияқты көзқарастардың түбі жақсылыққа апармайтындығын мақала мазмұны аңғартады. Әр ұлттық діни ұстанымына түсіністікпен қарап, оған адам ретінде құрметпен қарау нағыз жоғары адамгершілік қасиет. Бұл мақала жалпы оқырманды осыған үндейді. Әр ұлттың, халықтың танымында құдай әр түрлі болғанмен түбінде бір. Оның рақымы, мейірімі барша адамзат баласына ортақ. Бұл айтылған ой-пікірлер Құран аяттарымен үндес. Бірақ мұндай мазмұндастық, үндестік жайындағы әңгіме өз алдына бөлек тақырып.

Енді осы мақаланың авторына тоқталсақ, газеттің бетінде мақала авторы көрсетілмеген. Бірақ Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов құрастырған «Қазақ» газеті атты еңбекте мақала соңында «Ә.Б.» деп көрсетілген [2, 24 б.]. Соған қарағанда Әлихан Бөкейханов немесе Ахмет Байтұрсынұлы болса керек деп топшылаймыз.

1913 ж. №5 (9 март) санында «Мұсылман фракциясының хаты» деген мақала бар. Бұл мақаланы С.Петербург қаласындағы Мұсылман фракциясының басшысы – Мұхаммед Тевкелев жазған. Хатта біз мұсылман депутаттары ретінде үшінші Думада да қазақ бауырларымыздың мұң-мұқтажын баяндап, құқықтарын қорғап сөз сөйлеп келдік. Біздің қолымыздан келгені осы болып отыр. Негізі қазақтар өздері бізге көмектесіп нақты мағлұматтар берсе жөн болар еді. Әйтпесе Дума мінберіне шығып: «Қазақтарды қысып жатыр, жерлерін тартып алып жатыр...», деген бос сөзден пайда шықпайды. Нақты дәлел

айғақтар қажет. Жер жайында, тартып алынған жер қай облыста, қай орында, кімнің жері, қанша жер, оны кім қандай негізбен алды?» деген сұрақтардың жауабы нақты болуы керек. Олай болмаса біздің тіліміз қысқа. Қазақтар жайында қолымызда аз да болса мағлұмат жоқ. Мұнан басқа тағы бір қиын іс – қазақ жерлерін игеру және қазақтарды билеу тәртібін христиандық талаптарға сай етіп ауыстыру мәселесі бойынша екі заң жобасы бар. Мұны олар тез арада Дума талқысына салар. Сол уақытта біз мұсылман депутаттары ретінде зор қиындыққа тап болғалы тұрмыз. Бұл заңдар қазақ халқының зиянына болмасын деп сөз сөйлеп қарсы тұру – біздің міндетіміз болмақ. Бірақ бізге нақты деректер қажет. Онсыз біздің қолымыздан не келеді. Сіздерден нақты мәліметтер күтеміз деп хат соңында мұсылман фракциясының мекен жайын көрсеткен.

Бұл мақала астарында: Қазақ халқының құқықтарын Дума мінберінен айтып, шамамыз келгенше қорғауға дайынбыз. Бірақ бізде қазақтардың қазіргі отарлау жайы, барысы жайында нақты айғақтар жоқ. Оның үстіне жақын арада қазақтарды христиандық дүниетаным аясындағы жасалған заңға бағындырмақшы. Мұның қазақ үшін зиянын жоққа шығармаймыз. Шамамыз келгенге оған қарсы тұрамыз. Бізге нақты айғақ-дәлелдер керек. Оны сіздерден күтеміз, – делінеді. Бұл да – мұсылмандық бауырластық көңілден шыққан сөз деп білеміз.

1913 ж. №11 (21 апрель) санында «Қазақта муфтилік мәселесі» атты мақала жарияланған. Мақала: «1730-жылдары Кіші жүздің ханы Әбілхайырдың Петерборға елші жіберіп, орыс өкіметіне бағынсам деп тіленді» деген мәліметті еске салумен басталады. Сөйтіп осы оқиғадан арада тура елу жыл өткен соң 1881-жылы II Екатерина тұсында Орта жүздің ханы Уәли Абылай баласы өзінің тілеуімен орысқа бағынып, Уфа қаласына барып, «Құран» сүйіп, жан берді, – делінеді. Ол кездері орыстың қол астындағы мұсылмандарға мүфтилік беріліп, Уфа қаласында діни жиын болады. Онда бірінші мүфтилікке Мұхаммеджан Хүсейнұғлы деген кісі қояды. Сол кезде Бөкей хан мен Уәли хан Біздің де рухани, діни істеріміз мүфтидің қарамағында болса екен» – деп арыз береді.

Қазақ мүфти қарамағында қалған соң Оренбург, Орск, Троицк, Қызылжар қалаларынан мұғалім-молдалар шығып, қазаққа дін үйретуге ерік берілді. Жергілікті халықтың тұрмыс тіршілігіндегі неке қию, талақ (ерлі-зайыптылардың ажырасуы), мирас бөлуі, мәйіттерін жерлеу рәсімдері ислам шарифатына сай болу үшін указной молдалар сайланды. Олардың үстінен бақылап, қадағалап тұратын ахундар қойылды. Негізі қазақтың неке, талақ, мирас бөлу істері мүфтиге қарағанға дейін бұрынғы заң бойынша еді. Мәйітті жерлеу баяғы мәжустік (отқа табынушылық) салт -санаға сай келуші еді. Қазақтың заң дегені – Шыңғыс хан заманында, одан бұрын Момын хан тұсында қалыптасқан жол еді. Қазақ мүфтилікке қарағанда, Шыңғыс ханның дүние салғанына 600 жыл, Момын ханның қайтқанына 1600 жыл болған екен. Бірақ қазақ осынша уақыт өтсе де, заң айтарлықтай өзгермеген. Қазақ өзі бұрынғышыл жұрт. Бұрынғының жолы ғой деп, Момын хан тұсында қалыптасқан заңды айтарлықтай өзгерте қоймаған еді. Осындай салт-санадағы қазақ мүфтилікке қараған соң енді бұрынғыны қойып, указной молдалар, ахундар ислам шарифатын енгізе бастады. Бұл шарифат заңдары мыңжылдық заңның жолымен үндесе бермейтін. Мысалы: Күйеуі қайтыс болып, жесір қалған әйел 4 ай 10 күн ғиддат сақтауы тиіс. Осы мерзім өткен соң әйелдің еркі өзінде бір жаққа барам дей ме, әлде біреуге тием дей ме – өзі шешеді (Бұған Құрандағы «Бақара» сүресінің 234-аяты дәлел). Ал қазақтың ескі заңы бойынша жесірді күшпен әмеңгеріне қосады. Егер бір кісі қайтыс болып, оның артында ұрпағы болмаса, шарифат заңы бойынша мал-мүлкінің төрттен бірі әйеліне тиесілі болады (Бұл жайында «Құранда» «Ниса» сүресінің 11-аятында баяндалған). Ал қазақтың ескі заңы бойынша, қатынға мал беруші ме еді деп бар малын тартып алатын болған. Міне, осы сияқты қазақтың ескі заңы мен ислам шарифаты арасында көптеген алшақтықтар болды. Сондықтан да келіспеушіліктер орын алып, екі жақ даулы болып, указной молдаларға жүгінгенде олар исламның шарифат заңына салып үкім шығарып, нашарға теңдік, жесірге ерік береді. Бұған ескі заңды берік ұстанған жасы үлкендер шоши қараған. «Мынауың – сұмдық қой!» деп, Бізге мүфтидің керегі жоқ» –

деген пікірге келеді. Өйткені көпшілік арасында үлкендердің, аға сұлтандардың ескі заңға сүйеніп айтқан патуалары жарамай, көп жағдайда мүфтидің сөзі жүреді.

Қазақтың қал-жағдайы осылай болып тұрғанда жаңа закон (Степное положение) шығардың алдында Петербургтон экспедиционный комиссия шығып, Сібір қазағын аралаған. Олардан: «Не мұң, мұқтаждарың бар? Қалай болғанын қалайсыздар?» – деп сұрағанда, ауылнайлар, болыстар, аға сұлтандар үйретуімен «Мүфтиліктен шықсақ екен, бұрынғы ата-бабаларымыздың заңымен жүрсек екен, мұнан басқа мұқтажымыз жоқ» деп шулап қоя береді. Комиссия: «Жарайды, тілегендерің болар», – деп, қайтып кетеді де 1868-жылдың 21 октябрінде бекітілген жаңа законды қолданысқа енгізеді. Бұл жаңа закон бойынша аға сұлтандық жойылып, оның орнына уезд шықты. Қазақтың рухани діни істерін мүфтиліктің қарамағынан алып, оны областной правлениюге тапсырды. Міне, осылайша, қазақ мүфтиліктен оп-оңай шығып алып, енді оған зар болып жүргенін көзі бар қазақ көріп отырған шығар. Бұрынғы замандағы қазақтың басшылары есік пен төрдей жерден арғыны болжай алмайтын болғанда, жалпақ жұртқа өкпе жүрер ме?» деп мақала аяқталады.

Сондай-ақ газеттің осы санында (соңғы 4-бетінде) «Молдаларға» деген тақырыппен шағын мақала берілген. Бұл мақалада екі поптың қайырымдылық мақсатта жасаған істері нақты санақтармен келтіріліп, қазақ молдаларына олар үлгі боларлық деген пікір айтылады. Сондықтан мақала соңы: «Үлгі алсаң, қазақ молдалары, осылардан ал», – деп аяқталған. Әрине бұл: Өзге дін өкілінен болса да, қажетті үлгі-өнеге алып, қашанда жақсылықтың жаршысы бола біл, деген ізгі ниетпен айтылған сөз деп білеміз.

1913 ж. №14 (16 май) санында «Ішкі хабарлар» айдарында «Мұсылмандар хақында бұйрық» деген мақала бар. Мақалада: «Балқандағы соғысқа байланысты орыстың қоластындағы мұсылмандардың арасында қозғалу, наразылық байқалады. Осыған байланысты олардың осы мәселеге байланысты бас қосуын байқау керек. Бұл жағдай халық арасында талқыға түсіп отыр. Орыс өкіметі славяндарға көмек бергеніне қатты наразы көрінеді. Бұған қоса «Қытай мен орыс өкіметі арасында соғыс бола қалса мұсылмандар малымен де, тілегімен де моңғолдарға болысуға бел буып қойыпты» – деген хабар жетті – деген сарында ақпараттық мәліметтер жарияланған.

1913 ж. №16 (31 май) санында «Оқшау сөз» айдарында: «Хазірет Сұлтан» атты мақала жарияланған. Бұл мақаланың авторы М.Д (Міржақып Дулатов). Мақаланың қысқаша мазмұны: Біздің қай жердің қазағы болса да, хазіреті Сұлтанды есітумен біледі. Ол жаққа көбіне тақуалар, сопылар жиі барады. Олар бастарына сәлде орап қайтып, жұрт оларды Меккеден келгендей қолдарын алып, құрмет етеді. Бірақ жалпы халық ол хақында анық еш нәрсе біле бермейді, – дейді автор. Осы май айында Ташкентке бара жатқанда, жолда Түркістанға түсіп, өзінің Хазірет Сұлтанды зиярат еткендігін айтып, алдымен Түркістан қаласының тарихы жайлы жазылуға тиіс деп оның тарихы жайлы айтып, «XVII-ғасырдан бастап Түркістанды қазақ билеп, Түркістан шаһары қазақ хандарының астанасы болған» – деген деректі ұсынады. Осылайша, тарихи деректерді келтіріп, Түркістан шаһарын 1864 жылы 12 июньде соғыспен орыс полковнигі Веровкин алыпты. Сол жолы Түркістанды орысқа бермеске Абылайдың шөбересі, Кенесары ханның баласы Садық төре де соғысқан екен, – деп аяқталады (жалғасы келесі санда).

Бұл – Түркістан шаһарының басынан өткерген тарихы жайлы жазылған оқырмандарға арналған танымдық бағыттағы мақала деуге болады.

1913 ж. №17 (9 июнь) санында «Оқшау сөз» айдарында: «Хазірет Сұлтан» атты мақаланың жалғасы беріледі. Мұнда: «Хазірет Сұлтанға арнап салынған кесене мен мешіт құрылысы жайлы баяндалып, Кесенеге бірнеше қазақ ханының жерленгенін еске салады. Сөйте отырып мешіттің құлағалы тұрған, жарылған қабырғаларын қайта қалпына келтіру мәселесін көтеріп, осыған жиналған қаржы орынды жұмсалмай, көп жағдайда қожалардың жеке бас пайдаларына жарап кетіп жатқандығы сынға алынады. Тарихи ескерткішті сақтап қалу үшін оны археологиялық қауымдастықтардың (археологически обществолардың) біріне тапсырып, осы мекеме басшылығы арқылы түзету, қалпына келтіру жұмыстары жасалғаны

жөн» – деген пікір айтылады. «Әйтпесе, қирап бір обаға айналуы ғажап емес» – деп мақала аяқталады.

Міне, бұл мақала – авторының тарихи ескерткішті ұрпақтан ұрпаққа сақтап қалу жайындағы жанашырлық пейілмен айтқан ой-пікірлері. Құдайға шүкір, қазір бұл кесене лайықты деңгейде мемлекеттік қорғауға алынған. Сондықтан автордың күллі түркі әлеміне ортақ Қожа Ахмед Ясауи кесенесін сақтап қалу жайындағы пікірі бүгінде толықтай қанағаттандырылған дей аламыз.

Мұнан басқа газеттің осы санында «Бөкейліктердің мүфтилікте қалуы» атты мақала берілген. Бұл мақалада «Бөкей елінің қалайша мүфтилік қарамағында қалғандығы, Бөкей хан ұлы Жаһангер ханның дінге ықыласты, ғылымға ынталы болып ол бірінші мүфти Мұхаммедхан Хүсейінұлының қызы Фатиманы некелеп алады. Фатима ханым өте епшіл, парасаты мол, ақылы толық жан болған екен. Жарлының балаларына қаржы бөліп оқытса, бай баласын әкесінің ақшасына оқытып, осы күнгі «Бөкей еліндегі атақты ғалымдар осы Фатима ханымның ыждаһатымен тәрбиеленген кісілер деген мазмұнда мақала аяқталады.

Бұл мақалада Бөкей елі Қазан хандығына қарап жүрген заманнан-ақ ислам дінінің шариғат үкімдерін білетін, мүфти, қазыларға үйір халық екендігі баса айтылады.

1913 ж. №18 (16 июнь) санында «Шәкірттер жайында» атты мақала берілген. Бұл мақаның мазмұны «Уфадағы «Ғалие» медресесін, Оренбургта «Хүсейние» медреселерін бітіріп шыққан шәкірттер қазаққа болыспайды» деген автордың жан айқайы берілген: Бізге қазір қолына қалам ұстайтын азаматтар қажет. Тарихымызды, оқитын кітаптарымызды басқалар жазып беруге тиіс. Қайда біздің жақсы оқыған білімді шәкірттеріміз? Олар неге ат салыспайды. Дүниеде қаламнан күшті не бар? Ойлап қарандар, шырақтар» – деген сөздермен мақала аяқталады.

Және осы санда өткен санда жарияланған «Бөкейліктердің мүфтилікте қалуы» атты мақаланың соңы жарияланған. Мақалада: Мүфтилікте қалудың Бөкей еліне көп пайдасы болғаны нақты дәлелдермен келтіріледі. Жаһангер хан ислам шариғатына негізделген тоғыз жарғысы тізбектеп көрсетіледі. Осы жарғы бойынша ел-жұрт ең баста өз ісімен айналысып, біреудің шаруасына араласа бермеген. Сондықтан ел тыныш болды. Бөкей қазағының ойында мүфтиліктен шығу жайы ойына кіріп те шықпады. Жаһангер хан – дінге аса ықыласты басшы, ал халқы оның айтқанына көнген қосшы болғандықтан олар мүфтилік қарамағында қалды» делінеді.

1913 ж. №22 (16 июль) санында «Шәкірттер жайынан» атты мақала газеттің алғашқы бетінде жарияланған. Бұл мақаланың қысқаша мазмұны: Медреседен оқып шыққан шәкірттер елге оралған соң молда болып, шариғат айта шығады. Олардың міндеті қазақты дінге үндеу секілді. Біздің білуімізше, қазақ бұрыннан әрі қазір де мұсылман, шариғаттың тыйған-бұйырған істерін біледі. Ал бірақ оны орнына келтірмесе, онда оның білмегендігінен емес. Біз осы кезде молданы «мұғалім» деп айтып жүрміз. Мұғалім үйретуші деген сөз. Ал молда имам, мешітте жұртқа намаз оқытады, уағыз айтады, неке қиып, балаларға ат қояды, қайтыс болған кісілердің жаназасын шығарады... Ал мұғалімнің міндеті – бала тек бала оқыту болуға тиіс. Сондықтан бұл екеуін ажырата білу қажет – деген пікір айтылады. «Діни пәтуа беру ісіне мұғалім араласпауы керек, ол абыройын көтермейді, оның міндетіне де жатпайды. Тіпті бұл елге қажет те емес. Одан да халыққа пайдалы іспен айналысатын уақыт жетті. Шариғат айтудың орнына оқытудан қол босағанда, үлкен-кішіні жиып, пайдалы кітап оқып, түсіндірсе, сол халық үшін көбірек пайдалы болар еді. Білімді халықтардың мұғалімдері осылай істейді. Сондықтан халыққа ең көп пайдалы адамдар мұғалімдер болады», – деген сарында мақала авторы ой түйеді. Бұл мақаланы М.Д (Міржақып Дулатов) жазған.

...Міне, осылайша, «Қазақ» газетінің 1913 жылы шыққан сандарындағы дінге қатысты мақалаларға талдау жасап, олардың мән-мазмұнын қысқаша баяндауға тырыстық. 1913 жылы жарық көрген 44 санның 22 санында діни руханиятқа қатысты тақырыптар көтеріледі. Олардың ішінде ең көп медреседе оқып жақтан шәкірттердің Хал-жағдайы, болашағы, оқып жатқан пәндері, оларға көмек беру сияқты мәселелер де айтылады. Бұдан Алаш

зиялыларының қазақ балаларының ең баста білім алуын көксегендігін, осы ғылым-білімге газет беті арқылы шақырғанын көреміз.

Мақаламызды «Қазақ» газеттің №7 санында жарияланған (1913ж. 22 наурызында) «Қазақ жастарынан бір өтініш» деген айдармен берілген мақаладағы: «...Ғылым, өнер қазақ арасында тарампаған... Өз халқының осы халін көре тұрып, оны қайғыртпаған, оны үшін жыламаған осы күнгі қазақ жастары не қадір, қатты жүрек боларға керек? Өз жұртының осынша төмен дәрежеге түскенін көре тұрсаң да, келешектен үміт үзе алмайсың. Һәркім дүниеде үмітпен тұра алады. Соның арқасында көп іс істейсің. Хазірет Омар, Мұхаммед ғалейһис сәлам өлген күні оның өлгенін біле тұрып, оны шын көңілімен сүйгендіктен: «Кімде-кім пайғамбар өлді деп хабар берсе, мойнын осы қылышпен шауып үзермін», – деп қолына қылыш ұстап отырған екен. Сол сияқты саған да біреу: «Қазақ бітеді, аты жойылады», – десе, сен де оның бұл сөзін жаратпайсың. Келешекте өз халқы үшін қайғырған қазақ жастары шығар, солардың ыждаһаты арқасында қазақтар да ұйқыдан бастарын көтеріп, оянар деп үміт етсек» – деген жолдарын келтіре отырып қорытындылаймыз. Шынында да бүгінде қазақ халқы тәуелсіздіктің көк туын желбіретіп, егемен ел болды, ұйқыдан оянып ғылым-білімге бет алды. Бұл –кешегі Алаш зиялыларының арманының орындалғандығының бір белгісі іспеттес. Бірақ босаңсуға болмайды. Егемен елдің рухани құндылығын дамытып, тәуелсіздіктің тұғырын берік ете түсуге бүгінгі жастар шамасынша үлес қоса білуге тиіс.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 288 б.
2. «Қазақ» газеті. Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. / Бас редакторы Нысанбаев Ә. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 560 б.
3. «Қазақ» газеті. 1913 жыл. Құрастырушылар: Смағұлова С., Әнес Ғ., Замзаева Т. – Алматы: «Арыс», 2009. – 480 б.
4. «Қазақ» газеті. 1913 жыл. Газеттің электронды түпнұсқасы

Жилкубаева А.Ш.

филология ғылымдарының докторы,

С. Аманжолов атындағы ШҚУ-дың қауымдастырылған профессоры

Сапанова А.М.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ-дың қазақ тілі мен әдебиеті магистрі

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Ұлттық рухы мықты қазақ зиялыларының бірі Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін көрсеткен елеулі еңбектерін дәріптеу маңызды мәселелердің бірі болмақ. А. Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарихында ерекше орыны бар аса білімді, салауатты, ірі саяси қайраткер. Ол өзінің орасан зор ерік-жігерімен, ірі ұйымдастырушылық қабілетімен, саяси оқиғаларға көзқарасының тұрақтылығымен зор беделі мен құрметке ие болды. Теориялық жағынан жетік болғандықтан, өз қызметінде таптық белгілерден гөрі ұлттық ұстанымды ұстанды. Өз халқының сауатты болуына, білім алып, көздерінің ашық болуына зор үлес қосқан айтулы азаматтардың бірі деп анық айта аламыз. Бұл орайда, А. Байтұрсынұлы елдегі мектептердің әр түрінің көбеюі мен оқушылар санының өсуіне зор жағдай жасап, оны өзінің қатаң бақылауына алып отырған. Сауат ашуда қазақ мұғалімдерінің қатарын толықтыру керектігін дер кезінде түсініп, жаңа мұғалімдерді дайындаумен қатар бұрынғы мұғалімдердің білімдерін жетілдіру мақсатында уездер мен губерниялардың бәрінде қысқа мерзімді және екі жылдық мұғалім дайындайтын курстарды ашты. Сонымен қатар, ұлтын сүйген жанды ауыл мәдениеті қатты алаңдатқан болатын. Осы орайда ауыл мәдениетінің мүлдем артта қалғанын ескере отырып, А. Байтұрсынұлы өз кезегінде Комиссариат нұсқаушыларын шалғай ауылдарға іссапармен мектептер, сауат ашатын орындар мен қызыл отауларды ашуға жіберген. А. Байтұрсынұлының басшылығымен комиссариат педкурстардың қызметі мен жағдайын зерттеу үшін анықтама парақшаларын

жіберіп, бірінші басқыш мектептерінің мұғалімдерін дайындау үшін ашылған қысқа мерзімді 4 айлық педкурстар мен мектеп нұсқаушыларының 2 айлық курстарының бағдарламалары мен есеп жүйесін жасаған. Мамандардың тапшылығына байланысты А. Байтұрсынұлы Халық Ағарту Институттары мен педагогтар дайындайтын арнаулы орта оқу орындарын ашқан. 1921 жылдың бірінші шілдесіне қарай республикада төрт Халық Ағарту институтын іске қосты. А. Байтұрсынұлы 1920 жылы Орынборда ашылған үлгі-тәрбие мектеп-коммунасының жанынан интернат ашқан. Алғашқы жылдары бұл бастауыш мектеп болды, кейін оны жеті жылдық үлгі-тәрбие мектебі етіп қайта құрды. А. Байтұрсынұлының ыждағатты бақылауының арқасында не бары үш ғана оқулық - әліппе, грамматика, арифметика оқулықтары шықты, бұлардың жалпы таралымы 178 мың дана ғана болды. Бұл оқулықтардың бір бөлігі Қазақстанда, бір бөлігі Қазанда басылып шыққан.

Қазақ тілі білімінің, соның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда, ұлағат алар ұлыларымыздың қатарына кіретін ұлтымыздың ең ардақты ұлдарының бірі – Ахмет Байтұрсынұлының есімін атап өте алмаймыз. Солай болуға тиісті де. Оның себебі- ұлттың ғылымитерминологияны қалыптастыруды оның еңбектерінен басталатындығы. Осы тұста бірден басын ашып айта кететін мәселе бар. Ол- тіліміздегі жекелеген сөздердің терминдік мәнде қолданыла бастауы мен терминологиялық жүйенің қалыптасуын шатастыруға балмайтындығы. Жекелеген сөздердің терминдік мәнде жұмсала бастауын Абайдың қара сөздерінен, XIX ғасырдың екінші жартысында шыққан кітаптар мен сол кезде басылып тұрған Дала уалаяты, Түркістан уалаяты газеттерінің беттерінен кездестіруге болады. Ал салалық терминологияның қалыптасуы- белгілі бір арнаулы саланы құрайтын ұғымдар жүйесінің тілде таңбалануы болып табылады. Өз алдына дербес терминологиялықөріс құрайтын арнаулы салалардың атаулар жүйесінен бөлініп шығуыүстіміздегі ғасырдың оныншы жылдарына дейін болды десек, шындыққа онша жанаспаған болар еді.Нақты бір ғылым салалары бойынша терминологияның қалыптасуы алғашқығылыми еңбектердің, оқулықтардың, терминологиялық сөздіктердің жарық көруімен, олардың өзге тілдерден аударылуымен тығыз байланысты. Қазақ тіл білімінде ұлттық тілде жазылған ондай еңбектердің жарық көруі – аяқталып келе жатқан ғасырдың бірінші он жылдығынан басталады. Яғни, бұл дегеніміз - қазақтың ғылыми терминологиясының туындауы да дәл осы кезден басталуға тиіс деген сөз.

А. Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің ғана емес, әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы екендігі мойындалған шындық. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған мақаласында М. Әуезов: “Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханды өзінің басшысы деп санайды [2, 22]”, - деген болса, әдебиетші ғалым Р. Нұрғалиев оның “Әдебиет танытқышы” туралы айта келіп, «... қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты- басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» деп әділ көрсетеді [3,12-136]. Сонымен, ғалым қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған, ғылыми терминологиясын да қалыптастырған. Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін жүздеген әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән функциясын да ғылыми анықтамасын да берген. Ол дегеніміз- ғылыми ұғымның өзіне ғана тән белгілерін айқын көрсетумен қатар, олардың ұғымдар жүйесінде алатын орнын да көрсету деген сөз. Ахмет Байтұрсынұлы біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын түр-түрпатын анықтаған; екіншіден, әрбір ұғымның өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни, әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін анықтаған; үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын (айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын) жасаған; төртіншіден, терминдердің жүйелік ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған сөздерді термин ретінде пайдаланған; бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арасындағы жүйелік-құрылымдық байланысты көрсеткен. Сондай-ақ, А. Байтұрсынұлы тіл білімі, әдебиеттану ғылымының ғылыми терминологиясын жасаумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесінің де негізін қалаушы ретінде танылған. Ғалымның

қаламынан шыққан әдіс, әдісқой, жалқылау-жалпылау әдісі сияқты терминдер әлі күнге дейін қолданыста.

А. Байтұрсынұлының тарих, этнография мәселелерімен де шұғылданғанын ахметтанушы ғалымдардың еңбектерінде көрсеткен. М. Әуезов 1923-жылы ғалымның “Мәдениет тарихы” атты кітап жазып бітіргенін айтқан болатын. Сонымен жоғарыда атап көрсеткеніміздей, А. Байтұрсынұлы қазақ тілі білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен қатар, көптеген әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты терминдер жасауға үлес қосқан ғалым. А. Байтұрсынұлының қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігінде. Оны қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, мүше, әдіс т.б. сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, ал жақша, қосымша, дәйекше, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әліптеме, зауықтама, сұқтаным, азаптаныс, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдер морфологиялық тәсілмен және де дауыссыз дыбыс, дауыстыдыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем-сынды терминдер тобысинтаксистік тәсілмен жасалған. А. Байтұрсынұлы – жекелеген ғылым салаларының ғана емес бүкілқазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айырықша тұлға. 1924 жылдың маусым айында Орынборда Қазақ ғылыми қызметкерлерінің съезі болып, онда терминологияны қалыптастырудың принциптері бекітілгені мәлім. Араға екі жылдай уақыт салып, 1926-жылы Бакуде өткен түркология мамандарының бірінші құрылтайында жасаған баяндамасында А. Байтұрсынұлы қатысушыларға осы принциптерді таныстыра отырып және өзге түркілердің де ғылыми терминологияны қалыптастыруда оларды басшылыққа алса дұрыс болатындығына келіп, өз ойын былай түйіндейді: «Этим путем каждый из нас, разгрузив свой язык от балласта чужих слов и отчистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведения своей печати и своей народной массе и другим тюркским народностям» [5]. Бұдан ғұлама ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаумен қатар, бүкіл түркі халықтарының терминологиясының дамуына көңіл аударып, термин жасауда ортақ қағидаларды ұстану арқылы туыстас халықтардың өзара ғылыми және рухани-мәдени байланыстардың тереңдей түсуін мақсат еткенін байқауға болады. Қазақ халқының ұлы перзенті, ұлт-азаттық қозғалысының рухани көсемі, Қазақ газетін ұйымдастырушы және оның бас редакторы, Алаш партиясының, Алашорда үкіметінің негізін қалаушы қоғам және мемлекет қайраткері ретінде де танымал тұлға. А. Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси іске ресми араласуы 1905 жылдан басталады. Біріншіден, А. Байтұрсынұлы Ресей патша үкіметінің қазақ халқына қарсы ұстанған отарлау саясатын әшкерелеп, оларды қатаң сынап қана қойған жоқ, сонымен қатар қазақ халқына саяси даму жолдарын ұсынды. Екіншіден, халқының ұлттық сана-сезімдерін қалыптастыру үшін қазақ халқының сауатын ашып, білімге жетектеді, оның саяси-экономикалық және мәдени жағынан жайғастырылып жаңғыртылуы үшін күресті. Үшіншіден, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық жүргізу нысандарын жойып, тіршілік етуінің экономикалық негіздерінен айыруға ұмтылған патша үкіметінің саясатына қарсы тұрып, үкіметтің хұзырлы орындарына хұзырхат арқылы өз тілек-талаптарын қойып, үгіт-насихатын күрес құралына айналдырды. Қазақтың ұлы ғұламасы Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін істеген игі істерінің ішіндегі ең шоқтығы биік қызметінің бірі – араб жазуына өзгерістер енгізіп, қазақ әліпбиін (алфавит) құрастыруы. Осы арқылы ғалым қазақ халқының тез сауаттанып хат тануына, оқу білімге деген құштарлықтарының оянуына ерекше ықпал етті. А. Байтұрсынұлы жазуы дамымаған ұлттың артта қалатынын, оның қоғамдағы қажеттілігін және адам өміріндегі маңызын өзінің шығарған оқулықтарында үнемі ескертіп отырады. Жазу дегеніміз – шын мәнінде, кез келген халықтың рухани деңгейі мен мәдени дамуын көрсететін негізгі құрал. Ғалым осы құралды ұлттық деңгейге көтеру жолында жан аямай еңбек етіп, тер төкті. Себебі сол кезеңге дейін

ұзақ ғасырлар бойы қолданыста келе жатқан араб жазуының халықты тез әрі жаппай сауаттандыру жолында үлкен кедергілері мен қиындықтары бар еді. А. Байтұрсынұлы осы кедергілер мен қиындықтарды жоюдың ең басты тәсілі – араб жазуын қазақ тілінің заңдылығына сәйкес реформалау деп білді. Ғұлама осылайша ұзақ ғасырлар бойы өзгеріссіз қолданылып келе жатқан араб графикасын қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын көтеріп, оны іс жүзінде реформалады. Бұған дейінгі қолданылып жүрген араб жазу жүйесінің қандай кемшіліктері бар, оны реформалауға не түрткі болды дегенге келсек, дәстүрлі араб жазуында: біріншіден, бір дыбысты жазу үшін бірнеше әріптер пайдаланылатын; екіншіден, сөзді жазғанда оның тек дауыссыз дыбыстары ғана таңбаланатын да, дауыстылары жазылмаған сөздің мағынасын түсіну қиындық тудыратын; үшіншіден, араб әліпбиінде дауысты дыбыстарды белгілейтін таңбалар саны үшеу ғана болғандықтан, бұл таңбалар тоғыз дауыстысы бар қазақ тілі үшін жеткіліксіз болды; төртіншіден, «мұсылманша сауат ашу» әдісінде әріптердің таза араб тіліндегі дыбысталуы мен айтылуын жаттатумен ұзақ уақыт кететін; бесіншіден, ол кездегі жазба тілдің құрылымында араб, парсы, «ескі тілдің» сөздері көп қолданылатындықтан, қалың бұқараға емес, азғана топтың мүддесіне қызмет ететін. Аталған жазудың осындай кемшіліктері халықты сауаттандыру ісін тежейтінін түсінген А. Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап араб жазуын қазақ тіліне ыңғайластырып, жақындатуды қолға алады да, оны 1912 жылдардан бастап қолданысқа енгізеді. А. Байтұрсынұлының газет бетінде жариялаған материалдарының ғылым үшін құндылығы да, сол оның қоғамдағы орнын, саяси көзқарасын, өмірлік ұстанымдарын, өзі көтеріп отырған мәселені жетік білуі мен жалпы білім дәрежесімен тікелей байланысты.

Корыта келе, Ахмет Байтұрсынұлының өз заманында тіл саласында жасаған реформалары бүгінгі қазақ тіліміздің ұлт тілі, мемлекеттік тіл болып қалыптасуына зор ықпал тигізгені айдан анық. Бүгінгі таңда Ахаң меңзеген тіл тазалығы, қазақтарға жаңа әліпби ауадай қажет екендігі ғалымның термин қалыптастырудағы ұстанымдары, сауат ашу жолдары, әдіс-тәсілдері, латын әліпбиін қолданудағы тілдік ерекшеліктерге көзқарастары бүгінгі таңда да өміршең мәселелер қатарынан табылады.

Пайдаланылған әдубиеттер тізімі:

1. Әшкеева Қ. Байтұрсынұлының философиялық көзқарасы: филос.ғ.к. авторефераты. – Алматы. - 2003. - 17 б.
2. Имаханбетова Р. Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы (мұрағат деректері негізінде): филол.ғ.к. авторефераты. - Алматы. - 2006. – 22-23 бб.
3. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. - Алматы: «Жалын», 2004. - 136 б.
4. Тұрғараева Г. А. Байтұрсынұлының халық ағарту саласына қосқан үлесі // Халықаралық ғылыми конференциясы. – Алматы, 2007. 21-22 сәуір. - Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2007. – 432-437 бб.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы. 1992. - 425 б.

Аққали Ахмет

тарих ғылымдарының докторы,

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры

ТАҒДЫРЫ ТАЛАЙЫ ТҰЛҒА НЕМЕСЕ БИАХМЕТТІҢ ЖАЛҒЫЗ ТҰЯҒЫ ХАҚЫНДА

Алаш қайраткері Биахмет Шегедекұлы Сәрсенов туралы алғаш рет сонау өткен ғасырдың 70-жылдары әкем марқұмнан естіген болатынмын. Ол жылдары «Бақсай» кеңшарының шағын ферма орталығында кітапхананың ашылуы біздер сияқты ойын балалары үшін үлкен оқиға еді. Сол кітапханадан әкем С. Сейфуллиннің 1977 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Тар жол, тайғақ кешу» атты тарихи-мемуарлық романын алып келіп, аз-ақ күнде оқып бітіргені есімде. Дастархан басында «бұл кітапта жерлестеріміз, «алашордашыл» С. Қаратілеуов, А. Кенжиндер туралы, бір қызығы келін

Гүлшараның әкелері де аталады екен», - деп әңгіменің ұшын шығарды. Әжеміз елең ете түсіп, «Е-е, құдаларымызды баяғы бай-құлақ», - деген болар деп ерінің бір сылып еткізіп, терлеп-тепшіп шайын сораптай түсіп, «сонда хүкімет не дейді, олардың аруағын қозғап», - деді. Коммунист әкеміз әжемізге «Недесін», - деп дүңк ете түсті. Сонымен дастархан басындағы «құдамыз туралы» әңгіме тәмам болған сияқты.

...Бұл әңгімеден кейін осы кітапқа деген қызығушылығым оянды. Кітапты оқи отырып алғаш рет «Алаш», «Алашорда», А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Б.Сәрсенов т.б. есімдерімен танысқанмен, олардың барлығы да жау лагерінде болған деген түсінік қалыптасқаны да жасырын емес.

Ес жиып, етек жиғаннан кейін баяғы әңгімені әкем өзі айтып берген. Алашордашыл Бижахмет Сәрсеновтың туған інісі Жанахметтің қызы Гүлшара әкейдің немере інісі Парихқа тұрмысқа шыққан. Парих көкеміздің әкесі Табылды біздің атамыз Ахметтің туған ағасы болатын. Көкеміз Алматы қаласындағы Қазақ политехникалық институтын инженер, Гүлшара жеңешеміз С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде геолог-географ мамандықтары бойынша тәмамдаған. Оқуларын аяқтаған жас мамандарды жолдамамен Гурьев (Атырау) облысы шаруашылықтарына жібереді. Парих көкеміз 60-жылдың ортасына дейін Индер ауданының «Путь Ильича» кеңшарында бас инженер қызметінде болды. Кейін Алматы қаласына қоныс аударды. Парих Алдоңғаров 1979 жылы Алматы қаласында қайтыс болды. Атасы Алдоңғар туралы бірер сөз ол Атырау өңіріне белгілі Меккеге үш рет барған қажы, ел арасында «Банды атанған атақты Аманғалидың» атасы. Алдоңғар қажы Қаракұлұлының Меккеге баруы жөніндегі материалдар Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының 78-қорында сақталған. Жеңешеміздің әкесі Жанахмет ұстаздық қызмет атқарған, аса мәдениеті, мұсылманшылдыққа берік кісі болған.

Абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедханов Бижахмет Сәрсеновтың Семей мұғалімдер семинариясына 1905 жылы, ал оның інісі Жанахметтің 1908 жылы оқуға түскені жайлы жазады. Жанұялық альбомда Жанахмет Сәрсеновтің 1908-1912 жылдар аралығында оқығандығын айғақтайтын фото сурет сақталған.

Тарихтан белгілі 1917 жылғы Ақпан революциясынан соң патша тақтан түсіп, Уақытша үкімет орнаған тұста қазақ даласында да жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары кеңестері, қазақ комитеттері және земстволық басқармалары сияқты жаңа билік тармақтары өмірге келді. 1917 жылдың көктемінде елде жаппай облыстық, уездік және болыстық деңгейде қазақ комитеттерінің құрыла бастауына байланысты, елдік мүддені көздеген Алаш қайраткерлерінің шақыруымен Бижахмет Сәрсенов Семей қаласына келеді. Ел өмірінде орын алып жатқан аласапыран саяси жағдайға байланысты осы жылдың 7 наурызында Семей облыстық қазақ комитеті құрылып, Бижахмет сол комитеттің басқармасына мүшелікке сайланды. Өкінішке қарай Бижахмет Сәрсенов 1921 жылы 36 жасында оба дертіне шалдығып, мезгілсіз қайтыс болды.

Сәрсеновтер әулетіне қысқаша тоқтала кетсек. Бай Шегедектің екі әйелінен сегіз ұл, 4 қыз тарайды. Осы сегіз ұлдың ішінде Бижахмет, Жанахмет, Халел, Дәлел және Салық орысша-қазақша оқыған, саяси сауатты азаматтар болды. Тағы бір ерекше екіпін түсіріп айтарымыз, тарихтан белгілі Сәрсеновтер әулеті Алаш қозғалысына белсене қатынасқан.

2000-2003 жылдары Алматы қаласында ғылыми жұмыстарыммен жүрген кезімде уақыт тауып, Парих көкеміздің шаңырағының амандық-саулығын біліп шығуға бас сұғып тұратынмын. Бірде жеңешем Гүлшара шай үстінде әкесі Жанахмет, оның ағасы Бижахмет туралы әңгіме қозғады. Әңгіме арасында жанұялық альбомды алдырып, әкесінің Семей семинариясында оқып жүргендегі суретін көрсетіп, келесі беттегі суреттегі жас жігіттің бейнесіне үнсіз қарап, бір күрсінді де әңгімесін одан әрі жалғастырды. Суреттегі жас жігіт әкесінің ағасы Бижахметтің жалғыз ұлы Ғалихан екен. Әкесі есімін Алаш көсемі Әлиханның құрметіне Ғалихан қойған. Оның қиын тағдыры туралы жеңгеміздің айтуынша Ғалихан ағасы да Кеңес өкіметі кезінде «алашордашыл», «ұлтшылдың баласы» деген атаққа ие болып бірталай, қысым мен теперіш көрген. Ол 1918 жылы дүниеге келген. Ал Ғалихан Сәрсенұлы 1995 жылы өз қолымен толтырған өмірбаянында «1917 жылы дүниеге келдім» деп

жазады. Дегенмен де, 1931 жылдың 3 ақпанында мұғалім Жанахмет Сәрсеновке Семей өлкелік кооперативтік техникумының директоры Сташевскийдің берген №195 анықтамасында Ғалиханды 13 жаста деп көрсетеді. Жастай жетім қалған Ғалихан әкесінің інісі Жанахметтің тәрбиесінде болған. Ол 1925 жылы мектеп-медресесінің бірінші сыныбын аяқтаған. 1926 жылы Семейдегі №6 мектептің 3 сыныбын бітіріп шығады. Сұм заманның керітартпа саясатының салқынымен бұл мектептен «алашордашылдың» баласы деген желеумен оқудан шығарылады. 1931-32 жылдары қаладағы ирригация техникумында оқиды, ағасы Дәлелдің қайтыс болуына орай оқуын Алматыдағы техникумда жалғастырады. 1934 жылы екі бірдей институтта, яғни Қазақ коммунистік журналистер және тау-кен институтының геология-барлау факультетінде білім алады. 1936-39 жылдары Тамбов қаласындағы авиамектепте ұшқыш-истребитель мамандығында оқиды. 1939 жылы әскери білімін жетілдіру мақсатында теңіз әуе күштері курсына оқуын жалғастырған. Әкесінің Алашорда үкіметіне белсенді қызмет еткені үшін, оған сенімсіздік білдіріліп, жас ұшқышқа ұшуға рұқсат берілмеген. Өкінішке орай «алашордашылдың баласы» деген атақ, ізінен қалмай саяси сенімсіз кадр ретінде әскери бөлімге жіберілмеді. 1940-41 жылдары аэроклубта У-2 самолетінің нұсқаушысы болып қызмет атқарды. Әскери атағы капитан. Бұған жасымаған талантты жас 1940 жылы Москваның шетел тілдері институтының француз, ағылшын және неміс тілдері факультетінің сырттай бөлімін аяқтаған. Тіл маманы ретінде ағылшын, француз және неміс тілдерінде еркін сөйлеген. Гүлшара жеңгеміздің айтуынша соғыста тұтқынға түсіп, одан қашып шыққан соң Голландиядағы Қарсыласу майданының сарбаздары құрамында ұрыс қимылдарына қатынасқан.

Соғыс аяқталған соң 1945 жылдың тамыз айынан бастап неміс, француз, ағылшын тілдерінің тілмашы ретінде үш жыл Голландия (Нидерландия) мемлекетінің аумағында Кеңес үкіметі тарапынан құрылған айырықша топпен бірге аталған мемлекеттің Амстердам, Роттердам, Утрехт қалаларында жұмыс жасады. Бұл топтың негізгі міндеті мен мақсаты екінші дүниежүзілік соғыс уақытында фашистік Германия тарапынан еріксіз жұмысқа алынған Кеңес елі территориясындағы украиндықтар мен белорустарды және өлім лагеріндегі соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару болатын. Сонымен, 1945-48 жылдары соғыс тұтқындарын елдеріне қайтару туралы халықаралық комиссиялардың бірінің құрамында тілмаштық қызмет атқарады. Сол кезде ол Нидерланд мемлекетінің бұрынғы королінің ортаншы қызы, ханшайым Йоке Мульдерспен танысып, тағдырдың жазуымен оған үйленеді. Олар 1947 жылы Херат есімді ұл сүйеді. Бұл туралы журналист Ж. Қанапина (Информбюро) «Туркестанцы во Второй мировой войне: из плена в Сопротивление» атты мақаласында тарих ғылымдарының докторы, профессор Г. Мендікұлованың Франция архивінен Г. Сәрсеновтің королдың ортаншы қызына үйленгені туралы мәліметтің сақталғаны жөнінде дерек келтіреді.


Бұл деректерді Ғалихан Бидахметұлы 1995 жылдың 9-маусымда өз қолымен толтырған өмірбаянында жазып, растайды. Алайда 1940-45 жылдар аралығындағы қызметі туралы ешқандай мәлімет бермейді. Бірақ та Ұлы Отан соғысының ардагерімін деп жазады. Сондай-ақ, оның 8 орден, 13 медальмен марапатталуы көп нәрсені айғақтайды деген пікірдеміз. Бұлардың барлығын бейбіт кезеңде алуы мүмкін емес екендігі белгілі.

Сонымен 1948 жылы Ғалихан Бидахметұлы елге әйелі мен баласын алып келе жатқан кезде шекарада тексеріп, жас нәрестелі Йоке шетел азаматы болғандықтан шекарадан өте алмай, Кеңес үкіметінің қатігез де қатаң заңдарының тармақтарына «биографиясы мен географиясы» сай келмей, пұшайман болып кері қайтады. 1948 жылы Ғалихан Бидахметұлы Шымкент жақта Анна Дубова деген орыс қызымен танысып, үйленеді. Шаңырақта үш ұл дүние есігін ашады. Жанұясы туралы тұңғыш ұлы 1992 жылы кісі қолынан опат болғандығын, екінші ұлы 21 жасында (1971) қайтыс болғанын, үшінші ұлы анасымен Ресейдің Тверь қаласында тұратындығын жазады. Ғалихан Бидахметұлы елге келгенен кейін орта мектептерде шет тілі мұғалімі және Оңтүстік Қазақстан облысы газеттерінде журналист қызметтерін атқарған. 1977 жылы зейнеткерлікке шыққан. Бір қызығы 1950 жылдардың аяғында Ғалиханның атына Москвадағы шетелдік елшіліктен арнайы шақырту қағазы келеді.

Оны шақыртушылар – Москваға халықаралық делегация құрамында келген сонау Голландияда қалған әйелі Йоке мен ұлы Херат екен. Москваға бара алмау себебін өзінің аурулы екендігімен түсіндіреді. Бірақ та өкімет тарапынан ресми рұқсат болмаған соң олардың жүзін көре алмауы да мүмкін деген пікірді де жоққа шығаруға болмас. Сол кезеңдегі Кеңес үкіметі тарапынан азаматтарға қатаң бақылау болғандығы бүгінгі күндері құпия емес екендігі белгілі. Шымкент қаласының Абай ауданында тұратындығын жазады. Бұл деректерді бүгінгі күндері Семей қаласында тұратын Жанахметтің немересі Әміртай Әлімханұлының жеке архивінен алған болатынмын.

Биахметтің талайлы тағдырлы ұлы 82 жасында 2000 жылы Шымкент қаласында қайтыс болды.

...Алаштықтар еркелете «Биаш» атаған Биахметтің жалғыз ұлы Ғалиханның қилы тағдыры осылай үзіледі.



Жас Ғалихан



Ұшқыш Ғалихан



Ғалихан Биахметұлы Сәрсенов



Ғалихан Сәрсеновтың Шымкент қаласында тұрған Громов көшесінің №26 үйі

Абдықадырова Т.Р.

педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Көшен Ұ.

студент

Тараз, Қазақстан

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ

Қазақ өзінің мол рухани байлығын жазуы сызуы болмаған кездің өзінде жадында сақтап, ауызша жеткізіп отырған, жады мықты халық. Халқымыз өзі өмір сүріп отырған ортасында тұрмыс-тіршілік болмысын, ел арасындағы қарым-қатынасты бақылап, оны ой елегінен өткізіп, ел арасындағы дау-жанжалды әділ шешіп, шешімін тауып және шығармаларына арқау етіп кейінгі ұрпағына қалдырып отырған.

Тәуелсіздік – ол қасиетті ұғым. Оны ұстап тұру, оны алғаннан да қиын екені анық. Ол - тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қанша ма. Біз өзгенің қателігінен, өзгенің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Мақаламызда Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясына тоқталып, еліміздің егемендігін жырына арқау еткен ақындырымыздың поэзиясын талдадық. Сонымен тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясының көркемдік ерекшеліктері және еліміздің егемендігін жырына арқау еткен ақындырымыздың поэзиясына шолу жасадық.

Поэзия – қастерлі де, қасиетті ұғым. Поэзия – адамның ішкі сезімінен шығып, адамды өзіне баурайтын ауқымды күшке ие. Поэзия – адам көңіл-күйінің, сезімдердің сырын шертетін қасиет. Поэзияның дүниеге келуіне себепші – сезім, ал сол сезімді жырына арқау етуші – ақын. Төгіліп тұрған сөз еншілері – ақындар сезім мен ақылдың синтезі. Қазақ халқында жазу-сызу пайда болмай тұрған кезде ақын-жырауларымыздың өлеңдері, қазақ әдебиетінің асыл мұралары ауыздан-ауызға тарап бізге жеткен. Біз оны халық ауыз әдебиетінен байқаймыз. Ол халқымыздың есте сақтау қабілетінің жоғары болғандығының, бір-екі тыңдаған жырларды жатқа айтқан ата-бабаларымыздың

дарындылығының арқасында бізге жеткен қазынамыз. Міне, осындай киелі де, әрі данышпан елдің поэзиясы басынан сан ғасырды өткізді. Сол поэзия елімен бірге: хандық алған қазақ кезеңін, бақытты күндерді, жаугершілік заманды, Ресейдің отарлау саясатын, ашаршылықты, соғысты, елінің тәуелсіздігі үшін күрескен Желтоқсаншыларды, небір қиын-қыстау кезеңдерімен қатар тәуелсіздікті көріп, жасап келеді. Ақындық кез-келген адамға бұйырмайтын қасиет. Еліміздің поэзиясы еш елдің поэзиясынан кем емес, артық болмаса. Елінің жай-күйін жырына арқау еткен ақындарымыздың поэзиясы сан түрлі сарындардың қолданылуына алып келді.

«Жалпы қазақ поэзиясының ең бір тамаша жетістігі, айтып жеткізе алмастай артықшылығы – осы азаттық, еркіндік, тәуелсіздік идеясы. Қазақ жұртында өмірге келген кез келген ақын бұл тақырыпты ең бір қастерлі, ең бір қасиетті, ең бір парасатты, ең бір аса маңызды тақырып ретінде қабылдаған. Мүмкін, бұл халқымыздың ежелден қанында бар, сонау Күлтегін мен Білге қағанның, Тоныкөк пен Елтерістің, Мүде мен Мүңкенің, көне Бейнеудің көк жон, құба жалынын асып кеткен Қырымның қырық батырының көкейінде кеткен ұлттық тұтастық идеясы мен абсолютті азаттық мұраты ма екен? Қалай болғанда да азаттық, тәуелсіздік, егемендік идеясы қазақтың қанында бар қасиетті намысы. Қазақтың «егемен болмай, ел болмас» дейтіні де сондықтан болар. Мұның бәрі, сайып келгенде, қазақ жырының негізгі сарыны мен дабылы, алымы мен қарымы ту көтерген тәуелсіздікке адастырмай алып келетіні ақиқат» [1].

Қазақ жырында, поэзиясында, сондықтан да мұң мен қайғы, қуаныш пен шаттық жиі кездеседі. Ақындар ешқашан қоғамнан жырақтай алмайды, сол қоғамда орын алып жатқан оқиға, ақын өлеңдерінен не қуаныш болып, не қайғы болып поэзиясында көрініс береді. Олардың ең басты арманы – елінің тәуелсіз ел болып, ұлттық салт-дәстүрлері мен қасиеттерін жоғалтпай, ұрпағының тәуелсіз болғанын қалауы. Небір кезеңдерді басынан өткізген ақындарымыздың «Зар заман ақындары» етуі де сол кезеңдегі орын алып жатқан келеңсіздіктер еді. Ал тарихтың жады ақындардың өлеңінде, шынайы өнерінде болатыны анық.

«Қазақ поэзиясында 80-інші жылдардың соңы мен 90-ыншы жылдардың басында араласқан буын өкілдері қазақ әдебиетінде нағыз тәуелсіздік рухын алып келді. Ол буыннан бөле жарып Н. Оразалин, Т. Медетбек, Н. Айтөв, С. Ақсұңқарұлы, Т. Әбдікәкімұлын, Н. Мәукенұлын, С. Нұржанды, Г. Салықбайды, Ж. Әскербекқызын, М. Райымбекұлын, одан кейінгі толқыннан Ж. Серікті, Б. Бабажанұлы, Б. Алдиярды, Д. Берікқажыұлын атауға болады. Бұл буын Кеңестік дәуірдің соңғы қыспағын, жүргізген саясатын көрді, және және тәуелсіздік отының тұтануына оттық болған, тәуелсіздігімізді алуға себеп болған желтоқсанның кейбіреулері куә болса, ал көрмегендері лебін сезінді. Шығармашылық, ақындық қуаттарының енді қалыптаса бастаған шағында қоғамда болып жатқан өзгерістердің аталған буынның ақындық амбицияларын ұштап, жаңа бастауға жол ашқанын байқаймыз» [2, 26].

Азаттық сүйгіш алаш жұртының арман-мақсаты қиын-қыстау кезеңдерде тежеу мен тиым көрсе де, өзінің қайсар рухын жоғалтпады, қайта іздеген мұратын тапқанша, көздеген нысанына жеткенше аласұрып, айқасып бақты және діттеген мақсатына жетті. Бізге бұл өткен заманда өмір сүрген жыршы, жырауларымыздың өрлік жырынан, батырлық өлеңдердің найза кернеген намысынан айқын көреміз. Бертін келе адамға табынушылық заманда да, қысым көрген қазақ ақындары өз ойларын халыққа жеткізудің жолын таба білді. Ол аз сөзбен ойын жеткізген ақындарымыздың елі үшін жасаған ерлігі деп айтсақ та қателеспейміз.

«Өмір бар жерде, өлең бар» деген сөзді біздің халық та айта алған. Және жай айтып қоймай, өзінің ұлы шығармаларымен қапысыз дәлелдеген. Далалық ұшқыр ой мен ұшар көңілдің астасқан тұсында жыраулар мүсіні мінсіз импровизацияның үлгісін көрсеткен. Далалық тазалық пен сұлулық тал бойына сіңген жыраулар әрі қарапайым, әрі шымыр, әрі құйылысты, әрі рухты, әрі көркем, әрі шыншыл образдар түзген [1].

Қазіргі қазақ поэзиясында бұрыннан қолданып келе жатқан өлең ырғағының дәстүрлі өлшемдер негізінде дами отырып, сол өлшемдерді бұрынғыдан ары күрделене отырып, ары қарай дамытуда. Қазақ өлеңінде, негізіне қалыптасқан екі, үш буынды өлең өте сирек кездесетін жағдай еді, ал қазіргі қазақ поэзиясына бұл буын түрі аса таңсық дүние емес. Қоғам дамыған сайын ақындардың жеткізу шеберлігі де дамып әрі күрделене түсері анық. Халықтың даму тарихымен үндес бұл дәстүр өзінің қай кезде де жақсы жалғасын тауып, өсіп, өркендеумен болды. Елінің ертеңін ойлаған, болашағына алаңдаған, шын тебіренетолғанған, елінің мерейі мен мәртебесі үшін қабырғасы қайысқан, болашақ ұрпағының ұғымтал, бақытты болуы үшін ұрандап сөз бастап, ұлағаттап ой өрген, тарихқа көз жүгірте отырып, бүгінгі заманның алдынан шығып қараған, артында тұрып сынаған елшіл, халықшыл жырлар қазіргі таңда да бар. Олар Кәкімбек Салықов, Мұхтар Шаханов, Тұманбай Молдағалиев, Нұрлан Оразалин, Күләш Ахметова, Темірхан Медетбек, Иран-Ғайып, т.б. шығармаларының алтын арқауын құрайды.

«Сол аңсай күткен күніміз біздің егемендігіміз еді. Ақын Нұрлан Оразалин жырларының негізгі діні мен дәні – осы тәуелсіздігімізді аңсау мен оны қуана қарсы алудың жарқын көрінісі. Оның соңғы кезеңдерде жазған, енгізінен, 3-ші томына енген өлеңдерінің негізі осы тақырыпты терең әрі жан-жақты, азаматтық қуанышпен, азаматтық жауапкершілікпен және азаматтық көшбасшылықпен жырлаудан көрінеді. Өзінің жан ыстығын жіберген жырлары ақынның азат күндерді аңсаған тебіреністі сәттері мен енді қолға тигендегі жұртының алдында тұрған міндет пен парызды жырмен жеткізудің ең ұтымды, ең шыншыл тәсілдерін барынша кең ауқымда қолданады» [1].

Ой мен сөздің іші мен сырты үндесе келіп, сол үндестіктен пайда болған жарасымдылық, сол кезеңдегі қазақ поэзияның үлкен мектебінен тәлім алған, әрі оны жалғастырып жүрген жас ақындардың жаңа толқынының өкілдеріне Кеңшілік Мырзабеков пен Жарасқан Әбдірашаев, Нұрлан Оразалин мен Жұматай Жақыпбаев, Шөмішбай Сариев пен Иранбек, Темірхан Медетбеков пен Дүйсенбек Қанатбаев, Исраил Сапарбаев пен Ибрагим Исаев, Ұлықбек Есдәулетов, Тыныштықбек Әбдікәкімов пен Серік Тұрғынбеков, Жүрсін Ерманов пен Тынышбай Рахимов, Жәркен Бөдешов пен Дәуітәлі Стамбеаов ізін басқан келесі толқын өмірге келді. Әсіресе кейініректе пайда болған жас толқынның бұрынғыларға қарағанда мүмкіндіктері де молырақ. Тақырып та ашық әрі кеңінен таратып жырына арқау етсе болады.

Еліміз егемендігін алып, еңсесі түзелгенде сөзге еркіндік берілді. Ақын, жазушыларымызға ешқандай қысым көрсетілмеді. Не жазам десе де, нені жырлаймын десе де өз еркіне берілді. Кез-келген нарсенің басталуы оңайға соқпайтыны анық. Сол секілді еліміз егемендік алған жылдары елімізде тоқыраудың болғаны да рас. Мемлекеттік ұйымдардың көпшілігі жекеменшікке айналды. Осындай қиын сәттерді де басынан кешірген қазақ әдебиеті тоқырауға ұшырамады. Себебі өзінің пайдасынан гөрі, ұрпағына асыл өнерді жеткізуді мұрат еткен ақын-жазушыларымыз бар. Алдыңғы толқын ағалар – Н. Оразалин, Ж. Бөдеш, Е. Раушанов, Н. Мәукенұлы, С. Адай, Б. Жақып, С. Нұржанов, М. Райымбек, Ж. Сәрсек, Т. Толқынқызы және басқа ақын ағаларымыз бен апаларымыздың соңын ала кейінгі толқын М. Шоқан, Б. Сарыбай, А. Елгезек, Н. Бердалы, Е. Жеңісұлы, Е. Жүніс, Ж. Әскербекқызы, Қ. Сарин сынды қазақ поэзиясының талантты толқыны дүниеге келді.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының назарын аударған басты мәселелер – елдің бұғаудан босап азаттық алуы, бабалар аманатының орындалуы, тәуелсіздігіміздің оңай келмегенін болашақ ұрпаққа жеткізе отырып, аманат ету, қазақтың басынан өткен тар жол тайғақ кешулері, Желтоқсан оқиғасы, т.б жырға арқау болды. Әр заманның өз жаңалығы болатыны секілді, тәуелсіздік жылдарындағы ақындарымыз, жас толқын өзімен бірге «жыл келгендей жаңалық» ала келді. Поэзияда соны серпіліс пайда болды, жаңа өмір, сонымен қатар жаңа бетбұрыс алып келді.

Ұмытылмас шығармалардың дүниеге келуі, ақынның мұңынан, қиналуынан, өмірдегі қиындықтарды тереңінен сезінуінен болатыны анық. Себебі адам қиыншылықсыз ешнәрсенің байыбына, мағынасына бара алмайды. Шынайы жалғыздықта қалып көрмеген, оны жан дүниесімен сезінбеген адам ол туралы керемет шығарма жаза алмайды. Сондықтан ақындарымыздың тереңінен түсініп жазған өлеңдері ғана бізге жетеді. Ақын – халық сөзін жеткізуші. Халықтың тілі мен үні. Жүрекке шаң болып жұққан өмір күйесін өлең орамалмен сүртіп, тазалаушы. Ақын жырын ар мен жүрек таразысынан өткізетін Халық деген Ұлы бар, Уақыт деген Төреші бар.

Ал, сан ғасырлық тарихы бар қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің түп-төркінін, қайнар-бастауларын объективті түрде зерттеудің ғылыми принциптерінің бірі – ежелгі рухани мұраларды өзара байланысты түрде алып қарастыру, яғни көркемдік дәстүр жалғастығы заңдылықтары арқылы танып – білу болып табылады. Өйткені тарихи жалғастықтың өзі қоғамда бұрыннан қалыптасқан белгілі-бір дәстүрге негізделеді.

Қазіргі таңда бізге жеткен поэзия – өзіне дейінгі сан түрлі жолдан, қиын-қыстау кезеңдерден өте отырып, өзіне дейінгі ақындардың өлеңдерін үлгі етіп, соларды жалғастыра және өзіндік ерекшелігімен бізге жетті. Бұл арине, алдыңғы толқын ақындарымыздың шығармашылығымен байланыса, сабақтастыра отырып, дүниеге әкелген туындылар. Бұл – әдебиеттегі дәстүр жалғастығының арқасы. Ақындарымыздың алдыңғы буын өкілдерінің шығармаларымен таныс болғандығының, үлгі еткендегі жемісі.

«Сөз өнері қашанда рухани еркіндік пен бостандығын талап етеді. Ақиқат өнер иесінің санасына таңбаланған құндылық психология адам жүрегіндегі ізгі руханият құндылығының жаншылуына, өнер сәулесінің солғындауына әкеледі. Адам санасы қоғамдық ортаға қашан да тәуелді. Сол қоғамның жоқшысы болу, ішкі иірімдерін тану, тамырын басу – руханият әлемінің өкілінің басты міндеті. «Қай халықтың болмасын әдебиет тарихын ең алдымен сол халықтың қоғамдық-әлеуметтік тарихымен тығыз байланысты болып келеді» [3, 6].

«Тәуелсіздік жолындағы күрес – күрестердің ішіндегі ұлысы. Біқылым замандардан бері адамзат баласын, өзінің еркіндігі мен бостандығының шектелмеу мәселелері толғандырып келеді. Жеке адам ретіндегі бостандық танымы, адамзат баласы белгілі топқа бірігіп, қоғамдық орта құруға талпынған кезде ел еркіндігі мен азаттық идеясына ұласа бастаған. Тарих біздің алдымызға азаматтық үшін арпалыспен еркіндік үшін күрестердің толастамас ағынын жайып салады. Жер бетіндегі құрып кеткен тайпалар мен мемлекеттердің тағдыры осыны көрсетеді. Ал олардың жүріп өткен жолдарының іздерін біз негізінен рухани құндылықтар – тарихи ескерткіштерден, жылнамалар мен жазбалардан, фольклорлық шығармалардан, басқа да әдеби туындылардан табамыз» [4, 33].

Қазақ халқының небір қиын-қыстау кезеңдерді басынан өткізгендегі шыдамдылығы, көрген қиыншылықтары, олардың тәуелсіздік аламыз деген үміттерінің арқасында шыдады, төзе білді. Өзі бейбіт тұрмыс кешпесе де, ұрпағының азат болуын қалаған намысы биік, өр халықтың арман-мақсаттарының арқасы. Халқымыздың ең басты арманы – еліміздің азаттық алуы баға жетпес байлығымыз. Оны сезіне білу, жырына арқау ету, болашаққа мұра ету, әдебиетіміздің дамуына үлес қосушы ақындарымыз – елдің асыл азаматтары, еліміздің жай-күйін жырына арқау еткен халық жанашырлары.

«Поэзиядағы халықтың рухы, жаны сақталатынын А.Байтұрсынұлы да атап өтеді. «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ол: «Батырлар турасындағы әңгіме халықтың жаны, рухы турасындағы әңгіме; халықтың батырлары қандай болса, халықтың рухы да сондай болған» деп жазады [5, 416].

Елінің қандай екенін сол халықтағы батырлардан біле аламыз. Оны жеткізетін ақындарымыздың шығармашылығында, көрініс береді. Ол туралы дұрыс пікір қалыптастыруына, ақындардың жеткізу шеберлігіне байланысты.

«Қазақ поэзиясындағы тіл кестесі мен өлең құрылысы жайлы мәселелерді жүйелі зерттеуге негіз еткен ғалым З.Ахметов қазақ тілінің ұлттық бітімі жатқан бейнелі сөздерді, қазақтың өлең тілін зерттеудің өзекті мәселелерін жан-жақты қамтып қозғайды. Өлең құрылысының жасалу, қалыптасу, даму заңдылықтарын өлеңнің ырғақтық құрылысын байыпты зерттеумен байланысты ғана тануға болатынын айтып, алымды теориялық негіздеме жасайды» [2, 257].

Өлеңнің бізге түсініксіз жайттарын жеткізуде Зәки Ахметов үлкен үлес қосты. Қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін талдау, жаңадан енгізілген жаңалықтарды табу, дәстүр жалғастығы мен жаңашылдықты табу арқылы талдау қажет.

«Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясы өзіне дейінгі ұлттық әдебиетіміздің ең асыл, аса озық дәстүрін одан әрі жалғастыра отырып, өз дәуіріне сай жаңа көркемдік деңгейін танытып отыр. Ата-бабаларымыздың бостандық пен еркіндік таңын аңсаған арманының тамыры, көктүркілердің тынымсыз майдан, азаттық жолындағы арпалыс дәуірінен бастау алатын тәуелсіздік идеясы – қазақтың ауыз әдебиетінде, ертегілерінде, фольклорлық шығармаларында, батырлар жырында, жыраулар әдебиетінде, одан бергі әдебиет өкілдерінің туындыларында лайықты жалғасын тауып келеді. Бір ғажабы соның барлығында да, азаттық идеясы бар да, ал басқыншылық идеясы атымен жоқ», - деп пікір айтқан Сәуле Ержанова тәуелсіздікке дейінгі қазақ поэзиясының жету жолын, сатылатып, айқындап көрсетіп тұр [2, 305]. Яғни, кез-келген нәрсе бірден пайда болмайтыны секілді қазіргі қазақ поэзиясы бізге жеткенше сан жолдан, арпалыстан, қиыншылықтардан өткені белгілі. Бізге жеткен асыл мұрамызды одан әрі дамыту, зерттеу баршамыздың борышымыз.

Сонымен, тәуелсіздік жылдарындағы поэзиялық шығармалардың көркемдік сипатына басты арқау болған – азаттық идеясын көтерген тарихи-рухани құндылықтар ақындардың шығармаларының негізгі тақырыбы болды. Егемендік жарияланған күннен бері поэзиялық шығармаларда көнетүркі сарыны, жыраулар әдебиетінің үлгісі, Мағжан Жұмабаев бастаған романтикалық-символистік бағыт, көптеген шығармашылық иелерінің айқындаушы стилі ретінде қалыптасып дами бастады. Осы реттен алып қарағанда, шынайы азаттық идеясының мәңгі өлмейтінін, оның жерді айналу бағыты сияқты қайта айналып, өз жолын бір басып өтетінін және тарихи факторлардың ұқсастығы немесе рухани жаңғыру арасындағы байланыс принциптерінің сабақтасып жататындығын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оралбаев Ө. Қазақ поэзиясы және тәуелсіздік. Жалын. - 2010, - № 5.
2. Ержанова С. Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында. - Алматы: «Білім», 2010. – 319 б.
3. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиті. – Алматы: «Мектеп», 1986. – 350 б.
4. Қыраубаева А. Ежелгі дәуір әдебиті. – Астана: «Елорда», 2004. – 280 б.
5. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: «Жалын», 2001. – 464 б.

Рамазанова Ш.Ә.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – БАС ТІЛТАНУШЫ

Ұлтты ұлт ретінде ұйыстыратын басты белгінің бірі – тіл. Тілі жоғалған ұлт бірте-бірте өмір сүруін тоқтатып, жер бетінен жойылып кетеді. Сондықтан тіл үшін күрес – ұлт үшін күрес. Бұны қазақ зиялылары да жақсы түсініп, ана тіліміздің жан-жақты дамуы мен өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосып отырған. Тіл туралы ғылыми еңбектер жазып, оның халық өміріндегі рөлін айшықтап берген. Сонау бір ел басына күн туған аласапыран кезеңнің өзінде ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы бастаған тіл білімінің жанашырлары тіл мәселесін басты

назарда ұстап, оның өміршең болуына барынша атсалысқан. Нақтылап айтсақ, қазақ тіл-білімінің бастауында ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлы тұрғаны айдай ақиқат. Қазақ тілі туралы ғажайып еңбектер жазып, ана тілімізді ғылыми тұрғыда жүйелеп-саралап кеткен де ұлт ұстазы болатын. Ендеше, осындай ерен еңбектері үшін Ахмет Байтұрсынұлына бүгінгі ұрпақ мәңгі қарыздар.

Ел-жұрт, халық, ұлт, жер, тіл туралы еңбектерін ескере отырып, есімін ел есінде қалдырудың қамын жасауымыз керек. «Бір халықтың өз тілінде білім өнері болмаса, ол халықтың тілі бұзылып өзгерді хәм көршілес күшті халықтың тілімен әсірелеп... соған қол болады, оның ішінде жаңалықтар көбейеді. Ол кішкене ұлттарды жаңартып, жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды хәм жылдам ұмытылады» деп шырылдаған ұлт ұстазын бүгінгі ұрпақ қалай ардақ тұтып, әспеттеп, төбесіне көтерсе де жарасады. Себебі, тіл – ұлттық болмыс-бітімнің бастау бұлағы, қайнар көзі. Тіл – ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілінде. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның жарқын болашаққа бастар тірек-тиянағы. Қазақ тіл-білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы халықтың болашағы туралы кеңінен толғай отырып, «Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» деген болатын. Бұдан асырып қалай айтуға болады. Шынында да, ана тіліміз – ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес қазына. Оны көздің қарашығындай сақтау, бүгінгі хәм келешек ұрпақтың басты парызы.

Ана тіліміз туралы қалам тартпаған, оның болашағына алаңдамаған ұлт перзенттері некен-саяқ. Сондай алып тұлғалардың бірі де бірегейі аса көрнекті әдебиет зерттеушісі, ақын, ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы. Сонау қиын-қыстау кезеңнің өзінде «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауымыз керек» [1] деп толғанған үлкен жүректі ғалымның тіл туралы және оның тазалығы жөнінде айтқандары бүгінгі ұрпаққа таптырмас үлгі-өнеге.

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын және қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазған ғалым Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнері туралы, оның ішінде шығарманың тілі туралы да жаңаша түсініктер қалыптастырып, тиянақты ойлар айтқан. Қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу бағытында зерделі зерттеушінің «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Ғалымның ғылыми көзқарастарына негізделген толымды туындысы Ташкентте 1926 жылы жарық көрген “Әдебиет танытқыш” кітабы. Бұл білгір қалам қайраткерінің эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын зерделі зерттеу. Аталмыш еңбекте ғұлама ғалымның жалпы сөз өнері, шығарманың тілі, тіл тазалығы мен дұрыстығы, анықтығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі туралы ойлары тоғысқан. Аталмыш еңбегінде «Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан» деп атап өткеніндей, «Әдебиет танытқыштың» алғашқы бөлімі «Сөз өнері» деп аталады. Ең алдымен тілдің міндеті жөнінде сөз саралап, өз ойын былайша кестелейді: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын» екенін тілге тиек ете келе, ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге үлкен шеберлік керектігін баса ескертеді [2]. Оның қиындығын мысалдар келтіре отырып ғылыми тұрғыда түсіндіреді. Ғалымның айтуынша, орыстың ұлы ақыны А. Пушкин кейбір өлеңдерін он үш мәрте түзеп, қайта өңдеген екен. Ал сұңғыла суреткер Л. Толстой көркем шығармаларын баспаға беріп қойғаннан кейін де қайта қарап, қайта түзетеді екен. Бұл ойындағы, қиялындағы, көңіліндегі нәрсені тілмен айтып жеткізу өте қиын екенін көрсетеді. Осы орайда қазақ жазушыларының арасында тілге аса мән беріп, шығармасын қайта-қайта қарап, өңдеп-түзейтін қаламгерлер аз

болмаған. Әсіресе олардың арасында айтулы сөз зергері Ғабит Мүсіреповтың есімі стилист жазушы ретінде ерекше аталады. Сырлы суреткер шығармаларынан олақ-салақ сөз-сөйлемдерді шырақ алып іздесеңіз де таба алмайсыз. Әр сөзді сыңғырлатып апарып, өз орнына қоя білу – тілді жетік білумен қатар, үлкен жауапкершілік жүктейді.

Шығарманың тілі көркем болып, айтар ойын айқын жеткізе білуі керек. Бұл жағынан да аса көрнекті суреткер Ғабит Мүсіреповтен үйренеріміз көп. Ал тілге аса тиянақты қарайтын тағы бір қаламгер – Әбдіжәміл Нүрпейісов. Аталмыш қалам қайраткері де көркем тілдің құпия-сырын жетік меңгерумен бірге, оның дәлдігі мен тазалығына ерекше мән береді. Өзінің айтуынша, «Қан мен тер» романын өмір бойы түзетіп, қайта қарағанның үстінен қайта қарап, үнемі жетілдіріп келеді. Бұл кейінгі қалам ұстап жетіліп келе жатқан жас буынға таптырмас үлгі, жарқын өнеге. Әрине, тілге салдыр-салақ қарап, оның көркем бояуын, сөздің үйлесімі мен үндестігін қашырып жіберетін қаламгерлер де жоқ емес. Әр сөзді өз орнына қойып, сауатты сөйлем құрау да үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сөйлем дұрыс құрылмаса, ой көмескіленіп, түсінуге ауыр болады. Осы орайда «Қазақ тілі» энциклопедиясындағы мына бір тұжырыммен келіспеуге әлдіңіз жоқ: «Мысалы, ойды білдірудің ең кіші тілдік бөлшегі сөйлем болса, ол белгілі тәртіппен орналасқан, белгілі тұлғалар арқылы грамматикалық байланысқа түскен, мағыналары сәйкес сөздерден, ал сөздер дәл сол сияқты морфемалар мен дыбыстардан тұрады, сөйтіп сөйлем жүйелі құрылым құрайды да, ерекше коммуникативтік қызмет атқарады. Сол арқылы қате құрылған сөйлемді, орынсыз қолданылған жеке сөзді, сәйкессіз тіркестерді, кейбір дыбыстық ауытқуларды тауып, анықтай аламыз. Сонымен бірге Әдеби тіл арқылы белгілі бір оқиғаны оқушыға жеткізіп қана қоймай, сезіміне әсер етуге де болады, яғни оқушысын бірде күлдіріп, рахаттандырып, көңіліне нұр сеуіп, өсіреді, бірде жылатып, көңілін күйдіріп, қайғыртады. Бұл – Әдеби тілдің экспрессивтік-эстетикалық қызметі болып табылады» [3].

Әдебиеттану ғылымының атасы аталмыш еңбегінде «Сөз өнерінің ғылымы» мен «Тіл қисыны» туралы да тұшымды ойлар айтып, салмақты пікір білдірген. Шығарма тілін екі түрге бөліп қарастырады. Біріншісі – ақын тілі, екіншісі – әншейін тіл [4]. Осы екі түрдің де өз орындарын айқындап, ара-жігін ажыратып береді. Ал асыл сөздің асыл болатын шарттарын, заңдарын танытатын ғылым – тіл қисынының мақсаты – сөзден шеберлер не жасағанын, не жасауға болатынын көрсететінін атап көрсетіп, сөздің шығарма жазудағы орнын айқындап, «әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, әсіресе сөздің түзілуінен, сондықтан тіліндегі сөзден құрастырып қисынын келтіріп, жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы білу керек» екенін нақты мысалдармен ғылыми тұрғыда дәлелдеп-дәйектеп береді. Ал «Сөз талғау» бөлімінде сөздің дұрыстығы, тілдің тазалығы мен анықтығы, дәлдігі, көрнектілігі және тіл мен сөздің әуезділігі туралы ойларды саралап, қысқа да нұсқа нақты мысалдар арқылы мейлінше ашып түсіндіреді. Осындағы ғалым айтқан ғылыми тұжырымдар мен оқшау ойлар әлі де өз маңызын жоймай келеді. Мәселен, тіл тазалығына қатысты – ана тілімізді басқа тілдермен шұбарламау, өзге тілден енген сөздерге абай болып, мән-мағынасына қарай орайластырып қолдану бүгінде күн тәртібінен түспей келе жатқан ең өзекті мәселенің бірі.

Қазіргі заман жазушыларының тілі тіптен көркемдіктен арылып, бірте-бірте телеграфтық стилге көшіп барады. Тіпті «тілге аса мән берудің қажеті жоқ, шығарманың идеясына, ойына, астарына, мазмұнына баса көңіл бөлінсе жеткілікті» деген де түсінік-пайымдар қалыптасып келеді. Біздіңше, бұл мүлде дұрыс емес, көркем әдебиеттің ең басты құралы – тіл. Тілді жетік білмейтін қаламгер ешуақытта сапалы туынды жаза алмайды, тілі жұтаң шығарма ешуақытта көркем болмайды. Өйткені, шығарманың көркемдік құнын арттырып тұратын оның тілі. Тілі көркем болмаса, шығарманың өзі де көркем бола алмайды. Осыны ұлы ойшыл Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде ғылыми тұжырымдар мен көркем шығармаларды қатар тізбелей отырып, келістіре кескіндеп кеткен. Шығарма тіліне сол кездің өзінде ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлы қойып кеткен талап пен жауапкершілікті бүгінгі қаламгерлер ескерсе екен деген тілегіміз бар. Сонда көркем тілге байланысты бүгінгі қасаң түсініктерден арылып, тілдің көркемдігі мен

тазалығына, дәлдігі мен әуезділігіне, анықтығы мен көрнекілігіне баса көңіл бөлген болар едік.

Сөзіміздің соңын қазақ тілтану ғылымының атасы Ахмет Байтұрсынұлының мына бір аталы сөзімен аяқтағанды жөн көріп отырмыз: «Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, кәсіби, ғұрпы өзгерілмесе, жалғыз тіл өзгерілді деп айтуға тіпті жол жоқ. Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де қисық деп айтуға жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ. Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір» деп тұжырымдайды ұлт ұстазы. Айтса айтқандай, ғұлама ғалымның қазақ тілінің ғылыми тұрғыда зерттеліп, зерделеніп, жүйеленіп, емлесіне дейін дұрыс түзілуіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын құрастырып, әліпбиін таңбалап кеткен де Ахмет Байтұрсынұлы болатын. Бұны келешек ұрпақ білуі керек. Ана тіліміздің бұзылмай, саф ауадай таза күйінде жетуі де осындай ұлтын сүйген ұлы тұлғалардың арқасы. Ендеше, қазақ әліпбиінің негізін қалаушы ретінде де Ахмет Байтұрсынұлының есімі қазақ тарихында алтын әріптермен жазылуға тиісті. Елім, ұлтым, тілім деп соққан ұлы жүректі ғалымның елі үшін атқарған игі істері, ерен еңбектері бүгінгі ұрпаққа таптырмас үлгі-өнеге.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. - Ташкент. 1926. – 17 б.
3. Қазақ тілі. Энциклопедия. - Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. –509 б.
4. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Т.4: – Алматы: Алаш, 2005. – 200 б.

Әмірбекова А.

филология ғылымдарының кандидаты,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
жетекші ғылыми қызметкері

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ САЯСИ-ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ АФОРИЗМДЕРІ

Саяси ақпараттарды оңтайлы жеткізу кезінде, саяси қызметті басқаруда, саяси тілді жалпыхалыққа лайықтап кодтау барысында арнайы коммуникативтік жүйенің болуы міндетті. Әрбір қоғамның өзгерісіне сәйкес саяси коммуникативтік жүйенің қызметі де түрленіп отырады. Мәселен, социалистік басқару жүйесінде саяси тілдің жалпы болмысы есеп беру, басқару, бұйыру, бұйрықты орындау, талаптарды орындау есебі түрінде көрініс тапты. Ал демократиялық басқару кезеңіндегі саяси тілді вербалданған қайшылықтар жүйесі деп атауға да болады. Халықтың саяси сауаты кеңейді, заңға бағына отырып, құқығын қорғау әрекеті етек алды. Саяси тіл билік тіліне айналды. Жұмыс берушінің немесе әкімшілік аппараттың басқару жүйесіндегі артық эмоцияны, артық сөзді көтермейтін қызметкерлердің ыза-кегі күшейіп, басқарушы мен оның қарамағындағы жұмысшылар арасындағы саяси қарым-қатынас мәдениетінің көрінісі тілдік, басқа да қайшылықтарға әкеліп соқтыратын деректермен көбейді. Соңғы кезеңде әлемдік тіл білімінде осындай саяси тілдік факторлардың ұлғаюы себебінен саяси тілді, саяси дискурсты арнайы қарастыру қолға алынды. Соның негізінде тіл білімінің лингвоясаясаттану саласы қалыптасты.

Саяси лингвистиканың зерттеу пәнін саяси коммуникация құрайды, яғни саясаткерлер мен түрлі саяси институттардың өзара әрекеттестігі және халыққа вербалды және бейвербалды құралдарды пайдалана отырып ықпал етуге бағдарланған сөйлеу әрекеті басты назарда болады. Бұл жердегі ықпал ету мақсаты дегеніміз халықты белгілі бір саяси әрекеттерге, қозғалыстарға тарту (түрлі саяси науқандарға қатысты белгілі бір үміткерге дауыс беруге, билік басындағы үкіметті орнынан тайдырып, жаңа құрамдағы үкіметті

қолдауға т.б. үндеу, шақыру), қоғамдық келісімге қол жеткізуге үгіттеу. Түптеп келгенде, саяси коммуникацияның түрлі құралдарды қолданудағы басты мақсат – билікті басып алу үшін түрлі қозғалыстарды ұйымдастыру, соған қатысты қоғамдық пікірді қалыптастырып, керекті арнаға бұрып отыру болып табылады.

Е.И. Шейгал саясат тілін «саяси дискурстың семиотикалық кеңістігін құрайтын бүкіл таңбалардың жиынтығы», –деп анықтаған болатын [1, 120]. Ал кейбір зерттеушілер дербес қолданылатын саясат тілі бар дегенмен келіспейді. Петер саяси коммуникацияның өзіндік ерекшеліктерін саралай келе, саяси дискурстың 2 түрін бөліп көрсетуді жөн санайды. Біріншісі – бірыңғай институционалды саяси коммуникация (эндосаяси дискурс), екінші жаппай көпшілікке, яғни саясатпен тікелей айналыспайтын бұқараға қатысты коммуникация (экзосаяси дискурс) [2, 41]. В.В. Демьянков:«Саяси лингвистиканың зерттеу пәнін біріншіден, саяси дискурстардың синтактикасы, семантикасы және прагматикасы; екіншіден ол дискурстарды зерделеу модельдері құрайды», – деп түсіндіреді [3, 32].

Қазіргі қазақ тіл білімінде саяси тілді зерттеу кенжелеп қалып отыр. Дегенмен, тілші-ғалым Қ. Есенова, К. Ашинова қазақ саяси қатысым мен саяси дискурстың ерекшеліктерін, саяси терминдердің қолданысын талдап, тарқатып, прагматикалық, лингвистикалық талдаулар негізінде анықтап жүр.

Мәселен, Қ. Есенова: «Лингвосаясаттанудың негізгі нысаны – саяси дискурстың қызметтерін негізгі және қосалқы топтарға бөлуге болады; саяси дискурстың бірінші негізгі қызметі – саяси билікті жүзеге асыру; сендіру және анипуляция.

Бұлардан бөлек қосалқы қызметтерге когнитивтік, коммуникативтік, түрткі болу, эмотивтік, метатілдік, фатикалық және эстетикалық қызметтері жатады. Тарата айтқанда, бірінші билікті жүзеге асыру қызметін атқаратын мәтіндерге конституция, заңдар, декреттер және елдің саяси өмірін реттеп отыратын басқа да ресми құжаттар жатады. Екінші сендіру қызметідегеніміз саяси қайраткерлердің билік институттарының өз пікір көзқарастарын, пайымдауларын басқа да өздері білетін ақпараттарды халыққа барынша сенімді де нанымды етіп жеткізу процесі. Мұнда олар түрлі қосалқы дәйектерді пайдаланады. Үшінші манипуляция қызметінде адресанттың жалған деп санайтын, бірақ өзі үшін тиімді пікір-көзқарасты халыққа танытуы. Мұнда ол реципиент тарапынан болатын сындарлы ойлауды бәсеңдету үшін түрлі қосалқы тәсілдерді өз пайдасына қарай асырады», - деп көрсетеді [4].

Бүгінгі күнге дейін елімізде саяси тіл болған жоқ деп айта алмаймыз. Себебі, мемлекет болып басқаруы бар халықтың бір билікке бағынып, бір саясаттың ағымында өмір сүрген елдің міндетті түрде саяси тілі болады. Оның үстіне ең қуатты, мазмұны мен үстемдігі мықты саяси тіл қазақ тілінде деп айтсақ, артық болмайды. Олай дейтініміз, сонау Абылай дәуіріндегі, Тәуке, Қазыбек, Әйтеке билердің заманындағы саяси тіл қысқа да нұсқа мазмұнмен, адал мейіріммен бұйыру интонациясымен, халықты игі ісіне сендіру нақышымен дүйім жұрттың басын біріктіріп отырғаны қазақтың саяси тілінің бастау алатын кезі.

Жалпы қазақ саяси тілін айқын көргіміз келсе, саяси қайраткерлердің саяси афоризмдеріне жүгінуіміз керек. Себебі, ойын астарлап, көркем жеткізуге машықтанған қазақ халқының билік тілі де нақыл сөзбен бара бар.

Ендігі кезекте қазақтың қамын ойлап, қазақ ұлтының зиялы, зайырлы халық болуы үшін күрескен қоғам қайраткері А. Байтұрсынұлының саяси афоризмдерін талқылайтын болсақ, бірқатар саяси дискурстың үлгілеріне кезігеміз.

Біріншіден, А.Байтұрсынұлы ұлт болып қалыптасып, жеке мемлекет ретінде нық тұру үшін тілдің бұзылмауын, ғылым мен білімнің, өнердің шыңдауын алға тартады. Мәселен,*тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Мойындағы борышын білу – білімнің ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі. Ғылым мен өнер көбейген сайын, бейнет кемиді. Дұрыстық-бұрыстықты білмеген жұрт азады. Басқадан кем болмас үшін білімді һәм күшті болуы керек. Білімді болуға – оқу, бай болуға – кәсіп, күшті болуға – бірлік керек. Ғылым мен өнер елсізді – елдіге, жоқты – барға теңгереді. Білімі көп адам құралы сай ұста секілді: не істесе де, келістіріп істейді.*

Екіншіден, ел билеу, халықты басқару ісіндегі адалдық пен шынайы әділдікті, іскерлікті талап еткен ғұлама ғалым өз заманында ел билеушілерге көңілі толмай, содан шыққан қорытынды ойын нақыл сөз ретінде былайша жеткізеді: *Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын*

Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы. Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі. Замана сипаты: білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билер заман. Бір нәрсені істегенде сол істі істей білетін адам істесе, шапшаң да жақсы істер еді. Ел бағатындар ел бағуларын жақсы білулері керек. Жақсы нәрсенің жолға шығуы – жаман нәрседен қиынырақ. Халықтың ісі – бұрап қалса басқа жөнге келетін машинаның тетігі емес. Жұртқа керегін білетіндер – көп, істейтіндер – аз. Көсемдер көбейсе, ерушілер де көбейер еді. Әдіс қылу – жөнсіздік емес, ептілік.

Үшіншіден, сол кезеңдегі ұлт үшін ең өзекті мәселе – жер мәселесі болғаны белгілі. «Жерден айрылғанша биліктен айрылдың, бостандықтан айрылдың деген сөз» деп, ел қамын үшін, тәуелсіздік үшін күрескер А. Байтұрсынұлының мына афоризмдерінде саяси астарлы мән жатыр: *Жер мәселесі – қазақтың тірі я өлі болуының мәселесі. Қазақ жерінің тұтқасының екі ұшы екі қолда: бір ұшы – қазақта, екіншісі – орыста. Қазақ жері қазақтан кетпес еді, қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсаң. Жерді жалдаудан тартынбағандар сатудан да тартынбайды. Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны – жер қазыналық болғандықтан: айтпесе, бүгін тойғанша маз болып, ертеңісін ұмытқан қазақ бүгін жерін сатып тойып, ертең тентіреп кетер еді.*

Төртіншіден, А. Байтұрсынұлының сөз арқылы халықты біріктіруге, ымыраластыруға, тұтастыруға шақырған, сөз арқылы жарқын өмірге тәрбиелеуге, адал еңбекпен өмір сүруге баулыған идеялары мына нақыл сөздерінен айқын байқалады және бұл афоризмдерінің бойынан саяси ұран, саяси рух сезіледі: *Жақсы шықса, жаман құлар. Ақын сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды. Сөздің ең ұлысы – тарих! Елде жоқ рух ақын сөзіне қайдан келсін?! Көсем сөз – әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз. А. Байтұрсынұлы бұл жерде «жақсы сөзге құлақ асқан адам қор болмайды» деген идеяны ұстанады.*

Бесіншіден, А. Байтұрсынұлы өзі өмір сүрген заманда қазақ халқының өмірі мен тіршілігінде ілгері даму өзгерісінің болмай жатқанына, ұлттың саяси сауаты мен мәдениетінің кенжелеп бара жатқанына қынжылып, халықтың намысын ояту мақсатында мына нақыл сөздерді айтып кеткен: *Сайлау деген өзіңе берген ықтияр. Күнелту үшін ас керек, ас істеуге күш керек, күш жұмсауға ес керек. Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс: үлкен жұмысқа көп жұмыскер керек. Ұлт намысы дегенді қазақтың көбі – екі ауылдың, екі топтың я екі рудың намысы деп ұғады: басқадан кемшілік көрсе – намыстанбайды, кектемейді, бір-бірінен кемшілік көрсе, кегін жібермейді. Әркім өзі жақсы білетін нәрсесін сынауы керек. Әркім өз білгенін, өзінің қолынан келетінін істеу керек. Өткенді қуғанды қойып, осы күйіңді жөндеуге жөн іздеу керек. Жұрт жұмысы – құмырсқаның илеуіндегі жұмысқа ұқсайды: құмырсқаша жабыла тынбай істесе өнеді. Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет қыламын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы. Біреу – жұмыс қылайын десем, тұрған жерім жаман дейді, біреу – маңайындағы елім жаман дейді: бұладың бәрі де – бос сөз. Талап – жоқ, үміт мол бір халықпыз. Өзгеге емес өзіңе өкпеле. Олжалы жерде үлестен қалғанымыз, жоралы жерде жолдан қалғанымыз – бәрі надандық кесапаты. Бұл саяси афоризмдердің негізгі түйіні зайырлы, тәуелсіз қазақ мемлекетінің азаматтары өз құқығын қорғай алатын, сауатты, көзі ашық ұлтты құрайды, ол үшін надандық, көре алмаушылық, кесірлік, жалқаулық сияқты жаман әдеттерден арылу керек деген қорытындыға келіп саяды.*

А. Байтұрсынұлы – шаршы топ алдында, жиындарда халқының қамы үшін қорықпай ойын еркін білдіре алған саяси қайраткер. Оның мына саяси дискурсы бүгінгі күнге дейін сақталған: *Қазақтың бас адамдары! Әуелі сіздер адаспаңыздар: адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс етіңдер!*

Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай түзу істеңдер! Сендер адассаңдар, арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар. Біздің заманымыз

– өткен заманның баласы, келер заманның атасы. Осындай саяси ұрандарымен сол дәуірдегі қазақ зиялыларын рухтандырып, алаш азаматтарының көшін бастап отырғанын байқаймыз. Байқағанымыздай, саяси тілдің адам психологиясына әсер ету, оның отансүйгіштік сезімін, еліне, халқына деген қамқорлығын ояту құдіреті бар. Демек, А.Байтұрсынұлын ғұлама ғалым, ақын, қоғам қайраткер, лингвист ретінде ғана емес, оның саяси тілін талдау арқылы саяси-шешен екенін де, керемет басқарушы, ұлттың басын біріктіре алатын саяси ұйымдастырушы, саяси афоризмдердің шебері екенін де таныдық.

Әдебиеттер:

1. Шейгал Е.И. Семиотическая пространство политического дискурса // Политический дискурс в России. Материалы рабочего совещания (Москва, 27-28 марта 1999 года) / Под ред. Ю.А.Сорокина, В.Н.Базылова, – М.: Диалог – МГК, 1999.– С.114-123.
2. Петер Канчани. Оппозиция «свои-чужие» как прагматическая доминанта политического дискурса. – М., 2007.
3. Демьянков В.З. Политический дискурс как предмет политической филологии // Политическая наука. Политический дискурс: история и современные исследования. - М., 2002. - №3. - С. 32-43.
4. Есенова Қ.Ө. Саяси дискурстағы прагматикалық контекстің қызметі // Фонетика ғылымдарының өзекті мәселелері: даму көздерінің болашағы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2012.

Ойсылбай А.

филология ғылымдарының кандидаты,
М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
«М.О. Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының ғылыми қызметкері

«ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШТАҒЫ» ПӘН СӨЗДЕРІ

Ахмет Байтұрсынұлы алғаш рет «Әдебиет танытқышта» қазақ тілінде ғылыми-теориялық пән сөздер жүйесін жасай отырып, қазақ әдеби тілінің тазалығына қатты көңіл бөліп, орыстың класик жазушыларының талаптарын үлгі ретінде ұсынды. Ол талаптары мынадай: «1) ескірген сөздерді ретіне қарай қолдану; 2) өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан яғни шет сөздерден қашу; 3) қазақ тілінің бай мүмкіндігін пайдалана отырып, ұғымның мәнін ашатын жаңа пән сөздер ойлап табу керек. Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы ти ген жарт өз тілінде жоқ деп. Мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» [1, 41] деген талабан ғалым нақты іске асыра білді.

Термин деген сөздің әдебиеттану ғылымында алатын орны ерекше. Әдебиеттану саласында, әдебиет теориясында қолданылатын ең қажетті ғылыми ұғымдар мен пән сөздер жүйесі жүйелі түрде Тәуелсіздік алған жылдары тұңғыш рет «Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде» (1996, 1998) жарық көрді. «Әдебиет танытқыштың» ғылыми жүйесіне сүйеніп жасалған осы «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» ұлттық әдебиеттану ғылымының қазіргі деңгейін танытатын жаңа көзқарасты айқындайды.

А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышта» қалыптастырған кәсіби пән сөздері қазақтың асыл сөз өнерінің жанрлық, стильдік ерекшеліктері мен артықшылығын нақты сараптаулар арқылы танытты. Ғалым осы іргелі зерттеуінде ежелгі әдеби мұраға және түркі әдеби ескерткіштеріне қатысты пайымдаған теориялық тұжырымдары мен өзі жетік талдап, таныған пән сөздерін ғылыми айналымға енгізді. Олар: «тірнек өнері», «көрнек өнері», «тиіс ғалам», «түйіс ғалам», «арамтер», «мерт», «сергелдең», «сауықтама», «сарындама», «салт сөзі», «ғұрып сөзі», «діндар дәуір», «сындар дәуір», «ділмар сөз», «билік сөз», «уағыз», «хикаят», «қисса», «жад дерек», «мінәжат», «шежіре», «заманхат», т.б. пән сөздері ежелгі

мұралар мен классикалық қазақ әдеби мәтіндер арасындағы дәстүрлі ұластықты, үндестікті аңғартады. Бұлардың аса мәнді терминдер екенін атай отырып, А. Байтұрсынұлы осы кітабында қолданған кейбір терминдердің еленбей, ескерілмей жатқанын баса айту керек. Осылардың ішінен өз мәнін сақтаған, қолдануға қолайлыларын сұрыптап, ғылыми тілімізге ретін тауып енгізіп, орнықтыру міндетін қолға алатын уақыт жетті. Мысалы, қазіргі таңда А. Байтұрсынұлының «көсемсөзі», «аңдатпа», «ділмәр сөзі» күнделікті өмірде пайдаланудың арқасында ғылыми айналымда жүр.

А. Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген «біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын» (М. Әуезов) таудай еңбегін ХХ ғасыр басында Ресей академиктері А.Н. Самойлович («Байтұрсынұлы Ахмет Байтұрсынұлы», 1919; «Түрік халықтарының әдебиеті», 1919), Е.Д. Поливанов («Қырғыз-қазақ жаңа (Байтұрсынов) орфографиясы», 1924), Н.Ф. Яковлев («Әліпби құрылымының математикалық жүйесі», 1928), А.Н. Кононов («Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы», 1974) өз зерттеулерінде атап өткен. Осыдан 90 жыл бұрын яғни 1923 жылы ғалымның 50 жылдық мерейтойына орай Алаш қайраткерлері М.О. Әуезов, С. Сейфуллин, Е. Омарұлы, М. Дулатұлы, Т. Шонанұлы арнайы мақалалар жазды.

«Әдебиет танытқыштың» ғылыми негізі, ондағы ғалым қалыптастырған пән сөздердің өзіндік ерекшеліктері тілдік тұрғыдан да, теориялық жағынан да маңызы зор. Ғалым қолданған *пән сөздерді* қосыша ретінде ұсынуды жөн көрдік. Оны мына төмендегі кестеден көруге болады:

Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған

«пән сөздері»

азаптытартыс
айқындау
айтыс-тартыс
айшықтау
ақынтилі
аңдату
ауызшығарма
ауыстыру
алмастыру
амәндассөздер
әсірелеу
әуез
әуезе
әурешілік
әдебиет
әлектеніс
әліптеме
әдепкіқайталау
әжуа, мысқыл
әліптеу
бас қатырғыш
баяндаутәсілі
бейнелеу
бернелеу
дамыту
ділмарсөз
егіздеу
ескіргенсөздер
жалқылауәдісі
жалпылауәдісі
жаңасөздер
жергіліктісөздер
заманхат
кейіп
кейіпкер
кейіптеу

Интернационалдық және орысша атауы:

драма
эпитет
драма
фигура
поэтический язык
пролог
фольклор
метафора
метонимия
синоним
литота, гипербола
музыка
эпос
комедия
литература
трагедия
портрет, пейзаж
анафора
сарказм
описание
головоломка
способ повествования
символ
синекдоха
градация
афоризм
параллелизм
архаизм
анализ
синтез
неологизм
диалект
эссе
тип
герой
олицетворение

кескін	живопись
көсемсөз	публицистика
қисын	теория
қорыту	эпилог
мазмұндау	фабула
машық	стиль
ойлау	мышление
оралым	синтаксический период
пайымдау	рассуждение
пікір	высказывание
путыршы	футурист
сәулет	архитектура
сөйлестіргентүр	диалог
сымбат	скульптура
тілқисыны	стилистика
тиісғалам	объективный мир
түйісғалам	субъективный мир
толғау	лирика
ұзақсөз	повесть
ұлыәңгіме	роман
ұсақәңгіме	рассказ
шендестіру, түйістіру	антитеза
шешенсөз	ораторская речь
шығармасөз	словесное творчество
шығарманыңтілі	стилистика
шығарманыңтүрі	жанр
ырғақ	ритм

Әдебиет:

1. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. XX ғасыр басындағы Алаш әдебиеттануы. Т.9. – Алматы: Әлем әдебиеті, 2012. – 368 бет.

Зайсанбаев Т.Қ.

филология ғылымдарының кандидаты,
С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ доценті

Ахметалиева Г.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ МЕН ЕМЛЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

XX ғасырдың басында қазақ тілінің дыбыстық жүйесін зерттеп, емле ережелерін қалыптастыру қолға алына бастады. Әсіресе 1920-30 жылдар аралығында бұл мәселе ерекше сөз болды. Бұған 1924 жылы сол кездегі Қазақ АКСР-нің астанасы Орынбор қаласында өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезіндегі» қызу пікірталас түрткі болған сияқты. Съезде тіл, әдебиет мәселелеріне көп көңіл бөлінуі қазақ халқын жаппай сауаттандыруға, білім-ғылымы дамыған елдердің қатарына қосуға, қазақ тілін ғылым тіліне айналдыруға деген алаш арыстарының талпыныстары деуге болады. Съездің күн тәртібіндегі жазу ережелері, әліпби мәселелері және қазақша пән сөздері деген мәселелері бүгінгі күні латын әліпбиіне ауысу туралы сөз болып жатқан кезеңде де әлі маңыздылығын жойған жоқ. Съезд материалдарын араб графикасынан кириллицаға түсіріп, баспаға дайындаған профессор Шерубай Құрманбайұлы кітаптың алғы сөзінде: «Бұл съезде сөз болған жазу мәселелерінің бүгінгі жазу ережелерімізден орын алып, оның негізінін қалағанынын, кейбір тұжырымдарының тіл ғылымының дамуы барысында жетілдірілгенін, енді бірқатар тұжырымдарының әлі де арнайы зерттеуді қажет ететінін айту керек. Сондай-ақ алаш зиялылары дұрыс белгілеген ғылыми тұжырымдар мен ережелердің ішінде кейінгі кезеңде Кеңес Одағының жүргізген саясаты мен компартия идеологиясының қойған талаптарына

сәйкес келмейді деген желеумен ешбір ғылыми негізсіз, әкімшіл-әміршіл жүйеге тән үстемдікпен орынсыз шеттетілгендері де бар. Сол себептен алаш зиялыларының қалдырған лингвистикалық мұраларын жан-жақты зерттеудің маңызы зор» [1, 8], - деп жазады

Съезде жазу ережелері туралы баяндама жасаған Е.Омарұлы қазақ тіліндегі дыбыстарды: дауысты дыбыстар – а, о, ұ, ы, е, жарты дауыстылар – у, и, р, қатаңдар – б, п, т, ч, д, с, ғ, к, қ, г, ұяңдар – м, н, ң, ымыралылар – ж, з, ымырасыз – л деп жіктейді [1, 31]. Бұл жерде ә, ө, і, ү дыбыстарының айтылмуынан оның А. Байтұрсынұлының «Тіл - құралын» басшылыққа алып отырғанын байқаймыз. А. Байтұрсынұлы а, о, ұ, ы және е дыбыстарын ғана таңбалап, ә, ө, ү, і дыбыстарын таңбалау үшін арнайы белгі – дәйекшіні ұсынған болатын [2, 270-277 бб.]. Дәйекші тұрған сөздегі дауыстылар тұтастай жіңішке оқылады. Бұл ережені басшылыққа алып жазсақ бұл күндері орфографиялық нормамызға айналған *қазір, қане, қапер, күшала, кінәла, кінәрат* т.б. сияқты сөздер болмас еді. Мұндай сөздер не біркелкі жуан, не біркелкі жіңішке оқылатын еді.

Е.Омарұлы сөздің ішінде е, к, г дыбыстары бар болса дәйекші қоймай-ақ қойса да болады, ал бұл дыбыстар жоқ сөздердің алдында дәйекші тұрса, жіңішке, дәйекші жоқ болса жуан оқимыз деп ұсыныс айтады. Ол баяндамасында үндестік заңына бағынбайтын *нікі, паз, уар* сияқты жұрнақтар сөздің алдында дәйекші тұрса да жуан оқылады деп көрсеткен [1, 33-34 бб.]. Жарыссөзге шыққан А. Байтұрсынұлы Е.Омарұлының пікірін қолдап былай дейді: «Елдестің баяндамасында қазақ тілінің 24 дыбысы бар; - арабтың 4 әрпі «х», «ш», «ф», «h»-лермен белгіленетін дыбыстар қазақ тілінде жоқ десек,- дыбысымыз 24 болады; бұл 24 дыбысты Елдес айтқанша жіктесек,- тіліміздің дыбыс жүйесінше мінсіз болады. Қазақша дыбыстарды солай, дыбыс жүйесіне келтіріп жіктегенде «у» мен «и» дауысты дыбыстардың табына кіре алмайды, дауыссыз «р» мен «л»-ға қосылып кетеді» [1, 39 б.]. Съезде Телжан Шонанұлы у мен й-ді дауысты дыбысқа жатқызу керек деп дәлелдер келтірсе [1, 43-45 бб.], Халел Досмұхамедұлы оларды дауыссыз дыбысқа жатқызады [1, 45 б.]. Съезде құрылған комиссия алғашында қазақ әліпбиінен ш әрпін алып тастап, орнына ч-ны қалдырса, тағы да болған пікірталастан кейін керісінше, ч әрпін әліпбиден шығарып, орнына ш әрпін қалдырады. Нәтижесінде қазақ тіліндегі дыбыстарды: дауысты – а, о, ұ, ы, е, жарты дауысты – р, л, у, и, ұяң – ң, м, н, қатаңдар – б, п, т, с, ш, қ, к, ымыралы – ж, з, ымырасыз – д, ғ, г деп жіктеуге келіседі [1, 69 б.].

Осы съезде қазақ жазуын сол кезде қолданылып жүрген араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшіру мәселесі де сөз болды. А. Байтұрсынұлы араб әліпбиін жақтап баяндама жасаса, Н.Төреқұлов латын әліпбиіне көшу керек деген ұсыныс жасайды. Бұл мәселе дауысқа салынып, араб әліпбиін қолдаушылар бір дауыс артықшылыққа ие болады. Съезд түпкілікті шешім келесі съезде қабылданатын болады деген тоқтамға келеді. 1926 жылы Бакуде өткен «Бірінші түркологиялық съезде» тағы да латын әліпбиіне көшу мәселесі көтеріледі. Латын әліпбиіне көшу сөз болғаннан бастап, қазақ зиялылары араб әліпбиін және латын әліпбиін жақтаушылар болып екі үлкен топқа бөлінеді. 1929 жылы Қызылорда қаласында латын әрпіне негізделген қазақ әліпбиі ресми бекітілгенге дейін емле, әліпби мәселесіне байланысты пікірталастар «Еңбекші қазақ», «Жаңа мектеп» «Қазақ тілі», «Ауыл тілі» т.б. газеттерде үнемі жарияланып тұрған. Бұл мәселелер бойынша айтыс-тартыстың көп болғаны соншалық – «Үкіметтің орталық жаңа әліпби кәмитеті» 1927 жылы Қызылорда қаласында әліпби мәселесі бойынша болған пікірталастарды жинақ етіп шығарады.

Енді төменде сол кездегі баспасөз беттерінде жарық көрген кейбір пікірталастарға тоқталайық. Мәселен Ж. Аймауытовтың «Емлені оңайлату жолы» деген мақаласындағы мына бір ойларды латын әліпбиіне көшу сөз болып отырған заманда естен шығармаған абзал. Олар: «Жазу деген сөздің шартты таңбасы, сөздегі болар болмас барлық дыбысты жазумен таңбалау мүмкін емес. Сондықтан болмашы күдікті дыбыстар (әріптер) жазуға оралғы болмауы керек», «Ереже не ғұрлым аз болса, со ғұрым жазу оңай болмақ», «Сөздің құлақпен естігендегі дыбысы мен көзбен көргендегі таңбасы не құрым жақын болса, со құрым қат жазу оңай болмақ» [3, 147 б.]. Дегенмен, Ж. Аймауытовтың тілдің дамуы барысында басқа тілдерден де дыбыстар қабылдауы мүмкін дейтін ұстанымда басшылыққа

алатынын байқаймыз. «Әліппемізден шығарылған «h», «x» дыбыстары қайта қосылуы керек: бұлар жоқ дегенмен, бар дыбыстар, қазақ ішіне қожа-молда араб-парсы тілдері тарағаннан бері бұл дыбыстар ел құлағына сіңген. Бұл дыбыстар өзге жаурыпа жұртында бар» [3, 147 б.], – дей отырып, түптің түбінде орыс тіліндегі в дыбысын да сіңіріп алатын шығарымыз, бұл «тілдің, құлақтың ұстара бастауы» [3, 147 б.], – деген пікір айтады.

Әліпби, емле мәселелері туралы жазылған пікірталастарды оқып отырсақ, өткен ғасырдың басындағы қазақ зиялылары арасында кез келген тіл басқа тілдерден дыбыстар алуы мүмкін деген пікірлер айтқандары да болғанын байқаймыз. Кеңес Өкіметі кезінде қазақ фонетикасы туралы жазылған оқулықтар мен оқу құралдарында в, ф, х, ц дыбыстары орыс тілінің игі әсерінің арқасында қазақ тіліне сіңіп, қазақ тілін байытты деп оқытты. Мәселен, проф. Ә.Құрышжанов х дыбысы сөйлеу тілімен жымдаспай жат естілгендіктен, 1917-жылға дейін құрамында осы дыбысы бар араб-парсы тілінен кірген сөздерді әркім өз қалауынша жазып жүрді дей келіп: «Ендігі жерде бұл дыбыс жаңа сапалы тың мағынаға ие болған дербес дыбыс есептеледі. Күнделікті іс жүзінде қайта-қата айтыла жүріп, х фонемасы қысқа мерзім ішінде-ақ қазақ халқының үйреншікті қолтума дыбысына айнала бастады» [4, 98 б.], – деп, бұл дыбысты тілдің дамуы барысында пайда болған жаңа фонемаға жатқызады. Осы пікірді қолдаушы ф.ғ.к. Н. Әміржанова 1938 жылы әліпбиімізге х дыбысының енгізілуі арқасында *қор* (бір нәрсенің жиынтығы), *хор* (музыка), *қабар* (қабағын қабарту), *хабар* (мәлімет) сөздері т.б. әр тұрпатта жазылатын болды [5, 115 б.] деп х-мен жазудың арқасында омоним сөздер азайды дегенге келтіреді. Омонимдер, омографтар қай тілде болсын аз кездеспейді. Сөздің лексикалық мағынасы көп жағдайда сөз тіркесінің, кейде тек сөйлемнің ғана құрамында анықталатынын ескерсек, омонимнен қашып әріп санын көбейте беру дұрыс деп айта алмаймыз. Х дыбысын айтуға қазақ тілінің артикуляциялық мүмкіндігі бар екендігін, соның өзінде бұл дыбыстың қазақ тіліне сіңбейтінін проф. Ә.Жүнісбектің мына пікірімен дәлелдеуге болады: «Х дыбысын айту қазақ тілді адамға қиын емес, себебі қазақ тілінің құрылымында ол дыбысқа бос орын бар, сондықтан *қат* десек те *хат* десек те сөз мағынасына нұқсан келмейді, бірақ соңғысының қазақ тілінің нормасына жат екені байқалып тұрады [6, 79 б.].

Өкінішке қарай, саясаттың әсері ме екен, әлде біздің ғалымдарымыздың өрелерінің жеткен жері сол ма екен тілімізге орыс тілінен күштеп ендірілген дыбыстар тілімізді байытты деп мақтанатын болдық. Мәселен, Р. Барлыбаева: «Әдеби тіліміздің лексикасының советтік дәуірде мықтап дамуы оның дыбыстық жүйесінің дамуына да әсер етпей қойған жақ. Ол неден көрінеді десек, біріншіден, тіліміздің құрамындағы жаңа дыбыстардың (*ц, ч, х, ш, э, ф*) пайда болуынан, екіншіден, жаңа буындардың дыбыстық құрамының күрделенуінен (*прокурор, пленум, калька, класс* т.т.), дауыссыз дыбыстарымыздың жаңа үндесуіндегі (заводқа, штабқа, класта, Омскіге т.т.) жаңалықтардан, үшіншіден, жаңа орографиялық, орфоэпиялық нормалар мен ережелердің пайда болуынан көреміз» [7, 126 б.], – деп жазады. Шындығында дыбыстық жүйеміз дамыған жоқ, керісінше әліпбиге жат дыбыстарды таңбалайтын әріптер енгізілгендіктен, тіліміздің табиғатына келмейтін дыбыс тіркесімдері пайда болды. Қазақ тілі өзінің табиғатынан алшақтады, онымен қоса жазуда қиындықтар пайда болды. Қазақ тілі жалғамалы тіл болғандықтан, екі дауыссыз дыбысқа, сондай-ақ жіңішке дауыссызға аяқталған, орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздерді жазуда қиындықтар туды. Басқа тілден енген сөздерді қазақ тіліне бейімдемесе, осындай қиындықтар туатынын кезінде аңғарған адамдардың бірі – Н. Қаймекеұлы. Ол *у, и* дыбыстары тек орыс тілінде дауысты дыбыс болады, қазақ тілінде бұлар дауыссыз болады дей келіп: «Көзге шыққан сүйелдей орыстың «у» мен «и»-ін әкеліп жазуымызға қосқанмен, оның былайғы өнері бізге жұға қоймайды. Құр ғана орыстың әрпін тану үшін тілімізде жоқ әріпті әліпбиіміздің ішіне әкеліп қыстырмалаудың түк мәні жоқ» [7, 53 б.], – деп әліпбиде бөтен дыбысты таңбалайтын әріптің болмауын талап етеді.

Араб әліпбиі негізінде жасалған А. Байтұрсынұлының әліпбиі қазақ тіліне тән ғана дыбыстардан тұратындықтан, басқа тілден енген сөздер қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына бағынып енетін. Сонымен қатар А. Байтұрсынұлы жасаған емле ережелерінде

де қазақ тілінің табиғаты ескерілген болатын. Араб әрпін жақтаушылардың да, латын әрпіне көшуді қалайтындардың да қазақ тілінің дыбыстық жүйесі туралы пікірлері бір жерден шықпағанмен, көпшілігі А. Байтұрсынұлы жасаған емленің дұрыс екендігін мойындаған. Тіпті араб жазуын қолдайтындарды ескішіл деп санап, араб жазуын сақтап қалам деушілерге барынша қарсы тұрған Н. Төреқұловтың өзі: «Жазудың емле жағы қазақта бітейін деп қалған. Атақты тарихшы Нажиб Асим (Нәжиб Ғасим) «Түрік» деген сөзді баяғыша «трк» түрінде емес «түрік» деп үйрету үшін 20 жыл ұрынды, «т»-дан соң «уау» хәрпі керек дегені үшін көп заманға дейін «Нажибесімді» «уаули түрік» деп Стамбул келеке қылды, тағдырға шүкірлер болсын, Байтұрсынұлы Ахмет мұнан он шақты жыл бұрын тілге туралап түзеткенде барлық жұрт керектігін біліп, қабыл алған» [8, 65 б.], - деп әділін айтқан. Сондай-ақ латын әліпбиін жақтаушылардың бірі Т. Шонанұлы да: «Емлеміз жақсы дегенге қосыламыз. Бірақ таңбамыз – әліппеміз, әрпіміз жақсы дегенге қосылғым келмейді» [9, 333-334 бб.], - десе, Әлімқан Ермекұлы: «Ақаң емлені түзеп, қазақ тілінің негізінен орнатқанына біз түгіл орыстар да қарсы емес. Емлеміздің дұрыс шешілгендігі, басқалардың көбінікінен артық екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Сондықтан біз Ақаң мәселенің қиынын шешті дейміз» [9, 348 б.], - деп араб әліпбиін қолдамаса да, А. Байтұрсынұлының емлесін мойындайтынын білдіреді. Әрине, ол кезде қазақ тілін зерттеу, емле ережелерін қарастыру енді ғана қолға аланып жатқандықтан, қателіктер, кемшіліктер болды. Бірақ бір нәрсе анық еді. Алаш зиялылары қазақ тілінің тазалығын, ұлт тілінің ерекшелігін сақтап қалуға тырысты. Тәуелсіз қазақ елі латын әліпбиіне ауысқанда алаш зиялыларының мұраларын басшылыққа алып, қазақ тілінің табиғи қалпына қайта оралуына мүмкіндік беруі керек. Сонымен қатар бұл – орыс тілінің үстемдігінен құтқаратын, ұлттың рухани жаңғыруына бастайтын жол.

Әдебиеттер:

1. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Алматы: «Атамұра», 2005. – 144 б.
2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 3 т. – Алматы: «Алаш», 2005. – 352 б.
3. Жүсіпбек. «Емлені оңайлату жобасы» // «Жаңа мектеп». 1928. №4, 5. 34-38 бб. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, «Қазығұрт», 2013 ж. – 640 б.
4. Құрышжанов Ә. Тіл тарихы жайында ойлар (ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы, 2008 ж. – 200 б.
5. Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағлымы. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. – 2012 ж. – 300 б.
6. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009 ж. – 312 б.
7. Барлыбаева Р. Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. Алматы, «Мектеп», 1978. 144 б.
8. Қаймекеұлы Н. «Емлені түзету туралы» (*айтыс ретінде*) «Еңбекші қазақ». 1929, 19 ақпан. Кітапта: XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, «Қазығұрт», 2013 ж. – 640 б.
9. Төреқұлов Н. Екі томдық шығармалар жинағы 1,2-томдар – Алматы: «Алаш», 2004 ж., – 290 б.
10. Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағлымы, болашағы. – Алматы, «Арыс», 2007. – 410 б.

Қоштаева Г.Т.

аға оқытушы

Байжанова М.Т.

оқытушы

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында дәулетті отбасында дүниеге келген. Тұлғаның туған мерзімін «5 қыркүйек 1872, мешін жылы» деп, нақты айтуымызға негіз болып отырған, ғұламаның 1929 жылы өз қолымен орыс тілінде жазған «Өмірдерегі» және әр жылдары мемлекеттік мекемелердегі ресми сауалнамаларға берген нақты жауаптары. Атап айтсақ, Орынбор Мұғалімдер мектебін бітіргені туралы куәлікте, оның туылған мерзімі «5 қыркүйек 1872»

деп көрсетілген. Сондай-ақ, «Анама хат» атты өлеңі де Ахметтің «1872 жылы» дүниеге келгеніне дәлел бола алады. Енді осы айғақтарға тоқталып, талдап таратсақ. Мәселен, Семей түрмесінен анасына жолдаған өлеңіндегі: «...Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп, Бітпеген жүрегімде бар бір жарам» деген жолдар, әулет басына түскен «1885 жылғы оқиғаны» меңзеп отыр. Мұрағат деректеріне сүйенсек, бұл Ахметтің әкесі Байтұрсын, үлкен әкесі Ақтастың бірнеше ағайын-туғандарымен қоса, «25 жылға итжеккенге жер аударылатын тұсы». Демек, осы «1885-тен» бала Ахметтің «13 жасын» шегерсек, туған жылы – 1872 жыл болады.

Әкесі Байтұрсын Шошақұлы еті тірі, намысты қолдан бермейтін, адал азамат болған екен. Руластарына қысым көрсеткен Торғай уезінің бастығы, полковник Яковлевті соққыға жығып, 15 жылға Сібірге айдалыпты. Әкеден тірідей айрылу Ахметтің жан дүниесіне қатты әсер етіп:

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпейтін жүрегімде бар бір жарам.
Алданып жегеніме оны ұмытсам,

Болғандай жегенімнің бәрі харам, – деген алғашқы өлеңін шығарады. Патша әкімшілігінің әкесі мен туыскандарына көрсеткен қорлығы жанына жазылмастай жара салған ол өз өмірбаянында: «Осы бақытсыздық менің Торғай қаласындағы мектепке түсуіме себеп болды», - деп жазды.

Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болды.

Ахмет Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға қарай болды. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Ахмет Байтұрсынұлын жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды.

1911 жылы «Маса» өлеңдер жинағы жарияланып, «Қырық мысал» кітабы екінші рет басылып шықты. Осы жылы «Айқап» журналында «Қазақ хәм түрлі мәселелер», «Қазақтың өкпесі», «Қазақ жерін алу турасындағы низамдар, бұйрықтар», «Закон жобасының баяндамасы», «Тағы да народный сот хақында», «Жер жайынан», «Жазу тәртібі», «Кітаптар жайынан», «Бастауыш мектеп» т.б. өзекті мақалалары жарияланады. 1912 жылы Қазақ әліпбиін (төте) түрлеп, қолданысқа ұсынады. Осы жылы «Оқу құралы» қазақша әліппесінің бірінші кітабы шығады. «Айқап» журналында «Қазақ жерін алу турасындағы низам», «Шәйзіман мырзаға», «Қазақ хәм төртінші Дума» мақалалары жарияланады. «Шора» журналында «Қазақша сөз жазушыларға», «Қазақ» газетінде «Көшпелі хәм отырықшы норма», «Шаруа жайынан», «Жер жалдау жайынан», «Земство», «Білім жарысы», «Оқу жайы» т.б. көптеген мақалалары басылады.

Ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп,

қырғыз атанған жұртының атауын қайта жаңғыртып, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды.

Газеттің ұйымдастырушысы әрі бас сарапшысы қызметін атқарады. Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің бірінші санындағы халыққа арнауын былай деп аяқтады: «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесер қызмет ету қазақ баласының міндеті болып табылады.

1918-1919 ж.ж. «Алаш» партиясының жетекшісі, «Алашорда» үкіметінің жетекшілерінің бірі әрі оқулықтар жазу жөніндегі Комиссиясының құрамында қызмет етеді. Осы жылы «Революция и киргизы» мақаласы «Жизнь национальностей» атты басылымда жарияланады. 1917 жылы патшаның тақтан құлауын Ахмет Байтұрсынұлы зор қуанышпен қарсы алып, Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен қазаққа бостандық, теңдік әперу үшін саяси күрес майданына араласты. 1917 жылы Ақпан революциясының жеңісінен кейінгі елдегі революциялық процестердің қарқынды дамуы барысында Әлихан Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан либерал-демократиялық көзқарастағы қазақ интеллигенциясының өкілдері ұлттық партия құру жоспары бойынша өз жоспарларын жүзеге асыруға кірісті. 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында І-ші жалпықазақтың съезде Ахмет Байтұрсынұлы пен Міржақып Дулатов «Тәуелсіз автономия» құру идеясын ұсынды

1920-1922 ж.ж. Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы қызметін атқарады. Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың (Академцентр) тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады. 1922-1925 ж.ж. Қазақ Халық ағарту Комиссариаты жанындағы Ғылыми- әдеби комиссиясының төрағасы, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болады. 1925-1928 ж.ж. Қазақ елінің екінші астанасы болған Қызылорда қаласында тұрады, әрі ұлт жұмысының көшбасында болады. 1928 жылы қыркүйекте Алматы Қазақ мемлекеттік университетіне профессор лауазымымен қызметке кіреді. 4-қарашада «Еңбекші қазақ» газеті «Қазақ университетінің ашылуы» атты құттықтау сөзін, «Емле туралы» мақаласын жариялайды. Мұнда 1929 жылдың маусымына дейін қызмет атқарады. 1931 жылы РСФСР қылмысты істер кодексінің 58-бабының ең ауыр тармағы бойынша ату жазасына кесіледі, бірақ үкім қайта қаралып, 10 жылға бас бостандығынан айырылып, екінші рет жер аударылады. 1931-1933 ж.ж. Беломор-Каналда айдауда болады. Жыл соңында Ресейдің Кривошеин ауданына қарасты Жуково елді мекеніне тұрақтауға рұқсат алып, осында әйелімен жылға жуық тұрады. Осы жылы 28-қаңтарда жерлестері «Сарыарқа самалы» басылымында «Жауға түскен жан сөзі», «Қарқаралы қаласына», «Жұртыма» өлеңдерін жариялайды. 1934 жылы «Қызыл крест» қоғамының араласуымен түрмеден босатылып, Алматыға келеді. Осы жылы «Қазақ тілі грамматикасының тарихы» атты ғылыми еңбек жазуды бастайды. 1934 жылы 16-желтоқсанда Орталық мұражайға кеңесшілік жұмысқа тұрады, мұнда 1936 жылдың 21-қыркүйегіне дейін істейді. Осы жылдары суретші В.Н. Хлудовтың қазақ тұрмысы туралы туындыларына «Заклучение по картинам художника Хлудова» сараптама пікір жазады. Өкінішке орай, И. Сталиннің 1925 жылғы 29 мамырдағы «Ақ жол» газеті туралы хаты Ахмет Байтұрсынұлын және оның серіктерін «ұлтшылдар» және «шоқаевшылдар» ретінде қуғындауға теориялық негіз қалады. Қазақстандағы қуғын-сүргінді жергілікті басшы Ф.Голошекин жандандыра бастады.

Ақырында алғаш Архангельскіде, соңынан Томскіде 1929-1934 жылдары айдауды болған Ахмет Байтұрсынұлы, көп кешікпей, 1937 жылы қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп жазықсыз атылып кетті. Алаш қозғалысының көсемі ретінде "халық жауы" деп атылған Ахмет Байтұрсынұлының есімі де, шығармалары да көпке дейін жұртшылық үшін жабық болды. Тек тәуелсіз Қазақстан жағдайында ғана ақынның шығармалары жарық көрді, мұралары зерттеле бастады. 1988 жылы ақталғаннан кейін А. Байтұрсынұлы шығармаларының жинағы (1989), "Ақ жол" кітабы (1991) жарық көрді.

Ахмет Байтұрсынұлына адал жар бола білген Бадрисафа Мұхамедсадыққызы ел ішіне сыйлы, қонақжай, жұбайының туған-туыстарына деген шексіз құрметі ел аузында аңыздай

тараған дана әйел болыпты. Ең қызығы, оның ұлты – орыс, шын есімі Александра екен. Оған ақынның қалай үйленгені жөнінде Ахаңның інісі Мәшеннің ұлы Самырат былай еске алады: «Ахаңнан Падрес апама қалай үйленгенін сұрадым. Өйткені олар бір-бірін өте жақсы көрген еді.

Ахмет Байтұрсынұлына адал жар бола білген Бадрисафа Мұхамедсадыққызы ел ішіне сыйлы, қонақжай, жұбайының туған-туыстарына деген шексіз құрметі ел аузында аңыздай тараған дана әйел болыпты. Ең қызығы, оның ұлты – орыс, шын есімі Александра екен. Оған ақынның қалай үйленгені жөнінде Ахаңның інісі Мәшеннің ұлы Самырат былай еске алады: «Ахаңнан Падрес апама қалай үйленгенін сұрадым. Өйткені олар бір-бірін өте жақсы көруші еді. Ахаң сұрағыма қысқа жауап берді: «Мен патша өкіметінен қорлық көріп жүргенде елден жырақ жүрдім, маған көмек беретін кісілер болмады. Сол кезде көп көмек берген осы Падрес апаң еді. Патша үкіметіне тіркелуге барғанымызда «Басқа ұлттың қызы» деп оған некелесуге рұқсат бермеді. Сосын Александра деген атын өзгертіп, башқұрттың Падриса деген қызының атын алған». Ахаң мен Падрес апа көп жыл бірге тұрып, бір-бірін қатты сыйлады, талай қиыншылықты бірге өткізді, бірақ не керек, екеуінен ұрпақ болған жоқ. Ахаң өз ағаларының, інілерінің балаларын тәрбиелеген. Падрес апам орта бойлы, көзі көк, шашы сары, дауысы жіңішке, қазақша сөйлегенде сөзі татаршаға, башқұртшаға ұқсайтын. Бізбен қазақша сөйлесетін. Сөйлегенде «сіз», «біз» деп сыпайы тіл қататын», – деп еске алады. Бадрисафа – қазаққа тамаша келін бола білді. Халық оны «ақ келін» деп атайды екен. Басынан жаулығын тастамаған ол Ахаңа тұрмысқа шыққанда Ислам дінін қабылдапты. Зейнолла молдаға некелерін қидырғаннан кейін Ахаң әйелін имамның қарауына екі айға қалдырып, мұсылманшылықтың бүкіл шартын, қазақтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін үйреткізеді. Ғалымның інісі Ілияс Байтұрсынұлының «Алтын бесік» атты кітабында: «Бадрисафа көрікті еді. Мейрімді еді. Мұсылманша киініп жүретін. Намаз оқитын. Жұмсақ, майда сөйлейтін», – деген жолдар кездеседі. Ең өкініштісі, бір-біріне деген сүйіспеншілігі ерекше Ахаң мен Бадрисафада бала болмайды. Ақын негізінен аға-інілерінің балаларын асырап, жеткізеді. Сөйтіп жүргенде Торғайдан Меккеге жаяу барып қажылығын өтеген туған інісі Мәшеннің Шолпан атты қызын бауырына басады. Ол: «Әкем бойшаң да арықтау келген келбетті кісі еді. Көзіне көзілдірік киетін. Мінезі салмақты. Ойланып асықпай, сабырмен байыпты сөйлейтін. Шешем болса, ақша жүзінен нұр тамған шырайлы, толықша әйел болатын. Байсалды, кішіпейіл, күлімсіреп жүретін-ді. Қазақша өте жақсы білетін. Басына кестеленген ақ орамал салып, етегі желбіршекті кең көйлек киюші еді. Киімді өзі тігетін анам өте жарасымды киінетұғын. Әкемнің атын атамай «Төре» дер еді. Екеуінің мінездері мінсіз үйлесетіні соншалық – бір-біріне дауыс көтеріп қатты сөйлегендерін, тіпті сыпайылықтан аттап, ренжіскендерін де көргенім жоқ», – деген естелік айтады. Кейін Ахаң айдалып кете барғаннан кейін Бадрисафа мен Шолпан жұртта қалғандай жалғыз қала береді. Үйлерінен қуылып шығып, далада қалғаннан кейін денсаулығы сыр бере бастаған Бадрисафаны Ахаңның ағасы Қалидың Кәтез атты қызы Қостанайға өзімен бірге ала кетеді. Жұбайының атылып кеткеніне қарамастан, қайын жұрты Бадрисафаны қатты қадірлеген деседі. Бірақ қолдан келер қайран бар ма, адал жардың кінәсіз айдалып кеткенін көтере алмаған Бадрисафа өмірінің соңында есінен айрылып, Қостанай ауруханасында өмірден өтіпті. Есі ауысып қалса да, дініне берік болған дейді білетіндер... Ал ертеңін ойлаған есіл ер Ахмет:

Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа немді алар өлім менен?!

Өлген күні апарып тығары – көр
Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес, бір күнгісін.

Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,

Ел – бүгіншіл, менікі ертең үшін, – деген күйі атылып кете барды. Жарты ғасыр есіміне жағылған қара күйе өшпеді. Ал ақталған уақытында халық оның жұрты үшін еткен

өлшеусіз еңбегін көріп, «Қайран Ахаң, қазақты сүюдің үлгісін көрсеткен екенсің ғой» деп «аһ» ұрды...

Әдебиеттер:

1. А-Алматы. «Алматы», 2009 ISBN978-601-01-0268-27
2. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред.Б.Ө.Жақып .- Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
3. Ахмет Байтұрсынұлының халық ағарту саласына қосқан үлесі //Халықаралық ғылыми конференциясы. – Алматы, 2007.
4. Ахаң және «Қазақ» газеті // Қазақ тарихы. №2.
5. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. - Алматы, 2008.
6. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 2003.

Кегенбекова А.Д.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 3-курс докторанты
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ГРАММАТИКА ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: ҮСТЕУ

XX ғасырдың басында қазақ ғылымының тілі қалыптасты. Тіл білімінің ғана емес басқа да ғылым салаларының терминдері жасалды, атап айтқанда, А. Байтұрсынұлы қазақ тілі, әдебиеттану, әдістеме, Е. Омарұлы физика, геометрия, медицина, М. Жұмабаев педагогика, Ж. Аймауытов психология, т.б. терминдерін жасау арқылы, терминжасамның үздік үлгісін көрсетті. Алаш зиялыларының термин қабылдаудағы негізгі принциптері төмендегідей болды:

- а) термин ретінде ұғымның мән-мағынасын ашып бере алатын қазақ сөздерін алу;
- ә) мұндай сөздер қазақ тілінен табылмаған жағдайда, оны туыстас тілдерден қабылдау;
- б) танымал халықаралық терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгеріске ұшырауы тиіс;
- в) қазақ тілінің табиғатына жат сөздердің бәрі қазақ тілінің ерекшелігіне сай өзгертіліп алынуы тиіс.

Бұл принциптер Орынбор қаласында өткен Қырғыз (қазақ) білімпаздарының I съезінде қабылданды [1, 422].

Терминдерді алғаш зерттеушілердің бірі, алаш қайраткері Е. Омаров: «Бұрын естілмеген жаңа сөз елге бірден түсінікті болу керек. Бірақ пән сөз қазақтың өз тілінен алынып, мағынасы азда болса тиісті ұғымды сездіретілік болса: оны түсіну қиын болмайды. Сондықтан пән сөзді қолдан келгенше қазақтың өз тілінен алу керек» - деді [2].

Жоғарыдағы принциптер, Е. Омарұлының пікірін негізге ала отырып 1914 жылы А. Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» атты еңбек жазып, сол арқылы қазақ тіл білімі терминдерін қалыптастырды. Ғалым қалыптастырған терминдердің өміршеңдігін қазіргі кезде де қолданылып жүргендігі дәлелдейді. Зерттеу мәліметтеріне сүйенсек, А. Байтұрсынұлы грамматикаға қатысты жүздеген термин қалыптастырған, соның ішінде морфология қатысты терминдерінің ішінде 67-і, синтаксиске қатыстылары ішінде 46-сы қазіргі күні актив қолданылады екен. Одан басқа фонетика, лексика салаларының терминдері де бар.

Қазақ тіл біліміндегі грамматика терминдерін қалыптастыруда А. Байтұрсынұлынан кейін Т. Шонанұлының, Қ. Кемеңгерұлының, Қ. Жұбановтың еңбектері зор. Аталған ғалымдар еңбектерінен А. Байтұрсынұлының терминжасам ұстанымдарын жақтағанын, ұстанғанын байқаймыз. А. Байтұрсынұлы еңбектері негіз болғанын байқаймыз. Бірақ бұл түп-тура қайталау емес, ғалымдар өзіндік ой-пікірін де қосып, толықтырулар енгізіп отырған.

Тіл біліміндегі қай терминді алмасақ та, қалыптасу, даму жолдары сан қилы. Солардың бірі – үстеу. Үстеу сөз табы XIX ғасырдың соңында қазақ тілін зерттеген ғалымдардың еңбектерінде айтыла бастайды. Алайда бұл ғалымдар үстеуді сын есімнен нақты ажыратып бермейді. Михайл Африканович Терентьев 1875 жылғы «Грамматика турецкая, персидская и

киргизская, узбекская» еңбегінде сын есім туралы: «... не согласуется с существительным ни в числе, ни в падеже (о роде было уже говорено) и ставятся всегда прежде существительного: қызыл орамал – красный платок, қызыл орамалдары – красные платки, қызыл орамалдарға – красным платкам и т.д.... Будучи поставлено после существительного, оно обращается в наречие качества и требует за собой глагола: мынау қыз сұлу еді, мынау кісі бай болады» - деп пікір білдіреді [3, 126]. Үстеу сөз табы жайлы айтқанда да ғалым: «Тут годится всякое прилагательное, для этого его употребляют отдельно или после существительного» – дейді [3, 126]. Н.П. Мелиоранский де «Наречие», яғни үстеулер туралы бөлімінде: «Имена прилагательные часто употребляются в смысле наречия без перемены формы, например, дурус – верно, жаксы – хорошо, и т.п., причем значение их в этих случаях определяется их ролью в предложении» деген пікір келтіреді [4, 68]. Аталған түрколог ғалымдар сын есім мен үстеуді ажыратпай, олардың айырмашылығын сөйлемде қолданылуы арқылы ғана көрсеткен.

Айта кететін жайт, 1879 жылы Ыбырай Алтынсариннің Орынборда «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты еңбегі жарияланды. Осы оқулықты Ыбырай Алтынсариннің жазып шығудағы мақсаты орыс тілін мүлдем білмейтін қазақ балалары үшін қазақ сөздерінің орыс тіліндегі баламасын ұсынып әрі екі тілдің грамматикалық ерекшеліктерін көрсетіп, орыс тілін меңгеруді жеңілдету болып табылады. Ағартушы-ғалым қазақ тіліндегі зат есімнің септелуін, сын есімнің шырай бойынша түрленуін, етістіктердің шақ, жақ бойынша түрленуін беріп, оларды *ақыры өзгертін сөздердің* қатарында қарастырады. Сонда сөздердің соңында қосымша жалғанып, түрленуін Ы. Алтынсарин осындай атаумен берген. Ы. Алтынсариннің бұл еңбегінде сөз таптарына тән барлық категориялар берілмесе де, септік, сын есімнің шырай, етістіктің шақ, жақ категориялары айтылады. Керісінше арнайы грамматикалық тұлғалармен түрленбейтін сөздерге *үстеу* мен *демеуді* жатқызып, оны *ақыры өзгерілмейтін сөздер* құрамында қарастырған [5].

Аталған ғалымдардан кейін ХХ ғасыр басында үстеуді нақты жүйелеп, талдап, басқа сөз таптарынан ажыратып берген – А. Байтұрсынұлы. Бірақ А. Байтұрсынұлының еңбегінде берілген үстеу сөз табы қаншалықты қазіргі қалпына сәйкес келетіндігі сұрақ туындатады.

Үстеу – қазақ грамматикасынан маңызды орын алған, мағыналық топтарға бай сөз табы болса да, қазіргі күні шешілмеген мәселелері де көп. Ең алдымен, қазіргі академиялық грамматика мен А. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегіндегі сөздердің таптастырылуына назар салсақ:

«Қазақ грамматикасы»		«Тіл – құрал»	
1	2	3	4
1. Зат есім 2. Сын есім 3. Сан есім 4. Есімдік 5. Үстеу 6. Етістік	Атаушы сөздер	1. Зат есім; 2. Сын есім; 3. Сан есім; 4. Есімдік; 5. Етістік;	Атау сөздер
7. Шылаулар 8. Модаль сөздер	Көмекші сөздер	6. Үстеу (үстеуіш); 7. Демеу (демеуіш); 8. Жалғаулық (жалғауыш);	Шылау сөздер
9. Еліктеу сөздер 10. Одағай		9. Одағай (еліктеуіш, лептеуіш)	

1-кесте – Сөз таптарының «Қазақ грамматикасы» мен «Тіл – құралда» берілуі

Біріншіден байқағанымыз, А. Байтұрсынұлы еңбегіндегі үстеу шылау сөздердің құрамында қаралады, қазіргі мағынасымен, анықтамасымен сәйкес келмейді. Қазіргі кезде

үстеу атаушы сөздер құрамында қаралады, «қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, жүзеге асу амал-тәсілін, мекенін, себебін, мезгілін, жай-күйін білдіретін және грамматикалық тұлғалармен түрленбейтін сөздер» [6, 545]. А. Байтұрсынұлы «үстеу дейміз – сын-есім, сан-есім, есімдік, етістік сөздерді толықтыру, күшейту үшін айтылатын сөздерді» – деп анықтама береді де келесідей мысалдармен дәйектейді: «мәселән, «әрең келдім» дегенде, «әрең» демесемде келгендігім көрініп тұр, бірақ «әреңді» қосқанда келгендіктің үстіне қалай келгендік көрініп тұр» [7, 191]. Ғалымның «үстеу» деген термині де ұсынған анықтамасына сәйкес, бұл сөздің анықтамасы түсіндірме сөздікте «бір нәрсенің үстіне қосылған үстеме, қосымша зат» деп берілген. Сонда ғалым үстеу сөздерді негізгі сөздердің алдында жұмсалып, толықтырып тұратындығына баса назар аударған. Үстеу туралы Қ. Жұбанов 1936 жылы қазақ тілі грамматикасында: «үстеуорыстың «наречие» сөзінің аудармасы, латынның (адвербиум), гректің (епррема) дегендердің тура аудармасы деп көрсетеді. Латында етістікті вербиум, гректе рема – дейді. Ал бұл сөздер жай қолдануда – «сөз», «сөйлеу» деген мағынада жұмсалады. Адвербиум, епррема деген сөз таптары етістікке байланысты ғана сөздер болғандықтан, оларды етістікке тән сөздер деп атаған. Адвербиум, епррема «етістіктің жанындағы» деген сөз. Орыстар да соларға еліктеп, алғашқы әзірде етістікті «речь» (перь) деп атаған. Адвербиум, епррема деген сөздерді «наречие» - «етістікті жамылған», «етістіктің үстіндегі» деп атаған орыстың осы күнгі «глагол» деген терминінің өзі ескі славян тілінде «сөз» дегенді білдіреді» деп пікір білдірсе де [8, 235], А. Байтұрсынұлының анықтамасы мен мысалдарынан тек етістік алдында ғана қолданылмағанын көреміз. Ғалым, сондай-ақ, түпкі үстеулердің аз екендігін, көбінесе үстеу мағынасында есімдерден, есімдіктен, етістіктен шыққан сөздер жүретіндігін айтып кетеді. Түпкі үстеу сөздерге: «әбден, тым, тіпті, қас, сірә, есе, тап, нақ, нағыз, әрең, дәл, дөп, дейім, әрі, бері, әбден, енді, мана, әні, міні, ең, ылғи, таман, сайын, әлі, жорты, жорта, дік» сынды сөздерді жатқызып, сан есім, есімді күшейтуші үстеулер деп көрсетеді [7, 191]. Сонымен, А. Байтұрсынұлының еңбегіндегі ерекшеліктер төмендегідей:

«Қазақ грамматикасы»	«Тіл – құрал»
1	2
Етістікке ғана қатысты, қимылдың, іс-әрекеттің белгісін білдіреді.	Зат-есім, сын-есім, есімдік, етістік сөздерді толықтыру, күшейту үшін айтылады.
мағыналық түрлері: мезгіл, мекен, мөлшер, сын-қимыл, күшейтпелі, мақсат, себеп-салдар, топтау	мағыналық түрлері: нықтаулық, сынаулық, өлшеулік, мезгілдік, мекендік
Мезгіл	Мезгілдік
Мекен	Мекендік
Мөлшер	Өлшеулік
Сын-қимыл	Сынаулық
Топтау	
Күшейтпелі	Нықтаулық
Мақсат	
Себеп-салдар	

2-кесте – Үстеу сөз табының «Қазақ грамматикасы» мен «Тіл – құралда» берілуі

2-кестеге назар аударсақ, үстеудің мағыналық топтарына қатысты атаулар бір ғасырға жуық уақыт аралығында біршама өзгергенін байқаймыз. Сыртқы мағыналық түрлерін жоғарыдағыдай сәйкестендірсек те, А. Байтұрсынұлында үстеу сөздердің мағыналық түрлерге топтастырылуы басқаша. Ғалым үстеу сөздердің мағыналық топтарына тоқталған кезде қай сөз табынан алынғанын, қай сөз табынан жасалғанын айтып отырады.

1. «Нықтаулық үстеу дейміз – басқа сөздердің мағынасын нығыздау үшін айтылатын сөздерді, мәселен, *ең жақсы, бек нашар, әбден қанды, тым шабан, өте тығыз, тінті қысқа, тап өзі, нақ сол, нағыз арзан, дәл тиді, дөп келді, дәлме-дәл он кісі, қас жаман, қасақана айтты, әдейі айтпады, жәдә шаршады, тікелей қоя берді, әсіресе мақтағаны, көбінесе қарап отырғаны*» [7, 191].

Мұнда негізінен күшейтпелі, мақсат үстеу сөздер қатысқан. Етістіктердің де, есім сөздердің де алдында қолданылып тұр. Негізінен А. Байтұрсынұлы түпкі үстеулер деп атаған сөздер. Нықтаулық үстеулердің негізгі қызметі басқа сөздердің мағынасын күшейтіп, нықтап тұруы екендігін көреміз.

2. «Сынаулық үстеу – дейміз істің сынын көрсететін сөздерді. Сынаулық үстеу болатын – зат-есім, сын-есім, есімдік, етістік сөздер. Бұлардың үстеу еместігін сұраудан айырамыз. Сынаулық үстеу сұрауы: қалай? қалайша? Осы сұрауға жауап болмаған сөз үстеу болмайды» [7, 192].

Бұл мағыналық түрінде сын-қимыл, топтау үстеулері алынған. Сын есімнен жасалған сынаулық үстеулерге *жақсы оқыды, жаман жазады*; зат есімнен үстеу орнына жүретіндерге *шалқасынан түсті, етбетінен құлады, орысша айтты*, есімдіктен болған сынаулық үстеулерге *олай айтпады, солай сөйледі*, сан есімнен болған сынаулық үстеулерге *екі-екіден бөлді, үш-үштен алды*, етістіктен болған сынаулық үстеулерге *саулап жанды, жантайып жатты*, т.б. мысалдарды көрсетеді. Ғалым негізінен сөздің тұлғасына қарап қай сөз табы негіз болғандығын ескертіп отырады.

3. «Өлшеулік үстеу дейміз – сынның я істің шамасын көрсететін сөздерді. Өлшеулік үстеу болатын зат-есім, сын-есім, сан-есім, есімдік, етістік сөздер. Бұлардың да үстеу екен-еместігін сұраудан айырамыз. Өлшеулік үстеу сұраулары: қанша? неше есе? Осы сұрауларға жауап болмаған сөз өлшеулік үстеу болмайды» [7, 192].

Ғалым бұл мағыналық түрге *түске шейін ұйықтады, кешке дейін жатты, аз берді, көп алды, сонша әдемі, мұнша кешікті, тойғанша жеді, қанғанша ішті*, т.б. мысалдар келтіріп, қай сөз табынан екендігін түсіндіріп, *көп, аз* сөздерін сын есім сөз табына жатқызады.

4. «Мезгілдік үстеу дейміз – істің мезгілін көрсететін сөздерді. Мезгілдік үстеу болатын зат-есім, есімдік, етістік сөздер. Бұлардың үстеу екен-емесін сұраудан айырамыз. Мезгілдік үстеу сұраулары қашан? қашаннан? Бұл сұрауларға жауап болмаған сөз мезгілдік үстеу болмайды» [7, 193].

Атам заманнан солай, күн сайын толады мысалдарын келтіріп, *атам заманнан, күн сайын* деген сөздерді үстеу орнындағы зат есім деп көрсетеді. Осында мезгіл мәнді беретін түпкі үстеулерге *бұрын, мана, тағы, әлі, дәйім, дереу* сөздерін жатқызады. Туынды үстеулерге: *бүгін, кеше, ертең, биыл, бүрсі күн (бұрнағы күн), бұрнағы жыл, алдыңғы күн, алдыңғы жыл, соңыра, қашаннан, ілезде* сөздерін жатқызады [7, 193].

5. «Мекендік үстеу дейміз – істің мекенін көрсететін сөздерді. Мекендік үстеу болатын зат-есім, сын-есім, сан есім, есімдік, етістік сөздер. Бұлардың мекендік үстеу екен-емесін сұраудан айырамыз. Мекендік үстеу сұраулары: қайдан? қайда?» [7, 191].

Тыста жатыр, қалаға барды, жайлаудан қайтты мысалдарындағы *тыста, қалаға, жайлаудан* сөздерін үстеу орнындағы зат есім ретінде, *онда бармады, мұнда келді* мысалдарындағы *онда, мұнда* сөздерін үстеу орнындағы есімдіктер деп көрсетеді [7, 193].

А. Байтұрсынұлы қазіргі кездегі грамматикалық еңбектер сияқты үстеу сөз табының жасалу жолдарын айтып кетпесе де, негізгі түбірі қай сөз табынан екендігін айтып отырады. Осыдан-ақ ғалым еңбегіндегі үстеудің мағыналық топтарын оңай ажырата аламыз. Әрбір мағыналық топтарына қойылатын сауалдар да қамтылған. Тек қазіргі грамматикамыздағы мақсат, себеп-салдар үстеулерінің сауалдары кездеспейді.

Қ. Кемеңгерұлы үстеу сөз табы жайлы сөз қозғамайды. Т. Шонанұлы «Самоучитель казахского языка для русских» атты еңбегінде: «Прилагательное качественное, поставленное после существительного и перед глаголом имеет значение наречия (отвечает на вопрос как? а не какой?) напр., мен қымбат кітап сатып алдым – я купил дорогую книгу; мен кітапты қымбат сатып алдым – я купил книгу дорого (как?) и т.д. сен жақсы қылдың – ты хорошо сделал» [9, 60] деген пікір білдіреді. Бірақ үстеудің мәнін ары қарай тарқатпайды.

Қ. Жұбанов үстеуді *мекен-мезгіл есім* деп береді. *Мезгіл-мекен есім* болатын сөздерге *кеше, бүгін, мана, енді, әлі, қазір, бұрын, соң, жоғары, төмен ас, үс, орта, ал, арт, ілгері, кейін, алғаш, бас, бастан, аяқ*, т.б. сөздерді жатқызады. Негізгі мағынасы істің мезгілін не мекенін бері деп көрсетеді. А. Байтұрсынұлында үстеу құрамында қарастырылып жүрген,

басқа түбір сөздерге қосылып жұмсалатындарды *қосалқы* деген терминмен береді. Оларды екі түрге бөледі: *аяқ қосалқы (сайын, таман, есе, арқылы)* және *дәйек қосалқы (ең, тым, нақ)*.

Үстеу сөз табының қалыптасқан кезеңі мен қазіргі кезең арасында біршама өзгеріске түскенін байқадық. Қазіргі кездегі қазақ тілінің грамматикасында үстеу сөз табына қатысты біршама мәселелер туындаған. Оларды үш топқа бөлеміз:

1. Топтау сан есімдері, яғни *екеулеп, бір-бірлеп, бес-бестен*, т.б. сөздер қазіргі қазақ тілінің грамматикасында сан есімдер мен топтау үстеулерінің құрамында қарастырылып жүр. Топтау сан есімдері заттың санын жекелеп емес, топтап көрсетеді, нешеден? қаншадан? сұрақтарына жауап береді. Топтау үстеулері қимылдың жасалуының топтық сипатын көрсетеді, ол да *нешеден? қаншадан?* сауалдарына жауап береді. Есім сөздер мен де етістіктермен де тіркеседі. Ы. Маманов топтау сан есімдерін сан есімнің мағыналық топтарынан шығарып, олардың формаларын сөз тудырушы формалар ретінде танып, үстеу сөз табының құрамында ғана қарастыру керектігін айтады [10]. А. Байтұрсынұлы, Қ. Кемеңгерұлы сынды ғалымдар сан есімнің төрт түрлі мағыналық тобын көрсетеді: есептік, реттік, жинақтық, бөлшектік. Болжалдық пен топтау сан есімдерін қоспайды. Олардың формаларынан басқа сөз табы туады деп есептейді. Осы аталған ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, үстеу сөз табы құрамында жүру керек деп есептейміз.

2. *Әлде, әр* сөздерінің қатысуымен жасалған *әрқалай, әрқашан, әлденеше, әлдеқайда, әлдеқалай, әлдеқашан т.с.с.* «Қазақ грамматикасында» болымсыздық есімдігі мен мезгіл, мекен үстеулерінің құрамында айтылып жүр. Үстеу сөз табы әртүрлі сөз таптарынан жасалады. Үстеу сөз табына көбіне есім сөздер негіз болған. *Әрқалай, әрқашан, әлденеше, әлдеқайда, әлдеқалай, әлдеқашан т.с.с.* сөздер де *әлде, әр* сөздері мен сұрау есімдіктері арқылы жасалған. Олар етістік сөз таптарымен тіркесуге бейім және қимылдың түрлі белгілерін білдіреді. Есім сөздер сияқты түрленбейді. Сондықтан мұндай сөздерді де үстеу сөз таптарының мағыналық топтарында қарастыруды жөн көреміз.

3. *Ең, өте, аса, тым* күшейтпелі үстеулері. Тіліміздегі грамматикалық еңбектерде бұл формалар әрі сын есімнің асырмалы шырай түрін жасаушы, әрі үстеу сөз табы құрамындағы күшейткіш үстеу мағыналық түрінің құрамында кездеседі. Бұл сөздерді үстеудің мағыналық түрі ретінде көрсету үшін лексикалық мағынасының болуы шарт болып табылады.

Шырай формаларының күшейтпелі үстеулер қатарында қаралуына бірқатар ғалымдарымыз ой-пікірлерін білдіріп жүр. Осыған сәйкес Н. Оралбаева асырмалы шырай формаларын үстеу деп тану оның лексикалық мағынасын тануды талап ететіндігін, бірақ бұл элементтердің объективті өмірде атайтын нақтылы белгісінің болмауын, яғни лексикалық мағынасы жоқтығын, оларда тек грамматикалық мағына болатындығын негізге ала отырып, шырайдың аналитикалық формасын жасайтын көрсеткіш ретінде қаралуы керек деген қорытындыға келеді. Сондай-ақ, ғалым асырмалы шырай формаларына *күшейткіш көмекшілер* деген атау береді [11, 170]. Расымен бұлар лексикалық мағынасы барсөздер де емес, қосымшалар да емес, олардың бойында заттардың белгілерінің әр түрлі дәрежесін көрсететін грамматикалық мағына ғана бар.

Халық тілі өзгеріп, толықтырылып отыратын құбылыс. Грамматика қағидаларға толы болса да, уақыт өте келе ол да өзгеріске ұшырап отырады. Қазақ тіліндегі үстеу сөз табының қалыптасуы, дамуы тереңірек зерттеуді талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 445 б.
2. Омаров Е. Қазақша пән сөздер. URL: <https://emle.kz/articles/get/193>.
3. Терентьев М.А. Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская. Книга 1. –СПб.: Типография Императорской Академии Наук, 1875. – 211 с.
4. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. – Часть 1. – Санкт-Петербург: Тип. Имп. Акад. наук, 1894. – 78 с.
5. Сүлейменов Б.С. Ы. Алтынсарин таңдамалы шығармалары: Академия наук казахской ССР. – Алматы, 1955. – 407 б.

6. Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис: Ғылыми басылым. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 784 б.
7. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2017. – 752 б.
8. Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: Абзал-ай, 2013. – 640 б.
9. Шонанов Т. Самоучитель казахского языка для русских. – Қызылорда, 1929. – 113с.
10. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. (Етістік) – Алматы: Мектеп, 1966. – 156 б.
11. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975. – 136 б.

Абикова Г.М.

«Ғылым ордасы» РМК Орталық
ғылыми кітапхананың қызметкері, докторант

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА ҚОРЫНДА САҚТАУЛЫ МҰРАЛАРЫ

Өркениеттің өресі, әрбір халықтың, адамзаттың жүріп өткен жолдарында айтарлықтай із қалдырған рухани құндылықтарымен бағаланады. Әрбір халықтың рухани құндылығы – оның ұлттық мәдениетінің алтын қоры, әлемдік өркениетте алар орнының айшықты көрінісі болып табылады. Осындай құндылықтарды, бабалар аманатын сан жылдар бойы сақтап, қор ретінде шоғырландырып отырған құтты орын, қазақ ғылымының қарашаңырағы – ҚР БҒМ Ғылым комитетінің «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы. Ғылыми кітапхана – республикамыздағы кітапханалар ішінде төңкеріске дейінгі кітаптар мен сирек қолжазбалар қоры толық сақталған ғылыми мекеме.

Қазақстанда сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар коллекцияларының бірнеше ірі қорлары бар және Ғылыми кітапхана өзінің қорында сақталған, Қазақстанның белгілі ғалымдарының әр жылдары арнайы жинаған коллекцияларының өзіндік ерекше жүйелілігінің ғылымилығының, бірегейлігінің арқасында айрықша орынды иеленеді. Ғылыми кітапхана қоры республикада қазақ тіліндегі сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар сақталған ірі қор болып есептеледі. Қазіргі кезде Ғылыми кітапханада 2054 папкада тұрған 22000 данадан аса қолжазба мен араб және латын графикасымен жазылған шамамен 3000-ға жуық қазақ кітабы бар. Қорда қазақтың әдеби-көркем мұрасына жататын ерекше тарихи қолжазба құжаттары мен қолжазбалар сақталған. Осы деректерден қазақ халқының тарихына, әдебиетіне және мәдениетіне қатысты анықтай түсетін көптеген ақпараттарды алуға болады. Тоталитарлық режим кезінде бұл қолжазбалар мен кітаптарды алып пайдалану мүмкін емес еді, сондықтан көптеген тарихи деректер халықтың ауызекі шығармаларының туындылары айтылмай, аталмай қалып жатты.

Қордағы аса құнды болып саналатын Ш.Ш. Уәлиханов қолжазбаларының жалғыз сақталып қалған толық жинағының фотокошірмесі; Абылай ханның Сібір генерал-губернаторы Ширинбергке жазған хаты, өзінің жеке мөрі басылған; Абай өлеңдері, оның жеке хатшысы Мүрсейіттің қолымен жазылған; жаяу Мұса Байжановтың 1911-1918 жылдар арасында жазылған күнделігі, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің қолжазбалары, Ә. Диваев пен Ә.Марғұланның этнографиялық материалдары бар. Сонымен қатар ХҮ-ХҮІІІ ғасыр ақын-жырауларының Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Шал ақын, Бұқар жырау және т.б. ескі әдеби мұралары мен қазақ халқының ауыз әдебиеті мен халық шығармашылығына байланысты айтыстар, қисса-дастандар, термелер мен эпостар, қазақтың халық ертегілері, шешендік сөздер мен мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелердің сақталғанын айтуға болады.

Сонымен бірге ХХ ғасыр басындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін басқарған ерлер туралы, әсіресе “Алаш” қайраткерлері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамбетов, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезов және т.б. қолжазбалары мен жазған хаттары, кітаптары сақталған.

Осы сирек қордың құнды жәдігерлері болып табылатын алғашқы қазақ газетін шығарушы, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы,

қоғам қайраткері, тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері де бар. Өз заманында әрі ақын, әрі аудармашы, әрі ғалымы ретінде танылған А. Байтұрсынұлының Ғылыми кітапхана қорында сақтаулы еңбектері:

1909 жылы Петербург қаласында "Қырық мысал" деген атпен жарық көрген алғашқы кітабының 1922 жылы Қазан қаласында үшінші басылуымен шыққан нұсқасы, қорда 9258-нөмірімен сақтаулы, 96 беттен тұратын кітапта негізінен орыс мысалшысы И. Крыловтан аударған аударма мысалдар жинақталған. Мысал арқылы айтылған ойларының жинағы 1922 жылы Қазан қаласында шыққан "Маса" атты кітабының сандық қалыпқа түсірілген көшірмесі, кітап қорында CD/10-702 нөмірімен сақталған.

А. Байтұрсынұлы мұрасының маңызды бір саласы – ел аузынан жинап, жүйелеп, баспа бетінде жариялаған ауыз әдебиеті нұсқалары. Атап айтқанда, фольклорлық үлгілер негізінде Мәскеу қаласындағы Ұлттар комиссариаты қарауындағы «Күншығыс» баспасында 1923 жылы шыққан "Ер Сайын" жыры 95 бет, қорда 9259, 9315, 9372-нөмірлерімен, ал Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасында 1926 жылы шыққан "23 жоқтау" кітабы 156 бет, қордағы нөмірі (9260) сақталған.

Қазақ тілінің ғылыми, теориялық және әдістемелік мәселелерін кеңінен талдап беретін кітаптары:

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін. – Қазан, 1920. – 15 б. (9654).
2. Байтұрсынұлы Ахмет. Оқу құралы. Қазақша әліппе. Бірінші жылдық кітап / 4-басылуы. – Ташкент, 1922. – 95 б. (9271).
3. Байтұрсынұлы Ахмет. Сауат ашқыш. Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліппе / Сауатсыз үлкендер үшін 1-кітап. – Оренбург, 1924. – 114 б. (9274)
4. Байтұрсынұлы Ахмет пен Шонанұлы Телжан. Оқу құралы. 3-4- жылдарда оқылатын кітап (суреттері бар). – Қызыл-орда: Қазмембас, 1927. – 412 б. (9633).
5. Байтұрсынов Ахмет. Оқу құралы. Қазақша әліппе. Бірінші кітап. – Каримовтер баспасы. – Орынбор, 1914. – 100 б. (9722, 9442). Қайта басылып шыққан баспасы.
6. Байтұрсынұлы Ахмет. Әліп-би (жаңа құрал) / Қазақстан Білім ордасы мектепте қолдануға ұйғарған. – Қызыл-орда: Қазмембас, 1926. – 116 б. (9661)
7. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап / Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызыл-орда: Қазмембас, 1927. – 73 б. (9659)
8. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап / Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 4-басылуы. – Қызыл-орда: Қазмембас, 1927. – 73 б. (9658)
9. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. II тіл танытқыш кітап / Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 6-басылуы. – Қызыл-орда: Қазмембас, 1927. – 121 б. (9657)
10. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. II тіл танытқыш кітап / Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызыл-орда: Қазмембас, 1925. – 121 б. (9655)
11. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Дыбыс заңы хәм түрлері. I тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Оренбург: Госиздат, 1923. – 46 б. (9272)
12. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. I тіл танытқыш кітап / Қазақ-қырғыз білімпаздарының I тобының қаулысы бойынша өзгертіліп 7-басылуы. – Қызыл-орда: Қазмембас, 1927. – 39 б. (9660)
13. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап / Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызыл-орда: Қазмембас, 1925. – 121 б. (9275).

Оның әдебиетші ғалым-теоретик ретінде тұлғасын айқындаған басты еңбегі – "Әдебиет танытқыш". 1926 жылы Қызыл-орда – Ташкент қаласында басылып шыққан кітабының микрофильмі кітапхана қорында РМ2395 нөмірімен сақтаулы. Бұл кітабында

ғалым алғаш рет қазақ әдебиетінің теориялық, методологиялық мәселелерін негіздеп берді. Әдебиеттану ғылымындағы басты ұғымдар мен терминдер жүйесін жасады.

Сонымен бірге Ғылыми кітапхана қорынан 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым – «Қазақ» газетінің де толық сақталған нұсқаларымен таныса аласыздар.

«Қазақ» газеті:

1913 жыл – №1-44 (7676, РМ292)

1914 жыл – №45-92 (4943)

1915 жыл – №101-163 (4944)

1916 жыл – №164-211 (4945)

1917 жыл – №212-226, 228, 230-248, 250-257 (РФ253, 4946)

1918 жыл – №258-265 (РФ 254)

Қазақ халқының әдеп-ғұрып, жөн-жосығын жан-жақты баяндайтын осындай құнды материалдар ешбір кітап сөрелерінен табылмайтын асыл мұралар екені даусыз. Ал осыншама мол материалды тәртіпке келтіріп, белгілі бір ғылыми жүйеге түсіру жұмысы да оңай емес.

Ғылымдағы кез келген тарихи-әдеби немесе тарихи-мәдени мәселеге байланысты зерттеу жұмысы барысы соған қатысты деректер жинаудан басталады, қазіргі заманауи зерттеу деңгейі іздену барысында сақталып қалған жазба мұраларды толық қарап, жеткілікті қамтуды талап етеді. Осы тарихи мұралардың толығымен зерттелуіне көмекші құрал ретінде Ғылыми кітапхана қорында сақтаулы сирек кездесетін қазақ кітаптарының библиографиялық көрсеткіш құралын жасау жұмысы қолға алынууда.

Көптеген материалдар жоспарланып отырған жұмыста алғаш рет көрсетіледі. Сипаттама араб және латын графикасында яғни түпнұсқа жазуында орындалады. Барлық мазмұндама қазақ тілінде құрастырылып, қазақстанның тарихи өткенін қазіргі күндегі көзқараспен бөліп бейнелейтін талдау сипатында болады. Библиографиялық көрсеткіштің сапасы қазақ кітаптарының ғылыми-зерттеушілік мақсатта пайдалануда едәуір көмегін тигізеді, оқытушылар мен студенттерді ғылыми жұмысқа тарту қарқынды түседі. Тарихтағы ақтандақтарды толтырудың сәті түсіп, түпдеректерді зерттеуге қол жеткізуге мүмкіндік туады.

Болашақта дайындалып жатқан мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштің баспа вариантының электрондық нұсқасы мен анықтамалық ізденіс жүйесі бар мәліметтер базасы дайын болмақшы. Ол база бұл көрсеткішті онан арғы уақытта ғылыми-зерттеушілер мен студенттердің білім алуында дистанциялық ақпаратпен қамтамасыз етуде қолданылмақшы.

Әдебиет:

1. Атабаев Қ. Мерзімді басылым – XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы қазақстан тарихының дерегі ретінде. – Алматы, 1997
2. Әбдимаңұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу эссе. – Алматы: Арда, 2007. – 296 б.
3. Имаханбетова Р.С. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. – Астана, 2010. – 304 б.
4. «Қазақ» газеті. - Алматы, 1998. - 228-б.
5. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер. – Алматы, 1956. - 48 б.

Байбосынова М.С.

Әл-фараби атындағы ҚазҰУ,
филология факультетінің 2- курс магистранты

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ

Халқымыз ғасырлар бойы аңсап келген тәуелсіздігімізге биыл 31 жыл толмақ. Тарих толқынында қысқа уақыт саналғанымен, егеменді ел болу үшін талай нәубетті жылдарды бастан өткердік. Бәзбіреулер айтқандай, тәуелсіздікті тегіннен тегін олжалап алмағанымызға тарих куә. Ғасырлар бойы жалғасқан күрестің нәтижесінде дербес мемлекет болдық. Осы

орайда, тәуелсіздікті тілге тиек еткенімізде «Алаш» идеясының санамызда жаңғырып тұратыны рас. «Алаш» идеясы ХХ ғасырдың басында кенеттен пайда болған жоқ. «Алаш» ұраны XV ғасырда Сұлтан Ахмет ханның тұсында пайда болып, уақыт өте келе өршіл рух пен пидагершілікке, елдікке үндейтін ұлттық ұранға айналды. Әлихан Бөкейханұлы бастаған зиялылар қауымы «Алаш» ұранын саяси ұлттық идеологияға шебер сыйдыра білді. Идеологияның басты мақсаты – тәуелсіз ұлттық мемлекет құру еді. Шын мәнінде, Алаш идеясы – тәуелсіздік пен мәңгілік ел идеясына апаратын ұлттық идеологиялық құрал.

ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы Фарифолла Есімнің мына пікірі «Алаш» идеясы мен егемендіктің тығыз байланысын дөп басқандай: «Тәуелсіздіктің басты ұғымы – Мемлекет. Себебі, тәуелсіздік дегеніміздің өзі этностың ұлттық мемлекет құру туралы қиялынан, арманынан, мақсатынан, мұрат биігінен туындайтын – дүниетаным. Осылай болғандықтан тәуелсіздіктің нақтылы саяси жетістігі, биігі – ұлттық мемлекет. Саяси билікке жетпеген халықта тәуелсіздік туралы тек арман, қиял, утопия ғана болмақ. Тәуелсіздікке жеткен халық, ұлт өз мемлекеттігінің іргетасын құраудан бастап, өзін жаңа сапа биігіне көтере бастамақ. Мемлекеттікке ие халықтың тәуелсіздік туралы философиясы, мемлекет философиясымен табиғи түрде бірігіп кетуі түсінікті әрі қалыпты жағдай. Біз қазір осы саяси жағдайда өмір сүріп жатырмыз» [1, 159].

Иә, «Алаш» идеясы қазақ халқының мемлекет құру арманынан пайда болды. ХХ ғасырдың басында Патша үкіметінің құлауы, геосаяси жағдайлардың құбылмалы болуы қазақ халқын ұлттық мұрат жолында жұмылуын тездетті. Әлихан Бөкейханұлы қазақ жұртына үндеу тастап: «Енді бұрынғы қате ізді баспалық, үлгілі жолға түселік, мынау ұлы дүбірге қосылалық! Тиісті бәйгемізден құр қалмайық, жұрт болайық! Егер қазақ мұны істемесе, кейінгі нәсіл-нәсіптің көз жасына қалғанымыз [2, 19].

Алаш зиялылары өздеріне артылған жүктің салмағын дер кезінде түсіне білді. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Смағұл Садуақасов, Әлімхан Ермекулұлы, Тұрағұл Абайұлы, Шаһкерім Құдайбердіұлы, Ғұмар Қарашев сынды т. б басқа ұлттың сүт бетіне шығар қаймақтары саяси-мәдени ағарту жұмыстарына білек сыбана кірісті. Алаш идеясының аясында қазақ мемлекеттілігінің аумақтық тұтастығы белгіленіп, саяси құрылымы жасақталды, халықты заман көшіне ілестіру жобасының алғышарттары әзірленді. Алашорда автономиясын құрудағы атқарылған орасан зор жұмыстардың текке кетпесін көрегендікпен болжаған Әлихан Бөкейхановтың мына бір сөзі бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанға емеурін танытқандай.

Қара жарыстаозғанды жұрт қалап бәйгеге қосар. Біздің іздегеніміз – Алаштың аты бәйгеден келгені. Тірі болсақ, алдымызда үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақынарада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар [2,19].

«Алашорда» үкіметінің тарихына көз жүгіртсек, ХХ ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясының дамудың жаңа биігіне көтеріліп, заман талабына сай қайта түлегенін аңғару қиын емес. Заман көшіне сай саяси тұрғыдан ширығып, жаңа ұлттық идея – «Алаш» идеясы дүниеге келді. Негізінен «Алаш» идеясын жаңа идея деуге келмейді. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл идея XV ғасырда «Алаша хан» атанған Сұлтан Ахмет ханның тұсында пайда болып, Қазақ хандығы дәуірінен бері келе жатқаны әмбеге аян. Әйтсе де, ХХ ғасырдың басында қайта жаңғырған бұл идеяның тұжырымдамасы алдыңғыларымен салыстырғанда айтарлықтай өзгеше еді. Идеяны қайта жаңғыртқан және қозғаушы күші «Алаш» партиясын шынайы қажеттіліктен құрған алаш қайраткерлері тарихи бұрылыстағы мүмкіндікті мүлт жіберіп алмау жолында аянбай тер төкті.

Қазақ тарихындағы елеулі құбылыс жайында Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаев: «ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі «Алаш» партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу – Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр», – деп баға берген еді [1, 81].

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханұлы алдағы уақытта қазақ өз алдына дербес ел болуы үшін және әлемге өзін мойындатуы үшін бәсекеге қабілетті ел ретінде күреске шығу керегін

алға тартты. Ол үшін бұрынғы жаман әдеттерден арылып, рулық санадан ұлттық санаға өтіп, тұтас халық ретінде бірігу қажеттігін мәлімдеді. Алаш көсемі: « Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарқ әдетіне ыңғайлы етіп «Қазақ мәдениетін» құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиетін» тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы», – дейді ағынан жарыла [2, 31].

«Алаш» идеясын жұртшылыққа кеңінен насихаттау үшін Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының ұйымдастыруымен 1913-1918 жылдар аралығында «Қазақ» газеті толассыз жұмыс істеді. «Қазақ» газетінсіз Алаш идеясының көсегісін көгерту мүмкін емес еді. Осы орайда, аталмыш қоғамдық-саяси әдеби газет халықтың көзін ашып, рухын оята білді. «Алаштың талапты азаматтарына» деген газеттің кезекті санындағы «Қыр баласының» мақаласында егеменді ел болудың маңыздылығы жайында былай деп жазылды: «Бостандық, теңдік, туысқандық – XVIII ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері. Осы үш түрдің бәрі біздің шарифаттан, інжілден, будда ілімінен, Лев Николаевич Толстой философиясынан табылады. Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ» [1, 93].

Ғасырдан астам уақыт өтсе де «Алаш» партиясының жарқын өкілдерінің атқарған істерінің ұлағаты, бағдарламасының өзектілігі күні бүгінге дейін ұмытылмай келеді. Партияның қазақ тарихында есімі алтын әріппен жазылуына бірнеше себептер бар. Біріншіден, «Алаш» партиясы – қазақтың тұңғыш ұлттық демократиялық партиясы. Дәлірек айтқанда, еліміздегі бүгінгі саяси жүйе мен партиялық институттың қайнар бұлағы. Десек те, қазіргі саяси партиялармен салыстырғанда ұлт мүддесі тұрғысынан «Алаш» партиясы ұзаққа созылған ұлт-азаттық күрес жолдарынан өтіп, саяси күресте шар болаттай шыңдалғанымен ерекшеленіп, оқ бойы озық тұрады.

«Қазақ» газеті 1917 жылы № 234 санында: «Осы күнде түрлі саяси партиялар бар. Олардың көздеген мақсаттары саяси программасында жазылған. Оны білетін адамдарға мағлұм: қай партияның да болса программасы түп-түгел қазақ мақсаттарына үйлеспейді. Сондықтан біздің қазақ мақсаттарын түгел көздейтін өз алдына саяси партия жасалмайынша болмайды», – деп жазған [3, 41].

Өкінішке орай, арада ғасырдан астам уақыт өткенімен, «Қазақ» газетінде көтерілген мәселе әлі де маңызын жойған жоқ. Ақиқатына келсек, қазіргі мүйізі қарағайдай партиялардың ешбірі де «Алаш» партиясының мұрагері атануға лайық емес. Ол үшін XX ғасырдың басында қамшының сабындай қысқа ғұмыр сүрсе де, есімі күллі қазақ даласын шарлап, аз уақытта бай мұра мен үлкен тағлым қалдырып кеткен «Алаш» партиясы мен XXI ғасырдың басындағы қазіргі партияларымызды өзара салыстырсақ тайға таңба басқандай көзіміз анық жетері даусыз.

Екіншіден, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдолхамит Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжановтар жасаған «Алаш» партиясының он бөлімнен тұратын бағдарламасында қазақ халқының мүддесін толықтай қорғау негізге алынған. Олардың бірқатары күні бүгінге дейін маңызды болып отыр. Атап айтқанда: 1) Мемлекет қалпы; 2) Жергілікті бостандық; 3) Негізгі құқық; 4) Дін ісі; 5) Билік һәм сот; 6) Ел қорғау; 7) Салық; 8) Жұмысшылар; 9) Ғылым-білім үйрету; 10) Жер мәселесі. Бағдарламаның қазірге дейінгі өзектілігіне көз жеткізу үшін бірқатарынан үзінді келтіре кеткеніміз абзал.

«III. Негізгі құқық. Русия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу.

Жиылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлерге, газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік.

Кісі хатын ашқанға айып, оқығанға жаза болу.

IV. Дін ісі. Дін ісі мемлекет ісінен айырулы болу. Дін біткенге тең құқық. Дін жаюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық.

Муфтилік қазақта өз алдына болу. Неке, талақ, жаназа, балағаат қою сияқты істер молдада болу. Жесір дауы сотта қаралу.

VII. Салық. Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға-байша, кедейге-кедейше ғаділ жолмен таратылу.

IX. Ғылым-білім үйрету. Оқу орындарының есігі кімге де болса ашық һәм ақшасыз болу. Жұртқа жалпы оқу жайылу. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу. Қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу. Оқу жолы өз алды автономия түрінде болу. Үкімет оқу ісіне кіріспеу. Мұғалімдерді, профессорларды өзара сайлаумен қою. Ел ішінде кітапханалар ашу.

X. Жер мәселесі. Жер заңында жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай земстваға алыну. Жердің кені, астығы, байлығы қазынаныкі болып, билігі земства қолында болу.

Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттікі болып, аз ағаш һәм көл байлықтары земства мүлкіне саналу» [3, 22-23].

Бүгінгі Қазақстан – Тәуелсіз, зайырлы, демократиялық мемлекет. Жоғарыда байқағанымыздай, «Алаш» партиясының бағдарламасындағы бөлімдердің қазіргі конституциямызбен сабақтасып жатыр. Мәселен, сөз бостандығы, азаматтардың ұлтына, дініне қарамай құқықтары тең болуы, діни басқарманың үкімет ісіне, үкіметтің дін ісіне араласпауы сынды жайттарды байқау қиын емес. Десе де, партия бағдарламасындағы жетінші, тоғызыншы, оныншы бөлімдеріндегі мәселелер әлі де өзекті болып табылатыны рас. Партияның бағдарламасында қазақ мемлекеттілігінің тұтастығын сақтау, саяси-құқықтық құрылымын демократияландыру, оқу-ағарту ісінде бәсекеге қабілетті бола отырып, патриот жастарды тәрбиелеп, бодандықтан егемендікке, егемендіктен мәңгілік елге айналуы көздегенін ұғынуға болады.

«Алаш зиялыларының бұл құжатында заманауи демократия ұстанымдарына қайшы келетін тұстары жоқ. Керісінше, ұзақ уақыт бодандық қамытын киіп, мемлекет құрылысы мен басқарудың еуропалық жолын игеруде кешіккен және әлеуметтік-экономикалық жағынан едәуір артта қалған елімізді демократиялық-құқықтың принциптерге негізделген ұлттық мемлекет ретінде саяси аренаға алып шығу көзделді. «Алаш» идеясын кеңестік режим қанша басып-жаншып, халық санасынан өшіруге күш салғанымен жүзеге аспады. Бұл идея 1991 жылы Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жариялануымен өзінің екінші ғұмырын қайта бастады» [4, 177-178].

Философия ғылымдарының кандидаты, журналист Болатбек Төлепберген Алаш партиясының ел тарихындағы бірегей партия екенін айта келе: « XXI ғасыр басындағы сандаған саяси партияларымызбен XX ғасыр басындағы бір ғана «Алаш» партиясын қалай салыстырсақ та атыңнан да, затыңнан да айналайын «Алаш» партиясының қорғасындай ауыр, қауырсындай жеңіл салмағы басып кете береді. Себебі, бар мәселе «Алаш» партиясы қазақтың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған шын мәніндегі ұлттық-демократиялық партия бола білгенінде! Бұл бүгінгі саяси партияларымызға сабақ болса керек. Ұлтының шынайы қамын жеген партия ғана тарих төрінен орын ала алады. Оған «Алаш» партиясының тағлымды тарихы жарқын мысал» [3, 47].

Ескі мен жаңаны ұштастырып, Жапониядай қуатты ұлттық мемлекет құруға талпынған «Алаш» идеясының жаңалығы мен даралығын бүгінгі саясаткерлер де жоққа шығармайды. Тұңғыш Президенттің пікірі «Алаш» партиясының атқарған сан-салалы жұмыстарының нәтижесі бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның тірегіне айналғанын меңзейді. Елбасы: «Алаш» партиясының бағдарламасын жүзеге асыру барысында дәстүр мен жаңашылдықты ұштастыру арқылы бұрынғы қазақ қоғамындағы белгілі қайшылықтардан арылуға мүмкіндік туды. Онда тұжырымдалған өтпелі кезең қағидалары жаңғырту қарекетін біршама жүйелі атқаруға жағдай жасады. Алаш зиялыларының ұлттық бағдарламасы сол тұстағы қазақ жұртының басын біріктіруге жағдай туғызды [5, 137].

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік пен «Алаш» идеясын егіз ұғым деуімізге толықтай негіз бар. Әрі бұл тарихи тұрғыдан берілген әділ баға. Алаш қайраткерлерінің Отаншылдық, ұлтшылдық, пидагершілік сезімін оятқан – ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздік. Ал бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның аумақтық тұтастығы, саяси құрылымы, ұлттық құндылығының сақталуына Алаш зиялыларының қосқан үлесі өлшеусіз. «Алаш» идеясын ардақтап, Тәуелсіз

елімізді көркейту – бабалардан қалған асыл мұрамыз, келешек ұрпақ алдындағы қасиетті парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Төлепберген Б. Ұлттық идея – тәуелсіздік тұғыры. – Алматы: «Алматы», 2011. – 242 б.
2. Ботпайұлы С. Әлихан Бөкейханның нақыл сөздері. – Шымкент: «АЗИАТ», 2017. – 44 б.
3. Төлепберген Б. Мәңгі жас –Алаш идеясы. – Алматы: ЖШС «Полиграфкомбинат», 2008. – 304 б.
4. ХХІ ғасырдағы Алаштың АҚ Жолы. – Алматы: ЖШС «Экономика», 2015. – 773 б.
5. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: «Жібек жолы», 2020. – 233 б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Авакова Р.А.

филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛ ТЕОРИЯСЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

Құрметті зиялы қауым, құрметті көпшілік!

Ұлт ұстазын ұлықтауға жиналған зияткер жамағат!

Өздеріңізбен Алаштың арда туған алыптарының бірі, бірегейі Ахмет Байтұрсынұлының құрметіне арналған алқалы жиында кездескеніме қуаныштымын!

Үлкен жобаларды жоспарлап, күн санап жоғары өрлеп келе жатқан қазақстандық ғылыми эскалатор үшін бүгінгі іс-шараның орны ерекше деп білемін. Бүгін бір ұлттың ғылымына базистік қондырғы орнатып, академиялық сананың негізін қалап кеткен Байтұрсынұлы тұлғасын тани түсу – ұрпақ міндеті.

Сөзімді Мырзатай Жолдасбековтың төмендегі сөздерімен бастағым келеді; «Тәңірден де, тағдырдан да көл-көсір рақым көре қоймаған, алыс-жақынға бірдей аңқылдап, бірдей құшақ ашқан пейіліне сай пейіл таба білмеген халқымыз елдің жүгін қайыспай көтеріп әкете беретін қатепеті қара нардай азаматтарға ешқашан кенде болып көрген жоқ» сөздері қазіргі таңда Ахмет Байтұрсынұлына арналса, Ахмет ағамыз тірі болса, бүгінгі ұрпаққа қарап, олардың дәл осы сәттегі ғылыми конференциядағы баяндамалары мен ғылыми жетістіктеріне қарап, «Шүкір, қазір де кенде емес, осындай қай кезде де асыл азаматтар, ел перзенттері мен көсемдері көш бастап алдымызда да жүр, білек қосысып, тілек қосысып, қатарымызда да жүр, лек-легімен соңымызда да ілесіп жүр, - деп академик ұстазымыз Мырзатай ағамыздың осы пікірін қостар еді.

Адамзат тарихындағы күрделі кезеңдер күрделі тұлғаларды тудырады. Қатал уақыттар қайралған мықты қайраткерлерді тарих сахнасына шығарады. Ахмет Байтұрсынұлының кісілік келбеті мен қайраткерлік іс-әрекеті, ғылыми ізденіс жолы, шығармашылық мұрасы - күллі түркі әлемі болып дәріптеуге тұрарлық тұлға.

30 жылда Ахмет туралы зерттеулер жүргізіліп, ғылыми диссертациялар қорғалып, монографиялар жазылса, ол кісінің феноменалдық ұлттық тұлғасы мен келбеті әлі де болса көптеген зерттеулерге арқау болатынына сенемін

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ лингвистикасы мен филологиясын қалыптастырушы, 1911 жылы алғаш жарық көрген қазақ тілі оқулығының авторы, түркітанушы, аудармашы, төте жазу деген ұлы атаумен бүкіл түркі әлеміне танымал араб жазуы негізінде Ахмет өзі рефоралаған ұлттық жазуды қалыптастырушы, композитор, әнші, Алаш Орада үкіметінің мүшесі, публицист, баспагер.

Ахметті алғаш көрген Алаш қозғалысының лидерлерінің бірі: бет-әлпеті зиялы, көзілдіріктің ар жағындағы нұр шашқан жанары, өзіне әдемі жарасатын сақалы, бабочка (көбелек) галстугі, Чехов пен оның обарздарын көз алдыма елестетті. 1926 жылы Бакуде өткен конференция кинохроникасында көріп, оның басқалардан биік тұратын бойы, аузына сигарасын қыстырған әлпеті, мыжғылап қолтығына қыса салған портфелі, оның ерекше бойшаңдығы мен зор денесінің көрінісі ғана емес, батылдығы мен өзіне деген сенімділігінің символы еді,- дейді.

Бұлар Ахметтің отбасылық қасиеті еді. 25 жылға сотталған, орыс тілін білмегендіктен өздерін ақтай алмай түрмеге айдалған елсүйгіш, ешкімнің алдында бас имейтін, ер жүрек, ұлтжанды туысқан бауырларымен әкесі: балам аш қалсаң, жалаңаш болсаң да оқы, білім ал деп өсиет еткен. Ахмет 13-ке толған шағында Торғайдағы орыс-қазақ мектебінде оқиды. Бұл мектепті ашқан Ы. Алтынсарин болатын. 2 жылдық деп аталғанмен 5-6 жылға созылған оқу

еді. Оқып жүріп әкесінің арамны мен өсетін орындап, «білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген халық танымының дұрыстығына көзін жеткізеді.

Кейбір зетреушілердің пікірне сүйенсек Ахмет Ыбырай Алтынсарин мектебінде оқығандықтан олардың таныс болмауы, Ыбырайдың Ахмет секілді ақылды, талантты, білімді баланы байқамауы мүмкін емес дейді. Ахмет бұл мектепте Ы. Алтынсарин дайындаған бағдарламамен, оқулықпен білім алған. Хронологияға сүйенсек Ахмет 1890 жылы мектепті тәмамдайды, 1889 жылы Ыбырай қайтыс болады. Бұл да арнайы зерттеуді қажет ететін Ахмет тұлғасының феномені деп ойлаймын.

Сол заманда, қазір де, оқып білім алған азамат мемлекет қызметкері (чиновник) немесе қоғам қайраткері, түк болмағанда аудармашы (тілмаш) болғыс келетіні белгілі. Ахмет болса ағартушылық, ғалымдық жолды таңдайды. Менің келесі Ахмет феноменім осы.

1910-1917 жылдары Орынборда айдауда болды. Бұл жылдар Ахмет үшін өте өнімді кезең деп қарстыруымзға болады. Өлеңдері мене мысалдар жинағы жарық көреді, 1912 жылы «Оқу құрал» деп аталатын Ахметтің авторлық төте жазуымен жазылған қазақ тілі оқулығы жарық көреді. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін ғылыми тұрғыдан зерттеген, араб графикасына түркі тілдерінің қасиеттерін ескере отырып модернизация жасаған, 24 таңбамен түркі (қазақ) сөздерін таңбалауға болатынын ғылыми және практикалық тұрғыдан шешімін тапқан, төте жазуы түркітанушылар тарапынан заман үлгісі деген бағаға ие болған, 1920 жылы араб графикасы қабылданғанға дейін Қазақстанда қолданылған, қазіргі кезге дейін Шынжандағы ұйғылар мен қырғыздар қолданған жазуды дүниеге әкелуі Байтұрсынұлы тұлғасының келесі феномені болмақ.

Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімі мен филология ғылымының негізін қалаушы, қазақ тілі оқулықтарының авторы, түркітанушы, аудармашы, араб графикасының негізінде қазақ даласы үшін «төте жазу» дәстүрін енгізген реформатор, ақын-композитор, публицист, баспагер, «Алашорда» ұйымының белсенді мүшесі болды.

Естеліктерді сөйлетсек «1926 жылы Бакуде өткен 1-Түркологиялық съездің қатысушысы Ахмет Байтұрсынұлының сыртқы келбет конституциясының өзінен ерекше тектілік, бекзадалық көзге ұрып тұрғандығын айтады. «Алаш қозғалысы» көшбасшыларының бірі Байтұрсынұлын тану қиын емес еді – съезге қатысқан көпшіліктің ішінде бойы өзгелерден әлдеқайда сұңғақ, аузында сигарасы, қолтығына әнтек қысқан портфелі бар, көзіне пенсне көзәйнегін келістіре таққан, мұрт-сақалын сәнмен қырған, қаз мойнын жібек галстукпен әдемі ораған, жанары тұнық, көзқарасы тым салмақты, сабырлы, бет-жүзіндегі ақсүйектерге тән зиялылық пен тәкаппар қимылы – жалпы чеховтің образынан да әсем әсер беруші еді» деп жазыпты. Шынтуайтында, осылайша үлкен сүйіспеншілікпен суреттелген қазақ элитасы көшбасшысын империя үшін «аса қауіпті» тұлға» деп танып, үрейлене қарауына себеп көп еді. Дала қазағы үшін аса сауатты, өз-өзіне тым сенімді, пікір-көзқарасын еркін айтып салатын, тілі жатық, шешен, намыс мәселесінде өте әсершіл, батыл, өткір Байтұрсынұлына қарап, Орта Азияның дәл жүрегінде созылып жатқан нән территорияның мұрагерлері – қазақтардың потенциалын көруге болар еді.

Алыстағыны болжап, қиядағыны көре алатын стратег-қайраткер Ахмет әу бастан империяның өзіне үрке қарағанынан сезіктенді ме, өзінің шығармашылық шабытының бағытын күрт өзгертіп, бойындағы бар ресурсын ұлттық тіл мәселесіне аямай жұмсай білді.

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады» деп ескертіп, ұлт тілінің сақталуына барын салды.

А. Байтұрсынұлы - алғашқы қазақ тіліне қатысты оқулықтардың негізін қалаушы (1912). Байтұрсынұлының ғылыми лабораториясынан шыққан қазақ жазуы «Жаңа емле ережесін» өз кезеңінің академиялық контингенті өте жоғары бағалады. Прогрессивтік көзқарастағы зиялы қауымның талқысынан өтіп, 1924 жылы жаңа қазақ алфавиті ретінде

қабылданды. Тіпті жаңа әліпбиге Байтұрсынұлы аты қоса берілді. Өз дәуірінде барлық түркі тілдес халықтарға ортақ ең үздік жазу үлгісі ретінде қабылданды. Шетелдік қандастарымыздың күні бүгінге дейін Байтұрсынұлы графикасын қолданып келе жатқаны да аталған тәжірибенің прагматикалық, функционалдық тиімділігінен хабар береді.

Тіл білімі саласындағы Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік ізденістері де бүгінгі қазақстандық педагогиканың асыл қазынасына жатады. Халықты сауаттандыру, ағарту ісі мектеп қабырғасынан бастау алатынын Ахмет жақсы түсінді. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтары жазылды.

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының жалпы сауат ашып, тіл сындыруында жалғыз ұстанымды алға тартты. Ол қазақ баласының тек қазақ тілінде сауаттануын, содан кейін ғана өзге ұлт мәдениеті мен тілін игеруге талап қылуды жөн санады. 1913 жылдың өзінде ол «Қазақ» газеті мінбесін пайдаланып, қазақ қоғамына оқу-білімнің қажеттігін халықтың экономикалық тұрмыс жағдайымен байланыстырып дәлелдейді. Ағартушы Ахметтің сол кездегі көтерген көкейкесті мәселесі араға ширек ғасыр салса да күні кешегідей өзектілігін жойған жоқ.

«Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз» деген пікірін ғалым сол кездің өзінде жазып кеткен еді.

Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынұлы жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасының корпусы қалыптасты.

Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі — метатіл, ғылым. Қазақ тіл білімі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі.

А. Байтұрсынұлының өмірлік ұстанымдары халықтың сауатын ашу, еліне пайдалы дүниелерді мұра етіп қалдыру. Бұл ұстанымдары толығымен орындалды деуге толықтай негіз бар. Қазақ тілінің жойылып кету қаупі төніп тұрғанда, ел арасынан суырылып шығып, қазақтың өз әліппесін жасап, методикалық оқулықтарын шығарып, қарапайым халықтың сауатын ашуы ең үлкен ерлік. Ойы мен сөзінің және іс әрекетінің бір ізділікте болғандығын байқатады. Қазіргі біз қолданып жүрген ғылыми атаулар мен методикалық құралдар осы Ахмет Байтұрсынұлының біз үшін тастап кеткен педагогикалық мұрасы.

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ (1913-1918) ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР МЕН АУДАРМА МӘСЕЛЕСІ

Газет тілінің әлеуеті ел тарихында қатты бағаланғаны М. Әуезовтің мына бір сөзінен көрінеді: «Әдебиеттің сүйенетін діңгегі – газет-журналдар екенін бұл күнде жұрттың бәрі де ұққан. Даусыз ақиқат екенін бәріміз де мойындаймыз. Газет, журнал жалпы әдебиетпен қосылған жерде елдің қисығын түзеп, тез-терісін көрсететін айна, ойы мен көңілін білім жарығына қарай айдайтын айдаушы екенін де тегіс ұғынамыз» (М. Әуезов. Шолпан, 1922, №2). Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары жүйесінде публицистиканың жазба түріне жататын газеттің алатын орны аса маңызды.

«Қазақ» газеті – ХХ ғасыр басындағы, онда да 1913-1918 жж. қазақ жазуының сипатын көрсететін тарихи мұра, оның ерекшеліктерге бай куәсі. Сондықтан газетте графикаға, таңбаларға байланысты фонетикалық ерекшеліктер А. Байтұрсынұлы ұсынған әліпби таңбаларының қолданысын, алғашқы емле түзу тәжірибесін, жазу үлгілерін көрсететін фактілер ретінде қарастырылады.

Лексикалық және емле ерекшеліктері: а) төл сөздер және олардың жазылуы; ә) кірме сөздерді топтастыру; кірме сөздер мен олардың жазылуы; б) араб-парсы сөздері мен олардың жазылуы, жазу барысында туындаған қиындықтары; в) өзге түркі тілдерінен енген кірме сөздердің жазылуы; г) орыс тілінен енген сөздердің жазылуы; д) аудармалар, ерекшеліктері; ж) қанатты сөздер т.б. мәселелер тұрғысынан сөз болуы керек.

Ал грамматикалық ерекшеліктер қосымшалардың жалғануы, қосымшалардың өнімді-өнімсіз түрлерін көрсету; сөздердің жасалуы, сөздердің тіркесуі және сөйлем түрлері мен кейбір ерекшеліктер тұрғысында қарастырылады. Өйткені, газет - қазақ халқы үшін маңызды жазба мұра. Газеттен алынған мысалдардың кейбір грамматикалық, лексикалық ерекшеліктері салыстыру мақсатымен сақталғанмен, қазіргі жазумен берілді. Мақаладағы мысалдар «Қазақ» газеті. 1914 №45-92» [1] кітабынан теріліп, іріктеліп алынды. Мысалдарда осы еңбектегі жазу үлгісі сақталды:

Асу: газетте –*у жалғауы* етістіктің форма тудырушы қосымшасы, яғни асады немесе асқан өткен шақ қосымшасының қызметін атқарған: Әйтеуір, қайыр іске жұмсауға қалдырғаны екі миллионнан асу дейді (Қазақ, 1913, №13, Асадуллаев).

–Улы. –*Ған* формалы өткен шақ мағынасын білдіреді: Біздің қазақ ішінде тамыр дәрімен емдеу берігіректе *жайылулы* (Қазақ, 1913, №13, Тамыр дәрі хақында).

- Тұғын: Жоғарыда айтылған бес облыста қазақ жерін мұжыққа алғанда, осы қосымшаға сүйеніп *алатұғын* (Қазақ, 1913, №9. Үшінші Дума һәм қазақ); Бұл дерттердің *жұғатұғынын* қазақемнің өздері де біледі, олай да болса қата түсінген тағдыр деген нәрсе бар (Қазақ, 1913, №3).

- Дағы, -тағы: «Жүргенге жөргем ілінеді» деген мақал *рас-тағы* (1913, 12,28 апрель). Қазіргі әдеби норма бойынша да дефис арқылы жазылатын осы тұлға газетте қазіргі нормамен бірдей.

Сұраулық мағына тудыратын -ма,-ме сұраулық шылауы газетте көбіне негізгі сөзбен бірге, айтылу нормасына сай жазылған: Бұл дүниеде құлдықтан да қорқынышты жаман нәрсе бар *мекен!»* - деді (Қ.,1913, №9, 6 апрель. – Құлдар досты). Анық білу керек: Өлгі тұқым алмақшы болған малдарға қазақ жерінің ауасы жарамды *мекен?* (1913, №6, 16 март). Түркия келіп, Стамбұлды алып, Айасофияның *кірешін* алып тастап, ай орнатқаны хрситиан жұртының есінен кетпейді (Қазақ, 1913, №3).

Келгенді: Тағы бір грамматикалық ерекшелік әрі жиі кездесетін ерекшелік –ін табыс септігінің (тәуелді септеу) орнына жай септеулі табыс септігінің жазылуы: Кімнен қанша ақша *келгенді* басқарма білдіріп тұрмақшы (Қазақ, 1913, №3).

Намыстап: Соғыс майданындағы ғаскерге «қайратты болындар, дін һәм ел намысын *намыстап*, дұшпанды жеңуге тырысындар» деп сәлем телеграм жіберіпті (Қазақ, 1913, №4).

Нешік. *Қандай деген мағынада*. Әлі де сенаттың *нешік* хукім еткендігі бізге естілген жоқ (Қазақ, 1916, Қазақ, 1916, №168. «Қазақ» ісі сенатта).

Сөз таптарына қатысты да кейбір ерекшеліктер бар. Мысалы, мезгіл үстеуінің *кешкісінде*, *кешкісін* түрі қазір тілдік қолданыста бар. Бірақ *кешкінде* деп қолдану кездеспейді. Ал газетте осы түріндегі қолданыс бар. Мысалы: *Кешкінде. ұст. кешкісін*. Бұл домалақ күнде теңізден шығады да, күнде барып *кешкінде* біздің аралдың тауының арасына барып қонады (Қазақ, 1913, №3).

Ләкин: Бұл шылау қазір мүлде қолданыста жоқ, ол кезде яғни (иәғни, иағни) сөзінің орнына жұмсалған. *Ләкин* онда барған соң жұрттың осы ойлағаны тура келсе жақсы (1913, №5, 9 март. – Ел қамынан бір-екі ауыз сөз).

Һәм (һм): Бұл шылау да тарихи мәтіндерде болғанмен, қазіргі кезде белсенді қолданылады деуге болмайды: ...шаруаға қолайлы болып, көшіргендегі алатын жері бұрынғы жерінен төмен болса, екінші бұған кететін жайлаулық жерлер суы тұшшы, шөбі мол жайлауға қымбат жер болса *һәм* оны жайлап жүрген елдердің мұнан басқа қолайлы жайлаулары болмаса (1913, №6, 16 март. - 5 мың десиатина жер).

Мақалаларда сөйлем баяндауыштарының ерекшелігі тұлғамен келетіні байқалады: *қлмақшы, оқлмақшы, бағстамақшы*.

Сөйлемдердің осы -мақ-шы күрделі формасындағы баяндауышпен келуі сол кездегі сөйлем құраудың бір ерекшелігі екені байқалады. Әрине, бірінші кезекте сөйлемдердің құрылысын, публицистикалық стильдің ерекшелігін, қалыптасуын толығырақ білу үшін, қажет. Екіншіден, аталмыш жұрнақтың қызметімен кеңірек танысу үшін керек. Осы сөйлемдерден байқалатыны – болашақта, алдағы уақытта болатын әрекет, қимылдың орындалатыны нақты айтылмайды, әйтеуір бір уақыттарда, әйтеуір бір мезгілде орындалуы мүмкіндігі білінеді. Сенімділік аз, ал *орындалады, бағысталады* формасында болса, нақтылық сезілер еді. Әрі-сәрілік бар, сенімділік аз, нақты емес. Ал *қылынады* деген етіс түрінде қыл көмекші етістігі өте сирек қолданылады және нормалаушылық қызметі көзге көп түсе бермейді.

-шы формасы қосылып айтылып тұрғанмен де нақтылық, сенімділік күшеймейді. Осы -мақ жұрнағы туралы ғылыми еңбектерде, оның ішінде, А. Ысқақовтың оқулығында: «-мақ, -мек... жұрнағы арқылы жасалатын есімше амал-әрекеттің алдағы уақытта жүзеге асуы анық, айқын (сенімді) екенін білдіреді. Бұл есімшеге -шы (-ші) формасы қосылып та жұмсала береді. Ондайда есімше амал-әрекетті білдірмегенімен, жүзеге асу үмітін нығайта, күшейте түседі.

-мақ жұрнағы етістік негізінің болымсыз түріне қосылмайды. Сол себептен есімшеге (емес, жоқ) дәнекерлері тіркесіп қана болымсыздық мағына білдіреді», – дей келе ескерту ретінде мынаны айтады: 1. -мақ (-мек) формасы арқылы туған есімшелерден зат есімге айналып кеткен сөздер аса көп (*құймақ, піспек, ілмек, шақпақ, соқпақ, қыспақ* т.б.). 2. Қазіргі қазақ тіліндегі -у (*алу, келу, жазу*), -ушы (*сөйлеуші, өтінуші*), -аған (-еген), -ашақ (*келешек, болашақ*), -мыс (*тұрмыс, болмыс, жазмыш, алдамшы*), -ман (*аларман, берермен*), -ды (-ді) формалары ерте кезде есімше жұрнақтары болған. Бірақ бұлардың ішінен тек -ды (-ді) формасы ғана (*бар-ды-м, кел-ді-м*) бірыңғай таза өткен шақтың көрсеткішіне айналған; өзге формалар шақтық мәнді білдіре алмайтындықтан, есім жұрнақтарына айналып кеткен» [2, 304-305-бб]. Бұл форма публицистикалық стильден гөрі көркем әдебиет стилінде баяндау түріндегі жанрларда кездеседі, автор сөзінен гөрі кейіпкер тілінде көбірек ұшырасады. Онда да сұраулы сөйлем баяндауыштарын жасауға қатысады: - *Оны не қылмақшы? - Онымен не айтпақшы? Не демекшісің?* т.б. Келесі кездесетін жері - ауызекі сөйлеу тілі. Ал «Қазақ» газетінде ауызекі тілдің әсеріне байланысты қолданылғаны сезіледі. Осы форма қазіргі кезде газеттерде қолданыла қалғанда, *қылмақшы екен, айтпақшы еді, атқармақшы көрінеді* т.б. көмекші етістіктің тіркесуімен қолданылады. Немесе -мақ-шы формасының орнына -у жұрнағымен келген тұйық етістіктің өзге етістіктермен тіркесіп жазылуы көбірек

ұшырасады. Яғни публицистикалық стильде келер шақта орындалатын қимыл-әрекетті күрделі етістік арқылы жеткізу осылай нормаланған. Яғни аналитикалық құрылымдармен жазу, сол жазу әсерімен сөйлеу белгілі бір жүйеге, стандартқа айналған. Мысалы, -у + етістік: *-іске асыру жоспарланған*; -мақшы + етістік: *- асырылмақшы екен* немесе *асырмақшы екен*. Яғни қазіргі кезде өткенге қарағанда ойды жеткізуде баяндауыштардың күрделенген формасының белсенді бола түскені байқалады.

كېرەك جازارغا (жазарға кирек) – *жазу керек* сияқты модаль сөзбен келетін тұйық етістік формасының орнына көбінесе *жазарға, айтарға, көруге керек* сияқты құрылымы басқа грамматикалық ерекшелікпен келеді.

Қос сөздердің жасалуына қатысты газетте ерекшеліктер көп. Қос сөздің біз білетін табиғатынан, қалыптасқан модельдерінен бөлек түрлері кездеседі.

Шапан-жақыт. *Киім-кешектің жиынтық атауы*. Кісі басына алып жүретін нәрселер мынау: бір байлам төсек-орын, *шапан-жақыт*, бір шамадан ішкі киім, дастарқан, орамал, уақ түйек үшін бір *тоқыма сандықша* (кәрзенке) (Қазақ, 1913, №23. Хақ жолы).

Нәрсе-қара: Соғыс шалығынан *нәрсе-қара* қымбаттады, салық көбейіп ауырлады (Қазақ, 1916, 18 январь, №165. Ұйымдасу).

Үй-үбшіні: *үй-жайы*. Өткен жыл салдаттың қаупімен басталып, жұмысшылар мәселесіне айналып, қазақ халқының лаңға түскен жылы, ата тілін ұл алмай, аға тілін іні алмай, алыс пен жақынды, дос пенен қасты айыра алмай, қазақ жұртының әуре-сарсаң, сергелдең болған жылы; *үй-үбшіні*, мал-мүлкі қазаға ұшырап, талан-тараж, зорлық көріп, еркек-әйел адамының басы қорлыққа түсіп, қазақ шабыншылыққа душар болған жыл (Қазақ, 1917, №216. Орынбор, 2 нші февраль).

Сауға-садақа: *әрі сауға сұрау, әрі садақа берумен бірдей*. Газет те *сауға-садақасын* беріп сәлемет аман өтті (Қазақ, 1917, №216. Орынбор, 2 нші февраль).

Егін-құрал: *құрал-жабдық мағынасында*. Жер бос беріледі, пойызда тегін жүреді, кора-қопсы салуына, *егін-құрал* алуына қазынадан пособие беріледі (Қ., 1913, №7, 22 март).

«Қазақ» газетіндегі аударма арқылы жасалған қолданыстар, атаулар.

Аударма мәселесі кеше де, бүгін де, тіпті болашақта да маңызын жоғалтпайды. Ол - заман тудырып отырған ділгерлік, жаһандану әсері. ХХ ғасыр басында да жаһандану әсері қатты сезіліп, сол жылдары аударманың қажеттелігі артқан. Оқу, білім дамуына байланысты ұғым мен түсініктің тереңдеуі, ғылым мен техникалық жаңалықтардың ел өміріне енуі, экономикалық, саяси өзгерістердің етек алуы аударманы үнемі қажет еткен. Осыдан келіп газетте сөздердің баламасын табуға деген айрықша талпыныстар жасалған. Осындай талпыныстардан кейін күні бүгінге дейін қолайлы, ұғымды, түсінікті беруде ыңғайлы, дәл аудармалар дүниеге келгенін атап өту парыз. Газетте қолданыс тапқан сөздер қазірде де айналымнан түспеген, керісінше, аса ұтымды баламалар ретінде бағаланады. Оның бірнеше себептерін «Қазақ» беттерінен кездестіруге болады. Айталық, «Қазақша оқу жайынан» мақаласынан үзіндіде себебі түсіндіріледі: *«Қазақ ішінде бала оқытатын адамдардан бала оқытуға програма (жосық) көрсетілсе екен деген өтініштер келеді. Бұл күнде қазақ арасындағы оқу жосықсыз һәм жосық жасауға болмайды да. Өйткен қазақтың бастауыш мектебінде оқитын кітаптар белгіленбек түгіл әлі шыққан да жоқ. Жаңа ғана әліпби шыға бастады. Оның да қайсысы оқылары белгіленген жоқ. Дін жайынан оқытатын, есеп оқытатын, география һәм тарихтан қысқалап хабар беретін кітаптар әлі жоқ. Сондықтан програма деген сөз әзір ертерек. Әлі біз оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс»* (Қ., 1913, 1913, 14. - Қазақша оқу жайынан). ХХ ғасыр басында, тіпті одан да ілгері кездерде мектеп жайы оқығандарды қатты алаңдатқан. Мектеп керегінің ең маңыздысы оқулықтар екенін, ал оқулықтардың аударма жолымен жазылатынын білген. Сондықтан да ХХ ғасыр аударма әдебиеттердің ең көп дүниеге келген кезеңі саналады. Аудармалар калькалық тәсілімен де, аналитикалық немесе түсіндірме жолмен жасалып, газет беттерінен орын алған.

Жаңа сөз яки аударма жазылған соң жақша ішінде кірме сөздің өзі берілген немесе кірме сөз сонан соң аудармасы берілген:

Аптека: дәріхана. Дәрі сататын магазиндерде, дәріханаларда (аптекалар) жақсы тамыр дәрілер уақтап, кесулі болады (Қазақ, 1913, №13, Тамыр дәрі хақында); Үлес (надел). Ақмола, Торғай һәм Оралда 15 десятинадан ер басына *надел* (үлес) алған, кабинеттен жер алған қазақ қала салсақ, мұжықша біз де солдат береміз деп қорқады (Қазақ, 1913, №13, Қазақтан солдат ала ма?); Тоқыма сандықша: кәрзенке. Кісі басына алып жүретін нәрселер мынау: бір байлам төсек-орын, шапан-жақыт, бір шамадан ішкі киім, дастарқан, орамал, уақ түйек үшін бір *тоқыма сандықша* (кәрзенке) (Қазақ, 1913, №23. Хақ жолы); Басқа: тап, топ (сословие). Өзі сұрамаса *басқа* (мешан) сословиесіне қосылмайды» деп (Қазақ, 1913, №13, Қазақтан солдат ала ма?).

Көбіне орыс сөздерінен кейін жақша ішінде аналитикалық жолмен түсінігі жазылып отырған. Бұл қажеттіліктен туындаған жағдай еді. Ол указда халық ісінің түзелуі үшін не істеу керек, иәғни һәр халық керек деген нәрселерін айтып *петисиа* (*топтап беретін гарыз*) беруге рұқсат етті (Қ., 1913, №11, 21 арель. – Қазақ керегі).

Инородцы. Положение об *инородцах* (*бөтен тектілер жайындағы заң*) 26-ншы статиасының қосымшада айтылған: «көшпелі инородетстар (*иәғни көшпелі қазақтар*) егін салғанмен өз ықтиярынсыз селски обывател болмайды (Қазақ, 1913, №13, Қазақтан солдат ала ма?).

Миссионер: христиан дініне азғырушылар. Камисиеде қазақтар Миссионер «*христиан дініне азғырушылар*) болмаса екен (Қазақ, 1913, №13, Қазақ керегі).

Норма (мөлшер): Отырықшы болып көру жердің түріне қарай, суарып егін иә жоңышқа егіп отырған жерлерде, *нормасы* (мөлшері) жеткілікті болса күн көруге болады (Қ., 1913, №3, 17 февраль. - Дін таласы).

Матрос: Оның сөзін біз мінген кемедегі ағылшын *матросы* (*кеме қызметкері*) бөліп айтты (Қ., 1913, №3, 17 февраль. - Дін таласы).

Кірес аттанысы: *крест жорығы*. «*Кірес аттанысы*» деп ат қойған Түркиямен болған болған соғыста, бәрі сол кірес үшін болған (Қазақ, 1913, №3).

Соғыс ауруханасы. *Әскери госпиталь*. Бұл кешке жиылған ақша Петроградта Росиа мұсылманы атынан ашылған *соғыс ауруханасы* һәм мұқтаж оқушы қазақ жастары пайдасына берілмекші еді (Қазақ, №110. Семейден (Қазақша әдебиат кеші).

Сайланғандар: *Сайланғандар* (уполномошеннилар) жиылған соң, 20-ншы майда кеңес басталды (Қ., 1913, №11, 21 арель. – Қазақ керегі).

Өзгеріссіз, яғни жазба нұсқасы сақтап жазылған және аудармасы, баламасы жоқ сөздер. Бұл сөздерді екі топқа бөліп қараған дұрыс. Біріншісі а) тұрмыстық лексика элементтері, бұл сөздер аса көп емес, себебі газетте қоғам мен саясат мәселелері әлдеқайда көп көтерілген, соған байланысты болса керек; ә) ғылым мен техникалық жаңалықтарды, қоғам мен әлеуметтік өмірдегі, саясаттағы жаңа атауларды атайтын сөздер немесе термин сөздер. Осы екінші топтағы сөздер көп. Бұл өмірдің өзгерісімен байланысты, саяси ахуалға қарай кейбір сөздердің актуалдануынан туындаған тілдік ахуал еді және бұл жеке талдауға лайық мәселе.

Бірінші топқа жататын сөздер ертеден келе жатқан *керует*, *самауыр*, *жәшік* сынды сөздерден бөлек, қолданысқа кейін еніп, газетте қолданылған сөздер: Матушка. Оны тоқып сатқан орыстың *матушкалары* болушы (Қазақ, 1913, №13, Есепшінің сөзі).

Стипендия: Стипендия ашылу. *Стипендия тағайындау, қалталы адамдардың жинап берген ақшасынан стипендия беру*. Мұнда *стипендия ашылғалы* алтыншы жыл болды, әлі күнге дейін толған жоқ (Қазақ, №110).

Міне, қысқаша айтқанда, кейбір грамматикалық ерекшеліктер мен аударма мәселесіне қатысты ойлар осындай болып келеді.

Мақала гранттық жоба аясында жазылды. Жоба тақырыбының атауы: Жазба мұра және мәтінталдау: ХХ ғ. басы публицистикасындағы орфограмма, сөзжасам мен көркем мәтін лингвопоэтикасы.

Әдебиеттер:

1. «Қазақ» газеті. 1914. №45.-92 / Құрастырған: С. Смағұлова, Ғ.Әнес. - Алматы: «Арыс», 2009.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы: «Ана тілі», 1991. – 384 б.

Қоянбекова С.Б.

филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор,
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті

Қуанышев А.С.

гуманитарлық ғылымдар магистрі, тьютер,
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ ТЕОРИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Түркі тілдерінің зерттелу тарихы бойынша еңбектердегі мәліметтерге қарағанда қазан төңкерісіне дейін түркі тілдерінің лексикасы, фонетикасы, морфологиясынан гөрі синтаксис саласының аз зерттелгені байқалады. Дегенмен, түркологияда синтаксис саласында аталған кезең бойынша біраз еңбектер бар. Бұл еңбектермен зерттеулер күні бүгінге дейін өз құнын жоғалтқан жоқ, қайта ары қарай дамып, көптеген күрделі мәселелер өз шешімін тауып жатты. Мұндай зерттеулер қатарында синтаксис саласына арналған еңбектерде біраз мәселелер қамтылған.

Қазақ тіл білімі үлкен тарихи жолдан өтіп, өз алдына жеке ғылым саласы ретінде қалыптасты. Осы орайда тіл білімінің барлық салаларына арналған зерттеу еңбектері шығып, тілдің қордың тереңінен зерттелуіне жол ашты. Бұдан тіл білімінің күрделі саласы – синтаксис тарихын мұның ішінде сөйлем мүшелері, оның негізгі белгілерін арнайы зерттеу қажеттілігі туындады.

Солардың қатарындағы күрделі принципті мәселелердің бірі – қазақ тіл біліміндегі синтаксис саласының қалыптасуы, дамуы, оған сәйкес теориялық ой-толғамдардың түзілуі. Сөйлем синтаксисінің ең негізгі бірлігі, өйткені сөйлем ғана тілдің негізгі қызметтерін анықтай алады. Ол өзіне ұқсас тілдің басқа құбылыстардан коммуникативті қызметі мен болмыстың бір бөлшегі жайында хабар беру жағынан ажыратылады.

آرلاسی	سایسار	ساللار

آس، آسا، آسار، آل، آلا، آلا، آلاس،
 آلاسا، آلسا، ساز، سازار، سالار، سالسا، آزار،
 آزسا.

ساز آز. آس آسار. آلسا آلا. سالسا
 سالار. آزسا آزار.

ت

تات	تار	آت
تاتار	تارا	آتا
سات	تارال	آتار
ساتار	تاس	تاز
آرتار	تاسا	تازا
تارتار	تاسار	تازار

تال، تالا، تالار، تالاس، تاس، تاسا، تاسالا،
 آرت، تارت، سارت، آست، آستا، آستار، تاستا،
 تاستار، تازار، تازارسا.

آت سات. تال تارت. آس آسات.
 آت آلا. تاس تازا. آران تار.
 تاتار آت ساتار. سارت آلار.

(*) و

اول	سور	اور
اولار	سورا	اورا
اورلار	سورار	اورال
تور	زور	اوت
تورلا	زورلا	اوتتا
تورلار	زورلار	اوتتار

اور، اورتا، تور، تورتا، اوت، اوتاس.
 تول، تولاس، اور، اورلاس، اوسال.
 اوراز، اورار، اوراس، سولار، تولار، توزار.
 آت اوزار. تور توزار. اورتا تولار. اولار
 آرتار. اول تارتار. اوراز اوسال. اورال اورار.

(*) «و» سوزياسندا كيسه آلدينا تاياق قويلادى: بۇل تاياق اونلمايدى؛ سۇيە بولۇڭ اۇچۇن قويلادى دېمەك كىرەك.

	ن ^h	
سونا	نان	اون
سونار	نار	تون
اونان	نانار	زون
اوننان	سان	آنا
تونار	سانا	تانا
توننان	سانار	سانا

آسان، آران، ناس، نار، آرنہ، اورنا، اورا،
 آتان، اوتان، آرلان، آرزان، تارلان، زارلان،
 زورلان، سازان، تانا، تاتان، تازلان.

نان آز، نار زور، آتان آرزان، اون
 تانا، آت آزار، تون توزار، آسان آتار،
 آتانان نار زور، آساننان اوسان اوزار.

	ق	ق
قول	ساق	آق
قولا	ساقا	اوق
قولقا	ساقال	اوقا
قالا	قات	تاق
قالغا	قاتال	تاغا
قالغان	قاتار	تاغال

قاز، قازا، قازان، قازاق، قوس، قوسار، قوساق،
 قارال، قاتال، قاتار، قاراس، قارتا، قاسقا، تاسقا،
 آسفان، تاسقان، توقتا، نوقتا، سوق، سوقتا،
 تاقتا، تاراق، تالاق، قالاق.

قار آق. قارت ساق. قازان قارا. قازاق
 توق. قوس آلاسا. قوناق قونار. آق قارا
 آرالاس. قازاق تاتار قارالاس.

ب

بار	ساب	اوب
آلبار	سابا	اوبا
آزبار	سابان	اوبال
قان	بور	بال
قانبا	بورا	بالا
قانباس	بوران	بالالار

قاب، قابار، قابان، آربا، بالتا، باتا، بوتا، بولات،
 بوران، باس، بازار، قازار، باسقا، بوسقا، باتقان،
 باققان، تابقان، آتقان، آققان، ساتقان، قاققان.
 ات آلبار. نار بوتا. بولات بالتا. نان
 قالتا. قار بورار. بوران بولار. بوقان باقان
 آلار. قوقال سابان سالار.

Өмірбекова Р.Қ.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті
Алматы, Қазақстан

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ҚАҒИДАТТАРЫН ТҰҒЫШ БЕЛГІЛЕУШІ ҒАЛЫМ

Қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда ғұламаларымыздың қатарына кіретін ұлтымыздың ең ардақты ұлдарының бірі – Ахмет Байтұрсынұлының есімін атамай өте алмаймыз. Ол солай болуға тиіс. Оның себебі – ұлтық терминологияны қалыптастырудың ғылым еңбектерінен басталатындығында. А. Байтұрсынұлының қазақ терминологиясының қалыптастырудағы рөлі туралы сөз етпес бұрын алдымен *терминология* терминінің өзіне тоқтала кетудің артықшылығы жоқ. Себебі *терминология* сөзі көп мағыналы термин. Тілші ғылымдар оның бес түрлі мағынасын көрсетіп жүр. Олардың ішінен әбден орныққан негізгі үш мағынасын бөліп алуға болады. Біріншісі белгілі бір ғылым саласындағы (өсімдіктану терминологиясы, химия терминологиясы т.б.) терминдердің жиынтығы, екіншісі – тілдегі бүкіл термин сөздердің (немесе көлемі белгісіз көптеген терминдердің жиынтығы; үшіншісі – жалпы терминологиялық ілім, Яғни, зерттеу нысаны логика, философия, онтология. Классология, информатика тіл білімі ғылымдары тұрғысынан қарастырылатын ғылым саласы. Бұл ғылым *терминтану (терминоведение)* деп те аталады. Кез келген ғылымды оқып білу, менгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларынсыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғылым ретінде. А. Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзеумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған. Ғылыми ұғымдарға ат қою оңай жұмыс емес. Ол-үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық процесс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бірмағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы тағы бар. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың жиынтығы терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға (яғни жасауға емес қабылдауға) мәжбүр ететін себептердің бірі. Бұл тұрғыдан келгенде, ғылым қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткен. А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралын» (қазақша әріппен) өзінен *буын, дыбыс, нүкте, дауыста дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп әріп*) сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915 жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл – құрал» оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) дене қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ* сияқты жүздеген терминдердің терминге қойылатын талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар кезінде арнайы шеттетілгендігіне қарамастан тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

А. Байтұрсынұлының термин жасаудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс, т.б. осылар сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама,

ермектеме, қорытпа, ұсынба, сұқтаныс, азаптаныс, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен, ал дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалғанын көреміз. Бұл аталған терминдердің кейбіреулері орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалану арқылы (дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қос сөз, т.б.) жасалғандығы аңғарылып тұр. Бұдан ғалымның калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көруге болады. Г.Ц. Пюрбеев «Калькалау арқылы термин жасау өте күрделі мәселе. Аударманың сәтті шығуы үшін өзге тілдегі сөздің (сөз тіркесінің) семантикасын, морфологиялық құрылысы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек»

А. Байтұрсынұлы жоғарыдағы терминдердің орыс тіліндегі аталған қасиеттерін жақсы білумен бірге, қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып, сәтті терминдер тізбегін жасаған. Көрсетілген терминдердің қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қатарынан берік орын алып, күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып әбден қалыптасып кеткендігі олардың сәтті жасалғандығының айқын дәлелі бола алады. Ғалым еңбектерінен қимыл атау формасымен келетін аңдау, ауыстыру, әсірелеу, әсерлеу, байымдау, бейнелеу, бүкпелеу, дамыту, кейіптеу, көріктеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру сияқты әдебиеттану терминдері мен демеу, жалғау, үстеу, шылау тәрізді тіл білімі терминдерін көптеп кездестіруге болады. Заттық ұғым мен процестік ұғымды ұштастырып тұратын мұндай терминдерді жасау Ахаңнан бастау алып, бүгінгі қазақ терминологиясындағы термин жасаудың өнімді бір үлгісіне айналғанын аңғарамыз.

Ғалым Ө. Айтбайұлы А. Байтұрсынұлының “Оқу құралы” еңбегін саралай келіп, мынадай пікір айтады: «Қазақ тілі білімнің қалыптасуында айрықша роль атқарған бұл еңбектерді саралағанда, жалпы лингвистика ғылымының өрістеуіне даңғыл жол ашқан термин жасау мәселесін тіпті де аттап өте алмаймыз. Әлгіндей оқулықтар түзу барысында Ахаң әрбір ұғым, түсінік, зат, сөздерге, әсіресе, грамматикалық категориялардың бас - басына қазақша термин береді. Сол кезеңде жасалып, қазір мүлде қалыптасып тұрақтаған *зат есім, сын есім, етістік, бастауыш, баяандауыш, пысықтауыш, дыбыс, әріп, қағида, емле* т.б толып жатқан терминдер – тіл ғылымындағы зор елес». Тіл білімінде қолданылатын орыс және халықаралық терминдерді басқа ғылымдар саласындағыдай қалай болса солай ала салмай оқырман көпшілікке түсінікті болу үшін оларды жүйелі түрде қазақ тілінің өзіне тән байырғы сөздер негізінде тыңнан жасауға ғылым көп күш салған.

Қазақ тілін зерттеуші ғалым Рабиға Сыздықова былайша пікір білдірді: «Қазақ тілін талдап – тануда Байтұрсынұлының еңбегін және бір тұрғыдан ерекше атау керек: ол – термин жасаудағы іс – әрекеті; Ғалым қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша термин ұсынады. Осы қолданылып жүрген *зат есім, сын есім, есімдік, етістік, үстеу, шылау, бастауыш, баяандауыш, сөйлем, қаратпа сөз, қыстырма сөз, леп белгісі, сұрау белгісі* деген т.б. сан алуан лингвистикалық терминдердің баршасы Ахмет Байтұрсынұлының.

Сонымен қатар А. Байтұрсынұлының интернационалдық терминдерден де мүлде бас тартпағандығын да айту керек. Мысалы 1912 жылдың өзінде «Айқаптың» беттеріндегі мақалаларындағы *грамматика, фонетика, морфология*, деген халықаралық сөздерді қолданған. Мысалы оның қаламынан шыққан мақалаларда *проект, дума, депутат, фракция, доктор, фельдшер, микроб, флот, корпус, батарея, шрапнель, солдат, пулемет, завод, телефон, телеграмм* деген сөздерді кездестіреміз... А. Байтұрсынұлы термин жасаудағы «қазақшылығының» негізі бар екендігін көреміз, ұстаған принципінің: дұрыс екендігін танымыз.

Қазақ тілімен туыстас түркі тілдерінде терминология проблемасы белгілі бір жүйеге түспей, үйлесім таппай жатқан кездерінде А. Байтұрсынұлының жаңашыл әрекеті

түркологияда ерекше түскен еді. Оның байырғы да қазақи сөздер негізінде жасаған қарапайым халыққа түсінікті терминдерді о баста жеке мақалаларында кейінірек «Оқу құралы», «Тіл-құрал» деп аталатын (I. Фонетика «дыбыс жүйесі», II. Морфология «сөз жүйесі», III. Синтаксис «сөйлем жүйесі»); «Тіл жұмсар» («Қолданбалы грамматика») аталатын еңбектерінде кеңінен қолданыла бастайды. Мәселен, дыбыс *дауыссыз дыбыс, жарты дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, буын, сөз аяғы, сөз басы, қос сөз, туынды сөз, тұлға, түбір, жалғау, жұрнақ, қосымша, септіктер: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етіс үстеу, шылау, демеу*, т.б. жүздеген лингвистикалық терминдердің қазақ тілі білімінде А. Байтұрсынұлы есімімен байланысты айтылады.

Ғылымның осындай тұтас терминдер жүйесін қалыптастыруының қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы екендігінің дәлелі бола алады. Осы жайында ф.ғ.к. А.С. Мұхтарова былай дейді: «А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің терминін де жасаған адам. Ол грамматикада қолданған терминдердің күні бүгінге шейін қолданылып келе жатқандарын тек атап өтейік: сөз, дыбыс, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, ұяң дыбыс, қатаң дыбыс, жіңішке сөз, жуан сөз, буын, тасымал, қосымша, жалғау, жұрнақ, септік жалғау, көптік жалғау, тәуелдік жалғау, жіктеу, жекеше, сөз тұлғалары, түбір, туынды сөз, атауыш сөз, зат есім, сын есім, жай шырай, талғаулы шырай, таңдаулы шырай, сан есім, жіктеу есімдігі, сілтеу есімдігі, сұрау есімдігі, етістік, болымды, болымсыз, көсемше/үнемді, үнемсіз/, есімше,тұйық, сабақты, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, ырықсыз етіс, ашық рай, осы шақ, өткен шақ, одағай, демеу, жалғаулық, сөйлеу, сөйлем, жалаң сөйлем, жайлыма сөйлем, болымды сойлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем, лепті сойлем, бастауыш, анықтауыш, толықтауыш, қыстырма сөз, қаратпа сөз, құрмалас сөйлем, басыңқы сөйлем, бағаныңқы сөйлем, сызықша, нүкте, үтір, қос нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте, жақша т.б.

А. Байтұрсынұлының тұңғыш рет осынша терминдерді жасап, оны қазақ тіл біліміне кіргізуі зор еңбек. Ал оларды дәл,нақты, дұрыс тауып, қолданғанын өмір, уақыт сыны дәлелдеп отыр. Оны осы терминдердің күні бүгінге дейін қолданылып жүргенінен, ғылымда әбден қалыптасып, өзіндік орын алғанынан көруге болады». А. Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы екендігі мойындалған шындық. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған мақаласына М. Әуезов « Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханды өзінің басшысы санайды»,-деген болса,әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта келіп, «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен теориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» - деп әділ көрсетті. Сонымен, екіншіден, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жазған. Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін жүздеген әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән дефинициясын да (ғылыми анықтамасын) берген. Ол дегеніміз ғылыми ұғымның,өзіне ғана тән белгілерін айқын көрсетумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген. Мысалы, «*Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс долқынының соқпа-соқпаның арасы. Бунақ ішінде буын болады*». Бұл мысалдан байқайтынымыз, ғалым, біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын (түр-түрпасын – А.Б.) анықтаған, екіншіден әрбір ұғымның өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін анықтаған; үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын (*айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын*) жасаған төртіншіден, терминдердің жүйелік ерекшелігін ескере отырып жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған (модель) сөздерді термин ретінде пайдаланған; бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арқасындағы жүйелік құрылымдық байланысты көрсеткен. Дәлірек айтқанда, *айшықтың шумақтан, шумақтың-тармақтан, тармақтың-бунақтан*

бунақтың-буыннан құралатындығын сатылай көрсету арқылы ұғымдық микрожүйенің өзіндік табиғатын танытқан.

Бұдан ғалымның өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігі терең болумен бірге оларды таңбалауда тілді өте шебер пайдалана алғандығы байқалады. Әдебиет танытқыштан мұндай мысалдар әл іде көптеп келтіруге болады жек ғылымдардың өзара байланысымен барып ұғымдар жүйесі құралатыны сияқты соларға сәйкес келетін жекелеген термин сөздердің жиынтығы терминдер жүйесін салалық терминологияны құрайды. Әдебиет танытқыштағы ғылым қаламынан туындаған біртұтас жүйе құрайтын терминдер оның әдебиеттану ғылымының ғылыми терминологиясын қалыптастырғанын көрсетеді. А. Байтұрсынұлы тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдардың ғылыми терминологиясын жасаумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты көптеген терминдерді жасаған. Олардың қатарына *әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау әдісі, жалқылау-жалпылау әдіс* сияқты терминдерді жатқызуға болады. Ғалымның, қазақ тілін оқыту методикасының негізін қалаушы ретіндегі орны бір төбе. А. Байтұрсынұлының жан-жақты ғалым екендігін айта келіп, Р. Сыздықова «А. Байтұрсынов өз алдына жүйелі бағдарлама қойғанға ұқсайды: ол алдымен қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл үшін «Оқу құралды» жазған; одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап біру мақсатын қойған бұл үшін... «Тіл-құралды» жазған; дұрыс сөйлеп, дұрыс жазуды үйрету үшін «Тіл жұмсарды», сауат ашу, тілді оқыту методикасын жасап, «Баяншыны жазған» деп ой түйіндейді. Ғылым,білім саласында қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюіне мақсатты түрде үлкен мән берген және термин шығармашылығында ұлт тілінің өз мүмкіндігін шебер қолдана білген ғалымның әлі баспа бетін көрмеген немесе кезінде жарияланып, қазір қолға түспей жүрген ондай еңбектері табылып жатса, олардың ішінде де көптеген терминдермен жаңа қолданыстардың болатындығына еш күмәндануға болмайды. А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен ірге, көптеген әдіснама, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты терминдер жасаған ғалым. Ендігі бір айрықша атап айтуды қажет ететін мәселе-*ғалымның терминжасамының тәсілдері мен жолдарын анықтап бергендігі*. Яғни төртіншіден, *А. Байтұрсынұлы терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет кеңінен пайдаланған*. Терминжасам тәсілдерін ара-жігі ашылып, олардың термин шығармашылығында іске қосылуы қазақ тілінің грамматикасының жазылуымен тікелей байланыста қарастыруды қажет етеді. Терминделуші ұғым мен терминдеуші сөзді сәйкестендіру үшін ұғымдар жүйесінде де, терминдер жүйесіне де бірдей мән беру термин жасаушыға аса қажет. А. Байтұрсынұлы түзген терминдер жүйесінің сәтті жасалуы оның нағыз терминолог екендігінің нақты және айнымас дәлелі болса керек.

Пайдаланған әдебиет:

1. Айтбайұлы Ө. Мәңгілік тұғырындағы тұлға // Қазақстан мектебі – 1998
2. Сыздықова Р. А. Байтұрсынов. Тіл тағлымы – Алматы, 1992
3. Қоңырова А. Қазақ тіліндегі философиялық терминдердің дамуы мен қалыптасу тарихы. ҚДА. – Алматы, 2003
4. Мұхтарова А. Ахмет Байтұрсынов – әдіскер, ғылым // А. Байтұрсынов оқулары: республикалық 1-ғылыми теориялық конференция. – Астана, 2006
5. Байтұрсынұлы А. Ақжол. – Алматы, 1998
6. Сыздықова Р. Ұлттық ғылым-білімнің көшбастары // Қазақстан мектебі. – 1998.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ «ТОҢ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ» СИНГАРМОНОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Фонетика – тіл дыбыстары, яғни фонемалар туралы ілім. Тіл-тілдегі дыбыстық ерекшеліктер мен заңдылықтар туралы тіл білімінің саласы.

Тіл дыбыстары күрделі құбылыс. Өйткені әр дыбысқа тән ең басты үш ерекшелік (қасиет) болады: бірі – дыбыстың акустикалық (физикалық) ерекшелігі, екіншісі – дыбыстың физиологиялық (анатомиялық) ерекшелігі, үшіншісі – дыбыстың қоғамдық (яғни әлеуметтік) ерекшелігі, ал төртінші ерекшелігі ретінде – тіл дыбыстарының қағаз бетінде бейнеленуі (графикалық) ерекшелігін алуға болады. Алғашқы үш ерекшелік әр дыбысқа тән, әр дыбысқа бірдей, әр дыбысты айтқанда, қолданғанда, бір мезетте болатын қасиеттері. Төртінші ерекшелікке бойынша қазақ тілінің кейбір дыбыстарын қызметіне қарай бір таңбамен бейнелеуіжатады. Сол себепті тіл дыбыстарын сипаттағанда, оған әрі физик, әрі физиолог, әрі лингвист тұрғысынан қарауға тура келеді.

Осыған орай, фонетиканы – тіл дыбыстарын зерттейтін саланы – үш салаға бөледі: функционалды фонетика, артикуляторлы фонетика, акустикалық фонетика.

Қазіргі кездегі фонетикалық зерттеулердің ХІХ ғасырдағы зерттеулерден ерекшелігі бар. Зерттеу алдын ала белгілі бір салаға бағытталып жүргізіледі. Мысалы, қазақ тілі фонетикасындағы жалпы теориялық мәселелер Ө. Жүнісбек, С. Мырзабеков, М. Жүсіпов, салыстырмалы теориялық мәселелер М. Исаев, үйлес түрленім мәселелері А. Қошқаров, М. Райымбекова, естілім-теориялық мәселелері Ж. Әбуов, үндес түрленім мәселелері Ж. Назбиев, жалпы фонетикалық мәселелер Н. Авазбаев, әуен мәселелері З. Базарбаева, дыбыстардың тіркесімі С. Мейірбекова еңбектерінде қарастырылған. Фонологияның негізі қаланып, дыбыс пен дыбыстық құбылыстардың, үн мен үндеспенің ара салмағы ажыратылды. Десек те талас тудырарлық мәселелер баспасөз бетінен, дәстүрлі өткізіліп жүрген конференцияларда бой көрсетуде. Қазіргі қазақ фонетикасында талас тудырып жүрген мәселелерге [қ], [ғ], [к], [г] және [h], [x] дыбыстарының фонетикалық және фонологиялық мәртебесі болмақ. А. Байтұрсынұлы «Тіл – құралында»: «Қ һәм ғ дыбыстары һеш уақытта жіңішкермейді. К һәм г дыбыстар һеш уақытта жуандамайды, яғни жуан айтылмайды. Сондықтан бұл дыбыстар тоң дыбыстар деп аталады» – деп нақты көрсеткен [1,154].

Кейбір тілшілер бұларды әр түрлі фонема деп тапса, ендігі бір ғалымдарымыз бір дыбыстың әр түрлі реңктері деп дәлелдейді. Сол пікірлердің бірқатарына тоқтап шағын зерттеуімізді диахронды сипатта жүргіземіз. Алдымен «Қазақ грамматикасындағы» қ (-к), ғ (-г) дыбыс-фонемасының анықтамасына назар аударайық.

Қ (-К) дауыссыз дыбысы.

Жасалымы:

1. Қ дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшік арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тілшік дауыссыз болып табылады.

2. Қ дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшіктің тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады.

3. Қ дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі тербелмейді яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай қатаң (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тілшік, тоғысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс [2, 22].

Ғ (-Г) дауыссыз дыбысы.

Жасалымы:

1. Ғ дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшік арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тілшік дауыссыз болып табылады.

2. Ғ дауыссыз дыбысы тіл түбі мен тілшіктің тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады (сөз ортасында жуысыңқы болып жасалады).

3. Ғ дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі жартылай тербеледі яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай ұяң (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: тілшік, тоғысыңқы, ұяң дауыссыз дыбыс [2, 23].

Қазан төңкерісіне дейін қазақ қазақ тілінде зерттеу жүргізген П.М. Мелиоранский қ дыбысына берген жасалым сипаттамасын: «b) «k» дыбысы «k»-нің жуан түрі, ол тілдің артымен және жұмсақ таңдай (көмей) арқылы дыбысталады. с) «ғ» орыс тіліндегі «благо», «богатый» сөздеріндегі «г» дыбысына сәйкес келеді» - деп береді [3, 8]. Бұл пікірге ғалым Аралбаев Ж.тіл ортасы к, г және тіл арты к, ғ дыбыстарын көмей дыбыстары деп олардың артикуляциялық жасалу орнын теріс көрсеткен деп табады [4, 7]. Бірақ ғалым артикуляциялық сипаттың дұрыс берілмегеніне дәлелдер келтірмеген. Кейінгі рентгенологиялық зерттеулер к, ғ дыбыстарының ешқандай да тіл арты емес, көмей (соңғы анықтама бойынша тілшік) дыбысы екендігін көрсетті, бұл ендігі кезекте дау тудырмауы керек.

М. Томанов бұл дыбыстар туралы «Көне түркі тілінде 16 дауыссыз фонема болған. Олар мыналар: б, п, д, т, к – қ, г – г, й, ч, с, ш, з, м, н, ң, л, р; қ – к, г – г дыбыстары дербес фонемалық қызмет атқармаған, «к» жуан дауыстылармен айтылса, «к» жіңішке дауыстылармен айтылған, сол сияқты «г» – жуан дауыстымен айтылатын «к» дыбысының ұяң варианты да, «г» – жіңішке дауыстылармен айтылатын «к» дыбысының ұяң варианты ретінде ғана қолданылған. Қысқасы, 4 дыбыс екі дауыссыз фонеманың көрінісі болған» – деген дерек келтіреді [5, 47].

П.М. Мелиоранский бұл дыбыстардың жазудағы таңбасы туралы былай жазады: «Шамасы соңғы үш әріп (ك, غ, ق) шағатай жазбасында әр түрлі дыбысты бейнелеу үшін пайдаланған, бірақ оны пайдаланудың толық ережесі мен жүйелігі жоқ. Салыстырмалы түрде алғанда тек ق және ك-нің айырмашылығы анық байқалады. Яғни алғашқы әріп сірә жуан дауыстысы бар сөздерде, ал екіншісі жіңішкесі бар сөздерде кездеседі. ق және غ әріптерін пайдалануда да ешқандай дұрыстық және жүйелілік жоқ. Қазіргі қазақ тілінде төрт көмей дыбысы анық естіледі: «k», «ŋ», «k» және «g»; қазақтың жазба тілінде оларды ق, غ, ك және ك арқылы бейнелеу талпынысы бар [3, 24]. Жүйеліліктің болмауы қ=ғ мен к=г дыбыстарының сөз ішінде өзінше сингармонологиялық вариант құрауынан деп түсінеміз.

Араб әрпінен латын әрпіне көшуге байланысты өткен ғасырдың алғашқы ширегінде айтылған пікірлерде Мырзаұлы Мұқтар деген азамат былай депті: 1) белгілерді ұлы, кішіге бөлмеу, 2) «ق» бен «ك», «غ» мен «گ»ге бір белгі қолдану... Латында «ك», «с» болмақ және «k» дан көрі «с» дың жазуы да оңай, бірақ, сондықтан «ق - с» болмақ... sajomas (қажымас), согген (көрген), moscol (мысқыл), oses (өсек). Байқап отырғанымыздай, қ мен к дыбыстарына бір әріпті қолдану жазуды жеңілдететін тәсіл ретінде ұсынылған екен [6, 16]. Мұндай пікірді Халел Досмұхамедұлы да айтады: «Қ» мен «к» үшін жалғыз «к»-ні алдық. «Ғ» мен «г» үшін жалғыз «г»-ні алдық. Бұлай болғаны «к» мен «г»-нің шығарылғаны. Үндестік заңы бойынша бұлардың керегі шамалы [7, 166]. Осы арқылы төрт дыбысқа екі таңба беруге болады деп біледі. «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты еңбегінде де осы пікірде:

«Қазақ-қырғыздың сөзіндегі дыбыстар ұйқасып, үндесіп айтылатын болғандықтан, сөздегі әр харіфтердің алдына дәйекші қоюдың керегі жоқ болды, бүтін сөздің алдына жалғыз дәйекші қойылса да жететін болды. Қолданған дәйекшеміз сингармонизм заңынан туып отыр. Дәйекшенің мағынасы осы. Мұны ұмытпасқа керек.



Сингармонизм заңы тіліміздегі дыбыстардың таңбаларын екі еседей азайтып жазуға көп жеңілдік беріп отыр. Дұрысында «к» мен «ғ» дыбысының жіңішке түрін дәйекші қойып таңбалау керек еді. «к» мен «г» харіфтерін тастау керек еді» десе де жазудағы ол әріптердің

сөзге жіңішкелік өң беріп тұратынын ескертіп қалдырған дұрыс деп табады [7, 141].


Профессор С. Мырзабеков алғашқы пікірді сабақтай түсіп «қезек, түнгі, кешкі, ... түрде жазып, кезек, түнгі, кешкі... деп айтсақ керек» деп көрсетеді [8, 55].


Н. Уәлиев мұны былай пайымдайды: «Қ мен к бір фонеманың, атап айтқанда, к фонемасының жуан жіңішке реңктері. Олай болса, бұлар неге бір ғана әріппен таңбаланбайды деген заңды сұрақ қоюға болады. Әрине, к де, қ да бір фонеманың әр түрлі реңкі екені даусыз. Бірақ бұл реңктердің бірі негізгі, екіншісі қосалқы деуге болмайды, к фонемасының к, қ реңктерінің, г фонемасының ғ, г реңктерінің тепе-тең болуы өзге дауыссыздардан олардың өзіндік ерекшелігі деуге болады» [9, 10].

Сонымен сөзін сабақтай түсіп: «Қазақтың төл сөзінде қолданылатын әрбір дауыссыз инварианттың [у]-дан басқа, қай-қайсысы болмасын төрт түрлі әуезбен айтылатын варианттары және тоғыз реңкі болады.



Ал [x], [h] дауыссыздары жоғарыда айтылған төрт түрлі әуезбен тоғыз түрлі реңкте түрлене алмайды.





[x], [h] дыбыстары тек халық, қаһарман тәрізді бірер сөзде жұмсалып, онда да спонтанды түрде емес, тек бір ғана әуезде [x]=[ха], [h]=[ha] айтылады. Қазақ тілінің төл сөздеріндегі он жеті дауыссыздардың артикуляциялық базасы «ойнақы» болып келсе, олардың тоғыз ([y] бес) түрлі реңкте айтылуы сондықтан, ал [x], [h] дыбыстарының тек бір ғана реңкте болып, оппозиция құралмауы олардың әлі де фонемалық кезеңге өтпегенін көрсетеді. Сондықтан бұл дыбыстарды к фонема-инварианттың варианттары деп тануға тура келеді»– деп дәлелдейді [10, 30].

Келелі ғылыми еңбектің бірі болып табылатын келесі фонологиялық зерттеу мұның дұрыс шешімін тауып беріп отыр дей аламыз:

Если объединить ассимилятивные оттенки [k] и [q], то получится полный набор сингармонических оттенков одного согласного. Как известно, такое положение характерно для всех согласных казахского языка.

В связи с тем, что звуки [k] и [q] отличаются друг от друга по артикуляции и произведенному слуховому эффекту, исследователи считали их разными фонемами, тогда как фонологический анализ показал, что они равноправные сингармонические варианты одного глухого смычного среднеязычно-увулярного согласного...

Подобно [k] и [q] фонологический статус [g] и [ɣ] также является спорным. Тем не менее исключительно идентичная фонологическая ситуация, в которой находятся [g] и [ɣ] в системе консонантизма казахского языка, дает основание считать их сингармоническими вариантами одного согласного, несмотря на акустико-артикуляторные различия: [g], [g°], [ɣ], [ɣ°][11,11].

Сонымен қатар Ә. Жүнісбектің /h/ дыбысы жөнінде айтқан мына пікіріне де толық қосыламыз: “В непринужденной живой речи носителей языка этот звук вообще не встречается, и лишь написанный текст понуждает интеллигенцию (дикторов, артистов, учителей) произносить его. Однако его произношение требует сознательный, за ранее подготовленный артикуляции, из-за которой оно лишено автоматизма в речи? У рядового носителя звук, обозначенный этой буквой, реализуется в виде щелевых позиционно-комбинаторных [к-h], [қ-х] қаһарман (қахарман) “отважный” [12, 43].

«Қазақ грамматикасында» осы мәселені одан әрі сабақтай түсіп: «...қазақ тілінің төл дыбыстары ешбір қоспасыз өз алдына талданды. Соның нәтижесінде тілімізге жасанды еніп кеткен х, һ "әріп-дыбыстар" шығарылып тасталды» деп көрсетеді. Сондай-ақ:

«Егер кез-келген кірме дыбыс үндесім заңына бағынбаса, онда ол қазақ дыбыстарының құрамына енген жоқ деген сөз»– деп топшылайды [2, 12]. Сондай-ақ, үндесім теориясын негізге тарта отырып “Дәстүр бойынша Қ-К, Ғ-Г дыбыстарының жасалым айырмашылықтарын ескеріп, жеке-жеке дауыссыздар деп есептеп келеді. Бұл жерде олардың бір дауыссыздың үндесім варианты екендігі ескеріліп, керісінше, бір дауыссыз деп қарастырылып отыр (ол туралы "үндесім тарауда" кең айтылады)” - деген пікірді алға тартады [2, 21]. Дегенмен жасалым кестесінде олардың мәртебесін анықтау үшін мынадай пікір ұсынады:

Дауыссыз дыбыстардың толық жасалым кестесінде (7-кесте) олардың тілде бар барлық варианттары ескерілді. Ж дауыссызының жабысыңқы ДЖ варианты, Ғ-Г дауыссызының сөз ортасындағы жуысыңқы варианттары, сондай-ақ Қ, Ғ, дауыссыздарының «дәстүрлі» жіңішке үндесім варианттары К, Г дауыссыздары еніп отыр. Себебі бұл дыбыстардың бәрі қазіргі қазақ әдеби тілінде өзге дыбыстармен тең жүр.

7-кесте. Дауыссыз дыбыстардың толық жасалым жіктелімі.

Жасалутәсілі		Дауысқатысы	жасалу орны				
			Ерін	Тіл ұшы	тіл ортасы	тіл арты	тілшік
Тоғысыңқы		Қатаң	П	Т	К		Қ
		Ұяң	Б	Д	Г		Ғ
		Үнді	М	Н			Ң
Ж У ы с ы ң к ы	Жайылыңқы	Қатаң		Ш			
		Ұяң		Ж	Г		Ғ
		Үнді					Й
	Жинақы	Қатаң		С			
		Ұяң		З			
		Үнді	V(w)				
	Діріл			р			
	Жанама			л			
	Жабысыңқы		Қатаң				
Ұяң				ДЖ			
Үнді							

Енді бірте-бірте вариант дыбыстарды шығарып тастап, дауыссыздардың «фонетикалық» құрамын ғана қалдыру керек. Алдымен Ж дауыссызының сөз басында ғана кездесетін орнығым варианты (позиционный вариант) жабысыңқы «ДЖ» дыбысы, Ғ-Г дауыссызының сөз ортасындағы жуысыңқы орнығым варианты мен Қ, Ғ дауыссыздарының бұл жерде басы артық жіңішке үндесім варианттары К, Г дыбыстары алынып тасталады (олар төмендегі үндесім талдауда басқа дауыссыздардың жіңішке варианттарымен қатар ескеріледі). Сөйтіп қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының 17 дыбыстан тұратын құрамы шықты [2, 26].

Жалпы бұл мәселе әр кезеңде дүркін-дүркін көтеріліп отырған. Сөзімізге дәлел ретінде Д. Сұлтанғазиннің «Дала уалаятының газетінде» жарияланған мақаласынан үзінді берейік: “Қазақ тілінде орыс хәріптеріменен жазуы қиын хәріптердің біреуі – ق, себебі ك һәм ق бәрі бір емес, екеуінің көп фарқы бар. Алайда болса орыс хәріптері менен жазған уақытта ق һәм ك екеуі орысша бір хәріпменен жазылады, бір білетін сөз орысша ك қатты әуезменен қосылса, қ болұб оқылады, жұмсақ әуенменен к болып оқылады. Мысалы, қатын, қамшы деген сөздерде. Араб тілінде ق һәм ك -нің екі түрлі болған себебі әуезді қандай екенін білуге (арналған–А.С.). Мысалы, қол һәм көл деген сөздерде һ менен жазылатын сөздерді орысша бір хәріпменен жазуға болады, бірақ бұлардың һәр түрлі қағидаларын білуге керек. Мысалы, кереге, жүген (деген) сөздерді қалайша жазуда жұмсақ я қатты әуездің қалай өзгерілуін білуге тажвид ғылымын білу керек» [13, 61]. Мұнан түсінетініміз қ, к және ғ, г теориясына қатысты ойдың сол кезде-ақ көтерілгендігі. Көзі қарақты азаматтардың бұл туралы өз топшылаулары мен пікірлері болғандығы.

Қазіргі кезде аталған фонемалар аллафондарын бір ғана таңбамен белгілеуге болмайтындығын былайша түсіндіруге болатын сияқты: «Фонема реңктерін белгілеу – графика теориясы тұрғысынан басы артық құбылыс. Ол белгілі бір алфавиттегі әріптердің

санын көбейтеді. Алайда бір фонеманың тепе-тең реңктерін белгілеудің тиімді жақтары бар екендігін жазу тәжірибесінің өзі көрсетіп отыр. Әсіресе жүйесі басқа тілден ана тілімізге ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси терминдер мен атаулар еніп жатқан жағдайда, бұл графикалық тәсілдің артықшылығын айқын сезінуге болады. Мысалы, егер <к> фонемасының тепе-тең реңктерін жеке-жеке таңбаламаған жағдайда *марка, лак, ток, бак* т.б. толып жатқан сөзді екі түрлі оқуға келеді:

	[<i>марқа</i>]		[<i>лақ</i>]		[<i>тоқ</i>]		[<i>бақ</i>]
<i>марка</i>		<i>лак</i>		<i>ток</i>		<i>бак</i>	
	[<i>марка</i>]		[<i>лақ</i>]		[<i>тоқ</i>]		[<i>бақ</i>]

т.б. Сөзді

бұлайша екі түрлі оқу графикадағы негізгі принципке – сөздің екі түрлі оқылмауы дегенге қайшы келеді [9, 11]. Бірақ біздің топшылауымызша, бұл басқа тілдің әсерінен болған шарасыздық. Тәжірибеде мұндай келеңсіз жағдайлардың кездесіп тұратындығын Б.Қалиев нақты мысалдармен көрсетеді: «Әдетте біз дыбыстарды оқытқанда: «**Қ**» дыбысы – жуан. Ол сөз ішінде тек жуан дауыстылармен қатар тұрады. Ал «**К**» – жіңішке дыбыс. Сондықтан ол тек жіңішке дауыстылармен тіркесіп айтылады»– деп үйретеміз. Шындығында солай ма?

Орфографиялық сөздікке үніліп көрелікші.

1) Қабілет, қабір, қагілез, қадім, қадір, қазір, қайтіп, қапер, қасиет, қасірет, қате, қатер, қатім, қауіп, қорек, құдірет т.б.

2) Кәззап, кәлима, кәмшат, кәусар, күжбан, күләпара, күләпсан, күнәкар, күнәла, күстана, күшала, кінәла, кінәрат, кірпияз, кіріптар, кітап т.б.

Байқап отырған боларсыздар, бірінші қатардағы сөздер жуан буыннан басталып, жіңішке буынға аяқталып отыр. Сонда балаларға үйреткен әлгіде ғана айтылған ережеміз не болды?

Ережеде гәп жоқ. Гәп емлелік сөздігімізде. Жоғарыдағы сөздер не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке жазылуы керек еді. Амал не, біздің емлелік сөздігіміз олай етпеген. Бұлар сияқты сөздердің сөйлеу тіліміздегі айтылуына келсек, олар қадыр-кәдір, қазыр-кәзір, қайтып-кәйтп, қате-кәте, қауып-кәуіп түрінде бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Сөйлеу кезінде емлелік сөздікте жазылғандай қадір, қазір, қайтіп, қате, қауіп деп, аралас буында айтылғанын біз естіген жоқпыз. Олай болса, бұл сөздерді емлелік сөздікке алғанда олардың жуан-жіңішке сыңарларының біреуін ғана таңдаған жөн болар еді. (Ең болмаса, қабілет, қагілез, қасірет, құдірет, тақсірет, хазірет деген сияқты үш буынды сөздердің ортаңғы буындарының жіңішке қысандары жуан қысандарға ауыстырылмағанына таңымыз бар – Б.Қ.)» [14]. Олай болса, бұл проблеманы шешудің тиімді жолы үндестік заңын сақтау болып шығады.

Жоғарыда аталған пікірлерді сараптай келе мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Бұл дыбыстардың мәртебісі туралы айтқан А. Байтұрсынұлының пікірі қазіргі кезде өзектілігін жойған жоқ.

2. [қ=ғ] және [к=г] дыбыстарының қазақ сөздерінің өне бойында қолданылуы мен атқаратын фонологиялық қызметі ұлттық ерекшеліктің бірі болып табылады. Бұл пікір А. Байтұрсынұлының еңбектерінде анық көрсетілген.

3. Қазіргі латын әрпіне қайта оралу кезеңінде бұл дауыссыздардың жуан және жіңішке дауыстылармен тіркесу қабілетінде белгілі шектеулер бар. Оның өзі сөздің (сөз тіркесінің) мағынасымен тікелей байланысты.

4. Болашақта латын әрпіне жүйелі түрде оралуда сингармонологиялық вариант құрайтын бұл дыбыстарға бір таңба ұсыну жазуды жеңілдетудің бір мүмкіндігі болар еді. Әрине, ол үшін кірме сөздерді бірыңғайластырып алу қажеттілігі бар.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 448б.

2. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. –784 б.
3. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. 1894. ч.I. СПб.
4. Аралбаев Ж. Вокализм казахского языка. – Алма-Ата: «Наука», 1970. – 178с.
5. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. (Түркі [қазақ] тілдері бойынша). – Алматы: «Ғылым», 2002. – 616 б.
6. 1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Қарағанды: ҚарМУ, 1994. –168 б.
7. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.
8. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. –Алматы: «Сөздік-Словарь», 1999. – 200 б.
9. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы, 1988. – 113 б.
10. Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері. Кандидаттық диссертацияның қолжазбасы. – Алматы, 1993. –160 б.
11. Строй казахского языка: Фонетика. – Алматы: «Ғылым», 1991. – 128 с.
12. Джунибеков А. Проблемы тюркской словесной просодии и сингармонизм казахского слова. Автореферат дисс.. ДФН. - Алматы-ата, 1988. – 58 с.
13. Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. - Алматы: «Ғылым», 1993, - 232 б.
14. Қалиев Б. Үндестік заңы – ұлы заң // Ана тілі, 1994. 5 мамыр. - №18 (215).

Қаршығаева А.А.

филология ғылымдарының кандидаты,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
аға ғылыми қызметкері,
Алматы, Қазақстан

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Қазіргі қазақ тілтанымында А. Байтұрсынұлының ғылыми-педагогикалық мұрасы жан-жақты зерттеліп жатыр. Өйткені тілдің қай деңгейінің зерттелімін алсақ та оның бастау көзі А. Байтұрсынұлы еңбектерінде жатады. Ал А. Байтұрсынұлының қазақ тілінің дыбыс жүйесіне арналған еңбектерінің маңызы өзалдына талдауды қажет етеді. Соның бір саласы А. Байтұрсынұлы негізін салған дыбыстардың артикуляциялық талданымы болып табылады.

Тіл дыбыстарын артикуляциялық тұрғыдан жіктеу ертеде-ақ қолға алынған болатын: «Международная фонетическая ассоциация – международная научная организация, савящая своей задачей развитие и распространение фонетических знаний. Основан в 1886 году в Париже П.Пасси... был инициатором создания Международного фонетического алфавита (МФА) с использованием латинских букв...в настоящее время им пользуются фонетисты всего мира. В дальнейшем, при рассмотрении звуковой стороны языка, Пасси рализует мысль Сиверса, что при анализе звучащей надо исходить из предложения, поскольку оно является единственным реальным объектом, тогда как отдельные звуки – результат анализа» [2]. Бұл жерде зерттеушілер үшін екі мәселенің басы ашық: бірі – халықаралық фонетикалық әліпбидің (ХФӘ) жасалуы, екіншісі – тіл дыбыстарын сөйлем құрамында қарастыру, өйткені сөйлеу үстінде ғана тіл дыбыстарының артикуляциясы табиғи сақталады. А. Байтұрсынұлы ХФӘ-ні пайдаланған, пайдаланбағаны белгісіз, бірақ қазақ тілінің дыбыс талданымын сөйлемнен бастағаны анық. Бұған европа тілтанымындағы жаңашыл үрдістің әсері болуы да мүмкін.

Орыс тіл біліміне дыбыстардың артикуляциялық жіктелім кестесін Л.В. Щерба енгізеді: «Его интересы... лежали прежде всего в области артикуляторной классификации звуков речи. Им была создана оригинальная универсальная система классификации, представленная в виде таблиц гласных и согласных» [3, 50 б.]. Бұдан көретініміз – артикуляциялық кестелер зерттеу нәтижелері ретінде әлем лингвистикасында жан-жақты қолға алына бастағаны. Іргелес Ресейде артикуляциялық кестелер құрастыруды алғаш бастаған Л.В. Щерба болды. Ендеше А. Байтұрсынұлының да қазақ тілі дыбыстарын артикуляциялық бағытта арнайы талдап, жаңа фонетикалық терминдер ұсына бастағанын кездейсоқ деуге болмас.

Өз кезіндегі еуропа және ресейлік ғалымдардың еңбектерінен хабардар болған А. Байтұрсынұлы қазақ тілі дыбыстарын артикуляциялық тұрғыдан жіктеуді қолға алады. А. Байтұрсынұлының жаңа бастамасы жайлы Е. Омаров «До А.Байтурсунова не было такой точной классификации киргизских звуков, из коих каждая группа имеет особое, общее для нее, влияние на произношение приставок, падежных и глагольных окончаний, а иногда и целых слов, которые при сочетании с предыдущим словом принимают соответствующую последнему звуку предыдущего слова форму» [3, 36 б.] деп жазады.

Қазақ тілінің төл дыбыс құрамын анықтап, жіктелім белгілеріне лайық жіктелім атауларын алғаш ұсынған, сөйтіп артикуляциялық фонетиканың негізін қалаған А. Байтұрсынұлы болып табылады. Қазақ фонетикасының құрамындағы дербес сала (пән) ретінде қалыптасуының бастау көзі болды.

Қазақ сөзінің фонетикалық талданым желісінің мәтіннен дыбысқа қарай жүргізілу керектігі мен сөз ішіндегі дыбыстардың өзіндік байланысу заңдылығы бар деген ойды да ғалым еңбектерінен табамыз. Қазақ тілінің әліпби және үндесім дыбыс құрамын толық анықтап берген еңбегін замандастары кезінде зор бағалаған: «Открытые А. Байтурсуновым законы киргизской фонетики помогли ему выяснить все звуки киргизского языка и создать новую азбуку» [2]. А. Байтұрсынұлының зерттелім нәтижелері сауатты жұртқа ғана түсінікті болып қалмай, былайғы көпшіліктің де көңілінен шығып жатты. Бұл А. Байтұрсынұлының теориялық пайымдауы мен практикалық ұстанымының бір-бірімен тығыз ұштасып жатқандығын көрсетеді. А. Байтұрсынұлының жалпыхалықтық (тіптен жалпытүркілік) ұстаз дәрежесіне көтерілуінің де себебі осы көпшілікке түсініктілігі мен жақындығы болатын.

Фонетикада тілдегі дыбыстардың басын біріктіріп, бүтін бір сөз етіп тұратын тіл заңдылығы болады. Осыған орай, А. Байтұрсынұлы «Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай *сөз ішінде байласады*» [4] дейді. Ендеше «тілде қанша және қандай дыбыстар бар» деген өз алдына маңызды мәселе болып табылса, олар «өзара қалай байласады» деген мәселе одан да маңызды болып табылады.

Әрі қарай А. Байтұрсынұлы өзінің «фонетикалық» пайымдауын төмендегідей сөздермен баяндайды: «Тіл болса, оның заңы боларға керек... Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жіңішке дыбыс араласып кірмейді». Қазақ тілінің сондай «заңы» ретінде үндесім (сингармонизм) заңдылығын айтып отыр.

А. Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі 19 дауыссыз дыбыстың «...һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады» дегенді қазақ сөзінің үндесім заңдылығына сүйеніп айтып отыр. Содан келіп қазақ тілінде «43 түрлі дыбыс» бар деген қорытындыға келеді. Ендеше қазақ фонетикасындағы сөз просодикасының бастау көзі А.Байтұрсынұлы еңбектерінде жатыр екен. Қазақ тілінің (түркі) тілінің сөз просодикасы (сөз құрауышы) сингармонизм екенін алғаш айтқан да, дыбыс талданым сингармонизмнен басталатынын көрсеткен де А.Байтұрсынұлы.

А. Байтұрсынұлы өзінің еңбектерінде қосымшалар мен бүтін сөздердің үндесім әуезін тең қояды. Сондықтан бүтін сөздің үндесімі мен қосымшаның үндесімі тең фонетикалық құбылыстар болып табылады. Бүтін сөз үшін алынған үндесім сипаттама қосымша үшін жарап жатса, қосымша үшін алынған үндесім сипаттама бүтін сөз үшін жарап жатады. Бұдан А. Байтұрсынұлының өз заманында басталып, бүгінге дейін мызғымас ережеге айналған «түбір сөздің әуезіне қосымшаның әуезі бағынышыты» дегенді мойындамағанының орынды дәлелі болып табылады.

Қазақ тіліндегі *лық/лік, дық/дік, тық/тік* жұрнақтары қосымшаның тек *жуан/жіңішке* әуезін ғана көрсетеді, А. Байтұрсынұлы көрсеткен осы үлгі әлі күнге дейін басым келіп, оның *еріндік/езулік* үлгілері қазақ тілтанымында (оқулық пен оқу-құралдары т.б.) ескерілмей келеді.

Кез-келген фонетикалық бірліктің өз артикуляциясы болады. Ендеше қосымшалардың (жұрнақтардың) әрқайсысының өзіне тән артикуляциясы бар. Өйткені сол артикуляция арқылы үндесім әуездің естілімі қалыптасады.

Фонетикалық бірліктердің (сөз, буын) үндесім артикуляциясының әмбебап сипаттамасын А. Байтұрсынұлының бір ғана *лық* топтамасынан көрінеді. Өзге үндесім сөздер мен қосымшаларды талдап жатудың қажеті жоқ, өйткені бір топтаманың үндесім сипаттамасы өзге де сөздер мен қосымшалардың үндесім әуезіне сай келеді. Қазақ тіліндегі А. Байтұрсынұлы аңғарған үндесім құбылысының басты ерекшелігі осында болып табылады.

Сонымен А. Байтұрсынұлының қазақ сөзін *жуан/жіңішке* деп бөлгендегі әуез түрлерінің артикуляциялық сипаттамасы әзірге тек тілдің көлденең қалпына қатысты. Ал ерін әуезін А. Байтұрсынұлының ескермегендігі жоғарыда айтылды.

Жоғарыдағы фонетикалық талданымды А. Байтұрсынұлының дәйекшісінің артикуляциялық (жасалым) сипаттамасы ретінде қабылдау керек. Өйткені «Бұл жіңішкелік белгісі – дәйекші. Сөз алдында дәйекші тұрса, ол сөздің хәріфтері жіңішке айтылады...». А. Байтұрсынұлының фонетикалық ұстанымы: сөз алдында дәйекші жоқ болса, онда ол сөздің жасалымы кейінді, естілімі жуан, ал сөз алдында дәйекші тұрса, онда ол сөздің жасалымы ілгерінді, естілімі жіңішке болып шығады.

А. Байтұрсынұлының «Тіл болса, оның заңы боларға керек... Қазақ тілінде бір сөзге *жуан* дыбыс пен *жіңішке* дыбыс араласып кірмейді» деп, сөз құрамындағы дыбыстардың өзара байланысар «заңы» деп берген үндесім заңының артикуляциялық анықтамасын, бүгінгі фонетика жетістіктері тұрғысынан, «сөз құрамындағы біркелкі кейінде не ілгерінді болып жасалуы» деп түйіндеуге болады. Сонда сөз құрамындағы дыбыстарды өзара байланыстыратын артикуляциялық белгі анықталады, сөйтіп А. Байтұрсынұлының дәйекшісі артикуляциялық анықтамамен толықтырылады.

Қазақ тіліндегі А. Байтұрсынұлы бөліп алып қарастырып отырған жуан дауысты дыбыстардың бәріне ортақ, оларды жуан дауысты етіп тұрған артикуляциялық белгі олардың жасалу орнына байланысты. Басқаша айтқанда, жуан дауыстыларды айтқанда тіл ауыз қуысының арт жағында жатады. Ендеше жуан дауыстылардың артикуляциялық (жасалым) белгісі тіл арты болады. Дауысты дыбыстар, А. Байтұрсынұлы айтқандай, жуан естілу үшін олар тіл артымен жасалу керек.

Қазақ тіліндегі А. Байтұрсынұлының жіктеліміндегі «жасырын» қалған дауысты дыбыстардың бәріне ортақ, оларды жіңішке дауысты етіп тұрған артикуляциялық белгі де олардың жасалу орнына байланысты. Басқаша айтқанда, жіңішке дауыстыларды айтқанда тіл ауыз қуысының алдыңғы жағында жатады. Ендеше жіңішке дауыстылардың артикуляциялық (жасалым) белгісі тіл алды. Дауысты дыбыстар, А. Байтұрсынұлы айтқандай, жіңішке естілу үшін олар тіл алдымен жасалу керек.

Дауысты дыбыстардың жасалу орны мен *жуан/жіңішкелік* белгісінің артикуляциясы бірдей болып шықты. Басқаша айтқанда, дауыстының жасалу орны тіл арты немесе тіл алды болса, *жуан/жіңішкелік* естілімі де сол тіл арты немесе тіл алды жасалымының нәтижесі болып шықты.

Дауыссыз дыбыстардың *жуан/жіңішке* болып айтылуын алғаш таныған да А. Байтұрсынұлы болды. Дауыссыздарды *жуан-жіңішкеге* бөліп қана қоймай, олардың құрамын анықтап, санын белгіліп берді.

Қазақтың төл тілтанымында дыбыстардың жіктелім белгілерін алғаш рет А. Байтұрсынұлы ұсынады: «Қазақ тіліндегі дыбыстарды жаңадан жіктейтін болсақ, әрі айтуына қарай, әрі сөз жүзінде білінетін қасиеттеріне қарай жіктеу керек».

А. Байтұрсынұлының «айтуына қарай» дегенін дыбыстың артикуляциясы (жасалымы) деп, «сөз жүзінде» дегенін дыбыстардың сөйлеу үстіндегі түрленімі деп түсіну керек сияқты. Ғалым ұсынған жіктелім атаулардың бастылары: *толық дауысты, шала дауысты, ауыз шығысты, мұрын шығысты, босаң жолды, қысаң жолды, босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі, тұйық бөгеулі, аңғал дауысты, қымқырулы дауысты, ымыралы, ымырасыз* т.б.

Дауысты дыбыстарды «толық» деп *а, ы, ұ, о, е* («жасырын» дауыстылар тізімге ілінбеген, өз-өзінен түсінікті деп есептесе керек) және «шала» деп үнді дауыссыздарды топтайды.

Бұл жерде дауыс қатысының деңгейі белгі ретінде алынып отыр. Ал дауыс қатысының деңгейі дауыс желбезегінің (дауыс шымылдығының) тербеліс шамасына байланысты екенін ескерсек, онда А. Байтұрсынұлы жіктеген «толық» дауыстылар тобының артикуляциялық белгісі дауыс желбезегінің толық тербелісі болып табылады. Дауысты дыбыстарды айтқанда дауыс желбезегі толық тербеледі. Өйткені «толық-шала» жасалым белгісін тек дауыс желбезегінің қатысымен ғана анықтауға болады.

А. Байтұрсынұлының «шала» дауыстылар деп отырғаны дауыс желбезегінің мол (бірақ толық емес) тербелісінен туындаған дауыссыздар. Дауыс мол қатысады, бірақ нағыз дауыстылар жасалымындағыдай толық болмайды. «Шала» (үнді) дауыссыздарды айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі. Үнді дауыссыздардың дауысты тобына қосылып отырғандығы сондықтан.

Әрі қарай толық дауыстылар *кең шығысты* және *тар шығысты* болып тағы екі топқа жіктеледі. Мұндағы негізгі белгі дауыстылардың жасалымына ерін қатысы болып отырғанын аңғаруға болады. Ерін қатысына қарай ашық езулік дауыстылар *кең шығысты* болса, қысаң езулік дауыстылар *тар шығысты* болып отыр. Ерін қатысына қарайғы жіктелім өте дәлелді шыққан. Кең шығысты дауыстыларды айтқанда ерін тігінен кең ашылады, ал қысаң шығысты дауыстыларды айтқанда ерін езу тартып, көлденеңінен қысаң ашылады.

А. Байтұрсынұлы дауысты дыбыстардың жіктеліміне «аңғалдар» мен «қымқырулылар» белгісін енгізіп, екіге топтайды. Мұндағы жіктелім белгі дауыстылардың сөз шебіндегі кездесім мүмкіндігі болып отыр: *аңғалдар* сөз құрамында орын талғамай, кездесе береді; *қымқырулылар* тек бірінші буында ғана кездеседі. Ал шын мәнінде, бұл жердегі жіктелім белгі *езулік-еріндік* болып отыр:

- аңғал дауыстыларды айтқанда ерін бейтарап қалады;
- қымқырулы дауыстыларды айтқанда ерін дөңгеленіп қатысады.

Қазақ тілі дыбыстарының төл артикуляциялық талданымы А. Байтұрсынұлының еңбектерінен басталады. Қазақ тілі дыбыстарының артикуляциялық анықтамасын толық қамтитын атауларды молынан енгізді. А. Байтұрсынұлының өз дәстүрімен құралған артикуляциялық атаулардың мағынасы, ғалымның өзге де грамматикалық атаулары тәрізді, оқушы танымына лайық түсінікті болып шығады. А. Байтұрсынұлы отызға жуық артикуляциялық атауларды пайдаланады. Артикуляциялық атаулар көбінесе жұптасып келеді. А. Байтұрсынұлы дыбыстардың артикуляциялық белгілерінің анықтамасын бермейді, тек атауын ұсынады. Сондықтан да ұсынылған атаулар жеке дыбыстың белгісі емес, дыбыс тобының белгісі болып шығады.

Сонымен, дауыстыларға қатысты негізгі белгі ерін қалпы болса, дауыссыздарға қатысты негізгі белгі жасалу тәсілі болған. Өзге артикуляциялық белгілер (дауыстылардың жасалу орны, тілдің тік қалпы, дауыссыздардың жасалу орны, дауыс қатысы) жайы қалыс қалып қойған.

А. Байтұрсынұлы қолданған артикуляциялық атаулардан бүгінгі қазақ фонетикасына дейін *дауысты/дауыссыз, қатаң, ұяң, үнді* атаулары жеткен.

Әдебиет

1. Сыздық Р. Ахмет Байтұрсынұлы және терминология мәселелері. “Жалын”, № 6, 2009. 19-24 бб.
2. Фонетические исследования в Западной Европе в конце XIX – в начале XX в. Интернет.
3. Зиндер Л.Р., Маслов Ю.С. Л.В.Щерба – лингвист-теоретик и педагог. Л.: «Наука», 1982.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992. - 446 б.
5. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. – Алматы: «Сардар», 2009. – 346 б.
6. Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: «Ғылым», 1999. – 567 б.

Баялиева Г.Ж.
филология ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің доценті.
Зура Әлімжан
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс студенті

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МҰРАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

Қазақ әліпбиін жасап, өз ана тілімізде оқулықтар мен кітаптар басылып шығуына ұлт болашағы үшін мәні зор бастаманы қолға алған ғалым Ахмет Байтұрсынұлы тіл жөніндегі зерттеу мақаласында: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. ...Біздің заманымыз – жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» деп жазған болатын [1, 56]. Араб жазуын негізге алып түзіп шыққан қазақ әліпбиі туралы, реформатор-ғалымның ерен еңбегі жөнінде замандастары Міржақып, Сәкендер де мақалалар жазып, ой-пікірлерін білдірген болатын. Бұл ұлт ұстазының еңбегі өткен ғасырдың басында-ақ айырықша жоғары бағаланғанын көрсетеді.

А. Байтұрсынұлы: «...Қазақша дұрыстап қат жаза білуге бір-екі-ақ жыл керек. Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолменен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын. Бұл күнгі мұсылманша оқып жүрген жолдың бұлғалақ-жырғалағы көп, оныменен жүріп қат жаза білуге жеткенше русша білуден уақыт кем кетпейді. Себебі, қазақ тіліменен оқытпай, ноғай, түрік, парсы, араб тілінде жазылған кітаптар араласып бас қатып, мый ашып, балалар әуре-тәуре болады. Сондықтан оқу керектігі даусыз болса, оқуға керек құралдарды сайлау керектігі де даусыз. Жақсы құралменен іс істегенде көпке тиіп жанды қинамайды. Оқу құралы да сондай, жан қинамай тұғын болса, жақсы болады. Әр істің басы қиын. Басында қиналмай кетсе, онан әрі тың кетеді. Бұлай болған соң әуелі оқу құралы жақсы болып жан қинамасына не керек?» - деп, «ана тіл» деген сөздің негізгі мәні атау тұлғадағы ұғым ікеніне үлкен салмақ салып, әрі төл тілдің бастау көзін ашып алады [1,74]. «Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолменен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын» деп, таза арабша мен тіл сындырушылардың да төл тілінен ажырайтынын, қазақша қалпын жоғалтатынын айтып отыр. «Қазақтың тіліменен оқытуды» көксейді, сол қазақ тілінде оқытудың амал-тәсілдерін, «соқырға таяқ ұстатқандай» көрсетіп те берді. Ең бастысы «әліпби түзелмей, іс оңалмайтынын» білген ағартушы қазақ әрпін әрлеуді қолға алады.

А. Байтұрсынұлы 1920 ж. Қазақстанның халық ағарту наркомы болып тағайындалды. Әрине, кейіннен партияның қатарынан да, басқару органынан да аластатылды. Әдебиет, мәдениет, тарихқа байланысты жазғандары төте жазуды пайдаланып, «Қазақ» (1913-1918 жж., Орынбор) газетін шығарудағы еңбегі қазақ халқының мәдени өміріндегі баға жетпес үлес екені даусыз. Оның шығармашылық өмірінің жетілген кезеңі осы жылдарға тап келеді. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары қазақ қоғамы жаңа бір өзгерген өмірге аяқ басты. Сол тұстағы қазақ зиялылары мұны анық аңғара алды, дұрыс түсінді. Олар қазақ қоғамы серпілу үшін дамуына қажетті нәрселерге бетбұрыс жасау керектігін ұғынды. Бұл кезең қазақ зиялыларының алдына үлкен-үлкен практикалық іс-шараларды жүзеге асыру міндетін қойды. Бірінші кезекте халықтың сауаттылығы деңгейін көтеру, ол үшін жазу жүйесіне өзгеріс енгізу тұрды. Мақсатқа жету үшін атқаруға тиісті міндеттердің қатарына:

- Қазақ тілінің жүйесін мейлінше дұрыс көтере алатын етіп, әліпбиді өзгерту;
- Терминологияны қалыптастыру;
- Дұрыс жазу мен дұрыс оқудың қағидаларын жасау;
- Қазақ тілін оқытудың, үйретудің бағдарламасын жасау;
- Емле нормасын бекіту, т.б. жатты.

Осы істердің басы-қасында өз үлесін қосып, А. Байтұрсынұлы да жүрді. 1920 жылдан бастап А. Байтұрсынұлы ғылыми-педагогикалық жұмыспен айналысты, қазақ грамматикасын («Тіл-құрал») жазды. Үш кітаптан тұратын бұл еңбегінде қазақ тіл білімінің

қазіргі кезде қолданыста жүрген көптеген терминдерін қазақ тілінде қалыптастырып үлгерді. Бастауыш, баяндауыш, шылау, зат есім, етістік, т.б. терминдерді, ана тілі, жабық мәжіліс, ашық хат сияқты номинацияланған қолданыстарды дүниеге келтірді.

Тіл білімі үшін ең қажеттісі тіл қайраткерінің қазақ әдеби тілі мен стильдік тармақтарының жетілуіне қосқан үлесін салмақтау болып табылатыны белгілі. Ал әдеби тілді жетілдіруге қосқан үлесі оның ағартушылық қызметімен ұштасып жатыр.

А. Байтұрсынұлы – ағартушы. Ағартушылық қызметінің үш түрі бар: біріншіден, А. Байтұрсынұлы орысша немесе татар, ноғай молдалары оқытып жүрген мұсылманша оқу түрлерінің ішінде қазақ баласы үшін ең керектісі ана тілінде білім алу (беру) екенін және оның міндеттілігін көрсетіп, қазақ тілінің болашақтағы даму бағытын белгіліп берді. «Әрі ұстаз, әрі ағартушы ретінде А. Байтұрсынұлының көңілін бөліп, қатты алаңдатқан екінші мәселе – мектептік құрылымы болса, үшінші мәселе – оқыту жүйесін (дұрысы жүйесіздігі) жетілдіру, оқытушылардың педагогикалық талаптарға сай болуына назар аудару» А.Байтұрсынұлы бұл жөнінде: «Бұл күнде қазақша оқуда кемшілік көп. Әуелі оқу құралы, кітаптар жоқ. Ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейді. Екінші, қазақ мектебіне түзелген бағдарлама жоқ, онсыз оқу бір жөннен шықпайды. Үшінші, бала оқыту ғылымынан хабардар мұғалімдер аз», -деп, оқуға ауыртпалықтар әкеліп, бөгет жасап отырған қиындықтардан шығудың жолдарын белгілеп, қандай шаралар орындау керектігін көрсетіп береді.

Жалпы ағартушылық қызмет атқару сол кездегі әрбір оқыған азаматтың парызына, ал әрбір жарық көріп жатқан кітап пен мерзімді басылымдардың қай-қайсысының ағартушылық қызметін: «Қазақ ұғымына сыртқы нысаны, айтылуы (план выражения) ішкі мазмұны (план содержания) беймәлім аталымдарды халықтың ұлттық бітіміне тән образды ойлау, логикалық ойлау қалыбынан өткізіп барып, жазба тілге ұсынған А. Байтұрсынұлы білім мен ғылымның таралуына мүмкіндігінше ыңғайлы жол ашты, ағартушылық істі барынша жедел өркендетуге үлес қосты деп бағалайды А. Алдашева [2, 87]. Бірақ 1926 жылы Түркологиялық съездегі «әліпби айтысынан» кейін көп жылдар бойы қазақтың рухани өмірінде ерекше рөл атқарған А. Байтұрсынұлы алфавиті қоғам өмірінен ығыстырыла бастады. Себебі, КСРО-ның саяси жүйесі әлем қолданып жүрген алфавитке көшуді, яғни латынға көшуді міндеттеді. А. Байтұрсынұлын жақтаушылар азшылық болып қалды. Жақтағандар көп болған күннің өзінде саяси жүйенің көздегені басқа болғандықтан графикасының тағдыры шешіліп қойған еді. Осыдан сәл кейінірек, 1929 жылдан бастап, КСРО территориясында араб алфавитін қолдануды мүлдем тоқтату туралы Совет өкіметінің жарлығы күшіне енді. Өйткені, араб алфавиті КСРО-ның өзге республикасынан мұсылман республикаларын бөліп тастайды деген қауіп бас көтерген еді. Осы жылдардан бастап А. Байтұрсынұлының басына қауіп төнді, оның оқытушылық-ағартушылық қызметі де тоқтады, нағыз қуғындау басталды. Ақталған соң А. Байтұрсынұлы есімімен Алматыдағы үлкен көшенің бір атауы, оның есімі Ғылым академиясының Тіл білімі институтына берілді, мұралары жинақталып, жарыққа шыға бастады, бір сөзбен айтқанда, Ахметтану басталды.

А. Байтұрсынұлы және Қ. Жұбанов сынды қазақ зиялылары қазақ әдеби тілінің қалыптасуы тарихында көп қызмет етті:

- қазақ әдеби тілінің стильдік тармақтарының жетілуіне;
- нормаларының қалыптасуына;
- терминдік қабаттың дұрыс түзілуіне;
- жүйелі оқу жүйесінің қалыптасуы барысында пән сөздерінің дұрыс жолға қойылуына;
- ғылыми стильдің шын мәнісінде орнауына, публицистикалық стильдің дамуына;
- көркем әдебиет стилінің өркендеуіне т.б. атсалысты. Олардың қаламынан туған ғылыми тілде жазылған теориялық еңбектер дүниеге келді, олар қазақ тілін ғылым тіліне айналдырды;
- әдеби тілдің теориялық негізі қалануына ықпал етті.

Зерттеуші-ғалымдар Ахмет Байтұрсынұлының тұжырымдарын қазақ тіл білімінің бастауы деп таниды. Осы күнгі жаңартылған білім беру бағдарламасының кей тұсы да

Аханның еңбектерінде бірлі-жарымды кездесіп қалып жатқаны байқалады. Мәселен, «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында осы күнгі әдістемеде оқушылар функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекетінің жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым сынды 4 түрі арқылы тілді меңгерудің әдістері жайында ой-пікірлерін де табуға болады. Ғалым «үйретуді» өнер деп бағалайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету – бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ» – дегені сөзсіз ақиқат. Әдіскер тіл үйретуге мыналарды жатқызады: 1) оқылым – оқу үйрету; 2) жазылым – жазу үйрету; 3) айтылым – сөйлеу үйрету.

Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралында» сөйлеу әрекетінің төрт түрі кездеседі. Мысалы, оқылым буындап, тұтас оқу арқылы; жазылым сөздерді буындап, тасымалдап, көшіріп, құрастырып, сөзден сөз тудыру арқылы; айтылым сұрақтарға жауап беру арқылы; ал тыңдалым болса жаңылтпаштарды есте сақтап, кейін жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады.

Қорытындылай келе, А. Байтұрсынұлы ХХ ғ. басындағы қазақ зиялыларының үркердей жарқыраған жарқын шоғырының келбетті өкілдерінің бірі. Оның өмірі өз халқына деген, ел-жұртының мәдениеті мен әдет-ғұрпына деген айнымас махаббаттың айқын үлгісі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992.
2. Алдашева А. Қазақ тіліндегі жаңа аталымдар. – Алматы, 2002.

Салқынбай А.

филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Мейрам Г.

Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ-ЖАПОН ТІЛДЕРІНІҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫ

Алтай семьясы туралы ғылыми көзқарас, әдетте, болжам ретінде ғана танылады. Түркі тілдері мен моңғол тілі арасындағы байланысты, тұңғыс-манчжұр тілі арасындағы байланыс тек көрші тілдер арасындағы қарым-қатынастың нәтижесінде болған деуге келмейтіні рас. Басқаны былай қойғанда, Баян-Өлгей аймағының атақты ғалымы Базылхан Бұхатұлы қырық жылдай қазақ пен моңғол тіліндегі ортақ бірліктерді диахрондық және синхрондық бағытта салыстыра (салғастыра емес!) зерделеген. Ал Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Нәпіл Базылхан «Қазақ пен моңғол тілінде 1500-дей сөздің түбірі бір-бірімен дәлме-дәл сәйкес келеді» деп есептейді [https://www.inform.kz/kz/kazak-pen-mongol-tilinde-1500-dey-sozdin-tubigi-bir-n-bazyllan_a2658781]. Яғни қазақ пен моңғол тілдерінің генетикалық байланысы бар екеніне сендіреді.

«Алтай тілдері» болжамына енетін тілдердің жалпы саны алпыс шақты. 1787-1832 жылдары өмір сүрген дат ғалымы Расмус Раск үндіеуропалық және салыстырмалы-тарихи тіл білімнің негізін қалаушы ғалым. Авеста тілін зерттеп, оның санскрит тілімен байланысын талдаған. 25 тіл мен диалектіні білген Расмус Раск Орал және Сібір өлкесіндегі үндіеуропа тілдерінен өзгеше бір топ тілдерді «скиф тілдері» деп атаған [<https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A0%D0%B0%D1%81%D0%BA,%D0%A0%D0%B0%D1%81%D0%BC%D1%83%D1%81>].

Орал-Алтай тілдері жөніндегі болжамға ХІХ ғасыр аяғында ерекше көңіл аударыла бастады. 1844 жылы МатиасКастрен «алтай семьясына» жататын тілдер туралы болжам енгізген. Бұл идеяны А. Вамбери қолдап, венгер тілінің түркі тілдеріне жақын екенін дәлелдеп, Орта Азияға барған сапарындағы жазбаларында венгер тілі мен түркі тілдерінің

арасында жақын келетін лексикалық бірліктерден топтап мысалдар келтіреді. Осыдан бастап алтай тілдеріне қатысты зерттеулер жүргізіліп, бірнеше терең ғылыми тұжырымдамалар жасалды.

Алтай тобына жататын тілдердің жақындығы эволюциялық жолмен дамудың нәтижесінде қалыптасқандығын, тарихи-генетикалық байланысы бар екенін кейінне жүйелей зерттеген академик Б.Я. Владимирцов болды. Моңғол тілінің маманы, шығыстанушы ретінде еңбек еткен Борис Яковлевич Владимирцев «Шыңғыс хан атты зерттеу жазған» буддизмді қабылдаған. [*Владимирцов Б.Я. Работы по монгольскому языкознанию. — М.: Восточная литература, 2005. — 952 с. — (КОВ: Классики отечественного востоковедения)*]. Б.Я. Владимирцев зерттеулеріндегі «алтай болжамы» туралы ғылыми тұжырымдама М.А. Кастрен, О. Бетлингк, Г. Винклер, Е.Д. Поливанов, Г.И. Рамстедт, М. Рясянен, Н.А. Баскаков т.б. белгілі ғалымдардан қолдау тапты. В.Л. Котвич, Л. Лигетти т.б. ғалымдар өз еңбектерінде алтай тілдерінің типологиялық ұқсастығын қолдайтындығы мәлім.

Алтай тілдерінің төркіндестігіне қарсы пікірдегі Дж.Клоусон, А. Рона-Таш, Й. Бенцинг, Д. Синор, Г. Дерфер, А.М. Щербак, Н. Поппе, Г.Д. Санжеев т.б. зерттеушілер.

И.А. Бодуэн де Куртенең шәкірті болған Евгений Дмитриевич Поливанов японистика ғылымын дамытуға біршама үлес қосқан. Зерттеушілердің көрсетуінше, әлемдік ғылымда бірінші рет ол жапон тіліндегі екпінді анықтаған. Көне жапон тілінің фонологиялық жүйесін зерделей келе, оның австронезиялық тілдермен жақындығын жазады. Кейін О.В. Плетнермен бірге жапон тілінің грамматикасын жазады. 1923 жылы алтай тілдерімен корей тілінің туыстығы туралы болжам ұсынады. Е.Д. Поливанов 20-дан астам тілді меңгерген.

Орал-Алтай тіл бірлестігі тегінің ортақтығы мен бірегейлігіне ерекше көңіл қойып, оны кеңінен зерттеген ғалымның бірі Н.А. Баскаков, ғалымның «Алтайская семья языков и ее изучения» деп аталған зерттеуінде Х. Винклер, С.М. Широкогорова, М. Рясянен, Д. Шинора, Й. Бенцинг еңбектеріне сүйене отырып, Орал-Алтай тіл бірлестігінің ішіне енетін тайпалар одағының заманалар алмасуындағы тарихи оқиғаларға қатысты интеграциясы мен жіктелуі болғандығын еске ала отырып, оларды орал және алтай семьясы деп екі жікке бөледі. Орал тобын іштей екіге фин-угор және самодиялық деп ажыратады да, Алтай тобындағы тілдерді үш бұтаққа жіктейді: 1) түркі-моңғол бұтағы; 2) тұңғыс-манчжур бұтағы; 3) жапон-корей бұтағы (7, 51 беттер). [*Баскаков Н. А. Алтайская семья языков и ее изучение / Отв. ред. Е. А. Поцелуевский; Институт языкознания АН СССР. - М.: Наука, 1981. -136 с.*].

Кез келген тілде құрылымдық өзгерістің аса баяу болатынын жазған Н.А. Баскаковтың мына пікірімен толық келісуге болады «Структурные изменения типологии конкретных языков представляют собой весьма медленно, едва заметный процесс накопления по всем уровням новых элементов, которые появляются и получают свое дальнейшее развитие как в силу внутренних причин, так и под влиянием внешних условий» [*Баскаков Н. А. 1981. 119*].

Жапон тілі мен түркі тілдерінің генетикалық жақындығы немесе жақын еместігін анықтайтын маңызды шарттарды анықтау керек болады. Бұл туралы С.А. Старостин «Алтайская гипотеза и происхождение японского языка» атты еңбегінде екі немесе бірнеше тілдің генетикалық жақындығын анықтау үшін:

1. Бұл тілдердің жүйесінде фонетикалық сәйкестіктердің тұрақты болуы;
2. Негізгі (базалық) лексикалық бірліктердің болуы және олардың тұрақты фонетикалық сәйкестіктің негізінде болуы;
3. Фонетикалық сәйкестіктердің тұрақтылығы негізінде жасалған грамматикалық тұлғалардың сәйкес келуі тиіс, - деп есептейді [Алтайская проблема и происхождение японского языка. М., 1991. — 298 с. 2-бет].

Ғалым көрсетілген зерттеуінде осы үш бағытта, яғни түркі, моңғол, тұңғыс-манчжур, және корей тілдерін фонетикалық сәйкестігін талдап, лексикалық тұлғалардың (сөздің) статистикалық мәліметін келтіріп, олардың генетикалық жағынан тегі бір екенін зерделейді.

Тілдер текстестігін анықтау үшін, ең алдымен, зерттеу нысанына ілігетін тұлғалардың тарихи жасалу сипаты мен ерекшелігін анықтау маңызды болмақ. Тілдердің арасындағы

генетикалық жақындықты іздегенде, кейінгі кезде жасалған ортақ термин сөздердің жақындығы есепке кірмейді. Тіпті олардың арасында фонетикалық жағынан жақын келетін сөздер бірдей болса да, кейінгі кезде жасалған атаулар тілдік генетикалық тектестіктің мысалы бола алмайтыны анық. Екіншіден, тектестікті анықтайтын лексикалық және грамматикалық тұлғалардың мағынасының ортақтығы, өзексемасының жақындығы, ортақ семаларының болуы аса маңызды фактор деп есептейміз.

Ия, көптеген ғылыми зерттеулерде сөздердің мағынасы салыстырыла талданатыны бар. Әйткенмен, фонетикалық сәйкестіктің маңызы бірінші орынға шығып, тұлғалардың мағыналарының даму факторы үдерісі терең толықтай зерделене қоймағаны белгілі. Ал лексикалық бірліктер мағынасының тарихи дамуы күрделі мәселе. Сөз мағынасының семантикалық дамуы әртүрлі сипатта болуы мүмкін. Лексикалық бірліктің мағынасына талдау жасау – оның мағыналық даму ерекшелігі мен синтагматикалық және парадигматикалық жағынан өзара ықпалын саралау, лексикалық мағынасының типологиялық қырын анықтау, лексика-семантикалықжүйелегі басты ерекшелігіне мән беру. Лексикалық бірлік мағынасын айқындау, оның дамуы мен мағыналық ерекшелігін саралаудың күрделі екенін ескерсек, олардың тарихи даму жолына, референттік мәні мен стилистикалық ерекшелігін анықтау маңызды болмақ. Қазақ және жапон тілдеріндегі тілдік бірліктерді салыстыра зерттеу, ең алдымен тарихи-диахрондық аспектіде болатынын ескерсек, олардың мағыналық қырын зерделеу, ең алдымен сөздің этимологиялық астарын ашумен де байланысты болады.

Қазақ тілі мен жапон тіліндегі грамматикалық және лексикалық тұлғалардың тарихи жақындығы:

1) に - watashini, kimini – барыс септігі жалғауы –ni; ал қазақ тілінде –ны, -ні табыс септігінің жалғауы.

2) 着物 – жапон тілінде ки-着 – ки, кию етістігі, моно-物 – імжұрнағы. Демек, жапон тіліндегі ки- қазақ тіліндегі ки тұлғасымен толық сәйкес келеді. «Моно» - қазақ тіліндегі сөз туғызушы –ым, -ім тұлғасымен ұғымдық, мағыналық және тұлғалық жағынан сәйкес келеді.

3) 来 – «ки» - жапон тіліндегі мағынасы келу, Ки –ке түбірлерінің де ортақтығы айқын.

4) 氏shi – жапон тілінде адам мағынасын білдіретін жұрнақ. Бұл тұлға қазақ тіліндегі -шы-ші – адамның кәсібі, мамандығына қатысты сөз тудырушы жұрнақтың мағынасына, тұлғасына, ұғымына толық сәйкес келеді.

5) でもdemo, だがdaga– жапон тілінде қарсылықты мағынаны білдіреді. Бұл қазақ тіліндегі дегенмен тұлғасының тарихи сипатына жақын.

6) おばあさんObaa-san – мағынасы әже, апа. Қазақ тіліндегі аба-апа, баба сөздерімен тарихи төркіндес.

7) おとうさんOtoo-san – жапон тілінде әке мағынасында қолданады. Қазақ тіліндегі ата-ана қос сөзінің құрамындағы ата мағынасымен сәйкес.

8) これkore, このkono айтып тұрған адамға жақын тұрған нысан, бұл, осы деген мағынада жұмсалады. Қазақ тіліндегі көру, көріп тұрған нысан, көріп тұрған зат мағынасы арқылы дамыған деп қарап, «көр» етістігімен жақын деп қарауға толық негіз бар.

9) それsore, そのsono тыңдаушыға жақын тұрған нысан – «сол» мағынасында жұмсалады. Қазақ тіліндегі «сол» тұлғасымен тамырлас, тектес, Ауызекі сөйлеу тілінде кейде со кісі, со жақта, со бала деп те қолданатынымызды еске алсақ та жеткілікті.

10) あれAre,あのano -ол – екеуінен де алыс нысанды анықтайды. Қазақ тіліндегі анау, ана тұрған, ана жақта деген тұлғалармен сәйкес келеді.

11) 地球Chikyuu,地-чи; жер – деген мағынада жұмсалады. Ч дыбысының т-ш дыбыстарынан тұратын аффрикат дыбыс екенін, кейін тілдің дамуында, ш-ж сәйкестігі болып, дыбыстардың ұяндану үдерісі болғанын ескерсек, бұл сөздердің де тектестігі

дәлелденеді. Шұғыл және ызың дауыссыз дыбыстардың элементтерінен құралған дыбыстар: орыс тілінде тіл алды аффрикаттар: $\psi (m+c)$, $\psi (m+ш\psi)$, неміс тілінде: $pt (pterd)$. ψ , ψ – аффрикат фонемалар. Бұл дыбыстардың механикалық қосындысынан барып, ψ , ψ жасалды деп түсінбеу керек: ψ -дегі m , c , ψ -дегі m , $ш\psi$ элементтері өзара өте тығыз байланысты болып, айрықша жымдасқандықтан бұл элементтер дара айқын айтылмай, шоғырланып, бір кесек фонеманың ішіне еніп, тұтас бір бірлік (единица) түрінде естіледі. Аталған екеуі де қатаң фонемалар тобына жатады; ψ – қазақтың айтуында тіл ұшы үстіндегі күрек тіске нық тиіп, шапшаң айтылады (екі мүше бұл фонеманы айтқанда бірден кілт ажырап кетуі арқылы жасалады), ал ψ тіл ұшы альвеольға (үстінгі қызыл иекке) тиюі арқылы айтылады; бұл фонеманың да жасалу жолы ψ -мен бірдей; сондықтан ψ , ψ — әрі қосынды (аффрикат), әрі шұғыл фонемалар.

12) そ \bar{u} soo-сол, солай; мағынасы, ұғымы тұлғасы жағынан да қазақ тіліндегі сол, солай сөздерімен түбірлес, мәндес.

13) る-gu, む -mu, く -ku, す -su, т.б. (-y) –жапон тілінде кез келген егістіктің соңына жалғанатын тұлға, Қазақ тіліндегі қимыл есім тұлғасымен тамырлас:бару, келу, жасау т.б.

14) 本hon-жапон тіліндегі мағынасы «кітап». Қазақ тіліндегі «көне» сөзімен түбірлес деп қараймыз.

15) 古代kodai; беретін мағынасы – көне. Қазақ тіліндегі «көне» сөзіне тарихи табиғаты жақын.

16) 後ato- мағынасы кейінгі, кейін, арт, арты, артқы; қазақ тіліндегі – арт, арты, артқы сөздерімен ұғымдық, мағыналық және тұлғалық жағынан сәйкес келеді.

17) 家ie – жапон тіліндегі мағынасы үй. Қазақ тіліндегі «үй», «ие» сөздерімен сәйкес: үй иесі, мал иесі.

18) なぜnaze – дыбысталуы; қазақ тіліндегі «не», «неге», «не үшін» дегендегі «не» тұлғасымен дыбыстық, ұғымдық, мағыналық сипаты толық сәйкес келеді. 何nani, қазақша аудармасы «не» болатын сөздің де «на» бөлшегінің «не» тұлғасымен ұқсастығын көруге болады.

19) 万man – дыбысталуы. Он мың деген мағынада жұмсалады. Қазақ тіліндегі «мың» сөзімен сәйкес келетінін түркі тілдерінің дамуы консонанттық негізде болғанын ескерсек жеткілікті.

20) 道路dooro – мағынасы жол, д мен ж сәйкестігі.

21) 武器buki – мағынасы қару, қазақша бәкі сөзімен үндес.

22) 衣料iryoo– киім деп аударылады, қазақша иіру сөзімен үндес, ұғымдық жағынан киімнің иірудің негізінде жасалғанын ескерсек, сөздің семантизация үдерісі нәтижесінде мағыналық жағынан дамығанын көруге болады.

23) 針hari– жапон тілінде ине, қол, қармақ деген мағыналарда жұмсалатын сөз. Егер ине мен қармақ арқылы жасалатын әрекет тек адамның қолының қатысуының нәтижесі екенін ескерсек, бұл сөздердің ішкі ұғымдық жақындығы сөздің көпмағыналылығы мен семантизациясының нәтижесі екені анық аңғарылады. Ал қазақ тіліндегі «қолдың қары» осы мағынаны толық көрсететін атау. Бұл сөз арқылы қазақ тілінде «қарымды» туынды сөзі жасалған.

24) 英雄eiyou– қаһарман, ұлы адам деп аударылады. Қазақ тіліндегі «ер» түбірімен түбірлес сөз. «Ер» сөзі қазіргі барлық түркі тілдерге ортақ, ең көне түбірлердің бірі.Бабалардан қалған асыл сөздердің бірінен саналатын «Ер» «ер жігіт» атауына қатысты көптеген тіркестер қалыптасқан. Мәселен, батырлар жырында, ертегілерде ердің бейнесін, ер-жігіттің тұлғасын анықтайтын «еңсегей бойлы, терең ойлы, өткір көзді, қыр мұрынды, қияқ мұртты, кең иықты, апай төсті, өткір тісті, жуан білекті, қапсағай денелі, бура санды, кең жауырынды, от ауызды, орақ тілді, темірдей саусақты, жау жүректі, сергек ойлы, ширақ қимылды, кескін сөзді, кесек бітімді, қырандай алғыр, сұңқардай өр, арыстандай айбатты,

жолбарыстай қайратты, көк бөрідей қайсар, қабыландай сұсты, бұландай сүйекті, нардай төзімді, ар алдында ақ, сауысқандай сақ...» деп келетін тұлғаларды табуға болады.

Ер жігіттің басты ерекшелігі оның күштілігі деп танылған қазақ дүниетанымында «Жігіттің сұңқары, жігіттің сұлтаны, жігіттің қыраны, жігіттің арыстаны, жігіттің қабыланы, жігіттің сарасы, жігіттің нары, жігіттің жампозы» деген тұлғалар да мол қолданылады. Бұдан аңғарылатыны, жапон тіліндегі *eiuyu*– қаһарман, ұлы адам мағынасы қазақ тіліндегі «ер» сөзінің мағынасымен, мәнімен ұштасатыны анық көрінеді.

25) *い*–жапон тілінде жақсы деген мағынаны білдіретін бұл сөздің қазақ тіліндегі «игі» тұлғасымен тұлғалық, мағыналық, ұғымдық жақындығы анық көрініп тұр. Қазақ тілі тарихында «г» тұлғасы кейде түсіріліп те айтылатын дыбыс екенін ескерсек, бұл сөздің тамырлас тектес екені анық: *егелік – иелік, Ғали – Әли, егер – ер* (атқа салатын ер мағынасында), *бігіз – біз* (іс тігетін құрал) т.б. Г дыбысы тек қана жінішке дауыстылармен (ә, е, ү, ө, і) тіркесіп айтылады (тегеш, өгіз, игілік, инелік, кереге, егелік). Г дыбысы сөздің басында тек кәрме сөздердің құрамында ғана сирек жұмсалады (гүл, гауһар). Қазақтың байырғы сөздерінің аяғында келмейді. Қазіргі түрік тілінде «иумшақ г» аталып кеткен бұл дыбыс жазуда ескерілгенімен, айтылуда ескеріле бермейтінін де айту орынды.

眞実shinjitsu -шындық (сонда *shin* деген шын және жаңа дегенді білдіреді)*信じるshinjiru*–қазақша сену деп аударылады. *信shinkandjiin* жапон тілінде ши мен си дыбыстары бір дыбыс ретінде қарастырылғандықтан, син деп те оқуға болады, ал бұл қазақша аудармасы «сену» дегенге дыбысталуы мен мағынасы бойынша ұқсас. Мұндағы *じ* мен *る* – сөз тұлғасын анықтайтын жұрнақтар. Қазақ тіліндегі «шын» – зат есімі мен «сен» (у) етістігінің арасындағы синкретизм де сараланып, олардың арасындағы мағыналық жақындық аңғарылады. Яғни ш-с дыбыстары сәйкес дауыссыз дыбыстар деген ғылыми көзқарастың негізділігі көрінеді. Біз «Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект» атты зерттеуімізде С-Ш сөзжасамдық қалыбы туралы мәселені талдағанда, шығу төркіні бір болғандықтан, С-Ш дыбыстарының бір-бірімен алмаса алатынын тілге тиек ете отырып, генетикалық жақындықтың көрінісі ретінде бағаладық. Көптеген зерттеу еңбектерінде с-ш дыбыстарының сөз басында бір-бірін алмастыра алатыны жөнінде әңгіме болады. Біз байқаған ерекшелік бұл дыбыстарының алмасуынан жаңа сөздер де туындайды. Сондықтан жеке сөзжасамдық қалып ретінде бөлек көрсетуге болады деп есептедік. Мысалы: *ас - аш, өс - өш, бас - башай* т.б. тұлғаларының мағыналық дамуы антонимдік сипатта болған. *Ас - тағам, аш - тоқ емес*, яғни тағамның, астың жоқтығын білдіретін ұғымды белгілейді. «Яғни бір денотаттың бір-біріне қарама-қарсы мәнін көрсететін ұғымды осылайша таңбалау – тілдік заңдылық болған. «Өс» денотаттық не сигнификаттық ұғымның жоғарғы өрлеуін, құлдырауын таңбалайтын таңба, орыс тіліндегі «*есть - ешь*» тұлғаларының дыбыстық өзгерісін де осы ретпен түсіндіруге болатынын» зерделедік [181-182 б.].

秘書hisho–хатшы, ал хат сөзінің мағынасы *手紙*–*Tegami*. *秘書hisho* – хатшы сөзі жапон тілі үшін көне сөз болады да, оның құрамындағы *hi-sho* тұлғалары екі силлабофонеманың қосындысынан туындаған жапон және қазақ тілдеріне ортақ тұлғалар болып шығады. -

1. Көне түркі тіліндегі ескерткіштерде -шы, -ші сөзжасамдық тұлғасы тұлға етістіктен де, есімнен де ат, есім мағынасын туғызып, актив жұмсалатын форма. -Шы, -ші-нің шығуы жөнінде бір-біріне қарама-қарсы бірнеше пікірлер бар. Айталық, Г.И. Рамстедт қытай-корей тілдеріндегі "chia" - мужчина, человек, лицо, персона мағынасынан шығарса [Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. Морфология. –М., 1957., 209.], Н.А. Баскаков пен Г.Д. Санжеев бұл пікірді терістей отырып, *-чыл, -чил, -чан, -чен, -чин* аффикстерімен төркіндес деген тұжырым айтады [Академику Гордлевскому к 75-летию. Сборник статей, -М., 1953, 60]. -Шы, -ші тұлғаларының негізгі сөз туғызушы мағынасы - адам, кісі семасына ғана қатысы. Себепші негіз арқылы туындаған мағыналардың бәрінің жалпы ортақ мағынасы - кісінің атына, қызметіне, мамандығына қатысты болады. Парсы тіліндегі "*заде*", "*зада*" - "рождать, рождаться" және "аристократтық тек" мәнінде жұмсалады екен [103, 115]. Қазақ тіліне енгенде: "*зада*" - нәсілі, ата-тегі, тұқымы асыл, жақсы адам, "*зады*"- тегі, негізі,

тұқымы мағынасын берген. "Зада" сөзі тек адамға қатысты айтылып кісі есімін жасауда қатынасады: *Айзада, Нұрзада, Айзат, Нұрзат, Гүлзат, Бекзат, Бекзада, Тұрсынзада* т.б. сөздерде жиі кездеседі. Грузин тіліндегі адамның тегін білдіретін – дзе, тұлғасы да (Кикабидзе, Георгадзе т.б.). Біздіңше, кісі есімнің мағынасын беретін -шы, -ші тұлғасының көне тарихы парсы тіліндегі асыл текті, асыл тұқымды білдіретін "зада", "заде" сөздерімен тектес, тамырлас. Олай болса қытай тіліндегі "*чие*", парсы тіліндегі "*зада*", грузин тіліндегі - "*дзе*", қазақ тіліндегі "*шал*", "*шы,- ші*" (басқа түркі тілдерінде де бар) тұлғаларының бәрінің өзексемасы - адам, кісі. –Шы, -ші тұлғаларының әуелгі мағынасы – адам, кейін осы өзексемадан десемантизацияланған да, адам мағынасын туғызатын грамматикалық тұлғаға алмасқан.

Тілде аса өнімді СТТ ретінде мол кездесетін бұл тұлғаның А.Ысқақов еңбегінде түрлі парадигмасы көрсетіледі:

1) кәсіп иелерінің я мамандықтарының атауларын, белгілі бір кәсіппен шұғылданатын адамды білдіреді (*қойшы, тілші, әдебиетші т.б.*);

2) адамның белгілі бір дағдыға айналған іс-әрекеті мен қабілет-қасиеттерінің аттарын білдіреді (*бастаушы, тергеуші*).

2. 3) қоғамдық ағымды я көзқарасты жақтаушының және белгілі бір қоғамдық ұйымға қатысушының атын білдіреді (спортшы, жақаевшы, кітапханашы т.б.) [Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. 407б., 150].

-Шы, -ші тұлғасы адамның кәсібі мен қызметіне сәйкес иелік мән туғыза отырып, мынадай парадигмалық байланысты көрсете алады:

- табиғат құбылыстары мен өсімдік атауларынан "кәсіп иесі" мағынасын туғызады: *орманшы, ағашшы, жұлдызшы, егінші, сабаншы т.б.*

- тірі жан иесі атауларынан "иелік мағына" туғызады: *атишы, жылқышы, малишы, бұзаушы, сиыршы, түйеші, балықшы, аңшы т.б.*

- дене бөліктері атынан есім, мамандық мағынасын туғызады: *басшы, аяқшы т.б.*

- тағам аттарынан "мамандық иесі" мағынасын туғызады: *асишы, бозашы, балшы, етші т.б.*

- зат атауларынан "кәсіптік" мән туғызады: *қорықшы, арбашы, бақташы, қоймашы, үйші, тарақшы.*

- еңбек құралдары атаулары негізінде "мамандық" мәнін туғызады: *қазаншы, садақшы, кетпенші, қалақшы, табақшы т.б.*

- жер, ел мағынасында жалпы есімдерден "адам" мағынасын туғызады: *жерші, елші, қалашы, колхозшы т.б.*

- дерексіз атауларға жалғанып "кәсіп иесі" мағынасын туғызады: *жыршы, өлеңші, сиқыршы, ақылшы, сыншы, көрші т.б.*

- қимылдың иесі мағынасын туғызады: *оқушы, жазушы, көруші, іздеуші, жүргінші, барушы т.б.*

Көрсетілген парадигмалық мағыналар – мамандық, мамандық иесі, қимыл иесі, кәсіп иесі, иелік мән т.б. тек -шы, -ші тұлғаларының ішкі құрылымдық мағынасы. Мұнда себепші негіздің мағынасы жоқ. Ал "елші" – ел, мемлекет атынан сөйлейтін адам мағынасын білдіретін жіктеуші сема - сөйлейтін негіз бен СТТ-ның семаларының бірігуі нәтижесінде жасалған күрделі сема. -Шы, -ші тұлғаларының тек өзіне тән мағыналары болады, олар контекске қатысты емес, семантикалық валенттілік жағдайына тіркесу қабілеті бар сөздердің кез-келгеніне жалғанғанда, сол – иелік, адамдық мағынаны ғана білдіреді. Олай болса, жапон және қазақ тілдеріндегі –шы тұлғасының сөзжасамдық мағынасы бір-бірімен тектес, тамырлас екеніне көз жеткіземіз.

26) *たくさん* takusan – көп. Жапон тіліндегі көп мағынасын беретін мөлшерлік тұлға қазақ тіліндегі 90 сан есімнің мағынасына жақын келеді, қазақ тілінде 90 сан есімі мөлшерлік мән беретін атау. Сонымен бірге тілімізде «тоқсан екі баулы қыпшақ», «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні», *тоқсан тарау жол, бір тоқсан – үш айлық мезгіл* – сияқты тіркестерде көп деген мағынада жұмсалады. Тоқ сөзі арқылы - *тоқ болу, көңілі тоқ, тоғын басу, тоқ*

ішек, тоқ бәйге, тоқтық, тоқты, тоқшылық т.б. сөздері жасалады. Бәріне тән ортақ сема – көп, мол. Демек, *たくさん* takusan – тоқсан сөздерінің арасында тарихи-генетикалық жақындық бар деп пайымдаймыз.

27) 七shichi – жеті санының мағынасымен және дыбыстық сипатымен сәйкес келеді. Қазақ халқында жеті саны қасиетті саналады. Оның мынадай сипаттары бар:

Жеті ата. Бұл – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында адамның ата жағынан тегін таратудың нақты жүйесі. Әрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасының аты-жөнін білуге міндетті. Мұны әке-шешесі, ата-әжесі үйретіп, жаттатуға тиіс. "*Жеті атасын білмеген жетесіз*" деген аталы сөз бар. Өйткені қазақта жеті атаға дейін қыз алыспайды, оған дейінгі ұрпақ бір атаның баласы – туыс саналады. Қазақтар негізінен жеті атаны былайша таратады: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата.

Жетіжұт. 1. Құрғақшылық. 2. Жұт (мал қырылу). 3. Өрт. 4. Оба (ауру). 5. Соғыс. 6. Топан су. 7. Зілзала (жер сілкіну).

Жеті жоқ. 1. Жерде өлшеу жоқ. 2. Аспанда тіреуіш жоқ. 3. Таста тамыр жоқ. 4. Тасбақада талақ жоқ. 5. Аллаһта бауыр жоқ. 6. Аққуда сүт жоқ. 7. Жылқыда өт жоқ.

Жеті қазына. Ол жөнінде пікірталас көп. Алайда қазақтар ертеде жеті қазынаға мыналарды жатқызған: 1. Ер жігіт. 2. Сұлу әйел. 3. Ілім-білім. 4. Жүйрік ат. 5. Құмай тазы. 6. Қыран бүркіт. 7. Берен мылтық.

Жапондардың буддистері мен синтоистері 7-ні қасиетті сан деп санайды. Мәселен, олардың мифологиялық түсінігінде 7 сәтті құдай бар, олар халыққа сәттілік пен береке әкеледі. Буддизмде бала туғаннан кейін 7 күн өткенді тойлайды, кісі дүниеден өткенде 7 күндігін атап өтеді.

Нанакуса (七草) «жеті шөп» дегенді білдіреді. Жапонияда 7 қаңтарда нанакуса-гейу (жеті шөп шырыны ботқасын) жейтін салт бар, бұл жеті шөп «Nanunonakusa» - жеті шөпкөктемі деп аталады. Бұл шөптер денеден зұлымдықты жояды және ауруларға жол бермейді деген түсінік қалыптасқан. Сондай-ақ, Жаңа жыл күндері адамдар тым көп ішеді және ішеді. сондықтан ол көптеген дәрумендерден тұратын тамаша жеңіл және сау тамақ болып табылады. «Акинянакуса» деп аталатын күздің жеті шөбі бар, оларды жемейді, тек қыркүйек айындағы күзгі эквилокс аптасын немесе қыркүйектің толық айын тойлау үшін безендіру үшін пайдаланылады. Nanunonakusa (春の七草) --- Seri (жапон ақжелкен), Nazuna (бақташы әмиян), Gogyou, Nakobera (chickweed), Hotokenoza, Suzuna, Suzushiro. Akinonakusa (秋の七草) --- Nagi (бұталы клевер), Kikyuu (қытай гүлтешегі), Ominashi, Fujibakama, Nadeshiko (қызғылт), Obana (жапондық пампас шөптері), Kuzu (arrowroot)

Жапон тілінде жеті санының қасиетін танытын мынадай нақыл сөздер бар:

«Нано-коробия-оки» («七転び八起き») сөзбе-сөз «жеті құлдырау, сегізінші» дегенді білдіреді. Өмірдің қайнары мен құлдырауы бар; сондықтан ол қаншалықты қатал болмасын, үнемі жалғастыруға көмектеседі.

«Shichiten-hakki (七転八起)» - бұл бірдей мағынасы бар yoji-jukugo (төрт түрлі канжи қосылыстары).

28) 十juu -он деген мағынада жұмсалады. Қазақ тіліндегі «жүз» сөзіне жақын келеді. Сан есім ретінде екеуі де -10 – 100 – толық сандар болғандықтан, ұғымдық жақындығы бар.

29) 光hikari, akari- жарық – сөз тұлғасының негізі болатын дауыссыз дыбыстардың (консонанттардың) кері оқылуы атаулардың жақындығын анықтайды.

30) 開けるakeru– ашық, 閉めるshimeru - жабық – сөздерінің алғашқы дыбыстары (силлабофонемалары ұқсас)

31) 暑いatsui–ыстық, 寒いsamui–суық– сөздерінің алғашқы дыбыстары (силлабофонемалары ұқсас)

32) 食べるtabe-ru - тамақтану, жеу; tabe- тамақ ішу мағынасындағы етістік тұлға. Қазақ тіліндегі таму, тамақ, тамақ ішу тұлғаларымен сабақтас, тектес деп санауға толық негіз бар.

33) やばい yabai – «ойбай», «үйбай» сөзінің тұлғалық және мағыналық сипатымен толық сәйкес келетін, кісінің көңіл-күйіне қатысты айтылатын одағай сөз.

34) 黒 kuroo – «қара» сын есіміне жақын келеді. 黒い服 - Kuroifuku – қара киім. Көрсетілген атаудың тұлғалық, мағыналық және ұғымдық сипатының тарихи қалыптасу жолы әртүрлі дамығанымен, тегі ең түбірі ортақ деп есептеуге негіз бар. Сондай-ақ *ірі қара, қара мал* деген тіркестердегі «қара» сөзінің мағынасы финн тілінде *skot* деген мағынаны береді [193, 7]. Біз бұл сөздерді кірме сөз ретінде емес, ортақ тұлға ретінде танимыз. *Қара* сөзінің, *мал* деген екіншілік мағынасы қазақ тілінде ауыспалы мағына ретінде танылса, финн тілінде тура мағынасында қолданылатын сөз екенін «Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект» атты зерттеуімізде жазған едік [294-б.].

35) 頭部 toobu – «бас» мағынасында жұмсалады. Қазақ тілінде «бас» сөзінің бір ерекше белгісін, яки, нақ төбесін, жоғары жағын білдіретін «төбе» атауы белсенді қолданыста. *Төбе* – археологияда ежелгі қоныстар мен ортағасырлық қалалардың, елді мекендердің орындарында қалыптасқан жасанды биіктік мағынасында да жұмсалады. Қазақ тілінде бас, бастың төбесі мағынасы арқылы мынадай тіркестер жасалған: төбе шаш, төбе шашы тік тұрды, төбесінде айдары бар, төбе сүйегі, Күлтөбенің басында күнде жиын, т.б.

36) 十万 juuman – жүз мың. Қазақ тіліндегі нұсқамен толықтай сәйкес келетін сан есім.

37) 冬季 tookiki – қыс деген семада қолданады. Қазақ тіліндегі екі «тон» және «ки» деген этимон түбірдің мағынасына сәйкес келеді.

38) 母 haha – ана сөзі, қазақ тіліндегі «көке» сөзіне жақын дыбысталады.

39) 父 chichi – әке, қазақ тіліндегі «шеше» сөзіне жақын дыбысталады.

40) 思い omoi – ой мағынасында жұмсалады. Екінші бөлігіндегі тұлға қазақ тіліндегі «ой» атауына тұлғалық, мағыналық, ұғымдық жағынан толықтай сәйкес келеді.

41) 情報 joohoо – ақпарат – жаңа, жаңалық дегенге сәйкес айтылады.

42) 新 shin – жаңа

43) 気 ki – көңіл-күй

44) 約束 yakusoku – уәде-жақсы

45) 林 hayashi – орман (ағаш). Қазақ тіліндегі ағаш сөзіне жақын айтылады.

46) 水 mizu – жапон тіліндегі мағынасы су. Бұл канджидің сәрсенбі сөзінің аудармасында (suiyoubi -水曜日) суй деп оқылғанын көре аламыз. Демек, қазақ тіліндегі су дегенге мағынасы жағынан да, дыбысталу жағынан да ұқсас.

47) 心 kokoro – көкірек/жүрек сөздеріне жақын дыбысталады, мағыналары мен ұғымы – ортақ.

48) 早く hayaku – асығу/тез болу – аяқ дегенге ұқсайды (жүгіреді ғой)

49) 飛ぶ tobedыбысталуы – тобе, мағынасы – ұшу. Қазақ тіліндегі төбе, биік мағынасы арқылы дәлелдене алады. Яки төбеге қарай ұшу, биікке ұшу мағынасы арқылы дамыған деп пайымдаймыз.

50) 大きい ookii – жапон тілінде үлкен дегенді білдіреді, дыбысталуы бойынша қазақша аудармасына ұқсас. 大 tai / dai деп оқылатын канджи мағынасы бойынша да, дыбысталуы бойынша «дәу» деген қазақ тілдегі сөзге сәйкес келіп тұрғанын да байқауға болады.

51) 空 sora – жапон тілінде аспан дегенді білдіреді. Ежелгі замандағы аспан мен шексіздік, кеңістік түсініктерінің таралуымен байланыстырсақ, 空 мен қазақ тіліндегі «зор» сөздерінің арасындағы мағыналық және дыбыстық ұқсастықты көреміз.

52) 烏 Karasu – жапон тілінде қарға (күс) мағынасын білдіреді. Қазақ тіліндегі «қарға», «қара» сөздерімен сәйкес дыбысталады.

53) 今日 Kyou – жапон тілінде бүгін дегенді білдіреді, 今 канджиі «бұл», ал 日 канджиі «күн» деген мағынаға сәйкес келгендіктен, екі тілде де «бүгін» сөзі этимологиясы

«бұл + күн» арқылы шыққанындағы ұқсастығымен қатар *kuou* сөзінің қазақ тіліндегі «күн» сөзіне сәйкес естілетіндігін де байқауға болады.

Жапон мен қазақ мәдениеттеріндегі тағы бір ұқсастық – аруаққа сену. Мұндай дүниетанымдық байланыстың да өзіндік терең мәні бар деп сесптеуге болық негіз бар.

Қорытындылай келгенде, жапон және қазақ тілдері арасында фоно-морфо-семантикалық тектестіктің, жақындықтың бар екенін нақты деректермен айқындауға болады. Зерттеу нысаны болып отырған лексикалық тұлғалардың фонетикалық тұрғыдан дыбыстық жақындығы, морфологиялық құрамындағы тұлғалардың тарихи жасалу сипаты мен ерекшелігі ұқсас екенін анықтадық. Тілдердің арасындағы генетикалық жақындық негізінен бір және екі буынды түбір сөздердің құрамындағы фоно-морфо-семантикалық сипатынан анық көрінді. Әрі бұл тұлғалар қазақ және жапон тілдерінде күні бүгіннің өзінде белсенді қолданыстағы сөздер екенін ерекше атап өту орынды болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

- Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. Оқу құралы. 3-ші басылымы. – Алматы: «Арыс», 2004. – 360 б.
- Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: «Мектеп», 1988. – 300 б.
- Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого языка. М.-Л., 1956.
- Щербак А.М. Об алтайской гипотезе в языкознании//Вопросы языкознания, 1959. – №6, С. 51-63.
- Теоретические основы классификации языков мира: Проблемы родства. /Б.А. Серебренников и др., М.: «Наука», 1982. – с. 312.
- http://altaica.ru/LIBRARY/burykin/burykin_korean.pdf// А.А. Бuryкин Позиция корейского языка в классификации отдельных групп алтайских языков и новые перспективы алтаистики.
- Крушевский Н.В. Избранные работы по языкознанию. - Москва: «Наследие», 1998. -275 с.
- Лигетти. Л. Шүүмж: Г.Д. Санжеев. Сравнительная грамматика монгольских языков // Хэлзохиолсудлал.VIIIботь. УБ., 1970.
- Хомский Н., Миллер Дж. Введение в формальный анализ естественных языков: Пер. С англ. Изд. 3-е.М.: Книжный дом «Либроком», 2010. – 64 с.
- Бейкер Марк К. Атомы языка: Грамматика в темном пролесознания. Пер. С англ. /подред. О.В. Митрениной, О.А. Митрофановой. – М.: Издательство ЛКИ, 2008. – 272 с.
- Түймебаев Ж., Сағидолла Г. Алтаистиканың тарихи лингвистикалық негізі. (Фонетика. Морфология.). Алматы: «Қазығұрт», 2015. – 408 б.
- Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект. – Алматы, 2018. -181-182-бб.
- Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. Морфология. – М., 1957.

Жұбай О.

филология ғылымының докторы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-дың профессор м.а.

ИБРАҒИМ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КОГНИТИВТІ ЛИНГВИСТИКАҒА ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМДАР

Тіл білімінде когнитивті парадигма – салыстырмалы түрде кейін қалыптасқан бағыттардың бірі. Тілді когнитивті тұрғыдан зерттеу арқылы тілдің білімді сақтап, жеткізуші қызметін түсініп, тілдік категорияларды жаңаша сипаттауға болады. Адамның ойлау, сөйлеу қабілетін зерттеуде когнитивтік лингвистиканың орны ерекше. Тіл адамға таным құралы, қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді, тіл – болмысты тану барысында жинақталған әлем туралы білімді жеткізудің негізгі жолы. Тіл ойды жарыққа шығарумен қатар таным әрекетіне өзіндік таңбасын қалдырып отырады. Сол себепті тіл ойлау әрекетіне қатысады. Ақиқат болмыстағы қатынастар тілде көрініс табады. Тіл адамның дүниетанымын білдіреді. Тілде бейнеленіп, көрініс тапқан болмысты адам тәжірибесіне айналдыра отырып, бейнеленген, алынған ақпаратты жүйемен интерпретациялайды. Ғалам суреті – адам дүниетанымының басты элементі, адамның болмыс туралы түсінігі. Ғалам бейнесі – адамның түрлі сезім мүшелері (көру, есту, тері, иіс, дәм) қабылдаған ақпаратты санасы арқылы түйсініп, өңдеу нәтижесінде түзіледі. Тарихи даму барысында танымның екі түрі – *сезімдік* және *логикалық* таным қалыптасқан. *Сезімдік таным* адамның сезім мүшелері

арқылы қабылдау, түйсіну қызметімен байланысты болса, *логикалық таным* ойлау нәтижесінде қандай да бір құбылыстардың мәнін, өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын айқындауға бағытталған.

Абайдың қара сөздерінде сезімдік таным мен логикалық таным анық көрсетілген. Ғұлама сезімдік танымды нақты саралап көрсетеді: «Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнешік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол – жанның жибили қуаты-дүр». Абай сезімдік танымды «жанның жибили қуаты»; логикалық танымды «жанның кәсиби қуаты» деп атайды.

Ғұламаның бұл бағыттағы ой-тұжырымы Шәкәрім Құдайбердіұлының еңбектерінде де көрініс тапқан: «Адамда екі түрлі мақсұт бар: оның бірін *тән мақсұты*, бірін *жан мақсұты* дейміз. Қара басының қамын ойлап, өзімшілдік, мақтан көксейтін – тән мақсұты. Адамшылық ар мен адал еңбек іздейтін – жан мақсұты. Бастапқыны көксеген адам зұлымдық, қиянатпен болса да, мал, мансап, мақтан табуға құмар болады. Соңғыны көксеген адамның адал еңбек, ақ ниеттен басқа іздейтіні жоқ, ол адам баласын ала көруді, қиянат қылуды тіпті ұнатпайды. Осыны біле тұра адамның қиянатшыл, мақтанқұмар болатынының себебі: адам жас күнінде тәжірибесіз балалықпен сәкекүл сәнді киімге, кеңесшіл кердендікке қызығып, соған біржола құмар болады» [1].

Абайдың бұл ұстанымын дамыта отырып, А. Байтұрсынұлы деректі, дерексіз зат есімдерді тануда пайдаланады. Ғалымның еңбектерінде адамның сезім мүшелері түгел қамтылған: «Зат тегінде екі түрлі: біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі хәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді «зат есім» дейміз» [2, 199-200-б.].

Бүгінгі таңда «Қазақ тілі» оқулықтарында деректі және дерексіз зат есімдерді тануда сенсорлық қабылдау түгел ескерілмей келеді. Онда көзбейне (көзбен көруге болатын) және тәнбейне (қолмен ұстауға болатын) сипаттарына ғана мән берілген. Басқа қабылдау мүшелері (*дәмбейне, иісбейне, естілімбейне*) назардан тыс қалған. Сол себепті қолмен ұстап, көзбен көруге болатын нәрсе атаулары деректі зат есім ретінде, «көзбен көрінбегенмен, адамның ойлауы нәтижесінде ғана танылатын құбылыс, ұғым атаулары дерексіз зат есімдер» ретінде [3, 58-б.] сипатталған. Бір ғасыр бұрын жазылған Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде адамның сенсорлық қабылдауына қатысты жіктеулер толық қамтылғанмен, бүгінгі еңбектерде бұған тиісті деңгейде мән берілмей жүр. Әрине, бұл жіктеуді ғалымдар, оқулық авторлары ескеріп, деректі және дерексіз зат есімдерді топтастыруда сезім мүшелері түгел қамтылуы керек.

Абай Құнанбайұлы сезімдік танымды – жибили қуатты беске (көзбен көру, құлақпен есту, қолмен ұстау, тілмен тату, мұрынмен иіскеу) жіктесе, Мағжан 6-ға бөліп (көру, есту, иіскеу, тату, сипау, ет сезімі): «Осы 6 сезім бізді сыртқы заттармен таныстырады. Яғни олардың түсі, түрі, дәмі, иісі хәм басқа сындарымен адам жанына түрлі білімді осы 6 сезім береді. Бұлар түгел болмаса, адамның жан тұрмысы түгел болмақ емес. Бұл алтаудың ішінде адамның жаны үшін аса қымбаттары – көру мен есту. Бұлардан соңғы – сипау. Сипау – ет сезімі. Ал енді иіскеу мен тату сезімі – жан тұрмысы үшін аса қымбат сезімдер емес. Бұлар көбінесе дене тұрмысына қызмет қылады», - деп жазады [4].

Мағжанның сипау сезімін не себепті сезімдік танымға жатқызғанын Ахмет Мамытұлының «Соқыр мен сүт» тәмсілінің негізінде [5] түсіндіруге болатын сияқты. Зағип кісіге көзі көретін адам сүттің түсі қандай екенін түсіндірмек болған кезде қағазға, ұнға, қоянға, қарға теңегенмен, зағип оны түсіне алмайды. Себебі ол барлық нәрсені сипау арқылы таныған. Сондықтан зағиптің ұғымында ақ қағаз сытырлаған; ақ ұн суылдаған; ақ қоян жұмсақ; ақ қар суық. Яғни Мағжанның сипауды сезімдік танымға жатқызуында мән бар.

Жүсіпбек Аймауытұлы да жибили қуат көздерін бірнешеге бөледі. Олар – құлак (дыбысты айырушы мүше), көз (түстерді айыратын мүше), танау (иіскеу айыратын мүше), тіл (дәм айыратын мүше), дене сезуі (ет сезімі я қозғау сезімі). Ғалым сезімдерді «тыстан берілетін сыртқы сезім», «іштен келетін дене, көңіл сезімі» деп жіктей отырып, олардың не үшін керек екенін көрсетеді: «Табиғатымызды ақтарсақ, санамыздың негізі тіршілік сақтауға барып тірелетіні ап-айқын. Біздің «сыртқы сезім» дейтініміз не үшін керек? Бізді бірдемеге сүйреу не бірдемеден бездіру үшін керек. Еске түсіру ме? Ол бізді сақтандыру не көтермелеу үшін керек. Көңіліміз ше? Бізді оятып, іске түрту үшін керек. Ойымыз ше? Ол амалды сақтап тұру үшін керек. Сонымен, осы тіршілікке құрал болған сипаттардың бізге керегі – өз игілігіміз үшін, жер үстінде өмір жасымыз ұзақ болу үшін екен. Дерексіз түрлі жақсы мұраттар, өмірге пайдасыз түрлі көркем бейнелер, суреттер болмаса өзіміздегі талай адамгершілік сипаттар – бәрі де тек зор мәшинені шырғалап көмек етіп жүретін, молдықтан шыққан жанама қызметтер деп қарау керек. Адам – қанша өзін өзі дәріптегенмен, алдымен, өмірге, тіршілікке тырмысатын мақұлдық, оның «рухы бар», – десек, ол рух «тіршілік ыңғайына түсуге құрал болу үшін берілген» деп білу керек» [6]. Ғалымның бұл тұжырымы да Абайдың ілімімен үндес.

34-сөзінде Абай: «Кімде-кім: «Ахиретте де, дүниеде де қор болмаймын», – десе, білмек керек: еш адамның көңілінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі ынтық құмарлық бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы – олар да бірдей болмайды. «Мұндай екі нәрсені бірдей болады» деп айтуға мүмкін емес», - дейді. Яғни логикалық танымның – жанның кәсіби қуатының өзіндік ерекшелігін, сипатын көрсетеді.

Ғұламаның бұл тұжырымын, 36-сөзіндегі ұятқа қатысты ойын кейін Мағжан Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде дамытады: ақын кәсіби қуатты «жан көріністері», жибили қуатты «дене көріністері» деп атап, әрқайсысының айырмашылығын, өзіндік ерекшелігін көрсетеді:

«Жан көріністері мен дене көріністерінің арасында көп айырма бар:

1) сыртқы дүние заттарының бәрі, мысалы, қазан, дөңбек, құдық белгілі бір орын алып тұрады. Қандай зат болса да, оның орын алатыны бізге белгілі. Егерде бір заттың алып тұрған орнын өлшеген болсақ: «Пәлендей орын алып тұр», – дейміз. Өлшемеген болсақ: «Пәлен зат зор не болмаса кіші, яки пәлен зат пәлен заттың не оң жағында, не сол жағында тұр», – дейміз. Сыртқы дүниедегі заттың өзі түгіл ол заттың ісі де белгілі бір орын алады, яғни белгілі бір орында болады. Мысалы, жүру – адамның ісі. Осы іс белгілі орында болмай ма? Әрине. Ал енді жан көріністері белгілі орын иелемейді. Мысалы, біз бір ойымызды «Пәлендей орын иелеп тұр, яки пәлен ой пәлен ойдың оң жақ, яки сол жағында тұр», – деп айта алмаймыз. Жан көріністері жалғыз уақытпен ғана өлшенеді. Біз жан көріністері туралы, ой туралы «Пәлен уақытта болды, яки қазір ғана болып тұр», – дей ғана аламыз. Бұл – бір айырма.

2) Сыртқы дүние заттары һәм көріністері сезім мүшелері арқылы білінеді. Мысалы, бір малды көріп, бір иісті иіскеп, жылылықты сипап білеміз. Ал енді жан көріністерін сыртқы сезімдермен білуге болмайды. Мысалы, «ұялу» деп аталған жан көрінісін не көріп, не татып, қысқасы, сезім мүшелерінің біреуімен біліп бола ма? Әрине, жоқ. Біз екінші адамда болып тұрған жан көрінісін өзімізді өзіміз сынаумен ғана білеміз. Мысал үшін «ұялу» деген жан көрінісін алайық. Қасымызда бір кісі бір орасан істі істеді де қызарып кетті, біз осы кісиде ұялу жан көрінісінің болғанын біле қоямыз. Мұны қалай білдік? «Ұят» деген бір зат болып көзімізге көрінді ме? Яки иіс болып мұрнымызға келді ме? Жоқ, бірі де болған жоқ. Біз жалғыз-ақ қарсыда отырған кісінің бетінде кенет қызылдық көрдік, басқа еш нәрсе сезгеніміз жоқ. Олай болса, «жаңа қарсыдағы адамда ұялу жан көрінісі болды» деген білім бізге қайдан келді? Мұның мәнісі мынау: күндерде бір күн біз де орасан бір іс істеп, жанымыз қысылып қалған, яки ұялған, жанымызда осы ұялу көрінісі болып қалған уақытта бетіміз дуылдап, қып-қызыл болып кеткен, сонда біз біліп қойғамыз: «Ә-ә-ә... жанда ұялу көрінісі болғанда бет қызарады екен», – деп. Жаңа қарсымыздағы адам қызарғанда біздің оны «ұялды» дегеніміз – осы. Яғни ана адамның бетінде қызылдықты көргенде біздің өз

басымыздан кешкен іс есімізге түсе қалды, яғни біз өзімізді өзіміз сынап қойдық. Қысқасы, жан көріністерін адам сыртқы сезімдерімен біле алмайды, өзін сынап қана біледі.

3) Сыртқы дүниеде бірнеше заттар, яки көріністер бір уақытта бола береді. Мысалы, денеде қан жүру, дем алу сықылды дене көріністері бір уақытта болып жатады, біріне бірінің бөгеті жоқ. Ал енді жан көріністері бір уақытта болмайды. Олар бірінің артынан бірі болады. Мысалы, біз бір уақытта екі ой ойлай аламыз ба? Жоқ. Дұрыс, кей уақытта ойлар бірінің артынан бірі нажағайдың жаркылындай тез-тез келгенде бізге осы ойлар бір-ақ уақытта болған сықылды көрінеді. Бірақ бұл – көрінуі ғана, шынында, әрқайсысы әр уақытта, яғни бірінің артынан бірі келіп-кетіп жатыр... [4].

Абайдың еңбектерінде «толық адам» концептісі жан-жақты көрініс тапқан. Ғұлама адамның қасиеті ретінде ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректі атайды. Бұл идея барлық шығармасында зерлі жіптей өрілген:

Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден гафил көп өтетұғынын да, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыртатұғынын. Бұлай болғанда, күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, гафил көп өткізіп отырса керек.

Әрбір орынды харекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды харекетпен азайт!

Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды.

...Есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дағы күнінде айтса – құлақ, ойланса – көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты құғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен.

Әрбір мастық – бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы-мынаны» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен.

Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық.

Абайдың «толық адам» тұжырымы кейінгі шәкірттерінде, Шәкәрім еңбектерінде де сабақтастық тапқан. Шәкәрім «ыстық қайрат», «нұрлы ақыл», «жылы жүрек» атауларының орнына «адал еңбек», «арлы ақыл», «ақ жүрек» атауларын қолданған: «Адам өмірін қалай түзеуге болады? Адам қайткенде тату тұра алады? Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндігі жоқ. Әрине, адам оқып, біліп үйренуі қажет. Білім-ғылымсыз өнер табылмайды. Сол алған білім-өнерлерін адал еңбекпен жаратылыстың мол байлығын пайдалануға салса, табылмайтын нәрсе жоқ. Сол тапқан байлықты барша адам баласының керегіне, пайдасына жаратуы керек. Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады. Ал арлы, ақылды, адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтанды білмейді және істемейді. Осы үшеуінің басы қосылса, адам жақсы өмір сүріп, бірімен бірі тату тұруында сөз жоқ» [1].

«Ақыл, қайрат, жүрек» үштігі алаш зиялыларының еңбектерінде де сабақтастық тапқан. Мәселен, А. Байтұрсынұлы: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына,

бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау. Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп жазады [2, 343-б.]. Абай мен Шәкәрімнің философия термині ретінде қолданған атауларын Ахмет Байтұрсынұлы лингвистиканың метатілі ретінде ұтымды пайдалана білген. Ал Мағжан Жұмабаев бұл атауларды педагогика, психология саласында қолданып, жан көріністерін «білу яки ақыл көріністері, ішкі сезім көріністері һәм қайрат көріністері» деп үшке жіктейді: «Біз бір заттың яки көрінісінің сынын белгілейміз, заттар яки көріністер арасындағы байламды яки айырманы табамыз. Бұл – ақыл ісі. Біз қайғырамыз, қуанамыз. Бұл – ішкі сезім ісі. Біз бір істі істемекші боламыз, бір мақсатқа жетпекші боламыз. Бұл – қайрат ісі». Бұл жіктеуден Абай ақынның ықпалы анық көрінеді, яғни ақыл, қайрат, жүрек (ішкі сезім ісі). Абайдың ізімен Мағжан ақын да бұл үшеуі бірлікте болуы керектігін айтады: «Адамның жан көріністері жоғарғы үш тапқа бөлінгенімен, бұл үш тап бір-біріне жуымайтын емес, бұл үш таптың арасында берік байлам бар. Яғни адамның жан тұрмысында бірлік бар. Екінші түрлі айтқанда, адам бір іс істегенде осы үш тап жан көріністерінің үшеуі де қатынасады. Мысалы, біздің бір саусағымыз ауырды. Сонда біз саусағымыздың ауырғанын сеземіз. Бұл – ішкі сезім ісі. Саусақтың ауырған себебін тексереміз. Бұл – ақыл ісі. Сол ауруды жеңілдетуге, бітіруге, жазуға ұмтыламыз. Бұл – қайрат ісі. Ал енді адамның әрбір ісіне осы үш тап жан көріністерінің үшеуі қатыналатын болғандықтан, сол ақыл, ішкі сезім, қайрат үшеуін бірдей тең тәрбие қылу – тәрбиешінің міндеті... Бір адамның осы үш тап жан көріністері тең болмай, біреуі таразыны басып билеп кетсе, ол адам бақытты болмақ емес», - дейді [4].

Ақын Абайдың

«Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды асық жүрек,
Токтаулылық, талапты шыдамдылық,
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап, бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек»

деген өлең жолдарын келтіре отырып: «Бұл туралы данышпан Абайдың төмендегі сөзі – шын дұрыс сөз», - деп тұжырымдайды [4].

Абай: «Бір ұмытпастық жақсы нәрседен көңілге жақсы әсер хасил болып, жаман нәрседен көңілге жаман әсер хасил болу секілді нәрселер. Бұл қуаттар әуелде кішкене ғана болады. Ескеріп баққан адам үлкейтіп, ұлғайтып, ол қуаттардың қуатын зорайтады. Ескерусіз қалса, ол қуаттың қайсысы болса да жоғалады, тіпті жоғалмаса да, аз-мәз нәрсе болмаса, үлкен еш нәрсеге жарамайтын болады», - деп, ұнамды ақпарат та, ұнамсыз ақпарат та санаға әсер ететінін ескертеді. Бұл тұжырымы арқылы ғалымның физиология, педагогика, психология мәселелеріне де бойлап барғанын аңғарамыз. Абайдың бұл тұжырымы Ж. Аймауытовтың еңбегінде де сабақтастық тапқан.

Яғни Абай ақынның тұжырымдары Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы, т.с.с. алаш зиялыларының еңбектерінде жалғасын тапқан. Алаш зиялылары Абайдың сөздерін қазақ тіл білімі, педагогика мен психология салаларындағы термин деңгейіне жеткізіп, сол салалардың метатілін қалыптастырған.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Шәкәрім Құдайбердіұлы Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2018. – 1-том. - 408 б.; 2-том. - 432 б.
2. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. - Астана, 2017. - 740 б.
3. Исаев С., Назарғалиева К., Дәулетбекова Ж. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 208 б.
4. Жұмабаев Мағжан Шығармалар жинағы. - 3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. - Алматы: «Жазушы», 2008. - 97-187-б.
5. Ахмет Мамытұлы Соқыр мен сүт //Ахмет Мамытұлының шығармалары. Зерттеулер, мақалалар. – Астана: «Алашорда», 2018. – 25-26-б.
6. Аймауытов Жүсіпбек Шығармалары. – Алматы: «Елшежіре», 2013. - 4-том. - 184 б.

Қобыланова А.

филология ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика
университетінің профессоры

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҮСТЕУ СӨЗДЕР ТУРАЛЫ

Қазақ тілінің тұңғыш рет жарық көрген алғашқы оқулығына өткен жылы, 2012 жылы жүз жыл толды. Атап өтерлік-ақ айтулы мәдени даталардың бірі еді. Бұлай деп отырғанымыз, А. Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынбор қаласында шыққан «Оқу құрал» атты «усул сотие жолымен тәртіп етілген» қысқаша әліпбиі жарық көрді. Әліпби «Бисмиллаиллаһим раһмани раһим» деген қасиетті Құран сөзімен ашылып, онда аяулы Ахмет атамыздың нәсихат мазмұнындағы өлеңі берілген:

*Балалар! Бұ жол басы даналыққа.
Келіңдер, түсіп, байқап қаралық та!
Бұ жолмен бара жатқан өзіңдей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер іздеп тауып алалық та!*

Бұл оқулықты қазақ Әліпбилерінің атасы [1, 17] деп білеміз және ағарту мен білім саласындағы төлбасы оқулық деген құрметті мәртебеге әбден лайық деп ойлаймыз. Ғұлама ғалымның бұдан да басқа «Тіл-құрал» (Орынбор, 1914), «Тіл-құрал» (Қызылорда, 1925), «Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» (Қызылорда, 1925) деп аталатын оқулықтары қазақ ағарту майданында білімнің шамшырағы болып, жарық шашты, білімге іңкәр жұрттың көзін ашты.

А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы, Тіл-құралдары» өзінен кейінгі шыққан, С. Аманжолов, І. Кеңесбаев, Н.Т. Сауранбаев, М. Балақаев сынды ғалымдардың есімімен байланысты оқулықтарға алтын арқау болды десек, көп қателесе қоймаспыз деп ойлаймын.

Бұл ретте біздің айтпағымыз, грамматикалық категориялардың, ұғымдардың, лингвистикалық, әдіскерлік ұстанымдардың жалпы мәселесі емес, солардың бір парасы – үстеу сөздің оқулықта ғылыми танымға айналуы. Үстеу деп аталатын сөз табының іргесін анық айқындау аса күрделі болса керек. Дегенмен төлбасы оқулықтарда, аға буын оқулықтар мен қазіргі заман оқулықтарында бұл категорияның ұғымдық мазмұны ашыла түскен. Олай дейтін себебіміз, А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің оқулығының, ең алдымен, іргетасын дұрыс қалаған. Сол іргетастың, сірә, дұрыс қалағанынан болар, қазіргі қолданыстағы оқулықтарымыз ана тіліміздің табиғаты мен болмысына лайықты деуге болады. Бұлай болуы, ең алдымен, А.Байтұрсынұлының берген бағдарына байланысты.

А. Байтұрсынұлы, жұртшылыққа белгілі, грамматикалық категориялар, ұғымдар жүйесінің терминологиясын жасады. Оларға ат қойып, атау берді. Халық тіліндегі шылау, септеу, үстеу т.б. ондаған жай ғана қатардағы сөздерге терминдік мағына үстеп, ғылыми ұғымдар санатына қосты. Атап айтқанда, *үстеу* сөзі әуелде «бір нәрсенің үстіне қосылған

үстеме, қосымша зат (мал, ақша)» (2.87) деген тұрмыстық ұғым шеңберінде жұмсалынатын атау болған. Мысалы: «Саудагер кезі үстеуімен, өсімімен алынбаса қайтпайтынын да, кешілмейтінін де Еркебұлан бұрын да жақсы білетін (Ғ. Мүсірепов «Кездеспей кеткен бір бейне»).

Арынмен бітім жасап оңашада, үстеу беріп құтылдым оңашада» (С. Керімбеков).

Осы аталған лексикалық мағынаға терминдік сипат беріп, ғылыми ұғым деңгейіне көтерді.

А. Байтұрсынұлы «Тіл-құрал» оқулығында (3.182-186) үстеу категориясының ұғымдық мазмұнын өзге де сөз таптарымен байланыстырып, сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөздерді толықтыру, күшейту үшін айтылатынын атап көрсете келіп, үстеу сөздер, мысалы, сын есім сөзді *тым жақсы*, сан есімсөзді *он есе*, есімдік сөзді *тап өзі*, етістік сөзді *әрең келдім* т.б. түрде толықтырып, күшейте түсетін белгісін негізге алады. А. Байтұрсынұлының бұл пайымдауы өзінен кейінгі грамматикалардағы «Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулер қимылдың, іс-әрекеттің әр түрлі белгісін, жүзеге асу амал-тәсілін, мекенін, себебін, мезгілін, жай-күйін білдіретін және грамматикалық тұлғалармен түрленбейтін сөздер» (4.545). деген анықтамаға негіз болған десек, қателесе қоймаймыз. Өйткені үстеуді алғаш рет сөз табы санатына қосқан ғалым А. Байтұрсынұлы.

Үстеу сөзді қалай? қанша? қайсысы? қайттің? тәрізді сұраулар арқылы анықтауды көрсетеді, сондай-ақ үстеу сөздердің құрамына қарайтүпкі үстеу деп аталатын түрінің санаулы, аз екенін көрсетіп, оларға мынадай лексика-грамматикалық бірліктерді жатқызады: *әбден, тым, тіпті, хас, сірә, есе, тап, нақ, нағыз, әрең, дәл, дөп, дейім, әрі, бері, әбден, бұрын, енді, мана, әні, міне, ең, ылғи, таман, сайын, әлі, жария, жорта, дік* үстеулердің бұл түрін ғалым жай үстеу деп те атайды. Ғалымның «жай үстеу», «түпкі үстеу» деген идеясы, кейінгі буын оқулықтарда, академиялық грамматикада түбір үстеулер, туынды түбір үстеулер, күрделі түбір үстеулер делініп, толықтырылып, саралана түсті.

А. Байтұрсынұлы сөздерді сөз таптарына топтастыруда семантикацентристік ұстанымды (принципті) негізге ала отырып, үстеу сөздерді мағынасы жағынан: 1) нықтаулық, 2) сынаулық; 3) өлшеулік; 4) мезгілдік; 5) мекендік болып бес топқа бөлінетінін көрсетеді. Терминдік атаулар = лық/дік форманты бойынша бірізді түзілген.

1. Нықтаулық үстеудің анықтамасын нықтаулық үстеу дегеніміз басқа сөздердің мағынасын нығыздау үшін айтылатын сөздер деп аша келіп, оған мынадай мысалдар береді: *ең жақсы, бек нашар, әбден қанды, тым шабан, өте тығыз, тіпті қысқа, тап өзі, нақ сол, нағыз арзан, дәл тиді, дөп келді, дәлме-дәл он кісі, хас жаман, қасақана айтты, әдейі айтпады, жүдә шаршады, тікелей қоя берді, әсіресе мақтағаны, көбінесе қарап отырғаны.*

Қазіргі оқулықтар мен ғылыми грамматикаларда үстеудің бұл аталған семантикалық тобы күшейткіш үстеу деп аталып, аты өзгеше болғанмен, ұғымдық мазмұны А. Байтұрсынұлы көрсеткендей, заттың сындық қасиетін, мөлшері мен көлемін, қимылдық сипатын күшейтіп, тұратын сөздерді қамтиды.

А. Байтұрсынұлының сынаулық үстеу деген термині қазіргі қазақ тілі грамматикаларында сын-қимыл үстеулері деген терминмен аталып жүр. Үстеудің аталмыш лексика-грамматикалық тобына енетін сөздер А. Байтұрсынұлы көрсеткендегіден алшақ емес. А.Байтұрсынұлы істің (яғни қимылдың) сынын көрсететін сөздерге мынадай мысал берген: *жақсы оқиды, жаман жазды, сыбай қонды, жаяу жүрді, шалқасынан түсті, солай сөйледі, олай айтпады, етпетінен құлады, орысша айтты, адамша сөйледі, біздерше ойламапты.* Сонымен қатар бұлардан басқа *бұлайша етпелік, сеніңше болсын, жайлы жантайып жатты, сапасын жойды, еңкейіп қарады, ақырып жылады* дегендерді үстеу орнына жүретін етістіктің көсемше түрі деп қараған, яғни үстеу сөз табына жатқызбаған.

А. Байтұрсынұлының өлшеулік үстеу термині қазіргі қолданыста мөлшер үстеулері түрінде алынға. Өлшеулік үстеулерге А. Байтұрсынұлы сындың я істің шамасын көрсететін сөздерді жатқызады

Автордың өлшеулік үстеуге жатқызған сөздерінің қатарындағы *аз берді, көп алды, сонша әдемі, мұнша кешікті, онша шапшаң* емес деген мысалдар қазіргі кезде мөлшер үстеу санатында көрсетіліп жүр.

А. Байтұрсынұлы оқулығында *түске дейін, кешке дейін, ауылға шейін* дегендерді үстеу орнындағы зат есімдер деп, ал екі есе, бес есе деген сөздерді сан есім сөздер дейді, яғни заттың мөлшерлерін айқындап тұратын үстеу сөзге жатқызады. Осы тәрізді *тойғанша жеді, қанғанша ішті, жеткенше шапты* дегендерді үстеу орнына жүретін етістік сөздер деп көрсетеді.

А. Байтұрсынұлы істің орындалу мерзімін көрсететін сөздерді мезгілдес үстеу деп аталған. Қазіргі грамматикада үстеу сөздердің бұл тобын *мезгіл үстеулері* деп атап үстеудің аталмыш тобына енетін сөздерге: *атам заманнан, күн сайын, бүгін, кеше, ертең, биыл, бүрсі күні (бұрнағы күн), бұрнағы жыл, алдыңғы күн, алдыңғы жыл, соңыра, қашаннан, ілезде, бұрын, мана, әлі, тағы, дәйім, дереу* тәрізділерді жатқызған. Бұл жағынан да, ұғымдық мазмұны жағынан да қазіргі грамматикалардың А. Байтұрсынұлының ұстанымдарынан елеулі айырмасы жоқ деуге болады.

Үстеулердің семантикалық тобындағы *мекендік үстеулердің* істің мекенін көрсететінін айта келіп, бұл топқа *тыста, онда, мұнда* тәрізді сөздерді жатқызады. Алайда мекен пысықтауыш болатын барыс, шығыс септігіндегі сөздерді де үстеулердің қатарына жатқызады. Сөздерді сөз таптарына таптастырудың алғашқы кезеңінде лингвистикалық ойдың дәл бүгінгі таңдағы деңгейіне сәйкес келмегендігін кемшілік деп қарауға болмас. Бұдан жүз жыл бұрын басталған лингвистикалық ойтаным үнемі ізденіс үстінде, тәжірибе жинақтау үстінде болды, оған А. Байтұрсынұппен үзегі қағыстыра шыққан Қ. Жұбанов, одан кейінгі І. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев, А. Ысқақов сынды грамматист ғалымдар лингвистикалық ойдың дамуына зор үлес қосты. Осындай ізденіс нәтижесінде қазіргі қазақ тілі оқулықтары мен ғылыми грамматикаларда үстеулер құрамы жағынан анықталып, түбір үстеулер, туынды түбір үстеулер, күрделі түбір үстеулер деп үш топқа бөлінді. Әсіресе септік жалғаулардың түбірмен біте қайнап, үстеуге айналғандары айқындалып, түсіндірме сөздіктерде реестрлік қатарға енгізілді. Сондай-ақ кейбір негізгі үстеулердің сын есімнің *=рақ, =рек* форматымен келіп түрленетіндігі, сын-қимыл, мезгіл үстеулерінен басқа топтағы үстеулердің бұл форматта қолданылмайтындығынан үстеулердің сөйлемдегі қызметі көрсетіліп, пысықтауыштық қызметте жұмсалатыны, алайда пысықтауыш болған мүшелерді бәрін үстеуге жатпайтынының айқындалуы үстеу жайындағы ғылыми білімді кеңейте түсті.

Қазіргі таңдағы оқулықтар мен ғылыми грамматикаларда үстеулердің семантикалық тобында *топтау үстеулерінің* болатыны көрсетіліп, мағыналық, құрылымдық өзгешелігі анықталды. Алайда бұл айтылғандарға қарап, үстеу сөз табы зерттеліп, зерделеніп бітті деуге болмайды. Біздің байқауымша, ғылыми грамматикада *себеп-салдар үстеу, мақсат үстеулер* деп көрсетілген үстеулер даулы көрінеді. Себеп-салдарлық, мақсаттық ұғымдары сөз тіркесі мен сөйлем мүшелері арасындағы грамматикалық қатынасқа тән болса керек. Синтаксистік қатынастағы бірліктерді сөз табына телудің жөні дұрыс бола қояр ма екен деп күдіктенетінімізді айта кетсек айыбы болмас. Дей тұрсақ та, біздің айтарымыз бұл емес.

А. Байтұрсынұлы, ең алдымен, грамматикалық ойтанымның бастау көзін ашып, қазақ тіл білімінің негізін қалады. Ол жазған қазақ тілінің грамматикалары, төлбасы оқулықтары, жазба әдеби тілдің грамматикалық, орфографиялық нормаларын ереже түрінде кодификациялаушы болды. Қазақ әдеби тілін кодификациялау А. Байтұрсынұлының жазған грамматикаларынан басталады. Әдеби тілдің ереже түрінде заңдастырылған нормаларын біртуар ғұлама ғалым өзінің оқулықтары мен грамматикаларында алғаш рет айқындап берді. Бұл – ғалымның рухани қайраткерлік тұлғасының бір қыры.

Әдебиет:

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Оқу құралы. – Алматы: «Алаш», 2006
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. XV-том. – Алматы, 2011
3. Ахмет Байтұрсынұлы. Оқу құралы. – Алматы: «Алаш», 2005
4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕРМИНДЕРІ

Ахмет Байтұрсынұлы – ағартушы, қазақ рухани-мәдени тарихының көректі өкілі, ғалым-педагог, тілші, әдіскер, аудармашы, ақын қазақ тілі мен әдебиеті теориясының негізін салушы. А. Байтұрсынұлы тілтанымдық ғылыми мұрасы – тарихи талаптарға сәйкес әр қырынан қарастырылып келеді. Ғалымның ғылыми, ғылыми-оқыту еңбектерінің жазылуында ғылымды жекелеуге, белгілі бір ұлтқа тән құбылыс деп қарастыруға болмайтынын басты назарда ұстағанын көреміз.

Лингвист-ғалымдар Вильгельм фон Гумбольд, Фердинанд де Соссюр, Л.В. Щерба қолданып, терминдер қатарына енгізген *erdon – energeja* – тіл және тілдесім ұғымдарын А. Байтұрсынұлы тіл, сөйлеу, сөйлесу, тілдесім деп қалыптастырғанымен олардың тегі жақын болса да қолданылу аясы алшақ ұғымдар екенін дәлелдеді. XX ғасырдың басында қолданыла бастаған тілдік терминдер прагматикалық деңгейде күрделі тұлға болып келді, бұның өзі терминжасамның қысқалық талабына сай емес.

Қысқалық әрі дәлдік тұрғысынан алғанда А. Байтұрсынұлы қазақ терминологиясында жол салушы (родоначальник), негізін қалаушы (основположник), көшбасшы (лидер). А. Байтұрсынұлы терминжасамдық еңбегінде екі түрлі бағытты көрсете отырып, терминжасамның жолдарын нақты көрсеткен. Термин – ұғымды атайтын сөзден жасалады, яғни ол ұғым атауы, затты атайтын сөзден тұрады. Термин – жалпылама (абстрактылы) ойлау қабілетінің ұғымдық сипатқа ие болуынан туындайды. А. Байтұрсынұлы метатіл, метатілдесім, объект тіл, дериватология терминдерін қолданбай-ақ тілтанымдық тұрғыдан әлемдік тәжірибеге қажетті талаптарды қолдана отырып терминжасамдық теорияны қалыптастырады, имплициттік түрде ұғымдарды атап өтпей-ақ теорияға енгізіп, практикаға қолданған.

«Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдердің өміршендік танытуының сыры неде?» деген сұраққа жауап іздесек, ол ең алдымен ұғымға атау беруге ұлттық таным тұрғысынан қараған. Сондықтан оны қазақ қауымы алғашқыда аздап жатсынғанмен, тез қабылдап санасына сіңіре алған. Екіншіден, сол кездегі Ахмет Байтұрсынұлының зиялылар арасындағы зор беделі мен тіл саласындағы бірегей ірі оқымысты ретінде мойындалуы да оның жасаған терминдерінің шығармашыл қауым тарапынан талқысыз қабылдануына себеп болды. Онымен тең дәрежеде өз терминдерін ұсына қоятын тіл мамандары қалыптаспаған еді. Оның маңайындағы тіл мәселелеріне жетік деген Е. Омарұлы, Х. Досмұхамедұлы, Н. Төрешұлұлы сынды Алаш арыстарының да ғалым пікіріне құрметпен қарағаны байқалады.

А. Байтұрсынұлы еңбегінің өзектілігін көрнекті тілші ғалым Мәулен Балақаев жақсы айтқан. Оның мына төмендегі пікірінде шындық бар. Ол былай деп жазады: «Тіл – құрал» кезінде «алашордашылардың, ұлтшылдардың» кітабы болғандықтан, оны пайдалануға тыйым салынса, жаңа грамматика авторы да «халық жауы» атанып, кітабы қолданудан қалып қойды. Енді қайту керек? Тірі қалғандарымыз мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету үшін еңбектенгенде, алдымен грамматикалық атауларды қалай атаймыз деген проблема туды. Біз бұрыннан үйреншікті болған Ахмет терминдерін қазақ тілінің, қазақша айтылған бұрынғы сөздері деп танып, солай атай бердік. Себебі, басқаша жазу мүмкін емес, әдеби нормаға айналып, қалыптасып кеткен еді. Ахмет Байтұрсынұлы шығарған терминдер екенін білсек те, қазақ тілінің сөз байлығы деп танығанбыз» [1, 129 б.].

А. Байтұрсынұлы төл сөзіміздің терминге айналуы турасында «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола

бермейді» [2, 19 б.], - деп тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз.

Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар бірауыздан энциклопедист-ғалым М.В. Ломоносовты «орыс ғылыми терминологиясының атасы» дейтін болса, А. Байтұрсынұлы Қазақстан ғылымында дәл осындай құрметке лайық [3, 33 б.].

А. Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді ұшыратуға болады. 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл-құрал» оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ сияқты жүздеген терминдердің кездесетіні белгілі.

Мұнда ең басты атап айтатын нәрсе – А. Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. Ахмет Байтұрсынұлының қалыптастырған терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толығы түсуде.

Ғалымның осындай тұтас терминдер жүйесін қалыптастыруы оның қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы екендігінің дәлелі бола алады.

Р. Нұрғалиев оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта келіп, «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» [4, 105 б.], - деп әділ көрсетеді.

Қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты «пән сөздерді» алғашқы мақалаларынан бастаған А. Байтұрсынұлының ең басты ұстанымы – «пән сөздерді» жүйелеуде ұлттық тіліміздің өз сөздік қорына иек артып, оны мүмкіндігінше пайдалану. «Пән сөздерді» қалыптастыру барысында ғалым мынадай талаптарды қоя білді: 1. ескірген сөздерді яғни архаизм сөздерді ретіне қарай қолдану; 2. өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан яғни шет сөздерден қашу; 3. қазақ тілінің бай мүмкіндігін пайдалана отырып, ұғымның мәнін ашатын «жаңа пән сөздер» ойлап табу керек. «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерінің ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» [5, 190 б.], - деген талабын өзі нақты іске асыра білді [6, 190 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы – қайраткер, ғалым, ұстаз, қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Зерттеу жұмысымызда бұлардың бәріне емес, тек соңғысына баға беріледі.

Жалпы кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол салада қолданатын арнаулы ұғым атауларыңыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А. Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған.

Ғылыми ұғымдарға атау беру үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық үдеріс. Онымен қоса, арнаулы ұғымдарға ат қою кезінде ол жүйенің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бір мағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуын қарастыру керек. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға, яғни, қабылдауға мәжбүр етеді.

Бұл тұрғыдан келгенде, ұлт ұстазы қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсете білді. Ахмет Байтұрсынұлы 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты

дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Бұлардың терминге қойылатын талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар кезінде арнайы шеттетілгендігіне қарамастан, уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

Мұнда ең басты атап айтатын нәрсе – Ахмет Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. А. Байтұрсынұлы қалыптастырған терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімінің ғана емес әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы екендігі өткен ғасыр басында-ақ мойындалды. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған баяндамасында Мұхтар Әуезов: «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханды өзінің басшысы деп санайды», - деп көрсетеді [7, 279 б.].

Сонымен, екіншіден, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған.

Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін ондаған әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән ғылыми анықтамасын берген. Ол дегеніміз – ғылыми ұғымның, өзіне ғана тән белгілерін айқындаумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген сөз. Мысалы: «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз – өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады», - дейді «Әдебиет танытқыш» еңбегінде ұлт ұстазы [2, 101 б.].

Бұл мысалдан байқайтынымыз, ғалым біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын анықтаған, екіншіден, әрбір ұғымның өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни, әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін бағамдаған; үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын (айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын) жасаған; төртіншіден, терминдердің жүйелілік ерекшелігін ескере отырып, жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған (модель) сөздерді термин ретінде пайдаланған; бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арасындағы жүйелілік құрылымдық байланысты көрсеткен. Дәлірек айтқанда, айшықтың – шумақтан, шумақтың – тармақтан, тармақтың – бунақтан, ал бунақтың – буыннан құралатындығын сатылай көрсету арқылы ұғымдардың микрожүйесінің өзіндік табиғатын ашқан.

Бұдан ғалымның өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігін терең білумен бірге, оларды таңбалауда тілді өте шебер пайдалана алғандығы анық көрініп тұр. «Әдебиет танытқыштан» мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіре беруге болады.

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының ғылыми терминологиясын жасаумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты да көптеген терминдерге де жол салғандардың қатарына әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау әдіс, жалқылау-жалпылау әдіс сияқты терминдерді жатқызуға болады. Бұлармен қоса Ахаң тарих, этнография терминдерін де жасаған. Олай дейтініміз, Мұхтар Әуезов 1923 жылы ғалымның «Мәдениет тарихы» атты кітап жазып бітіргенін айтқан еді [7, 289 б.].

Сонымен, үшіншіден, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының негізін қалаумен бірге әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған ғалым.

Ендігі бір айрықша атап айтуды қажет ететін мәселе – А. Байтұрсынұлының терминжасамның тәсілдері мен жолдарын анықтап бергендігі. Төртіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, оларды өзінің терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым.

Терминжасам тәсілдерінің аражігі ашылып, олардың термин шығармашылығында іске қосылуы қазақ тілінің грамматикасының (сарфы) жазылуымен тікелей байланыста қарастыруды қажет етеді. Бүгінгі терминжасам тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне қарамастан, ол негізінен қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерінің құрамына енеді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа, ұсынба, сұқтаныс, азаптаныс, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен, ал дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған.

Кезінде Ахмет Байтұрсынұлы «ұлтшылдық», «пуристік» бағыт ұстады деп, ол жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгені белгілі. Соған қарамастан, А. Байтұрсынұлы еңбегінің көпшілігі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ал арнайы шеттетілген терминдердің арасында бүгінде қайтадан қажетімізге жарайтындары да аз емес. Сондай-ақ оның қаламынан туындаған терминдер арасында авторы өзі екендігі ұмытылып кеткендері де бар. Ұлы тұлғаның термин жасауда ұстанған бағыты мен оның қаламынан туған басы ашық терминдерінен А. Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының негізін қалаушы және ғасыр басындағы бүкіл ғылыми ой-сананың қалыптасуына ықпал ете білген жан екенін дәлелдейді.

А. Байтұрсынұлы жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға.

Ғалымның терминжасам тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, тіл білімі, әдебиет ғылымдарының терминологиясын, өзге арнаулы салаларға қатысты терминдер жасауы – ғасыр басындағы өзге ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектер жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды. А. Байтұрсынұлынан кейін әр түрлі ғылым салалары бойынша еңбектер жазған қазақ зиялыларының жасаған терминдері оған айқын дәлел бола алады. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының 1914, 1915 жылдары және одан кейін бірнеше дүркін қайта басылған «Тіл – құрал» еңбегінде -уыш, уіш, -ша, ше, -лық, -лік жұрнақтары арқылы жасалған *сызықша, есімше, көсемше, бастауыш, баяндауыш, сұраулық* терминдерінің үлгісі 1927 жылы Мәскеуде басылған Ж. Күдериннің “Өсімдіктану” оқулығында *сабақша, тұқымша, қайықша, қаптауыш, аналық*, ал Е. Омарұлының 1928 жылы Қызылордада жарық көрген “Пішіндемесінде” (геометрия) *тікше, қиықша, өлшеуіш, өлшемдік* түрінде жалғасын тапқанын көруге болады. Осы деректердің өзі ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екенін анық аңғартады.

Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 12 тамыздағы санында жарияланған «Қазақстан оқу кемесериятінің орынбасары Жолдыбайұлы Молдағалимен әңгіме» деп берілген «Қазақ тілін байытамыз» атты шағын сұхбатта сол кезеңде термин жасаумен кімдер айналысқандығы және өзге тілдерден термин қабылдауда қандай қағидат басшылыққа алынғандығы, осы істі жүзеге асырудағы А. Байтұрсынұлының рөлі атап көрсетіледі. «1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшыландыратын кемесие құрылған. Кемесиенің құрылғаннан бергі жұмысы аз емес. Мың-мыңдаған сөздер қазақ тіліне аударылып, иә қазақ тіліне үйлестіріліп, қазақ тілі байытылды. Кемесиеде қазақ тіліне жетік 5-6 қазақ қызметкерлері жұмыс істейді. Оның үстіне кемесиенің жұмысына түрлі білімнің басын ұстаған мамандар қатыстырылады. Кемесиенің ағасы Қазақ елінің, әсіресе, тіл заңына

жетік оқымысты данышпаны Байтұрсынұлы Ақымет. Кемесиенің негізгі мақсаты – қазақ тілін өнер-білімге бейім мәдениетті тіл қылу» [8, 3 б.].

Барлығы 5-6 адамнан тұратын комиссия үлкен іске мұрындық болып, көп іс тындырып, бастамашы бола білді. Оқу комиссариатының орынбасары атап көрсеткеніндей, сол жылдарда қазақ тілі, оның терминологиялық қоры байыды, ғылым ұлт тілінде сөйлей бастады. Қазақ тілі термин шығармашылығында пайдаланылып, терминжасам тәжірибесі, дәстүрі қалыптаса бастады. Алаш арысы А. Байтұрсынұлы төрағалық еткен осы комиссия қазақ тілінің терминологиялық қорын қалыптастырудың негізін салды, іргетасын қалады. Бұл істің ілгері басуына көрнекті көшбасшы, тіл, терминология жайын терең білетін ірі тілші ғалым, тарихи тұлға А. Байтұрсынұлының жеке үлесінің зор болғанын айрықша атап айтқан абзал.

«Кемесиенің негізгі мақсаты – қазақ тілін өнер-білімге бейім мәдениетті тіл қылу» дегеніне келсек, А. Байтұрсынұлы басқарған комиссия мақсатына адал болып қана қойған жоқ, қазақ тілін білім-ғылым тілі ету жолында қыруар жұмыс жасады. «Байтұрсынов кезеңінде» қазақ тілінде жазылған көптеген оқулықтар мен, оқу құралдары, сөздіктер соның дәлелі бола алады. Оның бәрі азғантай ғана қазақ зиялыларының атқарған үлкен ісі, солардың қажырлы еңбегінің, мақсатты жұмыстарының нәтижесі. 1924 жылғы маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезі» болып, онда Е. Омарұлы баяндамасына негізделген терминологияны қалыптастырудың қағидаттары съезд қаулысымен ресми бекітілді. Араға екі жылдай уақыт салып, 1926 жылы Бакуде өткен «Түркологтардың Бүкілодақтық бірінші құрылтайында» терминология жөнінде жасаған баяндамасында А. Байтұрсынұлы қатынасусшыларға осы қағидаттарды таныстыра отырып, өзге түркілерге де ғылыми терминологияны қалыптастыруда қазақ білімпаздары жасаған осы қағидаттарды басшылыққа алуды ұсынды. Оның ұсыныстары ғалымдар тарапынан қолдау тауып, құрылтай қарарына енді.

Сонымен, А. Байтұрсынұлы қазақ оқығандары жасап, ресми бекіткен терминология қағидаттарын бүкіл түркі халықтарына ұсына отырып, түбі бір туыстас тілдердің терминологиялық қорының ортақтық сипатын арттыруды көздеген кең тынысты түрколог ғалым.

А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы»: «... әдебиеттануды әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріп, шет сөздерді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық, қазақы жүйесін жасап бергендігін» [4, 36 б.], - деп Р. Нұрғали жоғары бағалайды.

Осы мәселеге байланысты Ш. Құрманбайұлы ойын былай сабақтайды: «XX ғасыр басында басшылыққа алынған термин жасау қағидаттарын ескіріп қалды деуге ешқандай негіз жоқ. Уақыт талабына сәйкес кейбір толықтырулардың болу мүмкіндігіне қарамастан, сонау 20-шы жылдары Ахандар жасаған қағидаттар қалыптастыруға негіз болатындығы рас» [3, 46 б.].

Ш. Құрманбайұлының «Алаш және терминтану» атты монографиясы қазақ терминологиясының XX ғасырдың 1910-30-жылдарына арналып, аталмыш саланың даму, қалыптасу кезеңдері, негізгі ерекшеліктері, сипаты, басшылыққа алынған ғылыми қағидаттар жан-жақты зерттелінген [3].

А. Байтұрсынұлы XX ғасырдың 20-30 жылдарында термин шығармашылығында метатіл, метатілдесім немесе объект-тіл туралы арнайы білімі болмаса да өз тарапынан қазақ терминологиясына өміршең, сәтті терминдерді алып келген ғалым. Ол кезеңде терминологияда сөзжасам саласы ғылым ретінде дүние жүзінде әлі жүйеленбесе де А. Байтұрсынұлы қазақ терминологиясын біршама жүйеге түсірді. Метатіл тілдің биік шыңы – тіркесім қабілеті мол күрделі терминдер болса, А. Байтұрсынұлы терминдер тіркесім жасай білді (жуан дыбыс, құрмалас сөйлем, жергілікті сөздер, азапты тартыс, ақын тілі, шешен сөз т.б.

Терминология – сөздер арқылы атауға ие болған ұғымдар жүйесі болғандықтан, ол ұғымды атайтын сөз бен затты атайтын сөзден жасалынады. Ғылымның өзі ұлт таңдамаса да, ғылыми ұғым атауы – терминдер ұлт тілінің көрінісі болады.

Терминологияны жүйелендіру ісінде лексика – терминология – концептология түсінігінің маңызы зор, өйткені, сөзден термин, терминнен концепт, концепттен тілдік сана туындайды. Тілдік сана терминологияның қолдану нысаны ғылым тілінде көрініс табады. Терминологияны жүйелендіру мен бірізділендіру ісінде терминге тән басты белгілерді назарда ұстау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. – Алматы, 1987. – 235 б.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // А. Байтұрсынов шығармалары. – Алматы, 1989. – 354 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (XX ғ. басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1930 жылдар). – Алматы: Ел-шежіре ҚҚҚ., 2008. – 240 б.
4. Нұрғалиев Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 418 б.
6. Елеуқенов Ш. Жаңа жолдан. – Алматы: Жазушы, 1989. – 317 б.
7. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 19 т. – 369 б.
8. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші Қазақ. – 1926, тамыз – 12.

Дәрменқұлова Р.Н.

филология ғылымдарының кандидаты

Әміров Ә.Ж.

филология ғылымдарының кандидаты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

қазақ тіл білімі кафедрасының аға оқытушылары

Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕР: ҚҰРЫЛЫМЫ, ЖҰМСАЛЫМ НОРМАСЫ

Қазақтың бүгінгі ұлттық жазба әдеби тілінің әлеуметтік өрісі кеңейіп, функционалдық стильдері сараланды, олардың әрқайсысы өзіндік белгілерімен айқындалып, шыңдала түсті.

Қазіргі қазақ тіл білімі – жан-жақты өркендеген ғылым. Сондықтан тілдің нормалары мен стильдік категорияларын анықтауда оның қазіргі жағдайын ескере отырып, тіл мәдениетінің көптеген мәселесін шешуге, тіл құбылыстарын дұрыс бағалап бағдарлауға толық мүмкіндік бар [1, 10]. Сондықтан норманың өзіне тән табиғатын айқындап, қалыптасқан тілдік құбылыстарды бірізділікке түсірудің маңызы зор.

Жаңа құбылыстарды бағалау, оларды қабылдау немесе қабылдамау, тілдегі ауытқулар лингвистерден қолдану нормасының сипаты туралы толық түсінікті, қалыптасу заңдылықтарын, тіл жүйесі құрылымдарындағы нормалардың қалыптасуын, өзара әсерін білуді талап етеді. Бұлар нормаға түсіру қызметінің теориялық базасын құрайды.

Сөйлемнің құралуы күрделі құбылыс болғандықтан, онда ауытқулар да, құрылымдық өзгерістер де болуы мүмкін. Сұраулы сөйлемдердің грамматикалық көріністері, жұмсалы ерекшеліктері тек сөйлеу тілінде ғана емес, көркем әдебиет тілінде де әр қырынан көрінеді.

Сұраулы сөйлем белгілі бір оқиға жайынан хабар алу үшін жұмсалады. Ғалым К.Ахановтың сөзімен айтқанда, «Сұраулы сөйлем коммуникативті қызметі жағынан басқа бір хабардың келіп тууын қажет ететін хабар болып саналады» [2, 209]. Сұраулы сөйлем басқадан жауап алу, тыңдаушының ой- пікірін білу мақсатымен айтылады. Сондықтан сұраулы сөйлемдердің жасалу жолдарына қарай, оларға қойылатын сұрақтың мазмұны да алуан түрлі болып келеді.

Сұрақ құрылымдық тұрғыдан не сұрау сөз, не демеулік шылаудың болуымен сипатталады. Осылардың ішінен сұраулық шылаудың кірігіп жіктік жалғаулардан бұрын келуі арқылы сұраулы сөйлем жасалуына назар аударамыз: *сен келесің бе? – сен келемісің?* Сұраулы сөйлемдер қимыл иесінің түрлі күйіне, қалпына, іс- әрекетіне қарай сұрай айтылып, логикалық мазмұнға сай құрылады. Сұраулы сөйлемнің құрамында оның сұрау мағынасын айқындай түсетін сұраулық шылаулар, сұрау есімдіктері жиі қолданылады. Сондай-ақ, сұраулы сөйлем айтылуына қарай интонацияның көмегімен, кейде кейбір көмекші етістіктер мен қосымшалар арқылы да жасалады. Мысалы:

Бірақ дәл осы кезде, үнсіз тұрған жиын жақтан жапыр-жұпыр дауыстар естіліп қалды.

- Сен ал!

- *Е, сен ше?*

- *Ал өзің?* - десіп, қау-қауласып тұрған жұрт қолды-қолына бір-бір кесек тас көтеріп алыпты (М.Әуезов).

Жоғарыда берілген диалогте сұраулы сөйлемдер сұраулық шылау (*ше*) мен интонация арқылы жасалған. Сұраулы сөйлем жасауға қатысатын «*ша*», «*ше*» сұраулық шылау, негізінде, диалогте алдыңғы сөйлемге жауап бере отырып, тікелей бір мәселе жайында сөз қозғағанда қолданылады.

Профессор Д. Әлкебаеваның айтуынша, «Сөйлемнің айтылу мақсатының әртүрлі сипаттарына қарай жауап немесе кейде сөйлеушінің өзі жауабын таныту қызметіне байланысты сөздер тізбегі сұраулы сөйлемдердің негізін құрайды» [3, 186].

Ал, төмендегі берілген диалогтерде одағай сөздер мен қыстырма сөздің қатысуымен сұраулы сөйлемдер жасалып тұр.

- Иә, жаңағы поездан түстім. Жайылма ауданына баратын едім.

- *Өзің былай, студентсің-ау, деймін?* -Бейтаныс жігіт сауалын жалғастыра түсті (Қ.Сегізбаев).

Тышқан... Тышқан...

- Саршұнақ де.

- *Айтсаң да, мұнайшының баласы- ау, ә?*- деп қарт езу тартты (М.Сүндетов).

Сондай-ақ бұл сөйлемдерде айтылатын ойдың жалпы бағытына қарай одағай сөздердің айтылу ырғақтары да (сұраулық ырғақ) құбылып отырады. Соған орай сөйлемде сұрау мағынасымен қатар таңдану, күмәндану сияқты ерекшеліктер байқалады.

Мағынасы жағынан сұраулы сөйлемдердің әртүрлі болуына байланысты, бір нәрсе туралы түсінік алу, сұрау, білу, жаңа мәлімет жинау мақсатымен айтылатын сөйлемдердің түрлері көп.

XVIII ғасырдан сақталған шығарманың синтаксистік құрылысын талдаған Т. Қордабаев *сұраулы сөйлемдердің қолданысына* қатысты өз пікірін былай білдіреді: «Қадырғали Қошымұлының «Жамиғ-ат тауарих» атты шежіресінде сұраулы сөйлемнің екі түрлі тәсілмен сұрау есімдігі мен сұраулық шылау арқылы жасалған түрі кездеседі. Санамалы түрде кездесетін сұраулы сөйлемдер белгілі бір тарихи адамның сөзі ретінде келген төл сөздерде ғана кездесіп қалады. Өйткені бұл еңбек жеке бір ғана автордың баяндауы түрінде жазылған шығарма» [4, 72]. Қай уақытта жазылса да шығармалардың стилінде өзіндік ерекшеліктер болатынын байқауға болады.

А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» атты еңбегінде *-ма,-ме* сұраулық шылаудың жұмсалымына мынадай түсінік береді: «Сұраулық шылау (*-ма,-ме, -ба,-бе, -па,-пе*) жіктік жалғаудың екінші жағының жалғауынан кейін де бұрын да келе береді. Бірақ бұрын келгенде сұраулық шылаудың ашық дауысты дыбысы (*-а,-е*), сөздің жуан, я жіңішкелігіне қарай, қысаң дыбысқа (*-ы,-і*) айналады. Мысалы: *оқушы-сың ба? – оқушы-мы-сың?* Сондай-ақ тәуелді сөздің бірінші және үшінші жақтарында да, сұраулық шылау (*-ма,-ме*) жіктік жалғаудан кейін де, бұрын да келе береді: *оқушы-м-сың ба?– оқушы-м-бы-сың?»*[5, 76].

Осыған ұқсас пікірді ғалымдар М. Балақаев пен Т. Сайрамбаев та айтады: «Сұраулық шылау қысқарып жіктік жалғаулардан бұрын келу арқылы да сұраулы сөйлем жасайды.

Сұраулы сөйлемді бұлай құру сөйлеу тіліне тән болғандықтан олар диалогтарда жиі ұшырайды» [6, 18].

Осы орайда түрколог – ғалым Н.К. Дмитриевтің пікіріне назар аударайық: «Сұраулы сөйлемдерде сұраулық аффикс мүмкіндігінше жауап алатын сөйлем мүшелеріне қойылады. Бұл көбіне баяндауышта болады, бастауышта сирек кездеседі. Мысалы, татар тілінде: *син бу китанны алдыңмы?*, башқұрт тілінде: *хин был китанны алдыңмы?* «ты эту книгу взял?»; тат. *синмебукитанныалдың?*, баш. *хинме был китанныалдың?* «ты ли взял эту книгу?» [7, 21].

Нормалау принциптерінің негізі әрбір әдеби тілдің өсу дәрежесімен, нормалау объектілерінің ерекшелігімен байланысты. Нормалау бағытын алдымен көп жылдық тәжірибеге сүйеніп, тілде орнаған қалыпты басшылыққа алып, тілдің жүйелік қасиетін негізге алады.

Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық туралы жазған И. Ұйықбаевтың пайымдауынша, сұраулы сөйлем жасайтын *ма(ме), ба(бе), па(пе)* сұраулық шылаулары *-мы, -мі, -бы, -бі, -пы, -пі* тұлғаларының бірінде сөз ішінде қолданылып, олардың алғашқы тұлғаларына вариант болып жұмсалады [8, 81]. Мұндай сұраулы сөйлемдер жинақы (ықшам) түрде құралып, диалогтық жағдаятқа байланысты жұмсалып ерекшелігіне қарай эмоциялық сипат алады. Мысалы:

1. Тойдың ду-дуының ортасында жүрген жігіт:
- Көке не боп қалды?- деген таңданып.
- *Қайтпақшымысыз?*
- *Өстіп жүре бермекпісің?*- деді шал салған жерден (Ә. Найманбаев).
2. Мен теріс айтты деп *отырмысың?* (М.Әуезов).
3. Өзіңді аямасанда жарыққа жаның ашысында. Түнімен жағып *қоямысың?* (Т. Иманбеков).
4. Сен өзің *бұзған жоқпысың?* (Ғ. Мұстафин).

Бұл сөйлемдердегі *қайтпақшымысыз, жүре бермекпісің, отырмысың, қоямысың, бұзған жоқпысың* сөздерінің көмегі арқылы сұраулы сөйлемдердің жасалуы *-мы, -мі* тілдік формасының кірігіп жұмсалуынан көрінеді. Сұраулы сөйлемдердің табиғатының ашылып саралануы көркем әдебиет стилінде ерекше көрініп, экспрессивті қызметте қолданылады.

Кейбір зерттеушілер вариант болған жерде норма ұғымы да қатар жүреді деп есептейді. Осыған қатысты Н.Н. Коротковтың пікірін келтірейік: «Норма мәселесі қаралған тұста бөлініп шығатын негізгі категория – бұл варианттылық категориясы» дегенді айтады [9, 10]. Осыған ұқсас позицияны Ф.П. Филин де қолдайды: «Норма... немесе одан ауытқу тілдік жүйедегі бір мағыналы элементтерді пайдаланудан көрінеді» [10, 17].

Қазақ тілін зерттеуші ғалымдар вариант тұлғаларын әдеби тіл нормасы тұрғысынан сөз етеді. Олардың параллель варианттарды түрге бөлудегі фонетикалық және грамматикалық пікір алшақтығы кездеспейді. Варианттылық – тіл-тілдің барлығында болатын және бар құбылыс. Ол – заңдылық. Бірақ тіл – өзінің даму барысында және сол дамуға қоғамның саналы түрде араласуы нәтижесінде жарыспалылықтан арыла түсуге тиіс [11, 5].

Қазақ тілі білімінің негізгі мәселесіне тіл бірліктерін қолдануда жаңа тенденцияларды айқындау және оларды реттеу, тілдің барынша икемді негізгі құрамдары мен тәсілдерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету міндеті қойылады.

Сөз етіп отырған сұраулы сөйлемдердің тұлғалық көрінісі туралы А.М. Щербак былай дейді: «Оның орны жақтық және сандық көрсеткіштерден кейін немесе олардың алдында болады, кейде сол және басқа варианттары да қолданысқа енеді. Варианттардың позициялық мүмкіндігі тілге және егістік формаларының сипатына байланысты. *-мі, -му* шылаулардың сандық және жақтық көрсеткіштерінің алдында жұмсалуы көбіне осы және келер шақта байқалады, өткен шақ формасында бұл аффикс көп жағдайда аталған көрсеткіштерден кейін келеді» [12, 41].

Түркі тілдерінде де кездесетін мұндай құбылыс сұраулы сөйлем құрудың ерекше стильдік амалы болып табылады. Салыстырып көрейік: гагауз тілінде: *аларсінізмі*—

алармісініз «возьмете ли?»), өзбек тілінде: *кэларсанмі—кэлармісан* «придешь ли?», түрік тілінде: *вэрірмісініз* «дадите ли?». Ал якут тілінде *-мі-му* шылауы жоқ, оның орнына аналогия ретінде *дуо* шылауы қолданылады [Сонда, 41].

Ғалымдар М.Балақаев, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов өздерінің зерттеулерінде сұраулық шылаудың кірігіп жұмсалудың пайда болған сұраулы сөйлемдерге қатысты айтқан пікіріне назар аударайық: «Қазақ тілінде *сұраймысың?, келемісің?, түсінемісің?* дегендер әдеби норма емес, сөйлеу тіл стиліне тән норма. Сондықтан оларды жазушы көркем әдебиетте диалогты сөйлемдерде қолданса орынды болады деген тұжырым жасайды [13, 226].

Сұраулы сөйлемдердің осы үлгідегі түрі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында да кездеседі:

Малымды қара жетім *бағамысың,*
Біздерге бұл қылықпен *жағамысың?*
Дарияға қол ағашын тастай бердің,
Қатқаныңның басымен *қағамысың?*

Бұл келтірілген шумақта *бағамысың-бағасың ба, жағамысың-жағасың ба, қағамысың-қағасың ба* деп ұғынылады. Бұлар үнемі осылай жарысып қолданыла бермеуі де мүмкін. Сұраулы сөйлемнің бұл түрі көркем әдебиет тілінде керек жерінде стильдік мақсатта ғана жұмсалады. Қалай дегенмен қазір қолданыста екені анық. Тіл білімінде жарыспа тұлғалардың болуы заңдылық.

Жай сөйлем құрылысындағы құрылымдық өзгерістер, грамматикалық тұлғалардың жұмсалудағы ерекшеліктер, ауытқулар норма тұрғысынан анықтауды қажет етеді. Оларды бірізділікке түсіруді көздейді.

Қазақ тілі нормасы – тіл құрылысы мен заңдылықтар жүйесін, оның дамуын көрсететін көп салалы күрделі құбылыс. Сондай-ақ ол тіл дамуының әрбір кезеңдеріндегі құбылыстарды қоғамның эстетикалық, мәдени талғамын бейнелейді.

Тілдің грамматикалық құрылысы қатып қалған құбылыс емес. Ол адамдардың қарым-қатынасын қамтамасыз ету кезінде, өз қызметін атқару үстінде үнемі екшеліп, дамып, күрделеніп отыратыны белгілі. Олай болса сұраулы сөйлемдердің қолданылуы тілдік түрлі ситуацияларға байланысты түрлі шешім тауып, ерекшеліктерге ие болып, оның мағынасы да, қолдану аясы мен мүмкіндігі де күрделенуі заңды.

Әдебиеттер:

1. Бизақов С. Тілдік норма және варианттылық. – Алматы: «Ғылым», 1997. – 208 б.
2. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері (Оқу құралы). - Алматы, «Санат», 1996. - 240 б.
3. Әлкебаева Д. А. Қазақ тілінің прагматилистикасы. – Алматы: «Зият-Пресс», 2007. -244 б.
4. Қордабаев Т.Р. Тарихи синтаксис мәселелері (XV- XVIII ғасыр матер. бойынша). – Алматы: Ғылым, 1964. –244 б.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
6. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: «Санат», 1997. – 240 б.
7. Дмитриев Н.К. Детали простого предложения // Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Синтаксис.–М.: Издат-во АН СССР, 1961. – Ч.3. – С. 19-42.
8. Ұйықбаев И. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. – Алматы: «Ғылым», 1976. – 143 б.
9. Коротков Н.Н. Норма, система и структура как этапы анализа и описания языкового строя // Спорные вопросы грамматики китайского языка. – М., 1963. – С. 5-20.
10. Филин Ф.П. Несколько слов о языковой норме и культуре речи // Вопросы речи. – 1968. – Вып. VII. – С. 15-22.
11. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: «Мектеп», 1984. –118 б.
12. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков: Глагол. – Л.: Наука, 1981. – 183 с.
13. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: «Мектеп», 1968. – 239 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ӨРІСІ (сауыт-сайман және әскери атауларға қатысты көнерген аталымдар)

Көнерген аталымдар ескіру көрсеткіші арқылы ғана қазақ тілінің лексикасынан оқшауланып, көнерген аталымдардың лексикасын құрай алады. Тілдегі көнерген аталымдар негізінде мынадай екі топқа бөлінеді: 1) тарихи аталымдар (историзм); 2) көнерген аталымдар (архаизм). Бұл екі лексикалық топтың арасындағы айырмашылық сөздердің әрі тұрақты, әрі белгілі бір қағидаға негізделген қасиеті болып табылады.

Ғ. Мұсабаев көнерген аталымдарды архаизмдер және историзмдер деп бөліп алады да, «архаизмдер күнделікті тұрмыста, дін ұғымында, ескі әдет-ғұрыптарда қолданылады» дей отырып, историзмдерді лексика-семантикалық мағыналарына қарай материалдық мәдениетке байланысты, әкімшілік басқаруға байланысты, қазақ қоғамының қоғамдық өміріне байланысты, Октябрь дәуірінен кейін туған сөздер», [1: 185-191] - деп жіктейді.

Сонымен қатар Ә. Болғанбаевтың «Қазақ тілінің лексикологиясы» еңбегінде көнерген аталымдардың лексика-семантикалық топтарын, яғни архаизм мен историзмді өз алдына жеке дара топтайды: архаизмдерді – мата-кездеме атауларына байланысты архаизмдер; салт-сана, әдет-ғұрыпқа қатысты архаизмдер; киім-кешек, ыдыс-аяқ атауларына қатысты архаизмдер; діни ұғымдарға қатысты архаизмдер деп бөледі де, историзмдерді мынадай үш топқа топтайды: әкімшілік басқарумен байланысты туған историзмдер; әскери атақ пен қару-жараққа қатысты историзмдер; Совет тұсында пайда болған историзмдер [2: 86-88].

Аталған ғалымдардың жіктемелерін негізге ала отырып және Нұртуған мен Ерімбет шығармаларындағы көнерген аталымдарды саралай келіп, олардың бір тобын әскери атаулар мен сауыт-сайман аттарына қатысты көнерген аталымдар деп алып, оларды басқа тілдегі қолданысымен салыстырмалы түрде қарастырдық.

Шығармада қару-жарақ атаулары, сонымен байланысты фразеологиялық тіркестер жиі ұшырайды. Соның өзінде көне қару-жарақ аттарымен қатар, олардың XVIII–XIX ғасырда қолданылған түрлері де кездеседі. Бұл жағдай шығарманың біздің дәуірімізге ауызша жырлану арқылы жетуімен байланысты болса керек. Мысалы, *жауынгер, солдат* мағынасында *жасақ, қол, жасауыл* сияқты көне аталымдар қолданылған. Сондай-ақ *қорамсақ, бадана, кіреуке, жебе, сүңгі, сарыжа, найза, алмас, айбалта, мысқұлақ* тәрізді көне қару-жарақ аталымдарымен бірге *мылтық, қанжар, қылыш, садақ, барабан* сияқты кейінгі дәуірімізге тән соғыс құралдары да қатар қолданылған. Сондай-ақ, қару-жараққа қатысты көнерген аталымдар барлық тілде де кездеседі. Соның ішінде шуваш тілінде бар көнерген қару-жарақ түрлерінің бірегейлеріне тоқталсақ:

айпалта – 1. топорик, 2. секира, алебарда [13: 27] – *айбалта*;

хёс – меч; сабля, шашка [13: 557] – *семсер, қылыш*;

сәнә – копье; пика [13: 351] – *найза*;

Сёмрен – 1. стрела, 2. *диал.* лук (оружие) [13: 410] – *жебе*;

Чукмар – дубина, дубинка [13: 595] – *шоқпар*;

хурал чукмарё – колотушка [13: 595] – *дабыл*;

хулкан – щит (воина) [13: 562] – *қалқан*;

ухә– 1. лук, 2. стрела [13: 520] – *садақ, жебе*;

ухайённи– колчан [13: 520] – *қорамсап*;

ухайёппи - стрела (для стрельбы из лука) [13: 127] – *жебе*;

сёсё – нож, ножик [13: 414] – *қанжар*.

Нұртуғанның батырлық пен ел қорғау картинасы көрсетілген «Мәулімнияз-Едіге» дастанында көне қару-жарақ атауларына қатысты мынадай көнерген аталымдар кездеседі:

*Мына тұрған ақ сүңгі,
Шаныып ешкім сындырмас.
Бадана көзді ақ сауыт,
Киген ерді тындырмас.
Байласаң белге ақ алмас,
Сілтесең мұнан жан қалмас!
Ілулі тұр сарыжа
Серіппесі қатты жауырынша
Тартатұғын ер керек [Н.К.Іт].*

*Қаттау киген деніне,
Тақымға қысып көк сүңгі,
Байлаған алмас беліне.
Қорамсақтағы сұр жебе
Қырықтан асар кемінде [Н.К.Іт].*

Әрине бір қарағанда мұнда жаңалық жоқтай: картина бұрынғыша қимыл, іс-әрекет атау арқылы берілген, сөйлемдер шағын (бір тармақтық), өлең ұйқасқа құрылған.

Академик Ә. Қайдаров «...көненің көзіндей сақталып, мағынасы күнгірттеніп, ұмыт болған, қолданыстан қалып, шаң басып жатқан көнерген сөздер аз емес. Оларды тірілтіп, жаңартып, тіл қажетіне жаратуға әбден болады, дей келіп, *қосын, ләшкер, жасақ, түмен, бұраңғар, ерен, бүйрекші, су, шерік, шеру, иелме, аламан, алай, атарман, шабарман, ондық, сарбаз, жүздік, мыңдық, жалаңқат, көбе, жебе, жекеауыз, сардар, самқал, сапы, сүмбе, топ, оқшантай* сияқты сөздерді әскери термин ретінде өмірге қайта әкелу керектігін айтады» [3: 14].

Солардың бірі қазіргі тіл қолданысында бар «сарбаз» сөзі. Түсіндірмелі сөздікте: сарбаз – *жасақты қол, әскер, жауынгерлер, солдаттар*. Парсы тілінде сар-баз /солдат, рядовой/ қатардағы жауынгер, қарапайым солдат [4: 278] дегенді білдіреді. Мысалы, Нұртуғанның «Ақ Кете Шернияз» дастанында былайша жырланады:

*Шаршаған шығар сарбаздар
Демалсын қазір жайланып.
Сарбазды босқа қырмалық.
«Мың асқанға бір тосқан»
Біздер, сірә, болмалық!» [Н.К.Іт].*

Мұндағы «сарбаз» ақындар өмір сүрген тұста *жасақты қол* мағынасында болса, қазіргі тілімізге қайта оралып, жаңғырып қолданылған бұл аталымның туынды мағынасы қатардағы жауынгер мәнінде айтылады.

Сонымен қатар Нұртуған шығармаларында қазіргі *әскер* мағынасындағы «қол», «жасақ», «жасауыл» сөздері кездеседі:

*Мақұл көрді бәрі де,
Жасақ санын көбейтіп,
Межелі күні жиғанды [Н.К.Іт].*

Бұл жерде «жасақ» қару жарақтанған бір топ жауынгерлер архисемасын білдіретін аталым. Сөздікте жасақ – 1) *әскер, қол, қару жарақтанған бір топ жауынгерлер*; 2) *ерте кезде мал басынан алынатын салықтың бір түрі* деген екі мағынаны білдіреді. Мал басына төленетін жасақ салығы үй салығына қарағанда заңдылығы жөнінен салық салудың дұрыс түрі болды. Жасақ әрбір түліктен /түйені қоспағанда/ бір пайыз мөлшерінде алынды. Алғашында заттай алынатын бұл салық кейіннен ақшаға ауыстырылды (М. Елеусізов).

Нұртуған шығармаларында жиі ұшырасатын сөз «жасауыл». Жасауыл сөздікте – 1) *патша үкіметі кезіндегі қазақтың офицерлік шені*; 2) *ауыс. қарулы топ, шапқыншы* [4: 221] деген мағынаны білдіреді. Зерттеушілердің көбісі жасауыл монғол тілінің сөзі деп көрсетеді. Орыс, украин, поляк, болгар тілдеріне енген жасауыл термині орыс жылнамаларында XVII ғасырдан бастап кездеседі. Қазақ әскерлерінде жасауыл капитанға тең әскери атақ болған [5:

255]. Зерттеуші Т. Байжанов: «Қазақ тілінде жасауыл сөзі алғашқы кезде «ханның шабарманы» мағынасында жұмсалып кейін әскери мағынасы пайда болған болу керек. Жасауыл сөзі қазақ тілінде Қазан төңкерісінен кейін қолданудан шығып қалған» [6: 302], – дейді. Мысалы, Нұртуғанның «Қарасай-Қази» дастанында: Қалипа Мүсілімді «бері шық» деп ордадан шығарып алды. Ордадан шығарып алып: «*Бұған өкпелейтін орнымыз жоқ еді. Ашуы басылсын деп босқа өкпелеп отыр едім. Сен енді мына жасауылмен ноғайлыны жинап ал. Тақтың ықтияры менде болса, мен мына Қарасайға берем*» - деді. Бұл үзіндідегі «жасауыл» сөзі қазақ тілінде бейбітшілік кезде ханның жарлықтарын орындаушы, салық жинаушы, ал, соғыс кезінде әскери мәселелерімен айналысатын адам мағынасында қолданылды. Жасауыл сөзінің әскери саладағы мағынасын өзге түркі тектес халықтың тілдерінен кездестіруге болады. Қарақалпақ тілінде жасауыл «сарай төңірегіндегілерге берілетін полицейлік шен» деген мағыналарда қолданылады. Яғни жасауыл – *ханның немесе ірі әскербасылардың қол астындағы жауынгерден бастап офицерлерге дейін берілетін әскери атақ және осы атаққа ие болған адамдар*.

Барлық деректерді қорытындылай келе, «жасауыл» көнерген аталымының архисемасы *әскери атақ, әскери топ* деген ұғымды білдіреді.

Бұл тұста тек қару-жарақ емес, сауыт-сайман аттары да тұрақталып, нормалана түскен. Ақындар шығармаларының тілінде *сауыт* сөзімен қатар «**көбе**», «**қаттау**» деген көнерген аталымдар синонимдік қатар түзген. Мысалы,

Едіге мұнда келсе егер,
Жыртпас па еді көбеңді,
Оймас па еді төбеңді,
Ұрмас па еді енеңді?! [Н.К.Іт]

Түсі бөлек жан екен,
Жан қаратпас айбатты.
Қаттауына қаратпай,
Найзасы тиді жүректен [Н.К.Іт].

Түсіндірмелі сөздікте: көбе – *ерте кездегі батырлар киген сауыт* [7: 303]. Ескі монғол тілінде көбе – батырдың сауыты [8: 925].

Көбе – *жүрек тұсын, білек, тізені, иықты садақтың оғынан, қылыштан қорғау үшін жалпақ темірден жасалған сауыт*. Ол бүкіл денені қорғау үшін тырнақ ұқсас, көбінесе қола немесе мысты қатпарлап тізіп немесе металл шынжырларды (шығыршықтарды) біріктіріп, көйлек тәріздес етіп жасалған түрі. Кейінірек көбенің жеңіл көкірекше түрі шыққан. Сондай-ақ, көбенің қанды көбе деген де түрі бар. Қанды көбе – *жай сауыт емес, әрдайым ұрыс майданында болатын батыр киетін көбе* [9].

Келтірілген деректерді қорытындылай келе, «көбе» аталымының негізгі мағынасы *батырдың жауға аттанғанда киетін, найза мен сүңгіден қорғайтын темірден тоқылған киімнің (сауыттың) бір түрі*.

Ғалым Р. Сыздық: «Заман неғұрлым әрілеген сайын қазіргі нормамен салыстырғанда, көнерген элементтердің молынан ұшырасуы заңды да, түсінікті де. Бірақ әрідегі әдеби мұра ауызша сақталғандықтан, көптеген бейтаныс дүниелер мәтіннен ығысып, бізге түсініктірек баламалармен жеткені аян. Әйтсе де бұл мұралардан «көненің көздері» – архаизмдерді табуға болады» [10: 80], - деген пікірі осының айғағы.

Қару-жарақ пен сауыт-сайман атауларының эпитетсіз қолданылуы – ақындар өмір сүрген кезеңнің әдеби үлгілерінде кемде-кем ұшырасатын құбылыс, ал кейінгі кезде бұл қолданыс сирей бастайды. Мына өлең жолдарында қару атаулары эпитетсіз қолданылған.

Найзаны салып түйретті,
Садақты тартып үйретті,
Осылай баулап өсірді
Ұрпақты іске шыдамды [Н.К.Іт].

*Садағын сала байлап, асынып алмас,
Жолыққан ешбір дұшпан тірі қалмас!
Арада бірнеше күн жол жүрген соң,
Бір күні түсті тұман жол таба алмас* [Е.К].

Бұл аталған көне қарулардың қимылдары да өз аттарымен берілген: *алмасты* асынады, *найзаны* түйрейді, *садақты* тартады.

Нұртуған шығармаларында көне қару атауы «саржа» молынан кездеседі. Ғалым Р. Сыздық «Сөздер сөйлейді» еңбегінде: саржа – *ерте кездегі қару-жарақтың бір түрі*. Бұл қару атауының көне түрі қазақша *сарыжа* күйінде сақталған, осы сөз келе-келе «жаңашаланып», *саржай*, одан барып *саржа* түріне де көшкені анық байқалады [11: 101] деп әрі қарай түсіндіріп кетеді. Саржа дегенді өткен ғасыр лексикографы Л.Будагов былайша анықтайды: қазақша *саржа*, шағатайша *сары йай* сүйекпен әшекейленген, сарыға боялған жақ (лук) [12: 686]. Мысалы, Нұртуған «Мәулімнияз-Едіге» дастанында Едігенің батырлығын былайша суреттейді:

Қылды Едіге жігерді
Шалқалап жатқан қалмақтың,
Қолтығының астынан
Саржамен тартып жіберді [Н.К.Іт].

Екі ақынның да шығармаларында жаугершілік, соғыс картинасын суреттеу мақсатында, әскери сөздер мен сауыт-сайман, қару-жараққа аттарына қатысты көнерген аталымдарды шебер әрі ұтқырлықпен қолданып отырған.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Арыс», 2008. – 185-191 бб.
2. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикалогиясы. – Алматы: «Мектеп», – 1988. – 87-88 бб.
3. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. – 14 б.
4. Оңдасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: «Мектеп», 1984. I т. – 255 б.
5. Дала уәлаятының газеті. – 1894. – 27 б.
6. Байжанов Т. Қазақ әскери лексикасының тарихы: филол.ғ.д. ... дисс.– Алматы, 1993. – 302 б.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1959. – I том. – 103 б.
8. Монгольско-русский словарь. – М., 1957.
9. Қазақ Совет энциклопедиясы. – А., 1977. – II т. – 68 б.
10. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: «Арыс», 2004. – 238 б.
11. Сыздық Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: «Арыс», 2004. – 238 б.
12. Будагов Л.З. Тефсир – А. К. Боровков. Лексика среднеазиатского тефсира XII–XIII вв. – Москва, 1963. – 686 с.
13. Чувашско-русский словарь: Ок. 40000 слов / Под ред. М.И. Скворцова. - М.: «Русский язык», 1982. - 712 с., ил.

Белгілер мен қысқартулар

- Н.К.Іт. – Кенжеғұлұлы Н. Кәнеки, тілім, сөйлеші... I том. – Алматы: «Ғылым», 1992. – 224 б.
Н.К.Іт. – Кенжеғұлұлы Н. Кәнеки, тілім, сөйлеші... II, III том. – Алматы: «Ғылым», 1994. – 444 б.
Е.К. – Қарасақал Ерiмбет. Ұлағат сөзім ұрпаққа. – Алматы: «Маржан», 1995. – 313 б.

Абитжанова Ж.А.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доцент м.а.

МЕТАФОРЛАРДЫҢ КОГНИТИВТІК БЕЛГІЛЕРГЕ ҚАТЫСЫ (Орхон-Енисей ескерткіштері тілі негізінде)

Белгілеріне қатысты жасалған метафораларды когнитивтік тұрғыдан қарастыруға болады: “Признаковая метафора является орудием выделения, познания свойств материальных тел и абстрактных категорий, и ее можно назвать когнитивной” [1, 235 б.].

Экстралингвистикалық тұрғыдан жеке белгі, қасиет сапасының белгіленуі мен жіктелуі адамның ассоциациялық ойлау қабілетіне негізделген. Бұл орайда Аристотельдің мына ойы еске түседі: “Находить естественные метафоры – значит уметь в природе подмечать сходство предметов” [2, 89 б.]. Нақты әлемді меңгеру жолында адам заттар мен құбылыстарды таниды, заттардың қасиет-белгілері жайлы түсінікті қалыптастырады, олардың арасындағы белгілі байланыстар мен дара тәуелділіктерді орнатады. Белгілінің қайта категориялануы, жаңа категорияға жетуі метафорада жүзеге асады. Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаев “Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы” атты еңбегінде метафораға мынадай анықтама береді: “Сыртқы не ішкі белгілеріндегі (тұлғасындағы, қимылындағы не атқаратын қызметіндегі т.б.) ұқсастыққа қарап, бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы метафора деп аталады. Бір затқа, құбылысқа, сапаға тән қанша қасиет, ерекше белгі болса, соларды ұқсастырып айтудан бір сөз арқылы бірнеше ұғымды танып білуге болады [3]. Адам ойында әлем антропоморфты немесе зооморфты және керісінше, адам қасиеті зат қасиетімен бағаланып көрсетіледі [4, 209 б.].

Ұғым белгілі бір объектінің ең мәнді белгілерін көрсететін сананың нәтижесі. Ал тұжырымда объектінің мәнді белгілерімен қатар, мәнді емес белгілері болады. Сөз мағынасындағы ауыс мағына негізгі мағына мәнінің жалпы элементтерімен емес, ассоциациялы деп танылатын белгілерімен байланысады, яғни негізгі мағына үшін маңызды емес семантикалық белгілерімен байланысады [1, 352 б.]. Сөз белгілерінің жалпы метафоралы заңдылықтарының топтары бар: заттың физикалық белгісі адамға ауысады және тұлғаның психикалық қасиетін білдіреді, ерекшелейді; заттың атрибуты абстракциялы атрибутқа айналады; адамның жеке күйі, іс-әрекеті заттарға, табиғат құбылыстарына, абстрактілі ұғымдарға ауысады; табиғат және табиғи белгілердің адамға ауысады. Метафоризация үрдісі жиі қарама-қарсы бағытта болады: адамнан табиғатқа, табиғаттан адамға, жансыздан жандыға және тіріден өліге. Зат категориясынан абстрактілі категорияға ауысуы сирек.

Зат, құбылыстың немесе оның физикалық белгісінің адамға ауысуы

Заттың физикалық белгісі адамға ауысқан және тұлғаның психикалық қасиетін білдіретін метафоралар: *Алтун* башлығ йыланмын (Ырық бітігі 5); *Алтун* қанатлығ талым кара куш мен (Ырық бітігі); *isig jas* (Е 435); *qara bodunim qatiglanin* (КТжж 5); *qanym tökti* (Тон 52); *йелме* ері келті (МЧ 18) т.б.

Табиғат және табиғи белгілер адамға ауысады: *kün qadas* (*туыс, туысқандар*) (Е 31, 45 7) [5, 326 б.]; *Ulug irkin az* (*іркин – толассыз жаңбыр*) (КТүж 34) [5, 442 б.]; *jaruq* (Е 151) [5, 244 б.]; *Qüni säniin* (Тон 9) [6, 113, 189 бб.] т.б.

Заттың, құбылыстың, адамның қасиет белгісінің абстрактілі ұғымға ауысуы

Заттың қасиет белгісі абстрактілі ұғымға ауысады: *Sabni süciq* (КТжж 5). Тұлғаның қасиеті мен іс-әрекеті затқа, табиғат құбылысына, абстрактілі ұғымдарға ауысады: *erdäm juräkim* (Е 441) [5, 286 б.]; *alp juräkina* (Е 6 91) [8, 141 б.]; *Воз бұлым йорыды* (Ырық бітігі 53); *тыл тутмыс (хабар)* (МЧ 24) [7, 143 б.]; *күн тоғұру* (МЧ 13) [7, 137, 50 бб.]; *kün togdi* (ТhS II 39) [5, 326 б.]; *арқалық ... теңрім* (Майда Орхон ескерткіштері, 8 ескерт) [7, 188 б.].

Жанды, жансыз заттардың метафоралануы

Сөздің метафоралы қолданылуын айыруда зат есімді таяныш етеміз. Ал метафоралы сөз қолдануды таза лингвистикалық тұрғыдан, сөз табына байланысты сарапқа салған Е.Т. Черкасова да, Б. Хасанов та солай қарайды. Метафораландыруда басты роль зат есімнің негізгі семантикалық категориялары – жандылық пен жансыздыққа байланысты. Сөздердің лексикалық байланысы да зат есімнің осы семантикалық категориясымен анықталады.

Аристотель “Риторика” еңбегінде метафораның төрт түрінің ішінде көп назарға ілінетіні аналогия негізіндегі метафора екенін жазған. Мысалы, Перикл “соғыста қаза тапқан

жастарды жыл мезгілінің ішінде көктемді құртқандай (жойғандай) деп айтқан. Аристотель әсіресе күштісі әрекет метафора деп есептеген. Аталған еңбекте былай дейді: “метафора в высокой степени обладает ясностью, приятностью и приметой новизны”. Аристотель метафораның әрекеті әсіресе барлық қозғалатын және өмір сүретін жандыға жансыздың аналогиялық ұқсатылуына негізделеді деп есептейді. Квинтилиан “Двенадцать книг риторических наставлений” еңбегінде метафораның жасалуының төрт түрлі жағдайын көрсетеді: 1) жанды зат пен жандының ауысуы (қасиетінің ауысуы); 2) жансыз зат пен басқа жансыз заттың ауысуы (қасиетінің ауысуы); 3) жансыздың жандыға ауысуы (қасиеті алмасады); 4) жандының жансызға ауысуы.

Б. Хасанов жандылық пен жансыздық семантикалық категорияларын былай бөледі: 1. Жанды заттардың атауы біріне-бірі ауысады: а) жансыз жандыға ауысады; б) жанды жансызға ауысады [9, 67 б.]. Жанды, жансыз қасиет белгілердің ауысуы арқылы метафораның жасалу жолдарын негізге ала отырып біз мынадай топтарға бөлеміз: 1) жандының жандыға ауысуы; 2) жансыздың жансыз затқа ауысуы; 3) жансыздың жандыға ауысуы; 4) жандының жансызға ауысуы. 5) абстрактілі ұғымның жанды затқа ауысуы; 6) абстрактілі ұғымның жансыз затқа ауысуы.

Жандының жандыға ауысуы

Ел сөзі адам атына ауысқан: *El sur, El toğan tutuq* (Е 328). *Қаған, хан, жиен, ер, қарт, ана* атауларының адам аттарына метафоралануы да байқалады: *Bas қақан* (КТүж 16), *Jegan sur* (КЧ 21, КЧ 26), *Qart atiq* (Е 492), *Jas qart* (Е 25), *Bai apa sañun* (Е 71), *Bai apa* (Е 396). Ескерткіштерде *май, барыс, бөрі, құс* сөздері ауыс мәнде адам аттарында жұмсалған: *Tai bilga tutuq* (МЧ 11, МЧ 12, МЧ 17), *Licün tai* – сүнүн (БК 11), *Барс бәг* (КТүж 20), *Cocuy böri sañun* (Е 121), *Qusu qusu tutuq* (КТ 41). Бек атауы халық, ру, тайпа атауына ауысқан: *altı bag* (Е 12).

Ескерткіштерде адам өзін аң, құс және жануарларға – *қаршыға, қара құс, құзғын, жылан, айғыр, бураға* балап образды бейнелерді жасайды: *Тоған қуш мен* (Ырқ бітіг 4); *Алтун қанатлығ талым қара қуш мен* (Ырқ бітіг 3); *Талым қара қуш мен* (Ырқ бітіг 51); *Алтун баишығ йыланмын* (Ырқ бітіг 8); *Алтун тұйықлуг адғырлығ йарағай* (Ырқ бітіг); *Тимір буғра мен* (Ырқ бітіг 20). Көне жазба тілінде жансызға жан бітіру бейнелі метафорасы жасалған: *қузғын сабы теңігеру йалбарур үзе теңрі есідті құзғын сөзімен тәңірге жетті, көкте тәңір естіді* (Ырқ бітіг 54).

Жансыздың жансызға ауысуы

Жансыздың жансызға ауысуы бойынша *темір, қазан, алтын, інжу, жар, бал, бұрыш, от* атаулары жер-су аттарына, түрлі жансыз заттар мен ұғымдарға метафораланған: *Темір қаріг* (Тон 46, Тон 45, КТүж 17); *Qasan* (Е 162); *Altun jıs* (КТ 36, Тон 31, Тон 20); *Ер-Қамыш* (МЧ 25); *Jencü öqüz* (КТкж 3), (КЧ 16) (Тон 44); *Jar* (МЧ 8); *bal barım* (Е 514) [8, 135 б.]; *төрт булуңдақы* (БК 9) (КТүж 29), (Тариат 4), (Ырқ бітіг 28), (БК 2), (О 1), (КТүж 2); *йаш от* (Ырқ бітіг 53).

Бақыр “мыс” атауы “ақша” метафоралы қолданысына ауысқан: *baqr biñi* (Е 76).

Жансыздың жандыға ауысуы

Метафоралы сөз қолдану көпшілік жағдайда жансыз нәрселерге жандылық қасиетін телуге байланысты. Бұл метафораландыруда сөздердің жаңа байланыста, тіркесте жаңа мән, мағына алуы ықтимал. Осының арқасында сөздердің экспрессивті әсері мен мәндік қасиеті арта түседі [9, 68 б.]. Мысалы, аспан – тәңір метафоралы мағынасы: *täñgi basmasar* (КТ 22); *теңрікен алмазүн тийін* (Ос 8); *täñgi ilimkä* (Е 35); *котурмиш тәңрі* (КТүж 25); *Уза түрк тәңрісі* (КТүж 10). Жол – тәңір – адам метафорасы: *Қара йол теңрі мен* (Ырқ бітіг 48); *Ала атлығ йул теңрімен* (Ырқ бітіг 2). Кейде жансыз-жанды-жанды моделі бойынша *аспан-құдай-*

қаған мағыналарының ауысуы орын алған: *үзе теңрі қанлүй көк тәңрі қаған* (Оа 4) [7, 120, 122 бб.].

Қасық, темір, базар, анар атаулары кісі есімдеріне ауысқан: *Qasuq* (E 341); *Tok temir* (E 106), *Sabiq basar* (E 322); *Anar* (E 401). Оқ сөзі халық, ру, тайпа бірлестігінің атауына ауысқан: *он ок будун* (КТҮж 19, БК 15, 43, 30, 33, 19, 42).

Сезіммен қабылданатын дерексіз және тікелей бақыланбаған объекті белгілері жөніндегі метафора гносеологиялық (танымдық) қызмет атқарады. *Құт, білге (ақылды), күш, тірі, еркін, озмыш* сияқты абстрактілі сөздердің жандыға ауысуын адам аттарынан табуға болады: *Қутлұғ білге сеңун* (Тариат 14), *Білгі құтлұғ тарқан* (Тариат 14), *Өз білге* (МЧ 47), *Küc kül tutuq* (E 252), *Külüg tirig* (E 33), *Qutlug бага тарқан* (E 473), *Qutlug cigsi* (E 191), *Küni tirig* (E 61), *Tархан Оге Туриг* (E 533), *Kök tirig* (E 511), *Ulug irkin* (КТ 34), *Огуз-Бильге* (КТҮж 53), *Bars tirig* (E 984), *Озмыш тігін* (МЧ 9), (Тариат 21, 23). Сондай-ақ *жарық, алты* сөздерінің де ауыспалы мағыналары адам аттарында жұмсалады: *Altu* (E 301), *jariq tegin* (E 151).

Жандының жансызға ауысуы

Каның субча југурти қаның суша жүгірді (КТҮж 24) деген жолда қанның жүгірмейтіні белгілі, бұл теңеу негізді метафора. *Арқар, Тајған, Јаргун* жабайы жануар, аң атауларының негізінде географиялық жер атауы метафораланған: *Арқар башы* (МЧ 25); *Tajgan köl* (МЧ 27); *Türgi jargun* (КТҮж 34). *Қатын* сөзі жер атауына метафораланған: *Agük qatun* (E 34) [5, 467 б.].

Көне түркі ескерткіштер тілінен абстрактілі ұғымның жансызға ауысуын да байқауға болады. Мысалы, *beñkii* сөзінің алғашқы мағынасы “мәңгі” болса, екіншілік атау алуда “ескерткіш” мағынасына метафораланған [5, 94 б.]: *buça ci(k(sin ben beñ (g(ü ermis* Мен мұнды Чиксин, бұл менің ескерткішім (E 135). *Jaris/ жарыс* атауы *Jaris* (Тон 36; МЧ 19) [5, 241 б.] географиялық жер атауына метафораланған.

Метафораны белгіге бекітілген логикалық тәсіл анықтайды. Сөздің белгілері аясында жасалатын метафоралану процесі объектілердің бір тобын немесе индивидтердің қасиеті мен әрекетін басқа объектілер тобымен немесе аталған топтың басқа аспектісіне жататындармен салыстыру негізінде жасалады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Золотой фонд. Энциклопедия. Русский язык / Под ред. Т.А. Ганиева, И.А. Васюкова. – М.: «Большая Российская энциклопедия», 2003. – С. 235.
2. Аристотель. Поэтика. - Варшава, 1885. – Р. 220.
3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: «Дәуір», 2003. – 286 б.
4. Языковая номинация. Виды наименований / Под ред. Н.В. Кубрякова. – М: “Наука”, 1977. – С. 304.
5. Древнетюркский словарь / Под ред. В.М. Наделяев, Д.М. Насилов, Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак. - Ленинград: Наука, 1969. – С. 676.
6. Орхонские надписи Кюль-Тегин Бильге-Каган Тоньюкук. - Семей: «Международный клуб Абая», 2001. – С. 264.
7. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. - Алматы: «Ғылым», 1990. – 220 б.
8. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. - Алматы: «Мектеп», 2003. – С. 426.
9. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. – Алматы: “Мектеп”, 1966. – 208 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

Ахмет Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың ұлы реформаторы, көрнекті қоғам қайраткері, қазақ әліпбиі, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы, түркітанушы, ақын, аудармашы, «Қазақ» газетін ұйымдастырушы, шығарушы және оның бас редакторы.

Академик Ө. Айтбайұлы: «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспендікпен суғарып, толассыз еңбекпен шындаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған, мал соңына ерген, малмен бірге ұйықтап, малмен бірге жусаған қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ боп сары масадай ызындаған үлкен ақын, тілім деп түн ұйқысын төрт бөлген талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар тұлға тұтқан түрколог, қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері. Бұл санамалап отырған атақ, дәреже, лауазымдардың өзінен өзі келмегені мәлім. Ол талмай ізденіп, тамаша туындылар берген. Өмірдегі өзінің басты мақсатын туған халқына қызмет ету деп түсінген Ахаң (Ахмет Байтұрсынұлы) небір тар, тайғақ кешулерден өте келе, тамаша еңбегімен қазақ халқының ары мен ұятына айналған өте күрделі де, көсем тұлға... Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін, оның сауатты да білікті ел қатарына қосылуы үшін ақтық демі біткенше күрескен осынау ұлы адамның аты ұлт жүрегінде мәңгі сақталуы тегін емес. Ендеше ол адамзаттың асыл перзенті, қазақтың ұлы тұлғасы, қазақтың ұлттық мәдениетінің Хантәңірі» [1, 6-7], - десе, профессор Б. Әбілқасымов: «Ұлттық ой-сананың өркендеуі мен дамуына өлшеусіз еңбек сіңіріп, соны серпіліс туғызған дара да, дана тұлғаның бірегейі» [2, 141], – деп жоғары бағалаған.

А. Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы, әлеуметтік қызметі, саяси-қоғамдық көзқарастары, оның тілдік мазмұнын терминологиялық, публицистикалық, лингвистикалық т.б. ақпарат өзіндік сипатымен ерекшеленеді. Осы бағыттағы зерттеулер М. Әуезов, М. Дулатов, Ш. Сәтбаева, Қ. Мұхамедханов, З. Ахметов, М. Қозыбаев, Р. Нұрғали, Ш. Елеукенов, С. Қирабаев, Т. Кәкішұлы, Т. Жұртбай, С. Өзбеков, Ү. Субханбердина, Р.Сыздық, Ө. Айтбайұлы, Б. Әбілқасымов, Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, Б. Момынова, А.Ісімақова, Р. Имаханбетова, Г. Тұрғараева т.б. ғалымдар еңбектерінен көрініс тапқан.

«Қазақ» қоғамдық-саяси және әдеби газеті 1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда шыға бастады. Алғашқы кезде жетісіне бір рет, кейін жетісіне үш рет жарық көрген газеттің бірінші редакторы белгілі ғалым, жазушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы, екінші редакторы қоғам қайраткері, жазушы Міржақып Дулатұлы болды.

«Халықтың көзі, құлағы һәм тілі», білім мен жаңалықтың жаршысы болған «Қазақ» газеті беттерінде ХХ ғасыр басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, қазақ шаруашылығының жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып пен салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған құнды мақалалар жарияланған.

«Қазақ» газеті сол тұстағы қазақ қауымының көкірек көзін ашқан материалдар жүйелі жарияланып отырды. Соның ішінде көркем әдебиет үлгілері, ғылым мен техника жетістіктері туралы материалдар, ағартушылық бағыттағы, салт-дәстүрге байланысты жазылған мақалалар газеттің негізгі ұстанған бағытынан хабардар етеді. Танымдық ауқымы мол материалдар халықтың көзін ашуға, оқуға, білімге үндеп, мәдениетке шақыру мақсатын көздеді [3, 21].

Бұл жөнінде алғашқы қазақ газеттерінің тілін зерттеген ғалым Б. Әбілқасымов былай дейді: ««Қазақ» газеті – ХХ ғасыр басындағы сахара елінің күллі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани тыныс-тіршілігін, салт-санасын, әдет-ғұрпын, тіл байлығын қаз-қалпында айнаға түскендей бейнелеп берген энциклопедиялық басылым. Әрине, газеттің мұндай дiттеген деңгейi биiктен көрiнуi – оның бас сарапшысы мен идеялық-саяси дем берушiсiне, рухани жебеушiсi мен қаржылай демеушiсiне өзара байлаулы екенi аян. Бұл ретте қадау-қадау нақ осындай iргелi де күрделi әрi жауапкершiлiгi зор мiндеттi – тағдыр-ғалайлары қоғамдық-саяси өмiрдiң қиыр-қиыр соқтықпалы, соқпақсыз жолында тоғысқан Ахмет Байтұрсынұлы, Мiржақып Дулатұлы, Әлихан Бөкейхан сынды күрескер үш алып кеменгер ынтымағы жарасып бiрге атқарды... «Қазақ» газетi ғасыр басындағы қоғамдық өмiрдiң барлық саласында өз iз-бедерiн қалдырған ана тiлiнiң қолданыс мәдениетiн жоғары сатыға көтерген, әдеби тiлдiң жөндiгiп, өрiс аясының дамуына үлес қосқан мерзiмдi басылым» [2, 141, 148].

«Қазақ» газетiнiң жалпы халықтық, шын мәнiнде ұлттық газет екенiн атаулы газеттiң тұңғыш санындағы бас мақалада жарық көрген А. Байтұрсынұлының төмендегi пiкiрi дәлелдей түседi: «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аты деп, газетамыздың есiмiн «Қазақ» қойдық. Ұлт үшiн деген iстiң ұлғаюына күшiн қосып, көмектесiп, қызмет ету – қазақ баласына мiндет... Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенше, ғұмыр жеткенiнше iстеп кетелiк» [4, 11].

Қазақ халқының рухани, мәдени тарихында Ахмет Байтұрсынұлы ұйымдастыруымен шыққан «Қазақ» газетiнiң орны ерекше басылым болды. Ұлттың үнiне айналған басылым жайында ұлы жазушы М. Әуезов «Ахаңның елу жылдық тойы» атты мақаласында былай деп жазған болатын: «Қазақтың еңкейген кәрi, еңбектеген жасына түгелiмен ой түсiрiп, елiн ұйқысынан оятып, жансыз денесiне қан жүгiртiп, күзгi таңның салқын желiндей ширықтырған, етек-жеңiн жиғызған «Қазақ» газетi болатын. Ол газеттiң жаны кiм едi? Iшiндегi қажымайтын қайрат, кемiмейтiн екпiн кiмнiң екпiнi едi? Ол екпiн ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерiк бермеген соң «маса» болып талай ызындап «оятамын» деп ұзақ бейнеттi мiндет қылып алған Ахаңның екпiнi болатын» [5, 64].

«Қазақ» газетiндегi қоғамдық-саяси лексиканы жүйелеген ғалым Б. Момынова: «1913-1918 жылдар арасында «Қазақ» газетi бетiнде қазақ жұртшылығы, қазақ қауымы үшiн өзектi, өмiрлiк мәнi бар тақырыптардың көтерiлмегенi жоқ. Бұл тұрғыдан, «Қазақ» газетi өз кезiнiң кiшiгiрiм энциклопедиясы деп батыл айтуымызға әдбен болады. Өз заманында бiр өзi қазiргi ондаған басылымның ролiн атқарған «Қазақ» бүгiнгi ұрпақ үшiн осы жағынан да құнды деп бiлемiз» [6, 16], - дей келе, көркем әдебиет үлгiлерi, ғылыми, ғылыми-зерттеу тақырыптарындағы мақалалар, салт-дәстүрге, саяси-әлеуметтiк жағдайларға байланысты жазылған материалдармен қатар, статистикалық материалдар, жарнамалар, әртүрлi мерзiмдi басылымдар беттерiне шолу, жаңа кiтаптар туралы тың мәлiметтер т.б. қамтылғандығын айтқан болатын.

Жоғарыда аталып өткен материалдардың тақырыптарына қарап отырып, газет бетiнде әдеби тiлiмiздiң дамуына негiз болған функционалдық стильдердiң бар екендiгiне көз жеткiзуге болады. Мәселен, қоғамдық-публицистикалық стиль аясында ғылыми-көпшiлiк стиль, ғылыми стиль, көркем әдебиет стилi, ресми iсқағаздар стилiнiң үлгiлерi мен эпистолярлық стиль. «Қазақ» газетiнiң әдеби тiлдi дамытудағы басты рөлi осы стильдiк тармақтарды жетiлдiру жолындағы қызметiмен де ұштасып жатқандығы, оның өзi үлкен бiр мәселенiң жүгiн арқалайтындығы. Сол себептi «Қазақ» газетi – сол кездегi халық тiлiнiң, әдеби тiлiмiздiң үлгiсi ғана емес, жалпы қазақ қауымының қоғамдық-саяси өмiрiнiң рухани көрiнiсi.

«Қазақ» газетi Қазан төңкерiсiне дейiнгi баспасөз тарихында ең шоқтығы биiк басылым болды. Оған апталықтың ұстанған жолы, мұрат-мақсаты шын мәнiнде «халықтың көзi, құлағы һәм тiлi» бола бiлген қызметiн айта келiп, өзге басылымдарға қарағанда, барынша ұзақ мерзiмдi әрi жиi шығып тұрған басылымға айналған. Сонымен

бірге таралымы мол және таралым аймағының кең болғаны оның құндылығын арттыра түскен. А. Байтұрсынұлы таза қазақ тілінде ұйымдастырып ашқан газеті, қазақ баспасөзінің негізін қалады.

Біріншіден, «Қазақ» газеті тұңғыш шынайы жалпыұлттық саяси-қоғамдық газетке айналып, шын мәнінде қазақ халқының жанашыры болды.

Екіншіден, А. Байтұрсынұлы «Қазақ» газеті арқылы өз ұстанымына сай ұлт тәуелсіздігінің саяси платформасын қалыптастырып, оны оянған сананың іс-қимылын жолға салып отыратын орталыққа айналдырды.

Үшіншіден, қазақ руханиятының жан-жақты өркен жаюының кешенді бағдарын болашаққа «Қазақ» газеті арқылы аманат етті. Осы үш таған «Қазақ» газетінің ұлттық болмыс бітімінің және оны ұйымдастырушы редакторы А. Байтұрсынұлының ұлтын сүйген ұлт зиялысына айналғанын айғақтайды. А. Байтұрсынұлы ашқан «Қазақ» газеті қазақ баспасөзінің мәңгілік көшбасшысы болып қала береді [7, 16].

Қорыта айтқанда, қазақ халқының рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы басқаруымен шығып тұрған «Қазақ» газеті – сол кездегі қазақ даласының қоғамдық-саяси және мәдени өміріне қызмет еткен әрі қазақ халқының рухани-мәдени тарихын танытқан шоқтығы биік алғашқы ұлттық басылымдардың көшбасы.

Әдебиеттер:

1. Айтбайұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы және Алаш тағлымы // Жас қазақ үні. №49 (559), 22.11–26.11.2012. - 6-7-бб.
2. Әбілқасымов Б. Ұлттық баспасөздің негізін қалаушы // Ұлттың ұлы ұстазы. – Алматы, 2001. – 316 б.
3. Момынова Б. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). – Алматы: «Арыс», 1999. – 228 б.
4. «Қазақ» газеті /Бас редактор Нысанбаев Ә. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
5. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 2-т. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 432 б.
6. Момынова Б. «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: «Арыс», 1998. – 110 б.
7. Тұрғараева Г. Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1872-1937 жж.): тарих ғыл. канд. ...дисс. автореф. – Алматы, 2009. – 26 б.

Куркебаев К.К.

ЕНИСЕЙ ЭПИТАФИЯЛЫҚ ЖАЗУЛАРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09260070 гранты)

Көне түркі руникалық жазулары ғылымның сан алуан салаларынан әртүрлі деңгейде зерттелгені белгілі. Алайда бұл жазба ескерткіштердің жанрлық ерекшеліктері туралы мәселенің нақты нүктесі әлі күнге дейін қойылған жоқ. Оның себебі көне түркі жазба ескерткіштерінің жанрлық сипатының көп қырлығы, көп құрамдығы, кең ауқымдылығы. Сонымен қатар зерттеушілердің шағын мәтіндерге аз көңіл бөлуі ондағы ақпараттардың мардымсыздығы және қысқа жазуларды түсіндірудің қиындығы. Табылған жазулардың әбден көнеленіп ескіруі мен мүжіліп көрінбей қалуы да қиындықтар тудыратыны сөзсіз. Сол себепті де көне түркі руникалық жазуларының жанрлық әртүрлілігі түркітану ғылымы үшін әлі де шешімін толық таба қоймаған аса өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Енисей өзенінің бойынан табылған Уюк-Тарлак, Уюк-Аржан, Уюк-Туран, Барық, Бегре, Чаа-холь, Қызыл-чыраа, Телээ, Элегес, Бай-булун сияқты эпитафиялық сипаттағы шағын қысқа жазуларға түркітанушы ғалымдар тарапынан таңбалық дешифровкасы түсіндіріліп мәтін мазмұны оқылды, транслитерциясы көрсетіліп, аудармасы жасалғаны белгілі.

Түркітану кеңістігінде С.Е. Малов, А.М. Щербак, И.Л. Кызласов, Э.Р. Тенишев, А.С. Аманжолов, С.Р. Рыгдылон, С.Г. Кляшторный, Д.Д. Васильев, И.В. Кормушин сияқты ғалымдар Енисей жазуларының оқылуы мен аудармасына, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық ерекшеліктерімен жазбаша және ауызша сөйлеудің өзара әрекеттесу мәселелеріне баса назар аударса, И.В. Стеблева сияқты зерттеушілер прозалық немесе поэзиялық жанр түрі мен әдебиеттану ғылымындағы сипаттамасына ерекше көңіл бөлген еді.

Енисей жазба ескерткіштерінің тілін зерттеген Э.Р. Тенишев көне түркі жазба ескерткіштерінің жанрлық ерекшелігі сан салалы көп құрамды екенін алға тартады. Ғалым жазудың негізгі жанрлық ерекшелігін «тарихи-библиографиялық ақпараттар мен мола басына орнатылған құлыптастардағы жоқтау мен еске түсіру мәтіндері, жартастар мен тастардағы, тұрмыстық бұйым заттардағы магиялық, діни, құқықтық сипаттағы даналық сөздер мен ой-тұжырымдар», - деп көрсетеді [1, 38].

Тарихшылар мен лингвистер Енисей ескерткіштерінің ұзақ эпитафиясымен салыстырғанда сапалы жаңа ақпаратты алып жүретіндігін және олар жазуды қолданылуының басқа саласына жататындығын алға тарта отырып, жартастардағы, тастардағы, заттардағы қысқа жазулардың мақсатын ашу олардың жанрлық ерекшелігін түсінудің қайнар көзі болып табылатындығы туралы пікірлері негізінен бір арнаға тоғысады.

Шындығында рунология іліміндегі қысқа жазуларды оқып жүйелеу жаңа жазба ескерткіштерге талдау жүргізуді жеңілдететіндігін және олардың семантикалық шекарасын айқындап мазмұны ұқсас жаңа жазба ескерткіштер тобын анықтауға мүмкіндік тудыратынын естен шығармаған жөн.

Көне түркі жазба ескерткіштеріне лингвотекстологиялық тұрғыдан зерттеу жүргізген ғалым Құлмат Өмірәлиев бұл эпитафиялық ескерткіштер туралы былай дейді: «Енисей жазулары – өлінің тарихын сол өлген кісінің өзінің атынан баяндайтын мұңды шежіре. Мұның «тарих» болатыны – тірі кездегі бірді-екілі істері аталады; мұңды шежіре болатыны – тума-туыстарымен бірге өмір сүре алмағаны, олардан айырылғаны туралы айтылады. Мысалы, *Сіз: еліме, қунчуйума, оғланым будунума, сізіме алтмыш йашымда алдырылдым. Атым – Ел Туған Тутуқ, бен теңрі елімке елшісі ертім, алты бағ будунқа бег ертім.* Аудармасы: *Сіз: елімнен, күнекейімнен, ұлымнан, халқымнан – сіздерден алтыс жасымда айырылдым. Атым Елтуған тұтық мен, теңрінің еліме елшісі едім, алты бау халыққа бек едім* [2, 523].

Енисей жазбаларының жалпы сөйлем жүйесі негізіне бір-екі сөйлем мен он шақты сөйлемнің арасын қамтиды. Сөйлем жүйесіндегі сөз тіркестері бір ыңғай үлгіде құрылып, көп жағдайды етістіктермен меңгеріле байланыса келе жиі қайталанып отырады.

Енисей жазуының негізгі жанрлық ерекшелігі – мәтін мазмұнындағы ақпараттық мәліметтер поэзия түрінде емес, тарихи прозалық қара сөз үлгісіндегі өлінің сөзі ретінде келуі, өлінің атынан айтылуы.

Енисей жазуының сан алуан жазба нұсқалары бойынша ұзақ жылдар бойы табандылықпен зерттеу жүргізген И.Л. Кызыласов «Рунические письменности евразийских степей» атты зерттеу еңбегінде қысқа жазулардың жанрлық ерекшеліктерін төмендегідей бірнеше топқа бөліп көрсетеді:

І. Эпитафиялық жазбалар. Бұл жазулар Енисей ескерткіштерінің ең айқын және ең үлкен тобын құрайды. Мұндай жазуларға (Е 1 - Е 3, Е 5 - Е 23, Е 25 - Е 32, Е 40 — Е 53, Е 55, Е 56, Е 58 - Е 63, Е 65, Е 66, Е 68- Е 73, Е 92, Е 96 - Е 98, Е 100, Е 104, Е 108—Е 110, Е 120, Е 121) сияқты 71 бітіктасты (стеланы) жатқызуға болады.

Бұл жазулардың мәтіндерінде тұлғаның өмірінің аяқталуына байланысты қайғы-қасіреті, дүние мүлкінің тізімі, қоғамдық еңбегімен оның негізгі құндылықтары, кейбіреулердің өмірбаяндық сәттері бірінші жақта баяндалады. Эпитафикалық жазбалар өте ауқымды болғандықтан түркітанушылар оны басқалардан бұрын зерттеген [3, 181].

Ғалымның атап көрсетуінше эпитафиялық мәтіндерді ерекше мәтін ретінде таза текстологиялық тұрғыдан талдаумен бірге жазбаша ескерткіштер жиынтығының әлеуметтік мәні тұрғысынан да зерттеудің қажеттілігі зор. Бұл мәтіндердің безендірілуі мен құрылу заңдылықтарын, олардың мазмұнын, экспрессивті құралдарын, ерекшеліктерін әдеби тілдің үлгісі ретінде талдау да күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі екені сөзсіз. Сонымен қатар палеографиялық, лингвистикалық, мәтіндік, әдеби және тарихи зерттеулерді толық көлемдегі деректанымдық кеңістік аясында да қарастырудың маңызы жоғары.

Бұрынғылармен қатар жаңадан ашылған жеке үлгілердің жанрлық мазмұнын анықтау үшін стелалардағы мәтін үзінділерінің өзі-ақ едәуір ақпарат береді. Алайда эпиграфист келесі белгілерге көңіл бөлуі тиіс:

А) мәтінді қорған құрылымының құрылысына кірмейтін бітіктасқа (стелаға) орналастыру;

Б) сызықтардың тік орналасуы, әдетте төменнен жоғары қарай оқылады;

В) мәтіннің алдында жеке таңбаның болуы және оның астынан қиып алынуы; жазуда белгілі бір сөздік қордың қолдануы (*ең алдымен: egatirn, egrdamim, adlr'ildlm, bekmadim, jita, elim, qamm, qujda quncujim, qadaJrtn, oflim, offanim, esizims*).

Рунологиялық зерттеу бағыттарында классикалық Енисей эпитафиясымен қатар, ерекше сипаттағы мәтіндері бар ұқсас ескерткіштер болғаны да айтылып жүр. Ежелгі хакас эпитафиялық канонының әсерінен олар кейбір жергілікті жағдайларға байланысты оның кейбір ерекшеліктерін қабылдағаны белгілі. Оларға арнайы бітіктасқа (стелаға) орналастыру, сызықтың төменнен жоғары қарай бағытталуы, Енисей жазуын қолдану сияқты ерекшеліктер жатқызылады. Тіпті мәтіннің мазмұны тек марқұмның аты-жөнін көрсетуге дейін қысқартылып алынып, таңбасы ойылмай қалған. Сонымен қатар бітіктас (стела) кабірге (ежелгі хакастардағыдай) орнатылмаған, тек мемориалдық құрылымға қоршау орнатылғаны И.Л. Кызыласов бастаған зерттеушілер тарапынан анықталған. Ескерткіштердің мұндай орналасуын ескере отырып, соңғы ерекшелігі олардың Алтай мен Тува түріктеріне жататындығына болжам жасауға болады.

Енисей жазуларына алғашқы болып қалам тартқан С.Е. Малов эпитафияның мұндай жаңа түрлері Алтай тауларындағы Талду-Айры жазбасымен сәйкес келетіндігіне қол жеткізеді. Осы нұсқада оқылуы тиіс: *e(ɛ) (a)fi (o)gii (a)j* «Оның ер есімі - Ённо Ай». Бұл ескерткіш Тувадан табылған үш стеланың мақсатын да көрсетеді: *Оттук-Даи I (E 4) - kiiɬ f](a)p(a)n iɬr(a)ki* (Его имя – Ичряки Кюч Кыяган (Ишкі дәрежесі Мықты Кыяган) [4, 20].

Аборигендік эпитафаларға ежелгі хакас канонының талаптарын анағұрлым толық көрсететін, бірақ таңба белгілерінсіз және мемориалдық ескерткіштерге қойылған жазуға қосымша үш бітіктас кіреді. Оларға Алтай тауындағы Қосағаш бітіктасы, Тувадағы Кезек-Хүрее (E 58) мен Сарғал-Ақсы (E 6 0) бітіктастары жатады.

II. Межелік жазбалар. Бұл қысқа жазбаларға назар енді ғана аударыла басталғандықтан жазбалардың зерттелуі бастапқы сатыда екені айқын. Соның ішінде Қара Қорған мәтіні бұл топтың жазуларын анықтауға мүмкіндік беретін маңызды ескерткіштің бірі болып табылады. Қазіргі уақытта межелік сипатына қарай төрт жазба сақталған (E 33, E 34, E 75, E 134). Рунологтар бұл жазбаларды оқып талдауда бірқатар қиындықтарға тап болып отыр. Өйткені бұл жазбалар скиф дәуіріндегі қорғандардың қабырғаларында жазылған. Барлық жерде жазумен белгіленген қорғаныш тастың ерекше маңыздылығының белгілері бар және бұл мәртебені сақтау қажеттігі айтылған. Етістіктер императивті көңіл-күйде және мәтіндер белгілі бар үндеумен аяқталады. Жазулар қысқа және түсіндіру кезінде кездесетін кедергілер көп болғандықтан бұл жазбалардағы ұсынылған оқылымдарды түпкілікті деп санауға болмайды.

Межелік мәтіндердің өзіндік ерекшеліктері осы уақытқа дейін жарияланған дерекқорларда айқын көрсетілмей келеді. Бұл тіпті басқаларына қарағанда жақсы сақталған Кутен булук (E 75) жазуына да тән екені көрсетілген. Бұл мәтін жақсы сақталғанына

қарамастан, оны оқу бойынша жұмыс әлі толық аяқталмағанын И.Л. Кызласов өзінің зерттеу монографиясында атап өтеді [5, 64-66].

III. Тақырыптық-жазулар. Бұл топқа 10 жазба кіреді де белгілі бір аймақ объектісінің атауынан тұрады. Олар тау (ороним) немесе өзен (гидроним) атауларын қамтуы мүмкін, сонымен қатар ортағасырлық хакастардың қабылдау ерекшеліктерін көрсететін табиғи объектінің сипаттамалық және бағалаушы сипаттамасы бола алады. Бірінші типтегі мәтінге мысал ретінде жартастың ежелгі атауын қамтитын Хая-Баж және XVI (E 24/16) жазуы келтірілген $q(a)ra s(e)g(i)r$ «Кара-Сенгир» (Қара таудың шыңы). Бұған құрамы тек баяндау бөлігімен ғана емес, мәтінді жасаушының атын көрсетумен де күрделі саналатын Мугур-Саргол (E 136) ұзақ жазуын жатқызуға болады. Жартаста осы таудың аты бар жақын маңдағы жол нүктесінің атауы да көрсетілген. Тепсей II (E 112) - $t(e)ps(e)jk(e)c(i)g$ «Тепсей паромы», яғни. Тепсей тауының жанындағы қиылыс атауы.

Мугур-Саргол I, Хая-Баж II, IV, Тепсей II, IV типті жазбаларының мазмұны ортағасырлық хакастар арасында кең тараған әдет-ғұрыптардан туындаған деген болжамдар бар. Бұл жазбалардыкесілген мәтін ретінде анықтап, белгілі бір жерге жету фактісін білдіретін жол белгілері ретінде санауға да болады.

IV. Дұға жазбалар. Бұл топқа құдайға табыну мен жалбарынадан тұратын бес петроглиф жатқызылады. Тепсей V мәтінінің мазмұнынан ежелгі хакастар дүниетанымы бойынша қасиетті таудың өзі сондай құдыретті күш, құдай болғанын куәландырады. Бұған Крәсхай жазуы да дәлел бола алады. Сонымен қатар жазбаларға таңбаның жеке белгісі ілінген, ол жазуды оюшының қолтаңбасын ауыстырған. Бұл таулармен қатар басқа таулардың да құдайлық рухы (духы) табынушы мен қандай да бір жоғарғы жаратушы құдай арасында байланыстырушы қызмет атқарған. Бұған Туба II мен Тепсей VI қысқа жазуларындағы мәтіндері жатқызуға болады. Мысалы:

*Туба II (E 36/2) — $t(a)rjr(i)m sokbizka$ «Боже, снизойди до нас» и *Tenceй VI (E 116) $t(e)bs(e)jk(e)£(i)gs2(??)q(?n2?)5 I(s l, K2, s2)£(e)r(i)l^a t(a)gr(i)ma Jfok a j(e)rk(?)a ?$**

Бұл жазулардың мазмұнынан «Құдай, бізге қамқор бол», «мұқтаждық пен аштық жоғалсын», «Құдайым, жерге қамқор бол» сияқты жалбарыну, табынуға сәйкес келетін мәліметтерді байқауға болады. Бұл топқа жататын көне енисей жазулары түркілердің (хакас) бір кездері таулардың рухтарына қарата айтылған тәңіршілдік дұғаларының мазмұнынан тұрады [6, 91].

V. Рәсімнен кейінгі жазбалар. Топтың атауы шартты, өйткені көптеген қасиетті жазбалар рәсім кезінде немесе оның аяқталуының белгісі ретінде жазылған. Бұл жазбалар негізінен дәл сол салт-дәстүрдің орындалуы кезінде жазылу нәтижесінде мәтіндер құрылған. Бұған Қарасук өзенінің сол жағалауындағы Лисиьчя тауындағы жазуды жатқызуға болады. $q(o)r soq b(i)t(i)m(i)s : sok(U)s(ii)g(a)r(i)m(i)s$ «Ең жиіркенішті (сөзбе -сөз: мүлде жеккөрінішті). Мұны құдайдың қызметшісі жазды. Сен күпірлігіңнен (сөзбе -сөз: қиянат, қарғысыңнан) тазартылдың. Бұл жазуға мазмұны жағынан ең жақыны Хая-Бажи X (E 24/10) жазуы. Бұл топқа қорған плитасында жазылған Ұзын оба ескерткіші де жатады. Төрт жолдан тұратын бұл жазу таудың рухына құрбандық шалу дәстүрін бейнелейді.

VI. Мадақтау жазбалары. Бұл жазулар тарихшы үшін өте қызықты болып саналады. Мәтіндері әрі қысқа әрі ауқымды. Олар жаратылыстың екі идеологиялық мотивтерін ажыратуға мүмкіндік береді. И.Л. Кызыласовтың зерттеу еңбегіндегі бұл жазулардың мазмұнының жалпы сипаты адамның өмірлік жетістіктері оның рухани құндылықтарымен тікелей байланысты екені атап көрсетілген. Екі ғана жолдан тұратын «Городовая стена» деп аталатын биік жартаста жазылған жазумен Хая Бажи, Мугур-Саргол қысқа жазулары жатқызылады. Бұл жазу мәтіндерінде Кешдим, УдурЧигши, ҚараСенгір сияқты жер-су атаулары кездеседі.

VII. Сиқыр-дұғалық (бақсылық) жазбалар. Бұл топқа ұсақ заттарға жазылған үш жазу жатқызылады. Біріншіге салт-дәстүрлік тәжірибеде қолданылған жазулар мен белгілі бір ырым-жоралғыларда көрсетілген көне жазбалар жатады. Тұрақты ескерткіш ретінде

Минусинск мұражайындағы қола айнада жазылған (A)sur qas "Асурий, кет! (Шайтан жоғал!)" қысқа жазуын қарастыруға болады. Зерттеушілер тарапынан жазбаның мазмұны мен оның метал айнаға басылып жазылуы Оңтүстік Сібірдің жергілікті байырғы тұрғындарының көне шамандық көзқарасы мен бақсылық дәстүрлі тәжірибесі бойынша түсіндіріледі.

Екінші жазуға ежелгі Кныши (Старые Кныши) аймағынан табылған қола айна мен оның сынық бөлшегінде сақталған руникалық жазу жатқызылады. Ол мынадай болып бөлшектеліп сақталған сияқты: (e)п (a)г (i)k... «Арсыздан қаш, ауруды қу... Бұл заттағы жазу Минусинск мұражайында №5022 тіркеу бойынша сақталған, әлі жарияланбаған.

Үшінші жазуға Бейск аймағында табылған темір қанжардағы қысқа жазу жатқызылады. Кейінгі зерттеулерде заттар бетінде сиқырлы жазбалардың болғаны, алғашқы зерттеулерге қарағанда басқаша түсіндірілуі мүмкін. Мәселен темір қанжардағы үшінші жазу кi "Қорға (күзет)!", - деп оқылған.

Бұндай мазмұн жазуы кеңінен белгілі көптеген халықтардың діни дәстүріндегі темірден жасалған заттардың (бәрінен бұрын қару) рөлімен сәйкестендіріледі. Куня тауының жартасындағы қарғыс тек 1989 жылы біз арқылы зерттелді және әлі күнге дейін берілген жоқ. «Адасып қал! Кері кет!» Дәстүрлі әлемдік көзқарас фактілері адамдардың жындарға тәуелді болуы өз құрбанының таза емес күшін іздеумен байланыстырылады. Мысалы, хакас-жолшылар жол апаттарынан сақтану үшін: «Чолым ачых полный, сом туюх ползын. Соок, соок, соок» деген дұғаны қолданады. «Жолым ашық болсын, жабық нәрсенің бәрі менің артымда болсын. Менен аулақ». Төрт қарғыс-жазудың ерекшелігі олардың орналасу жеріне ғана емес, сыйыну заттары мен жартастарға емес, мәтіндердің өте қысқа болуы және екіден беске дейінгі ғана әріптердің болуымен ерекшеленеді

Түйіндей айтқанда бұғытастар мен жартастарға, арнайы дайындалған құмдақ тастар мен әшекейлі алтын, күміс ыдыс-аяққа, металл айналар мен тиындарға қашалып бәдізделген енисей жазуларына палеографиялық, лингвистикалық, мәтіндік, әдеби және тарихи аспектіден салыстыра ғылыми сараптама жүргізілгенде ғана эпитафиялық, межелік, тақырыптық жазбалар, дұға жазбалар мен рәсімнен кейінгі жазбалар, мадақтау жазбалары, сиқыр-дұғалық (бақсылық) жазбалар сияқты негізгі жанрлық ерекшелігі түркітану шеңберінде толыққанды айқындалатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тенишев. Э.Р. Тюркоязычных письменных памятников языка // Языки мира. Тюркские языки. - М., 1997. - с. 35-46.
2. Өмірәлиев Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ.Әнес және Ж.Қ. Ибраева. – Алматы: «Абзал-Ай», 2014. – 640 бет.
3. Кызыласов И Л . Рунические письменности евразийских степей. - Москва: Издательская фирма «Восточная литература» РАН. 1994. - 327 с.
4. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – Москва, 1952. 20.
5. Кызыласов И.Л. Рунические письменности евразийских степей. - Москва: Издательская фирма «Восточная литература» РАН. 1994. - 327 с.
6. Кызыласов И.Л. Новые материалы по енисейской рунической письменности. – Советская тюркология. 1981, № 4 , с. 89–92.

КӨНЕ ҰЙҒЫР ТІЛІНДЕГІ ҚОС СӨЗДЕР ЖАЙЫНДА (СЕГІЗ ЙҮКМЕК ЙАРУК МӘТІНІ НЕГІЗІНДЕ)

Сөздердің қосарлану тәсілі барлық түркі тілдерінде кең тараған және жиі қолданылады. Әсіресе, соғды жазулы көне түркі тіліндегі мәтіндерде өте көп кездеседі. Соғды жазулы (ескі ұйғыр жазуы деп те аталады) көне түркі тіліндегі қос сөздерді алғаш зерттеген түрік ғалымы Саадет Шакир Чағатай. Ғалымның «Ұйғыршада қос сөздер» («Uygurca'da Hendiadyoinler») атты ғылыми жұмысы Анкара университеті, Тіл және Тарих, Жағрафия факультетінің «Жылдық зерттеулер журналының (1940 – 1941)» бірінші санында жарияланған. Соғды жазулы көне түркі тіліндегі қос сөздер туралы екінші үлкен ғылыми зерттеу еңбек Ута Шилинге тиесілі. Еңбек 2000 жылы Берлинде Фрейе Университетінде жарияланған. Үшінші көлемді ғылыми еңбек түрік ғалымы Серкан Шен тарапынан 2002 жылы жарыққа шықты. Еңбекте 3200 ден аса қос сөздер қамтылған.

Зерттеу нысанымыз көне түркі тілінде соғды жазуымен (көне ұйғыр жазуы деп те аталады) жазылған «Сегіз Йүкмек Йарук» еңбегіндегі қос сөздер. Аталмыш шығарманы («Сегіз Йүкмек Йарук Сутрасы») әр жылдарда ғылыми тұрғыда Т. Ханеда (1915), Банг (1934), Гавайн (1954), Ф. Джиашенг (1955), Йамада Нобуо (1958), Шагайто Масахиро (1979), Джутен Ода (2010) сияқты танымал ғалымдар зерттеген. Негізгі әдебиет ретінде жапон ғалымы Джутен Оданың 2010 жылы жарияланған «Сегіз Йүкмек Йарук Сутрасы» (“Säkiz Yükmäk Yaruk Sutra”) еңбегін пайдаландық. 466 жолдан тұратын шығармадан 157 қос сөз кездестірдік. Төменде қос сөздердің бірнешеуін мысал ретінде бердік.

а) қосымшасыз-қосымшалы сөздердің қайталануы арқылы жасалатын қос сөздер:

sadu sadu = жақсы жақсы

«inča tip yrliqadī sadu sadu tidīysiz bodi- -svt siz uluγ yrliqančuči köngülin»
былай деп әмір етті жақсы жақсы мінсіз будист үлкен мейірімді жүрегін.

adruq adruq = түрлі түрлі

«turqaru bilgä biliglig közin adruq adruq alqinčšiz körklä öng körk körür»
Түркі әлемінің тілдерінде түбірлердің ерекшеліктері бәрімізді әлі күнге дейін талас пікірлер тудырып келеді. Тірі түбірлер мен өлі түбірлер сөз құрамында белгілі бір морфемасыз қолданылмайды, яғни қосымша арнайы бір белгілердің көмегімен ғана байланысады. Оған көмекші морфемалар жалғана алатынын талдау жүргізу арқылы анықтауға болады. Түрік тілдерінің түбір ұғымын дәстүрлі талдаулардың күшімен анықтау әлдеқайда күрделі екенін байқаймыз. Түркітану ғылымы түркі түбірлерінің дәрежесі туралы біржақты шешім айта алмай келеді. «Түбір, байырғы сөздер, түбірсөздер»терминдері шартты мағынада анықталады. Түркі тілдеріндегі түбір өзгермелерін зерттеу айқындалған мәселе деп немесе толығымен ашылған дүние деп қарау мүмкін емес. Қазақ халқыныңтоқсанауыз сөзі түбірлерді айқындауға сөз құрылымын талдап зерттеу ғылымы қазіргі лингвистика ғылымына үлкен бетбұрыс әкеледі. Адам баласының тіл құрылымының құрамын зерттеу тәсілі де өзгеше. Қазақ халқының тілді зерттеу ғылымы тілдің жаратылу немесе пайда болу ұғымын түсіндіріп береді. Әр заттың негізі атомдық молекулалардан тұратыны тәрізді, адам баласының тілінің негізі шылаулардан тұратындығын айтады. Біздің Т-А-С әліппесі тілдің яғни барлық жаратылыс денелерінің бәрі адамға қызмет ететінін алға тартады. Бұл әліппедегі мысалыс: АТА-АНА-АҒА-АПА-ІНІ- түбірлес мағынаны көрсетеді. Ал шылауларымыздың көбі түбірлік мағына бола алады. Осы шылауларымыздың алдына бір әріп қосылып сөз шығады. Сөздіктер бір-бірімен жалғанып сөйлем пайда болады. Негізгі құрамы шылаулар қазір қазақ тілінде ғана өзгеріске ұшырамаған, ал қалған түркі халықтарында тек шылауға жалғанған бас әріптер өзгеріске көп ұшыраған. Түркі тілдеріндегі ең негізгі тіл қазақ тілі екенін айта кеткен жөн.

Тілдің негізгі атомдық құрылымы болған шылаулар қазақ тілінде неге өзгеріске ұшырамаған. Ал қазіргі кездегі қазақ тілі өзгеріске ұшыраған деген пікірлерге немесе зерттеулерге Т-А-С әліппесі толығымен қарсы тұрады. Осы әліппе арқылы тұрмыстық сөз тіркестерінен басқа, қазақ сөзінің диалектикасының өте мықты екенін ұғуға болады. Т-А-С әліппесі арқылы Шумер тілдеріндегі Т-А-С әліппесінің құрамындағы сөздіктерді көруге болады. Т-А-С әліппесі өте ескі, өзгермейтін уақытқа бағынбайтын космостық ашылмаған сырға толы әліппе екенін көруге болады. Т-А-С әліппесі – қазақ халқының ең ежелгі лингвистика ғылымы деп айтсақта қателеспейміз. Қазақ тілінде ең алғашқы Адам баласының АТАсы Адам атамызды өте жоғары санатқа жатқызады. Жалғыз түркі тілдерінде Адам сөзі айна қатесіз тура мағынада айтылады. Ал славян, англосакс тілдерінде тек Адам деп есімі аталады да, басқалай өзгеріске ұшырайды. Мысалы славян тілдерінде Человек, ағылшын тілдерінде Man тағысын тағы басқа тілдерде де сол дәрежеде. Тілдерді зерттеудің жаңадан Т-А-С ғылымы үлгілері методикасын ұсынады. Түркі әлемінің қасиетті қарашаңырағы болған қазақ халқының тілінде Адам АТАмыз сөйлеген фразеологиялық сөздіктер бар. Қазақ халқының АТА-Баба өсиет сөздері дегеніміз ол факт, ол документ. Талқылап талдауға келмейді. Тек орындау керек. Бір беріліп тұрған команда десек те болады. Қалай зерттесеңде, талдасаңда, аударсаңда өзге тілдерден де зерттеп зерделесеңде бір мін немесе қате пікір таба алмайсыз. Мысалы АЛЛАНЫң сөзі ҚҰРАННАН ешқандай қате табу мүмкін еместігі тәрізді өте қасиетті тылсымға толы тіл. Біздің АТА-БАБА сөзіндегі көп өсиеттер ҚҰРАН аяттарымен сәйкестендірілуі ҚҰРАН келместен бұрын айтылғанына тіпті таң қаласың. ҚҰРАН сөзіне сәйкестік дегеніміз өте ойланатын жағдай. А-А-А-Қ зерттеулерінің нәтижелері қазақ тілі космостан Адам АТАмызбен бірге келген ең алғашқы космологиялық Ақиқат тілі екенін дәлелдеді. Өте қасиетті тіл. Құран аяттарында Алланың сөзінде, жолында ешқандай өзгеріс болмайды деп қасиеттілігін көрсетеді. Бір Адамнан жаратылғанымыз туралы Қасиетті кітапта көп аяттарда қайталанады. Қасиетті Құранда Адам АТАмыз өзге ғаламда Тәңірден тіл үйренгені жөнінде көп аяттары бізге көп ақпарат беріп тұр. Ендігі кезек біздің қазақ тілінің сөз құрамында материалдық әлеммен, көзге көрінбейтін екінші тылсым әлемнің ақпараты тұр. Ең жоғары саналы Мәдениет Өркениет үйреткен тіл Космос әлеміне қарайды. Адамзат баласына бағыт бағдар көрсетеді. Ғылыми Жобада қазіргі 21-ғасырда жеткен жетістіктер дегеніміз жәй ғана біздің АТА-БАБАларымыз айтып кеткен өсиет сөздері. Тылсым Космос білімін игерген деген сөзге біздің бабаларымыз әбден лайықты. Түркі тілдеріндегі фразеологиялық сөздерде АНА бір қолымен бесік тербетеді, екінші қолымен әлемді тербетеді деген сөзіне үңілетін болсақ, тұңғыш әлемге кіреміз. Түбі жоқ. Ал ойымызды қағазға түсіретін болсақ мыңдаған том кітап болады. 1000 том кітапты оқып түсіну үшін уақыт талабы тағы сын көтермейді. Сонда мың том кітап болатын сөз дастанды екі сөйлеммен жеткізу дегеніміз сөзді түсіну қабілеті және софистика ғылымының космостық деңгейі. Мүмкін емес жағдай, бірақ мүмкін болды. Ашылмаған құпия ғылым біздің тілімізде сайрап жатыр. Космологиялық фразалар тілдегі қазіргі астрономия ашқан ғылыми жетістіктерін мысалға алатын болсақ «жеті қабат аспан» сөзі, түркі тілдерінде ертеден қолданыста келеді. Аспанның жеті қабат екенін қайдан білген немесе бұл ақпаратты қайдан алынған. Ал «Сүмбіле» жұлдызын «Сириус» деп атаймыз. «Сүмбіле туса су салқындайды» деген космологиялық фраза анықталған. Аспан денелерінің табиғатпен адаммен тығыз байланыста екенін біліп тұр. Бұл табиғи заңдылық. Сондықтан біз байыбына бармай фразеологиялық сөздерді мифтік тұрғыдан қарауымыздың өзі лингвистика ғылымындағы тілді зерттеу бағдарының бұрмалануына алып келіп, тығырыққа тірейді. Біздің тіліміздегі мифтікаңыз-эпсанадеп қана жүрген фразеологиялық сөздеріміз ол факт, ол құжат, ол тарих, ол ғылым. Ол тек ғана түркі тілдес халыққа немес бір ұлттық негізге бағытталған десек қателесеміз. Біздің тіліміздегі фразеологиялық өсиет сөздер, дүниежүзілік

масштабты қамтиды. Ұлтқа, нәсілге бөлінбейді. Барлық Адамзат баласына айтылған өте қасиетті сөз. Тіліміздегі құндылықтардың барлығы, қазіргі технологиясы дамыған заманда да өз құнын, дәрежесін, қуатын жоғалтпаған. Тіліміздегі сандық тұрғыдан айтылған фразеологиялық сөздіктер өте көп. Сандық тұрғыда сөйлеу дегеніміз ғылыми талаптарға сәйкес зерттелінген, үлкен ғылыми лабораториялық сараптан өткен деген мағынада айтылады. Математикалық дәлдікпен сөйлеу, тек жоғары саналы білімді, ғылымды игерген білген жағдайда ғана айтылуы мүмкін. Ал енді бұл сөздер ғылыми анализ.

Қорытынды. Ал осы сөздердің барлығының негізі қазақтың яғни түркі әлемінің негізі болған қазақ тілінің «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» деген әліппесінен бастау алып отыр. Тоқсан ауыз сөз деп математикалық дәлдікпен айтуы сөзді талдау өнері, яғни лингвистика ғылымы болғанының бірден-бір дәлелі. Бірақ ескеретін жәйт тіліміздің өте қасиетті екенін ұмытпауымыз керек. Бұл әліппе өзге тілдердің тілді зерттеу методикасына үлкен өзгерістермен бағыт бағдар береді. Тілдегі теология ғылымына да үлкен бетбұрыс жасайтын фразеологиялық сөз қоры мол. Екі әлем тілі Адам тәнін қозғайтын жұмбақ энергияның жанның қозғалысының қызметі көрсетілген. Мысалы өзге космостық энергияның Адам жанына араласатынын тілімізде толығымен көруге болады. Ол космостық үлкен саналы өркениеттің адам баласына бағыт бағдар беретінін толығымен көруге болады. Ақиқат тілі космостан келгенін ғылыми түрде айқындауға мүмкіндік береді. Көзге көрінбейтін екінші әлем, бізге беймәлім әлеммен Т-А-С әліппесі материалдық әлемді байланыстырады. Адам бойында қаншама сан жетпейтін клеткалар бар екенін қазіргі медицина дәлелдегенін бәріміз білеміз. Олардың қызметін әлі толығымен ашып жеткізе алмай отырмыз. Қазақ сөзінде мен деген сөз көп қолданыста жоқ. Кейбір сөздеріміз тіпті таң қалдырады. Космологиялық тіліміз адам тәнін қозғап тұрған беймәлім күшпен яғни энергиямен сөйлесіп тұрғандай. Мысалы: «рақымет» сөзін алатын болсақ, бір мақсатта адамға алғысымызды білдіретін сөз. Ал екінші әлеммен қарасақ, еріксіз Құдайға тәубә етесіз. Қасиетті Құранда: «Мен Адамдарды Адамдар арқылы сынаймын» деген сөзін білетін тәріздіміз. Адам арқылы сізге Алланың сыйы екенін толығымен білген тәрізді. Біз Рақымет деп Адамға айтқанымызбен, көзге көрінбейтін тылсым күшке жалбарынып өзіне Рақым етуін сұраймыз. Тәубә! О Тоба! Сонда біз Құран сөзін анық айқындап тұрмыз ба? Иә. ҚҰРАН сөзі жоғары саналы Адам баласы игеретін Космологиялық білім екенін ежелден білгенбіз. Адамзат баласын шексіз Аспандағы жұлдыздарға бастайтын, Адам баласының арман ой қиялдарының материзацияланатынын толығымен игерген космологиялық тіл. Адам АТАмызбен Хауа АНАмыз өзге ғаламнан келген ғарышкерлер екенін ұмытпауымыз керек. Теология ғылымына бетбұрыс жасайды дегеніміз.

1. БАҚ ТАҚ ЖАҚ САҚ ЛАҚ УАҚ ҚАҚ ЗАҚ ШАҚ	2. БІР ПІР КІР МІР ШІР СІР ТІР ГІР	3. СЫР ЖЫР ҚЫР ТЫР ШЫР ПЫР ҒЫР БЫР	4. ҚЫС ТЫС ПЫС МЫС ҒЫС	5. ҚАР ЛАР ТАР ЖАР ЗАР БАР ДАР ПАР ШАР ҒАР	6. СЫН ҚЫН ЖЫН ТЫН ШЫН ҒЫН МЫН БЫН ЗЫН
АҚ-Ғ	ІР	ЫР	ЫС-ЫШ	АР	ЫН-ЫҢ

7. БАС ҚАС ЖАС ТАС САС НАС ЛАС ҒАС	8. ТАУ ПАУ САУ ЗАУ ЖАУ БАУ ҚАУ ЛАУ ҒАУ	9. ЗАТ ҒАТ БАТ ДАТ ҚАТ ЖАТ УАТ ТАТ САТ ЛАТ	10. ҚОЛ СОЛ БОЛ ТОЛ ЖОЛ ГОЛ	11. ТАЛ ДАЛ БАЛ МАЛ ШАЛ ҚАЛ САЛ ЖАЛ ҒАЛ ЗАЛ
АС-ЭС	АУ	АТ	ОЛ-ӨЛ	АЛ

12. ТАЗ ЖАЗ ҚАЗ БАЗ САЗ НАЗ МАЗ РАЗ	13. ЖАН ДАН САН ХАН ТАН ҒАН ПАН ҚАН МАН ЛАН ЗАН ШАН	14. НҰР ТҰР ҚҰР ЖҰР СҰР БҰР ҒҰР	15. ТОҚ ЖОҚ СОҚ БОҚ ҚОҚ ШОҚ	16. КҮЗ ТҮЗ ЖҮЗ СҮЗ ДҮЗ	17. ҚОС ТОС БОС ЖОС ДОС
АЗ	АҢ-АН	ҰР	ОҚ	ҮЗ	ОС

18. КӨК ТӨК ШӨК СӨК БӨК	19. ЖҰМ ҚҰМ СҰМ ТҰМ	20. ТӨР ЛӨР КӨР ДӨР ЖӨР ҒӨР	21. ҚОР СОР ТОР БОР	22. ШАШ ҚАШ ПАШ ҒАШ	23. ЖЕТ СЕТ КЕТ БЕТ РЕТ ТЕТ ЛЕТ
ӨК	ҰМ-ҮМ	ӨР	ОР	АШ	ЕТ-ІТ

24. ҚҰЛ ТҰЛ БҰЛ ЖҰЛ СҰЛ ҒҰЛ ҰЛ	25. ТЕР СЕР КЕР ПЕР БЕР ЛЕР ЗЕР ЖЕР ШЕР	26. КЕЛ СЕЛ ЖЕЛ ТЕЛ БЕЛ ЗЕЛ ЕЛ	27. ЖЕЗ РЕЗ БЕЗ КЕЗ ТЕЗ СЕЗ ЛЕЗ ЕЗ	28. ҚҰТ ЖҰТ ТҰТ БҰТ ПҰТ ҰТ	29. МҰЗ ҚҰЗ ТҰЗ БҰЗ ҒҰЗ ҰЗ
30. СҮЙ ТҮЙ КҮЙ БҮЙ ЖҮЙ ҮЙ-ҰЙ	31. ДЕМ ЖЕМ КЕМ СЕМ ТЕМ ЕМ	32. СЫМ ЛЫМ ТЫМ ҒЫМ ҚЫМ ЖЫМ ШЫМ ЫМ	33. СЫЗ БЫЗ ТЫЗ ҚЫЗ ЫЗ	34. ҚҰС ТҰС СҰС МҰС ҰС-ҮС	35. ЖҰҚ СҰҚ ТҰҚ БҰҚ ҰҚ

36. ТОН ЖОН СОН ҚОН ШОН	37. ТІК ДІК ЖІК ЛІК ЗІК ДІК	38. СІЗ БІЗ КІЗ ТІЗ	39. КІМ СІМ ТІМ ШІМ ЛІМ	40. КЕШ ШЕШ ДЕШ	41. ЖІП КІП ТІП
ОН-ӨН	ІК	ІЗ	ІМ	ЕШ	ІП-ІБ

Мейірманова Г.С.
филология ғылымдарының кандидаты,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті
Дүзелбаева А.
студент
Лесбекова Д.
студент
Тараз, Қазақстан

АНАФОРАЛЫҚ ТІЛ БІРЛІКТЕРІНІҢ ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДЕГІ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жалпы құрмалас сөйлемдегі анафоралық тіл бірліктерінің қызметі орыс тіл білімінде қатыстық есімдіктер, сілтеуші есімдіктер төңірегінде кеңінен сөз болады. Ал қазақ тіл білімінде *ол, олар* сияқты анафоралық тіл бірліктерінің құрмалас сөйлем аясында сөз болуын арнайы сөз етушілер жоқ. Бұл туралы бірен-саран пікірлерді біз С. Аманжолов пен Р. Әмірдің еңбектерінен кездестіре аламыз.

С. Аманжолов сабақтастарды саралауда сілтеулі бағыныңқылы сабақтас деген сабақтастың түрін айқындайды да, «Менің айтайын дегенім сол – ол өте жақсы оқиды» деген мысалды келтіреді [1, 207 б.].

Анафоралық тіл бірліктерінің құрмалас сөйлемдерді ұйымдастырудағы қызмет ерекшеліктерінің перспективасы профессор Р. Әмірдің пікірлерінен бастау алады. Ғалым өзінің әр жылдардағы еңбектерінде құрмаластағы есімдіктердің анафоралық (айтылғанды сілтеу), аффектілік қызметі мен олардың жалғаулық қызметіне ауысуларының ерекшеліктерін көрсетіп, осы бағытқа жол сілтеп өткен. Р. Әмір «Іргелес салалас сөйлемдер» атты көлемді мақаласында: «Іргелес салалас сөйлемдерді байланыстыруға анафористік сөздер қатысады», - дей келе, *Кім келді, кім кетті, оны біле алмады* деген конструкцияның екінші компонентінде тұрған «оны» – анафористік сөз», - деп үшінші жақ есімдігінің құрмаластағы бір қызметін ашып көрсетеді [2, 29 б.].

Үшінші жақ есімдіктері – анафоралық тіл бірліктері коммуникативтік актіні жүзеге асыру үшін жай сөйлемде ғана емес, құрмаласта да біршама қызмет атқарады. «Ол» есімдігінің жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдегі қолданыстарында елеулі мағыналық ерекшеліктер көрініс береді. Жай сөйлемдегі «ол» есімдігінің қызмет ерекшеліктері алдыңғы тарауларда сөз болды, енді біз оның құрмаластағы қолданыстарына тоқталмақпыз.

Үшінші жақ есімдіктері – анафоралық тіл бірліктері құрмалас сөйлем аясында түрлі қолданысқа түсіп әрқилы қызмет атқарады. Олар құрмалас сөйлемнің алғашқы компонентіндегі бір мүшені ауыстыру арқылы оны екінші компонентпен байланыстырады, сондай-ақ жалғаулық қызметіне ауысып, құрмаластың компоненттерін қарым-қатынасқа түсіреді, кейде үшінші жақ есімдіктері құрмалас сөйлемде өзіндік дейксистік (тура сілтеу) қолданыста да, алғашқы компонентті түгелімен ауыстыратын анафоралық (айтылғанды сілтеу) қолданыста да жұмсалады.

Жалпы құрмалас сөйлем аясында *ол, олар* анафоралық тіл бірліктерінің қолданылуы – өте жиі болмаса да көрініс беріп отыратын құбылыс.

Біріншіден, бұл анафоралық тіл бірліктерінің алғашқы компоненттегі бір сөзді ауыстыру арқылы екінші компонентте қолданылады да, екі компонентті байланыстырады. Мысалы, Жұмабек Жайтудың жұртқа істейтін саясатын жақсы түсінетін, *ол* үнемі төңірегіндегілерді бір-біріне жанжалдаспай айтақтай білетін. Осы оқиғадан кейін Айбарша жиі ауыра берген соң, *ол* емделуге ауруханаға жөнелтілді (Б. Нұржекеев).

Мұнда «ол» есімдігі атау тұлғада келіп, алғашқы компоненттегі зат есімдерді ауыстыру арқылы құрмаластың компоненттерін байланыстырады.

Екіншіден, *ол, олар* анафоралық тіл бірліктері құрмалас сөйлемдерде өзіндік дейксистік (тура сілтеу) қолданыста тұрып, байланыстырушылық қызмет атқарады. Мысалы, Жұмыс істегенде *ол* өзін-өзі ұмытып кететіндей және *ол* жұмыс қандай күрделі болса да, өзі орындап бітіруге тырысатын (Д. Исабеков).

Мұнда есімдіктер тікелей сілтеп, өзіндік дейксистік (тура сілтеу) қолданыста құрмаластың соңғы компоненттерінде жұмсалып тұр. Мұндағы дейксистік (тура сілтеу) қолданыстағы «*ол*» есімдігі құрмаластың құрылымын, сөйлемнің мағынасын түсінікті етуге көмектеседі.

Үшіншіден, *ол, олар* анафоралық тіл бірліктерінің құрмалас сөйлем синтаксисіндегі негізгі қызметінің бірі – алғашқы компонентте белгілі бір синтаксистік қызмет атқаратын анафористік сөз болуы. Бұл мәселе орыс тілінде біршама сөз болған, ал қазақ тіл білімінде тек Р. Әмірдің мақаласында ғана айтылады. Р. Әмір оған мынадай анықтама береді: «Анафористік сөздер деп отырғанымыз – екінші компоненттің құрамынан функционалдық мүше ретінде орын алып, ілгері сөйлемнің мазмұнын қарастыратын сөз» [2, 29 б.].

Анафористік сөз ретінде құрмалас сөйлемдерді байланыстыруда «ол» есімдігі алғашқы компоненттегі предикатты ауыстырып, екінші компонентте белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметінде жұмсалып тұрады. Мысалы, Асан алып құсты қолына ұстауды армандайтын еді, ақыры *оны* орындайтын кез де келді (Д. Исабеков); Тіл туралы заң қабылданды, *ол* тек қағаз жүзінде қалып қойды (Ақ жол газеті); Сүріндірер жерім осы шығар-ау деп Соқыр өзенінен тосып еді, *ол* да дұрысқа шықпады (Д. Исабеков).

Төртіншіден, *ол, олар* анафоралық тіл бірліктері құрмалас сөйлемнің екінші компонентінде бастауыш қызметінде жұмсалады да, бірінші компоненттің болуын керек етіп тұрады. Мысалы, Дарыған нәрсеңді ешкім бойыңнан тартып ала алмайды, *ол* – сенің өмірлік сыбағың; Қазір кең даланы кернеген жалғыз-ақ әңгіме: *ол* – патшаның қара жарлығы туралы гу-гу сөз; Қызыл ноқат жақындап келеді: *ол* – паравоздың қызыл көзі; Оны қазір, әсіресе, бір нәрсе қатты қобалжытады: *ол* – айдап кеген топ жылқысы; Сенің малың кетсе, *ол* – азаматтың құны.

Мұнда алғашқы сөйлемдегі «ол» есімдігі себеп-салдар салаласын жасауда жалғаулықсыз құрмаластың компоненттерін байланыстырып тұрса, кейінгі мысалдарда «ол» есімдігі түсіндірмелі салаласты байланыстыруға көмектеседі. Сондай-ақ, бұл мысалдардан байқағанымыз – «ол» есімдігі бұл қызметінде тұрып шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем де жасайтындығы.

Жалғаулықсыз құрмалас сөйлемдердің құрамындағы анафоралық сілтеу есімдіктері төмендегідей қолданыстарда жұмсалады:

1. Анафоралық тіл бірліктері құрмалас сөйлем аясында біріншіден, алғашқы компоненттегі бір сөзді ауыстырып, екінші компонентте жұмсалы арқылы қолданысқа түседі. *Бұл, сол, осы, мынау, анау* т.б. сілтеу есімдіктері құрмалас сөйлемнің екінші компоненттерінде келіп, бірінші компоненттегі субстантивті немесе адвербиалды элементтерді ауыстыра отыра, құрмаластың сыңарларын байланыстырады. Мысалы, Бұл қырқадан күншығысқа қарай кең құлашты *сай* кетеді, көш *осында* екен (І. Есенберлин); Бұл бойжеткендердің жігіттері де соғыста, оңашада *соларды* ойлап жылап та алады олар (Ә. Нұршайықов); Барлығы алмаға құмартуда, *мұнан* өзге қызығарлық жеміс те жоқ еді. Бұл мысалдардағы осында, соларды, мұнан сөздері «сай», «жігіттер», «алма» деген сөздерді анафоралық сілтей отыра, құрмаластың компоненттерін байланыстырып тұр.

2. *Сол, сондай, сонша, соншалық, соншама, сол екен* деген анафористік элементтері бар, сандық - күшейтпелі мағыналы сөйлемдерден тұратын бірінші компонент, құрамындағы осы сөздер арқылы екінші компонентпен байланысқа түседі. Мысалы, Қойнына салынған хаттың ыстықтығы *сонша* – төс қалтасынан еш алғысы жоқ (Ә. Нұршайықов); Менің оған ырза болғаным *сол*, ол менің ойымдағы істің барлығын да түгелдей орындап шықты. Ботагөздің қорыққаны *соншалық*, атты адамдарды көрсе тығылатын қуыс іздеп кетеді (С. Мұқанов).

Басқа анафоралық (айтылғанды сілтеу) элементтерден айырмашылығы сол – бұл топтағы есімдіктер ешбір сөздерді ауыстырмайды, тек семантикалық жағынан ғана бірінші компонентпен түгелдей үйлесіп отырады, пікірді сегменттеуге септігін тигізеді. Сондай-ақ, мұнда сөйлемнің екінші компонентінде айтылатын ойдың, белгінің ең жоғарғы деңгейі ретінде бірінші компонент сипатталады. Мысалы, Судың мөлдірлігі *сондай* – түбіндегі қызылды-жасылды тастар үлкенді-кішілі болып анық көрініп жатыр (Ш. Айтматов).

3. Қатынас мотивациясын қиындату мағынасымен келетін *бұл, сол, ол, осы* анафористік сөздерінің байланыс құралы ретінде жүруі. Мұндай қолданыста сілтеу есімдіктері екінші компоненттің басында келеді, көбіне сол компоненттің бастауышының қызметінде жұмсалады. Мысалы, Қазір институтты кернеген жалғыз-ақ әңгіме: *бұл* – 40 жылдық тойдың өтетіндігі туралы сөз; Махаббатта бір-ақ формула бар: *ол* – тұрақтылық.

Мұндай қолданыста сілтеу есімдіктері алғашқы компоненттің бір мүшесімен семантикалық байланыста болады да, екінші компонентте оларды сілтеп көрсете отыра даралап, ерекшелейді. Мысалы, Айдар тағы да шомылуға кетті, *бұл* – ол үшін тиым салынған іс.

4. Құрмалас сөйлемнің компоненттерін байланыстыруда анафоралық тіл бірліктері екінші компоненттің құрамында келеді де, көбіне басқа топтағы, әсіресе, сұрау, сілтеу есімдіктерімен тіркесіп келіп, бірінші компонентке сілтейді және де сондағы ойдың жиынтығын келесі компонентке беруге ықпал етеді. Мысалы, Осы жалғыз моланың тарихы өте тереңде, *міне не* туралы жазу қажет (М. Әуезов); Мен оны Меңтайдың өз аузымен айтуын күткен едім, *міне сол* сәт те келіп жеткен сияқты бүгін (Ә. Нұршайықов).

5. Анафоралық тіл бірліктерінің құрмалас сөйлемнің құрамында катафоралық (алдын алушы) қолданыста жұмсалады. Мысалы, *Соны* айтып берейін, менің қалыңдығым Айымбаламен алғаш қалай жолыққанымды (Б. Нұржекеев).

Катафоралық (алдын алушы) қызметте (алдын алушы) көбіне *осындай, мынадай, солай* есімдіктері жұмсалып, олар құрмаластың алғашқы компонентінде келу арқылы компоненттерді байланыстырады. Мысалы, Бізде *осындай* ой пайда болды: бүгін сабақтан тез қайтып, театрға барсақ. Үш оқушы *осылай* уделесті: бүгін сабақтан қашып кетпек.

6. Анафоралық тіл бірліктерінің құрмалас сөйлем синтаксисіндегі келесі бір қызметі – жалғаулық, демеулік қызметтеріне ауысып, компонентаралық байланыс құралының қызметін атқаруы. Сілтеу есімдіктері бұл қызметінде көбіне шарттық мәндегі сөйлемдерде жұмсалады. Мысалы, Құнанбайдан қорқатыны бар, *онда* тып-тыныш өз қосында отыра бермей ме? (М. Әуезов); Маған сол тапсырманы орындап келмеңдер, *сонда* мәселе мүлде басқаша болады (Ш. Мұртаза).

Сонымен анафоралық тіл бірліктерінің әртүрлі қолданыстарға түсіп, мезгілдес сабақтас, шартты бағыныңқылы, қарсылықты бағыныңқылы, себеп бағыныңқылы, мақсат бағыныңқылы, мезгіл бағыныңқылы, амал бағыныңқылы сабақтастардың құрамында жұмсалатындығына көз жеткіздік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: «Санат», 1994. – 25-207 бб.
2. Әмір Р. Іргелес салалас сөйлемдер // ҚазМу хабаршысы. Филология сериясы. - 1999. - № 31. – 23-29 бб.
3. Сидоренко Е.Н. Очерки по теории местоимений современного русского языка. – Киев – Одесса: Лыбидь, 1990. – С. 35-58.
4. Жакупов Ж.А. Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі (контекст проблемасы) // ДД. – Алматы, 2001. – 160 б.
5. Шемелева Т.В. Русское местоимение как часть речи // АКД. – Москва: 1997. – С. 14-18.
6. Салқынбай А. Функционалды грамматика очерктері. – Алматы: «Қазақ университеті», 2003. – 17 бб.

Омарбекова Г.
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Назарбаев университеті, қазақ тілі және түркітану департаменті

CURRENT ECOLOGICAL ISSUES OF THE KAZAKH LANGUAGE

Introduction. With the advent of such a science as ecology in the 20th century, the thoughts expressed in biology were now used in relation to language and made changes in very challenging different approaches in science. Linguistics of this century is faced with developed thoughts related to the systematic organization of language communication with other sciences to distinguish between links between internal and external linguistics. At the same time, global research has transcended the traditional boundaries between the social sciences and the humanities and has developed new cross-cultural aspects of academic research.

Therefore, the peculiarities of modern science are characterized by the emergence of many new scientific disciplines covering several different directions and developed at the junction of the existing scientific paradigm. Ecological linguistics is one of the new scientific directions, the purpose of which is to link the ideas of a harmonious life of nature and language. The founder of the concept of language ecology is the American linguist Einar Haugen, who explained in his report in 1970: "The ecology of language can be defined as the science of the relationship between language and the environment, where the environment is understood as a society that uses language as one of its codes.

The language is preserved in the minds of native speakers and serves as a tool for language users in communicating in a social and natural environment. The ecology of language is physiological (communication with other languages in the consciousness of speech) and partly social (communication with society, which is used as a means of language communication). "The ecology of language depends on the actions of people who study, use it and carry it from generation to generation" [1, 66].

Ecological problems of language in Kazakh language education study the systematic use of language methods in a certain order in communication, observing the established norms of the use of language, writing, and speech in everyday life within the framework of the language culture. Scientists who studied the problems of the Kazakh language in their works and speeches at conferences shared the most relevant views on the language culture in the Kazakh language and modern ecological phenomena, complex issues arising in society regarding language policy, language planning and language ideology, the association of representatives of other nationalities around the titular language, polylinguism, bilingualism, as well as some applied issues related to the study and dissemination of languages, the importance of measures of a particular nature is also often mentioned [2;3; 4; 5].

At one time, M. Balakaev expressed: "Culture refers to a strong language, preserving national, national autonomy, rich leasing, grammatical structure, stylistic abilities, accuracy of meaning, and norms of written forms of a clear oral literary language. The task now is to use the Kazakh language in all spheres of society, including in state bodies and other official places, in all spheres of society, including in state bodies and other official places" [6]. R. Sydykova also expressed the thoughts "To tell the truth, it is necessary to write documents in the Kazakh language, make a report at meetings or oral speech official offices ("that is 'just to seem' or "try to make"), but to conduct the language correctly, speak constructively, impressively, beautifully, write competently" [7].

Modern trends in the development of human society, such as the emergence of global information systems, the acceleration of the convergence of different cultures, the globalization of the economy, increase the relevance of studying the problems of interaction of different languages with the environment and people. That means the issues that generate the ecology of language are put forward on the agenda and put forward. First of all, not only internal problems of the language are concentrated for a Kazakh child living in the era of the exchange of innovations. It is not such as

deep knowledge of the native language, mastery of the literary language, but also we need social problems outside the language, such as non-proliferation of the language, curbing the flow of extraneous words, its use as a full-fledged title language, the demand for the language in education and in the workplace, education of young people with a special attitude to the language.

In general, the ecology of language is a joint direction of linguistic theory and practice, dealing, on the one hand, with the study of factors that negatively affect the development and use of language, on the other-the language policy of the country. Its purpose is the development of language, and the study of ways and means of improving the practice of verbal communication. Theoretically, the ecology of language is a reflection of the language policy implemented by the state, primarily under the influence of education, law, negotiation, office work and the activities of the mass media. Currently, it is very important to pay attention to language issues, since the Kazakh language is experiencing ecological stress, the demand for the Kazakh language is not sufficiently organized in a bilingual society, so the language problems are expanding in the list.

The ecology of language is closely related to language policy. At the present stage of the country development, due to the penetration of foreign words and elements of other cultures into our language, the protective potential of our language is deteriorating, an effective, strong language policy is needed to preserve the moral and spiritual values transmitted and reproduced by the language. The unifying force of the people who want to preserve their culture, morality and spiritual values-language-is the most important means of identifying the nation: what kind of person is a representative of the nation is determined by what language he speaks. In the linguistic field, for a more accurate explanation of «green environment», the harmful effects. They are exhaust gas compounds into the atmosphere, the spread of toxic substances from the cosmodrome, chemical debris emitted by factories, pollution of water sources. They are comparable to the ecology of the environment, from which irreversible processes of destruction in nature begin. Similar processes occur in the Kazakh language. The accumulated thoughts around the Kazakh language activate not only linguists, but also sympathizers who honor their native language: «Currently, one of the main problems that caused the ecology of the language is to increase the state status of the Kazakh language, to achieve the speech of all the Kazakh brothers in their native language. It is clear that a number of young people communicate with each other, talk as they want, do not understand the dignity of the Kazakh language at home, in the street and public places» [8].

“Today's television is the most authoritative and liquid media, the most acute media. The art of television is a very powerful weapon that solves a national, state problem. However, the purity of the language on domestic channels is lame, the main reason is that Kazakh TV channels depend on the Russian language [9].

It is impossible not to agree with the authors' opinions. To this end, we studied and searched through the Google Search System for answers to the question of what the problems of language ecology currently cover in the Kazakh language environment, grouping the findings of public opinions and thoughts [10;11;12;13;14;15;16] below:

- to increase the status of the Kazakh language as the state language;
- multilingualism in the Kazakh language environment, its modern significance;
- to determine the social nature of the Kazakh language, its quantity and quality, the level of proficiency in oral and written forms of the literary language in the upcoming population census;
- In order to make the state language a unifying factor for all Kazakhstanis, it is necessary to identify such social issues as bilingualism and language teaching among other nationalities.

As a result, our compatriots will lose or lose the ability to express their thoughts clearly in the Kazakh language, transmit and perceive information to each other in the Kazakh language, that is, the space for the Kazakh language to become a means of communication will decrease.

Language policy should be interested in carrying out activities designed to create a language environment. Conversational communication is a self-renewing and self-regenerating ecosystem that serves both the current person and future generations. According to the researchers, the care of a cultured person for the future is reflected in his careful attitude to his native language [17].

In the era of globalization, the lexical composition of the Kazakh language in relation to various spheres of public life is in conflict with the Kazakh spiritual tradition with incomprehensible words from English, Arabic, Russian, changing, distorting and destroying the Kazakh language and, together with it, the centuries-old culture of the Kazakh people. Today, “language of ecology is the science of the integrity of language, its connection with the culture of its people and the activities that protect this connection. Therefore, biological, earthly ecology cannot be separated from the ecology of the word and spirit» [18].

The power of the word, its power is connected with the surrounding biosphere, living nature, that is, the science of language ecology is a science that considers linguoethnational being and consciousness, deeply rooted and conditioned by the spiritual meaning of the word and the behavior and fate of the people who use this word. Kazakh traditional culture corresponds to the direct content of the concept of Ecology and is not based on the principle of direct subjugation of nature by force. For a nomad, every nature is an environment, creation is a living entity, and therefore sacred. Even if direct movement is not a living thing, both the mountain and the Stone have meaning. But each of them makes a prayer in his own way.

If the nomad people, who took a lively interest in the environment, read his native land history, depending on the period marked the place, location [19]. The flock movement determined the meaning of both. The Kazakh worldview leads for being in harmony with nature. In the nomadic opinion, man and nature are mutually compatible, indivisible integrity. One of the main components of this harmony is language integrity. Although the relationship between man and nature seems to us superficial, unreliable, in fact, it implies a deep relationship. If a society that does not take into account language culture does not pay attention to the fact that the language "spoiling" or "despised", this will eventually lead to a deterioration in society, development weakness, and this will negatively affect the situation around it.

The ecolinguistic approach in speech culture is based on the Kazakh tradition for spiritual word power and word formation, which describes the relationship between the word and nature. In the XIX century, the Kazakh poet-thinker Abay proclaimed: “The word was changed, listener follow the changing”, and at the XX century beginning, A. Baitursynov, M. Zhumabayev, S. Seifullins expressed great views on the nation language, the word art to the generation. The great group path was developed by M. Auezov, S. Mukanov, G. Musirepov, G. Mustafin. An outstanding figure in Kazakh literature and art, the nation intellectual A. Baitursynov, in his work “Adebiyettanytkysh” (1926), wrote unprecedented theoretical principles about the words art, the language logic, and the word science.

“There is no measure of the language power, there is no equal to the language beauty. Language also brings the dead back to life. Long-dead prototypes are brought back to life by National images created by the language. What is lies deep? The word is deep. What is beautiful? The word is beautiful. What is sharp? The word is sharp. The word is a miracle: gold can be copper, copper can be gold. It can melt a heartless like lead, and can harden molten lead. It can purify pained feelings and harm pure soul. There are different riches. I would choose the language richness if I had a choice. After all, the language wealth is the most reliable wealth. The most valuable of the legacies is the word. The word warms the darkness, warms the cold days. The word power reaches to make the white black and the black white. Both a noble person and a noble thing wear out, disappear. The noble word will last forever” (G. Mustafin) [20; 14].

Internal and external ecological factors affecting the Kazakh language

Language reflects everything that happens in society, events, trends, and actions, both positive and negative. Now, we have considered internal and external factors that negatively affect Kazakh language vocabulary and the social activity as the following:

1. At globalization of widespread time, it is important to raise the language ethnolinguistic status. In recent years, changes in the socio-political, economic and other spheres of the country, the words use that have or do not have analogues in the Kazakh language with foreign words from English, Arabic and Russian has become widespread. Moreover, this trend is actively developing in

all languages. “The English language is the main driving force in the globalization process. In using the English language process, which has become the education and science language in the modern world due to the need for life, representatives of other nationalities are gradually refusing their native language and abandoning their national values”.

So that the Kazakh language will not to be absorbed in this process, if public figures, heads of state, business representatives, masters of Kazakh art, who serve as an example for young people, take part in exemplary actions related to the culture of speech. The heathens would serve as a model for their high social status in the public environment in which they lived. It raises the high social role of the Kazakh language in society, which will lead to increased economic need. In this regard, the ethno-linguistic status of the language will be enhanced. For instance, Kazakh singer DimashKudaibergen is an example for it who taught the world the Kazakh song.

2. The role of onomastics, names of the Kazakhstani area, for the purity of the language is important in the state language policy. In the Kazakh context, looking at the onomastic appearance of a city, one feels as he/she is either in America or in another foreign country, for instance, the linguistic area of Shymkent is expressed by such ergonyms: "EUROMAGG", "Dinastia", "Celebrity Style", "Soprano", "JEIHYN city", "GLOBAL COFFEE", "Eldorado", and investigation of the names of restaurants in Nur-Sultan shows that the proportion of emporium in the Kazakh language was only 8-10 percent.

3. Decrease in the volume and quality of language education in schools and universities. The content of education included in the educational programs of universities and schools in Kazakhstan in the process of teaching the Kazakh language and literature, quality of schoolbooks, retraining of teachers, active use of teaching guides and new technologies to facilitate the work of both the student and the teacher, transition of Kazakh language and literature subjects in general education schools to updated content and the reduction of “Kazakh adebiety” hours in the updated program [21] are main factors affecting the quality of language proficiency.

These issues can be considered as internal problems of the methodological and linguodidactic teaching process, while the frequent changes in the state compulsory standard of education. The appearance of the subject “Sauatashu”, the introduction of “Alippe” and “Ana tili” instead, the frequent excitement in the educational system, such as the teaching of English in kindergartens as a compulsory subject, are external factors emphasizing the ecology of language.

According to T. Skutnabb-Kangas [22], lingocide is a particularly acute problem in education. He claims that the practice of teaching children in another language, especially at the initial stage of primary education, is genocide against the national language, culture, as outlined in international conventions.

Therefore, as the head of state TokayevKassymzhomartKemelevich mentioned in an interview to the newspaper “Ana Tili”, “Kazakh language is prioritized in primary schools”, i.e. a child should be brought up in his or her native language from an early age. In addition, the initiatives of Minister of Education and Science AskhatAimagambetov, who plans to take a decisive step toward its accomplishment, can be assessed as a good effort, which is being made to strengthen the foundations of the state language.

Illiteracy is gaining momentum. In the era of electronic writing, which ignores traditional handwriting, irresponsibility of the language is actively developing. Today, in the age of literacy, the development of language culture in global social networks is a concern for Kazakh linguistics, which implies the acquisition of technology, not spelling and punctuation errors. The problem of the purity of the language, in which writing in the Kazakh language on internet pages and SMS transmitters requires real cleanliness, of course, in the era of the internet, all languages spot this as a common problem, but it happens in concerning manner of the Kazakh language, the specific points of which can be called as following:

1) Rare use of letters of the Kazakh language in the social network, such as *қ, з, Һ, ә, і, Ү, Ұ, ө (q, g, nh, a, I, u y, o)*. Most people do not have Kazakh fonts on their mobile phones and tablets according to <https://aikyn.kz/1983-aeleumettik-geli/> or replace these letters with Cyrillic letters, so it is quite common for students to make mistakes in spelling and pronunciation from the letters «Һ»,

«Ү», «Ә» (*ng, u, y*), especially it seen among students who are not able to pronounce sound “Һ” (*ng*).

2) The language of young people is not devoid of jargon, there are lots of talks about it, there were often slangs in the spoken language from the Russian language and code substitutions, and now the words that have recently entered the world of the internet from the English language are widely used, for example: Hey girls, what did they give us to *homework*? When is *Deadline*? *weekend, okay* [ok], *wow* [wow], *I'll be back*; *Never-ever let me go*.

3) In the issue of improving the literacy of the Kazakh potential, it is also important to quickly switch to the Latin alphabet, to achieve clarity in the use of native sounds, writing complex words in accordance with the rules of spelling and pronunciation.

4) Under the influence of urbanization, the lexical fund characteristic of steppe culture has fallen out of use and is excluded from the knowledge of the younger generation. Language wealth is being depleted and limited.

5) The use of emoticons that explain different emotions to facilitate writing in written communication began in the 1980s with the suggestion of Scott Falman that the first emoticons formed by punctuation combinations such as :) or: -) could be used in typography to replace the language. Emoticons are pictograms that express different emotions in the Kazakh language. Those national symbols are widely used, and national emoticons for each holiday are used in SMS messages. According to experts from the American Foundation “The Global Language Monitor” (GLM), emoticons are gradually gaining popularity, and they are gradually replacing words on the Internet according to [<https://okolo.me/2014/12/smajliki-vmesto-slov/>]. Emoji characters are more likely to replace words in correspondence, making it easier for people to convey their thoughts. Therefore, it is clear that this is a shortcut that leads to a weakening of the written culture of any language.

The geopolitical situation in today's world narrows the use of the Kazakh language in states beyond Kazakhstan. Access to Kazakh cultural centers and Kazakh language schools under globalization by our fellow irritants has been the key to the potential of the Kazakh language in states outside of Kazakhstan. However, due to the geopolitical situation in the world, the possibility of teaching and disseminating the Kazakh language in other countries is diminishing. "To date, there is not a single Kazakh school in Russia. I think the reason depends on historical circumstances. There were mixed schools in Omsk, Astrakhan, Orenburg, but I have not heard of a Kazakh school being opened. There was one Kazakh school in the Altai region. It too was closed “no children, no money”. Now Kazakhs in Russia need a Kazakh school. There are more and more people wishing to send their children to a Kazakh school. I think that political solutions are needed to solve this problem" [23].

“Now there are 42 schools and 28 kindergartens in the Bayan-Ulgiy region. Only one of these schools teaches in the Mongolian language, the rest are Kazakh schools” [24; 25;]. In China, there is the “Yili Kazakh Autonomous Region”, in which Xinjiang occupies almost half of the land area. Here Kazakhs often settled in almost all 4 cities, 24 districts and about 150 villages. Mostly 1mln. 600 thousand Kazakhs live in this oblast. Since the 2000s, however, some 1,000 Kazakh-speaking schools were immediately connected to Chinese-language schools [26].

Having taking into account these factors, BauyrzhanMomyshuly has noted: “Wealth of language, purity of language is the main advantage, a true sign of national identity, customs and guarantees of language vitality”, and nowadays, when in the globalized world the competition of languages grows, giving value to ecology of language is a criterion of national identity, a pledge of national independence.

In conclusion, the stabilization of the ecological state of a language and the full functioning of a language are directly influenced by institutional support measures through which the internal and external data of a language are activated and deepened, including the current socio-economic credibility. "In some spheres of society, the state language is not used at a level worthy of its normative status. In the CIS countries, in particular Azerbaijan, Uzbekistan, Latvia, Lithuania, Estonia, Moldova, Armenia and Georgia, the status of only the state language is legislated.

Consequently, for the status planning of the language carried out in the language policy it is necessary to improve the current legislation” [27]. “To know the state language, which is the most important factor in the consolidation of the people of Kazakhstan, is the duty of every citizen of the Republic of Kazakhstan” [Law on Languages in the Republic of Kazakhstan. Article 4]. It is not only legalization, but also the necessity of language in all mass media, in education and at official state events. In business, its relative effectiveness and vigor, ecology and ecological friendliness of language, would be a powerful and full service to the people of Kazakhstan and our compatriots outside the native land.

References

1. Haugen E. 1972. “The Ecology of Language”, in Dil, A. S. (ed) The Ecology of Language: Essays by Einar Haugen, Stanford: Stanford University Press.
2. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. - Алматы: «Мектеп», 1984. - 92-б.
3. Уәлиұлы Н., Фазылжан, А. Қоғамдық сананың түрлері мен тіл бірегейлігі. Тіл білімі. - 15-18 бб. – 2009.
4. Чукенаева, Г.Т. Жарнама тілінің тілдік ортаға ықпалы (Талдықорған қаласындағы жарнамалар негізінде), 2015. <http://conferences.neasmo.org.ua/ru/art/1894>
5. Абасилов А.Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі: тарих тағылымы, уақыт талабы. <https://e-history.kz/>
6. Балақаев М. Тіл мәдениетін дамытуға қойылатын талаптар. «Қазақ әдеби тілі». - Алматы, 2007. - 265-273 бб.
7. Сыздықова Р. Қазақ тілі мәдениетінің бүгінгі проблемалары. ҚР ҒМ ҒА Хабарлары Тіл, әдебиет сериясы. - 1997. - №6. - 3-7 бб.
8. Сейтова А. Тұлғаның сөйлеу мәдениетін дұрыс қалыптастыру. <https://bilimainasy.kz/>
9. Ибайдуллаева Ұ. Теледидар тілі неге шорқақ? <https://mtdi.kz/ir/audarma/id/105/q/1>
10. Иса Қ. Тіл тазалығын сақтайтын әліпби. <https://7-su.kz/news/cat-4/1238/>
11. Сіләмбеков Қ. Тіл тазалығы: он ғасырлық күрес <https://abai.kz/post/14892>
12. Шамахайұлы Қ. Тілдің шұбарлануы – ұлтқа төнген қауіп <https://tilalemi.kz/article/31>
13. Шамбетов Б. Тіл мәдениеті және оның проблемалары, <https://oqu-zaman.kz/?p=20493>Тіл мәдениеті және саясат <https://dasturkb.kz>
14. Қуанышев Ж. <https://egemen.kz/article/221966-sozdinh-quny-men-qudireti>© egemen.kz
15. Досжан Г. file:///C:/Users/W2/Downloads/Tesis_Final_1_.pdf
16. Хабарова Л. В. Обзор статьи Л. И. Скворцова «Язык общения и культура (экология и язык)» :реф. / Благовещенский филиал Москов. акад. предпринимательства при правительстве г. Москвы. - Благовещенск, 2007. 3 с.
17. Миловатский В.С. Об экологии слова. - М., 2004. - 12 с.
18. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) XV–XIX ғасырлардағы қазақ философиясының тарихи сипаттамасы / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР ҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014.
19. Нұрмұқанов Х. Сөз және шеберлік. - Алматы: «Ғылым», 1987. - 288 б.
20. Ысқақұлы Д., Жаһандану дегеніміз не? <http://kazgazeta.kz/?p=40981>
21. <https://egemen.kz/article/211588-zhanhartylghan-oqu-baghdarlamasy-qazaq-adebietin-oqytugha-say-emes>
22. Phillipson R. Linguistic Imperialism Continued. London–New York: Routledge, 2013.
23. <https://alashainasy.kz/person/resey-kazaktaryinyin-90-payyizyi-abaydyi-blmeyd-21258/>
24. Шәңгішбайұлы, Ж. XX ғасырдағы Моңғолия қазақтары. - Сорхон Цагаан, 2008.
25. Байтанұлы А. Моңғолиядағы қазақ әдебиеті және поэма бастауы. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/21464>
26. Оразұлы Қ. Қытай қазақтарының жағдайы күн өткен сайын қиындап барады. <https://qazaqtimes.com/article/17525>
27. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың #8722 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы.<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>

Мейірманова Г.С.
филология ғылымдарының кандидаты,
М. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті.
Әбілқасымова А.К.
студент
Тоғайбаева А.М.
студент
Тараз, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚИМЫЛДЫҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАР АРҚЫЛЫ БЕРІЛУІ ЖӘНЕ МАҒЫНАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Етістік – өзінің күрделілігімен байланысты қазақ тілінде өте көп зерттелген сөз табы. Етістікті сөз табы ретінде А.Байтұрсынұлы анықтап [1, 193 б.], оның грамматикалық категорияларын белгілегеннен бастап, күні бүгінге дейін талай ғалымдардың зерттеу еңбектеріне нысан болды. Түркітанушыларды атамағанның өзінде, қазақ тіл білімінің ірі ғалымдарының көбі бұл мәселені зерттеп, ол туралы өз пікірлерін білдірген. Осы ретте Қ.Жұбанов біршама пікірлер айтып кеткен [2, 382 б.]. Сонымен қатар, С. Аманжолов, М. Балақаев, І. Кеңесбаев, А. Қалыбаева, Н. Оралбаева, Ы. Маманов, А. Әбілқасым, И. Ұйықбаев, Н. Сауранбаев, Т. Қордабаев, Р. Сыздықова, Ә. Қайдаров, О. Төлегенов, Ж. Болатов, С. Омарбеков т.б. осы сияқты ірі ғалымдардың еңбектерін атап өткеніміз абзал. Дегенмен, етістіктің шешілмеген мәселелері әлі де ұшырасады. Етістіктің көптеген тұлғаларының сан қилы қолданыстарындағы ерекшеліктері әлі де көптеген зерттеулерді қажет етеді. Қалып етістіктерінің қимылды беру ерекшеліктері М.Оразовтың еңбегінде айтылған [3]. Ал аналитикалық форманттар туралы кеңінен зерттеу жасап, кейінгі зерттеулерге үлкен жол ашқан Н.Оралбаеваның еңбектері екендігі баршамызға аян [4, 5 б.].

Біз бүгінгі мақаламыздың аясында қимылдың аналитикалық форманттар арқылы берілуіне және сол арқылы беретін мағыналық ерекшеліктеріне тоқталмақпыз. Қазіргі кезеңдегі тіл білімінің дамуы етістіктің функциональдық-семантикалық өрісін зерделеп, ішкі терең құрылымын айқындауға мүмкіндік береді.

Функциональды грамматика қызметтен құралға деген бағытпен жүреді десек, етістік категориялары да жаңа бағытта зерттеліп, тілдік бірліктердің қызметі кешенді түрде сараланады.

Етістік категориялары субъектімен байланысты анықталады және субъектінің субстанцияларға, құбылыстарға және олардың сапалары мен қасиеттеріне қатынасын көрсетеді. Мұның бәрі оларға функционалды грамматика аясында қараудың қажеттілігін белгілейді және осы тұрғыдан зерттеу қажеттігі туындап отыр. Сондықтан да етістік категорияларының функционалды қолданыстарын саралау өте маңызды.

Біз бұл жұмысымызда қазіргі қазақ тіліндегі қимылдың берілуінің функциональды сипатын функциональды грамматиканың өзекті мәселелерін, қазақ тілі грамматикасының қызметтік-семантикалық жүйесін сипаттау арқылы, нақ осы шақ жасаушы тұлғалар мен аналитикалық формант арқылы берілген қимылдың мағыналық ерекшеліктерін анықтау арқылы, қимылдың өту сипаты категориясының түркітануда және қазақ тіл білімінде зерттелуін талдап көрсету арқылы, осының негізінде қимылдың берілу жолдары мен тәсілдерін дәлелдеу арқылы анықтауды қолға алмақшымыз.

Функциональды грамматика – тіл жүйесіндегі бірліктердің қызметін, оның заңдылығын зерттейтін грамматиканың бір саласы. Функциональды грамматика әр түрлі тілдік деңгейге жататын бірліктерді ортақ семантикалық қызмет атқаруына байланысты бір құбылыс ретінде қарастырады. Функциональды грамматиканы құрудың негізгі принципі – тілдегі қызметтік-семантикалық өрістер жүйесін (аспектілік, темпоральдық (шақтық), жақтық, етіс, поссессивтілік, компаративтілік, каузальдылық (себептілік), кондициональдылық, локативтілік және т.б.) сипаттау болып табылады. Функциональды грамматиканың осы негізіне байланысты дербес тілдік және ойлауға, ұғымдық, мағыналық

мазмұнға, сөйлеудегі грамматикалық бірліктердің қызмет атқару деңгейіне орай ерекшеліктері айқындалады.

«Тілдік бірліктердің қызметі мен мағынасын, ішкі мәнін талдап саралау үшін, функционалдық аспектіден зерделеу барысында біз етіс терминін аспектуалдық, темпоральдық, модальдық, жақтық тәрізді ұғымдардың қатарында қарастырамыз» деген А. Салқынбай етістіктің етіс категориясының функционалдық грамматикадағы қолданысын толық зерделеген [6, 25 б.].

Қимылдың аяқталу кезеңіне қатысты зерттеулер кейінгі жылдары да жалғасын тауып, Қ.Т. Бибекөв бұл тақырыпта зерттеу еңбегін жазып шыққан [7].

Тіліміздегі етістіктің аналитикалық форманттары мағыналық жағынан қыры-сыры мол, саналуан ерекшелігі бар, ортақ белгілерге де бай тілдік құбылысқа жатады. Мысалы: *Егер көрсең, сенің бұнда тұрғың келмес еді. Курагиннің қазақша түсіндіргісі келіп еді, тілі жетпей қалды. Оның орыс балаларының арасында болғысы келген тілегі Старковқа ұнады. Мазақтағысы келген кісінің қыр соңынан қалмайтын жігіт* (С. Мұқанов). Осы сөйлемде қолданылған - *ғы кел* формантының мағынасында айырма жоқ. Ол жалғыз бұларда ғана емес, жалпы тілде тек осы бір мағынада ғана қолданылады, басқа мағына бермейді. Бұндай тілде үнемі бір мағынада қолданылатын бірсыпыра етістіктің аналитикалық форманттары бар. Бір мағыналық – олардың ортақ белгісі.

Қазақ тілінің етістіктің аналитикалық форманттарының мағынасына жан-жақты талдау жасау олардың мағынасындағы жалпылық белгілерді анықтады. Ондай мағынадағы жалпылық етістіктің аналитикалық форманттардың кейде басым көпшілігіне қатысты, кейде белгілі бір топтарына ортақтығы байқалады.

Әр форманттың тілде атқаратын қызметі мен білдіретін мағынасын есептегенде, олардың мағыналық құрамы өте кең, мағына байлығы сөзсіз. Мысалы, көптік жалғауы белгілі категорияның ғана көрсеткіші, соған қарай оның нақтылы мағынасы тек көптіктен шектелмейді, ол жинақтық, болжал, заттық т.б. мағыналарды білдіреді. Бұл тек осы қосымшаның ғана мағыналық құрамының күрделілігін көрсетпейді, өйткені тілдегі грамматикалық единицалардың басым көпшілігі бірнеше мағынасы танылып жүр. Ал тәуелдік, жіктік жалғауларының әрқайсысының түрлі мағыналардың шумағын бірден білдіруі - өз алдына бір мәселе.

Етістіктің аналитикалық форманттардың дара мағыналығы деп, олардың бір контексте, бір қолданыста бір ғана мағынаны білдіруін айтамыз. Мысалы: *оқып ал* деген аналитикалық формалы етістікте бір етістіктің аналитикалық форманты бар, ол формант лексикалық мағынаның үстіне қимылды субъектінің өзі үшін жасауын білдіруді қосқан. Осы етістікке тағы бір етістіктің аналитикалық формантын қоссақ, ол тағы да бір мағына қосады: *оқып ала қой*. Мұндағы - *а қой* форманты қимылдың тез, жеңіл жасалуын білдіріп тұр. Тұтас алғанда, бұл аналитикалық формалы етістік қимылды субъекті өзі үшін тез, жеңіл жасалуын білдіреді. Оған тағы бір етістіктің аналитикалық формантын тіркесек, ол тағы бір мағына қосады: *оқып ала қойғысы кел(ді)*. Мұнда қимылды субъекті өзі үшін тез жасауды қалайтыны көрінді. Бұл мысалдар да жоғарыдағы пікірді дәлелдеп отыр.

Етістіктің аналитикалық форманттары түрлі категорияларға қатысты бола береді. Мұнда модаль, рай, шақ, қимылдың өту сипаты категорияларының форманттары бар. Сондықтан етістіктің аналитикалық форманттарын жалпы құбылыс деп қарауға болады.

Етістіктің аналитикалық форманттарына көп мағыналық жат емес, тілдің синтетикалық элементтерінен жеткілікті орын алатын бұл құбылыс аналитикалық элементтерден анық көрініп отыр, сондықтан тілдік элементтердің көп мағыналығы біздің тілімізге де қатысты деп санау қажет.

Жатыр, жат етістігі мен *-ып жатыр, -ып жат* форманттарының қолдануына, мағынасына назар аудару қажет. *Жат* түбір қалпына ешбір шақты білдірмейді, одан нақ осы шақ жасау үшін *-ыржұрнағын* қосу қажет. Сол сияқты *-ып жат* форманты да тек процесті ғана білдіреді, шақ мағынасын бермейді, ол нақ осы шақ мағынасын *-п жатыр* формасында

ғана береді, *-ыр* жұрнағы бұларда нақ осы шақ жасаушы элемент екеніне ешбір күмән жоқ. Ол көне түркі тілінде осы шақ жасаған.

-n тұр, -n жүр, -n отыр форманттарының мағынасы *-n жатыр* формантының мағынасымен бірдей. Оған себеп *-n отыр, -n тұр, -n жүр* форманттарында көмекші етістіктердің түбіріне осы шақтың көне *-ур* жұрнағы сыйысқан. Сондықтан *-n тұр, -n жүр, -n отыр* форманттары әр қимылдың жасалу үстінде екенін, әрі осы шақтық мағынаны білдіреді. Аталған етістіктің аналитикалық форманттары нақ осы шақта қолданылғанда ғана, көп мағыналы формант деп аталады. Мысалы: *Тек екі бригада тынбастан жұмыс істеп жүр* (С.Ерубаяев). *Жолдастар, сіздерді осы сайлауға жиып отырмын.* (Б. Малин). *Соңғысы орысша тілге ағып тұр* (С.Мұқанов). *Жұрт алғысын жаудырып жатыр* (Қ. Ұябаев). Бұл мысалдарда *-n жүр, -ып отыр, -ып тұр, -ып жатыр* форманттары осы шақты білдіріп тұр. Мұнда қимылдың тек осы шақта жасалғаны туралы ғана айтылып қоймаған, осы шақтағы қимылдың процесс үстінде екені де білдірілген. Сөйтіп, ол мысалдардағы форманттардың әрқайсысы екі мағынадан берген, оларда екі мағына барын, ол мағыналардың басқа-басқа мағыналар екенін форманттардың төмендегі қолдануы дәлелдейді. Ол үшін осы форманттардың тек қимылдың дамуын ғана білдіруіне мысал келтірейік: *Абай Жиреншені айырып алып, тазысымен екеуін қонақ үйге қарай алып жүрген. Абайды сол сөзбен Желқұйынның жаланып тұрған түрі қатты қызықтырады. Жайлауға барса ғой, өзге бір ру ел бір бұлаққа үйіліп отырса, мұның әр ауылы ұзын аққан әлденеше өзеннен үлеседі* (М. Әуезов). *Ерміш екеуіміз қырғи-қабақ қарасқан қалыппен әлі де жүріп жаттық* (С. Мұқанов). Міне бұл мысалдардағы *-ып жүр, -ып тұр, -ып отыр, -ып жат* форманттарында осы шақтық мағына жоқ. Сонымен процессуалдық мағына мен осы шақ мағынасы - бірінен - бірі басқа-басқа мағыналар олар бірге де, бөлек те қолданыла алады. Оған *-n бар, -n кел* форманттарының қолданылуы да дәлел бола алады. Бұл формадағы етістіктер ауыспалы осы шақты қолданылғанда, етістік осы шақтағы қимылдың жасалып жатқанын білдіреді. Мысалы: *Ол ұшып барады. Ол ұшып келеді. Ол өсіп келеді. Ол өсіп барады.* Осында осы шақ мағынасы *-ажұрнағы* арқылы, қимылдың жасалып жатқаны *-n бар, -n кел* форманттары арқылы берілген.

Негізі-*n жат, -n бар, -n кел* форманттары қимылдың дамуын білдіреді. Қимылдың дамуы өмірде қай шақта болса, бұл формаларға сол шақтың көрсеткіші жалғанады. Сол сияқты осы шақта да оларға тиісті қосымша жалғанады да, етістікке әрқайсысы өз мағынасын қосады. Сондықтан бұл форманттар дара мағыналы форманттарға жатады.

Ал *-n отыр, -n тұр, -n жүр* форманттарының осы шақтық көрсеткіші көмекші етістікке кірігіп кеткендіктен, оларда нақ осы шақтың көрсеткіші бөлінбейді. Сондықтан бұл форманттар нақ осы шақта әрі қимылдың дамуын, әрі нақ осы шақты білдіріп, көп мағыналы формантқа жатады.

Көп мағыналы форманттарға *-ғалы тұр, -ғалы жүр, -ғалы отыр, -ғалы жатыр* форманттары да жатады дегенбіз. Бұл форманттар екі түрлі категория көрсеткіші қызметін атқарып, олардың мағыналарын білдіреді. Олар: 1) қимылдың жасалу тәсілі, 2) осы шақ.

Бұл форманттар тек қимылдың өту сипаты категориясы көрсеткіші ретінде қолданылғанда, қимылдың жасалу алдындағы қалпын, қимылдың жасалуға дайын тұрғанын білдіреді. Мысалы: *Жасақтасып төбелескелі тұрған екі жігіт көкбестіге мініп кеткелі тұрғанда, қызға бір-ақ нәрсені ескертті* (Ғ. Мүсірепов). Мұнда шақ мағынасы жоқ.

Олар шақ көрсеткіші ретінде қолданғанда, әрі қимылдың жасалуға дайын тұрғанын, әрі осы шақтық мағына береді: *Ең соңғы кіренді осы араға бөген, енді ағаш тасытқалы тұрмын* (Ғ. Мүсірепов). Бұл топтағы форманттардың көп мағына білдіруі түрлі себептермен байланысты. Айталық, *-n тұр* форманттары мен *-ғалы тұр* форманттарында көп мағыналық бір жолмен қалыптаспағаны жоғарыдағы талдаудан көрінді. Бірақ солардың бәрі етістіктің аналитикалық форманттардың морфемдік құрамымен байланысты, сондықтан осы топтағы форманттардың көп мағыналығын олардың күрделі морфемдік құрамы қалыптастырған деп қорытуға болады.

1. Қосымша мен қосымшаның синоним болуы сөз тудырушы жұрнақтарда да, грамматикалық категория жұрнақтарында да кездесетін құбылыс. Зат есім жұрнақтарының синонимдігіне мысал: *жұмысшы – жұмыскер, кіреші – кірекеш, сытырғыш – сытырғы, барлық – баршылық, сұрақ – сұрау, түсінбестік – түсінбеушілік, бастық – басқарма- басшы т.б.*

Сын есім жұрнақтарының синонимдігіне мысал: *дабырла – дабыра, кездес – кезік, ұзар – ұзай, көлде – көлкі, кішірей – кішір, молық – молай, батырсын – батырсы, ортала – ортайт, ақта – азарт т.б.*

Үстеу жұрнақтарының синонимдігіне мысал: *осынша – осыншама – осыншалық – осындайлық, бұрынғыша – бұрынғыдай т.б.*

ә) Тілде грамматикалық категориялардың көбі бірнеше жолмен жасалатыны грамматикаларда үнемі көрсетіліп отырады. Басқаша айтқанда, бұл – бір грамматикалық мағынаның бірнеше морфема арқылы берілуі деген сөз. Бір грамматикалық мағынаның түрлі қосымша арқылы берілуі ол қосымшалардың синонимдік қатар жасауын туғызады. Мысалы, тәуелділік мағынаны беретін жұрнақ пен жалғау мағыналас. *Кітап менікі – менің кітабым.* Салыстырмалы шырайдың - *рақ, -рек, және -лау, -леу* жұрнағы мағыналас -*көгірек, көктеу; бәсең шырайдың -ғыш, -ғылт, -ғылтым, -шілтім* жұрнақтары мағыналас - *сарғыш - сарғылт - сарғылтым; болжалдық мағынаның түрлі берілу жолдары бар: отыздай, отыздаған, отыз шақты.* Өзгелік етістің жұрнақтары мағыналас - *айтқыз - айттыр, алғыз - алдыр* т.б. Шақ көрсеткіштері де мағыналас болып келеді: *келген- келінті, келеді - келетін т.б.*

2. Қосымша мен көмекші етістіктің де мағыналас болуы – тілде бар құбылыс. Кейбір көмекші етістіктер есім сөзге тіркескенде, ол есімнен етістік жасайтын жұрнақтың қызметін атқаратыны тюркологияда танылып жүргені белгілі. Олай болса, тілдегі есім сөзге тіркесіп, оған қимыл мағынасын беретін көмекші етістіктер есімнен етістік жасайтын жұрнақтармен синонимдік қатар құрайды. Мысалы: *жәрдемдес – жәрдем ет, көмектес – көмек ет, тарсылда – тарс етті, сәлемдес – сәлем ет, жымыңдады – жымың етті, жымың қақты, зарлады – зар қақты, кезікті, кездесті – кез болды, әсемден - әсем бол, таңданды – таң қалды, телефондады – телефон соқты, әлденді - әл алды, әндетті - ән салды, жақсарды – жақсы болды т.б.*

3. Қосымша мен шылаулар да синоним бола алады, олар да бірінің орнына бірі қолданыла береді. Мысалы: *келгенше – келгенге дейін, оқуға – оқу үшін, оқығасын – оқыған соң, елулерде – елу шамасында, елу шақты, елуге тарта, келемісің – келесің бе? Ондаған – он шақты, он шамалы, онға тарта.*

4. Қосымша мен аналитикалық форманттың да мағыналас болуына мысал: *оқыған-сы – оқыған бол, сілкі-ле – сілкіп-сілкіп жібер, ал-ыңқыра – ала түс, тарт-қыла – тарта бер, құбыл-жы – құбылып тұр, жұл-мала – жұла бер, ат-қы – атып түс.*

5. Қосымшаның мағынасын сөз тіркесі арқылы сипаттама түрде беруге де болады. Мысалы, *сырласты* дегенді *бір-біріне сырын айтты* деуге де болады.

Мұнда *сыр айту* тіркесі *сырлас* етістігінің мағынасын беріп, онымен синоним болып тұр. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысы синонимияға өте бай. Мұнда мысалға олардың кейбіреулері ғана алынды. Грамматикалық құрылыстың синонимияға байлығы оның ойды дәл беруге мол мүмкіндігін, күрделілігін көрсетеді. Синонимдік қатардағы көрсеткіштердің әрқайсысының өзіндік мағына реңкі бар, олар – ойды нақты дәл, толық жеткізудің құралы.

Етістіктердің аналитикалық форманттарының мағынасында синонимдік ерекшелік өте күшті. Оны анығырақ аңғару үшін, әр грамматикалық категорияда бірнеше аналитикалық форманттың қолданылатынын айтсақ та жеткілікті. Мысалы, қимылдың өтуін сипаттау категориясында ғана қырықтан астам аналитикалық формант қолданылады. Ол осы категорияның бай мағыналық құрамына байланысты.

Бұл көп мағыналы категория болғандықтан, оның аналитикалық форманттары да көп, олар қимылдың түрлі тәсілін, фазаларын білдіреді. Бірақ әр тәсілдің, әр фазаның өзінде бірнеше мағыналас аналитикалық формант бар. Сол сияқты басқа категориялардың да мағыналас форманттары бар. Бірақ олардың әрқайсысының өзіндік мағына реңкі бар, өзіндік

мағына ерекшелігі бар. Мысалы: *Абай өз міндетіне алған жоқтау жырын жылдам жазып шықты* (М. Әуезов). *Ол жұмысты да жақсы меңгеріп кеттім* (С. Мұқанов). *Балықшылар аулына келін боп түскелі құсаланып бітті* (Ә. Нұрпейісов). *Таң бозарып қалды* (С. Мұқанов). Осы сөйлемдердегі *-ып шық*, *-іп кет*, *-ып қал* форманттары - қимылдың 3-фазасының көрсеткіштері. Олардың жалпы мағынасы – қимылдың жасалуының соңғы кезеңі. Сөйлемде бұлардың бәрі де осы мағынаны білдіріп тұр.

Етістіктің аналитикалық форманттарында мағына ұқсастығы түрлі жолмен қалыптасқан.

1. Бірсыпыра аналитикалық форманттардың синонимдігі оның құрамындағы морфемалардың мағына жақындығына негізделген. *Біт*, *бол* етістіктерінің лексикалық мағынасындағы жақындық, олардан қалыптасқан форманттардың синоним болуына негіз болған, сондықтан *-п бол*, *-п біт* форманттары қазір синоним болып табылады. Мысалы: *Жаңағы көркем бір сәтке сүйсініп, езу тартқан Абайдың сол көңілді шағы айығып болғанша, қатты келе жатқан ат дүбірі естілді* (М. Әуезов). *Ол жүдеп бітті* (С. Мұқанов).

2. Аналитикалық форманттардың синонимдігі құрамындағы ортақ морфемаларға байланысты. Мысалы: *Бірақ онан арғы дүние бар түгін бетіңе шашып түтіп келе жатқанын байқамапты* (Ә. Нұрпейісов). *Солардың аржағындағы қыр басына көкпенбек болып, жаңа гана шоп қаулап өсіп келеді* (А. Қадири). *Ушаковтың ойында Рязановқа берген уәдесін орындаудың үлкен жанжалға айналып бара жатқаны гана бар еді* (Ғ. Мүсірепов).

3. Грамматикалық даму, контекст, сөздің түрлі грамматикалық ситуацияда қолданылуы, тіркескен сөздері аналитикалық форманттардың мағына жақындығына әкелген. Тілде *-п қой* форманты қимылдың соңғы фазасын білдіреді, *-е бер* форманты қимылдың әрі жалғасуын, созылуын білдіреді. Осы екі форманттың үнемі қатар қолданылуына олардың мағыналары жымдасып, идиомаланған.

Қазір олар қимылдың жедел басталып кетуін білдіреді. Мұндағы жеделдік, тездік сияқты реңк - *п қой* форматының ықпалына, ал *-е бер* форматының білдіретін қимылдың әрі қарай жалғасуы - *п қой* форматында қимылдың басталуы мағынасының қалыптасуына негіз болған. Екі форманттың біріне-бірінің әсерінен екеуінің де мағынасы түрленіп, үшінші мағына қалыптасқан. Мысалы: *Бір бозторғай жерден арқан бойы көтерілісімен, құйқылжыта сайрап қоя береді* (Ө. Қанахин).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992, - 193 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999, - 382 б.
3. Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктері. – Алматы, 1980.
4. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы, 1975.
5. Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрылысы мен мағынасы. – Алматы, 1979.
6. Салқынбай А.Б. Функционалды грамматика очерктері. – Алматы, 2003, - 25 б.
7. Бибекөв Қ.Т. Қазіргі қазақ тіліндегі қимылдың аяқталу кезеңі мен оның берілу жолдары. Ф.ғ.к. авторефераты. – Алматы, 2000.

Абдрахманова Ж.Ә.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

Бекбол Ж.Б.

Қазақ тіл білімі кафедрасының 2-курс магистранты
Алматы, Қазақстан

ЭНАНТИОСЕМИЯНЫҢ ТАБИҒАТЫ МЕН МӘНІ

Қазақ тілінің лексикалық жүйесінде синоним, омоним, антонимнің мәртебесі нақты айқындалған. Ал энантиосемияға ерекше құбылыс ретінде әлі күнге дейін біржақты анықтама берілмеген. Бірқатар ғалымдардың (О.И. Смирнова, Л.Е. Бессонова, Ф.С. Бацевич, Т.А. Космеда, Н.К. Салихова) жұмыстарында бұл категорияны полисемия құбылысы түрінде қарастырса, келесі көзқарастағы ғалымдар (В.В. Виноградов, Е.В. Терентьева, Н.М. Шанский) лексикалық омоним ретінде, басқа ғалымдар тобы (Р.А.Будагов, А.К.Ганкин, К.И. Гельблу, Л.А. Новиков, Т.Г. Пономаренко) энантиосемияны антонимнің бір түрі десе, ғалым В.Н. Прохоров «полисемия мен омонимияның будандасқан» түрі деген көзқарасты білдіреді.

Энантиосемия полисемиямен тығыз байланысты. Кейбір ғалымдар энантиосемияны полисемияның ерекше түрі ретінде қарастырады. Ф.С. Бацевич «сөйлеу кезіндегі қарама-қарсы мағынадағы сөздердің қызметін бақылау барысында энантиосемияның полисемия құбылысына жататындығын байқаймыз, яғни бұл жеке дара сөздің семантикалық түрленуі» [1, 86 б.] дейді. Осы көзқарасты ұстанушылар энантиосемия – бір сөздің бір-бірімен байланысқан бірнеше мағынасының болуы, әдетте бұлар сөздің бастапқы мағынасын дамыту, түрлендіру нәтижесінде пайда болады деген тұжырымды ұсынады. Мұнда авторлар энантиосемия мен көп мағыналы сөздердің арасында байланысқа назар аударған жөн дейді. Алайда, энантиосемалардағы байланыс кездейсоқ емес екенін атап өткен жөн, ол антонимиямен энантиосемияны жақындастыратын қарама-қайшылыққа негізделген. Полисемия шеңберіндегі энантиосемияны қарастыру сонымен қатар сөзде пайда болатын жаңа полярлық мағына, көп мағыналы сөздер сияқты, әдетте бастапқы семантикалықмағынасының дамуы нәтижесінде пайда болатындығымен негізделген. Мәселен, соңғы жылдары белсенді қолданыста жүрген «жынды» сөзін (жынды адам) дұрыс қолданбау нәтижесінде «жынды көйлек» (әдемі көйлек) деген қарсы деген мағынасы пайда болды. Алайда, жаңа мағына барған сайын кең таралуда, оның дәлелі-бұл мағынаның ауызекі сөйлеу тілінде белсенді қолданысқа түсуі.

Энантиосемияны полисемиямен сәйкестендіру де негізсіз емес, өйткені оппозиция әрқашан кем дегенде екі сөзден тұратын омонимия мен антонимиядан айырмашылығы, екі категория да бір тілдік бірлік аясында болады. Осыған байланысты энантиосемия, полисемия сияқты, тек контексте анықталады. Дұрыс таңдалмаған немесе толық емес контекст екіұштылық пен түсінбеушілікке әкелуі мүмкін. Мәселен, иіс: иісі мұрынды жарды – оң мағынада да, теріс мағынада да қолданылады мұны айтылу барысында интонация мен сөйлеушінің эмоциясы арқылы ажырата аламыз.

Энантиосемия антонимияның бір түрі ретінде қарастырылады деген пікірлер де бар: «Сөздің қарама-қарсы, антонимдік мағынаға ие болу мүмкіндігін мағыналардың поляризациясы немесе энантиосемия деп атайды» [2, 182 б.].

Антонимия мен энантиосемияның ортақ басты ұқсастығы бар, ол екі құбылыс та тілдегі қарама-қарсы мағынаны білдіреді. О.М. Соколовтың пікірінше, лексикалық қарсы мүшелердің әртүрлі түрлерін (синонимдер, омонимдер және т. б.) бөлудің табиғи негізі өрнек жоспары мен мазмұн жоспарын салыстыру болып табылады. Антонимдер қарсы мүшелердің ұқсастық дәрежесіне қарамастан ерекшеленеді; мұнда семантикалық поляризацияның бір белгісі жеткілікті. Осы форманың нәтижесінде антонимдер толық немесе ішінара сәйкес келуі немесе мүлдем сәйкес келмеуі мүмкін. Бұл кейбір лингвистердің

энантиосемия құбылысын антонимияға жатқызуға мүмкіндік береді. Бірақ біздің көзқарасымыз бойынша мұндай ұқсастықтарды орынсыз деп санаймыз, өйткені антонимдерде қарама-қарсы мағына екі сөзбен ғана шектеледі, ал энантиосемияда қарсы мағыналар бір лексикалық бірліктің семантикалық құрылымында болады. Сонымен қатар, антонимияның энантиосемиядан айырмашылығы, оппозиция, әдетте, ядролық семалар арқылы жүзеге асырылады, ал сөздердің антонимдік жұптары лексика-семантикалық шкаланың нөлдік белгісінен тең қашықтықта орналасқан. Энантиосемиялар әрқашан симметриялы бола бермейді және оларға ядролық және шеткі семалар қарсы тұрады.

Антонимия мен энантиосемияның тағы бір маңызды айырмашылығы – антонимдердің контекстен тыс жеке дара қарама-қарсы мағынаға ие бола алуы. Мәтінде олардың көпшілігі бірдей лексикалық үйлесімділікке ие және стилистикалық жағынан біртекті.

Кейбір лингвистердің пікірінше, энантиосемияның омонимиямен ортақ белгілері көп, яғни энантиосемия қарама-қарсы мағынадағы жеке сөз ретінде қарастырылады дегенді айтады. Бірақ энантиосемиялық лексемалардың жалпы семантикалық компоненттері болғандықтан омонимияға жатқыза алмаймыз, себебі омонимдер дыбысталуы бірдей сөздерден тұрғанымен, олардың мағыналары әртүрлі.

Энантиосемияны полисемия мен омонимия арасындағы өтпелі көрініс ретінде қарастыру кереғар құбылыс болып табылады, өйткені полисемия «бір сөзде әдетте осы сөздің бастапқы мағынасының түрленуі мен дамуы нәтижесінде туындайтын өзара байланысты бірнеше мағыналардың болуын» білдірсе [3, 335 б.], ал омонимия – «екі немесе одан да көп түрлі тіл бірліктерінің дыбыстық сәйкестігі» [4, 287 б.]. Сонымен, бұл анықтамалар арқылы лексикалық категориялардың абсолютті үйлесімсіздігін білдіретіндігін байқаймыз, өйткені полисемия бір лексикалық бірлікті білдіреді, ал омонимияны таңдау қазіргі тілде мағынасы жағынан іс жүзінде байланыспаған екі немесе одан да көп сөздердің болуын талап етеді. Полисемиялық бірлік бір-бірімен байланысты бірнеше мағыналардың болуын білдіреді. Омнимдік бірліктердің арақатынастарында әрқашан ортақ мағыналық белгілері жоқ семантикасы бар екі немесе одан да көп әртүрлі сөздер болады. Өзіміз білетіндей, лексемада көп мағыналықты қалыптастыру кезінде әдетте бірнеше мағына, сөздің бастапқы семантикасының дамуы нәтижесінде пайда болады. Бұл процесс табиғи құбылыс және белгілі бір жүйелілікпен сипатталады. Жоғарыда айтылғандай, омонимдер әдетте бір-бірімен байланысты емес. Олар басқа тілдерден алынған сөздердің негізінде және сөзжасам процестерінің нәтижесінде пайда болады. Омнимдер полисемияның ыдырауына байланысты жасалуы мүмкін, бірақ мұндай лексемалар, әдетте, перифериялық болып табылады және омонимия мен полисемияның арасында аралық орынды алады.

Осылайша, екі лексикалық категория, полисемия және омонимия бір-біріне келесі белгілермен қарама-қайшы келеді: лексикалық бірліктердің саны бойынша, осы қатынастардың ішінде мағыналар арасындағы байланыстардың болуы. Осы факторларды ескере отырып, энантиосемияны полисемия мен омонимия арасындағы өтпелі құбылыс деп айта алмаймыз.

Жоғарыда келтірілген материалдың негізінде, энантиосемияның омонимия, антонимия және полисемиямен кейбір жалпы ұқсас белгілері болғанымен, олардан айтарлықтай ерекшеленетінін байқаймыз. Осыған байланысты энантиосемияны лексикалық семантиканың тәуелсіз категориясы ретінде бөлген жөн деп санаймыз.

Лексикалық жұптардың әр түрлі түрлерін бөліп көрсетудің табиғи негізі – бірліктерді формасы мен мағынасы бойынша салыстыру, яғни айтылуы мен мазмұнын салыстыру. Егер синонимия, омонимия, антонимия қатынастарын сөздің бинарлы құрылымы тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда энантиосемия бұл қатынастарға заңды түрде сәйкес келеді: синонимдік бірліктер – формасы жағынан әртүрлі, мағынасы жақын; антонимдік бірліктер – дыбысталуы жағынан әртүрлі, мағынасына қарама-қарсы; омонимдік бірліктер – дыбысталуы бірдей, мағынасы әртүрлі; энантиосемалар – дыбысталуы жағынан бірдей, мағынасы жағынан қарама-қарсы. Ескі формаларды сақтауға бейімділік нәтижесінде

энантиосемия бұрыннан таныс, дәстүрлі түрде қолданылатын форманы сақтау үшін жалпы тенденция нәтижесінде синонимияға қарсы тұрады.

О.С. Ахманова «Лингвистикалық терминдер сөздігінде» энантиосемияға мынадай анықтама береді: 1. Мағыналар поляризациясы. Сөздің (морфемалардың т.б.) антонимдік мағынаны білдіру қабілеті. 2. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді қолданудан тұратын троп (арнайы интонациялық контурмен бірге) [4, 526 б.].

Бұл анықтама энантиосемияны сипаттайтын негізгі белгілерді көрсетеді: 1) энантиосемия бір тілдік бірлік шеңберінде өмір сүреді, бұл оны омонимия мен антонимиядан ажыратады, мұнда қарсылық екі сөзден тұрады; 2) энантиосемияның полисемиямен байланысын көрсететін бір бірлік құрамында бірнеше мәндер берілген; 3) бірлік ішіндегі мәндер қарама-қарсы қатынастармен байланысты; 4) энантиосемия лексикалық семантиканың басқа категорияларымен қатар тілдің көркемдік мәнерлілік құралы болып табылады.

Мұның бәрі энантиосемия дербес лексика-семантикалық категория екенін көрсетеді, өйткені қарастырылған категорияларда энантиосемияны сипаттайтын белгілердің толық жиынтығы жоқ.

Осылайша, энантиосемия өте қызықты және күрделі құбылыс болып табылады, оны зерттеу барысында әртүрлі теориялық проблемалар анықталды: форма мен мазмұнның арақатынасы, тілдегі қарама-қайшылық категориясы және т. б. Энантиосемияны зерттеу қазіргі тіл біліміндегі көптеген маңызды мәселелерді шешуде өз жемісін беретіні анық [5].

Энантиосемияны біз бір тілдік бірлік тәңірегінде қарастырсақ, бұл құбылысты екі немесе бірнеше бірліктер бір-бірімен байланысқан омонимия мен антонимиядан ажыратуға мүмкіндік береді. Тілдік бірлік бірнеше мағынаға ие, бұл энантиосемияның полисемиямен байланысын көрсетеді. Бір тілдік бірлік ішіндегі мағыналар қарама-қарсы мағынада байланысады.

Осының барлығы энантиосемияны басқа лексика-семантикалық категорияларға жақын құбылыс деуге негіз береді, өйткені оны талдау омонимияның, антонимияның, полисемияның және т.б. белгілерін анық көрсетеді. Сондықтан да энантиосемияны лексикалық семантиканың дербес категориясы ретінде қарастырған жөн.

Әдебиеттер:

1. Бацевич Ф.С. О глаголах с противоположным значением // Рус. язык в школе. – 1987. – № 4. – С. 86–90.
2. Новиков Л.А. Антонимия в русском языке. – М: Изд-во Моск. ун-та, 1973. – 290 б.
3. Соколов О.М. Энантиосемия в кругу смежных явлений // Филол. науки. – 1980. – № 6. – С. 36–42.
4. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: КомКнига, 2005. – 576 б.
5. Мусин Ж. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық. – Алматы: «Ғылым», 1978. – Т. 1. – 671 б.

Кожобекова Р.Т.

филология ғылымдарының кандидаты, Шымкент университетінің доценті

Айткулова Г.А.

филология ғылымдарының магистрі, Шымкент университеті

Шымкент, Қазақстан

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түркі тілдерінің қазіргі таңдағы зерттелу мәселелерін сөйлету қазіргі заман талабы болғанмен, өткенде мына пікірді оқып осылай болатыннына да шек келтіре алмадым: «Екі мың жыл бұрын жер бетінде ағылшын тілі болмаған, қазіргі ағылшын тілі қолданыста бар, бірақ болашақта бұл тілде ешкім сөйлемейді. Барлық тілдің тағдыры осылай; кез келген тіл белгілі бір уақытта қолданыста болады да, сосын жойылады. Дегенмен тілдердің расында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Кей тілдердің ғұмыры бірнеше ұрпақпен шектелсе, тағы бір тілдердің ғұмыры мыңжылдықтармен шектеледі» [1, 13 б.].

Тіл тағдыры – қай халықтың болмасын өз тіршілігіндегі кезеңдерді, қарым- қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын тура жолды хақ тірлікті айнытпай бір ауыз сөздің құдыретімен түсіндіретін халықтың ғұмырымен тікелей байланысты құбылыс.

Түркі тілдерін зерттеп, ғылыми даму бағыттары үрдісімен шұғылданып, керемет ғылыми ізденістер қалдырған шешендік сөздерді жинап, жариялап, зерттей бастаған Әбдуали Қайдар, Махмут Қашқари, В.В. Радлов, Н.А. Баскаков және т.б. ғалымдардың ізденістерінен көптеген түркі тілдерінің қалыптасу, даму жолдары туралы керемет тағлым ала аламыз.

Әдебиеттану ғылымының теориялық қисыны бойынша «Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. Тарихтың, халық өмірінің шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады. Алайда, әдеби шығармалардағы тарихи шындық – көркемдік бейнелеу тәсілімен берілетін өмір шындығы, яғни көркемдік шындық» [2, 368 б.] деп тарихи шынайылықты тарихи шығармалардың халық тарихын негізге ала отырып, поэтикалық ерекшелігі тұрғысында бағаланады.

Тіл тарихын зерттеу де осындай тарихи шындыққа арқа сүйеіп зерделенетіні де ақиқат. Тіл тарихын зерделеу үшін, ең алдымен, тілдің қатынас құралы болу қызметі және сол халық арқылы мәңгі жасайтындығына басты назар аудару қажет.

«Әдебиет өзінің құнын жоғалтса, ұлттық сипат бірте-бірте өз ерекшелігінен айрыла бастайды. Ал, ұлттың құруы – адамдардың қырылып қалуы емес, әрине, ұлттың жойылуы – оның өзіндік ерекшелігінен – тілінен, дәстүрінен айрылып, сипатсыз тобырға айналуы» [3, 448 б.] деп Т. Әбдіков рухани тоқыраудан әдебиет ғана алып шығады деген тұжырымы қазіргі таңда өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Демек, тіл мен әдебиеттің тағдыры егіз. Егер болашақ ел қорғайтын ұландарымыз осындай патриоттық рухтағы тарихи романдарды оқып, сусындап жатса, тіліміздің өміршендігін дәлелдейтін патриоттық ұстанымдарды берік ұстанса ертеңгі еліміздің болашағына алаңдаушылығымыз басылар еді.

Тілдің әлеуметтік қызметі – оның өмір сүруінің ең басты шарты. Сондықтан тілдің қазіргі қалпын, тарихи дамуын зерттеу барысында оның қоғамдағы маңызы мен мәні, әлеуметтік қызметі арта түсетіні ақиқат.

Тілдің әлеуметтік қызметі оның (тілдің) сөйлеушілермен арақатысына терең көңіл бөледі. Қатынас құралы болғандықтан, ол адамдардың қоғамда осы тілмен сөйлеуіне тікелей тәуелді. Бұл тәуелділік екі жақты құбылыс. Біріншіден, тіл – адамдардың қоғамдағы байланысын, қарым-қатынасын іске асырушы негізгі құрал болса, екіншіден, ол адамдардың осы тілмен сөйлеуіне тікелей тәуелді.

Егер адамдар бұл тілмен сөйлемей, өзге тілге ауып кетсе, тіл өледі. Тіл тарихында өлген тілдердің бар екені, әрі оның санының да аз емес екені белгілі жайт. Сондықтан тіл мен оның сөйлеушілердің арасында күрделі қарым-қатынас бар. Тіл қоғамдағы қарым-қатынастарды, ірілі-ұсақты оқиғаларды – таңбалаушы құрал. Сондықтан қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтардың қай-қайсысы болса да тілде өзінің таңбалық көрінісін қалдырып отырады.

Тіл мен тілдік қоғам бір-бірінен сүре алмайды. Тіл қоғамсыз өмір сүре алмасы анық, сондай-ақ, қоғам да тек тіл арқылы өмір сүре алады, өйткені тіл олардың қарымқатынасының негізгі құралы бола отырып, сананың, ойдың формасы болады. Тіл тарихы мен халық тарихы, тіл тағдыры мен ұлт тағдыры бір-бірімен тікелей байланысты. Халықтардың қазіргі орналасуына қарай В.А. Богородицкий (1934) барлық түркі тілдері (Т.т.) географиялық белгілері бойынша жеті топқа бөлді: солтүстік-шығыс, хақас (абақан), алтай, батыс - сібір, еділ - орал маңы, орта азиялық және оңтүстік-батыс [4].

В.А. Богородицкий сондай-ақ лингвистикалық белгіні де басшылыққа алды. Солтүстік-шығыс тобына ол якут, қарағас (тоғалар), тува тілдерін жатқызды.

Түркі тілдерін зерттеуде және оны қазіргі таңдағы қолданыстағы мәнін ашып зерделеу жолында этимологиялық сөздіктердің маңызы орасан.

Этимология (грек. *etymos* – ақиқат, шындық, *logos* – білім) – сөз төркінін зерттеп, айқындаушы тарихи лексикологияның және жалпы тіл білімінің бір саласы болып табылады. Этимологияның зерттеу нысанына, негізінен тілдегі жеке сөздер, сөз тіркестері, граммат. тұлғалар жатады.

Этимологиялық зерттеу нысаны тек мағынасы ұмыт болуына, не күңгірттенуіне байланысты жеке-дара қолданылмайтын сөздер, тұлғалар ғана емес, сонымен қатар тілімізде дербес те жүйелі түрде қолданылатын жалпы лекс.-граммат. мағынасы айқын сөздер мен сөз тұлғалары да бола береді. Этимологиялық зерттеулер мақсаты мен нысанына қарай әр алуан тәсілдер мен принциптерге сүйенеді. Солардың ішінде жиі қолданылатындары: тарихи-салыстырма тәсілі, морфемдік-модельдік талдаулар, түбірін індете зерттеу, т.б. Этимологиялық зерттеулер мен сөздіктер алдына қойған мақсатына байланысты бір тілге, не бір топтағы туыстас бірнеше тілдерге бағындырылуы мүмкін.

Этимологиялық зерттеулердің қай түрі болмасын, қандай тілге бағытталмасын ғыл. тұрғыдан үш түрлі, атап айтқанда, фонет., морфол. және семант. принцип-критерийге сүйенуі шарт. Сөз төркінін дұрыс та дәл анықтаудың нәтижелі тәсілі болып саналатын бұл принцип-критерийлер жалпы түрде емес, нақтылы тілдердің өзіндік ерекшеліктері мен сол тілдердің қалыптасу, даму заңдылықтары негізінде қолданылады. Осы орайда синхронды және диахронды бағыттағы

Этимологиялық зерттеуге қойылатын тағы бір шарт – тарихи факторлармен санасу. Фонет. принцип – әрбір тілдің немесе бір топтағы туыс тілдердің дыбыстық жүйесіне тән (сингармонизм – үндестік пен ассимиляция, дыбыс алмасу мен дыбыстық сәйкестігі, дыбыстың түсіп қалуы мен қосымша дыбыстың пайда болуы, дыбыстардың қосарлануы мен әлсізденуі, дыбыстардың ұзаруы мен қысқаруы, орын алмастыру мен апокопа, элизия мен парагогия, флексия мен фузия, т.б.) сан алуан фонет. заңдылықтарды қатаң ескеруді талап етеді. Фонематикалық принцип фонетикалық заңдылық-тарға сүйенеді. Яғни дыбыс сәйкестілігіне қарай зерттейді. Мысалы, *жаз-йаз*.

Қазіргі таңда түркі тілдерінің негізгі Отаны Азия болып саналатындықтан, Қазір түркі тілінде сөйлейтін 40-қа жуық мемлекет бар. Әртүрлі геосаяси қақтығыстардың салдарынан бір-бірімен географиялық тұрғыдан ажырап кеткен елдер бәрібір түбі бір қандас елдердің қатарында болғандықтан келешекте бірігіп, көптеген мәселелерді шешуде бір тудың астына біріккендігі абзал.

Еркін тынысты қазақ елінде қазіргі таңда қазақ тіліміздің өркендеп дамуы да осы шығу тегінің қуаттылығына да көбірек байланысты. Қазақ тілі түркі тілдес елдердің ішінде ең бай және озық үлгілері ұрпақтарды ұлттық рух қуатымен тәрбиелеуде маңыздылығы жоғарымен құнды. Сондықтан, тәуелсіз елдің тіл тарихы және тіл тағдыры болашақтың қолында. Қалай дегенменде қазақ тілі ұлттық негізділікті нығыздай отырып, әлем әдебиеті арналарымен бірге көркемдік сапа дамуының жаңа белестеріне шығуы сөз өнері дамуының жаңа қозғалыстағы орнын бағамдайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание. – Казань, 1953.
2. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – М.: 1962.
3. Мусаев К.М. Түркі тілдер лексикологиясы. – М.: 1984.
4. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М.: 1951.

Мусирова А.Б.
магистр, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің оқытушысы
Турсыманова Ф.Ж.
Шымкент университеті
Тойчибекова А.З.
С. Ерубает атындағы ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі
Әбу Г.А.
№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернатының мұғалімі,
Шымкент, Қазақстан

СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНДЕГІ ПАРАДИГМАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Дәстүрлі синтаксистік парадигмалар дегенде біз деңгейлік, нормативтік грамматика сөйлемдердің парадигмалық жүйесін сөз ететін боламыз. Бұл мәселеде орыс тіл білімі түріктануда болсын әлі ала құлалық көп. Яғни сөйлем парадигмасына берілген анық бірізділік байқалмайды. Н.Ю. Шведова «Сөйлем парадигмасы деп оның тұлғалық жүйесі» десе, [1,10 б.]. К.П. Орлов «Парадигма предложения – это система его вариантов, в которых» одна и та же знаковая структурная схема, излагающая его природу» деп, оның мағыналы жүйесі тұрғысынан анықтайды [2, 50 б.].

И.И. Меньшиков сөйлем парадигмасын модель ұғымымен тығыз байланыста сөйлем моделін көптеген лингвистердің парадигма арқылы сипаттайтынын ескертеді. Бірізділік жоқ дегенімізбен зерттеушілердің сөйлем парадигмасына берілген анықтама сөйлемнің жүйе, үлгі (схема) екені байқалады. Синтаксистік парадигма туралы орыс ғалымдарының ішінен Т.П. Ломтев, Е.А. Седельников, О.И. Москольская да өз пікірлерін қалдырған. Қазақ тіл білімі үшін синтаксистік парадигма ұғымы тіптен жаңа нәрсе болып табылады. Дегенмен дәстүрлі синтаксистік парадигма мәселесі қазақ тіл білімінде мүлдем қарастырылмаған пікірден аулақпыз. Қазақ синтаксисіне қатысты дәстүрлі зерттеулердің барлығында аты аталмаған осы синтаксистік парадигма мәселесі ғылымның алғашқы зерттелу тарихынан бері-ақ сөз етіп келеді. Қазақ тіліндегі жай сөйлем синтаксисіне арналған еңбектерде олардың категориясында бірізділік басымдау. Дегенмен кейбір айырмашылықтар бар.

А. Байтұрсынұлы еңбегінде сөйлемнің мынадай түрлері берілген: *жалаң, жайылма, болымды, болымсыз, толымды, толымсыз*. Сөйлемдердің айтылуына қарай: *сұраулы, лепті, тілекті* деп бөлінеді [4, 296-297 бб.]. Жай сөйлемнің дәстүрлі парадигмасына қатысты терминдер А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Байқап отырғанымыздай, ғалым өзін *сұраулы, лепті, тілекші* сөйлемдермен бір қатарда қарастырады.

Қ. Жұбанов сөйлем түрлерін сөйлем сазы деп бере келе, оны мынадай түрлерге бөлген. *сұрау, леп сазы сөйлем* деп көрсеткен. Сонымен бірге *жалаң сөйлем мен жайылма сөйлем* сөйлем мен олқы түрлерін көрсеткен [5, 157 б.]. Ғалым жаңаша грамматикалық бұрыннан қалыптасқан терминдердің біразын өзгертуге талпынған. Бірақ келіп жай сөйлем терминдер мен оларды жіктеу парадигмасы А.Байтұрсынұлы салған ізге қайта түсіп кетті.

Н. Сауранбаевтың еңбектерінде де жай сөйлемнің *хабарлы, сұраулы, лепті, толымды, толымсыз, жақты, жақсыз, атаулы сөйлемдер берілген* [6, 190-191 бб.].

М. Балақаев жай сөйлемді айтылу мақсатына қарай: *хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдер; болымды-болымсыз; жақты-жақсыз; жалаң-жайылма; толымды-толымсыз* жіктейді деп бөледі [7].

Р. Әмір жай сөйлемдер мынадай принциптерге сүйене топтастырады:

1. Сөйлемдерді логика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай топтау;
2. Сөйлемдерді сөйлем мақсаттарына қарай топтау;
3. Сөйлемдерді негізгі құрамының көрінісіне қарай топтау;
4. Сөйлемдерді жақтық мағыналардың болу-болмауына қарай топтау;

5. Сөйлемдерді информациялық көлеміне, осыған сай құрамдық мөлшеріне қарай топтау;

О. Төлегенов сөйлем типтерін мынадай сала-жүйеде берген:

1) баяндаудың жалпы модельдік мағынада (шындыққа қатысты) берілу сипаты жағынан: болымды, болымсыз сөйлемдер.

2) нақты сөйлеу процесінде баяндаудың берілу мақсаты жағынан: хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдер.

Эмоциялық мағынасына: үстемелі лепті, арнаулы лепті сөйлемдер.

Жалпы құрылымына байланысты жіктелу ерекшелігі төмендегідей: бір немесе бірнеше предикативтік қатынас негізінде құралып жұмсалуды жағынан *сөйлемдер жай және құрмалас сөйлемдер* болып бөлінеді. Қалыпты синтаксистік құрылымды емес сөйлем түрлері: *мүшеленетін сөйлемдер, мүшеленбейтін сөйлемдер*. Мүшеленетін жай сөйлемдер бастауыш пен баяндауыш арқылы қалыптасу құрылымына қарай топқа жіктеледі: *екі бас мүшелі сөйлемдер, бір бас мүшелі сөйлемдер*.

Бірінші топтың өзі бас мүшелердің лексика-грамматикалық өзгешелігімен байланысты жеке болып келеді.

Екінші топқа жататын сөйлемдер қимылдың субъектіге қатысты, субъект мәнінің ерекшелігі үш топқа жіктеледі: белгісіз жақты, жанама жақты, жақсыз, жалпылама жақты. Нақтылы бір сөйлеу жағдайында, контексте ілгерідегідей жай сөйлем типтері тұлғасы мен мағынасына қарай толымсыз да болып жұмсала береді. Бұл – құрмалас сөйлемдерге де тән. Жалпы құрылымының толымсыздығы сөйлеу түрі мен стилінің өзгешелігіне байланысты болады. Мүшеленбейтін сөйлемдерді лексика-грамматикалық жасалу ерекшеліктері жағына қарағанда, үш топқа бөлінеді: *есімдерден құралған (атаулы) сөйлемдер, арнаулы модальдік сөздерден құралған сөйлемдер, одағайлардан құралған сөйлемдер* [9, 43-44 бб.].

Байқап отырғанымыздай, О. Төлегеновтің жай сөйлемдерді жіктеуінде алдағы ғалымдарға қарағанда жан-жақтылық бар. Ғалым жай сөйлемдерді әр аспектіден қарап жіктеуге тырысқан. Бұл тіл білімі үшін сол кездегі үлкен қадам деуге болады.

Қазақ ғалымдарының жай сөйлемнің парадигмасын қарастыруындағы өзгешеліктердің бір себебі еңбектің кімге арналуына да байланысты болса керек. Мәселен, А. Әбілқазыптың еңбегі орта білім жүйесіне арналған.

А. Әбілқазыптың «Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем түрлері» деген еңбегінде жай сөйлемдердің төмендегідей құрылымдық түрлері берілген:

1) жақты сөйлем және жақсыз сөйлем; 2) толымды және толымсыз сөйлем; 3) атаулы сөйлем; 4) жалаң және жайылма сөйлем [5].

О.К. Күлкенованың «Қазіргі қазақ тілі жай сөйлем синтаксисі» атты еңбегінде жай сөйлемнің грамматикалық белгілеріне қарай бірнеше тобы ұсынылған:

Сөйлемдегі айтылған ойдың объективті шындыққа қарым-қатынасына қарай сөйлемдер *болымды және болымсыз*;

Жай сөйлемдер коммуникативтік мақсатына қарай және оған тәуелді интонациясына қарай *хабарлы, бұйрықты және лепті*;

Жай сөйлем құрауға негіз болатын бас мүшенің сөйлем құрамына қатысуына байланысты *екі құрамды сөйлем және бір құрамды сөйлем*;

Жай сөйлем тұрлаусыз мүшелердің болу, болмауына қарай *жалаң және жайылма сөйлем*;

Жай сөйлем құрамында ойға қажетті синтаксистік мүшелердің қатысқан, қатыспағанына қарай толымды, толымсыз [8, 5 б.]. Біздің ойымызша, О. Күлкенованың бөлінуінде қатаң жүйе бар. Жай сөйлем парадигмасын болымды-болымсыздық категориясына қарай жіктеп, оны айтылатын объективті шындыққа, қарым-қатынасына байланысты болатындығына назар аударады. Ал хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты болып бөлінуін коммуникативтік мақсаттардан туындайды.

Дәстүрлі синтаксистік парадигманың түрлі-түрлі болып келуіне оны жіктеуде үш аспектіден бағыты орын алатындығы байқалады. Деңгейлік тұлғалық аспекті мен

коммуникативтік әдіс бар болса, тарихи салыстырмалы енді басталып келеді. О. Бекжанның төмендегі тағлымдары осы тарихи-салыстырмалы әдістің нәтижесі болып табылады. Жай сөйлемнің типтерін берген:

- 1) Жай сөйлемнің құрылымдық типтері: жалаң және жайылма, толымды және толымсыз, бір құрамды және екі құрамды;
- 2) Жай сөйлемнің логикалық-грамматикалық типтері: есімді және етістікті;
- 3) Жай сөйлемнің сапалық типтері: болымды және болымсыз, жағымды және жағымсыз [3, 123].

Ғалым тіл деректерінің барлығын көне түркі тілдің мәтіндерімен байланыстыра қарайды. Сондықтан біз оның тұжырымдарын тарихи-салыстырмалы зерттеулер нәтижесінде алынған деп қараймыз.

К. Садуақасұлы «Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер» деген монографиясында жай сөйлемдерді мынадай ерекшеліктеріне қарай топтайды:

- 1) мағынасына қарай: хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты;
- 2) предикативтік бас мүшелердің қатысы ыңғайында: бір құрамды, қос құрамды;
- 3) структура-семантикалық компоненттерінің қатысына қарай: толымды және толымсыз, жалаң және жайылма, жақты және жақсыз [13, 71 б.]. Бұл парадигмалық жіктеуде структуралы принцип пен коммуникативтік принципті қатар қарастырады.

«Қазақ грамматикасында» (2002ж.) жай сөйлемдердің 6 типі көрсетілген: 1) толымды және толымсыз жай сөйлемдер; 2) номинативті, етістікті жай сөйлемдер; 3) жалаң және жайылма жай сөйлемдер; 4) айтылу мақсатына қарай бөлінетін жай сөйлемдер; 5) екі негізді және бір негізді жай сөйлемдер; 6) күрделенген жай сөйлемдер [1].

Қазақ грамматикасындағы жай сөйлемге қатысты пікірлер Р.Әмір мен О.Бекжан еңбектерімен үндесе келеді.

Ғалымдар А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, А. Әбілқайев, О. Күлкенова еңбектерінде жай сөйлемдердің типтері құрылымдық тұрғыдан қарастырылған. О. Төлегенов, Р. Әмір, О.Д. Бекжан еңбектерінде жай сөйлемдерді топтастыруда алдыңғы авторларға қарағанда өзгешелік бар. Алдыңғы авторлар тілді дәстүрлі грамматиканың негізінде жіктесе, соңғы авторлар олардың пікірлерін жалғастыра, дамыта отырып, жай сөйлемнің түрлерін коммуникативті аспектісінде қарастырған.

О. Төлегенов сөйлемдердің модальділігіне тоқталады. Сөйлемнің тек құрылысын ғана емес, олардың адам эмоциясына да қатысты қарастыра келіп, сөйлемдерді топтастырудағы межесін былай анықтайды: «Сөйлемдер жалпы модальдік мағынада немесе шындыққа қатысты болу сипаты жағынан жіктеледі. Неге десең, ой мазмұны құбылыстар байланысының не зат пен белгісі байланысының ақиқат екендігіне, ақиқат еместігіне қарай көбіне болымдыне болымсыз іс-сапа тұрғысынан беріледі». Жай сөйлем грамматикалық айырмашылықта қалыптасады. Ой мазмұны әрқашан мақсатты болып, сөйлемдер белгілі бір тұлғаларда ерекшеліктеріне қарай жұмсалады. Демек олар сөйлеу процесінде атқаратын айырым қызметіне қарай топтастырылады. Бұл тілдің қатынас құралы ретіндегі ролімен байланысты. Сонымен бірге сөйлемдер айтушы эмоциясына қарай да ажыратылады.

Сөйлемдер баяндаудың берілу тәсіл-жүйесіне қарай, яғни грамматикалық жалпы қалыптасу құрылымына қарай топтастырылады. Мұнда тіл мен ойлаудың байланысы көзделетінін айтады [6, 42-43 бб]. Біздің ойымызша қазір жай сөйлемдерді топтастыру кезінде О.Төлегеновтың пікірі ескерілмей келеді.

Р. Әмір Қазақ грамматикасындағы жай сөйлем парадигмасын жіктеуге үлес қосқан авторлардың бірі. Ол жай сөйлемдерді топтауда сөйлеудегі ерекшеліктеріне баса назар аударады. «Сөйлемдер коммуникативтік тұлға болуына байланысты тағы бір жәйт бар. Сөйлемнің формасы тек предикативті білдіруге ғана бағынышы емес. Оның көптеген формалары сөздің (сөйлеудің) мақсатына байланысты. Мысалы, хабарлау үшін, бұйыру үшін, сұрау, жауап алу үшін құрылатын сөйлемдердің әрқайсысына тән формалары бар. Сөйлеудің мақсаты осы аталғандармен тынбайды. Сөйлеуші айту үстінде тындаушысын пікір алысуға икемдейді (бұл үшін қаратпа сөз, түрлі қыстырма сөздер қатысады), пікірді

өтініш, тілек ретінде айтады (бұл баяндауыштық формаға әсер етеді), ойдың бар мәліметін ерекшелеп айтуды мақсат етеді, пікірді сөйлеуші жақтың сөзімен жалғастырып айтады немесе өзінің ілгері пікірімен ұштастырып айтуды мақсат етуі мүмкін» [7, 55 б.]. Сондай-ақ Р. Әмірдің алдыңғы ғалымдардан тағы бір өзгешелігі- сөйлемнің логика-грамматикалық типтарын көрсетуі. Ғалым сөйлемнің синтаксистік мағынасы сөйлемнің логика-грамматикалық топтарына сайысып орналасады дейді. Сөйлемді былай топтастыру сөйлемнің абстрактылық-грамматикалық мағынасын ашуға көмектесетінін ескертеді. Қазақ тіліндегі жай сөйлемдер логикалық-грамматикалық сипаты жағынан мынандай топтарға бөледі:

1. Іс иесі зат пен қимыл әрекеттің өзара қатынасын білдіретін сөйлемдер. Бұл сөйлемдер бастауыш ретінде зат есім жұмсалып, баяндауышы өздік, өзіндік етіс формалы етістіктен болады. Мысалы: *Ауылдың сырт жағында келе жатқан екі әйел көрінді* (Б. Майлин).

2. Зат пен оның қимыл күйін хабарлайтын сөйлемдер. Мысалы: *Мойнына жіп тағыпты* (М. Әуезов).

3. Субъект зат пен оның заттық сапасының қатынасын білдіретін сөйлемдер: *Оспан бригадир*.

4. Субъект зат пен оның сындық, сандық сапасының, күйінің қатынасын білдіретін сөйлемдер: *Аспан бұлтсыз ашық*.

5. Қимыл іс-пен логикалық субъект-заттың қатынасын білдіретін сөйлемдер: *Орнынан секіріп шыққан –көк шолақ* (М. Әуезов).

6. Қимыл-іс пен оның сынының, объектісінің қатынасын білдіретін сөйлемдер: *Атақты Абдрахман болған* (Б. Майлин).

7. Қимыл-іс пен оның себебінің қатынасын білдіретін сөйлемдер: *Айтпағаны-ұялғаны* [9, 59-61 бб.].

Бұл мақалада дәстүрлі синтаксистік парадигма, оның ішінде жай сөйлем парадигмасын қарастырды. Дәстүрлі синтаксисте сөйлемнің парадигмасы деп сөйлемнің құрылымдық және мағыналық жақтан парадигмалық қатарға негізделген жүйесін айтамыз. Бірақ қазіргі таңда дәстүрлі деңгейлік парадигма мен коммуникативтік парадигманың шекарасы алынып қалғандығы байқалады. Мәселен, орыс тіл біліміндегі соңғы академиялық грамматика көбіне коммуникативтік синтаксис тұжырымдамаларына сүйенеді.

Әдебиеттер:

1. Балақаев М. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. - Алматы: «Білім», 2014. - 224 б.
2. Шведова Н.Ю. Парадигматика простого предложения с современным русским языке. -М: «Наука», 1967.- 378с.
3. Орлов К.П. Парадигматика сложноподчиненных предложений: Учеб.пособие. - Тула: Тульский педагогический институт, 2013. – 95 с.
4. Меньшиков И.И. Модель предложения и его парадигма: Учебное пособие. - Днепропетровск: ДГУ, 2001. – 79 с.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы: қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері. - Алматы: «Ана тілі», 2002. - 448б.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: «Ғылым», 2009. -581 б.
7. Сауранбаев Н. Қазақ тілі. – Алматы, 1999. - 219 б.
8. Төлегенов О. Жалпы модальді мақсат мәнді жай сөйлем типтері. - Алматы: «Мектеп», 1968. – 179 б.
9. Әбілқайев А. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем түрлері. – Алматы, 2003. – 59 б.

«МУХАББАТ-НАМЕНИҢ» ТӨРТ ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Көне түркі және орта ғасыр ескерткіш мәтіндерінің текстологиясын зерттеу жұмыстары қазіргі қазақ тіл білімі саласында әр қырынан зерттелініп жүр. Хорезмидің махаббат тақырыбына арналған XIV ғасырда жазылған «Мухаббат-наме» атты дастанының біздің заманымызға төрт нұсқасы келіп жетті. Көшірмелерді қай жерде, кім көшіргені белгісіз. Жалпы, дастанда 630 бәйіт бар. Біз сөз етіп отырған дастанның Лондондағы Британ Музейінің кітапханасында сақтаулы тұрған бірі араб, бірі ұйғыр әрпімен жазылған екі көшірмесі және Стамбул қаласындағы көшірмелері.

«Мухаббат-наме» ескерткішінің (XIV ғ.) мәтіні еңбегінде қазақ тіл білімінде тұңғыш рет «Мухаббат-наме» ескерткіші қолжазбаларының төрт (үш араб, бір ұйғыр алфавитімен жазылған) нұсқасы өзара салыстырылып, ұқсастық-айырмашылықтары анықталған. Қазақ тілінде аудармасы берілген [1]. Г. Убайдуллаева ««Мухаббат-наме» ескерткішінің (XIV ғ.) текстологиясы» атты кандидаттық диссертациясында ескерткіштің араб, ұйғыр көшірмелерін өзара салыстырып, көшірмелер арасындағы айырмашылықтардың жасалу себебін түсіндіріп, бастан-аяқ текстологиялық зерттеулер жүргізеді. Байқалған айырмашылықтарды фонетикалық, лексика-грамматикалық және синтаксистік тұрғыдан талдаған [2].

«Мухаббат-наме» ескерткіші қолжазбаларын өзара салыстырғанда бәйіттер ішінде бір сөзді екінші бір сөзбен ауыстыру жиі кездеседі. Көбіне түркі сөздері араб-парсы элементтерімен немесе түркі тілдеріндегі мағыналас сөздермен алмастырылған, Сонымен қатар, араб-парсы сөздері екінші бір араб-парсы сөздерімен ауыстырылған. Кей тұстарда басы артық сөздерді де қосып жіберіп отырған. Бұлардың әрқайсысының өзіндік себептері бар деп ойлаймыз.

Лингвотекстология ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, біз жоғарыда аталған ескерткіштің төрт нұсқалардың әрқайсысында ұшырасатын лексикалық, морфологиялық айырмашылықтарға тоқталмақпыз.

Синонимдік алмасулар. Ескерткіштің 526-бәйітінде А Сұлайман *булмады* мұндақ са'адат / В Сұлайман *тапмағай* мұндақ са'адат / С Сұлейман *булмағай* мұндақ са'адат. Аудармасы: Сұлейменде болған жоқ дәл мұндай бақыт. А және С нұсқаларында *булмады/булмағай* деп берілсе, В нұсқасында көшірмеші *тапмағай* сөзін қолданған. Енді осы сөздерді салыстырып қарастырсақ: Бул. *Табу*. Ol kömüç buldı (Ол күміс тауып алды) [3, 121 б.]. Қазіргі қыпшақ тобына жататын тілдерде, әсіресе қазіргі қазақ тілінде дәл солай тұлғаланатын *тап-* етістігі бар. Ескерткіште оғыздық *бул-* варианты қыпшақтық *тап-* тұлғасының қолданылу жиілігіне қарағанда екі есе көп. Қазіргі түркі тілдерінде: түрк., *bulmak*; әзірб., *tapmag*, *bulmag*; башқ., *tabıv*, *izläp tabıv*; қырғ., *tabū*; өзб., *tármák*; тат., *tabu*, *izläp tabu*; түркм., *tapmak*; ұйғ., *tapmak*; қаз., *табу* [4, 84-85 бб.].

Бәйіт жолдарындағы сөздердің синонимін қолдану өлең мазмұнына ешқандай нұқсан келмейді. Кейбір бәйіттерде көшірмешілер түркі сөзі мен түркі сөзін алмастырған болса, бірқатарында араб-парсы сөздерімен де орындарын ауыстырып жазған. Араб-парсы тіліндегі мағыналас сөздерді де қатар қолдану жиі кездеседі. Ескерткіштің 552-бәйіт жолында А *Хүсүннүң* хам болур ахыр зақаты / В *Жамалиңниң* болур ахыр зақаты / С *Хүсүннүңг* хем болур ахыр зекаты. Қазақша аудармасы: Сұлудың да болар деп ақыр зекеті. А, С нұсқаларында *хүсүн* сөзі В нұсқасында *жамал* болып өзгеріске түскен. *Хүсн* – *жамал* деген сөздер сұлу мағынасында жұмсалған. *Хүсн* араб сөзі *сұлулық, әдемілік* дегенді білдіреді. Қазақ тілінде *сұлу, әдемі, әсем, көркем, ару, әрлі, бәденді, ажарлы, шырайлы, келбетті, кескінді, көрікті, сиықты, келімді, зипа, айдай, реңді, өңді, қияпатты* көне [5, 507 б.].

Жазба мәтіннің 385-бәйітінде А *Айа бойы санавбар*, чехраси ай / В *Айа кадды санубар* чехрасы ай. Аудармасы: Ей, бойың тік қарағайдай, жүзің айдай. Екі нұсқадағы *санавбар/*

санубар, чехраси/ чехрасы әріп қателері кеткен сөздер де бір-бірімен сәйкестік түзген. Мұндай ерекшеліктерескерткіш тіліндегі архаизмдер мен араб-парсы элементтерінде көбірек кездеседі. Сонымен қатар, А нұсқасындағы түркілік *бойы* сөзформасын В нұсқасын көшіруші *кадды* сөзімен өзгерткен. *Қад* араб сөзі, қазақ тілінде бой, тұлға деген мағынаны білдіреді. *Бой* мен *қад* сөзі синонимдік қатар құрап тұрғандықтан, өлең мазмұнына өзгеріс түспеген.

Сан есімдердің бұрмалануы. Ескерткіш тілінде А, В, С нұсқаларында қолданылған сан есімдерді көшіруде бірізділік жоқ. Көшірмешілер тарапынан сан есімді сөзформалар көп өзгеріске түскен. Дастандағы 136 бәйіттің сан есімдеріне тоқталсақ: А Тұғанмас миң йыл ичра миңда бири /В Битилмас йүз йыл ичра миңда бири. Аудармасы: Мың жылда мың да бірін түгесе алмас еді. Байқап отырғанымыздай, ескерткіштің *миң-йүз* сандарында айырмашылық бар. В көшірмешісі жылды тоғыз жүз жылға кемітуі қызық жағдай болып тұр. Ұйғырәрпімен жазылған нұсқаның көшірмешісі сан есімдерді қысқартып қолдануды өз тарапынан дұрыс санайтын сияқты. 172- бәйітте А Бүгүндін соң йүз еллик йыл йашағыл /В Бу күндін соң йүз йигирми йашағыл. Аудармасы: Бүгіннен соң жүз елу жыл жасағыл. А нұсқасында *йүз еллик йыл* – жүз елу жыл жасауын тілесе, В нұсқасында жүз жиырма жыл ғана өмір сүргенін қалайды. Отыз жылға неге қысқартқаны белгісіз. Сан есімдерді шамадан тыс қысқартып көшіру тек В нұсқасының көшірмешісіне тән емес сияқты. 518-бәйітте А Тағы *миң йылда* сендек тоғмағай ай/В Такы *миң йылда* сендаг туғмағай ай/С Дағы *йүз йылда* синдик тоғмағай ай. Аудармасы. Тағы мың жыл өтсе де сендей ай тумайды. Бұл бәйітте А, В нұсқаларында *миң йыл* сөзі қолданылса, С нұсқасында *йүз йыл* деп жазып жіберген. Ескерткіш мәтінінде сан есімдер жыл санауға байланысты қолданылған. «Мухаббат-наменің» қай жылы жазылғаны мен жазылып біткені туралы ақпаратты автордың өзі айтып тұр. Жәдігердің 622-бәйітінде А *Йети йүз елли төрт* ичра түганди/С *Йити йүз йыл төрт* ичре түкенди. Аудармасы: Жеті жүз елу төртінші жылы жазылып бітті. Ескерткіштің А нұсқасында жыл санау жеті жүз елу төртінші жылы деп нақтыланып көрсетілсе, В нұсқасында көшірмеші белгісіз себептермен тіпті бұл бәйіттің орнын көшіріп жазбай бос тастап кеткен. Мүмкін көшіруші дастанның аяқталған уақытын көрсетудің еш маңызы, қажеттілігі жоқ деп санаған шығар. Ал, С нұсқасында *елли* сөзформасының орнына *йыл* сөзін жазып жіберген. Қате көшірудің салдарынан өлең мазмұны бұзылған.

Түркі сөздері мен түркі сөздерінің немесе араб-парсы сөздерінің алмасулары. Ескерткіштің 227-бәйітінде А Бүгүн йоқтур сен ай тек *көкта* асра/В 227 Бүгүн йоқ дун *'йада* сендаг нигар-а. Аудармасы: Бүгін жоқ сен сияқты ай көкте сірә. А нұсқасында «сен сияқты айдай сұлу көкте жоқ» дегенді айтса, көшірме жасаушы В нұсқасында «бұл дүниеде сен сияқты сұлу жоқ» қолданып кеткен. «Көк» сөзі қазақ ұғымында Тәңірі мекені ретінде түсініледі. Қазақ ертегілері мен фольклорында қыздың сұлулығын айға теңейді. Ал дүниеде жалпы тіршілік иелері мекендейді. *Дүние* сөзі де *жер беті* деген мағынада да қолданылады.

Ескерткіштің 157 бәйіт жолдары тұтас өзгертілген: А Бизниң бек йадыға 'ишрат қылалы/В Ешиткил ай бегим бандан сөзини. Аудармасы: Біздің бектің назарына ишарат қылайық. В нұсқасында *Ешиткил ай бегим бандан сөзини* / Ей, бегім, пенденің сөзін есітпейсің. Бектің осы сөзді естудің өтініш білдіреді.

Бәйіттерде көшірмешілер тарапынан бір сөздің орнына басқа сөздерді алмастырулар көп орын алған. Мысалы, 409-бәйітте А Жехан тутты қара зүлфүң баласы /В Жехан толды сениң зулфүң қарасы. Аудармасы: Жаһанды тұтты қара бұрымыңның тылсымы. Бұл бәйітте А нұсқадағы *тутты* сөзінің орнына В нұсқасында *толды* сөзі жазылған. Бірақ бәйіт мазмұнына ешқандай нұқсан келіп тұрған жоқ. А нұсқадағы *қара* сын есімі В нұсқасында зат есімнен кейін терілген және көшірмеші *сениң* деген сөзді жанынан қосқан. Мүмкін В нұқсаны көшіруші меншіктеу формасын қосып өлең жолын өзінше әсерлегісі келген болуы керек.

Мн ескерткішінің 584-бәйітінде А 'Утарид көрди, салди хамасини/В Жеханға йайды бу афсанасыны/С 'Утарид көрди салды хамесини. Қазақша аудармасы: Жазғыш Утарид көріп, қаламын қоя салды. А және С нұсқаларында *салди-салды, хамасини-хамесини*

сөздерінде фонетикалық ерекшеліктер болғанымен, мағыналық жағынан толық сәйкес келеді. *Утарид* араб сөзі, аспан денелері атауы Меркурий. Ал, осы бәйіттің В нұсқасында көшірмеші мүлдем басқа бәйіт жолын қосып жіберген немесе тұтас өзгерткісі келген. В нұсқасындағы *жехан* парсы тілінен ауысқан, қазақ тілінде *жаһан, әлем, бүкіл жер жүзі* деген синонимдік қатар түзген. *Афсанада* парсы сөзі қазақ тіліндеаңыз, миф ретінде түсініледі. В нұсқасын бұл *афсананы дүние жүзіне жайды* деп аударамыз. Яғни, В нұсқасы А, С нұсқаларыменсалыстырып қарағанда мағыналық жақтан сәйкестік үзілгенін көруге болады.

Махаббат туралы поэтикалық дастанның 499-бәйітінде мынадай айырмашылықтарды байқауға болады; А Латиф-о назук-о Йүсүф лықасын /В Латиф-у тансүк-ү зеба санамсыз /С Латиф-ү назик ү зибә шанем-син. Аудармасы: Сүйкімдісің, нәзіксің, Жүсіп пайғамбардай жүзің бар. Үш нұсқадағы Алланың бір есімі болып табылатын *Латиф* сөзі өзгертілмеген. Ал, құран кітапта арнайы тараумен берілетін *Жүсіп* пайғамбардың есімі В және С нұсқаларында мүлдем түсіп қалған. Жүсіп пайғамбардың аты әлемге сұлулығымен жайылған. Алла тағала оған жан біткеннің сұлулығын сыйға тартқан. Көркем дастанда Жүсіп пайғамбардың сұлулығы бірнеше рет айтылады. А және С нұсқаларындағы *назук-о-назик* ү әріп қателіктері екені байқалады, В нұсқасында көшірмеші *тансүк-ү* сөзін қолданған. Дастанның А нұсқасындағы *лықасын* сөзформасы В және С нұсқаларында өзара фонетикалық ерекшелік түзетін *санамсыз-шанем-син* сөздерімен берілген. *Санам* араб сөзі *сүйікті жар* деген мағынада жұмсалады. *Зеба* араб сөзі *сұлу*, зибә парсы сөзі *әдемі, сұлу, әшекейлі* дегенді білдіреді. Бұнда А нұсқасында сұлулық символы *Жүсіп* пайғамбардың сұлу жүзін теңеу ретінде қолданылса, В және С нұсқаларында көшірмешілер тарапынан сүйікті жардың әдемілігі мен сұлулығы сөз болып тұр.

Мәтіндегі 394-бәйіттің А нұсқадағы түркілік *сақақ* деген сөздің орнына В нұсқасында да түркілік *қарақ* сөзі қолданылған. А *Сақақың шу'ласи* 'аламни өртар/В *Қарақың* шеваси 'аламны өртар. Аудармасы: Сағағыңның шұғыласы әлемді өртейді. Арасында 62 бәйіт түзілгеніне қарамастан бұл сөздердің орнын алмасуы 456-бәйітте қайталанып отыр. Мысалы, А *Сақақыңны* йақаң киши өпар бас /В *Қарақың* шевасин хеч кимса билмас. Аудармасы: Сағағыңды жағанның ұшы ғана өбеді. *Сақақ* түркі сөзі*иек* дегенді білдіреді. *Қарақ* деген сөзкөздің қарасы, қарақ. *Шева* парсы сөзі *сиқыр, сиқырлық* деп, *шу'ла* араб сөзі *жалын; жарқырау, нұр шашу* болыпаударылады. А нұсқасындағы *сақақ(иек) шұғыласы* дегенді көшірмешінің өз сөз қолданысы деп қарауға болады. 394, 456-бәйіттердің В нұсқадағы *қарақың шеваси* өзгеріссіз қолданылған. Төл тілімізде көзбен сиқырлап алу, көзбен арбады деген тіркестер бар.

Мн жазба ескерткішінің 346-бәйітінде сөздердің орын алмасуы кездеседі: А Сизин дек кимда бар шакл-о шамайил/В Та'ала'лла зехи шакл-у шамайыл. Аудармасы: Сіздей кімде бар тұлға мен көрік. Та'ала-л-ла араб тілінен енген сөз өте жоғары, өте биік, өте үлкен деген мағыналарды білдіреді. В нұсқасында Алланың сұлулығы мен көркіне жететін аспан әлемі мен жер бетінде ешқандай сұлулық тең келмейтініне баса назар аударылған.

Морфологиялық айырмашылықтар: Жәдігердің 206-бәйітінде көптік жалғауын жалғанған тұстарда да айырмашылықтар кездеседі. А Қатында йир өпарлар жұмла шахлар/В Қатында йерлар өпар жұмла шахлар. Аудармасы: Барлық шаһтар сені көргенде құрмет көрсетіп жерді сүйеді. Байқағанымыздай, көптік жалғауы *-лар* А нұсқасында *өп* етістігіне жалғанса, көшірмеші В нұсқасында *-лар* көптік жалғауын *йер* сөзіне жалғап жіберген. Бұл *жер* зат есімі қазақ тілінде көптенбейді. Етістіктерге XIV ғасырда *-лар* көптік жалғануының жалғануы қалыпты жағдай болғанға ұқсайды. Орта ғасырда жазылған Құтбтың «Хұсрау уа Шірін» поэмасында да *өп, өпар, өпарлар* тұлғалары кездеседі [6,171 б.].

Жәдігердің 399-бәйітінде А Йүзүңүзда көрүнү[r] күзгү тек нур/В Йүзүңүздин көрүнүр көзгү даг йүз. Аудармасы: Жүзіңізден көрінер айнадай нұр. Бұл А, В нұсқаларында *йүзүңүзда/ йүзүңүздин* сөздерінде септік жалғауларындағы өзгешілікті, *күзгү- көзгү* сөзформасынан *ү-ө* фонетикалық айырмашылықты, *тек-даг* морфологиялық ерекшелікті байқауға болады. А нұсқасындағы *нур* сөзі В нұсқасында *йүз* сөзімен алмастырылған,

осылайша шығарманың идеялық мазмұны солғындаған. Мн ескерткіш тілінде морфологиялық өзгешеліктер көне грамматикалық формалардың жалпытүркілік формалармен алмасып қолданылатындығы себебінен туындаған.

Текстологиялық зерттеулер ғана тарихи шындықтың бұрмалануына тосқауыл қоя алады. Айырмашылықтардың қыр-сырын ашып, ғылыми дәлдік пен нақтылыққа сүйеніп, авторлық түпнұсқаны ажыратады. Белгілі бір шығарманың түпнұсқа мәтінін анықтап алмай тұрып, оның идеялық мазмұны мен әдеби көркемдігін зерттеу қате тұжырым, қисынсыз қорытындылар жасауға әкеліп соғады [7, 7 б.].

Ескерткіште бәйіттердің А, В, С, Д нұсқаларында араб-парсы элементтері бір-бірінің орнына ауысып көшірілгені жиі ұшырайды. Көшірмешілер тарапынан жіберілген қателер өте көп кездеседі. Көшірмешілердің өздері де түпнұсқа емес көшірмеден көшіруі мүмкін. Мәтіндегі сөзді дұрыс түсінбегендіктен басқа сөзбен ауыстырып жіберу фактілері де орын алған. Сөз тіркесін, сөйлемді қате оқудан туындаған кемшіліктер де аз емес. Кейбір бәйіттерді түсіне алмағандықтан көшірмешілер сол бәйітті жазбай қалдырып кеткен немесе өз тараптарынан жаңадан құрастырып отырған.

Қорытындылай айтсақ, қолжазбалар арасындағы айырмашылықтар көшірмешілер тарапынан мақсатты жасалған өзгертулер мен мақсатсыз жасалған өзгертулердің нәтижесінде пайда болған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Сағындықұлы Б., Тәшімбаев С. «Мухаббат-наме» ескерткішінің (XIV ғ.) мәтіні. Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2007. – 228 б.

2 Убайдуллаева Г.Ж. «Мухаббат-наме» ескерткішінің (XIVғ.) текстологиясы (жәдігерліктің қазақ тіліне қатысы): Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2001. –198 б.

3 Древнетюркский словарь. – Ленинград: «Наука», 1969. – 676 с.

4 Karşılaştırmalı türk lehçeleri sözlüğü. – Ankara: Kültür Bakanlığı, 1991. – 1183 s.

5 Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: «Арыс», 2005. – 720 б.

6 Ибатов Ә. Қутбтың «Хұсрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. Алматы: «Ғылым», 1974. – 279 б.

7 Сағындықұлы Б. «Ғибат-ул хақайик» нұсқаларының (XII ғ.) қолданбалы мәтіні. Ескерткіштің лингвотекстологиясы. 2-кітап. Ғылыми зерттеу. Астана, 2013. – 266 б.

Мамбетова М.К.

филология ғылымдарының кандидаты,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доцент міндетін атқарушы

Таубалдиев М.Е.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1 курс докторанты

Алматы, Қазақстан

ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ОРНЫ

Кіріспе. Қазіргі уақытта ұлттық терминологияның қордаланған күрделі мәселелерін тілдік тұрғыдан зерттеу де, қоғамдық негізде өзекті мәселені шешу де күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін маңызға ие екені даусыз. Күні бүгінге дейін терминдерді аудару, жүйелеу мен бекіту, сонымен қатар барлық ғылым саласы мен өндіріс қызметіне енгізу, оларды қадағалап отырудың мүмкін еместігін айта келе, терминологияның аталмыш мәселелерді шешуге осыған дейінгі жинақталған іс-тәжірибелерімізді зерделей отырып, ғылыми талдаулар жасауды кешенді түрде ұйымдастырудың маңызы зор.

Бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі – БАҚ) қоғамның, ғылым-білім, өндіріс-техниканың барлық саласын қамтитын терминдер мен терминдік топтар жұртшылық талқысынан өтіп, термин ретінде бекітілгенге дейін жүйелі түрде беріліп отырады, оларды көпшілікке таныстырып, үйреншікті ету мақсатында талқыға ұсынылуы шешуші рөл атқарады. Бұл өз кезегінде БАҚ-та жарияланатын ұсыныс-пікірлер тек тілші-ғалымдар ғана

емес, сондай-ақ қарапайым жұртшылықтың да араласуы термин қалыптастырудың әлеуметтік фактор ретіндегі рөлін, термин үдерісінің шығармашылық сипатын анықтауға айрықша мүмкіндік тудырады: біріншіден, баспасөз термин қалыптастырудағы өзіндік ерекшелігі болса, екіншіден, жалпы терминологиялық жүйенің толығы мен біріздендірудегі маңыздылығын танытады деп ойлаймыз.

Қазақ терминологиясы қалыптасу кезеңдері үздіксіз үдеріс болғандықтан, жалпы терминдердің жасалуы кешенді талқылауды қажет ететіндіктен, мұның өзін әлеуметтік-қоғамдық сипатқа ие болып отыратынын мойындауға тиіспіз, терминдердің қалыптасуын, даму барысын, жолы мен шығу тарихын түсінуді БАҚ-тан бөліп қарай алмаймыз [1, 4].

Терминдердің мәні мен маңызын, оны зерттеудің ғылыми негізін анықтауда Г. Винокур, А. Реформатский, Д. Лотте, В. Виноградов, Н.А. Баскаков, М. Гасымов, Т. Канделаки, Л. Скворцов т.б. тілші-ғалымдардың рөлі айрықша болды.

Ал қазақ тіл білімінің терминология саласы қалыптасуының көш басында А. Байтұрсынұлынан бастап, Қ. Жұбанов, Е. Омаров, А. Мамытұлы, Т. Шонанұлы, Н. Төрешұлы, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, Қ. Шәріпов, І. Жарылғапов, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ө. Айтбайұлы, Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, Қ. Айдарбек т.б. ғалымдарды атасақ болады.


«Термин» ұғымы осы уақытқа дейін зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектерінде кеңірек талданды, ғылыми ортада белгілі кейбір маңызды тұжырымдарға тоқталып өткеніміз жөн деп есептейміз. Көрнекті тілші-ғалым О.Ахманова: «Термин дегеніміз – арнайы ұғымдар мен арнайы заттарды дәл белгілеу үшін жасалған тілдегі арнайы (ғылыми, техникалық т.б.) сөздер мен сөз тіркестері», - десе [2, 474], ғалым В.Прохорова: «термин – бұл арнаулы қолданыс саласындағы ғылыми немесе өндірістік – технологиялық ұғымның атауы болып табылатын және дефинициясы бар сөз немесе сөз тіркесі», - деп түйіндейді [3, 401].

Ал Д. Ушаковтың айтуынша, «термин – нақты анықталған ұғымның атауы болып табылатын сөз. Әлдебір ортада әлденені, мамандықты белгілеу үшін қабылданған арнайы сөз немесе сөз тіркесі» [4, 689].

Сондай-ақ А. Суперанская пікірінше, «термин – кәсіптік білімнің белгілі бір саласындағы ұғымдар жүйесіне енетін ұғымды сөзбен таңбалау» [5, 14]

Термин мәселесін тереңірек зерттеген қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Қ. Жұбанов былай дейді: «Белгілі бір ұғымдарды білдіретін қарақшылы сөздер болады, о сөздерді әлгіндей ұғымдарға – ғылым мен революция ағы қандай сатыда тұрса, міне, осы екеуі теліп отырады; сонымен қатар термин сөзінің терминдік ұғымы мен күнделік тіршілікте қолданылатын жай сөздік мағынасы басқа болуы да мүмкін» [6, 349].

Байқағанымыздай, берілген тұжырымдар бір-біріне қарама-қайшы келмейді, керісінше, мазмұны мен мәні жағынан бірін-бірі толықтыра түседі. Сөз бен ұғымның түрлі белгілерін назарға ұстауы, аталмыш белгінің ішінен әлдебіреуін негізге алуы, қысқа әрі нұсқа түрде жүйелілігімен арнайы ұғымдарды білдіретіндігін, терминдердің ғылым, техника, өндірістің белгілі бір саласы болатындығын, олар жеке сөз немесе сөз тіркесі түрінде көрініс табатындығын сызба түрінде көрсетуге болады:



Сурет 1 – Термин «үшбұрышы»

Дей тұрғанмен, «термин – мамандарға, ғалымдарға ғана қажетті шартты таңба емес, ол – халықтың ақыл-ойы, санасы, ұлттың рухани қазынасы», - деген профессор Б. Қалиұлының пікірімен толық келісеміз [7, 13].

Демек, терминдердің халық тілі негізінде жасалуы оның рухани байлығының бірегейі әрі тіліміздің әлеуеті екенін аңғартады.

Әдістеме. Қазіргі уақытта мамандар да, маман емес көпшілік қауым жаңадан қолданысқа енген тілдік оралымдар, жаңа сөздер мен термин сөздерді ақпарат құралдары арқылы біліп жататыны рас. Бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе телевизиялық журналистика саласы (бұдан әрі – тележурналистика) тіл мәдениетіне, халықтың санасына, ойлау жүйесіне ерекше әсер етеді. ҚР ҰҒА академигі, профессор Ш. Құрманбайұлы осыған байланысты былай дейді: «Кейбір оқырмандар журналистердің жаңа сөз қолданыстарын бекітілген термин ретінде қабылдап, ал публицистикалық стильді әдеби тіл нормасы деп есептейді. Кейде қандай да бір сөз, сөз тіркесі, термин не сөйлемді бұлай қолдануға болмайды деген кезде, «газетте солай жазылған», «теледидардан немесе радиодан осылай айтты» деген уәжді жиі естуге болады» [8, 178].

Демек, тележурналистика – тілдік норманы қалыптастыруда атқаратын қызметі зор, тек мемлекеттік идеологияның қолдаушысы ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени, рухани салалардың индикаторы.

Күні бүгінге дейін тілдің лексикалық қабаттарының түрлі деңгейлерінде ескерусіз қалған сөздерді ғылым тіліне айналып, ұлттық сипатының мән-мазмұнының оңды өзгеруіне атсалысып келе жатқан отандық тележурналистика саласының кейбір мәселелерін айта кеткенді жөн деп есептейміз. Жаһандану кезеңінде тележурналистиканың технологиялық саласының трансформациялануы оның «тіліне» әсер етпей қоймайды. Бұл – табиғи құбылыс. Сандық технологияның өндірістік тәжірибеге енуі, тележобалардың көрнекілігі мен безендірілуінің заманауи өзгерісі, инновациялық ақпараттық жүйелер арқылы сапалы таралымы тележурналистика саласының кәсіби лексикасына, терминологиясына айтарлықтай өзгеріс әкелді.

Бір ғана кәсіби ұғымды білдіретін сөздердің бірнеше атауға ие болуы, әрі бір ұғымды білдіретін бірнеше нұсқаның жарысып қолданылуы жиі кездеседі. Терминология саласындағы мәселелерді дер кезінде көтеріп, оң шешім табуына ықпал етіп жүрген бұқаралық ақпарат құралдарының бірі тележурналистика – қоғамдық-саяси орган десек қателеспейміз. Олай болса, рухани әрі зияткерлік әсер етудің құралы, қоғамдық-саяси, идеологиялық қатынастардың ажырамас бөлшегі, түрлі идеяларды, сан алуан көзқарастарды жеткізетін «төртінші биліктің» бірі тележурналистика саласының терминологиясын ұлттық терминқорымызды қалыптастыру қағидаттарын басшылыққа ала отырып, оның ғылыми-тәжірибелік мәселелерін шешіп беру – тілші-ғалымдар мен сала мамандарының міндеті.

Сондықтан баспасөз, театр, кино, радио салаларының өзегімен тоғысқан тележурналистиканың «тілі» оның ғасырлық тарихымен тығыз байланысты. Мәселенің мән-жайын тереңірек зерделеу үшін оның тарихына қысқаша тоқталғанымыз дұрыс деп есептейміз.

XX ғасырда техника саласы бойынша таңғажайып ғылыми жаңалықтар ашылды. Телефотомен толықтырылған телефон, электр тогы көмегімен дауысты алысқа жеткізу түгіл, суретті де қашықтан тамашалау мүмкіндігі сол кезеңнің елеулі өнертабысы болатын [9, 12]. Ғылыми «төңкеріс» нәтижесінде «тендессіз мылқау» кино мен «көзге көрінбес маңызды» радионың [10, 48] бірлігінен ғажайып «теледидар» пайда болды.

1951 жылы 22 наурызда КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен Бүкілодақтық радиоақпарат комитетінің құрамында КСРО Орталық теледидары құрылды. 1957 жылы радио мен теледидарды Мәдениет министрлігі құрамынан бөлек шығаруға байланыста Үкімет шешімінен соң, КСРО Министрлер кеңесі жанынан Радио және телехабарлар тарату жөніндегі комитет құрылады. Осының негізінде 1957 жылы 29 маусымда Қазақ ССР Министрлер кеңесі Телевизия және радиохабарлар жөніндегі комитет құру туралы қаулы қабылдады [11, 8]. Қоғамдық-саяси, экономикалық-мәдени өзгерістерге байланысты телерадио 1962 жылы Қазақ ССР Министрлер кеңесінің Телевизия және радиохабарлары жөніндегі Мемлекеттік комитеті, 1992 жылы Қазақстан Телевизия және радиохабарлары жөніндегі Мемлекеттік компаниясы, 1994 жылы Қазақстан Теледидары мен радиосы

республикалық корпорациясы деп аталса, кейін «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы болып өзгертілді.

Қазақ телевизиясының майталманы, қазақ және орыс тілдерінде ерлер арасынан шыққан тұңғыш диктор-журналист, ғалым Совет Масғұтов отандық телевизияның алғашқы кезеңі туралы былай деп жазады: «1958 жылы телевизия Қазақстанда да пайда болды. Республика астанасы тұрғындары 8 мартта тұңғыш рет өз экрандарында Қазақ телевизиясының алғашқы дикторлары З. Жұматова мен Н. Омарованың дидарын көрді. Олар көпшілікті Алматыда телевизия хабарларының басталуымен, ал әйелдер қауымын мерекелерімен құттықтап, жылы лебіз білдірді. Содан соң, «Үкімет мүшесі» атты көркем фильм көрсетілді» [12, 97-98]. Сөйтіп, теледидар өнері «көгілдір экран» деген атпен жұртшылықпен алғаш рет осылай қауышты.

Ақпараттық технологиялар кезеңінде интернет кеңістігінің күрт дамуы алпыс жылдан астам терең тарихы бар қазақ тележурналистиканың маңызын одан әрі арттырды. Осыған орай жаңа форматтағы «көгілдір экран» өнімдерінің тұтынушыларының (көрермендері) көбейгені байқалады. Бұл өз кезегінде тілші-ғалымдарға да зор жауапкершілік жүктейді.

Нәтиже. Соңғы жылдары телеарна жұмысының заманауи форматқа бейімделуіне байланысты әр тілден енген жаңа медиа терминдерінің, сөз тіркестерінің, синтаксистік оралымдардың қатары толығы түсті.

Қазіргі уақытта Қазақстан әлемдік аренада өркениетті мемлекет құру бағытында даму үстінде. Бұл мақсатқа жету үшін терминдер баға жетпес рөл атқарады. Сол себепті ғылымның барлық саласында, соның ішінде электронды БАҚ саласында терминдердің жүйелілігі мен бірізділігін сақтау маңызды мәселе болып саналады.

Десек те, осыған дейінгі қалыптасқан сала терминдерін жоққа шығара алмаймыз. Зерттеуші В. Волхонский былай жазады: «Әрине, терминдердің көпшілігі мемлекеттік стандарттарда нақтыланған деп айтуға болады. Алайда стандарттарда кейбір терминдер, өкінішке қарай, қисынсыз тұжырымдалған немесе дұрыс қолданылмаған» [13, 34].

Терминжасамда көпшілік қауымның қолданысына аса жауапкершілікпен ұсынуды талап ететін терминдер - тележурналистика «тілі» десек артық айтқандық болмас. Өйткені бұл сала техникалық, жаратылыстану ғылымдарымен тікелей байланысты, оның арнаулы сөздері мен сөз тіркестерін екінің бірі аударма бермейтіні де сондықтан. Сол себепті аталмыш саланың терминологиясына, оның ерекшелігіне баса назар аударған жөн, әрі тілтанымдық мәселелерін тереңірек зерттеу қазіргі уақытта өзекті болып саналады.

Талқылау. «Телевизия – нысана кескіні мен дыбысын радио немесе өткізгіш сымдармен таралатын электр сигналдары арқылы алысқа тарату әрі бұларды қабылдау негізінде сол нысанның кескінін көрсету және дыбысын ескерту мәселесімен шұғылданатын радиотехниканың саласы» [14, 153].

Сондықтан көп қырлы күрделі телевизия саласының арнаулы сөздері мен сөз тіркестері екіұдайлы, түсініксіз, жүйесіз жасалып, қисынсыз тұжырымдалса, сала мамандарына да өзара түсінісуіне де, жұмыс үдерісіне де кері әсерін тигізетінін байқауға болады. Сөзімізді мысалдар көмегімен дәлелдеп көрелік:

БЕЙНЕКАМЕРА	ТЕЛЕКАМЕРА
БЕЙНЕБАҚЫЛАУ - бұл тікелей (адамның көзімен) немесе қосымша оптикалық құралдардың көмегімен (адамның көзі мен бақыланатын объект арасындағы) бақылау.	ТЕЛЕБАҚЫЛАУ – бейне сигнал-дарды қалыптастыру және тұтыну-шыға көрсету үшін қашықтан бақылау.
Қозғалатын заттар мен ілеспе дыбыстарды магниттік таспаға түсіруге арналған шағын көлемді оптикалық-электронды құрылғы.	ТЕЛЕ - қашықтан басқару. Телевизия - бұл бейне сигналдарды қалыптастыру және тұтынушыға көрсету үшін қашықтыққа беру. Яғни, бейне сигналды қалыптастыру құрылғылары (теледидар камерасы) және бейне қабылдағыш (монитор, DVR және т.б.) кеңістікте орналасқан. Осылайша, теле-бақылауларда оптикалық сигнал электрлік сигналға айналады (көріністің басқа

	физикалық фор-масы), кезкелген байланыс арналары арқылы беріледі, содан кейін қайтадан адамның көзімен қабылданатын оптикалық сигналға айналады.
Күзет бейнебақылау мен бақылауға арналған бейнекамера: күзетілетін аймақта жасырын орнатылған шағын көлемді, конструктивті біріктірілгенкассета бейнемагнитофон	Телебақылауларда оптикалық сигнал электрлік сигналға айналады (көріністің басқа физикалық формасы), кезкелген байланыс арналары арқылы беріледі, содан кейін қайтадан адамның көзімен қабылданатын оптикалық сигналға айналады [15.100-298].

Кей жағдайда телевизия саласының терминдері заттың белгісімен, беретін ұғымымен сәйкес келмейтін сәттері де жиі кездеседі. Академик Е. Малишевский терминологияның түсінікті, нақты әрі шындықтың жаңаша түсінігіне жауап беретін заңдық мәртебесі болғаны жөн екенін тұжырымдай келе, техникалар мен технологияларды енгізу бойынша халықаралық ұсынымдарды ескере отырып, терминдерді біріздендіру жұмыстарын іске асыру қажеттігін, салалық терминологияның жүйелеудің шешімі ретінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартын жасаудың маңыздылығын атап өтіп, мынадай мысалдар келтіреді: «Мәселен, «сымдық радиотаралым» (проводное радиовещание) терминін айтсақ болады. «Ретрансляция» (тарату), «радиофикация» (радиоландыру) терминдері сым арқылы жеткізіліп, радио көмегімен қабылданып, сигналдардың сапасы күшейтілгенін білдіреді. Бірақ радио – сымсыз байланыс. Сымдық радиотаралым – абсурд» [16, 32-33]. Реті келіп тұрғанда айта кету керек, «ретрансляция» (хабар тарату) мен «трансляция» (хабар тарату) терминдері де даулы мәселелер қатарында, үдерісті сипаттауда бірінің орнына бірі жұмсалып, не заңдық мәртебесі анықталмаған, не техникалық сипаттамасының ара-жігі ажыратылмаған.

Осы секілді «телерадиовещание»(телерадиохабарларын тарату) термині де нақтылауды қажет етеді. «Mass media және телекоммуникация терминдерінің қазақшарысша-ағылшынша анықтамалық сөздігіндегі» анықтамасы төмендегідей берілген:

«Теледидар және радиохобарларын тарату» (телерадиовещание) – теледидар бейнелі-көркем дыбыстарды іздестіруде радиохобарларын таратудың акустикалық бейнелерді жасаудағы жетістіктерін белсенді пайдалануға ұмтылады, олар өзінен-өзі тыңдаушыларда көру-икемділік қауымдастықтарды туындатуға қабілетті болып шығады... Теледидар өз қызметінің көптеген формаларын радиохобарларын таратудан алды. Радионың өзіндік ерекшеліктері: хабарлардағы әуезді сөз бен акустикалық картина; оқиға барысы туралы ол болып өткен сәтте тікелей хабарлау мүмкіндігі; іс жүзінде шектелмеген аудиторияға тікелей шығу» [17, 166]. Нақтырақ айтсақ, *телевизиялық хабар тарату* бейнелік-дыбыстық ақпаратты жеткізеді, ал *радиохабар тарату* тек дыбыстық ақпаратқа негізделген. Олай болса, екі саланың техникалық ерекшеліктеріне байланысты *телевизиялық хабар тарату* және *радиохабар тарату* деп жеке-жеке қарастырылған жөн сияқты. Мұндай мысалдар өте көп. Бәріне тоқталып жатуды жөн көрмедік. Алдағы уақытта бұл мәселелер арнайы қарастырылатын болады.

Қорытынды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы республикалық Терминология комиссиясы ақпарат құралдарына «Терминологиялық хабаршыны» таратып, жаңа терминдерді бекітеді. Соған қарамастан, терминком бекіткен сөздерді қолдану барысында жүйесіздік көп екенін айтқымыз келеді. Мәселен, көрнекті қаламгер Сабыржан Шүкірұлы «Хабар» арнасындағы бағдарламалар тіліне шолу жасап жүргенде, «жорналшы» сөзі «журналистің» орнына белсенді қолданылып жүрді. Сонымен қатар «тележүргізуші» сөзі «айташы» сөзімен алмастырылғанымен, көп ұзамай «тележүргізуші/жүргізуші» сөзі қолданысқа еніп кетті. Оның терең себебі бар деп ойлаймыз. Ол туралы профессор Б. Қалиұлы кеңестік саясат тұсында одақтық, республикалық терминком құрылып, терминдерді одақ бойынша стандарттау орталығы ұйымдастырылып, ұлт тілінде термин жасауға тыйым салынған кездер болғанын айта келіп: «Қазақ тілінде ғылыми ұғымдарды білдіретін сөздер жоқ», «ғылыми ұғымдарды латын, грек сөздерімен беру керек», «оларды

аударуға болмайды» деген жалған қағидасымақтар ұсынылды. Ең жаманы – бұған өзіміздің ішімізден шыққан «оқығандар» қосылып, «қазақ сөздері термин жасауға жарамайды», термин аударылса, оның түсінігі, мағынасы бұрмаланады», «халықаралық терминдерді аударуға болмайды», «термин шетел сөздері болса, халықтардың жақындасуы тездейді» деп ұрандатты. Соның салдарынан тіліміздегі терминдердің 70-80 пайызы шетел сөздері болып шыға келді», - деп жазады [18, 12]. Демек, ғылыми ұғымның атауы болған терминдер – ұлттық ой-танымның жемісі, ұлттық тілдің иммунитеті.

Термин ұлт тілінің негізінде жасалса, қоғам сұранысын, рухани талаптар үдесінен шыға біледі деген ойдамыз. Ол – өз алдына бөлек мәселе.

Қорытындылай келе, тележурналистика терминологиясын біріздендіру айрықша маңызды. Өйткені телевизия саласы көрермен қауымның санасына, танымына, ойлауына, тіліне, діліне ықпалы зор. Сондықтан бұл мәселе жан-жақты қарастыруды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әміров Ә. Қазақ баспасөзінің 1990-2000 жылдар аралығында терминология қалыптастырудағы рөлі. // филол.ғыл.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2002. 116 б.
2. Ахманова О. Словарь лингвистических терминов. – М.: Сов.энциклопедия, 1966.С. 607.
3. Прохорова В. Актуальные проблемы современной русской лексикологии. – М.: Издательство МГУ, 1973. С. 401.
4. Ушаков Д. Толковый словарь русского языка. – М.: Астрель, 2000. Т.IY-752. С. 689.
5. Суперанская А., Подольская Н., Васильева Н. Общая терминология // Вопросы теории. - М.: «Наука», 1989. С. 243
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Ғылым», 1966. - 362 б.
7. Қалиұлы Б. Қазақша термин жасау мәселесі / Терминологиялық хабаршы, 2014, №1 (49), 12-17 бб.
8. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 240 б.
9. Масғұтов С. Көгілдір экран – өмір айнасы. – Алматы: «Мектеп», 1976. – 131 б.
10. Барманкулов М. Телевидение: деньги или власть? – Алматы: «Санат», 1997. – с. 268.
11. Тұрсын Қ. Қазақ тележурналистикас: қалыптасу, даму проблемалары. – 2-басылым. – Алматы: «Қазақ университеті», 2013. – 356 б.
12. Масғұтов С. Телевизиялық журналистика негіздеріне кіріспе. – Алматы, 1975 . – 110 б.
13. Волхонский В. Проблемы терминологии телевизионных систем наблюдения / Алгоритм безопасности, 2006, №1, с.34-36.
14. Тұрсын Қ., Нұсқабайұлы Ж. Теледидар сөздігі – тележурналист анықтамалығы: Оқу құралы. – Алматы: «Білім», 2001. – 380 б.
15. Новикова Е. Г., Петраков А. В., Рабовский С. В. Бизнес – Безопасность – Телекоммуникации. Терминологический словарь. - М.: Радио и связь, 2001. – С. 304.
16. Малишевский Е. О некоторых проблемах терминологии в цифровом телевизионном вещании /Информационные телекоммуникационные сети, 2009, №9, с. 32-33.
17. Mass media және телекоммуникация терминдерінің қазақша-орысша-ағылшынша анықтамалық сөздігі. Казахско-русско-английский справочный словарь терминов Massmedia и телекоммуникций. Kazakh-russian-english referenes glossary Mass media and telecommunications. Редактор-құраст.: Қ. Тұрсын – Алматы, «Қазақэнциклопедиясы», 2015. – 632 б.
18. Қалиұлы Б. Қазақша термин жасау мәселесіжәне оны қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлі. Қазақ терминологиясы және Бұқаралық ақпарат құралдары // Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, 2003. - 128 б.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ КОСМОНИМДЕР

«Ежелгі қауым адамдары күннің жарық мезгілінде Күнге қарап дүниенің географиялық төрт бағытын анықтаған, сонымен қатар уақыттың да өткенін біліп отырған. Күннің шығуы мен батуына қарап күндерді санаған. Ал қараңғы мезгілде жолдан адаспау үшін аспандағы жарық жұлдыздардың ішіндегі орнынан тапжылмай жарқырап тұратын Темірқазыққа қарап терістік бағытты анықтап отырған» [1, 316-325]. Ш. Уәлихановтың айтуынша, қазақтар жұлдыз адам тағдырына әсер етеді деп сенген. Қазақтарда адам өлген соң аспандағы жұлдызы да ағып түседі деген ұғым бар. Адам жанын жұлдызбен байланыстырушы космогониялық мифтің түркі халықтарында болғанын және оның тым көне наным-сенім екендігін ғалым Құспан Аронов айтқан болатын. Олай деуіне себеп – чуваштарда да адам дүниеге келген бойда көкте өз жұлдызы пайда болады, ал өмірі үзілісімен жұлдызы да ағып түседі деген наным [2, 115].

Түркі халықтарының дүниесін бейнелейтін космонимдердің тілдік табиғатын тану үшін зерттеу жұмысын жүргізу қазіргі таңдағы тіл ғылымының жаңа бағыттарымен байланысты. Өйткені ұлттық мәдениет, болмыс, наным-сенім сияқты ұғымдарды толықтыру үшін тілдің табиғатын, оның өзіндік ішкі заңдылықтары негізінде ғана зерттеу жеткіліксіз. Ол үшін халықтың тарихын, мәдениетін, таныммен бірге қарау мәселесі тіл ғылымында антропоэзектік бағыттың нысанына айналып отыр. Біз мақаламызда қазіргі түркі тілдеріндегі астрономиялық атаулардың даму, өзгеру заңдылықтарын сөз етеміз.

Жұлдыз – түнде жарқырап, көкте нүктедей болып көрінетін аспан денесі [3, 315]. М.Қашқари сөздігінде *julduz* – барша жұлдыз атаулыға қойылған жалпы есім [4, 57]. Сөздікте Мизан жұлдызы, Сүмбіле, Үркер, Жеті қарақшы, Жетіген, Темірқазық жұлдыздары туралы ақпарат берілген.

Қазақ халқында жұлдыз атауы бірнеше сөздермен тіркесіп, жаңа мағына мен жаңа сөздер құрауда белсенділік танытады. Мысалы, жұлдыздай ақты (қатты жүгірді, оқша атылды), жұлдыздай жарқырады (көзге түсті, еленді) жұлдызы жанды (бақыты артты, мәртебесі жоғарылады), жұлдызы оңынан туды (сәті түсті, жолы болды), жұлдызы жоғары (мерейі үстем), жұлдызы қарсы (бір-біріне өш, қас), т.б. Жұлдыздың түнде жарқырап көкте көрінетін аспан денесі екенін ескерсек, оған екінің бірінің қолы жете бермейтіні анық. Сондықтан болар, жұлдыз сөзінен пайда болған тіркестер де адамның мәртебесімен, мерейімен ұштасып жатыр.

Жұлдыз атауы көне түркі тілдерінде, ежелгі және орта ғасыр ескерткіштерінің барлығында кездеседі. Түркі тілдеріндегі жұлдыз атауының шығу тегін бір топ ғалымдар етістікпен байланыстырса, келесі бір тобы еліктеуіш сөзден келіп шыққан деген пікір айтады. Мәселен Г. Вамбери «*йолдуз*» тұлғасын *йыл*, *йыл*, *йол* *йул* сынды «жарқыра» мағынасын беретін түбір етістіктен жасалған туынды сөз деп санайды. Түрік ғалымы Т.Текин «*йултуз*» зат есімі мен «*йулдра*» яғни «жалтыра» етістігінің түбірін бір деп санайды (5, 280). Бұл пікірді чуваш тілінің маманы В.Г. Егоров та қолдайды. Ал, Э. Севортыян жұлдыз сөзі жалт/жылт еліктеуіш сөзінен пайда болды дей келе өз ойын былай түйіндейді: «по происхождению представляет собой производное от образоподражательного слова *jylt-jylt*, которое обозначает блеск низкой степени и противопоставляется *jalt-jalt*, обозначающему блеск высокой степени – яркое сверкание. *jalt-jylt* обозначает чередующиеся сверкание разной яркости [5, 280].

Қазақ ғалымдары академик Ә. Қайдар мен Т. Жанұзақов та аталмыш сөзге жылт еліктеуіш сөзі себеп болған деген пікірді алға тартады. Т. Жанұзақов мұндағы екінші –*ыз* қосымшасын көптік көрсеткіші деп санайды. Демек, жұлдыз «жылтыраған, жылтылдаған денелер» деген мағыналы сөз деп санайды.

Жұлдыз атауының қазіргі түркі тілдерінде вариантталу кестесі:

қазақ	жұлдыз
қарақалпақ	жулдыз
әзірбайжан	улдуз
түркімен	йылдыз
өзбек	юлдуз
ұйғыр	йолдуз/юлдуз
түрік	йылдыз
құмық	юлдуз
татар	йолдыз
башқұрт	йондоз
қырғыз	жылдыз
хакас	чылтыс
шор	чылтыс
чуваш	чалтар
якут	сулус
тува	сылдыс
гагауз	йылдыз
ноғай	йулдыз

Сөз басындағы *й-ж-ч* дыбыстарының, сөз ортасындағы *т-д* дауыссыздарының және сөз ортасындағы *о-у-ұ-ы-а* дауыстыларының алмасуы түркі тілдеріндегі заңды құбылыстардың бірі. Бұл жерде чуваш тіліндегі чалтар сөзі өзіне назар аударып тұр. Мәселе – сөз соңындағы *р-з* сәйкестігінде. Мұның себебі чуваш тілінен өзге барлық түркі тілдерінде зетацизм құбылысы сақталса, чуваш тіліне ротацизм құбылысы тән екендігінде жатыр.

Жұлдыз атауы әзірбайжан тілінде *улдуз* болып айтылады. Яғни, бірінші тұрған *й* протезасы түсірілгенін байқаймыз. Әзірбайжан тілінде кей жағдайларда қысаң дауыстылардың алдында *й* дыбысы түсіріліп айтылатыны қалыпты жағдай. Мысалы: *йулдуз* әзірбайжан тілінде *улдуз*, *йүз* (жүз) әзірбайжан тілінде *үз*, *йыл* (жыл) әзірбайжан тілінде *ил*, *йылқы* (жылқы) әзірбайжан тілінде *илқы* түрінде қолданылады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін Ш.Ақбаев келтірген мысалдарды беруді жөн көрдік: әзірб. *igit<jigit* – жігіт, *ilan<julan* – жылан, *ily<july* – жылы, *ily<july* – жылқының үйірі, *ut<jut* – жұту, *ulduz<julduz* – жұлдыз, *ürek<jurek* – жүрек, *üzük<jüzük* – жүзік, *üz<jüz* – жүз, бет [6, 117].

Жұлдыз атауының алғашқы формасын болжап көрелік. Түбір – *жұлт*, қосымшасы — *ыз<уз*. Чуваш тілінде *р* түрінде айтылатындықтан, *ыз<уз<урз* түрінде қалпына келтіреміз. Сонда «жалтырап тұрған» деген лексикалық мағынаны береді. «Жұлт», «жалт» болып та айтылған. *Ж* дауыссызының түпкі тегі – *ч*. Осы себепті чуваш тілінде «жалтты» «чалт» деп айтады. *а-у* (*а-ы*) сәйкестігі бойынша түркі тілдері екіге бөлінеді. Сонда чуваш тілінде чалтарс болып қалпына келеді. Демек, жұлдыз сөзінің даму схемасы:

жұлтурз<чултурз=*чалтарс.

Ал якут тілінде түбір соңындағы *т/д* дауыссызы екпіннің әсерінен түсіп қалған болу керек.

Шолпан – күн жүйесіндегі оған ең жақын жарық әрі сұлу жұлдыз. Түркі халықтарында Шолпан жұлдызы қасиетті саналып, бірнеше аңыз-әңгімелерге арқау болған. Тіпті, қыздарына көрікті болсын деген ырыммен Шолпан есімін қойған. Негізгі беретін мағынасы – жұлдыз және таң. Алтай тілдерінде шолпан «жұлдыз» деген мағынаны береді. Мыс: *Altaidyn çolmonu* – Алтайдың жұлдызы; құмық тілінде *çolpan tuwdu* – таң атты сөз тіркестері мен қарашай-балқар тілдерінде *Çolpan çikmaj tañ atmaz* – Шолпан тумай таң деген наным-сенім кездеседі. Шолпанның (Венераның) таң енді атып келе жатқанда пайда болатыны, яғни оның таң жұлдызы екендігі қазақ және құмық тілдерінде *таң шолпан* тіркесінде сақталып қалған. Шолпанды қойшының жұлдызы деп атауының себебі таң атқанда оған халық сүйсініп, таң хабаршысы – Шолпан, аздаң қой өргізетін сағатты білдіретін қойшының қоңыр жұлдызы – Шолпан немесе сапарға аттануға бағдар беретін Керуен жұлдызы деп, жақсылықтың нышаны еткен [7, 82].

Шолпан атауының шығу тегі туралы түркологияда пікірлер аз және әрқилы. Шетел түркітанушылары Дж. Клоусон мен Ю. Немет Шолпан атауы о баста барлық жұлдыздарға жалпы атау болғанын, ал «шопан жұлдызы, «қойшы жұлдызы» мағынасына кейін ие болған деп санайды. Яғни, Шолпан – шопанның жұлдызы. Мұндағы *л* дыбысы өзінің тұрақсыздығының әсерінен түсіп қалған. Түркітануда сөз арасында түсіп қалуға бейім тұрақсыз дыбыстар бар. Солардың қатарына тілші Э. Севортян келесідей дыбыстарды жатқызады: *р, л, н, й, з*. «чаще всего в тюркских языках выпадают сонорные согласные *р, л, н, й, з*, за исключением *м*. Далее могут выпадать некоторые шелевые, например *х, в*, губно-губная разновидность которого является сонорными. В определенных фонетических условиях полному выпадению подвергаются смычные *т* и *к*. [8, 289].

Ресей ғалымы А.В. Дыбо шолпан сөзінің шығу тарихын шолп еліктеуіш сөзімен бірлікте қарастырады: *çolpan по видимому, подражательного происхождения çolp+ глаголообразующий аффикс –y + аффикс причастия –yan, çolp+ y+ yan – сверкающий [9, 335]. Бұл жердегі көне –ан, –ән есімшесі қимыл-қозғалыстың, әрекеттің нәтижесін білдіреді. Мысалы, әзірбайжан тілінде кечән – өткен, уақыты біткен, түркімен тілінде оқан – оқыған, гелен – келген, ишлән – жұмыс істеген сияқты сөздер мен сөз тіркестері осының дәлелі. Сонда шолпан атауы да жұлдыз сөзі сияқты еліктеуіш сөзден пайда болуы мүмкін.

Шолпан атауының қазіргі түркі тілдерінде вариантталу кестесі:

қазақ	шолпан
қарақалпақ	шолпан
әзірбайжан	венера
түркімен	чулбан
өзбек	чолпан
ұйғыр	чолпан
түрік	чолпан
татар	чулпан
қырғыз	чолпон
хакас	солбан
якут	чолбон
құмық	чолпан
башқұрт	сулпан

Мысалдардан төрт түрлі сәйкестік байқалады:

- 1) *ч-ш-с* (сөз басында);
- 2) *о-у* (сөз ортасындағы екінші дыбыс);
- 3) *п-б* (сөз ортасындағы дауысыз дыбыстар);

4) *а-о* (сөздің екінші буынында). Мұны сәйкестік деп қарамауға да болады. Себебі якут, қырғыз тілдерінде ерін үндестігі қатаң сақталған. Сөздің басы еріндік дауыстымен басталса, ерін үндестігі сөздің соңына дейін орын алады.

Ай – жердің табиғи серігі, түнде жерге жарық түсіріп тұратын аспан денесі (3, 21). М.Қашқари сөздігінде толған ай (tolun aj) тіркесі кездеседі [10, 112]. Архетипі - *aj [11, 61]. Ай көне түркі тілдерінде екі түрлі мағынада жұмсалады. Біріншісі күн жүйесіндегі ғаламшар, екінші мағынасы – сұлулықтың белгісі. Ұйғыр және алтай тілдерінде сұлулықты «ай» деп айтады.

Кейбір түркі халықтарында айға қатысты өзіндік наным-сенімдер болған. Мәселен, алтайлықтардың түсінігінше, ескі ай мен жаңа ай аралығында ошақтың күлін алуға болмайды, сүт беруге тыйым салады. Себебі бұл кезеңде жын-перілер көп болған, ал тыйымды бұзғандар бақытсыздыққа душар болады делінген. Дәл осындай наным-сенім қазақтарда да бар. Ш.Уәлиханов өз еңбегінде былай дейді: «Айды, мүмкін тәңірі деп түсінген болар, қырғыз (қазақ) халқы ай жаңасын көргенде, қара жерге маңдайын тигізіп бас иеді. Жаз болса, сол маңдайын тигізген жердің шөбін алып, үйіне әкеліп, отқа тастайды» [12, 170].

Ай сөзінің шығу тегі туралы айтылған пікірлерге тоқталар болсақ, Г. Вамбери ай сөзінің этимологиясын ақ сын есімімен байланыстырды. Ол үшін ғалым *ай жүзді* тіркесінің ашық, анық, аппақ мағынасын беретінін дәлел ретінде ұсынады. Түркі тілдері этимологиялық сөздігінің авторлары ай сөзінің алғашқы формасын түркімен тілінде

созылыңқы айтылатын аай деп санайды [13, 98]. Т. Жанұзақов ай сөзі аја «әдемі», «әсем» және ајас «таза, ашық аспан» сөздерінен келіп шыққан деген пікірді алға тартады. Даму схемасын ајас>аја>ај деп береді, яғни уақыт өте келе сөз соңындағы дыбыстардың элизия құбылысына ұшырап отырғанын байқаймыз. Ал Қ. Аронов ай сөзінің даму схемасын керісінше береді. Оның ойынша, егер шынымен ајас сөзі ај атауымен байланысты болса, керісінше, ајас сөзі ај атауы негізінде жасалған туынды сөз болса керек. Сонда өзгеру схемасы да керісінше ај> аја> ајас түрінде болады [2, 60] деп көрсеткенімен, сөзге жалғанған қосымшаны түсіндіріп бере алмайды. Ғалым ай сөзінің шығу төркінін Г. Вамбери атап өткен ақ сын есімімен байланыстырады. Яғни аай проформасының өзгерісі нәтижесінде ақ сын есімі пайда болған деп санайды. Бұл өзгерісті *аай>ағ>ақ түрінде көрсетеді. Олай деуіне себеп – түркі тілдеріндегі й-ғ-қ дыбыстарының сәйкестігі. Ғалым өз ойын "Ай – тіліміздегі ақ сын есімінің көне формасы, сын есім мәніндегі сөз» [2, 60], - деп түйіндейді.

Ай сөзінің түркітануда астрономиялық атауынан басқа бірнеше мағынасы бар. Мысалы, ай сөзі әрі одағай сөз, әрі мата атауын, әрі етістікті, әрі отыз күндік мерзімді білдіреді. Осы орайда ғалым А. Салқынбай Н.К. Дмитриев пен Э.В. Севортянның ай – луна мағынасынан айналу мағынасы туындады деген пікірін басшылыққа алып, «адам айды аспан әлемінен көріп, тани бастағанда, ең алдымен, қозғалыста болатынын, өзін (яғни жерді) айнала қозғалатынын аңғарады. Сөйтіп – ай (налу) етістігі жасалады. Яғни айналатын нәрсенің аты – «ай», планета мағынасы пайда болады. Ай 30 күнде толып, қайтадан туып отыратындықтан, көне түркі тілінде «толун ай» (толған ай) тіркесі пайда болып, бірте-бірте 30 күндік мерзім «месяц» туынды сөзі жасалады. Ай – айналу, ай – луна, месяц мағыналары бір-бірінен туындаған туынды екіншілік мағыналар», - деп жазады [14, 205-206]. Бұл жердегі номинатив атаулар сөзжасамның конверсиялық тәсілі арқылы пайда болған туынды мағыналар.

Ай атауының қазіргі түркі тілдерінде вариантталуы:

қазақ	ай
қарақалпақ	ай
әзірбайжан	ай
түркімен	аай
өзбек	ой
ұйғыр	ай/кәмәр
түрік	ай/кәмәр
татар	ай
қырғыз	ай
хакас	ай
якут	ый
чуваш	уйах
гагауз	ай
құмық	ай
ноғай	ай
башқұрт	ай
тува	ай

Ай сөзі түркі тілдерінде ешқандай өзгеріске ұшырамаған. Тек үш тілде айдың дыбысталуы өзгеше. Өзбек тілінде ой түрінде келеді. Сөз басындағы *a* дауыстысының *o*-ға айналуы өзбек тіліне тән құбылыс (бас-бош, бат-бот, таң-тоң, т.б.). Якут тілінде ай – ый. Түркі тілдеріндегі ашық *a* орнына қысаң *ы*-ны жиірек қолданатын тілдердің қатарына чуваш, якут, тува тілдері жатады. Мысалы, чуваш тілінде тамыр-тымыр, жат-сыт, таң-тың, ал-ыл, қамшы-кымчы, жарық-сырдык, т.б. болып дыбысталады. Аталған *a-ы* дауысты дыбыстарының сәйкестігі сөздің басында, кез келген дауыссыз дыбыстың алдында немесе кез келген дауыссыздан кейін, сонымен қатар, дауыстының сапасына қарамастан кездесе береді. Бір-бірімен ешқандай шекаралық және тайпааралық қарым-қатынастың болмағанына қарамастан, тува және якут тілдерінде кездесетін бұл сәйкестіктің себебі – ататүркілік қандай да бір диалектілік топқа байланысты болуы мүмкін. А. Щербак: учитывая наличие и некоторых других общих черт в фонетике этих языков, не имевших

непосредственных контактов на протяжении не менее, чем тысячи лет, мы придерживаемся той точки зрения, что переход *a* в *y* являлся особенностью одной из диалектных групп праязыка [15: 145], - дейді. Мысалы: тува тілінде қарын-хырын, тарт-тырт, жат-чыт, т.б., якут тілінде ай-ый, ал-ыл, қанат-қынат болып айтылады. Чуваш тілінде ай - *ујах*, соңғы *-ах* – кішірейту мағынасында жұмсалатын аффикс.

Көне ескерткіштер тілінде ай ұғымын беретін *jaļcuq* формасы кездеседі. Біздіңше, бұл жалын мағынасын білдіретін *jaļ* сөзінен шыққан. *-cuq* – кішірейту мағынасын білдіретін аффикс. Сонымен қатар, жарық сөзінің түбірі жа екенін ескерсек, айдың түнде жарық беріп тұратыны оның қызметіне байланысты туған атау екенін бірден түсінуге болады.

Ай атауының барлық түркі тілдеріне ортақтығы тілдік деректермен ғана емес, сонымен қатар, айға байланысты түрлі наным-сенімдер, мифтік әңгімелер және аңыздармен ерекшеленеді. Жаңа ай көрінісі тек қазақ халқында ғана емес, басқа түркі халықтарында да ерекше маңызға ие болғанын халықтық космонимдердің табиғатын зерттеген ғалым Қ.Аронов айтып кеткен болатын. Оның келтірген деректері бойынша қазақтар мен қырғыздар жаңа айды көргенде иіліп сәлем берген. Ал Батыс Сібір татарлары жаңа ай туғанда ерекше билеп, дауыстап бата айтқан. Хакас халқы ай туған мерзімді игі істер жасауға қолайлы мезгіл деп есептесе, алтайлықтар, керісінше, бұл уақытта ешбір істі бастауға болмайды деп санаған. Башқұрт халқында да жаңа айдан жақсылық сұрап, тағзым ететін ғұрып болған. Ал якут халқы жаңа айға емес, толған айға тағзым етіп, жақсылық тілеген [2, 102-103].

Қорытындылай келе, түркі тілдеріне ортақ астрономиялық атаулардың кейбірі еліктеуіш сөздерден пайда болғаны анықталды. Мысалы жұлдыз бен Шолпан атауына қатысты зерттеулер олардың еліктеуіш сөздерден келіп шыққанын көрсетті. Жұлдыз сөзі жалт-жұлт қосарлама еліктеуішінен, Шолпан атауы шолп-шолп қайталама еліктеуіш сөзінен пайда болған. Сонымен қатар түркі халықтарына ортақ наным-сенімдердің, аңыз-әңгімелердің болуы астрономиялық атаулардың түркі тілдерінің барлығына ортақ атау болғанын дәлелдеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Амангазиева М.К. Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Хабаршысы. - №2 (74). - 2019.
2. Аронов Қ. Қазақ тіліндегі халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты – филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1992.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
4. Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі. 3 том / Қазақ тіліне аударған А. Егеубай. – Алматы: Хант, 1998.
5. Этимологический словарь тюркских языков. 5 том. – Москва: «Наука», 1989.
6. Ақбаев Ш. Фонетика диалектов карачаево-балкарского языка (опыт сравнительно исторического изучения). – Черкесск, 1963.
7. Қортабаева Г. Түркі ономастикасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2017.
8. Севортян Э. / Выпадение согласных в южных тюркских языках Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. – Москва: Издательство Академии Наук СССР, 1955.
9. Дыбо А. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Москва: «Наука», 2006.
10. Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі. 1 том / Қазақ тіліне аударған А. Егеубай. – Алматы: «Хант», 1998.
11. Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва: «Наука», 1988.
12. Уәлиханов Ш. Мақалалары мен хаттары. – Алматы, 1949.
13. Этимологический словарь тюркских языков. 1 том. – Москва: «Наука», 1974.
14. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 1999.
15. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: «Наука», 1970.

MODERN METHODS OF TEACHING ENGLISH IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS

To learn to speak English, you need a specific system or, as it is more often called, the English language teaching method, which includes: getting reading skills, in-depth study, learning and writing in the language you are learning. Now there are many techniques for a learning of foreign language in higher educational institutions. Each of methods has certain features, some have bigger popularity and a demand, some smaller. In this article the main techniques for studying by students of English will be considered. In the modern world English enjoys wide popularity, moreover, this language is language of the international communication, and it is known around the world. Today there is a huge set of techniques for teaching English. Besides, are regularly developed new therefore now each teacher can choose for himself optimum suitable technique of work. Currently, when teaching a foreign language in higher education institutions, classical methods are most often used. Namely:

Direct method.

Grammar-transfer method of teaching.

Audiovisual and audio-lingual methods.

Communicative method.

In this article, we will look at each of these techniques in more detail.

Direct method of teaching a foreign language

The essence of this methodology is that the teacher pays more attention to the study of the directly spoken language, which is used in everyday life. The developers of this method believed that the language of the mediator, that is, the language in which the teaching is conducted, hinders the learning of a foreign language. Thus, students artificially introduce into the world of the language they study. The entire lesson is in English, the teacher should also give explanations and new topics in English. Only English-language literature is used. When teaching English by such a method, the role of the teacher in the successful mastering of knowledge by students is key word. That is, his speech should be absolutely clear and correct, the pronunciation should be ideal, since the trainees will constantly repeat exactly behind the teacher. The ideal option for a direct method of teaching will be to make the teacher an English speaker.

Grammar-transfer method

Grammar-transfer method is the main one in the modern education system. This is a classic method that has been used for more than a decade. This prevalence is also due to the fact that most of the teachers themselves were trained by this method. The goal of the grammar-translation method is to learn to read and translate with the help of grammatical rules. The drawbacks of this method can be attributed to the fact that the lexical part is given insufficient attention. The study of vocabulary is reduced to the mechanical memorization of words. Reading and translation is done in strict form. In addition, the texts offered for reading usually refer to complex fiction, hence, the student studies only the literary language. Once in the language environment, it will be very difficult for him to understand others even with a good knowledge of the literary language.

Audiovisual and audio-lingual methods.

The essence of both methods consists in the transmission of the language through clear structures; memorization takes place through audio and video recordings. Audiovisual method of teaching involves illustrating speech with appropriate pictures, that is, students are shown video clips, feature films and documentaries in English. In this case, the trainees work simultaneously two channels of perception - visual and auditory, resulting in the students'

heads are formed associations, which allow you to better remember the language. The aim of methods is to master a living, colloquial language [1,32].

Both methods are built on induction - training passes from a rule to an example. Given all of the above, it can be noted that for university students who do not specialize in language learning, audio-lingual and audiovisual methods are only suitable if they are used in conjunction with other training programs.

Communicative method

Currently, more and more teachers are turning to the communicative method of learning English. The object of this method is speech itself, that is, this technique first of all teaches us to communicate.

Communicative method implies a great activity of students. The teacher's task in this case will involve all those present in the audience in the conversation. For better memorization and use of the language, all channels of perception must be loaded. The essence of the communicative method is to create real communication situations. When recreating the dialogue, the student has the opportunity to apply all the knowledge gained in practice. A very important advantage of the communicative method is that it has a huge variety of exercises: role games, dialogues, simulation of real communication are used here. At first, the communicative method was rejected, but now it again takes the leading positions along with the traditional grammatical- transfer method. Most teachers of modern universities prefer these two methods, and often they are used in a complex. Direct method in higher education institutions is extremely rare, partly due to the lack of real native speakers among teachers, and partly to the fact that the level of preparation of students after school is too low. Audiovisual and audio-lingual methods in its pure form are not used at all; however, many university and university lecturers from time to time conduct classes, relying on such methods. This allows you to diversify the general curriculum and interest students [2, 85].

The aforementioned methods were used 20-30 years ago on the basis of teaching English. Over time, these classical methods were supplemented with the following methods of teaching English, which we already use in practice and give good results. These include methods such as: The Project.

This method of teaching English to children, however, as well as adults, has long been used in schools and universities in America, and lately has become increasingly involved in the educational activities of our students. Its meaning consists in using the studied material in practice and is optimal for application at the end of the whole module, when it becomes possible to assess the degree of mastering the educational material. So, for example, junior schoolchildren are happy to present their projects on the themes "My house", "My pet", "My favorite toys", while high school students are already engaged in serious developments, for example, in the field of environmental protection [3,65].

Training

In contrast to previous methods of teaching English in the school which created favorable conditions, the training approach is based on self-study, with the amendment that is given to students already worked out a structured material clearly explained by the teacher. Like any training, the student receives a portion of the theory, remember the rules and use them in practice. Very often this technique is used in online learning, including educational resource lim-english.com. Its main advantages are the availability of carefully designed programs, filing information needed to raise the level of English proficiency in the most accessible way and the opportunity to plan a training schedule [4,156].

Intensive

This technique has become particularly popular among those who want to learn how to speak English in the shortest possible time. To achieve this seemingly unrealistic goal allows a high level of stereotyped language - English by 25% consists of clichés. Due to the study of a large number of stable expressions, their memorization and working out, a person can learn to explain him in a foreign language and understand the interlocutor for the remaining time.

Active methods of teaching English

The so-called active methods of teaching English are singled out as a separate group, examples of the most widely used methods are given below. So, they are:

Round table

The teacher formulates the problem and offers the students the task: to assess the significance of the problem, to show all the pros and cons, to determine the possible outcome, etc. Students should speak out on the presented question, argue their position and eventually come to a common solution.

Brainstorm

This technique is also aimed at discussing and solving a problem. However, according to this method of teaching English, the audience is divided into two groups – «idea generators», which actually offer ideas, and «experts» who, at the end of the «assault», assess the position of each «generator».

Business game

The teacher prepares the game for the studied topic and explains the rules to the students. As a rule, the proposed tasks simulate tasks and situations of real communication, for example, search and placement, conclusion of a contract, travel, etc.

Gaming methodology for learning English for children.

Its main advantages are the absence of a coercive mechanism for employment and a great interest on the part of the child. The teacher conducts with the children the most diverse games for the studied vocabulary and grammatical constructions, during which the children quickly memorize them and learn to use them in the speech. In conclusion, I would like to note that these methods introduce a new Foreign languages, contributes to the Motivation of students in their study, as well as pre- It provides a unique opportunity for bilingual- And bicultural development of students and their Inclusion in an active dialogue of cultures.

Bibliography:

- 1 The main directions in the teaching of foreign languages in the XX century. Ed. M.V. Rakhmanov. - M.: 1992.
- 2 Palmer G. Oral method of teaching foreign languages. - M.: 1960.
- 3 Sheylz D. Communicative skills in teaching modern languages. Council for Cultural Cooperation. Project No. – M.: 1995.
- 4 Bogomolov AN Scientific and methodical development Virtual language environment Training in foreign (Russian-Mu language): Author's abstract. Disdr. Ped. Sciences. – M.: 2008.

Байбосынова М.А.

старший преподаватель кафедры «Филологии»
Шымкентского университета

ОБ ЭФФЕКТИВНЫХ СРЕДСТВАХ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ НА ПРАКТИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЯХ ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ

Профессиональная подготовка студентов должна быть направлена на приобретение ими знаний и навыков для анализа сложных ситуаций и решения научно-практических проблем. Преподавателю русского языка необходимо не только иметь солидный багаж академических и специальных знаний, но и уметь активизировать познавательную деятельность учащихся. Если студент является пассивным участником образовательного процесса, то он способен усвоить только ту информацию, которую ему предоставляет в готовом виде преподаватель. «Не достигается в результате главная цель высшего профессионального образования – становление зрелой, самостоятельной, ответственной личности, способной к адекватным шагам в профессиональной деятельности» [1, с. 9].

Что же входит в понятие «активизация познавательной деятельности студентов» и какие методы преподавания русского языка в вузе можно считать интерактивными? Анализ литературы по данному вопросу позволил определить психолого-педагогический смысл

этого понятия, раскрыть, чем характеризуется активная познавательная деятельность, каковы способы ее стимулирования, психологические условия проявления, а также вычленив пути, средства активизации познавательной деятельности студентов I курса на занятиях по русскому языку и культуре речи.

Известно, что в психологии мышление понимается как процесс отражения объективного мира в понятиях, суждениях, теориях и как деятельность, протекающая в процессе анализа-синтеза. Отличительной особенностью этой деятельности является ее энергичный характер, поэтому познавательная активность означает, прежде всего, интенсивную аналитико-синтетическую деятельность студентов в процессе овладения системой научных знаний. Как показывает практика обучения, у студентов I курса преимущественно тренируется репродуктивный тип мышления, что ведет к снижению мотивационной стороны усвоения знаний, недостаточному развитию творческой активности мышления.

Другим путем управления мыслительной деятельностью, по мнению исследователей (Н.А. Менчинская, А.Н. Матюшкин, М.И. Махмутов, Т.В. Кудрявцев и др.), является проблемное обучение. Оно основано на понимании мышления как процесса решения ряда исследовательских задач и проблемных ситуаций. Для того чтобы усвоение нового материала протекало активно, нужны психологические предпосылки для активной познавательной деятельности. Чрезвычайно важно создавать проблемную ситуацию, т. е. познавательное противоречие путем сопоставления неизвестного с элементами нового. На наш взгляд, в современной высшей школе целесообразно сочетать разные пути управления познавательной деятельностью студентов, т.е. проблемное обучение и формирование у студентов рациональных приемов умственной деятельности. К методам же интерактивного обучения в вузе можно отнести те, которые способствуют вовлечению учащихся в активный процесс получения и переработки знаний. Назовем его основные признаки: «принудительная» активизация мышления и поведения, диалогичность общения; наличие обратной связи; повышенная эмоциональность, рефлексия.

Активизации познавательной деятельности студентов является педагогический диалог, который сочетает в себе три компонента: взаимное восприятие и понимание его участниками друг друга (перцептивный аспект), обмен информацией (коммуникативный аспект), осуществление совместной деятельности (интерактивный аспект). Обучение русскому языку и культуре речи в вузе должно по возможности включать педагогический диалог и строиться на следующих принципах.

1. Речевая направленность. Обучение должно осуществляться через общение, что означает практическую ориентацию занятия.

2. Функциональность. Общение должно быть интерактивным, что предполагает организацию взаимодействия в деятельности.

3. Ролевая организация учебного процесса. Отбор и организация материала должны быть на основе ситуаций и проблем общения, которые интересуют студентов.

4. Новизна речевых ситуаций (смена предмета общения, проблемы обсуждения, речевого партнера, условий общения) и форм занятия, разнообразие приемов работы.

5. Личностная ориентация общения. Обучение предполагает учет всех личностных характеристик студентов.

6. Коллективное взаимодействие, т. е. такая организация занятия, при которой студенты активно общаются друг с другом и условием успеха каждого являются успехи остальных.

Помимо педагогического диалога, можно выделить следующие наиболее эффективные пути и средства активизации познавательной деятельности студентов на занятиях по культуре речи и деловому русскому языку: целенаправленное использование вопросов и заданий преподавателя; применение в процессе обучения различных средств наглядности и моделирования; последовательное введение элементов проблемного обучения.

Вопросы, позволяющие развить умение устанавливать сходные основные признаки предметов или явлений (классифицировать их), направлены, прежде всего, на выделение

наиболее существенного признака в каждом из них. Только на основании выделения основного признака предмета или явления можно объединить их в группы и таким образом выработать понятия.

Формирование у студентов умения систематизации учебного материала требует от преподавателя постановки вопросов, направленных на углубленный анализ признаков предметов или явлений, на основании которого можно было бы выделять их частные признаки (ими обладают не все представители целого класса) и более мелкие подгруппы, виды и т. д. Вопросы, направленные на систематизацию материала, так же, как и вырабатывающие умение классифицировать (т. е. выделять существенные признаки предметов, явлений, устанавливать основные общие сходные признаки у них), требуют от студентов осуществления четко направленного анализа всех условий, обстоятельств, признаков, последовательной группировки выделенных явлений и предметов (установление различных связей между ними или их группировками).

При систематизации материала, как и при классификации, речь идет о группировке предметов и явлений, но уже не только по сходству их основных признаков с такими же предметами целого класса, но и с учетом выделения в этой группе более мелких подгрупп, видов, разрядов.

Выработка умения конкретизации может быть осуществлена с помощью вопросов преподавателя, направленных на анализ какого-то частного случая и выделение таких признаков, которые соответствуют определенному правилу, понятию, закону.

Как мы видим, названные выше авторы признают большую роль продуктивных вопросов в обучении. Однако необходимо заметить, что резкую границу между продуктивными и репродуктивными вопросами провести нельзя, так как это два взаимосвязанных типа мышления, выделяемые психологами: воспроизводящее (репродуктивное) и творческое (продуктивное). Первый тип мышления характеризуется тем, что человек получает готовые знания и воспроизводит их в устной или письменной форме. При втором типе мышления человек, не получая знаний в готовом виде, самостоятельно применяет имеющиеся у него знания к решению новых познавательных и практических задач. Важно найти правильное соотношение этих двух типов мышления в учебном процессе. Л.И. Калинина считает, что для активизации познавательной деятельности учащихся, основным признаком которой является формирование понятий о предмете, о наиболее существенных его сторонах, репродуктивные и продуктивные вопросы должны применяться в процессе обучения в сочетании, обусловленном двусторонним характером познавательной деятельности [6, с. 48]. Эта же мысль подчеркивается и в работе М.И. Махмутова «Организация проблемного обучения в школе»: «Наши наблюдения за работой учителей показывают, что на практике информационные и проблемные вопросы применяются в сочетании, которое не бывает постоянным и учителем, как правило, не регулируется. Искусство получения устной информации от ученика заключается в умении задавать вопросы так, чтобы систематически воспитывать у него привычку актуализировать необходимые знания, исследовать имеющийся материал путем наблюдения и рассуждения. Только в этом случае вопрос будет способом активизации познавательной деятельности ученика. Искусство спрашивать до такой степени является именно искусством управления деятельностью ученика, что твердые и жесткие правила здесь не могут быть установлены, так как это есть процесс творческой деятельности учителя. Главное заключается в четком подчинении вопросов учителя дидактической цели» [7, с. 216].

Все вышесказанное нельзя не учитывать и при обучении русскому языку и культуре речи студентов в вузе. Преподаватель в определенной учебной ситуации ставит и такие вопросы, которые требуют от студента периодически актуализировать ранее усвоенный материал, выделять основной смысл изученного, использовать в ответах на вопросы по новой теме полученные ранее знания, имеющие значение для этой темы.

Отвечая на вопросы, студент должен не просто воспроизводить усвоенный материал, а творчески оперировать прежними знаниями для решения новой проблемы. Вполне

естественно, что существуют моменты, когда вопросы, требующие прямого воспроизведения материала, оказываются не только уместными, но и необходимыми, например, на этапах развертывания проблемы и обоснования гипотезы, актуализации прежних знаний.

Вопросы должны направлять мысли студента на сущность рассматриваемых факторов, предметов и явлений, формировать диалектичность мышления. Их следует ставить таким образом, чтобы они заставляли студента рассматривать факты и явления во взаимосвязи, видеть явление или предмет не только по элементам, частям, но и в целом.

В совокупности репродуктивные и продуктивные вопросы направлены на усвоение студентами системы знаний. Необходимость репродуктивных вопросов обуславливается тем, что память человека должна удерживать и вовремя актуализировать нужные сведения. Но нельзя сводить весь процесс обучения к усвоению сообщаемых знаний, так как оно возможно только в процессе самостоятельной мыслительной деятельности, а без аналитико-синтетической, обобщающей работы мышления происходит лишь получение формальных знаний. Вопросы преподавателя должны побуждать студента к самостоятельному анализу основных свойств предметов и явлений, поиску, исследованию, открытию свойств, связей, зависимостей предметов и явлений.

Для активизации познавательной деятельности студентов на занятиях по русскому языку и культуре речи немаловажное значение имеет сочетание вопросов и заданий с наглядностью и моделированием, этот прием один из самых распространенных в практике обучения. В дидактике сочетание слова и наглядных средств в обучении рассматривается, главным образом, как источник или путь познания в учебном процессе.

Л.В. Занков считает, что «выделение многообразных способов сочетания слова и наглядных средств служит необходимой ступенью к прослеживанию их эффективности». При этом он имеет в виду две стороны эффективности отдельных способов сочетания: для усвоения знаний и для развития учащихся. Самым существенным автор считает решение вопроса о том, как наиболее целесообразно соединять слово преподавателя с применением наглядных средств [8, с. 51].

Следует отметить, что при любой форме наглядности обучения очень важно достигнуть активной деятельности студентов. Для этого, по нашему мнению, необходимо разъяснять учащимся цель наблюдения, а также по возможности привлекать их к раскрытию содержания наглядного материала и его объяснения.

Вопрос сочетания слова и наглядности не может не волновать методистов и тех, кто занимается вопросами преподавания русского языка и культуры речи. Кратко остановимся на понятии наглядности и моделирования. В учебных дисциплинах на разных ступенях обучения применяются различные формы наглядности во всевозможных сочетаниях. Наглядность применительно к методике преподавания русского языка имеет свою специфику. По нашему мнению, качественное различие между восприятием и представлением обуславливает наличие двух основных типов наглядности: внешнего, основанного на восприятиях, и внутреннего, основанного на представлениях. В зависимости от характера восприятия и представлений на занятиях по русскому языку используются следующие виды (формы) наглядности: а) зрительная; б) слуховая; в) артикуляционная, или речевдвигательная, кинестетическая.

В.В. Давыдов отмечает: несмотря на применение разных форм наглядности, «у всех случаев есть ряд общих черт. Так, правильное применение наглядности связано с руководящим словом преподавателя, направляющим внимание на выделение именно тех черт пред- мета или группы предметов, которые должны быть обобщены и абстрагированы. Рассматривая проблему наглядности в свете теории содержательного обобщения, В.В. Давыдов выдвигает принцип моделирования: «Там, где содержанием обучения становятся связи и отношения предметов, - там наглядность далеко не достаточна. Здесь... вступает в силу принцип моделирования».

При выполнении человеком действий с моделями заметно существенное отличие теоретического отношения от эмпирического. Теоретическое отношение использует

моделирование как средство выделения и фиксации внутренних отношений изучаемых вещей. Итак, В.В. Давыдов предлагает рассматривать моделирование на уровне дидактического принципа, дополняющего принцип наглядности.

Психологической наукой установлено, что мышление активизируется, когда человек сталкивается с проблемой. Поэтому основу проблемного обучения составляют систематически и преднамеренно создаваемые преподавателем проблемные ситуации. Развитие учащегося происходит в процессе его собственной деятельности. Эта психологическая закономерность активной мыслительной (познавательной) деятельности человека также лежит в основе проблемного обучения.

Что же означает выражение «создание проблемной ситуации»? Известно, что даже самый сложный вопрос не всегда вызывает активную мыслительную деятельность студента. Все дело в том, что вопрос преподавателя должен быть сложным настолько, чтобы вызвать затруднение у студентов, и в то же время быть посильным для самостоятельного нахождения ответа. Каким образом? В основном путем использования учащимися ранее усвоенных знаний и приемов умственного поиска для анализа условий (данных) и требований вопроса, задания, задачи и с помощью самостоятельного выведения нового правила.

Вследствие создания проблемной ситуации обнаруживается, что студент не может объяснить новые факты используя имеющиеся знания или выполнить известное действие прежними знакомыми способами и должен найти (открыть, усвоить) новые сведения о предмете, способе или условиях выполнения действия. Нестандартные задания в виде проблемных ситуаций вызывают у обучающихся желание найти способ решения и в конечном счете провоцируют познавательную активность.

Список использованной литературы:

- 1 Балыхина Т.М. Структура и содержание российского филологического образования. Методологические проблемы обучения русскому языку. - Москва, 2000.
- 2 Напольнова Т.В. Активизация мыслительной деятельности учащихся на уроках русского языка. - Москва, Просвещение, 1973.
- 3 Рубинштейн С.Л. О мышлении и путях его исследования. - Москва, АН СССР, Ин-т философии, 1958.
- 4 Мурадян В.П. Роль вопросов и заданий при организации самостоятельной работы учащихся. Автореф. дис. ... канд. пед. наук. - Ленинакан, 1971.
- 5 Березина Л.В. Дидактическая система развития познавательного интереса к русскому языку у студентов экономического профиля в условиях многоязычия. Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – 2009. - № 116. - с. 115.
- 6 Калинина Л.И. Дидактические требования к вопросам учителя при организации познавательной деятельности учащихся. Дис. ... канд. пед. наук. - Москва, МГПИ им. Ленина, 1991.
- 7 Махмутов М.И. Организация проблемного обучения в школе. - Москва, Просвещение, 1974.
- 8 Занков Л.В. Наглядность и активизация учащихся в обучении. - Москва, Гос. учебно-педагогическое изд-во Министерства просвещения РСФСР, 1960.

Джулаева Г.М.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 2-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: Күштаева М.Т.
Ақтөбе, Қазақстан

КОНЦЕПТ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

Қазіргі уақытта когнитивтік тіл білімін дамытудың алдында үш негізгі мәселе тұр: тіл білімі табиғатының мәні, тілді меңгеру процесі және оны қолдану. Танымдық тіл білімі аясында осы мәселелерден шығатын негізгі зерттеу бағыттары мынадай: а) білімнің түрлері мен типтерін, сонымен бірге белгілердің білім әлеміне ену механизмдерін, яғни интерпретация процесі қалай жүріп, ережелері қалай қалыптасатынын қарау; б) танымдық тілді реттейтін белгілер мен заңдылықтардың пайда болып, дамуының шарттары; в)

танымдық тілде көрініс табатын тілдік белгілер мен мәдени бірліктердің ара қатынасы. Танымдық тіл білімі мәселелерінің өзегінде «таным – концептілеу – категориялау – қабылдау» процестері арасындағы ішкі тәуелділік пен қатынастарды анықтауға байланысты сұрақтар тұр [Кравченко, 1996]. Когнитивтік лингвистика аясында тілдік құбылыстар адам когнициясының призмасы арқылы қарастырылады, ал когницияның өзі әлемді қабылдаудың танымдық және психикалық процестерінің жиынтығынан, сонымен бірге осы процестердің нәтижелерінен құралады. Когниция – когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымы, ол білім мен ойлауды, олардың тіл арқылы жүзеге асырылуын қамтиды. Міне сондықтан да когниция мен когнитивизм тіл білімімен өте тығыз байланысты. Қазіргі уақытта когницияға адам рухын құраушы нәрселермен (ес, білім, сана, ойлау, елестету, шығармашылық, жоспар құру, толғану, логикалық шешім шығару, мәселелерді шешу, байланыстыру, қиялдау, арман) бірге, қабылдау, ойша бейнелер, еске алу, назар аудару және білу секілді процестер деенеді [Кубрякова, 2012]. Осылайша, когниция әр түрлі механизмдерден құралса, ол механизмдердің әрқайсысы негізгі танымдық қабілеттерді жүзеге асырады. Демек, таным – дүниені қабылдау, бақылау, жіктеу, ойлау, сөйлеу, елестету және басқа да психикалық процестердің жиынтығы деген сөз. Танымды адамның ақыл-ой, интеллектуалдық қабілеттерінің көрінісі ретінде, өзін және қоршаған әлемді сезіну және бағалау, әлемнің ерекше бейнесін жасау, яғни адамның саналы әрі мағыналы әрекеттеріне негіз болатын барлық қабілеттері ретінде түсіндіруге болады.

«Концепт» концептісінің құрылымы халықтың санасында, мәдениетінде және тілінде бір мезгілде орнап, бір тектілікті көрсетпейді және күрделі көп өлшемді құрылымға ие болады. Бір жағынан, «түсінік» құрылымына енетіннің бәрі соған қатысты болса; екінші жағынан, концептінің құрылымы оны мәдениеттің атрибуты мен бөлігі ететін нәрсені, яғни бастапқы формасын немесе этимологиясын, заманауи бағалауларды, ассоциациялар мен коннотацияларды қамтиды. Осы себепті авторлардың концепт құрылымының негізгі компоненттері туралы пікірлері әртүрлі. Ғалымдар концептінің қандай компоненттері бар деп санайтын қарастырайық.

Ю.С. Степанов концептінің құрылымын құрайтын үш компонент бар деп есептейді [Степанов, 1997]: 1. негізгі, өзекті белгісі, яғни күнделікті, жалпыға белгілі мәні; 2. қосымша «пассив» белгісі, бұл өзекті емес, «тарихи» белгі, яғни тілдің жекелеген өкілдеріне ғана белгілі мәні және мұндай белгі бірнеше болуы мүмкін; 3. ішкі формасы, мұны әдетте тіл өкілдері елей бермейді әрі ол сыртқы, сөз түрінде қалыптасуы мүмкін, мысалы оған тарихи және этимологиялық мәліметтер жатады. С.Г. Воркачев концептінің түсініктік (белгілік және дефинициялық), бейнелік (когнитивтік метафоралар) және мағыналық (концептінің тілдік лексика-грамматикалық жүйеден орнын анықтап беретін) құрылымы болады деген тұжырым жасайды [1. Воркачев, 2004]. Тілші ғалым В.И. Карасик болса концептінің құрылымынан бейнелік-перцептивтік «түсінік» компонентін (ақпараттық-фактілік компонент) және құрамдас бағалаушы (бағалау және өзін ұстау нормалары) бөлігін көреді [2. Карасик, 2004]. З.Д. Попова мен И.А. Стернин концептінің үш базалық элементін ерекше бөліп көркеткен, олар – сезімдік образ, ақпараттық мазмұн және интерпретациялық өріс [3.Д.Попова, И.А. Стернин]. Сезімдік образ екі бөліктен құралады – перцептивтік (қабылдау) және когнитивтік (метафоралық) образ. Перцептивтік образға негізгі сезімдерге – көру, есту, дәм, иіс, текстура, т.б. байланысты образдар енеді. Когнитивтік образ материалдық әлемге абстрактілік концептіні жіберіп, тілді тасымалдаушылардың санасына оның көрнекі бейнесін қалыптастырады да, ол бейнеге ойлаудың ерекше кодымен бекітілетін мазмұн береді. Нәтижесінде сөйлеуші мен тыңдаушы концептінің бейнелік сипатын бірдей деңгейде елестете алады. Концептінің ақпараттық мазмұны аталған концептіні сипаттау және оның негізгі функцияларын көрсету үшін ең аз қажетті белгілерден құралады. Мысалы, «шаршы» дегенде барлық қабырғалары тең тік төртбұрыш екендігін есімізге түсіреміз. Осы жерде ақпараттық элементте тек негізгі базалық ақпарат болатынын ғана айтып өту керек, концептінің әр түрлі энциклопедиялық сөздіктер мен ақпарат көздерінде одан кеңейтіле көрсетілетін қызметтері мен қасиеттері интерпретациялық өріске енеді.

Интерпретациялық өріс ақпараттық мазмұнның аясын кеңейтетін немесе одан тарайтын белгілердің жиынтығын құрайды. Концептінің түрлі когнитивтік белгілерін біріктіретін бірнеше аймақты бөліп көрсетуге болады: Бағалау аймағы – концептіге эстетикалық, эмоционалдық жалпы баға береді. Энциклопедиялық аймақ – концепт болып тұрған нәрсені зерттеу нәтижесінен алынған ақпаратты қамтиды, мәселен: су – екі түрлі газ атомдарынан тұратын қосылыс. Қолдану (утилитарлық) аймағы – концептіні күнделікті тұрмыстық жағдайға байланысты қабылдап-түсінуден туындаған танымдық белгілер жиынтығы: мәшине – артық шаруа, қымбат жөндеу, бірақ оның арқасында біраз жұмыс бітеді деген секілді тұжырымдар. Регулятивтік (реттеушілік) аймақ – концептіге қалай қатынас жасау керектігі туралы пікірлерді білдіреді: мысалы, тісті уақытында емдеу керек дегендей ойлар. Паремологиялық аймақтың не екенін мақал-мәтелдермен, қанатты сөздермен түсіндіруге болады, яғни концепт туралы нақты шешімдер мен елестету аймағы, мысалы: білімнің оңай жолмен келмейтінін, оны меңгеру үшін көп еңбектену қажеттігін «оқу инемен құдық қазғандай» деген сияқты тұрақты тіркеспен жеткізу. Осы жерде бұл аймаққа халықтың белгілі бір концепт туралы тарихи ақпараттары да енетінін айтып өту қажет. Сонымен қатар концептінің бұл элементі аз құрылымдалып, өз ішінде бір-біріне толық қарсы келетін белгілерді де қамти алады. В.А. Маслованың ойынша, концептінің құрылымдық шектері нақты емес, сондықтан оны практикалық зерттеулер кезінде фрейм, скрипт, сценарий, т.б. тәрізді айтарлықтай формалды модельдер қолданылуы мүмкін [В.А. Маслова, 2001].

Көріп отырғанымыздай, әр ғалым концептіні әртүрлі құрылымда көреді, нақтыланған ортақ шешім орнамаған. Алайда концептіге қатысты мынадай инвариантты элементтерді атап өтуге болады: олар – концептінің физикалық бейнесі, концептінің тікелей мағынасына байланысты ақпарат, концептіні қабылдаудың ұлттық-тарихи ерекшеліктеріне байланысты ақпарат және концептінің метафоралық құраушы бөлігі.

Жоғарыда айтылғандарды ескерсек, сөйлеу арқылы әлемнің тілдік бейнесі мен концептілік бейнесі қалыптасатынын көреміз.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі өзек түсінігі – концептілеу және категориялау. Осы екі маңызды процесс адамзат санасындағы білім жүйесінің (әлем бейнесі) концептілер мен категориялар ретінде қалыптасуымен өте тығыз байланысты. «Әлем бейнесі» деген түсінік жаңадан пайда болған жоқ, оны философия, психология, мәдениеттану, когнитология, лингвомәдениеттану, тіл білімі сияқты ғылым салалары көптеген жылдардан бері қолданып келеді. Танымдық тіл білімінде «концептосфера» түсінігі пайдаланылса, психологияда – «әлем бейнесі», лингвомәдениеттануда – «ұлттық әлем бейнесі» [Гачев, 1998], «әлем моделі» [Гуревич, 1995], т.б. түсініктер кең тараған. Бұл түсініктердің арасын ашып көрсету қажет, себебі «әлем бейнесі» деген терминді ғылымның әртүрлі салаларында түрліше түсіндіріліп, әр алуан қырынан қарастырылады. Жалпы айтқанда, әлем бейнесін ақиқатты интуициялық елестетулердің жүйесі ретінде көрсетуге болады. Ал концептосфера деп нақты бір тұлғаның, әлеуметтік немесе этникалық топтың санасындағы когнитивтік стереотиптердің жиынтығымен сипатталатын шындықты түсіну мен қабылдаудың ерекше тәсілі ретіндегі менталитетті көрсететін ойлар мен білімдердің сферасын және осы айтылғандардың ықпалымен туындаған ұғым-түсініктерді айтуға болады. Менталитет пен концептосфераны қоса алып қарасақ, олар әлемнің ұлттық танымдық және ұлттық концептілік бейнесін түзеді [З. Семейн, Тарасова, 2005]. Қазіргі тіл білімінде ғалымдар сөздің концептілену процесіне және оның жалпы халыққа кең тарауына танымал тұлғалардың әсерін зерттеу мәселесіне назар аударып отыр. Ұлттық тілдегі осы процеске «жай адам емес... өзіндік күрделі де қайшылықты ішкі әлемі бар, дүниедегі (материалдық, идеялық) зат, құбылыстарға өзіндік көзқарасы, қарым-қатынас межесі қалыптасқан,.. өзі және жаратылыс атаулымен ерекше диалог орната білетін үлкен сана мен тіл иесі, шын мәніндегі Адам болу керек» [4. Нұрдәулетова, 2010]. Шынымен де, кез келген халықтың тіліне, ақын-жазушыларының шығармаларына қарасақ, олар қалыптастырып концептіге айналған әйтеуір бір сөз немесе тіркес табамыз. Тіліміздегі Абай, Шәкәрім, Ахмет айтқан сан алуан концептілер осыған дәлел. Дәл осы секілді әрбір халықтың классик ақын-жазушылары мен басқа да салада

жүрген тұлғалары өз тілінің дамуына, соның ішінде концептілену процесіне айтарлықтай үлесін қосқан. Осы жерде айта кететін тағы бір нәрсе бар: белгілі бір заманда өмір сүрген тілдік тұлғалардың концептілерін қазіргі жастар түсіне бермейді. Яғни шығарманы немесе концептінің беретін мағыналық сферасын көп оқып ізденетін адам ғана толық түсінеді. Сол секілді қазіргі ғылыми-технологиялық жаңалықтарға, гаджеттерге байланысты туындап жатқан сөз оралымдарын оларды көрмеген бұрынғы тұлғалар түсінбес еді.

Танымдық тілдегі айырмашылықтардың негізгі үш факторын немесе себебін атауға болады, олар – табиғат, мәдениет және таным.

Бірінші фактор – табиғат. Себебі ол – түрлі халықтардың өмір сүруіне талаптар қойып, тілдерінен әртүрлі көрініс алатын сыртқы шарт. Адам өзі көрген жануарларға, өсімдіктерге, жерлерге, сонымен қатар өзі сезінген табиғат жағдайларына атау береді. Табиғат жағдайлары адамның танымына, сол арқылы тіліне қабылдау талаптарын қояды. Бұл талап адамның түсті қабылдау сезімінде де орындалады. Бір түстің әр түрлі реңктерін білдіруде қоршаған орта нысандарының түстерін ажыратудың семантикалық белгілері немесе сол нысандардың атаулары қолданылады, демек нысан ассоциацияға айналады [Апресян, 1976]. Мысалы, қазақ халқы сары түске келгенде «бидай өңді», «алтын түстес», «шабдар», «күзгі жапырақтай», «сарғалдақтай» деген сөздер пайдаланылса, осылардың ішінен «алтын түстес» нұсқасын «әлем халықтарының бәрі дерлік қолданады» деп сеніммен айтуға болар. Себебі айтпаса да түсінікті. Тек табиғат қана өзі аясына алған адам баласының санасына әсер етіп, тіліне ықпал етеді, танымын ассоциациялар базасымен байытып, теңеулер, метафоралық, ауыспалы мағыналар қалыптастырады.

Екінші фактор – мәдениет. Материалдық және рухани қызметтің нәтижелері, әртүрлі ұрпақ буындары мен әлеуметтік топтар ерекшелейтін әлеуметтік-тарихи, эстетикалық, адамгершіліктік және басқа да нормалар мен құндылықтар әлем туралы әртүрлі концептуалдық және лингвистикалық идеяларда бейнеленеді. Мәдениет саласының кез келген ерекшелігі тілде бекітіледі. Сондай-ақ тілдік ерекшеліктерді ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, фольклорлық және мифологиялық бейнелер, белгілер арқылы анықтауға болады.

Үшінші фактор – танымға келетін болсақ, ең алдымен әр адамның дүниені қабылдаудың рационалды, сезімдік және рухани тәсілдері арқылы ерекшеленетінін айту керек. Әртүрлі адамдар мен түрлі халықтарда дүниені тану тәсілдері бірдей емес. Әртүрлі халықтардың тілдік бейнелеу ерекшеліктері мен тілдік сана ерекшеліктерінде өз көрінісін табатын танымдық іс-әрекет нәтижелеріндегі айырмашылықтар осыған дәлел.

Бұл айтылып отырған мәселе қазақ лингвистикасы үшін енді дамып келе зерттеу бағыты болса да, бұған қатысты кейбір жекелеген сұрақтар Қ.Жұбанов, А.Байтұрсынұлы еңбектерінде сөз болады. Концептілер әр халықтың өмір салтына байланысты туындайды. Зерттеуші М.Т.Күштаева өз еңбегінде бір ғана тары шаруашылығына байланысты көптеген концептілер туралы кеңінен баяндаған [5, Күштаева, 2020].

Танымның тілдік айырмашылықтарға ықпалының маңызды көрсеткішін В. Гумбольдт «заттарды көрудің әртүрлі тәсілдері» деп атаған [6, Гумбольдт, 1984]. Белгілі бір не басқа жағдайды немесе нысанды қабылдау субъектіге, оның негізгі біліміне, тәжірибесіне, күтулеріне, өзінің қай жерде орналасқанына және не көріп тұрғанына тікелей байланысты екенін ескеру қажет. Бұл өз кезегінде бір жағдайды әртүрлі көзқараспен, тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді, бұл оның түсінігін кеңейтетіні сөзсіз.

«Әлемді құру» процесі қаншалықты субъективті болғанына қарамастан, ол жағдайдың ең алуан түрлі объективті аспектілерін, әлемдегі істердің нақты жағдайын есепке алуды тікелей қамтиды; бұл процестің салдары «объективті дүниенің субъективті бейнесін» жасау болып табылады. Сонымен, тіл білімінің қазіргі даму кезеңінде дүниенің тілдік үлгілері гуманитарлық ғылымдар кешені аясында суреттеу мен түсіндіру объектісіне айналып отыр деп айтуға болады. Кез келген тіл әлемінің суреті белгілі бір халықтың фольклоры, мифологиясы, мәдениеті, тарихы, әдет-ғұрпы, психологиясы тұрғысынан ғана емес, тіл білімі аясында да қарастырылады.

Қорытындылай келе, тілді зерттеудегі осы заманауи «танымдық бағыт өзін пәнаралық ғылым ретінде көрсете алады және философ, психолог, нейрофизик, мәдениеттанушы және т.б. секілді түрлі сала мамандарын өзінің зерттеу жұмыстарына тарта алады» деген шешім шығаруға болады. Тіл білімінің қазіргі даму кезеңінде когнитивтік лингвистика тіл біліміндегі ең озық және ең дамып келе жатқан бағыт болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Воркачев С.Г. Счастье как лингвокультурный концепт. - М.: Гнозис, 2004. - 192 с.
2. Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс / Волгоград. Гос. Пед. Ун-т; Н. -И. Лаб. "аксиол. Лингвистика". - Волгоград: Перемена, 2002. - 476 с.
3. Семейн Л.Ю., Тарасова И.А. Когнитивные аспекты лингвокультурологии. - Омск: Вариант-Омск, 2005. - 72 с.
4. Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. - Алматы, 2010. – 342 б.
5. Күштаева М.Т. Этномәдени концептінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны. - Ақтөбе, 2020. - 216 б.
6. Гумбольдт Вильгельм фон. Избранные труды по языкознанию. - М.: Прогресс, 1984. - 400 с.

Садақбаева Г.

фарабитанушы,

«Фарабитану» арнайы курс бағдарламасының авторы,
Әл-Фараби – Әл-Машани білім орталығы

ДАНАЛАР ҮНДЕСТІГІ: ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛ ҒЫЛЫМЫ САБАҚТАСТЫҒЫ

Балалар! Бұл жол басы даналыққа.
Келіңдер, түсіп, байқап қаралық та!
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,
Соларды көре тұра қалайық па?
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер іздеп тауып алайық та!
А. Байтұрсынұлы (1873-1937)

Өлең жолдарындағы даналық сөзінің төркінін ғылым тілімен айтқанда философия десе, оның аудармасы «филия» - сүйю, «софия» - даналық, грек тілінен аударғанда даналыққа сүйіспеншілдік ұғымын білдіреді.

Әбу Насыр әл-Фараби – философия ғылымын үйренуде, онан күтілетін мақсатты түсінуге басты мән берген. Философия ғылымын үйрену үшін алдымен тани білуге қажетті болған ғылымдар деп: геометрия, этика, жаратылыстану ғылымы және логика деп атап өтіп, оның себептерімен дәлелдемелерін келтірген.

1962 жылы «Білім және Еңбек» журналының №1 санында басылым көрген әл-Фарабидің «Фәлсафа (философия) үйрену үшін қажетті шарттар туралы қағида (рисала)»... (біздің елімізде ең тұңғыш қазақ тіліне аударылған еңбектің аудармашысы Ақжан әл-Машани болатын): «Жалпы, табиғаттың арнаулы бір жүйесін зерттейтін еңбектеріне келетін болсақ, олардың кейбіреулері табиғи болмысы жоқ (дерексіз) нәрселерді білдіруге арналған, кейбіреулері табиғи болмысы бар (деректі) және жарыққа шыққан нәрселерді зерттеуге арналған. Дерексіз нәрселерді зерттеу ғылымы тағы екіге бөлінеді: барлық нәрселерді тегіс қамтитын жалпылық және арнаулы бір ғана нәрсені қамтитын жалқылық болады [5, 8-9 бб.]

Ахмет Байтұрсынұлы: «... Жалқылау әдіс – жалпылау әдіске қарсы жөніндегі әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілету болса, жалқылаудың асылы – іріден ұсақтату. Мәселен: оқушыларды шапанмен таныстырғанда, оның жеңінен, жағасынан, етегінен, өңірінен бастап таныстырмаймыз, шапанның өзін тұтас түрінде көрсетіп таныстыруымыз қажет. Оқу үйреткенде де сөздің әріптен, буыннан бастамай, сөздің тұтас

тұрған тұлғасынан бастап үйрету керек» дейді Ахмет Байтұрсынұлы [1, 364 б.]. Бір жерде жалпылау, бір жерде жалқылау әдісі жүріп, ақырында екеуі жалқылаулы-жалпылау әдісі болып бірігеді [1, 368 б.].

Сөз басын неге Ахмет Байтұрсынұлына бергенімді түсіндіріп өтейін.

Барша Тұранға ортақ бабамыз Абу Насыр әл-Фараби IX-X ғасырларда өмір сүріп, артында өшпес із қалдырған атамыз қазақтың перзенті бола тұра, артында қалдырған мұралары жалпы адамзатқа қалдырған мұрасы болып танылады. Ғылым тарихында барлық трактаттарының өзіндік орны бар, дегенмен де «Ғылымдар классификациясы», «Ғылымдардың шығу тегі» еңбектерінің орны бөлек. Себебі, Әл-Фарабидің осы еңбектерінен сусындап, өркениетке жеткен Шығыс пен Батыс ғалымдары XVIII ғасырға дейін қолданыста болып қолдарынан түсірмей, ғылыми ойларын түзеген болатын.

Отандық фарабитанудың ғылыми жолының негізін қалап кеткен, «Әл-Фараби көпірі» деген құрметке бөленген Ақжан әл-Машани: «Әл-Фараби туралы айтар ой көп. Ал данышпан бабамыздың бізге айтары онан да көп. Көбін жоғалтпай, барын базарлай білсек, нұр үстіне нұр болар еді.» [2, 3 б.]

Енді, Ахмет, Ақжан әл-Машани айтып отырған даналық туралы – әл-Фарабидің өзі не айтады екен? - осыған тоқталып өтейік.

Әл-Фараби: «Даналық дегеніміз – қалған басқа заттардың болмысын айқындап беретін шалғай себептерді және себептері бар заттардың таяу себептерін білу. Бұған олардың болмысын анық білу, олар не және қандай екенін, бұл себептер қаншама көп болса да, белгілі тәртіппен бір болмысқа құятынын білу, бұл бір болмыс шын мәнінде бірінші екенін және оның барлығы басқа бір нәрсенің барлығына байланысты емес, өзінен өзі бар екенін, басқа ешнәрседен алынбайтынын білу арқасында жетеміз. Ол басқа бір нәрседен бар болмайды және ешқандай жағдайда дене немесе денеде бола алмайды. Оның болмысы дүниеде бар басқа заттардың болмысынан өзгеше, маңызы жағынан олардың бірде-біреуімен ұқсастығы жоқ, ал егер кейбір ұқсастығы болса, тек аталуы жағынан болады, бірақ сол ат білдіретін маңызы жағынан болмайды. Ол тек бір ғана бола алады, ол шынында да бір ғана. Қалған бар заттарға бірлік беретін де нақ сол, мұның арқасында біз қандай бар затты болса да, бір деп атай аламыз. Ол – бірінші ақиқат. Ол басқа заттарға ақиқаттылық беретін нәрсе, оның ақиқаттылығы басқа бір нәрседен алынбайды, өзінен өзі туады. Оның жетілдігінен ондай мінсіздіктің барлығы туралы айтпағанның өзінде жоғары жетілгендік бар деп, Оның болмысынан әлдеқайда жетілген болмыс бар деп, Оның ақиқаттығынан асқан ақиқаттылық бар деп, Оның бірлігінен асқан бірлік бар деп ойлау мүмкін емес. Мұнымен бірге біз қалған бар заттардың болмысты, ақиқаттықты және бірлігі Одан қалай алғанын, олардың әрқайсысының болмыстағы, ақиқаттықтағы және бірліктегі алатын үлесі қандай екенін, қалған заттар өздерінің заттығын одан қалай алғанын білеміз. Біз бар заттардың барлық қатарларын білеміз, олардың арасында әуелгісі, ортаңғысы және соңғысы бар екенін білеміз, соңғыларында себептер бар екенін, бірақ олар өздерінен төменгі бір нәрсеге себеп болмайтынын, оның қасында ортадағыларда өздерінен жоғары себеп болатынын және олар өздерінен төменгі заттарға себеп болатынын, Бірінші өзінен төменгіге себеп болатынын, өзінде онан жоғары ешқандай себеп болмайтынын білеміз. Сонымен бірге біз соңғылар қалай орта қатарға ұмтылмайтынын, ал орталар қалай Біріншіге жеткенше бір-біріне өрлейтінін, мұнан кейін басқару Біріншіден басталатынын және әрбір зат арқылы соңғылырға жеткенше белгілі тәртіппен барлық заттарға ауыса беретінін білеміз. Шын даналық осындай. Бұл атау кейде салыстырмалы мағынада қолданылады; -мәселен, өнер ісінде мінсіз шебер және жетілген адамдарды «дана» деп атайды» [3, 221-223 бб.]

Әл-Фарабидің күрделі ораммен айтылған бұл пайымын түсінуге сәл де болса көмектесетін А. Байтұрсынұлының зат есімге берген анықтамасына тоқталайық:

«Зат есім – нәрселердің атын көрсететін сөздер. Нәрсе деп не түрлі де болса заттарды айтамыз. Зат тегінде екі түрлі: біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіс келетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар; екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын денеге сезілмейтін, адам

ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі һәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз.» [1, 199-200 бб.]

Енді осы айтқандардың басын біріктіретін, жөн сілтеп, жол көрсететін Ақжан әл-Машанидің өзіне сөз берсек: Ұзақ өмір бойында менің жиған тергендерім үш бастаудың күйған арнасы деуге болады.

Бірінші – табиғат ғылымдарының дәлді табыстары.

Екінші – адам баласының табиғат танудағы жолдары (табиғи, тарихи, діни).

Үшінші – ана тілінің (қазақ тілінің) қазынасы.

Осы үшеуінен де біздің заманымызда мол мәлімет жарыққа шығуда. Бірақ бір қиын жағдай, бұл салаларда істейтін мамандар өздерінің шұғыл айналысқан істерін жақсы біледі, басқаларды біле қоймайды, азды-көпті, білгенімен олардың басын қосу оңай емес. Әр мамандықта тіл басқа, әдіс басқа, ойлау өрісі басқа. Сол себептен бір салада табылған нәрсе екінші салада істеушіге белгісіз, түсініксіз, пайдасыз болып қала береді. Біздің заманымыздағы ғылыми жетістік те осында, сонымен қатар кемшілігі де осында. Жеке талдамаса ғылым жетілмейді. Бірақ жекеленіп кеткен ғылымдар біріне бірі жат болады. Ерте замандағы ғылымдар олай болмаған. Олар барлық ғылымды тұтас бүтіндей қамтыған [4, 4 б.]

Философия ғылымын үйренуде онан күтілетін мақсатты түсіну.

Ол мақсат жаратқан иені тану. Ол өзі ауыспайтын, өзгермейтін, жалғыз зат. Бүкіл дүниені, барлық нәрселердің бәрін барлыққа шығарған жаратушы. Жомарттығымен, хикметімен, әділетімен осы әлемге тәртіп беруші Аллатағаланы тану. Барлық философ ғалымдардың істеген еңбектері - өздерінің шамасынша сол жаратқанға ұқсап бағу [5, 8-9 бб.]

Осыдан жиырма жыл бұрын жазылған мақала-сұрақ мені осы күнге дейін толғандырады. Жас фарабитанушыларды баптаған ұстаз Жұмағазы Бекбосынов «Қостанай таңы» газетінің бетінен «Әл-Фараби бабамызды толық танып білдік пе?» деген мақаласын оқыған едім [6, 4 б.] «Ғұлама ғалым жайлы мектептерде, жоғары оқу орындарында да тым аз оқытылады десем артық айтқандық болмас. Әл-Фарабидің еңбектері латын, испан, француз, ағылшын, неміс тілдеріне аударылған. Сондықтан да әл-Фарабиді бүкіл дүниежүзі ғалымдары жақсы біледі. Гректер үшін Аристотель, ағылшындар үшін Ньютон қандай қадірлі болса, біздер, қазақтар үшін әл-Фараби данамыз да сондай мақтаныш».

Ж. Бекбосынов ұстазды толғандырған осы мәселе бүгінгі күні де түбегейлі шешімін таппай отырғаны да жасырын емес. Көп болып көтеретін, әл-Фараби ілімінен жас буын мектептен бастап сусындыратын заман келді. Ақжан әл-Машани, Шаһмардан Есенов ғалымдардың айтып кеткен тұжырымдарына орай, «Фарабитану» арнайы курсы – ғылымның шығармашылық зертханасына ендіріп, Әбу Насыр әл-Фарабидің тынымсыз ізденістерінің нәтижелерін көруге үйретері хақ та, анық.

Әбу Насыр әл-Фараби – дүниежүзілік ғылым мен мәдениет тарихында аса ірі тұлға. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бір де бір ілім саласы жоқ екеніне, трактаттары куә. Өнер мен ғылымның тоғысқан шұғыласы әл-Фараби мұрасы адамдықтың ең асыл қасиеттері ғылымды қастерлей білу, адамгершілік пен әділеттілік, қайырымдылықпен қанағатшылдық, әсемдік пен парасаттылыққа тәрбиелейді.

Академик Б. Гафуров: «Әл-Фараби даналығы – Орта Азия мен Қазақстанның көне дәуірлермен орта ғасырдағы жоғары мәдениетінің ғана жемісі емес. Өйткені оның творчествосынан бүкіл араб халифаты: Египед, Сирия, Иран, Ирак және Солтүстік Африка халықтарының мәдениеті мен ғылыми жетістіктері де көрініс береді. Әл-Фараби, сондай ақ Индиядағы, Антика дүниесіндегі барлық жоғары үлгілірдің де ұлы мұрагері бола білді» деген тұжырым жасаған болатын. Осы кезде, әл-Фарабидің еңбектеріне Әлемнің түпкір түпкіріндегі ғалымдар аса қызығушылықпен зерттеп жатқанына куәміз.

Қазақстан ғылым академиясының президенті болған, профессор Ш.Есенов: «Ақ шашты дәуір ата тоғызыншы ғасыр данасының асыл мұрасын өз қойнауында аса

ұқыптылықпен сақтай біліп- біздерге, мұрагерлеріне табыстап отыр. Бұл үлкен мерей, абзал абырой, сонымен қатар үлкен жауапкершілікті артып отыр» деген еді.

Академик, тарих ғ.д. Зұлқарнай Алдамжар «Ақаң*¹ аманаты! Білімде жарысыңдар, білім арқылы егемен еліміздің мерейін өсіріңдер. Ақаң ұйқыдағы халқын ояту үшін не істемеді? Ақаң атқарған мың істін бірін біз атқарып шықсақ, халқымызға тигізген қайырымыз болар еді. Білім жарысында Ақаңның абыройын берсін!» (*¹Ахмет Байтұрсынұлы) [7]

А. әл-Машани, «әл-Фараби және осы заманғы ғылым» тақырыбын зерттеу барысында: «Әл-Фараби өз заманында мұсылман елдерінде сөйленетін тілдердің көбісін білген. Мысалы араб, парсы, түркі, латын, грек тілдерін ол өте жақсы білген. Ол тілді үйреніп қана қоймай, тіл ғылымдарының өркендеуіне зор көңіл бөлген. Оның филология, поэтика, каллиграфия, риторика жөнінде жазған еңбектері, өлеңдері және т.б. бар. Оған мына кітаптары дәлел бола алады: «Китаб фи әл хатаба» («Риторика туралы кітап»); «Китаб фи санағат әл китабат» («Жазу өнері туралы кітап»); «Калам фи шығр уа қауафи» («Өлеңнің ұйқасы мен өлшемі туралы кітап»); «Китап фи ихса иқас» («Ритм туралы кітап») деп атап өткен болатын [8, 72 б.]

Әл-Фарабидің «Ғылымдар классификациясынан» ең басты орын алатын «Тіл ғылым және оның бөлімдері» деген еңбегіне тоқталсақ: «Тұтас алғанда тіл туралы ғылым екі бөлімнен тұрады. Біріншісі: қасыбір халықтың тіліндегі сөздерді еске сақтау және оның әрқайсысының мағынасын білу; екіншісі: сол сөздеді (билеуші) заңдарды білу... Әрбір халықтың тіл туралы ғылымында қосымша жеті тарау болады: 1) жай сөздер туралы ғылым; 2) сөз тіркестері туралы ғылым; 3) жай сөздердің заңдары туралы ғылым; 4) сөз тіркестерінің заңдары туралы ғылым; 5) жазу заңдары (жазу ережесі); 6) орфоэпия*; 7) өлеңшығару(ақындық) ережелері» [9, 117-127 бб.] (*Тілдегі сөздердің, сөз тіркестерінің дұрыс айтылу ережелері орфоэпия (орфос — гректің дұрыс, түзу және эпос — сөйлеу, сөз дегендерінен алынғандеп аталады.)

Әл-Фарабидің бізге жеткен еңбектерінің барлығы араб тілінде жазылған. Ахмет Байтұрсынұлы: Түркі жұртының 90%-і баяғыдан бері араб әрпін пайдаланып келеді. Әрқайсысының араб әрпімен жасалған хат мәдениеті бар (хат мәдениеті деп әріпке қатысты бар нәрсенің бәрі айтылады, мәселен: сауаттылық, оның жүзіндегі дағдылы өнер-білім, ілім, емле үйрету әдісі, баспа істері, жазба мамандары, баспа мамандары, жазылған, басылған барша сөздер, тағысын тағы сондайлар); Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалар жұмағы... Қазақ алдақашан тілінде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған [1, 400-401 бб.] деген кең ауқымды мағыналы, қысқа да нұсқа айтқан тұжырымы, Әл-Фарабидің «тіл ғылымы» және «ғылымдардың шығу тегі» трактатында атап өткен педагогикалық ғылымдарға жатқызған ғылымдар тізбегі ілімімен үндесіп тұр. Әл-Фараби: «бала оқытуды ең әуелі сан туралы ғылым-арифметика, кескін-пішін туралы ғылым-геометрия; дыбыс туралы ғылым – музыка және жұлдыз-уақыт туралы ғылым – астрономиядан бастау керек», деген тұжырымында, астрономия ғылымы – жазу тарихына да апаратынын, ал кескін-пішін туралы геометрия ғылымының бір қыры – жазу таңбасына әкелетін ғылым екенін зерттеп, дәледеп кеткен Ақжан әл-Машани еңбектерінен танып білдік [10].

Әл-Фараби бабамыздың «Ғылымдар классификациясы» трактатындағы ғылымдар тізбегінің сызбасын сан-салалы ғылым-білім иегерлері, қандай маман иесі болмасын, ғалым, зерттеуші, студент, оқушы болмасын өзін қызықтырған ғылым саласын таба алады. Энциклопедист ғалым әл-Фарабидің бұл еңбегі он бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, адамзаттың озық ойшылдарын тамсандырып келеді. Олар бір жағынан қызыға қараса, екінші жағынан бабамыздың мирасын толық танып болмағанымызға таңырқай қарайтындары да бар...

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. «Тіл тағылымы» Алматы: «Ана тілі» 1992. – 448 б.

2. Садақбаева Г.Е. Бексұлтанова В.К. «Ғылым мен өнер тоғысқан әл-Фараби шұғыласы» (библиографиялық көрсеткіш). – Қостанай: «Шапақ», 2005. – 52 б.
 3. Әл-Фараби «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» жинағына енген «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» трактаты. - Алматы: «Ғылым», 1975, - 455 б. - 185-294 бб.
 4. Әл-Машани «Ай арысы» ғылым жаңалықтары. - Алматы Республикалық баспа кабинеті, 1996. – 99 б.
 5. Әл-Фараби. «Фәлсафа (философия) үйрену үшін қажетті шарттар туралы қағида (рисала)»... біздің елімізде ең тұңғыш қазақ тіліне аударылған еңбектің аудармашысы Ақжан әл-Машани. «Түркі әлемі» халықаралық газеті № 4 (сәуір, 215) 2020. 8-9 бб.
 6. Бекбосынов Ж. «Әл-Фараби бабамызды толық танып білдік пе?» Қостанай таңы газеті. 22 тамыз. 2000.
 7. Алдамжар З. «Ақаң аманаты» //«Білім жарысы». - 1998. №1, 22 наурыз.
- Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті газеті
8. Ақжан Машанов «Әбунәсір Фараби» жинақта «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIX ғасырлар)» Құрастырған: Бүркіт Ысқақов. - Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1964. 46-84 бб.
 9. Әл-Фараби Философиялық трактаттар. Қаз ССР Алматы, «Ғылым», 1973. - 448 б.
 10. Ақжан әл-Машани. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым. – Алматы: «Алаш», 2004. - 216 б.

Тілеубаева Л.

2-курс студенті, Халықаралық білім беру корпорациясы.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., Тәшімбаев С.Қ.

Халықаралық білім беру корпорациясы

ТАУ ТҰЛҒАҒА ТАҒЫМ

(А. Байтұрсынұлының ономастикалық шеңбері)

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым. Қазақ тілі оқулықтарын жазды, газет беттерінде мақала жариялады. Ақын, түркітанушы, аудармашы ретінде де көптеген еңбектің авторы атанды. Өз халқына асыл мұрасын қалдырды.

Ономастика өз ішінде бірнеше салаға бөлінеді: топонимика (жер, су, қала атауларын зерттейтін ғылым), антропонимика (адам аттарын зерттейтін ғылым) т.б. Ономастикада атаулардың шығу тегі, таралуы мен өзгеруі туралы зерттеледі.

Біз осы мақаламызда ономастика ғылымының ішкі қабаттарына жататын годонимдер, эргонимдер, прагматонимдер, менсонимдер, т.б. және олардың негізгі қызметіне қарай басты мақсатымыз ретінде қарастырылып отырған ғалым, публицист, педагог, аудармашы А. Байтұрсынұлының ономастикалық шеңберін талдап көрсетеміз. Қазақ жерінде осы күнге дейін ономастика кеңістігін құрайтын топонимдер, гидронимдер, т.б. атауларының қазақы атаумен аталуы кенжелеп келді. Т. Жанұзақ қазақ антропонимикасының даму кезеңін жүйелеп көрсететін ауқымды еңбек жазған [1].

Қазіргі таңда тіл білімі ғылымында қала ішілік нысандарды ғылыми тұрғыдан зерттеулер жіті жүргізіліп келеді. Қала кеңістігіндегі урбанонимдік нысандардың қатарына годонимдер жатады. Көше атаулары (годонимдер) динамикалық сипатымен ерекшеленеді. Л.В. Егорованың пікірінше, «годонимдер – көшелердің, жағалаулардың, орамдардың «куәлігі» іспеттес. Ол қоғам өмірінің оңтайлы қызметін реттеуші маңызды бағдар болып есептеледі» [2, 231 б.]. Біз зерттеу нысанына айналған республикамыздың бірнеше қалаларында А.Байтұрсынұлының атымен аталатын көшелердің тарихына тоқталсақ.

Алматы қаласындағы қазақ әдебиеттану және қазақтілі ғылымдарының негізін салған А. Байтұрсынұлы көшесінің сипаттамасы мынадай: «Көше Әуезов, Алмалы, Бостандық аудандарын қиып өтеді. Мақатаев көшесінен басталып, қаланың оңтүстігіндегі таулы аймақтарға дейін созылып жатыр. Бұрынғы атаулары: а) Тараншы; ә) Космонавтар көшесі. Көшенің ұзындығы - 4450 метр. Алматы қаласы әкімінің 18.04.1993 Ма 78 шешімі) берілді» [3].

Бас қаламызда, яғни Қазақстан Республикасының астанасында көрнекті түркітанушы ғалым А. Байтұрсынұлына Р. Қошқарбаев даңғылынан басталып, Тәуелсіздік даңғылын қиып өтетін, ұзындығы – 7200 метрді құрайтын көше берілген [4, 67б.]. Астанада қазіргі

қолданыста 640 көше бар екен. Олардың ішінде жаңа есім беру немесе қайта атауды (реноминациялауды) қажет ететін годонимдер жетерлік.

2019 жылы Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасының «Ақтөбе облысы жер-су атауларының атласы» деп аталатын еңбек жарық көрген. Ақтөбе қаласында Кеңес дәуірі кезеңінде көше атаулары Московский, Павлов, Морозов, Пожарный, Интернациональный, Вокзальный, Локомотивный, Вагонный, Станционный т.б. деп аталған. Бұл жағдайдан годонимдерге демонстративті атау берілгенін байқауға болады. Сондықтан, өткен ғасырда көшелерге осылай атау беру қалыпты жағдай болып саналған. Қазіргі кезде қоғамда бұл олқылықтардың орны алаш көсемдерінің атын берумен толықтырылып жатыр. Ақтөбеде бұрынғы Ордженикидзе көшесі қоғам қайраткері А. Байтұрсынұлының есімімен өзгерген.

Жалпы, республикамызда Тәуелсіздік жариялаған алғашқы жылдардан бастап көше атауларына қазақы атауын қайтару, жаңа атаулар беру, өзгерту мәселесі қолға алына бастады. Көше атауларына қазақ қоғамының қайраткерлерінің есімін беру қарапайым халықтың қолдауымен мемлекеттік дәрежеде шешіліп жатыр.

Қазіргі таңда республикадағы ірі қалалардың лингвистикалық ландшафты қазақ халқының ұлы тұлғаларының Бұқар жырау, Абылай хан, Ж. Жабаяев, Абай, Ы. Алтынсарин, С. Торайғыров, Ә. Бөкейханов, Қ. Аманжолов, М. Әуезов, Ж. Шанин, Ә. Марғұлан, С. Мұқанов, Қ. Мұстафин, С. Сейфуллин, М. Мақатаев, Ш. Айманов, Қ. Сәтбаев т.б сияқты годонимдермен толыққан.

Г.Б. Мадиева «Қазақстан ономастикасы» деген еңбегінде былай дейді: «Қазақ когнитивтік санасында қандай да бір нақты жағдайға қатысы жоқ, бірақ олардың иелері қоғам үшін құндылығы бар қандай да бір қасиеттерге ие, немесе қоғамдық маңызы бар іс-әрекеттер жасаған прецеденттік атаулар маңызды орын алады» [5, 44 б.].

Ғалымдар қала көшелеріне атау беруде (номинациялауда), қайта атауда (реноминациялауда) ұстанатын бір қағида бар, ол – семиотикалық (таңбалық) тәсіл деп атап көрсетеді. Бұл тәсіл арқылы көше, даңғыл, алаңдарға атау беру демонстративті және меморативті тұрғыда болған.

Көше атаулары халқымыздың тарихына, ділі мен дініне, салт-дәстүрімізге сәйкес келетін халқымыздың рухани дүниесінің жаңғыруын көрсететін атаумен алмастырылып жатыр. Көшеге берілген жаңа есімдер тәуелсіз еліміздің көрінісін, бейнесін сипаттайды және таңбалайды. Мәңгілік ел, Тәуелсіздік, Бостандық және т.б. атаулар, ең алдымен, ұлттық бірлік пен бірегейлікті танытады. 30 жылдық тарихыбар Тәуелсіздігіміздің арқасында қала көшелері меморативті атаулармен толықты. Олардың ішінде қазақ халқының аяулы да ардақты қыздарының есімдері де бар: Ә. Молдағұлова, Ғ. Жұбанова, М. Мәметова, К. Бәйсітұева т.б.

В.А. Никонов жалқы есімдерге қатысты былай дейді: «Личные имена существуют только в обществе и для общества, оно и диктует неумолимо выбор их, каким бы индивидуальным он ни казался. Личные имена социальны все и всегда» [6, 7 б.]. Оның пайымдауынша, «жалқы есім – әлеуметтік таңба».

Урбанонимнің құрамына көшелерден басқа бірқатар ғимарат атауларын да жатқызуға болады. Қала кеңістігін таныстыру үшін урбанонимдерге талдау жасалынады. Себебі, ономастикалық кеңістіктің құрамын ауылдық, қалалық, ғарыштық, әдеби, материалдық, рухани, ментальдық және т.б. нысандарды жинаған композиция ретінде қарастыруға болады.

Кісі есімдері әсіресе, қала ішілік нысан атауларының дамуында жиі көрініс тапқан. Ономастикалық комиссияның шешімімен жеке бір тұлғаның тұрғын үй атаулары мен эргонимдерді атауда орын алған. Қоғам бастамасы арқылы нысандарға атау беру де өз нәтижесін беріп отыр. Мысалы, 1990 жылы 26 ақпанда Алматы қаласындағы Тіл білімі институтына А. Байтұрсынұлының есімі берілген. Сонымен қатар, ақынның туып өскен жерінде Қостанай мемлекеттік университеті 1996 жылдан бастап А. Байтұрсынұлы есімімен аталып келеді.

Мекеме атаулары жоғарыда айтқанымыздай эргонимдер деп аталады, кісі есімі тек жоғары оқу орындарына ғана беріліп қоймайды. Сонымен қатар, қазақ халқының бір туар

азаматтарының есімдерімен мемлекеттік жалпы білім беру мекемелері де аталып жатады. Яғни, көрнекті ғалым А. Байтұрсынұлы есімі республикамыздың барлық қалаларындағы орта білім беру мектептеріне берілген. Солардың екі-үшеуіне тоқталсақ: Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты А. Байтұрсынұлы атындағы №50 мектеп-гимназиясы, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 20 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімі А. Байтұрсынұлы атындағы толық ұзартылған күнді жалпы білім беретін бастауыш гимназия» ММ. т.б.

Тіл білімінде орден, медаль және түрлі төсбелгілер атаулары біріктірілетін фалероним терминіне қатысты айтатын болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орденімен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы көп жылғы жемісті еңбегі үшін азаматтар мен ұйымдар марапатталады екен.

Сонымен қатар, тарихи тұлғаға көрсетілген тағы бір құрмет, ол – ескерткіш орнату. Ескерткіш 2000 жылы А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің бас корпусының алаңында орнатылған. Композиция мүсін, тастұғыр және негіздеген үш бөліктен тұрады. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері оң қолына қаламұш ұстап, орындыққа шынтағымен сүйеніп ойланып отырған қалпында бейнеленген. Мүсін гранитті блоктармен қапталып мәнерлі тұғырға орнатылған. Тұғырдың жоғарғы бөлігіндегі бет жағында «Ахмет Байтұрсынұлы» деген жазу бар. Тұғыр тұтас ұлттық ою-өрнекпен безендірілген. Тұғырдың негізі бетоннан жасалған, беті мәрмәрмен қапталған. Мүсіннің биіктігі 2 м, мыстан жасалған болса, ал тұғырдың биіктігі – 95 см құрайды. Мыс, мәрмәр, бетон материалдары қолданылған.

Заманауи «Atau.kz» ономастикалық электрондық база жүйесі құрылған. Бұл ономастикалық электрондық база күннен-күнге қазақ мәдениетіне, мемлекетіне адал қызмет еткен шығармашыл, қайраткер тұлғалардың есімдерімен толығып жатыр.

Atau.kz және жергілікті ономастикалық бөлім мәліметтеріне сүйенсек Жамбыл облысы бойынша Ахмет Байтұрсынұлы есімімен аталатын 9 көше бар: Байзақ, Жамбыл, Жуалы, Қордай, Сарысу, Шу аудандарында бір көшеден болса, Мойынқұм ауданында 2 көше, Тараз қаласында 1 көше. Сонымен қатар, Жуалы ауданы мен Т. Рысқұлов ауданында 2 мектеп Ахмет Байтұрсынұлының есімімен аталады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы атына Оңтүстік Қазақстан облысында 8, Қызылорда облысында 6, Ақтөбе облысында 3, Алматы облысында 2, Ақмола облысында 4, Атырау облысында 1, Батыс Қазақстан облысында 1, Маңғыстау облысында 1 көше аты берілген.

Қазақ халқы балаға ат қоюда үлкен мән берген. Қай қоғамда болсын ата-бабаларымыз ер адамдардың есімдеріне арғысы Алла тағаланың есімдерін, пайғамбарлардың есімдерін бергісі тарихи тұлғалардың аттарын беру дәстүрінен жаңылған емес. Байтұрсын отбасы да дүниеге келген сәбиге Ахмет деп ат берген, бұл араб тілінен аударғанда мақтаулы дегенді білдіреді екен. Есімнің қасиеті дарыған болар Ахмет Байтұрсынұлы қазіргі кезде ұлт мақтанышына айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түп-төркіні. - Алматы: "Сөздік-словарь" ЖШС, 2010. - 356 б.
2. Егорова Л.В. Структурные типы годонимов Чувашской Республики // Вестник Чувашского университета. – Чебоксары: Чувашский Государственный университет им. И.Н. Ульянова 2012, № 4. – С. 231-235.
3. «Atau.kz» ономастикалық электрондық база сайты.
4. Астана көшелері. Жинақ /Құраст.: Е.Тілешов, Ө.Бақберді, Н.Майлыбаева. Алматы: «Сардар», 2011, - 383 б.
5. Мадиева Г.Б. Ономастика Казахстана: аналитический обзор (подходы исследования онимов) /отв. ред.: М.М. Буркитбаев, О. Абдиманулы, Ж.К. Ибраева. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 80 с.
6. Никонов В. А. Имя и общество. – М.: Наука, 1965. – 179 с.

СОВРЕМЕННЫЕ КАЗАХСКИЕ АНТРОПОНИМЫ

В современном мире, где так быстро появляются и исчезают новые технологии, сменяемые другими более совершенными, меняется и лексика. Язык – живое явление, он мгновенно откликается на изменения в обществе, политике, экономике, культуре, искусстве. Бурное развитие компьютерных технологий способствовало появлению новых направлений в науке, экономике, производстве, а также появлению новых цифровых продуктов, программ, предметов, профессий, что повлекло за собой появление новых слов, словосочетаний, множества заимствований. Этот закономерный процесс влияет на все стороны человеческой жизни, в том числе и на антропониимику. Появляются новые имена, возвращаются старые, иногда с добавочным компонентом.

Целью данного исследования является вопрос влияния времени, истории на антропониимику, а также смысловая, духовная, эстетическая, патриотическая, политическая части имени. В работе преимущественно рассматриваются, анализируются казахские имена.

Для начала рассмотрим само понятие имени. Что такое имя? Имеет ли оно ценность и важность для современного человека? В словаре Ожегова говорится, что имя – личное название человека, даваемое при рождении, часто вообще личное название живого существа. С этим определением трудно несогласиться [4].

В жизни все начинается с имени или названия. Маленький человечек буквально с первых минут своей жизни слышит, как его ласково называют: малыш, дитя, солнышко, луна моя, душа моя, зрачок моих глаз. В каждом слове сквозит нежность, доброта, любовь. Как утверждал американский оратор Дейл Карнеги: «Имя человека – самый сладостный и самый важный для него звук на любом языке» [2].

У каждого народа свои традиции в имя наречении, на Тибете, в имени могут использоваться дни недели, цифры: Нима – «воскресенье» (также «день» или «солнце»), Дава – «понедельник» («луна» или «месяц»), Цэде – 8-е число, нетрудно догадаться почему [3]. У индейцев Америки можно было встретить имена, связанные с природой, тотемными животными, например, Амитола – радуга, Вияя – управляющий солнцем, Мокни – поющая птица [5]. Но имена у индейцев могли меняться на протяжении жизни, в зависимости от того, кем он станет, какое положение он будет занимать в обществе и т.д.

У некоторых народов принято давать ребенку сразу несколько имен, например, у арабов, испанцев. Имя художника Пикассо состоит из 23 слов: Пабло Диего Хосе Франсиско де Паула Хуан Непомусено Мария де лосРемедиосСиприано (Криспиниано) дела Сантисима Тринидад Мартир Патрисио Руис и Пикассо. Сам художник пользовался только двумя, первым и последним. Традиция давать длинные имена ребенку встречается не только у испанцев и арабов, но и у других народов, например, у индийцев. Как известно, чтобы прочитать самое длинное имя, нужно потратить около 10 минут. Оно состоит из 1478 букв. Но хозяин этого имени предпочитает, чтобы его называли по фамилии Брахматра.

Многообразие имен в мире, связано с верованиями, образом жизни, климатом, культурой, политикой, традициями, заимствованиями, ментальностью и многим другим. Казалось бы, как политика или экономика влияют на антропониимику? По данным Бюро национальной статистики сообщалось, что после «проведения Саммита ОБСЕ в Казахстане зарегистрированы 66 мальчиков с именем Самит и 16 девочек, которых назвали Самита. После проведения Зимних Азиатских игр появилось 56 малышей с именем Азиада...зарегистрирован мальчик с именем Бэйдібэкспо» [10]. Подобные, с политической окраской имена составляют меньшинство от общего количества, не являются массовым явлением.

Имя наречение казахов имеет свои неповторимые особенности, сопровождается особыми магическими обрядами, идущими из глубин веков. Есть нечто удивительное в том, что имя ребенка шепчут ему в каждое ушко три раза, чтобы он услышал, запомнил. Выбрать имя предлагается уважаемому достойному человеку. Считается, что имя не должно быть выбрано впопыхах, ведь имя – это в некотором роде судьба.

В казахском именнике, как и в любом другом языке отражены история, время, культура. В казахских именах нашли отражение – явления природы, кочевой образ жизни, животноводство. А также исторические события: до исламский период, принятие ислама, присоединение к России, советский период, обретение Казахстаном независимости.

Исследователь казахской антропонимики Г.И. Кульдеева считает, что «язык..., как социальная универсалия вбирает в себя все особенности формирования и развития общества и выдает нам результат для анализа в виде различных языковых навыков, своеобразных лейблов» [4].

Выбор имен разнообразен. Современная казахская антропонимика насчитывает свыше 10 000 имен, среди них имеются исконно казахские, тюркские, арабские, персидские, монгольские, иранские. В именнике также имеются немногочисленные имена из испанского, французского, итальянского, русского языков. Несколько особняком стоят имена, появившиеся после революции 1917 г. Такие как Владлена сокращенное от Владимир Ленин, Октябрина в честь Октябрьской революции и др.

К тюркским именами ли компонентам имен можно отнести следующие имена: Айгуль, Айнур, Алтын, Байбек, Байболат, Гульжан, Тогжан и др. В древнетюркских именах, до исламских, встречаются элементы язычества, древние религиозные верования, а также названия природных явлений, животных и др. Это имена – Айсулу, Кунсулу, Бори (Бөрі), Барыс, Барысбек, Болтирик, Каскырбай, Арыстан и множество др.

Собственно-казахские имена: Атбай, Акмоншак, Аккемпир, Акжол, Даулбай, Жайдарбек, Калканбайи др. В некоторых казахских именах встречаются тюркские компоненты, например, в именах Жиенбай, Каламкас, Еликбай.

Самым большим пластом заимствованных имен являются арабские антропонимы. Арабское влияние отразилось во всех сферах жизни: экономике, политике, культуре, а также повлияло на этнические и языковые процессы. С появлением и принятием ислама у народов Центральной и Средней Азии появляются арабские имена. Это огромный список антропонимов.

Часто это могут имена пророков и их сподвижников: Мухаммед (Мухаммад), Ахмед, Мустафа, Али, Иса, Муса и др.

Имена, связанные с мусульманской религией Рахым (милосердный), Хафиз (хранитель), Рахман (милостивый), Ислам (мир, покорность Всевышнему), Гайнетдин (родник веры), Низаметдин (устройство веры), Набибулла (посланник Всевышнего), Ниетулла (намерение Всевышнего), Абдуали («абд» - раб, слуга Аллаха; раб Али), Абдикарим (раб Щедрого) и мн.др.

Арабские имена, несвязанные с религией, они тоже составляют внушительный список, вот некоторые из них: Аклима (ум, сознание), Жамиля (красивая), Рахила (кроткая), Манар (маяк), Аббас (суровый, строгий), Саня (ударение на первом слоге - второй ребенок, ударение на последнем слоге - блистающая, сверкающая, возвышенная) и мн.др.

Заимствования из славянских и западноевропейских личных имен появляются преимущественно с 20-х годов прошлого века не только у казахов, но и у других народов бывшего СССР. Меняется весь уклад жизни и это находит отражение и в языке. Появляются новые имена, навеянные революцией, коллективизацией и др. Новые имена появляются в именнике казахов. Это имена Жанна, Марат, Клара, Лаура, Спартак, Октябрина, Совхоз, Колхоз, Съезд, Совет, Марсель, Партизан, Гагарин и др.

Появляются сложносокращенные имена: Ренат (революция-народ-труд), Марлен (Маркс, Ленин), Мэлс (Маркс, Энгельс), Арлена (Армия Ленина), Дамир (да будет мир) и др.

С обретением независимости, подъемом национального самосознания, самоопределения, свободы вероисповедания в имя наречении казахов становятся популярны имена поэтов, писателей, батыров, ханов, названия родов, жетыата (имена предков по мужской линии семи поколений), имен связанных с религией ислам, также родители называют детей в честь исторических личностей. Это знакомые всем нам имена: Абай, Турар, Мукагали, Габит, Шокан, Шынгыс, Олжас, Касымхан, Жанибек, Дулат, Торе, Найман, Адай, Абылай, Батыр, Сыпатай, Исламбек, Динмухаммед, Нурсултан, Заманбек, Касымжомарт и мн.др. Возвращаются немного позабытые имена Альтаир, Алдияр, Едиге, Ерасыл, Нурасыл, Темирлан, Сания, Медина, Томирис, Рауана, Камилля и мн. другие.

«С древнейших времен люди давали своим детям имя, желая отразить в нем свою мечту», - пишет в своей книге «Казахские имена» исследователь Жусупова Б.Ж. [1].

Сегодня мы имеем возможность наблюдать этот удивительный процесс имя наречения. Родители, бабушки и дедушки придумывают новые, оригинальные красивые имена, некоторые из них наполнены глубоким смыслом: Бермухаммеджайылган, Кабылболсын, Калима-Нури, Коркем-Ай, Ай-Коркем, Гуль-Сафура, Елимай, Айлин и др.

Появляются также заимствованные имена Диас, Диана, Даниал, Сафие, Сафия, Сулейман, Эльвира, Ысхак и др.

Наряду с этими новыми именами, благозвучными и красивыми, продолжают встречаться имена, которые несут в себе определенную программу, пожелание, заявку. Давняя традиция казахов, при рождении в семье только девочек, чтобы следующим родился мальчик, даются имена Улжан, Улболсын, Ултуган, Улдана, Улдар, Кызтумас. В семье, где рождались только девочки, родители использовали все вышеназванные имена, а других девочек могут назвать Болдык, Тойдык, Койдык. Имена с таким посылом, пожеланием встречаются и у других народов, например, тибетцев, «если родители хотят сына, то называют свою дочь Пуцхи («мальчик»)» [3]. Наряду с просьбами о сыне, продолжателе рода, наследнике, защитнике имеются имена, которые отражают посыл, пожелание другого рода. В семье, где умирали младенцы, казахи называли детей заведомо «плохими» именами, чтобы не сглазить, обмануть судьбу: Атсыз, Итбай, Козы, Малжан, Карабай, Сарымсак, Корку, Сасыкбай и др. Имелись случаи обряда «выкупания» (подарки или деньги) своего же младенца у многодетной женщины со здоровым и сильным потомством, детей называли Сатыбалды, Сатыпалган, Толеген, Журсин. Казахи, как и другие народы хотели, чтобы ребенок рос и жил в достатке, был значимым человеком, эти мечты, посыл отражены в именах: Арманбек, Байбек, Байтурсын, Байбол, Байжигит, Казакбай, Назарбай и мн.др. Даже в «советских» именах можно встретить эти компоненты: Колхозбай, Совхозбек. Интересным представляется и другой факт имя наречения у казахов, имя пророка Мухаммеда (Мухаммет) считается «тяжелым» для младенца, поэтому к имени пророка добавляется казахский или арабский компоненты. Это имена Абумухаммед, Бекмухаммед, Токмухаммед, Динмухаммед, Бермухаммед, Мухамметрахим, Мухаммеджан. Одни имена уходят, другие приходят им на смену. В именнике казахов много имен с приставкой ак-, ер- и это не случайно. Ак означает белый, светлый, чистый, святой, богатый. В зависимости от добавленного именного компонента меняется смысл приставки. Акжан (чистая душа), Акжол (белая дорога, имеется ввиду счастливый жизненный путь), Аккемпир (белая старуха, посыл дожить до благополучной старости), Акнар (белая верблюдица, символ богатства), Акбопе (белый младенец, «светлый» ребенок) и др. «Книга имен» казахов постоянно пополняется новыми именами. А какие имена чаще всего выбирают современные казахи? Почему?

Нами был проведен тест опрос в Googleforms [7]. Тест состоит из 5 пунктов, в одном из них респонденты писали значение своего имени. В опросе принимали участие 282 человека разного возраста, от 16 до 50 лет (в рисунках 1,2 используется популярный варваризм «топ»).

Топ 10 популярных имён по опросу




Рисунок 1 – В опросе участвовали 282 респондента, выявлено 209 личных имен.

На основе данных был составлен каталог имен опроса. Мы отобрали 10 повторяющихся имен. Популярными антропонимами оказались: Диас, Айдана, Дария, Дильназ, Нурасыл, Абылай, Адилет, Аида, Жаннур, Кайсар.

Самое популярное имя Диас. Автор книги «Казахские имена» Жусупова Б.Ж. пишет, что «в переводе с испанского диас означает «солнце». Это имя популярно с 1936 года...руководитель восстания испанского народа Хосе Диас» [1]. Встречается и другой вариант происхождения имени Диас, в арабском «диа» означает «яркий», «свет», «сияние». [9].

Какие имена казахи чаще всего выбирают в 21 веке? Чтобы ответить на этот вопрос нами были проанализированы имена студентов казахов 1 курса Satbayev University 2021-2022 уч. г. (16-20 лет), в количестве 1368 человек.

Из них 213 женских имен повторялись. Среди женских имен чаще всего встречаются следующие антропонимы: Аружан, Аяулым, Айдана, Мадина, Айгерим, Аяжан, Назерке, Арайлым, Жанель, Мерей. У каждого антропонима свое неповторимое значение, состоящее из разных компонентов. Например, имя Аружан состоит из двух компонентов: казахского ару-, что переводится, как красавица и персидского -жан, означающего жизнь, душа, дыхание.

Были проанализированы также мужские имена, выявлены наиболее популярные из них, из 1368 имен 393 повторялись. Чаще всего встречаются следующие мужские антропонимы: Адилет, Олжас, Бекзат, Мирас, Темирлан, Арман, Мейрамбек, Нурсултан, Санжар, Айдын. Самым популярным именем оказалось имя Адилет, означающее «честный, справедливый, верный, правдивый» [1].

Для наглядного представления всех имен была составлена инфографика.

Топ 10 женских и мужских имён



Рисунок 2 – Инфографика в процентном соотношении

В инфографике наглядно представлены популярные казахские женские и мужские антропонимы, среди них чаще других встречаются имена на литеру «А». Это составляет 45% от общего количества имен.

Мы сравнили антропонимы нашего исследования, имена студентов 1 курса КазНИТУ им. К. Сатпаева (17-20 лет), с данными новорожденных за 2020 г по Казахстану.

Самыми популярными женскими именами оказались Медина, Айлин, Айша, Райана, Асылым, Айзере, Аяла, Айым, Томирис, Айару. Самые популярные мужские имена среди новорожденных: Алихан, Айсұлтан, Нурислам, Рамазан, Алдияр, Амир, Алинур, Али, Ибрагим, Санжар. Совпадение только в одном имени – Санжар.

Интересным представляется факт сохранения тенденции выбора имени на литеру «А», что составляет 65% от общего количества имен. 10 антропонимов из 20 арабского происхождения. Обретение независимости, свобода вероисповедания, возвращение к духовным истокам объясняет популярность имен, связанных с религией ислам.

На основе исследуемых данных, мы приходим к выводу, что время существенно влияет на имя наречение, состав именных компонентов, выбор антропонима в целом. Ведь имя наречение – важный процесс у каждого этноса. Имя – это не просто набор звуков, это – особая идентификация, определенная программа, жизненная установка, определенный посыл и даже оберег.

Особенностями современной казахской антропонимики становятся удивительные сочетания тюркских, исконно казахских, исламских и др. компонентов в одном имени. Личные имена являются частью словарного запаса языка. Казахский именьник постоянно пополняется новыми именами, чутко реагируя на все изменения в культуре, политике, искусстве, сохраняя при этом свои особенные, узнаваемые ментальные черты.

Литература

1. Жусупова Б.Ж. Казахские имена // ИД Кочевники. 2010.
2. Карнеги Д. "Как завоевывать друзей и оказывать влияние на людей" и "Как перестать беспокоиться и начать жить" // Дониш. 1991. С. 95.

3. Китайский информационный Интернет-центр China.org.cn <http://russian.china.org.cn/russian/178539.htm>
4. Кульдеева Г.И. Антропонимическая система современного казахского языка. Автореферат. // Казань. 2001.
5. https://www.waylux.ru/imena_amerik_indeisk.html
6. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка <https://classes.ru/all-russian/russian-dictionary-Ozhegov.htm>
7. https://docs.google.com/forms/d/1y4BwvRM-JixWoyoRsHuOEowRqLnCwdgUrVWaB0GR_9o/edit?usp=sharing
8. <https://al-isnad.kz/stati/kazahskie-muzhskie-i-zhenske-imena-znachenie-kazahskih-imen/>
9. <https://pandaland.kz/names/men/dias>
10. <https://kz.kursiv.media/2021-05-19/nazvany-samye-populyarnye-imena-dlya-detey-v-kazakhstane>

Ильясова Н.Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD докторанты

АХМЕД ЙҮГІНЕКИДІҢ «ҒИБАТ-УЛ ХАҚАЙИҚ» ЕСКЕРТКІШНІҢ А, Ә ЖӘНЕ Б НҰСҚАЛАРЫНДАҒЫ ЕСІМДІКТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СТАТИСТИКАСЫ

Қазақ тілінің тарихын зерттеуде ата-бабаларымыз қалдырып кеткен әдеби мұралардың алатын орны ерекше. Әр ескерткіштің бірнеше көшірмесін өзара салыстырып, мәтінге тілдік тұрғыда зерттеу жүргізу лингвотекстология ғылымының дамуына жол ашады.

Ахмед Йүгінекидің «Ғибат-ул хақайиқ» ескерткішінің (XII ғасыр) көшірмелері біздің заманымызға келіп жетті. Сол нұсқалардың сөздерін өзара салыстырып, айырмашылықтарын анықтау арқылы тілдің тарихын зерттеуде берері мол. Ескерткіштің түркітануғылымында жеті нұсқасы белгілі болғанымен, толық әрі негізгі деп А, Ә және Б нұсқаларын атаймыз. Ескерткіштің бірінші нұсқасы (А) Стамбул қаласындағы Айа-София кітапханасында 4012 номермен сақталған. Оның көшірушісі Зейнул-Абидин бин Султан Бахт Джурджаний Хусейни. Бұл нұсқа 1444 жылы ұйғыр жазуымен көшірілген. Бұл кітаптың сырты былғарымен тысталған. Қағазының сапасы жоғары, көркем безендірілген, басқа көшірмелерге қарағанда ұқыпты көшірілген. Нұсқа ұйғыр әріпімен көшірілгенмен, оның тақырыптары аят, хадис, бәйіттер араб тілінде араб жазуымен жазылған. Көшірменің бір беті сақталмаған. Екінші нұсқа (Ә) Стамбул қаласындағы Айа-София кітапханасында 4757 номерімен сақталып тұр. Бұл нұсқа Стамбул қаласында 1480 жылы көшірілген. Көшіруші Шейхзада Абдур-Раззақ бахши атымен белгілі. Бұл өз алдына жеке кітап емес, үлкен бір жинақтың алдыңғы беттерінде орналастырылған. Түптемесі жағынан бірінші нұсқаға ұқсайды. Мұнда көшіруші ұйғыр жазуын жолма-жол араб жазуымен транскрипциялап отырған. Бұл нұсқа барынша толық деп есептелінеді, бірақ екі жол бәйіт жазылмай қалып кеткен. Бірінші және екінші нұсқаның көшірілу уақытының арасында 36 жыл өткен. Үшінші нұсқаның (Б) ерекшелігі тек араб жазуымен көшірілген. Ол Стамбулдың Топ-Қапы сарайындағы кітапханада 35552 номерімен сақталған. Түптелуі жағынан екінші нұсқаға ұқсайды, яғни бір жинақтың арасына қыстырылған. Көшірменің қашан, қай жерде, кім көшіргені туралы мәлімет жоқ. Нұсқаның 18 жол бәйіті хатқа түспеген. Ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, көшірмені XIV ғасырдың аяғы XV ғасырдың басында көшірілген деп болжауға болады.

Айырмашылықтардың қыр-сырын ашып, ғылыми дәлдік пен нақтылыққа сүйеніп, көне морфемалардан тұратын есімдіктердің табиғатын түсіндіруде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген Г. Рамстедт, В. Радлов, Н.А. Баскаков, А.П. Поцелуевский, В. Котвич, Ж. Дени т.б. сияқты ғалымдарды атауға болады.

Түркі тілдеріндегі есімдіктердің тарихи сипатына тоқталатын тұстары баршылық. В.И. Насиловтың «Грамматика уйгурского языка», А.Н. Кононовтың «Грамматика узбекского языка», И.А. Батмановтың «Части речи в киргизском языке», Н.К. Дмитриевтің

«Указательные местоимения в османском языке», Ф.Д. Ашниннің «Принципы дифференциации турецких указательных местоимений», С. Құдайбергеновтың «Қырғыз тилиндеги ат атоочор», А.Төлеуовтың «Қазақ тіліндегі есімдіктер», А. Ибатовтың «Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан» атты еңбектерінде тарихи есімдіктер жайы сөз болған.

Есімдіктер өте көне сөз таптарының бірі. Ежелгі түркі жазба ескерткіштеріндегі есімдіктердің сыртқы формасы негізінен қазіргі тілдердегімен ұқсас болып келеді. Бірақ олардың барлығы да қалыптасу, даму, нормалану барысында түрлі өзгерістерге ұшырағаны белгілі.

Түркі тілдеріндегі есімдіктердің тарихын, пайда болу жайын арнайы зерттеген ғалым А. Ибатов олардың көнелігі туралы мынадай пікір айтады: «Есімдіктердің өте ерте заманда пайда болуы, ең алдымен, олардың мағыналарының жоғары дәрежеде абстракциялануынан, яғни мағыналарының тым жалпылама түрде келуінен көрінсе, екіншіден, олардың түбір сөздері мен қосымшаларында кездесетін өте көне формалардың сақталып қалуынан да айқын көрінеді. Сонымен қатар есім сөздердің әр тілдің өзіндік ерекшелігіне қарай аздаған өзгешеліктері болмаса, барлық түркі тілдерінде бірыңғай сөздер болып келуінен де көрінеді» [1, 7 б.].

Тілтанушы ғалымдар есімдіктерді шығу тегі бойынша екі топқа бөліп қарастырады. Оның бірінші тобына ертеден келе жатқан түбір есімдіктер жатады. Олардың қатарына *мен, сен, ол, біз, сіз, сол, осы, міне, бұл, не, кім, қай* секілді қазіргі тілімізде ары қарай бөлшектеуге келмейтін сөздер енеді. Ал екінші тобына тілдің ішкі, сыртқы даму процестерінің нәтижесінде туындап, қалыптасқан сөздер жатады. Оларды іштей үш түрге жіктеуге болады:

1. Лексикалық тәсіл арқылы жасалған (яғни белгілі бір категорияға тән сөздердің мағыналары өзгере келе есімдіктер дәрежесіне ауысуы). Мысалы: *бар, біреу, бүкіл, түгел* т.б. сияқты есімдіктер, *әр, күллі, пәлен* сияқты басқа тілдерден ауысып енген сөздер жатады.

2. Морфологиялық тәсіл арқылы жасалынған сөздерге сұрау және сілтеу сияқты негізгі түбір есімдіктеріне, мысалы, -у элементінің (нұсқау, сілтеу мәнін білдіретін форма) қосылуы арқылы жасалынған *мына-у, ана-у, сона-у* есімдіктер және әр қилы формалар арқылы жасалған *барлық, барша, қанша, неше, қандай, нешінші* тәрізді есімдіктер де жатады.

3. Синтаксистік тәсіл арқылы жасалынған есімдіктер тобына *бірдеңе, бірнеше, кейбіреу, әлдекім, әлдеқашан, әлдеқашан, әлдеқайда, әлдеқалай, әрбір, ешкім, ешқайсы, ешқандай* сияқты жеке сөздерден құралу арқылы жасалынған күрделі есімдіктер және *кімде-кім, қай-қайсы, бірде-бір* сияқты қосарланып қолданылатын күрделі есімдіктер жатады.

Қазақ тілінде есімдік заттың өз атауын да, белгісінің, санының да атын бірдірмейді. Тек соларды меңзеп көрсетеді де, солардың орнына қолданылады. Сондықтан да кейде есімдікті орынбасар сөздер деп те атайды [2, 66-67 бб.].

Есімдіктер заттың атын, санын, сынын, мөлшерін атап көрсетпейді, бірақ сол сөздердің орнына жұмсалады. Есімдіктердің негізгі ерекшелігі олардың айтылатын ойды жалпылама, абстрактілі түрде жеткізетіндігінде. Сондықтан да оларды контекстен бөліп қарау мүмкін емес. Себебі есімдіктер өзіне дейінгі немесе кейінгі сөйлемдегі ойды толықтыру үшін жұмсалады әрі оған тәуелді болып келеді. Қазіргі түркі тілдерінде есімдіктің жеті мағыналық түрі бар: *жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау, белгісіздік, болымсыздық* есімдіктері. Біз қарастырып отырған «Ғибат-ул хақайиқ» ескерткішінде есімдіктер мол қамтылған. Солардың әр түріне жеке-жеке *тоқталайық*.

Жіктеу есімдіктері – *мән/мен, сән/сен, ал/ол, сиз*. Статистикалық талдау барысында *мән* тұлғасы көбірек қолданылғанына көз жеткізуге болады. Ал *мен* 29, 482 бәйіттерде ғана кездеседі. Ескерткіште септеулі формаларын қоса санағанда *мән* есімдігі А нұсқасында 14 рет, Ә және Б нұсқаларында 15 рет, ал *мен* есімдігі үш нұсқада да 2 рет пайдаланылған. *Мән* есімдігінің А нұсқасында кем болу себебі, мұнда 39-бәйітте Ә, Б нұсқаларындағы *мәңә//мәңга* есімдігінің орнына *ағар* сөзі жазылған. Ескерткіш бәйіттерінде *мәңә* және *сәңә* есімдіктерінің орнына көшірмешілер *ағар* сөзін жиі қолданған.

39) А. Ағар болса фазлың қутулды өзүм

Ә. Мәңга болса фазлың қутулды өзүм

Б. Мәңа болса фазлың қутулды өзүм
Маған болса пазылың құтылды жаным

332) А. Сәңә тегса емгак кишидин көтүр

Ә. Агар тигза емгак кишидин көтүр

Б. Агар тегса емгак кишидан кечүр

Егер тисе бейнет кісіден көтер

Көне түркі тілі мен қазіргі тілдерде *мән–мен* варианттарын жасап тұрған *ә – е* дыбыстар сәйкестігі жиі кездеседі. Бұл ерекшелік тіпті бір тілдің ішіндегі диалектілерде де ұшырасуы мүмкін. Профессор Б. Сағындықұлының айтуы бойынша *ә* мен *э* дыбыстары бір негізден тараған. Жінішке *ә* дыбысы жуан *а*-ның аллофоны болса, *е* *ә*-нің сөздің соңғы буындарында көмескіленуінен пайда болған (мысалы, доңғалақ – дөңгәләк – дөңгелек) [3, 22 б.]. Жалпы алғанда көне түркі ескерткіштерінің көпшілігінде *мән*, *бән* жіктеу есімдіктері жарыса жұмсалады. Тоныкөк ескерткішінде *бән* формасы, *мән* формасы Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінде қолданылған. *Бән* формасы қазіргі түркі тілдерінің ішінде тек түрік және чуваш (ебә, епә) тілдерінде ғана сақталған, қалған тілдердің барлығына *мән/мин/мен* формасы тән. Мысалы, башқұрт, татар, хақас тілдерінде *мин*, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қарашай-балқар, қырғыз, қырым татарлары, құмық, ноғай тілдерінде *мен*, әзербайжан, ұйғыр, тува тілдерінде *мән* түрінде кездеседі.

Түркітанушы ғалымдар Б.А. Серебрянников пен Н.А. Гаджиева жіктеу есімдігінің бірінші жағының алғашқы формасы *пән* деп санайды. Ежелгі түркі тілінде тек қатаң дауыссыздардың ғана болғандығын ескере отырып, авторлар *п* дыбысының ұянданып, жінішкеруінен *б*, одан кейін *м* формалары пайда болғанын дәлелдейді. Чуваш тіліндегі *ебә* есімдігінің түпкітектің сарқыншағы екенін көрсете отырып, қазіргі түркі тілдеріндегі жіктеу есімдіктерінде сөз соңындағы *п* дыбысының бұрын болмағанын айтады. Бірақ мұның себебін, даму жолын ашып түсіндірмейді [4, 138 б.].

Радлов бастаған көптеген түркологтар (И.А. Батманов, М. Ряснен, А.М. Щербак, Н.К. Дмитриев, В.Н. Хангильдин, Т.М. Гарипов, т.б.) бірінші және екінші жақ жіктеу есімдіктерін *ме-п*, *се-п* деген екі элементтен тұратынын айтады. Ал Н.А. Баскаков пен А.П. Поцелуевский жіктеу есімдіктерінің негізі сілтеу есімдіктері екенін дәлелдейді.

Екінші жақ жекеше түрдегі *сен* жіктеу есімдігінің ескерткіштегі нұсқасы – *сән*. Мысалы, 219-бәйіт жолында:

А. Бақып таш безәгин көрүп сән муңга

Ә. Бақып таш басагли көрүп сән муңга

Б. Бақып таш безагин көрүп сән муңга

Қарап тыс безегін көріп сен бұған.

«Ғибат-ул хақайық» ескерткішіндегі екінші жақ жекеше түрді білдіретін негізгі жіктеу есімдігі – *сән*, тек екі-ақ бәйітте (338, 484) *сен* түрінде қолданылған. 338-бәйіттегі *сен* есімдігінің қолданылуы ескерткіштің А вариантына тән, қалған екі вариантта бұл сөздің орнына *кес/кез* сөз жазылған:

338. А. 'адауат көкини қазып сен көчүр

Ә. 'адауат көкини қасып кез көчүр

Б. ,адауат көкини қазып кес көчүр

Дұшпандықтың тамырын қазып сен/кеш көшір

Б. Сағындықұлы А нұсқасындағы *сен* есімдігінің бұл жерде қисынсыз қолданылғанын, бәлкім көшірушіге қыпшақ тіліндегі *кес* сөзі түсініксіз болғандықтан орнына осы сөзді өз тарапынан қыстырып жіберген болуы мүмкін екенін айтады.

Шығарма мәтінінде А нұсқасында септеулі формаларын қоса санағанда *сән* 33 рет, *сен* 2 рет, Ә нұсқасында *сән* 31 рет, *сен* 1 рет, Б нұсқасында *сән* 28 рет, *сен* 2 рет кездеседі. Есімдіктердің кездесу жиілігінің әр нұсқада әр түрлі болып келуі көшірушілер тарапынан кеткен қателіктерге, яғни кейбір бәйіттердің жазылмай кетуіне немесе аударма барысында басқа сөздермен алмастырылуына байланысты. Мәселен, А нұсқасындағы 416-бәйітте «Не

йерка йығар баз сәни не тылын» деген жолдар Ә, Б нұсқаларында «Йүругил тилегил өсүн хошлуқын» (Сайранда тілігіл өзүн қошлығың) деп берілген. Ал 395-бәйіт жолы Б нұсқасында мүлдем жазылмай кеткен, т.с.с. Ал екінші жақ сыпайы түрдегі *сиз* есімдігі 2 жерде ғана (104, 284) қолданылған.

Сән есімдігі қазіргі түркі тілдерінде гагауыз, қарайым, ноғай, әзербайжан, ұйғыр, тува, түрік тілдерінде қолданылады. Ал қазақ, түркімен, құмық, қарашай, қарақалпақ, өзбек, ойрат, шор, қырғыз, алтай тілдерінде *сен*, татар, хақас тілдерінде *син*, башқұрт тілінде *хин* болып дыбысталады. Ғалымдар бұл аталған варианттардың түпкітегі *сә* сөзі деп санайды. Чуваш тіліндегі *езэ (сен)* сөзі осының дәлелі, ал өзге тілдердегі сөз соңындағы *н* дыбысы қыстырма дыбыс [4, 139 б.].

Ол есімдігінің *ал/ол* варианты да және көпше түрі *анлар* нұсқасы да кездеседі. Бәйіттің 190 жолында:

А. Ал артуқ тиләмә вабал йүсгүлүг

Ә. Ол артуқ тиләмә вабал йүдгүлүг

Б. Ол артуқ тилама вабал йүтгүлүг

Ол есімдігінің септелу барысында түбірі өзгеріске ұшырып отырған: *аны, аңа, андин, анин, аңга, аңғар*. Бұны ІХ ескерткіш тілін қазіргі қазақ тілінен өзгешелеп тұрған белгілердің бірі деп есептеуге болады.

Өзбек тілінің маманы Қ. Махмудов ол есімдігінің шығу тегін былай жіктеп көрсетеді: «Жіктеу есімдігінің Орхон-Енисей жазбаларында кездескен *аңару* – *оган* формасы қысқарып, шығармада *аңар* күйінде кездеседі. *Аңар* формасы ескі жіктеу есімдігі *ол* барыс септігімен түрленгенде фонетикалық өзгеріске ұшыраған. *Ол* есімдігіне тәуелдік жалғауы –*ың* және септік жалғауы –*қару* қосымшаларының қосылуы нәтижесінде *аңару*>*аңар* пайда болған немесе *ол + ың + қару*>*аңқару*>*аңару*>*аңар* дүниеге келген» [5, 73 б.].

Ол есімдігі атау септігінде тұрғанда өзгеріссіз қолданылғанымен, өзге септіктермен түрленгенде ан болып ауысып кетеді. Түбір құрамындағы *л* дыбысының септелу барысында сақталмауы қазіргі қазақ тілінде де бар: *ол – оның – оган – онда – оны – одан – онымен*. Жіктеу есімдігінің үшінші жақ тұлғасы қазіргі түркі тілдерінде мына тұлғада қолданылады: қазақ, қарайым, қарашай-балқар, ноғай, алтай тілдерінде *ол*, септелу негізі – *он*; қырғыз тілінде *ал*, септелу негізі – *ан*; құмық, қырым татарлары, әзербайжан тілдерінде *о*, септелу негізі *он*; татар тілінде *ул*, септелу негізі *ан*; башқұрт тілінде *ул*, септелу негізі *ун*; түрік тілдерінде *о*, септелу негізі – *он, ан*; өзбек, ұйғыр тілдерінде *у*, септелу негізі *ун*; чуваш тілінде *вал*, септелу негізі *ун, ан*.

Шығарма мәтінінде нөлдік формадағы *ол* есімдігі А нұсқасында 46 рет, Ә, Б нұсқаларында 43 рет қолданылған. А, Ә нұсқаларында бір ғана жолда (266) табыс септік формасында *оны* түрінде жұмсалған. Ал ол есімдігінің септеулі формаларына негіз болатын *ан* тұлғасы А нұсқасында 45 рет, Ә нұсқасында 43 рет, Б нұсқасында 42 рет кездеседі.

Ол есімдігінің түпкі негізі туралы ғылымда түрлі болжам бар. В. Котвич тұңғыс-маньчжур тілдерінде үшінші жақ жіктеу есімдігі *i, in* түрінде, қырғыз тілінде *ал* түрінде айтылатынына сүйене отырып, *in (i)* үшінші жақ жекеше түрі, оның көпшесі *a(n)* түрінде айтылған деп болжам жасайды. *-ан* морфемасы қазіргі тілімізде анау, анда, ана жақта деген сөздердің құрамында сақталған. Сонда, ғалымның пайымдауынша, қырғыз тіліндегі *ал* есімдігі *a(n)мен о(л)* сөздерінің қосындысынан барып пайда болған. Ал сөз соңындағы *л-ны* нақтылаушы қосымша (утвердительная астица) деп қарайды [110, 328 б.].

Жіктеу есімдіктерінің септелу жүйесінде мынадай белгілерді байқадық:

Септік атауы	I жақ	II жақ	III жақ
Атау	мән (А, Ә, Б)	сән, сиз (А, Ә, Б)	ол (А, Ә, Б)
Ілік	мәнің (А, Ә) мәниг(Б)	сәнің (А, Ә, Б)	аның (А, Ә, Б) анин (А)
Барыс	мәңга (А, Ә) мәңа (Ә, Б)	сәңга, сәңа (А, Ә) сеңа (Б)	аңга, аңғар (А, Ә) аңа (Ә, Б) аңар (Б)

Табыс	мени (А, Ә, Б)	сени (А, Ә, Б) сәни (А, Ә, Б)	оны (А, Ә) аны (А, Ә, Б)
Жатыс		сәнта (А) сәнда (Ә, Б)	
Шығыс	ментин (А, Ә) мендин (Б) манда (А, Ә, Б)		анда (А, Ә, Б) андин (А, Ә, Б)

Биз есімдігі біз зерттеп отырған ескерткіш тілінде жекеше формада да және басқа орта ғасыр ескерткіштеріндегідей көпше *-лар* қосымшасымен берілген түрі кездеспейді.

Белгілі бір жақты білдіру үшін жұмсалатын жіктеу есімдіктері қазіргі қазақ тілінде *мен, сен, сіз, ол, біз, сен, сендер, сіздер, олар* түрінде тұлғаланады. Ескерткіш тіліндегі бірінші жақ жекеше түрдегі *мен* есімдігі *мән* және *мен* түрінде беріледі.

Ескерткіштің үш нұсқасында есімдіктердің қолданылу жағдайы бірдей емес. Дегенмен, аздаған фонетикалық өзгерістер болмаса, айтарлықтай айырмашылық жоқ деуге болады. І жақтағы ілік септік формасы А, Ә нұсқаларында *мәниң*, Б нұсқасында *мәниг* болып қолданылады. Мысалы: 198-бәйіт. А. *Мәниң* тимишиң тәк өңгинлар өңги. Ә. *Мәниң* тимишиң нәң адынлар өңи. Б. *Мәниг* демишиң нәң ыдынлар өңи (Менің дегенің зат басқалар үлесі). Негізінде *мәниг* сөзі меншіктілікті білдіретін «менікі» деген ұғымды береді. Оны басқа бәйіттермен салыстыра отырып білуге болады. Мәселен, 284-бәйітте үш нұсқада да *мәниг/мәниг* сөзі *менікі* деген мағынада қолданылған: А. Улуғлуқ мәниг сиз алынмаң тети. Ә. Улуғлуқ мәниг сиз алынмаң тети. Б. Улуғлуғ мәниг сиз алынмаң деди (Ұлықтық *менікі*, сиз алма деді). 198-бәйітте *менің* дегеннің орнына *менікі* сөзін қолдансақ, мағынасы әлдеқайда түсінікті, байланысты болар еді. Бұл жерде көшірушілер тарапынан қателік кеткені байқалады.

Ілік септігінде ІІІ жақта барлық нұсқаға ортақ аның есімдігі қолданылады, тек А нұсқасында кей жерлерде *анин* есімдігі кездеседі: 120-бәйіт. А. *Анин* өз тили өз башыны йейүр (Оның өз тілі өз басын жер). Осы тұста айта кететін жайт, *анин* сөзі үш нұсқада да «*сондықтан*» деген мағынада қолданылады (мысалы 459, 455, 395, 238, т.б. бәйіттер). Бұл туралы Б. Сағындықұлы Ә, Б нұсқасының көшірмешілері ескерткіштің түпнұсқасындағы *анин* сөзінің мағынасын түсінбегендіктен, ілік септік тұлғасындағы *ол* есімдігіне айналдырып жіберген. Бірақ мұндай жағдайда алдыңғы бәйіттермен байланыстыра оқығанда автордың айтайын деген ойы түсініксіз болып қалады. Сол себепті дұрысы «Білімсіз не айтса ұқпай айтады. Сондықтан өз тілі өз басын жейді» болуы керек [6, 11 б.].

Барыс септігінде І жақта А нұсқасында тек *мәңга*, Б нұсқасында *мәңа*, ал Ә нұсқасында осы екеуі жарыса қолданылады. Мұндай сәйкестік өзге де сөз таптарында байқалады. Мысалы: *тоңга – тоңа, теңгиз – теңиз, сиңгип – сиңип, соңгита – соңыта, теңгезе – теңәса, аңга – аңа, муңга – муңа, сәңгә – сәңә, теңгети – теңәди* т.б. ІІ жақта *сәңга, сәңа* есімдіктері А және Ә нұсқаларында, *сеңа* есімдігі Б нұсқасында қолданылған. ІІІ жақ есімдігінің бірінші және екінші жаққа қарағанда дыбыстық өзгеріске түскен түрлері көбірек. Мысалы: 256-бәйіт: А. Қул ол малқа малы *аңга* ерклиг ол. Ә. Қул ол малқа малы *аңгар* ерклиг ол. Б. Қул ол малға малы *аңар* ерклиг ол (Құл ол малға малы оған ерікті ол); 398-бәйіт: А. Ким ол йолсуз ерса *аңгар* кеңрү йол. Ә. Ким ол йолсуз ерса *аңга* кеңрү йол. Б. Ким ол йолсуз ерса *аңа* кеңрү йол (Кім ол жолсыз болса оған кең даңғыл жол). Барыс септік жалғауының түпкітегі *-арун (-қарун)* формасы екенін ескерсек, есімдік құрамындағы *р* дыбысының қолданылу себебі түсінікті (*-қарун/-керун>-гарун/-герун; -гару/-герү>-гар/-гер>-га/-ге*). Ал бірінші, екінші, үшінші жақтағы есімдіктердің бірде *г* дыбысымен, енді бірде бұл дыбысты түсіріп қолдану себебін былай түсіндіруге болады: жалпы *ң* дыбысының өзі *нк, нг* дыбыс тіркестерінің әсерінен пайда болғаны белгілі. Кестеден көріп отырғанымыздай, *мән, сән* жіктеу есімдіктерінің соңындағы *н* дыбысы тек барыс септікте ғана өзгеріске ұшырайды. Яғни барыс септігінің *-га* жалғауы жалғанғанда тіл арты *г* дыбысы тіл алды *н* дыбысын өзіне ұқсатып тіл арты *ң*-ға айналдырады. Кейін бірте-бірте *г* дыбысы элизияға ұшырап, жойылып кеткен.

Табыс септік жалғауы үш жақта да *-ны/-ни* формасымен берілген. Кейір бәйіттерде *е-ә* дыбыс ерекшелігі байқалады. III жақта негізінен *аны* есімдігі қолданылады, А және Ә нұсқаларында оны түрінде де ұшырасады. Мысалы: 266-бәйіт. А. Айайын мән оны кулақ тут мәңга. Ә. Айайын мән оны кулақ тут мәңа. Б. Айайын мән аны кулақ тут мәңа (Айтайын мән оны құлақ тұт маған).

«Ғибат-ул хақайық» ескерткішінде бірінші және үшінші жақ жіктеу есімдіктері жатыс септік формасында кездеспейді. Тек үшінші жақтағы сен есімдігі бір ғана 175-бәйітте сәнта, сәнда болып қолданылады: А. Саһип *сәнта* разың сиңгип турмаса. Ә. Саһип *сәнда* разың сиңип турмаса Б. Саһип *сәнда* разың сиңип турмаса (Шырақ сенде сырың сіңіп турмаса). Ескерткіште *д – т* сәйкестігімен өзгеретін сөздер өте көп. Мысалы: *соңыта – соңыда* (181-бәйіт), *тарығлығта – тарығлықда* (192-бәйіт), *елиғларта – елиғларда* (251-бәйіт), *һунарда – һунарта* (362-бәйіт), *ажунда – ажунта* (364-бәйіт), *достта – достда* (382-бәйіт) және т.б.

Economy subframe with the Expenses slot; the Intensity slot, which characterizes the intensity and dynamism of the confrontation; the Reconciliation slot, diametrically opposite to the obligatory Hospitality subframe. Thus, due to the inclusion of Movement, Spheres, Intensity, Reconciliation components into the concept structure, the COLD WAR concept scenario has expanded compared to the basic scheme of this concept, which includes 7 structural components. Moreover, due to the influence of extra linguistic factors and the special nature of confrontation, the structure of such frame components as the Parties, Methods, Ideology, Danger subframes has become more complicated. At the second stage of the global conflict, the structure of the COLD WAR concept scenario expanded in comparison with the basic scheme of this concept and the concept model for the period from 1947 to 1953. Speaking about the obligatory components of the concept under study, it should be noted that the Parties subframe has become more complicated due to the expansion of the Places subframe due to the Berlin and Cuba slots and the appearance of the Neutrality and UN slots. The West subframe included a NATO slot. The Methods subframe Warfare slot evolved to a subframe and included Missiles, Nuclear Arms, Arms Race and Containment slots. The Absence of Warfare subframe of the Methods subframe has been enriched by the appearance in its structure of such components as the Language subframe, which includes the Accusations and Threats slots, and the Intelligence subframe with the Spying slot included in it. The Economic Measures subframe, presented at the previous stage as a slot, included the Veto, Embargo, Inflation and Blockade slots. The Mass Media slot has also been added to the structure

The list of used literature:

1. Karasik V.I. On the categories of linguoculturology / V. I. Karasik // Linguistic personality: problems of communicative activity: Collection of scientific works / VSPU. — Volgograd: Change, 2001.- pp. 3-16.
2. Budaev E.V. Metaphor in political communication: Monograph / E. V. Budaev, A. P. Chudinov. M.: Flint: Nauka. 2008.
3. Bazhanov E.P. "Cold War": strategy of superpowers. [Historical background of the Cold War between the USSR and the USA]. // Diplomatic Yearbook, 1997 (in Russian)
4. Leffler M.P., Westad O.A. (2010). The Cambridge history of the Cold War: Volume 1, Origins. Cambridge University Press.

Мамекова С.К.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің аға оқытушысы

Калыбаева А.С.

Түлкібас агробизнес және саяхат колледжінің оқытушысы

Шымкент, Қазақстан

ПАТРИОТИЗМ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ СИМВОЛЫ

Мен – қазақпын мың өліп, мың тірілген.

Жөргегімде таныстым мұң тілімен

Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Ж.Молдағалиев

Мен – қазақ елінің елін сүйетін, патриот азаматының бірімін. Мен үшін ең қымбат асыл қазына, баға жетпес байлық – ол менің туған елім, туған жерім, туған топырағым, тәуелсіз қазақ елі! Біз бүгінгі тәуелсіз Қазақстан елінде өмір сүріп отырған бақытты ұрпақпыз. Біздің ұйқымыз тыныш, қарнымыз тоқ, бейбіт елдің таңында оянып, алаңсыз тіршілік етеміз, болашаққа жоспар құрып, асқақ армандарға ұмтыламыз. Осындай бейбіт өмірді қаншама ғасырлар, қаншама жылдар бойы ата-бабаларымыз аңсап кеткен, қаншама қан мен тер төгіліп, талай боздақтар құрбан болған. Яғни біз куәсі болып отырған, бізге көру бақыты бұйырған Тәуелсіздік – бабалар аманаты, оны көздің қарашығындай қорғау – бізге артылған міндет.

Патриотизм, ұлтжандылық, отанды сүю - сүйіспеншілік, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігіне, халқының мүддесіне жұмсау деген ұғымдармен ұштасады.

Отан деген — еліне деген сүйіспеншілік, өзінің бар болмысынды елінің мүддесіне арнап, бойындағы қабілет пен күш-қуатты, білім мен білікті, ақыл-парасатты ел игілігіне жұмсау патриотизмның басты ерекшелігі деп есептеймін.

Ал қазақ халқының патриотизмі, қазақстандық патриотизм туралы сөз қозғағанда, сан ғасырлардан бері ата- бабаларымыздың аманат етіп келген жерді қорғау, туған жерді сүю, сонымен қатар адамгершілік, саяси белсенділік, Отанның өткені мен бүгінгісін мақтан тұту, Отанға қызмет ету және оны қорғау сияқты қасиеттерді жатқыза аламыз.

Елжандылық, отансүйгіштік қасиетті сақтай білу және ел, халық, мемлекет мүддесі үшін қызмет етіп, оның дамуына үлес қосу — әрбір иісі қазақтың, Қазақстан азаматтарының басты парызы деп қабылдауымыз қажет.

Қазақстан тарихында көз жүгіртер болсақ, патриотизм ұғымын зерттеумен айналысып жүрген ғалым ағамыз Ә.Қалмырзаев:

«Патриотизм, отаншылдық сезім априорлық құбылыс емес, ананың құрсағынан даритын биологиялық құбылыс емес, бұл психологиялық саяси-әлеуметтік құбылыс». Яғни ғалым ағамыздың пікірі бойынша, патриоттық сезім адамның дүнге келгеннен бойында болмайды, ол адамның өмір сүруі барысында белгілі бір әлеуметтік, саяси, тарихи ортада ұзақ жылдар бойында қалыптасатын құбылыс. Өйткені елді, Отанды сүюді ешқашан да, ешуақытта да біреуге мәжбүрлеп сезіндіруге болмайды, тек саналы түрде, тәрбие арқылы, біртіндеп дарыта аламыз. Ағамыздың бұл пікірі тура айтылған, Отан сүюдің түп негізін айқындап берген пікір деп есептеймін.

Патриотизм әр азаматтың санасына экономикалық, әлеуметтік-саяси, мінез-құлық, эстетикалық және басқа да құндылықтарды дарыта отырып, оларды Отанның бүгінгі мен ертеңі үшін аянбай қызмет етуге баулуға бағытталған. Әрбір азамат бойына игерген әлеуметтік және ұлттық құндылықтар рухани табандылықтың, ерлік пен батырлықтың қайнар көзі, қажет болған жағдайда Отан алдындағы борышын риясыз атқаруға жетелей алатын рухани күш екендігі даусыз. Осы орайда патриотизм идеяларын санамызға сіңіріп, терең түсіне білгенде, саналы түрде өміріміздің рухани қажеттілігіне айналдыра білгенде ғана нағыз патриот азамат болып қалыптаса аламыз.

«Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, біздің өзіміз де, біздің бабаларымыз да осы жерді мекен етеді. Егер біз өзіміздің елімізді, өзіміздің өмірімізді сынауды білер болсақ, осы жасампаздықпен жаңғыртып, бой көрсеткен әрбір тал шыбықты мәпелеп өсіріп отырмасақ, онда біз өзімізді нағыз патриот деп санай алмас едік», — деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев мемлекетіміздің келешек тұтқасын ұстайтын жас ұрпақты осы кезден Отанына, атамекеніне шын берілген, патриоттық рухта тәрбиелеу қазіргі маңызды борышымыз екендігін атап көрсетті.

Жұдырықтай жүрегі елім деп соғатын, бойында қазақтың қаны ойнаған, «Жаным арымның садағасы» деп санайтын әрбір азамат еліміздің тәуелсіздігін сақтау жолында қолынан келгеннің де, келмегеннің де бәрін жасауға дайын тұруы керек.

Қазақ халқына Тәуелсіздік оңай жолмен беріле салған сый емес. Қазақтың еркіндігі мен бостандығы жолында бастарын бәйгеге тіккен, жандары мен қандарын құрбан еткен ата-бабаларымыздың есімдерін мәңгі жадымызда сақтап, өткен тарихымызды дәріптей білсек, олардың сол қаһарлы күндердегі қайсар ерліктерін үлгі-өнеге ете білсек, құрметтей білсек, біз еліміздің болашағы үшін теңізге тамған тамшыдай болса да үлесімізді қосқанымыз деп есептеймін. Өткен уақыттарда елін, жерін найзамен қаруланып, білектің күшімен қорғаған болса, қазіргі тәуелсіз елдің ұландары өз елімізді біліммен қаруланып, ақылдың күшімен қорғауымыз керек. Елінің тыныштығын, амандығын сақтау үшін ата-бабаларымызға күні-түні ұйықтамай, күресуге тура келді, оларға күш пен қару қажет болды. Ал бүгінгі күнде, қазіргі ұрпаққа тәуелсіздігімізді сақтап, елімізді көркейту жолында күш пен қаруға сүйену қажет емес, білім мен ғылымды игеріп, ақылға сүйенуіміз қажет.

Қазір біз өмір сүретін ХХІ ғасыр ғылым мен техниканың, ақпараттың дамыған ғасыры. Біз өз елімізді әлемнің кез келген елімен тең тұратын дамыған, көркейген ел ретінде көріп, мақтан етуіміз үшін тек елімді сүйемін деу жеткіліксіз. Отанын сүю, отаны үшін отқа түсу – әрбір азаматқа атаның қанымен, ананың сүтімен берілетін керемет сезім. Қай заманда болсын, қандай қоғамда болмасын, қай елде болмасын, елдің қарқындап дамуында, өркендеп өсуінде қомақты үлесті жастарға берген. Кез келген елдің болашағы ол жастардың қолында екені даусыз.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.

Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға.

Алаш атын аспанға

Шығарар олар бір таңда,

Мен жастарға сенемін! – деп, қазақтың арыс ақыны М.Жұмабаев атамыз өзінің «Мен жастарға сенемін» өлеңінде қазақ жастарынан үлкен үміт күтіп, жастардың ертеңгі күнгі болашағына сенім артты, осы сенімде ақтау бүгінгі жастар, бізге сын.

Мен – көзінде жалындаған жалыны бар, бойында ата-бабамның қаны ойнаған, жұдырықтай жүрегім қазақ деп соғатын, елім дегенде етігіммен су кешуге дайын тұрған бүгінгі күннің патриот азаматымын. Еліме қызмет ету үшін, елімнің өркендеуіне үлесімді қосу үшін, мен ең алдымен бойыма қазақи тәрбиені, ата-анамның бар рухани құндылықтарды сіңіріп алуым керек.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берген білім адамзаттың қас жауы» - деген қазақтың данышпан ғалымы Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздан қалған ұлағатты сөз бар. Отбасындағы тәрбиені бойымызға дарытып, рухани құндылықтарға бай болмасақ, онда елін сүйетін, елін қорғайтын, патриот азамат болып қалыптасуымыз мүмкін емес. Одан кейін барып, білім алып, ғылымды меңгеріп, кәсіп үйреніп, білікті маман болуға ұмтыламыз. Алған білімінді, үйренген кәсібінді адамзаттың игілігіне жұмсай алсаң, халқың үшін пайдалы іске жұмсасаң, міне, сонда нағыз азамат болып қалыптаса аласың. Өз кәсібіңнің мықты маманы болу да еліне жасаған қызметің, еліңнің дамуы жолындағы қосқан үлесің деп есептеймін. Елім үшін пайдалы іс жасай алсам, еліме кішкентай ғана болса да пайдам тиетін болса, менен асқа бақытты жан жоқ деп санар едім. Сол себепті, менің әрбір атқан күнім, әр төккен терім, әр басқан қадамым елім, Отаным үшін десем, артық айтқан болмас едім.

Мен өз Отанымды сүйемін! Отаным мен үшін барым да, байлығым да, арым да, жаным да. Отанымның тыныштығы, бақыты, мәңгілігі жолында арым да, жаным да құрбан!

Қолданылған әдебиеттер:

1. Tarihi tұлғalar. Тоғysbaeva B., Sujikova A., Almaty-2009 жыл.
2. Шоқ жұлдыз. Baimūqanova B. Өлеңдер. Oral-2002 жыл
3. Qazaqstan ұлттық ensiklopediasy. 5-т. Almaty-1998 жыл
4. <https://stud.kz/>
5. <https://e-history.kz/kz/news/>

Suyuberdieva A.A.

candidate of pedagogical sciences,
senior lecturer, M. Auezov South Kazakhstan University

Mamekova S.K.

master of pedagogical sciences,
senior lecturer, M. Auezov South Kazakhstan University

EXTRALINGUISTIC ASPECTS OF LATIN LANGUAGE IMPACT ON ENGLISH AND ITS TERMINOLOGY

Borrowing is a process caused by a whole complex of linguistic and extra linguistic aspects. Let's analyze the subtleties of improving the English literary language, in which Latin plays an essential role, which is explained by the history of England and the English language. The entry of Latinisms into the English language was indicated in the early period of its history, starting from the VI century. In the written Old English language, the Latin alphabet was used. In the era of the Great Migration of the People, the Anglo-Saxons and the Romans conducted trade relations, which also favored the Romanization of the English language. During this period, the following borrowings are emphasized: arc guard "yard" (n.a. yard) < lat. hortus, art. wall "wall" (n.a. wall) < lat. vallum, ark.zvezda "road" (n.a. street) < lat. arc layer. cycen "kitchen" (n.a. kitchen) < apartment. seashell, stamps. soap "mill" (n.a. mill) < latinmollom, etc.

Since the seventh century, as a result of the invasion of Christianity in England, Latin was introduced as a church language, and therefore most of the borrowings are church terms: arc. májister "teacher" (n.a. master) < latin magister, arc. mcesse "mass" (n. a. mass) < lat. missa, arc. scrifan "to prescribe" (n, - a. shrive "to confess") < lat. scribere et al. [1]. Finally, the multiplication of the English vocabulary with all kinds of Latin borrowings happened in the Renaissance (XIV - XVI centuries), when various sciences acquired their unrestrained formation, and interest in classical and translated literature increased. Latin, which had hitherto been considered the language of the church, became at that time the international language of the new secular science; thus, the problem of the formation of terms for new concepts in different sciences was solved. A lot of words that had previously acquired a bookish character have entered everyday living speech. Borrowed lexemes were represented not only by nouns, but also by other parts of speech: verbs - English locate "to place" < lat. loco, eng. separate "divide" < lat. separo, eng. irritate "irritate" < lat. irrito, eng. affect "affect" < lat. officio, eng. correct "correct" < lat. corrigo, eng. collapse "collapse" < lat. collaboration, eng. include "include" < lat. includo, eng. admit "allow" < lat. admit to, eng. permit "allow" < lat. permitió, as well as adjectives - English evidence "obvious" < lat. evidens, eng. obedient "obedient" < lat. oboediens, English patient "patient" < lat. patiens, English senior "senior" < lat. senior and many others.

Greek and Latin are recognized as "not national, but probably cosmopolitan languages, uniting diverse and multilingual state formations of the ancient era and the Roman Empire" [2]. It is often mentioned that "the book Latin language was a solid tracing paper from Greek when restoring the mostly specific sound of the dictionary with many, however, Greek inclusions". But in Europe, Latin was destined to become the language of science. This is explained by a number of prerequisites:

- 1) unlike other languages of that time, Latin was a language that had reached a high milestone in its improvement;
- 2) in the Middle Ages, Latin already functioned as an international language, but with limited regulations: it was considered a "tool" of clerical writing, within which science also developed;
- 3) during the Renaissance, the Latin language mixed ancient, philosophical, humanistic and folk attributes, which greatly expanded its vocabulary, "combining all the elements of the spiritual life of Europe".

Terms of Latin origin prevail in any science [3], they play a major role, which is associated with the requirements of formation and its place in the branch of scientific knowledge as a whole.

The terminological vocabulary of the Latin language has been largely enriched by Greek terms, therefore, in such sections of medical science as nosology and pharmacy (they were the ones that made up ancient medicine), an abundance of Grecisms (terms borrowed from the Greek language) is found. There are several reasons for this:

- 1) ancient Roman medicine in its perfection was based on the Greek medical heritage, the medicine of Hippocrates and the Alexandrians;
- 2) the Greek language was called upon to fill in the shortcomings in the Latin medical nomenclature, since Latin was poor in medical designations (the names of ailments, famous from time immemorial and existing in Greek form, were given by Greek physicians and were heard by the Romans from Greek doctors who used in Rome);
- 3) Greek designations were used along with Latin terms; the latter turned out to be too general and did not contribute to the distinct individualization of diseases (in this case, the Greek words became the source of synonymy in Latin).

It should be noted that, in addition to historical factors that influenced the addition of terminology by Latinisms and neo-Latinisms, there are also ethical factors. The desire for euphemism also leads to the need to use borrowings in the language system.

The study of extra linguistic factors affecting the English language allows us to conclude that the vocabulary, including the terminology of national languages, was significantly improved by borrowing words from Latin due to the peculiar living conditions of the peoples of Europe, such as the long possession of Britain by the Romans (for almost four centuries) and the heyday of classical philology in the Renaissance, which became a prerequisite for the mass development of the works of Latin authors. At the same time, the extensive use of Latin as an international language of science has played a greater role in English than, for example, in German and, especially, in Russian. Thanks to this, the Latin language has generated and linguistically consolidated the historical course of improvement of the studied branch. Latin served not only as a means of replenishing the language of medicine, but also as an intermediary language through which Greek components entered all European languages. The choice of Latin as the intermediary language in the scientific world depends on the interrelation of not only extra linguistic, but also linguistic factors.

Even though the analysis was only carried out among 182 borrowings, if we add the total results of each category, the resulting number is higher. This has to do with the fact that some of the borrowings selected were categorised within more than one category in the same entry. Therefore, we find borrowings that were introduced as nouns and adjectives, such as *ubiquitary* (OED s.v. *ubiquitary* n. and adj.), or adjectives and nouns, like *habitual* (OED s.v. *habitual* adj. and n.); adverbs, nouns and adjectives, like *magna cum laude* (OED s.v. *magna cum laude* adv. (n. and adj.)); and interjections and nouns, as in the case of *Q.E.D.* (OED s.v. *Q.E.D.* interj. and n.1). As expected after considering the theoretical introduction, the three most common categories that borrowed from Latin are nouns, adjectives and verbs. Nevertheless, the category of nouns prevails over the others, since the number of words that belong to this category doubles the number of adjectives in the list compiled for this study. Moreover, verbs represent a very small part of the analyzed lexemes, since only twelve of the 182 selected words belonged to this category of words. As for the other categories, the number of words belonging to them is small, so we can verify that borrowings were not so common in these parts of speech. Here it is important to indicate the fact that the number of words belonging to each of the categories remains stable throughout the study period, thus, the conclusions emphasized earlier can be equally applied to different centuries, with the exception of the absence of verbs in the eighteenth century.

After having considered the different parts of speech, I will provide now some examples of the words analyzed for the purpose of this study. The sixteenth century was the moment of nouns like *aback*, *barkary*, *cadaver*, *fabular*, *habition*, *jacture*, *napellus* and *obduction*; adjectives such as *ebullient*, *macerate*, *narratory*, *obcaecate*, *pacificatory* and *rabid*; and verbs like *fabricate*, *labefact* and *macerate*. 34 nouns, 14 adjectives and 3 verbs out of the 122 nouns, 58 adjectives and 12 verbs analysed in this study were borrowed in this century. Only one of the words selected from this

century belongs to the category of adverbs, which is the adverbial phrase *abaeterno*. It is interesting to see that we can even find the borrowing of a Latin combining form in this century. The combining form mentioned is *zenzi-*, which was borrowed from post-classical Latin *zensi-*. This combining form was used in the sixteenth and seventeenth century, mainly in adaptations of Latin words carrying a mathematical meaning (OED s.v. *zenzi-* comb. form).

The list of used literature:

1. Ilyish B.A. History of the English language: a textbook for higher ped. Educational institutions. M.; 1958.
2. Zhirmunsky V.M. National language and social dialects: L.; 1936.
3. Superanskaya A., Podolskaya N., Vasilyeva N. General terminology. Questions of theory M., 2

Жұбай О.

филология ғылымының докторы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-дың профессор м.а.

Аширова А.Т.

филология ғылымының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-дың аға оқытушысы

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДЫБЫСТАР ТІРКЕСІМІ ЖӘНЕ КІРМЕ СӨЗДЕРДІ ИГЕРУДЕГІ ҰСТАНЫМДАР

Бүгінгі таңда термин сөздерді таңбалау мәселесі өзекті болып отыр. Бұл мәселе ХХ ғасырдың басында да жиі сөз болып, түрлі талас тудырған еді. осы орайда ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектерін, тілтанымдық мұрасын әрдайым назарда ұстауымыз керек. Әсіресе шеттен енген термин сөздерді қазақ тілінің заңдылықтарына бейімдеуде А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Е. Омаров, Қ. Кемеңгерұлы сынды терминолог ғалымдардың ұстанымдарын басшылыққа алу қажет. Шеттілдік термин сөздерді қазақ тіліне бейімдеген кезде А. Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың еңбектерінің негізінде қазақ тіліндегі нормаларды нақтылап алып, сол принциптерге бағындыру қажет. ХХ ғасырдың басында сөздердің өн бойында сингармонизм заңдылықтары сақталып, *комиссариат – кемесерет, тема – теме, курсант – күрсент, губерния – гүбірне, конференция – кәнперенсе, лекция – лексіе* түрінде жазылған. Қазақ тіліне кірген жат сөздерді мүмкіндігінше сол заңға келтіріп жазу керек, сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін бірыңғай жіңішке не жуан түрінде алу керек.

«Шет сөздердің імләсі жайында» атты мақаласында Телжан Шонанов: «Жат сөздер халық айтуына жеңіл, құлағына жағымды, түсінігіне үйлесімді, қат тануына оңтайлы болуы үшін, жат тіл імләсін тіліміздің заңына үйлестіруіміз керек. Осы күні бір жат сөз әр түрлі құбылып жазылады. Мысалы: *камисериет, камисерет, камөнес*, т.т. Мұнан қалың бұқараның қат тануына, шет сөздерді түсінуіне зиян көп, тіліміз заңына келмеген соң қалық тілі күрмеліп айта алмайды, сондықтан шет сөздер белгілі ережемен жазылсын... Шет сөзді дыбыс негізіне тіліміздің заңына сүйеніп жазу үшін тілімізге қалық арқылы кірген араб, парсы жана ескіден кірген орыс сөздері дерек болсын. Бұл күнгі газет-журналдар қалықтың шет тілге тілі қалай келуімен санаспаған. Сондықтан бұлар өзгертіп алған сөздер імлә жасауға дерек бола алмайды. Тілдің неге келмеуі әр тілде әр түрлі дыбыс жолы (артикуляционная база) болуынан. Қалық өзінің дыбыс жолына үйлестіріп, тілін келтіріп шет сөз алады. Тілі келмейтін газеттегі шет сөзден халыққа зияннан басқа пайда жоқ: қат танып, тілін ұстартуға бөгет», - деп жазған еді [1].

А. Байтұрсынұлы, Е. Омаров, Қ. Кемеңгерұлы, Т. Шонанов еңбектерінде қазақ тілінде б, г, ғ, д дыбыстарына буын аяқталмайтын туралы айтылады. А. Байтұрсынұлы д, ғ, г дыбыстарын сөз соңында келмеуіне, жалғау-жұрнақтардың ешбір түрімен де үйлесе алмауына байланысты *ымырасыз* деп атап, өз алдына жіктеген [2].

Қазақ тілінде сөз б, г, ғ, д дыбыстарына бітпейтіндіктен, шеттен енген, осы дыбыстарға біткен сөздерді қазақ тілінің заңдылығына бағындыру керек. Ол туралы Қазақ білімпаздарының I съезінде Елдес Омаров та айтқан болатын [3]. Қазақ тілінің жиілік сөздігіне сүйенер болсақ, шет тілден енген мұндай сөз өте көп:

- аб дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*араб, архесиллаб, мазһаб, масиһаб, штаб, хиджаб*);
- об дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*гардероб, гидрофоб, микроб*);
- уб дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*автоклуб, аэроклуб, бизнес-клуб, интернет-клуб, клуб, куб, мотоклуб, спорт-клуб, фитнесклуб*);
- аг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*аниһаг, архипелаг, бактериофаг, детритофаг, рейхстаг, рычаг*);
- орг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*комсорг*);
- ург дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*драматург, жазушы-драматург, кардиохирург, кинодраматург, металлург, нейрохирург, хирург*);
- фаг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*ксилофаг, макрофаг, олигофаг, сапрофаг, саркофаг, энтомофаг*);
- яг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*варяг*);
- ог дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*ағартушы-педагог, ақушер-гинеколог, аналог, антрополог, археолог, астролог, бактериолог, барлаушы-геолог, биолог, бульдог, геолог, герцог, гидролог, гинеколог, гляциолог, косметолог, маркетинг, метеоролог, минеролог, мифолог, т.с.с.*);
- ад дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*бал-маскарад, жад, жиһад, лимонад, мармелад, рафинад, шоколад, т.с.с.*);
- айд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*слайд*);
- ард дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*авангард, гепард, электркард*);
- ед дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*швед*);
- ейд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*рейд*);
- еид дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*нуклеопротеид, протеид, хромопротеид*);
- фуд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*фаст-фуд*);
- юд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*фотоэтюд*);
- ярд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*бильярд*);
- ард дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*стюард*);
- яд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*наряд*);
- ряд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*авиаотряд, отряд, разряд, снаряд*);
- ид дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*альдегид, антимонид, геноцид, гербицид, гибрид, диоксид, оксид, пластид, полигибрид, силицид, суицид, т.с.с.*);
- од дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*анод, бутерброд, взвод, диод, йод, катод, метод, электрод, эпизод, т.с.с.*);
- оид дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*астероид, гаплоид, дифтонгоид, коллоид, органоид, т.с.с.*);
- орд дыбыс тіркесіміне біткен сөздердегі (*аккорд, билборд, рекорд, сканворд, скейтборд, сноуборд*) [4].

Келтірілген атаулардың бәрінде де б, г, д дыбыстарының орнына п, к, т әріптерін жазу керек. Себебі бұл сөздер ұяң дауыссыздарға біткенмен, оларға қосымша ұяң дыбыстан бастап жалғана алмайды, қатаң дыбыстан басталады: *арабқа, архесиллабты, мазһабта, масиһабпен, штабтан, хиджабты, т.с.с.*

Сөз тұлғасын қосымша жалғау арқылы тексеру әдісі – А. Байтұрсынұлы бастаған ғалымдардың негізгі ұстанымдарының бірі. Бұл әдіс осы уақытқа дейін көп еленбегенмен, орфографиялық сөздіктерде, анықтағыштарда [5] ұяң дыбыстарға біткен сөздерге жалғанатын қосымшалардың қатаң дыбыспен басталатыны туралы айтылған. Күнделікті

қолданысымызда да қатаң дыбыстан ғана бастаймыз. Соңғы ұяң дыбыстарды қазақ қатаң түрде ғана дыбыстай алады. Араб тілінен енген *кітап* сөзі **б** әрпіне біткен. Алайда қазақ тілінде ол сөздің соңында қатаң дыбыс (п) таңбаланып жүр. Одан қазақ тілінің заңдылығы бұзылып тұрған жоқ. Қажым Басымұлы еңбектерінде *араб* сөзі *арап* түрінде таңбаланған. Ахмет Мамытұлы еңбектерінде *микроб* сөзі *мйікірәп* түрінде берілген. Қазіргі кезде *араб*, *микроб* түрінде сөздің соңына б әрпін жазуымыз қазақ тілінің заңдылықтарына қайшы. Сол себепті тіліміздің заңдылықтарына сәйкес б, г, д дыбыстарына біткен сөздерде сөздің соңына п, к, т әріптерін жазу керек. Осыған байланысты енд (*бренд*, *дивиденд*, *стенд*, *тренд*, *фотостенд*), онд (*алюкобонд*, *генофонд*, *евробонд*), унд (*карборунд*) дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздердің соңын да нт түрінде жазу керек.

Қазақ тілінде дыбыстардың тіркесуінде заңдылық бар:

- Екі дауысты дыбыс қатар келмеуі керек. Алайда қазіргі қолданыста бұл заңдылыққа қайшы келетін сөздер көп: *аорта* (биол.), *аортат* (мед.), *бақаот* (өс.), *баобаб*, *батаоқыр* (кәде), *батаоқырлық*, *какао*, *қараот* (өс.), *қараөзек*, *қараөкпе* (мал ауруы), *қараөлең* (өс.), *қараөрік*, *мегаоралым*, *траектория* (эск.), *автоағаштасығыш*, *автоалаң*, *автоара*, *автоаспа*, *автоаударғыш*, *автоаялдама*, *антикоагулянт* (мед.), *аэроалаң*, *аэроәдіс*, *аэротозаңдандырғыш*, *аэротүсіру*, *аэрофлот*, *аэрофотоаппарат*, *биоайналым* (экол.), *биоакустика* (биол.), *биоәдіс* (биол.), *биоәлеуметтік*, *биоәртүрлілік*, *биоәртүрлілігі*, *геоақпарат*, *геобиосфера*, *геоботаника*, *геоботаникалық*, *геогигиена*, *географ*, *география*, *гидроавиация*, *гидроавтомат*, *гидроагрегат*, *гидроайырғыш*, *гидроакустика*, *гидроакустикалық*, т.с.с. Байқап отырғанымыздай, екі дауысты қатар келген кірме сөздер ғана емес, төл сөздер де көп [6].

- Сөз басында екі дауыссыз қатар келмеуі керек. Бүгінгі қолданыста қазақ тілінің бұл ерекшелігі де сақталмаған: *басс* (спорт), *браунинг*, *брахман*, *брезент*, *брейкер*, *бригада*, *бригадалық*, *бригадир*, *бридж*, *брикет*, *брикеттеу*, *брифинг*, *бройлер*, *брокер*, *брокерлік*, *бром*, *бромдалу*, *бромды*, *бромид*, *брон*, *бронх*, *бронхит*, *брошюра*, *брутто*, *бруцеллез*, *драйвер*, *драма*, *драматизм*, *драматург*, *дренаж*, *клапан*, *кларен* (кен.), *классик*, *классикалық*, *классификатор*, *классицизм*, *кластер*, *клаузула*, *клеймс* (экон.), *клейстер*, *клизма*, *климакс* (мед.), *климат*, *клуб*, *клубба*, *князь*, *кран*, *крахмал*, *крематорий*, *кремний*, *креп* (мата), *крепдешин*, *креп-шифон*, *крест*, *кристалдану*, *плазма*, *плазмолемма* (биол.), *плакат*, *планетарий*, *планиметр* (мат.), *планишет*, *пласт* (геол.), *платина*, *платформа*, *плаунтектес*, *плацкарт*, *плац*, *плеврит*, *плеврококк*, *пленум*, *пневматика*, *пневматолиз* (хим.), *пневмоавтоматика*, *пневмококк* (мед.), *пневмоколиз*, *пневмония*, *спектакль*, *спектр*, *спектрогелиоскоп*, *спектрометр*, *спектроскоп*, *спидометр*, *спиннинг*, *спираль*, *спирт*, *спонтанды*, *спортзал*, *стақан*, *станок*, *стансы*, *старшын* (көне), *статист*, *статистке*, *статоскоп*, *стеарин*, *стенд*, *стенографист*, *стереометр*, *стереоскоп*, *стильдік*, *стоматолог*, *стоп-кран*, *стратег*, *стратегия*, *стратонавт*, *стрептококк*, *студент*, *сканер*, *сканерлеу*, *скетч*, *склерометр*, *скоч*, *славян*, *славянтану* (терм.), *слайд*, *слесарь*, *смета*, т.с.с. [6].

1926 жылы жарық көрген «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» мен 1931 жылы жарық көрген «Атаулар сөздігінде» сөз басында екі дауыссыз қатар келген атауларды таңбалауда протеза, эпентеза құбылыстарын ескергенін көреміз: *наблюдательная станция* – *бақылау ыстанса*; *станция* – (*бекет*) *ыстанса*; *телефонная станция* – *телефон стансасы*, т.б. [7]; *гидроэлектрические станции* – *су электір ыстансасы*; *гусеничный трактор* – *жылан бауыр тірәктір*; *машино-тракторная станция* – *мәшине тірәктір ыстансасы*; *станок* – *ыстанок*; *станция* – *ыстанса*; *субстанция* – *субыстанса*, т.б. [8].

Академик Р. Сыздық «Қазақ тілінің анықтағышы» атты еңбегінде: «Қазақтың төл сөздері мен араб, парсы тілдерінен енген сөздер еш уақытта екі дауыссыз дыбыстан басталмайды. Ол екі дауыссыз дыбыстың не алдында (сөз басында), не ортасында ы, і дауыстыларының бірі қатысып айтылады. Бұл фонетикалық заңдылыққа жалпы есімдер де, жалқы есімдер де (соның ішінде кісі аттары да) бағынады. Сондықтан соңғы жылдары кітап, газет-журнал беттерінде орын теуіп бара жатқан *Рза*, *Сматай*, *Сланов*, *Рсалды*, *Смайыл*, *Сқақ*

сияқты жазулар мүлде қате. Бұл есімдер қазақша жазғанда *Ырза*(немесе *Риза*), *Сыматай*, *Сылан(ов)*, *Ырысалды* (немесе *Ырсалды*), *Ысмайыл* (немесе *Сымайыл*), *Ысқақ* түрінде таңбалануы керек», - дейді [5, 18-б.]. Ғалымның бұл тұжырымынан қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін тап басып, тани білгенін аңғарамыз.

- Қазақ тілінде сөздің соңында үнді мен қатаң дыбыстардың тіркесі ғана (*қарт*, *ант*, *салт*, *сарт*, *шарт*, *қаңқ*, *саңқ*, *кент*, *серт* жәнет.с.с.) келеді. Мұндай дыбыстық тіркестерді Қ. Кемеңгерұлы «дауыссыз дифтонг» деп атаған еді [9]. Үнді және қатаң дауыссыздар тіркесіне (нк, лк, мп, лт, лыт, нс, рс, рт, рш, нт, рм, фр, т.б.) біткен сөздерге қосымша *ы*, *і* дәнекерінсіз, буын үндестігі бойынша жалғанады: *финанс+қа*, *финанс+ы*, *аванс+ы* (*авансысы* емес), *цемент+ке*, *цемент+ті*, *фермент+тік*, *цифр+ға*, *цифр+ы* (*цифрысы* емес); *хлороформ+ға*, *хлороформ+нан*, *хлороформ+ы*, *фунт+қа*, *фунт+ы*, *формант+тар*, *формант+ы*, *банк+ке*, *автопарк+тен*, *пульт+ке*, т.с.с. Себебі сөз соңындағы үнді мен қатаң дыбыстардың тіркесі қазақ тіліне жат емес.

- Екі қатаң дауыссызға біткен сөздерді таңбалаудың өзіндік ұстанымдары бар:

- а) *сс*, *лл*, *тт*, *пп*, *ст*, *кст*, *сть*, *зд*, *кк*, *вт* дыбыстарына біткен есім сөздердің соңғы әріптері түсіріліп жазылуы керек: *турист* емес, *турис*, *фантаст* емес, *фантас*, *грамм* емес, *грам*, т.с.с. *А. Байтұрсынұлы*, *Е. Омаров*, т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде термин сөздердің тұлғасын қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес дұрыс жазуда қосымша жалғап тексеру әдісі қолданылған. Ол әдісті қазіргі кезде де пайдалануға болады. *сс*, *лл*, *тт*, *пп*, *ст*, *кст*, *сть*, *зд*, *кк*, *вт* дыбыстарына біткен есім сөздерге қосымша жалғанғанда да соңғы әріптері түсіп қалады: *кросс* – *кросқа*, *кросы*, *класс* – *класқа*, *клартар*, *класы*, *металл* – *металды*, *металы*, *грамм* – *грамға*, *грамдық*, *грамы*, *киловатт* – *киловатта*, *грипп* – *грипі*, *съезд* – *съезге*, *съезі*, *ведомость* – *ведомосқа*, *фармацевт* – *фармацевке*, сондай-ақ *трест* – *треске*, *тресі*; *турист* – *туриске*, *турисі*; *утопист* – *утописке*, *утописі*; *фантаст* – *фантасқа*, *фантасы*; *фонетист* – *фонетиске*, *фонетисі*; *форпост* – *форпосқа*, *форпосы*; *футурист* – *футуриске*, *футурисі*; *чекист* – *чекиске*, *чекисі*; *экономист* – *экономиске*, *экономисі*; *юрист* – *юриске*, *юрисі*, т.с.с. Соған байланысты бұл сөздердің түбірін жалғыз дауыссызбен беруге болады. Яғни *съезд*, *подъезд*, *разъезд*, т.с.с. сөздердегі *д* әрпін түсіріп жазу керек. Қазіргі кезде *поезд* сөзі *пойыз* түрінде жазылып жүр (XX ғасырдың басында да солай жазылған).

- Шеттен енген сөздің ішінде бір дауыссыз қайталанып келген жағдайда да олардың бірін қысқартуға болады. Бүгінгі қолданыста ондай сөздер де көп: *габбро* (геол.), *габбро-амфиболит*, *габбро-диабаз* (геол.), *габброидтену*, *габбролық*, *габбро-пегматит* (геол.), *габбро-порфирит* (геол.), *андеррайтер* (экон.), *артиллерия*, *артиллериялық*, *апперцепция* (пед.), *апликаата* (мат.), *апликация*, *асимметрия*, *ватт-метр*, *ватт-сағат*, *атолл* (геогр.), *менингококк*, *плеврококк*, *полиметалл*, *стрептококк*, *ватт*, *ватт-метр*, *ватт-сағат*, *ватт-секунд*, *гектоватт*, *гектоватт-сағат*, *киловатт*, *киловатт-сағат*, *киловольт*, *кинобюллетень*, *хетт*, *хлорофилл* (бот.), *грамм*, *грамматика* (лингв.), *грамм-атом*, *граммема* (лингв.), *грамм-моль* (хим.), *граммофон*, *грамм-эквивалент* (хим.), *гроссмейстер* (спорт), *дециграмм*, *параллелепипед*, *параллелограмм*, *параллель*, *параллельдік*, *параллелизм*, т.т. [6];

- ә) *ск*, *кт*, *фт* дыбыстарына біткен сөздердің соңына *ы*, *і* дәнекер дыбыстарын қосылып жазылуы керек. Себебі ол сөздерге қосымша *ы*, *і* дәнекер дыбыстары (әріптері) арқылы жалғанады: *объект+і+ге*, *объект+і+сі*, *киоск+і+ге*, *киоск+і+сі*, *киоск+і+лер*, *Омск+і+ден*, *Омск+і+ге*, *лифт+і+мен*, *факт+і+сі*, *факт+і+лер*, *рецепт+і+нің*, *рецепт+ті+ге*, *манускрипт+і+ге*, *моллюск+і+ге*, *накт+і+ні*, *такт+і+ні*, *тракт+і+ге*, *факт+і+сі*, *перфект+і+ні*, *интеллект+і+ге*, *инстинкт+і+ні*, *рецепт+і+ге*, *эвкалипт+і+нің*, т.с.с. Орфографиялық сөздікте *акцепт*, *акцептіге*, *акцептісі*; *манускрипт*, *манускриптіге*, *манускриптісі*; *рецепт*, *рецептіге*, *рецептісі*; *субъект*, *субъектіге*, *субъектісі*; *такт*, *тактіге*, *тактісі*; *тракт*, *трактіге*, *трактісі*; *факт*, *фактіге*, *фактісі*; *абстракт*, *абстракттіге*, *абстракттісі*; *акт*, *актіге*, *актісі*; *антракт*, *антрактіге*, *антрактісі*; *бейнедиск* (*бейнетабақ*), *бейнедискіге*, *бейнедискісі*; *ландшафт*, *ландшафтыға*,

ландшафтысы; *лифт, лифтіге, лифтісі*, т.с.с. [6] түрде берілген сөздердің түбір қалпын ы, і дәнекер дыбыстарымен бірге жазу керек (*акцепті, манускрипті, рецептi, субъекті, факті, абстракті, әкті, антракті, ландшафты, лифті*, т.с.с.);

б) кс, пс, тр, вр, гл, гль дыбыстарына біткен сөздерді таңбалауда соңғы қатаң дауыссыздардың арасына дәнекер дыбыс қосылуы керек (сөз соңындағы жіңішкелік белгісі түсіріліп жазылуы керек). Орфографиялық сөздікте *бокс, аппендикс, аффикс, антиапекс* (астр.), *археоптерикс* (зоол.), *бифитекс, индекс, кальцекс, кекс, кодекс, кокс, ортодокс, парадокс, рефлекс, суффикс, гипс, вахмистр* (тар., эск.), *кегель, вахмистр, гектолитр, гектометр, децилитр, дециметр, гектолитр, гектометр, гелиомер* (тех.), *динозавр, бакалавр, ихтиозавр, кентавр, манёвр, палеозавр, алебастр, амфитеатр, анемометр, арбитр, арифмометр, аэромагнитометр, барометр, бу-электр, вице-министр, вольтметр, канистр, кинотеатр, магистр, метр, оркестр, параметр, педиатр, ротмистр, сантиметр, семестр, спектр, театр, титр, фильтр, штаб-ротмистр*, т.т. [6] түрде беріліп жүрген сөздер сол заңдылыққа бағындырылуы тиіс.

• Қазақ тілінде үнді мен қатаң тіркескенмен, керісінше, қатаң мен үнді қатар келе алмайды. Сондықтан шеттен енген сөздердегі тр-ға біткен сөздерде т мен р арасына ы, і дыбыстарын кіргізу керек: *тыйатыр, метір* т.б. ХХ ғасырдың басындағы сөздіктерде тіліміздің осы ерекшелігі қатаң сақталған: *метр – метір; электр – електір; миллиметр – меліметір; министр – міністір; оркестр – әркестр; спектрометр – іспектір метір; термометр – термеметір; амперметр – әмпірметір (електір ағынының күшін көрсететін аспап)*, т.с.с. [10].

• Шет тілден енген, енг, инг, онг дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздердің соңындағы нг дыбысының орнына қазақ тіліндегі ң дыбысын таңбалауға болады: *автопаркинг, агрохолдинг, аутбридинг, аутсорсинг, банкинг, бизнес-рейтинг, бизнес-тренинг, боулинг, брифинг, викинг, демпинг, допинг, импритинг, инбридинг, инжиниринг, карлинг, картинг, кастинг, кикбоксинг, кинг, клиринг, консалтинг, контроллинг, лизинг, маркетинг, митинг, мониторинг, пейджинг, порцинг, рейтинг, роуминг, ринг, семинар-тренинг, серфинг, скрининг, смокинг, спарринг, стайлинг, стерлинг, тренинг, фанрайзинг, франчайзинг, холдинг, хостинг, лозунг, бумеранг, ранг, фланг, сленг, гонг, дифтонг, полидифтонг*, [6] т.с.с. Себебі түпнұсқада нг дыбыс тіркесі емес, ң дыбысы. Ол транскрипциядан да анық көрінеді: *сленг – slæŋ, дифтонг – 'dɪf.θŋŋ, паркинг – 'pa:.kɪŋ, холдинг – 'hɒl.dɪŋ, банкинг – 'bæŋ.kɪŋ, рейтинг – 'reɪ.tɪŋ, тренинг – 'treɪnɪŋ, боулинг – 'bəʊ.lɪŋ, брифинг – 'brɪ:.fɪŋ, маркетинг – 'mɑ:kɪtɪŋ*, т.с.с. Алайда орыс тілінде ң дыбысы болмағандықтан, нг тіркесімен берілген. Бұл сөздерді делдал тілдегі өзгеріске түскен қалпында емес, түпнұсқадағы қалпына жақын етіп алуға болады.

• Шет тілден енген сөздердің бастапқы буындары езулік, соңғы буыны еріндік болып келген сөздерде (екпін түспесе) еріндікті бастапқы буындарға ауыстырып не мүлде жойып, езулікке айналдырып жазу керек: *автор – аптыр, директор – деректір, детектор – детектір, корректор – кәректір* т.б.

Бүгінгі қолданыстағы *автоинспектор, редактор, администратор, экскаватор, аккумулятор, акселератор, аллигатор* (зоол.), *амортизатор, анализатор* (биол.), *архитектор, аудитор, бейнеадаптор* (инф.), *вектор, векторлық, генерал-губернатор, дефлектор, диктор, трактор, иллюминатор, император, императорлық, ингалятор, индикатор, инкассатор, инквизитор, инкубатор, инспектор, инспекторлық, калькулятор, карбюратор, катализатор, катализаторлық, классификатор, коллектор, комментатор, компенсатор, композитор, композиторлық, конденсатор, консерватор, консерваторлық, конспиратор, корректор, локатор, мәтіндік редактор* (инф.), *механизатор, механизаторлық, модератор, мультипликатор, оператор, ординатор* (мед.), *ординаторлық, осциллятор* (физ.), *перфоратор, прожектор* (тех.), *проректор, радиолокатор, радиопрожектор, регенератор* (физ.), *резонатор, ректор, рефлектор, рефлекторлық, рецепттор, риэлтор, риэлторлық, сенатор, тотализатор, транзистор, трансформатор,*

эксикатор (ыдыс), экскаватор (тех.), экскаваторшы, элеватор, эмульгатор [6] түрінде берілген атауларды осы заңдылыққа бағындыруға болады.

• Шеттен енген сөздердің соңындағы а дыбысы түсіріліп жазылуы керек: *минута – минут, секунда – секунд, гитара – гитар, глюкоза – глюкоз, морфема – морфем, фонема – фонем*, т.б. Екпін түспеген сөздің соңында қарқын азаятындықтан, ХХ ғасырдың басындағы сөздіктер мен оқулықтарда жер-су атауларындағы соңғы а дыбысы үндесіміне қарай ы, і болып өзгертіліп жазылған: *Европа – Жаурыпы, Азия – Әзійе*, т.б. Осыған сәйкес орфографиялық сөздікте *бомба; бомбалану, бомбаланбау, бомбаланған; бомбалату, бомбалау, бомбалаушы, бомбалаушы авиация; бомбалы, бомбапана; доллар, доллар аймағы; долларлы; долларлық; долларшыл; касса; кассалық*; т.с.с. түрде [6] жазылып жүрген сөздерді *бомбы, кассы, доллр* түрінде соңғы буынды қысқа дауыстылармен беруге болады.

• Шеттен енген бейүндес сөздерді барынша қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкестендіру қажет. Алаш зиялылары шеттен енген сөздерді қазақ тіліне бейімдегенде жаттығы сезілмейтіндей деңгейге жеткізу керектігін айтқан болатын.

Болашақта жарық көретін орфографиялық, терминологиялық сөздіктерде бұл кемшіліктерді болдырмауымыз қажет. Бұл орайда Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде термин (пән сөзі) мәселесі турасында баяндама жасаған Елдес Омаровтың «Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де ішінде жат дыбыс бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды» деген сөзін жадымызда ұстағанымыз ләзім.

Пайдаланылған еңбектер:

7. Шонанов Т. Шет сөздердің імләсі жайында // Еңбекші қазақ. 25-26.03.29.
8. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. - Астана, 2017. - 740 б.
9. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. - Алматы, 2005. - 144 б.).
10. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. - Алматы: Дәуір, 2016. - 1472 б.
11. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. - Астана, 2000. - 480 б.
12. Орфографиялық сөздік. - 6-басылым. - Алматы: Дәуір, 2013. - 720 б.
13. Орысша-қазақша әскерлік атаулары. Русско-казақская военная терминология. Перевод А.Умбетбаева . - Қызылорда, 1926. - 136 б.
14. Атаулар сөздігі. -Алматы: Қазақстан, 1931. - 116 б.
15. Стенографический отчет научно-орфографической конференции, созванной 2-4 июля 1929г. Научно-методическим Советом НКП и ЦКНТА. -Алматы, 1930. - 58с.).
16. ХХ ғасырдың басындағы терминологиялық сөздіктер және латын графикасына көшу барысындағы ұстанымдар (тарихи-ретроспективті талдау). - Алматы, 2018. - 664 б.

Заурбекова Л.Ж.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты

ГИБРИДТІ МӘТІНДЕРДІҢ ПРАГМАТИКАСЫ

Гибрид терминінің қазақ тіліндегі ең қарапайым мағынасы *қоспа, будандасу* деген түсінікті береді. Гибрид терминін биология, биотехнология салаларында жиі қолданады. Гибридтеу процесі арқылы ғалымдар көптеген жаңалықтарды дүниеге әкелгені белгілі. Сондай-ақ гибридтілік тенденциясы тіл білімі саласында да айқындалып жатыр. Гибридтілік тенденциясы тілдік, жанрлық, көп кодтық және мультимедиялық формаларда ұшырасады.

Заман ілгері басып, әлем халықтарының бір-біріне тығыз орналасып, тығыз қарым-қатынасқа түсуі тілдегі гибридтілік формаларының пайда болуына ықпал етеді. Сондай-ақ

мәтін деңгейінде түрлі жаңа формалардың қалыптасуына, жойылып, дамуына дейін септігін тигізері анық.

Зерттеушілер мәтіндер мен дискурстағы гибридтілік құбылысын қарастырғанда тіл білімінде белең алған прагматикалық, медиалды айналымдар деген терминдерге тоқталады. Ғалымдардың айтуынша медиалдылық коммуникативті канал немесе коммуникативті код ретінде адам қарым-қатынасының ғаламтор жиегінде үздіксіз ақпарат алмасуын, сонымен қатар ақпарат жеткізу мен қабылдаудың айрықша каналы ретінде сипаттайды. Ағылшын және неміс тілді ғалымдардың еңбектерінде аталған термин мультимедиалды деп қолданылады. Бұл термин ғаламтор коммуникациясындағы тілдегі өзгерістермен қатар тілдің менталдылық мәселелерін, таным мен коммуникация арақатынасы сынды сұрақтарды қарастырады [1, 123 б.].

Гибридті мәтіндер дискурстық қатынас алаңында пайда болады. Дискурстық қатынастың дамуы оның түрлерінің де дамуына әкеліп соқты. Бір ғана мысал ретінде виртуалды дискурстар – қазіргі заманның ең дамыған, уақыты жағынан жылдам қарым-қатынас формасы. Ғаламтор әлемінде барлығымызға кеңінен тараған әрі жиі қолданылатын whats up, instagram, vk, facebook, telegram т.т.ғ. адамдардың еркін түрде ақпарат алмасып, ақпарат таратуына үлкен жолдар ашқан алаңға айналды.

Гибридтік мәтіндердің табиғатын айқындау барысында ғалым О.В. Соколова интермәтінділік мәселесін көтеріп, Н.А. Фатееваның ұсынған классификациясын талқыға салады. Атап айтсақ, біріншіден, мәтін ішіндегі мәтін, оған аллюзия, цитаталар, центонды мәтіндер, екіншіден, мәтіннің эпигрофка қатысы, үшіншіден, метамәтінділік яғни, берілген мәтінді қайта мазмұндау арқылы беріледі, төртіншіден, архимәтінділік – мәтіндердің жанрлық байланысы, бесіншіден, өзге де интермәтіндік құрылымдар, мысалы, троптар, стилистикалық фигуралар және морфемдік, дыбыстық-буындық типтер кіреді [2, 53 б.].

Гибридтік формалардың қалыптасуы интермәтінділік мәселелерімен байланысы болғанмен, гибридтілік екі түрлі формалардың синтезінен туындайды да, өзге мәнге иеленеді. Мәселен, instagram, vk, facebook, telegram сынды ақпарат алмасу платформаларындағы комментарийлерге тоқталатын болсақ, олар нағыз гибридті мәтіндерге жатады. Біріншіден, бірнеше стильдердің қатар қолданылуы, комментарий авторы интенциясы мен жеке позициясын танытуда тілдің барлық деңгейінде нормадан тыс құбылыстардың пайда болуы, екіншіден, комментарийдің жеке өзі ақпарат алмасу барысында пайда болған сөздің жаңа жанры. Комментарий дегеніміз оқырманның оқылған мәтінге немесе жазылған постқа байланысты туған жауабы, көзқарасы. Комментарий арқылы мәтіннің сапасын, жазылу деңгейін, оқырманның қабылдау, түсіну деңгейін білуге болады. Сонымен қатар комментарийлер жарнама жасау, жарнама мәтіндерін орналастыру мен тарату құралы ретінде де пайдаланып отыр.

Мәтін ретінде талдауға негіз болатын аса қарқынды дамып отырған комментарий түрлерінің араласпайтын саласы жоқ. Ауызша сөз формасының прагмалингвистикалық әлеуеті жазбаша комментарийлерге ауысты, «уақытқа тездігі» қажеттілігі осы мәтіндерге еркіндік берді. Комментарийлер арқылы коммуниканттардың байланысулары күшейді, тілді тұтынушылардың өзара әрекеттесуінің жаңа формалары пайда болды. Заманауи талаптарға сай ғаламтордағы коммуникация тілдің «іс-әрекетін», динамикалық әлеуетін жан-жақты көрсетуде алдыңғы орынға шығып отыр.

Комментарий ғаламтор қызметінің көп аспектілігіне, мансаптың өсуіне, әр түрлі мемлекет азаматтарымен толерантты қарым-қатынас үшін керекті шарт болып табылады. Қазіргі «виртуалды әлемде» диалогтық араласу, комментарий қалдыру ерекше маңызға ие әрі қоғам өміріне еркін еніп кетті. Белгілі тақырып аясында комментарий жазу, оны оқып өз ойын қосу, пікір қалдыру таласқа түсу, түрлі даулы мәселелерге араласу өз ниет-пиғылын білдіру лингвистикалық зерттеулердің назарын аударуда. Себебі комментарий қалдырушылар өз тілдерінің лексика-грамматикалық және синтаксистік табиғи заңдылықтарын таратушы ғана емес соған зиян келтіретін мәселелерінің де «гибридтік

мәтін» түрлерінің пайда болғаны коммуникативті сәттілік/сәтсіздіктер «ойлау тіл – қарым-қатынас» жүйесінде анықталады [3].

Мәтіндегі гибридік формалар бірнеше түрде көрініс табады. Мәселен, екі түрлі мәдениеттің тоғысуы, стильдердің араласып қолданылуы, әлемдік жаһандану мәселесі т.б. Сонымен қатар өзге де мәтін формаларының пайда болып, дамуы да гибридіктің жемісі.

Сондай-ақ көркем мәтіндердегі гибриділік формаларының ең көп кездесетін түрі – тілдік гибриділік. Ол тілдегі дыбыстардың, сөздердің, синтаксистік формаларының өзгерісінен туындайды.

Тілдік гибриділік М. Бахтиннің ұсынған гибриділік концепциясымен тікелей байланысты. Ғалым синтаксистік және композициялық жағынан бір айтушыға тиесілі айтылымның ішінде екі түрлі стиль, екі түрлі сөйлеу әуезі, екі түрлі мағына мен ой өрісінің ұштасуы гибриділіктің көрінісі ретінде сипаттайды.

Гибриділікке қатысты айтылған пікірлерге сүйене отырып, көркем мәтіндердегі тілдік гибриділіктерді айқындайтын болсақ, біріншіден шет тілінен енген сөздердің мәтін ішінде пайдалануына бірден көңіліміз ауады. Мысалы: *Эврика – таптық! Неше мың жыл бойғы жұмбақ болса да, қазір мектеп оқушысына дейін белгілі әлемдік тартылыс заңынан да оңай екен*(М.Мағауин «Жармақ»). Бұл мысалмен автор өзінің Ньютон заңы туралы ақпаратты бір сөзге сыйдыра алған, сонымен қатар оқырман автордың білім көкжиегінің терең екендігін де аңғара түседі. Эврика мен таптық екі түрлі тілдің бірлігі ретінде синтезге түсіп, автордың эмоциялық халін, келесі пікірін жеткізу амалы ретінде қолданылып отыр.

Енді міне. Ешбір есепте жоқсың. Люмпен-Пролетариат. Жалғыз сен емес, бүкіл ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлері түгел. (М. Мағауин «Жармақ»). Алынған үзіндідегі бізге бейтаныс «Люмпен-пролетариат» сөзі түсіндірме сөздіктерде Карл Маркстың енгізген термині ретінде сипатталады да, қоғамнан алшақталған белгілі топ өкілдері деген анықтама береді. Демек автор өз ойын Карл Маркстың теориясымен ұштастырады. Көркем мәтінде философиялық тұжырымдар мен нақты терминдердің синтезінен автор шығармасын басқаша формаға ауыстырып тұр.

Көркем мәтіндегі гибридік формалар мәселесі қазақ тілінде жазылған шығармаларда шет тілінде берілген тілдік бірліктердің еркін қолданылуымен де байланысты. Жаһандану дәуірі әлем халықтарының бір-бірімен жақын араласып, мәдениаралық байланыстың күшеюі мен тоғысуы, я болмаса бірін-бірі ығыстыруы заңды. Осындай процестер тіліміз бен әдебиетімізге ықпал етпей қоймайды. Көркем шығармаларда шет тіліндегі сөздер мен афоризмдердің кең қолданылуы автордың білім жиегі мен ойлау шеңберінің кеңдігін аңғартады. Десе де ұлттық кодтан ажырау, жоғалту қаупін ескеру шығарма авторына жүктеледі.

Әлем және қазақ романдарын талдау барысында жазылған зерттеу жұмысында Е. Сұлтан [4] заманауи романдардың мынадай түрлерін айқындайды: роман-контрапункт, роман-интенция, роман-жұмбақ, роман-трагедия, роман-эссе, роман-балет, роман-параллель, роман-хроника, роман-антиутопия. Бұл аталған романның гибридік формалары жазушылардың заманауи көзқарастары мен философиялық ой толғамдарының негізінде туындаған. Сонымен қатар жас ғалым гибридік романдардағы хронотоп мәселесін көтереді. Гибридік романдардың барлық деңгейлерінде (құрылымдық, мазмұндық, тақырыптық, стильдік, бағыттық, т.с.с.) өзгеріс жүріп жатқандықтан, хронотоп категориясында да өзіндік ерекшеліктері аңғарылып отырғандығын дәлелдейді. Бір ғана мысал ретінде Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романынан үзіндіні келтіретін болсақ: *«Cghene – қалың отырған исоко руының бүкіл дүниені жаратқан құдайы, гибадатхана мен абыздары жоқ, оуісе немесе ико Cghene деген дәнекері бар, оуісе ағашынан жасалған ұзындығы сегіз аршын сырық, оны ең кәрі адамның ескі үйінің іргесінен қалайды, сол жерде құрбандық шалынады.»* (Д. Амантай «Гүлдер мен кітаптар») Жазушы Африка тайпалары туралы терең білімінің барын оқырманымен бөлісе отырып, біршама дүниетанымдық ақпаратты роман ішіне енгізген. Романмен танысқан оқырман сюжеттік линиядан адасып, ойы шашырап, философия, метафизикадан терең білімі болмаса оқуын жалғастырмай қоятыныны анық.

Гибридті романдарда автордың сөйлемдерді құрастыруы мен жеткізу стилі де өзгеше. Дидар Амантайдың «Біреудің өмірі» повесіндегі диалогтан үзінді келтіретін болсақ:

«– *To be or not to be.*

– *Быть или не быть.*

– *Қазақша?*

– *Білмеймін.*

– *Күлмеңіз.*

– *Күліп тұрған жоқпын.*

– *Бармыз ба, жоқпыз ба?*

– *Дәл емес.*

– *Өмір сүре аламыз ба, жоқ, өмір сүре алмаймыз ба?»* (Д. Амантай «Біреудің өмірі»). Автор Шекспирдің сөзімен диалогты ары қарай өрбітіп отыр. Айтайын деген ойын ағылшын, орыс, қазақ тілінде қатар беріп, бірнеше тілдік кодты оқырман санасына сіндіріп, өзіне түсініктісін таңдауға мүмкіндік жасайды.

Көркем шығармалардағы гибридтілік оқырманның жан-жақты ізденісін, әлемтанудағы көкжиегінің кеңдігін, астарлы ойды сезіну мен түйсіну талап етеді. Көркем мәтіндердің сюжеті, мазмұны, формасы, сөйлемдердің тым қысқалығы, ауызекі сөйлеу формаларының басымдығы, бірнеше жалқы есімдердің бір толық мәтін ретінде берілуі автордың жаңа бір стиль, жаңа формаға ұмтылуын аңғартады. Сонымен қатар гибридтілік автордың ой санасында шоғырланған әлемдік я ұлттық білім қорының синтезінен де туындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Чернявская В.Е. Медиальный поворот в лингвистике: поликодовые и гибридные тексты. Вестник ИГЛУ. - 2013. 123-127 с.

2 Соколова О.В. Гибридные тексты как форма взаимодействия авангардного художественного и политического дискурсов. – Москва, 2019. 50-86 с.

3 Malik M., Alkebaeva D., Ahkmetkaliyeva L. Pragmatic discourse of the comments onFacebook in the Kazakh language *Opcción*, Año 35, Regular No.90-2 (2019): 369-384ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385

4 Султан Е. Қазіргі романның трансформациясы: филос. ғыл.доктр. ...дис. (PhD) (филология). - Алматы: 2018. – 133 б.

Көшкінбаева Қ.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Филология факультетінің магистранты

ӘБЖАН ҚҰРЫШЖАНОВ – ҚҰМАНША-ҚАЗАҚША СӨЗДІКТІ ҚҰРАСТЫРУШЫ АВТОР

Ғалымдар көне қыпшақ тілі деп атап жүрген XIII-XV ғасырлардағы Дешті Қыпшақ даласындағы ру-тайпалардың сөйлеу тілінен қалған ірі жазба ескерткіштердің бірі – «Кодекс Куманикус». Шамамен, XIII ғасырларда жазылған. «Кодекс Куманикус» ескерткішін латын тілінен аударғанда «Кумандардың кітабы» немесе «Қыпшақтардың кітабы» дегенді білдіреді. Кітапты жазған автордың аты-жөні белгісіз. Қолжазба готикалық көне жазумен XIII ғасыр аяғында жазылған. Жалпы көлемі – 82 парақ немесе 162 бет. Әр парақтың үлкендігі әдеттегі бір баспа табақ қағаздардың төрттен біріндей.

Профессор Ә. Құрышжанов ортағасырлық Алтын Орда дәуірінің жазба мәдениеті, жазба ескірікшітері дәл осы көне қыпшақ тілінің дамуынан басталды деген ойды айтады. Оның айтуынша, Алтын Орда дәуіріндегі жазба ескерткіштердің бастауында – осы көне қыпшақ тілі тұр. Ғалым көне қыпшақ тілінің дамыған тұсы – X-XIV ғасырлар деп көрсетеді. Әрі көне қыпшақ тілінің маңызды жазба ескерткіші – «Кодекс Куманикусты» зерттеуге біршама көңіл бөлген. Әсіресе, оның лексикасы мен сөздік қорына, лексикографиялық ерекшеліктеріне мән берген [1].

Ғалымның айтуынша, «Кодекс Куманикус» еңбегі көне қыпшақ тілінің грамматикалық, фонетикалық сипатын тануға аса келмейді. Өйткені жазба ескерткіштің көшірме нұсқаларына қателер болуы мүмкін, сондай-ақ кітаптың өзінде тілдің грамматикалық ерекшелігін тануға мүмкіндік беретін тілдік құрылымдар (сөйлем, сөз тіркестері, сөйлемше, мәтін) жоқ. Алайда бұл еңбектің құндылығы – оның лексикалық қорында деген ойды алға тартады.

Профессордың жазуынша, қолжазбаның негізгі мазмұны мынадай.

1. Құдайға және оның атына байланысты сөздер.
2. Ауа райы мен аспан әлемі, жер жағдайына байланысты сөздер.
3. Тағы да сол іспеттес сөздер
4. Уақыт – мерзім атауларына байланысты сөздер
5. Бес сезім мүшелерінің аттары
6. Табиғат құбылыстарына байланысты сөздер
7. Әралуан заттар мен нәрселердің аттары
8. Кейбір заттар мен құбылыстардың сапалық қасиеттерін білдіретін сөздер
9. Зат атаулары мен олардың қасиетін білдіретін сөздер
10. Сауда-саттық істеріне байланысты сөздер
11. Сауда заттарына байланысты сөздер
12. Ұсталар мен ісмерлік істеріне байланысты сөздер
13. Аң терісінің шебері мен оның ісіне және тері түрлеріне байланысты сөздер
14. Үй-іші шаруашылық заттарына байланысты сөздер
15. Үй-іші шаруашылық хаттарына байланысты сөздер
15. Етікшілікке байланысты сөздер
16. Үй-іші, шаруашылыққа байланысты сөздер
17. Шаштаразылыққа байланысты сөздер
18. Жазу-сызу жұмыстары мен әртүрлі қызметке байланысты сөздер
19. Атақ-дәрежеге байланысты сөздер
20. Сауда-саттық өнімдеріне байланысты сөздер
21. Асыл тас атаулары
22. Адамның дене мүшелерінің атаулары
23. Туысқандық қарым-қатынасқа байланысты сөздер
24. Адамның жақсы қасиеттері жайындағы сөздер
25. Адамның жаман қасиеттері жайындағы сөздер
26. Соғыс істеріне байланысты сөздер
27. Үй жабдықтарына байланысты сөздер
28. Киім-кешек атауларына байланысты сөздер
29. Үй шаруашылығына байланысты сөздер
30. Ат әбзелдеріне байланысты сөздер
31. Үй жиһаздарының аттары
32. Үй шаруашылығына байланысты сөздер
33. Ас пісіруге байланысты сөздер
34. Жеміс-жидек атауларына байланысты сөздер
35. Жан-жануар атауларына байланысты сөздер
36. Құрт-құмырсқа атауларына байланысты сөздер
37. Құс атауларына байланысты сөздер
38. Дақыл аттары
39. Шөп атауларына байланысты сөздер

Ә. Құрышжановтың айтуынша, осымен қолжазбаның бірінші бөлімі бітеді. Оны әдетте ғалымдар «Итальян бөлімі» деп атайды. Өйткені олар осы сөздік бөлімін жазған Италия елінің өкілдері болу керек деп шамалайды. Жазудың орфографиялық ерекшеліктері мен сөз өрнектеу тәсілі осы істепес ойларға нұсқайтын көрінеді. Сөздікті түзге адамдар не саудагер, не жиһангер, әлде білім қуушы әуесқой да болуы мүмкін.

Қолжазбаның екінші бөлімін мамандар «Неміс бөлімі» деп атайды. Оны жазған неміс миссионерлері болуы керек. Өйткені бұл бөлім мәтінінің басым көпшілігі – діни уағыздар.

Ескерткіштің екінші бөлімінде құманша-немісше сөздік, итальян поэзиясының үзінділері, қысқаша немісше-құманша, құманша-немісше сөйлемдер мен сөз тіркестері (арасында құманша-латынша жазылған сөздер мен сөйлемшелер де бар), құман жұмбақтары, құманша мәтін мен діни уағыздар, Інжіл кітабынан үзінділер, латынша және құманша діни парыздар, құманша-латынша сөздік, құман тілінің грамматикасының латынша жазылған нұсқалары берілген.

Қолжазбаның бірінші беті мен соңғы беттерінде Венеция мен Францияның ұлттық кітапханаларының мөрлері басылған. Қолжазбаның сырты терімен қапталып, ол екі парақ қағазбен бекітілген. Тері мұқабаның бірінші бетімен оның астыңғы жағына Венеция республикасының мөрі ойылып басылған. Венецияны Напалеон жаулап алғанда, ең алдымен осы ғибадатхананың жазылу мүлкін Париж қаласына көршіуге әмір еткен. Бірақ олар бірнеше жылдан соң Венецияға қайтып оралған.

«Кодекс Куманикус» қолжазбасы Венецияның Әулие Марк ғибадатханасының қорынан табылған. Осы күні де сонда сақтаулы тұр. Италиян ақыны Ф. Петрарка көптеген кітап, қолжазбаларымен бірге оны 1362 жылы Венеция республикасына сыйға тартқан. Өзі 1374 жылы қайтыс болған. Қолжазбаның 112-інші және 117-інші беттерінде келтірілген итальян поэзиясының үлгісі – осы Ф. Петрарканың қолымен жазылған. Петрарка араб және Орта Азия елдерінде қызмет атқарған. Кітап осы қызмет барысында қолға түскен болуы мүмкін.

Әулие Марк кітапханасындағы жазбаларды зерттеу барысында «Кодекс Куманикус» ескерткіші жайында да талай адам атал өткен. Солардың бірі атақты неміс ойшылы Лейбниц (1646-1716 ж) былай деп жазды: «Мен Петрарка, кітаптарының каталогін көрдім. Солардың ішінде көңіл аударғаным куман тексінің сөздігі болды, бірақ қанша әрекеттенсем де одан ештеңе түсіне алмадым». Ендігі бір жерде Лейбниц былай деп атап өтеді: «Мен әрқашанда Дакияның әлде бір қараңғы түкпірінде куман тілінің бағзы бір іздері сақталып қалған болу керек деп ойлайтынмын, өйткені XIII ғасырда венгер королі кумандарды жақсы қабылдап, оларға жер бөліп берген еді... Олар орналасқан жер мадьярлар мекенінен Қара теңізге дейін созылып жататын еді. Кейінірек (ол кісі қайтыс болған соң 55 жылдан кейін) Лейбництің осы сөзі расқа шықты. Ол былай болды: Венгрия кумандарының елшілері 1771 жылы Венадағы әйел император Мария-Терезияның құзырына келеді. Сондағы елшілердің бірі Стефан Варрон «Тәңірге табыну» дұғасын куман тілінде айтып шыққан. Шығыс тілдерін білетін мамандар ол дұғасын қолма-қол дереу жазып алып, тарихта қалдырған және зерттеп біраз еңбектер жазған [2].

Барынша жетік болмаса да куман тілінде бірлі-жарым сөз білетін кісілерден Стефан Варрон батыс аймақтағы ең соңғы адам болып есептелген. Оның қайтыс болуымен байланысты ол өңірдегі куман тілінің сөресі ізім-қайым жоқ болып кеткен. Ғылыми әлемге Лейбництен соң «Кодекс» туралы хабар таратқан ғалым – Датил Корнидес. Ол XVIII ғасырдың екінші жартысында 1773 жылдан бұрын «Кумандар тарихын талдау туралы очерк» деген диссертация жазған.

Истрия жағалауында тұратын княгиня Кольцгор Массальская өзінің «Орыстар мен моңғолдар» деп аталатын диссертациялық еңбегінде былай деп жазды: «Венециядағы әулие Марк кітапханасындағы «Парсыша – латынша – куманша сөздік» кумандардың түркі диалектінде сөйлегенін дәлелдейді. Дегенмен олардың түрік тұқымдас қаны венгерлер қанымен араласып кеткен болу керек деп шамалаған жөн сияқты».

«Кодекс Куманикус» материалдарын ғылыми түрде зерттеудің негізін салған белгілі ориенталист Генрих Юлий Клапрот (1783-1835 жж) болды. Ол Томазидің «Қайта тірілген Петрарка» деген кітабын оқып отырып, осы «Кодекс» туралы қысқаша мәлімет оқиды да, Венециядағы Сальви деген досынан оның қолжазба көшірмесін салып жіберуді өтінеді. Ол біреуге көшіріп, «Кодекстің» бірінші бөлімінің көшірмесін 1824 жылы Клапортқа жібереді.

Қолжазбаның бірінші бөліміндегі куман сөздерін әрі түпнұсқа бойынша, әрі транслитерация бойынша келтіріп, француз тіліне аударып, екі тілді сөздік есебінде Парижде

бастырып шығарды. Ол бірқатар куман сөздерін татар (қазан диалектісі), ұйғыр және түрік тілдерінің материалдарымен салыстырып отырады. Кітапта кумандар туралы жалпы жазылған 8 беттік кіріспе сөз бар. Сөздіктің көлемі 132 бет, онда 2500 сөз болды. Иран, түркі тілдерін жақсы білетін синолог Клапрот куман сөздерінің тұлғасын анықтап, мағынасын ашуға үлкен еңбек сіңірген.

Алайда Ә. Құрышжановтың айтуынша, Ю. Клапроттың бұл баспасы жаңсақ жазулар мен қате аудармаларға толы. Ол жөнінде кезінде талай ғалымдар атап өткен. Мысалы, Г. Шотт «Ұйғырлар жайында» деген диссертациялық еңбегінде, О.Блау «Кумандардың тегі мен тілі жайында» деген диссертациясында, Ю. Гастлинк «Якут тілінің грамматикасы» деген жұмысында осы мәселе қозғалған. Г. Кун өз баспасының кіріспесінде (XIV-XXVII беттер) Ю. Клапрот баспасына байланысты көптеген түзетулер енгізеді. Ю. Клапрот баспасының бірқыдыру сәтсіз шығуын Г. Кун мынадай себептерге байланысты болса керек деп түсіндіреді:

а) қолжазбаны түзген шетел өкілдері куман тілінің табиғи ерекшеліктерін түсіне бермеген;

ә) түпнұсқадан көшірме жасаған адам да осылай болып шыққан;

б) Ю. Клапроттың қолында түпнұсқа болмаған, ол оны көрмеген де. Дегенмен, Ю.Клапрот баспасы өзіне лайықты тарихи міндетін атқарып шықты дүние жүзі ғалымдарының көңілін аударып, куман тілін ғылым дүниесіне паш етті.

Әбжан Құрышжановтың ойынша, қазіргі дамып отырған түркологияның қыпшақтану саласының ғылыми негізі сол кезде салынса керек. Онда Ю. Клапрот еңбегінің үлкен үлесі болған. Ю. Клапрот баспасына дейін кумандардың кейде «половецтер», кейде «қыпшақтар» деп аталғаны белгілі болғанмен, олардың тілінің түркі тілдеріне қатысы жайлы мәселе Батыс Еуропа елдерінде әлі де болса көмескі болатын. Сол мәселенің енді басы ашылып, күмәнсіз қалыпқа түсті.

1880 жылы венгер оқымыстысы Геза Кун «Кодекс Куманикус» қолжазбасын түгелдей латын тіліне аударып Будапештте бастырып шығарды. Бұл баспа бүкіл торкология әлемінде үлкен жаналық болды. Бұл баспада қолжазбаның тарихы, кумандар тілінің Шығыс Еуропада қалдырған ізіжөнінде және оның басқа туыс тілдермен қарым-қатынасы жайында, кумандар мен басқа түркі тайпалары хақында, басқа Тұран халықтары, оның ішінде *скифтер, массагеттер, түріктер, сақтар, аландар, паррядар, қыпшақтар, оғыздар* т.б және олар туралы ерте дүние оқымыстыларының айтқандары жайлы мәліметтер берілген. Сондай-ақ, кумандардың тарихи-географиялық суреттемесі, құман тілінің басқа тілдермен туыстығы, оның фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік аннотациясы, сөз таптары (зат есім, сын есім, етістік, үстеу), лексикасы туралы мәлімет бар.

Баспаның үшінші бөлімі сөздіктерге арналған.

1. Куманша-латынша, онда 2800 сөз бар;

2. Парсыша-латынша

3. Немісше-латынша

4. Ескі латынша мен жаңа латынша

5. Түзетулер мен ескертпелер;

6. Венгер академиясы бастырып шығарған еңбектердің тізімі. Баспаның барлық көлемі–397 бет.

Түркі халықтарының тарихын, олардың тілі мен толып жатқан жағдайларын (әдебиетін, этнографиясын, әлеуметтік-саяси құрылысын, экономиялық шаруашылығын, діни сенім-нанымын) зерттеп білуде Г. Кун баспасының рөлі аса зор болды. Сонымен бірге кумандар араласқан елдер мен олармен көрші отырған халықтар тарихының кейбір көкейкесті мәселелерін анықтап білуге де мүмкіндік туды. Г. Кун кумандар туралы мәселені бүкіл шығыстану ғылымының әлеміне бір көтеріп тастады. Ол осы кітапқа 1879 жылы жазған «Алғы сөзінде» былай деп көрсетеді: «Менің кітапты латын тіліне аударуыма екі түрлі себеп әсер етті: 1. Бұл іспеттес еңбектер ғылыми дүниеге өте әйгілі тілде жазылуы керек; 2. Венеция кодексінің өзінде куман сөздері латын тілі арқылы түсіндіріліп берілген».

Г. Кун баспасының жарыққа шығуымен байланысты В.В. Радлов «О языке куманов по поводу издания куманского словаря» (1884 жылы) деген еңбек жазды. Куман тілінің дыбыс жүйесін анықтап, куман дыбыстарының көне готикалық шриртімен жолдарын зерттеді [3].

Осыдан үш жыл өткен соң 1887 жылы В. Радлов куманша-немісше сөздік бастырып шығарды. Бұл сөздіктің көлемі 3000 сөзден тұрды. Онда неміс тіліне аударылған азын-аулақ текстер де бар. Басы ашылмай күмәнді қалған сөздердің тізімі де келтірілген. Транскрипция орыс алфавиті негізінде жасалған. В. Радлов «Кодекс Куманикустің» түпнұсқасын өзі көзімен көрмеген. Сөздікті Г. Кун баспасының негізінде түзген. Соның өзінде де, Әбжан Құрышжановтың ойынша, оны өзі көшірмей, өзгеге жаздыртса керек. Өйткені сөздікте жаңсақ жазылған, дәл аударылмаған сөздер бар. В. Радлов баспасын Г. Кун баспасымен және оны қолжазба нұсқасымен салыстырып қарағанымызда, олардың арасындағы айырмашылықтар (дұрыс жазу мен аудару саласында) кішігірім бір кітапша болды. Түпнұсқамен салыстырғанда, әрине, Г. Кун баспасында да бірлі-жарым, кем-кетік жетіспейтін жерлер бар,

Бірақ Әбжан Құрышжановтың айтуынша, В.Радлов баспасында кеткен қателіктер көбірек (1-сурет).

Сондай-ақ, Әбжан Құрышжановтың айтуынша, Радловтың баспасында орфографиялық қателіктер де бар. Мағыналық қателіктер мына іспеттес: *azi tuzli* /жазбада/, яғни ачы /ащы/. В. Радловта /ащы/ туалу "*соленный, пересоленный*" болып кеткен.

Әбжан Құрышжановтың жазуынша, мұндай тақілеттес мысалдар Радловта жетерлік.

«В. Радлов баспасының кейбір жақтарын атап отырғанымыздың басты себебі мында: осы күнгі кейбір зерттеушілер «Кодекс Куманикус» тілінен мысал алғысы келсе, осы В. Радлов баспасына жүгінеді де, азын-аулақ болса да онда кеткен кемістік жағдайларға көңіл бөлмейді. Қай баспадан алса да, ол зерттеушінің, әрине, өз жұмысы ғой, бірақ еркім бар деп ертеде кеткен қателіктерді қайтадан айту бүгінгі таңның талабы үшін онша қолайлы болмас», - дейді бұған қатысы Ә. Құрышжанов.

Радлов нұсқасындағы қателіктер

1-сурет

В.Радловта:	дұрысы:	аудармасы:
абрадым	абрадум	көргендім
абышқа	абушқа	қарт, көрі
ағғымақ	ағырмақ	ауру
ағыздық	агуэлуг	ауыздық
айрымен	айрумен	айырармын
айрдым	айрдум	айырдым
аладық	алачуқ	лашық
алыштым	әлыштум	алыстым
алыштырмақ	әлыштурмақ	алыстырмақ

1936 жылы Карл Гренбек «Кодекс Куманикус» қолжазбасының түпнұсқасын Копенгагенде бастырып шығарды. 1942 жылы ол осы баспа негізінде куманша-немісше сөздік түзді. Бұл сөздіктің көлемі 2700 сөзден тұрады. Бұл екі баспаның екеуі де куман тілінің одан әрі де зерттеле түсуіне көп жағдай жасады.

1937 жылы Румыния ғалымы Владимир Дримба «Куман тілінің синтаксисі» жөнінде кітап жазып шығарды. Онда көптеген куман текстері латын әрпінің негізінде транскрипцияланып, француз тіліне аударылып берілген. Еңбектің өзі сол тілде жазылған.

Куман тілі туралы қазақ ғалымдары арасында Ә. Құрышжанов, Н. Сауранбаев, С. Кеңесбаев, С. Гаркавец қарастырды. Әбжан Құрышжанов – «Кодекс Куманикус»

материалдарын орыс тіліне бірінші рет аударған автор. Бұл баспада 3500 сөз бар. Оларды қазақ тіліне толық аударған да – Әбжан Құрышжанов.

Қыпшақтар XII-XIV ғасырларда нағыз қуатты мемлекетке айналған. Ұланғайыр кең аймақтың «қыпшақ даласы» болып аталатын кезі де сол шақта болатын. Шығыс елдерін аралайтын Батыс Еуропа өкілдері үшін «қыпшақ даласын» басып өту немесе қыпшақ тілін білу өте қажетті істердің бірі болып табылған. Латынша «LANGUa Cumanesca» деп аталатын куман тілі Қара теңіз, Каспий айналасында жалпыға бірдей ортақ тілге айналған. Көрші отырған елдердің (орыстар, армяндар т.б.) оны үйреніп алуын өмір ағымының өзі талап еткен. Еуропа елдері әралуан жолдармен – елшілер жіберу, жансыздар салу, жиһангерлер аттандыру, саудагерлер сабылту, діни тыңшылар мен миссионерлер жасақтау – сынды амалдармен қыпшақтар туралы тиісті мәліметтер алып отыруға мәжбүр болған. Осы іспеттес көп себептердің негізінде «Кодекс Куманикус» қолжазбасы да жазылып қалған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құрышжанов А., Жұбанов А., Белботаев А. Куманша-Қазақша жиілік сөздік. – Алматы, 1978.
2. Әбдірахманов Ә. Венгер және қазақ халықтарының тарихи туыстығы // Қазақ әдебиеті. 24, 14 июнь, 1964, 4-8 бб.
3. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. - Алматы: «Мектеп», 1986. – 173 б.

Әбсаттар Ә.М.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты
Алматы, Қазақстан

БАҚ ДИСКУРСЫНДАҒЫ ЭМОТИВТІ-БАҒАЛАУЫШТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Интернет-БАҚ-тың ақпаратты таныстырушы қызметінен басқа, оқырманға белсенді түрде ықпал етуші рөлі – сын айту, сынға ұшырау – тасада қалып жатады. Сонымен қатар белгілі бір дискурс пен экстралингвистикалық факторларды қолданудың арқасында реципиенттің сыни оқуының қажетті қабылдауы мен пайымдауы жандана түседі. Шынында да, оқырман БАҚ көздері мен өздерінің мәдениетін бұқаралық ақпарат құралдары дискурсымен салыстырады. Интернет пайдаланушылар ізденіп, шешім қабылдап, өз сенімдеріне сай әрекет етіп қана қоймайды, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалына түседі. Зерттеу жұмысы БАҚ дискурсын сезінуін талдап, әлемдік оқиғалар бейнесіне эмотивті реакция ретінде көпшілік арасындағы қатынастарды қалыптастыруға назар аударуды көздейді.

Интернет пайда болуына байланысты соңғы жылдары қарым-қатынастың, тұлғааралық өзін өзі көрсетудің әртүрлі жаңа формаларына жол ашатын жаңа технологиялар көбейді. Ақпараттық технологиялардың дамуы, жаппай таралуының арқасында қарым-қатынас жасау, өзімізді көрсету әдетіміз қатты өзгерді. Осылайша жаңа тілдік дағдылар пайда болуда. Статистика көрсеткендей, дүние жүзіндегі адамдардың 57%-ы ақпаратты қабылдаудың жаңа дағдысына ие бола отырып, ақпарат алу үшін интернет-БАҚ-ты пайдаланады. Бұл дағдылар жаңа тілдік формаларды ғана емес, қарым-қатынас пен өзара әрекеттестіктің жаңа формаларын құру арқылы қалыптасады. Интернет-БАҚ оқырмандарға түрлі ақпарат алып, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалануға мүмкіндік беретін қоғамдық-әлеуметтік қызметке айналды. Сол арқылы азаматтар өз пікірін айтып, басқаларды тыңдауға, ақпарат бөлісуге мүмкіндік алды. Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияның қарқынды дамуы сөйлеу мәнерімізді өзгертуге де ықпал етті. Интернет пен әлеуметтік желілердің пайда болуы азаматтарға делдалсыз сөйлесуге, өздерін қызықтыратын тақырыптар бойынша еркін пікірталастыруға мүмкіндік беретін пікірталас дәуірін бастады. Бұл желілер көпшілік алдында өз пікірін айтуға, ақпарат алмасуға мүмкіндік берді. Жаңа дискурсивті дағдылар пайда болды, олар бүгінде ойын білдіріп, пікір

алмасудың маңызды әдістері мен құралдарына айналды. Реципиент көпшілік алдында сөйлеп, нақты уақыт режимінде әртүрлі шешендермен сөйлеседі [1].

Бүгінде интернет-БАҚ адамдарға түрлі пікір білдіру және қарым-қатынас құралдарын ұсынады. Ашық, көп, ұжымдық және жақсы хабардар көпшілік алдындағы кеңістікте жұмыс істейтін жеке және ұжымдық эмансипацияның бұл құралдары іске қосушы ролін атқарады, сонымен бірге әлеуметтік өзгерістерді жеделдетеді. Медиаконтент барлық салада және әртүрлі мақсаттарда кеңінен қолданылады: қарапайым күнделікті қарым-қатынаста, саясатта, саяси үгіт-насихатта, шығармашылық өзара әрекеттесу негізінде, оқиғаларды баяндауда және қоғамдық қатынастарды қалыптастыруда, әсіресе тілдік деңгейде [2]. Сөйтіп, жаңа экспрессиялық құралдар мен дискурсивті дағдылар пайда болады, жан күйзелістерін (аффекті) вербалдандыру үшін әртүрлі жаңа жазу процестері жасалады, олар БАҚ-тың лездік сипаты мен мезеттік ақпаратының нәтижесі болып табылады [3] әрі осы эмоцияға байланысты процестерді зерттеу жұмыстың жаңашылдығын білдіреді. Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған барлық оқиғаны баяндау эмоционалды-сезімдік әсер арқылы қабылданатыны анықталды. Бұл жан күйзелістері өміріміздің іргелі бөлігі болып табылады, сонымен қатар сөйлеу тілімізде бар. Олар мінез-құлқымызға, іс-әрекеттерімізге және сөйлеуімізге тән шындықты құрайды. Сонымен, субъективтіліктің жазуда нөлдік дәрежесіне ие болатынын және әртүрлі категорияларды, негізінен сөйлеген сөздерімізден бөлінбейтін және зерттеу объектісін құрайтын сезімдер мен эмоцияларды біріктіретінін білеміз. Қазіргі әлем жағдайында бұқаралық ақпарат құралдарының тілі оқиғаларды баяндауда жетекші орын алады. БАҚ тілі деп медиамәтіндерді түсінеміз [4]. Құрылымы графемадан аудиожазбаға дейін өзгеруі мүмкін экстралингвистикалық бірлік. БАҚ мәтінінің жанры оның ақпараттық мазмұнымен анықталады. Сонымен бірге медиа-мәтін «төрт бірлік» болуымен сипатталады. Бірінші сипаттама – бұқараға әсер ету құралы ретіндегі функционалдылық; коммуникативтілік – әртүрлі бұқаралық қабаттарға ену үшін; мазмұн – ақпаратты өзектендіру; интенционалдык – реципиентке әсер ету мақсаты. Төрт бірліктің кем дегенде біреуінің болуы медиа дискурсты құрайды. Олай болса, медиа дискурсты субъективтілікті бекіту орны ретінде анықтаймыз, өйткені ол әрқашан келесі үш компонентті біріктіреді, атап айтқанда өзіміздің «Меніміз», параметрлік «Мен» және субъективтіліктің «Мені» арқылы ақпаратты қабылдау. Якобсонның пікірінше, бұл өз сөзінде сезімдері мен пайымдауларын білдіруге бейім хабарды жіберушіге бағытталған тілдің эмоционалды немесе экспрессивті қызметін қандай да бір түрде біріктіретін нәрсе. Қалай болғанда да, субъективті тіл мен дискурстан бөлінбейді. Бұл адамның, яғни, біздің болмысымыз. Демек, біздің дискурсивті және лингвистикалық дағдыларымыз. Эмоциялық медиа дискурсты дәстүрлі аспектіде сипаттау, «субъективтілік», «аффективтілік» және «экспрессивтілік» сияқты эмоция ұғымымен байланысты метатерминдерді талдау жаңашылдық болып табылады. Зерттеу жұмысының келелі мәселелер жиынтығына эмотивті лексикографияны концептуалдау және бөлу, осы процестегі делдал терминдерге, атап айтқанда тілге, контекстке және олардың мәнерлілігі мәселесімен байланысына ерекше назар аударып, эмоцияларды дискурсқа қосуды жатқызуға болады.

Медиа дискурстың эмотивті әлеуеті медиа коммуникация теориясы үшін жаңашыл тұжырымдамаларын қалыптастырады және эмоция негізінде манипуляциялық әрекетті анық ашады. Сонымен қатар, эмотивті лексиканы қолданудың типологиялық бейнесін ұйымдастыру және олардың интернет-БАҚ-та қызмет ету ерекшеліктерін анықтау олардың практикалық қолданысы болып табылады, бұл коммуникативті лингвистика, тіл теориясы, функционалдык стилистика мен журналистік мәтін стилистикасы деңгейлерінде эмотивті тілдік кодты зерттеуге елеулі үлес қосады.

Қазіргі таңда интернет-БАҚ нақты уақыт режимінде ақпаратқа тұрақты қол жеткізуді ұсынатын қоғамдық және жеке өзара әрекеттесу үшін басымдыққа ие кеңістік болып табылады [5]. Пайдаланушыларына айтарлықтай сөз бостандығын ұсына отырып, бұл кеңістіктер тіл мен жазуға деген көзқарасымызды түбегейлі өзгертті. Олар қарым-қатынас жасау мен сөйлеудің әртүрлі жаңа формаларының пайда болуына негіз бола отырып, сөйлеу

тілімізге енуін жалғастыруда. Бүгінде олар әртүрлі салаларда өте маңызды зерттеу нысанына айналған. Осы тұрғыдан алғанда, берілген жұмысқа қатысты зерттеу жұмыстары қызықты. Олар тілдік дағдылардың электрондық қарым-қатынасының құрылымын зерттеуге қатысты. Еуропалық ғалымдар медиа дискурсты цифрлық контексттің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады және эмоциялар мен сезімдерді білдіруге арналған зерттеулердің назарын басқаға аударады, бұл жерде күмән тудырмайтын жазудың жаңа түрінен – цифрлі тілден бастайды [6]. Біз алдыңғы пікірмен келісеміз, өйткені осы цифрлық контексте негізгі жан күйзелістерін білдіретін категорияларды берудің әртүрлі формаларын анықтау және зерттеу тілдің жаңа лингвистикалық мүмкіндіктерін ашады. Осыған ұқсас зерттеулерді американдық лингвистер жүргізген, олар жазбаша ақпаратты әртүрлі жолдармен беретін цифрлық кеңістіктерден бастап, тілге және оны қолдануға деген жаңа көзқарасқа, сондай-ақ көңіл күй мен сезім негізінде жасалған әртүрлі экстралингвистикалық нұсқаларға назар аударады. Бұл гипотезамен келіспеу мүмкін емес. Осы догмаларға байланысты сөз бостандығы орындарында – Интернетте қолданылатын әртүрлі тілдік және тілдік емес экспрессивті процедураларды зерттеуге ден қойған әріптестердің жұмыстарын атап өткен орынды [7]. Қытай ғалымдары осы кеңістіктерге тән және қолданушылардың сезімдері мен эмоцияларын жеткізуге қызмет ететін әртүрлі жаңа жазу формаларына назар аударады. Зерттеу мақсаттарымыздың арасында бұл аспектілер де бар, бірақ, ең бастысы, медиа дискурстың жұмыс істеуі мен ерекшеліктерін зерттеу, оның эмоционалдық және интерактивті аспектілерін көрсету, интернет-БАҚ еркін виртуалды кеңістікте жазбаша түрде қалай көрінетінін, негізгі мақсатқа жету – көпшілікке әсер ету үшін пайдаланылатын эмотивті лексемалардың қандай екенін анықтау болды. Сөйтіп, Интернетте жасалған және өзінің күрделілігімен, плюрисемиотикалық қасиеттерімен және экспрессивті қызметімен кеңінен танымал медиадискурс туралы еңбектер көрнекті болып табылады.

Медиа дискурстың сипаттамаларын зерттеудегі бар олқылықтар мен шектеулерді атап өткен жөн, атап айтқанда, еркіндік, кенеттік, жеделдік және эмоционалды көріністі көрсететін және қарым-қатынас әдеттеріне, сонымен қатар оқу мен мағынаны құруына әсер ететін техникалық шектеулер. Талдау жасау тек дискурста жасалған мағынаны талдауға ғана емес, сонымен қатар лингвистикалық талдаудың әртүрлі деңгейлеріне де назар аудару қажеттігін ұмытпаған жөн. Олай болса, біршама алуан түрлі және біршама әркелкі экспрессивті процестердің мағынаны құру үшін өзара қалай әрекеттесетінін көрсетуге болады. Берілген жұмыста мультимодальдылық, полифония, гипермәтіндік, әртектілік, ауызекі сөйлеу, т.б. қарастырылады. Бұл формалар, негізінен, ең экспрессивті эмотивті процесс екені анықталды. Қойылған мақсат келесі міндеттерді шешуді көздейді: эмоциялардың семантикалық тобына қатысты лексикалық бірліктерді анықтау және белгілеу; медиамәтіннің эмоционалды компонентінің көрсеткіштерімен байланысты ақпараттың әртүрлі қабаттарын талдау жәнесипатталған лексикалық бірліктердің қызмет ету шарттарын анықтау; мәтінде бар және мәтін құруға әсер ететін стандартты маркерлерді зерттеу. Зерттеу пәні негізгі эмотивті лексика және қазақ медиа дискурста өзекті болып табылатын ықтимал экстралингвистикалық элементтер болып табылады.

Эмотивті лексиканы зерттеу негізінде эмоциялық жүйені контекстік мәселе аясында зерттеген жөн. Негізінен, үш жетекші қазақ БАҚ-тың медиаконтентінің эмотивті лексикасын талдауға көңіл аударылады. Қарастырылып отырған іріктеу үлгілерінің ерекшеліктері мен ерекше белгілері анықталады. Берілген зерттеу жұмысында техникалық қолдау, бұқаралық ақпарат құралдарымен жасалған байланыс құрылғысы және Интернет-БАҚ пайдаланушысының байланыс құралын пайдалану тәсілі сияқты әртүрлі компоненттерді ескереді. Когнитивтік тәсіл аясында аудиторияға әсер ету мақсатында интернет БАҚ-тағы эмотивті лексиканы лингвистикалық тұрғыдан дұрыс қолдану зерттеледі. Медиа дискурстағы эмоциялар бейресми дискурсқа және, атап айтқанда, әдеттегі сөйлеу тіліне тән қолжетімділік ретінде көрінеді. Сезімталдылықтың бір бөлігі болып табылатын және адамдарға тән бұл жан күйзелісі категорияларының осы виртуалды және шектеулі кеңістікте

қалай көрінетіні талданады. Зерттеуде медиа дискурстағы осы екі категорияға сәйкес бірден әрі ойын еркін жеткізу негізінде жасалған лексиканы контекстілеу мәселесі қарастырылады.

Берілген жұмыс әртекті корпусқа бағытталған. Бұл әртектілік, әсіресе тақырыптық деңгейде, әртүрлі салалардағы эмоционалды көріністегі айырмашылықтарды көрсету үшін таңдалып алынды. Зерттеу жұмысында ең эмотивті лексемалар, олардың семантикалық өзегі мен перифериясы таңдалды. Эмоция мәселелеріндегі ең тиімді тақырыптар (спорт, аспаздық рецептер, парфюмерия, косметика, макияж, саясат, жаңалықтар және т.б. сезімдер) таңдалды, олар бірден өзараәрекет етуді талап ететіндіктен эмоция мен сезім маркерлеріне бай болып келеді. Корпусты іріктеу үш жетекші қазақ интернет-БАҚ – Zakon.kz, ҚазАқпарат, Sputnik Kazakstan негізделген, олар келесі тақырыптарды қозғайды: саясат, сұлулық, хош иістер және тағам дайындау рецептері, экспрессивтілік пен пайдаланушылардың өзара әрекеттесуін тудыратын салалар. Таңдалған интернет-БАҚ ақпарат алмасу түрінде ұйымдастырылды, көбінесе сұрақ түрінде берілген, оған басқа пайдаланушылар жауап іздейді немесе бір-бірінің жауаптарына түсініктеме бере алады, осылайша қатысушылардың интерактивтілігіне негізделген қарым-қатынастар желісін құрады. Пікірталас форумдары сияқты, таңдалған интернет БАҚ-та қамтылған тақырыптар тамақ дайындау рецептері, эстетика (иістер), спорт және саясат сияқты күшті эмоционалды реакцияларды тудыратын салаларға да әсер етеді. Әрбір домен хабарлар жинағын қосатын бір ақпарат көзінен таңдалған. Әрбір дереккөзден бірнеше хабарлама таңдап алынып, солардың негізінде талдау жасалды. Бұл таңдау әр саланың және, атап айтқанда, эмотивті лексикасы бар әрбір посттың табыстылығы және қанықтылығымен айқындалады. Екі тақырып ҚазАқпараттан, екеуі Sputnik Kazakstan-нан таңдалды.

Қолмен іріктеуді қалыптастыру үшін мәтіндер көрсетілген интернет БАҚ-тан таңдалды. Іріктеу жарияланған хабарламалардың анонимділігін сақтай отырып, қолдау мәндегі мәтіннен немесе пікірталас тудыратын сұрақтан, сондай-ақ талқылау мәндегі мәтіндерден немесе басқаша айтқанда, олардан алынған жауаптар мен түсініктемелерден құралған мәтіндерді көшіру/қоюдан басталды. Бұл жерде барлық осы хабарламаларды, соның ішінде эмотивті лексика және кейде экстралингвистикалық кескіндерді көшіру/қою туралы айтылады. Корпус қайта қарау жиілігін ескере отырып, қолмен талдау жасалды, бұл эмоционалды маркер болып табылады. Берілген контекстке, атап айтқанда, лексикалық талдау деңгейінде ең қолайлы болып табылатын Tropes бағдарламалық жасақтама да пайдаланылды. Шындығында, бұл – лексикалық және семантикалық күрделілікті шешуге бағытталған өте қуатты бағдарламалық жасақтама. Ол лексика мен семантикалық желілерді біріктіреді және когнитивтік-дискурсивті талдау жасауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламалық жасақтама эмотивті лексемалардың семантикалық классификациясын жасауға және таңдалған медиа мәтіндерден түйін сөздерін шығаруға мүмкіндік берді. Кейіннен бұл лингвистикалық және сапалық талдау жүргізуге, контексттерді ашуға және эмоциялардың классикалық классификациясы бойынша тақырыптарды оқшаулауға мүмкіндік берді. Бағдарлама таңдалған мәтіннің стилін анықтады, оны семантикалық мета-категориялар арқылы контекстке орналастырды. Сонымен қатар, бұл бағдарламалық жасақтаманы таңдау себептеріміздің бірі – берілген жасақтаманың эмоциялар қорымен тығыз қарым-қатынаста болуына байланысты, өйткені оның негізіне көңіл-күй мен жан күйзеліске қатысты сөздік қорына арналған Emotaix деп аталатын сценарийді біріктіреді. Бұл оған эмотивті сөздік қорды валенттілігі мен тақырыбына қарай сандық бағалауға мүмкіндік береді. Оның үстіне, Emotaix эмотивті лексиканың барлық терминін, оның тура және ауыспалы мағынасын ескере отырып, бұл көбінесе жақын маңдағы тілдік ортада нені білдіретініне байланысты болады, бірден анықтайды. Эмоцияны білдіруге ықпал ететін тілдік процестердің күрделілігіне тап болғанда, бір ғана экспрессивті лексикаға талдау жасау жеткілікті емес сияқты. Осы себепті бұл бағдарламалық жасақтама лексема валенттілігін өзгерте алатын синтаксистік икемділікке мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Tropes-тің күшті жақтары оның бірқатар стилистикалық, синтаксистік және семантикалық талдауларды орындау, сондай-ақ шифрлау және графикалық көріністерді қамтамасыз ету қабілетінде

жатыр. Берілген жұмыста аталған бағдарламалық жасақтама іріктеуді стиль, берілу тұрғысынан талдау жасауға және пайдаланылған экспрессивті терминдер бойынша статистика құруға мүмкіндік беретін анықтамалық универсумдарды пайдалана отырып, жиі кездесетін сөз қорын анықтауға көмектесті. Тіпес анық емес кодтау ережелеріне негізделген жоғарыдағы мазмұн категориялары үшін медиа мәтіннің ықшамдалуын қамтамасыз етті. Эмотивті лексемалардың жиілігін талдау іріктелген корпусқа лексикалық талдау жасауды қамтамасыз етті. Қолмен және автоматты талдау арқылы жасалған бұл зерттеу қазақ интернет БАҚ-тардағы эмоциялар мен сезімдердің, олардан жасалған контекстті ескере отырып, лингвистикалық көрінісін көрсетуге мүмкіндік береді.

Қарым-қатынастың үш жетекші жаңа түрлерінің ішінен таңдап алынған қолмен және автоматты түрде іріктеу арқылы жүзеге асырылатын эмотивті лексемалардың ұсынылған корпусы әртүрлі сөз таптарына жататын лексемалардан тұратын әртекті деректер жиынтығын көрсетті. Дәл осы деректер негізінде интернет БАҚ-та қолданылатын эмоционалды экспрессияның әртүрлі формаларын зерттеу процесі жүзеге асты. Іріктеу эмоционалды категорияға сәйкес келетін лексемалардың барлық түрлерін шектеуге мүмкіндік беретін классикалық эмоционалды критерийлерге сәйкес жүргізілді. Негізінде, жазудың бұл түрін сипаттайтын мультимодалдылық ескерілді. Бұл зерттеу сезімдер мен эмоциялардың лингвистикалық көрінісі оларды цифрлық контексте дискурсқа қосу кезінде қиындық тудыратынын көрсетті. Берілген зерттеу жұмысы интернет БАҚ-тың медиа дискурсындағы эмоциялар мен сезімдердің әртүрлі лексикалық көріністерін зерттеуге бағытталған. Олардың жалпы сипаттамалары эмоциялар мен сезімдердің көрінісін зерттеу үшін оларға басымдылық береді. Сөз бостандығының орны ретінде қарастырылатын бұл виртуалды пікірталас кеңістігі контент жазушыларға әртүрлі экспрессивті процестерді біріктіруге мүмкіндік берді. Шынында да, бұл аффективті категориялар лексика арқылы жиі аударылатын дәстүрлі жазбаша дискурстан айырмашылығы, бұл цифрлық кеңістікте олардың көрінісі әртүрлі лингвистикалық және экстралингвистикалық қабаттардан өтеді. Сөйтіп, бұл кеңістіктерді эмоционалды экспрессиямен қуаттайтын лексикалық және лингвистикалық көріністерді атап өттік. Бұл процестер медиа дискурстың табиғилығы мен мезеттік (кенеттік) нәтижесінде жасалды. Жеке қарым-қатынаста пайда болатын экспрессивтік құралдарды ауыстыру үшін әртүрлі паравербальды сөйлемдер қолданылған. Соңғысы алмасуды жалпы жаңғырту үшін ауызша мазмұнымен өзара әрекеттесетіндігі анықталды, бұл сөйлеушілердің экспрессивтілігін жазба тілге, әсіресе синхрондылығымен белгілі нақты бір жазуға көшіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл цифрлық контексте тілдік материалға қызығушылық таныту жеткіліксіз, сондай-ақ лингвистикалық және тілдік емес процестерді және олардың өзара әрекетін ескеруіміз керек. Мағына құрылымы мен эмотивті лексемалардың қолданысы медиамәтіннің мақсатына қарай ықпал ету әлеуеті арта түскенде жүзеге асады. Сондықтан эмотивті лексика бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды лингвистика және экстралингвистикамен өзара байланыста қарастыру маңызды. Зерттеудің практикалық мәні осыдан туындайды. Атап айтқанда, болашақта жұмыс нәтижелерін филология, психология, журналистика және семиотика пәндері бойынша оқу-әдістемелік құралдары мен курстарында қолдану мүмкіндігі болады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Sahmeni E., & Afifah N. Using Critical Discourse Analysis (CDA) in Media Discourse Studies: Unmask the Mass Media. REiLA: Journal of Research and Innovation in Language. – 2019. - №1(2). -P. 39-45.
2. Alemi M., & Tajeddin Z. (). Reflection and good language teachers. Lessons from good language teachers. – 2020. – P. 41-53.
3. Fisher E., & Mehozay Y. How algorithms see their audience: media epistemes and the changing conception of the individual. Media, Culture & Society. – 2019. - №41(8). – P. 1176-1191.
4. Suvorova E.V., & Polyakova L. S. Types of inferences in discourse. Arab World English Journal (AWEJ). - 2018. - Volume, 9.
5. Kohrs K. The language of luxury fashion advertising: technology of the self and spectacle. Journal of Fashion Marketing and Management: An International Journal. – 2020. – P. 47-51.

6. Borg S., & Sanchez H.S. (). Cognition and good language teachers. Lessons from good language teachers. – 2020. – P. 16-27.
7. Chen C., Mason D.S., & Misener L. Exploring media coverage of the 2017 World Indigenous Nations Games and North American Indigenous Games: A critical discourse analysis. *Event Management*. - 2018. - №22(6). – P. 1009-1025.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Смағұлова Г.Н.

филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры,
Алматы, Қазақстан

Шүкенай Г.Т.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Талдықорған, Қазақстан

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Ана тілінің тазалығы қашан да өзекті мәселе. Дәл қазіргі кезде қазақ тілінің тазалығы А. Байтұрсынұлы бастаған Алаш қайраткерлерінің ғасыр бұрын дабыл қаққан кезінен де өткір екендігі мәлім. Ширек ғасырды артқа тастаған ХХІ ғасыр қазақ қоғамында мемлекеттік тіл проблемаларының күрделі жағдайымен ерекшеленіп отыр. Тілдің лингвоэкологиялық аспектісімен қатар, коммуникациялық ықпалы, қолданыс дискурсы күн тәртібінен түскен жоқ.

ХХ ғасырдың 90-жылдары лингвистика мен экологияның тоғысында қалыптасқан жаңа бағыттардың бірі – тіл экологиясы. Ол этнолингвистикаға, әлеуметтік лингвистикаға және әлеуметтік-тарихи категорияларға сүйене отырып, түрлі дискурста ойды жеткізу құралын бақылайды. Халықтың тарихи жадысы тілде сақталады, сондықтан ұрпақтарды сабақтастырушы, ғасырдан ғасырға, атадан балаға мұра болып жеткен маңызды құрал ретіндегі тілдік коммуникацияға қамқорлық жасайды.

Лингвоэкология:


- тілді сақтау мен қорғау;
- тілдің дамуы мен қолданылуы;
- тіл мәдениеті мен тілдік коммуникацияны жетілдіру;
- сөз энергетикасы және тілдік тұлға сияқты нақты шараларды зерттейтін сала.

Алаш қайраткерлері еңбегінен басталған лингвоэкологиялық идеялар таза лингвистикалық бағытта қазақ жерінде өткен ғасырдың басында-ақ көрініс тапқан, өйткені «ХХ ғасырдың басы қазақ тарихында рухани ояну дәуірі болғаны белгілі. Ұлттың өзіндік белгісін сақтап қалатын негізгі қасиеттерінің бірі – тіл екенін терең түсінген қазақ зиялылары өз беттерінше білімін жетілдіре отырып, қазақ тілі бойынша оқулықтар жазған, баспасөз бетінде түрлі пікірталастар ұйымдастырып отырған» [1, 27].

Бұл ретте, қазіргі кезде жиі айтылып, қайталанып жүрген қазақ халқының ұлттық-мәдени коды ең алдымен қазақ тілінде екені белгілі аксиома. Ұлтқа аманат боп қалған «тілді сақтау» идеясы ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алатыны түсінікті.

А. Байтұрсынұлы бастаған Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде қазақ тілінің сол кездегі тағдырының жан-жақты айтылуы мен талдануын лингвоэкологиялық идеялардың тууы мен дамуы деп білу керек. Сол кезеңдерде жарияланған еңбектерді саралап оқығанда тіл тазалығы туралы қазір де өз құндылығын жоймаған бағыттар мен қамтылған өзекті тұжырымдар бар. Алаштықтардың қазақ тілі туралы соңына қалдырған пікірлерін жапылама біріктіріп, тақырыптарға топтасақ, қазақ тіл білімінің жекелеген бүгінгі ғылыми салаларындағы зерттелген, әлі де жан-жақты зерттелетін проблемалары шығады.

Олар:



Төменде А. Байтұрсынұлының осы проблемаларға қатысты маңызын жоймаған пікірлерін өзімен мүдделес Алаш қайраткерлерінің де айтып кеткен, бүгінде күн тәртібінен түспеген жағдайларға орай, дәйекті ойлары қосымша талданады.

• *Қазақ тілінің тазалығын зерделеу, экологиялық жағдайына баға беру.*

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А. Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басында қазақ тіліне «түріктің тұнық тілі» деп баға берген. Қазақ тілінің тазалығын зерделей келе, экологиялық жағдайын саралап, оның себебін «...Асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиісті. Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ» деп түсіндіреді [2, 395].

Сонымен қатар, ұрпақ алдында «20-ншы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас» [2, 399] деген пікірін келер ұрпаққа ескертуі мен жүктеген міндеті деп түсіну керек.

Тіл экологиясының ең басты міндеті – тілді сақтау, сол арқылы ұлтты сақтау. ХХ ғасырда қалыптасқан және алда болатын саяси оқиғалар жағдайында қазақтың ұлт ретінде сақталуының алғышарты, ұлттық құндылықтың қайнары, оны болашаққа жеткізуші тіл екенін Алаш көсемдері әрқашан санаға сіңіруге тырысқан.

Бүгінде аксиомаға айналған А. Байтұрсынұлының «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедағы адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен арылғаннан жеңіл болмас еді» деген пікірі оған дәлел [2, 141].

М. Жұмабаев «...Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті» деп өткір де өзекті мәселені қозғайды [3, 114].

Алайда тілді тасымалдаушы тұлға жоқта тіл де жоқ. Ж. Аймауытов оны «... Қазақ жоғалса, тілі де жоғалады; жасаса, өркендесе, тілі де өркендейді» деп түйіндейді [4, 200].

Бұл ретте лингвоэкологияны зерттеуші ғалымдар тілдің өмір сүруі экожүйедегі өзге түрлерден ерекше, табиғатта бір түрдің саны азайса, оған жойылу қаупі төнеді, ал тілді тасымалдаушы тұлғалар саны аз болса да, ол тіл өзге тілдің ықпалына ұшырамаса ұзақ уақыт өмір сүруін жалғастыра береді деп пайымдайды.

- *Білімді ана тілінде беру.*

Білімді өз ана тілінде алудың аса маңызды екендігін ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы: «Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйреген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызуды үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс» деп тұжырымдаған [2, 142].

Бүгінгі күн тұрғысынан қарасақ, Алаш зиялыларының «Білімді ана тілінде беру» туралы идеяларының қазіргі көрінісін дөп басып айтқандығының дәлелі.

Қ. Кемеңгерұлы да «Егер орта мектепте оқу орыс тілінде болса бізден еш уақытта жеткілікті оқытушы шықпайды. Ұлт мектептері, ұлт мәдениеті болмайды. Және басқа түрік ұлттары орта мектебін өз тілінде жүргізіп жатқанда, қазақтың өз алдына ауа жайылуы қисынсыз. Орта мектеп орыс тілінде жүрсе, қазақ тілінде кітап басылудың қажеті болмай қалады. Пән кітаптары қазақ тіліне аударылмайды» деп, болашақ мемлекетті дамытатын ұрпақтың ғылыми-интеллектуалды әлеуетін қамтамасыз ету үшін білімді өз тілінде берудің маңыздылығын меңзеген [5, 210].

- *Терминдерді (пән сөздерін) қазақ тілінде қалыптастыру.*

Өткен ғасыр басындағы қазақ оқымыстылары болашақта қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру міндетін қойған және сол жолда аянбай тер төккен. Тілдің қолданыс аясын кеңейту тілдің ғылым мен техника тіліне айналуымен тығыз байланысты және оның аса маңызды екенін жете түсінген.

Терминдерді бірі «пән сөзі», бірі «ғылым атауы» деп атаса да, қазақ оқымыстылары қазақтың төл сөздерінен жасау керектігін басты назарда ұстағандары байқалады. Сонымен қатар, білімпаздар шет тілден термин алғанда оны сингармонизм заңына бағындыра қолдануға, орфоэпиялық норманы сақтауға шақырады.

1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезі» болып, онда қазақ терминологиясын қалыптастырудың алғашқы қағидаттары бекітілді. Оның бірінші тармағында «А) ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу. Бұл қазақ тілінің жоғарыдағылар мен төмендегілердің, дәлірек айтқанда, сауаттылар мен сауатсыздардың тілі болып жіктелмесі үшін керек (тілдік конфликт болдырмау)» деп жазылған [2, 423].

- *Тілді жат сөзбен шұбарламау; Тіл мәдениетінің ортологиялық қағидаларын сақтау*

Қазақ халқы сөз өнерін аса бағалап, оны дамытушыларды дәріптеген. Ж.Аймауытов ділмар бабаларының салтын ұрпағының қандай дәрежеде жалғап жүргенін саралап, оған көңілі толмайды: «Қазақ баласының бір әдеті: «бөлен етіп, сонымен кетіп, содан сүйтіп...» деген тәрізді нүктесіз шұбата береді. Сөйлегенде де, жазғанда да қысқа сөйлеуге уағдалана беру керек. Ұзын әңгімені аз сөзбен қысқартып айтқызу – сөзге төселдірудің бір керекті жері. Бала түгіл, әлеумет қызметкері боп жүрген кейбір азаматтардың топтарда орыс сөзін қазақшаға аударғанын тындасаң, олақтығы көрініп тұрады: қысқаша мазмұнын өз ойымен айтып бере алмайды, сөйлеушінің сүрлеуімен түгел айтып шығам деп әуре болады. ...Аз, дәмді, тиімді сөздің қадірін қазақ та білген ғой, білмесе «ердің құнын екі ауыз сөзбен кеспей» деп, мақтамас еді. Қазақ баласы бұлдыратып, түссіз қылып сөйлейді: ақтан тигізіп, тапбасар сөйлейтін адам кем болады; көбінесе құба жондатып, тайғалақтатып, бетін қырпып, жалпы сарынға салып отырғаны» [4, 214].

Қазіргі кезде, өкінішке орай, бұл созылмалы сырқат әлі күнге дейін дауасын таппай жалғасып келеді. Қазақ тілін ауызекі сөйлеу деңгейінде меңгергендер және жоғары оқу орындары студенттері ойын қысқа, нақты, дәл, көркем етіп жеткізе алмайды.

Білімпаздар баланы ойын кестелі сөзбен, дәл, анық жеткізуге жастайынан қазақтың бай әдеби мұрасының негізінде баулыған жөн және мынаны ескеру керек деп көрсетеді: «Ертегі, әуезелердің пернелі, кестелі сөздерін тастап, баланың өз сөзімен қайта айтқызуға болмайды. Олардың маңызы қиялға әсер беріп, шарықтатуында толғаулы, суретті, сәнді сөздерді, өлең-жырларды өз сөзімен мылжалау жарамайды: олардың маңызы сезімге әсер беріп, көңілді ұйытқытуында» [4, 216]. Көркем сөзден әсерлене алған бала өзі де шешен сөйлеуге тырысады.

Ұлттық тілдің болмысын шынайы тану үшін тілдің ғана заңдылықтары тұрғысынан саралау жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың, ғасырлар бойғы дүниетанымымен, тарихымен, тұрмыс-салтымен, әдет-ғұрпымен, этномәдениетімен, ментальдық ерекшелігімен сабақтастыра зерттегенде ғана этностың шынайы болмысы ашылады. Тілдік сананы қалыптастыруда ұлттық құндылық болып саналатын шешендік өнердің қарым-қатынас коммуникацияда алатын орны айрықша.

Бұл ретте, Алаш қайраткері, ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсынұлының шешендік өнерге қатысты айтқан ой-пікірлерінде қазақ шешендік сөздеріне алғаш рет берілген ғылыми сараптаулары назар аудартады.

Алдымен қара сөзбен жазылған шығармаға «Көсем сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма б а й ы м д а м а деп аталады» деп анықтама береді [6, 353]. Жалпы А. Байтұрсынұлының қазақ шешендік өнері туралы жазылған пікірлері өз алдына жан-жақты талданатын мәселе.

Х. Досмұхамедұлы өзінің «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты еңбегінің кіріспесін «Осы күнгі қазақтың әдебиетінде шеттен кірген сөздер көбейіп кетті. Төңкерістен кейін шыққан журнал-гәзеттердің іші толған жат сөз. Білім, оқу әдебиеті де жат сөзге байыды. Заманымыздың көркем әдебиетіміз де жат сөзден құр емес.

Оқытушыға да, үйренушіге де, үгіттеушілерге де, жазушыға да, білімдіге де, білімсізге де, шешенге де, ақынға да жат сөзсіз күнелте алмайтын заман туды.

Топан суындай қаптап тілімізді жат сөздер басып бара жатқан мезгілде ескерілмей, ұмытылуға айналған тіліміздің бір негізгі заңын еске салғымыз келеді» [7, 165] деп бастаған болатын.

Өткен ғасыр басында-ақ, қазақ тіліне қатысты жай жанашырлық емес, ұлтын сүйген, болашағына алаң болған А. Байтұрсынұлы мен Алаш білімпаздарының айтып, жазып, дәлелдеп кеткен маңызды ой-пікірлері бір ғасыр өтсе де, әлі құндылығы жоғары, ас қажет теориялық құжат ретінде бағалы екендігіне көз жетті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұбаева О. Қ. Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары. Филол. ғыл. канд. дисс. автореф. - Алматы, 2002, - 27 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). - Алматы: «Ана тілі», 1992. - 448 б.
3. Жұмабаев Мағжан. Шығармалары (әдеби басылым). 2-том: Әңгіме, ғылыми еңбек, мақалалар, аудармалар, жарияланбаған өлеңдер / Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. - Алматы: «Жазушы», 2013. - 376 б.
4. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. «Комплекспен оқыту жолдары» (оқу-әдістеме), мақалалар, хаттар. - Алматы: «Ел-шежіре», 2013. Т. 6. - 384 б.
5. Кемеңгерұлы Қошке. Үш томдық шығармалар жинағы. Зерттеулері, көркем шығармалары, мақалалары / Құраст. Қамзабекұлы Д. - Алматы: «Ел-шежіре», 2013. Т. 1. - 384 б.
6. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: «Абзал-ай», 2013. - 637 б.
7. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы еңбектері. Избранные труды / Құраст.: Ғ.Әнес. - Астана: «Астана-Полиграфия», 2008. - 400 б.

АЛФАВИТНАЯ ПОЛИТИКА АХМЕТА БАЙТУРСЫНУЛЫ

В истории любого государства смена алфавита является кардинальным шагом, определяющим новые задачи и пути развития. Смена алфавита – это не просто смена букв. Неразрывная связь поколений, формирование общественного сознания и охрана историко-культурного наследия зависят от алфавитной и языковой политики.

Алфавитная и языковая политика государства является составной частью развития и сохранения национальных языков. Создание новых ценностных ориентаций, основанных на идеологических и политических концептах, осуществляется посредством алфавитной и языковой политики. При смене или реформе алфавита необходимо учитывать социально-политические и исторические факторы не только последнего столетия, но и более древнего периода в контексте истории создания и развития мировых алфавитов [10]. Несмотря на отличительные признаки большинство алфавитов, безусловно, имеют общие истоки. Видимые и невидимые связи между современными алфавитами и их взаимовлияние и взаимозависимость заставляют любого исследователя искать общий источник алфавита. Историческое развитие мировых алфавитов показывает, что они прошли весьма длительный процесс становления. Каждая буква имеет свою историю и отражает различные смыслы и понятия, связанные с религиозными, мифологическими, политическими и национально-культурными концептами [11]

Причины смены алфавита, выбор нового алфавита, пути решения и реализации должны рассматриваться с учётом исторических, филологических и педагогических факторов. Надо отметить, что в Казахстане алфавитная и языковая политика была основана на источниках, опубликованных в советскую эпоху, реже в царскую эпоху. Общеизвестно, что языковая политика, связанная с изменением алфавитов тюркских народов началась намного раньше. [8]. Сразу после принятия латиницы в 1929 году исторические источники подверглись существенным изменениям и при подготовке новых учебников начали вводить эти новые сведения, а также оценку исторических фактов [12]. В советскую эпоху исторические источники не подлежали критике, воспринимались как верные. Оценка деятельности учёных зависела от их политических и идеологических воззрений. Новая политическая система создавала новую систему ценностных ориентаций [13].

Имя выдающегося государственного деятеля, основоположника казахской филологии, поэта и писателя Ахмета Байтурсынулы сегодня известно во всем мире. К сожалению, в советскую эпоху только специалисты знали о нём, его научная и творческая деятельность, действительная оценка его творчества была запрещена в советскую эпоху.

Казахская интеллигенция начала 20 века имела разногласия по многим проблемам, непримиримая борьба противоборствующих сторон особенно проявилась в алфавитном вопросе. В основе алфавитной политики всегда заложены поэтапные изменения в духовной жизни общества. «Тюркские народы до 1930 года пользовались арабским алфавитом. Но он был адаптирован к языкам тюрков, поэтому они читали друг друга без переводчиков, то есть это был единый для всех алфавит». Идеологическое освоение Казахстана проводилось с помощью местных бюрократов в области политики, культуры и науки [8]

Ахмет Байтурсынулы видел, что за процессом латинизации стояли определённые политические и идеологические цели. Научные филологические дискуссии на эту тему не проводились. Движение латинистов проходило под лозунгами просвещения и культурного единства [4].

Ахмет Байтурсынулы хорошо знал, что ещё в 1862 году начальник Оренбургской пограничной комиссии профессор В. В. Григорьев поручил Ильминскому написать книгу на казахском языке с использованием русской графики [8]. Он был знаком с работами Остроумова, Алекторова, Ильминского и других миссионеров, где были указаны пути и решения внедрения русского алфавита без всяких изменений, дополнений и сокращений [9, 25].

Научные доктрины Байтурсынулы, опубликованные в 1912-1925 гг. посвящены подготовке школьных учебников, грамматике и орфографии казахского языка. Для возможности сравнения и восприятия языковых контактов даёт примеры не только из тюркских языков, но и заимствований из арабского и персидского языков с учётом правил их написания и произношения. При этом объясняет правила чтения реформированного алфавита с учётом возрастных особенностей, уровня образования, даёт объяснительные записки для преподавателей. Байтурсынулы уделял большое внимание составлению учебников для начальных классов. Они были опубликованы в Оренбурге, Казани, Кызыл Орде. Ахмет Байтурсынулы старался повлиять на общественное сознание народа. Газеты и журналы явились важным подспорьем для реализации этой цели [3].

В 1905 году открыто обсуждается проблема русификации системы обучения нерусских народов. Было принято решение, чтобы все тюркские народы, за исключением татар, первые два года в школах обучались на родных языках, а все последующие годы – только на русском языке, чтобы все учебные пособия были написаны на основе русской графики. На этом основании Байтурсынулы настаивает на том, чтобы в начальной школе обучение пошло на казахском языке [8].

Многочисленные исследования, посвящённые сменам алфавитов в начале 20 века, рассматривают данную проблему с позиции латинистов и арабистов. Свою концепцию Байтурсынулы изложил на Тюркологическом съезде в 1926 году. Его теория реформирования алфавита нашла своё отражение в статьях, опубликованных в газетах и журналах. Байтурсынулы понимал, что смена алфавита приведёт к коренным изменениям в развитии общества, в частности историографии и охране национально-культурного наследия. Решение о переходе на латиницу было принято в 1926 году, но сам процесс внедрения латиницы был начат в середине 19 века. Казахские учёные во главе с Ахметом Байтурсынулы хорошо понимали конечную идеологическую цель данной политики, т.е. латиница являлась мостом для перехода к кириллице. По мнению Байтурсынулы, на Тюркологическом съезде доминантной проблемой было изменение алфавита. Другие вопросы, связанные со сменой алфавита, не имели глубокого обсуждения. Подготовка к Тюркологическому съезду началась намного раньше [13]. Трижды поменяли традиционную письменность, которой веками пользовались многие народы – за исключением русских, грузин и армян. Байтурсынулы прекрасно понимал, к каким невосполнимым духовным потерям они приведут. И только теперь мы начинаем осознавать невосполнимую потерю в истории, культуре и литературе тюркоязычных народов. Необходимо особо отметить, что А. Байтурсынулы рассматривает проблему алфавита в неразрывной связи с развитием языка, методологией преподавания и обучения казахского языка и литературы.

Образовательная, религиозная и воспитательная политика неотделима от государственной политики. Смешанные школы явились важным средством реализации языковой политики. Открывавшиеся русско-казахские школы получали полную поддержку [17].

А. Байтурсынулы работал в русско-турецких школах, принимал активное участие в социально-политической жизни страны. Литературная и переводческая деятельность являлась самым важным средством достижения этих целей [6]. Известный абаевед Мекемтас Мырзахметулы подчёркивал, что «А. Байтурсынулы очень хорошо знал историю миссионерства, к тому же работал в тесной связи миссионерами. Он прекрасно понимал их конечную политическую цель» [8]. Поэтому Байтурсынулы накануне революции (газета «Қазақ», 1914, 9 мая). писал: «Для правительства выгодно иметь под рукой народ с единой

письменностью, языком, религией. Под началом Российской империи есть народы, которые пользуются разными языками, разной религией, разной письменностью. Для правительства нет ничего лучшего, если все они переведут свои языки, религию и письменность на русский лад».

Русско-казахские школы, открытые в царской России, подолжили свою деятельность в советских школах. Советская педагогика переняла по наследству не только форму обучения, но и содержание языковой политики. Данная система образования и воспитания, несмотря на некоторые достоинства, проложила путь к манкуртизации.

Ахмет Байтурсынов писал: «Казахи – это не до конца омусульманенный народ, чья религия еще не дозрела. Царское правительство посчитало это за верное условие для его быстрого перевода с мусульманской веры в христианскую и решило внести разлад в отношения между казахами и ногайцами, чтобы разъединить их. Поэтому проводилась политика обучения казахских детей на русском языке, а не на ногайском, как было прежде. Правительство открывает школы для казахских детей, чтобы казахи и ногайцы перестали понимать друг друга, оно оставило ногайцам арабский алфавит, а учебные пособия на казахском языке печатает русским алфавитом. И пока русские тянули казахов к себе, а ногайцы – к себе, те через литературу на русском языке познакомились с литературой европейских народов» [2 с. 262].

Ахмет Байтурсынулы был знаком с А.Е. Алекторовым, несколько лет работали вместе. Он понял, что Алекторов проводит миссионерскую работу среди казахов. Алекторов в статье «Что нужно для обрусения инородцев» поднимал проблему русификации казахов. По его мнению, именно «школа является главным орудием русификации инородных народов» [1].

В 1914 году Ахмет Байтурсынулы Байтурсынов в статье «Начальная школа», опубликованной в газете «Казах», писал: «...Все портило мнение сделать казахов русскими. Посредством этих школ хотят изничтожить казахский язык и перевести всех на русский язык. Хотят арабский алфавит, которым пользуются казахи, заменить на русский. Они твердят, чтобы дети учились не на родном языке, а на русском языке. Если даже будут учиться на родном языке, то пусть учатся посредством русского алфавита... Правительству нужно, чтобы все население государства говорило на одном языке, исповедовало одну религию, писало одним алфавитом, а каждому народу нужно, чтобы сохранились его язык, религия, письменность...» [8]. В этом заключается суть алфавитной политики Ахмет Байтурсынулы. Интересно, что Ильминский предлагал для букв, которых нет в кириллице, использовать латинские буквы. А. Байтурсынулы, понимая, какие проблемы могут возникнуть, пока тюркские народы научатся латинице, а потом и кириллице, предложил сразу же перейти на русский алфавит. Ахмет Байтурсынулы отмечал, что алфавит в первую очередь обязан служить национальному языку, это природная закономерность языка.

Казахская интеллигенция, стоявшая у истоков создания Алаш орды была морально и физически ликвидирована [4]. В течение десяти лет дважды поменяли алфавит, в 1930 году вместо арабицы ввели латиницу, а в 1940 латиницу заменили кириллицей. В 1940 году кириллица прочно вошла в обиход всех тюркоязычных народов советского Востока [12].

Ахмет Байтурсынулы был многогранным исследователем. Его волновали история цивилизаций, проблемы этнографии, фольклора. Учёный понимал, что проблема алфавита напрямую связана с языком и историей. Его работы по литературе, культуре, этнографии хорошо отражают его национально-историческую картину мира [6].

А. Байтурсынов осознавал, что язык является сокровищницей историко-культурного наследия, мерилем национального духа и, потеряв язык, можно стать манкуртом. Деформация ценностных ориентаций начинается с пренебрежительного отношения к родному языку, незнания своей истории, ограниченного словарного запаса, неправильного произношения написания казахских слов, в особенности антропонимов и топонимов. Заимствованные слова в казахский язык вошли, сохранив суффиксы и окончания иноязычных слов. И какой бы алфавит не использовался, важно смысловое содержание

номинативных единиц, в частности топонимов, антропонимов, названий газет и журналов и т.д.

Ахмет Байтурсынулы на основе сопоставительного анализа алфавитов, пришёл к выводу, что нет необходимости менять алфавит. Байтурсынулы отмечал, что речь о новом алфавите может стоять только тогда, когда нет алфавита. По его мнению, латинский алфавит не имеет особого преимущества. И действующий казахский алфавит является идеальным.

В начале 20 века Ахмет Байтурсынулы, говоря о приоритете арабицы, имел в виду сохранение национального языка: По его мнению, обучение на родном языке, особенно в начальной школе, очень важно для сохранения национального самосознания. Байтурсынулы уделяет большое внимание обучению и воспитанию казахской молодежи. Он не против изучения других языков, в частности русского языка. Ахмет Байтурсынулы уделяет большое внимание проблемам реформы системы образования. Он заложил основы методики преподавания казахского языка. Проблемы словообразовательного потенциала казахского языка, вопросы терминообразования, сохранение словарного запаса были неотъемлемой частью алфавитной политики А. Байтурсынулы. Он предусмотрел все проблемы, связанные с изменением алфавита. С 1930 года в языковой политике началась официальная советизация. Например, составление словарей становится не только объектом лингвистических исследований, но и становится орудием государственной политики. Толковые и объяснительные словари включают примеры новой идеологии, новых ценностей. Ведь и сегодня эти проблемы являются актуальными [10]. В 1936 году в Улан-Удэ была проведена филологическая конференция, где латиница подверглась критике со стороны тюркских представителей [8]. Сегодня мы видим, что данный процесс повторяется.

Ахмет Байтурсынулы был прав. Выросло поколение, которое знает родной язык на бытовом уровне, терминологическая лексика иноязычная. Если в конце 19 века стоял вопрос выбора существующей арабицы и новой латиницы, а после принятия латиницы в 1929 году подняли вопрос перехода к кириллице, то после распада СССР вновь общество поставили перед выбором. Кириллица обычно ассоциируется со славянским миром, но даже при поверхностном анализе готского алфавита можно увидеть общность букв. В этих алфавитах имеют место и рунические знаки. Видимые и невидимые связи между современными алфавитами и их взаимовлияние и взаимозависимость заставляют любого пытливого исследователя искать общий источник алфавита. Споря о приоритете алфавитов, никто не задумывается к какому алфавиту относится буква «А» или буква «К». Хотя буква «Q», которая сегодня используется как эквивалент казахской буквы «Қ» заслуживает отдельного исследования. Казахская буква Қ могла бы быть оставлена как показатель национального алфавита [8].

В Казахстане в начале 20 столетия были идеологические столкновения между «арабистами» и «латинистами», а в конце 20 столетия алфавитная проблема вновь превратилась в дискуссию между «кириллистами» и «латинистами». Постановка проблемы и сегодня далека от филологических решений проблемы. Поэтому алфавитная и языковая политика Байтурсынулы является очень важной и актуальной.

Историческое изменение определённого алфавита не всегда является выбором общественности. Экстралингвистические факторы, связанные с преобразованием общества, играют доминантную роль в этом процессе. Для создания нового алфавита необходимо определить методологические критерии выбора графической системы. Данная проблема предусматривает комплексный системный анализ возникновения и разветвления алфавитов с учётом не только современного его состояния, но и лингвистических факторов, учёт опыта заимствования и совершенствования. При анализе различных теорий письма, основанных не только на лингвистических критериях, но и на социально-политических, религиозных, национально-культурных факторах, обращает на себя внимание то, что становление и совершенствование любого алфавита очень длительный процесс. В исторических алфавитах наблюдается поэтапное реформирование и самостоятельное разветвление новых алфавитов, в том числе и латиницы, основанных на рунице.

Как известно, Ахмет Байтурсынулы адаптировал арабицу с учётом национально-языковых и лингвистических факторов. При этом хорошо изучил опыт и практику смены алфавита других языков, достижения графических систем, что позволило ему сделать правильный выбор, от которого будет зависеть будущее страны. В связи с этим представляется возможным реформирование действующего алфавита, адаптация с учётом особенностей национального языка. Возможна частичная смена алфавита, видоизменение графических знаков, изобретение новых букв, введение диакритических знаков. Использование потенциала различных графических систем, в том числе и казахской кириллицы, было бы продуктивным.

В современном Казахстане переход на латиницу рассматривают как национальный проект. Но необходимо помнить, что процесс перехода с арабицы на латиницу (1929) и с латиницы на кириллицу (1939) тоже проходил под лозунгом национального проекта. Учитывая данные исторические факты, необходимо определить смысловое содержание понятия национального. В этом отношении анализ алфавитной и языковой политики Ахмета Байтурсынулы представляется важным.

Официальная историография всегда оставалась под влиянием и контролем официальной идеологии. В такой ситуации «авторская воля» без поддержки общественного сознания остаётся нереализованной, ожидая своего часа при условии сохранности текстов. Невзирая на критику, Байтурсынулы Ахмет, просвещая народ, продолжал работать во имя будущего своего народа.

На сегодняшний день с развитием цифровых технологий работы А. Байтурсынулы доступны широкому кругу исследователей. В Турции имя А. Байтурсынулы широко известно научным кругам. Очень много работ, диссертаций и статей, посвящённых его творчеству (А.В. ERCİLASUN, *Kazakçanın Latin Alfabesiyle Yazılması Konusunda Düşünceler*; BİRAY, N., *Ahmet Baytursınılı'na Göre Kazak Türkleri Yazılı Edebiyatının Dönemleri ve Türleri*; BİRAY, N., *Ahmet Baytursinoğlu ve Eserleri (1873-1937)*; ALİBEKİROĞLU, S., *Kazak Âlimi Ahmet Baytursunoğlu'nun Hayatı ve Eserleri*; KALP, Muhammed Buğra. *Ahmet Baytursınılı'nın Cana Mektep Dergisindeki Eğitim Öğretim ve Dil Yazıları*; TÜRK, V., *Kazak Aydınlanma Hareketi İçerisinde Ahmet Baytursinov ve Çalışmaları*; AŞA, E., BANBERGENOVA R., *Kazak Türklerinin İlk Lengüist ve Metodist Bilgini Olan Ahmet Baytursunoğlu Hakkında Birkaç Söz*; DÜYSEBAYEVA, D. “*Bir Kazak Şairi: Ahmet Baytursinoğlu*”; KÖBEY, H., *Kazak Dil Bilgini Ahmet Baytursinov*; ÖZDEMİR, E., *20. Yüzyılın Başlarında Kazakistan'da Fikir Hareketleri*; TAMİR, F., *Ahmet Baytursinoğlu ve 1926 Bakü Türkoloji Kongresi*”; KARA, A., *Türk Dünyasının Aydınlatılmasında Kazak Aydınlarının Üstlendiği Görevi* и др.). В этих научных исследованиях достаточно подробно описывается общественно-политическая жизнь Казахстана, деятельность выдающегося просветителя, учёного Ахмета Байтурсынулы в очень сложных идеолого-политических условиях. Например, Нергиз Бирай очень подробно описывает общественно-политическую жизнь Казахстана, роль Байтурсынулы в пробуждении национального самосознания, его научную и творческую деятельность. В особенности отмечается его роль в развитии газетной публицистики. Именно газеты и журналы стали ареной филологических и политических дискуссий, платформой для просвещения народа. Такие проблемы, как обучение на родном языке, делопроизводство на казахском языке, подготовка учебников на разных уровнях, подготовка высококвалифицированных преподавателей, национальная концепция образования и воспитания являются актуальными и сегодня.

В конце 20 столетия после распада СССР начал обсуждаться вопрос о том, какой алфавит подходит для казахского языка: кириллица или латиница? Алфавитные дебаты проводились без учёта исторических реалий. Вот уже три десятилетия Казахстан на государственном уровне решает проблемы перехода на латиницу. Как известно, латинский алфавит реформировался на протяжении столетий. Истоками латинского алфавита принято считать этрусский, древнегреческий или финикийский алфавиты. Сравнение этрусского, латинского и греческого алфавитов показывает общие графические знаки с

орхонскими руническими знаками. В результате исторических и языковых контактов различных народностей алфавиты видоизменялись, происходило некоторое смешение и заимствование алфавитов. Если сравнить этрусский алфавит с орхонскими знаками, то похожесть графических знаков не оставляет никакого сомнения. Все современные алфавиты имеют общие исторические корни. При создании нового алфавита нет необходимости полностью ориентироваться на алфавит какого-либо определённого языка. Анализ букв показывает небольшие изменения, которые проявляются в удлинении, укорачивании, округлении, переворачивании или добавлении диакритических знаков и т.п. [10]. Исходя из вышесказанного, можно использовать методику Ахмета Байтурсына в проведении реформирования настоящего алфавита.

Теоретической основой алфавитной политики Ахмета Байтурсынулы являются национальное образование и воспитание, которые должны быть основаны на национальной педагогике и национальной психологии. Методологические основы данной алфавитной политики могут быть использованы и сегодня. Исходя из этого, алфавитная политика Байтурсынулы, историко-культурная и методологическая концепция реформирования алфавита должна быть исследована с учётом явной повторяемости исторической ситуации.

Творческая и научная деятельность учёных в переходный период, выбор поведения требует знаний, смелости, моральной устойчивости. В этом контексте национальная личность Ахмета Байтурсынулы, его научная и общественно-политическая деятельность, комплексные знания в области историко-филологических проблем, выбор поведения в экстремальной ситуации можно охарактеризовать как научный подвиг, как героический поступок, являющийся моделью поведения в переходные этапы в жизни страны.

Литература

1. Астраханский листок. – 1892. - № 207.
2. Байтурсынов А. Произведения. Стихотворения, переводы, исследования. - Алматы, 1989.
3. Байтурсынов А. Ақ жол. – Алматы: «Жалын», 1991.
4. Biray N. Kazak'ın İrge Taşı, Alaş'ın Sesi: Ahmet Baytursinuli // Bilim ve İnsan. Şahsiyetini İnşa Edenler. Ed.: Z.B.Özer, F.Yapıcı, Ş.Aktay. Gazikitabevi, Ankara, 2018. S.159-176.
5. Biray N. Ahmet Baytursinuli Şiirleri Üzerinde Dil ve Uslup İncelemesi// Bilgeoğuz Yayınları, 2011.
6. Düysebayeva D. Bir Kazak Şairi: Ahmet Baytursunoğlu. Kardaş Edebiyatlar. Erzurum, 1994. 27:9-11
7. Кауфманский сборник. - М., 1910.
8. Mirzahmetuli M. Kazakları Ruslaştırma Siyasetinin Bilinmeyen Yönleri. Çeviren Sonnur Aktay. Bengü Yayınları, Ankara, 2020.
9. Остроумов Н.П. Отчет Туркестанской учительской семинарии за XXV лет ее существования. -Ташкент, 1904,
10. Özer Z.B. Rus Dilinin Gelişme Evreleri. Ankara, 2004.
11. Özer Z.B. Smena Alfavita (K Probleme Latinskoy Grafiki // VI. İntenational Conference Building Cultural Bridges. Volume I. (April 24-26). SDU. s.124-131. Almatı, 2014.
12. Özer Z.B. Sovyet Dönemi ve Sonrası Orta Asya'daki Alfabe Politikaları //Orta Asya Türk Kültürünün Anadolu Kültürüne Etkileri. Uluslararası Sempozyumu Bildiri Kitabı. Ankara, 2019.
13. Özer Z.B. Sovyet Dönemi Alfabe Politikaları. Prof.Dr. Altan Aykur'a Armağan. Rus Dili ve Edebiyatının İzinde. Ed. Prof.Dr. Ayla Kaşoğlu Çeviribilim Yayınları:24. s.358-377. İstanbul, 2016.
14. Özer Z.B. Kazakistan'da Alfabe Değişimine Yeni Bir Yaklaşım, 38. İCANAS , 10-15 Eylül 2007. Bildiriler, III.cilt s. 1319-1331. Ankara, 2011.
15. Özer Z.B. К родникам тюркской культуры. Вестник тюркского мира. Российская Академия Наук . 2017. 1(11), с.37-43.
16. Özer Z.B. Аксиологическая оценка национально-культурных кодов// Национальные культуры в межкультурной коммуникации. Часть 1. Социально-исторические аспекты межкультурного взаимодействия. Ред. Э.А. Усовская. Минск, 2016. с. 321-330.
17. Somuncuoğlu B.T. Çarlık Rusyası Dönemi Türkistanı'nda İslam ve Modernleşme //TSA / YIL: 18 S: 2, Ağustos, 2014.

Имаханбет Р.С.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы,
Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі жетекшісі

Аширова А.Т.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТІЛ, ӘДЕБИ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Андату. Ардақты да аяулы есімді бұл күні білмейтіндер некен-саяқ. Өйткені, ұлттығымыздың айғағы туған тіл туралы сөйлесек, Ахмет Байтұрсынұлының ардақты есімі қатар айтылады. Оны айтпасқа құқымыз жоқ. Себебі, қазақтың ана тіліне ғылыми жүйеде түрен салып, негіздеуші – АХМЕТ! Тізбелеп көрейікші: *Біріншіден*, ХХ-ғасыр басында жетілген жұрт тілінің жетегінде адасқан алаштың әліпбиі мен әліппесін ұлттық болмысқа ылайықтап түрледі, түзді. Дәлел – 1912-ші жылы Орынборда жарық көрген Оқу құралы: қазақша әліппе кітабы; *Екіншіден*, жұртымыз орыс патшалығына бодан болып тұрғанда «қырғыз» атанған еліне *Қ А З А Қ* деген төл атауын қайтарды. Дәлел – Орынборда 1913–1918-ші жылдары жарияланған «Қазақ» газеті; *Үшіншіден*, Қазан төңкерісімен келген «Жер жүзінің еңбекшілері, бірігіңдер!» дейтұғын бейнетқорлар көсемі Лениннің бұқараға беретін теңдігі кезінде ұлтына дербес ел болу үшін шекарасы анықталған автономия әперді. Дәлел – Орынбордың 1920–1924-ші жылдары қазақ елінің рухани ордабасы болуы. Тізе берсең, ұлт алдында тарихи істері таудай теңдессіз тұлға, кемел ер *кім?! Әлбетте*, ол – *Ахмет Байтұрсынұлы!* ХХ-ғасыр басында ел мүддесі үшін күрескен тұлғаны замандастары «*Қазақ халқының көсемі*», «*ұлттың ар-ұжданы*» деп ұлықтап, есімін тура атамай, «*Алаштың Ахаңы*» деп дәріптеген. Тәуелсіз мемлекет болып танылған Қазақ елінің *өткені, бүгіні, келешегі* туралы айшықты ойлар, келелі пікірлер Алаш Арыстары мұрасына тиесілі. Халқымыздың іргелі ел болып қалыптасуында ерен еңбек еткен ардақты тұлғалардың есімдері мәңгілікке жазылып, Отан тарихынан орнын алды. Жүзжылдықтар тоғысында егемен елінің тарапынан Қазақ тіл білімі мен ұлттық әдебиеттану ғылымын негіздеуші Ахмет Байтұрсынұлы «*Ана тілдің айбары*» медалі және «*Ғасыр саңлағы*» алқа белгісімен марапатталды. Ғалым есімі оралғаннан бері, шығармалары бірнеше дүркін басылып, ұлттың көзайымына айналды. Мәселен, ғалым мұрасына қатысты тіл, әдебиет, тарих, заң, көсемсөз, философия, педагогика, психология т.б. мамандықтары бойынша 60-қа жуық кандидаттық, 30-дан аса докторлық диссертациялар қорғалды. Әлбетте, бұл жазылған зерттеулер біліктілігі жағынан қарастырылған салалары бойынша меңгерілген тақырыптар екені даусыз.

Бұл күні тұлғаның мұрасын зерделеп, кеменгердің кемел ілім-білімін ұрпаққа таныту мақсатында жазылған зерттеулер легі жетерлік, тіпті жылдан-жылға толыға түсуде. Атап айтсақ, әдебиеттанушы Р. Нұрғали (Ахмет Байтұрсынұлы. 1990.-32 б.), тілші ғалым Р. Сыздық (А. Байтұрсынұлы. 1990.-52 б.), тұлғаның немере інісі С.Кәкішев (Ахаң туралы ақиқат. 1992.-112 б.), өзбек елінің қазақ ғалымы М. Джусупов (А. Байтұрсын және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. 1992.-216 б.; Фонемография А. Байтұрсынұлы и фонология сингормонизма. 1995.-176 б.), физик М.-Х. Сулейманов (Яркий носитель духа человечности. 1997.-18 с.), көсемсөзші Ж. Байтелесова (Публицистика А. Байтұрсынұлы. 1998.-78 с.; Роль публицистики А. Байтұрсынұлы в формировании общественного сознания. 2002.-132 б.), тілші Ш. Жалмаханов (А. Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы. 1997.-68 б.), әдіскер-тілші А. Қыдыршаев (А. Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. 1998.-132 б.), жазушы Б. Ілияс (Алтын бесік. 1998.-260 б.), педагог Р. Үсембаева (А. Байтұрсынұлы мұралары арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу. 1999.-150 б.), педагог Б. Иманбекова (А. Байтұрсынұлының педагогикалық мұраларын колледждерде пайдаланудың жолдары. 2000.-130 б., А. Байтұрсынұлының тәлімдік ой-пікірлерін оқу-тірбие жүйесінде пайдалану. 2002.-150 б.), педагог

Қ. Ыбырайжанов (А. Байтұрсынұлының білім жайлы педагогикалық мұралары. 2001.-150 б.), ақын, көсемсөзші Н. Бектемісұлы (Ахмет ұшқан ұя. 2001.-128 б.), жазушы Қ. Сәрсекеев (Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі жайлы ой-түйін. 2003.-80 б.), философ Қ. Ашекеева (А. Байтұрсынұлының философиялық көзқарастары. 2003.-129 б.), ақын, көсемсөзші С. Оспанұлы (Ахмет өскен ақындық орта. 2004.-204 б.), тілші Қ. Ибрайымов (А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі терминология және стилистика мәселелері. 2005.-119 б.), мұратанушы Р. Имаханбет (А. Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы: мұрағат құжаттары негізінде. 2006.-130 б.; Ғасыр саңлағы: А. Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. 2010.-304 б.), әдебиетші Ө. Әбдиманұлы (Ахмет Байтұрсынұлы: зерттеу-эссе. 2007.-296 б.; Ахметтану: оқу құралы. 2015.-273 б.), әдебиеттанушы Ұ. Еркінбаев (Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану ғылымының контекстінде. 2007.-125 б.; «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі. 2008.-136 б.), жазушы Т. Жұртбай («Ұраным – Алаш», 3 кітап. 2008.-472 б., 2011.-464 б., 2012.-648 б.), тарихшы Г. Тұрғараева (А. Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. 2009.-155 б.), түрік ғалымы, тілші Н. Бірай (А. Байтұрсынұлы өлеңдерінің тілі һәм стилистикалық зерттелуі. 2011.-446 б. / N. Biray. Ahmet Baytursinuli Şiirleri Üzerinde Dil ve Üslup İncelemesi. 2011.-446 v.), мемлекеттік қайраткер К. Мәсімов (Судьба Учителя / Ұстаз тағдыры: Ахмет Байтұрсынұлы. 2011.-340 б.), әдебиетші Г. Абитова (А. Байтұрсынұлы жариялаған «Ер Сайын» жырының поэтикасы. 2012.-115 б.), жазушы А. Ахетов (Властелин духа: роман. 2015.-256 с.), тілші-ғалымдар: М. Джусупов, Қ. Ибрайымов (А. Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика. 2015.-215 б.), ақын . Тұрғынбекұлы (Ахмет – Іңкәр: Дастан. 2016.-100 б.), әдебиетші А. Ойсылбай (А. Байтұрсынұлы: «Әдебиет танытқышындағы» қазіргі әдебиет теориясы. 2015.-200 б.; А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» сөз өнері мен поэтика мәселелері. 2016.-288 б.), орыс ғалымы, тарихшы Татьяна Тугай (Оренбургский путь А. Байтурсунова. 2017.-118 с.), музейтанушы Р. Сахыбекқызы (А. Байтұрсынұлы: фотожинақ. 2017.-240 б.; Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйі: құрылымы, дамуы, жүйеленуі, зерттелуі. 2017.-288+32 ж.б.) және т.б. Сонымен қатар, тарихшылардың кең тақырыпта қарастырған ғылыми зерттеулері бір төбе. Бұдан бөлек академик-ғалымдар: М. Қозыбаев, К. Нұрпейіс, З. Ахметов, З. Қабдолав, Р.Нұрғали, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, К. Сағадиев, М. Қойгелдиев, М. Жұрыновтардың мақалалары бар. Ақиқатында, тұлғатану һәм мұратану мәселелері бойынша ахметтану тақырыбына жазылған барлық зерттеудің маңызы зор.

Зерттеудің көкейкестілігі. Егемендік алғаннан бері ғылымда жүріп жатқан жаңару үрдісі өткен тарихымызды жан-жақты дұрыс бағалауға, рухани құндылықтарды қазіргі оқу-ағарту, тәрбие беру ісінде кеңінен пайдалануға жол ашты. Әсіресе ұлттық педагогикамыздың жаңғыруына байланысты ұлттық болмыстың бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қажет екені анық. Осы бағыт бойынша ахметтану мәселесінің көкейкестілігі және оның ұлттық ғылым тұрғысынан зерттелуі кенде емес. Жоғарыда аталған 30 туындыгердің (кейбірінде бірнеше кітап) ағартушының мұрасына тікелей қатысты жазылған 38 еңбек бар. Оның 1-еуі роман, 1-еуі ғашықтық дастан, 1 фотожинақ, 1 ғылыми жинақ. Қалған 34 ғылыми зерттеулер. Мұнан бөлек, 1 энциклопедия, 3 библиографиялық көрсеткіш және 30-ға жуық халықаралық, 50-ден аса республикалық конференция материалдары бар. Және Алаштану тақырыбына орай жазылған барлық тұлғаға арналған жинақтарда Ахметтің шығармашылық мұрасына қатысты материалдар легі үздіксіз шығуда. Бұған ақпараттық, танымдық мақалалар мен арнау өлеңдерді қосыңыз.

Бұдан шығатын түйін Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы зерттеу нысанына айналғалы сан қырынан қарастырылып, ғылыми айналымға түсті. Ендігі мәселе осы зерттеулер мен түрлі жинақтардағы тұлға мұрасына қатысты тақырыптың мәні мен мазмұнының қаншалықты ашылуында. Атап айтсақ, академик Р. Сыздық бағасын берген «Ахмет Байтұрсынұлы – тек қана лингвистика мен әдебиеттану салаларының емес, жалпы *«ұлттық ғылымның негізін салушы»* ретінде толық мойындалған тұлға» ретінде таныта алдық па?! Кейбір еңбектерді саралап көрелік. Мәселен, Қазақ ұлттық ғылымындағы ағартушылардың ірі өкілдері деп Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсаринді айтамыз әрі мақтан тұтамыз.

Осы кемеңгер тұлғаларымыздай *ағартушылығы* өз заманында-ақ мойындалған Ахмет Байтұрсынұлын да келешекте Шоқан, Абай, Ыбырай есімдерімен қатар айту – ұлттық ғылымның мойнындағы парызы. Сөзіміз дәлелді болу үшін тұлға түрлеген Қазақ әліпбиінен бастап шығармашылық мұрасы туралы айтылған айшықты ғылыми тұжырымдарға жүгінелік. Мәселен, өзге ұлт өкілдерінің түркітанушы ғалымдары: А.Н. Самойлович «Байтұрсын Ахмет Байтұрсынұлы» (1919), Е.Д. Поливанов «Қырғыз-қазақ жана (Байтұрсын) орфографиясы» (1924), Н.Ф. Яковлев «Әліпби құрылымының математикалық жүйесі» (1928) туралы ғылыми зерттеу мақалаларын жариялады. 1930-шы жылы Мәскеуде жарық көрген Әдеби энциклопедияның 1-томына Ахмет туралы қысқаша анықтамалық, 1931-ші жылы осы жинақтың 5-томына ағартушы түзген «Қазақ әліпбиі» енді. 1967-ші жылы Америка құрама штаты Нью-Йоркте «Орталық Азия Ресей билеуінде» / «Central Asia a Century of Russian Rule» атты ғылыми-зерттеу жарық көрген. Зерттеуді – Колумбия университетінің профессоры Эдвард Олуорттың жетекшілігімен шәкірттері: Ян Муррей Мэтли, Карл Х. Мэнгес, Джонна Спектор, Артур Спрагпен бірлесіп шығарған. Ғылыми зерттеуде Орта Азия халықтары мен қазақ халқының экономикалық, саяси, мәдени даму жолдары туралы, олардың ұлттық сезімінің оянуы, зияткерлік жағынан өсуі, әдебиетінің дамуы жөнінде, әсіресе, әр халықтың осы үлкен саяси істерде зор қызмет көрсеткен қайраткерлері туралы мағлұмат берген. Бір таңқаларлығы, осы 1967-ші жылы кеңестік жүйе «халық жауы» деп қаралаған Ахмет Байтұрсынұлы туралы «25 бетке» жуық мәлімдемелік деректер қамтылып, оның саясат, әдебиет, мәдениет саласындағы ерен істерін ерекше бағалайды. Ағартушының көзілдірікті (пенсне) сүгіретін беріп: «Қазақ жазуының көшбасшысы» деп жазған (176-б.). Мұнан бөлек, «Байтұрсынұлы шын мәнінде, ең маңызды саяси тұлға болды» деп, қазақ көсемін «Ахмет Байтұрсынұлын кім өлтірді?», «Ақиқатында, әрбір жойылған өмірлер үшін кім жауапты? Және кінәліні жария етіп, неге талқыламасқа?» деген сауал қояды (Б.236, 389). Бұл қасіреттің 1956-шы жылы көтерілгенімен, кеңестік жүйедегі сталиндік режим: «жеке басқа табынудың» салдарынан, 1937–1938-ші жылдары жаппай «нақақ» жазаланғандардың «ақ-қарасы ашылмағанын» жазған. Ағартушының аяулы есімі ақталмаса да, 1974-ші жылы түркітанушы А.Н. Кононов «Байтұрсын Ахмет Байтұрсынұлы» туралы ғылыми анықтамалық сипаттама берген. Ал, 1985-ші жылы Оксфордта шыққан «Казахи о русских до 1917 года» атты жинаққа М. Дулатұлының Ахмет Байтұрсынұлы туралы биографиялық очеркі енді. Жоғарыда аталған А. Самойловичтің «Литература Востока» атты журналдағы «Литература турецких народов» (Түркі халықтарының әдебиеті) деген мақаласында Ахметтің ғалымдық қайраткерлігі жөнінде: «...Он – реформатор орфографии казахского языка, основоположник его грамматики и основатель теории казахской литературы», - дейді (78-б.). Йағни, Ахметті қазақ тілі орфографиясының реформаторы, қазақ грамматикасы және қазақ әдебиеті теориясының негізін қалаушы деп нақты баға берді. Е. Поливанов «Бюллетень Среднеазиатского государственного университета» атты Ташкенттен шыққан журналдың жетінші басылымында Қазақ жазуы (орфография) мен таңбасының таласты мәселелері тақырыбы бойынша ұлт әліпбиіне «Байтұрсуновская графика» деген атау береді. Жаңа емле туралы: «...эту последнюю форму, которую приняла казах-киргизская графика в 1924 году, (...) считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным правом могут гордиться киргизские деятели просвещения – создатели реформы как крупным культурным завоеванием» деп, тарих алдында әділетті бағасын берген (53-б.). Лингвист ғалымдар әліпби таңдаудағы Ахмет Байтұрсынұлының «*төте жазу: Қазақ емлесін*» ұлттық таңбаның қалыптасып, мойындалуындағы ең ірі мәдени жетістікке теңеді. Орыс ғалымының «...енді түзетуді қажет етпейтін, тарихи тұрғыдан алғанда кемелденген, жетілген ұлттық графика» деген ғылыми тұжырымы қазақтың қалыптасушы жаңа ұлттық ғылымына зор мақтаныш әкелді. 1933-ші жылы «Қазақ өлкелік баспасынан» жарық көрген, авторлары: М.П. Баталов пен М.С. Сильченконың «Очерки казахского фольклор и казахского литературы» атты еңбегінде А. Байтұрсынұлы қызметінің мәні мен

маңызы, қазақ халқының әлеуметтік және мәдени санасын оятудағы сіңірген еңбегі атап көрсетілген (2-б.).

Тұлғаның замандастары Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы, Елдес Омарұлы, Телжан Шонанұлы, Сәкен Сейфуллин, Смағұл Садуақас, Мұхтар Омарханұлы және тағы басқалар «...Ақаң түрлеген ана тілі», «...Жаңа алфавит тіліміздің таза сақталуына, ...әлемдік мәдениетпен араласуға, ...халық мектептерінің өркендеу жолына алып адым жасады», «Қазақ әліпбиі» мен «Қазақ тілінің дыбыс және сөз жүйесі» атты оқулықтарының өн бойына сыйғызған өзекті өзгерістерінің өзі қазақ грамматикасына бөлекше реңк әкелді» дейді. Отандастары сол тұста-ақ, Ахмет әліпбиінің жұртшылық тарапынан зор қошеметке бөленгенін айтып, ақпарат беттерінде жарыса жазды. Тіпті, осы төте жазуды негізге алып, көрші елдердің қырғыз, әзербайжандар тағы-тағы басқалардың «тіл көшін» түзегені тарихтан белгілі.

Тәуелсіздік кезең әдебиетінің ғалымдары: Ш. Елеуенов Ахметтің аудармаларын «*төлтума*», Ж. Ысмағұлов «*қыр еліне қыдыр болып дарып, қазақ санасына қырық түрлі кеселдің даруындай сіңді*», С. Қирабаев «*қазақтың тұңғыш революцияшыл-демократтар қатарындағы бірегей тұлға*», Р. Нұрғалиев «*қазақ әдебиетінің алтын гасыры*», Т. Кәкішұлы «*Ахаңның азаматтығын айқын танытқан, интернационалистерді үркітіп, айғай-шу шығарған, «ұлтшылдықтың манифесі*», тілші-ғалымдар: Р. Сыздық «*қазақ сөзінің икемділігін (сөз жасау қабілетінің), үндестігін (ұйқас, әуендес келетіндігін) шебер пайдаланған*», Ө. Айтбай «*қазақ терминологиясының атасы*», Е. Жанпейісов «*Байтұрсынұлы дәуірі*», «*Байтұрсынұлы гасыры*» деп ғылыми зерттеулерінде талдап таратып, бағалады. Шындығында, Байтұрсынұлы негіздеген термин жасау ғылымының жалғасын таппауы, зерттеуші өзі айтып отырғандай 30-шы жылдары Алаш зиялылары кеңестік жүйенің содыр саясаты салдарынан қуғын-сүргінге ұшырауы себепті іске аспай қалды емес пе?! Ендеше, Ұлттық терминнің үзіліске ұшырауына Ахметтер емес, «*басқарушы биліктің сыңаржақ саясаты*» кінәлі екенін бүгінгі ұрпақ білуге міндеттіміз. Тіл маманы Ш. Құрманбайұлы «Алаш және терминтану» атты зерттеуінде, оның 10-15 жылда ұлтқа жасаған қызметін ғылыми дәйектемелер бойынша саралап, атқарған жұмыстарын былайша жіктейді: «1) Қазақ тілі білімінің терминологиясын жасаушы; 2) Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым, осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған; 3) Әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған; 4) Қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым; 5) Жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға; 6) Қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы; 7) Қазақ оқығандары жасап, ресми бекіткен терминология қағидаттарын бүкіл түркі халықтарына ұсына отырып, түбі бір туыстас тілдердің терминологиялық қорының ортақтық сипатын арттыруды көздеген кең тынысты түрколог ғалым» (Б. 29-46).

Әлбетте, бұл тізбектелген салалар бір адамның басына аз жұмыс емес. Егер А. Байтұрсынұлы басқарушы билік тарапынан 5 рет сотталып, 2 рет жер аударылмағанда өзі сүйген өз ұлты үшін тағы талай жұмыстарды атқарар еді. Зерттеуші қарастырып отырған терминология саласы бойынша Ахметтің даралығы мен даналығын нақты көрсете алған. Ш. Құрманбайұлы түйін сөзін «*аса көрнекті тілші ғалым*» деп қорытыпты (53-б.). Бұған қосарымыз: Ахмет Байтұрсынұлы егемен елінің ұрпағы тарапынан «*Ана тілдің айбары*», «*Ғасыр саңлағы*» деп ұлықталған ұлы ағартушы, ғұлама ғалым хәм кемел тұлға. Нақтырақ, қазақ тіл білімі мен ұлттық әдебиеттану ғылымының негізін салушы теоретик ғалым.

Енді ағартушы ұстаз А. Байтұрсынұлы оқулықтарының өміршеңдігіне қайта оралсақ. Мәселен, мемлекеттік мұрағаттарда қатталған тарихи деректермен қатар, өмір тәжірибесінде оқу-ағарту саласы бойынша ұрпақтың сауатын ашу үшін үнемі қолданып жүрген әліппе, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану оқулықтары дәлел. Сөзіміз дәлелді болуы үшін осы оқулықтардың ағартушының көзі тірісінде басылуын ретімен тізімдеп, баяндап көрейік:

1).Қырық мысал. 1909, 1913, 1922 – 3 рет; 2).Маса. 1911, 1914, 1922 – 3 рет; 3). Оқу құралы. Қазақша алифба. 1-кітап. 1912, 1913, 1914, 1916, 1921, 1922, 1923, 1925 – 9 рет; 4). Оқу құралы. Алифбаға жалғасты. 2-кітап. 1913 (2), 1923, 1924 – 4 рет; 5). Оқу құралы. Усул сотие жолымен, әліпбиге байаншы. 1913, 1921 – 2 рет; 6). Оқу құралы. 1-ші кітап: Үлкендер үшін. Семей, 1921 – 1 рет; 7). Тіл – құрал. Қазақ тілінің сарфы. 1-ші жылдық. Дыбыс жүйесі һәм түрлері (фонетика) 1914, 1918, 1920, 1922, 1924, 1925, 1927 – 7 рет; 8). Тіл – құрал. Қазақ тілінің сарфы. 2-ші жылдық. Сөз жүйесі һәм түрлері (морфология) 1914, 1915, 1920, 1922, 1923, 1924, 1925, 1927 – 8 рет; 9).Тіл – құрал. 3-жылдық. Сөйлем жүйесі һәм түрлері (синтаксис) 1923, 1924, 1925, 1926, 1927, 1928 – 6 рет; 10). Баяншы. Мұғалімдер үшін. 1920 – 1 рет; 11).Уголовный кодекс РСФСР. Баспаға 1921 жылы дайындалып, өндіріске жіберілгені туралы мұрағаттық мәлімет бар. Табылмады. 12). Ер Сайын (Жыршылар айтуынан өндеп өткеруші А.Б.), 1923 – 1 рет; 13). Мәдениет тарихы. Қызылорда, 1923. Беті белгісіз. Табылмады. 14). Әліппе астары. Қазақша әліп-би үйретушілерге баяншы. 1924 – 1 рет; 15). Әліп-би. Жаңа құрал. 1926, 1927, 1928 – 3 рет; 16). Сауат ашқыш. Сауатсыз үлкендер үшін. 1924, 1926 – 2 рет; 17).23 жоқтау. 1926 – 1 рет; 18). Әдебиет танытқыш. 1926 – 2 рет; 19). Оқу құралы. Сүгіретті. (Т. Шонанұлымен бірге). 1927 – 3 рет; 20). Тіл – жұмсар. 1-ші бөлім. 1928 – 1 рет; 21).Тіл – жұмсар. 2-ші бөлім. 1929 – 1 рет; 22). Практическая грамматика. 2-ое стреотипное издание. 1929 – 1 рет; 23). Шаруашылық өзгеріс. /Қолжазба/. Әңгіме №4., Жылы белгісіз, беті белгісіз. Бұл мәліметтер Ұлттық кітапхананың Сирек кітаптар қорына тіркелген кітаптарды сараптау бойынша түзілді. Негізі, Ахмет Байтұрсынұлы 1929-шы жылы жазған «Өмірдерек» атты ресми баянатында жарияланым көрген кітаптарының санын – «14» деп көрсетеді. Біздің анықтауымызда басылым көрген туындыларының саны – 20, Басуға өткізген қолжазбасы – 2.

Қорытынды. Осыдан 24 жыл бұрын ұлы ағартушының 125 жылдығына орай өткізілген салтанатты жиында халық жазушысы Әбіш Кекілбай: *«Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға. Балкім, біреулерге бұл орынсыз тамсану боп көрінер. Оған дейін де бұл далада Фараби, Иасауи, Қорқыт, Асан қайғы, Ыбырай, Шоқан, Абайлар да өтті ғой десер. Ол рас. Бірақ, Ахмет Байтұрсынұлы оларға ұқсайды да, ұқсамайды да. Ұқсайтыны: ол да аталмыш алыптар сияқты, ұлттық дамуымыздың үрдісі мен қарқыны қалған дүниедегі даму үрдісі мен қарқынына сәйкес келмей кенде қалып, көрер көзге тығырыққа тірелген халқына адастырмас жол іздеді. Ұқсамайтыны: Ахмет Байтұрсынұлы ондай жол Қорқыт пен Асан қайғыдай үйреншікті үрдісті аман сақтап қалатындай жаңа қоныс іздеумен табылады деп түсінбеді; Фараби мен Иасауидей өз тұсындағы кең жайылған антикалық немесе исламдық дүниетанымға уақытылы көшу арқылы барлық мәселені шешуге болады деп ұқпады; Абай, Шоқан, Ыбырайлардай теңдікке жетудің жолында тек ағартушылықпен шектелгісі келмеді»* деп, күрескердің ұлт мүддесіне жасаған жұмыстарын ұрпақ жадына өшпестей етіп, шегелеп берді.

Әбішше айтсақ, Ахмет *«ешқандай атланттардың иығына шықпай-ақ, бұрынғылардың көздеріне іліге қоймаған соны көкжасиеттерге көз жеткізе білген, көрген»*, елі үшін ерен еңбек еткен Ер. Әбішше толғансақ, *«Ұлттың Ұлы Ұстазы аруағы алдындағы шәкірттік арымыз таза, иманымыз кәміл болуы»* үшін біз де Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінде берген батасын жадымызда ұстап, халық қамы үшін жұмыс жасауды – ұрпақ парызы деп білуіміз керек екен. Байтұрсынұлының батасы: *«Төңірекке қарасаң, түнерген бұлттар әлі бар... Түбі қандай болады деп қобалжымалық... Дауылды жауын ету қолымыздан келмесе де, үйімізді үй етіп, шашылмай қалудың қамын желік... Дүниенің төріне ұмтылғандар төрден орын алып жатыр. Ұмтылмағандар есікте қалып жатыр... Қалмайық десек, қарап жатпалық... Көп ісіне көп болып жабылайық... Қолымнан не келеді деп қорынбайық. Ұлтына қызмет етуге ниет болса, жұмыс табылады. Көп жұмыстың ауыры да, жеңілі де болады. Қазақтың бітіп, тынып тұрған нәрсесі жоқ. Әркім әлінен келер жұмысын алсын. Жадымызда болсын, аз нәрсе көпке сеп болмақшы. Сәл демеу зорға сүйеу болады. Ұлы іс ұсақтан ұлгаяды... Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына үлес қосу қазақ баласына міндет»*. Ақиқатында, әр дәуірдің замана ауанына қарай, адам баласына жүктер

жұмысы көп. Сол жұмыстың атқарылуы – әуелі, адалдықтан бастау алса, адамзат игілігіне айналары анық. Ата-баба жолын мұрат тұтқан Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлының ұстанымы бүгінгі ұрпақтың да мақсат-мұраты хәм темірқазығы болуы тиіс.

Ұлт ұстазының шығармашылық мұрасын зерттеп-зерделеген еңбектер легі жетерлік. Ендеше, оқу-ағарту саласындағы білім беру үдерісінде Ахмет Байтұрсынұлының оқулықтарын негізгі ПӘН көзіне айналдыруға еш кедергі жоқ. Ал да пайдалан, алға ұлттық болмысыңмен жылжы. Алаш мұрасын заманауи форматқа салып, жаңа үлгіде оқыту – бүгінгі тәуелсіздік кезең ғылымының қалауындағы формалді дүние. Дүниеге кім ие екендігі аян. Ендеше, ахметтану мәселесіндегі қордаланған материалдарды ұрпақ тәрбиесіне жаратпау – ғылым саласында жүрген сіз бен бізге сын.

Мұханбетияр А.Ә.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
I курс магистранты

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ДЫБЫС ЖҮЙЕСІ ТЕРМИНДЕРІ МЕН ӘУЕЗДІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ тіл білімі мен мәдениетінде Ахмет Байтұрсынұлы өзінің өшпес ізін қалдырды. Оның ғылыми ізденістері мен еңбектері әлі күнге дейін маңызын жоймаған құнды қазына десек, артық айтқандық емес. Қазақ тілінің төл дыбыс құрамын анықтап, жіктелім белгілерін көрсетіп, алғаш ұсынған, қазақ тіл білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы еді. Еңбек жолын ағартушылықтан бастаған ол, әртүрлі мемлекеттік басқару істеріне араласады, газет шығару ісінен де кенде қалмайды. Қазақ балаларын қараңғылықтан құтқару, көкірек көзін ашу мақсатында сауат ашу жайын толғайды. Ол «Әліп-би» атты оқу құралының алғысөзінде қазақ халқын жаңашылдыққа баулығысы келетінін баса айтады. Оқитын оқу құралы жоқ қазақ балаларын ашығып жүргендерге теңейді. Бабы-дәмі кем болса да әзір берген асты берген артық деп түйіндейді. Сол себепті Ахмет Байтұрсынұлы оқулық жазу ісімен шұғылданады. Оның қазақ балаларына арнап жазған сауат ашу әліппесі [1], қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулығы [2] қазақ халқы үшін жаңа белес болып саналады. Осындай мехнатты жұмыстың шырайын келтіріп, фонетика, грамматика, синтаксис салаларында бірқатар терминдер жүйесін жасайды. Орфоэпия, яғни сөз дұрыстығы, сөз талғау мәселелерімен де айналысып, мұра қалдырды. Тіл білімінде қолданылатын халықаралық терминдерді қазақ тілінің өзіне тән байырғы сөздер негізінде тыңнан жасауға күш салған. Терминдердің сәтті шыққанына оның өміршеңдігі дәлел деп деп басып айта аламыз.

Қазақ терминологиясын қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлы «Пән сөздерді» ұсыну барысында мынадай талаптарға сүйенеді:

1. Ұлттық тіліміздің өз сөздік қорына иек арту;
2. Қалың оқырманға түсінікті болуы;
3. Басқа жұрттан сөз алуға қашу;
4. Қажет жағдайда ғана шет тіл терминдерін қолдану;
5. Халықаралық терминдер қазақ тілінің табиғатына сай өзгертілуі тиіс;
6. Жаңа пән сөздер ойлап табу.

Ахмет Байтұрсынұлы Араб әліп-биін жақтаған баяндамасында: «Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы», - деп тұжырым жасайды [3, 400 б.]. Ғалым әліпби, дыбыс мәселелеріне байланысты зерттеулерінде дыбысты естілу жағынан төрт дәрежелі деп түйіндейді. Олар : дауыс (немесе айғай), үн, сыбыр және сыбыс. Дауыс пен үнді айыру қиын емес, сыбыр пен сыбыс бір нәрсе қатарына жатпайды.

Ахмет Байтұрсынұлы 1912 жылы жарық көрген «Жазу тәртібі» атты мақаласында: «Оқу құралының ең ұлығы бала оқытатұғын кітап, оның жақсы болып балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі болуы шарт. Тәртіпті жазу деп айтамыз: тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі бар болса», - деп тұжырымдайды [3, 380 б.]. Осы себепті ғалым дыбыс, әріп мәселелеріне ден қояды. Дыбыстардың жалпы санын 24 деп көрсетіп, үш топқа бөледі. 5 дыбыс ашық айтылатын болғандықтан, дауысты дыбыс деп атайды. Дауысты дыбыстарды ашық дыбыс деп те атауға болады. 17 дыбыс тұйық айтылатын болғандықтан, дауыссыз немесе тұйық деп атаймыз. 2 дыбыс не ашыққа, не тұйыққа жатпайды, сондықтан жарты дауысты дыбыс деп атау қояды. Дауыссыз дыбыстарды қатаң және ұяң деп бөліп қарастырады. Ұяң дауыссыздарды жалғау, жұрнақтардың ауанына қарай әрі сөз соңында келмеуіне қарай ымыралы дыбыстар және ымырасыз дыбыстар деп бөледі. Сонымен қатар, дыбыстардың айтылым ерекшеліктерін ескеріп, қ-к, ғ-г дыбыстарына жеке-жеке таңба берген. Осы жерде дыбыстың жіңішкелігін көрсету үшін дәйекші қолдануды ұсынады. Осы орайда жоғарыда көрсетілген терминдердің орынды қолданысын байқауымызға болады.


Қазақтың төл тілтанымында дыбыстардың жіктелім белгілерін алғаш рет Ахмет Байтұрсынұлы ұсынады. Ағартушы «Дыбыстарды жіктеу туралы» [3, 372 б.] атты мақаласында аталған дыбыстарды жіктеп, кестемен түсінікті етіп көрсетеді. Қазақ тіліндегі дыбыстарды айтуына қарай және сөз жүзінде білінетін қасиеттеріне қарай жіктеуге ұсынады. Яғни, дыбыстарды жіктеуде де белгілерін басшылыққа алу керек деген ойды қорытындылайды. Дауысты дыбыстарды өзара толық дауысты, шала дауысты болып екіге бөледі. Толық дауыстылары кең шығысты, тар шығысты деп жіктеп, айырым белгілерін де көрсетеді. Кең шығысты деп отырғаны аңғал түрлісі, олар орын талғамайды. Тар шығысты қымқырынды деп аталып, бас буыннан басқасында келмейді. Шала дауыстылары шығуына қарай ауыз және мұрын шығыстылары деп бөлінеді. Ауыз шығыстылары босаң жолды, қысаң жолды болады. Ал мұрыншығыстылары босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі, тұйық бөгеулі деп айырылады. Бұлай бөлінулері дауыстылардың сөз басында келу-келмеуіне және алдындағы дыбысқа әсер ету-етпеуінен екен. Дауысты дыбыстардың жіктелісі осылайша көрініс табады. Дауыссыздар да өз ішінде бөлініске ұшырайды. Босаң, қысаң болып екіге бөлініп, қысандар ашық, тұйыққа ыдырайды. Бұлай бөлінуі ашықтарының азбайтыны, айнымайтыны, қысандарының азатыны, айнитыны. Босаң дауыссыздар да өз ішінде ашық, тұйық және тұйықтау деп бөлінеді. Осы жасалған жіктеулерді Ахмет Байтұрсынұлы дыбыстардың айтылуына сай топтастырған. Дауыссыз дыбыстарды түрлі қасиеттеріне қарай жарты дауысты, қатаң, ұяң, ымыралы, ымырасыз дыбыстар деп жіктейді [3, 375 б.].

Сөз жүзінде білінетін қасиеттеріне орай дыбыстар тағы да бөлініске ұшырайды. Дыбыстардың біреулері еркін, біреулері қымтырылына, енді біреулері сүзіле шығады. Сонда өкпеден шыққан өткелділер дауысты дыбыстар болып шығады. Өткелсіздер, ереже бойынша, кедергіге ұшырап, дауыссыздар деп аталады [3, 376 б.]. Осылайша, ағартушы өткелділерді ауыз арқылы және мұрын арқылы өтетіндер деп атап, әрқайсысын жіктейді. Ауыз арқылы өтетіндері еріндері, қымқырындылары, именіштілері, қақтықпалары, бөгелістері деп аталады. Мұрын арқылы өтетіндері ерін, тамақ, тіл арқылы өтетіндері деп жіктеледі екен. Өткелсіздер, яғни, дауыссыздар қамаулылары және сүзулілері деп айырылады. Ерін, тіс, тамақ қамаулылары және таңдай, тамақ сүзілулер деген атаулар алған.

Буын мәселесі де ағартушының назарынан тыс қалмаған. Буын түрлерін бітеу, ашық және тұйық деп бөліп, анықтама береді. Мәселен, буыншы әріп басқа әріптердің ортасында қамауда тұрса, онда ол буын «бітеу» деп аталады. Егер буын аяғы буыншы әріпке тірелсе, ол буын «ашық», буын буыншыдан басқа әріпке тірелсе, «тұйық» деп аталады. Әрі қарай оқушыларға түсінікті болу үшін тапсырмалар берілген.

Ахмет Байтұрсынұлы қолданған терминдердің статистикалау сипаттамасы да ғалымдардың назарынан тыс қалмаған. Терминдердің өміршеңдігін көрсетуде статистиканың маңызы зор екенін ескеру қажет. Ғалымның терминологиялық мұрасын зерттеуде Шапағат Жалмахановтың еңбегі зор. Оның 1997 жылы Қарағанды қаласында басылып шыққан еңбегі –сөзіміздің дәлелі. «Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминерінің негізін

салушы» атты зерттеу еңбегі алты мағыналық бөлшектен тұрады. Онда Ахмет Байтұрсынұлы жасаған қазақ лингвистикалық терминдері туралы мәлімет, ғалым еңбектерін қазіргі қазақ тілі оқулықтарымен салыстыру кестесі, алфавиттік терминдер сөздігі, жалпы лингвистикалық терминдер және тапсырмалар берілген. Зерттеу жұмыстары Ахмет Байтұрсынұлының 1914, 1915, 1925 жылдардың негізінде жасалған. Шапағат Жалмахановтың деректеріне сүйенсек, Ахмет 310 тілтанымдық терминдерді қолданысқа енгізген, оның 118-і қазіргі қазақ тілтанымында әлі күнге дейін пайдаланылады. Автор аты аталған терминдерді әрі қарай саралап, статистикасын төмендегідей анықтайды [4].



Көріп отырғанымыздай, фонетика саласында 108 термин, морфология саласында 109 термин және лексикология, синтаксис салаларында қолданысқа енген. Шапағат Жалмаханов көрсеткен 108 фонетикалық терминнің 83-і қазірде тілтанымда кеңінен пайдаланылады [4].

Қазақ тілінің дыбыс жүйесінде Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған әріп, бас әріп, дыбыс, дыбыс жүйесі, дыбыстың таңбасы, емле, жіңішкелік белгісі, буын, дәйекші, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қатаң, ұяң, тасымал, жуан, жіңішке, ашық буын, тұйық буын, бітеу буын, босаң жолды, қысаң жолды, босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі терминдері кеңінен қолданылады. Мына терминдер қатары толық дауысты, шала дауысты, жарты дауысты дыбыс, ымыралы, ымырасыз әріптер, кең шығысты, тар шығысты, тұйық бөгеулі, аңғал, қымқырулы дыбыстар, өткелділер, өткелсіздер, қымқырынды дыбыстар, именішті дыбыстар, қақтықпа дыбыстар, бөгелісті дыбыстар, қамаулы дыбыстар, сүзілулі дыбыстар, тұйық дауыссыздар, тұйықтау дауыссыздар, терминдері дыбыс жүйемізде пассив қолданылады.

Ахмет Байтұрсынұлы термин жасауда ұғымдық мағынаны алға қойған. Ұғымдық көзқарас негізінде жасалған термин – нағыз ғылыми термин, себебі оның негізінде жалпыланған мағына жатады. Оқушыға түсінікті, жалпы мағынаны қолдана отырып, термин жасаған. Терминолог ғалымдардың айтуынша, Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдерді қолданыстан шығару, ауыстыру әрекеттері болған. Терминолог Өмірзақ Айтбаев: «Бірақ, бұл әрекеттен ештеңе шықпады. Қайта бұдан артық үлгіні қанша әрекет еткенмен жасай алмайтындарына көздері жетіп, елдің бәрі Ахмет Байтұрсынұлы терминдерін негізге алды. Күні бүгінге дейін мектеп пен жоғары оқу орындарында пайдаланып келе жатқан оқулықтардағы терминдік жүйе түгелімен Ахаң есімімен байланысты» [5, 7-8 бб.].

Екпіннің табиғатын қарастыра келіп, Ахмет Байтұрсынұлы тілдерді екіге бөледі. Екпін буыны бірыңғай келетін тілдер және екпін буыны бірыңғай келмейтін тілдер деп жіктей келе, қазақ тілі француз тіліндегідей екпін буыны бірыңғай тілге жатады деп түйіндейді. Осы ретте екпін қызметін дәл бейнелегенін байқауымызға болады. Сонымен қатар, үндестік заңы туралы алғашқы зерттеулерді Ахметтің еңбектерінен көре аламыз. Оның «Шаһзаман мырзаға» жазған еңбегіне зер салайық. «Қазақта сөз екі түрлі: бір түрі – жуан, екінші түрі – жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке

сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады» [3, 390 б.]. Ахмет Байтұрсынұлы фонетикалық пайымдауларын мына сөздермен баяндайды: «Тіл болса, оның заңы боларға керек... Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жіңішке дыбыс араласып кірмейді. Бұл тіліміздің заңы емес пе?» [3, 391 б.] Қазақ тілінің сондай «заңы» ретінде үндесім заңдылығын меңзеп отыр. Үндестік заңы Ахметтің іліміне негізделгенін қазіргі ғылым растайды. Қазақ сөзінің фонетикалық бірлігі үндесім екенін дәлелдейтін мысалдар да еңбекте жеткілікті. Соның бірі жұрнақтарға қатысты. Мысалы, -лық, -шы, -лар қосымшалары.

Ғалым «Тіл – құрал» кітаптарының I басылымында «Сөз жазуының жалпы ережелері» бөлімінде орфография мәселелеріне назар аударады. «Сөздің тұлғасы мен тұрпаты бір емес. Тұлғасы бірдей сөздердің тұрпаттары басқа болуы мүмкін. Мәселен: «Тұрғанбай» - «Тұрғамбай» деген сөздердің тұлғалары бірдей, тұрпаттары бірдей емес. Мұндай орында айтылу дұрыс-бұрысына қаралады. Дұрысы «Тұрғамбай емес, «Тұрғанбай» [2, 26 б.]. Сондай-ақ, автор қос сөздердің, біріккен сөздердің дұрыс жазылу мәселелеріне ден қоя отырып, «жүк-аяқ», «Қаракөз», «Сылаңқыз» сөздерін мысалға алады.

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиетшілік көзқарасын танытатын жүйелі зерттеулердің бірі – «Әдебиет танытқыш». Бұл еңбекті халқымыздың ешқашан маңызын жоймайтын асыл мұрасы десек, артық айтқандық емес. Мұнда сөз өнерінің мәселелері талқыланып, бөлімдерге жіктеледі. «Сөз талғау» бөлімінде ғалым шығарма сөздің өнімді, ұнамды болуы үшін талғаудың 5 түрлі шартын көрсетеді:

1. Сөз дұрыстығы.
2. Тіл тазалығы.
3. Тіл (лұғат) анықтығы.
4. Тіл дәлдігі.
5. Тіл көрнектілігі [6, 255 б.].

Сөздің дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуын айтамыз. Орфоэпия терминінің ең алғашқы анықтамасын жасаған ғалым Ахмет Байтұрсынұлы болып шығады. Сонымен қатар, сөздің дұрыс айтылуы үшін мынадай заңдар ескерілуі тиіс деп тұжырымдайды:

1. Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну.
2. Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру.
3. Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру [6, 255 б.].

Осылайша, Ахмет Байтұрсынұлы тіл білімі саласының негізгі мәселелеріне қатысты ғылыми ойларын ортаға салған. Орфоэпияның негізгі қарастыратын мәселелерінің бірі үндесім және үйлесім болғандықтан, сөзді дұрыс айту мәселесі де ғалым назарынан тыс қалмаған. «Әуезділік деп нені айтамыз? Әуезділік деп сөз турасында айтсақ, сөздің ішіндегі дыбыстардың үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз; сөйлеу турасында айтсақ, сөйлеу ішіндегі сөйлемдерінің үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз» [6, 293 б.]. Дыбыстардың бір-бірімен қиюласып, тізбектеліп тұруы қашан да маңызды. Бұл туралы Мәулен Балақаев былай дейді: «Сөз ауыздан шығып, құлаққа естіледі де, кісінің ойынан қоныс табады. Сөйлеу тілінің бұл қасиеті ауыздан шыққан сөздің дәл, анық айтылуын керек етеді. Анық айтылмаған сөз көмескі естіліп, көздеген жеріне жетпей жатады» [7]. Яғни, сөздерді әдеби тілдегі жалпыға бірдей ортақ нормада айтып сөйлеу сөйлеушінің мәдениетінің жоғарылығын танытатын көрсеткіш болып келеді. Ғалымның айтуынша, сөз әуезділігі де, сөйлеу әуезділігі де дауыс ағымына қарайды. Сонымен бірге, элизия терминінің анықтамасы да Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде кездеседі. «Сары үй» демей, «сарүй» дейді, «торы айғыр» демей, «торайғыр» дейді. Дауысты дыбыстар қатарынан келсе, сөздің әуезділігі кемиді. Сол себепті, сөйлегенде сөзіміз құлаққа жағымды, әуезді естілу үшін, осы сияқты заңдылықтарды ескерген жөн. Осыған ұқсас пікірді филология ғылымдарының докторы, академик Рәбиға Сыздықова да жазады: «Бір жағынан, орфоэпия ережелерінің

нормалану процесінің әлсіздігінен, екінші жағынан, жазу дәстүріміздің күшті дамуы салдарынан сөздер қалай жазылса, солай оқу (айту, дыбыстау) салты етек алып бара жатқанын, сөз басындағы о,е дыбыстарын айтуда орыс тілінің әсері байқалады» [8]. Яғни, айтуда ескерілетін заңдылықтарды білудің маңызы зор, бұл біздің қоғамда белең алып келе жатқан мәселелеріміздің бірі. Әуезділікке жағдайлы-жағдайсыз келетін шарттарға мыналар жатады:

1. Сөйлеу құлаққа жағымды болмайды:

а) дауысты-дауыссыз дыбыстар ұйлығып қатар келгенде;

ә) сөйлемдер дұрыс жасалмаған кезде, мәселен, сөйлем мүшелері орнына қойылмағанда, иә тұрлаусыз мүшелері көбейіп, сөйлемді ауыратқанда яки басыңқы сөйлеммен бағыныңқы сөйлемдер жапсарлары дұрыс келмегенде.

2. Сөйлеу құлаққа жағымды болады:

а) сөйлемдер дұрыс жасалғанда, өрнекті сөйлемдердің кестелері келісті жасалғанда;

ә) өлеңді сөйлемдердің өлшеулері дұрыс келгенде [6, 295 б.].

Қорыта келгенде, Ахмет Байтұрсынұлына теориялық мәліметтерді жинақтап, көпшілікке ұсыну оңай болған жоқ. Ол кезеңде академиялық еңбектер болмады әрі терминологиялық сөздіктер де қалыптаспаған еді. Ғалым тілдің, оның ішінде терминжасамның табиғатын анық аңғарған. Ол өзінің және өзге де замандастарының тәжірибесіне, орыс фонологиялық мектебінің зерттеулеріне сүйене отырып, дыбыс жүйесінің терминдерін қалыптастырды. Қазақ тілінің барлық саласына ғылыми терминдерді енгізіп және сол ұғымдардың мәнін ашып, қарапайым тілмен ұғындырған. Дыбыс жүйесінің терминдеріне анықтама беруде еш жаңылыспаған. Әуезділік мәселелерін де жұртшылыққа түсінікті етіп жазып, сөз әуезділігі мен сөйлеу әуезділігінің маңызын ашып, тұжырымдаған. Сөйлеудің құлаққа жағымды және жағымсыз тұстарын талдап, дұрыс нұсқасын көрсеткен.

Қате сөйлеу ақпарат алмасуды қиындатады, қате сөйлеу бастапқы мазмұнынан алшақтайды. Сол себепті қазіргі кезде орфоэпиялық нормаларды меңгеріп, әуезді сөйлеудің маңызы артты. Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда жасаған тұжырымдары бүгінде де өзектілігін жоймайды. Ғалымды дыбыс жүйесінің терминдері мен орфоэпия саласының заңдылықтарын қарастырған алғашқы лингвистердің бірі дейміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Оқу құралы. – Орынбор, 1992.
2. Байтұрсынов А. Тіл – құрал. – Орынбор, 1914 жыл және кейінгі басылымдар.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 448 б.
4. Жалмаханов Ш. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы. – Қарағанды: «Болашақ», 1997. – 67 б.
5. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының атасы // Қазақстан әйелдері. 1989, № 4, 7-8 бб.
6. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ. Әнес. - Алматы: «Абзал-Ай», 2013. – 640 б.
7. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: «Ғылым», 1987. – 272 б.
8. Сыздықова Р. Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. – Алматы, 1974. – 272 б.

Жаппасбаева Д.Д.

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ә. Тәжібаев ауылы
№214 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек... Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу

Нұрсұлтан Назарбаев

Ел тәуелсіздігі үшін күрескен ұлт қайраткері, қазақ руханиятының көсемі – А. Байтұрсынұлының есімі қазақ әліппесі мен грамматикасының, терминологиясының және әдебиет теориясының негізін қалаушы ғалым, ақын, жаңашыл педагог-реформатор, саясаткер, аудармашы, фольклорист, журналист, публицист, сондай-ақ композитор ретінде елімен қайта қауышқан сәтте ұлт зиялылары: «Ахмет Байтұрсынұлының ел үшін еткен еңбегі Үндістандағы Махатма Ганди, Қытайдағы Сун-Ятсен сынды ұлт-азаттық қозғалыс көсемдерінің қызметінен бір де кем емес», – деп баға бере бастады [1]. Менің ғана емес, барлық қазақ халқының ойында бұл бағаны әділетті деп есептейміз. Басқа елдердехалқы үшін, жері үшін жанын қиған азаматтарды алдымен шетелдіктер емес, өз отандастары, тарихшылары мен жазушылары ұлықтап, дәріптеген. Олай болса, халқының қадірлі азаматы болған, ел тәуелсіздігі үшін, ұлт болашағы үшін аянбай тер төккен, алаш зиялыларының еңбегін – әлемге насихаттау бүгінгі зерттеушілер үшін абыройлы іс деп санаймын. Тәуелсіз мемлекетіміздің абырой-беделі артып, әлем жұртшылығының назары «Қазақстан» деген асқақ абыройға ұмтылған елге ауып тұрған қазіргі кезеңде «ұлт қайраткерлерінің еңбегін, мұрасын зерттеу ісі жана биікке көтерілуі тиіс» деп есептеймін.

XX ғасыр басындағы өліара кезеңде аспан астындағы өмір сүру құқығынды қорғау үшін ақ найза мен ақ білектің күші жетпейтінін біліп, күрестің саяси-ағартушылық бағытын ұстанған Ә. Бөкейхан бастаған ұлт зиялылары «Алаш» саяси партиясын құрып, Алашорда үкіметі өз жұмысын жүргізді. Өмірі қысқа болса да, Алаш қозғалысы ұлттың ұлы арман-мақсаттарын өз бағдарламаларында көрсете білді. Алаш қозғалысы – бүгінгі тәуелсіздіктің бастауы, қайнар көзі. Биыл 100 жылдығы аталып отырған Алаш қозғалысының, оның көшбасшыларының саяси-құқықтық, ұлттық құндылықтарға қатысты көзқарастарын, тұжырымдарын зерделеп, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мұраттарымен сабақтастығын қарастыру өте маңызды. «XX ғасырдың басында ұлттың зиялылары азаттық үшін болған көп ғасырлық күресте маңызды рөл атқарды. «Алаш» алғашқы саяси партиясы және Алашорда үкіметінің пайда болуы азаматтық кемелденген және халықтың болашақ тағдырын шеше алатын қазақтың саяси зиялыларының жоғарғы әлеуетін көрсетті», – деп атап өтті Иманғали Тасмағамбетов. Алаш арыстарын айтқанда ұлттың ұлы ұстазы, рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынұлын еске аламыз. Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасы мол, сан-салалы. Ол – тілші, әдебиеттанушы ғалым, ұстаз, аудармашы, ақын, жидашы, өткір тілмен, ақиқат сөзбен сананы оятқан көсемсөзші, ел үшін күрескен ердің сойы.

Ахмет Байтұрсынұлы патша заманында-ақ қуғын-сүргін көріп, 1938 жылы жазықсыз атылғанға дейін «асыл адам айнымас» дегендей ұлт мүддесі үшін саяси, ағартушылық күрес жүргізді. Ақаңның ізін басып, көктеген қазақтың ұлы жазушысы – М.Әуезовтің Ахаң туралы «оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі» деген сөзі – нақ шындық. Ол қазақ тілінің әліппесін түзіп, негізгі грамматикалық жүйесін реттеп, қазақ мектебінің іргесін қалады. 1923 жылы 28 қаңтарда Орынборда қазақ зиялыларының арасында тұңғыш рет А. Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойы өткізілді. Мәжілісті Қазақ АССР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы – С.Сейфуллин ашып, өз сөзінде «Ахмет Байтұрсынұлы – қарапайым кісі емес, оқыған кісі, оқығандардың арасынан өз заманында патшаның арам құлықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, даусын шығарған кісі. Қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртып, арын бірге жоқтады. Ахмет Байтұрсынұлы ... ұлтын сүюдің зорлығынан «Алаш» партиясында болды, сол ұлт қамы үшін коммунист партиясына да кірді. Байын, кедейін айырмай, қазақты ғана сүйетін адал жүрек таза ұлтшыл, жазушысы аз, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына «Оқу һәм құралдарымен» қылған қызметі таудай», – деп баға берді.

А. Байтұрсынұлының негізгі еңбектері бастауы қазақ балаларына арналған «Әліппе» деп білемін. Ұлт ұстазы мектепте ана тілін оқыту қажеттігін ерекше ден қойған. Ол 1912 жылы «Оқу құралы» жарық көрді. Қазақ тілі пәнін пән ретінде А. Байтұрсынұлы енгізді. Алдымен, қазақ тілінің фонетикасына арналған «Тіл - құрал» деген атпен алғаш 1914 жылы I бөлімі жарыққа шықты. 1914-1927 жылдар аралығында I бөлім бірнеше рет өзгертіліп

басылып шыққан. Соңғы 7-ші басылымы Қызылордада жарық көрген. II бөлім қазақ тілі морфологиясын талдауға арналған. 1914-1927 жылдар аралығында 6 түрлі басылым болып шыққан. III бөлімі синтаксиске арналған, ол да бірнеше мәрте басылып шыққан. Ағартушы бұл еңбегінде қазақ үшін көптеген жаңалықтар ашты. Мысалы, «Тіл – құрал» еңбегінде: «Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері екеу: 1) бас мүше, 2) баяншы мүше. Бас мүше дейміз – сөйлем ішіндегі сөздер байланатын қазық сөзін, сөйлем иесін. Жеңілдік үшін бас мүше – бастауыш деп, баяншы – баяндауыш деп аталады», – дейді. Бірақ бастауыштың үнемі сөйлемді бастап тұратын мүше емес екендігін Ахаң жақсы білген. Оны 1925 жылы Қызылорда қаласында басылып шыққан «Тіл– құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері» еңбегінде өзі келтірген төмендегі мысалдары да дәйектейді: Берерменге бесте көп, аларманға алты да аз [2, 269]. Ас қадірін ашыққан білер, ат қадірін асыққан білер [2. 287]. Қаратаудың басынан көш келеді [2, 290] т.т. А. Байтұрсынұлы келтірген мысалдардағы бес, алты, асыққан, ашыққан, көш бастауыштарының бірі де сөйлемді бастап тұрған жоқ. Өзі бас мүшеге анықтама беруде қолданған, сондай-ақ өзге түркі тілдерінде бастауышқа терминдік атау ретінде телінген ие сөзі де алынбады. А. Байтұрсынұлы өзінің «Тіл - құрал» еңбегін өзінше былай деп сипаттайды: «Тіл - құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны әуелгі кезде жат көрінер, өйткені бұл - қазақта бұрын-соңды болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң қалатын» - деп жазады. А. Байтұрсынұлы мұрасы – аршыған сайын олжаға кенеле беретін қазынасы мол көмбе іспетті. Ал бұл олжаның мұрагерлерінің бірі – қазақ лингвистері. Қазіргі қоғам назарын қазақ әдебиеттану ғылымының алыбы, академик З. Қабдоловтың Ахмет Байтұрсынұлының таным тереңдегіне бойлай айтқан мына сөзіне аударғым келіп тұр: «Ахаң көзінің тірісінде өзге халықтардың бірде-бірінің тіліне таңғалған жоқ; қазақ тілінің байлығын, сұлулығын, икемі мен мүмкіндігін қазақ еместердің бірде-бірінің тілінен артық болмаса, кем көрген жоқ; өзге тілдердің қай-қайсысында қандай қиын сөз болмасын, қазақ тілінде оның баламы болмауы мүмкін емес деп білді және өзінің осы ұғымын іс жүзінде дәлелдеп кетті» [3].

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, публицист, түркітанушы, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – А. Байтұрсынұлының қолжазбалары, кітаптары, қолжазбалары және мерзімді басылымдар беттеріндегі еңбектері Ұлттық кітапхананың Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында, ал кириллицамен қайта басылып шыққан еңбектері жалпы қорда сақтаулы. А. Байтұрсынұлының көзі тірісінде жарияланған еңбектерді сақтау мақсатында Сирек қордағы ғалымның кітаптары мен қолжазбалары түгелдей электронды көшірмеге түсірілген.

Сирек қордағы қазақ қолжазбаларының ішінде А. Байтұрсынұлының «Арнаулы сақтау» жабық қорынан табылған араб графикасымен жазылған «Шаруалық өзгеріс» және «Маса: өлеңдер жинағы» атты екі қолжазба сақтаулы. Жазылған жылдары белгісіз. Екі қолжазба да кітапханаға 1940 түскен екен, «СХ» («спецхран») деген мөрі бар [4].

Ғалымның «Шаруалық өзгеріс» атты 102 беттік қолжазбасы 7 тараудан тұрады. Алғашқы тарауларда адам баласының тұрмыс-тіршілігіне, өмір сүруіне, дамуына қажетті дүние туралы жалпылама ойлар, табиғат жағдайы, климат (ауа райы), жер түгі мен жан-жануарларға қажетті ауа, су, жарық, жылы мен суық, азық, үй, киім-кешек туралы, бұрынғы шаруашылық пен қазіргінің айырмашылығы жайлы сөз болады. Келесі тарауларда бұрынғы тіршілігімен бүгінге дейін жабайы түрде өмір сүріп отырған халықтарға қарағанда оқу-жазуы бар, мәдениеті жоғары, жерінде жиі орналасқан халықтардың тіршілігінде шаруалық өзгерістердің болуы заңды екені және олардың арғыбергі тарихын білуге мүмкіндіктері бар екені айтылады. Әрі қарай демография, дүниежүзіндегі халықтардың саны, тіршілікке керекті құрал-жабдықтар, мемлекетаралық қатынастардың сол елдердің шаруашылығын дамытуға әсері, мемлекет қамы, саясат, таптық құрылымдар туралы сөз саптайды. 7-тарауында қазақтың отырықшы болу-болмауы турасындағы пікірталас, шаруалық өзгеріп, өңделіп, мәдениет жолында ілгері басуға жол іздеу жайы қарастырады. Қазақ шаруалығының өзгеруіне осы жоғарыда аталған амалдардың қайсысының себепкер болары және оның маңызы мен мәні туралы ой қозғайды.

«Маса: өлеңдер жинағы» аталатын қолжазбасы 93 беттен тұрады. Бұл жинаққа А. Байтұрсынұлының көптеген өлеңдері мен аудармалары енген. Атап айтсақ, «Сөз иесінен», «Жазушының қанағаты», «Туысыма», «Жадовскаядан», «Қожа Насреддин ақылы», «Оқуға шақыру», «Нәбек аты», «Сорлы болған мұжық», «Қаздар», «Есек пен үкі», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Достыма хат», «Жиған-терген», «Анама хат», «Тілек батам», «Көк есектерге», «Жұртыма», «Жұбату», «Н.Қ. ханымға», «Ақын ініме», «И.Б. жездем хатынан», «Жауап хаттан», «Ғылым», «Надсоннан», «Бақ», «Пушкин (Вольтерден)», «Данышпан Аликтің ажалы», «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», т.с.с.

ҚР Ұлттық кітапханасы еліміздің сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорының көлемді, маңызды әрі негізгі бөлігін сақтап отыр. Кітапхана қорды республика көлемінде таптырмайтын құнды басылымдармен толықтыра түсу мақсатында республика көлеміндегі және әлемдегі ірі кітапханалармен ынтымақтастықты жылдан-жылға арттырып отыр. Әсіресе, тарихы тамырлас түркі елдеріндегі кітапханалармен тығыз байланысқа шығу арқылы тарихи ортақ туындыларға, орта ғасырлардағы Қазақ даласынан шыққан ғұламалардың еңбектеріне қол жеткізуге бар мүмкіндік жасауда. Сондай-ақ халықаралық, республикалық, аймақтық бағдарламалар мен жобалар бойынша ғылыми, мәдени іс-шараларға қатысып, өз тарапынан да мұндай іс-шараларды жоспарлы түрде өткізіп, нәтижелі қызмет атқарып отыр. Қазақ елінің және әлемдегі басқа елдердің тарихы, ғылымы, әдебиеті, мәдениеті, әлеуметтік-тұрмысы туралы басылымдар кітапхананың ұлттық қорын құрайды, сондықтан бұл қор – бүгінгі халықтың және келер ұрпақтың қазынасы. ҚР Ұлттық кітапханасының негізгі міндеттерінің бірі – сирек қорға мүмкіндігінше барлық құнды басылымды жинақтау, жүйелеу, сақтау, насихаттау, зерттеу, зерделеу, оларды толықтай келер ұрпаққа жеткізу [4].

Ұлттық тілдің болмысын шынайы тану үшін тілдің ғана заңдылықтары тұрғысынан саралау жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың, ғасырлар бойғы дүниетанымымен, тарихымен, тұрмыс-салтымен, әдет-ғұрпымен, этномәдениетімен, менталдық ерекшелігімен сабақтастыра зерттегенде ғана этностың шынайы болмысы ашылады. Бұл ретте алаш қайраткері, ұлт жанашыры – Ахмет Байтұрсынұлының шешендік өнерге қатысты айтқан ой-пікірлерінде қазақ шешендік сөздеріне алғаш рет берілген ғылыми сараптаулар бар. Алдымен, қара сөзбен жазылған шығармаға «Көсем сөзбен жазылған шығарма бір пікірді қуаттап, толықтырып баяндаса, баяндауын түрлі сипаттармен дәлелдесе, ондай шығарма б а й ы м д а м а деп аталады» деп анықтама береді. Осы «байымдама түрлерін» төмендегідей бөледі:

- пән «ҒЫЛЫМ»;
- сын;
- шешен сөз;
- көсем сөз.

Шешен сөз қара сөз шығармалардың бөлеккей бір түрі емес, бұ да байымдама болады. Мұның байымдамадан бөлектенетін жері мынау ғана:

✓ Байымдамада жазушының пікірі – негізгі пікірін баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап, анық түсіндіріп беру.

✓ Шешен сөзде айтушының мақсаты – баяндап, сипаттап түсіндірумен қоймай, пікіріне нандыру, сендіру, ұйыту, бұйыту, иман келтіру болады [5, 353].

Бұл ретте автордың негізгі ой-пікірін тарата, талдап айтсақ, қазіргі ғылыми терминге жүгінеміз. Сөз құдіретіне сену – қазақ ұлтына тән қасиет, ерекшелік болып табылады. Мысалы, «жақсы сөз – жарым ырыс», «батаменен ел көгереді» деген аталы түсініктер сол сөздердің сиқырлы құдіретіне сеніп, «сөз арқылы пәлені, қырсықты кетіруге, сөз арқылы жақсылықты шақыруға болады» деген сенімнен туған.

Шешендік сөздердің уытты, лепті, әсерлі, қанды қайнатып, жүрек тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрнекті, сәнді, мәнді сөздер екенін айта келіп, А. Байтұрсынұлы шешен сөздің бес түрін атап көрсетеді:

- ✓ шешендердің жиынды аузына қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығару мақсатымен сөйлегендері саясат шешен сөзі деп аталады;
- ✓ шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау иә қаралау мақсатымен сөйлегенде сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері билік шешен сөздері деп аталады;
- ✓ біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі қошемет шешен сөзі деп аталады;
- ✓ білімділердің, ғалымдардың мазмұнды сөйлеген сөздері білімдар шешен сөз деп аталады;
- ✓ дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі уағыз деп аталады [5, 354].

Шешендік өнер – тек тарихи құбылыс қана емес, қоғамдық құбылыс, өйткені әрбір қоғамның даму тенденциясына сәйкес шешендік өнер де сол тенденцияға икемделіп, қоғам мұқтаждығын атқару мақсатында өзгерімпаздық қасиетке ие болған. Осындай қоғам жүйесінің дамуына сәйкес шешендік сөздердің де өзіндік мазмұндық-тақырыптық, құрылымдық аясы кеңейіп толығып отырған.

Шешендік өнер тарихында шешендік сөздердің тақырыптық-мазмұндық озық үлгілі классификациясын орыс зерттеушісі – Г.З. Апресян есімімен байланыстырады. Әйтсе де қазақ тіл білімінің атасы, ғұлама ғалым – А. Байтұрсынұлы саясат шешендік сөз, билік шешендік сөз, білімдар шешендік сөз, қошемет шешендік сөз, уағыз шешендік сөз деп орыс ғалымы Г.З.Апресяннан жарты ғасыр бұрын алғаш рет тақырыптық-мазмұндық топтастыру ұсынып, олардың әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме бергенін зерттеушілердің көпшілігі біле бермейді.

Сондай-ақ, А. Байтұрсынұлы – шешендік сөздердің бастама, ұсынба, мазмұндама, қыздырма, қорытпа тәрізді құрылымдық бөліктерден тұратындығын да алғаш айтқандардың бірі.

Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы М. Джусуповтың пікірінше: «А. Байтұрсынұлының 1914 жылғы және 1925 жылғы «Тіл – құрал» оқулықтары мәтінінің жалпы стилистикалық және функционалды стилистикалық (ғылыми стильдік) талдауларының нәтижелерін былайша сипаттауға болады:

1. Қазақ тіл ғылымы тарихында, пәнді оқыту әдістемесінің тарихында оқулық стилистикасының, оқулық моделінің, жалпы ғылыми стильдің негізгі қалпын (стандартын) жасаған ғалым – А. Байтұрсынұлы.

2. Бүгінде қазақ мектебінде қолданылып жүрген қазақ тілі оқулықтарының тілтанымдық, әдістемелік, стилистикалық (ғылыми стильдік) негіздері 1914 жылғы, 1925 жылғы (тағы басқа) А. Байтұрсынұлы оқулықтарынан басталады.

3. Қазіргі қазақ ғылыми стилінің қалыптасуына, дамуына ерекше ықпал еткен еңбек – А.Байтұрсынұлының 1925 жылы Қызылордада басылып шыққан «Тіл – құрал» атты оқулығы. Бұл еңбек қазақ тілінің ғылыми стилін және оның негізгі подстил – ғылыми-оқыту түрін жаңа (биік) деңгейде қалыптастырды.

4. Ғылыми стильдің нақтылылық, біройлылық, қысқалық, түсініктілік сияқты ерекшеліктері осы оқулық мәтінінде ерекше орын алған. Оқулық мәтінін талдау нәтижесінде ғалымның түйіндеу, қорыту сияқты дағдыларының биік деңгейде қалыптастырғанын байқауға болады.

Сонымен, қазақ тілі ғылыми стилінің ғылыми-мағыналық құрылымдары ХХ ғасырдың бірінші ширегінде А. Байтұрсынұлының ғылыми-әдістемелік ізденістерінің нәтижесі – оқулықтар, мақалалар мен басқа да ғылыми еңбек мәтіндерінің негізінде қалыптасқан. А. Байтұрсынұлының тілтанымдық еңбектеріндегі ғылыми стиль бірден түзілмеді. Ол ұзақ эволюциялық өзгерістерден өтті. А. Байтұрсынұлының ғылыми мәтіні – қазіргі қазақ тілі ғылымындағы ғылыми стильдің шығу тегі, даму динамикасының негізі» - деп жазады [6].

Қазақтың көрнекті ақыны Сырбай Мәуленов ағамыздың А. Байтұрсынұлы туралы: «Сан салалы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы туған тілдің, туған мәдениеттің басында тұрды. Туған тілдің әдеби нормасын жасады. Бірде-бір бөгде тілдің сөзін қоспай, бірде-бір цитата

келтірмей, таза, мөлдір тілмен өзі тапқан қисынды баламалармен «Әдебиет танытқышты» жазып шықты» – деп жазады. Ұлт ұстазының қазақ халқы үшін қалдырған тағы бір құнды жәдігері И.А.Крыловтың мысал өлеңдерінің бір тобын аударып, «Қырық мысал» деген атпен жинақтауы. Бұл кітап сауаттандыруда қаншама қызмет атқарды. Қазіргі таңда оқып отырып, ондағы жан-жануарлар билік басында қамнан қаперсіз отырған басылар екенін аңғаруға болады. Сонымен қатар, орыс тілінің бізде жоқ көптеген сөздеріне балама сөздер жасаған. Бұл туралы Ш. Құрманбайұлының «Ахмет Байтұрсынұлының аудармаларындағы балама сөздер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясында жариялаған материалынан оқып, танысуға болады.

Академик Ө. Айтбаевтың анықтауынша, А. Байтұрсынұлы төмендегідей терминдерді жасап, оны өзінің еңбектерінде қолданған: буын, дыбыс, дыбыс жүйесі, жарты дауысты дыбыс, ымыралы дыбыс, ымырасыз дыбыс, қатаң дыбыс, таңба, қаріп, дәйекше, дауысты, дауысыз, сөз, қос сөз, сөз жүйесі, қосалқы сөз, түбір сөз, туынды сөз, сөйлем, сөйлем жүйесі, тіл, түбіршік тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл, демеу, демеу сөз, сызықша, ұяң, қосымша, үндестік заңы, түбір сөз, туынды сөз, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, жалғау, одағай т.б. [7].

«А. Байтұрсынұлы ұсынған (жасаған) лингвистикалық терминдердің сәттілігі, қолайлылығы соншалық, олар тез қалыптасып, орнығып, мейлінше өміршең болып шықты. Автор «жау» атанып, атын тарихтан сызып тастаған кезеңдердің (1929-1988) өзінде ол терминдердің барлығы дерлік сол қалпында қолданылып келді, қолданылып отыр» [8].

А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышы» арқылы әдебиеттану терминдерін де қазақ тілінде алғаш рет қолданып, қалыптастырды. Қазақ әдебиеттану ғылымы өзінің шын мәніндегі жолын ХХ ғасырдың басындағы А. Байтұрсынұлынан бастайды. Ахметтің «Әдебиет танытқышы» (1926) әдебиет теориясынан жазылған алғашқы монографиялық зерттеу болумен бірге оның терминдерін де ғылыми тұрғыдан негіздеп, анықтап, қолданысқа қосқан тарихи еңбек болды. Сондықтан да қазақ филологиясының атасы – А.Байтұрсынұлы оның терминологиясының да бастауында тұр.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышта» қолданған әдебиеттану терминдері 327 болса, соның 57-сі ғана бүгінгі күні термин ретінде сақталған. Олардың ішінде көріктеу, меңзеу, әсерлеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу, мегзеу, арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, кекесіндеу сияқты терминдер бар. Бұлардың кейбіреулері қазір орыс тілінен енген терминдерге синоним ретінде қолданылып жүр. Мысалы, Ахаңдағы «көріктеуді» эпитет, «алмастыруды» синекдоха, метонимия, «бейнелеуді» аллегория, «әсірелеуді» ұлғайту, кішірейту, «меңзеуді» метонимия, синекдоха, «қайталақтауды» сөз қайталау, «кекесіндеуді» сатира, юмор деп жүрміз. Осыларды салыстыра қарағанда, Ахмет қолданған қазақша атаулардың терминнің мағынасын дәл беріп тұрғандығы байқалады. Мұның өзі – алдағы уақыттарда ойланарлық мәселе болса керек.

Жалпы терминологияның дамуында ұлттық және интернационалдық бағыттар қатар жүріп отырады. Терминжасамда осы екеуінің бір-бірімен үйлесе, бір-бірін толықтыра отыруы – табиғи, жемісті жол. Десек те осы тепе-теңдіктің бұзылып, бір жағына қарай ауытқып отыратын жағдайлар жиі кездеседі. Объективтік және субъективтік жағдайларға байланысты бұлардың кейде бірі алға шығып, екіншісінің жолын кесіп отыратын кездері де болады. Біздіңше, ұлттық терминология ұлттық даму бағытында болып, қажет болған тұстарда ғана халықаралық терминдерге жүгінуі қажет. Ахмет Байтұрсынұлын «қазақтың ұлттық терминологиясының атасы», «негізін салушы» дейтініміз де сондықтан.

Терминологияда ұлттық пен интернационалдың ара-жігі, арақатынасын анықтап алу – тіл білімінде осы күнге дейін ғылыми шешімін таппай келе жатқан аса маңызды мәселелердің қатарында. Солардың бірі – қандай атауларды «интернационал термин» дейміз? Бұл туралы ғалымдар түрліше пікірде. Бір ғалымдар интернационал терминге көп тілде кездесетін атауларды жатқызса, енді біреулері нақтылай түсіп, оның екі, үш немесе бес (ағылшын, неміс, француз, испан, итальян) әлемдік тілдерде қолданылуын шарт санайды. Енді біреулері оның қанша тілде қолданылатынына емес, семантикалық мағынасы

интернационалдық сыпатта болуы шарт деп біледі. О.Есперсен: «термин қай тілден алынса, сол ұлттың басымдығын көрсетеді», – дейді [9].

А. Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық мәселелерін айқындауда төмендегі мәселелерді көтерген:

➤ Оқыту әдістерінің маңызына тоқталып, олардың шығу тарихын, ұтымды жағын қарастырып, алғаш пікір айтқан.

➤ Тұңғыш рет үлестірмелі материалдарды қолданудың жолын көрсетіп, оны оқулық бетінде жариялаған. Әдістің бұл түрі күні бүгінге дейін өз мәнін жоймай, ізденімпаз, озат мұғалімдердің тәжірибесінде қолданылып жүр.

➤ Ахмет Байтұрсынұлы көрнекілік әдісіне де ерекше мән беріп, оны жасауға қойылатын оқушы назарын ауытқытпау, жалықтырмау, оқушыны қызықтырып отыру, жазуға тез үйрету, оқушының сауатын ашуды жеңілдету, тездету сияқты негізгі талаптарды көрсеткен.

➤ Тілдік тақырыптармен байланыста тіл дамыту әдістемесі тұрғысынан тіл дамыту жұмыстарын жүргізуде жеңілден ауырға қарай ұстанымын басшылыққа алған.

Бұдан ғалымның дидактиканың заңдылықтарын терең біліп, оны оқулықта шебер қолданғанын көруге болады.

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы анық. Тілші-ғалымдар Ахмет Байтұрсынұлы тұжырымдамаларын «қазақ тіл білімінің бастауы» деп танып, оны ғылыми тұрғыда жүйелеп, бүгінде білім беру бағдарында пайдалануда.

Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану теориясының негізін салушы, ұлт мектебінің ұлы ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының әліпбиін ұлтымызға жасап кеткен мұра екенін ұмытпай, тілді оқыту әдістемесіне қалдырған еңбектерінің бүгінде маңызды екендігін айта келіп, сол ойды дамыту бағдарында жұмыс жасап, ахметтану және қазақ тілін оқыту жолдарын тереңдету қажет. Ахмет Байтұрсынұлы репрессияға ұшырап 1937 жылы 8 қазанда қамауға түсіп, тергеушінің сұрағына былай деп жауап беріпті: «Менің мақсат-мұратым – қазақ халқының әл-ауқатын, мәдениетін барынша жоғары көтеру, ал бұл игі іс басталу сатысында болғандықтан, мен басымды, мына менің қалауымды қанағаттандыратын биліктің алдында ғана иемін» - деп аяқтаған. Өле өлгенше халқының қамын жеген ағартушының атын әлемге танытып, қазақ халқымызға жасаған жұмыстарын паш ету бүгінгі күннің басты міндеті екенін әрбір қазақ түсінгені абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сағадиев К. 25.11. 2010. <http://www.inform.kz/kaz/article/2325838>
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992.
3. Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996. - 67-68 бб.
4. Асқарбекова Н. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау, Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары - Алматы: "Елтаным", 2017.
5. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-ай», 2013.
6. Джусупов М.А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі функционалдық стиль мәселесі. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау, Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары - Алматы: "Елтаным", 2017.
7. Сыздықова Р. Термин жасау – Ахмет Байтұрсынов көтерген тарихи жүктің бірі // Туған тіл. – 2008. - №1.
8. Jespersen J. Paper in international language. - L. 1921. - S. 142.
9. Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы, 1991. - 350-351-бб.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ

Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады.

Н.Ә. Назарбаев

Ахмет Байтұрсынұлы – халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, әмбебап ғалым, ақын, аудармашы, журналист, көсемсөз шебері... Бір сөзбен айтқанда, “сегіз қырлы, бір сырлы” адам. Ахмет Байтұрсынұлының сан қырлы қасиеттерінің бірі оның қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі болып табылады.

Ахмет Байтұрсынұлының бір жағынан, әдебиетке тән ережені айтса да, екінші иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға. А. Байтұрсынұлының аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері, айлалы саясаткер ретіндегі қызметі туралы жеткіліксіз айтылып, аз жазылып келеді. Оның басты себебі, Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық демократиялық Алаш қозғалысы көсем-дерінің бірі, Алаш партиясы мен Алаш автономиясын құрудың бастау көзінде тұрған айтулы тұлғалардың бірегейі болғандығына ғана байланысты емес еді. Қоғам және мемлекет қайраткері ретінде Ахмет Байтұрсынұлы – біраз бұлтарысы бар күрделі жолдан өткен адам. Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі болған ол 1918-1919 жылдары Кеңес өкіметіне қарсы саяси күштермен одақтас болып, Қазақстанда большевизмге қарсы күресумен шектелмей, бұл күрестің барысында күш салмағы қарсылыстар жағына ауа бастаған 1919 жылдың көктемінде Алаш басшылығының келісімімен Кеңес өкіметі жағына шыққан; В. Лениннің ұйғаруымен Ахмет Байтұрсынұлы 1919 жылы жазда құрылған Қазақ өлкесін басқару жөніндегі жоғары кеңестік ұйым – Қазақ революциялық комитетіне мүше болып тағайындалып, 1920 жылы қазан айында құрылған Ресей құрамындағы автономиялы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының (ҚАЗКСР) үкімет мүшесі – Оқу-ағарту комиссары болып сайланған. Басқа сөзбен айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлы – Алаш қозғалысы аясындағы қоғам қайраткері ғана емес, кеңестік Қазақстанның алғашқы жылдарында жоғары лауазымды мемлекеттік қызметтер атқарған адам. Ахмет Байтұрсынұлы өткен осындай күрделі жол оның қайраткерлік сан қырлы және саясаткерлік қызметін зерттеушілер үшін айтарлықтай қиыншылықтар тудырды. Солай болғанына карамастан, Ахмет Байтұрсынұлы мемлекеттік жүйелердің қайсысын- да жұмыс жасамасын (алаштық жүйе ме, әлде кеңестік жүйе ме – бәрібір), ол бірінші кезекте өзіне басты нысана етіп жалпыұлттық, бүкілхалықтық мәселелерді тандап алды да, оларды туған елінің мүдделеріне сай шешу үшін еңбектенді.

Ахмет Байтұрсынұлы “Ғылыми және практикалық білімінің жиынтығын бойына сіңірген халық қана айбарлы да бай болады” деп санады (ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві). 20-шы жылдардың басында (1920-1923) А. Байтұрсынұлы, жоғарыда айтылғандай, Қазақстанның оқу-ағарту комиссары, Мұхтар Әуезов Қазақ Автономиялы Республикасының Орталық Атқару комитетінің саяси хатшысы, жекелеген мемлекеттік басқару жүйелерінде жауапты қызметтер атқарды. Осындай адамдардың ықпалымен Алаш қозғалысының мүшелері баспасөз, оқу-ағарту, ғылым, өнер жүйелерінде басшылық етіп, айтарлықтай лауазым иелері болды. Сонымен қатар олар ғылым, әдебиет, өнер салаларында шығармашылық жұмыспен шұғылданды.

Әлихан Бөкейхановтың Қазақстанда тұрып, қызмет атқаруына мүмкіндік болмай, Москваға ауып кеткен жағдайында Қазақстандағы күннен-күнге бел алып келе жатқан әкімшіл-әміршіл мемлекеттік билікке қарсы рухани күрес көсемінің ролін Ахмет Байтұрсынұлы атқарды. Осының нәтижесінде 1921-1928 жылдар аралығында

А. Байтұрсынұлының “Әдебиет танытқыш”, “23 жоқтау” (құрастырушы), Телжан Шонановтың “Қазақ жер мәселесі тарихы”, Қошке Кемеңгеровтың “Қазақ халқының тарихы”, Қ. Сәтбаев құрастырып, өзінің алғы сөзімен шығарған “Ер Едігенің” нұсқасы, М. Әуезовтің “Әдебиет тарихы”, “Қилы заманы” мен “Қараш-қарашы”, Х. Досмұхаметовтың “Аламаны” мен “Исатай-Махамбеті”, Мұхаметжан Тынышбаевтың тарихи зерттеулері т.б. жарық көріп, халық игілігіне айналды. Бұл еңбектердің басым көпшілігі 20-шы жылдардың ортасынан бастап елде тоталитарлық жүйенің күшеюіне орай ресми саясатта және әлеуметтік (коммунистік) тапсырыспен жазылған зерттеу-сымақтарда қазақтардың арғы – бергі тарихы мен мәдениетінің өзекті мәселелері, ең алдымен Қазақстанның Россияға қосылу тарихы, ұлт-азаттық қозғалыстар мәселесі, жер-су мен ұлттық мәдениет тарихы өрескел бұрмалауына қарсы бағытталған рухани күрестің жарқын көрінісі болды.

Әрбір көзі ашық адамға А. Байтұрсынұлының кім екенін таныту үшін осы сөздер де жеткілікті болар еді. Дегенмен, сәл анығырақ айтсақ, А. Байтұрсынұлы ағартушы ғалым болу үшін елеулі еңбектер атқарып, мемлекет қайраткерлігіне жету үшін қиын да күрделі жолдардан өтті. 1905 жылы педагогикалық училищені бітірген А. Байтұрсынұлы Қазақстанның әр түрлі облыстарынан мектептер ашып, ұстаздық қызмет етті, жатпай-тұрмай еңбек етіп, қайткенде қазақ халқының көзін ашуға, санасын оятуға барын салды. Яғни, Ыбырай Алтынсариннің қазақты сауатсыздықтан құтқару үшін қалаған сара жолын әрі қарай жалғады.

Философиялық ойлау тұрғысынан қарағанда әр сезді орынды қолдану арқылы адам тыңдаушысының таңдайын қақ-қызып, ұйыта да алады, сөз құдыретімен сескендіре де алады деген ойын аңғаруға болады. «Сөз талдау» атты мақаласында тіл тазалығы туралы тың пікірлер айтқан: адам қай тілде сөйлесе де, сол тілде таза сөйлеп, ойын білдіруі қажет. Орыс жазушылары мынадай түрлі сездерден қашқан: а) ескірген сөздерге жоламаған, ә) жаңадан шыққан сөздерден қашқан» б) өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашқан, в) жергілікті сөздерге, яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламаған... — ал қазақтар жат сөзден ғана қашады, ескі сөз, жаңа сөз деп бөлмейді деп тұжырымдайды деп Ахмет Байтұрсынұлы орыс жазушыларының сөз қолдану тәсілінен мысал келтіріп, үлгілі жағын үйренетіндей талдау жасаған.

Ахмет Байтұрсынұлының сөз өнеріне байланысты философиялық дүниетанымына мән берсек, мәдениеті жоғары екен деп сол жұрттың сөз қорын пайдалана беруге қарсы. Бұл мәселеге ол үлкен сақтықпен қарайды; «ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айрылып қалуы ықтимал» деуі бізді де үлкен ойға қалдыруға тиіс.

Егер біз ойлау объектісі ретінде тіл туралы ғылымда қолда бар ұғымдарды қарастырсақ, онда бұл ұғымдардың тілдің әр түрлі „теориясымен тең емес екенін көреміз. Екі мың жылдан астам тілді зерттеудің еуропалық дәстүрлерінде тілдің философиялық және эмпирикалық теорияларын қатаң ажырату болған жоқ (мысалы, Платонның "Кратил" диалогы лингвистика бойынша Европадағы бірінші арнайы шығарма болып табылады), тек соңғы екі жүз жылдықта ғана тәсілдердегі айырмашылықтар философияда да, позитивті ғылымда да зерттеудің дербес объектісіне айналды.

Ахмет Байтұрсынұлының тіл философиясына байланысты көзқарастарының қалыптасуына не әсер етті деген сауалға жауап іздесек, ол Европа мәдениетімен салыстыра келе мынадай тұжырым жасайды: «қазақ ақындарының өздерінің де, сөздерінің де міндері, кемшіліктері, жаман әдеттері өнерпаз Европа жұртының сындар әдебиетін көргеннен кейін байқалып, көзге түскен. Сонан кейін ғана Европа әдебиетінен тұқым алып, қазақ әдебиетінің сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзетушілер шыға бастаған". Демек, біздің ойымызша, А. Байтұрсынұлы Европа әдебиетімен жақсы таныс болған. Ал жоғарыда аталған түзетушілер қатарына Байтұрсынұлы Абайды жатқызады, сөйтіп қазақ әдебиетінің сындар дәуірін Абайдан бастайды. Абай тілі қазақ тіліне үлкен байлық әкелген, сондықтан А. Байтұрсынұлы осы тілді өзі де жақсы меңгеру нәтижесінде тіл мен ойға қатысты өз тұжырымдарын жасаған деп түсінеміз. Баяғы заманда тілді сый ретінде таныса, қазіргі ғылым оны адам санасында пайда болатын күрделі жүйе деп есептейді. Қазақ тіл білімінің іргетасын

қалаудағы А. Байтұрсынұлының бір ерекше еңбегі -ғылымның осы сала терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атауды ұсынды. Осы күнгі қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы А. Байтұрсынұлытыкі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соңғы сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі дәлелдейді. Сөздерді тұлғасына, мағынасына қарай бөліп, саралап дәл етіп көрсетуі ма-мандардың қай-қайсысының қолынан келмейді. Ғалым А. Байтұрсынұлы ашқан жа-ңалықтардың ешқайсысын қайта жасау мүмкін емес. Мұның сыры Ахмет Байтұрсынұлы ұстанған принциптің ғылыми негізінде, табиғи заңдылығында жатыр, яғни, А. Байтұрсынұлы термин жасау процесінде қазақ тілінің ішкі өз мүмкіндігін барынша пайдаланады. Әлгі терминдердің әрі қарапайым, әрі түсінікті, дәл болуы қазақ тілінің байырғы сөз байлығының сауатты пайдалануға байланы-сты. Сондықтан да, олар өміршең, әрі оның интернационалдық терминдерден де реті келгенде қашпайтынын байқаймыз.

Бұған көп дәлелдің қажеті бола қоймас. Фонетика, морфология, синтаксис, грамматика тәрізді ұғымдардың А. Байтұрсынұлы қолданысында сол күйінде қалуы осыған дәлел. А. Байтұрсынұлының қазақ тілінің морфологиялық тұлғатәсілдерін мүлде басқаша қарап түсіндіруге тырысқанын көреміз. Ол тілдің типологиялық ерекшеліктеріне аса зор мән береді. Әсіресе қазақ тілін зерттеген орыс ғалымдарының тілдің табиғи тегін, тінін аршып, ашып түсіне алмауынан кеткен қателіктерін анықтап, түзетіп талдай келе, өзіндік анықтамаларын береді. Категориялардың бас-басына қазақша термин береді, атау телиді. Біздің ойымызша, қазіргі қолданыстағы терминдердің бәрін қазақ тілі. ғылымына алғаш категориялардың бас-басына қазақша термин береді, атау телиді. Біздің ойымызша, қазіргі қолданыстағы терминдердің бәрін қазақ тілі ғылымына алғаш әкелген А. Байтұрсынұлы еді.

Ал, А. Байтұрсынұлының ағартушылығының шоқтығы биік екені сонла. ол баланы ана тілінде оқыту мәселесін кетерді. Ол өз ойын, өз пікірін әркез ортаға салып. замандастарының пікірімен санасып. ақылдасып отырған. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі оқуменен түзеледі деген А. Байтұрсынұлының тұжырымы әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Сонымен қатар А. Байтұрсынұлы "Жазу тәртібі" деп аталатын мақаласының өзекті мәселесі етіп жазу оқулық, оқу құралдарын алады. Оның ойынша "оқу" құралының ең ұлығы - кітап, алғашқы әліппе оқулығы. Ол кітаптардың балалардың жанын қинамайтын, ретке, тәртіпке келтірілген болуы керектігін айтады.

Қорыта айтқанда, А. Байтұрсынұлының ғылыми-теориялық мұраларындағы тілдің философиялық мәселелерін талдауы бүгінгі ғылымның талаптарына сай келеді әрі үйренетін тағылымы да көп екенін байқадық. Қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық тарихын, шығу тегін зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Біздің пікірімізше, қысқа ғана уақыт ішінде қазақ тілі өңделген белгілі бір жүйеге енді. "Өзінің алғашқы баспа сөзінен бастап аз-маз сауатты адамдарға олар арқылы сауатсыздарға түсінікті болатындай басқаларға қарағанда өзгеше принцип ұстады. Қалың көпшілікке тасталған әрбір ой сол уақытта іліп алынып, қоршаған ортаны дұрыс түсінуге түрткі болды

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Жазу әдебиеті // Шығармалары. - Алматы: «Жазушы», 1989. - 261-298 бб.
2. Абақан ЕМ. Тілдің мәдени философиясы. - Алматы: «Айкос», 2000. - 184 б.
- Д.С. Раев. Қазақ шешендік сөз өнерінің әлеуметтік-философиялық негіздері: Философия ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. - Алматы: 2003. 309 б.
3. Байтұрсынов А. Жазу тәртібі // Айқап. - 1912.
4. Байтұрсынов А. Емле хақында // Қазақ. – 1913, 30 ноябрь.
5. Байтұрсынов А. Сөз талғау // Ақ жол. Алматы: «Жалын», 1991. - 350-371-бб.
6. Байтұрсынов А. Тіл (лұғат) әуезділігі // Шығармалары. Алматы: «Жазушы», 1989. - 177-190 бб..
7. Байтұрсынов А. Араб әліппесін жақтаған баяндамасы // Ақ жол. Алматы: «Жалын», 1991. 325-335 бб.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Зинол-Ғабден Бисенғали

филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің профессоры

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ҰЛЫ ТІНІ

А. Байтұрсынұлы қазақ елі алдындағы заманауи тарихи-әдеби мәселелердің ірісі ретінде Абайтануды көрсетті. Оны қазақ елі алдындығы міндеттердің бірі ұлттық рух туралы ойларда екенін абайлап та астарлап жаза бастады. Негізінде басты ойларды Абай шығармаларына байланысты жазған мақаларында көрсетті.

Ұлы ұстаздың осы айтқандарын ашық жазуға Патшалық Ресей мен Кеңес үкіметінің отаршыл саясаты мүмкіндік бермеді. Бірақ Ахмет Байтұрсынұлының Абайтану ілімінің негізгі бағыттарын көрсетіп берген «Қазақтың бас ақыны» (1913) мақаласынан бері ғасырдан артық уақыт өтті...(1) Аз мерзім емес. Осы міндеттерді орындауға ол жылдарда қиындықтың көп болғаны шындық. Ең бастысы отаршыл Ресей қарамағындағы елдердің оқыған, сауатты адамдарына сенбеді күшейтті. Себебі, олардың озық ойлы, талантты жандардың шығармашылықтағы еркіндік туралы айтқандары мен ойларындағы бостандық туралы пікірлерін ұнатпады. Қоғамдық-гуманитарлық ізденістерде жүйелі түрде зерттеп, деректі дәлелдермен жазылған еңбектерді жоққа шығарды. Мұндай ғалымдарды қудалап, ресми идеологиялық басылымдарда – «халық жауы» ретінде атауды бастады. Аңдуды қолға алды, айтқандарын жеткізіп отыратын тыңшы жағымпаздардың арнайы торын құрды... қауіптілерін қудалады, жазалады, түрмелерге қамады.

Абайтану туралы сол замандарда, білгендерін айта алмағандар, патша үкіметінің әлгі қатыгез заңдары мен жөнсіз жазасынан үрейленді, қорықты, бұл – қатыгез шындық еді. Тіпті Қазақ елін қанау мен тонаудың шектен шыққан жабайы түрлерін 1917 жылға дейін қолға алған патша үкіметінің жабайы саясаты Кеңес үкіметі кезінде де жалғасты. Бұл сорақы істерді айту түгіл ойлаудың өзі оңай болмады.

20 ғасыр басында күн санап күшейе бастаған кеңес үкіметінің ресми идеологиясы үкімет саясатынан өзге сөз, ойларды жоюды қолға алды. Тәуелсіздік, ұлттық мәдениет, әдебиет, мектеп, тіл туралы пікірлерді құлықсыз тыңдады. Амалсыздан қолға алуға, іс-шараларға енжарлық танытты. Оның себептерін бүгінде айтып жатудың қажеті шамалы. Ресейдің отары болған барша елдердің жазушылары мен тарихшылары осы отарлық саясат кеселдерін үнемі атап айтып, тынбай жазып келеді.

Ахмет Байтұрсынұлы кеңес үкіметі кезіндегі қытымыр осы саясаттың бәрін көріп, біліп ортасында болды. 1919 ж. Қазақстан үкіметінің оқу комиссары ретінде ағарту істерінің басында болды [2]. Өзінен басқаны тыңдамайтын қатыгез үкіметтің солақай саясатының сықпытын көрді, негізгі мақсатын ұқты.

Қарсылықтың ірі түрі ретінде Абай шығармаларының өзегіндегі тәуелсіздік, бостандық жайлы ірі ойларды қозғады. Азаттық пен тәуелсіздікті армандаған жандардың көңілін тербеген бостандық туралы көркем мазмұндар астарын көшті. Күрделі көркемдікті меңзейтін өрнектерді оқу құралдырында, мерзімді басылым бетіндегі мақалаларында көрсетті [3].

Абай шығармаларындағы ұлттық рухтың эстетикалық биік деңгейге көрінуіне 20 ғасыр басындағы қазақ қоғамдық санасы мен әдебиетіміздің аса көрнекті өкілдері Ә. Бөкейханұлы, Х. Досмағамбетұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Қ. Жұбанов, М. Тынышбайұлы, М. Әуезов, С. Садуақасұлы, М. Дулатұлы, Қ. Жұбанов, Ж. Ақбайұлы, Қ. Кеменгерұлы, Ғ. Қарашұлы, т.б. қоғам қайраткерлері, Алаш ұранды әдебиет өкілдері үлкен еңбек сіңірді. Олардың көптеген мақалаларынан ұлттық рухты тану және көркем әдебиетте бейнелеу темірқазығына айналған тұлға – Абай екені көрінеді. Алаш ұранды әдебиеттің көрнекті

өкілдері мен олардың шығармаларын жүйелі түрде оқытуды проф. Р. Нұрғали ҚазҰУ-да 1987 жылдан бастап қолға алып еді.

1997 жылы "Санат" баспасынан жарық көретін "Әуезов және Алаш" атты көмекші оқу-құралы сол кезден басталған ойлардың жиынтығы ғана еді. "Өнердегі ұлттық рухқа арналған еңбегімді "Әуезов және Алаш" деп атауға бел байладым", - деп жазыпты қаламгер кітабының алғы сөзінде [4].

Абайдың классикалық мұрасын түсінуге және әрі қарай дамытуға ұмтылыс А. Байтұрсынұлы бастаған қазақ оқығандарының басты мақсаты болуға тиіс деп жазды М. Әуезов: «Бірақ Аханның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр желімен бірге есіп шалқып жатыр» [4].

А. Байтұрсынұлының Абай шығармаларымен танысуы 1903 жылдан басталады. «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті - деп жазады ол, - Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азын түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық – Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес. Оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда...Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды» [5].

«Қазақтың бас ақыны» (1913) атты мақалаға қойылған бұл атауды кезінде қазақ зиялы қауымының бәрі мойындады, қолдады деп айтуға болмайтын шығар. Бірақ, қаламгер осы мақаласында Абайтануға баратын басты жолды дұрыс айқындап, сол жылдарда елге белгісіздеу жаңа ілімнің, бәлкім көпшілік көңіл аудару қоймаған, соқпақтарын ашып көрсетеді. Әлихан Бөкейханұлының Абай өмірі мен шығармашылығы туралы «Семипалатинский листокта» жарық көрген мақаласында А. Байтұрсынұлымен таныстығы байқалады [6].

Атаған еңбекте Спенсер, Луис, Дрепер есімдері аталады және Абайға әсер еткен орыс қаламгерлерінен Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Салтыков-Шедрин, Достоевский, Белинский, Добролюбов, Писаевтердің еңбектері көрсетілген. Осы еңбектен кейін Абайтануға байланысты барша мақалалар мен зерттеулерде аталған орыс қаламгерлері сөз бола бастайды.

1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі» – СПб, 1909 атты кітапта Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абай ұлы құрастырып Абай Құнанбайұлының өмірін жазған деректерді білгендігі аңғарылады [7].

А. Байтұрсынұлының 50 жылдығына арналған мақалаларда ғалымның «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында айтылатын ойлардың жалғасқанын аңғару қиын емес. Мәселен, М. Әуезовтің, С. Сейфуллиннің, Т. Шонанұлының М. Дулатұлының, Ж. Аймауытұлының т.б.

Ақындық талант Абайда бала кезінен болған. Бірақ өлеңдеріне ақын онша мән бермеген тәрізді., - деп жаза отырып мақала авторлары, - ол өлеңдердің мазмұны замандастарына арналған әзіл сықықтар мен қыздарға арналған ғашықтық өлеңдері. Оларды да ересек тарта келе ел басшылығымен түрлі сипатты қарым-қатынастарға араласа бастағанда тоқтатқанға ұқсайды деген пікірлер айтады.

А. Байтұрсынұлының Абай өмірбаянына байланысты келтірген деректерінде бүгінгі біз үйренген мәліметтерден алшақтық та байқалады. Бірақ бұл мәліметтер Әлихан Бөкейханов 1905 жылы келтіретін деректермен сәйкес.

«Әлихан Бөкейханов Абай туралы ақынның көзі тірісінде 1903 жылы жазған. 1905 және 1907 жылы жарияланған мақалаларын Абайдың ақын шәкірттері, балалары – Ақылбай, Турағұл, інілері Шәһкәрім, Кәкітайлар, досы – Көкбай ақын кезінде оқып, біліп отырған.

Олар Бөкейхановты ерекше қадірлеп, құрметтеген. Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы (1909) Әлиханның ыждаһатымен басылып шыққанын жақсы түсініп бағалаған» [8].

Демек, Абайдың оқуы мен дүниетанымына қатысты көптеген маңызды деректерді ол ақынды жақсы білетін адамдардың мәліметтері, тіпті қолжазбалары арқылы білуі мүмкін. Әсіресе оның Кәкітай және Көпбаймен өте жақын болғаны белгілі. Сонымен бірге осы кездерде Мүрсейіт көшірмелері де қазақ арасына кең таралып, белгілі бола бастаған. Оны да ескермеуге болмайды. Абайдың өмірбаяны туралы жазу кезінде Ә. Бөкейханұлының солардың мәліметтерін қолданғаны аңғарылады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында Абайдың Семейге оқуға баруы әкесі Құнанбай қасына оралуы туралы сәл өзге мәлімет береді:

«Абай 10 жасынан 13 жаске дейін қырда (демек елде.-З.Б.) **мұсылманша оқыған.** 13 жасқа шығарда Семейде Ахмед Ризаның медресесінде оқыған. 4 жыл мұсылманша оқып, 3 ай орысша оқып сонымен оқуды қойған. 15 жасынанда-ақ балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған. Қазақты меңгеріп, халыққа айтқаны жүріп тұрған төрелермен әкесі Құнанбай таласқанда, Абай әкесіне серіктікке жарай бастаған» [9].

Ә. Бөкейханұлында: «Абай 10-12 жас аралығында қазақ даласында жүріп хат таныды. Ал 12 жасында Семейдегі Ахмет Риза молданың медресесіне түседі. Абай 14 жасында сонда жүріп үш ай орыс мектебінен дәріс алады. Осы төрт жылдық медреседегі, үш ай орыс мектебіндегі дәріспен Абайдың мектептік оқуы аяқталады» [Сонда, 131-б.].

Сонда шамамен, Абайдың жоғарылығы әкесінің қасында жүріп ел билеушілермен тартыстарға араласа бастауы шамамен 17 жас болған сияқты.

Енді М. Әуезов келтірген деректерге көз салайық: «Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы «Приходский школа» түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқуы ұзақ болмайды. Бас аяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Үш жылмен мұсылманша оқуы доғарылады 13 жасқа толғанда әкесі Құнанбай оқудан шығарып алып, ел билеу жұмысында өзіне серік қылмақ болып, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды» [Сонда, 52-б.].

Байқағанмыздай айырма 3-4 жыл шамасында. Ескермеуге бола ма? Білмеймін. Ең бастысы М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы тарихи негізі бар көркем шығарма, сондықтан ондағы бейнелеуге алынған оқиға, мәліметтің бәрін тарихи шындыққа сай болуы керек деген пікірді талап етуге болмайтын шығар. Соңғы кезде даңқты эпопеяға байланысты осы бағыттағы сындар үдеп кетті. Біздің ойымызша, жоғарыда айтқанымыздай, эпопеяның көркем шығарма екенін ескеру керек тәрізді.

Енді Абайдың медресе оқуын тәмамдан елге қайтуына оралайық. Соңғы бір зерттеулерде медресенің негізгі оқу жостарын бітірген соң үш ай «приходская школада» оқу медресе жоспарына сай болатын» деген пікірлер де кездеседі.

Бірақ мұнда ойланатын да жайлар бар.

Семей медресесіне дейін Абай сауатын қайда және кімнен ашты? Бұл біздің ойымызша тым мәнсіз сұрақ болмауға тиіс.

Мұсылман діні негіздерін қадала оқытатын медресеге түсу үшін талапты шәкірттер белгілі деңгейде мұсылманша сауатты болуға тиіс. Абай де елде дәстүрлі мұсалманша оқыға кездерінде оқу мен жазудың біраз қиындықтарынан өтіп еркіндікке жете бастаған сияқты.

Абайдың Ахмет Риза мересіндегі замандастары мен ұстаздарына қойған сұрақтарының бағыты да біршама күрделі болған сыңайлы. Қазақ қоғамы басындағы би-болыс, атқамінер пысықайлар мен дінбасы мен молдалар бас қосқанлағы жиі қозғалатын сұрақтар «өмір мен өлім, тамұқ пен жұмақ» туралы болды емес пе? Сұрақтарға жауаптың оңай еместігі белгілі. Тұшымды жауаптың негізі Алла тағалаға барып тірілетін мәңгілік жұмбақтармен шектелетін болса керек.

Табиғатынан қабілетті бала шәкірттің бұл жауаптарға қанағаттана қоймағаны белгілі. Кәмәли тәрізді оқымысты ұстаздарының күрделі жауаптарын бірден түсіне алмаған шәкірттердің көбі медресе кітапханасындағы теологияға байланысты кітаптарға үңілетін [10].

Жауап іздеген Абай ол кітаптардың талайын ақтарып көрді. Түптей түсіне алмаса да біразын оқыған болуы керек. Бірақ Камалитдин (Кәмәли) Мұхаметрахимов тәрізді әуелде Қазан қаласында, одан соң көп жыл Бұхарада оқып, мұсылманша ілімнің түрлі қырларын ұққан, жоғары дәрежелі білім алған тәжірибелі дінтанушы жиған білімді медресеге енді келген шәкірттің бірден біліп кетуі мүмкін емес қой...

Ақыры шығыс ғұламаларының ғұмыры мен шығармашығына жолығып өткінші, өлшеулі адам өмірі туралы терең түпсіз толғаныстарға толы көркем шығармаларға, шығыс классикасына көшкен сынайлы... Шығыс әдебиеті мен пайғамбарлар туралы аңыздық әңгіме, ертегілерге, қиссаларға, мифтерге, тарихта болған оқиғаларға бала кезден қызығып өскен жастың ауыз әдебиеті мен тарихқа қатысты танымы осылай жалғасқандай...

Талантты жастың шығыс әдебиетімен тереңдей танысуы әр адамның бақытты өмір, бостандық, еркіндік, махаббат, жақсылық, дархандық туралы адами рухтардың пәрменділігін жырға қосатын шығыс ақындарының жырлармен сусындатты және шындықты жырлаудың өзгелеу жүйесін көрсетті. Махаббат, ақиқат үшін күрескен жандардың адами тұрмыс, бақытты өмір жолындағы шайқастарының шынайы ниеттерін көтермелей суреттеді. Ақынның осы кездегі жырларында бұл әсерлер ойларының іздері сайрап жатыр. Бірақ бірыңғай осы бағытқа бұрылуға қазақ қоғамдық тірлігінің өзге сипаттары мүмкіндік берген жоқ.

Абайдың қазақ қоғамдық өміріндегі қызметке араласуы әкесі Құнанбайдың ел арасындағы әңгіме, дау-жанжалдарын шешуге қатысқан кездерінен басталады. Барлық зерттеушілер осыны, «Абай жолы» эпопеясы мәліметтеріне сүйене атап көрсетеді. Осы кезден бастап Абайдың өнер мен өлеңге, суырып салма ақындыққа деген ықыласы азайып ел ішіндегі түгесілмейтін дау жанжалдарға бұрылады.

Оның бірер себебін де атайды. Біріншісі, жоғарыда айтқанымыздай үлкендердің қатарына кіруімен түсіндірсе; екіншіден, Абай жүрген ортада өлеңшілік пен өнердің қадірі онша болмағанға ұқсайды. Белгілі байлар мен дүмді адамдардың ел арасындағы кикілжіңдерге ілігіп, тарала бастаған ірі істерін, дау-жанжалдарды іздеп жүретін ақынсымақтар жырға қосып мал табудың көзіне айналдырушылар аз болмаған тәрізді. Олар ел билеушілердің ағайын-тума, үрім-бұтағын мақтауды да кәсіп қылған. Абайдың бойындағы ақындақ талантына мән бермеуі, тіпті кейбір өлеңдері үшін ел алдында қысыла бастауы ақындықтың қадірінін болмауы сияқты деген ойларды айтады тақырыпты зерттеушілер.

Жиырма жасынан ел ішінде шешен атала бастаған Абайдың өзге би-шешендерден бірнеше артықшылығын көзге түседі. Ең алдымен Ахмет Риза медресінде оқыған Абайдың мұсылманша сауаттылығы, шарифатша салт-ғұрыптарға жетіктігі белгілі. Ол ел ішіндегі түрлі айтыс таластарда дін-шарифат қағидаларын өздерінше қолданып, көпшілікке бой бермейтін діншіл қожа-молдаларды оңай тоқтатады. Екіншіден, қазақ арасына аңыз боп таралған бұрынғы билер, шешендердің тартыстары тарихына жетік жас оларды орынды жерінде шеберлікпен қолданады.

«Заман бұрынғыдай болса, - деп жазады А. Байтұрсынұлы, - Абай алаштың атақты билерінің бірі бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып жұрт билейтін заман өтіп, малы көптер сайлау қорытындысын «таспен» есептейтін (дауыс салынатын тасты санау) би болатынға уақытқа қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген»...

Абайды болыстық пен биліктің дау-дамайларынан шығармашылыққа ауыстыратын Михаэлис пен Гросс деген орыс оқымыстылары. «Орыстарға жолықпаса бәлкім сол күймен кетер ма еді...?! Қандай асылдар тумас еді.?!» деп жазады қаламгер.

Демек осы кездесудің тарихи мәнін аса жоғары бағалаған.. Олармен арадағы әңгіме кеңестерден кейін Абай өлеңге басқа көзбен қарай бастаған.

Бірақ бұл әлі Абайдың шығармашылық жолының басы болатын. «Айтушы да тыңдаушы да надан. Бірен сарандер ғана кездесді. Жұрт мағыналы терең сөзден гөрі бос қалжыңға құмар..»

Абай отыздан асқан соң өлеңдерінде қазақ елінің адам аяйтындай жағдайын жаза бастайды: қызық оқиғалар мен қыздырма құдалық хикаялары мен той үстіндегі дау-жанжалдардан басқаны көп ойламайтын тәрізді қазақтардың мұңсыздығына қынжылады; халық басына төне бастаған Ресей отаршылық саясатының қауіп-қатерін ойламауына күйінеді т.б. Абай өлеңдерінің саяси-әлеуметтік бағыттары, азаматтық ойлары өзгереді, күрделі күйге түседі. Өлең мен өнерінің адам қоғамындағы ерекше орнын көрсететін философиялық толғауларға лайық көркем өлеңдер, жаза бастау да осы кездесуден кейін басталады.

А. Байтұрсынұлы көркем шығарма, өлең жазатын адамның ерекше үш қасиетін атап көрсетеді. Сөз жазатын адам әрі білімді, әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек.

1. Сөздің шырайлы, ажаралы болуы – ой шеберлігінен.
2. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек.
3. Мағынала маңызды болуына білім керек.

Осы үшеуінің де Абайда барлығын шығармаларын талдай отыра айтады. Өлеңдернен ұққан сырларына сүйене қаламгер оның тағы бір ерекше қасиеттерін атап көрсетеді. Абайда алқа топта қысылмай сөз бастайтын, шешендік, түрлі шатасқан дауларды шешуде көсемдік, боашакқа лайық үлгі көрсетіп түйінді сөз айтатын өнеге жайғыш қасиеттер де болған.

Абайда өлеңнің неше түрі үлгісі, өрнегі бар.

Ақын өрнектерді ойдан шығармай орыстан алса да, оның қазаққа жарайтынын көрсетуі – көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген Сондықтан өлеңдері толық. Жақсы.

Абайдың дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес.

Абай шығармаларының асыл болуы, әр нәрсенің түбін, тереңін табуына байланысты деп қарастырады. Асылын тануынан. Арғы тегінен, асылынан бастауынан. Мәселен, басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғаны даусыз!

Басқа ақындар білімінің аздығын сөз ажарымен толықтыруға тырысады.

Абай сөз ажарына қарамай әр сөзді дәл орнына қолданады. Мысалы: «Аттың сыны». Өлеңде жағымсыз сөздер де кездеседі. Бірақ керек, жылқы мүшелердің атауы. Оны оқығанда қазаққа жақсы таныс арғымақ көз алдына келеді. Жақсы атқа бітетін мүшелердің бәрін жазған.

Абай көп нәрсені жақсы білген. Білген нәрселерін жазғанда «...мынау халыққа түсінуге ауыр болар, манадай сыпайышылыққа кемшілігі болар деп тайсақтамай, ақиқатты жазған».

Еуропаның, орыстың түрлі авторларын оқыған Абайдың қазақ өлеңіне әкелген жаңалықтарын арнайы зерттеу керек. Әсіресе, орыс ақындары арасынан Лермонтовты ерекше көңіл бөлгені аңғарылады. Дәл осы тақырыпты тереңдей түптей зерттеген академик Заки Ахметовтың еңбектеріне Абай аудармалары туралы қызықты ойларына мән берген теріс болмас еді.

Елімізде саяси әлеуметтік, ірі өзгерістер басталғанда ХХ ғасыр басындағы әдеби процеске жаңаша қарау керектігін ғылыми негізді алғаш сөз еткен ғалымдардың бірі З.Ахметов еді. Мұндағы айрықша көңіл аударуды қажет ететін мәселе – болашақ зерттеулердің әдеби процеске қатысты болуы. Ғалым ХХ ғасыр басындағы әдеби процеске енді өзгеше, жаңа концепциямен қарау қажеттігін айрықша ескертті [11].

1986 жылғы желтоқсанының жаңару лебі ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихына көлемі де, саны да аз емес ірі өзгерістер әкелді. 1989 жылдың желтоқсанында "ХХ

ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің мәселелері" атты ғылыми теориялық конференцияда З. Ахметов "XX ғасыр басындағы әдеби процесс және теориялық, методологиялық мәселелер" тақырыбында баяндама жасады. Мұнда арнайы айтылған мәселе – көркем шығармашылыққа байланысты байымдауларды ресми идеологиямен байланыстыра бермеу. Әдебиетімізге қосыла бастаған талантты тұлғалар мен олардың шығармалары XX ғасыр басындағы әдебиет тарихы туралы қалыптасқан пікірлерді түбегейлі өзгертеді...».

Абай тәрізді ойшыл суреткері бар қазақ әдебиетінің XX ғасырдың орта тұсындағы кемелденуін тек қана дәстүр жалғастығымен де түсіндіруге болады. Бірақ әлем әдебиетімен байланыстарды ескермеу заман талабына сай келмейді. Абайы бар қазақ әдебиетінің даму заңдылықтарын пайдалана талдаулар нәтижесіне заманауи қорытындылар жасауға болады [12].

Біз XX ғасырдағы әдебиетіміз туралы А. Байтұрсынұлы байқаған кейбір негізгілерін ғана көрсеттік. Ұлы Абай поэтикасын қабылдауда жеке адамдарда пайда болатын дискурстар қаншама!

Өлеңдерінде бейнеленген озық ойлардың Абай дара қабылдаудың өрнектері екенін аңғару қиын емес. Мұнда көркемдік танымның сырлы құпиялары аз емес. «Мен бір жұмбақ адаммын мұны да ойла деп» ұлы Ақын тектен тек айтпаса керек!

Мәселе оқырманда, - деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, мәселе бізде! Абайдың сан түрлі жайлар мен уақыттарда түрлі мақсатта бейнеленген ұлттық рухтың дара бейнелерінен Абайдың ұлттық рухын тану, ұғу қазақ баласының қсиетті борышы деп ұғу керек!

Бұл қазақтың 20 ғасырдағы ұлы перзенті А. Байтұрсынұлының ұрпақтарына аманаты, өсиеті!

«Ахмет Байтұрсынұлы поэзиясы – ұлы Абай мұрасының тікелей жалғасы. Оның қай өлеңін алып қарасақ та, не тақырып шешімінде, не сөз саптау мәнерінде, не өлең құрылысында Абайға бір соқпай кетпейтіні кемде-кем» [13].

Академик жазушы, белгілі Абайтанушы З. Қабдоловтың «Парасат» журналының қызметкеріне берген сұбхатында Абай шығармашылығындағы ұлттық рухты ақын парасатымен байланыстырады: **Сұрақ:** -Абай айтқан қалың ел – қазағыңыз алда келе жатқан жаңа ғасырға қандай жамандықтан арылып, қандай жақсылығын бойына сіңіре дарытып, байытып баруын тілейсіз? - деген сұрағына:

Академик жазушы бұған Абайдың **бірғана өлеңімен жауап берді:** «Абайсыз баратын жаңа ғасырда да, Абай парасатын еркін баурап, сана-сезіміне терең сіңіріп алмай тұрып, жаңа ғасырға құр далақтап дабырамен баратын даңғыра қазақта не қасиет бар?

Абай не деп айтып еді: *«Қалың елім қазағым, қайран жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың. Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың. Аузымен орақ орган өңкей қыртың, өзімдікі дей алмай өз малыңды Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың. Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?»*

Қараңызшы: сақал-мұртына ғұмыр бойы ұстара тимеген адамның сықпытынан жаман, жабайы тағылық бола ма? Жақсы мен жаманның парқын білмеуден бетер миғұла-мәңгірттік бола ма? Өзінен басқа ешкімді танымай, тек өзі ғана күпсіп, күмпілдей беруден масқара қырттық бола ма? Өз малын өзінікі дей алмаудан асқан қорлық, құлақкесті құлдық бола ма? Ал, шетінен тұяқтары сыртылдап таққа таласып, бас-басына би болған «өңкей қиқым» қаптап жүрген жерде іргесі бүтін ел, әсіресе егемен ел болмайтыны өзінен өзі түсінікті.

Сонымен, әр қазақ өзіне және өз ортасына оп-оңай жабыса кететін осындай «ошағанды» Абайша іздеп тауып, аяусыз отап, өзіне және өз ортасына Абай ащы болса ашық айтқан тағылықтан, мәңгірттіктен, қырттықтан арылып, құлдық құрсауын үзіп, егемен елдікке келу – кемел ақылға, сара санаға кенелу.

Парасат байлығы деген осы. Қазаққа тек осы байлық – парасат байлығы ғана керек. Өзге байлықтың бәрі өзінде – елінде, жерінде – тұнып тұр» [14].

Ахмет Байтұрсынұлының ұлттық рухқа жол оңай болмады. Ең бастысы қазақ елінің саяси әлеуметтік халінің өте ауырлығын байқаған парасатты тұлға өз басына төніп келе жатқан қауіп түнегінен ығысқан жоқ...

«...Ахмет Байтұрсынұлының ендігі тағдыры қыл үстінде тұрған халқының қамын ойлап, жанкешті жолға түсу мен азаматтық кемелділіктің мұншама шырқау биігіне көтерілуінің сырын тек тумысынан ерек қабілет пен абзал жүрекке ие азаматтың айрықша ыждаһаты мен мігірсіз ізденістерінен іздегеніміз орынды. Ол бір басының тәуекелімен бүкіл бір ұлт тәуекелінің түгел оянуына түрткі болды. Ол бір өлеңінде «Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, бітпейтін жүрегімде бар бір жарам, алданып жегеніме оны ұмытсам, болғандай жегенімнің бәрі харам» - деп жазды Ұлы Әбіш Кекілбайұлы [15].

Қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарында, Абай шығармаларын насихаттауды қолға алдық. Басты мақсат – қазақ халқы ұлттық танымының мәнін, ерекшелігін, болашақ үшін маңызын Абай шығармаларында бейнеленген көркем мазмұннан іздеу. Бұл қазақ елі оқырмандары эстетикалық әсерлерінің бағытын өзгертіп, өркениетті елдер классиктерінің шығармаларын жаңаша зерттеп жатқан ізденістер әлеміне сәйкес заманауи байламдарға жеткізеді деген ойларға сенеміз.

Классикалық мәдени мұраларын насихаттауды тұрақты түрде ойламаған мемлекет оны болашақ жоспардарына енгізуді құнттай бермейді. Мәдени мұраларындағы адамзат қоғамы туралы гуманистік ойларының тарихы мен көркем мазмұнындағы пәлсапалық өрнектерді ешқашан ұға алмайды, ең өкініштісі ескермеуге, мән бермеуге дайын тұрады. Көбіне бейкүнә тәрізді көрініп, беймаралдаққа бастайтын осы құбылыс өте қауіпті. Оның ақиқатқа апарар жол емесі анық

Қолданылған әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны. // Қазақ газеті. - Орынбор, 1913.
2. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. – Алматы, 1997. – 396 б..
3. Сонда, - 423 б.
4. Нұрғали Р. М. Әуезов және Алаш. – Алматы, 1997.
5. Әуезов М. Аханның елу жылдық тойы // Ұлттық рухтың ұлы тіні. - Алматы, 1999. – 14 б.
6. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны // Абайтану. Таңдамалы еңбектер. - Т.1. – 133 б.
7. Бөкейханов А. Семипалатинский листок. Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела ИРГО, 1907, Вып.3. - С.178-181.
8. Сонда.
9. Абай. «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбай ұғлының өлеңі» – СПб, 1909.
10. Мұхамедханов Қ. Көптомдық шығармалар жинағы. - Т. 4. - Алматы, 2005. – 208 б.
11. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. - Алматы, 1997. – 413 б.
12. Ысмағұлов Ж. Абай: даналық дәрістері. - Алматы, 2007. - 12 б.
13. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. - Алматы, 1995.
14. Қабдолов З. Таңдамалы шығармаар. 4-т. – Алматы: 2007. – 211-214 бб.
15. Кекілбайұлы Ә. Ұстаз ұлағаты // Ұлттық рухтың ұлы тіні. - Алматы, 1999. - 86-87 бб.

Алкебаева Д.

филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ» МАҚАЛАСЫ – БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН МӘНІ

А. Байтұрсынұлы туралы аз жазылған жоқ, бірақ оның жазған кейбір мақалаларының құны бүгінгі күн сұранысын көрсетеді. А. Байтұрсынұлы туралы Ә. Хайдар бір баяндамасында «А. Байтұрсынұлы – біз үшін оқылмаған дастан» деп айтқан еді [1, 57 б.] А. Байтұрсынұлы тіл – әдебиет әлеміне сіңірген еңбектері ұшан-теңіз. Оның қазақ тілі мен әдебиетінің әр түрлі мәселелеріне арнап көптеген мақалалар жазып, баспа беттерінде жариялады. 1913 жылы "Қазақ" газетінде жарияланған "Қазақтың бас ақыны" атты мақаласы әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі әрі өзін осы еңбегі арқылы көрнекті әдебиеттанушы ғалым ретінде танытты.

Мақалада ұлы ақын Абайды халыққа таныстырды, оның тарихи-әлеуметтік миссиясының мәнін атап көрсетті, өлеңдерінің көркемдік-эстетикалық сипаты мен сөз өнеріндегі алатын орнын айқындады. Абай – жан ішкі сезімі ақын; ақынның рухани болмысындағы ымырасыз ой, ащы шындық, адам тағдыры және адам құқықтары туралы моральдық сұрақтардың мағынасы мен мәнін ашуға тырысты. Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», талантын, сыншылдығын, білімділігін ұғындырды. Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты.

Ақын Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін ағартушы-демократтық дәрежеге көтерді, тіл және әдебиет ғылымының іргетасын қалады. Абаймен танысқанға дейін 1913 жылға дейін Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысалында» қазақ елінің халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. «Маса» жинағында (1911) негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті болуға насихаттап, еңбек етуге үндеу болатын. Ақын халықты білімсіздіктен, жалқаулық пен енжарлықтан қашуға, кәсіпке, білімге баулу мен тәрбиелеуді мақсат еткен болатын. Қоғамдық-саяси, әлеуметтік лирика – лирикалық жанрдың тақырыптың мазмұнына қарай бөліп қаралатын, қоғамдық өмірге қатысты маңызды мәселелерді қозғайтын ақынның заманға, халықтың тағдырына көзқарасын білдіретін үлкен саласы деп айтсақ, автор осы салаға қатысты еңбектеніп қоғам қайраткері дәрежесіне жетті. Белгілі әдебиетші, ғалым Рымғали Нұрғалиев былай деген еді: Екі жинақ - “Қырық мысал”, “Маса” – қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен, ойлармен, өрнектерімен байытты; Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жігерлі поэзия туды, бұдан кейін талантты ақындардың жаңа буыны тарам-тарам жүлгелерді тереңдетіп, жалғастырып әкететін болады [2, 15.б.]. Бұл туралы айтып отырған себеп А. Байтұрсынұлы Абай туралы мақала жазғанға дейін қазақ халқының қоғамдық саяси өмірінің қыр-сырын, сол кездегі тағдырының жай-күйін өте жетік білген.

Автор Абайды таныта отырып өзі де үйренді ағартушылық, демократтық ойлар, ұлт болашағына айрықша жанашырлық таныту, Абай дәстүрінің үлгісіндегі сыншылдық сипаттар ақынның "Маса" жинағына енген барлық өлеңдеріне тән болып келеді.

Байтұрсынұлының Абай туралы жазған «Қазақтың бас ақыны» мақаласының мәнінің тереңінде аз сөзге салиқалы ой тастаған пікірінің құндылығы туралы айта кету керек. Автор басқа ақын, жырау, ауыз әдебиетін, халықтық шығармаларды өте жетік білген Абайды оқығанға дейін талай ақын ретінде танылған, соған қарамастан Абайдың ұлылығын бірден таныған себебі, мақалаға "Қазақтың бас ақыны" тақырып қоюдың өзінің мәнін айқындайды. Автор мақалаға ат қою да біріншіден шығармасының поэзиясы айқындап береді. Содан соң шығармасын арқылы жан- жақты ашады. Мақаланың тақырып қою автордың дүниетанымдық көзқарасымен мағыналық психоәлеуметтік тұғырын анықтап береді. Автор шығармасына ат қою арқылы жазған еңбегінің мақсаты мен міндетін өзі нинтерпретация жасайды. Автор тақырып қоюдың хас шебері әдебиеттанушы әрі публицист ретінде танымал болды. Автор сол кезде әдебиеттің сан алуан үлгілерін білсе де, Абай туралы жазаған еңбегіне «қазақтың бас ақыны» деп тақырып беруінің өзі автордың терең білімін, жанашыл сөз өнерінің құдіретін ғана емес әдебиеттің адам өміріндегі алатын мәні мен сипатын терең көрегендікпен пайымдағанын көрсетеді. Арада қанша уақыт өтсе де талай ақын туып өмірден өтсе де, әлі де ғасырлар талантын халқына сыйласа да «Абай – қазақтың бас ақыны» болып қала беретіндігін автор алыстағы алды-артын болжайтын қырағы көзбен ақыл – парасатпен таразылаған.

"Қазақтың бас ақыны" деген тақырыбының сан алуан осы уақытқа дейін жазылған Абай туралы жазылған еңбектердің қайнар бұлағы деп айқан артықтық етпейді.

А. Байтұрсынұлы Абаймен алғаш 1903-ші жылы танысқан, әрине Абайдың өлеңдері арқылы оған мақаласындағы сөздері дәлел бола алады. *«1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың»* - дейді. Содан

соң Абайдың өлеңдерін өзі түсінуге тырысады, оны былай баяндайды: «*Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Көп сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да түсіне алмайды*». Автордың айтпағы Абайды түсіну қиын, шын мәнінде Абайдың өлеңдері көп емес том-том емес, бірақ аз сөзге терең маңына мен мән берген сөз құдіреті тереңде мұхиттың түбіндегі інжу-маржандай. Содан соң А. Байтұрсынұлы Абайды тану мен талдаудың оңай емес екенін айтады. «*Не мағынада айтылғаны біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік*». .. Кейбіреулердің айтатын «*ауырлығы бар*» деген сөздер, ол өлеңнің қисынын келтіре алмағаннан емес, өрнегінің жаңалығынан, қазақ өлеңдерінің дағдылы түрінен басқарақ болған соң, оқушылар жаттыққанша жатырқайды. Сонан ғана ауыр сияқты көрінеді». Бұл пікірлері арқылы А. Байтұрсынұлы не айтқысы келді? Абай өзі айтқандай сөз түзелді, оқушы сен де түзел деген пікірінің қилы қилы, сазды да қасиетті сабырмен талдау керек мәніне бой алдырғанды қалаған.

Шынында да осы уақытқа дейінгі зерттеушілер Абайды қанша жазып зерттесек те әлі толық зерттеп тани алған жоқпыз, Абайда ашылмаған сырлар мен жұмбақ ойлары бар екенін айтып та жазып та жүр. А. Байтұрсынұлы осы жерде «*оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік*» дегенді қайталап қолданып отырғанымыз осы кемшілік пен олқылық, Абайды дұрыс бағалай алмай немесе қазіргі ғылым салалары бойынша талдауға жете алмаған кемшілік әлі Абайтануда сезіліп те тұр, бұл – мойындалатын шындық. Осы пікірді А. Байтұрсынұлы сонау 20-шы ғасырдың басында айтып кеткен еді. Осыған қатысты жарты ғасырдан астам уақыттан кейін А. Ысқақов «Абай және қазақ әдеби тілі» деген мақаласында осыған ұқсас пікір білдірген, Абайдың тілі деген тақырып – өте күрделі екендігіне тоқтала отырып, егер ол өлеңдерін шығыс әдебиет үлгілерінде жазса, кітаби ақын ғана дәрежесіне жетер еді деген пікірді айтады [3, 22.б.]. А. Байтұрсынұлының жоғарыда айтқан ойлары кейінгі ғылыми қауымға ой салғаны негізгі ғылыми зерттеулерінің бастауы болғаны анық.

Осы бір аз сөзге көп мағыналы түйін түйген А. Байтұрсынұлы тағы да былай дейді: «*Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түсіндіріп, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Оның сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі оқулыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыны да сынайды*». Осы жерде Ахмет не айтпақ болды? Дәл бүгінгі күн тұрғысынан, осы пікірге қандай талдау жүргізуге болады. Тыңдаушысы, оқушысының біліміне көп мән беру керек екендігін қабылдаушының да білімінің жоғары болғанына талғам мен таразысына өзімен теңдес болу керектігін де Абай арқылы А. Байтұрсынұлы та негіздеп берген.

Автор осы шағын бірақ мәні терең мақалсында тағы да былай дейді: *Абай сөзі заманындағы ақындардан оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған. Қазір тіл ғылымында сөзтану ғылымы, когнитивті ғылым, нейролингвистика, элеуметтік лингвистика т.б ғылым салалары өзінің жаңа ғылыми – ұғымдық базасын алып келді. Олардың басты мәні мен зерттеу нысаны-адам. А. Байтұрсынұлының осы бір сөзінен 1 ғасырдан уақыт өтсе де осы ғылым салалары арқылы Абайды зерттеуге бастама беріп соның қайнар бұлақтай асып тасып жатқан болмыстық мәнін ашу міндетін көрсетеді.*

Автор осы аты шулы мақаласында: *Қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай терең сөздер жерге көмілер еді?! Абай сөздері- қазаққа зор бақ -* деген пікір білдірген. Абай бомаса, қазақтың зор бағын жоғалтып алатын қоғамдық қаупін Ахмет сол кездің уақытымен айтқанмен, бүгін сол қауіп пісіп жетіліп тұр. Абай артына асыл мұра етіп қалдырған үлгілі, қандай мағыналы, қандай терең сөздерден біз бақ етіп ұстап тұра алмай қолдан ұшырып бағын жоғалтқан жандар болып қала ма деген үлкен қатерге тап болған күй кешу басқа түсіп тұрған сияқты.

А. Байтұрсынұлы мақаланы тағы да былай өрбітеді: *Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрметпен, көзқараспен күтіп алып, тор түгіл, тақтан орын берген - дейді. Абай тақтан орын берген сөздер бүгінде қазақ өз тағы мен бағын жоғалтып жатқан жоқ па деген ой келеді. Бірақ сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қанша оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тындаушы көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып, жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жаман болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-саран екендігі, жұрт мағыналы, маңызды, терең мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа ұнамсыз тиіп өте шығатын жеңіл сөздерді тындауға құмар Абайдың өлең жайын жазған сөздерінде көрсетілген.*

А. Байтұрсынұлы Абай туралы жазған мақаласында Абайдың сыншы екенін тамаша түрде дәлелдеп кеткен. Сыншы – синтездік өнер, сыншы таланты ауыр ол бірнеше ғылымның эстафетасын арқалайды, кезінде сын туралы ғылымизерттеушілердің тілімен айтқанда әдеби «сын-қимыл, қозғалыс үстіндегі эстетика» болса, сол сұлулық сөз сынын тамаша өлең арқылы өрбітіп терең мән берген Абай екенін автор шынайы дәлелдеп берген болатын.

А. Байтұрсынұлы Абайдың бойындағы ақындықты ғана емес, сонымен қатар сыншылдықты, жазушылықты, білімділікті, ғұламалықты, көсемділікті зор ізгілікпен пайымдаған. Оны мына сөздері арқылы жүйелеп береді: *Сонымен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға неден екендігін білетіні де көрініп тұр. Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік... Абайдың қандай сыншы, сөз тексергіш екендігін төмендегі сөзінен байқауға болады - деп өлеңге берген сыни талдаулары арқылы дәлелдейді. Абайды сыншы деп таныған ғылыми пікірлер қазіргі күнде әлі айтылған жоқ.*

Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайшылыққа кемшілігі болар» деп, таяқтан тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалпында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әртүрлі Еуропа білім иесілерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін, жазушы Ғалихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Луис, Дрепер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. А. Байтұрсынұлы айтқан сөздері арқылы Абай – терең білім иегері. Қазіргі уақытта адамды зерттеуде адамның аялық білімінің зор мәні терең қарастырылуда.

А. Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» мақаласында «білімнен мал артық болушы ма еді» деп Абайдың білімді бағалаған тұсына ерекше тоқталады. Қазір де білім ұғымының оның адам өмірінде мәні де өте маңызды. Қазақ елі де білімнің жаңа жетістікері мен биік шыңдарына ұмтылып жатқаны тоқтаусыз болмақ. Абайдың білімге ұмтылудың қазақ үшін қандай көкейкесті екенін А. Байтұрсынұлы қолдауы осы Абайдың білім туралы айтқанына негізделеді, оған назар аударып, қазақ елі білімге зәру екендігінаса қатты мән беру керектігін өзі де айтады. Білім – адамның танымдық дүниетану нәтижесі. Шын мәнінде Абай өмір сүрген уақытта білім мен ғылымның әлі таразының басына теңгерілмеген тұсы болғандықтан, А. Байтұрсынұлы та Абай сияқты білімнің маңызы мен мәніне оқырманына айтқысы келеді. Білім – бұл адамның барлық рухани және физикалық күштері қатысқан тұлғаның ең жоғарғы өзін-өзі жетілдіретін көрсеткіші; бұл шығармашылық іс-әрекеттің түрі. Оның үдерісінде адам өзін-өзі дамыта және өзін-өзі өзгерте тұрып рухани және материалды объективті және субъективті қоғамдық мәні бар құндылықты қана құрып қоймайды, соны ізгіліктендіріп жетілдіреді, айналасына ұғындырып, ой тастайды, адамның санасында бар бірақ әлі бой алдырмаған тұстарына қозғау салады.

Ағылшын философы Ф. Бэкон «білім – ерекше жаратылыс күші» деп айтқанындай, А. Байтұрсынұлы Абай өлеңдерін оқығанда өзіне «ауыр» болғанын айтады. Шын мәнінде Абайды зерттейтін зерттеушілерде осы пікірде бүгінде түсіну үшін білім керек. Абайдың: «Ұятың, арың оянсын, Бұл сөзімді ойлансын...» дегені ойларының маңызын әлі жаттанды түрде айтқанмен, мағынасы филологиялық ғылыми тұрғыдан әлі сыры ашыла қоймады.

А. Байтұрсынұлының сөзінің мағынасына терең үңілген сайын Абайдың жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болу себебі оның сөзінде емес өз бойының асыл қасиеттері мен болмыс тұлғасының, жаратылысының оқшаулығы мен даралық сипатының сан ғасырда бір туар адамзатқа тартылған жаратылыстың құпия сыры тартуы деп тануымызда, бірақ бұл әлі толық анықталып танытылған жоқ десе де болады. А. Ысқақов «Абай және қазақ әдеби тілі» деген мақаласында осыған ұқсас ойларын ортаға салған болатын, Абайдың ерекшелігі «жазуында емес» дей келіп, аса дарындылығында, шешендігінде, терең ойлылығында деп бағалаған болатын. Шын мәнінде Абайдың заманындағы өзгерістер оның сөз өнерінің бүкіл зор аумағын қамтыды. Қазіргі заманның да қоғамдық, әлеуметтік мәдени-саяси жағдайлар, ғылымды қайта тану мен оның жаңа бағыттары Абайды қайта тану мен шығармашылық данышпандығын басқаша түсініп зерделеуге мән беруді талап етіп отыр. Мағжан Жұмабаев айтқандай *Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар, Өлтіріп талай жанды, жүгін артар. Көз ашып, жұртын ояу болған сайын, Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар* деген сөзі де осы мақаланың мәнін аша түседі. *Мынау тұрған Абайдың суреті ме? Өлең, сөздің ұқсаған құдіретіне. Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған, Қарсы келер Абайдың кім бетіне!* - деп Ж. Жабаев жырлағанда қазақта ешкім тең келмесқазақтың бас ақыны деген автордың берген әділ бағалауына осылайша өлең жолымен өрнектеген болатын.

А. Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» мақаласының мәні негізі Абайдың заманындағы қоғамдық-саяси өзгерістер мен қазіргі заманның ортақ байланыстары арқылы талдау түсіну тереңіне тарта берігіндігін, жыл өткен сайын күрделене түсуде. Абайдың поэзиясы мен қара сөздері жалпы адамзат баласын рухани құндылықтарға жетелейді. Алайда қазіргі жақандану дәуірінде, әлемдік өркениет заманында Абайды қалай түсіндіреміз. Абайды жатқа айтып «Абай солай деп еді-ау, Абай ұлы ғой былай айтқан еді-ау» - деп ыңыранып тынамыз ба?

А. Байтұрсынұлы Абайдың «ауырлығы» сан ғасырдағы адамзат құндылығын сақтауға, қазіргі әлем үнінің «жан айқайына» жеңілдік, тазалық, мейірімділік, парасаттылық мәселелерінің «ауруына» жеңілдік әкелетін «дауа» екенін айтқан шығар.

Автор «Қазақтың бас ақыны» мақаласының мәні мен маңызы мынада: Абайды жаңа көзқараспен, өзгеше тыныспен, бүгінгі заманның әлеуметтік деңгейімен, ниеті-пиғылымен, сусаған пейілімен, рухани жан дауасымен қарауға шақырады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Мемлекеттік тіл бүгінгі мен болашағы. – Астана: «Елорда», 1998. – 248 б.
2. Байтұрсынұлы А. Ақ жол / Құр: Нұрғалиев Р. – Алматы: «Жалын», 1991. – 464 б.
3. Ысқақов А. «Абай және қазақ әдеби тілі». Қазақ тілінің көкейкесті мәселелері. – Алматы, 1992. – 150 б.

Баймырзақыз С.

филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИ ЖАНР МӘСЕЛЕСІ

Әр ғылым өзіндік феномендік бөлшектері, мәні арқылы айқындалуы тиіс. Бұл тұрғыдан алғанда ғылым өзінің мәніне қисынды түрде сай келеді. Әдебиетті оқып үйрену үшін алдымен әдебиеттануды айқындап алу керектігімізді кезінде ұғындарған А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» әлемдік зерттеушілердің ғылыми тұжырымдарынан кем түспейтіндігімен құнды. Әу дегеннен Аристотельдің «еліктеу»

тұжырымына сай келетін «Андатуында» өнердің түрлеріне келтіретін қарапайым талдаулары соның айғағы. Адам санасының үш негізіне (тірелген сөз өнерінің қызметі қазіргі әдебиеттанушылардың басты машақатына айналып отыр. Шынында, көркем әдебиетті үйренудің - яғни алдын ала ойдан шығарылған мәтіндерді жаппай жасаудың және қолданудың керегі не? Мәтін қалай мәңгі жасайды деген сансыз сұрақтардың жауабын іздеуге көшесіз. Өйткені еңбекте адам рухының мүмкіншіліктерін объективті түрде айқындау үшін бейнелеп түсіндіруге тура келетін нақты жүйелерге тоқталады. Дәл қазіргі ұғыммен айтқанда -мәтінді талдаудың: түсініктеме беру, түсіндіру, поэтика секілді үш үлгісінің ара жігін "жанрлық" ажыратуға негізделген метаәдебиет дискурсының негізін байқайсыз. Қарапайым тұрмыстық шынайы өмірдегі жағдаяттармен түсіндірген мәтіннен тыс алуан түрлі типтік суреттеу (автор өмірбаянының немесе мәтін тарихының фактілері, басқа адамдардың оған үн қатуы; онда айтылатын жағдаяттар — мысалы, тарихи жағдайлар, мәтін шындылығының дәрежесі; мәтіннің сол дәуірдегі ескірген сөздер сияқты бізге түсініксіздеу бола алатын тіл және әдеби нормаларымен арақатынасы; нормадан ауытқудың мәні — автордың шеберлігінің төмендігі, қайсыбір басқа норманы ұстануы немесе норманы саналы түрде бұзуы) сияқты бүгінгі күнгі мәселелермен жолығасыз. Сөз өнері ғылымын екіге бөліп, шығарма тілінің және түрінің ғылымын нақтылай отырып әрқайсысына тән заңдылықтарын ақындайсыз.

Эл – Фарабидің «Өлең өнерінің қағидалары» туралы трактатын Аристотельдің «Поэтика» атты еңбегінің ықпалымен жазылғанын ескерсек, «Поэтика» да сөз болатын грек әдебиетінің жанрларын, терминдерін, өлең өлшемдерін ары қарай саралап, талдап жететін Фараби еңбегін бірден түсіну оңай емес. Фараби грек поэзиясын төмендегідей топқа бөледі: трагедия, комедия, ямб, драма, эпос, поэма, сатира, риторика, т.б. Әрқайсысына жеке анықтама береді.

В.Г. Белинский «Поэзияны тегі және түріне қарай бөлу» деген мақаласында «Поэзия - өнердің жоғарғы тегі». Поэзияның үш түрі: эпос, лирика, драма екендігін көрсетеді. Мақалада әдеби жанр туралы әңгіме болғанымен жанр термині аталынбайды. Онда тек, түр ретінде ғана сөз болады [1]. Поэма, повесть, роман терминдері эпостық шығарманың түрлері мағынасында келтірілген. « Біздің заманымыздың эпопеясы – роман, повесть дегеніміз – ол да роман, бірақ оның көлемі кіші болады. Повестің айырмасы мазмұнының көлемі мен мағынасында» деген тұрғыда ғана анықталады. Сондай-ақ « драманың ең жоғарғы тегі – трагедия», «комедия – трагедияға қарама-қарсы қойылған драмалық поэзияның соңғы түрі» сияқты анықтамалар бар.

Жанрды – әдебиеттің тегі, түрлер ретінде табиғатын танып, даму барысында пайымдауға бүгін әр түрлі ағым, әр түрлі мектеп өз тұжырымын ұсынады. Мысалы: Кейбір оқымыстылар жанрларды психологиялық категория ретінде лириканы – сезім, эпосты – ерік, драманы – ой деп қарайды [2]. Лингвистикалық мектеп өкілдері: лириканың қамтитын объектісін осы шақпен, эпос – өткен шақпен, драма – келер шақпен шектелмек. Бұл ағымдардың жанр теориясына қосқан жаңалығы шамалы.

Бұдан шығар қорытынды: қай кезеңде де қандай мектеп ағым өкілдері болмасын жанр мәселесіне көңіл аударып отырған.

Бүгінгі әдебиет теоретиктерінің өздері де жанр мәселесінің күрделілігіне назар аударып отыр. Сөзіміз дәлелді болуы үшін мысал келтірейік.

1. Л. Тимофеев: Жанрды әдеби дамудың белгілі бір тарихи кезеңіне ғана қатысты қарау керек деді[3].

2. Ф.С. Лихачёв: Әдеби дамумен бірге жанрлардың да өзгеріп отыратындығын, сол себепті де ең алдымен жанрды тудыратын принциптерді зерттеуді ұсынады[4].

3. Г.Л. Абрамович: Әдебиеттің тегі, түрі жанры деген ұғымдардың ара жігін ажырататын жұрт қабылдаған анықтаманың күні бүгінге дейін жоқ екендігін жазады[5].

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған А. Байтұрсынұлы өз еңбегінде «Жанр» сөзін қолданбаған. Оны қарапайым түсінікпен [6]:

1. Жай сөйлеу түрде

2. Сөйлестірген түрде жіктейді. А. Байтұрсынұлының бұл жүйелеуі негізінен қазақ әдебиетінің ерекшелігі тұрғысынан жүзеге асқан.

3. Қабдоловта әдеби жанр термин ретінде шартты екі мағынада қолданылады [7]:

1. Әдебиеттің тектері – эпос, лирика, драма.

2. Әдеби шығарманың түрлері – әңгіме, роман, баллада, поэма, комедия, трагедия, т.б. Әрі қарай әдебиеттің жанр, әдеби шығарма жанрлық түр деп түсіндіреді.

Нұрғалиев Р. Жанр тудыратын элементтер деп – сюжет түзілісі, композиция, тақырып, поэтика, бір сөзбен шығарма идеясы мен мазмұнын ашатын көремдік құралдарды айтуға болады. Бүгінгі көзқарас бойынша әдеби жанрларда жіктегенде негізге алынатын критерийлердің бірі – характердің көрініс дәрежесі. Характердің адам өмірін қамту мөлшері [8].

«Әдеби жанрлар» атты зерттеу еңбекте [9] шығарманың жанры, яғни кейпі дегеніміз бірыңғай әрі біркелкі қиысқан өзгеше сипаттардың, ерекше образ жүйесінің, айықша композиция құрлысының лайықты оралымының белгілі ырғақ интонацияның т.б. нақты бірлігі деген анықтама жазылған. Әдебиеттің эпос, лирика, драма секілді тектерін жанр деп қате қолданылушылық кездеседі. Дұрысы, жанр әдебиеттің тегі емес, тегінен тарайтын ішкі тармақтар деген түсінік беріледі. Жанр туралы пікірлерді жинақтай отырып, осы мәселенің күрделілігінде шешілуінің оңай еместігіне назар аудару. Әдебиеттану ғылымындағы тек /род/, түр /вид/ және жанр категорияларының ұғымдық, атаулық жағынан ажыратылмай келе жатқандығына көз жеткізу:

Текті /род/, эпос, лирика, драма.

Түрді /вид/, поэзия, проза, драма.

Жанрды - әңгіме, роман, поэма, трагедия, т.б.

Сонда «жанр» дегеніміз – тек пен түрдің тағы да басқа компоненттердің бір – біріне кірігіп, түрліше құрамда қолданылуынан пайда болған әдеби шығарманың тарихи қалыптасқан түрі.

Әдеби жанр екі мағынада қолданылады (тек, түр). Әдебиеттің үш түрлі тегі бар: эпос, лирика, драма. Әдеби шығарманың түрлері – әңгіме, роман, баллада, поэма, комедия, трагедия болып табылады.

Жалпы соңғы осы екі еңбекте де әдебиеттің тегі – жанр, әдеби шығарма – жанрлық түр деп қарастырылған. Мұнда эпикалық жанр үш түрге бөлінеді: 1. Шағын. 2. Орта. 3. Кең көлемді.

1. Шағын көлемді түріне: очерк, новвелла, әңгімелер т.б.

2. Орта көлемді түріне: повесть, поэма.

3. Кең көлемді түрге: роман, эпопея жатады.

1. Эпикалық жанрдың шағын көлемді түріне енетін новелланы мысалға алып қарайық:

а) Новелла – бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген тамаша оқиға туралы шындыққа сыйымды әңгіме. Бұл біздің дәуірімізде көркем әңгімемен ұласып, ара-жігі жойылып барады. Орта көлемдіден ә) повесті алып қарайық. Бұл – орта көлемді эпикалық жанрлық түрдің үлгісі. Бұл туралы ғалымдардың пікірі әр түрлі. Повестің жанрлық сипаты – мұнда шағын эпостағыдай бір емес, бірнеше оқиға, адам өмірінің бір, не бірер эпизоды ғана емес, бір алуан кезеңді құбылыстары кеңірек, біраз дамытыла суреттеледі. Мұның мазмұнындағы ең өзекті шындық – бас қаһарманның өмірі болып келеді. Мысалы: Ш. Айтматов «Құс жолы». басты қаһарманы – Толағай. Повесть – әңгімеден үлкенірек көлемді, сюжеті күрделі, өмірлік тартыстың оқиғаға тұтаса бастауы. Шешімі, байланысуы, шиеленісуі – бәрі табиғи. Кең көлемдіге – роман, эпопея енеді. Роман – «роман сөзі ойдан өрбіте баяндалатын тарихи дәуір ұғымын береді» - деген Пушкин. Оқиға кең, терең қамтылады. Соған сай кейіпкері де көп.

2. Лирика – (лира – аспап) әдебиеттің Аристотель заманынан бері келе жатқан дәстүрлі үш тегінің бірі, шындықты адамның ішкі көңіл күйіне бөлеп, ойы мен сезіміне астастыра суреттейтін терең психологиялық шығарманың түрі. Лирикаға ақындардың ішкі дүниесінің сыртқы себептерімен жалпы ақиқат, шындықтың әсерімен қатты толқуы, күйініш, сүйініш тән болып келеді. Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі.

Мұнда оқиғадан гөрі отты сезім басым. Лириканың күші баяндауда емес, әсерлілігінде. Ода– есімі елге тараған жеке адам не батырларды мадақтаған я болмаса ел ішіндегі елеулі оқиғаларды дәріптеген аса көтеріңкі, көңілді жыр. Лирикалық жанрға: ода, баллада, идиллия, мадригал, сонет, элегия, эпиграмма сияқтылар жатады.

3. Драма – шындықты айрықша тәсілдермен, шиеленіскентартыстар үстінде жинақтап, іс – қимыл арқылы көрермендердің көз алдына келтіру. Мұнда ең басты нәрсе – тіл. Бұған үш түрлі талап қойылады:

1. Драмалық шығарманың көлеміне шек қойылады.
2. Қатысушылар сөзінен тұрады
3. Ең бастысы – қимыл
4. Драмадағы шындық көркемдік шешімін тек сахнада табады.
5. Драмадағы шешуші нәрсе – тартыс

Бұл үшке бөлінеді: трагедия, комедия, драма.

1. Трагедия – құдіретті күш иесі, ғаламат қайсар, ер көңіл, әр тұлғалардың өмір тіршіліктегі жеңіп болмас асыңқы, асқақ кедергілер мен кескілескен, олардың жан дүниесіндегі терең тебіреністерге, арпалыстарға құрылған күрделі сахналық шығарма. Соңы қайғылы жағдаймен аяқталады. Мысалы: М.Ә. Қаракөзі 2. Комедия – өмірдегі келеңсіз, керексіз құбылыстарды, сынап келекеге айналдыратын күлдіргі пьеса. Мұнда ешкімді өлтірмей – ақ, кінәлілерді рухани жағынан күйретіп барып біте береді. Мұның күші – күлкіде, күлкінің күші шындық пен табиғилықта.

1. Қ. Жұмалиев эпикалық жанрда үшке бөліп қарастырмаған, жаппай 7 түрге топтастырған [10]. Осы жоғарыда келтірілген соңғы зерттеулерге қарап отырып А. Байтұрсынұлының осы тұжырымдарға негіз болатындай қарапайым, түсінікке жеңіл талдаулар жасағанын байқаймыз. Әдебиеттің 3 тегін тереңнен қозғаған жайы бар. Мәселен, адамзат мүддесі мен мақсаты жолындағы әрекеттеріне талдау жасай келе тысқы ғалам мен ішкі ғалам тұжырымын ұсынады. Ондағы «Ұстасудың» 3 дәуірі болатынын, ол шығармалар 3 ке бөлінетініне (1.әлектеніс 2.азаптаныс 3.әуреленіс) тоқталады. Әдеби жанрлардың үш түрінің мазмұнын айқын танытып тұрған атаулар және оған берген ғалымның сипаттамалары қазіргі кезде қолданып жүрген әдеби жанр терминдерін түсіндіріп беретіні ақиқат.

Жанрларды, жанрлық түрлерді бір-бірінен ажыратып, бөлекше сипаттарын айқындай отырып, олардың арасындағы айырым, шек шартты нәрсе екенін де, басқаша айтсақ, олардың бірімен-бірі жақын, жалғас келетін тұстары болатынын да есте сақтау керек. Мысалы, романда лирикалық элемент, сарын кездесуі әбден заңды. Романнан да, поэмадан да кейіпкердің көңіл-күйі, күйініш-сүйініші суреттелгенде біз лирикаға тән ерекшелікті байқаймыз. Сондай-ақ драмаға тән қасиеттер де, айталық, уақиғаның, кейіпкерлердің әрекет-қимылы өзгеше бір сипатта ширығып шиеленісуі-романда да, поэмада да ұшырайды. Алайда романда басты, шешуші роль атқаратын баяндау тәсілі. Ал лириканың өзіндік өзгешелігін айқындайтын қасиет-онда адамның көңіл-күйінің, сезім дүниесінің тікелей және айрықша әсерлі бейнелуі. Яғни, әр жанрдың, жанрлық түрлердің өзіне тән, басқаларға қарағанда молырақ танылатын қасиеті, өз артықшылығы болады. Роман, повесть, әңгіме уақиғаны баяндап жеткізуге, әр түрлі адамдардың мінезін, іс-әрекетін, қарым-қатынасын суреттеп көрсетуге лайықтылығымен құнды. Драмалық шығармада уақиғаны шиеленістіріп, күрестартысы қисынды өрбіту, әр кейіпкердің өзінше ойлау, сезіну, сөйлеу қалпын ұтымды көрсетуге мол мүмкіншілік бар. Ал лирикалық туындыда сезімнің тереңдігі, нәзіктігі мен әсерлігі өте-мөте қажет. Әдеби жанрларды, жанрлық түрлерді ажыратып, танып-білу бір тектес, бір-бірімен ұқсас шығармалардың құрылыс-бітіміндегі бейнелу, баяндау тәсілдеріндегі кейбір ортақ белгілерді айыру үшін қажет. Алайда осындай қасиет-белгілердің әр жеке шығармада оның нақтылы мазмұн-мағынасына сай өзінше жасалатынын есте сақтаған жөн. Сондықтан әдебиеттің дамуына байланысты жанрлық түрлер үнемі толысып жаңа сипат алып, молыға түседі. Сонда да біз қаншама жаңа ұғымдар мен терминдерді айқындап, жасап келе жатсақ та солардың ғылыми негізінде Ахмет Байтұрсынұлының терең де қарапайым ұғымға құрылған тұжырымдары жатқанын мойындауға тиіспіз.

Әдебиеттер:

1. Белинский В. Таңдамалы шығармалар. 2 томдық. – Алматы. 1947, 1948.
2. Женетт Ж. Фигуры: Работы по поэтике: в 5-ти т-х. – М.: «Наука», 1998. – Т. 2. – 468 б.
3. Тимофеев Л. Основы теории литературы. – Москва, 1971.
4. Лихачев Ф.С. Текст и его восприятия. - Свердловск, 1991. -302 б.
5. Абрамович Г.П. Избранное произведение. –Л.: Совет писатель, 1974. – 320 б.
6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Шығармалары. – Алматы, 1989.
7. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1992.
8. Нұрғалиев Р. Әдебиет теориясының негіздері. – Астана, 2001.
9. Щедрин С. Литературные жанры. - М.: «Наука», 1973.
10. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогикалық баспасы, 1960.

Бахтиярова С.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
«Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Фазылова Г.М.

«ORDA» жоғары колледжінің оқытушысы,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің магистрі

АХМЕТ – БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми зерттеулер ғана емес, сол кездегі ғылыми сұранысты өтеген оқулықтарының күні бүгін қажет болуы – білім беру саласындағы ХХ ғасыр басындағы іскерліктің үлгісі.

Халқымыздың қараңғы түнін жарық қылған сөнбес жұлдыздарымыздың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, тарихи тұлға.

Ыбырай Алтынсаринді балалар әдебиетінің негізін салушы деп танысақ, Ахмет Байтұрсынұлы балалар әдебиетіне ғылыми тұрғыдан келді. Ол Қазақстанның әр түрлі облыстарынан мектептер ашып, ұстаздық қызмет етті, қазақ халқының көзін ашуға, санасын оятуға барын салды. Яғни, Ыбырай Алтынсариннің қазақты сауатсыздықтан құтқару үшін қалаған сара жолын әрі қарай жалғады.

Қазақтың маңдайы жарқырап өзге елдермен қатар болуы үшін ең алдымен оқу-ағарту ісін аяғына қою керектігін түсінген Ахмет Байтұрсынұлының оқу-ағарту идеясы – қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі.

Ахмет қазақ бастауыш мектебі қандай болуы керек деген сауалға көп жауап іздейді. 1914 жылы жарық көрген «Қазақ» газетінің басылымында осы мәселе жөнінде көлемді мақаласын жариялайды. Оның осы тұста баса айтқан ең өзекті мәселесі – бастауыш сынып 5 жылдық болуы керектігі. Оның алғашқы үш жылында барлық пәндер тек өзіміздің ана тілімізде оқытылуы керектігін көрсетті. Ғалымның бұл ойына оның мына сөздері дәлел: «Көңілге ұнамды мектептің түрі біздің ойымызша мынау: бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жылдық боларға тиіс. Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек. Соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек. Қыстаулары жиі қазақтар да бар, қыстаулары сирек қазақтар да бар. Солардың бәріне бастауыш мектеп қолайды болуы тиіс. Сондықтан әуелі қазақ бастауыш мектебі екіге бөлінерге: келіп оқитын, жатып оқитын мектептер». Ахмет бұл мектептерді «қыр мектебі һәм қала мектептері» деп те атайды. Бұдан А.Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Сол үшін де ол қазақша сауат ашатын тұңғыш қазақ әліпбиін жасады. Оны «Оқу құралы» деген атпен 1912 жылы Орынборда басып шығарды. Бұған дейінгі қазақ балаларына ұсынылып келген «Бкуварь» немесе «Самоучитель» дегендер қазақ балаларының сауатын орыс тілінде, орыс графикасымен ашуға арналған болатын. Демек, Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» - тұңғыш әліппеміз. Ал 1926 жылы Ахмет әліппенің жаңа нұсқасын ұсынды, бұл осы күнгідей суреттермен берілген болатын.

Ахмет тек тіл білімі саласында емес, әдебиеттану саласында да елеулі еңбек етті. Оның балалар әдебиетіне де қосқан үлесі зор. Ол – ақын және мықты ақын. Оны ақындыққа алып келген – өзінің халыққа қызмет ету, қалың көпшілікті еңбекке, мәдениетке шақыру, сауаттарын ашып, дүниені таныту сияқты мақсаттары тәрізді. Оның өлеңдері «Қырық мысал», «Маса», «Үзік» деген аттармен 1912 жылдан 1922 жылдарға дейін бірнеше рет Санкт-Петербург, Қазан, Орынбор, Орал қалаларында жарияланған. Ахметтің әдеби шығарманың ішінде дәл осы мысал жанрын таңдауында үлкен мән бар. Мысал арқылы ғибрат айтып дұрыстыққа, жақсылыққа шақырған. Айталық, «Қасқыр мен тырна» деген мысалда сүйекке қақалып, өлгелі тұрған жерінен қасқырды құтқарған тырнаға алғыс айтудың орнына тап беріп жеп қоюға даяр болғанын суреттеп келіп:

Қыссасы қасқыр, тырна болды тәмам,
Мінездес қасқырменен кейбір адам.
Басына бәле түсіп қысылғанда,
Жалынып, жалпаяды келіп саған.
Құтқарып ол бәледен жіберген соң,
Болмайды оған кісі сенен жаман.
Жоқ болған отқа күйіп мүлкіндей-ақ,
Қайырдың зайғы кетер еткен оған... - деп ғибрат айтады [3, 56].

Ал «Масаға» енген өлеңдер болса, олар да осы мақсатта: қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық – осылардың бәрі, автордың бейнелеуінде, қазақты шағуға дайын тұрған жылан, өлең иесі «аяқтары ұзын, сары маса» болып, ызындап ұйықтап жатқан халқын оятпақшы:

Мысалы, қазақ малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды бәле делік аңдып баққан.
Бәленің түрін көрген мен сары маса,
Қазақты оянсын деп сөзбен шаққан [3, 58].

Күллі қазақ әдебиетінде, оның ішінде балалар әдебиетінде ойып орын алатын «Қырық мысалды» Мұхтар Әуезов «Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген, төңкеріс рухындағы сөзі» деп бағалады. Ал «Маса» - қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұран болды» деп жазды.

Ғалымның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегін алып қарасақ, бұл оның қазақ тілі ғылымының негізін салуымен қатар, қазақ поэзиясының теориялық мәселелерін ғылыми тұрғыдан баяндауда да көп жаңалық ашқанына дәлел бола алады. Поэзия тілінің бейнелілігін, сөз қолдану тәсілдерін мұқият зерттеп теңеу, ауыстыру (метафора), алмастыру (метонимия), шендестіру, арнау, қайталау, дамыту, бүкпелеу секілді ұғымдарды әдеби термин ретінде қолданады. Сөйлемдердің синтаксистік топ болып бірігуін оралым, қайшы оралым деген сияқты түрлерін ажыратып көрсетеді. Өлеңнің құрылыс-жүйесін айқындай отырып, бунақ, тармақ, шумақ ұғымдарын қалыптастырды. Поэзиядағы жанрлық түрлердің ұлттық ерекшеліктерін таныту мақсатымен толғау, терме, өлең жыр, айтыс, тағы басқаларды орынды жіктейді. Ғалымның қолданған терминдерінің көпшілігін бүгінгі таңда біз өз сабақтарымызда қолданып та жүрміз.

1923 жылы Ахметтің 50 жылдық мерейтойы Ташкентте аталып өтеді. Осы тұста қазақ баспасөзі түгелге жуық бұл мерекені атап өтті. Түркістан республикасы Орталық партия комитетінің органы «Ақ жол» газеті өзінің 1923 жылғы 4 ақпандағы санында «Ахаңның юбилейі туралы» деген мақаланы редакция атынан берді. Осы нөмірде «Ахаңның 50 жылдық тойы» деген атпен Мұхтар Әуезовтің көлемді мақаласы жарияланды. Мұнда автор: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал», «Масаның» еңбегі, «Қазақ» газетінің 1916 жылы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты біз ұмытқанда да тарих ұмытпайтын істер» деп баға берді. Ал Сәкен Сейфуллин «Ахаң байлардың құлдығында шіріген шаруалардың айқайшысы емес, олардың қолшоқпары емес, бірақ адал жүрек байын, кедейін айырмай, қазақты сүйетін таза ұлтшыл. Қалай болса да, жазушысы аз

ғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу һәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай» деп лебізін білдірді.

Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқына, тіліміз бен мәдениетімізге, әдебиетімізге, оның ішінде балалар әдебиетіне сіңірген еңбегін саралай келе, біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, соңынан із салған жаңашыл ағартушы. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының «Әліпбиімен» ашып, ана тілін Байтұрсынұлының «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді.

Екіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы – араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Бұл жазу да үстіміздегі ғасырдың 10-шы жылдарынан бастап 20-шы жылдарына дейін (латынға көшкенше) қазақ мәдениетіне, оқу-ағартуына жақсы қызмет етті. Ол жасаған жазу күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді: Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Иран сияқты елдердегі қазақ байырластарымыз сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы графикамен шығарады. Шетелдік бауырлас қазақтарға арнап, осы күндерде өзіміз шығаратын «Біздің Отан» атты газетіміз де Байтұрсынұлы реформалаған араб жазуын пайдаланады, ол ұсынған емле ережелерін ұстайды.

Үшіншіден, А. Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші тұңғыш филолог-ғалым және Қазақстан ғылымының алғашқы ұйымдастырушыларының бірі.

Төртіншіден, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқына, жас совет үкіметіне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері [1,37].

Міне, қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, XX ғасырдың бас кезіндегі үркердей шағын топ – демократтық бағыттағы қазақ интеллигенциясының ең ірі, ең беделді өкілі, бір емес, екі рет заңсыз жазғырылып, сталиндік режимнің құрбаны болған Ахмет Байтұрсынұлын осылай танимыз.

Оның баға жетпес сапалы еңбектерін тереңдеп зерттеу – алдымыздағы зор міндеттердің бірі. Оның ұрпаққа аманат еткен мол мұрасының мәні уақыт өткен сайын сан қырынан ашыла береді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Күзембаева В.Қ. Ұлттың ұлы ұстазы. - Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 316 бет.
2. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: «Атамұра», 2003.
3. Аймауытов Ж., Әуезов М. Абайдан соңғы акындар // Қазақ әдебиеті. - 1990.
4. Айтбайұлы Ө. Мәңгілік тұңғырындағы тұлға // Қазақстан мектебі. - 1998.

Сарбасов Б.С.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор м.а.
Алматы, Қазақстан

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШЫНДАҒЫ» ӘУЕЗЕ ТҮРЛЕРІ

Тәуелсіздік кезең тұрғысынан алып қарастырғанда А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» қазақ тіліндегі әдеби-теориялық ұғымдар жүйесін тұңғыш рет қалыптастырған іргелі еңбек ретінде зерттеу бүгінгі күн талабы екені анық. «Туған топырағымыздағы әдебиет теориясының басы» (З. Қабдолов) «Әдебиет танытқыштың» ғылыми негіздері мен ондағы ғалым қалыптастырған «пән сөздерінің» өзіндік ерекшелігі тілдік тұрғыдан да, поэтикалық жағынан да тереңдете зерттеуді қажет етеді.

Туған халқымыздың әдеби, мәдени, тарихи, рухани, ұлттық құндылықтарын бар болмыс-бітімімен қабылдау үшін оның шығу тегі мен тарихи даму сатыларын мұқият қарастыру қажеттілігін айта келе Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Өткенді тану, тарихты терең пайымдап, оған әділ баға беру – үлкен парасаттылық пен жауапкершілікті талап етеді» [1, 29-б.], – дейді.

Тәуелсіздік кезеңінде қазақтың ұлттық тілі мен әдебиеттану ғылымының іргетасын қалаған ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, қазақ әліпбиінің реформаторы, түрколог Ахмет Байтұрсынұлының (1872-1938) шығармашылық зертханасы, әдебиеттанулық мұрасы сан алуан бағыттағы зерттеулердің нысанына айналатыны күмән туғызбайды, себебі А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми-теориялық еңбегін бүгінгі күн талаптарына лайық әлемдік әдебиеттану ғылымының аясында жаңаша көзқарас пен жаңаша ойлау тұрғысынан жан-жақты қарастырудың қажеттілігі мен маңыздылығы өте зор.

Ахмет Байтұрсынұлының ғалым-теоретик, эстетик-сыншы тұлғасын айқындап беретін күрделі, толымды, жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» («Теория словестности») деген атпен басылған. Араға екі-үш жыл салып, авторы ұсталып кеткен соң, бұл еңбек көпшілік арасына мол тарап үлгермеді. Бірақ қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған.

Ғалымның «Әдебиет танытқыштағы» қазақ әдебиетінің өзіне тән жанрлық формаларын топтап, жіктеп берудегі даналығына таң қаласың. Эпосты — әуезе, лириканы — толғау, драманы — айтыс деп бір қайтарып алып, сала-салаға жіктеп әкетеді де, әуезені шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме, тарих, тарихи әңгіме деп алты тарауға бөліп алады. Біреулері өткенді сөз қылғанда, уақыт сарынымен айтылады. Екіншілері уақыт сарынымен айтады да, үшіншілері біреуден біреуді туғызып, туыс сарынымен сөйлейді; кейбіреудің өз заманындағы болған уақиғасын сөйлегенде, кей өткен заманындағы болған оқиғасын сөйлегенде, кей өткен замандағы уақиғаның әңгімесін сөйлейді. Біреуі бір адамның өмірін яки мінезін әңгіме қылғанда, бүтін жұрттың өмірін яки мінезін әңгіме қылады [2].

Қазақ әдебиетінің тарихындағы осы аталған әуезе түрлері халықтың ауызша шығармашылығында, яғни, фольклорда дара-дара, дербес қалыптарымен жүргендіктері белгілі. Ал жазбаша шығармашылық өркендеген тұстарда авторлық туындылар осы айтылған әуезе түрлері синтезі сипатында жазыла бастады. Бұл — XII-XIX ғ.ғ. әлем әдебиеттеріне де ортақ шығармашылық құбылыс.

Қазақ сөз өнері тарихындағы жанрлардың барлығы да фольклор мен әдебиет мәселелеріне арналған зерттеулерде жүйеленді, бағдарлар жасалды. Бірақ қазақ сөз өнеріндегі ұлттық әдебиетіміздің кейбір мәселелері зерттеу нысанына айналмай келді. Қазақ әдебиеттану ғылымында осы уақытқа дейін арнайы зерттеу нысанына алынбай келген өзекті мәселелердің бірі — әуезе, оның түрлері.

Болған оқиғадан бастан-аяқ болған түрінде, ретінше мезгілін, мекенін көрсете мазмұндап, мағлұмат беру — әуезе болады. Оның мысалы, шағын түрде айтқанда, мынау болады:

«Қосшыларды ұйымдастыру, ағарту жұмысы. Қалалық ұйымдарда жетіде бір рет, ел арасында айында екі рет жалпы жиналыс болып тұрады. Қала ішіндегі жиылыстар көңілдегідей, ел ішіндегідей онша болмайды. Жиылыста ұйымның мақсаты, ел ішіндегі залалды ғұрыптармен қалай күресу, өкімет жұмыстары, қосшы мүшелерінің шаруашылығын күшейту туралы мәселелер қойылып, түсініс берілді.

Және қосшы ұйымына бұрын кіріп кеткен атқа мінер қуларды шығарып, тазалау туралы түсіндіріледі. Бірақ қулар да қарап тұрмайды: ұйымның кедей, малай мүшелерін өздеріне тартқылап, азғырып жүреді. Мұндайларды тамырымен құртуға шара қолданудамыз.

Ағарту жайына келсек, үйезде, қалада ұйым комитеті жанында оқу үйі клуб бар. «Қызыл шайхана» ашуға қаражат жоқтығынан аша алмай отырмыз. Бұдан былай мүшелердің сауатсыздығын жоюға үйездік оқу бөлімінен мұғалім сұрап, мектеп ашпақшы болып жатыр. Бұдан басқа «Еңбекші қазақ», «Ақ жол» газеттерін алдырып, таратып тұрамыз. 25-жылғы қосшы мүшелерінің жарналары әлі жиналған жоқ. Жаңадан жинауға кірісіп жатыр. Мүшелік жарналары жиналмағандықтан үйездік аудандық комитетте қаражат ақша жоқ. Ақша жоқ болғандықтан болком, райком қызметкерлері айлық ақыларын ала алмай

отыр. Соңғы кезде қосшы ұйымының қызметкерлері айлықтарын ала алмаған соң, қызметке де салақ болып кетті. Бұл кемшіліктерге аймақтық шара қолданса екен.

Аямбайұлы

«Еңбекші қазақ», 25 жыл, 412-сан»

Әуезе көбінесе үш тақтаға бөлінеді:

1. Мәлімдеу. 2. Мазмұндау. 3. Қорыту.

Мәлімдеуде я уақиғаның алдында не болғаны айтылады, я айтушының уақиғадан қанша хабардар екендігі айтылады. Мазмұндауда уақиға қалай болып, қалай өткені айтылады. Қорытыуында я уақиғадан шыққан нәтижесі айтылады, я айтушының қарары айтылады» [2].

Қазақ әдебиетіндегі келесі туындылардың да шежіре жанрының үлгілері болып табылатынын ғалымдардың пікірлері растайды. «З. Бабырдың «Бабырнамасы», Қ. Жалайырдың «Шежірелер жинағы», М.Х. Дулатидің «Тарихи Рашидиді» және т.б. кейінгі дамудағы шежірелік шығармалар күнделік, эссе, мемуар, тарихи әңгіме жанрларын құрылымында тұтастыра жазылған туындылар. Яғни, олар жанрлар синтезі тұрғысында жазылған, көп қырлы, күрделі құрылымды шығармалар. Бұл арқылы қазақ әдебиеті тарихындағы шежірелік шығармалардың осы жанрдағы әлемдік классикалық туындылармен деңгейлес, құрылымы мен көркемдігі жағынан терезесі тең толыққанды көркем шығармалар екендігі айқындалады» [3, 37].

Мемуар – автордың өзі көзімен көрген, қатысып араласқан оқиғалары жайындағы жазбалары. Мемуарлық шығармада өмірде болған оқиғалар нақтылы деректер өз өмірбаяны негізінде авторлық баяндаумен сипатталады. «Қазақ әдебиетінің тарихындағы әуезе текті жанрларды құрайтын шығармалар әдебиет дамуында өз жалғасын тауып келеді. ХХ ғасырда да жанры әуезе текті көптеген шығармалар жазылды. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің дамуында С. Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Өмір мектебі», «Өсу жолдарымыз», М. Мағауиннің «Мен», Қ. Мырзалиевтің «Иірім» т.б. шығармаларды осы тектес туындылар деп айтуымызға болады» [4, 135].

Қазақ әдебиетінің тарихындағы шежірелік шығармалар – ұлттық сөз өнері мен әдебиеті тарихындағы алғашқы жазба үлгілері болып табылады. Қазіргі жазба әдебиетінің негізі шежірелік шығармалар екендігін айтуымызға болады. Шежірелік шығармалардың құрылысындағы әлем әдебиеті үлгілеріндегідей тарихнама жанрларының өріле қолданылатыны – дәстүрлі жүйе. Шежірелік шығармалар – көп ғасырлық қазақ әдебиетінің дамуында халықтың тарихын ұрпақтардың жадынан ұмыттырмау қызметін атқарып келе жатқан мұралар.

Ахмет Байтұрсынұлы мұрасын «өшпес жарық», «кетпес байлық», «даналыққа бастар жол басы» деп танып, «ертеңгі үшін» аянбай еңбек еткен ғұламаның асыл мұраларын келешек қажетіне жарату бәріміздің басты міндетіміз.

Біз тарихтан тағылым ала отырып, А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышын» бүгінгі Тәуелсіздік кезең тұрғысынан қарастырғанды жөн көрдік. Ғалым дүниежүзілік және орыс әдебиеттану ғылымындағы жаңалықтардың бәрін жетік біліп, оны өз тәжірибесінде қолданып, насихаттады. Сонымен қатар ол ғылыми-теориялық ой-пікірлерін шашыратпай, белгілі бір арнаға бағыттап, жүйелей отырып, дамытты.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз ел игілігіне айналуда. ХХ ғасыр басында тұңғыш рет Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми-теориялық еңбегінде ұлттық әдебиеттанудың негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырған әрі ғылыми тұрғыда негіздеген өміршен зерттеулерін қалдырды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Туған елім – тірегім. – Астана: «Рауан», 2001.

2. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. / Құраст. А. Ісімақова, Г. Пірәлиева және т.б. – I том. – Алматы: «Алаш», 2003.

3. Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. - Алматы, 1994.

4. Сыдықов Т. Қазақ тарихи романдарының көркемдік тілі. - Алматы, 1998.

Абдиева Ш.Б.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс магистранты,
№28 орта мектебі, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
ҚР, Ақтөбе қаласы

АБАЙДЫҢ «ЕСКЕНДІР» ПОЭМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес қосып, қазақ поэзиясына өзіндік зор қолтаңбасымен келген ақын – Абай Құнанбайұлы. Абай салған поэзиялық соқпақтың жолы ХІХ ғасырдан бергі ақын шәкірттерінен күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Қазақ әдебиетінде мол мұра қалдырған Абай шығармашылығын бірнеше топқа бөлуге болады. Оның ішінде айрықша назар аудартатын шығармашылық мұрасы – Абай поэмалары.

Абай поэмаларының саны – үшеу. Олар «Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі» – аяқталмаған поэма. Ақынның бұл үш поэмасының үшеуі де өзінің туып-өскен қазақ ортасын, олардың тұрмысын, болмысын суреттейтін шығарма емес. Үшеуі де шығыстық дастан-аңыздардан немесе ертегілік тақырыптардан алынған сюжеттерден құралған. Көлемі аз, оқиға сюжеті шағын, Абайдың осы поэмаларының негізгі идеясы мен мақсаты ұстаздық тәрбиелік ойларға арналғанын байқаймыз.

Ақынның поэмаларының қазақ поэзиясында алатын орыны зор, әрқайсының мазмұндары терең. Десе де Абай поэмаларының ішіндегі шоқтығы биігі – «Ескендір» поэмасы. «Ескендірді» – Абайдың ең үздік поэмасы десек те болады. «Масғұттай» емес, мұндағы сюжеттік құрылыс оқиға өрісіне сай, барлық әрекеттер мен қайшылықты оқиғалар негізгі ойларға ұйтқы болып, Ескендір басымен байланыстырыла суреттеледі.

Біз ең алдымен бұл поэманың негізінде жатқан тақырыптың төркін-тегі туралы біраз деректер айтып өтелік. Шығыста Ескендір, орыс пен Европа елдерінің атауынша Александр — бар дүние жүзі халықтарының аңыздарында, ертегі, дастандарында ерекше орын алған адам. Біз бұл тұста тарихтағы Ескендірдің көпшілікке мәлім жайларына тоқтамаймыз. Аңыздар мен әдебиеттегі Ескендір жәйі Абайдың мына поэмасының тұсында бізге төтелей, жақын деректер береді. Соларға тоқтаймыз.

Сандаған ғасырлар бойы батыс пен шығыстың талай елінде Ескендірдің жорық жолын дәріптеген көптеген туындылар дүниеге келді. Тек бір ғана шығыс елдерінің өзінде Балами, Фирдоуси, Низами, Науаи, Жәми сияқты таланттардың негізгі шығармалары Александрдың жорық жолдарын уағыздауға арналған. Оның сыртында халық атымен айтылатын көптеген аңыздар қаншама! Ежелгі римдік тарихшы Ф. Аррианнан бастап бірсыпыра тарихшылар Ескендір Зұлқарнайын патшаның өмір тарихын ыждаһаттылықпен хатқа түсірген (Арриан, Поход Александра. М. Л, 1962). Демек, Александр хақындағы әдеби шығармалар да, тарихи еңбектер де, фольклорлық туындылар да аз емес. Ал мұның барлығын өзара салыстыра, Александрдың шынайы өмірі қандай еді, ол жайлы жазылған көркем шығармаларда сол өмір қалай берілген, егер бұрмаланса, оған не себеп болған, оның автор ұстанған мақсатқа қатынасы қандай деген мәселелердің өзі сандаған күрделі зерттеулердің объектісіне айналды. Міне, бұл мәселені алғаш рет советтік ғылымда көрнекті шығыс зерттеушісі Е.Э. Бертельс қолға алып, 1948 жылы «Александр хақындағы роман және оның шығыстағы басты версиялары» деген тақырыпта монография жазды.

Автор мұнда шығыс қаламгерлерінің батыстық Александриада туралы еңбектерімен, араб шығысы елдерінің аңыздары, діни шығармаларымен өзара іштей жалғастығы сырына ерекше назар аударған. Ал мұның өзі 1972 жылы Е.А. Костюхиннің «Әдебиет және фольклор дәстүріндегі Александр Македонский» атты еңбегінің дүниеге келуіне себепкер болды. Аталмыш жұмыстың Е.Э. Бертельс зертеуінен негізгі ерекшелігі – мұнда Александр атына

байланысты сақталған дүниежүзі халықтарының фольклорлық туындылары барынша кеңінен қаралады. Сол арқылы бұл тақырыптардың фольклорлық дәстүрдегі негізгі өзгешеліктері мен тақырыбы жағынан өзара үндестік себептері айқындалады. Сондай-ақ, автор мұнда қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың «Ескендір» поэмасындағы Ескендір тақырыбының жырлану ерекшеліктеріне барынша байыпты тоқталады. Осы мәселеге өзіне дейін қалам тартқан М. Әуезов, Ы. Дүйсенбаев, М.С. Сильченко еңбектеріне де тиісті мөлшерде назар аударады.

Белгілі ғалым Э. Бертельстің дәлелдеуінше, Ескендір туралы алғашқы аңыздар мен әңгімелер оның өз сарбаздарының арасында туған. Ол әңгімелерді көпшілікке таратқан да - осы сарбаздар [1].

Кейіннен бұл аңыздар жинақталып, топтастырылып, белгілі «Александрия» шығармасына айналады [2]. «Александрия» көптеген тілдерге аударылып, Шығыс халықтарына да жайылады. Шығыста бұл шығарма бөлшектеніп, бір елден екінші елге ауыса отырып, олардың ауыз әдебиетіне, кітаптарына, жылнамаларына енеді. Сөз жоқ, мұндай жағдайда аңыз-әңгімелердің өздері де, тіпті Ескендірдің өз образы да көп өзгеріске ұшырады. Мәселен, гректерден сириялықтарға келген Ескендір қос мүйізді болып бейнеленеді де, «Зұлқарнайын» («Қос мүйізді») деп аталады. Содан барып оған ерекше күш, айбын, тіпті ерте Египеттегі жануар басты құдайлар мен патшаларға тән қасиет танылады. Себебі Шығыс халықтарының ерте замандағы түсінігі бойынша, адамға біткен мүйіз- ерекше бақыттылықтың, аса бір ерекшеліктің айғағы іспетті. Мұндай түсінік қазақтарда да сақталған. Мысалы, қазақта: «сонда шыққан мүйізін қайсы?» - деген тіркес, «артықшылығың қайсы?» деген мағынада қолданылады. Дәл осы мағынада айтылу қазақ поэзиясында ежелден дәстүрге енген.

...Жиырма беске келгенде
Ақ балтырың түрініп,
Оймақтай аузың бүрініп,
Қарт бурадай қамданып,
Қас батырдай шамданып,
Сыртыңнан дұшпан сөз айтса,
Шыныңменен арланып.
Қызды бақтың бір кезек,
Кәне, шыққан мүйізің?
(«Ер Тарғын»)

Абайға дейін тек азербайжан классигі Низами ғана Александр Македонскийдің тарихын дұрыс жазып, оны Филикустың (Филиптін) баласы деп жырласа, басқа авторлар Ескендірдің өмір тарихын өз қалауынша өзгертті. Мысалы, I-III ғасырлардағы «Псевдо-Каллисфен» романы оны Египет адамы Нектанебтың баласы десе, Фирдоуси Иран шахының ұрпағы ретінде баяндады.

Абайтанушы ғалым М.О. Әуезовтің айтуынша: «Соңғы тапқан деректерімізге қарағанда Абай Ескендір жайындағы аңызды түгелімен сол Низамидің "Ескендір намасынан" алған. Әзербайжанның ұлы классигінің ең зор поэмасы "Ескендір нама" сансыз көп оқиғалардан, көп тарау бөлімдерден құралған аса бай мазмұнды дастан. Ескендірдің Дариймен соғысқаны, онан соң азербайжан патша әйелі Нушабемен кездескені, Ескендір мен Хақан әңгімесі, Қытай, Тұран өлкелерінде жүрген сапарлары және терістік өлкедегі ғажайып бақыт, молшылық, әділет орнаған елге ұшырасуы - бәрі де Низамиде мол баян етіледі. "Ескендір наманың" тағы бірнеше тараулары сол Ескендірдің түн тарапынан шеккен сапарына арналады. Ол сапарға Ескендір Әбулхаят суын (мәңгі өмір беретін суды) іздеп барады [3].

Түн дүниесінде, ұзақ қараңғылық сапарында, сан қиыншылықтар ортасында қалың қолмен жүрген Ескендірді бастаушы Хызыр болады. Бұлар іздеген Әбулхаят суын Хызыр жалғыз тауып, өзі ішіп, жуынып алады. Астындағы ақбоз атын да суарып, әрі суға

шомылдырады. Бірақ ғажайып суды Ескендірге білдірмек болғанда, ғажайып су ғайып болып кетеді.

Сол түн тарапта жүргенде, жорықтағы Ескендірге сыры, жайы мәлімсіз бір жас кездеседі. Ол жас періште деп айтылады. Сол жан Ескендірге өзгеше сыры бар, кішкентай тас береді. «Кейін ойлансаң осы тастан көп сыр көресің, ой табасың», - дейді. Түн тарапынан Ескендірдің барлық серіктері неше алуан қымбат асыл тастар алып қайтады. Ескендірдің алғаны жаңағы кішкентай тас. Кейін Ескендір өзінің ойшылдарымен бірге отырып сол тасты сарапқа салады. Тас таразыға түскенде барлық өзге асылды баса береді. Оның салмағына қарсы қандай қазына үйсе де, пара-пар келмейді. Осы күйге қайран болған Ескендірдің қасына Хызыр келіп бір уыс топырақты кішкене тастың үстіне тастай бергенде, тас жағы жеңілейіп, аспанға көтеріледі. Сонда өзгеден бұрын Ескендірдің өзі ойшылдық танытып, «Топырақтан біткен топырақтан ғана тойым табады», -деп байлау жасайды.

Міне, біздің білуімізше, Абай пайдаланып отырған сюжет Низами жазған «Ескендір наманың» дәл осы тұсынан алынған [4].

Низами өзінің «Ескендір намасында» Ескендірді "әділетті", "ойшыл", "дана", "өнегелі басшы"- деп оны үлгі ете суреттесе,

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?

Македония шаһары оған мекен.

Филипп патша баласы ер көңілді

Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен,-деп, өз поэмасын бірден Ескендірге жағымсыз мінездеме беруден бастағанан Абай:

Ескендір тоқтау көрмей өскен жан ғой,

Келмей ме тоқтаусыздың бәрі даңғой,- деп Ескендір бойындағы жағымсыз қылықтарды көбейте келе:

Жазықсыз жақын елдің бәрін шапты,

Дарияның суындай қандар ақты.

Шапқан жердің бәрін де бодан қылып,

Өкіметін қолына тартып апты.

Ескендір елде алмаған хан қоймады,

Алған сайын көңілі бір тоймады.

Араны барған сайын қатты ашылып,

Жердің жүзін алуға ой ойлады,- деп, даңғой мақтаншақ Ескендірдің қара ниетті жауыздық басқыншылық соғыстары мен оның өмір тарихын батыс пен шығыстың білімін тең меңгерген хакім Абай, тарихи деректерге сай, реалистік тұрғыда суреттейді.

Сол жер жүзін жаулап алуды мақсат еткен Ескендір қатты шөлден қиналып, ақырында өзгеше тәтті, ғажап бір суға кездесіп, сол жердегі елді жаулап бағындыру мақсатында, суды өрлеп келе жатып, алтын қақпалы бір қорғанға кездеседі. Менменсіген тәкаппар Ескендір қорғанның қақпасын аша алмай:

-Білмесең, мен Ескендір патша деген,

Жер жүзінің соғыста бәрін жеңген,- деген Ескендірге:

-Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең,

Мықты болсаң өзіңнің нәпсіңді жең!

Іші тар, көре алмастың біреуі сен,

Ондай кісі бұл жерге келмейді тең,- деп, ескерткішке сый сұраған өркөкірек Ескендірге орамалға түйіп бір қу сүйек беріп жібереді. Маған сыйға бір қу сүйек берді деп ашуланған Ескендірге данышпан Аристотель бұл сүйектің қасиетін көрсетейін деп, таразы алдырып, бір жағына сүйекті салып, екінші жағына қанша алтын-күміс, асыл заттарды салса да, сүйек асыл заттарды басып тұра береді. Аң-таң болған Ескендір мұның сырын тапшы деп, данышпан Аристотель хакімнен сұрағанда:

Хакім жерден топырақ алып барды,

Бір уыстап сүйекке шаша салды,

Ана басы сылқ етіп жерге түсіп,
Сүйек басы жоғары шығып қалды,-дейді.
Мұның мәнісін сұраған патшаға хакім Аристотель:
Бұл адам көз сүйегі,-дейді ханға,-
Тоя ма, адам көзі мың мен санға?
Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,
Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда.

Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні,
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен,- деп, өзінің поэмадағы оқушысына арнаған қорытынды өсиетін Аристотельдің аузымен айтқызыған Абай:
Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,
Өз күлкіңе, өзің қарқ болма бекер!
Ұятың мен арыңды малға сатып,
Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер.

Мақтанасын біреуге мақтасын деп,
Шаужайымнан еш адам қақпасын деп,
Сен кеткен соң артыңнан күліп қалар,
Антұрғаннан құдайым сақтасын деп.

Ақылсыз өзін мақтап былжырайды,
Бойыңа өлшеп, сөйлесең, нең құрайды.
Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,
Өз бағаңды өзіңнен кім сұрайды?!- деп, Абай поэманың соңғы шумақтарындағы ой-түйіндерін өз заманының тынысы мен талабына, өзінің негізгі гуманистік, ағартушылық бағытына сәйкестендіріп, бұрын өзге өлеңдерінде өзі айтып келген моральдық-философиялық тәрбиелі ойларына қарай бұрған [5].

Абай мұраларының қазақ Шығыс, Батыс мәдениетімен табиғи түрде ұштасқандығының кезекті бір елеулі мысалы деуге тұрарлық ерекше шығармасы «Ескендірдің» қысқаша тағдыры осындай. Осы поэма арқылы қалың қазақ өзінің рухани тарихында Александр Македонский туралы қазақша таным, түсінік қалыптастырды, өзгенің жеріне, байлығына көз тігудің әділетсіз екеніне тағы да көз жеткізді. Ресей отаршылығының қасіретін тартқан қазақ халқының азаткерлік санасын оятуға қадам жасады. «Ескендірдің» өн бойы жаңашылдық пен Абайдың ақындық қуатының шарықтау шегінен көрініс береді. Осы ұстанымдарды басшылыққа ала отырып, мақала барысында «Ескендір» поэмасының ерекшеліктерін көрсетуге тырыстық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бертельс Е.Э. Низами. - М., 1948. – 239 б.
2. Қасқабасов С. Әр жылғы зерттеулер. – Алматы: «Жібек жолы», 2008. – 15 б.
3. Әуезов М.О. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Монография. – Алматы: «Жазушы», 1985. - 496 б.
4. Зарқын Т. Абайтану арнасында (1889-1916). Монография. – 2009. - 182 б.
5. Тілепов Ж. Абайдың «Ескендір» поэмасы және тарихи шындық. – 1987.

Сұлтанғалиева Р.Б.
М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың
қауымдастырылған профессоры (доцент)
Кобландиева А.С.
М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты
Қазақстан, Орал қаласы

ҚАЗАҚ КӨРКЕМ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӘДУІЛГІ САНА МИФОЛОГИЗМІ

Қазіргі заманғы ғылымда кәдуілгі сана терминіне нақты анықтама берілмеген. ХХ ғасырдың аяғында жүргізілген ғылыми зерттеулер кәдуілгі сананы иррационалды, яғни ғылымға қарама-қайшы құбылыс ретінде сипаттайды. Дегенмен де кәдуілгі сананың құрылымына жасалған терең анализ барысында оның көпқұрамды, көпқырлы екені белгілі болды. Оның құрамына табиғат, қоғам, әртүрлі объективті және субъективті қатынастарға негізделген адамдар өмірі және адамның адамгершілік, құқықтық, эстетикалық, философиялық ойлау жүйесі толығымен енетіні белгілі болды [1, 26 б.].

Ең алдымен, кәдуілгі сана мифологизмі адамды әрдайым өзгеріп отыратын өмірлік жағдаяттарға бейімдеуге арналған практикалық қажеттілікке ие болып табылады. Кәдуілгі сана мифологизмі көбінесе анализге емес, синтезге ұмтылатын синкретикалық құбылыс ретінде сипатталады. Негізінен кәдуілгі сана мифологизмі оптимистік сарынға ие. Қаһарманның кейбір қылықтарын немесе оның өмір сүру салтын әжуалай, келекелей отыра, оның артында болашаққа деген үміт пен сенімнің жасырынып жатқанын байқаймыз. Мифологиялық қаһарманның басынан өткен оқиғалар кейде тарихи шындыққа негізделе отырып, интерпретацияланады [2, 14-15 бб.].

Ю.Б. Борев бойынша кәдуілгі сана мифологизмі «(басым көпшілік сөз ететін және ойлайтын әлем): қаһармандық күлкілі, одан қарапайым қуанышы, сауық-сайраны, әсемдік пайымы, махаббат рақаты бар өмір артық» [3, 191 б.] деп суреттеледі. Автор тарапынан берілетін «лирикалық сатира» осы жанрда кең таралған. Белгілі бір қоғамдық құбылысты сынау, оны әжуалау мақсатында кейіпкерлерге сол характерді таңып суреттеу қазақ жазушыларына да тән құбылыс. Сондықтан біз грек заманындағы «кәдуілгі сана мифологизміне» ұқсас дүние қазақ жазба әдебиетінде де кездесетінін жоққа шығармаймыз.

Мифология элементтерін қолдана отырып, қазақ әдебиетінде мифтік құбылушылық тәсілі пайда болды. Қырғыз халқында оны жүзеге асырушы Ш. Айматов болды. Оның «Ақ кеме», «Боранды бекет» шығармаларында осы тәсіл жүзеге асты. Оның ерекшелігі – философиялық концепцияға сай, бір нәрседен екінші бір нәрсеге ауысу процесі. Қазақ прозасында бұл тәсілді алғаш қолданған жазушы Оралхан Бөкей болып табылады. Оның «Атау-кересінде» архаикалық мазмұн да бар. «Құдайдың құдіретімен омарташы араға айналды. ..бірақ бал арасына емес, малға тыныштық бермейтін көкбас сонаға айналды» [4, 214 б.]. Өйткені басқаға айналу, өзгеге ауысу процесі байырғы қазақ ұғымында жазаның бір түрі ретінде қолданылды. «Атау-кере» туындысында Еріктің сонаға айналып кетуі оның жалғыздығын көрсетеді. «Не болғанын білмей, сасып қалған қыз қолындағы екі бүктелген камшымен сескене салып қалғанда, енді ғана арманына жеткен «Ерік-сона» қанатын серпуге шамасы жетпей, тырапай асып омалап түскен... мәңгілікке» [4, 215 б.] Осыдан-ақ оның шексіз трагедияға ұшырағанын бағамдауға болады. Өйткені ол модернизм ағымының бір ерекшелігі ретінде қабылданған. Мұнда жазушы қаһарманды реализм тұрғысынан шындыққа сай қылып суреттейді. Повестің өн бойынан реалистік көзқарасты байқаймыз. Дегенмен шығарманың шешуіне дәл мифтік әрекет пайдаланылған. Еріктің сонаға айналуы оны мифологиялық қаһарманға айналдырып тұр. Өйткені шын өмірде бұл адамдар үшін мүмкін емес құбылыс болып табылады. Ал дәл осы құбылысты неліктен кәдуілгі сана мифологизміне жатқызамыз? Өйткені Еріктің шығармадағы “қаһармандығы”, оның оспадар қылығы түбінде өзіне зардабын тигізеді. Ерік көк бас сонаға айналады. Дәл өзі соңына түскен сонаның біріне кейіпкердің өзін айналдырып жіберу күлкілі трагедия, әжуалауға орын

береді. Сондықтан да оны “кәдуілгі сана” мифологизмі деп білеміз. Романда уақыт пен кеңістік көркем түрде сипатталады. Мұнда жазушы өзі өмір сүрген ғасыр дертін көркем шындық түрінде беруге тырысады. Кейіпкердің түсі мен монологтері де уақыт пен кеңістік ұғымымен астаса беріледі. Рухани жалғыздықтың күллі ғаламға, уақыт пен кеңістікке әсер етуші күш екенін керемет суреттейді. Жазушы Тағанның «Неге біз осы?..» деп басталатын монологі арқылы қоғамның рухани азғындыққа ұшырауының салдарымен бөліседі. «Неге біз осы қатігез де қасиетсіз болып кеттік?» [4, 48 б.]. Нюра Фадеевнаның монологында да адамзаттың пайда болуы туралы философиялық астарлы ой беріледі. Еріктің оспадарлығы, аярлығы, оның тоңмойындығы, бірге өскен досын құлша жұмсап, оның абыройы түскенде қатты қуанғаны, өзіне де беймәлім бір арманының жетегінде жүріп, табиғат ананы бүлдіргені, жарынан безінгені, тіпті, өз қолымен жасалған араларды будандастыру нәтижесінде анасының көз жұмғаны, түйені түгімен жұтқан ашкөздігі оны соңында бәріне күлкілі, аянышты халге түсірді. Көк көзді азиат жігіт шығарманың шешімінде көк сұр сонаға айналып кетеді. Осы арқылы шындық пен кәдуілгі сана мифологизмі қосылып, мифологиялық қаһарман жазушы тарапынан да, оқырман тарапынан да ашық әжуаға салынады. Оның араға айналып кетуі тіпті де оғаш еместей көрінеді. Өзіне сол жарасып тұрғандай. Өйткені мұндай адамның жер бетінде жер басып жүруі, барлық мақсаттарына жетуі шығарманың көркем шешімі бола алмайды. Оқырман оны қаламайды. Жазушы да соны нық түсінген секілді. Нүрке кемпірдің образынан сол заматтағы ананың бейнесі, оның ұлын сақтандыруы, бірақ сол сақтандыруының еленбей қалуы көрінеді. Ал Айна сол кездегі қазақ қыздарының сұлулығын, мінез байлығын көрсететін кейіпкер. Ол Ерікке тұрмысқа шығу арқылы өзінің жарқын болашағын құрдымға жіберді. Бірақ оны өзі кеш түсінді. Сонда да жарға деген адалдығынан танған, одан бас тартқан жоқ. Шығармадағы Таған, Айна, Ерік үш түрлі, бір-бірімен қиоласпайтын кейіпкер, үш түрлі образ. Дегенмен де осы үшеуінің өмір арнасы арқылы өрбіген повесте жақсылық пен жамандық қалай қатар көрінсе, жамандықтың түбі неге апаратыны да жақсы көрсетілген. Шығарма сонысымен де құнды болып табылады.

Мысалы Д. Рамазанның постмодернистік бағытта жазылған әңгімелері адамды әрі күлдірмей, әрі ойландырмай қоймайды. Оның әңгімелері көбінесе адам мен адамның арасындағы қарым-қатынас, қоғам, қала жастарының өмірі, дін мәселелерін көтереді. Сондай бір шығармасы «Жын» әңгімесінде ол қазақ танымындағы дию, пері, сайтан, дәу архетиптерінің қатарын толықтыратын жындар әлемі жайындағы мифологияға тоқталады.

Жазушының бұл әңгімесінде сайтансуға салынып, үйлене алмай жүрген жігіттің досы арқылы молдаға тап болуы, молданың жын шығаруы суреттеледі. Жан түршігерлік бұл оқиғаны жазушы шебер жеткізеді. Жындар қауымының адаммен селбесіп өмір сүруі, өлмейтіні, әйел-ер болып жынысқа бөлінетіні, тіпті, адамға ғашық болатыны жайында айтылады. Бұл да халқымызда сонау бағзы замандардан бері келе жатқан мифологиялық желінің жалғасы болып табылады.

Болатбек шығармадағы басты қаһарман ретінде көрінгенімен, оның молдаға баруға қорқуы, жиі бастырылып қалуы, сонда да өз ішінде жын бар екенін білмеуі, молда Құран аяттарын оқығанда сілейіп, «кескен томардай» сұлқ түсіп, ұйықтап қалуы, ұйқыдан тұра сала есін білмей, ыржалаң-ыржалаң етуі қазіргі заманның босбелбеу, қызға сөз айта алмай біраз жасқа келіп, сары суға әуес болған бір күлкілі кейіпкерін, күлкілі де болса, шынайы өмірде бар адамдардың жиынтық образын жасап тұр. Оның жанындағы досы Еркіннің мінезі де қызық. «Қырықтан асқанша сұрбойдақ атанып, жадап-жүдеп жүрісің мынау!.. Жалғыздық Құдайға ғана жарасады. Барып, жолыңды аштырып алсаңшы!» [5]. Болатбек пен Еркіннің “қаһармандығы” күлкілі. Олар өз заманының “батырлары” ретінде әжуаланады. Шындықпен қатар кейіпкердің бойындағы күнделікті өмірде кездесетін қоғам дертінің берілуі, кейіпкерлердің сөздері мен таяз ойлары, жын шығару сәтіндегі әрекеттері - бәрі күлкілі. Сонысымен де ол “кәдуілгі сана” мифологизміне жатады. «Барып жолыңды аштырып алсаңшы» деген сөзінен-ақ әбден молдаға, бақсы-балгерге барып, еті үйренгені көрініп тұр. Сонымен бірге осындай кеселді дертті, мистикалық

жағдайды тым оңайлатып көрсетеді. Өткен жолы да бір досын апарған, осы жолы да Болатбекті ертіп апарды. Жай адам айтса нанғысыз әрі қорқынышты көрінетін жағдайды бір көріп, екінші рет тағы да көруге үйір боп отырғаны оқырманға күлкілі көрінеді. Дегенмен қоғамда бар дерт ретінде алып қарайтын болсақ, дін келместен бұрын да, ежелгі ертегі-аңыздарда, яғни фольклорда кездесетін жын бейнесі тек бізде ғана емес, күллі халықтарда бар екенін байқаймыз. Сонымен қатар қазіргі күні де бұл тақырып өзектілігін жойған жоқ. Осы тұрғыдан алғанда Д. Рамазан молданың жындарды шығаруын, олардың сөйлеу үлгісін, дауысына шейін нақышына келтіре жазған. Енді шығындар! – Молда бұйыра сөйледі. - Қалай шығамыз? -Қалай кірсеңдер, солай шығындар!

– Аузы... нан кірген... біз...

– Ендеше аузынан шығындар!

– Қалай кірген... імізді ұмы... тып қалып... пыз, қалай шығар... ымыз... ды біл... мей тұр... мыз! [5].

Бірақ ежелгі дию пері кезеңіндегі мифологиялық образымен салыстырғанда бұл образдың бойында ислам дініндегі сипаттамасына сай келетін элементтер басымырақ. Дегенмен де ауыз әдебиеті үлгілерінен бері келе жатқан мифологиялық кейіпкердің белгілері бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Қазақ танымында белгісіз дәуірлерден бері сақталып келе жатқан бір миф қазақ халқының өз арғы тегі ретінде Көк бөріні санауы туралы болып табылады. Бұл мифтің қашан, қалай пайда болғанын ешкім дөп басып айта алмайды. Бірақ Көк бөріні қазақ халқы оның өлексе емес, қомды малды жейтін талғампаздығына, өз үйірінде әлсіздерді қорғауына, жауынан кек алмай қоймайтын өткір мінезіне, қасқыр мен ұрғашысының бір-біріне өмір бойына адал боп өтетіндігіне, бірігіп, бірлесе өмір сүретініне қарап таңдаған.

Ал жеті қазынаның бірі саналатын ит – он бес мың жыл бұрын қолға үйретіліп, адамның қорғаушысына, аңға шыққанда ұсақ аңды аулап, түзде серігіне айналған аң. XIX ғасырдың аяғында шығыстанушы Е. Алекторов қазақ халқының аузынан бір қызық аңызды жазып алады. «Алла Тағала адамды балшықтан жаратып жатып, итке оған қарай тұруды бұйырады. Осы кезде шайтан келіп, оларға кедергі жасамақ болады. Бірақ ит оны адамға жолатпайды. Осы кезде шайтан үстінде бір тал жүні жоқ итті мұз қылып қатырып тастайды. Ал адамның үстіне үш рет түкіріп кетеді. Алла Тағала осы қылығы үшін шайтанды жазалайды. Ал иттің ерлігі үшін оған қалың тері сыйға тартады. Адамның ауру-сырқауға шалдығуы сол шайтанның түкірігінен қалған екен» [6, 55 б.], - дейді.

Осы ит пен қасқыр туралы қазақ танымында сақталып қалған архетиптерді Б.Жылқыбаев «Көк бөрі» новелласында шебер пайдаланған. Сонымен қатар бұл шығармада ол орыс халқының түсінігіндегі қасқыр туралы танымды қазақ халқының танымымен салыстырады. Ол көк бөріні әрі «жақсы», әрі «жаман» образда суреттейді. Орыс халқының фольклорында қасқыр туралы қалған ойлар мен сөздер тек жағымсыз мағынаны білдіреді.

«Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды. Қасқыр еркіндіксіз өмір сүре алмайды. Ал ит еркіндікте өмір сүре алмайды. Ит орманға қарап ұлымайды. Оған жақсылап тамақ беретін иесі болса болды. Жақсы аңшы аңшылық кезінде итті қалай тамақтандыруды біледі. Ал иттің жұмысы керек кезде сол иесі үшін жанкештілік таныту», - дейді автор [7, 87 б.]. Орыс этносында қасқыр – архетип, ал түркілер үшін ол – тотем. Ал ит орыстар үшін – архетип, қазақтар үшін – орыс халқының тотемі.

«Ғасырлар бойы ит адамға қызмет етуді әдетке айналдырды. Ал қасқырда мұндай әдет жоқ» [7, 89 б.].

Автор кеңес одағы кезінде бір-біріне мүлде ұқсамайтын, кереғар екі танымға ие халықтардың басы қосылып, осы кезде пайда болған «кұбыжықтар», «қасқыр-иттер» мен «ит-қасқырлар» туралы мысқылдай отырып жазады. Шындыққа толы болғанымен, астарында астарлы кекесін, әжуа жатыр. Кейіпкерлердің әрекеттері өздері үшін маңызды болғанымен, арада ғасырға жуық уақыт өткенде жазушы үшін де, оқырман үшін де олардың әрекеттері, қаһармандықтары тым өрескел, әжуаға толы. Сонысымен де бұл шығарманы кәділгі сана мифологизмімен байланыстыра аламыз.

«Қасқыр мен иттік психологияның қақтығысынан кез-келген итті жолда қалдыратын итжанды адамдар мен кез-келген қасқырдан асып түсетін, суперқасқырлар пайда болды» [7, 82 б.]. «Қоғамдағы бұл гибридтер тарихта сан алуан төңкеріс жасады. Оның салдарын біз әлі де сезініп келе жатырмыз» [7, 80 б.].

Шығарманың бірінші бөлімі Сталиндік репрессия кезеңінде өмір сүрген фольклоршы ғалым Ислам Елемесовтің тағдыры туралы жазылған. Осы романда Зәуре есімді кейіпкер ит пен қасқырдың арасында таңдау болса, қасқырды таңдайтынын айтады. Бірақ негізінде қасқырдың бойында бар хаостық бастау Зәуренің де характеріне сәйкес келеді. Мысалы Зәуре көріпкелдік қасиетін пайдаланып, Исламды түрмеден аман алып қалады.

Сталиндік репрессия кезеңінде кез-келген шенеунік, билікке қызмет етуші адам «гибрид» ретінде суреттеледі. Өйткені ол күндіз ит, ал түнде қасқыр секілді өмір сүреді. Кез-келген болмашы факт осы жерде отырғандардың өмірін күл-талқан етуге жетіп жатыр. Барлығы қорқау қасқырлар секілді жабылып кетсе етінді жеп, сүйегінді кеміріп тастайды. Жинай да алмай қаласың!» [7, 126 б.].

Бойына әрі тарихи оқиғаларды, қоғамдық өзгерістерді жинақтаған, әрі халықтың танымындағы мифологиялық қаһармандардан сыр шертетін осындай шығармаларды зерттей отырып, көне мифтерде халықтың этникалық түп-тамыры жатқанын бағамдай аламыз. Ю. Борев мифологизмнің кез-келген түрін сипаттағанда оларға тән ерекше қасиеттерді бөліп көрсетеді. Жоғарыда біздің талдаған шығармаларымыздың үшеуі – үш түрлі жанрда, үш түрлі көзқараспен, түрлі оқиғаға негізделген, тақырыбы да, идеясы да тым бөлек бола тұра, ондағы мифологизмнің қолданылу аясы бір болып табылады. Ол Ю. Борев сипаттаған кәдуілгі сана мифологизмі деп сеніммен айта аламыз. Әрине, қазақ жазушыларының шығармалары қай жағынан алып қарасақ та, ұлттық колоритке, көркем әдеби мазмұнға бай. Сондықтан да оларды бір ғана мифологизмді ұстанып, сонымен ғана жазды деуден аулақпыз. Релистік пен романтикалық мифологизм, реалистік пен кәдуілгі сана мифологизмі, кейде үшеуі де бірлесе келетін шығармалар бар. Десе де осылардың қайсысы сюжеттік желі бойынша басым түссе, соны зерттеу нысанасы ретінде алып, пайымдап шықтық. Қазақ жазушылары қай кезеңде болмасын, архаикалық немесе модернистік, постмодернистік бағытта жаза отырып та кәдуілгі сана мифологизмін заман ағымына сай көркем шығарманың бойына шебер кірістірген.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Пукшанский Б. Обыденное знание. Опыт философского осмысления. - Л.: Издательство Ленинградского университета, 1987. – с 154.
2. Репина Р. Новые исследовательские стратегии в российской и мировой историографии: препринт WP6/2008/06. — М.: Изд. дом ГУ ВШЭ, 2008. – с 32.
3. Борев Ю. Эстетика. Оқулық. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 408 б.
4. Оралхан Бөкей шығармалары. 2-том. - Алматы. «Ел-шежіре», 2013.
5. Рамазан Д. «Жын» [Электронды ресурс]: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/3034>
6. Алекторов А. Человек и собака (из киргизских легенд) // Астраханский вестник. – 1994. – № 1383. – сс. 51-74.
7. Джилкибаев Б. Казахский эротический роман. – Алматы: «Искандер», 2009. – с. 440.

Сұлтанғалиева Р.Б.

М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың қауымдастырылған профессоры (доцент)

Қайырғалиева А.Б.

М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың «Қазақ тілі мен әдебиеті»

мамандығының 2-курс магистранты

Қазақстан, Орал қаласы

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ НЕОМОДЕРНИСТІК МӘТІННІҢ СТРУКТУРАЛИСТІК СИПАТЫ

Кіріспе

Қазақ прозасы бүгінгі күнге дейін сан тараптан қарастырылып, оның ішінде әңгіме жанры тереңнен зерттелініп келгенімен, жаңа ғасырдың әңгіме жанры жаңа кезең әдебиеттануында нақтылана қоймады. Зерттеу жұмысының нысаны болып отырған жаңа кезең аясындағы модернистік әңгімелер адам әлемін тереңнен тануға деген талпынысымен ерекшеленетін туындылар. Қысқа әрі нұсқа келетін, тақырыптық-идеялық тұрғыдан жаңашыл көркем ізденістердің көрініс табуы, адам мен қоғам арасындағы мәселелер, мінез ерекшеліктері және де т.б өмірдің өзегіне айналған жайттар жаңа модернистік туындылар аясында да көтеріліп келеді. Қазіргі қазақ әдебиетінде де осы бағыттың өкілдері бар екендігін, осы бағытта да біраз ізденістердің жүргізіліп жатқанын және олардың бәрі саналы түрде емес, шығарманың ішкі көркемдік тұтастығынан туындап, ішкі үндестігінен туындап отырғанын байқатады. Аталған қаламгерлердің дені арнайы эксперимент жасап, жаңа модернистік стиль қалыптастыруға, соған лайықтап сөз құрап, кейіпкерінің ойлау жүйесін әдейі бұзып, жаңартып жазуға талпынбаса да, олардың табиғи талантынан тамыр алған суреткерлік шеберліктері даралық сипатқа ие екендігін ескерген жөн.

«Бүгінгі әдебиетте көркемдік-эстетикалық ізденістер баршылық, меніңше, бұл процесс қазақ прозасында қатты байқалады» деген Ә. Бөпежанованың пікірін негізге алсақ, мақаладағы мақсатымызға жақындай түсеміз. Ал сол эстетикалық ізденістер қай жазушы шығармашылында бар және оның жаңашылдығы неде екендігін анықтап түсіндіру – бүгінгі заман талабы. Оны теориялық тұрғыдан жасау қазіргі таңда оңай. Себебі анықтама берілген және жаңа модернизмге тән тәсілдердің қатары анықталып қойған.

«Сөйлемдегі өмір мен сөйлемнің өмірі бірікпегесін – тірі тіркес тумайды. Өмірдің тамыр солқылы мен сөйлемнің тамыр солқылын лингвистикалық проза ғана қоса алады», - деп пікір білдіреді Асқар Сүлейменов. Расында, поэзияға қарағанда проза жазу кез келген әдебиетші қауымға оңайға соға қоймасы анық. Біз көбіне шығарманың мазмұнына, яғни сюжетіне мән беріп кетеміз. Сол сюжеттен өзіндік ой түйіп, өзімізше әсер алуға тырысамыз. Алайда кез келген шығарманың баяндалуында автордың ішкі жан-дүниесіне баса назар аударуымыз шарт [1, 68].

Көптеген зерттеушілер жаңадан бой көтеріп келе жатқан жаңа модернизм тенденциясын жаңа мәдени кезеңге көшу жолы ретінде қарайды, тарихи дамудың өзі тұрақты мәдени болмыста тоқырап қалудың мүмкін еместігін, белгілі бір құндылықтар жүйесінің даму сатысынан өтетінін мойындайды. Әдеби өмірді зерттесек, әлемдік философиядағы соңғы жаңашылдықтар бүгінгі ұлттымызды сырт айналып өтуі мүмкін емес құбылыс болып отыр.

Негізгі бөлім

Әлемдік әдебиетпен салыстыра қарастырғанда кешеуілдете жетсе де, қазіргі отандық әдебиеттен де «жаңа модернизмнің» едәуір ықпалын көреміз. Мысалғы алар болсақ, Мерей Қосынның «Буве нүктесі» мен «Нерд» сынды қос туындысынан фрагменттілік, интертекст, метапроза, т.б. тәсілдерін қолдану арқылы жаңаша эксперименттерге барғанын байқауға болады деп көрсеткен. Басқа жазушыларда модернизмнің, соның ішінде неомодернизмнің нышаны жоқ деп айта алмаймыз, себебі кей тұста жазушылардың шығармашылықтарынан белгілер ұдайы байқалып отырады. Сол сөзімізге негіз ретінде Досхан Жылқыбайдың

«Квант» әңгімесін әдеби тұрғыда талдайтын болсақ, автор өз шығармасын қарапайым екінші жақтан баяндап бастайды.

«– Иә. ...Айтпақшы, Бек! Қай пиджагімді кисем болады?

– Түнде сұрыңды дайындап қойып ең зой, Камил!

Тағы да тыжырынды.

– Осы не әдет?

– Ол түндегі көңіл-күймен таңдалған.

– Түс көрдің бе немене?

– Иә. Айтпақшы тойды күзде жасасақ қайтеді?

– Ұзатуыңды жасағың келсе... Ал негізі үйлену той жазда зой» [2].

Шығармадағы бірінші бөлім аяқталар тұста, міндетті түрде оқырман санасы екінші бөлімін күтетіні анық. Ал, жазушы Досхан Жылқыбай осы үміттің барлығын басқа арнаға ауыстырады. Неге десеңіз, тап сол оқиғаның басқа желісін жазып жалғастырады:

«– ... Бек, қай пиджагімді кисем болады?

– Түнде сұрыңды дайындап жатыр ең.

Кәмилә тыжырына сұр пиджагін қолына алды.

– Киетін киімім жоқ.

– Артыңнан келеді зой.

– Жазга дейін жүрембеосылай, – депбуыныкеткендей мойнынаасылаберді.

– Камил! Жылдамшығайықенді» [2].

Сюжет желісі байланысу жүйесіне енген шақта автор нарратор қалыпқа енеді де, бірінші жақ арқылы өзін көрсетсе, кейде тіпті үшінші жақтан кейіпкер арқылы да көрініс тауып жатады. Оқырман автор ойын белгілі бір тізбек арқылы қуып жете алмайды. Оқырман өз ойымен басқа жақта, автор ойы басқа жақта қиылыспай жатуы да – осы Квант сәулелері секілді. Тақырыпқа баса назар аударуымыз керек болады. Автор жиырмасыншы ғасыр секілді әлеуметтік тақырыпқа жүгініп, сол тақырып төңірегінде ой қозғаудан қашық. Десе де бұл деп отырғанымыз шығарманы әлеуметтік деңгейді көрсетуден жұрдай деген сөз емес. Себебі, кез келген көркем шығармада әлеуметтік дүние қалайда көрініс табады. Авангардтық көзқарас ұстанды деген күннің өзінде автор қоғамнан жырақтай алмайды. Дәл сол секілді «Квант» әңгімесі де саяси шеңбер ережелерінен алшақ, идеологиялық мақсат көрсетуден қашық шығармалардың бірі. Шығарманың өзегінен автордың философияға, одан кейін психологияға ретімен жүгінетінін көреміз. Алайда, автор өз танымын, өз тұжырымын өзгертпегенін, шығармада негізгі ойды көрсетер тұста ұстанымына берік болғандығын бірден аңғаруға болады. Шығарма Бекбол мен Кәмиляның екеуара диалогтары арқылы, кейін жеке-дара монологтары арқылы, кейін тіпті түс көрудегі гипотезалары арқылы өріледі. Автордың тағдыр мәселесінде мыңдаған адамның өмірі бір сәтте түйісіп, кейде параллель күйінде қатар жылжып, кейде бұрылыс жасайтынын, адам егер физика заңдылықтарын түйсінгені сынды өмірдің де заңдылықтарын аңғара алатындай күшке ие болса, өткен мен бүгіннің өзінің арасында үлкен байланыс барын ұға алады. Мыңдаған ядролар молекулалар жарылған сайын еселене түскені сынды адамның ойы да ой мен ойды ұштастырғанда бір негізді идеяға жол аша алады. Мәселен, емтихан тапсырып отырған бір топ студенттің барлығының ойы бір болғанымен, тағдыры басқа. Досхан Жылқыбай сол үзік ойын сан-саққа шашыратып, былай таратқан:

«– Қайда барасың? Сенің де үстіңнен акт толтырады қазір.

– Толтыра берсін, – деп итере шығып кетті.

– Бекбол...

Коридорға шығып еді, Кәмилә иығы селкілдеп тексерушінің артынан кетіп барады екен. Жүгіріп жетті де қырықтардан асып қалған еркекті қолынан тартып тоқтатты».

– Аға! Бір жолға кешіріңізіші! Қызыңыз бар шығар сіздің де! [2].

Шығарма екі тарапты сюжетті бір-бірінен қалыс қалдырмай баяндап отырғандай әсер сыйлайды. Шындығында автор бір ғана кейіпкер арқылы бір негізгі идеяны ғана ұсынған. Ол оқиғада Бекболдың шығуы да, шықпауы да қарастырылған. Екі жағдайдағы қыздың көңіл-

күйі қалай болатынын алдағы диалогтердің тартысына қалдырады. Адам санасы үнемі жарылыстан, өткенді ойлау арқылы ой түюден тұрады. Автор квант сызығы арқылы адам тағдырының да бейнесін жеткізгісі келген. Автордың шығарма барысындағы мына жолдарына назар аудара болсақ, «*Тағдыр – таңдау ғой. Алдымызда мың-миллион жолдар бар. Тіпті, санамызда күнделікті қанша таңдау туындайды – сызылған сонша жолымыз бар секілді. Олардың бір-бірімен қиылысуы қажет емес. Квант секілді. Бір сәтте бірнеше жерде бола алады*», - деген жолдар бар. Автор осы үзінді арқылы адам санасының жетістігі әлі де күрделі де қиын екендігін айқын көрсеткен. Сол үшін де болар, автор дәл осы әңгімеде жаңа көзқарас танытады. Яғни оқырманның шығарманы жіті түсінуі емес, шығарманы жай ғана қабылдай алуына мән береді. Жалпы шығармада структуралық құрылымның өзі оқырманның ойлау жүйесін жаңа сатыға көтерді. Кезінде Жак Дерриданың зерттеп өткен структуралистік көзқарасының түп төркіні мен осы шығарма астасып жатқан секілді. Бірақ та шаба жөнеліп бұл шығарманы постмодернизм деуге болмайды, себебі бұл шығармада мәтінді қиратқан қағида болғанымен, жалпы таным-түсінікке қарсы шығатын элементтер мүлде кездеспейді. Осындай алабөтен идеяның бір ұшқыны Мерей Қосынның «*Буве нүктесінде*» де жатыр. Ол шығармада мәтіннің интертекстік тұсынан шалғай тұрған бір мәселе бар. Оны біз қалай қарасақ та, автордың өзінің субъективті пікірі кейіпкеріне айналып кеткендігін байқаймыз. Жаңа әлемді аңсайтын сыңай танытатын Мерей Қосын өзі өмір сүріп жүрген осынау Жер планетасынан жаңа бағыт яки неогуманизм күтетін сыңайлы. Оны өз шығармасы арқылы түсіндіріп көрелік:

1-Түс. Ол басқа жерде. Өзі білетін алты материктің ешқайсысына ұқсата алмады. Аяғының асты тастақты қоңырқай жер, артына қараса мұзды, қар басқан тік жартастар көрінеді, алдына қараса шексіз алып жатқан су, көз жетпейтін кеңістік. Әдетте көзінен басқа бүкіл жүзін жауып тұратын орамалы ашық қалғандықтан салқын, тап-таза ауаны емін-еркін жұтты. Алдына қарай адымдай бергенде алысырақ тұрған белгісіз бір жігітті көрді. Оның алдына сондай көрікті адам тұрды. Ол өзінің кір басқан, ескірген көйлегінен ыңғайсызданып алдыға қарай қозғала алмады. Оянып кетті. Көзін ашқанда жайылып жатқан көңілсіз, жұпыны тіршілікке ызасы келді. Кеудесінде түсінен қалған сезімі бойын жылыта берді, бірақ ешнәрсе есінде жоқ еді. Тек белгісіз бір адам оны түсінде шақырып тұратынын білетін [3].

Бұл жөнінде Ә. Қодар: «*Сонда махаббатқа тек түс көру арқылы жетсек, әлемді қандай қорқынышты мекенге айналдырғанбыз сонда? Менің ұққаным – Мерей Қосын, жаңа гуманизмді аңсаушы жас тұлға*», – деп бағалайды [4].

Мерей философиялық ой мен психоанализді көрсете отырып, ерекше көзқарас танытады. Мерейдің Досханнан айырмашылығы – сезінуінде. «*Буве нүктесі*» шығармасында автор психологиялық диалогтерден қашқан секілді көрінеді. Оқырман оны кейіпкер бойынан іздейді. Ал өзі оған қайшылық танытып тұрғандай. Біз шығарманы сюжет пен фабулаға қарай талдай алмаймыз. Себебі, автор тізбекті түрде баяндамайды. Мерейдің нарраторлық қабілетіне зер салар болсақ, ол баяндаудың ең қарапайым тәсілі арқылы оқырманға жоғары деңгейде жеткізе алған. Сириялық Аяның түстер тізбегіндегі әрекет бір жүйеге бағына ма? Автор осы тұста ойды оқырманға тастайды. Кейіпкердің ең бастысы әрекетін, қозғалысын, монологын берді. Ал қалған тұжырым оқырманның еншісіне қалады. Былайша айтқанда, оқырманмен ойын ойнаған сыңайлы. Шындығында Мерей Қосынның шығармашылығынан оқырманмен етене жұмыс жасау принципі байқалмайды. Досханнан тағы бір өзгешелігі де сол. Оқырман мен автор екеуі – екі әлем.

7-Түс. Ол басқа жерде. Ол ықылықтай бастады.

Жігіт: «Біз ықылық екеуіміз суға бардық. Ықылық суда қалып қойды, мен қайтып келдім» осылай қайтала, басылады.

Ол: «Біз ықылық екеуіміз суға бардық. Ықылық суда қалып қойды, мен қайтып келдім.»

Ол жерге құлаған қатты жарылыстан шошып оянып кетті. Көзін ашқанда

жайылып жатқан көңілсіз, жұпыны тіршілікке ызасы келді. Кеудесінде түсінен қалған сезімі бойын жылыта берді, бірақ ешнәрсе есінде жоқ еді [3].

Шынында сана ағымы белгілі бір тәртіпке, жүйелі ойлау жүйесіне бағынбайтыны белгілі. Алайда әдебиет оқырманды эстетикалық талғамға, озық ойлауға тәрбиелейтін бірден-бір рухани құрал екендігін де ескеріп отырған жөн сияқты. Структуралистік шығармалар да осы шеңберден шықпасы анық. Барлығы 7 түс. Әр түстің соңы бір тағдыр. Тыныштығын алған мынау мерез қоғамнан жалыққан һәм шаршаған Аяның тағдыр тізбегі болмаса түстерінің тізбегі Мерейдің осыншалықты өзегіндегі өкініші басым шығарма тудыруына себепкер болған. Бұл шығарма толыққанды түстер мозайкасы. Ғашықтық сезімнің шығармаларының жаңа формасына бастайтын сыңай танытатын-ақ картина. Автордың дәл осы іспетті «НЕРД» атты шығармасына да тоқталуымызға негіз бар сыңайлы. Ғұлама ғалымның зерттеу объектісінен өмір философиясына тоқталуынан басты себебін анықтау – оқырманның негізгі міндеті.

«Онлайн дос – «Біз шынтуайтында ашкөздік, ашу-ыза, менмендік, жалқаулық, нәпсіқорлық пен ақымақшылық, әдетте, әдептілік, пәктік, төзімділік, әділдік пен ақылгөйліктен гөрі адамдарға көбірек пайда әкелетіндігін көреміз де, осыдан кейін, ең құрығанда, адам болып қалардай таңдау жасауымызға тура келетіндіктен... неге ғана бізге зұлымдыққа аз да болса қарсыласуға тырысып көрмеске – тегі қаһарман атымыз шығып кетуі қауіп болса да».

Роберт Болт

Ол: Бұл не?

Онлайн досы: Не ойлайсың?

Ол: Негізі ойлану керек жазба ма еді? Кешір, бірақ мені қызықтырмады.

Онлайн досы: Бұл жазбаны маған Техас штатындағы философ танысым жіберді.

Ол: Философия меніңше, түкке тұрмайды» [5].

Мерей шығармашылығындағы басты элемент көзқарастардың қақтығысы. Онлайн досымен болатын бір сәттік оқиғаның өзі талас-тартыспен өтеді. Онлайн дос деп отырғаны жалпы адамзаттың виртуалды әлемі болса керек. Адам жанымен астасып жататын терең қабаттарына бойлай бермейтін ол әлемнің адамның шын жанашыр досы болатынына күмәнмен қарағандай болады. Енді мына бір тұсына назар аударсақ:

«ОЛ: Өлімсіз, аурусыз өмір, өлімсіз, аурусыз өмір тағы өлімсіз, аурусыз өмір «жаңа әлемді» тудырады» [5].

Солай делік. Ғұлама ғалымның өлімсіз өмірді жасау жолындағы принципі неліктен ол тақырыпқа мүлдем сәйкес келмейтін пәлсапамен ұштасып кетеді екен? Бұл жерде жауапты Мерейдің өзінен іздеу керек сияқты. Неомодернистік шығармаларды талдау барысында қосымша бір кейіпкерді естен шығармаған жөн. Ол – автордың өзі. Бұл жерде барлық кейіпкер автордың өз қолынан өтіп отырған жерде, автор өзінің психологиялық тенденциясын кейіпкерлеріне дарытып отырады. Жоғарыда жазғанымыздай Мерей өзі неогуманизмді аңсаушы. Мына әлемнің көлеңкелі тұстарын көңілінен өшіргісі келетін бір бала күнгі арман оны әлі де тербетіп жүрген сыңайлы.

Қорытынды

Қазіргі қазақ әдебиеті – өз болмысы бар әдебиет. Бұрынғы жазылған дүниелердің мазмұны қайталануы шарт емес, көркемдік үрдістер, жекелеген көркемдік әдістер жалғасын табуы керек. Қазіргі қазақ прозасы болып толған, өзінің ұстаздық-тәлімгерлік орнын әлем әдебиетінен алған және бұрынғыдай ұлттық поэзияның тасасында қалып қоядан мүлдем арылған. Қазіргі қазақ прозасындағы кез келген кейіпкерді алар болсақ, автор олардың сана табиғаты арқылы әлемді немесе сол әлемнің ішіндегі қоғамның бейнесін ашуға тырысады. Соның нәтижесінде ол авторлық ұстанымын кей жерде өзгертіп, кей жерде өз ұстанымдарын құрбан етеді.

Қорыта келе, қазіргі қазақ прозасы өз аудиториясын мақсатты түрде жинап, сол аудитория шеңберіне сай қызмет етеді. Осыдан бір ғасыр бұрынғыдай жалпы қоғам үшін емес, жеке субъект үшін жаңа мазмұнда жанр тудырады. Бұл да бүгінгі заманның бір үдерісі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сүлейменов А. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: «Қазығұрт», 2006. – 368 б.
2. Жылқыбай Д. «Квант» <https://adebiportal.kz/kz/news/view/21862>. /интернет дереккөзінен.
3. Қосын М. «Буве нүктесі». https://kk.wikipedia.org/wiki/Буве_нүктесі. / интернет дереккөзінен.
4. Қодар Ә. «Мерей Қосынның минималистік қосы». <https://www.azattyq.org/a/kazakhstan-aeuzkhan-kodar-blog-young-author-merey-kosyn/27711430.html>. / интернет дереккөзінен.
5. Қосын М. «Нерд». <https://ru.wikipedia.org/wiki/НЕРД> / интернет дереккөзінен.

Тлегенова К.К.

М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың 2-курс магистранты,
Орал, Қазақстан

БАУЫРЖАН БАБАЖАНҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ, ҰЛТТЫҚ РУХ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Төл мәдениетімізді, бабалар мұрасын сақтап, көркейтіп, халықтың адамгершілік мұрат-мүдделері мен үндесетін рухани қазыналарымызды бүгінгі күнге жеткізу – әдебиеттану ғылымының маңызды мәселелерінің бірі. Соңғы отыз жылға жуық уақыт ішінде қазақ қоғамында болып жатқан түбегейлі өзгерістер әлеуметтік рухани өмірімізді жаңа белеске шығарды. Ұшқыр да оңтайлы жанр – поэзияда жаңа заман биігіне сай жазылған бірқатар үлкенді-кішілі шығармалар жаңа тақырып, тың сюжеттер мен әдебиетімізді байыта түсті. Бұл ретте академик С. Қирабаев: «Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел болуы – біздің жаңа тарихымыздың басы. Ендігі жерде біз өз тарихымызды бұрынғыдай көпұлтты мемлекеттің құрамында емес, дербес зерттеп, ұлтымыздың тарихтың ұзақ жолында ұтқаны мен ұтылғанын, жеткені мен жете алмаған тұстарын кең ашып, бүгінгі егемендікке келуіміздің заңды жолын көрсетуге тиіспіз. Жалпы ұлтпен, ұлт мәдениетімен бірге қайшылықты жолдан өткен біздің әдебиетіміздің тарихы да осындай талғаммен қайта қарауды керек етеді», - деп көрсетті [1, 10 б.].

Ұлттық дүниетаным тұрғысынан халық мұрасын, оның адамгершілік мұрат-мүдделері мен үндесетін рухани қазынамызды ұрпақтан-ұрпаққа жыр жолдарымен жеткізу – поэзияның биік талабы. Белгілі ақын Бауыржан Бабажанұлы шығармалары негізінде ұлттық мінез, ұлттық рух, ұлттық идея мәселелері зерделенеді. Ақын өлеңдеріндегі туған жерге сүйіспеншілік, ұлтжандылық, отаншылдық идеясы негізінде тілдік құбылыстардың ерекшелігі сараланады.

Қазақ ақындарының қазіргі уақыттағы жаңаша мазмұндағы шығармалары ойдың небір нәзік иірімдері мен бояуларын дөп басып, адамның рухани кедейлігін бейнелей алады. Ақындарымызды халықтың болашағы қатты толғандырады. Зерттеу еңбектерінде ұлттық мінез ұлттық психологиямен, сезіммен, әдет-ғұрыппен, дәстүрмен тығыз байланыста болатыны айтылады. Ұлттық мінез көркемөнер мен әдебиеттің, өлеңнің ұлттық сипатын дәлелдеп көрсететін басты белгі, басты категория екенін ескерсек, тұлғалы ақындар поэзиясының басты ерекшелігі ретінде ұлттық мінез туралы сөз қозғауымыз заңды. Ұлттық мінез, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік, салт-санамен байланыста ашылады. Ақын Б. Бабажанұлы поэзиясында моральдық, адамгершілік ізденістерімен бірге ұлттық қайнарларға үнілу белгісі табиғат, туған дала, қазақы тіршілік хақындағы өлеңдерінен айқын аңғарылады [2, 36 б.].

Ақын жырларының басым көпшілігі оқиғаға құрылады. Сол оқиғаны айта отырып, өзінің тұжырымын ұсынады. «Қайрақ», «Қазақ» деген өлеңдерінде ұлттық мінезімізді айшықтайтын құндылықтар намыс, рух туралы жырланады.

Мәселен «Қайрақ» өлеңінде:

Жан көрінді (кеше аттан құлағам)

Аяқ... шыдап көршіенді,

Ақырды әкем: «Тый жасынды, жылама,

Көтер, кәне, еңсеңді!

Тізгінге ие бола алмайды шіріктер,
Қарық қылар өзге не?
Көздің жасын көрсетпейді жігіттер,
Өй, әкеңнің ... ез неме».
... Палуан – өмір жықты тағы шалқамнан,
Қазақтығым азап күн боп жолығып.
Қаным шығып ерім батқан арқамнан,
Құлазыдым дүниеден торығып.

Қапелімде тоқ ұрғандай селк еттім,
Тосын қуат құйылғандай қаныма.
Күрес қана жалғыз бағы еркектің,
Атқа қону керек шығар тағы да!.. [3, 170 б.]

Қазақта жалпы «қайрақ» сөзі пышақтың жүзін шығарып, өткір қылу үшін пайдаланатын құрал ретінде айтылады. Ал енді осы сөз етістікке айналғанда, тек затты қайрау емес, адамның жігерін, намысын қайрау деген мағынаны білдіреді. Сөзбен қайрау ер адамдарды бір сілкіндіріп, қайраттануына септігін тигізетін болған. Бұрын ер жігітті атқа қондырып, тай үйретіп, физикалық тұрғыда епті қылатын болса, қазір іспен дәлелденетін әрекеттерінесөзбен қолдау береді. Сол бұрынғы әкелердің айқайы, қайрауы, қайраттауы Бауыржан сынды мықты, намысты ұлдарды тәрбиелеп, осындай қайратты өлеңдердің тууына өз септігін тигізді десек болады. Осы тәрбие кей кезде қазіргі заманның ұлдарына жетпейтіндей көрінеді, өйткені шетелге еліктеп, ата-анасын тыңдамай жүгенсіз кеткен ерлерге керек-ақ.

Көне заманнан біздергеескінің көзіндеі болып жеткен «елім-жерім» деп атқа қонған батыр бабамыздың қолына ұстаған, жауына айбаты, ер жігіттің қайраты болған құнды жәдігерлердің бірі – қамшы. Қарапайым қамшының сырын ашу, оны зерттеу ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігіндегі әрі қызықты, әрі терең мәні бар қажетті мәселеекені анық. Қамшыға қарапайым қолданыс құралы ретінде қарауға әсте болмайды. Ол - «дала данышпаны» атанған дана бабамызбен бірге жасап, айнымас бөлігіне айналып, салт-дәстүрінен орын алып, қадір-қасиетін жете бағалаған, тұрмысында төрден орын берген қасиетті бұйым. Өткен замандардағы түсінік бойынша: «Қамшының ұшар басында, алақанында пәле-жаладан, ауру сырқаудан қағатын құдырет ұялайды», - деп түсінген, сонымен қатар, ел мен жер үшін болған жаугершілік заманда жауға шапқан батыр бойына бес қаруын асынып, жауға шабар сәтінде аузына қамшысын тістеп шапқан деседі. Ел түсінігі бойынша – «қамшы ер жігіттің бойына күш-қуат беріп, қарсыласынан айбатын асырып, жаудың мысын басады» деген түсінік болған. Бұл, әрине, қиял емес, сөзсіз шындық. «Қамшы – ұстаған адамның қайрат-қуатын арттырып, жамандықтан, тіл-көзден сақтап жүретін қазақ мәдениетінің киелісыйы» - деп таныған. Сал-серінің танытатын, отағасының, отбасының қорғаны екенін танытатын қазақ шаңырағының төріндеілулі тұратын қамшыны көргенде: таспадай, тіліп өтетін тілі бар, қазақтың қанына біткен қайсарлығы бар азаматтың шаңырағы екендігін түсіндіреді. Міне, нағыз байлық, нағыз ұлттық құндылық [4]. Тілге тиек етіп баяндап кеткен ол өткен ғасырларымыздың өшпесестеліктеріекені айқын. Осы туралы ғалым Арқабаев Жандос есімді ғалым өзінің «Қазақ тіліндегі «Қамшы» сөзінің генезисі» атты зерттеуінде осылайша тарихқа үңіліп, терең сипаттаған. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге келгенде Бауыржан Бабажанұлының да өз миссиясы бар, яғни өмірде көрінген нәрселер мен құбылыстар өлеңінде әдемі өріліп, өз мақсатына жетуде. Осы орайда ақынның «Қамшы құдыреті» атты балладасы туралы сөз қозғағым келіп тұр.

Ал, енді, жаршыларым, жар салындар,
Әскерім, жауға қарай қарсы ағындар.
Қылыш, сүңгі, найзаның бәрін тастап,

Тек қана қолдарыңа қамшы алыңдар.

Хан сөзі екі болмас.

Барсын ерлер,
Қиқулап, ұлы айқайға салсын ерлер,
Құйғытып келе жатыр, міне, ұрандап,
Найзагер емес, кілең қамшыгерлер.

Бір-бірлеп қуып жетіп, құрықтайды...

Тарихтың тағылымын кім ұқпайды:

Иығына алтын тон ілсе-дағы,

Құл ешқашан қамшыны ұмытпайды [3, 73 б.].

Ел басына күн түскенде, «Ақыл жастан, асыл тастан» деп ханға жас баланың айтқан ақылымен, яғни қарудың орнына қамшы алу арқылы жеңіске жеткендігі туралы аңыздың желісіндегі оқиға суреттелген. Бауыржан ақын осылайшы қамшының құдыретін өз оқырманына жыр қылып ұсынады. Қазіргі заманның ерлерінің қолынан, үйлерінен төрінен түсіп қалған қамшы қазір тек жәдігер ретінде мұражайларда тұратыны жанды ауыртады. Бұл да ақынның өз заманындағы қозғап жүрген, жырлап жүрген тақырыптарының бірі.

Жастарды ұлт бірлігі мен отаншылдыққа тәрбиелеудің басты факторларының бірі тарихи сана қалыптастыру екенін, оның халықтың зердесі, қайнар күші екенін ұстаздар қауымы мен аға ұрпақ өкілдерінің естен шығармағандары жөн. Өйткені, әр халық өз тарихынан ғана қуат алады, өз болмысын қалыптайды, сонысымен де ерекше.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы / Т.8. – Алматы: «Қазығұрт», 2007. – 48 б.
2. Сұлтанғалиева О.Қ. Мақала: Бауыржан Бабажанұлы поэзиясындағы этномәдени дүниетаным сипаты. Хабаршы БҚМУ, 2020. - 35-42 бб.
3. Бауыржан Бабажанұлы. Ниетқабыл. – Алматы: «Хантәңірі», 2014.
4. Арқабаев Жандос. «Қазақ тіліндегі «Қамшы» сөзінің генезисі». Мақала.<https://ulagat.com/2021/08/29/>.

Садықова М.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2 курс докторанты,
Алматы, Қазақстан

ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДӘСТҮРЛІ СӨЗСАПТАМ ҮЛГІЛЕРІ

Бала тілін жан-жақты дамытып, қалыптастыруда қазақ әжелерінің, аналарының әлдіі, өсе келе ертегі, аңыз-әңгімелерінің рөлі зор болған. Олар балаға ана тілін меңгертуге, сөздік қорын молайтуға, байланыстырып сөйлеуге, тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастыруға, шығармашылық ойлауын дамытуға көмектеседі. Сондай-ақ баланы тыңдай білуге, қиялына қиял қосып, ұшқыр ойлы болуына, жақсылықты үйретіп, жаманнан жиренуіне тәрбиелейді.

Ертеде қазақ ауылына келген әр қонақтан өзі білетін ертегі, аңыз-әңгімелерді, жыр-дастандарды айтып беруін қалап, таңды таңға ұрып, сол ауылдың үлкені де, кішісі де шеті сөгілмей әңгімешіні, ертектіні тыңдауы – жастарды сөз өнерінің қыры мен сырына жаттықтырудың, тәрбиелеудің бастауы деп білеміз.

Ертегі – ауызша тараған, қара сөзбен айтылатын көрем мәтін. Ертегінің көрігін қыздыруда ертектінің рөлі үлкен. Тыңдарманға тәтті күйінде жетуі, әдемі естілуі, одан әрі қарай тыңдай беруге ынтықтыруы ертектінің шеберлігіне байланысты. «Ертегіні ғылым жолымен жиып зерттеген елдер үлгісіне қарасақ, ең үлкен шарт ертегіні қарасөз күйінде, әр айтушының өз сөздерімен айнытпай, өзгертпей түсіруде. Сонда жеке өлең етуші ақынның тіл өнерін, сөз өрнегін көрмейміз, көпшілік халық боп айтып келген әңгіменің молырақ қорын

көреміз» [1, 13], «Әрбір ірі ертектің өзін алғанда да, оның ертегісінің өз жанынан қосатын сөздегі қоспасынан басқа ертеден бері ауыздан ауызға көшіп, бір қалыпты айтылып, сұрыпталып келген тіл мен үлгі де көп болатындығын» [1, 15], – М.Әуезов өз еңбегінде атап өтеді. Расында ертегі халықтың ішінде пайда болып, халық арасында ауыздан ауызға тарап, ұрпақтан ұрпаққа жеткен асыл мұра болғандықтан ертегі тілінде қазақтың дәстүрлі сөзсаптамының үлгілері жиі кездесетінін аңғардық.

Ертегінің тілдік құрылысы, лексикалық сипаты қарапайым, ауызекі сөйлеу стилінде айтылатын болғандықтан қарапайым халықтың қабылдауына еш қиындық туғызбайды. Қазақ ертегілерінің көпшілігінің сюжеті, құрылымы, басталуы мен аяқталуы ұқсас келеді. Барлық ертегілер *баяғы өткен заманда, дін мұсылман аманда; ертегі, ертегі, ертегі екен; ерте-ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауыл жүні қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен* деп басталады. Бұл арқылы ертегіші баланы алдағы болар ертегіге баурап алып, қиял әлеміне жетелеп әкетеді. Ал ертегінің барлығы *сүйтіп мұратына жетіпті; сүйгеніне қосылып, ұзақ өмір сүріпті; сұлу әйелімен балалы-шағалы болып, дүниеден армансыз болып өткен екен; малы малданып, жаны жанданып, үлкен бір әулет болыпты* деп зұлымдықты мейірім жеңіп, жаманды жақсылықтың жеңуімен аяқталады. Осылай болуының өзі баланың кейіпкерге сүйсінуіне, оның ісіне, сөзіне еліктеп өсуіне ықпал етеді, енді ғана қиялы дамып, дүниені танып келе жатқан балаға берілетін мұра, көрсетілетін бағыт болады.

Қазақтың дәстүрлі сөзсаптамасы аз сөзбен көп мағына беретін, қысқалығымен, нұсқалығымен, мағынасы түсінікті болса басы артық жалғауларды, сөз тіркесін, тіпті кейде сөйлемдерді түсіріп сөйлеуімен ерекшеленген. Сондай-ақ қазақ сөзінде сөйлем түрлерін кезектесіп қолдану, ұйқасқа құрылған ырғақты сөйлемдерді пайдалану жиі кездесетіні байқалды. Тыңдаушысының көңіліне қарап сөйлеу, сөзді тіке емес астарлап жеткізу, жанға жағымды қоңыр дауыспен сөйлеу, өзін тыңдарманынан кішірейте сөйлеудің барлығы қазақтың дәстүрлі сөзсаптамасын ұтымды, ұтқыр, сұлу еткен.

Әр адам сөзді әртүрлі саптайды. Бірі түйінді сөзін айтып алып, соған әкелген себепті, оның салдарын айтуы мүмкін. Енді бірі керсінше себебін айтып, оның салдарын көрсетіп, түйінсөзді соңына қалдырады. Ал ертегінің барлығы дерлік алдымен бір кейіпкердің тууын, оның өсуін, қиындықпен күресуін, мақсатқа жету жолын градациялық өсу ретімен сипаттайды. Бұл бала санасында салынатын суреттің рет ретімен түсуіне септігін тигізеді. «Жүйесіз нәрсені жадында сақтау қиын. Егер тілде жүйе болмаса, егер олар бір-бірімен байланыссыз, ретке келтірілмеген, ұйымдаспаған, бөлшектері бүтінге бірікпеген, бытыраңқы элементтер күйінде болса, онда тіл адам санасында сақталмаған болар еді, қатынас құралы, пікір алысудың құралы болып қызмет етуге де жарамас еді» [2] - дейді К. Аханов. Яғни сөйлеген кезде сөйлем алдыңғы және кейінгі сөйлеммен, алдыңғы абзац кейінгісімен логикалық байланысқа түсуі шарт. Сонда ғана біз түсінікті сөйлеген болып саналамыз, ал коммуникацияның басты шарты – тыңдаушының сөйлеуші сөзін түсінуі. Сөйлемдерінің арасында өзара жүйе болмаса, қазақ мұны «сөзінің берекесі қашты», «не айтып не қойғанын түсінбедік» деп сөгеді. Ертегі құрылымы біздің тілімізге тән дұрыс құрылымды көрсететін үлгі деп білеміз.

Ертегі мәтінінде «пікіріңді сөйлегенде, алдыңғы сөзіңнен артқы сөзіңнің қуаты асып отырса, дамыту болады сөз шығарушылар да сөздің осы табиғи заңын пайдаланып, керекті жерінде сөзін бірден-бірге күшейту [2, 48 б.] құбылысы кездеседі. «Алтын сақа» ертегісінде *құрығын құлдыратып, жүгенін сылдыратқан балаға алдымен қотыр тай қарайды, ол тайды жүгендегенде қотыры жазылады, үстіне тоқым салғанда құнан болады, ер салғанда дөнен болады, айылын тартқанда бесті ат болады. Үстіне қарғып мінгенде тұлпар болады.* Алдыңғы сөзден соңғы сөздің, алдыңғы ой-пікірден кейінгі лебіздің, әдепкі құбылыстан екінші құбылыстың екпін қуатының күшейіп, өсіп отыруы – жүйесі ұқсас бірыңғай сөйлемдердің іріктеліп шығуына, ой-пікірдің өткір, әсерлі айтылуына әрі мағыналық өрістің кеңеюіне септігін тигізеді.

Ертегілерде қарама-қарсы құбылыстар (жақсылық/жамандық, мейірімділік/зұлымдық, бай/кедей) салыстырыла отырып, бір оқиғаны екі түрлі сипатты адамның, екі түрлі

жануардың істеуі арқылы оқиға желісі баяндалады. Сонда бірінің ісі екіншісінің ықпалынан айқын көрінеді. Бұл да тілімізде жиі кездесетін құбылыс. Мұны ғалым А. Байтұрсынұлы «екі нәрсе қатар яки қарама-қарсы келгенде, арасындағы айырым көзге көбірек түседі» [2, 45 б.] деп түсіндіреді.

Ертегі мәтінінде бір ертегіден екіншісіне лек-легімен, тұтас бір сөйлемдер жүйесі түрінде де, сөз тіркесі түрінде де ауысып жүретін құрылымдар бар. Мысалы *«отыз күн ойын, қырық күн тойын жасау», «баяғыда бір бай болыпты, бір перзентке зар болыпты», «құрығын құлдырату, жүгенін сылдырату», «мінерге аты, киерге киімі, ішерге асы жоқ», «айлардан ай өтті, күндерден күн өтті, жылдардан жыл өткенде», «мойыны ырғайдай, биті торғайдай болу», «темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалды», «ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алты күнде жүріпті, алты жылда алып жігіт болыпты»* сияқты тіркестерді ондап, тіпті жүздеп келтіруге болады. Бұл құрылымдар ертегілердің барлығында дерлік кездеседі, баланың тілінде, санасында жатталып қалатын тіркестер. Бұл құрылымдар ертегінің қарапайым мәтініне эстетикалық бедер беріп тұр.

Тағы бір ерекшелігі оқиға желісінің қайталануы. Бұл жерде де қазақ тілінің дәстүрлі сөйлеу машығына сәйкес келеді. Себебі семантикалық қайталаулар, алдыңғы сөйлемді келесі сөйлем басында қайталау тыңдарманды жалықтырмайды. Ойды үзбейді. Сонымен қатар оқиғаны одан әрі дамытып, тыңдарманын қызықтыра түседі. Мысалы, *...кемпір бір тісін жұлып алып, атып жібергенде, тайдың бір аяғын жұлып түсіреді. Тай үш аяғымен қашып, жеткізбейді. Kempір тағы бір тісін жұлып лақтырғанда, тайдың тағы бір аяғын жұлып түсіреді. Тай екі аяғымен шауып, жеткізбейді. Kempір тағы бір тісін жұлып алып, атып жібергенде, тайдың тағы бір аяғын жұлып түсіреді. Тай әлсірейін дейді* («Алтын сақа» ертегісінен).

Қасқырдан қорыққан тайлақ Бекболатқа келіп: — Мына қасқырдан құтқара көр! Қысылған жерде мен де саған бір жәрдем көрсетермін, – дейді. Менің шудамнан бір талын жұлып алып қал. Қысылған жерде тұтатасың, мен келемін, - дейді.

Мұнан соң келе жатса, бір үлкен құс екі самұрықты қуып келеді екен. Самұрықтар жанында келе жатқан баланы көріп: — Мына жаудан құтқар! Біз де бір керегіңе жарармыз. Сен екеуімізден екі қауырсын жұлып алып қал. Қысылған жерде қауырсынымызды тұтатсаң, біз келеміз, - дейді.

Бір тұлкіні бір бүркіт қуып келеді екен, тұлкі Бекболатқа жетіп келіп: — Ойбай, ағатай, мені мына жаудан құтқар! Мен де жәрдем көрсетермін, менің бір тал қылшығымды жұлып алып қал. Соны тұтатқанда иісі шығар, мен сол жерде дайын боламын, - дейді («Бекболат» ертегісінен).

Мұнда автор оқиға тізбегін үзбей, бір сарында қайталай отырып, оқиғаны күшейте түседі. Сол арқылы тыңдарманды ынтықтырып, жалықпай тыңдауына мүмкіндік туғызады.

Тек қана оқиға желісін ғана емес, сөйлем ішіндегі сөздерді қайталау да жиі кездесті. Ерте заманда, құйрығы келте заманда, мейлі қара болсын, мейлі төре болсын; алты күн, алты түн қуады; бір бай болыпты, төрт түлігі сай болыпты, бір перзентке зар болыпты, зарыға жүріп перзентті болыпты; тай тұра қашады, жалмауыз кемпір тұра қуады; бірі алтын суына малынған, бірі күміс суына малынған; сол жерде ит те өлді, қасқыр да өлді; күндерден күн өтті, айлардан ай өтті, жылдардан жыл өтті; мінерге аты жоқ, киерге киімі жоқ, ішерге тамағы жоқ сынды тіркестер де ертегі мәтініне эстетикалық көрік беріп тұр. Бұлар ойдың айтылуын әуенді, ырғақты етіп, оның көңілге, құлаққа жағымды болуын да көздейді. Яғни сөзі мен әуені тұтасып келіп, ойды тыңдаушыға әсерлі етіп жеткізуге қызмет етіп тұр.

Ертегідегі естістіктердің барлығы дерлік бұрынғы өткен шақ түрінде және бұрынғы өткен шақ + екен көмекші етістігінің тіркесуі арқылы беріледі. Бұрынғы өткен шақ оқиғаға сөйлеушінің көзі толық жетпегендігін байқататындықтан, айғақсыз мәнді білдіретіндіктен ертегіде етістіктің бұл түрінің жиі кездесуі таңғаларлық жайт емес. Ал сөйлемдері көбіне шартты рай тұлғасы арқылы байланысады. Жалпы шартты құрмалас сөйлемдер тілімізде жиі кездеседі. Олар әсіресе ауызекі сөйлеу тілінде, көркем әдебиет шығармаларындағы

кейіпкерлерінің сөзінде, жекелеген авторлардың баяндауларында ұшырасады. Бірақ шартты рай тұлғасындағы етістік әр уақытта шарттылық мәнде қолданыла бермейтіні белгілі. Кейде мезгіл, кейде арман-тілек мәнді де болып кездеседі.

Ертегілердегі тағы бір байқағанымыз ертегі басындағы етістік+*-ынты, -інті* деп басталса, ертегінің өн бойында солай жалғасып, *жетінті, сүрінті* деген сарында аяқталады. Ал етістік+*екен* көмекші етістігі түрінде басталса, сонына дейін осы сарында болады. Мысалы «Шық бермес Шығайбай» ертегісінде:

Ерте заманда, құйрығы келте заманда Шықбермес Шығайбай деген бір бай бар екен. Ол үйіне барған кісіге – мейлі қара болсын, мейлі төре болсын ешкімге дым бермейді екен. Сол Шығайбай заманында бір Алдар көсе деген алдаушы адам бар екен. Әй, Алдарың қанша қу болса да, Шықбермес Шығайбайды алдай алмас, - дейді жұрт. Осы сөз Алдарға жетеді. Шықбермес Шығайбайдың атын Алдар да есітеді екен.

...«Алдардың ойыны осылай болады» деп, еліне тартып отырған екен,— деп аяқталады. Яғни мәтін белгілі бір ырғаққа құрылған.

Ертегі мәтінінде тіліміздің дәстүрлі сөйлеу машығына тән сөйлем түрлерін кезектесе қолдану құбылысы да жиі кездесті. Жай сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, толымды, толымсыз сөйлемдер, құрмаластың түр түрі белгілі бір ретпен қолданылған. Бірнеше жай сөйлем қатар келмейді. Қатар келетін болса, ой ағынын үзеді, ал күрделі сөйлемнің көптігі оқырманның қабылдауына ауыр, шаршатып жібереді. Мәтіннің көп оқылуы қысқа сөйлемдердің басым болғандығынан [4, 15] дейді профессор Қ. Күдерина. Ал ертегі мәтінінде қысқа сөйлемдер жиі кездесті және олар күрделі сөйлемдермен кезектесіп отырды.

Көркем әдебиетте тілдік тұлғалар белгілі бір стильдік мақсатта әдеби тіл нормаларынан уәжді ауытқу кездесе, ертегі мәтінінің тілінде ондай ауытқулар кездеспеді. Тілдегі бір ізге түскен грамматикалық тұлғалар мен амал-тәсілдердің дағдылы жұмсалып нормасы өзгеріссіз құрылған. Сөйлемдеріндегі сөздердің орын тәртібі тұрақты: баяндауыш сөйлемнің ең соңында, бастауыш сөйлемнің басында не ортасында, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш өздері қатысты сөздерден бұрын тұр, олардың арасында мағыналық байланыс бар.

Ертегі мәтіні қарапайым болғанымен арасында эстетикалық көркемдік беретін, ұйқасқа құрылған тұстары да кездеседі және ондай тұсы ертегінің тұздығы іспетті. Жай сөйлемдермен айтылып келе жатқан ертегінің ортасында осындай өлең сияқты ұйқасты сөздер кездесіп, тыңдарманның санасына эстетикалық ләззат сыйлап өтеді де, әрі қарай қайтадан қарапайым тілге көшеді.

Сонымен қорыта келе ертегілерде:

- көтеріңкі елірме оралымдар жоқ. Қарапайым тілмен кейіпкерді танытып, оқиғаның кыр-сырын түсіндіреді.

- жүйелі, градациялық өсу ретімен айтылады. Бұл баланың санасына салынатын суретті рет-ретімен құрауына көмегін тигізеді.

- оқиға желісі, сөйлемдер, сөз тіркестері, сөздер қайталануы байқалды. Бұлай қайталау мәтінге эстетикалық бедер қосады, ой ұшығын жібермей ұстап отыруға әсер етеді;

- ұйқасқа құрылған, сөзі мен әуені тұтасқан құрылымдар кездеседі. Олар сөзді тыңдаушыға әсерлі етіп жеткізу үшін қолданылады. Сөздің айтылуын әуенді, ырғақты етіп, оның көңілге, құлаққа жағымды болуын көздейді;

- белгілі бір ырғаққа құрылған;

- тіліміздің дәстүрлі сөйлеу машығына тән сөйлем түрлерін кезектесе қолдану құбылысы да жиі кездесті;

Байқап отырғандарыңыздай ертегі жас буынды тек мейірімділікке, жақсы қасиеттерге ғана баулып қоймайды, сондай-ақ ана тіліміздің қабат-қабатындағы тәтті оралымдар мен ұтымды тіркестерді, жүйелі сөз бен сөз киесін ұғынуына үлкен септігін тигізеді.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Әуезов М.О. Қазақ ертегілері. 1 том / М.О. Әуезов, Е.С. Ысмайылов. – Алматы: «Қазақтың Мемлекеттік көркем Әдебиет», 1957. – 682 б.

2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш / А. Байтұрсынұлы. – Ташкент: «Қазмамбас», 1926. – 282 б.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері / К.Аханов. – Алматы: «Санат», 1993. – 496 б.
4. Күдерина К. Қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамы // «Тілдік парадигмалардың коммуникативтік негізі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. – Алматы, 2021.

Орман М.М.

педагогика ғылымдарының магистрі
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАҺАРМАНДЫҚ ЭПОСЫНДАҒЫ БАЛАҒА АТ ҚОЮ ҒҰРПЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Жазу өнері пайда болғанға дейінгі қоғамда халық жасаған мәдени құндылықтардың барлығының ішінде анағұрлым бүтін күйде сақталғаны халықтық эпос болып табылады. Эпикалық шығармалар – белгілі бір дәуірлерде пайда болып, әрбір тарихи кезеңнің ықпалы мен әсеріне ұшырай отырып ғасырлар тізбегінен өтіп, бүгінгі таңға жеткен баға жетпес құнды мұрамыз.

Сан сырлы эпикалық жауһарымыздың әлі талай «жалт» етіп өзгеше бір қырынан сәулесін шашары күмәнсіз.

Тамыры тереңде жатқан қаһармандық эпостарда халықтың тұрмыс-салтының мол қазынасы бар. Жырлардың құрылымымен біте қайнасып кеткен тұрмыс-салт көріністерінің кірігуі себептері мен атқаратын қызметін анықтау эпостың жанрлық ерекшелігін аша түсуге септігін тигізеді. Солардың ішінде балаға ат қою ғұрпының эпостарда бейнеленуінің өзіндік ерекшеліктері бар.

Бала дүниеге келгеннен кейін оның алдағы өмір жолына оң ықпалын тигізсін, жамандықтан алыс болсын деген сипаттағы жақсы ниетпен есім беру рәсімі жүзеге асырылады. Бұл дәстүр түркі халықтарының барлығында кездеседі. Қаһармандық эпостар сюжетінен ұшырасатын тұрмыс-салтқа қатысты ұғымдардың ішінде жиі ұшырасатын әдет-ғұрыптардың бірі – балаға ат қою. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырында әулиелі жерлерді жаяу аралап, бала тілеп қамыққан Байбөрі мен бәйбіше Аналықтың қасына келіп, басында сәлдесі, қолында сырлы асасы бар Баба Түкті Шашты Әзіз былай деп тіл қатады:

*Менің атым Шашты Әзіз,
Қыламын десең ықылас,
Жарылқады Жаратқан,
Ей, бейшара, көзіңді аш!
Ұлыңның аты Алпамыс,
Қызыңның аты Қарлығаш [1, 159]*

Бұл арада балаға ат қою салты аздап өзгеше, яғни туылмай тұрып әулиелердің қойып беруі түрінде көрінеді. Әрине, бүгінгі күндері де баланың есімі ата-анасының немесе басқа туған-туыстарының түсінде аян берілетін құбылыстар кездеседі.

Ал «Шора батыр» жырында Нәрік пен Құлқаныстың көп зарығып жүріп сүйген баласының қуанышына бүкіл ел болып қуанып, сүйіншісіне халқы қарық болған көріністен кейін баланың атын қою қиынға соғып, «қырық үйлі тама жиылады» деп жырланады. Балаға лайықты ат қоюды мақсат етіп, халық көп толғанады. Сонда бір кездері баланың дүниеге келерінен аян берген Баба түкті Шашты Әзіз ғайыптан пайда болып, баланы сұратады. Сонда:

*Жүгіріп шығып Құлқаныс,
Боп еді бұрын көз таныс
Алып барып баласын,
Етегіне орады.
Қағып, соғып жеңімен,
Айтыпты күліп диуана:*

Етегінен алады.

«Менің балам болады!»

«Сөзің мақұл, ата», - деп,

Құлқаныс апай сұрады:

«Қойып атын кетейін,

Айбынды туған Шора - ды !» [2, 230]

Бұл сарын батырлық ертегілерде де кездесіп қалады. «Әлібек батыр» ертегісінде бала сұрап әулиелі жерлерді аралаған кемпір мен шалға бір әулие жолығады. «Сонда әулие тұрып: *«Мен саған екі қыз, бір ұл берейін, қолыңды жай, жылама», дейді де, батасын бере бастайды. «Ұлың атын Әлібек, қыздарыңның атын Қанікей мен Тотай қой» - дейді де гайып болады.» [3, 72]*

Эпикалық шығармаларда болашақ батырдың есімінің құдірет күшіне ие деп есептелген әулие адамдардың тарапынан қойылуының өзіндік себептері бар, яғни жырдың идеялық мазмұнын ашуға қызмет етеді.

«Ер Қосай» жырында «Ат шаптырып той қылып, баласының атын Қосай қояды» [4, 15] десе, «Ер Сайында» пірі түсінде аян беріп кеткен сайын деген есімді баласына азан шақыртып қоярда Бозмұнайдың әрекеті төмендегіше беріледі:

Ноғайлының үш жұртын

Бірін қоймай жиармын.

Бұл төрт түлік малымның

Бір бөлігін қырамын...

Талай малды қырады,

Үлкен тойды қылады: [5, 93-94]

Бұл мысалдардан, біріншіден, қазақтың баланың атын қоюға ерекше мән беріп, оны үлкен мереке ретінде атап, өткендігіне куә болсақ, екіншіден, оның батырлар жырында арнайы айтылғандығына қарағанда, эпоста ситуативті қызметі бар эпизод ретінде бағалауға болады.

Баланың есімін құдайы қонаққа қойдыру сол ғұрыптардың ең негізгілерінің бірі болып табылады. Қонақтың ең жақсы қасиеттерін алады деп сенген. Қазақтардың санасында есім адамның өмірінде үлкен рөл ойнайды. Ол кейбір жағдайларда адамның қоғамдық дәрежесін білдіреді, тегінің қадір-қасиетін, тамырының тереңдігінен хабар берген, болашақ өмір жолында түрлі кесір, кедергілерден, бақытсыздықтан сақтайды. Осындай сенімдердің негізінде балаға өтірік ат қою дәстүрі қалыптасқан. Бұл жағдайда баланың шын аты ол ер жетіп, мақтауға тұрарлық әрекет жасағанда қойылатын болған.

Халық бала ауру-сырқауға тез бой алдырғыш нәресте жастан өтіп, денсаулығы нығайғаннан кейін, ақыл-есі кіріп, өз тағдырына қарсы тұра аларлық жағдайға жеткеннен соң, болмашыға алданғыш аңғал шақтан өткен кезде ол нағыз атқа лайықты болған деп есептеген.

Бұл жөнінде Ш. Ибраевтың келесідей тұжырымы бар: «Қаһарманға ат қою ежелгі салт бойынша үлкен оқиғамен байланысты. Көне эпостарда кейіпкер өсе келе алғашқы ерлік жасағаннан кейін ғана оған рудың ақсақалдары, я болмаса желеп-жебеуші пірлері ат қойған» [6, 88].

Мысалы, Дерсе ханның ұлына атты 15 жасқа толғанда, бұқаны жеңгенде Қорқыт қояды: *«Байындыр ханның ақ алаңында бұл ұлың тайсалмайды, бұқа өлтірді. Балаңның аты Бұқаш болсын, атын мен бердім, жасын Алла берсін»* деген екен. Дерсе хан Қорқытқа шын атты 15 жасында ең алғаш ерлік әрекет жасағанда ғана береді.

Қазақтар адамның аты оның тағдырына тікелей әсер етеді деп білген. Түрікмен шежіресінде халықтың қалауымен ақылгөй шаман Қорқыт баланы Тұманхан деген бақытты есіммен атағандығы айтылады. В.М. Жирмунский ат қоюдың бұл түрін «Қорқыт ата кітабының» елеулі ерекшелігі деп айтқан: «Обряд сопровождается пиршеством и благословением, в котором вещий Коркут предрекает славу молодого героя. Существенной особенностью «Китаби Коркут» является указание на обычай Огузов наречения или

перемены имени при наступлении гражданского совершеннолетия (после первого воинского подвига). Сондай-ақ, «Алпамыс батырдың» қоңырат нұсқасындағы ат қоюға байланысты мұндай ерекшелікке де түсінік береді: «Такою же перемену имени сохранила кунгратская версия «Алпамыша»: Хаким (таково в этой версии мусульманское имя богатыря, нареченное ему при рождении) после первого подвига получает богатырское прозвище Алпамыш (т.е. алп Мамыш)» [7, 177]

Қазақтар балаға халықтың жадында қалған көрнекті адамдардың есімін беруді дәстүрге айналдырған, қашанда сол адамдардың желеп-жебеуімен өссін, атына лайықты болуға талпынсын деп сенім артқан. Адамның есімі ерекше күшке ие деп есептеген, себебі есімі берілген адамның барлық жақсы қасиеттері балаға беріледі деп ұғынылған.

Балаға ат қоюдың тағы да бір кең тараған түрі аспан шырақтарының, жануарлардың, құстардың және т.б. атауларын негізге алып ат қою болып табылады. Қазақ есімдерінің барлығы дерлік этимологиялық жағынан табиғат құбылыстарымен, мінез-құлық ерекшеліктерімен байланысты болып келеді. Олардың жиі ұшырасатындары – Арыстан, Айсұлу, Бөрі, Қарлығаш және т.б. Сондай-ақ, қазақтар үлкен тілек, қалаумен балаға Өмірзақ сияқты есімдер де берген.

Эпостарда батырлардың есімдері қоршаған табиғат ортасымен байланысты қойылатын жағдайларды кездестіреміз. Бұл оларды Туған жермен табыстырудың бір амалы деп білеміз. Басты кейіпкердің есімінің этимологиясын анықтау өте күрделі. Қазақ тілінде Қаблан деген ұғым бар. Ол мысық тұқымдастар отрядына жататын ірі жануар болып табылады. Алайда ол Қобыланды сөзімен морфологиялық жағынан айырмашылығы бар. Сондықтан да ол екі сөзді бұлтарыссыз бір-бірімен пара-пар десек қате болар еді. Алайда «Қобыланды» есімі анасының қаблан етіне жерік болғандығына байланысты қойылған деген тұжырымдар бар.

«Манашұлы Тұяқбайда» Манашы мырза жау ындыстың қолынан қаза тапқанда әйелі жүкті болып қалып қояды. Артында қалған басқа ұрпағы болмағандықтан, әйелі босанғанда: «Батырдан қалған тұяқ», - деп, Тұяқбай атын қойдырды [5, 193] деп жырланады. Яғни, Манашы батыр өліп кеткеннен кейін ұрпағын жалғастырар жалғыз бала екендігін білдіріп, енді жырдың алдағы оқиғаларында сол баланың ерлік істері көрініп, әкесінің, елінің кегін қайтаратындығынан хабар беріп тұр.

Баланың атын кім қойғанына қатысты, сыйлы қонаққа қойдыру дәстүрі де бар екендігін білеміз. Бұл дәстүрдің де жырларда ұшырасуы кездейсоқ емес. «Ер Сайын» жырындағы баласының түсінде қойылған атын дәл тауып айтуды ел арасында беделі бар билерге сеніп тапсыруы соның айғағы. Төрде отырған билерден Бозмұнай өтіл сұрады: «Осы отырған бекзаттар! Бұған жетсін ойыңыз! Мынау тұрған баланың Атын тауып қойыңыз!» [5, 94].

Баланың атын қоюға байланысты салт-дәстүрлердің ішінде есімді кездейсоқ өтіп бара жатқан адамнан сұрауға да болатын болған. Бұл жағдайда баланың есімін тағдыр өзі таңдады деп есептелінген. Көп жағдайларда баланың шілдеханасына келген ақсақалдар қоятын болған. Бұл «Манас» жырында айқын суреттеледі: *«Жақып әр рудың басшыларын, жақындарын, ақылды ақсақалдарын арнайы той соңына алып қалып, әрбіріне тон жауып, баланы оң етегіне салып, бәйбішесін жанына ертіп ортаға шықты. – Айналайын ағайын тугандарым, Тәңірім берген ұлыма ат қойып беріңдер, - деп Жақып тізерлеп отырып, ақ ниетпен сұрады». Сол уақытта бір ақ сақалды дуана шал кіріп келіп: - Айтуды менікі, сөз Тәңірдікі. Баланың аты Манас болсын. Бар баладан мерейі үстем болсын, - деді көзінде оты бар әулие қолындағы асасын селкілдетіп. Манас оқ өтпейтін тонды бол! Жебе жетпеген атты бол! Қызыққанға қырғын сал, белсеніскен жау болса, белін бүктеп өшіңді ал! Ұстасқан адам оңбасын, дұшпаның аман калмасын. Жалғыз басты көкжалым өзіңе тете қырық жолдасың болсын!* [8, 33-34].

Батырлық жырлардың көлемді де, көркем үлгісі қырғыздың «Манасында» аталмыш дәстүр анық көрініс берген. Яғни, баласының атын қоюды арнайы той жасап, ел арасындағы беделді адамдарға ғана сеніп тапсырады. Алайда ерекше жаратылған болашақ батырдың

атын аузы дуалы ақсақал, беделді би, төрелердің қоюын да азсынып, Тәңірі атынан келген әулие адамның қойып, бата беруін лайық көрген сияқты.

Бұл жағдайда баланың ата-анасының құқығы қандай болды? Бұл жөнінде В.М.Жирмунский былай деген: «В сравнительно редких случаях имя богатыря нарекают отец, мать или старший родственник (дядя), в соответствии с реальной бытовой практикой более позднего времени» [7,183].

Қазақта ата-аналар тек тілектерін ғана білдіре алуы бүгінге күнде де бой көрсетіп қалады. «Алпамыс батыр» эпосында мынадай жағдай кездеседі. Алпамыс халыққа егер де бала туылса, атын Жәдігер қойсын деген тілек білдіреді. Бұл өтініш Алпамыс батырдың болашақ балаларына арналған. Батыр жорыққа аттанарда әйелдері мен балаларын халыққа аманаттайды. Шынайы өмірде де солай болған сияқты. Ата-аналар өз балаларының есімін қоюға құқығы болмаған, алайда өз пікірлерін қосуға мүмкіндіктері болған.

Жоғарыда баланың атын қоюға байланысты қаһармандық жырлармен ұқсастығы бар ертегілер мысалға келтірілсе, келесі үзінділерден көбінесе ертегілерге тән болып келетін жағдайларды көреміз.

«Жарты Төстік» ертегісінде кемпірдің сүр етке жерік болып, жарты төстің етін жеп жерігін қандыруына байланысты есімін Жарты Төстік қояды. Ал «Нан батырда» әбден баласыздықтың зары өткен Тоқтыбай мерген күндердің күнінде әйеліне қатты ашуланып, менің аң аулауға кеткен ұзақ сапарымнан оралғанша бір ұл бала тап деп алыс сапарға аттанып кеттетіндігі айтылады. Шарасы қалмаған кемпір қатты қайғыланады, бір күні нан пісіріп жүріп қамырдан баланың бейнесін сомдайды. Шаңырақтарына бақыт құсы келіп қонып, олардың кемпірдің балалы болғандығын хабарлайды. Яғни, қамырдан жасаған бала бейнесі адам кейпіне ауысып, шынға айналады. Ал есімі наннан пайда болуына байланысты «Нан батыр» деп қойылады [9, 68].

Тотем-баба болып көпшілік жағдайда күшті хайуан, сұлу аң, ерекше жануарлар саналған. Негізінде, ру-тайпаның мекен еткен жерінде болатын аңдар мен жәндіктер. Міне, осындай күшті де қаһарлы, ақылды да айлалы, сұлу да әсем бабамен араласу арқылы әйел екіқабат болады деп сенген ертедегі адамдар осыған сәйкес фольклорлық мотив те туғызған. Мотив тотем – бабаның етінен дәм тату, әйтпесе оны жалау, не болмаса оны көру түрінде болып келген [10, 534-535].

«Ер Төстік» ертегісінде кемпірдің шаңырақтан түскен төстікті жеп екіқабат болатындығын білеміз. Біртіндеп матриархаттың ыдырау заманында енді бала әйелдің тотеммен жақындасуынан пайда болған деген түсінік қалыптасады. Яғни, әйел тотем-бабаның әсерімен, оның тікелей араласуының нәтижесінде немесе тотем болған нәрсенің етін жеп барып жүкті болады деп ойлаған (Ол кезде әлі де болса еркектің рөлін толық түсінбеген) [11, 418].

Ертегінің басталуындағы Төстіктің дүниеге келуі де осындай ұғымның нәтижесінен деп шамалаймыз. Сондай-ақ, «Әлібек батыр», «Итыгиль» ертегілерінде де кейіпкердің анасы белгілі бір тағамды жегеннен кейін жүкті болады [12, 142].

«Көкжан батыр мен айдаһар» ертегісінде: *«Ертеде бір ханның үш қызы болыпты. Ең үлкен қызын ұзатқаннан кейін: хан қолында қалған кенже қызын күйеуге беріп, ойын-тойын жасайды. Тойға қол астындағы бір кемпір мен шалды шақыртады. Кемпір үйде қалып, шал жалғыз өзі тойға кетеді. Бұл шал мен кемпір де ұлға зар екен. Құдайдан жылап күні-түні бала сұрайды екен. Шалы кеткен соң кемпір қалың ойға батып жатып ұйықтап кетеді. Ұйықтап жатып ғажайып түс көреді. Түсінде ұзын бойлы қара кісі келіп аян береді. «Мен саған сегіз қарбыз, бір қауын беремін, тоғыз балаң болады. Қауыннан туған кенже балаңның атын Көкжан батыр қой», - дейді»* [13, 39]. Бұл жерде де қауын, қарбызға ерекше қасиет дарыту байқалады.

Қаһармандық эпостарда көбінесе батырдың есімі дүниеге келгеннен кейін қойылады. Ол эпостың ішкі шарттарымен байланысты құбылыс. Ал жалпы түркі тілдес халықтардың эпостарында басты кейіпкердің есімінің қойылуы алуан түрлі болып келетіндігі мәлім. Яғни, қаһарманның есімі бірде алдын ала болжанып, бал ашу арқылы қойылады; батырдың

жақындары түс көріп, аян берілу арқылы есім беріледі; батырдың өзіне есім беру арқылы қойылады; баланың дүниеге келу құрметіне жасалатын тойдан кейін бір ақсақалдың тарапынан ат қойылады; батыр ер жете келе алғашқы ерлік істерін жасағаннан кейін қойылады; батырдың жақындарының бірінің ерекше сипатына байланысты қойылады т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Батырлар жыры. 1 - том. – Алматы: «Жазушы», 2006. – 256 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. - Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 812 б.
3. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық / ҚазССР Ғылым акад. М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер ин - ты. - Алматы: «Жазушы», 1986. Ертегілер. Жауапты шығарушы А.Айдашев. – 1986. - 304 б.
4. Батырлар жыры. Т.2. — Алматы: ҚазМемкөркемәдеббас, 1961. (Қаз. ССР Ғылым Акад. М.О. Әуезов атындағы әдебиет өнер, ин-ты). Құрастырғандар: филология ғылымының кандидаттары М.Г. Ғұмарова, О.А. Нұрмағамбетова, Б. Уахатов. - 408-б.
5. Батырлар жыры. 2 - том. – Алматы: «Жазушы», 2006. – 280 б.
6. Түркі халықтарының фольклоры. Ибраев Ш., Бахадырова С., Рахымов Б. - Көкшетау, 2009. – 432 б.
7. Жирмунский В.М. Сказание об Алпамыше и богатырская сказка. Издательство восточной литературы. – Москва, 1960. – 169 с.
8. Манас: (Елдік пен ерлік эпосы) Қырғыз тілінен ауд. М. Шаханов, Р. Отарбаев. — Алматы: Жазушы, 1995. – 264 б.
9. Қазақ ертегілерінің антологиясы. Мектеп оқушыларына арналған батырлар туралы ертегілер. — Алматы. «Аруна», 2003. – 92 б.
10. Веселовский А.Н. Историческая поэтика. - Л., 1940. с. 534-535.
11. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. - Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
12. Ер Төстік. Қазақ ертегілері. - 1957. т. 1. Әлібек батыр, - Орталық кітапхананың қолжазба қоры, п. 142
13. Қазақ ертегілері. Батырлық, тапқырлық жайлы ертегілер. – Алматы: «Жазушы», 2000. - Т.2. – 272 б.

Сүлейменова А.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ
«Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі» мамандығының 2 курс студенті.
Ғылыми жетекшісі: Атаханова Н.А.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ БАҒЫТЫ

Бір ғасырда біртуар перзент болады. Ес білгелі танып, біліп оқитын Ахмет Байтұрсынұлы жайлы осы күнге дейін біршама деректерді білеміз. Оның өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны мен біркелкілігі, жинақтылығы мен жеңілдігі жағынан қазақ әдебиетінде алдыңғы қатардан орын алады. Сонымен қоса ұлы ағартушымыз жайлы замандастары да өз ойларын жазып кеткен. Сәкен Сейфуллин ақын жайлы: «Өзге қорлыққа қарамастан құлдыққа көніп, патша өкіметіне қарсы тұрып, қазақтың намысын ойлап жаны ашыған адам жалғыз Ахмет еді», - деген екен. Ақынның ойшылдық көзқарасы, суреткерлік бейнесі қазақтың салты, қазақтың қалпында жақсы бейнелене көрсетілген. Сол кездегі қазақ елінің жағдайы мен қазіргі жағдайды салыстырсақ үлкен өзгеріс бары сөзсіз. Ал сол өзгерістің бірден бір себепкері бола білген адам ол – Ахмет Байтұрсынұлы.

Қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы ғалым, Ыбырай Алтынсариннан кейінгі еңбегі ерекше ағартушы-педагог, сөз құдіретін танытқан тамаша ақын, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен талантты публицист, туған халқының рухани дүниесін көтеруге көп күш жұмсаған, мәдениет қайраткері, жас кеңес үкіметіне адал қызмет еткен ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы 1873 жылы 28 қаңтарда сол кездегі Торғай уезіне қарасты Тосын болысының 5-ші ауылында, Сарытүбек деген жерде (қазіргі Қостанай облысы, Торғай ауданы, кешегі күнге дейін Южный деп аталған, ал бүгінгі күні Ахмет Байтұрсынұлы атындағы совхоз орналасқан жерде) дүниеге келген [1, 8].

Әдебиет зерттеушісі Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтау жасаған. Әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған Ахмет Байтұрсынұлының жекелей ғалымдығына келсек, ірі лингвист, осы күнгі қазақ тіліндегі барлық терминдердің атауы қазақ тілінде Ахаң аударған терминдер, біз сол

атаулармен атаудамыз. Әдебиет зерттеушісі, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы, біздің дәуірдегі қоғам қайраткері, болашақ халқының қамын – «бітпейтін жүрегімде бар бір жара» деп, өмір бойы ойлап, ақырғы демі біткенше халқы үшін еңбек еткен алып тұлға.

Бала кезінде әкеден, ағадан тірідей айрылып, жауыз патша жендеттерінің қолынан қаза тапқан қадірлі адамдарының жазықсыз жандарды қорғаймын деп, халқы үшін өмірлерін қиған ардақты екі азаматтың опат болғаны жас Ахмет жүрегіне жазылмас жара салған еді. Жас сәбидің жүрегі сол жылдарда-ақ патша заманының зұлымдығына мұз болып қатып, жүрегіне жара болып жабысқан еді.

Алғаш-ақ қазақтың еркін жайлаған жерін таптап, ғасырлар бойы мекендеген жерін алып, орыс переселендеріне беріп, халқын қараңғыда ұстап, езіп-жаншып отырғанын ең алғаш көрген де Ахаң еді.

Әдебиеттану саласында Абай шығармаларының халықтық сипаты, түрлі жанрлары, поэтикалық ерекшеліктері, текстологиясы, жаңашылдығы тарау-тарау, сала-сала сараланып талданады. Алаш зиялылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ілияс Жансүгіров тұғырын тұрғызып дәстүр бастаған абайтану ғылымы бір ғасырдың ішінде қанатын кеңге жайыптереңдеп кетті [2, 48].

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында мысал жанрының қазақ әдебиетінде кең орын алуына Абай, Ыбырай, А. Байтұрсынұлы, С. Көбеев, Б. Өтетілеуов, А. Құрманбаев, т.б. ақын жазушылар айтулы үлес қосты [3, 31].

Қазақ әдебиетінің шығыс әдебиеті әлемімен байланысы ұзақ ғасырларға кеткен, өзара рухани жағынан да тақырыптық-мазмұндық тереңдігімен де ұштасып жатқан әдеби даму заңдылығының жемісі. Ол жөнінде қазақ ғалымдарының еңбектерінде жазылып, зерттеліп келеді. Шоқан Уәлихановтың, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезовтің, Шәмшиябану Сәтпаева, т.б. еңбектерінде бұл шығармашылық рухани байланыстың ерекшеліктері мен көріністері, негізгі заңдылықтары мен сипаттары жан-жақты жазылды. Әсіресе, «кітаби ақындар» аталып жүрген ақындардың туындылары, діни қиссашылдар мектебі, нәзирашылық дәстүр жөніндегі талдаулар көп мәселенің ғылыми байыбын ашып көрсетеді.

Сан салалы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы – дүниедегі өмірдің өзіндей байтақ, мынау жарық дүниенің даласындай дархан ғажайып тұлға, халқымның маңдайына біткен абзал азаматы, асқар таудай арысы, өмір жолы мәңгілікпен астасып, ғасырлардан ғасырларға ұласып, сан ұрпағымыздың елдік мектебіне айналған асыл ардагер азаматы.

Өткірсің наркескеннің алмасындай,

Жүйріксің полный ходтың арбасындай..

Сен сұңқар, көңілі соқыр сенімен қас,

Өзінің болмады деп қарғасындай, - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров ақынның ерекше қасиетін жырлап кеткен.

...Ахмет Байтұрсынұлы – қарапайым адам емес, оқу оқыған көзі ашық адам. Оқығандардың арасынан шыққан өз заманында патшаның арам құлықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, ұлттық дауысын шығарған адам... Қалың қазақтың ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді» - дейді Сәкен Сейфуллин («Еңбекші қазақ» газеті, 30.01.1923ж)

А.Байтұрсынұлының лирикалық кейіпкері шындықты айтады, ол –білімге, жігерлікке ұмтылған намысшыл ел қорғаны. Бұл өлеңдерге дейін елін сынап отыру, оның кейбір кемшіліктерімен күресу, елі үшін күнірену, Дулат, Шортанбай, Махамбет, Шернияздың өлеңдерінде кездескенімен, еліне қамқоршы бола білу, өзін елі үшін жауапты санау Абайдың ғана өлеңдерінде айқындалған эстетикалық жай еді.

Асылы, жиырма екі жастағы мұғалім Ахмет Байтұрсынұлының бар мақсаты – қалың ұйқыдағы халқын ояту, сөйтіп азаттық пен теңдік жолындағы әуре-сарсаңы, қуғын-сүргіні жетіп артылатын, қилы кезең сапарында мүмкіндігі жеткенше көшбастар серкесі болу! Оның үстіне қазақ даласындағы Ыбырай Алтынсариннің мектебіндегі қоңыраудан тәрбие алған, халық ауыз әдебиетінің небір үлгілерінен, Абай поэзиясынан талай-талай нәрселерді

зердесіне түйген адамның ұстаздық жолды таңдап алмауы мүлде мүмкін емес болатын. Бұған қоса өз дәуірінің, яғни XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басындағы Россиядағы әралуан әлеуметтік толқулардың, партиялардың таптық-топтық жіктелулердің замана лебіне сәйкес іс-әрекеттерін көзімен көру оның ағартушылық, демократиялық көзқарастарының қалыптасуына айрықша ықпал еткені сөзсіз. Сондықтан шығар Ахмет Байтұрсынұлы мұғалімдік сара жолында - үгіт-насихаттың пәрменді құралы ретінде баспасөз бен әдебиеттің атқаратын рөлін мейлінше зор көрегендікпен терең сезінген, ерте сезінген. Оның алғашқы мақаласының 1895 жылы жарық көріп, оның "Казахские приметы и пословицы" деп аталуының, орыс тілінде жазылуының өзі көп нәрсені аңғартады [4, 11].

Әдебиетті молдалар дін бесігіне бөлеп, танып тастаған себепті әдебиет көпке дейін өңдеп өсе алмай, мешел болып, аяғын баса алмай жатқан, сол күйінде тұрғанда орыс үкіметінің саясаты келіп килігеді.

Жазба әдебиеті екі дәуірге бөлінеді: 1. Діндар – дәуір, 2. Ділмар дәуір. Діндар – діншіл деген мағынада, ал ділмар – тілшең деген мағынадағы сөздер.

Жазу әдебиеті деген жазылған шығармаларды айтады және жазу әдебиеті 3 түрге бөлінеді:

- Ертең (әңгіме)
- Толғау
- Айтыс-тартыс

Жазу әдебиетінің ертең түріне кіретін сөздері – ауыз ертең, ертең жыр, тарихи жыр, мысалдар сияқты сөздер. Толғау тобына кіретін ауыз толғау, жоқтау сияқты көңіл-күйінен шығатын сөздер. Айтыс-тартыс тобына кіретін сөздер түрі ауыз әдебиетте жоқ; ашып айтқанда, ауыз әдебиетте айтыс-тартыс түріндегі шығармалар жалғыз қазаққа ғана емес, басқа жұрттардың да ауыз әдебиетінде болмаған, айтыс-тартыс түрдегі шығармалар өте шеберлікті керек қылғандықтан, өнер күшейген кезде шыққан [1, 163].

Жазылған шығармалар қазаққа жазу тарай бастағаннан бері қарай шыққан сөздер. Қазаққа жазу дінмен бірге келген. Қазақ ішінде молдалық қылып дін үйретушілер, бала оқытушы қожалар, ноғай молдалар болған себепті жазба сөзді шығарушылар да бастапқы уақытта солар болған.

Діндар жағының басымдығымен айтылатын түрлері: қисса, хикаят, насихат, мысал, кінәжат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме. Бұлардың әрқайсысына қысқаша сипаттама беріп өтсе:

Қисса – өлеңмен жазылған, көбінесе діндар әңгімелер. Бұл әңгімелер қазақ тұрмысынан сөздер емес, басқа жұрттардың ертеңтері. Насихат дегеніміз-ақыл, үгіт мағынасындағы сөз, діндар дәуірдегі үгіт өлеңді насихаттаушылар насихат деп атаған.

Діндар дәуірдің айтыс өлеңдері де дін әсерінің күштілігін көрсетеді: ақындар айтысқанда бірін-бірі сүрінту үшін, дінге, шариғатқа теріс ғамалдарын көрсетіп сүрінтуге тырысады. Шариғатқа теріс істерін мін қылып мүдіртпек болады.

Ақындардың толғауларында да діндар дәуірдің жырларында да дін әсері бар. Ғашықтық толғауларда мұсылмандық, кәпірлік, шариғат сияқты нәрселер айтылмағанмен, діндар дәуірдің тіл әсері айқын көрінеді [5, 317].

Ауыз әдебиеті мен діндар дәуір термесі бірдей. Жалғыз-ақ діндар дәуір дін сөзін көбірек қатыстыруымен ерекшеленеді. Мысал үшін діндар әдебиет термесінен қарастырсақ. Шортанбай термелері:

Атамыз Адам Пайғамбар
Топырақтан жаралды.
Мұсылман, кәпір халайық
Сол Адамнан таралды.
Мұсылманға бұйырған
Көкірегіне қадалды.
Ұрлық пенен қарлықтан
Бойынды тартып, тек жүрсен,

Көрмессің деген залалды...

Діндар дәуірдің даттау өлеңінде сөгу, жамандау, айбын, мінін айту болып келеді. Даттау табына бір адамның басындағы мінін айтқан сөз де кіреді, бүтін елдің, халықтың басындағы мінін айтқан сөз де кіреді. Үйіне қондырмаған, қонақасы оңды бермеген сияқты ұсақ себептерден реніш етіп даттаған [1, 171].

Халықтың әдеби мұраларын жинастырып, ел игілігіне айналдыру ісі – XIX-шы ғасырдың екінші жартысында басталған. Қазақтың тұңғыш этнограф-ғалымы Ш.Уәлихановтан бастау алған игі іс қазақ зиялыларының да ұрпақтық парызына айналды. Өз ұлтының мүддесі үшін – ұлттық сана сезімнің дамуындағы әдебиеттің маңызын түсініп, ескі ауыз әдебиетін, әдеби мұрасын жинап, қайта шығаруды олар да қолға алды. А.Байтұрсынұлы да ел аузынан «Ер Сайын» жырын жазып алып, оны Мәскеуде 1923-ші жылы Ұлттар Комиссариаты қарауындағы «Күншығыс» баспасында бастырады. Жинақтың ішкі мұқабасындағы: «... жыршылар айтуынан алып, өңдеп өткеруші» деген қысқаша мәлімет, бұл жұмыстың негізі тереңде жатқанын аңғартқандай [6, 194]

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ елінде жазба әдебиеттің пайда болуын діншіліктің таралуымен сабақтастыра, «қазаққа жазу дінмен келген» дейді. Ғалым алғашқыда дінді насихаттау мақсатында қожа, молдалардан таралған діндар әдебиеттің тіл ұстартуды ойламағандықтан көркемдігі төмен болып, шеберлік жағынан дәстүрлі ел әдебиетінен әлдеқайда қауқарсыз келетіндігін жаза отырып, «қожалардың, молдалардың ішінен Шортанбай, Ақмолла сияқты ақындар шыққаннан кейін жазба сөздер бітегене дәмділенгенін» ескертеді. Бұл ойды еске салғанда, әдебиеттің дамуы жолындағы жеке тұлғалардың ақындық, суреткерлік қуатының айрықша қызмет атқара алатындығын айта отырғанның артықтығы жоқ. Сөз жоқ, Шортанбай, Дулат, Махамбет, Абай сынды дара тұлғалардың дарыны, қабілеті, білімі мен талантты әдебиетті қай жағынан да байытты, түлетіп түрлендірді. Сондай-ақ, кейбір әдеби ағымдар мен мектептер қауым рухымен толық сіңісіп, жарасып кеткенше, толық қалыптасқанша белгілі дәрежеде үйлесімсіздік байқатты. Айталық, діни сарындағы әдебиеттің келуі, дәстүрлі мәдениеттің екінші бір ежелгі желілеріне кедергі келтіріп те жатты. Діндар әдебиет деңдеген тұстарда домбыра тарту, ән салу, өлең айту секілді дәстүрлі ғұрыптық әдебиет пен өнер үлгілерінің өзіне көлеңке түскендей сезілген. Діндарлық сарын әлеуметтік ағымдағы басымдығымен қазақтың әзелден туа бітті зайырлы мәдениетіне тиым салғысы келсе керек. Еркін тынысты қазақ әдеби дәстүрі шарифаттың сондай шідерін үзіп кетіп отырған. Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлы анықтамасына жүгінсек "Жазу әдебиетпен қатар қазақтың ауыз әдебиеті жоғалмастан түгел күйінде сақталған". Түркі даласына Исламның таралуы IX-X ғасырлар шегінен басталғандығын ойға алғанда, қазақ қауымында жазу әдебиеті мен ауыз әдебиетінің қаншама заманалар бойы жарыса үзеңгі қағыстыра өріліп, өрбігенін көзге елестету де қиынға соқпас.

XIX ғ. екінші жартысында өмір сүрген қазақ ағартушы-демократтары Шоқан, Ыбырай, Абай, онан кейінгі қазақ зиялылары: Шәкәрім, Ш. Бөкеев, С. Торайғыров, М. Сералин, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, М.Ж. Көпеев, М. Қалтаев, Ә. Тәңірбергенов, К. Жанатаев т.б. еңбектерінен оқу-ағарту, өнер-білім, адамгершілік, ар-ұждан, борыш, парыз мәселелерінің ғылыми – философиялық тұрғыда тереңірек қарастырылғанын көреміз.

Жалпы мақаланы қорытындылай келе, Көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәндерін анықтау жолында ұлттық әдеби теориялық ой-пікірлерді ғылыми бір жүйеге салған, әдебиет теориясында ұлттық сипат дарытуда терминдердің қазақша мағынасын ашқаны ол ақынның үлкен еңбегінің жемісі. Иә, ұлт ұстазы түрлеген ана тіліміз бен оның еліне қалдырған асыл мұрасына мұқият үңілген сайын тағы да байып, түрлене түсетіндігіне еш күмәніміз жоқ. Ахмет Байтұрсынұлының әрбір еңбегі халықтың асыл мұрасы, әрбір жазған шығармасы елдің ертеңі. Ендеше, «Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса» деп өзі айтқандай, оның әрбір туындысын бойымызда берік сақтап, жас ұрпаққа үйреткенде ғана еліміздің ертеңі жарық болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. - Алматы: «Жібек жолы», 2002. – 208 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 5-том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006. – 555 б.
3. «Жазған сөз жаным ашып алашыма...» /А.С. Ісімақова. – Алматы: «Елтаным», 2015. – 304 б.
4. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Оқу құралы. – Алматы: «Ел – шежіре», – 2013. Т. I: – 384 б.
5. Имаханбетова Р.С. ҒАСЫР САҢЛАҒЫ: Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). Монография. – Астана: «Педагогика ПРЕСС», 2010.– 304 б. Мұрағаттық суреттер, деректі құжаттардың ксеросканерлі көшірмелері.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 4-том. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 438-б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Дәулетбекова Ж.

педагогика ғылымдарының докторы,
ҚБТУ профессоры

ҰЛТТЫҚ ТІЛДІ ОҚЫТУ ТҰҒЫРНАМАСЫ: АБАЙ МЕН АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ИДЕЯЛАРЫНДАҒЫ ҮНДЕСІМ

Кез келген өнер түрін танудың, оны кейінгі ұрпаққа танытудың, таратудың жолына қатысты тұғырнамалық негіздерді зерделегенде, оны жаңа деңгейге көтерген хас шеберлердің шығармаларына назар аудару ләзім. Өйткені сол өнерді өз өмірінің мәніне айналдырған Тұлғалар ғана оның өзгелер тани бермейтін нәзік иірімдерін, ерекше табиғатын бүкіл болмысымен сезінеді. Сол сезім тербеген сана тұңғиығындағы тебіреністен түйдек-түйдек ой төгіліп, тұғырлы тұжырымдар туады. Сондықтан ұлттық тілді оқытудың тұғырнамасын тану үшін қазақ топырағындағы қос Алыптың: қазақ сөз өнерінің шырқау шыңына көтерілген Абай Құнанбайұлы мен сөзді өнер түрінде оқытудың сара жолын негіздеген Ахмет Байтұрсынұлының ойларындағы үндесімге назар аудару қажет деп санадық. Өйткені ол кісілер ұлттық тілдің қайталамасы жоқ қасиетін, даралығын, даналығын айқын аңғарған, асқан тереңдікпен түйсінген, сарабалдықпен саралаған. Сондықтан заманауи білім беру жүйесін, оның ішінде ұлттық тілді оқытуды жетілдірудің өзекті мәселелерін шешуде Абай мен Ахмет еңбектеріндегі ой үндесіміне, пайымдамаларындағы ортақ негіздерге мән бере қарау жаңа бағыттарды айқындауға мүмкіндік берері сөзсіз.

Тіл – әр халықтың өзіне ғана тән ұлттық санасы арқылы қалыптасатын дара дүниетанымының, ұлттық болмысы менділінің, ұлттық таным тамырынан нәрленіп, ұлттық код арқылы бекітін мәдени иммунитетінің әрі қайнары, әрі құралы, әрі әлемде басқа баламасы жоқ асыл тіні. Өкінішке орай, білім беру жүйесінің ешбір сатысында тілдің осы ең басты қызметі мен маңызынтаныта оқытуға мән берілмей келеді. Оның айқын дәлелі – бүгінгі таңда мектеп қабырғасындағы білім алушылардың ғана емес, тіл пәнінен сабақ беретін мамандардың өзі де тілдің жеке адам тағдырындағы, ұлттың сақталуындағы, мемлекеттің өркендеуіндегі рөлін дөп басып айта алмайтыны. «Тіл – қарым-қатынас құралы», «тіл – ойды жеткізудің құралы» дегеннен арыға бара алмайтынына, осы байламның астарындағы ойдың өзін де дәйектеп жеткізе алмайтынына куә болып жүргеніміз жасырын емес. Себебі мектепте де, жоғары оқу орындарында да тіл туралы білім берілгенмен, тіл туралы дүниетаным қалыптастыру назардан тыс қалып келеді. Ал, тіл туралы нақты дүниетаным қалыптаспаған жерде жаттап алған білім далаға кетеді, аздан соң ұмытылады. Сондықтан заманауи білім беру жүйесінде тілді оқытудың тұғырнамалық негіздерін айқындауда, ең алдымен, Абай, Ахмет сынды ғұламалардың Адам жаратылысындағы Тілдің маңызы туралы тұжырымдарын басшылыққа алған абзал. Себебі Абай білім мен ғылымның пайдасын терең зерделесе, Ахмет, Әбіш Кекілбаев айтқандай, сол ғылымды меңгертуде «ешқандай атланттардың иығына шықпай-ақ, бұрынғылардың көздеріне іліге қоймаған соны көкжиектерге көз жеткізе білген, көрген».

Сонымен, тілді оқытудағы негізгі тұғырнамалық бағыт – Тілдің адамзатқа берілген ең ұлы мүмкіндік екенін таныту. Ұлы Абай 27-қарасөзінде: «Адам баласы – Алланың ерекше махаббатпен жаратқан сұлтан болмысты туындысы. Ғажайып ақылды ғажайыппен жасаған денеге кіргізіп, мұнша салихат иесі қылғаны хикметпенен сұлтан қылғаны емес пе?» дей отырып, Жаратушының сол ғажайып ақылды жетілдіретін, сұлтан болмысын сақтауға қажетті және бір дүниені нығмет еткенін айтады [1, 169-б.]. Ол ерекше сый, айрықша қабілет – Тіл деп көрсетеді. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры» дей отырып, Абай тұжырымының мәнін одан әрі аша түседі. Шындығында, тіл – Жаратушының адамзат баласына берген екі ұлы мүмкіндігінің бірі болғандықтан, оған дегеншексіз

махаббатының дәлелі. Ол мүмкіндіктің бірі Уақыт, яғни адам өмірі болса, екіншісі – сол өмірге мән дарытатын тіл. Адамға берілген тіл – оның өз жаратылысына лайық өмір сүруінің бірден-бір көрсеткіші, өз тағдырын өзі қалағандай өзгерте алуының кепілі, өзі армандаған Бақыт пен Баққа қол жеткізуінің құралы. Әрине, бүгінгі «зайырлы қоғам» деп аталып жүрген тексіздік пен дінсіздік өріс алып отырған ортада оқу үдерісіне Ұлы Абайдың осы сөзін сол қалпында енгізе салу шалағай шешім болар еді. Әйтсе де, мектеп оқулықтарында баланың тілге деген құндылықтық қатынасын қалыптастыратын тетіктерді жетілдіруде бұл қағиданы ескеру шарт. Оның үстіне тілдің адам тағдырымен байланысын таныта оқыту – қазіргі антропоэзеттік парадигмаға негізделген заманауи лингвистика ғылымының «тіл - субъективтік құрылым» қағидасымен толық сәйкес келеді. Ал, білімнің өзіне өзек етіп алынатын ғылымның дамуымен бірлікте жүруі – оқыту жүйесін жетілдірудегі басты фактордың бірі.

Хәкім мен Ғалым жасаған жоғарыдағы өзара өзектес екібайламның бүгінгі таңда тілді оқытуға қатысы сол: бала тілдің өзі үшін, өзінің өмірі үшін қандай мәнге ие екенін ес тоқтата бастаған жасөспірім шағынан, негізгі мектептен-ақ сезініп, түсіне білуі керек. Негізгі мектептен деуіміздің мәні – осы кезеңнен бастап оқушылар тілді ғылыми тұрғыдан тани бастайды. Тек осы орайда ескеретін мәселе: ғылымның алғашқы әліппесінен бастап жоғары сыныптағы теориялық ұғымдарды меңгертуге дейінгі оқыту жүйесінде баланың тіл туралы дүниетанымы мен тілді жұмсау дағдыларын меңгеруін бірге қалыптастырудың бірден-бір тетігі. Сөздің құдіреті мен қуаты, ұлттық таныммен сабақтастығы, ділқалыптастырушылық рөлі туралы баланың жасына лайықталып ұсынылатын ғылыми қағидалар пән бойынша анықталған білім беру міндеттерімен ұштастырылғанда өз әлеуетіне сай қызмет ете бастайды. Әсіресе, бүкіл өнердің алды қызыл тіл деп санаған халықтың ұрпағы үшін мұндай дүниелік білімнің маңызы өте зор. Сондықтан қазақ тілін оқытудың бір тұғырнамалық бағыты ретінде, әсіресе, дәл бүгінгі жаһандану жағдайында ерекше күш алып айбарлана түскен алпауыт елдердің аранына жұтылып кетпеу үшін де тілдің құндылықтық мәнін танытудың, ұлттық тіл мен ұлттық ділдің сабақтастығын ашып түсіндірудің, туған тіл арқылы ішкі рухани қуатты күшейтудің өзектілігі арта түсуде. Ендеше, пән мазмұны грамматиканы жалаң меңгертуге немесе сөйлеуге үйреткеннің жөні осы деп түзілу ұстанымы белгісіз лексикалық тақырыптар бойынша түсінгенін айтса жеткілікті дейтін қарабайырлықтан арылып, балаға пайдалы білім беруді көздей отырып түзілуі тиіс.

Егер тілді адам болмысымен, табиғатымен өзара тұтастықта таныту көзделсе, оның жолы мен жөні қалай тиянақ табуы тиіс? деген сұрақ туындайтыны хақ. Бұл орайда да екі алыптың пікірлеріндегі үйлесім жол көрсетеді. Өзінің 7-қарасөзінде Хәкім Абай: «Дүниенің көрінген хәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмайды... Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық...» деп адам баласының білімі жаттанды нәрселерден емес, сырын таныған дүниеден құралуы тиіс екенін меңзейді [1, 138-б.]. Бұл жерде ғұламаның айтып отырғаны бүгінгі таңда бәріміздің «функционалдық сауаттылық» деп ат қойып, айдар тағып жүрген дүниенің, яғни нендей нәрсе ұсынылса да, соның «сыры» мен мәнін түсініп барып қолданудың амалы деп түсінген ләзім. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы еңбектеріндегі тұғырлы тұжырымдарға осы тұрғыдан талдау жасасақ, оны білім беру ісінде, тілді оқытудың бүкіл жүйесінде қалай жүзеге асырудың бағытын тап басып айтып қана қоймайды, оның айқын жолын өзі негіздеген оқу құралдарының мақсатымен сабақтастыра ұсынады екен. Ғалым: «Тіл – құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап, бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады» [2, 203-б.]. Өз заманындағы оқыту талабына сай жүйелеген осы екі кітапта тілді таныту мен сол таныған нәрсесін жұмсауға, қолдануға үйрету міндетінің бір-бірінен бөлінбейтін тұтастығын тереңнен зерделейді. Өз пайымын дәлелдеу үшін ғалым тілді «алып машинаға»

теңейді. Мұғалімнің міндеті оқушыға сол «Тіл» атты алып машинаның әрбір тетігінің «сырын» білгізе отырып, сауатты жұмсауға үйрету екеніне назар аудартады.

Ғалымның жоғарыда айтылған пікіріндегі заманауи білім беру жүйесінде тілді оқытудың екінші бір тұғырнамалық бағытын айқындауға тірек болатын бірегей тұжырымға айрықша көңіл бөлу қажет деп санаймыз. Ол – тілді «тұтас таныту» идеясы. Тілдің әр бөлшегінің адам ойын жеткізудегі рөлі мен қызметі сол «өзі тұрған орнында» дұрыс танытылады. Сондықтан тілді функционалдық тұрғыдан оқытудың бірінші шарты – тіл жүйесін өзінің табиғи қалпында, құрылымдық-деңгейлік жүйесіне негіздей отырып танытудан бастау. Екінші шарты – сол бөлшектік практикалық, қолданымдық қызметіне мән бере оқыту. Бұл байламның ақиқатын Ахмет Байтұрсынұлының: «Сауаттау әдісі дегеніміз – соны білдіруге жұмсалатын түрлі әдістердің шумағы болады» деген сөзі бекіте түседі. Сауаттауға қажетті әдістерді түрлей отырып тетіктерді дұрыс қолдануға үйрету – мұғалімнің міндеті болса, оның екінші жағында оқушының сауаттану әрекеті дегеніміз тіл заңдылықтарын тұтас тани отырып оны өз мақсатына сай жұмсауға үйрену болып шығады. Міне, ғұламаның «оқыту дегеніміз, асылында, оқушыны үйренуге үйрету» деген әйгілі афоризмінің астарындағы сыр да, мән де осыны түйсінгенде ашыла түспек.

Тілді оқытуды жетілдіруге тұғыр болатын қос алыптың келесі кезектегі идеялары осы «үйрету – үйрену» жүйесін жүзеге асырудың амалдарымен ұштастырыла зерделенді. Абай 32-қарасөзінде адам баласының дүние сырын білім-ғылым жолымен тануының аса маңызды екі тетігін дәл айқындайды. Ол: «Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза қылу (ойласу, пікір алысу), екіншісі – берік мұхафаза қылу (сақтау, қорғау). Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды» - дейді. Ал, Ахмет Байтұрсынұлының білім беру жолы қандай болуы керектігін зерделеген еңбектеріндегі ойлардың Абай байламымен тығыз үндесіп жатқаны аңғарылады. Ғалым «Баулу мектебі» деп аталатын шағын ғана мақаласында адамзат тарихындағы оқу жүйесін талдай отырып, оларды төртке жіктейді:

1) тіршілік ісіне үйлеспейтін «Өлі оқу»;

2) нәрсенің, істің затын алмай, атын ғана алып, құр сөз түрінде үйретуден аспайтын «Төте оқу»;

3) тірлікті көрнекі жолмен түсіндіруден аспайтын «Көрнекі оқу».

4) тірлік шарасына үйрететін «Баули оқу». Осылардың ішіндегі озығы да, өз заманындағы ғана емес, жалпы білім беру жүйесінің түпкі мақсатымен қабысатын оқу түрі деп «баули оқытудың» артықшылығын талдайды. Себебі Ұлт ұстазының пайымдауынша, білім – теориялық ұғымдардың я ережелер мен қағидалардың жалаң жиынтығы емес! Білім – адам баласының өмір сүруіне, тіршілік етуіне керекті пайдалы әдіс-амалдар! Оған мына сөзі дәлел: «Пайдалы тәсіл алынып, пайдасыз тәсіл қалынып, тіршілікке керек білімдер атадан балаға, үлкеннен кішіге, нәсілден нәсілге қалып, білім сабасына құйылып отырған. Осы күнгі білім-өнер дегеніміз – адам болғаннан бергі адам баласының тапқан тіршілікке керек әдіс-амалы» [2, 116-б.]. Сөз түйіні: жас ұрпақ та тіршіліктің ісіне керек әдіс, амалды жақсы меңгере білуі қажет. Осындай байламымен ғалым тілді зерттеу мен оқыту ғылымдарын өзара байланыстыратын және білімді жасампаз ететін тетіктерді дәл анықтайды. Біріншісі, жоғарыда айтылғандай, ғылым халықтың білім сабасында жинақталған дүниелерді терең зерделеу жолымен жүйелеп анықтап берсе, екіншісі – сол ғылыми тұжырымдар баланың жасына, қабылдауына лайықталып, оның болашақ тіршілігіне пайдасы тиетіндей амалдар мен тәсілдер түрінде меңгертілуі керек. Тіршілікке пайдасы тиетін білімді бала тәжірибе арқылы өздігінен алу үшін оның өзі әрекеттенуі керектігін және оны қалай баулу керектігін тамаша мысалдармен дәйектейді. Баулу мектеп хақындағы ғалым тұжырымын дұрыс түсіну үшін оның пікірін ұзақтау болса да тұтас күйінде алуды жөн санадық. «Баулу мектепте балалар «баулу» түрде үйретіледі. Қазақ тілінде «баулу» деген сөз үйретудің қай түріне айтылады? Қасқыр күшігін жеуге баулығанда, қорадан қозы ұрлап апарып баулиды. Мысық баласын тышқан ұстауға баулығанда, тышқанды тірілей әкепберіп, қашырып ұстатып, баулиды. Қазақтың ескі жырларынан, ескі сөздерінен батыр болғандарды қалай баулып батырқып

өсіргендерін көреміз, батырлар басқалардың балаларын қалай баулып өсіргенін көреміз. Мәселен, Шыңғыс ханды жасында баулыған Шолақ қол батыр тас атудан бастап, садақ пенқұс атуға дейін баулыған. Адам арқасына мініп қару қылуданбастап, ат арқасында қару қылуға дейін баулыған. О заманда би болғандар би мектебінде баулынған, яғни биге атшы болып, бірге жүріп, бірге тұрып, бітірген істердің ішінде бірге болып, баулынып, би болған.

Үйрету бастапқы кезде қайда да болса, «баулу» түрде болған. Оқу – беріде шыққан үйрету түрі. Баулудан шығып бала үйрету, «оқу түріне түсіп кетуі, оқу түріне түскенде дежалаң оқу түріне түсуі тіршілік түріне қарай болған. Тіршілікке керектің бәрі табиғаттан алынады. Сондықтан үйрету «жалаң оқу» түрге айналуы адамның табиғат тану түріне қарай болған. Табиғаттың күші мен ісін бөлектеп (схоластика), күшін көккешығарып, ісін жерге қалдырып, табиғатты жанынан айырып, өлікке айналдырғанда, үйретудің түрі «жалаң оқыту» сияқтыөлі түрге айналған», - дейді [2, 18-б.]. Ғалымның осы пікірі отандық білім беру жүйесіндегі әлі арыла алмай келе жатқан басты кемшіліктің – таптаурын оқытудың себебін дәл зерделеуге де және сол кемшілікті жою жолын айқындауға да тірек болуымен де құнды. Шын мәнінде, арыға бармай-ақ, еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі жылдар ішіндегі тілді оқыту жүйесіне зер салсақ, ондағы үйрету табиғатынан, шынайы білімнен қашықтаудың себептері ашылады. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында Тәуелсіз ел мектебінің мақсатына лайық қазақ тілін оқыту үдерісін ұйымдастыруда айтарлықтай жаңашылдықтар (оқушыларға әдеби тіл нормалары жүйесі мен сөз мәдениетін өзара сабақтастықта меңгерту мақсаты көзделген болатын) енгізілгенімен, көп ұзамай мектеп түлегінің тілдік білімін қарабайыр тест тапсырмалары түрінде бағалаудың салдарынан мұғалімдер «грамматиканы жаттатып оқытудан» аса алмай қалды. Одан кейінгі 2016 жылдан бастап енгізілген жаңартылған оқу бағдарламасында «грамматиканы жиып қойып», жалаң сөзге үйірлік таныту өріс алды. Екі жағдайда да оқыту жүйесі «өлі білім» деңгейінен көтеріле алмады. Себебі екеуінде де «тіл табиғатының күші мен ісі» екі бөлек қалып қойды. Ғалым ұсынған «Баулумектебіндегі» – ұйым түрінде іс қылып, іс жүзінде білім алып, еңбекті сүйетін шын еңбекші болып, ұшқанда алатын нәрсесіне ұяда баулынған қыран баласы сияқты болып шығуы» қамтамасыз етілмеді. Ащы болса да, ақиқаты осы.

Ендігі сөз ғалым көрсеткен «баулу мектебі» үлгісін алудың Абай айтқан білімді мен ғылымды зорайтатын екі қуатпен: мұлахаза қылу (ойласу, пікір алысу), екіншісі – берік мұхафаза қылумен (сақтау, қорғау) үндесімі неде? деген төңіректе болмақ. Себебі бұл жерде де тілді оқытуды жетілдірудің және бір тұғырнамалық негізі айқындалып тұр. Ол теория мен практиканың: үйретілетін нәрсенің «күші» мен «ісін», «мәнісі» мен «әдісін» тең қамти отырып меңгерту жөніндегі екі Тұлғаның ой үйлесімінен бастау алып жатыр. Тілді оқытуда меңгертілетін білім оқушының тіл туралы танымын кеңейту, қазақ сөзінің мәнін түсіндіру тілдік ережелерді дұрыс қолдану амалдарымен бірге, қатар, тұтастықта үйрету арқылы жүзеге асуы тиіс. Қазақ тілінің өзіндік ерекшелігінтерең түйсінген жағдайда ғана баланың оған деген саналы қатынасы қалыптасады, алған білімін сақтауға, қорғауға ұмтылады. Себебі қандай білім болсын, ол адам дүниетанымымен бірлікте меңгертілгенде ғана жауапкершілікті арттырады. Ол үшін оқыту амалдары өмірлік дағдылармен тығыз сабақтастықта жетілдірілуі шарт. «Бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы» – Жаратушының адам баласына деген шексіз махаббатының белгісі. Олай болса, үлкен өмірге дайындауды мақсат ететін заманауи мектепте Адам баласына тіл табысып, бірігіп еңбек етуге, жұмылып іс істеуге қажетті құрал ретінде берілген сол Тілді қолдануға баулу оның коммуникативтік қызметіне сай жұмсалудымен ұштастырылып, оқыту үдерісінің өзегіне алынуы маңызды. Сондықтан түсінгенін, ойға тоқығанын ойласу, пікірлесу жолымен одан сайын берік ету, бекіту; түсінгенін, ойға тоқығанын іс жүзінде қолданатын өмірлік жағдаяттарды ойластырып, аңдардың баласын өз жемтігін өзі табуға баулығанындай, түрлі қиындықтан өзі жол тауып шығуына үйретуді қиюластыра алу өзектені түсіп отыр. Сонда ғана

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,

Шымырлап бойға жайылған.

Қиуадан шауып,

Қисынын тауып,

Тағыны жетіп қайырған» деп Абай анықтаған Қазақ Сөзінің табиғатын таныту жолымен тілді «ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, ойдың түюін түйгенінше айтуға жарау» міндетіне сай меңгерту жүзеге аспақ. Өйткені «ақылдың аңдауы» қазіргі заманауи білім философиясында жиі айтылып жүрген рационалды интеллектпен, ал қиял мен көңілдің тоғысындағы сөз эмоционалды интеллектпен сабақтасады. Себебі ой мен сезімді жеткізудің құралы бола алуы – адамзат тілінің басты қызметі. Олай болса, «тіл білімі ереже жаттату түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрінде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс» (А. Байтұрсынұлы).

Қорыта айтқанда, жалпы білім беретін мектептердің білім мазмұнын жетілдіру өзекті мәселеге айналып отырған қазіргі таңда қазақ тілін оқытудың тұғырнамалық негіздерін айқындайтын сара жолды іздестіру міндеті қойылды. Көп жылғы ізденіс бұл бағыттағы айқын жолдың ізі өз топырағымызда туған қос алыптың, қазақ сөз өнерінің биігін бағындырған Ұлы Хәкім Абай мен тілді оқыту ғылымының іргетасын ұлттың өз болмысы мен діліне, тілдің табиғи заңдылықтарына сүйеніп қалыптастырған Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінде жатқанын көрсетті. Сондықтан туған тілді жас ұрпаққа меңгертуде ұлылар тұжырымындағы үндесімге назар аудару – парыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том.- Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым», 1977.

2 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы.- 4-т. Әліппелер мен мақалалар жинағы. - Алматы: «Алаш», 2006. - 320 б.

3 Баулу мектебі // А.Байтұрсынұлының алты томдық жинағы. Мақалалар, хаттар, А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. - Алматы: «Ел-шежіре», 2013. -Т. VI: - 384 б. -14-19-бб.

Саткенова Ж.

филология ғылымдарының кандидаты,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы

ТІЛШІ ҒАЛЫМ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК КӨЗҚАРАСТАРЫ

Оқыту үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу арқылы білімдік тұрғыдан жан-жақты қаруланған, өмірлік қажеттіліктерін жүзеге асыра алатын дербес интеллект иесін, әлеуметтік тұлғаны қалыптастыру да келелі мәселелердің бірі. Ол үшін теория мен практиканы ұштастыратын білім беру жүйесін қалыптастыру, қазақ тіл білімінде тілдің өзекті мәселелеріне ерекше назар аударып, оның теориялық және практикалық әдіснамалық негізін орнату маңызды болмақ.

Бүгінгі тіл біліміндегі әдістемелік зерттеулер ғалым А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алары сөзсіз. Қазақ тілінің теориясын түсіндірумен шектеліп қана қоймай, оны тәжірибелік негізде алғаш талдап дәлелдеген қазақ халқының рухани көсемі, тілші-ғалым – А. Байтұрсынұлы. Профессор С. Қалиев: «А. Байтұрсынұлы барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп, ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектебінде, семинарияда бала оқытты, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденгендігін айтады.

Бүгінгі тіл білімінде А. Байтұрсынұлы идеясы негізінде ұлттық білім беру жүйесінің негізі қаланды. Қазақ жазуының реформаторы – А. Байтұрсынұлы ұлттық жазу жүйесін қалыптастырды. А. Байтұрсынұлы жасаған бағдарламалар негізінде оқытудың әдістемелік жүйесі жүзеге асты. Бұл туралы академик Р. Сыздықова: «А. Байтұрсынұлы өзінің алдына жүйелі программа қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақша сауат аштыруды мақсат еткен, бұл

үшін әліппе — «Оқу құралды» жазған; одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап, пән ретінде оқытып үйретуді мақсат еткен, бұл үшін үш бөлімнен тұратын «Тіл жұмсарды» жазған; төртінші — сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншыны» жазған; бесіншіден — балалардың тілін ұстартып, оларды көркем сөзге баулуды көздеген, үлкен хрестоматия (олда «Оқу құралы» деп аталған) құрастырған [1].

Ф. Оразбаеваның «Тілдік қатынас негіздері» [2] деген еңбегінде А. Байтұрсынұлыны тіл біліміндегі көптеген мәселелерді сөз етіп, зерттеу нысанына айналдырғаны және «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл – құрал» сияқты оқулықтарда қолданылатын әдіс-тәсілдердің ерекшелігі өз алдына арнайы қарастыруды қажет ететін өзекті мәселе екендігі айтылған. «Кез келген әдіскер мұғалім тілшінің еңбектерін оқу арқылы тілдік материалдармен танысып қана қоймайды, сонымен қатар оқулықтарда берілген тақырыптарды оқытудың әдістемелерін де үйренеді» деген тұжырымға келеді. Сондықтан әдістемелік оқу құралдарының ерекшелігі – оқытуда едәуір тиімді болатын әдіс-тәсілдерді ұсыну. Бірақ мұндай әдістемелік еңбекті жазу зерттеушінің бойынан теория мен практиканы ұштастырудан бөлек көптеген факторларды назарға алуын көздейді, әсіресе, білімді игеруде үйренушіге неғұрлым тиімді және түсінуіне жеңіл боларлық құралын, кілтін табуда қажырлы еңбек пен ізденісті қажет етеді. А. Байтұрсынұлы қазақ тілін үйретуде әдістеменің қажеттіліктен пайда болатынын ерекше атап көрсеткен. Оған ғалымның мына сөзі дәлел бола алады. Оқыту әдістерінің өзектілігін «әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай» деп көрсетеді. Бүгінгі тілді үйретуде, тілді оқытуда қолданылып жүргін ұстанымдардың, жаңа технология деп ұсынып жүрген тәсілдердің негізі А. Байтұрсынұлы идеясынан бастау алатындығын мойындаған жөн. Педагогика ғылымында кең тараған «Блум таксомониясы» тәсілі Ахмет Байтұрсынұлының тілді үйрету әдістері негізінде пайда болған. А. Байтұрсынұлы «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі:

1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс теп аталады.

2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.

3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады. Блум таксомониясының парадигмасы саналатын «білу – түсіну – қолдану – талдау – жинақтау – бағалау» сияқты 6 ережесі А. Байтұрсынұлының идеясынан бастау алғандығы анық. Ғалым тілді үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді. А. Байтұрсынұлының 3 бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты кітабы қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасынан тұңғыш ғылыми пікір мен тұжырымдарын ұсынған, жаңа терминдік атауларды тіл білімінде қалыптастыруға зор үлес қосқан құнды еңбектердің бірі. Дыбыс, әріп, буыннан бастап, сөз тұлғалары – түбір мен қосымшадан сөз таптарына дейін, синтаксис мәселелерін де қамтып, жіктеп жүйелеп берді.

Тілдік талдауға қатысты әдістемелік оқыту жүйесі тіл біліміндегі алғашқы баспалдақ болып, көптеген зерттеуші-ғалымдардың негізгі сүйенетін объектісіне, құралына айналды. «Тіл – құралда» [3] біріншіден, теориялық мәліметті жан-жақты түсіндіріп, оны практикалық жақтан ұғындыруда «дағдыландыру» сатысында мәтінмен, жаттығулармен жұмысты қамтыса, келесі «сынау» сатысында алынған білімді толық бекіту жұмысы қарастырылған.

«Сынау» деген атау беруде де өзіндік мән-мағына бар. Себебі үйренуші тілдік фактілерді талдау арқылы өзін-өзі сынауға үйренеді. Эмпирикалық білім мазмұнынан рефлексияға дейінгі кезенді қалыптастыру міндеті көзделген. «Рефлексия кезеңі шәкірттердің сезімдері мен ойларының көрініс табуын меңзейді». Бұл – шәкірттің, үйренушінің өздігінен білім алып, ізденіске деген ұмтылысын қалыптастыруға бағытталған бірден-бір шарттарының бірі болып табылады. А. Байтұрсынұлы өз еңбегінде осы мақсатты

көздейді. Ұлты үшін қызмет етуді өмірлік мұрат тұтқан ғалымның еңбектері қазіргі тәуелсіз еліміздің жас ұрпағына ұлттық тәрбие беруде айрықша мән-маңызға ие екені сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. А. Байтұрсынов. – Алматы, 1990
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2005.
3. Байтұрсынов А. Тіл - құрал. – Алматы, 1991.

Қамзаева К.С.

филология ғылымдарының кандидаты
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ доценті

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІН ЖАЗЫЛЫМ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДА ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сөйлем мүшелерін оқытуда жаттығулардың мынадай түрлері қолданылады: *Аспектiлiк жаттығулар* – жаттығудың қолдану мақсатына қарай ерекше типi. Аспектiлiк жаттығуларды орындау барысында оқушылар сөз тiркесiнiң жекелеген құбылыстарын анықтап, соларды тануға, талдауға арнайы түрде жаттығады. *Қостiлдiк жаттығулар* – аударма және екi тiлдiң фактiлерiн салыстыру барысында тiлдi саналы меңгеруге тиiмдi саналатын жаттығулар. *Үй жаттығулары* – сыныпта берiлген сөз тiркесi туралы материалды өз бетiмен талдауға жаттықтыратын, оқушының теориялық ойлауы мен тiлiн дамыту жаттығуы. *Сынып жаттығулары* – мұғалiмнiң басшылығымен сыныпта орындалатын, оқушыны сөз тiркесi туралы жаңа грамматикалық оқу материалын меңгеруге жаттықтыратын, теориялық ойлауы мен тiлдi дамытуға арналған жаттығу. *Коммуникативтiк (қатысым) жаттығулар* – оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын және сөз тiркесi синтаксисiн практикалық тұрғыдан биiк деңгейлерде меңгеруiне жетелейтiн шығармашылық жаттығулар түрi. *Кешендi жаттығулар* – сөз тiркесiнiң жекелеген белгiлерi мен қасиетiн тануда қолданылады, оқушы сөз тiркесiнiң алдыңғыда меңгерген қасиеттерi мен заңдылықтарын қоса қамтып талдау жүргiзетiн жаттығу түрлерi. *Бақылау жаттығулары* – оқушылардың сөз тiркесiнiң жекелеген белгiлерi мен қасиеттерiн, заңдылықтарын қалай меңгергендiгiн, сөз тiркесiн талдау әдiстерiн қолдануға қалай машықтанғанын, сөз тiркесi туралы өз бетiмен iзденiмдiк - зерттеу жұмыстарын қалай жүргiзуге дағдыланғандығын тексеретiн жаттығулар түрi. *Механикалық жаттығулар* – мән-мағынасына терең түсiнiп жатпай жаттауға дағдыландыратын жаттығу, оның маңызы тек оқушының ауызекi сөйлеу ырғағы мен есту қабiлетiнiң дамуында алатын орнына байланысты анықталады. *Бiр тiлдiк жаттығулар* -оқушының ерекше тiлдiк сезiмi мен тiлдiк қабiлетiн дамытуға арналған, ана тiлiнiң фактiлерiне мүлде сүйенбей, интуициясына, ассоциациялау қабiлетiне сүйенетiн жаттығулар. *Жазба жаттығулар* – жазбаша фиксациялау үдерiсi; бақылау ретiнде көру не есту анализаторлары қызмет етедi. Сөз тiркесi синтаксисiн дамыта оқыту барысында оқушының ой операцияларын орындауына жеңiлдiктер берiп, өз бетiмен жұмыс жасауында кең мүмкiндiктер жасайды. *Тiлдiк жаттығулар* – сөз тiркесi бiрлiгiмен жасалатын операциялардан тұратын және соларды орындату арқылы қарапайым (эмпирикалық) дағдылары қалыптастырушы жаттығулар. *Орнына қойғызу (подстановочные) жаттығулары* – оқушылар сөз тiркесiнiң сызбалары мен құрылымдарына қажеттi сөздi қойып, сөз тiркесiн жасайды, дәптерге көшiредi, сөз тiркесiнiң символдық және графикалық модельдерiн қолдануға дағдыланады. *Мәтiндiк жаттығулар (мәтiнге дейiнгi, мәтiндiк, мәтiн соңынан орындалатын)* – фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистiк жаттығулардан өзгешелiгi жекелеген тiл бiрлiктерiн талдауға емес, тұтас мәтiнде сөйлеу қызметiнiң нәтижесi ретiнде қарайтын, сол тұрғыдан талдайтын жаттығулар түрi. *Трансформациялық жаттығулар* – сөз тiркесiнiң бiр құрылымын екiншi құрылымға өзгертуге мүмкiндiктер туғызып, соның нәтижесiнде сөйлеу мақсатына орай сөз тiркесiнiң пардигмасының таңдалу

ерекшелігін түсіндіретін жаттығулар түрі. *Ауызша жаттығулар* – оқушының шапшаңдық және есту анализаторларына сүйенетін, тілдік материалды меңгеру барысында ауызша берілген теория мен тілдік фактілерді қабылдауға дағдыландыратын жаттығулар түрі. *Оқу жаттығулар* – сөз тіркесін меңгеруге бағытталған барлық жаттығулар. *Жаттықтырушы жаттығулар* – оқушыларға сөз тіркесі туралы тілдік материалды меңгеру барысында қалыптасқан машықтары мен дағдылары негізінде қолдануға, сөз тіркесі туралы алған теориялық білімі мен игерген теориялық әдістерін өмірде пайдалана алуға үйрететін жаттығулар.

ЖАТТЫҒУЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Реті	Түрлері	Жаттығулар
1	Мақсатына қарай	<i>Тілдік, сөйлеу, рецептивтік, репродуктивтік, аспектілік, кешенді, оқу, табиғи-коммуникативтік, жаттықтыру, бақылау жаттығулары</i>
2	Оқу материалы табиғатына қарай	<i>Диалогтық тілдегі, монологтық тілдегі жаттығулар</i>
3	Орындалу тәсіліне қарай	<i>Ауызша, жазбаша, бір тілдік, екі тілдік, механикалық, шығармашылық, сыныптық, үйде орындайтын, индивидуалдық, екі-екіден, топтық жаттығулар</i>
4	Сөйлеу қызметі түріне қарай	<i>Айтылым, айту-тыңдау, оқылым, жазылым жаттығулары</i>
5	Сөйлеу формасына қарай	<i>Ауызекі сөйлеу тілі, жазбаша тіл жаттығулары</i>
6	Тілдің аспектілеріне қарай	<i>Фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік</i>

Сөйлем мүшелерін оқыту технологиясының кешенділігі онда өзара тығыз байланысқан элементтер мен бірқатар дидактикалық талаптар мен шарттардың міндетті түрде орындалуын талап ететін - *жаттығулар жүйесі* жасалынды.

Тілдік-лингвистикалық жаттығулар

Жаттығу. Берілген сөйлем мүшелерінің талаптарын анықтап, жақшаны ашып, сөйлем құраңдар. Жақшадан неліктен сол жұрнақты таңдағандарыңды түсіндіріңдер.

1. *Нұр... жүрек... (-лы, -дай, -пен, -сыз, -тің).*

2. *Ақ... бет... (соң, дейін, -шыл, -дау, -тен).*

3. *Кітап... оқ... (-тан, -пен, -сыз, -у, -ған).*

Жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңдер. Жауаптарында берілген тірек сөздерді қолданыңдар.

Жаттығу. Берілген сөйлем мүшелерінің тұрлаулы және тұрлаусызына сұрақ қойыңдар. Екеуінің орнын ауыстырып, сөйлем жасаңдар. Қандай өзгерістер пайда болғанын бақылап, сұрау қойып, тұжырымдарыңды дәптерге жазыңдар.

Жаттығу. Берілген сөйлем мүшелерін тауып, жазыңдар. Олардың мағыналық және тұлғалық айырмашылықтары болса, соларға талдау жасаңдар.

Жаттығу. Берілген сөйлем мүшелеріне байланысты мынадай тапсырмалар орындандар: 1) сөйлем мүшелеріне грамматикалық сипаттама беріңдер; 2) сөйлем мүшелерінің орнын ауыстырыңдар; 3) сөйлем мүшелеріне грамматикалық сипаттама беріңдер; 4) сөйлем мүшелерінің түрлерін салыстыру барысында ерекше көрінетін белгілерін көрсетіңдер.

Жаттығу. Берілген бір топ сөйлем мүшелерін түсініп оқып алыңдар. Осы сөйлем мүшелеріне қандай мәтіннің тақырыбын атар едіңдер?

Жаттығу. Мәтіннен мына модельдердегі сөйлем мүшелерін тауып, оларды бағандап көшіріңдер.

1. *Adj+S;*

2. *S+S*

3. *Num+S*

Жаттығу. Берілген сөйлем мүшелеріндегі басыңқы мүшенің жалғауына формасымен мағынасы бойынша кең түрдегі талдау жасаңдар.

Лингвистикалық эксперимент

Жаттығу. Мәтінді оқып шығып, мазмұнын айтып беріңдер. Осы мәтіннің негізгі ойын беріп тұрған сөйлем мүшелерін тауып, оларды градациялық жолмен орналастырыңдар.
Жаттығу. Сөйлем мүшелері негізінде сөйлем құраңдар.

Үлгі: *терең ой, қысқа ақыл.*

Алтынбай қысқа ақылмен өзіне айтылған терең ойды түсіне қоймады.

Жаттығу. Берілген мәтіннің мазмұнын толық түсініп, оны басқа сөйлемдер арқылы беріп көріңдер. Мәтіннің стилін ауыстыру арқылы сөйлем мүшелерін өзгертуге бола ма?

Жаттығу. Сөйлем мүшелерінің тұрлаулы түрі екендігін дәлелдеңдер. Осы сөйлемнің мағанасын басқа қандай жолмен беруге болады?

Сөйлем мүшелерін зерттеуші ғалымдар оның құрылымын үш түрлі бағытта қарастырады: 1) сөйлем қандай да бір хабардың тұтас мазмұнын құрайды, ал мазмұн (немесе сөйлем мағынасы) алдымен ойда қорытылады, сондықтан сөйлем білдіретін ой мазмұнының (мағынаның) өзіндік құрылымы болады, ол құрылым ой бөліктерін атап көрсететін логикалық мүшелердің (субъекті, объекті, предикат, атрибут) өзара қатынасынан тұрады және бұл мүшелер сөйлемнің грамматикалық мүшелерімен бірде сәйкес келсе, бірде сәйкес келмейді. Бұл сөйлемнің логикалық (мағыналық) немесе семантикалық құрылымы деп аталады; 2) Сөйлем адамдар арасында қарым – қатынас құралы қызметін (коммуникативтік қызметін) атқаратындықтан, белгілі бір хабардың көрінісі болып табылады. Сондықтан, оның құрылымы екі – ақ мүшеден: 1 – хабарға негіз болатын ойдың тақырыбы, қазығы – темасы, 2-тақырыпқа байланысты жеткізілетін жаңа хабарды баяндайтын бөлік – рема (мұны сөйлемнің коммуникативтік құрылымы деп айтады). 3) сөйлем ойды сыртқа шығаратын синтаксистік бірліктердің, яғни сөйлем мүшелерінің (бастауыш баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш) өзара қатынасынан тұрады (мұны сөйлемнің грамматикалық құрылымы деп айтады). Міне, осы үш бағыт қазіргі сөйлемдерді талдауға да негіз болып жүр. Бірақ, әзірге мектеп грамматикаларында осының үшінші түріне ғана баса назар аударылады да, *жаттығу жұмыстары мен сөйлем талдау* осы дәстүрлі, яғни грамматикалық (нақтырақ айтқанда, синтаксистік) талдау негізінде жүргізіледі. Ал бірінші және екінші түрлері қазақ тілінде соңғы 15 – 20 жыл көлемінде зерттеу нысанына айналып, әлі шешілмеген мәселелері көп болғандықтан, тек ғылыми еңбектерде ғана қарастырылуда. Сондықтан біз дәстүрлі талдауға, яғни сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдауға арнайы тоқталамыз да, ретіне қарай оның *семантикалық және коммуникативтік құрылымына да талдау* жасай кетеміз.

Оқушыларға синтаксистік талдау жүргізумен қатар семантикалық картамен жұмыс жүргізу де тиімді:

Семантикалық картамен жұмыс

Жай сөйлем түрлері	Бастауыштың қатысу, қатыспауына қарай	Тұрлаусыз мүшелердің қатысу, қатыспауына қарай	Тиісті мүшенің қатысу, қатыспауына қарай	Атауды білдіруіне қарай
	Құрам. Баянд.өзі Баст.Сөйлемде Қатыстық.ұйытқы	Тұрлау-3 түрл. Мүше мүше Қатысп.Қат.	Айтылутиіс. Тиісті мүш. Мүше бірін Қатысқ.түсір	Іс-оқиға Баяндал- майды
Жақты				
Жақсыз				
Жалаң				
Жайылма				
Толымды				
Толымсыз				
Атаулы				

Сонымен, оқулықтағы жүйелі білім беру жұмысы тиісті ережелерде басталмайды, баланы сол ереже, түсініктерге қарай жетектейтін тілдік материал басталады. Оқушы

жаттығуларға берілген дидактикалық материалдарды ұғына, тапсырмаларды орындай келе, солардан өздері қорытынды шығаратындай кезең басталғанда, жинақталған ережелер беріледі. Сонда олар тосыннан айтылған қағидалар болмай, өздеріне бұрыннан түсінікті, өздері – ақ қорыта алатындай болады. Тілден өтілген материалдарды толық меңгертіп, оны тиянақты білгізу жолында көбірек қолданылып жүрген өнімді әдістердің бірі – жаттығу әдісі екен. К.Д. Ушинский: «Оқушылардың сөйлеу қабілеттілігін жетілдіруді ойлаған жетекшілер оларды жаттықтырып отыру керек», - деген. Ы. Алтынсарин: «Жаттығу әдісі оқушыларды білім алуға үйретеді, дүниетанымын кеңейтетін әдіс.», - деп есептеген.

Жаттығу – оқу анасы. Тілді құбылыстар тек жаттығу арқылы, бірнеше рет орындалатын жаттығулардың негізінде оқушының дағдысына айналады, есінде ұзақ сақталады. Осыған орай жаттығулардың да бірнеше түрі бар екендігі анықталынды: дайындық жаттығулары, байқау жаттығулары, машықтану жаттығулары, шығармашылық жаттығулар, тексеру жаттығулары т.б.

Бірәлі Г.А.

филология ғылымдарының кандидаты,
ҚР ҰҚК Академиясының доценті

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазақ тілін қоғамның барлық саласында қолдану мемлекеттік саясаттың маңызды мәселесіне айналып отыр. Себебі мемлекеттік тілдің проблемалары еліміздің қауіпсіздігіне, оның мемлекеттігінің нығаюына тікелей қатысты. Осыған байланысты ең алдымен, мемлекеттік қызметкерлердің тілдік білімдерін арттыру бірінші кезекте тұр. Қызметте табысқа, жетістікке жетуде өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін білу оң нәтиже береді. Жаңа Қазақстан қоғамында адамның жеке және кәсіби дамуы қазақ тілінде еркін қарым-қатынасқа түспесе мүмкін емес. Қазақ тілін кәсіби қызметінде пайдалана білу тұлғаның іскерлік қабілетінің ажырамас бөлігі болып отыр. Сондықтан қазақ тілін үйрену барлық мемлекеттік мекемелер үшін басты міндет болып табылады.

Алайда қазақ тілін меңгеру және оны меңгерту үдерісінде тілдерді оқытудың жаңа технологиясының озық практикасын қорыту проблемасы күн тәртібінен түскен емес. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізі ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлының [1] еңбектерінен бастау алатынын бәріміз білеміз. Ал, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың теориялық және әдістемелік негізіне жаңа үрдіс алып келген Ф. Оразбаеваның [2], Қ. Қадашеваның [3], Р. Шаханованың [4], М. Жанпейісованың [5] еңбектері тілді оқытудың психолінгвистикалық, интеллектуалды-эмоционалдық, социолінгвистикалық, лингводидактикалық негіздеріне сүйенген жаңа әдістемелерді қалыптастырды.

Дегенмен кез келген теория мен практиканың сабақтастығы бір дағдыда, бір қалыпта қалмайтындығы белгілі. Практика әрдайым жетіліп, дамып отыратындықтан, ғылыми тұрғыдан тұжырымдарды қажет етеді.

Осы тұста оқыту мен үйретудің коммуникативті бағыттағы стратегиясы мен тактикасына жаңаша бағыт әкелген ғалым З. Ерназарова: «Оқытудың мазмұнын тілді үйренушінің мақсаты анықтайды. Ал мақсат экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен қалыптасатын қоғам мүшесінің қажеттілігінен туындайды. Қажеттілік мазмұны тілді үйренушінің қарым-қатынас жасайтын ортасының әлеуметтік сипатына тәуелді болып келеді. Яғни тілді үйретпес бұрын оқытушы өз үйренушісінің мақсаты мен қажеттіліктерін, қатысым ортасын, коммуниканттардың әлеуметтік сипатын ескеруі қажет» [6], - деген тұжырымына сүйене отырып, қазақ тілін оқыту барысында үнемі тіл үйренушілердің қажеттіліктерін ескеріп отырамыз. Қазіргі кезде біздің алдымызға келетін контингент, яғни тіл үйренушілердің барлығы дерлік мемлекеттік тілді оқыту курстарынан өткен. Тілді

түсінеді, оқи алады, қарапайым басты грамматикалық тұлғаларды біледі. Алайда тілдік қарым-қатынасқа түсе алмайды. Қазіргі кездегі қазақ тілін үйренудегі басты проблемалық аспекті – ауыз екі сөйлеуде қолдана білу, яғни ауызша коммуникацияда тілді қолдана алмауына қандай себептер бар?

Біріншіден, қателіктер жасаудан қорқу. Үйренуші қателік жасаудан қорқып әрекет етеді, мысалы сөйлеу барысында күлкіге қалам ба? деген аландаушылық.

Екіншіден, ұялшақтық. Ұялшақтық сезімі көпшілік алдында, әсіресе таза қазақ тілді ортаға түскенде өздерін ыңғайсыз сезінеді.

Үшіншіден, мотивацияның жоқтығы. Себебі қазақ тілінде сөйлеуге деген қажеттіліктің орыс тілімен салыстырғанда біршама төмендігі, яғни әлі күнге қазақтардың өз ана тілінен гөрі орыс тілінде сөйлеуге ынталы болуы.

Біздің мақсатымыз тіл үйренушінің бойындағы бастапқы екі мәселені, атап айтқанда аландаушылық пен ұялшақтық сезімді жою. Сондықтан тіл үйренушінің мақсаты мен қажеттілігіне сәйкес тілді оқытып-үйретудің жаңаша әдістемесін іздеу, зерттеу керек болды. Осы тұста қазақ тілін екінші тіл немесе шет тілі ретінде жеделдетіп оқыту әдістерін зерттеуші ғалым Қ. Қадашеваның [3, 40] тілді оқытудағы когнитивті (білім, таным) ұстанымын басшылыққа ала отырып, оқыту үдерісі дәстүрлі әдістерді жетілдірумен бірге тәсілдерді барынша өзгертуге бағытталды.

Когнитивті ұстаным бойынша ең алдымен, біздің тіл үйренушілеріміздің барлығы дерлік тілдік ортада отыр. Себебі күнделікті қоршаған ортасында теледидар, радио, қоғамдық орындар (асхана, қоғамдық көлік, мейрамхана, түрлі дәстүрге байланысты мерекелер), күнделікті қызмет барысында әріптестер арқылы естиді, тыңдайды. Сондықтан тіл үйренуші бұрыннан естіп жүрген сөздерді, фразаларды автоматты түрде өзінен өзі қолдана алады. Мұндай өзінен-өзі пайда болатын қимыл өте пайдалы. Біз көбінесе тілді оқытуда таптаурын болған грамматикалық ережелерді оқытудан гөрі, тіл үйренушінің өзінде бар лексикалық қорын пайдалануына мүмкіндік береміз. Екінші контекстке үйрену. Бұл тәсілде жаңа тақырыптарды үйреткенде үйренушінің бұрыннан бар білімімен байланыстырып, өзара жүйелік байланыстар тудыру. Бұл кезде үйренушінің қабілетін ескере отырып, оған қиындық туғызатын күрделі фразалардан аулақ болған дұрыс. Үшінші қошеметтеу. Себебі адамның жаратылысы марапат сөздерді күтеді. Сөйлеу барысында қателіктер жіберіп жатса да, бірден оның мінін айтпай, керісінше *«дұрыс айтып жатырсыз»*, *«қазақша сөйлеуге қабілетің бар»*, *«көп сөздерді білесің»* деп мақтап қойса, ұялшақтық, аландаушылық сезімдері барынша төмендеп, тілдік барьерді жоюға мүмкіндік береді. Төртінші стратегиялық қуаттылық. Тіл үйренушіні не қызықтыратыны, қандай тақырыпта сөйлескен оған тілді күнделікті қатысымда қолдана алуына ыңғайлы екенін анықтау.

Топпен осындай талдау жұмыстарын жүргізгеннен кейін оларға қажетті деген күнделікті өмірде, қызметте жиі кездесетін коммуникативті ситуацияларды қалыптастыратын «Мен және қоршаған орта», «Отбасылық құндылықтар», «Жұмыс тәртібі», «Іссапарда», «Салауатты өмір салты», «Күнделікті оқиға», «Қалада», «Қызығушылық», «Мәжілісте» т.б. тақырыптардан тұратын оқу жоспары дайындалды. Оқу жоспарына сәйкес әр практикалық сабақтарға дайындалған жағдаяттық тапсырмалар өз нәтижесін бере бастады.

Бір тақырып бойынша бірнеше жағдаяттық тапсырмалар дайындауға болады. Мысалы «Іссапарда» тақырыбы бойынша:

№1 жағдаяттық тапсырма:

Сіз Астана қаласына іссапармен келдіңіз. Сізді департаменттегі әріптесіңіз күтіп алды. Оған іссапарыңыздың жоспарын, бағытын айтуыңыз қажет. Әңгімені Сіз бастайсыз. Кәсіби тақырыпта әңгімені қалай бастайсыз?

№2 жағдаяттық тапсырма:

Сіз Қызылорда облысына іссапарға шықтыңыз. Облыстың бірнеше аудандарында болып іскери кездесулер ұйымдастыру қажет. Сіздің әрекетіңіз.

«Жұмыс тәртібі» тақырыбы бойынша:

№1 жағдаяттық тапсырма:

Сіз жұмысқа машинаңызбен шықтыңыз. Жолда кептеліс орын алды. Жұмысқа кешігетін болдыңыз. Ұялы телефон арқылы бастыққа қалай түсіндіресіз?

№2 жағдаяттық тапсырма:

Бүгін жоспар бойынша бөлімшеде мәжіліс, бірақ бастықтың іссапарға кетуіне байланысты мәжіліс болмайтын болды. Әріптестеріңізге қалай хабарлайсыз?

№3 жағдаяттық тапсырма:

Сіз бөлім бастығының орынбасарысыз. Бастықтың іссапарға кетуіне байланысты мәжілісті Сізге жүргізу керек. Мәжілісті екі сөйлеммен қазақ тілінде бастауыңыз керек. «Қол бастау қиын ба, әлде сөз бастау қиын ба?»

Жағдаяттық тапсырмаларды бермес бұрын алдымен тіл үйренушілерге тақырыптық жаңа сөздерді орыс тіліндегі баламасымен береміз. Бірнеше сұхбаттардың үлгісімен таныстырамыз.

Жоғарыда көрсетілген жағдаяттық тапсырмаларды басқаша да түрлендіріп беруге болады. Мәселен, тілді білу деңгейі ортадан жоғары топтарда проблемалық оқыту технологиясы бойынша тіл үйренушілерге белгілі бір проблемалық жағдаят ұсынып, проблемалық мәселе туғызу қажет. Мәселен, «Қазақстан – 2050 стратегиясында» аталған жаһандық он қауіп-қатердің бірін алып қазіргі таңда әлемдік қауымдастықты аландатып отырған, БҰҰ деңгейінде көтеріліп жатқан өзекті мәселелер бойынша сабақ жүргізуге болады. Мәселен, ауыз су проблемасы.

Проблемалық жағдаят:

Сіздің тұрып жатқан қалаңызда ауыз судың қоры ендігі жиырма жылда елу пайызға төмендегелі тұр. Одан кейінгі елу жылда сарқылу қаупі төніп тұр. Сіз қандай әрекетке барасыз?

Тіл үйренушілер баяндаудың монологтық әдісі бойынша ұсынылған проблемалық жағдаят негізінде өзбеттерінше алған ақпараттарымен бөліседі және баяндаудың талдау әдісімен аталған мәселеге талдау жасайды, одан кейін баяндаудың диалогтық әдісі бойынша өзара пікірлесімге әрі баяндаудың эвристикалық әдісімен бір-бірімен сұрақ-жауап арқылы әңгімелеседі. Сабақтың қорытындысында баяндаудың зерттеу әдісі бойынша тіл үйренушілер проблемалық мәселе негізінде өздерінің зерттеулерін ұсынады. Кәсіби қазақ тілін оқытуда проблемалық оқыту технологиясын қолдану арқылы өмірде болып жататын түрлі жағдаяттарды дидактикалық талаптар тұрғысынан екшеп алған соң, тілдік жағдаят жаттығуларына айналдыра білу керек.

Жағдаяттық тапсырмаларда тіл үйренушілерге көбіне басы ашық орындауда жеңіл сөйлеу жағдаяты ұсынылады. Тілді үйретуде мұндай жағдаяттық тапсырмалардың – тіл үйренушілердің дербес ерекшеліктерін ескере отырып, күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарда еркін тілдесімге түсе алуына мүмкіндік туғызу. Жағдаяттық тапсырмаларды орындау кезінде екеуара диалог, рөлге ену, құптау, ренжу, таңдану, мақтау, қайта сұрау, ұсыныс жасау, анықтау, шешім қабылдау, т.б. тілдік коммуникациядағы компоненттер бойынша тіл үйренушінің сөйлесім деңгейі анықталады. Жағдаяттық тапсырмаларды дайындағанда оқытушы өмір шындығына жақын сөйлеу жағдаяттарын ескергені дұрыс. Себебі тіл қатысым жағдайына толық айналуы тиіс.

Тілді оқытудағы жағдаяттық тапсырмалардың тиімділігі:

- жағдаяттық тапсырмаларды орындауда оқытушы бағыт беруші ғана болады, ал тіл үйренушілер өзара белсенді сөйлесім әрекетіне түсіп, бірінің білмегенін бірі түсіндіріп жатады;
- өтілген жаңа сөздердің есте сақталуында да жағдаяттық тапсырмалардың орны ерекше;
- үйренуші рөлінен кейіпкер рөліне енгендіктен, шынайы өмірге ең жоғары сөйлеу мүмкіншілігімен жақындауға, қате жібермеуге тырысады. (Кейде бірінің қатесін бірі түзетіп жатады);

- ең бастысы қазақ тілінде қарым- қатынасқа түсе алатынына өзіне сене алады;
- тілді үйренуге, сөйлеуге, түсінуге және пікірлесуге тәуекел жасайды;
- тілдік коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасып, тілді үйренуге деген қызығушылығы артады;

- ауызекі сөйлеу стилі арқылы күнделікті өмірде отбасы мүшелерімен, әріптесімен, досымен, танысымен, қоғамдық ортада дәрігермен, сатушымен, жүргізушімен, т.б. кәсіп иелерімен үйде, жұмыста, көшеде, базарда, емханада тілдік қарым-қатынасқа түсе алады.

Белгілі әдіскер ғалым З. Күзекова: «Тілді меңгерудің басты шартының бірі – оқушының тілдік және сөйлеу тәжірибелерін еркін, қорықпай пайдалана алуының қалыптасуы. Өзге тілді меңгеру – көп қырлы ұғым. Бұл ұғымға біріншіден, коммуникацияның «объективті» параметрін білуі және осы параметрлерді меңгеруі. Екіншіден, тілді меңгерудің негізін адамның қатысым ситуациясын бағалауға, талдауға дайындығы мен біліктілігі құрайды. Үшіншіден, өзге тілді меңгеру негізіне өзінің коммуникативтік потенциалына субъективті баға бере алу және қатысымның нәтижелілігі үшін парапар таңдау жасай алуы деп түсіну керек» [7], - деп жазады. Ғалымның пікірімен келісе отырып, тілді меңгерту мен үйретуде бастама тек оқытушы тарапынан ғана емес, үйренуші тарапынан да үнемі болу қажет. Себебі қоғамның барлық саласында интеграциялық үрдіс жүріп жатқан кезеңде тілдік білім маңызды медиум болып табылады. Сонымен қатар тұлғаның қоғамда әлеуметтік-мобильді қабілетін қалыптастырады. Қорыта айтқанда, қазақ тілін оқытуда жағдаяттық тапсырмаларды қолданудың орны ерекше деп есептейміз. Сондықтан тіл үйретуде біз келесідей мәселелерге баса назар аударуымыз қажет:

- тіл үйренуші жеке тұлға ретінде еркін сөйлеуге төселуі тиіс;
- тіл үйренушілер арасындағы қарым-қатынас шынайы болғаны дұрыс;
- тіл үйренуші мен оқытушы арасында тығыз психологиялық ынтымақтастық қалыптасуы керек.

Міне, осындай мақсаттарға жету үшін қазақ тілі сабақтарында жағдаяттық тапсырмаларды үнемі беріп отырудың нәтижесі жоғары.

Тілдің басты міндеттерінің бірі әлеуметтік қарым-қатынас жасау болса, оны жүзеге асыруға ықпал ете алатын қағида тіл үйретудегі жағдаяттылық. Ол қарым-қатынасқа түсудің шынайы жолын тудырып, сол арқылы тіл үйренушінің сөйлеуге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар жағдаяттық тапсырма ауызша тіл қатынасының негізі болып саналады, яғни қатысымдық жағдайда туған ауызша тілдік мәтінге негіз болып, монологта, диалогта, полилогта еркін сөйлей алады.

Пайдаланған еңбектер:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы: қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері /А.Байтұрсынов. – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 444 б.
2. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас негіздері: оқулық /Ф.Ш. Оразбаева – Алматы : «Print-S», 2005. – 145 б.
3. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі /Қ. Қадашева – Алматы: «Мұрагер», 2005. -176 б.
4. Жанпейісова М.М. Модульдік технологияны қолдану оқушыны дамыту ретінде / М.М. Жанпейісова – Алматы: «Дәуір», 2006. – 250 б.
5. Шаханова Р.Ә. Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдеріне қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед.ғыл.док...диссер. – Алматы, 2002. – 13-15 бб..
6. Ерназарова З.Ш. Оқу-әдістемелік кешендерді құруда басшылыққа алынатын негізгі ұстанымдар // Тіл мен әдебиетті оқытудың теориясы мен әдістемесіндегі инновациялық технологиялар: мәселелер және шешу жолдары: халықаралық ғыл. – тәж. конф. матер. – Астана: Л.Н. Гумилев ЕҰУ, 2009. – 125-129 бб..
7. Күзекова З.С. Қоғамдық дамудың қазіргі кезеңіндегі тілдік білім беру// Тіл мен әдебиетті оқытудың теориясы мен әдістемесіндегі инновациялық технологиялар: мәселелер және шешу жолдары: халықаралық ғыл.- тәж. конф. матер. – Астана: Л.Н. Гумилев ЕҰУ, 2009. – 157-161 бб.

ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ТИІМДІЛІКТЕРІ

Шет тілін оқытуда қолданылатын әдістердің ұтымды жақтарын жүйелі түрде зерделеу білім беру саласының ең жауапты бөлігі екендігі белгілі. Заманауи білім берудің тармақтары сан-алуан, қыр-сыры әлі де тереңінен зерттеуді қажет ететін мәселе.

Шет тілін практикалық тұрғыдан меңгерудің мақсаты білім алушылардың әр түрлі салада емін-еркін қарым-қатынас жасай білуін қамтамасыз ету және сол арқылы нақтылы мәліметтерді ала білу. Сондай-ақ, белгілі бір ақпаратты іздеу, өңдеу немесе оны шет тілінен мемлекеттік және ресми тілде дер кезінде дұрыс жеткізу үшін болашақ маман иесінің кәсіби қызметін ойдағыдай атқаруда қажетті коммуникативтік біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыру және оны әрі қарай дамытудың негізі жоғары оқу орындарында қаланатындығы белгілі.

Жалпы «интербелсенді» сөзінің аудармасына келсек, лингвист-ғалым В.К. Мюллер Учебный англо-русский словарь атты сөздігінде: «inter» «өзара» деген мағынаны, ал «act» - «әрекет жасау» дегенді, яғни, «өзара әрекеттесу» деген мағынаны білдіріп, «interactiv» сөзі интербелсенді ұғымын береді деп көрсеткен [1, 390].

Интербелсенді дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Ал «интербелсенді оқыту» мәселесіне келсек, өзара қарым-қатынасқа (коммуникацияға) негізделген оқыту, диалог арқылы үйрену яғни «оқытушы – білім алушы», «білім алушы – білім алушы», «білім алушы – өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас әңгіме, сұқбат, пікірлесу барысында бірлескен іс-әрекеттер.

Мақаладағы негізгі мақсат жоғары оқу орындарындағы тіл дайындығы саласындағы шет тілін оқытудағы интербелсенді әдістердің өзектілігіне қатысты әдіскер-ғалымдардың еңбектерін саралап, интербелсенді әдістердің тиімділігіне тоқталамыз.

Қазіргі кезде интербелсенді оқыту әдісінің қолданылуы аясы өте ауқымды. Кез-келген білім беру саласында оң нәтижеге жету үшін түрлі тәжірибелік жұмыстар атқарылып келеді.

Бұл пікірді отандық әдіскеп-ғалымдарымыздан А. Әлімовтың, шет тілін оқытудағы білім, білік және дағды деп қана санайды. Мұндай әдіскер-ғалымдар шет тілін үйретуде тікелей түпнұсқалық материалмен жұмыс істеу арқылы білім алушының сөйлеу әрекетін тезірек дамытады деген пікірді қолдайды. Дегенмен, шет тілін оқытудағы сөйлесім әрекетінің белсенді жұмыс түрлері *айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым, тілдесім және аударма* дағдыларымен жұмыс істеуде интербелсенді әдістер арқылы меңгерудің орны айрықша екендігі айқын. Көптеген әдіскер ғалымдар шет тілін меңгеруде интербелсенді әдістерді қолдануды ұтымды әдіс деп қабылдайды. Ал, шет тілін оқытуда жоғарыдағы сөйлесім әрекетіне қосылмайтын өз алдына дербес аударма әдісі шет тілін меңгерту үдерісімен бірге жүретін әдіс екендігін анықтадық. Сонымен, интербелсенді әдіспен оқыту – өзара әрекет арқылы оқыту, ал мұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді тәсіл болып есептеледі. Өйткені, адамның жадында бірінші мезетте тек өзінің жасаған іс-әрекеттері ғана қалады. Бұл жөнінде әдіскер-ғалым А. Маслоудың идеяларын Н. Сандерстің түзген кестесімен төмендегіше ұсынамыз [2].

Оқытудың кейбір тәсілдерін қолданғанда мәліметтің 24 сағат ішінде есте сақталуы

Тәсілдер	Есте сақталу мөлшері
Лекция	5%
Оқу (мәтін, кітапты оқу)	10%
Аудио- және видеоқұралдарды қолдану	15%
Көрсету (жобалар, кестелер, басқа да көрнекіліктер)	30%

Пікірталас	50%
Практикалық іс-әрекеттер	75%
Үйренген білімді дереу қолдану, басқаларды үйрету	90%

Біздің пайымдауымызша, жоғарыдағы әдіскер-ғалымдардың пікірлерінен түйгеніміз интербелсенді әдіс білім алушыға мәселелік жағдайды ұсынып, талдауды ұжыммен жасатып, шешімін табуы үшін беріледі. Интербелсенді әдіс тапсырмасында жағдаяттың сөзбен сипатталған кестесі және статистикалық мәліметтері ұсынылады. Бұл тапсырмалар теориялық материалдың іс жүзінде қалай қолданылатынын көрсетеді. Осы себептен, бұл әдіс бүгінгі шет тілін үйрету үдерісінде өзектілікке ие болып отыр.

Интербелсенді әдіс – теориялық білімді және іс жүзіндегі тәжірибелік мәселені ұжымдық негізде бірлесе шешіп қолдануға мүмкіндік беретін құрал. Осы әдістің көмегімен білім алушы шет тілінен алған білімдерін көрсетіп қана қоймай, ұжымдық немесе топпен жұмыс істеуде аналитикалық талдау және бағалау дағдыларын көрсетуге және жетілдіруге, командалмен жұмыс жасауға мүмкіндік алады.

Атақты әдіскер-ғалым А. Әлімов «Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орнында қолдану» атты оқу құралында «интербелсенді әдістің түрлеріне: пікірталас, ойындар (рөлдік, іскерлік оқу, өндірістік, имитациялық), кейс стади, тренингтер, оқытудың компьютерлік технологияларын топпен бірлесе отырып жүргізуге мүмкіндігі өте зор» - деген пікірді алға тартады [2].

Зерттеулерге қарағанда интербелсенді әдістер топтық және жеке болып бөлінеді. Топ арасында дискуссия, ойын, тренинг-әдіс бойынша бөлінеді. Ал, енді интербелсенді оқыту әдістерінің жалпы түрлерін айтар болсақ, олар: «ақылдың алты қалпағы», «сұрақтар шеңбері», «жұдырық-алақан», «Блум таксономиясы», «айналмалы бекеттер», «стикердегі диалог», «еркін әңгіме», «алтын балыққа арналған аквариум», «Джигсо», «елшілер», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Басқа адамдардың пікірлері», «Пазл», және тағы басқа ойын түрлерін шет тілін оқыту практикалық сабақтарда топпен бірлесе отырып, қолдануда үлкен мүмкіндік берері анық.

Интербелсенді әдістер мен тәсілдер үйренушілердің тұлғалық тұрғыдан өзіндік және дербес түрде дамуына әкеледі, оларды өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

Интербелсенді оқытуды жүзеге асырудың негізгі мақсатына келсек, интербелсенді оқу дәстүрлі оқытудың негізгі идеялары мен ұстанымдары болып келген авторитарлық пен үстемдікті, оқытушының мызғымас беделін, монологты, сырттан (үйретуші тарапынан) күштеуді демократиялық коммуникациямен алмастыру болып табылады.

Бұл мәселені өз оқыту тәжірибемізбен бөлісу ниетінде айтар болсақ, шет тілін оқыту практикалық сабақтарындағы сөйлеу коммуникативінің дағдыларын қалыптастыруда интербелсенді әдістермен жұмыс істеудің алғышарттары мен оларға қойылатын талаптарға келсек, жоғары оқу орындарның негізгі мақсаттарының бірі заман талабына сай, шет тілінде іскер, мамандандырылған коммуникацияларды атқаратын қызметкерлерді дайындау екендігі белгілі. Шет тілін оқыту текқана фонетика және грамматиканы білу ғана емес сөйлеу коммуникативінің дағдыларын білу қажет етілетіндігі айқын. Шет тілін меңгерту саласында өте маңызды болып саналатын негізгі қажеттіліктер субъектінің жігерлілігі, мақсаттарға және оң нәтижелерге қолжеткізу, ұжымдық форматта топпен жұмыс істеу яғни, интербелсенді әдістер арқылы білім алушының бойында сөйлеу коммуникативінің дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Интербелсенді әдістермен жұмыс істеудің негізгі өзектілігі:білім алушылардың ашылмаған қабілетін ашу, дамыта оқыту белсенділігін арттыру, өзіне деген сенімділігін күшейту, ізденімпаздық арқылы тілдік тұлғаны қалыптастыру, шет тілінде еркін тілдік қатысымға түсе білуге үйрету. Шет тілін оқытудың ұтымды жолдары мен түрлі әдістерін, тәсілдер мен амалдарын пайдалана отырып, ауызекі сөйлеуге, сауатты жазуға, өз ойын сол тілде еркін жеткізе білуге, қарым-қатынасқа түсе алатындай дағды мен біліктілігін

қалыптастыруды көздейді. Ең бастысы тілдесушінің сөйлеген сөзін түсініп, оған жауап беріп, тілдің фонетикалық заңдылықтарын, грамматикалық құрылысын игеріп алған білімін оқытылып жатқан тілі арқылы жеткізе алатын дәрежеде білім алуы шарт. Осы ретте әдіскер-ғалым Ф.Ш. Оразбаева мен Р.С. Рахметовалардың «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты оқу құралында: Тілдік қатынас – сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы– деп тұжырымдайды [3, 12].

Шет тілін оқытатын практикалық сабақта тіл үйренушілер сөйлесім әрекетінің негізгі бес түрі оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, және тілдесімдағдыларын қолданса, берер пайдасы мол екендігі анық. Бұл жөнінде әдіскер-ғалым Ф.Ш. Оразбаева «Тілдік қатынас» атты оқулығында: Сөйлесім әрекеттерінің барлық түрлері сөйлеу үшін қажет деп дәйектейді [4, 94].

Жоғарыдағы айтылған сөйлесім әрекеттеріне жеке-жеке тоқталып өтсек. Оқылымның білік пен дағдыларын тереңдету, негізінен өз бетінше және аудиторияда атқарылатын жұмыстарды орындауда интербелсенді әдістерді қолданған дұрыс;

- оқу техникасына сай оқудың зерртей, зерделей, іздене, таныстыра оқу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

- білім алушылар арнайы мәтіннің жекелеген бөліктерін оқу техникасына сай кезек-кезек оқу арқылы тілдік тапсырмаларды орындау;

- арнайы мәтіндегі тілдік қиындықтарды жеңілдетуге бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдану (бейтаныс сөздер мен фразалық тіркестерді, күрделі құрылымды оқу және оларды түсіндіру, талдау).

Шет тілін оқыту барысында білім алушылардың сауатты жазу дағдыларын қалыптастыруда интербелсенді әдістерді қолдану арқылы жазылымның негізгі қағидаларын, дыбыстардың айтылу кезеңіндегі орфоэпиялық, орфографиялық заңдылықтарды меңгерту. Бас әріппен жазылатын сөздердің және қысқарған сөздердің емлесіне, тыныс белгілерінің ережелерін сақтауға назар аудару қажет.

Практикалық шет тілі сабақтарында жазылым дағдысының инновациялық технологиялары ретінде «Кейіпкерге хат жазу» немесе «RAFT» стратегиясын роль, аудитория, форма, тақырып стратегиясы бойынша білім алушылар оқылған мәтінге байланысты топтарға бөліне отырып, жағдаяттық тапсырмаларды ұйымдастырып, түрлі рөлдерді орындау арқылы хабарламалар жасалынып, рөлдік ойынның сценарийін жазып шығады. «Тірек сөздер» стратегиясын жүзеге асыруда оқытушының ұсынған тірек сөздерін негізге ала отырып, білім алушылар тірек сөздердің ретін бұзбай сұқбат немесе мәтін құрастыруы керек.

Бұл әдіс арқылы білім алушының сөздік қоры кеңейіп, функционалды стиль түрлерін қолдану нәтижесінде сөйлеу тілінің ұтымдырақ дамуына ықпал етеді. Аталған жұмыс түрлері мазмұндама, шығарма, эссе, кәсіби мәтін құрастырып жазумен ресми-ғылыми стилді меңгерту үшін берілетін тапсырма түрлерін жазбаша орындатудағы тиімділіктерін арттырып білім алушылармен шығармашылық бағыттағы бірлестікте жұмыс жасау ұсынылады.

- лексикалық тест жұмыстары; кәсіби-бағдарлы мәтін көлеміндегі лексикалық минимумды бекіту үшін жүргізілетін жұмыстар (лексикалық немесе лексикалық тақырып бойынша қысқаша хабарлама, жобалық жұмыс, шығарма, түйіндеме, аннотация, эссе жазу). Жазылым дағдысын қолдану жайлы әдіскер-ғалым С. Хасанова «Қазақ жазуы мен оқуының бастаулары» атты оқу құралында: Қарым-қатынастың жазбаша түрі екінші жазба құжаттар толтырумен, жазба жұмысының репродуктивті түрлерімен (конспектілеу, реферат, түйін жазумен) ұласады деп тұжырымдайды [5, 37].

Тыңдалым дағдысын қалыптастыруда техникалық құралдарды пайдалануда интербелсенді әдістерді қолдану арқылы тыңдау, оқытушының өз тарапынан берілген мәтіндерді, ақпаратты, мағлұматты мүмкіндігінше тез қабылдауы барысында:

- түпнұсқалық аудио-бейне жазбалардағы шет тіліне тән мазмұнды мәтіндерді қабылдау, түсіну, алынған ақпаратты өз тарапынан қорытындылау, жинақтау, талдау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Айтылым дағдысын қалыптастыруда интербелсенді әдістерді қолдану арқылы білім алушылар алынған ақпаратты ресми түрде мазмұнды етіп баяндауы қажет. Осылайша, білім алушының пікірлесім кезінде кезек-кезек сұқбаттасушы әріптесінің шет тіліндегі берген ақпаратын түсінуіне қабілеті артады, пікір алмасуда тақырыпқа қарай нақты сұрақ беру, сұрақтарға толыққанды жауап қайтару, сұқбаттың немесе диалогтың тақырыбын қажетті бағытқа қарай өзгерту дағдыларын меңгеруі керек.

- берілген ақпарат бойынша өз түсінігін жүйелі баяндауы, толықтыруы;
- өз тарапынан түсінігін жеткізуі;
- мәтінді, ақпаратты түсініп-қабылдау мақсатына орай, берілген диалогты немесе монологты толыққанды жүйелі түрде әңгімелеп айтып беру;
- мәтін мазмұнын толық, сөдік қорды ұтымды қолдану барысында баяндап беру;
- коммуникацияны құрастыратын жаттығулар пікір айтумен пікірталастың бастапқы түрі болуы керек.

Тілдесім дағдысы. Тілдесім – сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қамтитын ерекше құбылыс. Ол тілдік қатынастың ең маңызды көрсеткіші болып, сөйлесім әрекетінің іс жүзінде қолданылуына ерекше мүмкіндік жасайды [4, 119].

Ал, шет тілін меңгеруде ең қажетті дағдылардың бірі аударма. Аудармадағдысын қалыптастыруда интербелсенді әдістерді қолдану арқылы түпнұсқалық материалдардың мазмұнын баяндауда ең алдымен, аударманың теориясы мен тәжірибесіне сүйеніп, мағыналық нақтылықтың сақталуына, сөйлемдегі стильдік ерекшеліктердің ескерілуі айрықша назар аударылады. Аударма жұмысына ұсынылатын материалдар топтамасы «Әлеуметтік-тұрмыстық», «Әлеуметтік-мәдени», «Кәсіби қарым-қатынас» саласындағы қоғамдық-саяси, ресми сипаттағы материалдарды жинақтай отырып, аудармаға арналған мәтіндер мен аудио-видео материалдары іріктеледі. Ұсынылатын материалдар мазмұны, көлемі жағынан бірте-бірте сатылай күрделеніп отырады.

Аударма жұмысын жүргізуде ескеретін жағдай, аударма жұмыстары сөйлесім әрекетінің негізгі төрт түріне жатпайтындықтан, оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылымдармен жұмыс жүргізген кезеңдерде барлығына да қатыстыруға болады. Мысалы практикалық сабақ барысында ұсынылған мәтіндер мен аудио-видео материалдарды жазбаша немесе ауызша аудармаға айналдыруға әбден болады.

Педагогикалық тәжірибеміз көрсетіп отырғандай, интербелсенді әдістердің негізгі талаптарын орындау нәтижесінде кәсіби тілдік тұлғаның әлеуетін қалыптастыру талап етіледіндігін айқындадық. Шет тілін оқытуда интербелсенді әдістердің кейбір мәселелерін сараптау негізінде дәйектелген мәселелерді қарастыра отырып, шет тілін үйренушілер бір практикалық сабақтың өзінде сөйлесім әрекетінің негізгі бес түрі бойынша, атап айтқанда: оқылым, жазылым айтылым, тыңдалым, тілдесім және аударманың біліктері мен дағдыларын интербелсенді әдіс негізінде жүргізгенде шет тілін жетік меңгеруі тиіс деп есептейміз.

Біздің ойымызша, оқытудың интербелсенді әдістерін сабақ барысында қолдану өте тиімді. Олай болса, білім алушыларға шет тілін үйрету барысында интербелсенді әдістерді қолдану арқылы олардың білім алу үрдісін дамытуда шығармашылығын шыңдауға, таным белсенділігін арттыруға, дербестікке үйретуге, пікір алмасуға, өз ойын тиянақты, нақты жеткізе білуге, қабілетін бағалауға, тиімді қарым-қатынас орнатуға деген мақсатта қолданылады деген пікірдеміз.

Қорытынды ретінде айтарымыз, жоғарыдағы аталмыш интербелсенді әдіс-тәсілдер мен озық технологияларды практикалық сабақтарда түгелдей дерлік қолдану – оқу үдерісінің мазмұндық сапасын жоғарылатады және білім алушыларға оң әсерін тигізіп, шет тілін үйренуге деген уәжділігін арттырады, оларды шет тілін болашақ қызмет саласында қолдана алуға үйретеді, сонымен қатар, оқытушы мен білім алушы арасында тығыз байланыс, педагогикалық ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік береді деп есептейміз. Интербелсенді

оқытудың негізгі үдерістерін толыққанды жүзеге асырунәтижесінде білім алушылардың ұжымдық корпоративтік формадағы командалық жұмысты бірлесе атқаруға, шет тілін қарқынды игеруі мен сапалы меңгеруіне, пәндік және іскерлік дағдыларын қалыптастырылуына ықпал етеді деп тұжырымдаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мюллер В. Учебный англо-русский словарь: Сөздік. – М.: ЭКСМО, 2008. – 864 с.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану: <https://melimde.com/ashat-elimov-interbelsendi-edisterdi-jofarfi-ou-orindarinda-ol-v2.html>.
3. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 105 б.
4. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Оқулық. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 272 б.
5. Хасанова С. Қазақ жазуы мен оқуының бастаулары (Көне түркі және араб, латын жазбалары). – Алматы: «Арда», 2007. – 264 б.

Рахимкулова А.А.

лектор кафедры казахского и русского языков
КазННТУ имени К. Сатпаева
Алматы, Казахстан

ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КОМПЬЮТЕРНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ РУССКОМУ ЯЗЫКУ

Сегодня внедрение компьютерных технологий в учебный процесс является неотъемлемой частью обучения. Современный человек уже на начальной ступени образования имеет элементарные навыки пользователя персонального компьютера, поэтому в основном звене педагогу нужно активно использовать современные интерактивные технологии, развивая в нем умения работать с необходимыми в повседневной жизни информационными системами. Применение компьютерных технологий на занятиях русского языка позволяет преподавателю не только разнообразить традиционные формы обучения, но и решать самые разные задачи: повысить наглядность обучения, обеспечить его дифференциацию, облегчить контроль знаний, повысить интерес к предмету.

Проблема широкого применения компьютерных технологий в сфере образования в последнее десятилетие вызывает повышенный интерес у представителей педагогической науки. Большой вклад в решение проблемы компьютерной технологии обучения внесли российские и зарубежные ученые: Г.Р. Громов, В.И. Гриценко, В.Ф. Шолохович, О.И. Агапова, О.А. Кривошеев, С. Пейперт, Г. Клейман, Б. Сендов, Б. Хантер и др.

Компьютерные технологии в обучении русскому языку оказываются незаменимым образовательным ресурсом на этапе получения знаний и умений, а также в форме контроля. Во-первых, позволяя улучшить восприятие, понимание и усвоение учебного материала, оптимизировать время обучения, повысить эффективность учебно-познавательной деятельности. Во-вторых, средства современных компьютерных технологий существенно повышают качество самой визуальной информации, она становится ярче, красочнее, динамичнее. Компьютерные технологии в обучении русскому языку предоставляют большой спектр возможностей для образовательного процесса: работа с различными источниками информации; вовлечение в образовательный процесс категории обучающихся, которые отличаются способностями и стилем обучения; повышение уровня самообразования, мотивации учебной деятельности; персонализация процесса обучения, в том числе применение дистанционного обучения и др.

Применение в обучении компьютера в сочетании с интерактивной доской, мультимедийным проектором и другими средствами принято называть «новыми информационными технологиями в образовании». Занятия с применением информационной технологии не только облегчают усвоение учебного материала, но и представляет

возможность развить творческие способности студентов, активизировать познавательную деятельность, способствует формированию активной жизненной позиции в современном обществе. Часто на всех этапах учебного процесса, особенно при изучении языка, мы используем такие элементы ИКТ, как электронные учебники, интерактивную доску, электронные энциклопедии, образовательные ресурсы Интернета, диски с иллюстрациями, электронные пособия, презентации, демонстрируемые с помощью мультимедийного проектора.

Использование информационных и коммуникационных технологий раскрывает огромные возможности компьютера как средства обучения. Однако на занятиях по русскому языку нельзя использовать компьютер постоянно, так как есть множество других задач, решить которые можно лишь при непосредственном общении. Но и недооценивать роль таких занятий тоже нельзя. Именно компьютерное обучение несет в себе огромный мотивационный потенциал и соответствует принципам индивидуализации обучения. Р. Вильямс и К. Макли отмечают: «Есть одна особенность компьютера, которая раскрывается при использовании его как устройства для обучения других, и как помощника в приобретении знаний - это его неодоушевленность. Машина может «дружелюбно» общаться с пользователем и в какие-то моменты «поддерживать» его, однако она никогда не проявит признаков раздражительности и не даст почувствовать, что ей стало скучно. В этом смысле применение компьютеров является, возможно, наиболее полезным при индивидуализации определенных аспектов преподавания» [1]. Для нынешнего студента, которому предстоит жить в информационном обществе будущего, компьютер должен стать неотъемлемой частью его жизни. Поэтому использование информационных и коммуникационных технологий (ИКТ) в учебном процессе является актуальной проблемой современного образования. Использование компьютера в обучении русскому языку имеет много преимуществ. Помимо повышения мотивационного потенциала студента, компьютер гарантирует конфиденциальность. Если преподаватель не ведет запись результатов, то только сам студент знает, какие ошибки он допустил, и не боится, что его остальные ребята его группы и преподаватель узнают его результаты, так как правильность выполнения того или иного вида работ проверяется и оценивается только компьютером. Таким образом, самооценка студента не снижается, а на занятии создается психологически комфортная атмосфера. Кроме того, использование преподавателем компьютера в обучении русскому языку предоставляет возможность учитывать индивидуальные особенности студентов, организовать самостоятельные действия каждого учащегося. Следующее, наиболее значительное преимущество заключается в методических достоинствах информационных технологий в деятельности преподавателя. Компьютер обеспечивает большую степень интерактивности обучения, чем работа в аудитории или в лингафонном кабинете. Все это обеспечивается постоянной и моментальной реакцией компьютера на ответы студента в ходе выполнения задания. Кроме того, говоря о применении компьютерных технологий в обучении русскому языку, нельзя не отметить важность данного процесса и для самого преподавателя, так как новые современные программы помогают и преподавателю в развитии профессиональной компетентности, что является главным в повышении профессионального уровня преподавателя, обучающего студентов русскому языку.

Компьютеры и учебные программы можно назвать универсальными средствами обучения. В зависимости от дидактических целей можно выделить виды компьютерных программ: учебные, тренажеры, контролирующие, демонстрационные, имитационные, справочно-информационные, мультимедиа-учебники. Компьютеры и информационные технологии позволяют быстро и эффективно организовать связь «преподаватель-студент», одновременно развивая не только познавательные, но и творческие возможности каждого студента в коллективном обучении.

Цели использования компьютерных технологий на занятиях:

- сделать занятие современным (с точки зрения использования технических средств);

- приблизить занятие к мировосприятию современного студента, так как он больше смотрит и слушает, чем читает и говорит; предпочитает использовать информацию, добытую с помощью технических средств;
- установить отношения взаимопонимания, взаимопомощи между преподавателем и студентом;
- помочь преподавателю эмоционально и образно подать материал.

Применение компьютера влияет на мотивацию студентов, раскрывая практическую значимость изучаемого материала, предоставляет им возможность проявить оригинальность, фантазию и творческие способности. Можно выделить выгодные особенности работы с компьютерной поддержкой на занятии:

1. Автоматизируется отработка базовых навыков за более короткий промежуток времени, за счет увеличения объема выполненных заданий.
2. Повышается интерес, интеллектуальная активность и работоспособность студентов.
3. Студент имеет возможность контролировать темп деятельности и уровень сложности, тем самым обеспечивается уровневая дифференциация.
4. Компьютер помогает преподавателю проконтролировать не только окончательные, но и промежуточные результаты, количество допущенных ошибок, тут же выявить пробел в знаниях и спланировать дальнейшую работу.

К достоинствам компьютерной поддержки как одного из видов использования новых информационных технологий в обучении можно отнести следующие: возможность конструирования компьютерного материала для конкретного занятия; возможность сочетания разных программных средств; а также побуждающий аспект активизации деятельности учащихся. На наш взгляд, компьютер на занятиях русского языка выполняет различные функции: источника учебной информации; наглядного пособия качественно нового уровня с возможностями мультимедиа и телекоммуникации; тренажера; средства диагностики и контроля; текстового редактора. Вместе с тем занятия с использованием компьютера следует проводить наряду с обычными занятиями; компьютерная поддержка должна являться одним из компонентов учебного процесса и применяться только там, где это целесообразно.

Использование высоких технологий настолько прочно вошло в нашу жизнь, что для современных студентов работа с компьютером настолько же легка, как и использование простой бытовой техники. Для многих из них напечатать текст является более простым заданием, чем написать текст от руки. Прошли те времена, когда использование на занятии компьютера считалось чем-то непривычным и диковинным. Скорее наоборот, неиспользование на уроках различных типов интерактивных средств в эпоху стремительного проникновения информационных технологий во все сферы общественной жизни, считается чем-то ненормальным и, по меньшей мере, устаревшим методом преподавания русского языка. Что само собой никак не может создавать дополнительную мотивацию к изучению русского языка в неязыковом вузе. А именно высокая мотивированность студентов является залогом активной работы студентов на занятиях, и, как следствие, хороших знаний. Интерактивные средства обучения усиливают мотивацию в силу занимательности, быстрого темпа работы и возможности регулировать трудности учебных задач, учитывая не только индивидуальный уровень владения русским языком отдельно взятого студента, но и его индивидуальные личностные особенности [2].

Использование компьютерных технологий с успехом помогает преодолевать и трудность, связанную с разной степенью подготовленности студентов неязыковых вузов, так как именно эти технологии помогают преподавателю учитывать индивидуальный уровень владения языком, возрастные особенности, а также индивидуальные психологические характеристики каждого обучаемого. Принцип индивидуализации в учебном процессе, основанном на использовании интерактивных средств, может обеспечиваться за счет возможности варьирования индивидуального темпа работы; предоставления индивидуального набора средств поддержки обучения в виде справочных материалов,

подсказок и ключей; адаптацией формы предъявления учебного материала к индивидуальным особенностям восприятия информации конкретным пользователем; а также, возможности обучаемого тренироваться любое количество времени вплоть до получения необходимого результата. Использование компьютера в качестве тренажера имеет неоспоримое преимущество при обучении грамматики и произношению. Компьютер-тренажер предоставляет возможность работать в индивидуальном темпе, а также снимает психологический барьер, вызванным незнанием того или иного грамматического или фонетического явления.

Наиболее часто используемые компьютерные технологии на занятиях по русскому языку:

- использование мультимедийного проектора. Проектор имеет массу преимуществ по сравнению с традиционными наглядными пособиями. При помощи проектора изображение формата А 4 можно передать на большой экран. Размеры изображения могут изменяться в зависимости от расстояния от проектора до экрана. Кроме того, изображение подсвечивается и воспринимается легче. Так, благодаря проектору, на занятии можно работать с презентациями по ключевым лексическим и грамматическим темам.

- работа с электронными учебниками. Достоинствами электронных учебников, на мой взгляд, являются: во-первых, их мобильность, во-вторых, доступность связи с развитием компьютерных сетей, в-третьих, соответствие уровню развития современных научных знаний. С другой стороны, создание электронных учебников способствует также решению и такой проблемы, как постоянное обновление информационного материала. В них также может содержаться большое количество упражнений и примеров, подробно иллюстрироваться в динамике различные виды информации. Кроме того, при помощи электронных учебников осуществляется контроль знаний – компьютерное тестирование.

- использование интерактивной доски на занятиях русского языка также повышает эффективность процесса обучения и способствует формированию интерактивного пространства у обучающихся. Интерактивная доска выполняет функции активного экрана, на ней можно демонстрировать презентации, текстовые документы, рисунки, фильмы и т.д. Ее можно использовать в качестве традиционной доски, где мел заменен маркером, а изображение строится на панели электронной доски; но преимущественное использование заключается в совмещении функций экрана и традиционной доски с возможностью сохранения проектов для дальнейшего использования.

Применение информационных технологий на занятиях русского языка значительно повышает интенсивность учебного процесса. При компьютерном обучении усваивается гораздо большее количество материала, чем это делалось за то же время в условиях традиционного обучения. Кроме того, материал при использовании компьютера усваивается лучше, так задействованы почти все виды памяти, включая зрительную. Обучение с применением интернет-технологий способствует выработке критического и творческого мышления, которые можно формировать при наличии проблемного изложения материала, дополнительного поиска необходимой информации, сравнения противоположных точек зрения, поиска оригинального решения проблемы.

Список использованной литературы

1. Азимов Э.Г. Компьютерные технологии в обучении русскому языку как иностранному. Практическая методика обучения русскому языку как иностранному. - Москва, 2003.
2. Власов Е.А., Юдина Т.Ф., Авраменко О.Г. Компьютеры в обучении языку, проблемы и решения. – Москва: «Русский язык», 2006.
3. Руденко-Моргун О.И. Компьютерные технологии как новая форма обучения РКИ // Традиции и новации в профессиональной деятельности преподавателя русского языка как иностранного: Учебная монография / Под общей ред. С.А. Хаврониной, Т.М. Балыхиной. – М.: Российский университет дружбы народов, 2002.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

«Дүниетану, білімге талпыну әрбір адамның есейген дәуірінен аңсап қараған түбегейлі ісінің бірі болып келеді. Егер бұл талпыну болмаса, әрбір адам білімге, еңбекке үңіле қарамаса, тек аңша қарын тойдырып, ұйқымен уақыт өткізсе, ешбір ілгері басу – өрлеу де болмас еді» деп Әлкей Марғұлан айтқандай, бүгінгі білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудің маңыздылығы әр түрлі инновациялық технологияларды пайдалану екеніне көзіміз жетіп келе жатыр.

«Инновация» деген сөз – латынның «novus» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгеру» деген мағынаны білдіреді. «Технология» гректің «teche» – өнер, шеберлік және «logos» – ғылым деген сөзінен шыққан, яғни «шеберлік туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді.

Оқыту технологиясы мен әдістеме ғылымы бір-бірімен тығыз байланысты. Әдістеме ғылымы «Нені оқыту керек?», «Не үшін оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздесе, оқыту технологиясы «Қалай нәтижелі оқытуға болады?» деген мәселенің шешімін іздейді. Олардың мақсаты бір, яғни оқытудың тиімді жолдарын қарастыру. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады.

Т.И. Шамова, П.И. Третьяковалардың еңбектерінде «Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, яғни жаңалық енгізу, әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз» делінген.

«Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек заманына лайық қып шығару», – деп Мағжан тәрбие мақсатын келер күн талабымен ұштастырғысы келеді. Мен, өзім «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқытушысы ретінде сабақтарымды қазіргі уақыт талабына сай жаңаша ұйымдастырып отырғанды жөн санаймын.

«Білім алу – батылдық, оны толықтыру – даналық, ал шебер қолдана білу – өнер» деген халқымыздың қанатты сөзін ұстануға тырысамын. Әдебиетті оқыту үшін ең алдымен оқытушыға тіл байлығы қажет [1, 28].

Әдебиет – жалпы өнердің бір саласы. Бірақ, әдебиет қоғамдық сананың ерекше түрі есебінде шындықты логикалық ойлау жүйесімен емес, көркем тіл арқылы, сөз өнерінің күшімен суреттелуді талап ететін дүние. Көркем бейненің сыртқы сұлбасымен бірге ішкі мазмұнын, сырын оқырман тұшынып сезіне алатындай етіп ашу, адамның жан дүниесі мен ішкі сезім байлығын көзге елестету арқылы қоғамдық санаға әсер ету үшін сабақ беру әдісінің тиімді түрлерін пайдалану қажеттігі туындайды. «Өнер алды – қызыл тіл» деп тегін айтылмаса керек. Әдебиет сабағы – студенттерді адамгершілікке, адалдыққа, адамды құрметтеуге тәрбиелейтін білім көзі. Сабақ барысында бір ғана тәсілмен шектелмей, әр түрлі әдістерді сабағымда қолданып, тиімді-тиімсіз жақтарын зерттеп, ізденіп жүрмін. Соның ішінде, «Сын тұрғысынан ойлау әдісі» арқылы студенттердің өз бетімен ізденіп, өзін-өзі реттей отырып диалогтік қарым-қатынас арқылы білімдерін арттырып, сандық технологияларды пайдалана білетін белсенді, білімді, саналы болуға тәрбиелейміз. Оқытушының да, студенттің де сыни тұрғыдан ойлау қабілеті арта түсетіні анық. Осы «Сын тұрғысынан ойлау әдісі» технологиясының басты ерекшеліктеріне тоқталып өтсем деймін. Мен қазіргі жаңа оқыту технологиясы негізінде өткізілген сабақтарды салыстыра отырып, төмендегі айырмашылықтарды байқадым. Дәстүрлі сабақтар үрдісінде:

Мұғалімнің әдістері

1. Жаңа тақырыпты түсіндіреді.
2. Кейіпкерлер туралы түсіндіреді.
3. Студенттермен бірге шығарманың идеясын анықтайды, талдайды.
4. Шығарма жазуды тапсырады.

5. Оқытушы көп сөйлеп, студент аз сөйлейді.

«Сын тұрғысынан ойлау әдісі» технологиясы барысында сабақ құрылымы үш кезең бойынша жүзеге асырылады:

1. Қызығушылығын ояту;
2. Мағынаны ашу;
3. Ой-толғаныс.

Міне, осы үш кезең арқылы студенттердің шығармашылық қабілетін оятып және белсенділігін туғызуға болады. «Сын тұрғысынан ойлау әдісі» дайын білімді қайталап айту емес, оны өз белсенділіктері бойынша алуға тәрбиеленеді. Сын тұрғысынан ойлауға арналған әртүрлі қызықты тапсырмалар беру, топтық жұмыста белсенділігін арттыру мақсатында постерлер жасату арқылы студенттің қызығушылығы артады. Әрбір сабақ соңында студенттермен кеңесу барысында оларға зерттеушілік қабілетті арттыру үшін интернет желісіне кіріп, іздену керектігін және кітапханаларға барып тіл байлықтарын арттыру үшін әдеби оқулықтар алып оқуды түсіндіремін. Сонда ғана студенттің білімді, саналы, ойлау қабілеті мен сөйлеу шеберлігі дамитындығын, өмірге көзқарасы қалыптасып, белгілі бір шешімді қабылдай алатынын, есте сақтау қабілеті дамитындығын, алған білімін кез-келген жерде пайдалана алатын тұлға қалыптасатынына сенімдімін.

Сонымен қатар, студенттердің өздік жұмыстары туралы да арнайы айта кеткен орынды болмақ. Білім берудің жаңа үлгісін жасау – Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер талап етіп отырған күрделі мәселе. Оқытудың жаңаша құрылуының алғышарттары маман даярлаудың құзырлық моделін қамтамасыз ететін – оқытуды демократияландыру, ізгілендіру, ақпараттандыру, саралау, студенттің жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына баса мән беру, проблемалық, бағдарламалық оқытуды жетілдіріп, оқыту үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу, оны білім беруде кең қолдану жаңаша оқыту жүйесінің нәтижелілігін айқындайды. Осы арқылы студент кәсіби-теориялық білім, іскерлік дағдылармен қаруланып қана қоймай, шығармашылық еңбегімен ізденіп, өздігінен білім алуға машықтанады [2, 128].

Қай заманда, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақтың білімімен қатар тәрбиесіне зор мән берген. Қазіргі қарыштап дамыған елде, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріліп отырғаны белгілі. Себебі ұлттың бүгіні де, болашағы да өскелең ұрпаққа байланысты. Осы тұста басты мәселелердің бірі – өркениетті, азаматтық-адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық құндылығын жоғалтпаған, бәсекеге түсе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу. Жастардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, адамгершілікке тәрбиелеу «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілу керек. Онсыз берілген білім – адамзаттың қас жауы» дейді ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби. М. Жұмабаев «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да тәрбиеден басталады», - деп жазады. Егер, бар күшімізді білімге жіберіп, бала тәрбиесін назардан тыс қалдырсақ, біздің ұрпақ алдындағы үлкен қателігіміз де сол болмақ.

Тәрбие – қоғамдық үздіксіз үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның қарым-қатынасындағы басты жүйе. Оның негізі, өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жеке қасиеттерін қалыптастыру. Студент бойында саналы тәрбие мен байыпты мінез қалыптастыру, рухани дүниесі бай интеллекті тұлға тәрбиелеу ұстаздың мақсатқа бағытталған іс-әрекетіне байланысты [3, 158]. Тәрбиенің негізгі міндеті – қоғамның қажетті талаптарын әрбір студенттің бойында, яғни борыш, намыс, ар-ождан, қадір-қасиет сынды биік адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Ұлттық санасын ояту, өз ұлтының ана тілін, дінін, мәдени мұраларын меңгерту. Сонымен қатар, жанашырлық, сенімділік, шыдамдылық, намысшылдық тәрізді ұлттық мінезді қалыптастыру.

Өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесін іске асыруда қоршаған ортаның ықпалы орасан зор. Студенттердің бойына тәрбие негіздерін дарыту барлық пәндерге бірдей жүктеледі. Әсіресе, студентті адамгершілікке тәрбиелейтін пәннің бірі – тарих. Ол шәкірттердің бойында Отансүйгіштікті, ұлтжандылықты, сенімділікті қалыптастырады. Қазақ халқындағы хандар мен билердің, шешендер мен жыраулардың орны бөлек.

Әдебиеттерді оқыту арқылы студенттердің рухани дүниесін байытып, өзінің қоғамдағы орнын табуға көмектесе аламыз. Сонымен бірге, қазақтың ұлттық салт-дәстүрін, мәдениетін, студенттердің моральдық қасиеттерін қалыптастырамыз.

Студенттерді адамгершілікке тәрбиелеуде өмірде кездесетін түрлі жағымсыз жағдайлардан сақтану мәселесі де ескерілуі қажет. Көбіне көптеген отбасыларда күнделікті тірлік қамымен студенттердің рухани қажеттіліктері ескерілмей, екінші орынға жылжиды. Студент дұрыс, адамгершілік іс-әрекеттерді, салауатты өмір салтын, жақсы мен жаманды айыра білу, өзін-өзі жетілдіруге деген ынтасын қалыптастыруы керек, қажет кезде өз бетімен шешім қабылдап, дұрыс таңдау жасауы үшін кішкентайынан өз дегенін іске асыруға баулу керек. Ал бұл дағдылардың барлығы жанұяда қалыптасады [4, 129].

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жаңалықтарға байланысты оқу үрдісін ұлттық сипатта ұйымдастыру – заман талабы. Әр халықтың өзіне тән дәстүрі, оның білім беру мәдениеті осы оқу-тәрбие үрдісіне тікелей байланысты. Қазақ халқы – өзінің бай тарихи мұрасын, өнері мен тілін, салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын, рухани-адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде қолданылатын әдіс-тәсілдер, деректер ұлттық психология ерекшеліктерін ескеру қажет. Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, жеті ата туралы түсінік, туыстық қарым-қатынас атаулары, ата-ана мен перзент алдындағы парыз бен қарыз, ұлттық намыс. Міне, осыларды студенттің санасына сіңіріп, бойына дарыта білу – ұрпақ тәрбиесіндегі ең басты қағида болып табылады.

Білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде студенттерге рухани-адамгершілік тәрбие беру тек жеке пәндерде ғана емес, әр түрлі іс-шараларда, үйірме жұмыстарында рухани құндылықтарға баулуға болады. Мұндай жұмыс түрлеріне топ жетекшісінің эстетикалық әңгімесі, түрлі ой жарыстары, пікір таластары мен кітап оқуға деген қызығушылықтарын оятуды жатқызуға болады.

«Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі десем артық емес» деп мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, бүгінгі заманда кітапсыз, сондай-ақ кітапханасыз адамның ойдағыдай дамуы мүмкін емес. Бүкіл әлемдегі кітапханалар – білім мен мәдениеттің ошағы, жаңа ойлар мен тың пікірлердің мекені. Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең студентті толық қалыптасқан, мінезі тұрақты, еліміздің болашағы болатын адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Ендеше, студенттерді рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты [5, 89].

Студенттердің рухани байлығын дамыту және кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған түрлі байқауларға қатыстырудың пайдасы орасан зор. Мысал ретінде айта кетсем, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әлеуметтік желіде бастау алған «Қандай кітап оқып жатырсыз?» челлендж-эстафетасын қолдау, тілдің қолданылу аясын кеңейту, жастардың рухани байлығын дамыту және кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырған көркемсөз оқу шеберлері байқауында жастар драмалық, прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді оқу жағынан сынға түсті. Жетекшілік жасаған шәкірттерім жүлделі орындарға ие болғанын да мақтанышпен айта аламын. Осындай байқаулар жастардың проза, поэзия, драма шығармаларына деген қызығушылықтарын арттырып, рухани кемелденуіне мол мүмкіндік берері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2012. - №4. – 12-17 бб.
- 2 Бұзабақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Тараз, 2003. -135 б.
- 3 Орта білім берудің мазмұны: Дәстүрлер мен өзгерістері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мақалаларының жинағы. – Астана, 2012.
- 4 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Электрондық ресурс: <http://adilet.zan.kz>.
- 5 Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002. – 250 б.

Татиева С.С.

г.ғ.м., сениор-лектор

Казезова А.М.

п.ғ.м., сениор-лектор

Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті

Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫНДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің ролі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, ІТ – білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек»-деп айтылған [1].

Жоғарғы оқу орындарындағы қазақ тілі – маман дайындауда көп жақты функцияны атқаратын пән. Ең алдымен, студенттің тұлғасына белгілі бір гуманитарлық, жалпы білім беру әсері бар және сонымен қатар, қазақ тілі маманның кәсіби даярлығының бөлігі болып табылады. Саяси, экономикалық, техникалық қарым-қатынастардың қазіргі кезеңі қазақ тілінің мамандарын коммуникация үшін меңгеруге және өз әріптестерімен мамандық бойынша іскерлік байланыстарды жүргізуге деген қажеттілікпен сипатталады. Қазақ тіліндегі ақпараттар ағымы күнделікті көбейіп жатқаны, студенттердің мамандық бойынша мемлекеттік тілде әдебиеттерді пайдалану қажеттілігі туындайды. Тиісті дағдылардысыз бұл мүмкін емес, мұғалімнің міндеті – оқушыларға оларды жетілдіруге және жақсартуға көмектесу. Студентті қысқа уақыт ішінде өз ойларын жазбаша және ауызша түрде кәсіби тілде білдіруге үйрету мүмкін емес. Сондықтан, өзге тілді студентке кәсіби түрде қазақ тілін оқытуда белгілі бір қағидалар негізінде ұйымдастыру қажет деп ойлаймын.

Қазақ тілін оқытуда шығармашылық жұмыстың орны бөлек. Әр адам әр түрлі шығармашылық қасиетке ие. Студенттің бойындағы сол қасиетті пайдалана отырып, тілді меңгертуге тырысуымыз қажет. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттыру барысында оқытушы проблемалық сұрақтар ұсыну керек және содан шығудың жолдарын нұсқау керек. Бұл тек сабақта ғана емес, өмірлік мәселелерді шешуде оңтайлы шешім қабылдауға көп септігін тигізеді.

Шығармашылық әрекетті ұйымдастырудың ұстанымдары:

- әр адам-жеке тұлға.
- әр студенттің шығармашылық деңгейін қандай деңгейде болмасын оларды жеке тұлға ретінде қабылдау;
- әр студенттің шығармашылық деңгейіне жеке назар аудару;
- студент өзін еркін сезіну керек;
- өзін –өзі бағалай білу керек;
- оқытушының шығармашылық ұстанымы [2, 36].

Оқушының мұғаліммен бірлесе отырып өз шығармашылық әрекетінің жеке бағдарын құруы, шығармашылық жұмыстардың белгілі кезеңдерінің орындалу барысы, оқушының жеке бағдарын құру құралдары болып саналады [3, 32 б].

«Бұлақ көрсең-көзін аш» деген қазағым. Әр адамның бойында жасырынып жатқан талант бар. Тек соны аша білуіміз керек.

Мақсаты: өздігінен әрекет етуге ұмтылатын жеке тұлға даярлау

Міндеті:

1. Шығармашылық жұмыстың тиімді жолдарын жүйелеу.
2. Сабақ барысында оқушыларға ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.

3. Оқушыларды өзара жиі араластыру арқылы пәндегі қиындықтарды жеңілдету.
4. Топтық жұмыстың тиімділігін арттыра отырып, кейбір оқушылардың оқу белсенділігін арттыру.
5. Оқушылардың өзара әрекеттестігін арттыра отырып, сөйлеу мәдениетін, сөздік қорын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылар топта өзара араласа отырып, өздеріне деген сенімділіктері артады.
2. Ұжымдық жұмыс жасай отырып, пәндегі қиындықтарды шешуді үйренеді.
3. Үлгерімі төмен оқушылар топта араласа отырып, белсенділігі артады, өзіне деген сенімділігі нығаяды.
4. Оқушылар өз бетінше әрекет ете отырып өмірге бейімделеді, жеке тұлға қалыптасады.
5. Кез-келген істі шығармашылықпен орындауға дағдыланады.

Бүгінгі ұрпақты тәрбиелеудегі басты мақсат – өркениетке ұмтылған, жан-жақты дамыған, заманауи бейімделген ұрпақты тәрбиелеу.

Жоғарғы технологиялардың дамуымен, экономиканың жаһандануымен және одан жақсы дамыған қоғамдық қатынас кезінде қазақ тілін оқушының жаңа тәсілдерін дайындау неғұрылым қарқынды және тиімді жүріп жатыр. Әдеттегі кітаппен оқушының әдісінің орнына, грамматиканы оқып және бір типті жаттығулар жасап, мәтіндерді оқып және аударудың орнын коммуникативті әдістер (грамматикалық-аударма әдісі) алмастыра бастады. Коммуникативтік әдіс қарым-қатынасты жетілдіруге мүмкіндік береді. Сондықтан сол мақсатта ойындар, Power Point бағдарламасында тұсаукесерлер, бейнефилмдер, бейнесабақтар, Skype бойынша әңгімелесу тәсілдері қолданылады.

Қазақ тілін үйреніп жатқан студенттер үшін маңызды мақсаттардың бірі – ол өздерінің сөздік қорларын көбейту. Бұл көп студенттер үшін бұл қиын мәселе болып саналады. Біреулер сөздерді жай жаттап алса, ал келесі біреулері бейнелі ойлау ұйымдастырады, ал енді біреулер бұл сөздерді естіп немесе бір жерде көргенде, әйтпесе өз сөздерінде қолданғанда ғана естеріне сақтайды. Оқытушының міндеті студенттің жаңа сөздерді қаншалықты есте сақтағанын қадағалау. Дәстүрлі тәсілдер шеңберінде (грамматикалық-аударма) оқытушылар оқушының өз тіліндегі сөздердің аудармасын сұрайды, ал студент болса оларды қазақ тілінде айтады. Алайда, сөздерді есте сақтаудың, сонымен қатар қазақ тілінде сөйлесуді дамытудың неғұрлым тиімді әдістері бар. Сонымен оқытушы сабақ алдында жаңа сөздер жазылған тілше қағаздар дайындайды және оларды сөздері көрінбейтіндей етіп тізеді, содан соң студенттер 2 студенттен бірнеше топқа бөлінеді. Бірінші студент карточканы алып ішіндегі сөзді өзінің жолдасына қазақ тілінде түсіндіруге тырысады. Ал екінші студент бірінші студенттің қандай сөзді түсіндіргенін табуы және оны қазақ тілінде айтуы тиіс. Осылайша студенттер бір-біріне сөздерді өздері түсіндіреді, және бұл студенттерді осы сөзді сезінуіне әсер етеді және бұл механикалық есте сақтау болып табылмайды (сөз-аударма). Солайша жаңа сөздерді студенттер жақсы қабылдайды.

Студенттердің шығармашылық қабілетін қалыптастырудың дидактикалық әдістерін қолдану:

- Жебе әдісі: әртүрлі тапсырмалар арқылы, мысалы, сұхбат, эссе т.б.
- Бейне диктант: оқушыны орфографиялық, грамматикалық қатесіз жазуға өз бетімен жұмыс істеуге талпындыру.
- Құрақ әдісі: жарнамалық роликтер ұйымдастыру.
- Бумеранг әдісі: рөлдік ойындар құрастыру, іскерлік ойындар құрастыру.
- Практикалық сабақтан тыс жұмыстарды өткізу әдістері: үйірмелер, кездесулер, сайыстар, олимпиадалар ұйымдастыру.
- Проблеманы студентке шешкізу, оларды өздігінен ізденуге баулу: өздігінен пайымдау жасауға, зерттеушілік тұрғыдағы ой тұжырымдамасын жасай білуге бейімдеу.
- Оқытудағы белсенділік және интенсивтік әдістер: техниканы пайдалану, түрлі ойындар мен шығармашылыққа бейімдеу [4, 24 б].

Шығармашылық жұмыстар:

Сөздік диктант – бұл тіл үйренудегі жаттығулардың алуан түрлерінің бірі, оның барысында оқушылар есту сөздерімен тындайды, содан кейін оларды жазбаша түрде жазады. Бұл жаттығу лексикалық сөздерді есте сақтауға дағы маңызы ерекше. Мысалы: *воздушное судно, пилот, авиационный двигатель, гражданский авиация* сияқты сөздерді оқытушы орыс тілінде дыбыстайды, ал студенттер оның қазақша аудармасын жазады.

Көптеген әдіскерлер қазақ тілін меңгерудің бастапқы кезеңінде бұл оқытудың ең тиімді тәсілдердің бірі - ойын. Ойынның көмегімен оқушылар қазақ тіліндегі қарым-қатынасқа қызығушылық танытады, қазақ тілінің деректер базасын (сөздік, сөздік клишелер, сөйлемдер) жасайды және сөйлеу тетіктерін қалыптастырады.

Ойын студенттердің бір-бірімен және оқытушымен байланыс орнатуға деген ұмтылысын белсенділігін арттырады. Ойын кезінде студенттер сұхбаттасуды бастауға, оны қолдауға, сұхбаттасуды тоқтатуға, өз пікірімен келісуге немесе оны жоққа шығаруға, сұрақтар қоюға және т.б. қабілетті қарым-қатынасты меңгереді.

Рөлдік ойындар- ауызша, ойын-сауық және білім беру қызметі. Бұл міндетті түрде жасанды, шартты (сіз дәрігер, сатушы, репортер және т.б.) елестетіңіз. Кейде рөл атқаратын ойын ұқсастық сипатына ие болады. Қоршаған ортаға тән жағдайлар (дәрігер және пациент) ойнайды, ал кейде театрландырылған болуы мүмкін.

Студенттердің қызығушылығын арттыру мақсатында тағы да «жақсы-жаман» ойынының маңызы ерекше. Мысалы «Ғаламтор» сөзін жазып, соның жақсы және жаман жақтарын табуға тапсырма беру. Яғни осы тапсырма арқылы әр затқа пайымдаушылық көзқараспен қарауды, әр нәрсенің ақ, қарасын ажырата білуге мейлінше дағдыланады.

Әр сабақта студентті барынша ойландырып, өз беттерінше ізденуге дағдыландыру. Сол мақсатта студенттің алдына ешқандай тыныс белгісі қойылмаған 30-40 сөзден тұратын мәтін беріледі. Белгілі бір уақытта студент сол мәтіннің тыныс белгілерін қойып шығуы қажет. Сонымен қоса студентке «Адашқан сөздер» деген жұмыстың түрін беруге болады. Бұл берілген сөйлемдерде сөздердің орындары ауыстырылып беріледі. Белгіленген уақытта студент сөйлемдегі сөздерді орын орындарына орналастыруы қажет.

Сонымен қатар қазақ тілін үйренуде, сөздердің лексикалық мағынасын түсінуде мақал-мәтелдердің де орны ерекше. Тілді меңгеруде оқытушылардың басты мақсаты – түрлі әдіс-тәсілдер арқылы тіл үйренушінің ауызша, жазбаша тілдерін дамыту, онымен қаруландыру және өздігінен сөйлей, жаза білуге жол ашу болса, халық даналығы – мақал- мәтелдердің мағынасын талдап ашқаннан кейін ұнағандарын өздері-ақ жаттап алады. Мысалы: 1. Ақылды кісі азбайды

Асыл бұйым тозбайды

2. Жақсы іс көп жасайды.

3. Санасыз адам еріншек. т.б.

Келесі кезекте мына мақалдарды аяқта – деп, өздеріне таныс мақал- мәтелдерден сын есімді тапқызамыз.

Мысалы: дос ашып айтады (жақсы)

..... дос қосып айтады (жаман)

..... сөз жан сүйсіндіреді (жақсы) т.б.

Мақал мен мәтел – күрделі ойлардың мәнін дәл, қысқа да көркем жеткізуде теңдесі жоқ құрал. Халық ауыз әдебиетінің барлық өлеңдерінде, мақал-мәтелдер мен шешендік сөздерде, жаңылтпаш, санамақ, жұмбақтарда үлкен-кішінің бәріне нақыл айту, ой салу, тәлім-тәрбие беру көзделген. Қазір қазақ тілі сабағында мақал-мәтелдер кеңінен қолданылып жүр. Халқымыздың ұзақ жылдар бойы тырнақтап жиып, шаң жуытпай сақтап, атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынасының бірі – мақал мен мәтел. Мақал-мәтел, ең алдымен студенттердің тақырып, мазмұн аясының кеңдігімен алуан түрлі кешенді тәрбие беретін болса, екіншіден, олардың ой өрісін дамытып, өмірге деген көзқарасын кеңейтсе, үшіншіден, тілдерін ұштап, өз бетінше ізденуге, білуге, тануға ұмтылдырады.

Студенттер жоғарыда аталған тәсілдерді жетік меңгерген болса, қазақ тілін үйрену аса қиынға соға қоймайды деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана. 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік».
2. Кенжеғалиев Қ., Қаршыбекова А. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ағылшын тілі арқылы дамытудың жолдары // «Білім». - №1 (80). – 2017. 3-б.
3. Әділханова М. Шығармашылық дербестікті қарастыруда жазба жұмыстарының маңызы // Қазақстан мектебі. - № 8. - 2001. - 38 б.
4. Ахметқалиева Г. Шығармашылық жұмыстар // Қазақстан мектебі. - №7. - 2011. -24 б.

Утеулиев К.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 2 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: PhD., Кушкимбаева А.С.

ЖАЗУШЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫН ЗЕРТТЕУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУ

Оқу – бала өміріндегі ең маңызды мақсат. Оқуға салмақты мән-мағына беру, білім беру жүйесінің ең бір маңызды мәселелерінің бірі. Оқуға, білім алуға деген себеп-салдардың жоқтығы, баланың оқу процесіне деген қызығушылығының жоқтығын және оқу-тәрбие ісін ұйымдастыруда мұғалім шеберлігінің аздығын көрсетеді. Әлем елдері кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі жөнінде дабыл қағуда. Осы тұста бірнеше халықаралық деңгейде мәселелер көтерілді, өркениеті жоғары дамыған елдерде бірқатар іс-шаралар қабылдануда. Мұның өзі өз нәтижесін уақыт өте ғана беретіні сөзсіз. Себебі мұндай ахуалдың себебімен мектеп жасында, яғни кітап оқуға деген қызығушылықтың жоғары деңгейінде санаға сіңдіруіміз керек.

«Мектептегі тірегі де, тіреуі де оқыта білетін мұғалім» деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сай жан-жақты білім беру мүмкін емес [1, 5].

Әрбір ұстаздың ғылыми негізділік және түсініктілік принциптері талаптарын да сақтай отырып, пәнді оқыту негіздерін бірізділікте жүзеге асыруы тиіс.

Мектептегі мұғалімнің басты міндеттерінің бірі оқушының пәнге деген қызығушылығын дамыта білу. Қызығушылық ұғымы В. Вычевтың, Л.С. Выготскийдің, Б.И. Дадоновтың, Е.П. Ильиннің, Д.А. Кикнадзенің, А.Н. Леонтьевтың, А.В. Петровскийдің жұмыстарында тереңірек қарастырылған [2, 7]. Сонымен оқуға, оқу қызметіне деген қызығушылық, тұтынушылық пен оны қанағаттандыру тәсілдері арасындағы қарама-қайшылықтарға негізделген және баланың белсенділігінің пайда болуына өте қажет. Бірақ қызығушылық оқу қақтығысы кезіндегі қарама-қайшылықтар, баланың шешуіне мүмкін болса ғана тұрақтана алады, болмаса қызығушылық жоғалады. Бір жағынан, егер қиындық болмаса қызығушылық та туындамайды. Қызығушылықты қанағаттандыру, оның өшуіне әкеліп соқтырмайды, қайта таным қызметінің одан жоғарғы деңгейінде жаңа қызығушылықтар тудырады. Баланың қызығушылығын оқулық – пәндік мағынаға аудару, оқу қызметінің құрылуына, оқу қызметінің субъектісінің сомдалуына, сөйтіп, оқу процесіне қатысын көрсететін баланың жеке қызығушылығының тууына әкеледі.

Әдебиетті оқыту көркем шығарманы оқудан басталады. Балаға көркем туындыны оқытпай, әдебиеттен білім беру мүмкін нәрсе емес. Көркем туындыны жай оқып шығу емес, одан алған әсері, туынды оқушы жүрегіне, сезіміне әсер етті ме, соны білу – мұғалім үшін маңызды.

Көркем әдебиет шығармалары балалар алдына адамға тән сезімдер дүниесін ашып, жеке адамға, кейіпкердің жан дүниесіне қызығушылық тудырады.

Көркем шығарма кейіпкерлерімен бірге қуана-қайғыруды үйрене отырып, балалар өзінің төңірегіндегілердің, жақын адамдарының көңіл күйін байқай бастайды. Оларда

адамгершілік сезім – қайырымдылық қасиет, әділетсіздікке қарсы тұру қабілеті ояна бастайды. Бұл – принципшілдік, адалдық, нағыз азаматтық қасиеттердің қалыптасу негізі. «Сезім – білімге жол ашушы, шындықты сезбеген адам оны түсінбейді және оны тани білмейді де», - деген болатын В.Г. Белинский.

Балаларға көркем шығарманы оқыту, кітапқа деген құмарлығы, сөз өнеріне деген ынтасы мен құлшынысын дамыту мектептерде әдебиетті оқыту білім берудің аса маңызды, әрі күрделі жұмыстарының бірі. Бұл мәселелерде де оқушылардың психологиялық ерекшелігі, жасы, оқып жүрген сыныбы ескеріледі. Тиімділік идеялары, саралап-даралап оқыту, оқушылардың бүкіл ой еңбегін, оған ерекше күш түсірмейтіндей, қонымды, қолайлы, нақтылы, белгілі бір уақыттарды нәтижелі, жемісті болатындай етіп ұйымдастыру, жүргізу туралы сөз етеді. Көптеген ғалымдар, психологтер, мұғалімдер зерттеулері, пікірлері бойынша, оқушыларды көркем шығарманы оқытуға баулу, оны оқырман ретінде қалыптастыру бірнеше сатыдан тұрады [3, 285].

Әдебиет сабағында көркем шығармаға деген оқушының қызығушылығын арттырудың ең тиімді жолдарының бірі – жазушының өмірбаянын зерттеу арқылы оқыту.

Жазушы жадында, өмірбаянында болмаған дүниені жаза алмайтыны анық. Тіпті, жазды деген күнде оқырманын сендіре алмайды. Суреткер оқырманды шыншылдығымен ғана баурайды, ал оның шындығы өзінің өмір жолында жатыр.

«Ауызша айтылғанды ұмытамын. Көрсетсең мүмкін есіме сақтармын. Қатысушы болсам мен түсінемін» деген қытайдың даналық сөзіне сүйене отырып, көркем әдебиетті оқуға кіріпес бұрын сол шығарманы дүниеге әкелген жазушының өмір сүрген ортасы, дәуірі, қоғамы туралы ақпарат беру оқушыны реалистік көзқарасқа баулиды.

Ақын немесе жазушының шығармасын оқыту әрқашан оның өмірін оқытудан басталады. Көркем мәдениеттің, ең алдымен әдебиеттің ірі құбылыстарын толық меңгеру - оны құрастырушылардың рухани әлеміне енуді талап етеді. Көркем шығармада бейнеленген суреттердің терең өзара байланысын тауып, бағалау үшін, әсіресе жазушы шығармаларында бұл суреттерді көру мен тартыстарын бақылау жеткіліксіз. Мұнда сонымен қатар мәтін жолдарындағы автор дауысын ести алу керек және оның қайталанбас шығармашылық жекелігін сезіну керек.

Сабақ барысында мұғалімнің жазушының өмірбаянынан ақпарат беруі – бұл жай ғана өмірді суреттеу емес. Бұл суретші өмірінің, оның шығармашылық және азаматтық қызметінің, қоғам өмірінің сипаттамасы мен прогрессивті дәстүрлі ұлттық мәдениетпен байланысты тұлғасының қалыптасуын қайта ұйымдастырып құру болып табылады. Оқушы сонда ғана жазушы өмір сүрген қоғам мен ортаны сезініп, шығарманың өн бойына еркін бойлай алады.

Қазақ мектептерінің 5-сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығында берілген белгілі балалар жазушысы Бердікбек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасының үзіндісін алайық. Оқушылардың жүрегінен кең орын тапқан бұл шығарманың басты кейіпкері –тентек, сотқар бірақ сонысына қарамастан саналы, ақылды, сезімтал бала Қожа. Бас кейіпкердің негізгі прототипі жазушының өзі екенін бірі білсе, бірі біле бермейді. Осы ретте жазушының өмірбаянын зерттей отырып, оқушыларға жазушының балалық шағы соғыс зұлматымен тұспа-тұс келгенін, жетімдік пен жоқшылықтың зардабын тартса да қиындыққа сынбағанын, бала кезден жазушы болуды армандағанын балаларға оқытудың маңызы зор. Сол арқылы оқушы көркем шығарманың бойындағы эстетикалық сұлулық пен реалистік шындықты ажырата алады.

Қазақ әдебиетінде көркем шығарманы оқытудың дәстүрлі тәсілдерінде оқу мотивациясының құрылымы болмауы да мүмкін. Әлі де оқыту іс-қимылына жатпайтын қызметтің, оқыту, білім беру қызметіне айналуының бірден бір алғышарттары болып себеп-салдардың өзгеруі болып табылады. Оқудың, білім алудың себеп-салдарларының бірнеше топтарын атап көрсетуге болады: әлеуметтік (оқудың әлеуметтік маңыздылығын сезіну, оқудың тұлғалық-дамушылық мәнін түсіну, дүниетаным мен көзқарасты дамытуға ұмтылу және т. б.); танымдық (білім алуға қызығушылық, білмекке құмарлық, танымдық

кабілеттерін дамытуға ұмтылу, танымдық іс-әрекеттен қанағат табу және т. б.); тұлғалық (өзін-өзі құрметтеу және намысқойлық сезімдері, құрбы-құрдастарының арасында беделге ие болуға ұмтылу, жекетұлғалыққа ұмтылу, тұлғалық қасиеттерді дамытуға ұмтылу және т. б.). Жазушының өмірбаянын оқыту барысында жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана әдіс-тәсілдерді пайдалана білу де маңызды рөл атқарады [4, 53].

Қазақ тілі мен әдебиетіне арналған бағдарлама: «...тіл дамыту жұмыстарында оқушының сөздік қорын, сөз байлығын толықтыру, өз ойын анық дұрыс етіп ауызша, жазбаша жеткізе білуге баулу, қазақ әдеби тіл нормасында жатық, әдепті сөйлеуге дағдыландыру», - десе, тілді меңгеру сөз мағынасын білумен, көркем шығарманы үстірт оқып шығумен шектелмейді, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды қатесіз тану үшін адам санасында белгілі бір түсініктің пайда болуы талап етіледі. Оны ұғынуды жазушы өмірі мен шығармасын байланыстыра алған, ойлау операциялар жүйесі түзілген, бала соның жәрдемімен белгілі бір ұғымға қатысты зат не құбылысты және олардың арасындағы айырмашылықтары мен ұқсас қасиеттерін дұрыс айырады.

Әдебиет сабағындағы оқушылардың көркем туындыны қабылдауы, одан әсер алуы, бүкіл бітім-болмысымен түсіне білуі үшін мұғалім осы мақсатта іздене отырып, оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс-тәсілдерін сұрыптап пайдалануы керек. Көркемдеп оқу әдісі әдебиетті оқытуда үлкен рөл атқарады. Ол оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытуда өте тиімді. Әдебиетті өнер деп танытуда, көркем туындыны өнер туындысы деп қабылдатуда, сөз қасиеті мен құдіретіне, оның эстетикалық нәзік нәріне тұшындыруда жазушының өмірбаянын оқыту әдісі алғашқы баспалдақ, яғни көркем шығарманы оқушы жүрегіне бастайтын алғашқы сезім көпірі ретінде тиімді әдіс болып, мұғалімдер тәжірибесінен кең орын алуда.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан мұғалімі. - 2013. - №3.
2. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. – Қарағанды, 2004.
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы: «Рауан», 1997.
4. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы, 2020.
5. Қазақстан мұғалімі. 16 сәуір. 2018.

Жаманбалаева А.С.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 2 курс магистранты,
Ғылыми жетекшісі: PhD., Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университетінің доценті Кушкимбаева А.С.

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ПЕН МӘДЕНИЕТ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Сабак деп аталатын оқу процесі мұғалімнің өзіндік ізденісін, дайындығын талап етеді. Мұғалім алдына келіп отырған оқушыларға оқу материалынан бөлек, тәрбиелік мақсаттарда орындалуы керек. Ал біз әдебиет сабағында табиғаттың мәдениеттің құндылығы ретінде көрінісін қалай береміз? Мәдениеттану саласында көптеген еңбектері бар Ш. Нағымұлының айтуынша мәдениет дегеніміз: «Адамдардың өмірі мен қызметін ұйымдастыру қалпы мен түрлерінен тұрады, сонымен қатар олардың жасаған материалдық және рухани құндылықтарынан көрінетін қоғам мен адам дамыуының белгілі бір дәрежедегі тарихи деңгейі», - дейді. Сондай-ақ, мәдениеттің көптүрлі екендігін, оның ішінде адамзат мәдениеті, әр түрлі дәуірлер мәдениеті, әр түрлі ұлттар мәдениеті, діни мәдениет, әр түрлі әлеуметтік, кәсіби мәдениет деп бөліп қарастырады [1]. Мәдениет пен табиғат туралы Г. Нұрадин екі саланы байланыстыра келе, мынадай терминді қозғайды: «экологиялық мәдениет». Бұл не деп қарасақ, бұл термин қоғамның экологиялық сферасын, яғни, экологиялық қабілеттер, әрекеттер, қатынастар және институттарды өзіне қосып алатындығын айта келіп,

экологиялық мәдениеттің негізгі функциясы экологиялық сфераның функционалды өзегі «табиғатты қорғау, табиғатты қайта қалпына келтіру, табиғатты жетілдіру, табиғаттың апатты жағдайларынан адамдарды қорғау», - сынды төрт жүйеден тұратын экологиялық әрекет екенін айтады [2]. Алайда, экологиялық мәдениет адамзатқа қатысты қолданылатынын да ұмытпаған жөн. Экологиялық мәдениет адамның гуманистік мінез-құлқының сақталуын және қадағалайды [2, 60]. Осы жерде зерттеуші тағы да мынадай ой айтады: «Мәдениет шектеулі, онда табиғатқа деген басымдылық қатынас орын алған. Адам табиғатты тек пайдаланып қоймайды, оның бұзылып кетуіне мұрсат бермей, қайта қалпына келуіне жағдай жасайды. Табиғат өркениет шеңберінде де энергия көзі, пайдалы шикізат көзі немесе пайдалы бір құрал ретінде қарастырылады. Өркениет адамды, табиғатты жаулап алып, өзінің экологиялық, техникалық және басқа қажеттіліктерін өтеуге, табиғатпен күресуге бағдарлайды. Осыған орай, адамда табиғатты міндетті түрде аялау, экологиялық теңдікті сақтау керек деген ой пайда болады. Табиғат – тал бесік. Табиғат дағдарысы, экологиялық дағдарыс – әлем дағдарысы. Мұндай келеңсіздікке жол бермеу үшін адамзатқа экологиялық мәдениет және экологиялық мәдени сана ауадай қажет» [2, 61]. Сонда экологиялық сана дегеніміз не деген сұрақ туындайды. Ол дегеніміз, халымыздың малдың жүнінен киіз басып, үй жабдықтарын жасаса, терісін илеп ыдыс-аяқтар, жүнін түтіп, иіру арқылы киімдер тіккен, малдың сүйектерінен сабын жасаған, яғни бұдан шығатын қорытынды халқымыз қалдықсыз өндіріс жасап, экологиялық қалыпты бұзбағанын көрсетеді. Бұл дегеніміз табиғаттың ластануы да жол бермеген. Сонымен қатар, қыста қыстауға, жазда жайлауға көшу қазақ халқының географиялық, экологиялық ілім-білімдерінің табиғи түрде дамығандығын көрсетеді екен [2, 62]. Халқымыздың бұрынғы салты көшпелілік болғаны табиғатқа зиянын тигізгенін көреміз, қайта сол көшіп-қону арқылы малына жағдай жасалғанына да көз жеткіземіз. Ш.Нағымұлы да көшпеліліктің пайдасы жайлы былай дейді: «Қазақстанның ауа-райы жағдайлары қазақтардың шаруашылық, әлеуметтік өмірін ұйымдастыруға тікелей әсерін тигізді. Қазақстан аймағының басым көпшілігін шөлдер мен шөлейттер алып жатқандықтан, қазақтарға бірден-бір ыңғайлы әрі қолайлы шаруашылық түрі болып көшпелі мал шаруашылығы 3 мың жыл бойы қала берді. Қазақтардың көшпелі мал шаруашылығы қоршаған ортаға, ауа райына, жайылым мен су жағдайларына ыңғайластыра жүргізілді. Қазақ жұртшылығының шаруашылық өмірінде көшпелі мал шаруашылығы шешуші рөл атқарып, оның бүкіл тыныс-тіршілігінің ең басты негізі болып табылады. Көшпелі мал шаруашылығы қазақтар үшін тек тамақ асыраудың ең басты жолы болып қана қоймай, олардың барлық материалдық және рухани құндылықтарын анықтайтын факторға айналды» [3, 112-113]. Осы орайда, табиғатқа тоқталсақ. Табиғат ұғымына жалпы Жер планетасын қоршаған орта, сыртқы әлем және қойнауында тіршілік ететін барлық организмдер жатады екен. Сондай-ақ, «табиғат» сөзі латын тілінен аударғанда «туу» деген мағынаны білдіреді [3]. Ал осы табиғат деген тіршілік ететін ортамызға қауіп төндіріп жатқан факторлардың да бар екенін, оның зияны тек қана табиғатқа емес, адамзатқа да зияны тиіп жатқаны да бар. Бірақ, бұл нәрсе өздігінен зиянын тигізіп жатыр ма? Әсте олай емес, табиғатқа қауіп төндіретін адам және оның әрекеті. Бұрынғы замандарда адамдар таза, жасыл планетада өмір сүрген болса, қазір сол қоршаған ортаны адамдар өз әрекетімен ластауда. Адамдар қандай әрекеттерімен қоршаған ортаны ластауда? Ормандарды жаппай шабуы, браконьерлік, өнеркәсіптер, мал шаруашылығы әсерін тигізуде. Мал шаруашылығы дегенде, мыңнан көп малды бір жерге жинап қою, фермалардан шығатын қалдықтар өзендерді ластайды, топырақ суларын улайды, жануарлардың қиы мен арам еті, пестицидтер, өсімдік қалдықтары сынды қалдықтар табиғатқа елеулі зиянын тигізеді. Әрине, бұл қиындықтың шешімі де бар. Ол қалдықтарды өңдеу, орман ағаштарды отырғызу, баламалы қуат көздерін табу, орман өрттерін болдырмау сынды әрекеттер жасауымыз керек [3]. Сонымен қатар, халқымызда «бір тал кессең, он тал ек» деген мақалдың да тәрбиелік қырынан бөлек, экологиялық жағы бар екенін көреміз. Бұл жерде табиғаттың мәдениеттің құндылығы ретіндегі көрінісі біздің табиғатқа деген

көзқарасымыз, әрекетіміз, табиғатқа деген «экологиялық» қатынасымыз болмақ. Оқушыларға осы айтылғандарды әдебиет сабағынан қалай түсіндіреміз?

Сабақ – оқу ісін ұйымдастырудың негізгі түрі екенін айтады зерттеуші [4]. Сондай-ақ, сабақ жайлы мынадай пікірлер мен талаптарды айтады: «Сабақ – белгілі бір касс оқушыларын немесе топты белгіленген бағдарлама бойынша оқу мен оқыту мақсаты. Сабақ – оқу процесінің ең кішкене бөлшегі бола отырып, оның мақсатын, мазмұнын жүзеге асырады. Сабақ – күрделі процесс. Шығармашылық процесс. Орта мектепте өтілетін қазақ әдебиеті сабағының мақсаты – оқушылардың сөздік қорын дамыту, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету. Өз елінің тарихымен таныстыру, өз ұлтының ақын-жазушыларымен, олардың шығармаларымен таныстыру. Сабақ дегеніміз – минутқа шақталған материалдың бір бөлшегінің балалармен жұмыс істеуге лайықталған оқу жұмысының негізгі формасы. Сабаққа көптеген талаптар қойылады. Солардың бастылары мыналар:

- Оқушылардың сабақты бар зейінімен, ықыласымен тыңдауын ұйымдастыру;
- Мұғалімнің материалды жеткізу шеберлігі, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануы;
- Оқушының теориялық жағынан білімді меңгергенін іс-тәжірибеде, күнделікті сабақта қолдана алуы;
- Оқушының алдына проблема қойып, оны ізденіске бастау;
- Оқушының шығармашылық белсенділігін арттыратындай өз бетінше жұмыс беру;
- Көрнекі құралдың нақтылығы, әсерлігі, мазмұндылығы;
- Мысалдардың өмірмен байланыстылығы, оқушыны ойлантуға, сөйлеуге, тәрбилеуге ықпалы;
- Сабақты басқа пәндермен, өнер салаларымен үйлесіміне, ұқсастығына қарай түрлендіру» [4, 107-108].

Сабақ шығармашылық процесс болса, табиғаттың мәдениеттің құндылығы ретіндегі көрінісін сабақ процесінде қалай қолданатымызды көрейік. 5-сыныптың қазақ әдебиеті оқулығында [5] «Асан қайғының жерге айтқан сыны» тақырыбын былайша байланыстыруға болады: табиғаттың әдемілігін, ата-бабаларымыз осындай әдемілік үшін жанын бергенін айтуымызға болады. Сабаққа IT қолданбасын, оның ішінде WARDWALL-ды пайдаланып, викториналық сұрақтар, картаны пайдаланып қандай жерлер екенін оқушыларға тапсырма ретінде беруге болады. Бұл арқылы сабаққа қойылатын бір талапты орындаймыз. Яғни, Асан қайғының әр жерге барып, сын атыуы мәдениеттің бір саласы эстетиканы, оқушылар жеріміздің әдемі жерлерін біліп, интерактивті тақтадан көріп, көздері әдемілікке үйренеді. Сонымен қатар, Ыбырай Алтынсариннің «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесінде де табиғаттың берген мүмкіндігін шамасымен пайдалансаң, ерінбей еңбек етсең, маңдай теріңнің ақысы өтелетіндігін айтатын ой бар. Бұл жерде де табиғаттың құндылық екендігі мөлшерімен егін салып, суды тиімді пайдалансаң, табиғатта сенен ештеңесін аямайтындығын көреміз. Бұл жердегі кілт сөз – мөлшер. Абай атамыз айтқан ғой, мөлшерден асса, ол нәрсе бұзылады деп. Экологиялық мәдени сананы оқушыларға түсіндіріп бастаймыз. 7-сыныптың қазақ әдебиетінде [6] М. Әуезовтің «Көксере» шығармасын өтеді. Осы тақырып аясында сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдаланып, «Адамзаттың табиғатқа үстемдік етуі дұрыс деп есептейді» деген тақырыпта америкалық парламенттік формат бойынша дебат өткізсек, оқушылардың алдына проблема беріп, оны ізденіске бастау деген талап орындалады. 8-сыныпта қазақ әдебиетінен Р. Мұқанованың Семей полиганындағы жарылыс зардабынан кемтар болған Ләйлә есімді қыздың тағдырын суреттеген «Мәңгілік бала бейне» шығармасынан екі түрлі экологиялық мәселені көреміз. Біріншісі, ядролық қару болса. Екіншісі, адамдардың экологиялық қарым-қатынасы, яғни экологиялық мәдениеті. Ядролық қаруда табиғатқа зиянын тигізетін, адамзат тұрмақ, бүкіл ғаламды жойып жіберетін қару. Оралхан Бөкей өзінің «Атау кере» шығармасында ядролық қарудың бір бөлмеде дайындалып жатқанын, ал оның күшін, зардабын қарапайым халық білмейтіндігін айтады. Тарихшы, Юваль Харари айтады: «Атомная бомба – настолько прямая и очевидная угроза, что ее трудно игнорировать. А вот угроза глобального потепления носит более неопределенный и отдаленный характер. Поэтому в тех случаях, когда долгосрочные аспекты защиты

окружающей среды требуют жертв уже сегодня, у националистов возникает соблазн поставить на первое место сиюминутные интересы своей страны и убедить себя, что об экологии они позаботятся позже – или оставят эти заботы другим. Некоторые из них просто отрицают существование проблемы. Атомная бомба превратила победу в мировой войне в коллективное самоубийство. Это не совпадение, что после Хиросимы сверхдержавы ни разу не воевали друг с другом напрямую, а лишь участвовали в относительно безопасных (для них) конфликтах, где искушение использовать ядерное оружие, чтобы избежать поражения, было невелико. Идея нападения на ядерную державу даже второго ряда, вроде Северной Кореи, ни у кого не вызывает энтузиазма» [8], - дейді. Ал екінші экологиялық мәселе – Ләйләға деген көзқарас. Ләйлә өзі де жұрт алдына «жұрт не дер екен» деп қорқады. Ал оны айналасы да мазақтайтыны, түсінбейтіні өзіне анық көрінеді. 8-сынып оқушыларының жас ерекшелік психологиясына тоқталсақ. 11-15-16 жастағылардың даму процесі өмірдің бір кезеңінен өтіп жатқанына байланысты күрделі болатынын және маңызды құбылыстар жайынан мәлімет беретіндігін айтады зерттеуші [9]. Бұл жас жасөспірім кезеңі болғандықтан, оқушылардың әлеуметтік белсенділігі жоғарылайды. Өмірлік құндылықтары, адамдармен, жолдастарымен қарым-қатынастары өзі қалағанындай болуына, арман-мақсаттарының пайда болып жүзеге асыруға талпынатын кезі. Сондықтан да бастауыштағы немесе 5, 6, 7-сыныптардағыдай емес, мұғалімнің айтқан сөзіне бас шұлғымай, оның айтқан ақпараттың ақиқат-жалған екендігін әрі өзінің көзқарасы қалыптаса бастайды [9, 85]. Сондықтан да, экологиялық мәдениет оқушылардың өздеріне деген дұрыс қарым-қатынасты талап етуге үйретеді. Бұл шығарманы ең алдымен оқимыз. Оқып болған талдауға кірісеміз. Талдауға кіріспес бұрын кіріспе сұрақтар қоямыз. «Ядролық қару дегеніміз не?», «Қалай ойлайсың, бұл қарудың қауіптілігі неде?», «Бұл шығарма неліктен «мәңгілік бала бейне» деп аталған?», «Неліктен экологиялық мәдениет деген ұғым біз үшін маңызды» деген сұрақтарға оқушылар жауап береді. Бұл сұрақтар жаңа тақырыпты зерттеудің бастамасы әрі ой-толғанысты тудырады [10].

Көркем туындыда «автор бейнесі» әдебиет тілінің ішкі сапалық қасиеттері мен заңдылықтарын анықтауға көмектесетін категориялардың бірі екен. «Тарихи-салыстырмалы әдіс» арқылы «Мәңгілік бала бейне» шығармасының тарихи қыры мен көркемдік қырын, жазушының бейнесін, оқушының өзіндік ой толғанысын тудырамыз [11].

Тарихи мәлімет	Жазушы суреттеуі	Ой толғаныс
Семей полигонының сынақ аймағында 1949-1989 жылдар аралығында 456 түрлі ядролық жарылыстар жасалды. Оның ішінде 116 сынақ ауа мен жер асытнда. Осы жарылыстардың әсерінен радиоактивті заттар жарылыс болған эпицентрден бұлттар мен жел арқылы таралды. Семей ядролық полигонындағы ауа мен жер бетінде сыналған ядролық заттардың жалпы қуаты Хиросимаға тасталған ядролық бомбадан 2500 мың есе асып түсті.	Дөп-дөңгелек Ай толықсып, сүттей аппақ көркімен қара жамылған Қарауылға сән беретін. Кейде үңіліп қарап қалған кіп-кішкентай Ләйлә-қызбен, быт-шыт болып айырылып жатқан Қарауылдың жеріне есіркей қадалатын. Біресе осы түнді де, кішкентай ауылды да менсінбей, қиғаштай шалқайып керіліп жатып алатын. Бәлкім, сонда үңірейіп, ойылып жатқан жаралы жерге қарап: «Апыр-ай, сенде шынымен-ақ қасиет қалмаған ба? Тозған шүберектей осынша жырым-жырым болып, не күн туды? Түн ішінде айға келіп, жасырынған мынау неғылған жан? Он алтыдағы бойжеткен қыздың кейпі ме? Сорлы-ау мәңгі бақи бала кейіпте қалуына не себеп болған, бұл азаптың қай түрі?» - деп бұлардың өзіне кінә артып тұра ма?	Семей полигоны орналасуы жағынан Абай сияқты, Шәкерім сияқты ұлы тұлғалардың туған жеріне ядролық бомба жаруы қазақ халқына жасалған қастанық тәрізді. Әрине, бұл нәрсенің түбінде әлемді қорқыту, әлемдегі ең бірінші ел атану сынды пиғыл жатқаны анық. Әйтпесе, қарапайым халыққа бұндай қастық жасау деген... Ләйлә сынды полиганның зардабы тиген қаншама тағдырлар бар. Бұл шығарма бізге экологиялық қарым-қатынасты, табиғатқа деген қарым-қатынасты өзгерту керектігін көрсетеді. Табиғатты бұл қарудан құтқару үшін адамдар өздерін, одан соң халықты құтқарса, табиғат бізбен бірге болады.

1. Мектепте әдебиетті оқытудың мәдени аспектісін енгізу мектеп әдебиеті сабағының рухани-тұлғалық бағыттылығын қамтамасыз ете отырып, оның негізгі бағыттарын-аксиологиялық, этномәдени және адамгершілік-экологиялық жүзеге асыру арқылы оқушылардың мәдениет контекстіне жемісті енуіне ықпал етеді.

2. Мәдени аспект оқушыларда әлем мен адам туралы негізгі құндылықтар жүйесін қалыптастырады, ол олар үшін дүниетанымға айналады; ұлттық менталитеттің жоғары символдары мен мұраттарының мағынасын ашады; әлемнің ұлттық бейнесінің басым бейнелерімен-архетиптерімен таныстырады.

3. Оқушылардың құндылық идеялары рухани қарым - қатынас процесінде қалыптасады, орта сыныптарда ол эмпатикалық диалог түрінде, жоғары пікірталас диалогында және интеграцияланған полилог-зерттеу түрінде жүреді.

4. Мәдени аспект қазақ классикалық әдебиетін қабылдау мен талдауда жинақталған стереотиптерді женуге мүмкіндік береді, оларды ұлттық және халықтық мәдениеттің құндылықтары тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді.

5. Адам-табиғат-жер туралы қазақ және қазіргі философиялық проза оқушылардың гуманистік дүниетанымының құндылық негізін қалыптастыруда маңызды болып табылады; орта сыныптарда талдау жұмысы моральдық мәселелерін, болмыстың үлкен жаһандық мәселелерін түсінуге негізделген: "адам және эволюция", "адам және әлем", "адам және ноосфера".

6. Мәдени аспект қазақтың ұлттық ландшафтының ерекшеліктерін мәдениеттің құндылығы және оның ұлт мінезімен байланысы ретінде білуге ықпал етеді.

7. Қазіргі мектеп оқушысын әдебиет сабақтарымен, фольклорлық аңыздармен, ежелгі қазақ өмірімен, қазақ рухани прозасының шығармаларымен таныстыру оның мәдени көкжиегін кеңейтуге ықпал етеді, өткен шақ, болашақ пен қазіргі, мәңгілік және уақытша бірлікті көруге мүмкіндік береді; ұлттық мәдениетіміздің рәміздері мен құндылықтары таныстырылады.

Қорытындыласақ, табиғат жайлы тебіренбеген, жыр арнамаған ақын жоқ шығар. Табиғатты аялау, қадірлеу деген жалпы сөзден гөрі, адамдар қарым-қатынасы экологиялық мәдениетке құрылса, табиғатта біршама қоқыстан тазаланар еді. Ең алдымен, өзімізден бастайық. Ойымыз тазаланса, әрине әлем өзгеріп кетпейді, десек те сау ойлай алатын бір адам ғана әлемді құтқаруы да мүмкін. Табиғат жайлы айтпас бұрын, біз адамдар өз арамызда экологиялық қарым-қатынас құрып алуымыз керек. Әдебиет сабағында табиғаттың мәдениеттің құндылығы ретіндегі көрінісін 5-сынып, 7-сынып, 8-сыныптардың қазақ әдебиетінен әрі түрлі әдістерді қолданып, оқушыларға жеткізу жолын көрсетуге тырыстық. Болашағымыз жастар болғандықтан, сау қарым-қатынасты адамға, табиғатқа бағыттау керектігін түсіне берсе, табиғатты қорғауға деген өз үлестерін қосатын болады. Бұл дегеніміз әрбір адам өзінің саналы таңдауын жасап, адамға, табиғатқа зияны жоқ экологиялық таңдаулар жасайтындығы. Жүректі арам пиғылдар емес, адал, ешкімге зияны жоқ шешімдер қабылданатын болады. Бұл қағиданың әдебиет сабағында болуы мәтін негізінде бір жанның қиындығымен таныса отырып, әлемнің проблемасына көз жеткізеді, өзіндік ойы қалыптасады. М. Ақдәуелтұлы айтқандай, әдебиет сабағы – өмірдің сабағы. Ал, әдебиет пәнінің мұғалімі шығармалар арқылы өмірдің сабағына оқушыларды дайындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нағымұлы Ш. Мәдениеттану / Нағымұлы Ш. - Оқулық. 2-басылым. - Астана: Фолиант, 2010. - 312 б.
2. Нұрадин Г. Мәдениет философиясы / Нұрадин Г. Оқу құралы. – Астана, 2010. – 90 б.
3. Табиғат. Энциклопедия / Қазақ тіліне аударған М. Әкімжанов. – Астана: «Фолиант», 2012. – 160 б. – «Балалар энциклопедиясы» сериясы.
4. Тлеуова А.З. Қазақ әдебиетін оқыту технологиялары: әдістемелік оқу құралы. – Алматы: «TechSmith», 2020. – 236 б.
5. Ақтанова А., Жундибаева А. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Атамұра», 2017. – 160 б.
6. Ақтанова А., Жундибаева А. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Атамұра», 2017. – 176 б.

7. Ақтанова А., Жундибаева А., Жүмекенова Л. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мекептің 8-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Атамұра», 2018. – 192 б.
8. Yuval Noah Harari 21 LESSONS FOR THE 21st CENTURY. Издание на русском языке, перевод на русский язык, оформление. Издательство «Синдбад», 2019. – 536 с.
9. Берікұлы Н. Жас ерекшелік және педагогикалық психология: Оқу құралы. Ақтөбе: С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, 2018. – 243 б.
10. Жанатбекова Н., Борибекова Ф. Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар: Оқу құралы. – Алматы: «CyberSmith», 2019. – 248 б..
11. Жоламанова Т.М. Көркем шығарманы талдау жолдары: оқу құралы. - Қарағанды: «Ақнұр», 2018. – 178 б.

Сәрсенғалиев Н.Д.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 2 курс магистранты,
Ақтөбе, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі: Кушкимбаева А.С.

PhD., Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің доценті

М. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН 11-СЫНЫПТА ОҚЫТУ

М. Әуезовтің осынау ұлы шығармасын қалай оқыту керектігін Қ. Бітібаева ұсынады. Зерттеушінің пікірінше, М. Әуезов бұл шығармасында Құнанбайдың образын тарихи шындықтан алшақтата, бұзып жазған деген деректер негізінде ойланатын нәрсе бар екендігін, алайда кейінгі ұрпақ өткен дәуірдегі ата-бабасының біздей неге болмады деген талапты қоймау керектігін айтады. Эпикалық күрделі туындыны мүмкіндігінше толықтай талдап, терең білім беруді мақсат ете отырып, онымен қоса, оқушыға игертудің жеңіл де, қонымды жағын іздестіргенде қандай жұмыстар жүргізілетінін айтады.

- Үлкен қағазға немесе карточкаларға әр тараудың басты-басты оқиғалары таңдалып алынып, көрнекті етіп ілінетінін айтады.

Тарау «Қайтқанда»	Басты оқиғалар 1. Қодар мен Қамқаның өлімі 2. Абайдың елге оралауы
----------------------	--

Бұл тәсіл негізінде эпопеядағы басты оқиғалардың мазмұнын баланың көз алдына әкеліп, есте сақтау қабілетін жақсартатынын айтады.

- Образды, характерді талдау кезінде ашатын кілт дәрежесіндегі оқиғалар ғана сұрыпталып, кейіпкердің іс-әрекеті бірге беріледі. Ол да көрнекті түрде ілінетінін айтады.

Тарау «Кек жолында»	Басты оқиғалар Жылқылары барымталанған Тәкежан	Кейіпкер іс-әрекеті -Қайсарлық пен батылдық көрсетіп, жауларынан кек алады. -Билер алдына Құнанбайдың ұрпақтарын әшекерелейді.
------------------------	--	--

Талдаудың жеңіл болу мақсатында оқушылар жұмысын жеңілдетіп, өз беттерімен іздендіру мақсатын көздеп, даралап оқытуға арналған карточка-нұсқау, карточка-көмек ұсынылады.

Үлгі ретінде Абай мен Тоғжанның алғаш рет және соңғы рет кездесулеріндегі табиғаттың көріністеріне назар аударып, кейіпкер болмысын ашудағы маңызына тоқталып өтеді. Көмек-нұсқау ретінде «Оқапта» бөлімінің 640-666 беттерін және «Шытырманда» бөлімінің 156-157 беттерін қарау тапсырылады.

- Жазушының стилі мен кейіпкер болмысын ашатын детальдар мен шрихтарға ерекше көңіл бөліп, сараланып алып, кейіпкерлер монологы, табиғат көрінісі, портрет, сөйлеу тілдері мен өткір диалогтерге назар аударылып, ең керекті дегендері оқушыларға ұсынылып, талдау кезінде пайдаланады. Мәселен, Құнанбай бейнесін ашып көрсететін маңызды деталь ретінде «Шытырманда» бөлімінің 123-бетіндегі Байсал, Бөжей, Қаратай, Байдалы – төртеуінің әңгімелерін алып қарастырады. Алайда дайын күйінде ұсынылып, қарастырылмайды. Олар өздері тауып алып, сұрыптап, өзіндік қорытындыларын шығарады.

- Басты мәселелерді сұрыптап алып, образды таладу барысында талдау жүргізуде пайдаланады. Мәселен, Құнанбайдың бейнесі арқылы мынадай мәселелерді қарастырады, мәселен, әдет-салттың қатал сақшысы ретінде, феодалдық қоғам мүшесі ретінде көрінуі, даладағы патриархаттық тартыс, еңбек адамдары мен халық, кедейлер қарастырылса, Абаймен қарым-қатынасы кезінде ескі мен жаңаның арасындағы тартыс пен прогресс көрінеді. Осы көтерілген мәселелер жөнінде оқушы өзі ізденіп, әрі қалаған мәселесіне қарай ізденуге ерік беріледі.

«Абай жолын» тиімді тұрғыдан қарастырып, оқудың жолы ретінде әдеби пікірталас пен диалогтік әңгімені келтіреді. Бұл арқылы оқушылар өзінің түсінігі мен пікіріне тән өз қорытындысына ерік беріп, шешім шығарады. Алайда, пікірлер дәлелдену арқылы жеткізілуі керек [1].

Эпопеяны оқытудың ең басты жолдарының бірі ретінде мәтінмен жұмыстың алар орны ерекше. Бұнда мұғалім көмек-нұсқау беріп, оқушыларды жетелеп отыратындығын айтады. Қаламгердің көркем тілі мен шеберлігіне барлау жасау арқылы образға, образ арқылы идея мен тақырыпқа қарай баратынын, дайын білімді тыңдап қана қоймай, өздерінде ойлантатын білім беру жолдары іздестіріледі. Әйелдер бейнесі жайлы қарастыратын болса, оның алдында сыныпты топқа бөліп, сабақтық тапсырмалар алдын-ала беріліп, жазушы көзқарасы, Абайдың көзқарасы, сөйлеу тілі, портрет, сұрыптау сынды тапсырмаларды орындайды. Образды таладу барысында, алғашында Абайдың бейнесін алады да, кейіннен Дәркембайға және өзге де кейіпкерлерге деген қатынасы мен олардың Абайға деген көзқарасы анықталады. Образға тек қана құрғақ сөздер емес, нақты мысалдар келтіру арқылы көрсететінін айтады. М. Әуезовтің шығармаларын оқыту қазақ әдебиетін берудегі мұғалімдердің қиналатын тұсы десек болар, себебі сонлай заңғар кісінің не айтып, не жеткізгісі келгенін дұрыстап түсіндіру оқушылардың одан әрі Мұхтар жайлы ойының қалыптасуына әкеледі.

Сонымен қатар, зерттеуші «Абай жолы» эпопеясын 11-сыныпта оқытуда шығарманы толығымен оқу керектігін, сыныптан тыс оқу ретінде жазушының «Мен «Абай жолын» қалай жаздым» мақаласын оқып, ізденіп келу тапсырылады. Сонымен, зерттеуші М. Әуезовтың жазушылығынан бөлек, оның ғалымдығын, публицист екендігін ұмытпай бірге қарастыру керектігін айтады [1, 51].

Д. Омарова өзінің «Ұлылар үндестігі еңбегінде» [2] «Абай жолы» эпопеясының болмыс заңдылықтарының көріністерін ашып көрсетеді. Атеистік заманда өмір сүрген М. Әуезов жан туралы, оның дене заңдылықтары туралы ашық түрде жазбағанымен, бұл заңдылықтары шығармаларының желі болғанын сезуге болатынын, оған дәлел ретінде шығармадан бірнеше көріністерді әкеледі. Өмірде кездейсоқтық жоқ деп, барлық құбылыстың себебімен салдары болатынын, адамдардың әрбір қарым-қатынасы олардың өткендегі өмірінің себебі болатынын, әрбір адамның өзінің өмір жолында біреуді кездестіріп, қарым-қатынас орнатып, ол оның өткен өміріндегі көрінісі болып табылады. Кейіпкерлері шым-шытырық түрлі құбылыстарды қайтадан дене алу тұрғысынан қарастырып, сыры ашылатынын айтады. Адамдардың арасындағы үлкен махаббат Абайдың баласы Әбіш пен ноғай қыз Мағыш арасындағы сезім. Екеуі екі ұлттың өкілі екендігіне қарамастан, екеуінің жақындасуына кедергі Әбіштің жазылмас дерті болып шығып, алайда бұндай кедергіге қарамастан, біріне-бірінің сезімі адамзаттың бәріне ортақ, санаулыға берілетін махаббаттың кемеліне жеткендігін, қаламгер бұндай махаббатты асқан шеберлікпен суреттегенін көреміз. Өзінің дертті екенін біліп, сүйгеніне кесел жасамау үшін әуелгіде Мағыштың сезіміне жауап бермей жүргенімен, махаббаттан бас тартудың өзі үлкен қасірет екендігін түсініп, бір-біріне ұмтылған екі жүректің бірін-бірі түсінуіне тырысуы да үлкен махаббатты көрсетсе керек. Бір-біріне бұлқынған екі жүрек фәни өмірдегі қиындықты жеңіп шығып, Мағышқа барып, өзінің неліктен оған жауабын бере алмай жүргендігінің себебін ашып айтқанда, мені сақтау ниеттен жауап бермей жүрсеңіз деп, Әбіштің басына не келсе де, шыдап, бір көруге дайын екендігін жеткізеді. Екеуінің армандары бір жерге тоғысып, әрі орындалып, бақытты өмірі дүниеге қыз баласының келуімен жалғасқанымен, Әбіштің ауруы айықпастан, өмірден өтеді.

Олардың біріне деген сезімдерінің күштілігі сондай бірінсіз-бірі өмір сүргілері келмейтінінің себебі олардың махаббаты басқа жандарға деген сезімнен биік болғанынан, Абай сынды атасы, қызы болса да, Мағыш бәрібір бұл өмірден мән көрмейді.

11-сыныптың жаратылыстану-математика бағытында [3] «Қайтқанда», «Шытырманда», «Өрде», «Тайғақта», эпилог бөлімдері беріліп, оқушылар Абайдың болмысымен танысады. Оқушыларға ізденіп, өзіндік пікірлерінің қалыптасуы мақсатында «мульти-медиалық жоба» жасауды тапсырамыз. Бұл ұғымды орыс зерттеушісі Н. Смирнова ұсынған. Жоба әдісі, жобаларды қорғау әдісінің С.Френенің «еркін еңбек технологиясының» негізінде құрылғанын, тапсырма түрлеріне байланысты жұмыс барысында топтарға бөлініп, ақпараттың құндылығын көрсетіп, өздігінен ізденіп еңбектенудің маңыздылығын көрсетеді. Білім іздеуші кітаппен немесе сауалнама алып, интервью ұйымдастырып, жеке апталық жоспар құрып, сол жоспар бойынша ізденіп отырады. Сонымен қатар, оқушының өзі ізденіп тапқан білімінің танымын кеңейтіп, сол ақпаратты ұзақ есінде сақтайтынын айтады. Абайша айтқанда, «сонан тапқан шын асыл тастай көрме» дегендей, ізделген білімнің адамды қалыптастыруына үлесі зор екендігін көреміз. Мәселен, авторда шығарманы өту барысында жобаларды қорғаудың маңызды екенін, бірінші топқа «Абай жолы» жайында жазылған зерттеу жұмыстарын қарап, талдау болса, екінші топқа шығарма сұрақтар әзірлеп, қорытындысын талдау, үшінші топта әртүрлі әлеуметтік құрамнан интервью алуды тапсыратынын және бұл жұмыстар арқылы Абайдың тұлғасы да дараланып, оның бүтін-болмысын түсіне бастайды [4]. Десе де, Н. Смирнова ұсынған жобаның [5] артықшылығы бұдан белгілі бір өнім шығатындығында. Сол себепті оқушыларды санына байланысты үшке не беске бөліп, мульти-медиалық жоба барысында «Абай жолы» эпопеясын оқыған мұғалімдер жайлы, олардың не түсіп, қандай сезімде болғандары жайлы интервью дайындайды, өзге сынып оқушыларына Абай мен Мұхтар жайлы сұрақтар құрастырып, сауалнама алып, оны видео-қорытынды ретінде ұсынады, одан кейін М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын қалай жазғаны, қандай қиындықтарды көргені жайлы деректі фильм жасап шығарады. Бір топ роман төңірегінде комикс құрастырады, ал соңғы топ болса, шығарманы оқыған оқушыларды тауып алып, олармен сұхбаттасып, мінездерінде қандай ерекшелік барын анықтап, одан бөлек, шығарманы оқымаған оқушылардың бойында қандай ерекшеліктер болатынын айырып, сюжеті бар журналистік зерттеу жасайды. Ал ендігі кезекте оқушыларға апта бойынша не жасау керектігі ұсынылады.

1-апта	Топ мүшелері жоспарын құрып, 4-аптада өнімді қалай әкелетінін, қанша уақытта жасап бітетінін жоспарлап, сұхбаттасу мен сауалнама сұрақтарын дайындайды
2-апта	Оқушылар зерттеу субъектілері мен объектілерін анықтап алып, оларға дайындаған сұрақтарын қойып, видеоға түсіріп бастайды. Яки оқушылар осы видео түсіруге байланысты бұл кезең екіге бөлінеді
3-апта	2-аптада басталған тапсырмалар өз жалғасын тауып, әрі қарай жалғасы жасалады әрі оны монтаждап, дайындайды
4-апта	Дайын болған жобалар сыныпқа келіп, қорғалып, лайықты бағасын алады

11-сынып оқушыларының дербес әрі еркін әрекет ететіндігіне байланысты, бұл жобалар қиындық келтірмейді деп есептеп, әрі оқушылардың Абайды, Мұхтарды тануға деген қызығушылығын арттырып, зерттеуге құлшыныс болады деп білеміз. Әрине, 100 пайыз идеалды болатын нәрсе өмірде болмайтындықтан, алдын-ала болатын қателіктер ретінде:

- Монтаждалған видеоның өшіріліп қалуы;
- Телефонда сақталу көлемінің аз болуы;
- Видео өңдегенде басқа видеолардың араласып кетуін қадағалап, оқушыларға мұқият болу тапсырылады.

Сонымен қатар, оқушылар сабақ үстінде мына бір кестені толтыру арқылы салт-дәстүр жайындағы пікірлерін қалыптастырады. XIX ғасырдағы салт-дәстүрді ұстанудың осындай төрт түрлі қырын ажыратып көрсету арқылы оқушылар мүмкіндікпен қатар, қауіптің де болатынын ажыратады.

<p><i>Күшті жақтары</i> Ол кезеңдегі салт-дәстүрдің артықшылығы үлкеннің айтқанына тоқтайтындығы, шынайы болмыс пен ұлттық таным қарапайым тіршілікте-ақ көрінеді. Қыз балаға деген үлкен құрмет.</p>	<p><i>Әлсіз жақтары</i> Санасыз, ақылсыз адамдардың әр кезде де болатынына байланысты, есерсоқ, үлкеннің айтқанына белгілі бір себебі болмаса, тоқтамай, дәрекілік көрсету. Қыз баланың келісімінсіз кемтар, ақыл-есі дұрыс емес бай баласына, өзіне тең емес адамға аталастырылуы</p>
<p><i>Мүмкіндіктері</i> Қазақ қыздарының халық арасына емін-еркін шығып, барлығы болмаса да, кейбірінің оқу оқып, білімді болуы. Мәселен, Шәкәрімнің анасы төрт тіл білген деседі.</p>	<p><i>Қауіптері</i> Кез келген өсектің түбірін басу кезінде оны елдің арасында мүлде болдырмау мақсатында қатаң жазалану. Қодар мен Қамқаға өтік жала жауып, Қодардың жерін иемденіп алуды көздегендердің мақсатының орындалып, адам қанының төгілуі</p>

Сонымен, «Абай жолын» оқушылар мульти-медиалық жоба дайындау арқылы:

- Абайдың тұлғасымен, Мұхтармен туыстық, рухани жақындықтарын анықтайды;
- «Абай жолы» шығармаларын оқудың қаншалықты пайдалы екендігін зерттейді;
- Өзінің жобасын қалай әдемі жеткізетініне байланысты, шығармашылық ойлауы дамиды.
- Шығарманың жарыққа шығуының қаншалықты қиын болғандығын, соған қарамастан халықпен бірге жасасып келе жатқандығын түсініп, талдау жасайды;
- Оқушылардан оқырман қалыптасады;

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ. М. Әуезов туындыларын мектепте оқыту. Екінші басылымы. – Алматы: “Мектеп”, 2003. – 120 б.
2. Омаров Д. Ұлылар үндестігі (Абай мен Мұхтар Әуезов дүниетанымдары туралы философиялық толғамдар). – Алматы: «Санат», 1999. – 176 б.
3. Орда Г., Дәрібаев С., Сатылова А. Жалпы орта білім беретін мектептің 11-сыныбының жаратылыстану-математика бағытына арналған қазақ әдебиеті оқулығы. - Алматы: «Мектеп», 2019. – 206 б.
4. Елеусинова Г. Оқыту үдерісінде жаңа технологияларды қолдану тәжірибесі. Білім – болашаққа жеткізетін нұрлы жол. Ұстаз шығармашылығы топтамасы. Шығармашылық еңбектердің іс-тәжірибелік жинағы. Ред. Нагиев І. – Алматы, 2014. – 200 б.
5. Смирнова Н. Развитие навыков самостоятельной деятельности учащихся. – М.: Просвещение, 2008. – с.33

Рахманова Н.Ш.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
2-курс магистранты

Оқу процесіндегі дербестік және 5-9-сынып оқушыларында дамыту

Оқу, оқыту процесі өнер болатыны екі адамның тікелей қатысымен өтеді. Мұғалім мен оқушы. Бұл процесс білім алу процесі. Нәтижесінде білім алушы даму деңгейіне шығады. Оқыту процесі негізінде білім алушы шеберлікке, білім алуға, шығармашылыққа машықтанады. Зерттеуші Жұматаева Е. пікірінше: «Оқытудың мақсаты мен мазмұны, оны ұйымдастырудың түрлері мен әдістері адамзат қоғамының даму кезеңдеріндегі қоғамдық қатынастар негізінде, жалпы білімге, адамдардың даярлығына қойылған талаптардың сипатына және оқыту жөніндегі педагогикалық идеяларға сай өзгеріп отырады» [1], - деп көрсетіледі. Сондай-ақ, зерттеушінің пікірі бойынша оқу мен оқыту термин білім жиюдың әдістеріне қатысты оқу еңбегінің жетекші категориясы екен. Сонымен қатар, «оқыту» терминінің педагогика да ғана емес, жас ерекшелік, нейропсихология, патопсихология, оқу еңбегінің психологиясына байланыста қарастыру керектігін айтады. Ботамқұлова А. қазіргі

күні педагогикалық технологияларды жеті топқа қарастырады. Сондай-ақ, педагогикалық технологияның даму көзі мен құрамдас бөліктері болып:

- әлеуметтік өзгеріс және педагогикалық жаңаша ойлау;
- педагогика, психология, қоғамдық ғылымдар;
- отандық, шетелдік тәжірибелер, ескі мен жаңа;

- этнопедагогика болып табылады [2]. Педагогикалық технологиялар дегенде, оқушылармен жұмыс жасауға ыңғайлы, тиімді әлемдік және отандық мұғалімдер мен зерттеушілердің әдістерін айтамыз. Жалпы, технология дегеннің өзі жетілген, қолданылған деген мағыналарды береді ғой. Осы орайда оқу процесіндегі дербестікке және 5-9-сынып оқушыларында қалай дамытатынымызды қарастырсақ, А. Ботамқұлова еңбегіне [1] сүйене отырып, оқу процесіндегі дербестікті дамытатын педагогикалық технологиялар дербес оқыту технологиясы, модульдік оқыту, жобалап оқыту, дербес оқыту технологиясы сынды технологияларды қарастырамыз.

Оқу процесінің дербестігін дамытудың философиясы ізгілік болып табылады. Оқушылардың дамуын, шығармашылық еркіндігін, ойлауын қалыптастырады. М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясына тоқталсақ. Модульдік оқыту технологиясымен жұмыс жасағанда оқушы өзінше жеке бағдарламамен оқитындай етіп оқыту үдерісін өзгертеді. Модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Ол ақпараттардың аяқталған блогынан, оқушы іс-әрекет бағдарламасынан және бағдарламаны жүзеге асыру бойынша берілген мұғалімнің нұсқауларынан тұрады. М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, өзіндік нұсқа түрінде жасалынды. Осы технологияның идеяларына тәжірибелік негіздеме беру мақсатында тоғыз жыл бойына (1992-2001 жж.) оның ғылыми-теориялық әзірлемесі Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы білім мекемелерінде сынақтан өткізілді. Зерттеу нәтижелері мен тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс оны орта мектептерде, гимназияларда, лицейлерде, колледждерде, институттарда, т.б. қолдануға болатынын көрсетті. М. Жанпейісованың оқыту технологиясының бір ерекшелігі - оның білімді меңгеруге емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үдерістерді, яғни жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл, т.б.), ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, сондай-ақ, тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашық қажеттіліктерін қанағаттандыруға; белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталған [3]. Дамыта оқытудың бір түрі - модульдік оқыту технологиясы. Модульдік оқытудың негізгі ұғымы – модуль. Модуль адамның өзін-өзі дамытуының тәсілі, мөлшері. Модульдік оқытуда білім мазмұнын, білімді игеру қарқынын, өздігінен жұмыс істей алу мүмкіндігін, оқытудың әдістері мен тәсілдері арқылы оқу әрекетінің дербестігін қамтамасыз етеді. Ғалым З.Б. Бейсембаеваның пайымдауынша, модуль – әрекеттің мақсатты жоспары, ақпараттар банкі мен дидактикалық мақсатқа жету үшін материал мазмұнын жекелеудің жолы, өз бетімен жұмыс жасаудың деңгейі [1, 29]. Модульдік оқытуды 7-сыныптың әдебиет пәнінен [4] жүйелесек. «Көне күндерден жеткен жәдігерлер» тарауындағы Қыз Жібек жырын модульдік технологияны пайдаланып сабақ өткізуге болады. Модуль бес бөліктен тұрады.

I бөлігі – тақырыппен таныстыру, негізгі түсініктердің, анықтамаларын беру және алған білімдерін бекіту.

II бөлігі – теория бойынша сынақ өткізу.

III бөлігі – сынақ-практикум өткізу (сынақ, бақылау).

IV бөлігі – тереңдетіп білім беруге және оқушылардың қабілеттерін дамыту.

V бөлігі – бақылау жұмысы (деңгей бойынша). Оқу модулі үш құрамды бөліктен тұрады: кіріспе, сөйлесу және қорытынды бөлім [5]. Сонымен, бұл тарау бойынша модуль былайша құрылады:

I бөлік: Қыз Жібек жырымен танысады. Теория бойынша троп, оның түрлерімен және айшықтау, оның түрлерімен танысады.

II бөлік: жыр үзінділерінен троптың түрлерін іздеп табады.

III бөлік: «Қыз Жібек образы – қазақ қыздарының жиынтық образы» тақырыбында эссе жазады.

IV бөлік: Қыз Жібек жырындағы оқиға қайда орын алғанын, жырдағы кейіпкер Бекежанның Төлегенді атпағаны туралы теорияны тексереді. Қыз Жібек пен Төлегеннің рулары жайлы қарап, шежіремен жұмыс жасайды. Бес жүз жорға тұратын сәукеле жайлы, оның құндылығы жайлы айтады.

V бөлік: «конференция» әдісімен бақылау жұмысы өтеді. Тақырып «Қазақ халқындағы әменгерлік салт: Қазақ даласында неліктен өгей ана, өгей бала жоқ?» Ғалымдар теорияларымен бөліссе, журналисттер ғалымдарға сұрақ қояды, ал сарапшылар өз пікірлерімен, ғалымдар мен журналисттердің ізденімпаздығы жайлы айтады. Бұл жерден қарап отырсақ, оқушылар өздері жұмыс жасайды. Оқу процесі кезінде оқушыларға шығармашылық дербестік беріліп, өзінің зерттегені бойынша өз пікірін дәлелдейді.

5-сыныпта қазақ әдебиетінен [6] Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерін өтеді. 5-сынып бастауыштан енді келіп жатқандықтан, материалды жеңіл қабылдауына жағдай жасауымыз керек. Осы тұста «Ривин әдістемесін» қолдануға болады. Яғни, біз оқушылармен абзацпен оқытамыз. «Қазіргі мектепте буынға, сөзге, сөйлемге бөліп оқытады. Ал Ривиннің әдістемесі бойынша буынға бөліп емес, абзацпен оқытып үйретеді. Әрине, бұл өте қиын әрі күрделі тәсіл. Бұл күрделі іскерлікті қалыпатстыру үшін өзгеше дәнекерлік болып табылады: оқушылар әрбір бет, параграф, тақырып бойынша оқып үйренеді» [7]. «Қыпшақ Сейіткұл» әңгімесін қарасақ, кітапта бөлініп қойылған екен. Ең бірінші А бөлімін оқып болған соң, түсініксіз сөздер болса тауып аламыз. Қандай мағына беретінін анықтаймыз. Жаңа сөздер болса, сол сөздерді қатыстырып сөйлем құраймыз. Абзацтағы ең негізгі сөзді табамыз. Егер болмаса абзацтағы негізгі объектілер, құбылыстар немесе кейіпкер болса солар туралы айтамыз. Бұл әдісті оқушының өзіне немесе жұптық жұмыс ретінде орындатуға болады. Жптық жұмыс ретінде қарастырғанда оқушы өзінің жолдасына абзац жайлы сұрақ қояды. Өткен тақырыппен байланыстырады. Өзінің тәжірибесімен жолдасымен бөліседі. Осылайша, оқушыларға абзацтап оқыту арқылы Ыбырай Алтынсариннің оқушыларға не айтқысы келгенін жеткізуге болады.

«Дамыта оқыту» идеясы көрнекті ұлы педагогтар Песталоццидың, Ушинскийдің еңбектерінен бастау алады. Дамыта оқыту деп оқытудың дәстүрлі иллюстративті-түсіндірмелі түрін ауыстыратын, белсенді іс-әрекетке негізделген оқыту түрін айтамыз. Дамыта оқыту жеке тұлғаны деңгейі мен ерекшеліктеріне бейімделе отырып, дамудың заңдылықтарын ескереді және қолданады. Дамыта оқыту жүйесі тұлғаны барлық қасиеттерін тұтас дамытуға негізделген [5, 77]. 6-сыныпта оқушылар қазақ әдебиетінен [8] Абай шығармашылығымен танысады. Дамыта оқыту технологиясы негізінде «Америкалық мозайка» әдісін қолдануға болады. «Сыныпта 25 оқушы болса, 5топқа бөлінеді. Әр топқа бүгінгі өтейін деп отырған тақырыпқа қатысты 5 тарихи дерек (оқулықтан тыс, қосымша материал) беріледі. Әр топ берілген деректерді өз араларында оқиды, өзара талдайды, бірнеше сұрақтар қарастырады, 7-8 кілттік сөз жазады. Топпен оқып-талдауға 10 минут уақыт беріледі. Бұндағы мақсат – оқушыларды көркем шығармамен, қосымша материалдармен кең көлемді таныстыру. Әрі оқушыны жан-жақты дамыту мәселесі де көзделеді» [9], - дейді. 5 топқа мынадай 5 тарихи дерек береміз:

1-дерек. Абай туралы ең алғашқы боп жазған Әлихан Бөкейхан.

2-дерек. А.Байтұрсынұлы Абай туралы бұрын оқып көрмеген ақын екен деген.

3-дерек. Абай шығармаларын жинап, кітап етіп бастырған Тұрағұл Абайұлы.

4-дерек. Абайдың өзінің ұстазы ретінде Қожа Ахмет Яссауи деп санаған.

5-дерек. Абайдың 150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде тойланды. Осы берілген деректерді оқушылар тексеріп, талқылап, бірлесіп 7-8 сұрақ жазады.

Проблемалық оқыту технологиясының негізгі мақсаты – оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту. Проблемалы оқыту технологиясының ерекшелігі де оқушының белсенділігін арттыру және оқу материалдарын баланы қызықтыратындай құпиясы бар мәнге жеткізу. Себебі, оқушы материалдарды сезім

мүшелері арқылы қабылдап қана қоймайды, білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында меңгереді [5, 65]. 8-сыныпта қазақ әдебиетінен [10] Ш. Құдайбердіұлының «Еңдік-Кебек» шығармасын өтеді. Осы шығарманың проблемасын анықтамас бұрын, «Блум түймедағы» деген әдісті орындасак, проблеманы анықтау оңай болады. «Блум түймедағы» алты күлтешеден құралады. Алты күлтешеге алты сұрақ жазылады. Алты сұрақтың өзіндік деңгейі мен ерекшелігі болады:

1. Жай сұрақ – «Не? Қашан? Қалай?» деген сұрақтарға жауап ала отырып, нақты мәлімет береді. Сұрақтарға жауап беруде оқушылардан жұмыстануға бағытталған есте сақтау қабілеті мен жаңа материалды меңгерудегі білімі талап етіледі.

2. Нақтылаушы сұрақ. (Мен дұрыс түсіндім бе?) жаңа алынған ақпаратты нақтылау үшін.

3. Практикалық сұрақ. Қайда қолданылады? Қалай қолданылады? Деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасайды.

4. Интерпретациялық сұрақ. Неге? Оқушының ойлау қабілетін арттырады.

5. Шығармашылық сұрақ ұсыныс-пікірлерді нақтылауға көмектеседі. «Не болар еді? Олай болғанда не өзгереді? Бұлай болған жағдайда оқиға қалай өзгереді?» деген сұрақтарға жауап алады.

6. Бағалаушы сұрақ. Не жақсы, не жаман? Талданып жатқан мәтін бойынша көтерілген мәселелерді нақты бағалауға көмектеседі [2, 11]. «Еңдік-Кебек» поэмасы жайлы сұрақтар былай болады:

1. «Еңдік-Кебек» оқиғасы қашан орын алған? Қай кезеңмен тұспа-тұс келді?

2. Бұл поэманың «Қыз Жібектен» қандай айырмашылығы бар?

3. Поэманың көркемдік тарихы қандай дәлдікпен берілген?

4. Кебек Нысан абыздың сөзін неге жерге қалдырды?

5. Кебек Нысан абыздың сөзін есте сақтағанда не болар еді? Еңлік атастырылған жеріне барғанда не болар еді?

6. Поэмадағы үлкендер қабылдаған шешімнің несі жақсы, несі жаман? Әрине, поэзаны оқыған соң ойда көптеген сұрақтар болатыны рас. Осы сұрақтар арқылы проблеманы анықтай аламыз. Басты мәселе «жеті ата» мен «қалыптасқан қоғамдық тәртіптердің сақталуы». Екі жас ежелгі тәртіптің, салттың құрбаны болғандығын білеміз.

9-сыныпта қазақ әдебиетінен [11] І. Жансүгіровтың «Құлагер» поэмасын өтеді. Бұл шығармада проблемадап оқыту технологиясын қолдануға болады. Осы технология негізінде «Түсініктеме күнделікті толтыру» әдісін қолдансақ [9, 29], оқушыға не әсер еткенін, үзінді жайлы пікірін білеміз.

Шығарма авторы, аты	Әсер еткен тұсы	Үзінді жайлы пікір
І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасы	Ақанды суреттеген тұс.	Құлагер сияқты тұлпардың иесі кім екен деген кезде бізге Ақанның да тегін адам емес екенін көрсетеді.
	Күренбайдың Құлагерді сынауы	Бұл жерде Күренбайдың адам ретінде сынау қабілетін көреміз. Тұлпардың мықтылығын анау-мынау адам көре бермейтіндігін көрсетеді. Сом аяқ пен быртық аяғын ат сынын білмейтін адам Құлагердің кемшілігі деп қарайды.

Оқу процесі – күнделікті қайталанатын процесс. Қорытындылайтын болсақ оқу процесінде оқушылардың дербестігін қалыптастыру үшін шығармашылық еркіндікке, ойлауын қалыптастыруға жетелейтін технологиялар мен әдістерді қолдануға тырыстық. Ескеретін маңызды нәрсе, мұғалімнің ізденімпаздығы. Оқушының дербестігін ізденімпаз мұғалім ғана қамтамасыз ете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ботамқұлова А.Б. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. Оқу-әдістемелік құрал. – Тараз, 2015. – 90 б.
2. Жұматаева Е. Жоғары мектепте әдебиетті білімденудің инновациялық технологияларымен оқыту: оқу құралы. - Алматы: «Эпиграф», 2016. – 252 б.
3. Жас ұстазға 100 бағдар: зерттеу мақалалар / Дайындағандар: Аяшев О.А., Қадірбаева Е. І., Тілеуова С.С.. - Астана:» Фолиант», 2016. - 376-б.
4. Ақтанова А., Жүндібаева А., Жүмекенова Л. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. - Алматы: «Атамұра», 2017. – 176 б
5. Бөрібекова Ф., Жанатбекова Н. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы, 2014. – 360 б.
6. Ақтанова А., Жүндібаева А., Жүмекенова Л. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. - Алматы: «Атамұра», 2017. – 160 б.
7. Құсайынов Ғ. Оқытудың жаңа технологиясы: теориялық және практикалық негіздері: Әдістемелік құрал. – Астана: РҒПО «Оқулық», 2012. – 64 б.
8. Ақтанова А., Жүндібаева А., Жүмекенова Л. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. - Алматы: «Атамұра», 2019. – 256 б.
9. Жоламанова Т.М. Көркем шығарманы талдау жолдары: оқу құралы. - Қарағанды: «Ақнұр», 2018. – 178 б.
10. Ақтанова А., Жүндібаева А., Жүмекенова Л. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. - Алматы: «Атамұра», 2018. – 192 б.
11. Ақтанова А., Жүндібаева А., Жүмекенова Л. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. - Алматы: «Атамұра», 2019. – 256 б.

Тауменова Н.Д.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің 2 курс магистранты,
Ақтөбе, Қазақстан

С. ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Сабақ 300 жылдан бері өмір сүріп келеді. Сабақ – бір жастағы, тұрақты құрамдағы, белгіленген кесте бойынша және барлығына арналған бірыңғай оқыту бағдарламасы бар оқушылар тобымен оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оқыту процесіндегі сабақтың мәні мен мақсаты интегралды динамикалық жүйе ретінде мұғалім мен оқушылардың ұжымдық-жеке әрекетіне негізделген.

Сынып-сабақ жүйесінің артықшылығы: ұйымдық құрылымының қатаңдығы, үнемділігі, өзара оқуға, ұжымдық белсенділікке, бәсекеге қабілеттілікке, білім алу мен даму мүмкіндіктеріне алғышарттар жасайды.

Кемшіліктері: оқушыға орташа назар аудару, жеке оқу жұмысының (қайталанатын) болмауы, жұмыстың қатаң ырғағы мен жасанды ұйымдастырылуын жүктейді.

Педагогикалық ой тудырған мәдениеттану құбылысы – сабақ – оқу-тәрбие процесінің мағыналық, ұйымдастырушылық және уақыттық мағынада аяқталатын кезеңі. Сабақтар мектептегі тұтас педагогикалық процестің негізін құрайды [1].

Сабақтар әрине әртүрлі бағытта, әртүрлі пән бойынша ұйымдастырылады. Солардың ішінде қазақ әдебиеті пәнінің алатын орны ерекше. Әрбір халықтың ең үлкен байлығы – оның шығармашылығы. Себебі онда ұлттың тұғырын көтеріп тұрған туған тіл бар. Ал қазақ әдебиеті пәні осы шығармашылықты түгел қамтиды. Қазақ тіл өнеріне өте бай, оның құндылығы өте жоғары. Ендеше бұл пән бойынша өткізілетін сабақтың да қанша заман дамыса да, неше түрлі шет тілдері келіп жатса да, қадір-қасиеті, мән-маңызы ешқашан жоғалмақ емес. Қазақ әдебиетінің осынша деңгейге көтерілуіне үлес қосқан небір ақын-жазушылар бар. Солардың бірі де бірегейі – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Оның шығармаларынан балаларға өмірлік естен кетпестей дәм татқызу үшін мұғалім нестеу керек? Қандай әдіс-тәсілдерді қолдану керек? Тақырыпқа көшпес бұрын балаларды жалпылама зерттеп көрейік.

Қазіргі жалпы білім беретін білім ошақтарының көбісінде балалар қазақ әдебиетін 1-сыныпқа қадам басқаннан-ақ үйрене бастайды. 1-сыныпта ол «Әліппе» оқулығының ішінде араласа келсе, 2-сыныптан бастап өз алдына жеке оқулық ретінде оқушыға табысталады. Сөйтіп уақыт өткен сайын, оқушы өскен сайын ішіндегі тақырыптары тереңдеп күрделене береді. Сабақта психологиялық климат өте маңызды рөл ойнайды. Сыныпта психологиялық жайлылықты қалыптастыру бойынша «Оқушылармен ынтымақтастық деңгейінде қарым-қатынас құру», «Оқушыларды ынталандыру», «Балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру» және т.б. ұсыныстарды барлығы біледі. Дегенмен көбінесе мұғалімдер осы ұсыныстарды іс жүзінде қашан, қалай қолдануды біле бермейді.

Мұғалім алғашқы минуттардан бастап барлық оқушыларға: күшті, орташа және әлсіз назар аударуға тырысады, мұны психологиялық тұрғыдан ыңғайлы сабақ деп атауға болады. Сонымен бірге сабақта ізгі ниет, жайлылық және жеңісті оқытуға бағдарлану атмосферасы қалыптасады. Қазіргі сабақта басты назар оқушыға, оның тұлғасына аударылады, оқушылардың қызығушылықтары мен талпыныстарын дамытуға жағдай жасалады, олардың қажеттіліктері мен мотивтерін жүзеге асыру ынталандырылады, оқушыларды қуанышқа бөлейтін шығармашылық оқу жұмысына баулу, қол жеткізген жетістіктерді жүзеге асырудан, жеке қадір-қасиет пен ұстаздар мен тағылымдамадан өтушілерді құрметтеуге талпындырады. Дегенмен, психологиялық жайлылық баланың дамуы мен білімді меңгеруі үшін ғана қажет емес. Бұл балалардың физикалық жағдайына байланысты. Белгілі бір жағдайларға, белгілі бір білім беру және әлеуметтік ортаға бейімделу, ізгі ниет атмосферасын құру балалардың денсаулығын бұзатын шиеленіс пен невроздарды жеңілдетуге мүмкіндік береді [2].

Оқушылардың сабаққа деген ынтасын, құлшынысын жай-күйін реттеп алдық. Енді С. Торайғыровтың өлеңдерін оқытудың әдіс-тәсілдеріне көшейік. Алдымен оқушыларға авторды таныстырып өткен жөн. Егер таныс болса білгендерін еске түсіру үшін кішігірім сұрақ-жауап ұйымдастыруға болады.

Бізге көмекке келетін ең бірінші әдіс оқу және кері байланыс. Оқушылар ақынның өмірбаянын оқи отыра, «Сұлтанмахмұт Торайғыров кім? Ол қайда білім алды?» деген және т.б сұрақтарға жауап беруі керек. Ақынның өлеңдеріне тоқталар болсақ:

*Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл дүниеде жаман болып,
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп надан болып.
Мен – балаң, жарық күнде сәуле құған,
Алуға, күнді барып, белді бұған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толған айдай балқып туған.
Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес.
Тебем деп, тірі болсам надандықты,
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес.
Талдау әдісі:*

Көріктеу құралдары

Құрылысы

Идеясы

Тақырыбы

- Бұл қазақтың өте танымал ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармасы.
- Ол анасын есіне сақтай алмай қалды: себебі анасы 3 жасында қайтыс болды. Көшпелі кедей болған әкесі баласын сауатты адам етіп өсіруді армандаған. Бұл арманды жүзеге асты, барлық қиындықтарға қарамастан, арман орындалды! Ал оның оқуы қаншалықты қиын болғанын хаттарынан білуге болады [3].
- Рецензент: Аптасына екі рет түскі ас ішемін... Күндіз-түні оқимын. Бұл шындық, бірақ мен ренжімеймін. Бар күшімді салып оқимын, жолыма кедергі болатын кез келген қиындықты жеңуге дайынмын. Тек оқу және оқу.
- Ақын адамдардың надандығын, қараңғылығын жек көретін, олардың бақытты өмір сүруін құмарта армандаған, оны білімнен де көрген.
- Ә) Өмірбаяндық ақпаратты өз бетінше оқу (жұппен)
- Өмірбаянның соңғы 2 абзацын оқу арқылы ақын туралы көбірек білуге болады, оны оқығаннан кейін сұрақтарға жауап беруге тырысасыз:
- С.Торайғыров өз шығармаларында жастарды неге шақырды? (үйрену)
- Не үшін? (жеріңізге пайдалы болу үшін)
4. «Адам боламын» 3 бойынша өлеңнің мазмұнын болжау. Мүмкін...Мүмкін....
5. Мұғалімнің өлеңін оқу (жатқа)
6. «Мен мәлімдемемін» тірегі арқылы алғашқы әсерлермен бөлісу
- Өлеңді тыңдағанда қандай сезімде болдың?
- Қандай ойлармен бөліскіңіз келеді?
7. Өлеңді өз бетінше оқу, түсініксіз сөздерді анықтау
(*белгілеу әдісі*- кірістіру)
- Сөздік жұмысы: Р нүктелі N мәнсіз; құнсызға өту; толық ай ант; дірілдеген ұмтылыс; мәңгілік; артықшылық;
9. Жылдам оқуға жаттығу
10. «Сұрақ қоюды үйрену» стратегиясы бойынша жұмыс (мазмұны бойынша)
- М ұсыныспен келеді – мәтіндегі қоңырау.
11. Мазмұнын егжей-тегжейлі қарастыру (Мазмұнына тереңірек үңілейік)
- Іздену оқу (тапсырмалар)*
- Елеусіз, түкке тұрғысыз адам деп қандай адам жатады?
- Батыр өзіне қандай ант берді? (күннің нұрын алу – білім)
- Сіз нені мензеп тұрсыз?
- «Осы жылдардан кейін жоғалады?» дегенді қалай түсінесіз?
3. - Ақын қандай қараңғылық туралы айтып отыр?
- Қараңғылықты сейілту үшін өзін немен салыстырады?
- (Қазақтар айды тәңір тұтқан, бар жақсылығын онымен байланыстырған).
- Қазақ тілінде ай қалай дыбыстайды? (ай) Түнгі нұрға деген бұл табыну қазақтардың балаларына осы сөзден жасалған ат қоюға деген ұмтылысынан да аңғарылды [3].
- Физминут*- айды контур бойымен айналдырып, ойланамыз.
- Ай - Айгүл, Айжан, Әйгерім, Айнар.
12. Автордың тілдің көркемдік құралдарын қолдануы?

- Өлең ұнады ма?

- Ақынның бұлай жазуына қандай көркем тіл құралдары көмектесті тамаша өлең?

ЭПИТЕТТЕР: кабірі тар, жері кең, жұлдызы діріл, қараңғылық мәңгі, тілегі ыстық, надан сорлы.

МЕТАФОРА: күннің нұрын алу, жарқын жарыққа мұқтаждық, жылдар шегінен тыс жоғалып кету, қараңғылықтан жоғары көтерілу.

САЛЫСТЫРУ: толған айдай бір ай сияқты күңгірт жұлдыз.

ҚАРАМАШАЛАР: тар бейіт – кең жер, күн сәулесі – бұлыңғыр жұлдыз, толық ай – дірілдеген жұлдыз.

- Тілдің көркемдік құралдары мәтінге мағыналық бай мазмұн береді.

13. Шығарма идеясын ашу:

- «Адам болып, парызымды өтеймін» деген сөзді автор не түсінді?

- Бұл шығарманың астарында не жатыр?

ИДЕЯ: Отанға аянбай қызмет ету.

Өз мүддесін өзгенің мүддесі үшін, ортақ мүдде үшін құрбан ету.

«Отан неден басталады?» әні.

- Ойымызды ретке келтірейік. - Жүр демалайық. - Ән айта аласыз. «Эмоциялар позитивті - өмір ұзағырақ»

- Отанға деген үлкен махаббатты енді кім сезінді?

- Ондай адамның аты кім? (патриот)

- Жасыңызда патриот болу керек пе?

- Не үшін?

- Сіздің патриотизміңізді қалай көрсетуге болады? (Отанның болашағы тамаша болуы үшін жақсы оқы)

14. Өлеңді мәнерлеп оқу:

- егістік емес. коммуникация - Ең жақсы позиция қандай? Неліктен?

15. *Сын тұрғысынан оқу:*

- Сонымен ақын өз шығармаларында жастарды неге шақырды

Талқылау (пікірталас): бұл кезеңде адамға білім керек пе?

Мұғалім: - Керек! Бұл туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына Жолдауында тағы да баса айтылды. Мына сөздер бар:

«Әрбір нағыз қазақстандықтың жеке кредосы «өмір бойы білім» болуы керек.

16. «Нақты тұлға» кластерін құрастыру (кеңесшінің жетекшілігімен 4 сессияда)-Нағыз адамның бойында қандай қасиеттер болуы керек?

Нағыз адам мейірімді, ақылды, мақсатты, зейінді, қарапайым, қамқор, риясыз [4, 5].

17. Психологиялық түсіру залы (адамның силуэтi – уақыт бойынша)

- Психологтар адам бойындағы қасиеттерді кемпірқосақтың түсі арқылы ашуға болады дейді.

Түсті адам ойыны

Жанқиярлықты қандай түспен көрсетер едіңіз?

18. Синквейнді құрастыру

1 адам

2. ақылды, мейірімді

3. сүйеді, қызмет етеді, қадірлейді

4. адам - бұл мақтаныш естіледі

5. хост

19. Өлеңді жатқа оқу (1 бөлім)

20. «Мен қандай адам болғым келеді?» эссе.

– Қатты еңбек еттіңіз, өз ойыңызбен оңаша қалғыңыз келетін шығар?

Тыныштыққа батыру. (музыка)

Оқу – дыбыстау (2 адам)

21. Рефлексия:

– Мұндай адам болуға не көмектеседі? (білім)

- Абай «Баға жетпес білім мен ақыл»

- Жадқа арналған түйіндер (тақтадан күнделіктерге дейін)

- *Өзіңізге жүгіну:*

1. Мен не істеп жатырмын?

2. Мен мұны қалай істеймін?

3. Мен мұны не үшін істеп жатырмын?

4. Мен нені өзгертемін?

С.Торайғыров «Арманына арнасаң, халқымыз бақытты, қымбатты дос!»

22. Жұмысыңызды бағалау (бағалау сызығы)

23. Үй. тапсырма: өмірбаян – «рецензенттер» өлеңді жатқа оқу [3]

Еңбек, бейнет тарауы

Рақатқа сарқылар.

Қыздырып күннің қарауы,

Надандық теңізі тартылар.

бейнет	еңбек	Рақат

Торайғыров өз өмірінің мәнін туған халқын ағартудан, рухани және әлеуметтік-саяси езгіден азат етуден көрді. Ол адамдарды рухани азғындатқан, азат өмірді армандаған надандық пен қараңғылықты жек көретін, көшпелі ауылды түрлендірудің жолын қарқынды, кейде азаппен іздеген. Елдің, мәдениеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының жолы – білімде, – деп ойлаған ол әр адамның жақсы болғанын қалайды, бірақ қалай?

Ақиқатты іздеу жолында дарынды жас қоғамдық-саяси, философиялық әдебиеттермен таныса бастады – оның ортақ күресте өз орнын табу үшін қазіргі заманның күрделі мәселелерін түсінуі соншалықты қажет болды. Оптимизмге, Отанның болашағына деген сенімге толы көптеген шығармаларды Торайғыров дәл өмірінің соңғы жылдарында, ауыр наукас төсекке таңып жатқанда тудырды [6].

Сұлтанмахмұттың аяқталмаған соңғы өлеңі – «Қала мен дала ақындарының айтысы» деген тақырыппен жазылған «Айтыс» поэмасы. Диалог түрінде ақын ескі ескі сенуші өмір салтын бұзуды көрсеткісі келді.

Талантты болмысынан азаматтық лирик Сұлтанмұхмұт Торайғыровтың қысқа ғұмырында талай елеулі шығармалар тудырғаны сонша, ұлттық мәдениет тарихынан лайықты орын алды. Халыққа деген немқұрайлы сүйіспеншілікке толы оның поэзиясы өзінің әлеуметтік бағдары бойынша Некрасов музасына жақын, әлі де азаматтық батыллықтың зардабындай естіледі. Ол ақиқаттың алдағы жеңісіне сенді, сондықтан да ол «шуақты таңды» жақындату үшін тынымсыз талпынды.

«Тұлғаның орнын асқақ, ғарыштық ауқымда түсінуге талпыныс, – деп жазады зерттеуші Мұрат Әуезов, – кешегі қазақ поэзиясында теңдесі жоқ құбылыс. Торайғыров поэзиясының лирикалық қаһарманы мәңгілік, өшпейтін, отты материяның бір бөлшегіндей

сезінеді. Ақынның ең сүйікті бейнесі – ол жылулық пен нұрдың нышаны ретінде қабылдаған от бейнесі деп бекер айтылмаған [7].

Ғалам сырына, болмыс сырына бойлай алатын адам санасының құдіретін дәріптеген ақын Абай сияқты зорлық пен надандықты органикалық түрде қабылдамайды, халықты ағартуды өмірінің мақсаты деп жариялайды. Зерттеуші: «Ол жалындап, кейде жалынды пайғамбарлық сөздермен ұйқасқа, жансыз тіршілікке бейімділікке немқұрайлы қарады, аштықты, жокшылықты тудыратын, адамның өзін-өзі бағалауын төмендететін тұрмыс жағдайларына наразылық білдіреді. .” Кейде талпыныстың орынсыздығынан қиналған ақын өз ісінің нақты нәтижесін көрмей, өзін айдалаға тасталған гүл дәнімен салыстырады.

Қорытындыласақ, Торайғыров есімі әлеуметтік-философиялық поэзияның, азаматтық ерлік поэзиясының гүлденуімен ғана емес, әдебиеттің жанрлық, көркемдік жағынан баюымен де байланысты. Алғашқы романдардың – өлең мен прозадағы, алғашқы философиялық-әлеуметтік өлеңдер мен очерктердің авторы, демократиялық дәстүрді жалғастырушы болды.

Оның әйгілі «Қамар сұлу» романын прозадағы поэма деуге болады. Ақын толқумен, кейде ырғақты прозамен, поэтикалық мәтіндерді кірістіру арқылы жазады. С.Торайғыровтың өзі тудырған ауызша поэзиядан алынған түрлі-түсті эпитеттер мен салыстырулар, нақыл сөздер мен қанатты өрнектер роман стиліне өзіндік ұлттық нақыш, поэтикалық әріптер, халық әндері (жар-жар, айтыс) өрілген. мәтін. Торайғыров романының тілі шырынды, мақсатты, ақындық шығармашылықпен тамырлас. Бірақ Сұлтанмахмұт тек ана тілінің байлығын пайдаланумен шектеліп қалмай, орыс тіліндегі сөздік қорындағы сөздерді де тың ойлар мен ойларды жеткізу үшін пайдаланған [6, 7].

Торайғыровтың шығармашылығы еркін қоғам туралы асқақ арманмен сусындады. Болашаққа ұмтылған оның әдеби мұрасында адамгершілік, Отанға деген немқұрайлы махаббат идеялары бар. Аскеттік өмірі мен шығармашылығымен халық сүйер ақын адамның адамгершілік мұратын бекітеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Безрукова В.С. Все о современном уроке в школе: проблемы и решения, выпуск 3. – М., 2004. – 127 с.
2. Вигман С.Л. Педагогика в вопросах и ответах. - М.: Проспект, 2005.
3. Абайдан соңғы ақындар / Қол қойған «Екеу» // Айқап. - 1918. - №5. – 1-6 бб. Сұлтанмахмұттың ақындығы, кейбір өлеңдері сөз болады.
4. Абдрахманов Т. Сұлтанмахмұт шығармаларының текстологиясы жөнінде // Қазақ әдебиеті. - 1958. – 7 февр. - № 6.
5. «Айқап» оқу-ағарту ісі хақында / Құраст. журн. дайындаған Мектепов А., Қалиев С. // Қазақстан мектебі. - 1989. - №4. – 63-67 бб.
6. Айманов Ә. Ақын бейнесі шықты ма? // Лениншіл жас. - 1989. - 9 сентябрь.
7. Айманов Ә. «Балалық шағым бірге өтті»: Естелік // Қазақ әдебиеті. - 1993. - 14 мамыр. С. Торайғыровтың балалық шағы туралы.

Қасымова А.Т.

№59 мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Алматы, Қазақстан

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Мақал – мәтелдер үнемі туып, өңделіп, ұстартылып отырады. Ұрпақтан ұрпаққа ауысып, халық жадында жылдар, ғасырлар бойы сақталып, бірден бірге шыңдала береді. Өңделіп, жылдан – жыл өткен сайын өткірлене түседі. Үнемі туып, толысып, молайып отырады.

Мақалдардың негізгі айтар идеялық түйініне, ой желісіне, оны жеткізудегі қолданылатын көркемдік кестелеріне көз жіберер болсақ, халық ой-қиялының ұшқырлығы мен тіл шеберлігіне, шешендік өнеріне, ақылдылығына еріксіз қайран қаласың. Мақалдар тақырыбы өте ауқымды, тіпті ол қамтымаған сала, ол көтермеген мәселе жоқ десе де болғандай. Қандай мәселеге арналып айтылса да мақал-мәтел жақсылықты дәріптейді, жамандықтан сақтандырады. Оның мазмұны ата-бабаларымыздың бүкіл өмір тәжірибесін қамти отырып, ел болашағы болып табылатын жас ұрпақтың санасын, әсемдік сезімін, талғамын, өмірге деген көзқарасын дамытып, ой-өрісін кеңейтіп, тіл байлығын молайтуды мақсат етеді. Осы тұрғыдан алғанда, мақал-мәтелдердің тағылымдық, тәлім-тәрбиелік, өсиет-өнегелік маңызы зор. «Мақал – мәтелдер әлеуметтік өмірдің қым – қиғаш қайшылықтарын айқын елестететін өткір сын, мысал, ажуаға да толы. Оларда халықтың болашаққа деген зор сенімі, үміті, не бір асқақ қиялы да көркем сипатталған» [1, 20 б.].

Қазақ мақалдарының көпшілігі еңбек, шаруашылық тақырыптарын қамтиды. Еңбек жайындағы мақалдар еңбекші бұқараның жүздеген жылдар бойындағы еңбек тәжірибесін қорытып, алуан – алуан кәсіп түрлеріне халық көзқарасын білдіреді. Халық мақалы: «Еңбек етсең – емерсің», «Істесең – тістерсің», «Қолы қимылдағанның аузы қимылдар», «Еңбек түбі – мереке, көптің түбі – береке», «Еңбегіне қарай өнбегі», «Бейнетің қатты болса, татқаның тәтті болар» деп тұрмыс негізі еңбек екенін көрсетеді. Енді бір топ мақалдар: «Жалқау жатып бұйырады», «Еріншекке ошақтың екі бұты айшылық жер» деп, жатып ішер жалқау, керенауларды сынайды. «Еңбегі ештің күні кеш» деп жұмыс істемейтін керенау, жалқаулар өмірінің мағынасыздығын аңғартады. Еңбек тақырыбына арналған мақалдарда жас ұрпақты аянбай адал еңбек етуге, елге, халыққа қызмет етуге шақыру идеясы үлкен орын алады.

Көп заман кәсібінің ең басым түрі мал шаруашылығы болған қазақ халқында, әсіресе төрт түлікке байланысты мақалдар орын алады. Мал туралы мақалдарда қай түліктің шаруаға жайлы, жайсыздығы, әр қайсысының жеке қасиеттері айтылады. Қазақ мақал – мәтелдері түліктің ішінде ардақтысы жылқы малы дейді. «Жылқы – малдың патшасы», «Таяқ тайға жеткізер, тай құнанға жеткізер, құнан атқа жеткізер, ат мұратқа жеткізер», «Ат ұстаған азабынан құтылады», «Жонға салсаң – жүйрік, жолға салсаң – жорға», «Ат қадірін білмесең, жаяушылық берсін сазанды; ас қадірін білмесең, ашаршылық берсін сазанды» деп, әрі сауын, әрі көлік және ойын – сауық, той жиындардың салтанаты жылқыны ардақтайды. Қазақ халқының жылқыны артық көретіні сонша, жүйрік арғымақ, тұлпар туралы мақалдар астарлы мағынасында адам бойындағы жақсы қасиеттерді ғана бейнелейді. Мұндайда мақалдың бір, не екі жолы жақсы ат туралы болса, ал соған жалғас жол адамдық қасиетке арналады. Мысалы, «Ат ерінді келер, ер мұрынды келер», «Ат сүрінбей жер танымас, ер сүрінбей ел танымас», «Ат қадірін жоқ білмес, ас қадірін тоқ білмес» [2, 45 б.].

Халқымыз бала тәрбиесіне де ерекше көңіл бөліп, көпті көріп, көп жасаған ата мен әжелеріміз балаға тілі шыққаннан бастап қысқаша әңгіме, ертегі, әртүрлі өсиет-өнеге сөздерді, әңгімелерді, мақал-мәтелдерді айтып берген. Осылардың көпшілігі балалардың өздері күнделікті көріп жүрген жануарлар дүниесімен байланысты болғандығын білеміз. Балаға жақсы таныс мәселені ала отырып оның қабылдауына жеңіл, ұғынуына ауырлық тигізбейтін ақыл-кеңес бере білген. «Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды», «Ойнақтаған бота от басар», «Соңғы түйенің жүгі ауыр», «Жуас түйе жүндеуге жақсы», «Аттан тай озады, Атадан бала озады», «Сиыр сипағанды білмейді, жаман силағанды білмейді», «Әңгіме бұзау емізер, бұзау таяқ жегізер». Осы сияқты мағынадағы мақалдардың бала тәрбиесіндегі мәні зор.

Қазақ мақалдарының көрнекті тақырыптарының бірі – бірлік, ынтымақ, ұйымшылдық мәселесі. Бұл тақырыптағы мақалдардың негізіне ақыл-ойы сергек халықтың осы туралы даналық көзқарасы, өмірлік тәжірибесі жатады. Тұрмыс талқысынан туып, әрбір тарихи кезеңнің сындарынан өткен түсініктерін мақал арқылы көрсетпек болады. Бүкіл қоғамның бүтіндігі бірлік пен татулықта деп білген халық «Бірлік болмай тірлік болмас», «Ырыс алды - ынтымақ», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас», «Көп ісінде – береке», «Көппен көрген

ұлы той», «Көп түкірсе – көл» деген мақалдарымен барлық күш – қуат ынтымақ бар жерде екендігін дәлелдейді.

Қазақ ауыз әдебиетінде халықтың сүйе тындап, сүйсіне тыңдағаны – көпшілік үшін жасалған ерлік, батырлық істер, ел қорғаған ерлер туралы болғаны бізге мәлім. Бұл тақырыпта қаншама аңыз, әңгіме, ертегі, өлең, жыр туғызып, халықтың ерен ерлікті ардақтағанын білеміз. Осы бір тақырып халық мақалдарынан да өз орнын алған.

Ел қорғау, батырлық, ерлік істер жайында туған халық мақалдары оның ой-арманын, елжандылық қасиетін, туған жерге деген ыстық ықыласын танытып тұрады. Бұл тәріздес мақалдардың ұрпақ тәрбиесіндегі мәні мен маңызы ерекше екендігін жақсы білеміз. Қазақ халқының туған жерге деген перзенттік сезімін көрсететін мақалдары өте көп. Соның кейбіріне тоқталып кетейік: «Ел іші алтын бесік», «Отан оттан да ыстық», «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Өз елімнің басы болмасам да сайының тасы болайын», «Елінен безген ер оңбас, көлінен безген қаз оңбас» т.б.

Өз мақалдарында туған жерін ерекше құрмет тұтқан халық оны қорғау, елінің болашағына қызмет ету әрбір азаматтың басты борышы деп санайды. «Ер елі үшін туып, елі үшін өледі», «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар», «Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса жер ырысы», «Ел ауырын ер көтереді» т.б. мақалдардың негізгі түйіні осы болып табылады.

Мақалдарда халық елі үшін ерлікке барып, ештеңеден тайынбайтын айбынды ерлерін ардақтап, олардың ел сүйсінген істерін жастарға, кейінгі ұрпаққа үлгі етуді мақсат етеді. Осы орайда нағыз ерді қорқақпен салыстыра отырып, аз сөзбен екеуінің де бейнесін жасайды. Ерлік, батырлық жасау тек елін, жерін, халқын шын сүйетін адамның қолынан ғана келеді, осындай жандардың қолынан кез-келген ерлік іс келеді деп сипаттайды. Мысалы, «Ердің екі сөйлегені – өлгені, еменнің иілгені – сынғаны», «Ер жігіт – етек жеңі кең жігіт», «Батырда бақастық болмас», «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді», «Ер бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі» деген мақалдар бұған мысал бола алады [3, 30 б.].

Халық мақалдарының мәнін еш уақытта жоймайтын қоғамдық маңызы зор саласының бірі – оқу-білім, өнер, ғылым және мінез – құлық туралы. Олардың басты сарыны – елді өнер-білімге шақыру, оқудың, ғылымның пайдасын насихаттау. Жақсы нәрсені үлгі ету, жаманнан жирендіру аталмыш тақырыптағы мақалдардың басты мақсаты. Мысалы, «Өнерліге өріс кең», «Өнерлі өрге жүзеді», «Білегі күшті бірді жығады, білімі күшті мыңды жығады», «Ақыл-тозбас тон, білім – таусылмас кен», «Оқу-білім бұлағы, білім – өмір шырағы», «Білек сүріндіре алмағанды – білім сүріндіреді», «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні ғаріп» деп тізе берсек таусылмастай мол мақалдардан артық жас ұрпаққа айтылар насихат, өсиет, үлгі-өнеге бар ма екен, сірә. Бұл мақал үлгілерінен жастарды өнер-білімге, ғылымға барынша насихаттау мақсаты да айқын көрініс тапқан.

Мақалда адамның жақсы қасиеттерін қастерлеу, арлы болуға, адалдық, кішіпейілділікке, төзімділікке шақыру сарыны да үлкен орын алады. «Мал сақтама, ар сақта», «Өтірікші алдымен өзін алдар», «Өзін өзі мақтаған өліммен тең», «Өлімнен ұят күшті», «Сабыр түбі – сары алтын» деген халық даналығы адамгершілік қасиеттерді уағыздайды. Халық тәлім-тәрбиеге үлкен мән берген болса, осы мақсатты жүзеге асырудағы елеулі үлес мақал-мәтелдердікі десек қателеспейміз.

Адамның мінез-құлқы, халықтың әдет-ғұрпы да мақалдардан елеулі орын алады. Халық адалдық, шыншылдық, әділдік, досқа адал болу, кішіпейілдік сияқты қасиеттерді насихаттап, үлгі етеді. Халық ұғымында не жақсы болса мақалдар соны құптап отырады.

Қазақ мақал-мәтелдерінің өзіне тән негізгі бір ерекшелігі – аз сөзбен көп мағына беретіндігінде. «Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір» дей отырып, халық өзінің мақалдарында мазмұнды әңгіменің «тобықтай түйінін береді», ой-пікірін, көзқарасын әрі терең, әрі ашық айтады.

Мақалдың сөз саралауы олпы-солпы болмайды, етек-жеңі жинақы, ықшам келеді. Айтылатын пікір, жасалатын қорытынды, берілетін баға толық дәлелденген, шындалып, шынайыланып, жонылып, өткірленіп келеді. Сондықтан да мақал оралымды, өткір болады. Мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей жүріп отырады.

Ішкі құрылысы жағынан алғанда, мақалдар екі түрлі: бірінші – айтайын деген ойын ашық етіп бірден, турасынан білдіреді. «Жауды аяған жаралы қалады», «Бірлігі жоқтың – тірлігі жоқ» т.б. Екіншісі – негізгі ойды астарлап айтатын, ишаратпен білдіретін мақалдар. Қазақ мақалдарының біразы осы түрге енеді. Мұның мысалдарына «Жығылсаң нардан жығыл», «Сырын білмейтін аттың сыртынан жүрме» деген мақалдарды жатқызуға болады. Сырт қарағанда бұл мақалдарда айтылатын ой айқын, әрқайсысы өз орнында тұрған сияқты. Бірақ олардың астарында терең мағына тұрады. Мәселен: «Жығылсаң нардан жығыл» дегенде нардан жығылып құлауды айтып тұрған жоқ, нардай үлкен іске ұмтылып мақсатына жете алмасаң айып емес деген ой айтылып тұр. Осындай астарлы мағынадағы мақалдарда терең ой, қазақ халқының табиғатына тән даналық, парасаттылық сезімдері кеңінен байқалады. Осындай үлгідегі мақалдардың біразына көз жүгіртейік: «Қасықтап жинағанды, шөміштеп төкпе», «Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады», «Екі кеме құйрығын ұстаған суға кетеді», «Кісідегінің кілті аспанда» т.б.

«Мақалдың тілі өте көркем және мейлінше қарапайым, сөз құрамы бай, халық тілінің суреттеу, бейнелеу мүмкіншіліктері мақалда жан-жақты, мол көрінісін тапқан. Ұлы жазушылардың халық тілін үйрену, меңгеру үшін мақал-мәтелдерді жете білу керек деген көзқарас та осыдан туған. Мақал-мәтел ұшқыр, тілге орамды, көңілге қонымды, құлаққа жағымды келеді. Орнын тауып айтса сөзге оң беріп, құлпыртып жібереді» [4, 54 б.].

Мақалдарға тән ерекшеліктің бірі – оның құрылысында. Сөйлем құру, әсіресе, құрмалас сөйлем жүйесін үйлестіру, қисындыру жағынан алғанда мақалдан алуан түрлі үлгі өрнек, әдемі сөз кестесі табылады. Мақалдардың сөйлем құрудағы бір ерекшелігі, онда бастауыш, баяндауыш түгел бола бермейді. Кейде мақалда баяндауыш түсіп қалады. Мысалы, «Еңбек түбі- береке, көптің түбі мереке», «Бейнет, бейнет түбі – зейнет», «Еңбегі аздың-өңбегі аз» деген мақалдарда баяндауыш жоқ, ол тек ойша ғана ұғылатын «болады» деген сөз. Егер мақалды толық айтсақ, «Еңбек түбі береке болады, көптің түбі мереке болады» дер едік, онда сөйлем шұбалаңқы болып, келісті ырғағынан айырылады. Бұл құбылыс айшықтау тәсілінің эллипсис деген түрінің мақалдардағы көрінісі, яғни сөз тастап кету. Бұл тәсіл мақалдарда жиі кездеседі.

«Мақалда сөзді мүсіндеп, сұлулау үшін сан алуан теңеу, эпитет, метафора, метонимия сияқты көркемдік құралдар шеберлікпен қолданылған. Мысалы,

Жақсы жігіт-жағадағы құндыз,
Жақсы қыз – көктегі жұлдыз.
Ақылды ердің ішінде
Алтын ерлі ат жатар,
Асыл әйел ішінде
Алтын бесікті ұл жатар.

Осындай мақалдарда орынды, қисынды салыстыру мен шендестіру арқылы екі нәрсе, екі құбылыс бірін бірі толықтырып, бейнелі мүсін жасайды» [5, 211 б.].

Сондай-ақ мақалда әсірелеу, күшейте суреттеу әдісі жиі қолданылады. Мысалы: «Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады», «Тамшыдан тама берсе дария болар», «Қолымен қосаяқ сокқан, аузымен орақ орады», «Көрмес түйені де көрмес», «Көп түкірсе көл» деген мақалдарда шамадан тыс ұлғайта суреттеу байқалып тұр.

Мақал-мәтелдердің өзіндік жасалу жолдары, сан қилы шеберлік әдістері бар. Мақал көбіне бір-бірімен ұйқасы бар екі бөлімнен құралады. Сол екі бөлімнің бірінде айтылуға тиісті ойдың шарты айтылса, екіншісінде қорытынды түйін беріледі: «Жасында қылжың болсаң, қартайғанда мылжың боларсың», «Күлме досқа, келер басқа», «Ексең егін, ішерсің тегін», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Жақсының өзі өлгенмен, сөзі өлмейді» т.б.

Ата-бабаларымыз не сөйлесең де, не істесең де, алдымен ойланып алу керектігін ескертіп отырған. Тіпті ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле деудің тәлімі де тереңде жатыр. Ойламай сөйлеген бір ауыз сөз еттен сүйекке жетіп, жүректі қалай жаралайтынын дана түркі халқы «Оқ жарасы бітсе де, тіл жарасы бітпес» деп ұғындырады.

Қазақта «Ер қазынасы – ескі сөз, ел қазынасы – ескі сөз, тіл қазынасы-ескі сөз» деген бұрынғылардан қалған мақал бар. Адамның ойын жарыққа шығаратын күшті құрал – тіл. Ал, тіл - ойдың көрінісі екендігі мәлім. Олай болатын болса мәнді, мағыналы ойды жеткізетін, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін берер мақал-мәтелдердің тіл мен әдебиеттің дамуындағы, жалпы халықтық, қоғамдық өмірдегі, ұлт мәдениетінің өркендеуіндегі, жас ұрпақ тәрбиесіндегі, тілді өркендету мен сөз байлығын қалыптастырудағы, тілді меңгертудегі орны айрықша.

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер тақырыбы ауқымды, мазмұны терең, тілі өткір, кестелі айшығы мол, тағылымдық мәні аса зор халықпен бірге ғасырлар көкжиегінен асып келе жатқан мәңгі сарқылмас қымбат қазынамыз, қанша ұрпақ қазса да таусылмас кеніміз.

Әрбір халықтың жас буынды тәрбиелеу ісінде сүйенетін ұлттық тәлімі қанатты сөздер мен мақал-мәтелдер. Ал, жас ұрпақ сана-сезімін, ұлттық психологиясын көнеден келе жатқан халықтың болмыс-бітімін танытатын, діліміз мен тіліміздің ерекшелігін айқын көрсететін мұрамыз мақал-мәтелдер арқылы қалыптастырудың мәні мен маңызы орасан зор болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Адамбаев Б. Халық даналығы. - Алматы, 1976.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. - Алматы, 1958.
3. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. - Алматы, 1980.
4. Әлімбаев М. Өмір. Өнер. Өнерпаз. - Алматы, 1990.
5. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. - Алматы, 2003.

Сағат А.

С. Демирел атындағы университет,
Қаскелең, Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ТЕКСЕРУ

«Біз тарихтан кемеңгерлікті, поэзиядан — шешендікті, математикадан — зеректікті, жаратылыс ғылымдарынан — тереңдікті, адамгершілік философиясынан — байыптылықты, логика мен көсемсөзден — айтысу дағдысын үйренеміз».

Фрэнсис Бэкон

Компьютер мен компьютерлік техниканың кең таралуы, оларды адам қызметінің барлық түрлеріне енгізу қоғамның көптеген математиктердің, жалпы математикалық сауатты адамдардың қажеттіліктерін тудырды. Осыған байланысты орта мектепте математиканы тереңірек және кең зерттеу, оқушылар мен студенттердің математикалық қабілеттері туралы мәселе пайда болды.

Психологияда бейімділік, қабілет, дарындылық ерекшеленеді.

Бейімділік – қабілеттерді дамытудың алғышарттары болып табылатын, орталық жүйке жүйесінің немесе жеке анализаторлардың туа біткен, генетикалық анықталған ерекшеліктері.

Қабілет – бұл білім мен дағдыларға жатпайтын іс – әрекеттің немесе бірқатар іс-әрекеттің сәттілігін анықтайтын жеке психологиялық ерекшеліктер.

Математикалық қабілет – математиканы зерттеудегі және шығармашылық дамудағы адам қызметінің жеке психологиялық ерекшеліктері.

Дарындылық – адамның басқа адамдармен салыстырғанда бір немесе бірнеше іс-әрекетте өте жоғары нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндіктерін анықтайтын өмір бойы дамып келе жатқан психиканың жүйелі сапасы.

Яғни, қабілет пен дарындылық туғаннан берілмейді, оларды өмір бойы дамыту керек. Бейімділіктер туа біткен. Сондықтан, оқушыларды оқыту процесінде оқушылардың

бейімділігін дамытып, оларды қабілеттерге жеткізу керек, ал қабілеттері іс-әрекетте қалыптасады.

Математикаға қабілеті бар балаларды таңдау мәселесі бүкіл әлемде ғылым мен практиканың әртүрлі салаларын кеңінен математикалауға байланысты өзекті болып табылады. Сондықтан жаппай мектепте оқитын оқушыларда математикалық қабілеттерді диагностикалау және дамыту міндеті өте маңызды. Жұмыс бастауыш және орта мектеп оқушыларында математикалық қабілеттерді диагностикалау және дамыту принциптері мен әдістерін қолдану болып табылады.

Математиканы оқытудың негізгі міндеті – математиканы оқу процесінде қазіргі қоғамдағы адам өміріне қажетті ойлау қасиеттерін қалыптастыру. Математикалық қабілеттерді зерттеу тәсілдері көптеген ғалымдардың еңбектерінде жазалып, қамтылған. Бұл зерттеулерде ғылымдағы сұрақ теориясы бойынша жалпылау жасалынған.

Ғылымда математикалық дарындылық пен қабілеттерді зерттеудегі екі негізгі бағыт ерекшеленеді.

Біріншісі, математикалық қабілеттер мен арнайы математикалық дарындылықта олар көптеген жеке қабілеттерді бөліп көрсетуге және оларды бөлек зерттеуге тырысады. Бұл тәсілдің жақтаушысы – В. А. Крутецкий және оның ізбасарлары.

Екіншісі – жалпы интеллект факторы немесе ақпаратты өңдеудің жылдам факторы немесе жалпы ойлаудың жақсы деңгейі және математикалық түйсігі ерекшеленетін математикалық дарындылық пен қабілетте бастапқы негізді табу. Көптеген ғалымдар математикалық қабілеттерді «ақылдың интегралды қасиеттері» деп атады. Теориялық құрылыс – бұл интеллектуалды диапазонның төрт өлшемді моделі, оның шыңы формальды – символдық интеллект болып табылады. Ол соңғы болып қалыптасады, және ол іс жүзінде математикалық әрекеттің өнімділігін қамтамасыз етеді.

Математикалық қабілеттерді диагностикалау бүгінгі таңда балалардың дарындылығын зерттеуде өте маңызды, өйткені математика ежелгі ғылымдардың бірі адамзат мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады және оның негіздерін немесе элементтерін игеру әр адамның өмірлік міндеті болып табылады. Математикалық бағдарламаны игеру және математикалық есептерді дұрыс шешу үшін дерексіз ойлауды дамытудың жоғары деңгейі қажет. Математикалық қабілет іс-әрекеттің психологиялық функционалды жүйесінің қасиеті ретінде, ал жеке элементар қабілеттер танымдық процестердің жүруіне жауап беретін жүйелердің қасиеттері ретінде қарастырылады.

Математикалық қабілеттің анықтамаларының бірін В.Н. Дружинин және оның мектебі былай деп береді: «математикалық қабілет іс-әрекеттің (математикалық іс-әрекеттің) психологиялық функционалды жүйесінің қасиеті ретінде қарастырылады, ал жеке қарапайым қабілеттер – танымдық үдерістердің өтуі үшін жауапты жүйелердің қасиеттері».

Математикалық қабілеттердің бірнеше танымал классификациясы бар.

Математикалық танымдық іс-әрекеттің негізінде жатқан қарапайым процестердің түрлері (А. Кэймерон бойынша):

- математикалық құрылымды талдау және оның элементтер қайта өңдеу;
- сандық және кеңістіктік деректерді салыстыру және жіктеу;
- жалпы принциптерді қолдану және дерексіз сандармен жұмыс істеу;
- қиялдың күші.

В. Коммерел сәл өзгеше тізімді ұсынады:

- анық логикалық ойлау;
- абстракцияның күші;
- комбинаторлық қабілеттер;
- кеңістіктік көріністер мен операциялар;
- сыни ойлау;
- жады.

Кеңестік психологияда математикалық қабілеттерді В.А. Крутецкий толық зерттеді. Ақпараттық тәсіл негізінде ол оқушылардың танымдық іс-әрекетін психологиялық талдау кезінде келесі математикалық қабілеттерді анықтады:

- математикалық ақпарат алу (мәселенің формальды құрылымын формальды қабылдау мүмкіндігі);
- математикалық ақпаратты өңдеу;
